

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

*Көңіл Көгінде*

*Естелік-  
толғаныстар  
жинағы*

Алматы 2017



ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84Каз-44

Қ13

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**

**КӨҢІЛ КӨГІНДЕ: Естелік-толғаныстар жинағы**

ISBN 978-601-7000-19-6

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84Каз-44

ISBN 978-601-7000-19-6

Бұл кітап шығару идеясының авторы  
Қазақ ПЕН клубының  
президенті **БИГЕЛДІ АБДУЛЛИНГЕ**  
тиесілі.

Шығарылымның демеушісі  
**Халықаралық Қазақ ПЕН клубы.**



## ӘЛІПБИ

Қазекем: «Жігіттің үш жұрты бар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты» деген ғой, ал мен, соны алғаш айтқан бабамыздың аруағынан кешірім сұрай отырып, бұған «төртінші жұрты — ұжымы» – деп қоссам ше? «Үш жұрт» айтылған кезде бабаларымыз сегіз сағаттық жұмыс күні, ондаған, жүздеген, мыңдаған кісі бірігіп еңбек етер ұжым боларын болжай алған жоқ. Балабақша, мектеп, институт, университет, академия дегенді де. Ал бергі ұрпақтары — біз көрдік, ұжымда тірлік өттік. Ұжым — біздің екінші отбасымыз болды, әр қиырдан келіп бас қосқандар сол отбасының мүшесіне айналдық, біріміздің сүйініш-күйінішімізге бәріміз ортақтасып жүрдік. Мына жинақта әңгімеленетін үлкен-кішілер – менің көп жылғы ұжымдастарым, бірақ бүгінде ортамызда жоқтар. Олардың біразымен: Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінің, республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің, «Ара-Шмель» журналының редакцияларында, Жазушылар одағының: Әдеби қор бөлімшесінде, Көркем аударма және әдеби байланыс алқасында, одақтың өз аппаратында қызметтес болдым, ал аяулы ағаларыммен Жазушылар одағындағы сан алуан жиындарда таныстым да табыстым. Біразымен алыс-жақын жолсапарда бірге жүрдім. Сөйтіп, олар және бүгінде аман-есен үлкен-кіші дос-жолдастарым менің төртінші жұртым болды. Барымен хабарласып, кездесіп жүрмесем — көңіл шіркін көншімейді, қаламым да жүрмейді.

Сағыныш сазына толы бұл жинағымдағы жазбаларым — бірыңғай естелік емес, кейіпкерлерімнің қоғамдық, шығармашылық қызметтері хақында өзімше топшылау-толғаныстарым да. Бұлардың бірі — қимасымнан айрылған күндерде жазылса, енді бірі — қағаз бетіне түскенше апталар, айлар, жылдар өтті. Біразын ойымның жаңғырысына орай қайта оқып, толықтырдым, бірақ, «кім біліп жатыр?!» деген пендешілік желпініспен өз пайдам үшін жоқтан бар жасамадым, аруақты сыйлау дәстүрімізді сақтадым. Тәубә!

Марқұм Әзілхан аға Нұршайықов менің де қаламымның ізін шолып жүрген екен, сол қамқоршылық қасиетіне куә мақаласын жинағыма «Сөз соңы» етіп енгізуді жөн көрдім.



## «ДҰРЫС!»

Сәбеңді алғаш көруім — 1966-жылдың мамырында (одан үш-төрт жыл бұрында Сәбең Шығыста болған, бірақ мен ауруханада жатқанмын, көре алмағанмын). Өскеменнен көшіп келіп, “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясына қызметке орналасқан кезім-ді. Бір күні, жаздың орта шені, түс әлетінде кеңседен сыртқа шықсам: Сәбең бір жігітті қолтықтап алып, есік алдында ары-бері жүр! Көптеген сурет-бейнесі көңіліме әбден ұялаған “Кәдімгі Сәбит Мұқанов”! Басында – тақия, қолында – таяқ. Тамағы қарлықыраған болар, қырылданқырап сөйлейді. Жігітпен әлдебір жәйтті пікірлескен сыңайлы ма, анда-санда оған: “Дұрыс!” – деп қояды. Келтелеу мұрнының суағарында бір шөкім ғана мұрты бар қиық көз жігіт (кейін білдім – ақын Ізтай Мәмбетов екен. Ол кісімен “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында қызметтес те болдым) күбірлегенге ұқсас үнмен бірдеңе дейді, ал Сәбең: “Дұрыс!” дейді. Көлденең көз боп біраз тұрдым да, барып Сәбеңе сәлем беруге батылым жетпей, жылыстап жайыма кеттім.

Қазақстан Жазушылар үйінің алдында Сәбеңді одан кейін де көріп жүрдім. Жас та, жасамыс та ақын-жазушылармен қолтықтасып, ерекше бір сөйлдейтін. Сондай қызық күйде менімен де бір мәрте шүйіркелескен-ді (ешқашан ұмытпаспын!).

Қазіргі Бөгенбай батыр көшесі жағынан маң-маң басып құлдилап келеді екен, мен төменнен өрлеп келе жатқанмын, Сәбеңді көзім шалысымен, аяқты жебей басып барып сәлем бердім:

– Ассалаумағалейкум!..

– Уағалейкүміссәләм! – деп Сәбең “қолтығыңды ыңғайла” дегендей ишаратпен сол қолын соза берді. Мен оң шынтағымды ұмсынттым. – Сенің сәлеміңде бір кібірткі болды ма, әлде маған солай көрінді ме? – деп маған күлімсіреп қарап қойды. Кібірткі болғаны рас-ты. Одан екі апта шамасы ілгеріде сәті түсіп, үйдің екінші қабатындағы кең дәлізде Сәбеңе үш-төрт жігіт жолыға қалып, жамырай сәлемдескенбіз, ол кісі менің де аты-жөнімді, қайда, кім болып қызмет істейтінімді сұрап біліп:

– Әке-шешең бар ма, қуатты ма? – деген.

– Бар. Әкем сізбен түйдей құрдас, – дегенмін. Бірден неге сонша ақтарылғанымды аңғармадым, сірә, әкемнің Сәбеңдей әйгілі адаммен құрдас екенін өзіме үлкен мәртебе санаған шығармын.

– Ә, старый большевик екен ғой, дұрыс! – деген Сәбең.

Ал мына жолы сәлем берерде ауыл баласының әдетінше әкеңмен құрдасты “Әке” – деп атайтынымыздай, Сәбеңе: “Әке, ассалаумағалейкум!” дей жаздап едім, қарапайым болса да қапысыз сезімтал жан сонымды қалт жібермеді.

– Жоқ, аға, мен ештеңеге кібірткітеген жоқпын, сізге солай көрінген болар, – деп өзіл астарлы жауап қаттым. Сәбең:

– Дұрыс! – деді де, үйреншікті сөйліне тартып, менің аты-жөнімді, қайдан, қашан келгенімді, қызметімді, не жазатынымды тәптіштеп сұрады. “Сәбең қашан жыға танып алғанша кім екеніңді жолыққан сайын сұрап пысықтай береді” дегенді естігенмін, рас екен. Ал менің сатирамен әуестенетінімді білгенде:

– Дұрыс, бірақ бұл өзі – өте қиын, өте ауыр, жауапты жанр, оны оқығанды осы бәріміз жақсы көреміз, ал сөйте тұрып, оны сыйламаймыз, біздің әдеби сын дейтініміз бұл сатираның ауылына аяқ баспайды, одан үркіп жүреді, байқайсың ба? Сатира – біздің қоғамымызға кеше де керек болған, бүгін де, ертең де өте керек жанр,

сондықтан жазу керек, жазыңдар, қорғанбандар. Сыйламайтындар, түсінбейтіндер — сатираны жеңіл-желпі күлкі деп ұғатындар. Мен кешегі Бейімбеттің, Сәйділдің, бүгінгі Асқардың, Садықбектің, Оспанханның кейбір өлең-әңгіме сықақтарын қайсыбір жазушыларымыздың қалың романдарына айырбастамас едім, — деп бастап, Сәбең қазақтың өзіл-сықақ мұрасын сонау ауыз әдебиетінен бері қарай жинақтау, сұрыптау, талдау қолға алынбай келе жатқанын, егер “Қазақ халқының күлкісі” деген атпен том-томдап жинақ басып шығарсақ, ол әдебиетіміздің де, халқымыздың да рухани жетістігіне, қымбат қазынасына айналары хақ екенін айтты. Не керек, Сәбеңнің қазақ сатирасынан өрбіткен әңгімесі әлемдік сатираның арнасына құйылып, ортақ мәселе-мұратына ұластырылды. Сәбеңнен дәл сатира тақырыбына ондай ғибратты дәріс тыңдауды мүлде күтпеген едім, үлкен ақынның, үлкен прозашының бұл саладағы білімдарлығына да іштей қайран қалдым.

– Марк Твенді, Теккерейді біле қоймассың, ал Антоша Чехонте — Антон Павлович Чеховты айтам, әрине, білесің, оның негізгі мамандығы — дәрігер болған, Ресейдің талай қиырын жаяу аралап, ауру жұртты емдеген, өне, сол Чехов, өзі бір роман жазбаса да, юмор-сатирасымен, яғни әдемі өзіл-сықағымен, әңгіме мен пьеса жазған ғой, иә, соларымен-ақ — орыс әдебиетінің классигі болып тарихта қалды. Оның жазушылық атағы кімнің атағынан кем, ә? — деп аяңын тежеп, маған сұраулы кескінмен қарады.

– Чехов — юмор-сатирадағы классик! — дедім.

– Дұрыс! — деді Сәбең, айызы қана. Сол әредікте төрт-бес жазушы келе қалып, біздің сөйліміз үзілді.

Ізбасар інілерімен Жазушылар үйінің есігі алдындағы алаңшада қолтықтасып шүйіркелесіп жүруді немесе екінші қабаттағы дәлізде арқа-жарқа әңгімелесіп отыруды ұнататын Сәбеңнің сол жақсы әдетін сабақтаған соңғы жазушымыз — Ілияс аға Есенберлин болды. Сиректеу келсе де дәлізде байыпты, тағылымды әңгіме-дүкенге беріліп отыратын Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің де орындары үңірейіп тұр.

Сәбеңнің жасы алпысқа, жетпіске толған салтанатты жиындарға қатысқаным жадымда күні кешегідей көрініс беріп жүреді. Әсіресе, жетпісінде сол кезеңнің салт-дәстүрімен ең жоғары наградағы ие болар-ақ деп, Социалистік Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын аларына құдайсыз сенгендердің бірі мен шығармын. Сәбең — опера және балет театрымыздың салтанат сахнасына түрікмен досы Берді Кербабаевпен қолтықтасып шыққан. Берді ақсақалдың омырауында — Алтын жұлдыз “Бүгін Сәбит ағаға да бұйырады!” — дестік. Бұйырмады. Ленин орденімен наградталды. Сонда мен шын кейіп: “Құдай-ау! Елуінде, алпысында алған Ленин орденін тағы беріп, бұлары қалай, осы орденнен коллекция жасасын дей ме?!” — деп қалдым. Қатар отырғандардан ақын Сабырхан Асанов: “Түүһ!” — деп қолын бір-ақ сілтеді. Басқалар да ренжіп: “Алтындары таусылып қалған ғой!”, “Кербабаевтай еңбегі болмағаны ма?!” — десті.

Ол “марапаттың” сырын кейін білдім. Республикамыздың басшысы Д. Қонаев Сәбеңе сырттай сыпайылық танытып жүргенімен, іштей “Сен де қайда барам дейсің?!” деген екен. Бұлай тұжыруыма дәлелім нық. Ол — Сәбеңнің Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің 1959-жылғы қазанның 23–24-і күндері болған XVI-пленумында сөйлеген сөзі. Пленум сол тұста қатты дақпырт етілген, бірақ, шындығы айтылмағаны белгілі “Теміртаудағы тәртіпсіздікті” (1986-жылғы желтоқсанда “орын алған тәртіпсіздік” тәрізді!) қараған болатын. Сәбең Теміртау оқиғасын көлденең тарта тұрып, биік мінберден ҚКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Н. Беляевті,

Министрлер Кеңесінің төрағасы Д. Қонаевты қатты сынапты. Орыс тілінде сөйлепті. Бәріне, тіпті, Мәскеуіне де жетсін десе керек. Оқып шықтым – өте өткір сын. Халық шаруашылығымыздың барлық саласынан нақты мысал келтіріп, беттеріне басып сөйлеген. Беляевке айтқаны: “... Я удовлетворен искренним и честным признанием товарища Беляева в том, что главным виновником в этом деле является – он. Да, товарищи, именно – он! Так я говорю, потому, что все мы помним его помпезные речи на разных собраниях о Казахской Магнитке. Теперь, оказалось, в руководстве Казахской Магниткой товарищ Беляев был богат речами, а делом крайне беден. Стыдно ему за это! Казахская поговорка гласит: “Стыд сильнее смерти”. Товарищу Беляеву теперь надо в самом скором времени смыть со своего лица эту политическую грязь. Иначе ему критика будет куда жестче, чем теперь!..”

Ал Қонаевқа айтқаны: “... Он любил металлургию тогда, когда был ее рядовым инженером, на Балхаше, например. Он тогда делал много хорошего, но как только был взят оттуда, он изменил своей любимой и стал по отношению к ней равнодушным любовником. Иначе нельзя объяснить того, что сидя в Совете Министров заместителем председателя и руководя отделом промышленности на протяжении десяти лет, он ничего положительного не совершил в этой области. Затем его выдвинули на пост Президента Академии наук Казахской ССР и напрасно: все знают инженера Кунаева, но пока никто не знает ученого Кунаева. Вступив в должность председателя Совета Министров, товарищ Кунаев не поправил своей прежней измены металлургии, иначе он не довел бы до абсурдного состояния Казахскую Магнитку... По всеобщему признанию он является “мешком обещаний”. Я отчасти разделяю эту оценку. Разделяю потому, что у товарища Кунаева часто слова расходятся с делом”.

Мұндай сынды кешіре басшы табылар ма екен? Шындықты мойындау – аса қиын шаруа. Димекең кешіре алмаған. Ал Сәбең – ондағы айтқандарына дәлел-себепті өзі көрген адам. Шаршы топ алдында коммунист Сәбит Мұқанов жалған сөйлеген жоқ. Сол турашылдығы кейін алдына тосқауыл боларын біле тұра кейбіреулерше монтанысымады.

Министрлер Кеңесіміздің Төрағасына мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасар болып, одан Жазушылар одағының бірінші басшысы қызметіне жіберілген Әди Шәріповтен кейініректегі бір әңгіме кезінде «Сәбең Алтын жұлдызды Мәскеу бермегендігін» естігенімді айтқанымда ол: – Бекер сөз, бекер! Қонаев бергізбеді. Сәбеңнің бір топ құрдастары, інілері атынан өтініш айта Қонаевқа мен бардым ғой! Социалистік Еңбек Ері атағына әбден лайық деген жазбаша ұсынысымызды ала бардым. «Көрейік» – деп қалған. Кейін Мәскеуден білдім, Ленин орденіне ұсынған қаулы барыпты. Сәбеңнің анау жылғы Теміртау оқиғасы туралы пленумда айтқан қатал да орынды сынын Қонаев ұмытпаған, – деді.

Бүгінде пендешілігі бір басына жетіп жатқан Димекеңді ешбір қателігі, күпірлігі болмаған кемеңгер, тіпті періште, әулие бейнеде суреттеу – әдетке айналып жүр. Бұл да – әлдекімдердің есепті пендешіліктері.

...Бізде “Қазақстанның халық жазушысы” деген атақ бар. Ол атақ берілген қаламгерлердің саны қырық шамалы. Өз басым осы бір арзан, ешбір ақыл-ойға қонбайтын атақты кім шығарғанын, неге шығарғанын білмеймін, білгім де келмейді. Не үшін керек? Қандай еңбек үшін? Бұл аттаққа ие болғандар халық үшін жазғандар да, ие болмағандар халық үшін жазбағандар ма? Қай атақты болсын ұл-қызына қашанда халқы берген, солай болады да. Омырауында Алтын жұлдызы болмаған Сәбеңін қазағы төбесінен табанына дейін орден-медалі, Алтын жұлдызы қосыла жыпырлаған ешбіреуге ешқашан айырбастамақ емес!

Сәбит Мұқанов өзі айтқандай, – “халқының жүрегіне жол тапқан” нағыз Халық Жазушысы!

Республиканы аралап жүрген жолсапар күндерімде әдебиет туралы әңгіме Сәбеңе соқпай өрістемейтініне, аяқталмайтынына үнемі куә болдым. Сәбеңді білмейтін сауатты қазақ жоқ. Ақсақалдарымыздың көбі – білген де, әңгімелескен де. Баршасы Сәбеңнің – қарапайымдылығын, білімдарлығын, әңгімешілдігін, кішіпейілдігін, ашықтығын, мейманқостығын, баладай сенгіштігін аңыз етіп айтады. Одан асқан құрмет, атақ, марапат қажет пе екен?! Орта Азия ма, кешегі Кеңес Одағы ма... атым жеткен елдерде Сәбеңді білмейтін, сүйіне есіне ала әңгімелемейтін ақын-жазушы кем де кем. Өзбектің атақты қаламгері, Сәбеңнің нағыз досы болған Ғафур Ғұлам-аканың бірде шетелдік әріптестеріне Сәбең туралы айтып отырып: “Маған хат-телеграмма салсаңдар: “Өзбекстан, Ғафур Ғұламға” деңдер, ал Сәбеңге хат-телеграмма салсаңдар: “Совет Одағы, Сәбит Мұқановқа” десендер, жетіп жатыр!” – деп өзілдегені бар. Өзіл түбі – ақиқат!

Бүгінгі «ашық заманда» кейбір газет-журналдан Сәбеңді сонау жылдары пәленбайға теріс қарады, сынап жүрді, түленбайдың үстінен арыз жазды, соңына түсті... дегендей сөздерді кездестіремін., бірақ ондайлық құжат-деректі көрген емеспін. Алай-дүлей өмір кешкен кімде қателік болмады екен?.. Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқановтың өмір-шығармашылықтарын зерттеп, ғылыми мақалалар жазған, Мәскеуден белгілі «ЖЗЛ» сериясы бойынша «Сәкен Сейфуллин» атты кітап шығарған әдебиетші-сыншы ғалым Тұрсынбек Кәкішевпен әңгімелесіп жүрген кездерімде сол «сөздер» жайын сұрағаным бар. «Қызмет бабыңмен біраз жердің дәмін таттың ғой, сонда Сәкен мен Сәбит туралы қисық сөз естідің бе?» – деді. «Жоқ» – дедім. «Ендеше, есінде болсын, анау сыншысымақтардың айтып жүргендері – былшыл! Өздерінше білгенсіп оттайды! Солар сол уақытта Сәкен мен Сәбиттің орнында болса, жынданып кетер еді!» – деп зілдене күлді. Тұрсекең – әділ де қатты айтатын тік мінезді адам еді...

Сәбеңнің шаңырағын биік, босағасын берік етіп, есігін ашулы, дастарқанын жаюлы ұстаған, сонысымен Сәбеңді мейманқос, көпшіл, қарапайым ете түскен адам – құдай қосқан жары Мәриям апамыз! Бұл – бүкіл жалпақ жұртымызға жақсы мәлім шындық. Ел арасында Мәкеңнің кіршіксіз адамгершілік қасиеті хақында да аңыз-әңгіме аз емес. Қолынан дәм татқан, дастарқандас болған үлкен-кішілер асыл апамызды әрқашан алқап жүреді. Ақылды жар – адамның бақыты ғой! Қазақ: “Бірінші байлық – денсаулық; екінші байлық – ақ жаулық; үшінші байлық – он саулық” демеді ме?! Сәбеңнің жан-сезім байлығы, Ақ Жаулығы – Мәриям апамыз болды!

Сәбеңсіз өмір жолында Мәриям апамыз үлкен қасіретке кезікті. Тарынған тағдыр еліне танылған ғалым екі перзентін және бір немересін көз алдынан алып кетті. Хал-ахуалын біле барып жүрген бір жолы Мәкең үйде жалғыз екен. «Балалардың бірі жұмысында, бір сабағында», – деді. Өте ыңғайсызданып: «Есен-саушылығыңызды біліп шыққалы ғана келдім» дегеніме қабақ шытып: «Отыр, балам, отыр. Екеуіміз шай ішеміз. Маған шамасы келетін ауру жоқ, ыңқыл-сыңқыл ғана ғой», – деді. Ас бөлмеге барып, шай жасауына жәрдемдестім. Күнбатыс жақ қабырғада Сәбеңнің тік тұрған суреті ілулі екен. Менің тамашалай қарағанымды байқаған Мәкең: «Өзі келіп шай ішпейді, қарап қана тұрады», – деді сынық үнмен өзілдеп. Үй-ішінің, Сәбеңнің мұражайының оны-мұны шаруаларын баяу әңгімеледі. Шәй ішілді. Мәкең маған шаршаңқы раймен қарап: «Ғаббас, балам... менің халімді көріп жүрсің, түсінесің ғой. Құдай Сәбеңнен кейін мені алуы керек еді, қайтейін...» – деді. Мен көңілімнің дауылын



өрең басып, Мәкеңе білген жұбату сөздерімді айттым. “Жазмыштан озмыш жоқ қой” – деп егілсе де, аяулы Анамыздың жасымасқа бекінген жігеріне тәнті болдым...

Жазушылар одағының Аударма алқасын басқарып, аз-маз мүмкіндік бола қалған мезетте Сәбең жайында естелік-жинақ шығарғым келген. Халқы аузынан тастамай жүрген адамның киелі аруағына солайша тағзым етуді ойладым. Азамат, Жар, Әке, Ата Сәбең туралы мөлдір толғап берер бір ғана кісі – Мәриям Анамыз деп білдім де, ісіме кірістім. Оның мән-жайын қайталамай-ақ қояйың, себебі ол – 1993-жылы өзім ұйымдастырып шығарған “Менің Сәбитім” атты естеліктің сөзсоңында айтылды (естелік авторы – Мәриям Анамыз; көмектескен – «Сәбит Мұқанов мұражайының» қызметкері Құдабаева Гүлнәр Жетпісқызы). Мәкеңнің ол кітапшаны: «Сәбитті көрген, інісіндей болған Ғаббас балама. 29. 10. 93» – деп қолтаңба жазып сыйлағаны – мен үшін ерекше қымбат болды.

Бүгінде Мәкең де бақилық, Жаны жәннәта болғай!

Бізде өзіміздің ұлы тұлғаларымызды басқа ұлттың көрнектілеріне теліп бағалайтын, меніңше, орынсыз бір әдет те бар. “Қазақтың Чайковский”, “Қазақтың Маяковский”, “Қазақтың Поддубныйы” дегендей. Кешелі-бері Сәбеңе “Қазақтың Бальзагы” – деп ат қоюды шығардық. Тәңірім-ау, осындай жарымжан салыстыру, жанастыру қажет пе? Сәбең кім, Бальзак кім? Сәбең – туған халқының тарихың, бітім-болмысың, тіршілік-тынысын мейлінше толық қамтып жазған Қаламгер, елінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, барын түгендеп, ертеңін ойлап, жүрек сөзін зор дауысымен небір биіктен ашық, батыл айтып өткен Азамат, Күрескер! Ал Бальзакта мұншалықты күш-құдірет болған емес. Шеттегілерге телуіміз, телінуіміз, иек артып, көз сүзуіміз – көк тиынға алғысыз тозық әдет!...

(2013 жыл)



## ШАПАҒАТ пен ШАҒЫМ

Есік тық-тық қағылып, ақырын ашылды да, Ғабиден аға кіре берді. Жайдары үнмен:

– Можно ма? – деді.

Мен әуелі орнымнан ұшып тұрдым ба, әлде әуелі “ассалаумағалейкүм!” – дедім бе, білмеймін, кейін де есіме түсіре алмадым, әйтеуір, Ғабанды тым абыржып қарсы алдым. Ал Ғабәң:

– Уағайлейкүмәссалам! – деп, сол қолындағы келте таяқты қос қанат ұшақтың пропеллерінше айналдырып-айналдырып жіберіп, маған оң қолын ұсынды. Мен ол кісіні босағадан бірер қадам беріде қарсы алғанымды енді байқадым, құрақ ұша ұмтылсам керек. Шәкірт кезімізден шығармаларын оқып өскен, сырттай жақсы білетін, Жазушылар одағындағы жиындарда сыртынан сан көрген, бірақ жанына барып сәлем беруге батылым жетпеген атақты жазушы менің жұмыс бөлмеме ойда жоқта кіріп келеді, қолын ұсынып амандасады деп ойлаппын ба?! “Можно ма?” – деп жорта орысшалап, әзіл тастай кіргені және таяқшасын ойнатқаны да таңдантқан. Алақаны қатқылдау болғанымен жып-жылы екен, сол жылылық бойыма тарай қалып, сабама түсіп:

– Аға, төрлетіңіз, отырыңыз! – деп үстеліме қарсы іргедегі диванды нұсқадым. Ғабәң жайланып отырып, жасылтым көзәйнегін бір қозғап, маған қарап:

– Менің бір төрешік туысым бар, жаңағы “можно ма?” – соның жекеменшік сөзі, Фабиден шалдың сөзі екен деп қалма, – деді жымып.

– Жо-ға, білем ғой, – дегенім. Нені “білем!” дегенімді құдай білсін, абырой болғанда Фабаң оны сұраған жоқ.

– Кел, отыр, – деп жанынан орын меңзеді, үстел басындағы креслома отыруға ыңғайсызданып тұр едім, жатырқамай кіріп, жатсынбай жылы сөйлеп, жантарта қасына шақырғаны маған ерекше бір еркіндік сыйлады да, қатарына қымсынбай жайғастым.

– Қалқам, қай жақтың баласысың? – деді, диванға шалқая, қарсыға тура қарап отырып.

– Шығыс Қазақстаннан, Өскеменненмін, анығында Ұлан ауданынанмын.

– Сүйегің найман болды. Сәрсен Аманжоловпен жерлес екенсің ғой, жақсы, жақсы. Сәрсен үлкен ғалым, оқымысты жігіт еді, – деп сәл үнсіз отырды да: – Қалқам, кешегі қазақ: “Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген – құлағы мен жағын жер” деген. Ол – жөн сөз, ниеті тазаға айтылған сөз. Жақсы, енді уақытыңды алмайың, сенің шаруаң, келімді-кетімді кісілерің болады, ал мен – еріккен шалмын. Саған ешқандай бұйымтайым боп келген жоқпың, көрейің, танысайың, бір тілек білдірейін деп қана келіп отырмын. Бұл Әдеби қор – бір ісі жүз сөз болатын, көптің көзі қадала беретін жер, аттылы да, жаяу да іздейтін өткел. Мұнда қазіргі шалдардың біразы істегенбіз. Әлбетте, кешегіден бүгінгісі бөлектеу, өзгерісі, жаңалығы көбірек, қапшығы толығырақ шығар. Ал ақша жүрген жерде өзәзіл жүреді, албасты да жүреді, ең қиыны – сол. Өзәзіл мен албасты, егер адам сақтанбаса, абай болмаса, іштен де, сырттан да шалады. Алтын көрген періштенің кебін құшқан таллайды өкіндірген. Сен, қалқам, сақтана біл, абайлай біл, күнбе-күнгі ісіңе күнбе-күн қырағы бол, адал бол, әділ бол. Бүгінде бізде не көп, кім көп – мұқтаждық көп, жаста, жасамыс та жазушы көп. Жазушының бәріне ақша керек. Шын керек ететіндер – үйсіз, күйсіз жүрген анау жастар, жас талаптар. Сен қолыңнан келгенінше соларға көмектес, соларға қарайлас. Мен сияқты шалдар сұрап келсе, – деп маған езу тарта қарап қойды да, сөзін сабақтады: – анау деп, мынау деп, жылы қабақпен шығарып сал, егер тонын айналдырар болса, ондайлардан үрікпе де қорықпа, себебі біз сенен ақшаны еріккендіктен сұраймыз, қалтамызда сықап тұрса да сұраймыз, өйткені солай дағдыланғанбыз. Жазушы – қажетке жараған шығармасымен ғана жазушы... Ал бізде бұл қадірлі атақты апақ-сапақта алғандар бар, олар болымсыз бірдеңе бергендер және сонысын өмір бойы талшық етуге кіріскендер. Сондайлар мына Литфондының есігін күнде ашатын да шығар, анау жылдарда сөйтетін. Басқа бітіретіні қалмағандарға дауа жоқ... Олар ғана ма... мына біз – атағы шыққан сайын шатағы қоса шығатын қызылкөздерміз. Сен, Фаббас қалқам, осыны жадыға түй, жаңа айттым ғой, сен біздің «дегіштігімізден» сескенбе, үрейленбе. Жылы қабағыңды танығысы келмегендерімізге сыртыңды беріп отырып ал, бұрылма, жібіме. Айғалап-үйғайлап қоямыз, қиратқанда басшыларыңа шағынамыз, ал басшыларың бала емес, олар біздің мінез-құлқымызды жақсы біледі деп ойлаймын, “буынсыз жерге пышақ салмас”, – деді де, Фабаң келте таяғын тірей тез түргелді. Қолтығынан демеп үлгірмедім. Кесек мұрынын көтеріңкірей жымып, оң қолын тағы ұсынып: – Сөзім ұзарып, жалықтырып жібердім бе, ғафу ет!. Ақыл айтқыштар менсіз де аз болмас, әйтсе де, қалқам, менің тілегімді кәдеңе жаратқайсың! – деп қолымды қысты.

– Әрине, аға, есімде болады, рахмет, сау-сәлемет болыңыз! – деп көңілдене шығарып салдым. Бөлмем кеңіп, жарығырақ бола түскендей, бір жеңіл күйге бөлендім.

“Ақыл айқыштар менсіз де аз болмас...”

“Айтушылар” деген жоқ, “айтқыштар” – деді. Әсіреақылшылдарды әдемі мысқылмен мықшитты.

Әдеби қорда істеген жылдарымда маған ағынан жарыла, адал пейілімен ағалық кеңес берген бір ғана адам сол Ғабаң – Ғабиден Мұстафин.

Кейін де екі-үш мәрте жолығысып, әңгімелестік те. “Ғаббас қалқам, бастық болған жақсы, тек абайла, творчествоңды өкпелетіп алма!” дегені де әлі күнге құлағымда тұрғандай. Кітап сөремдегі бес томының керек біріне қолымды созған сайын Ғабаңның: “Можно ма?” деген әзіл астарлы сауалын іштей қайталап, өз-өзімнен еріксіз езу тартамын.

Есігімді балаша тық-тық қағып, ақырын ашып кіргенінен бері де 22 жыл өтіпті-ау!

Ал Ғабаңның құрдасы, қаламдасы Ғабеңнің – Ғабит Мүсіреповтің бір мінезін көргеніме де 22 жыл.

Арада өткен мерзім – үш айдың шамасы.

Есігім ешбір ескертусіз тез ашылып, қаракүл пальтолы, қаракүл бөрікті, қара етікті әйел кіріп келген. Тани қойдым – Ғабеңнің үйіндегі жеңгеміз Ғазиза. Қадірменді ағаның құдай қосқан қосағын қалбалақтап қарсы алмасақ, ағамызға – іні, жеңгемізге – қайны болғанымыз қайда?! Қошеметтеп төрге шығарып, қолпаштап отырғызып, денсаушылық, көңіл күй сұрап дегендей, міндетімді түгел атқардым. Жеңгеміздің қиық көзі күлімдеп, аққұбаға да, қоңырқайға да телігісіз өңі құлпырулы. Жалтылдаған қара қолсәмкесінен бір парақ қағаз алып:

– Мынаны ағаң беріп жіберіп еді, қайным, көре салшы! – деді. Көз жүгірттім. Өтініш екен. Ғабең Көкшетаудағы “Оқжетпес” санаторийінде дем алып қайтқан екен, жолдамасының құны 130 сомды өтеп беруді айтыпты, өтінішінің сол жақ шекесіне квитанциясын іліндіріпті.

– Жеңгей, сіздердің биыл көктемде “Алматы” санаторийінде дем алғандарыңыздағы Ғабеңнің люкс-нөмерінің жолдамасын өтеп бердік емес пе? – дедім, абыржығанымды жасыра алмай, жеңгемізден қолдау да күтіп. “Ә, солай еді-ау, біз оны ескермеппіз ғой!” дейтін шығар деп те ойладым.

– Онда тұрған не бар? – деп жеңгеміз дік етті.

– Бір жазушыға бір жылда екі рет жәрдем жасай алмаймыз, біздегі тәртіп солай.

– Қазақта Ғабит Мүсірепов біреу ғана емес пе?!

– Әрине.

– Онда неге бұлтақтайсың?! – деген жеңгеміздің өңі суып, мұрыны қусырыла қалғаны. Мені тыңдайтын, түсінгісі келетін сиқы байқалмайды. Бұрын да сөйлесіп көрмеген едім, “ерікті ауызына бөрікті басым сиятындай”.

– Жеңгей, сабыр етіңіз! Бізде қаржы мөлшері шектеулі және тәртібімізді жаңа айттым. Құлағыңызда жүрсін: бізде Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты немесе Совет Одағының Батыры немесе Социалистік Еңбек Ері немесе СССР Жоғарғы Советінің депутаты жазушыларға бір мезгіл берілер ақшалай жәрдемнің ең көп мөлшері – 140 сом. Ғабең ғой деп, “Алматының” 240 сом путевкасының құнын тәуекелмен толық төлеттіріп жіберіп едім, сол үшін осыдан бір ай бұрын Москвадан келіп тексерген ре-визордан сәгіс алдым, бізге қаржыны беретін де, оның жұмсалудың қадағалайтын да – анау үлкен Әдеби қор, олар заңды бұздырмайды, – деп бар-жоқ мағлұматымды жайып салдым. Жеңгеміз ұшып тұрып, қолымдағы өтінішті жұлып алып, өкшесі тақ-тұқ, тақ-тұқ етіп шыға жөнелді... Е, мейлі, барсын!

Екі күннен кейін мені Әнуар Әлімжанов шақыртты. Бардым.

– Кел, кел, отыр! – деп әдетінше сылқ-сылқ күлген бірінші басшымыз бір қағазды ұсынып: – Мынаны оқышы! – дейді.

Оқыдым. Былай делініпті: «Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Ә.Т.Әлімжанов жолдасқа Социалистік Еңбек Ері, академик Ғ.М.Мүсіреповтен арыз. Сіздің құзырыңыздағы Литфондтың директоры Қабышев деген менің “Оқжетпес” санаториясына алған путевкамның құнын телеуден бас тартты. Соған шара қолданып, ақшамды қайтартып беруіңізді сұраймын».

Әнуарға қарадым. Ол үнсіз күліп отыр.

– Иә, не дейсің? – дейді.

– Былай деймін! – дедім де, арыздың етек тұсына: “Ғ.М.Мүсірепов жолдастың биыл сәуір айында “Алматы” санаторийіне алған жолдамасының құнын толық күйінде, 240 сом, өтеп бердік. СССР Әдеби қоры тарапынан сол үшін сәгіс естідім. Ардагерлерге бір жолғы жәрдемақы мөлшеріміз – 140 сом. Бір жылда бір жазушыға екі рет көмек көрсетуге правомыз және жоқ. Сондықтан, Ғ.М.Мүсірепов жолдастың екінші өтінішін қабыл алмағанымыз заңды екенін мәлімдеймін”, – деп жазып, ресмилеп қол қойдым да, Әнуарға қайтардым. Ол оқып, тағы да сылқ-сылқ күліп:

– Қызық болды ғой. Фабең заңдарыңды білмеген шығар, әйтпесе...

– Әнеке, кешіріңіз, өтінішін жеңгеміз алып келген, мен ол кісіге мынау жазғанымды бұдан гөрі тәптіштеп айтып, түсіндіріп бергенмін.

– Түсінді ме?

– Жоқ. Етігінің өкшесі тақ-тұқ, тақ-тұқ етіп, маған: “Тоқтай тұр! Тоқтай тұр!” дегендей боп кеткен.

– Бәсе! – деп Әнуар күлді.

– Шақыртқандағы шаруаңыз осы ма еді?

– Осы. Мә, арызын өзіне берерсің, – деп ұсынды.

– Әнеке, сіз де қызық екенсіз! Арызды сізге жазған екен, сіз өзіңіз беріңіз! – дей, алмадым.

– Түу! Бәрін түсіндіру керек болды. Шалдың ашулануы да мүмкін.

– Ашуланса, онда айтыңыз: егер ақшасы тақа таусылып, қиналып отырса, мен бір айлық жалақымды берейін, – деп едім, Әнекең екі қолын бірдей сермеп, сылқ-сылқ күліп қалды.

Содан шамасы бір апта өткенде Жазушылар одағы ғимараты алдында Фабең қарсы ұшырасып қалдым. Бір кісі қолтықтап келеді екен.

– Фабе, ассалаумағалейкүм! – дедім, жол бере ығысыңқырап.

Атақты ағамыз желдеген бұғыша мұрынын көтере қиық көзін бір тастады да, үн-демей кете барды. Ішімнен: «Е, Фабе, сіз керек етпесіңіз де, менің сәлемім 130 сомнан қымбатырақ» – дедім. Содан кейін ол ағемізді маңайлауды қойдым.

Фабаң мен Фабең. Екі адам. Екі қаламгер. Екі аға. Екі жаратылыс.

1994 ж.

**Қосымша.** 2002-жылғы қаңтардың бесінші күні. “Хабар-2” телеарнасы кешкі 7 сағат 40 минутта “Әдебиет жұлдызы. Ғ. Мүсірепов. Деректі фильм” деген хабарын көрсетті. Фабит Махмұтұлының өмірі мен шығармашылық жолынан берілген мағлұмат мол болды. Жақсы! Бірақ, Фабең бір жаңсақтық жасапты, ол сол күйінде қала берсе... жоқ, оның түзетілгені керек, себебі: Фабеңнің әрбір сөзі, пікірі тарих бетіне түседі. Ағамыз ол жаңсақтықты әдейі жасамаған шығар, ал ол хабардың сценарийшілері

(бірнеше автор) шындықты білмеді ме, әлде классик жазушының пікірін сол сәтте түзетуге жүрексінді ме?.. Мұның екеуі де мүмкін.

Ғабеннің жаңсақ пікірі – “Мұхтар Әуезовтің “Абай жолын” мәскеулік сыншы Алла Марченко толыққанды роман емес дегенде, соған бізден не Жазушылар одағы, не әдебиет пен өнер институты бар, ешбірі тойтарыс бермей, үнсіз қалғанын түсінбедім” – деп өкініш білдіргені. Ол өкініші “Қазақ әдебиеті” газетінің 2004-жылғы 34-санында (тамыздың 27-сінде) Сәбит Досановтың Ғабен жайындағы естелігінде де қайталаныпты.

Мәскеуде шығатын “Вопросы литературы” журналының 1971-жылғы 9-санында Алла Марченконың мақаласы жарияланған да, онда “Абай жолы” эпопеямызды күстөналау болған. Ол қиянатқа жұртшылық қатты күйініп, Жазушылар одағынан жа-лақор Марченкоға тойтарыс беруді талап еткен. Мен ол жылдары “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында сын бөлімінің меңгерушісі едім. Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры Әди Шәріпов Жазушылар одағына телефон шалып, мәскеулік журнал мақаласын бірлесіп талқылап, бірігіп жауап жолдауды ұсыныпты. Институтта өткізілмек талқылауға газеттен мен жіберілдім. Жиналысты ашқан Әдекең себепті қысқаша айтты да, қызметкері Е.Лизуноваға сөз берді. Арнаулы баяндама оқылды. Тыңдадық, түйінін бірауыздан құптадық. Пікір қосамын деушілердің саны да, уақыты да шектелген жоқ. Журналға қайтарылар жауапты дайындау сыншылар Е.Лизунова мен Р.Бердібаевқа тапсырылды, жауап мақалаға Әдекеңнің қол қойғаны жөн болады делінді. Сол сәтте Әдекең журналдың бас редакторымен таныс екенін айтты да: — Ә, мен ол күмен қазір, бәріңнің көздеріңше, бәріңнің аттарыңнан сөйлесейін, – деп, автомат-телефон жолымен Мәскеуге дереу шықты. Жәй таныс емес, жақсы таныс екен, “сен” – деп сөйлесті. Әуелі есен-саушылық сұрасты да, одан соң әдетінше “слушай” – деп алып, журналдың мақаласына бүкіл қазақстандықтар ренішті екенін қатқыл үнмен айтты. Анау олай-бұлай деп ақталды білем, Әдекең: – Мұхтар Омарханұлының эпопеясына әлем әдебиетшілері баяғыда берген жоғары бағаны сендердің Марченколарың ревизияламақшы ма? Сендерге марқұм Әуезовтен басқа объект табылмай қалды ма?.. Қайдағы пікір таласы? Жала жабу, Лениндік сыйлықтың лауреаты, бүкіл дүниежүзі құрметтеген Мұхтар Омарханұлының рухын қорлау! – деп төтесінен тартты. Аққұба өңі қызылкүреңденіп кетті. Журналдың басшысы тағы жуып-шайған болар, оны бірер минет тыңдаған Әдекең: – Жақсы, келістік. Біз, міне, Жазушылар одағы мен институт өкілдері бірлесіп мәжіліс өткізіп отырмыз, сауатсыз мақалаларыңды талқыладық, жауабымызды ертең жібереміз, сен оны журналыңның келесі санында жариялайтын бол, уәдеңде тұр! – деді. Содан кейін бізге жайдарылана қарап: – Анау “мен білмей қалдым, пікір таласы болар” – деп мәймөңкеледі, біздің жауабымызды жариялайтын болды, естідіңдер ғой? – деп рахаттана күлді.

Ол жиналыстан Рахманқұл Бердібаев екеуіміз бірге қайттық. Рахаң газеттің журналдағы мақалаға қарсы жазылған бас мақаласын оқығанын, алайда оның жеткіліксіз екенін, енді мына мәжілістен есепті жақсылап, толық жазуым керектігін айтты. Мен есепті жазуды Рахаңның өзінен өтіндім. Ақырында солай келістік те, тиянақты жазылған көлемді есеп газеттің кезекті санында жарияланды.

Редакциямызға мәскеулік Марченконың солақай мақаласы туралы телефон шалғандар, хат жазғандар аз болмаған. Кейбіреулер: «Оны авторының өзі біліп жазған жоқ, осындағы бір “мықтылар” ұйымдастырды», – десті де. Бүгінде марқұм үлкен жазушыларымыздың бірі: «Марченко Алматыға келіп қайтты, бірақ одаққа жолаған

жоқ, біреу оны аэропортта қарсы алды, қонақ қылды, шығарып салды, мақаланы сол жаздырды», – деді.

Газеттің бас редакторы Сырбай Мәуленов болатын. Жауапты хатшымыз сырқаттанып қалған да, орнында уақытша мен жүргенмін. Сыр-аға маған: «Мен ертеңнен бастап “Алматы” санаторийінде дем аламын, мұндағы шаруаны сен өзің реттей бер, мен телефонымды айтармын, хабарласып тұрамыз. Мен “Вопросы литературыдың” құдай атқан мақаласына қарсы басмақала жазамын, ертең барып орналаса салысымен. Бітірісімен айтамын, сен шоферді жіберіп алдыртасың да, машинкалатқан соң маған қайырасың, мен оқып, қол қойып беремін, баспаханаға “срочно” – деп жібересің, алдағы нөмірге шықсың, дұрыс па?» – деп шегеледі. Алайда, ертеңінде түс әлетінде телефон соққан Сыр-аға: «Фаббас, басмақаланы жаза алмайтын болдым, денсаулық жібермеді, енді оны сен өзің жаз да, маған алып кел, жарай ма?» – деді. Мен ат-тонымды ала қаштым, атақты жазушылардың біріне жаздырған жөн боларды айттым. «Жоқ, өзің жаз, атақтылар да сендейден өсті емес пе және олар бұрынырақ айтпадың деп керги береді, сөйт, өзің жаз, қорғанбай жаз», – деп және шегеледі. Сыраға «жоқ» деген сөзді қолданғанда, неліктен екенін білмеймін, “ж” әрпін ылғи “шш” – деп айтатын.

Сөйтіп, мен басмақаланы жазып, Сыр-ағамен хабарластым. Ол: – Әкеліп әуре болмай-ақ қой, телефонмен оқы, кәне, мен тыңдайын, – деді. Оқып бердім. “Дұрыс”. Тек тақырыбын өзерттейік, “Қазақ әдебиетінің алтын айдары” – деп қой, айбарланып тұрсың, жарай ма?” – деді. Мен “Асылды шаң шалмас” – деп атаған едім.

Марченкоға берілген тойтарыстың алғашқысы сол болған.

Газеттің басмақаласы, бірлескен мәжілістің көлемді есебі кезінде Фабеңнің көзіне шынымен шалынбады ма екен? Фабеңмен сұхбаттасқан, сценарий жазған авторлар да оқымаған ба?.. Түсіне алмадым.

Және бір түсініксіз жәйт – “Вопросы литературы” журналы Одақ пен институт атынан жазылған жауап мақаланы жарияламады, оның орнына Тахауи Ахтановтың сүйейсалды жауап пікірін беріп тынды.

Бүгінде байқалып жүрген бір жәйт: Мұхаңның «Абай жолын» болашақтың кітабы емес, ол ендігі жастарды қызықтыра алмайды, деген сөздің шыға бастағаны. Айтушылар мен жазушылар – орта жастағы әдебиетшілер. Түсінуге болмайтын ондай түйсіксіздік пікірлерге жауапты биыл атағы аспандаған жап-жас әншіміз Димаш Құдайбергеновтің қайтарғанына ерекше сүйіне қуандым. Сұхбаттасқан журналшының: «Сүйіп оқитын кітабың қайсы?» дегеніне Димаш: «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы!» – депті. Әне, болшақтың пікірі!

2017 ж.



### **«ЖӘКЕНДЕЙ ЖАН АЗ!»**

1972-жыл. Маусымның 2-ші күні. Біз Алматы облысының Жамбыл атындағы колхозынан қайтып келеміз. Алатаудың аясындағы, Алматының іргесіндегі таңдаулы шаруашылықта, жұртшылығымыз қастерлеп қадірлейтін тарихи мекенде, тағылымды орындарымыздың бірінде болдық. Күні кеше онда өзіміздің Жәкең – Жамбыл Жаббаев тұрған. Қошеметтеген ұрпағының ортасында ерекше тұлғаланып, ақыл-ойдың ордасы

боп, өңірдің көркі боп, өлең-жырдың селі боп жүрген. Тарихымыздың шежіресі, халқымыздың мақтанышы, әдебиетіміздің бір асқар тауы болып өмір сүрген. Амал не, бүгін арамызда көрінбейді. Сегіз қырлап сәнмен салынған, көгілдір күмбезі аспан түстес мавзолейдің ішінде салқын мәрмәр көрпесін жамылып, мәңгі ұйқыда жатыр. Үнсіз ғана сәлем беріп, тағзым етіп шықтық.

Содан кейін біз Жәкеңнің мұражайына кірдік. Ақын ата жазда отыратын аппақ киіз үйдің орнына салынған мұражайына кіре бере-ақ, Жәкеңнің қоңыр домбырасының күмбірлеген үні құлағымызға шалынғандай болды. Біз енді, бала Жамбылмен, жігіт Жамбылмен, ел ағасы Жамбылмен, ақсақал Жамбылмен шүйіркелесіп кеткендей күйдеміз. Он екі бөлме толы бұйымдар, суреттер, жиһаздар бізге қос ғасырдың куәсі болған адам жайында сыр шертпе жөнелді. Ол адам көз алдымызда болмаса да, қымбат бейнесі көкейімізде сақтаулы, көркем жырлары жадымызда жаттаулы. Оның өмірі, қызметі, еліне сіңірген еңбегі – баршамызға әбден мәлім. Қазақ баласы білмейтін, Одақ оқырманы білмейтін Жамбыл жоқ! Сонда да болса ол туралы сырды тыңдаудан жалықпақ емеспіз. Сол себепті де мұражайдың жүз сан нәрсесіне байыппен үңіліп, жүз жыл өмірдің тыныс-тіршілігіне ілтифатпен зер салдық. Барлығы да бізге: «Жамбыл тірі!» дегенді айтады. Иә, солай деді. Әрине, Жәкеңнің замандас ағасы кемеңгер Абай: «Өлді деуге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» демеді ме?! Дүниенің төрт бұрышына жалынды жыры жеткен, бүгінде елу шақты шетел тілінде сөз өрнегін кестелеп тұрған Жамбыл – тірі!..

Мен осындай ой құшағында тербеліп келемін. Машинаның ашық терезесінен кең далаға қараймын. Дала күн нұрына касиетті төсін тосып, жасыл реңі толқындалып, тынымдап жатыр.

– Пай-пай, шіркі-і-і-ін! – деген дауыстан селт етіп, Ғалекеңе (Ғали Ормановқа) жалт қарадым.

– О не, Ғал-аға?

– Мына жігіттің аты-жөні кім еді, мәшинені тоқтата тұр деші, – деп Ғалекең есікті ашуға ыңғайлана бастады. Шофер машинаны жол шетіне бұрыңқырап тоқтата қойды. Толық денелі Ғалекең машинадан домалана шығып, асыға қарап:

– Әне, жорға кетіп барады! Жануардың тайпалуын қарашы, пай-пай, пай-пай-ой! Жануар-ай, жаратылысыңа болайын! – деді, айызы қана сөйлеп.

Жолдың қапталында әлдекім ақ тілерсек жирен жорғамен кетіп барады екен. Кәдімгі тайпалма жорға. Құйрығы күлтелене тербеліп, тербетіліп барады. Жалғызаяқ жолдың майда шаңы шашадан асар-аспас қуыршақ құйын боп қалып жатыр. Біз үнсіз ғана тамашалап тұрдық. Менің көз алдыма өзіміздің торы жорғаны сипай қамшылап кетіп бара жататын әкем елестеді. Сағыныш уысы жүрегімді қысып жіберді...

– Жәкеңнің күрең жорғасы болып еді. 36-шы жылы өкімет тарту етіп еді. Соны Жәкең 44-ші жылға дейін мінді. «Мәшіндерің шаршатып жіберді, біраз сергіп келейін» – деп күрең жорғасына күніне бір мінбесе, көңілі көншімеуші еді, – деді Ғалекең машинаға отырған соң. Ғалекеңнің де көңіл-күйі түсінікті боп қалды. Жамбылмен бірге өткізген жылдар ізі көкейінде сайрап жатыр ғой.

Сөз бетін бұрыңқырамасам болатын емес деп ойлады да, Ғалекеңе қарай ойыса отырып:

– Ғал-аға, Жәкеңе қанша уақыт әдеби хатшы болдыңыз? – дедім.

– Әдеби хатшы демей-ақ, хатшы дегеннің өзі жөн. Біз оның өлеңдерін қағаз бетіне түсіріп отырғаннан басқа не істедік? Оның өнерінен өнер арттыра алған жоқпыз. Жәкең өзі жаратылысынан сөзге шешен адам болатын. Жырларындағы жақсы теңеулер, жарасымды сөз тіркестері, әдемі әзіл мәнерлері, уытты түйіндері – барлығы өзінің

айтқандары. Халқымыздың сонау көне ауыз әдебиетінен бері қарай келе жатқан шешендік, әсемдік дәстүрді – Жәкең құрметтей де білді, дамыта да білді. Мен хатшылыққа кіріскенде, Жамбыл жасы тоқсанға еніп кеткен кезі еді. Әлгі... естеріңде ме, былай деп әзілдеп жүрген жылдары ғой:

Сақалым – темір күрек, борға малған.  
 Селеудей шашым селдір, зорға қалған.  
 Аузыма ақ жабағы жапсырғандай,  
 Кәрілік немді қойды қорламаған?  
 – дейтін, сосын тағы да:  
 Кәрілік екі көзді қызартады,  
 Сүйектің етін сылып, ұзартады.  
 Еңкейсең – етбетіңнен түсірердей,  
 Батпандап шонданайға тұз артады,  
 – дейтіні, содан кейін:  
 Құлағым қаңылтырмен қаптағандай,  
 Жұрт сөзін шала естиді қаңғыр-күңгір,

– деген сияқты өлеңдері бар емес пе? Ал енді, осы әзілдеп айтқан өлеңдерінің өзінде қаншама әдемі сөздер бар, ә? Біз, мысалы, сақалымызды борға малған темір күрекке теңей алмаған болар едік. Беліміздің шойрылғанын шонданайға батпандап тұз артқандай дей алмас едік. Естімеуге айналған құлағымызды бар ғой, тіпті, соны қаңылтырмен қаптағандай деп айтпас едік. Біз бір жаңа теңеу іздеп әлек боларымыз хақ. Бірақ, Жәкеңнің жаңағы теңеулерінен тәуірді таба алмасымыз және сөзсіз. Ал жыраудың әлгі теңеулері әрі қарапайым, әрі жатық, сосын жұртқа өте түсінікті емес пе? Еріксізден-еріксіз езу тартпайсың ба?

– Рас, мұныңыз рас. Жәкең өлеңдерінің көбін мен де жатқа білемін.

– Міне, Жамбыл жырларын оқығанда оған бүгін мына жазба өлең шеберлеріне қойылатын талапты қоймау керек. Оның айтқандарынан жаңа, мына бүгінгі поэзия нышандарын іздемеу керек. Жәкең творчествосын сол Жәкеңнің өз тұсындағы талғам-талаппен бағалау керек. Соның өзінде де ол – ақын ретінде, жырау ретінде бүгінгі бірсыпырамыздан озық. Оның шығармалары сөз өрнегімен де, ой салмағымен де қымбат. Біз саяси рең беруге ғана шебер болдық. Керек кезінде, керек өлеңін солайша өңдедік.

– Сонда, Ғал-аға, Жәкең жырын ағылта айтып отырады да, сіздер жазып отырасыздар, ө?

– Жәкеңнің шабыт шақыруы ерекше еді. Көңілді оқиғаны жыр етерде жайраңдап, әзіл-қалжыңды ақтарып, төңірегін тойға айналдырып жіберетін. Салмақты, мәнді мәселелерді жыр етерде соның мағынасын сұрағыштап, байыппен ойланып жүретін. Ашу-ыза, уайым-қайғы зілі бар оқиғаларды жырға айналдырарда – өз-өзінен түнеріп, қабағынан қар жауып, қатты өзгеретін. Ұлы Отан соғысы басталғанын естігендегі халі әлі көз алдымда. Суық хабар жеткен сәтте Жәкең тұтанып кете жаздады. «Ойпыр-ай, тып-тыныш елге келіп киліккен бұл неткен сұмдық?! Қалаң қайсысы, далаң қайсысы демей, алай-дүлей зом түсіре бастағаны қай басынғаны! Бұл қастасқан жаудың қылығы ғой!» – деп түтігіп, орнында отыра алмады.

– «Зом» дегені не?

– Бомба дегені. Сонда Жәкең күреңіне мініп алып, ауылдан шығып кетті. Біз есік алдында тосып қалғанбыз. Қайта оралып келе жатқанында байқасақ, ақынның түр-тұлғасы өзгеріп кетіпті. Бұрын ат үстінде жайбарахат отыратын адам, енді қаршығадай түйіліп, шұқшиып алған. Өңі өрт сөндірген адамның өңіндей түтіккен. Күрең



жорғаны тайпалтқан күйі келіп түсті де, Тайыр екеуімізге: «Бірің – құлақ, бірің – көзсің. Жазғыш болсаңдар, көне, келіңдер! – деп бұйыра сөйледі. – Ата жаумен айқасқан заман болды!» – деді де, тізесін бүгер-бүкпестен жырын ағытты:

Асқар таудай еліме  
Жау тиісті дегенде,  
Ашуменен аралас,  
От тұтады денемде.  
Жыр да келіп көмейге,  
Көз жібердім мен елге.  
Сонда елімнің түрінен,  
Түгел тастай түйілген  
Қаһармандық аңғардым,  
Жау сазайын берерге!..  
Адырға шығар деген бар,  
Асыққан аң ажалға.  
Ата жаумен айқастық,  
Майдандасқан алаңда.  
Жауыз фашист-сұр жылан,  
Уын шашқан адамға!  
Денеге уын дарытпай,  
Салайық тез табынға!  
Ондай сұмдық ордасы  
Қалмасын деп ғаламда,  
Жайпалық деп жауларды,  
Жар саламын жаранға!

– деп қарт ақын қайраттанып, ширьға жөнелді. Біз әрең-әрең жазып үлгіріп отырдық. Жәкең болғаннан кейін біраздан соң оқытып, байыппен тыңдап, сосын о тұс, бұ тұсына сөз қосатын және кейбір тұсын өшіртіп тастап, қайтадан жаңалап айтып шығатын. Айтқан ойын қыздырмалай, өткірлей түсетін. «Ата жаумен айқастық» – деп аталған жаңағы жырын да сөйтті. Оны толықтырып барып газетке бергізді.

– Сол соғыс Жәкенді де қатты қажытып, қартайтып кетті ғой. Соғыс болмаса, Алғадайынан айрылып күйік тартпаса, жасы жүзден де асар ма еді, әлі де талай өлең-жыр беріп кетер ме еді, кім білсін, – дедім өзіммен-өзім сөйлескендей күйде болып.

– Жәкең жан тыныштығын ойламайтын адам еді, – деді Ғалекең. – Соғыс жылдарында тіпті ұйқысы қашып бітті. Майдандағы жағдайды күнде таңертең сұрап біліп, газеттерден оқытып естіп, әсіресе, алғашқы уақытта қатты қиналып жүрді. Жауынгерлерге жалынды жырларын жолдап, тылдағы көрі-жасқа өсиет өлеңдерімен сүйеніш болып, тыным таппады. Майданға аттанғалы тұрған жігіттерге барып, оларды жігерлі жырларымен шығарып салып жүрді. Алғадайын аттандырғанда айтқан:

Бар, бар, ботам, бар, ботам,  
Бастай берсін ар, ботам,  
Жаудан кегің ал, ботам,  
Табаныңа сал, ботам!  
Абыройға ие бол,  
Саған берер сол батам!

– дегені әлі күнге дейін құлағымда тұрғандай. Алғадайының ерліктерін естігенде, гвардеец атанғанын білгенде: «Сұраншы, Сауырық секілді болыпсың, балам!» – деп тебіренгені ғажап. Халық қаһармандарын қандай құрметтеген десеңізші! Өздерің

білесіңдер, шәкірт кездерінде жаттап өскен де шығарсыңдар, Жәкеңнің Сұраншы, Сауырық, Өтеген батырлар жайындағы дастандарында жырланған ерлік рухы, халық мақтанышы, халықтың адал да батыр перзенттерін құрметтеу сезімі Жәкеңнің кешегі соғыс жылдарындағы жырларында советтік патриотизмге ұластырылды. Ол жауға ашына лағынет айтты. Жауынгерлерімізді атадан балаға мирас ерлік рухты еселей түсуге, жауды табанға салып жаншып-құртуға шақырды. «Ленинградтық өренім» деген өлеңің, мысалы, сол жылдарда жатқа білмеген адам кем де кем шығар. Жәкеңнің орыс тіліне аударылған сол өлеңі және портрет-суреті қоршаудағы Ленинградтың көшелерінде плакат боп ілулі тұрған. Жаудың оғы жауып тұрса да, ленинградтықтар оны топ-топ боп келіп оқып, жаттап алған. Ол қаһарлы өлең Ленинград радиосынан күніне бірнеше мәртебе оқылатын болған. Ленинградқа қазір бара қалсаң, ондағы ақын-жазушылар болсын, басқа адамдар болсын, бәрі де: «Жамбыл – сендердің ғана Жамбылдарың емес, біздің де Жамбылымыз!» – дейді. Мейманханаларындағы қызметкерлер сенің Қазақстаннан келгеніңді естігенде: «Біздің Жамбылдың жерлестері екенсіз ғой!» – деп, жатып жастық, жайылып төсек болады. Байқап отырсың ба, Жәкеңнің сұрапыл жылдарындағы жырлары бүгінде де бағалы, құнды, бізді ынтымақтастырып, туыстастыруда. Жамбыл ақын – өз өмірінде халықтарды бір кісінің баласындай тату-тәтті болуға шақырып өткен адам. Оның осы мақсатта айтқан өлең-жырлары аз емес. Және ол шығармалары – ешқашан құнын кемітпейтін асыл.

– Жәкеңнің соғыс кезіндегі шығармалары өз алдына бір төбе. «Ата жаумен айкастық» өлеңінен бастап, «Отан өмірі», «Алынбас қамал», «Ленинградтық өренім», «Қамал бұзған қаһарман», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым!», «Майданға хат», «Мәскеуге», «Жаңа жыл сәлемі» және басқалары жан-жақты талдауды, зерттеуді, үлгі-өнеге ретінде насихаттауды қажет ететін аса бағалы мұра екені даусыз. Ғылым академиясында жамбылтану бөлімі ашылды ғой, ғалымдарымыз бұл мәселені қолға мықтап алатын шығар. Ал сол бөлімнің жұмысына сіздердің қатысуларыңыз қандай? – дедім.

– Ол бөлімнің ісіне барлығымыз да аянбай көмектесетініміз өзінен-өзі түсінікті шаруа. Жәкең жайында дерек көп, архивінде материал өте мол. Өлең-жырлардың толық жинағы қолдарында. Соңғы жылдары табылған жаңа өлеңдері және мәлім. Ал Жәкеңді көрген, оған қызмет істеген, дәмдес болған бірсыпыра ақындар, жазушылар бармыз. Анау Әбілда Тәжібаев, Қасым Тоғызақов хатшы да болған. Мұхтар, Сәбит пен Ғабит, тағы басқа толып жатқан інілері Жәкеңмен көп араласқан, талай той-думандарға сапарлас болған. Қай-қайсымыздың да Жәкең жайында айтып береріміз, жазып береріміз аз болмаса керек.

– Жәкеңнің өмірі туралы бір сүбелі шығарма жазылмай-ақ келеді-ау... –

деп Ғалекеңе көз қиығын салып қойдым. Ғалекең аппақ басын үнсіз иезңкіреп, әлдебір ойға беріліп кеткен сыңай аңғартты. Қиық көзі Алатау қиырына қадалды. Мазасын алмайын деп іштей ұйғарым жасадым да, мен өз ойымның сурлеуіне түсіп кеттім.

– Жәкеңнің өмірі ғажап қой, – деді енді бір сәтте Ғалекең. – Абайдың асқар таудай адамгершілігін, мұхиттай мол ақындығын дәмдеп жазу үшін – Мұхтар дүниеге келген еді. Мұхтар әлемге Абайды ғана емес, қазақты кең танытты. Ал өлмейтін жырларымен дүниеге мәшһүр Жамбылдың жүз жылғы өмірін жазу үшін және бір Мұхтар керек болады. Жәкең жайында кімнің жазғысы келмейді дейсің, бірақ, жүрегі дауалмайтын шығар. Игеріп әкету оңай емес-ау, оңай емес...

– Мүмкін.

– Жамбыл – суырыпсалма ақын болды. Айтыстың азулы шебері және сөзі көркем төкпе ақын. Сайқы-мазақ ұстасы. Тебіреніс-толғанысы мол. Қоғамдық күрделі істер де атқарды. Бағана өзінің архивін көрдің емес пе, депутат Жамбыл Жабаевқа келген хаттар қаншама?!

– Бүкіл еліміздің төрт бұрышынан келеді екен ғой. Бізге бимағлұм хаттардың бірекеуін көшіріп алдық, газетке берейік деп. Біреуі – Эмма Рей деген француз қызының хаты, екіншісі – грузин Жамбылдың суреті мен сәлем хаты.

– «Грузин Жамбыл» дейсің бе? – деп Ғалекең сұраулы кескінмен қарай қалды.

– Иә, Грузияда бір әжей немересіне Жамбыл деп ат қойыпты. Сосын Жәкеңе үш жасқа толған әлгі немересінің суретін салып, хат жазыпты.

– Халық құрметі дегенің – сол, әне! «Ақбасты Алатаудың Жамбылымын, Өлеңнің ұлы сүре даңғылымын!» дейтін Жәкең – бүкіл еліміздің Жәкеңі болатын. Өлең-жырлары елу шақты шетел тілдеріне аударылғанының өзі-ақ қартымыздың кім екенін айтып берген жоқ па? – деп Ғалекең көтеріңкі сөйледі. Жарықтық, өзі де бір – адал, ақ көңіл, кішіпейіл, қайырымды, көшірімді жаратылыс еді. «Адалдың аты арымас, тоны тозбас» деген рас, – деді Ғалекең, шапшаң сөйлеп. Бағанағы бір ойға шомған сәтінде алып ақынмен бірге өткізген жылдарына шолу жасап, енді содан сыр ақтарғысы келгендей түрі бар. Сұрақ қойып кедергі жасамауды жөн көрдім де, сөзін мұқият тыңдауды жөн көрдім.

– Жәкең республикамыздың Жоғарғы Советіне депутат боп сан мәрте сайланды. Бірнеше орден-медаль алды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. Соның бірде-біріне мастанған пенде емес. Үлкен-кішімен әрқашан әзілдесіп, әншейін өзіміз қатарлы адам болып жүрді. Жайдары мінезінен танған кезін білмеймін. Ал кісіні сынап отыруға, ағат қылығыңды әдемі мысқылмен әжуалауға ғажап шебер еді. Төңірегіндегі інілеріне олардың мінездеріне сай ат қойғыштығы және болды. Кәдімгі, мына бүгінгі Кенен ақынға: «Басың тұз түйген келсаптың басындай бозала боп кетіпті ғой» дегені бар. Есдәулет ақынға: «Суықтөбенің суыр аңдыған қоңыр ала бүркітіндей қопайып қайдан келдің?» – депті. Баласы Аққұлды: «Іңірде ұшатын қара қоңыздай дарылдағым» дейтін. Осылайша қойған аттары көп. Ауылдастары әлі күнге дейін жыр ғып айтып отырады. Жәкеңнің және бір қасиеті – өзін қолпаштағанды, мақтағанды ұнатпайтын. Ондай сөз айта бастаған адамды мысқылдап, қисынды бір әзіл айтып бет қаратпайтын. Оны-мұны сұрағыштап, суретке түсіргіштеп мазасын алатын тілшілерден құтылғысы келгенде «құлағымның ауруы бар еді» – деп, немесе «тісімнің ауруы бар еді» – деп халі аяқастынан «нашарлай» қалатын. Кейде біз пәлен жайға жыр арнап жіберіңізші деп қолқалаймыз ғой, сонда зауқы болмаса:

Қартайған соң бір ұйқы алған аңдып,  
Жас балаша маужырап кетем қалғып.  
Қаламыңды, жарқыным, қоя тұршы,  
Шаршаңқырап отырмың, басым мәңгіп,

– деп қулана күліп жауап беретін. Суырып салма ақындық өнері өмірінің ақырғы жылына дейін мұқалмады. Жәкеңдей жан аз болар...

– Ғал-аға, кейде: «Жамбыл Ленин мен Сталинді мақтауды ғана білді» деген сөздер естіліп қалады, сол долбар қалай? – дедім. Ғалекең басын шайқап, былай деді:

– Жәкеңде екі өмір болды. Біріншісі – таршылық-тапшылық; екіншісі – кеңшілік-баршылық. Екіншісін берген Совет өкіметін, оның басшысы Сталинді неге мақтамасын? Көріп-білгенің, түсінгенің жырлағаны үшін жазықты ма?.. Жәкең Сталиннен орден,

сыйлық дөмете мадақтаған жоқ, өзінің, халықтың өмірі жеңілдегеніне, жақсарғанына разы пейілін білдірді. Иә, қарт ақын екінші өмірінде құрметке бөленді, жас ұрпағының тегін білім алғанын, өзінің де, олардың да тегін баспаналы болғанын, өзінің де, олардың да ақы-пұлсыз емделгенін, жолдары ашылғанын, еңбек еш болмайтын заманды көрді. Сондықтан Жәкеңе «Сталинді мақтады» – деп мін тағу – білместік!..

Фалекең әңгімесін осымен доғарып, тағы ойға шомды. «Келіп те қалдық», – деді шофер жігіт бір кезде. Шыңдарында ақшұғыла қар жатқан Алатаудың бауырына, жасыл желек жамылған Алматының құшағына енген екенбіз...

Енді бір аптадан кейін, 9-маусымда, Жәкеңнің 125 жылдық мерейтойы болады. Біз сол тойға әзірлік жайын аңдап қайттық.

1971-жыл.



## **МЫҒЫМ МҮСІНІНЕ ҚЫЗЫҒА ҚАРАДЫМ**

1967-жылдың көкек айы-ау деймін. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында жауапты хатшының орынбасары кезім. Жауапты хатшы – Ізағаң. Ақын Ізтай Мәмбетов. Күнде жұмысқа сағат онда келетін Ізағаң ойда жоқта кешікті. Сағат 11 болып қалды. Редактордың қабылдау бөлмесіндегі хатшы Рая апай кіріп келді де, Ізағаңның бос үстелін иегімен меззеп:

- Ізтай қайда? – деді маған.
- Әлі келген жоқ, – дедім.
- Ендеше Нығметке сен жүр, шақырып отыр, – деп Рая апай шығып кетті.

Бас редакторымыз Нығмет Ғабдуллиннің бөлмесіне кірсем... Бауыржан Момышұлы! Дәл өзі!.. Нығанның үстелінің алдыңғы жағындағы қысқа үстелшенің оң қапталындағы орындықта тіп-тік отыр! Тірі Баукеңді алғаш рет көруім. Атағы аспандап тұрған қаһарман ағаны ойда жоқта ұшыратқаным маған оңай тимеді. Қалайда біртүрлі сасыңқырап қалдым да, редакторға қарап баяу сөйлеп отырған Баукеңе ақырын жақындай бастадым. Бір сәт ол маған жалт қарады – түйіліңкі қабақ астынан қыран көзі жалт етті. «Мінезі шәлкес, о жар деуші еді, рас екен ғой!» деген ой миымның қатпарын қақырата орғып-орғып кеткендей күй кешіп үлгірдім. Бірақ сескеніңкірегенімді сездірмеуге тырысып, ақырын жылжыған қалпымда қарсы алдына барып, оң қолымды жүрек тұсыма басып:

– Ассалаумағалейкүм! – дедім. Баукең көзін қадаған күйінде оң қолын самай тұсына қанжарша қалт көтеріп:

– Приветствую Вас! – деді де, «қанжар» қолын редактордың үстеліне «құлата» салып, Нығаңа шапшаң қарап: – Бұл жігітің кім? – деді, жекігенге бергісіз дауыспен.

Редакторға қарасам, ол жымыңдап отыр.

– Бауке, бұл жігітіміз – сіздің мына әңгімеңізді машинкадан шыққан соң оқып, макетке салатын қызметкеріміз, Қабышев Фаббас деген інііңіз, – деді Нығаң, алдында жатқан бес-алты парақты жиыстырып, маған ұсына бере. Баукең орнынан шапшаң тұрды да, Нығаңа түксие қарап, қоюлау мұртын оң қолының сұқ саусағымен бір-екі түртіп:

– Это – усы! С ними шутки плохи! – деп, сонсоң маған ожырая қарап: – Бара бер-гін! – деді қатқыл үнмен.

Мен ләм деместен есікке беттедім. Сол әредікте редактордың:

- Вас понял, товарищ полковник! – деген ойнақылау үнді жауабын естідім.
- Гвардии полковник! – деп Баукең саңқ етті.
- Вас понял, товарищ гвардии полковник! – деді Нығаң, еркелеген дауыспен.
- Жүдә дұрыс болды, – деген Баукең күркірей күлді. «Шынында қызық кісі екен-ау!» – деп мен де күліп, әрине, іштей күліп, шығып кеттім.

\* \* \*

1978-жылдың жазы. КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры кезім. Түскі үзілістен келіп жайлана бергенім сол еді, телефоным шылдыр етті. Тұтқасын көтердім. Арғы жақтан:

- Директор жолдассың ба? – деген нығыз дауыс естілді. Баукеңнің дауысы!
- Ассалаумағалейкүм! – дедім, елп етіп.
- Уағалейкүміссалам! Қарағым, маған «Алатау» санаторийіне ертеңгі числодан екі путевка керек, жеңгең екеуімізге. Мақұл ма?

– Қазір іздестірем, сонсоң өзім хабарласамын, – дедім. Кемінде бір апта бұрын тапсырыс бермейінше қолға түспейтін жолдаманы жөпелдемеде табу қайда, бірақ «солай» – деп қарсыласар қауқарым болмады.

– Рахмет! До свидания! – деп доғара салды Баукең.

Ардақты ағамен сонау алғашқы жүздесуден бері де бірнеше рет кездескенмін. Кездесудің себепшісі өзім болмасам да, басқа қаламдас үлкен-кішімен бас қосуларына қатысып, әңгімелерін тыңдағанмын, табақтас та болғанмын.

Баукеңнің тапсырмасын орындауға кірістім. Министрлер Кеңесінің құзырындағы 4-ші Бас басқарманың төрағасы Петр Романович Чекуровқа телефон соқтым. Өзіміздегі: «Алматы», «Алатау», «Оқжетпес», өзге жақтағы: «Ессентуки», «Кисловодск» және басқа санаторийлерге жолдама беретін ие сол – Бас басқарма еді. Біз жазушыларға қажет жолдамаларды бір ай шамасы бұрын жазбаша тапсырыс жасаумен содан алатынбыз. Баукең болса, «ертеңгі числодан» – деп дығыртып қойды. «Күнібұрын айтпадыңыз» – деп Баукеңе наразылық білдіруге дәтім болмады. Чекуров та қиналып: «Ах, Бауыржан, Бауыржан... жолдама аяқастынан табыла ма?» – деп сұрағын «құшақтап» отырып қалды. Баукеңді сыйлайтынын түсіндім. Әйгілі Бас басқарманың төрағасы әрі Денсаулық сақтау министрінің орынбасары болу аз мәртебе ме, «жоқ!» – деп қитыға салу сөз бе оған. Ондай морттау мінезін бұрын бірер көргенмін. Басқа жазушыларға жолдама керек боп қалғанда.

– Петр Романович, сәлден соң хабарласайын ба? – деп тақымдадым.

– Біреу де табылмайтын шығар, бәрі де бөлініп қойылған! – деп ол да кірісті тулауға.

– Кім біледі, табылып қалар, – деймін.

– «Кім біледі». Мен білемін! Бөлетін – мән! – дейді.

– Басқа жазушыға бүйтіп сұрамас та едім, Бауыржан Момышұлы ғой, – деймін.

Баукеңнен артық кімің бар дегенім.

– Ертең сағат онда хабарласыңыз, – деді ол. «Ертең»?!

Ертеңіне жұмысқа жеткенше мазасыздандым. Жолдама бола қалса, әрине, онда құдайдың бергені, ал болмай қалса – мені құдайдың «ұрғаны», Баукеңе мен не деймін, Баукең маған не дейді?.. Мәшинеден түсе бере:

– Тырп етпей отыр, қазір не ұл табамыз, не қыз табамыз, – дедім шофер жігітке. Ол ештеңе түсінбей, бағжиып қала берді.

Сағат онға бес минут қалғанда Чекуровқа телефон соқтым. Құдай беріп, «ұл таптық!».

– Бауыржанның жолы болды, жолдамаларын келіп алыңыздар, – деді Чекуров көңілді үнмен.

Әдеби қордың бас бухгалтері Фарида Әбдірахманқызы Миникеева ол жолдамаларды сатып алып келуге 4-ші Бас басқармаға жөнелді...

Қос жолдама қолыма тиген соң шоқтықтанып, Баукеңнің тапсырмасын орындағаным масаттанып (өйтпегенде ше?!), Баукеңнің үйіне дереу телефон шалдым. Жауап қатқан әйел: «Ол кісілер ертең кешке келеді, Талғар жаққа қонаққа кеткен», – деді. «Ертеңгі числодан» деген адамның қыдырып кете барғанына іштей таңдансам да, әлгі әйелге мән-жайды айтып, жолдамаларды шофердан беріп жібердім.

Ертеңінде түске жақын мені Қалаубек телефонмен шақырды. Қалаубек Тұрсынқұлов. Әрі Жазушылар одағы басқармасының үшінші хатшысы, әрі Әдеби қор басқармасының төрағасы – менің ақылшым, қамқоршым. «Құдекең берген жалғыз бастығым» – деп қалжыңдап жүремін. Қалекеңнің әкесінің аты – Құдайберген. Қалжыңымды әркім арқалай түсінген шығар, оны анықтап берген емеспін.

Қалекеңнің бөлмесіне кіріп барсам – үстелін шынтақтап Баукең отыр. Жүзі жарқын, адам емеспін бе, тым-тым көңілдене түсіп:

– Ассалаумағалейкүм! Тапсырмаңызды орындадым, жолдамаларды беріп жібергенмін! – дедім, аяғымды жебей баса жақындап. Баукең маған жалт қарады. Өңі сұп-суық. Шапанының қойын қалтасынан екі жолдаманы алды да, маған қарай лақтырып кеп жіберді. Қалт тоқтадым. Екі жолдама екі жерде шашылып жатты.

– Мне твои эти путевки не нужны! – деп Баукең зірк етті. Дәл ондай қылықты күтпегенім шығар, қаным бұрқ-сарқ қайнап жөнелген сияқты бір түсініксіз жәйтке тап болдым. Менің де аздаған «жын-шайтаным» бар еді, соларым жинала қалды. Екі жолдаманы көрмегендей болып шығып кете бергім келді. Бірақ, әжем айтатындай, оң иығымдағы періште: «сабыр сақта», – деп сыбырлады маған. Жолдамаларды жинап алып, Баукеңе барлай қарадым.

– Я хочу в санаторий «Алма-Ата», а не в «Алатау», понятно?! – деді Баукең, жүзін Қалаубекке бұрып әкетіп. Қалекең әлдебір қағазына үңіліп, үнсіз отыр.

– Бауке-ау, «Алатауға» керек деген өзіңіз ғой, кеше ғана? – дедім.

– Ол – кеше! Вчера! Ал бүгін – это сегодня! Нам надо в «Алма-Ата», в двухместный номер-люкс, понятно?! – деді Баукең, маған желкесін бере терезе жаққа бұрылып кетіп. Қалтасынан «Беломор» темекі қорабын алды. Мен болсам, кенет: «бұл кісіге құндыз бөрік пен шапан жарасады екен» – деп ойлағаным. Бұрын әскери киіммен немесе жәй ғана костюммен жүргенін көргенмін. Бөрік пен жеңіл шапан кигенін көрмегенмін.

– Чекуровқа тағы да құда түсетін болдым, – деп күңкілдеп, есікке қарай аяңдадым.

– Сөйлесіп көр, мүмкін тауып берер, – деді Қалаубек.

– Мен Чекуров-мекуровты білмеймін и знать не хочу! – деді Баукең, отырысын бұзбай...

Ал Чекуров қойнына шоқ түсіп кеткендей бажылдады. Оның халін түсіндім. Егер оның орнында өзім болсам, жата қалып жер тепкілер едім. Алдын ала сұрайтын жолдаманы дәл керек күні тауып бер деу, тауып бергенінді енді дереу басқа жаққа айырбастап бер деп талап ету сұмдық қой! «Жоқ!» – деп телефон тұтқасын тастай

салса, Чекуровты шауып алар кім бар?.. Ол біраз тулап-тулап, ақырында сабасына түсіңкіреп:

– Қазір бөлімдермен хабарласамын, тұтқаны қоймай тоса тұрыңыз. Ах, Бауыржан Момышұлы! Ах, гвардии полковник! Қырсықсың-ау, қырсықсың! – деп Баукеңді сырттай жазғырды да, ішкі телефонымен бөлімдеріне сұрау сала бастады. Сөйлескені маған еміс-еміс естіледі. «Құдай-ау, табылса екен!» деген тілеумен іштен тынып отырмын. Әлдезаманда Чекуров:

– Ах, Бауыржан, Бауыржан! Жолы болғыш-ақ, табылды, табылды, бір министр алған жолдамаларын жаңа ғана әкеліп тапсырыпты, бара алмайтын болыпты, соны алыңыздар, – деп күрсініп салды.

– Рахмет, Петр Романович, көп жасаңыз! – дедім, шыға алмай тұрған есігім кенет шалқасынан ашылғандай қуанып.

– Сіздердің «арқаларыңызда» көп жасамау мүмкін емес, – деп іліп түсті.

– Ертең де хабарласып қалуым мүмкін, – дедім, ұпайымды түгендеп.

– Құдай сақтасын! – деп күлді ол.

– Әумин! – дедім.

Сол әредікте есігім ашылып, Баукең кіре берді, бунақталған сарыкүрең таяғын тоқылдатып. Орнымнан ұшып тұрып:

– Бауке, жоғары... – дегенімше ол:

– Молчать! – деді. Иегін көтеріңкіреп, көзін сығырайтыңқырай қарап, қасыма келді. Жүзі жылы. «Есть молчать!» – деп іштей жауаптасып, қаздиып тұра қалғанмын. Баукең төс түйістірердей тақалып тоқтады да: – Часовой емессің, сорайма, еңкей, маңдайыңды әкелгін! – деді, көзін енді жорта алартып, жұмсақ үнмен. Баукең өзі де бойшаң еді ғой, мен сәл ғана иілдім. Баукең маңдайымнан ақырын сүйді де:

– Отырғын, – деді. Өзі қарсыдағы диванға жайғасты. Менің көзіме марқұм әкем елестеп, кеңсірігім аши қалды.

Баукең бөлмемді жайлап шолып алды да: – Ұзындығы бес метр, көлденеңі үш метр кабинет, да? Қуықтай дейді мұндайды. Директорға жараспайды! – деп маған көз тастады.

– Бауке, «байға тай мінсе де жарасады» демей ме?

– Дұрыс. Қарағым, мен сені шаршаттым білем. Ренжіме. Солай болды. Енді пүтканы қашан берсең де – еркің. Берген күніңнен барамыз. Но только в «Алма-Ата!».

– Путевкаларыңыз дайың, қазір алдырамын, «Алматыға», номер-люск! – деп қуана баяндадым.

Баукең орнынан тұрды да:

– Молодец! – деп оң қолын сәл көтере қанжарша қаздитты да, есікке беттеді. Шығарып салуға ұмтылып едім, бұрылмастан:

– Ты на рабочем месте. До свидания! – деп кете барды. Мен бөрік-шапанды мығым мүсініне қызыға қарап қала бердім...

х х х

Баукеңе көркем әдебиеттегі ұланғайыр еңбегі үшін Қазақстанның Абай атындағы мемлекеттік әдеби сыйлығы беріліп, баршамыз мол қуанышқа бір кенелдік. Сыйлық – «Өскен ұя» – деп аталған кітабың, бүкіл шығармашылығын бағалау еді. Жауынгерлік жорық жолындағы ерліктері Баукеңнің өзі барда жете елеп-ескерілмесе де,

қаламгерлігі сөйтіп лайықты аталып өтті. Сол құрметке сүйінген Батыр аға ақтарыла той жасады. Мен де шақыру хат алдым:

Әрине, Баукеңнің көңіл күйі-жақсы. Үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп, өмірінен қызықты әңгіме айтып отырды. Ағаны қошеметтеп сөйлегендер әсте аянып қалған жоқ. Бәрі де жарасымды.

Ет пен шөй арасындағы үзіліс жарияланды. Көпшілік дем алуға дәлізге, далаға шыға бастады. Сол әредікте қаптап жүрген фотографтардың бірі: «Ағайындар, жолдастар, Баукеңмен суретке түсіп алсақ қайтеді?» – деп қалды. Ондай жәйттен кім құр қалсын, қиқулап кеттік. Баукеңді ортаға алып, жанына жақын тұруға ұмтылыстық. Іс иесі фотограф кімнің қалай тұруы керектігін тәртіптей бастады. Баукең мен бірер ағаларды орындыққа қатар отырғызды. Үш-төрт жігіт олардың алдындағы төсеулі паласқа жайғасты. Фотограф: «Сіздер ұзынсыздар ғой, Баукеңнің тусыртына тұрыңыздаршы!» – деп Хизмет-ака (ұйғырдың көрнекті қаламгері Хизмет Абдуллин) екеуімізді қатар тұрғызды. Басқаларды о жақ, бұ жаққа орналастырып, ақырында алдымызға әрірек шығып, аппаратымен көздеп, біздің қатарларды тағы дұрыстап, тағы барып көздеп, бір кезде: «Енді жақсы болды, объектив бәріңізді алады. Қазір түсіремін, көне, бері қараңыздар, жымыып, көңілденіп тұрыңыздар. Ал түсіремін!» дей бергенде, бүйірдегі есік жақтан: «Әй, жолдастар! Тоқтай тұрыңдаршы! Мен де түсейінші!» – деген дауыс шықты. Жазушы Қалмұқан Исабаев екен. Құлдырандап жүгіріп келеді. Фотограф еріксіз бөгелді. Қалмұқан жүгіре басып келе қалғанда Хизмет-ака: «Әй, Қалмұқан, бері кел, менің алдыма, мына сол жағыма тұра қал, ертең фотоны көргендер сенің басыңды менің медалім екен деп қалсын!» дегені. Біз ду күлдік. Баукең Хизмет-акаға жалт бұрылып қарады да: «Молодец!» – деп қол соғып, рахаттана қарқылдап күлді. Шағын денелі Қалекең жалтыр басын сипалап, бізге қосыла күлді.

х х х

...Баукең көз жұмған күні Қалаубектің айтуымен барып, Министрлер Кеңесінің шаруашылық басқармасы қоймасынан табытты тыстайтын қызыл пүліш, көмкеретін қара барқыт алдым. Оларды Ташкент көшесіндегі тұрмыстық комбинатқа апардым да, табытты тыстатып, көмкертіп, мәшинеге салып алып, Баукеңнің үйіне жеткіздім. Көңілім құлазып, көзіме жас іркіле берген сол сәттерім әлі есімде.

Кейін Баукең тұрған үйдің сыртқы қабырғасына орнатылар ескерткіш тақта жасалып жатқанын естіп, шеберханаға барғанымызда іштей қатты бір қынжылғанымды да ұмытқан жоқпын. Баукеңнің мәрмәр тақтаға көшірілер портреті маған ұнамады. Аяулы ағаның ұлы – Бақытжан інім екеуіміз барғанбыз:

– Бақытжан-ау, қайдағы бір солғын суретін беріпсіңдер ғой? Халқымыз білетін Баукеңнің батыр бейнесі жоқ қой мына суретте? Өзі жорта ажырайып айтатын «Гвардии полковник Бауыржан Момышұлының» портреті қайда? – дедім.

– Жас шешейдің өзі ғана біліп бергені осы болыпты. Бізбен ақылдасқан жоқ, қайтейік, – деді.

...Қаһарман Бауке! Халқың сені: «Батырым!» – деді. Халық бағасы – ең жоғары, қасиетті баға! Халқың сені мәпеледі, сен халқыңа еркеледің. Мінез-құлқыңдағы өзін көрген, тіпті естіген «кедір-бұдырдың» бәрі – сенің сол еркелігіңнің елес-көріністері. Ешбір оғаштығы жоқ болатын. «Бар еді» десе, ол – баяғы алыпқашты бос сөз.

Иә, Баукеңді кейбір қазекендер кемсітіп отырады: – Әй, ол о жар, ашушаң, дөрекі еді, – дейді. Ондайын кезінде көріп-біліп, көзіне айтқанына қасында куәсі



болса – бірсәрі, ал марқұмның соңынан, пәлен жылдан кейін өйтіп «сипаттау» – мұсылманшылыққа жат ғайбатқұмарлық. Ал тіпті сондай қылығына куә бола қалған күннің өзінде, оның сонда неліктен ашу шақырғанын, сол жерде нақты кінәлі кім болғанын ар-ұятыңа жүгіне адал айтуың қажет емес пе? Жоқ, өйтпейміз. Білгішсініп бағамыз.

Баукеңмен төрт мәрте әңгімелестім. «Басы қатты, аяғы тәтті» анау жағдайдан кейін (бірақ оларды жазғым жоқ; «ойдан шығарғаны» дегендей, қаңқу сөзді естігім келмейді). Батыр ағамыздың жаратылысын түсіндім деп білем. Ол – адами адалдықты, әділдікті ту етті. Жөнсіздікке, жалғандыққа, екіжүзділікке төзбеді.

«Отан үшін отқа түс, күймейсің!» – дегенді Баукең әлдекімше алыстан айтқан жоқ, өзі сол отқа сан түскен, күймей шыққан шын мәніндегі Жауынгер, Қаһарман болды. Ол соғыс жылдарында, өмір мен өлім шайқасы сәттерінде жоғары әскери лауазымды кейбіреулердің көлгірлік, әділетсіздік, екіжүзділік, шенқұмар арсыздық істегендерін көрді, көріп қана қоймай, оларға сол сәтте ашық қарсы тұрды. Шенқұмар әскери шенеуніктер сол үшін кектеніп, Баукеңнің батырлық ғажап ерліктерін, қолбасшыға тән тапқырлықтарын әдейі елемеді, бағаламады. Кеңес Одағының Батыры атағына әлденеше рет әділ ұсынылса да, бергізбей қойды. Баукең туралы әдеби қоскітап жазған Әзілхан Нұршайықов, әскери-ғылыми көптеген еңбек жазған полковник Ким Серікбаев (кейбір кертартпа қызылкөздердің кесірінен жиырма шақты жыл полковник шенінде жүріп зейнетке шыққан шын мәніндегі білімдар қайраткер!) және басқалардың ақпарларына құлақ ассам, мысалы, Кеңес Одағының Маршалдары И. Конев, А. Гречко сөйткен. Баукең оны білді, көрді, ширықты, шамырқанды. Әлбетте, атақты көксегендіктен өйткен жоқ, Отан тағдыры неғайбыл күндердің өзінде адамгершіліктің аяқасты етілгеніне күйінді.

Әділетсіздікке тап бола беру – кімнің болсын мінез-құлқына кері әсер етеді, жүйкесін шабақтайды. Яғни, меніңше, соғыстан соңғы Бауыржан соғысқа дейінге Бауыржаннан басқашалау болса (әлбетте, «басқа» емес, «басқашалау»), оны айыбы деп айдар тақпау керек, уақыттың, отқа ораған ортаның теріс әсері деу керек. Мен білген Баукең дойыр, дәрекі болған жоқ, адамгершілікке, қазақы ар-намысқа кереғар қылық атаулыға төзбес тікқанжар мінезін таза сақтап өтті...

х х х

Егер жаңылыспасам, 1989-жылдың соңы болар, бір күні Жазушылар одағының басшылығына Соғыс және еңбек ардагерлерінің республикалық кеңесінен телефон соғылып: Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов үшеуінің өмірі туралы толық мағлұматты тезірек жинақтап беру сұралыпты. Басшылар ол жұмысты маған жүктеді. Одақтың Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясы алқасының төрағасы кезім. Атақты үш майдангерімізге Совет Одағының Батыры атағын беру туралы Жоғарғы жақпен келісім болған көрінеді, өнді тиісті құжат жіберу керек екен. Қуана кірістім. Үш ағамызға лайық атақтың неге берілмегенін сұраған, алып беруді талап еткен соңғы жылдардағы мақала, хат бізде көптеп жинақтылып жатқан. Үкіметке де аз түспегені сөзсіз. Мен Кеңеспен дереу хабарласып: Жазушылар одағының мүшелері Баукең мен Қаскеңнің құжаттарын ертең дайын етемін, ал жазушы емес Рахаңның құжаттары бізде жоқ қой, – дедім.

Мен қинала қоймадым, Баукең мен Қаскеңе қатысты құжаттарды жеке-жеке папкалап, шабаданға салып қойдым. Ертеңінде ұзын бойлы, қараторы өңді жігіт келіп, аты Ермек пе, Ерлан ба, есімде қалмапты, – құжаттарды алуға келгенін,

Ардагерлердің республикалық кеңесінің төрағасы Шәңгерей Жәнібеков жібергенін айтты. «Жұртшылығымыздың тілегі қабыл болғай!» – деп тілек білдіріп қалдым.

Содан екінші күннің түс әлетінде ол жігіт шабаданымды алып, қайта келді.

– Иә, не жаңалық бар? – дедім, қуанышты хабардан үміттеніп.

– Фабеке, айтпаңыз, құрысын! – деп жігітім жақын тұрған орындыққа сылқ етіп отыра кетті. Айтқанының қысқасы: олар үш ағамызға қатысты барша құжатты тәртіп-теп, мәжіліске келгендердің танысуларына оңтайлап, арнаулы үстелге жайғастырады. Содан кейін Ш. Жәнібеков мәжілістің күн тәртібін хабарлайды. Сол-ақ екен, Республика Қарулы Күштерінің соғыс ардагерлері кеңесінің төрағасы, генерал Сағадат Нұрмағамбетов атқып тұрып: – Өлі Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевқа бұл атақтың керегі не?! Олар алуға тиістілерін кезінде алған! Қасым Қайсенов болса, ол өзін-өзі насихаттап жүр, ол бұл атаққа лайық емес! Мен ұсынысты қолдамаймын! Ешбір құжатқа қол қоймаймын! – деп шеге қаққандай зірк-зірк етіпті. Мәжіліске жиналған генералы бар, генерал емесі бар жұрттың бірде-бірі оны тежей алмаған.

Қазекем ондай қылықты не деген еді?..

Мәскеу, Кремль келіскен игілікке өзіміз кедергі болғанымыз қалай?

Баукеңе, Рахаңа, Қаскеңе Совет Одағының Батыры атағы берілсе, ол қазақ халқының мерейін тасытатын еді ғой?! С. Нұрмағамбетов соны неге ойламады?..

Қазекем ондайды **іштарлық** деген. Іштарлық та – ем қонуы екіталай дерттің бірі!

Ондай дерттен ада даңқты Баукеңнің қарулас, майдандас інілері Мәлік Ғабдуллин мен Төлеген Тоқтаровқа Совет Одағының Батыры атағын алып беруге күш салғаны – ақиқат!

Иә, даңқы сонау Кубаға да жетіп, А. Бектің «Волоколам тасжолын» оқыған Фидель Кастроның арнайы шақыруымен барып, атақты Азаттық аралында жиырма күн құрметті мейман болған Бауыржан Момышұлына Совет Одағының Батыры атағын бергізу жөніндегі ұсыныс, талап-тілек аз айтылған да жоқ, аз жазылған да жоқ. Жеке адамдардың хаттары болсын, тұтас ұжымдардың қаулы-сұраулары болсын – Қазақстан Компартиясы мен Үкіметінің атына пәлен жүздеп жеткені мәлім. Бірақ соның ешқайсысы еленген емес. Оның себебін мен білмеймін. Менің білетінім – Баукеңе Батыр атағын әперуге Д. Қонаевтың құлықсыз болғаны. Ол кісі жазба естелігінде өзінің ұсынысын Мәскеу, яғни бүкіл биліктің иесі болған СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросы қолдамады дегенді айтқан көрінеді. Онысына сенбеймін. Сол тұстағы Саяси Бюро мүшелерінің естеліктерінен мәлім болып отырғандай, Саяси Бюро Л. Брежневтің уысынан шықпаған. Д. Қонаевқа үшінші Алтын жұлдызды беруді Саяси Бюро мүшелерінің көпшілігі құптамай, Ленин орденін ұйғарса да, Брежнев ертеңінде үшінші мәрте Социалистік Еңбек Ері атағы берілсін деген жарлығын шығара салған. Бұл – екеуінің Қазақстаннан басталған көп жылғы достықтарының көрінісі. Сондай патша досына Бауыржан Момышұлына Батыр атағын беру туралы ұсынысын қолдата алмады дегенге сенбеймін. Кейін білгенімдей, Мәскеуге ешқандай ұсыныс бармаған (Қонаевтың Баукеңе неге тарынғаны туралы әртүрлі сөз бар, солардың бірін Баукеңнің қарулас, қаламдас досы болған Дмитрий Снегиннен естідім, бірақ қайталағым жоқ). Ал Брежневтік құрамы өзгермеген Саяси Бюро Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тілегін қабыл етіп, марқұм Баукеңе Совет Одағының Батыры атағын берді ғой?!

Сөз ретіне орай айта отырайын. Талғат Бигелдіновке де, Баукеңе де «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы қалайда берілмеді. Сірә, әуелде Президенттің кеңесшісі, содан соң тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Қорғаныс министрі болған армия генералы С. Нұрмағамбетовтің тепкен тасы өрге домалап тұрған-ау! Көп жылғы мінсіз еңбегімен жұртқа мәлім әскери ғалым, тәуелсіз Қазақстанның әскери доктринасының негізгі

авторы, полковник Ким Серікбаевқа генерал атағы берілмеуіне де сол көкесі «үлес» қосқан сияқты.

...Көзі тірісінде Аңыз Адамға айналған Баукеңе Отанының, Халқының қалтқысыз құрметінен артық марапат керек болған емес!

1992-жыл.



## **АҒА АМАНАТЫН АҚТАҒАН ІНІ**

1974-жыл. Көкек айының орта тұсы. Алматыдан Тбилиси қаласына ұшып барамыз. Көне Гүржістанның астанасында әдебиет сыншыларының бүкілодақтық мәжілісі болмақ. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымыздың директоры Әди Шәріпов бастаған біздің делегацияда: Хасен Әдібаев, Сайын Мұратбеков, Рымғали Нұрғалиев, Қабдеш Жұмаділов, Файзолла Оразаев, Сағат Әшімбаев («Лениншіл жас» газетінен тілші) және басқалар бар, жиыны оннан астамбыз. Мен – «Қазақ әдебиеті» газетінің өкілімін.

Ұшақтағы орынымыз ең алды екен. Кірген беттен оң қол жақтағы бірінші қатарға жайғасып, бізді түгендегендей жымия қарап отырған Әдекең:

– Ғаббас, бері кел! – деді маған, жанындағы бос орынды нұсқап.

– Менің орыным үшінші қатарда сияқты.

– Дәнеңе етпейді, бұл қатарлардың осы тұсы біздікі, билетке әдейі осылай заказ бергіздім, бірыңғай болайық деп, кел, отыр, – деген Әдекең тілін ала қойған маған алақандай көзін жалт еткізе қарап, жымия түсіп, сөзін жалғады: – Бұл сапарға шығуы керектердің тізімін де өзім жасадым. Әншейінде оны-мұны шаруамен жеке-жеке жүресіңдер, енді өз ағамыз өзбектерге соғып, одан Сосоның-Сталиннің ауылына жеткенге дейін алтыжарым сағат уақыт бар, ал Тбилисиде бір апта боламыз, қайтарда тағы да алтыжарым сағат сендердікі, айыздарыңды қандыра әңгімелесесіңдер, солай ма?

– Солай, Әд-аға, ғажап жақсы болды, қамқорлығыңызға рахмет! – дедім, шынайы риза көңіліммен.

– Мен ағаларымыздың біразымен осындай ұзақ жолда бірге жүрдім. Қазақы әңгіменің туы Сәбең еді ғой... Сәбит Мұқанов... ал Мұхаң, Мұхтар Әуезов... өзіміздің де, басқа жұрттың да арғы-бергі әдебиетінің тірі қоймасы, тұп-тура нағыз энциклопедиясы еді... марқұм Мұхаң... есіме алған сайын ауруханада ақырғы рет көргенімдегі әлпеті көз алдыма келеді, – деген Әдекең арғы жағында ұшқыштар кабинасы бар сұрғылт қабырғаға қарап, үнсіз қалды. Үнінен сағыныш сазын аңғардым да, шомып бара жатқан ойынан серпілтім келіп:

– Әд-аға, Мұхаңның сіз екінші рет шығарған «Қилы заман» романын пәленбай жыл бойы терістеу кімге, неге керек болды? – дедім. Әдекең маған жалт қарап, сонсоң күліп жіберді де, маған қарай жантайыңқырап, иығымен нұқып қалып:

– Ол біздің саясаттың ішіне жақпады ғой, – деді. Ұқтым.

– Қызық екең, – дедім, сөзін сабақтағым келіп. Әдекең түзеліп отырды да:

– Романды «Жұлдыз» журналынан оқыған боларсың, алғысөзін мен жазып бердім. Кітап күйінде келесі жылы «Жазушы» баспасынан шығады. Орыс тіліндегісі 1972-жылы әуелі Мәскеудің «Новый мир» журналында жарияланды, алғысөзін

Шыңғыс Айтматовқа жаздырдық. Былтыр «Художественная литература» баспасынан «Лихая година» деген атпен кітап болып жарық көрді... Жаңа айттым ғой, ауруханада жатқанымды. 1961-жылдың осындай көктем кезі болатын. Совминнің ауруханасы. Мұхаң да жатыр екен, бірақ ол кісі мен түскеннен кейін төрт-бес күннен соң шыққан. Көңілімді сұрай келіп: «Мен «Алматы» санаторийіне реабилитацияға кетіп барамын, сонда жолығысармыз, тез сауығыуыңа тілектеспін!» деген. Содан арада мөлшері үш-төрт күн өткен соң, сағат он бір-ау деймін, палатама кіріп келді. Ойда жоқта. Сәлем беріп, тұруға ыңғайлана бастап едім:

– Пәлі, Әди, қозғалма, саған әзірше тұруға болмайды десті, – деді.

– Мұха, өзіңіз қалайсыз, санаторийдесіз бе? – дедім. Мұхаң орындықты кереу-етіме тақай қойып отырды да:

– Санаторийге бармадым, осында жасаған ем-дом да жетер. Мәскеуге жол жүр-мекпін. Профессор Сайым Балмұханов сонда емделуімді мақұл көрді, – деп сәл кідірді де: – Пәлі, Әди, мен саған екі аманат айтқалы келдім. Біріншісі: өзің оқуға түсуіне қол ұшыңды берген Мұрат әлі жас, көз қырыңды сала жүр. Екіншісі: «Қилы заманды» қайтадан бастырып шығаруды мойныға ал, сенің ғана қолыңнан келеді, – деді, қалайда шапшаңдау сөйлеп. Маңғаздана байыпты сөйлейтін ағамыздың онысы және «саған екі аманат айтқалы келдім», «Мұрат әлі жас, көз қырыңды сала жүр» дегені маған ұнамады, іштей қатты тіксініп қалдым, бірақ сыр бермеуге тырысып:

– Мұха, сапарыңыз оң болып, аман-есен ораласыз, кітапты да шығарамыз, Мұрат та оқуын бітіріп келеді, сөйтіп, өзіңізбен ақылдаса отырып, үш тойды бір-ақ жасаймыз! – дедім.

– Пәлі, Әди, аузыңа – май! Әйтсе де, сен бұл аманаттарымды ұмытпа. Өзің әбден айығып шық, аманшылықпен қауышуға жазсын! – деп еңкейіп бетімнен сүйді де, ай мандайы жарқырай түрегеліп, ақырын бұрылып кете барды. Қайран жүрегі бір сұмдықты сезді ме екен... Сол Мәскеу сапарынан оралмады ғой... Операция үстелінен бақиға аттанып кетті...

Әдекеңнің ашық үні құмығыңқырады. Қаумалай қалған қалың ойдан тезірек сергітуді ойлап:

– Ауруханадан шыға «Қилы заманды» қолға алдыңыз ғой? – дедім. Ол маған тағы да жалт қарап алып, басын сәл шайқап:

– Жоқ, – деді. – Мен ол тұста Совмин председателінің орынбасары болсам да, Мұхаңның аманатын орындау асыл аға аруағы алдындағы парызым, десем де, кітапты қайтадан бастыра қою қолымнан келмеді. Біздің қазақтар «қызық» қой, жоғарыдағы жолдастарыммен сөйлесіп едім, бәрі де: «Ол кітап партияның саясатына қарсы деп жабылып тасталған. Байқа, қате қадам жасама» – деді. Содан кейін өзімізге жолды Мәскеу арқылы салмай болмас деп түйіп, романды орыс тілінде шығаруды ойладым. Өзіміз жүндей түте бастаған: Мұхтар Әуезов пен Қаныш Сәтбаевты, Ғабит Мүсіреповті, Ахмет Жұбановты қорғап қалған Мәскеу емес пе?! Сол жақтан күш алуым керек деп білдім. «Қилы заман» 1928-жылы Қызылорда қаласында басылып шығып, «феодал-ұлтшыл жазған кітап, советтік өмірдің өңін айналдырған, жоқтан бар жасалған» – деп бассалып айыптауға ұшырап, таралуына тиым салынған болатын. Ал енді шындығында шошынатын ештеңесі жоқ. Белгілі Қарқара көтерілісі негіз етілген, яғни тарихи оқиғаға сүйеніп жазған ғой. Сол үшін күстәнәлап... соны істеп жүрген – өзіміздің қазақтарымыз, не айтарсың... Сол кезеңде «байдың баласы, қажының тұқымы» деген пәле-жаламен өзім де қуғын көрдім. Менде «Қилы заманның» бір данасы бар еді, соны қалайда ең қымбат мүлкімдей тығып, жұрттан жасырып жүретінмін. Шәкірт

шағымда шешем тігіп берген кенеп боқшабайымның түбіне орап-шымқап салып алдым да, Алматыдан қаштым. Қойшы, содан 1966-жылы Совминнен Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретарлығына жіберіліп, еркінрек қимылдауыма жол ашылды. Кітапты мәшіңкеден өткіздіріп, орыс тіліне жолма-жол аудартып, СССР Жазушылар одағына барған бір сапарымда, 1969-жылы, Мәскеуге ала жүрдім де, кезінде Мұханның досы болған Алексей Наумович Пантиелевке апарып көрсетіп, шындықты айтып, әдеби аударма жасауын өтіндім. Мұханның аруағын риза етейік дедім. Ол сөзге келген жоқ, тіпті қуана қабыл алды. Кезінде Мұхаңмен жақсы таныс-біліс болған мәскеулік қаламгерлердің бірі еді. Аударманы бас-аяғы төрт айда бітіріп, Алматыға, маған телефон соқты. Ал мен екі-үш күннен кейін Мәскеуге, Жазушылар одағының кезекті пленумына бармақшы едім, сәті түсіп, тіпті жақсы болды. Бардым. Алексей Пантиелевтің қуанышында шек жоқ: – Ғажап шығарма! Қайран Мұхтар! Қайран Мұхтар! – деп жүрегі елжіреді келіп. Аудармасының қаламақысын есептеп, артығымен ала барғанмын, соны ол «алмаймын!» – деп әлегімді шығарды. «Мұхтардың аруағына қызмет еттім, онымды пұлдамаймын», – дейді. Мен: «Кімнің болсың, қанша болсын еңбегін – өтемеу мұсылман қағидасында күнә делінеді, ондайды аруақ кешірмейді», – деп әрең алдырдым. Қойшы, сонымен, аударманы «Новый мир» журналының Бас редакторы Александр Твардовскийге алып барып, кезінде автор мен кітап тап болған шырғалаңды оған да айтып беріп, жақсы таныстығымызды пайдалана салмақ салып: – Саша, давай, журналыңа тезірек шығар! – дедім. Обалы кәні, ол да Мұхаңмен дос-жолдас болған ғой, бірден: – Мұның жақсы болды, дұрыс істегенсің! Тез шығарамын, бірақ, орыс оқырманы үшін алғысөз керек қой, алғысөзсіз болмайды, кәне, ойланайық, кімге жаздырамыз? – деді. Екеуіміз ақылдастық, ананы атадық, мынаны атадық. Біздің жақтан тез жазып бере қояр кісі табылмасын ішім сезеді. 1951-1953-жылдары Мұханның соңына түскен, тіл тигізгендердің талайы әлі тірі жүр. Олар, бұл оң ісімізді ести қалса, қалшылдап қарсы әрекетті тағы бастаудан тайынбас. Қайсысының ішінде ит өліп, қайсысының ішінде мысық өліп жатқанын қайдан білесің?! Құрысын, пәледен аулақ!.. Сол жәйтті ойлап отырғанымда есіме Шыңғыс түсе қалды, Шыңғыс Айтматов! Соған жаздырайын! Мұхаңнан бата алған жас пері Шыңғыс тұрғанда басқаның қанжығасына байлап бергенім болмас, мұнымды Мұханның аруағы да жөн көрер деп түйдім де, дереу: – Саша, Мұхтар Омарханұлы әдебиеттегі алғашқы қадамына ерекше қуана батасын берген Шыңғыс Айтматов бар емес пе?! Алғысөзді соған – Шыңғысқа жаздырайық! Одан асқан атақтыны іздеп қайтеміз?! Ол осында жүр деп естідім, тауып алайын да айтайын, оның келісетініне шүбәм жоқ! – дедім. Твардовский дереу құптап: – Иә, Шыңғыс Төрөқұлұлы осында, келгеніне бір апта болды-ау, мен ертең... жоқ, бүгін іздеттіріп, өзім сөйлесейін! – деді. Алайда оның да басы дау-дамайға ілігіп, саясатшылардан теперіш көріп жүргеніне біраз уақыт болған еді, әңгімемізден кейін көп ұзамай қызметінен босатылды. Журналына өте батыл, шыншыл шығармаларды жариялағаны үшін. Әйтсе де, өзі жасақтаған журнал коллективі оның бағытын сақтады, «Қилы заманды», үшінші жыл дегенде, Александр Трифонович жаздырып алған Шыңғыстың алғысөзімен, бәрібір шығарды. Мінеки, Ғаббас жолдас, осындай хикаят болған, – деді Әдекен.

– Әд-аға, «Қилы заманды» ортамызға оралтқаныңыз ғажап еңбек болды, Мұханның аруағы да, оқырман қауым да сізге бек риза деп ойлаймын, – дедім, қаламгер ағаның сол қайратына іштей қуанып та, масаттанып та.

– Мұханның сол бір аманатын орындай алғанымға шүкіршілік еттім... Пантиелев «Новый мирде» шықты деп сүйінші сұрап телефон соққанда, несін жасырайын, қуанғаннан көзімнен жас ыршып кетті. Ал «Лихая година» делініп кітап болып, қолы-

ма тигенде, кабинетімді ішінен жауып алып, балаша еңкілдедім, – деген Әд-ағаның үні тағы да құмықты. Ұмтыла еңкейіңкіреп отырып, қалтасынан қолорамалын алып, көзіне басты. Мен не дерімді, қайтерімді білмей сасып қалдым. Көңілімнің қобалжуы қоюланып, жүрегім тулап кеткен..

*(Соңғы жылдары әдебиетші ғалымдардың қайсыбірі «Қилы заманның» қайтадан жарық көруі, орыс тіліне аударылып басылуы – Шыңғыс Айтматовтың ерлігі дегенді айтып, өздерінше «жаңалық ашып» жүр. Егер сол жолы Әдекең Шықаңды атамаса, немесе іздегенде Шықаң табыла қалмаса, алғысөзді Мұхаңның мәскеулік орыс достарының бірі жазар еді. Яғни, кім болсаң да, көзің жетпеген жәйтті беталды айта бермеу керек, қазекем: «Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ететіндерді» ұнатпаған. 2015 ж.).*

Тбилисидегі жиналысымыз бір аптаға созылды. Әдеби сынның небір жайсаңдары мен қасқалары келген. Әсіресе, Мәскеу мен Ленинград, Киев қалаларынан жол тартқан делегациялардың құрамы мығым. Сол жәйтті айтқанымызда Әдекең: «Совет әдебиетінің ауа райын жасайтындар ғой бұлар» – деп, әрқайсысы туралы біраз әңгімелеген. Ал солардың қайсысы болсын біздің ағамызға қолын ала жүгіріп: «О, Адеке! Саламалейкум!» – деп, «Ади Шарипович, дорогой!» – деп құшақтап амандасады. Біз болсақ, төбеміз көкке жетіп тұрамыз. Сондай сәттердің бірінде Сайын Мұратбеков маған: «Мәскеуде Әдекеңнің беделі Шолоховтың, Ғамзатовтың беделінен кем емес!» – деп қалды. Бір жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары, Ұлттар кеңесіне төраға болған Әдекеңнен қолдау, қамқорлық көргендері аз болмаса керек.

Сағат Әшімбаев екеуіміз сапырылған сөзден, сарылып отырудан қажи бастадық та, екінші күні түстен кейін жиналыстан кетіп қалдық. Жиналыста не түске дейін, не түстен кейін болуға, басқа уақытта қаланы аралауға келісіп алдық. Әдекең соны байқап қойса керек, келесі күні кеште сол кісінің бөлмесіне жинала бастағанымызда: «Фаббас, Сағат! Екеуің қу екенсіңдер, ә?» – деп қарқылдап күлді...

Кімді болсын ең алғаш көргендегі әсерің есіңде ерекше берік, ұзақ сақталады екен. Көкейіңде тұңғыш түскен бейне суреті сол күйінде тұра береді екен. Кейін де сен сол адамды неше мәрте кездестірсең де, тіпті күн сайын көріп жүрсең де, оның бет-пішінінен, жүріс-тұрысынан, сөйлеу мәнерінен сол әуелгі байқаған белгілеріңді іздейді екенсің. «Бір көрген – біліс, екі көрген – таныс» деген кісің о дүниелік болып кеткеннен кейін де де онымен тұңғыш дидактасқан, сөйлескен сәтің, ол есіңе түскен кезде ойыңа орала қалады екен.

1966-жылдың орта тұсы болар, «Жазушылар одағының бірінші басшысы болып Әди Шәріпов келді» – деп естіген күннің ертеңінде Бас редакторымыз, жазушы Нығмет Ғабдуллин бізді жиып алды да: «Жолдастар, ертең сағат онда бізді жаңа басшымыз Әдекең қабылдайды. Одақпен танысуды әдебиет газетінің коллективімен дидактасудан бастағысы келген ғой. Меніңше, мұнысы дұрыс. Анда-мында «баратын шаруаларыңды ірке тұрыңдар, төрт көзіміз түгел кіріп шығалық», – деді.

Айтылған мезетте Әди Шәріповтің қабылдауына бардық. Кабинетінің ішкі есігі ашылған сәтте, кең бөлменің төріндегі үлкен үстел басында отырған мол денелі, қасқа бас, қыран көз, аққұба өңді кісі орнынан жеңіл көтеріліп, бізге:

– Ә, жігіттер, келіңдер, төрлетіңдер! – деді. Күткен меймандарын қуана қарсы алып тұрған үй иесіндей көңілді, ақжарқын. Бізбен қолдасып амандасты. Бөлменің сол жақ қапталына қойылған ұзын емен үстелді нұсқап, жайғасуымызды өтінді. Өзі оңаша креслосына емес, біздің арамизға отырды да, Нығаңа қарап: – Кілең сайдың

тасындай жігіттерді іріктеп алған көрінесің, кәне, сарбаздарыңмен таныстыра баста, – деп жымыңдады.

Нығаң әрқайсымыздың аты-жөнімізді, редакцияда қай бөлімде, кім болып істейтінімізді, не жазғанымызды айтып шықты. Әдекең басын изеп қойып, қыран көзі жалт-жұлт етіп, бәрімізге жылы қарап отырды. Содан кейін бізден қай оқуды бітіргенімізді, бұл редакцияда қашаннан бері істейтінімізді, отбасымыз, пәтеріміз бар-жоғын байыптап сұрап білді.

– Шікірейіп шылым шегетіндерің, сылқитып сыра-арақ ішетіндерің бар ма, шындарыңды айтыңдаршы! – деп жымып, жағалай қарады бізге.

– Шылымға әуес бір ғана жігітіміз бар, ал араққа әуейіміз жоқ, ол жағына «ұяттымыз», Әдеке, – деп редакторымыз әзіл жауап қайтарды.

Әдекең қарқылдап күліп:

– Уай, тусаң ту екенсіңдер ғой! – деді. Күлкісінен ризалықтың лебі есті.

– «Қазақ әдебиеті» газеті – маңдайымыздағы әдеби жалғыз газетіміз ғой, – деді ол содан соң. – Бұл газетті өз басым сонау алғашқы нөмірінен бері ұнатып оқимын. Бұл газеттің ыстық-суығынан өткен ағаларың бір-екеуі қазір ардагер ақын-жазушыларымыз болып отыр. Ең бірінші тілегім: сендерге солардың абырой-атағың, қадір-құрметін берсін! Ертең сендер де солардай үлкен қаламгер болыңдар! Аяқ алыстарың жаман емес, қайсыңның не жазып жүргендеріңді білемін, оқып жүремін. Газетті жақсы шығарып келесіңдер. Бойда күш-жігерлерің жалындап тұрғанда, қоғамдық жұмыстан аянбаған жөн. Жұртшылықтың көкейіндегі мәселелерді байыптап, батыл жазу керек. Әдебиетіміздің атқарылмай жатқан шаруалары әлі де көп, соларды зерттеп, дәлелді, ғылыми жазуға төселе түсіңдер. Әрқашан ақ сөйлеңдер, әділ сөйлеңдер!..

Әдекең ағалық ақыл-кеңесін аяған жоқ. Бізге біржарым сағат уақытын бөліп, әрқайсымызбен қысқаша әңгімелесті. Атақты адамның ақ-жарқындығы жақсы әсер етті бізге. Ұлағатты ұстаздан өмір-тірлігімізге татым-тынымы мол дәріс алған шәкірттей шат-шадыман болдық.

– Қайсыңа қандай көмек-жәрдем қажет, оны Нығметке, маған қорғанбай айтып тұрыңдар. Бір мәселе пәтер екен, оны көп ұзатпай шешерміз, ол жағын мен білейін, ал газеттің әрбір нөмірін тартымды ету жағын сендер біліңдер! – деп Әдекең бәрімізді қолымызды қысып шығарып салған-ды. Ол уәдесінде тұрды, айналасы бірер жылда бізге ғана емес, Жазушылар одағы аппаратының, «Жұлдыз», «Простор» журналдары редакцияларының, Әдебиетті насихаттау бюросының, Әдеби қордың үйсіз жүрген қызметкерлеріне пәтер әперді. Жазушыларға арнап кең де еңселі он алты пәтерлі үй салдырды. Әдекең іргетасын қалаған Шығармашылық үйімізді, қырық пәтерлі тұрғын үйді салдырып алуға кейін де мен басшылық еттім (КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры кезімде). Халыққа еңбегі сіңген қаламгерлерді жоғары құрметтеп, олардың мерейтойларын өткізу, награда алып беру, қажет еткендеріне автокөлік әперу, басқа да қамқорлық жасау жағынан, яғни Жазушылар одағымыздың материалдық жағдайын жақсарту дегенде, Жазушылар одағында отыз жыл жұмыс істеген адам ретінде айтсам, көркем әдебиетіміздің бұл қарашаңырағында Әдекеңдей іскер, абыройлы басшы болған емес. Сөз ыңғайына қарай атап өтетін бір жәйіт: қазақ әдебиетін шет елдерге танытуда, яғни Одақтың моральдік бейнесін биіктетуде Әнуар Әлімжановтай басшы болған жоқ.

Енді халықтың біртуар ұлы Әди Шәріповтің өмір белестерін шолуға кезек берелік.

Әдекең 1912-жылы қаңтар айының 19-күні Семей уезінің Жарма өңіріндегі Мариновка селосында дүниеге келген – үйез кейін де Семей облысы болды, ал

бүгінде Шығыс Қазақстан облысы). Атасы би, қажы, әкесі – бай болған. Ол 1932-жылы Қазақтың Абай атындағы педагогика институтына оқуға түсіп, 1934-жылы «байдың тұқымы» ретінде қудаланып, оқудан, комсомолдан шығарылды. Тұтқындалу қаупі төне бастағанда, түнде Алматы теміржол вокзалына жасырынып барып, өтіп бара жатқан бір пойызға жармасты. Пойыз Түрікменстанның Қызылсу деген қаласына тоқтағанда түсіп қалды. Вокзалда екі күн түнеп, «құдай деген жолаушымын» – деп жүріп, бір орналасты. Қалада нендей оқу орны барын сұрастырып, педагогика техникумы барын білді де, соған барып, басшыларына шынын айтты. Олар иманжүзді жандар екен, жағдайын түсініп, оқуға алды.

Оқуға ынталы, ыждағатты, іске белсенді, ұйымшыл Әдекең соңғы курста оқып жүргенінде, техникумның оқу ісі бөлімінің меңгерушісі міндетін де атқарған. Әйткенмен, «...өз елінде ұлтан болғысы» келіп, Алматыдағы сенімді дос-жолдастарымен хат алысқан. Институттың басшылығы түгел жаңартылғанын, сонау кездегі алақұйын сөздің, алашапқын әрекеттің тиылғанын естіп-білген Әдекең тәуекелге бел буып, Алматыға оралып, өзі әу баста оқыған институттың жаңа ректорына барған. Ол мән-жайын түсініп, Тіл-әдебиет факультетінің үшінші курсына оқуға қабылдаған. Факультет дипломын алған жігіт (1938-жылы) «Қаскелең» орта мектебіне мұғалімдікке жіберілген.

Ұлы Отан соғысы басталысымен Әдекең майданға аттанып, Беларусь жерінде басқыншылармен соғысты. 1943-жылдың желтоқсанынан бастап партизан қозғалысының Смоленск штабында қызмет істеді.

Әди ағаның соғыстан кейін: Қазақ КСР Оқу министрінің орынбасары; Оқу министрі; Қазақ КСР Министрлер төрағасының орынбасары; Қазақ КСР Сыртқы істер министрі; Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы және КСРО Жазушылар одағы басқармасының хатшысы; Қазақ КСР Ғылым Академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры болғаны мәлім.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әдекең, егер қателеспесем, 1962-1965-жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі төрағасының ұлт мәселелері жөніндегі орынбасары болған. Одақтық, республикалық деңгейлердегі еларалық мәселелерді шешу шаруасымен қырықтан астам шет елде болған, сол халықаралық сапарлары «Алыс жағалаулар» кітабында көрініс тапты.

Жазушылық еңбегіне тоқталсақ, Әдекеңнің қаламынан: «Партизан қызы», «Ормандағы от», «Тон», «Қапастағы жұлдыздар» хикая-әңгімелері және «Сахара қызы», «Дос сыры» романдары туды. Оның «Орман хикаясы» киносценарийі бойынша түсірілген көркемсуретті фильм Азия мен Африка елдерінің Ташкентте өткен фестивалінде жүлде алса, Кеңес Одағы әскери фильмдерінің Алматыда өткізілген байқауында КСРО Қорғаныс министрі арнаулы сыйлығымен марапаттады.

Әдебиет ғылымы саласындағы еңбегі де елеулі. «Жұмағали Саинның өмірі мен шығармашылығы», «Сырбай Мәуленовтің шығармашылығы», «Қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдық», «Қазіргі дәуір және қазақ әдебиетінің даму жолдары» атты монографиялардың, көкейкесті көптеген мақаланың авторы. Сол еңбектері үшін филология ғылымдарының докторы атағы берілген.

Жауынгер, қайраткер, қаламгер Әдекеңе ұзақ жылғы қалтқысыз еңбегі бағаланып берілген наградалар: Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені (екі мәрте), Қызыл Жұлдыз және Құрмет белгісі ордендері. КСРО медальдары. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталары. «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген мұғалім» атағы.

Әлқисса, сөзімді Алматы – Тбилиси (қала атының мағынасы – *жылы су*) сапарымыздан бастаған соң, Тбилиси – Алматы сапарымен аяқтауым шарт қой.



Біз Грузияда бір апта болдық. Әдебиетші-сыншылардың пікір алысулары төрт күн болды да, басқа күндері Гори, Кутаиси, Боржоми қалаларына сапар шектік. Сол бір апта бойы көзім жеткен, көңілім марқайған көрініс: одақтас республикалардан, Мәскеу мен Ленинградтан келген небір атақты әдебиетші-сыншылардың Әдекеңді қошеметтегені. Олардың құрақ ұшқандары біздің де мәртебемізді өсіргені анық.

Қайтқан жолы да Әдекең мені жанына шақырып, мәжіліс, саяхат жайындағы ойларымды барлады. Әңгімеден әңгіме туындады. Бір әредікте Әдекең маған қыран көзін төңкеріп қарап, жылы жымып:

– Ғаббас, сен менің кім, қайдан екенімді білесің бе? – деді. Жылы жымысы мені еркінсіткен соң тартынып қалмай:

– Жазушылар одағын басқарғаныңызда бізге ондай мағлұмат берген жоқсыз, алайда Сізді Семейден, Абай топырағынан деп естігенмін. Сонда Арғын ағаның қай бұтағынансыз? – дедім. Ол шалқалай қарқылдап күлді де:

– Саған айтар бір қызық нәрсе: Арғынның қаратаяқтары мені «Найман» – деп, ал Найманның қаратаяқтары мені «Арғын» – деп ойлайды. Ал анығында мен – Найман шалдың баласымын, Матаймың, Ілияс Жансүгіров ағанның інісімін. Менің ата қонысым – Ұлан ауданының орталығы Бозаңбай ауылынан солтүстік-батысқа қарай он бес шақырымдай жерде, Қайранбай ауылы, бірақ... қазір ауылдан белгі жоқ. Көпшілік тірлік қамымен жан-жаққа көшіп кеткен... Семейдің Мариновка селосында туған себебім: шаруа қуып барған әкеміз сонда бірнеше жыл тұрған екен. Ал сен Найманның қай бұтағынансың? – деді.

– Көкжарлымын.

Сол сәтте ұшақтың радиосы: «Тыңдаңыздар! Белбеулеріңізді бекемдеңіздер, самолет Ташкент аэропортына қонуға ыңғайланды», – деп «сүйінші» сұрады. Одан кейін, біржарым сағат өте бере, ұшағымыз әуеге көтеріліп, Алматыға бет түзеді. Сол сәтте ғалым-жазушы Хасен Әдібаев:

– Әдеке, Тбилисиде сізбен бірге өткізген бір апта біз үшін айға бергісіз қымбат күндер болды. Кешкісін сіздің бөлмеңізде өткізген әрбір сағатымыз институт-университеттердегі дәріс тыңдауға ынтық студенттік шағымызды қайта оралтты. Рахмет, Әдеке, жүз жасаңыз! – деді. Біз дабырласа құптадық. Әдекең:

– Өй, айтқышсыңдар, ә? – деп жарқырай күлді.

Хасен ағаға қатысты бір қызық болғанын да айта кетейін. Хасең Тбилисиден жарты метр шамасы жіп бау тағылған әдемі қағаз қорап ала қайтты. Сыртындағы жазулары грузин әрпімен, әрине, грузин тілінде жазылған.

– Хас-аға, мұныңыз не нәрсе? Жарылатын пәле емес пе? – дедім, әзілдесе беретін әдетіме басып, Ташкентте ұшақтан шыққанымызда.

– Жеңгеңе сәлемдемеге алған торт қой, – деді. Ду күлдік. Жігіттердің бірі, сірә, Сайын ғой демін:

– Мына күн ыстықта тортыңыз су болып кетпей тұрғанда, бері әкеліңіз, жеп алайық! – деді. Тағы ду күлдік. Әд-аға қарқылдап күліп:

– Ай, жігіттер! Өздерің келіншектеріңе, құдай біледі, жарты кәмпит те алған жоқсыңдар, сонсоң Хасеннің тортын қызғанып тұрсыңдар, ә? – деді.

– Әд-аға, келіндеріңізге біз өзіміз-ақ ең қымбат сәлемдемеміз ғой! – деді Қабдеш. Күлкіміз Ташкенттің әуежайын жаңғырықтырған шығар!..

1992 ж.



## «ҚЫРҒИ ТІЛДІ»

Ойлап ем: көптің бірі болармын деп,  
Табармың, төгілермін, толармын деп.  
Бірақ та ойламап ем, ақын болып,  
Арманның қанатына қонармын деп.

(Ағам деп ойламап ем бұлақ болып,  
Күлем деп ойламап ем жылап болып.  
Шығам деп ойламап ем тау басына,  
Құздарға құрдымдаған құлап болып.

Ұйқасы қарапайым болғанымен авторының бүкіл ғұмырын ұқтырып тұр дерлік бұл екі шумақ лирикада өмір өрнектері жатқаны ақиқат. Жарық дүниеге келіп, ес жиып, етегін жауып, белін буып, оң-солын аңғаруға жараған жанның бәрі атақты адам болуды армандап асқақтап жөнелер ме? Қай-қайсысы да көптің бірі болып, топтың ортасында жүруге жарарын ойлар. Алайда оның ойына ие тағдыр бар. Ол – адам атаулының бір қалыптың кірпіші болуын қаламайтынымен тағдыр. Әркімнің сана-сезім ұштығын тауып, соған қарай біреуді биіктетеді, біреуді аласартады, біреуді ілгерілетеді, біреуді кейіндетеді. Соның өзінде де не бірыңғай сәттілікті, не бірыңғай сәтсіздікті еншілетпейді. Мына екі шумақта айтылғандай, ақын болуды ойламағанды арманның қанатына қондырып ақын етті; жылатып болып күлдірді, құлатып болып тұрғызды. Ақынның қаламын қарымды етіп: «Ана туралы толғау», «Туған жердің тарихы», «Күндіз аққан жұлдыз», «Сақшы», «Өмір толқындары», «Ой орманын аралағанда», «Сындыбала», «Ақболтай» және басқа ондаған өлең, «Майшай», «Ақ күріштің атасы», «Ақын тағдыры» және басқа дастандар, «Екі заң», «Сайлау», «Алдар кесе» атты пьесалар, «Жыр күмбезі», «Қарбаласта» сынды романдар, көптеген памфлет жаздырды. Бұлардың баршасы – керікті ойлы, көркем тілді туындылар, талапшыл, талғампаз оқырман қауымға сыбаға, олардың ой безбенінің сапа табағын салмақты еткен олжа. Ой құнарына тіл нәрі лайық. Және бірер шумақты тыңдап көрелік:

Көркіне көз тоймайды, кең арайлы,  
Телмірткен сәулетіне Күн мен Айды.  
Шілдеде суы салқын, шөбі шүйгін,  
Самалдың өзі келіп саялайды.

*Немесе:*

Өлеңде ерлік те бар, нәзіктік те.  
Бар онда махаббат та, ауыр жүк те.  
Бар онда сұлулық пен сұмырайлық,  
Екі ішек бар емес пе бір тиекке.

*Немесе:*

Көзден қорқам тынымсыз ойнақшыған,  
Көрмей, білмей бір пәле ойлап тұрған.  
Достығының артында қастығы бар,  
Қайта-қайта қанжарын қайрап тұрған.

Ал Сәкен Сейфуллиннің тағдырын шолып, налып, ширығып жазған «Ақын тағдыры» жырының бір шумағы былай дейді:

Тұрды ақын көзін тігіп Сарыарқаға,  
Келгенде ең соңғы рет жан алқымға.  
Өзінің ардагері, сері ақыны  
Барады қалай сыймай сол ортаға?!

Ғұлама білімді қаламгерлігімен бірге талғампаз оқырманның бірегейі болған Мұхтар Әуезов кезінде шын ризалықпен: – Тіл жөнінде бұрынғының қорынан қарбытып алып отыратын, анық асыл тіл байлығы бар екі ақынды бөліп айтар едік, олар – Асқар мен Ғали, – депті, «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында». Мұхаңның Асқар дегені – туғанына 100 жыл толғаның, міне, бүгін Ғабәз атындағы театрда өзіміз атап өткен Асекең – халқының Асқар ТОҚМАҒАМБЕТОВИ!

Сыр бойында, Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында туып-өскен, ауыл молдасынан білім алған, 78 жыл ғұмырының жартысын Сырда өткізіп, ауылдың жыршысы, ауылдың жаршысы, ауылдың жоқшысы, қамқоршысы атанған, қазағымен бірге сан алуан өмір кешіп, ыстыққа күйген, суыққа тоңған, еліне білегімен де, білімімен де, винтовкасымен де адал қызмет еткен Асекеңнің өмір жолы, еңбек-үлесі – мәдениет тарихымыздың Қалам қайраткерлері тарауында толық жазулы. «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің, «Ара» журналының редакцияларында, Жазушылар одағымызда жауапты хатшысы болып істеген. Қызылорда және Шымкент облыстарында өшпес ізі жатыр. Ұрпағы ол іздерге зер сала уақ-уақ үңіліп, Асекеңнің өнегелі өмір және шарапатты шығармашылық жолын пайымдап жүр. Мен де – солай етуді парыз санаған інілерінің бірімін. Сырт көзге бұйығыңқы кісі сияқтанатын ықшам пішінді, сабырлы, салиқалы Асекеңмен қуана әлденеше рет кездесіп, басымды иіп, «Ассалаумағалейкүм!» – деп ағалап сәлем бере алғаныма әрқашан шүкіршілік етемін. Өмір, әдебиет хақындағы жайшылық әңгімелерінің өзі қамқор көңілден туған, дуалы ауыздан шыққан дәріс еді. Ұсақ-түйек дей салуға оңай сөздерінде де, елеусіз дерлік қылықтарында да ғибрат болатын. Бірде, Жазушылар одағы құзырындағы Әдеби қорда қызмет істеп жүргенімде, Асекең бөлмеме келіп, сау-сәлеметтік сұрасып отырдық.

– Осында ұлым тұрады ғой, табиғаттың бір қызық құбылысын зерттейтін маман, не істейтіні қалай айтса да миыма қонбай-ақ қойды, – деп езу тартты да: – сол ұлымның тойына келген едік, кеше сол той соңында менің құрдас қызылкөз шалдарымның бірі, анау деп нұсқамай-ақ қояйың, осы Литфонд жөнінде айтыс ашқаны. Айтысқанда Литфондтың шаруасында еш шатағымыз жоқ қой, тек біріміз мұны әу баста Ресейде Пушкин ұйымдастырыпты дедік, біріміз Толстой ұйымдастырыпты дедік, не керек, ақырында бәтуаласа алмадық, – деді, маған түйме көзі күлімдеп қарап.

– Аға, сіз қай жағында болдыңыз? – дедім, қызығып.

– Е, ештеңесін білмесем, қай жағында болуым керек? Бірақ, Ісләм Жарылғапов «Пушкин ашқан Литфонды» – деп екі-үш шумақ әзіл өлең айтып, соған иланыңқырадым енді, егер білсең, анығын сен айтшы, соған бола ғана келдім, – дейді, бәстескен бала мінезденіп. Мен еріксіз күліп жібердім де, темір сандығымдағы құжаттардың арасынан Ресей Литфондысы тарихынан алған бір көшірмемнен: «Әуелде «Мұқтаж әдебиетшілер мен ғалымдарға көмектесу қоғамы» делініп, кейін «Литературный фонд» («Әдеби қор») деп аталған ұйым Петербургта 1859-жылғы қаңтар айының соңғы аптасында құрылды. Оны Дружинин ұйымдастырды. Қоғамның жарғысы ақпанның 9-ы күні Тургеневтің үйіндегі басқосуда қабылданды», дегенді оқып бердім. Асекең басын шайқай, үнсіз дерлік біртүрлі күлді де:

– Пушкин де аулақ, Толстой да аулақ деші?! Біз босқа қызыл кеңірдек болып-пыз, – деді де, сәл ойланып отырып: – Бір сыншы менің «Әке мен бала» романымды жаңағы Тургеневтің «Отцы и дети» романымен салыстыра талдап, ол да арамтер болған, балшығы бөлек екі шығарманы салыстыру – бос әурешілік қой. Мақұл, кетейін, жұмысыңа бөгет жасамайын, – деп түрегелді.

– Аға, басқа бұйымтайыңыз жоқ па, бізден көмек дегендей... – дей беріп едім, Асекең күлімсіреп:

– Сен абыржыма, пейіліңе рахмет! Мен – ұпайы түгел шалдардың бірімін. Сенен білгім келгенді білдім, енді қазір баламның үйіне барып өркештеніп жатамын да, кешегі шалдардың сауатын ашамын, – деді. Қолымды бір қысып, баппен бұрылып, баяу жүрісімен шығып кетті. Үлкен адамның кішкене бір ақпарға бола келгеніне нанар-нанбасымды білмей қала бердім.

Асекеңнің де, Тургеневтің де «Әке мен бала» романдарын оқығанмын. Шынында екеуінің әуені екібасқа. Иван Сергеевич Тургенев – өз заманындағы ұрпақтар тірлігінің қайшылықтарын суреттесе, Асекең – өз заманындағы ұрпақ тірлігінің үндестігін, ғұмыр жалғастығын суреттеді. Аманжол Айдаболов бастаған жас-кәрі қазақ кейіпкерлерін саясат сыңайымен қырқысатын қырсық дертке шалдықтырмағаны өз алдына, негізгі кейіпкерлерінің бірі, ұлты басқа Михаил Фрунзе: «Түркстанды түнектен шығаратын түлектер осылар» – деп, патшалы Ресейдің отаршылдық саясатына наразы аманжолдардың қимылына сүйініп, үлкен үміт артатыны ше?! Әдебиет сыншыларынан әрқилы баға алған ол романын Асекең кейініректе толықтырып, «Қарбаласта» – деп атап қайта шығарды. Прозамыздағы ортан қолдай бұл туынды – қазақ даласының оңтүстік шалғайындағы бір ұрпақ өмірінің қандай қарбаласпен өткенін шынайы да шымыр әңгімелеп берген шырайлы шығарма деп білсек керек.

Айтпақшы, бір сыншымыздың (бүгінде марқұм ол кісінің аты-жөнін атау міндет болмас) сол кезде: Егер Асқар Тоқмағамбетов жолдас қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың тамаша досы болған ұлы орыс жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің «Ағайынды Карамазовтар» романын оқыған болса, «Әке мен бала» романын басқаша жазған болар еді, дегені бар. Саппастық салыстыру деген пәлекет әдебиетімізге де әңгіртаяқ ойнатқан жылдар болды-ау!

Сыр елінің өміріндегі өлең-жыр өрнекті бел-белестерді қапысыз шолып, әдемі айшықтап, бекем бедерлеп, жұртшылықтың ыстық ықыласына, жылы лебізіне бөленген көлемді де тың туындысын Асекең 1973-жылы жазып бітірді. Ол – «Жыр күмбезі» романы. Затын аты айтып тұр. Құнды туынды. Орақ тілді Орынбай жырау, оны «Тілінде оғы, ең болмағанда сексеуілдің шоғы болмаса, ақын бола ма?!» – деп бағалаған сыншыл Жиенбай жырау, қиянат атаулыға қарсы ұшатын қанжар сөзді Базар жырау, көркем ойдың көрігі Кете Жүсіп, Шораяттың сұлу назды өлеңге ұста Омары, талықпас әнші Тайжан, сал-сері Шөмекей, төңірегіне нұр шашып жүретін ақ иық ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлы... Қай-қайсысы да – қазағының көгіндегі жарық жұлдыз. Қайда, кіммен болсын әзіл-қалжыңдары жарасқан, ел қамын күйттемей, халқының бүгінін айтпай, ертеңіне көз жібермей ауыз ашпайтын, һәмәнда ақ сөйлейтін адал жаратылысты жайсаң жандар! Ал бұларды мінез-құлықтарымен де, өлең-жырларымен де келісті көрсетіп, жарқырата танытып кейіпкер еткен – Асекеңнің өзі ше? Асекең – ұлтын ұлағаттай білудің өнегесін паш еткен Ұстаздығын танытты. Біздің буын Асекеңнің бастауыш мектептің әдебиет оқулығына енген өлеңдерін оқып өсті. Үлкенді сыйлау, тілалғыш болу, жақсы оқу, адал еңбек ету, Отанды сүю, жолдастыққа адал болу жайындағы жырларын тақпақ етіп жаттап, ауыл сахнасынан сайрамағанымыз аз шығар. Менің де есімде, көз алдымда.

«Ел ауызы» архивіндегі көне ақпарлардың мәлімдеуінше, әулие бабамыз Қожанасыр: – Әркімнің бір тәтті сыры, бір кермек мұңы болады, – депті. Сол деректің жаны бары даусыз дей тұрып, құдай бәрімізді де кермек мұңнан сақтасын деп тілей тұрып, сіздерге бір тәтті сырымды ашайын.

Шақтап есептегенде, бұдан алпыс жылдай бұрын бір күні біздің ауылды күлкі кернеп жөнелді. Той-томалақтағысы өз алдына, тіпті үй арасында екі-үш пенде бас қоса қалса болды, – біреуі әлдебір мақаммен әлдебір өлеңді шұбырта жөнеледі де, қиқылдаған, қарқылдаған күлкі үдейді. «Ұландағы ұлан-асыр тойдан тойға ұласты» дей ме, «Жұлған әтеш секілденіп қоқақтап, дүриә көйлек киген тоқал қосақтап» дей ме, сондай қызық та тосын сөздерге қоса ауылымыздағы қаратаяқ кісілердің аты-жөндерін естіп қаламыз. Неге олай екенін өзімізден ересек балалардан сұрасақ, олар сауаттарын пұлдап, бөлденіп, ауызақысына қолымыздағы сүзбе-құртымызды, тіпті асық-сақамызды алып тұрып: – Ол ма, ол көп қатын алғандарды, өзінің қатынын тастап, басқаның қатынын алғандарды мазақтаған өлең, во, керемет! – деп басбармақтарын қайқитып мез болады. Айтып-айтпай не керек, ол өлеңге әбден қызығып, құмартып, бірақ құлағымызға түгел құйып ала алмай, жанына келген енесінің емшегіне аузы жетпей қор болған байлаулы бұзаудай хал кешіп жүрдік. Әлгі ересек балаларға тағы талап еткен ауызақыларын беріп, ақырында өлеңді жаттап алып, өзімізден кейінгілерден біз де «мал табуға» кірістік. Ұзақ өлеңнің мән-мағынасын түп-түгел түсінбесек те, шалдар орталарына шақырып алып: – Әй, Пәленбайдың баласы, көне, Алматыдан келіп-кеткен жігіттің жазған сайқымазақ өлеңін айтып жіберші! – деп шашбаулағанда, ат басын ірікпей ағыла жөнелетін болдық. Ол кәсібімізге кейбіреу риза болып, арқамыздан қағып, бір шақпақ қант берсе, енді біреулер құлағымызды бұрап, құйрығымызға теуіп жүрді.

Кейініректе ол өлеңнің сырын ұғып, сиқырын сездік, әйтеуір. Үлкен-кіші күліп қарық болған сол өлең Асекеңнің «Ұландағы ұланасыр» – деп аталған фельетоны екен. Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар») газетінде жарияланыпты. Біздің Ұлан ауданымызда әйел тастап, әйел алушылық деген бір ұшпа дерт пайда болып, ем-дом қонбай асқынып барып, Асекеңнің қаламына ілігіп тыныпты. Әлгі «балалы-шағалы бойдақтардың» арасында біздің ауылсоветтің төрағасы, колхозымыздың бастығы, сиыр фермасының меңгерушісі бар екен. Өзіне жолданған хаттың ізімен сонау Алматыдан келген тақиялы сап-сары ақын жігіт ақ-қараны айырып, желөкпелердің өкшесіне сықақ бізін сұғыпты. Тоқал тізгіндер партиялық жаза алып, портфельдерінен айрылған үстіне үйлерінен шығудан қалғаны ғой! Күлкі шіркін көзге шұқыған соң, қалай шықсын!

Сол бір оқиғадан соң біз ауылға анда-санда келетін бірен-саран газеттерді іздеп жүріп оқып, ақын Асқар Тоқмағамбетовтің өлеңдерін көре қалсақ, дереу көшіріп, жаттап алатын болдық. Бала көңілімізді көншіткен күлкісіне табындық. Ішексілеңді қатыратын өлеңдерді қалай, қайдан тауып жазады деп, ақын табиғатының құпиясынан бейхабар күйде таңданатын болдық. Ауыл жігіттерінің кейбіреуі Асекеңе еліктеп күлдіргі өлең шығарып та жүрді. Тракторшы Бәкір ағайдың өлеңі деп жаттап алған бір дүниеміз:

Білегі арық, саны семіз,  
Өзі қара қыз кім деңіз:  
Бұғалтырдың кенжесі,  
Парткомның теңгесі.  
Бұл да тоқал боп кетсе,  
Болу оңай емес пе,  
Жазар ма екен Асекеміз? – деген еді.

Асекеңнің әйгілі әзіл-сықақшы екенін білгенім бертінде. Кітаптарын оқудың реті келгенде. Күлкісі проза мен поэзияны ен жайлап жатыр екен. Өміріміздің, тұрмысымыздың сәніне қылығы кереғарларды арқасынан қағып отырып та, жағынан тартып жіберіп те, желкеден түйіп қалып та сілейтуге әбден шебер екен. 1932-жылы жазылған «Мылжыңның бет-ауызы» деген сықағынан бір мысал:

– Сіз колхоздың кімі боласыз?

– Бастығының бірі боламыз!

– Егіске қалайсыз?

– Несін сұрайсыз?

– Дайындығыңыз қандай?

– Дайындығымыз сондай:

Лап десе, тап бергелі тұрмыз,

Соқаға шап бергелі тұрмыз.

Көлікті жиыстырып жатырмыз,

Бағуға ұйыстырып жатырмыз,

Арықты қазғалы жатырмыз,

Рапортты жазғалы жатырмыз,

Ремонтты бастағалы отырмыз,

Жарамсызын тастағалы отырмыз...

– деп лепірген бастықтың ешбір істің ебін таба алмаған жетесіз біреу екендігі масқараланған. Ал нағыз жігіттің сәні мен мәні сақал-мұртында деп білетін сылқымсымақтар Асекеңнен мынадай «сый» алған:

Сөйтіп біздің Қозыбақ,

Оны көрсе – оған сақ,

Мұны көрсе – бұған сақ.

Бір күндері бакенбарды жасатты,

Екі самайды әкеліп аузына асатты...

Осы тұста: егер Асекең бүгін сол жас шамасында болып, ортамызда жүрсе, қап-қара терезелі қап-қара «Мерседесін» құйын қуғандай құтырындырып келіп, омақасардай одыраңдатып тоқтатып, есігін айқара ашып, талтайып түсе қалып, мойнында алтын шынжыры жарқырап, алтын сақиналы сол қолымен езуіне сигарет сұғып, алтын жүзікті оң қолымен қалтателефонын құлағына қайқия жапсырып, бұл жарық дүниеде өзі ғана бардай, қарғаның қарқылынан асыра күшене күліп, орыс тілінде сәмпылдай бастаған «жаңа қазақ» атты жігіттерімізді көрсе, немесе құдай берген қара шашын бір күні аққа бояп, бір күні көкке бояп, бір күні төрт-бес түске бояп жайып тастап, бет-ауызын алапестеп айғыздатып, омырауын далитып жалаңаштап, быршиған денесінің ойы мен қырын түгел көрсететін жарты кеудеше мен ышқыры бар, ауы жоқ жарғақ шалбар киіп шүршиген шылымшыл қыздарымызды, қыздар деймін-ау, шашын күзеп құнтитып, кеудесін шұнтитып, басқа бар-жоғын тыртитып жүрген жарғақ шалбарлы кемпірлерді көрсе, күлкісімен қандай-қандай сурет салар еді?! – деп қоямын.

Немесе, алуан-алуан шетелдік автокөліктің, быжынаған бензо-колонканың, құжынаған казино мен аламыш ойын автоматтарының, алтынмен апталған супермаркеттердің ордасына айналған қаланы не электрге, жылуға, дәрі-дәрмекке, емхана-ауруханаға, пошта мен телефонға, ауызсуға, тіпті азын-аулақ малын өрістетер жайылым жерге жарымай отырған ауылды көрсе ше?! Ақын аға өз тұсында қала мен ауылдың арасын жақындату мәселесі маңызды болғанын көрді, соны жырлады, ал енді керісінше болып бара жатқанын көрсе, не дер еді?!. Бұл жағдайда Асекеңнің

«Дейді екендер» – дейді екен», «Бөкей мен Дөкей», «Төрешілдік», «Маймұрынға – май шелпек», «Демейділер» демейді», «Ауданнан шыққан Айдабол» сияқты сықақ өлеңдері, «Құлқында жатқан құпия сыр», «Қара дәптер» қартайды», «Ат үстіндегі айқай», «Бітеу жара – пара», «Сүт бар, бұзау жоқ» тәрізді фельетондары қып-қызыл төбелестің жанындағы ерегес қана болар еді.

Қоғам, адам, азамат дейміз. Қоғамның түр-түрі аз емес. Ал қайсысында болсын өмір сүретін адам нөпір. Солардың арасында қоғам кәдімгі адамгершіліктің талаптарына сай, яғни күнделікті тіршіліктің сипаты еркіндік, адалдық, әділдік болуын қалайтын, соны талап ететін, сол үшін күреске шығатын ар-ұятты жалаңтөстер – азаматтар көп болмайтыны түсініксіздеу жәйт. Бұл, сірә, өзі мен өзінің «тамағы тоқ, көйлегі көк» болуын, жан тыныштығын ғана көздейтін, ал басқалардың, сол басқалардан құралған қоғамның нендей күйде екенін білмейтін, білгісі де келмейтін тоғышарлардың басым көпшілік екендігінен шығар. Олар намысын шабақтамақ тұрғай өзін тамақтап кетпек болсаң да, қалғып-шұлғып отыра береді. Соған көзі сан жеткен Асекеңнің:

Мейлің мінеп, сынай бер,  
Күле тыңдап тұрғаны.  
«Түсінемін» дегені –  
Көзін мықтап жұмғаны, – дегені бар.

Осы ыңғайда жазылған сықақ өлеңдерінің дені жеке бастағы кемшіліктерді күлкі тілімен мінеу, сынау, келекелеу тәсілімен ерекшеленеді.

Асекең проза мен поэзия тізгінін бірдей ұстаған дедік. «Қарбаласта» романының «Ала қоржын» бөлімінде мынадай көрініс бар:

«...Бұрқылдап қайнап, екі-үш жерошақта асулы тұрған қазанға пышағын жалақтатып қаба сақалды біреу қойдың етің, қасындағылардың көзі сәл бұрылса, шалбарының ішіне ытқытады. Қарын-қажактың да, бүйрек-сирақтың да біразы бұрын ол шалбарға жоқ болған. Жүрсе талтаңдап, тері шалбар делегейленіп кетеді. Жүресінен отырса... ауы салбырап, жерге тиіп, топырақ асайды. Онысын білдірмеске тырысып, сәнденген кісімсіп талтаңдап, қазанның басынан екі елі шықпайды. Кейде көзі қанталап, ырсиған көкала төбетпен бақайға таласып, ырылдасып та қалады. Еттің көбігі қанжылым болды дегенше құйып ішіп, үстін-үстін кекіреді...».

Асекең әсірелеу тәсілін қолданып, әжуаны әдейі ауырлатып, жиіркенішті көрініс жасаған. Әр жанрда жазатын қаламдастары хақында байыта ой толғаған Мұхаң – Мұхтар Әуезов бір сөзінде: «...фельетон, сықақ, сайқымазаққа шеберленген Асқарды атау керек...», – депті. Асекеңе «қырғи тілді Асқар» – деп анықтама берген де – Мұхаң. Асекеңе және бір кездескенімде сол теңеу есіме түсіп:

– Аға, Мұхаңның сізді «қырғи тілді» дегені әдемі екен?! – дегенімде, сатираның сардары Асекеміз сұйық қасын оң қолының сұқсаусағымен ақырын сипай, түйме көзін төмен сала сәл жымыып отырып:

– Мұхаң менің де жазғандарымды оқып жүреді екен, жолыға қалғанда «пәлі, Асқар, сенің...» – деп бастап, пікірін айтушы еді. Қызылордаға келген бір сапарында: «Пәлі, Асқар, сенің «Көкала атың» көз алдымнан кетеді дегенің!» – деп рахаттанып күлген де, – деді. Сондағы «Көкала ат» мінеки:

«Бәрекелді, ат бақсаң осындай бақ,  
Жіп құйысқан байла да, қоңырау тақ.  
Сүйектері ән салсын салдыр-гүлдір,  
Құр тулағын қалдырып мін-дағы шап...

Айт, жануар, Көкала, жүріңкіре.  
 Сүйегінді ыржаңдат, күліңкіре.  
 Сені баққан адамның аты шықсын,  
 Өлмей, тірі тағы өмір сүріңкіре!

Сегіз қырлы Асекеңнің сұр жебесі капиталистік лагерь деп аталған өңірді де біраз ойрандаған-ды. Капиталистік лагерь мен социалистік лагерьдің қар аралас жаңбырдай бытқырап, бір тұсында Қазақстанының да қолшатыр ұстап отырамын, қайран аға қайдан білсін! Бірақ білмегеніне өкінетіндей дөнеңе жоғына бүгінгі біз куәміз. Тілі тәттілене түскен, діні қаттылана түскен капитализм жер бетіндегі алыс-жақын, үлкен-кіші ел атаулыны ауыздықтап, жайдақ мініп жүрсем деген сүрі пиғылын жасыруды қойды. Яғни, Асекеңнің памфлеттері ескіреп емес. Оның «Әттеген-ай, әйтпесе», «Қорқаулар соғады қоңырау», «Бұрандалы бұлбұлдар», «Қақсалдар», «Әмпей-жәмпей» және басқаларындағы сонау кейіпкерлерінің аты-жөнін бүгінгілерінің аты-жөнімен алмастыра салсақ, Адамбеков Садықбек көкеміз айтқандай, «Сайтаның не, албастың не – один черт!» болады да шығады. «Бір жерімен диірмен тартқыштардың» ауруынан да, әдетінен де айығар түрлері жоқ. Асекең жазғандай:

«...Бомбамен жар салады,  
 Сырттай келіп құшақтасып,  
 Іштей бірақ пышақтасып,  
 Өкірісіп қалады...»

Ат төбеліндей бір топ көсемсымақ – Компартия Орталық Комитетінің Саяси Бюросы, шындығында Бас секретары билеген Совет өкіметі жылдарында да сатира көлеңкеде отырған жоқ. Табуға міндетті нысанасын тапты, атар оғын атты. Әзіл-сықақшы Асқар Тоқмағамбетовтің көнермес күлкі мұрасы – соған айқын дәлел.

Әлбетте, өзін өсіріп, тәрбиелеп жеткізген заманның жаршысы болған Асекең де – Қазан революциясына, Ленинге, социализмге жыр арнады. Тұңғыш өлеңі «Ленин суретіне» – деп аталып, «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған-ды. Жас ақын дәуірі көтерген ұранға қосылды, коммунизмдей арманға ұмтылды. Жақсы лебізге, иланымды уәдеге сенгені үшін кім-кімді де кінәлау ағаттық болмақ. Бүгін бізде көне тарихымыздың советтік тарауын мүлдем жұлып тастауды көксейтін «бәрінбілгіштер» бар. Өткенімізді өзекке теуіп, қара бояуын баттай салады. Бұл имани әрекет емес. Яғни, өз басым Асекеңнің қаламгерлік қуатын советтік шығармалары үшін бір мысқал да кемітуге болмайды деп білем.

Жалын оранып өткен Қасым Аманжоловтың «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» дегеніндей, өлең-жыры, әзіл-сықағы әдебиетіміздің көгінде жұлдызша жамырап тұра беретін Асекең де «Өзім туралы өлеңінде»:

Заманның білімге бай жастары көп,  
 Ғалым боп әлемді орап жатқаны көп.  
 Әркімнің өзі салған сүрлеуі бар,  
 Арман сол – қалсам елдің Асқары боп! – деген еді.

Асқар аға, Сіз – арманына жетіп кеткен Қазақсыз!  
 2005 жыл.





## ІЛЕКЕҢ

1973-жылдың қыркүйек айы.

Үйімдегі телефоным ішіне жел қарыса қалған сәбише шыр-шыр етті. «Әй, бар болғыр!» – деп тұтқасын тез алып, құлағыма жапсыра қойып:

- Тыңдап тұрмын! – дедім.
- Ғаббас, хал-ахуал қалай? Мен ғой, Әнуар.
- Танып тұрмын. Хал қатқанский!
- Демалыста жүр екенсің, ешқайда шықпадың ба? Қанша уақытың қалды?
- Әлі екі апта бар.
- Онда маған келе қойшы!
- Жоқ, Әнеке, базарға барғалы тұрмын, үш сағаттан соң Өскеменге ұшамын.
- Үш сағат деген көп уақыт, үлгіресің, маған келіп шық.
- Әнеке-ау, үлгірмеймін ғой, билетім қалтамда...
- Билетің қалтаңда болса, самолетің ешқайда кетпейді, – деп Әнуар сылқ-сылқ күледі.

– Сонша асығыс не шаруа ол?

– Келген соң айтамын, қазір машинам барады, күтіп отырмыз.

Әнекеңнің – Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы Әнуар Әлімжановтың – шоферының да аты Әнуар еді.

– Неге шақырды? Не болып жатыр? – десем, ол иығын көтеріп, басын шайқап:

- Білмеймін. Секретарьшасын жіберіпті: «Ғаббасты алып келсін» – деп, – дейді...
- Әнуар жалғыз ба? – дедім алғы бөлмесіндегі хатшы келіншекке, сәлемдескен соң.

– Ілияс аға бар.

Кабинетіне кірдім, ассалаумағалейкүмімді алдыма салып.

– Уағалейкүмәссәләм! – деді Ілекең Ілияс Есенберлин, жымия қолын ұсынып. Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы.

– Келіп қалдың ба? Төрлет! – деді Әнуар, қолын ұсына орнынан тұрып, күрек тісі ақсия, екі иығы селк-селк ете үнсіз күліп.

– Басекең «Кел!» деген соң, келмеу қайда? Көңілді екенсіздер, ол да болса дәтке қуат, – дедім, қосымша үстелдің Ілекеңе қарсы бетіне жайғаса беріп. Ілекең әдетінше бір демде «ых-хы» – деп күліп, Әнуарға қарады. Әнуар жымыңға көше маған қарады. Мен екеуіне кезек қарап:

– Неге шақырдыңыздар, айтсаңыздаршы, жымыңдау керек болса, мен де жымыңдайын, – дедім.

– Өскеменді қоя тұрып, Мәскеуге ұшуың керек, – деді Әнуар, орнына отырып, байсалданып.

– Онда маған не бар?!

– Собесәдованиеден өтуің керек.

– Қайдағы? Неге? Ол не пәле?

– Біз ақылдасып, сені, осында, өзіміздің Литфондтың директорлығына тағайындауды ұйғардық.

– «Ұйғардық»?! Сыртымнан саудалап па?!

– Ғаббас, сен тыңдасаңшы, түсінсеңші, – деді Ілекең ренішті үнмен.

– Нені түсінуім керек?

– Әнуар, тоқ етерін айтып, түсіндірші! – деді Ілекең, екі қолын жая Әнуарға қарап.

– Ғаббас, былай: біз Абдрашит Ахметовті пенсияға шығарып, оның орнынан директорлыққа сені ұйғардық. Үлкен Литфонд келісті. Олар екі-үш күн ішінде хабарласады, сонсоң: «Мәскеу, қайдасың?» – деп ұшып, директорымен танысасың, еңгімелесесің. Өскеменге кейін барарсың, – деді Әнуар. Мен ат-тонымды ала қаштым. «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының сын бөлімінде меңгеруші болатынмын. Сол орында істей бергім келетінің, жалпы ол газеттен ешқайда кету ойым жоғын және кетпейтінімді айттым. Ал екі басшымыздың айтары: «Барасың!», менің айтарым: «Бармаймын!». Сылтауларымды екеуінің ең болмаса біреуі тыңдасашы! «Ғаббас, сен лайықтысың», «сен тәртіптісің», «сен істей аласың», «сенің кандидатураңды партия ұйымы құптады» – деп мақтай ма-ау, алдай ма-ау, не керек, бұрылған жағымнан қайтарып қақпайлай береді.

– Арифметикадан, жалпы математикадан мектепте өмірі «үштен» артық баға алып көрген жоқпын. Алу, қосу, көбейту, бөлу деген төрт амалдан басқа дым білмеймін. Литфондының қазанында жүздеген мың сомның цифры қайнап жататын көрінеді, мені сонда шатысып, бәрін бытыстырып, сотты болсын дейсіздер ме?! – дедім, ең соңғы да мықты дәлелді таптым деп біліп. Ілекең маған бағжия қарап:

– Ештеңе етпейді, қатты болса менше екі жыл отырып шығасың, – деді.

(Кейін де білгенім: Ілекең Қазақ Театр қоғамының құзырындағы Филармонияның директоры бола қалып, көп ұзамай, бухгалтерлердің ухит-сухитына ұшырап сотталып, екі жылын түрмеге беріп келген екен.)

Әнуар сылқ-сылқ күлді.

Есеп 2:1 болды.

xxx

КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, жеке кабинет иесі болып, жердегі көп «құдайдың» біріне айналып, қоқиып отырған күндерімнің бірінде Одақтың іс жүргізушісі Рауза Камалқызы келіп:

– Ғаббас, ертең вид-приемная комиссияның заседаниесі, саған Есенберлин сәлем айтты: «Серікқалиевтің рекомендациясы жарамайды, басқа біреуден алсын» – деді, – деп тұр.

– Неге жарамайды, стажы бес жылдан асқан ғой? – дедім, еріксіз таңданып.

– Ну, ты же понимаешь...

– Понимаю, но Есенберлин жолдасқа менен де сәлем айтыңыз: мүшелікке алса – алсын, алмаса – қойсын, мен Серікқалиевті сатпаймын!

Рауза Камалқызы иығын бір секіртті де, дәнеңе демей шығып кетті.

Серікқалиев Зейнолла – белгілі сыншы, «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясында сын бөлімінің меңгерушісі. Газетке І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы жайында мақала шығарып, шырғалаңға тап болған. Ілекең «газет мақаласын талқылаймыз» деген әдіспен оны шақырып алып, «отрядіне» сабатып алған. Маған КСРО Жазушылар одағы мүшелігіне өтер кепілдеменің бірін Зейнолла жазып бергенді.

Содан арада екі жыл өтті. Қабылдау комиссиямыз менің мүшелікке өту өтінішімді қарамады. Мен де үндемей жүре бердім. Комиссияның төрағасы, Одақ басқармасының екінші хатшысы Ілияс Есенберлин, сөйтіп, Зейноллада кеткен өшін менен алды...

Бірде Әдеби қордың шаруасымен Әнуардың кабинетіне бардым. Ілекең екеуі отыр екен. Бұйымтайымды айттым, пікірлестік, оң шешім жасадық. Мен орнымнан тұрып, есікке бет алғанымда Әнекең:

– Ғаббас, Одаққа мүшелердің тізімінде жоқсың ғой, ол қалай? Өзің Литфондтың директорысың, мұның қалай? – деді, шын кейіген үнмен.

– Қалай екенін Ілекеңнен сұраңыз, – деп кете бардым.

Содан бес күннен кейін мүшелікке қабылданып, бір ай өте бере Әнуардың қолынан мүшелік билетімді алдым. Әнуардың кабинетінде Ілекең мен төртінші хатшымыз Қалаубек Тұрсынқұлов бар екен, олар да құттықтап, қолымды қысты. Билетімді алақаныма салып, жорта қызыға қарап тұрып:

– Мұқабасы нарттай, ғажап әдемі және сужаңа билет. Бұдан екіжарым жыл бұрын алғанда ғой, бұл ендігі тозып қалатын еді, – дедім, Ілекеңе көз қиығыммен қарап. Өзілімнің мәнісінен Қалаубек те хабардар еді, Әнуар екеуі күліп жіберді, ал Ілекең маған жылы жымия қарап:

– Сен қырық жылғыны ұмытпайды екенсің, – деді.

– Сізге тартқанмың, – дедім. Төртеуіміз жарысқандай-ақ күлдік...

Ілекең жайлап сөйлейтін сабырлы жан еді. Әдебиет ауылындағы айтыс-тартыс атаулыға қатысып жүргенінде бұлқан-талқан ашуланғанын көрген емеспін. «Жүйріктің түбін берік алардың» өзі. Солай бола тұрса да, менің бір байқағаным: Әнуардың жаңалық ұсынысына, жақсы шешіміне кейде теріс қарап: «Әнуа-а-ар, бұның бұлай болмау керек қой, алай болу керек қой!» – деп отыратын.

«Ілияс Есенберлин» деген екі сөзді естігенімде Ілекеңнің екі сәттегі бейнесі көз алдыма келе қалады, сондағы сөздеріміз жадымда жаңғырады.

Бірде Ілекең маң-маң басып, Киров көшесі жақтан (қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) құлдап келеді екен. Мен «Балалар бұйымы» дүкенінен шыққан едім. Жазушылар одағы үйінің алдында тоқайластық. Ілекеңнің өңі ерекше жылы. Сәлем беріп:

– Ілеке, қуанышыңызды айтыңызшы, ортақтасайың, – дедім. Ол жымия қолтығымнан алып, ішке беттедік.

– Қуанышым бар, айтайын. Димашта болып шықтым. «Қолдаймың, Мәскеумен сөйлесемін», – деді. Ленясының бір ауыз сөзі жетіп жатыр ғой, – деп көңілдене күлді.

– Бәрежелді. Алдын ала құттықтаймын! – дедім, сыртқы есікті аша жол беріп...

Екінші сәт те, құданың құдіреті, сол жерде, Жазушылар үйі алдында болды. Бір шаруама баруға сыртқа шыққанмын. Ілекең тағы да құлдап келеді екен. Жүрісі баяу. КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығына ұсынылған шығармалар бәсекесінде грузин жазушысы Думбадзенің хикаят кітабы бәйгені алып кетіп, Ілекеңнің «Көшпенділері» еленбей қалғанын теле-радиодан естіп, қанымыз қайнағалы екінші күн еді. Мәскеуге самолетпен ұшып барып, арбамен қайтқандай күйдегі Ілекеңе қарай жүріп, жайлап қана:

– Ассалаумағалейкүм, аға! – дедім. Шаршаңқы кейіптегі Ілекең басын көтере тоқтап, қолын ұсынып:

– Ғаббасың ба? Қалайсыңдар? Мен кеше келдім. Естіп-біліп жатқан шығарсыңдар, болмай қалды... Димаш ешкіммен хабарласпапты, ал Ғабит, сонда жатқанына бір апта болса да, комитеттің мәжілістеріне қатыспады. Мені Шыңғыс Айтматов қана жақтады, бірақ жалғыз ол не істей алсын, – деп айтарын бір-ақ ақтарып, қолын сілтей салды. Мен не дейін, жасқаныңқырап сөйлеп:

– Әділетсіздік бола береді ғой, – дедім. Ілекең салқын мырс етті де:

– Иә, бола береді, – деп, ілгері жылжыды...

Д. Қонаев «Ленясымен» – досы Леонид Брежневпен неге хабарласпады? Брежневтің, шынында, «бір ауыз сөзі жетіп жатыр еді ғой». Ал Ғабит Мүсіреповке не бола қалды? Сыйлық комитетінің бірегей мүшесі емес пе? Ілекеңді алымсынбаса

да, қазақ халқының бес ғасыр тарихын саралаған үштомдық романды бағалауға қатыспағаны несі? Е, қазекем-ай!..

Кейініректе «ұзынқұлақтан» естіген қысқа да соңғы хабарымыз: «Мәскеуге Думбадзенің соңынан екі вагон жүзім мен шарап барыпты, ал Есенберлиннің соңынан екі вагон арыз барыпты!»

Сол аптаның жұмасы күні менің бөлмеде үш-төрт жолдас-жора әңгімелесіп отыр едік, ақын Өтежан Нұрғалиев келіп:

– Иә, орта толсын, жігіттер! Сөздеріңнің сәнін кетіріп жүрмеймін бе? – деп күле амандасты. Алақандай көзі дөңгеленіп, езуіне күлкі үйіріліп, еркін сөйлей беретін еді.

– Жоғары шық. «Мәскеуге Ілияс Есенберлиннің соңынан вагон-вагон арыз барыпты» – деп естіп, соны мәселе етіп, талқылап отырмыз, – деп ортаға әзіл тастадым.

– Ә, онда менің де үлесім бар. Қошқар ағаларымыз бастап, жиырма шақтымыз, біз де арызды өкірткенбіз, – деп, құдды бір жақсылық айтқандай-ақ, ашық күлді. Оның «сырына» сенер-сенбесімізді білмей, біз де күлдік...

Е, Ілеке-ай!.. Таңдап оқып алған мамандығың геолог болғандай, көркем әдебиетіміздің тарих тақырыбын таңдап, небір көне, тың деректерді тауып, қопарып-қопарып жазып, халқыңа мол тарту еттің. Ал біз болсақ... «Көшпенділеріңді» мәртебелі сыйлықтан бір қақтық, өзіміз көпсериялы кинофильм жасаудың орнына, көк атты көлденең жылпосқа жем етіп, игілігіңізден екі қақтық. Бұл кесек туындының орыс тіліне, әсіресе, ағылшын тіліне аудармасында ақау аз емесін біліп, дабыл қағып, мақала жазып жүргенімізге, бірінші кезекте Мәдениет министріне, Жазушылар одағының басшысына хат жолдағанымызға 10 жыл, – селт етпеді. Қазақы немкеттілік...

2012-жыл



### **«ТЫНЫШ ЖҮРМЕЙСІЗ БЕ?»**

Жүсіп АЛТАЙБАЕВ. Осы бір аты-жөнді не естіген, не оқыған сәт сайын әлемге аян болған суретші армян Айвазянның қылқаламынан туған «Тоғызыншы толқынжал» деген аласапыран айшықты сурет – шектен шыға долырған дауылды теңіз төсінде тәуекел желкенін тік көтерген қуатты кеме көз алдыма келе қалады. Әке-шешесінен балауса шағында көз жазған балғын Жүсіптің өмірінің сол кемеге ұқсай жаздағаның, яғни 15 жасында әділдік үшін күрес бастағаны үшін комсомол қатарынан кінәсізден-кінәсіз қуылу қаупіне тап болғанын Жүсекеңді сол кезінен, мүмкін одан да бұрын жақсы білген, қазірде көзі тірі дос-жолдастары жыр қылып айтады. Менің де қосарым бар ол жырларға. Өткенді жаңғыртқанымға ардақты аға да болған Ұстазымыздың аруағынан ғафу өтіне отырып айтсам: мен Жүсекеңді сырттай 1959-жылы таныдым. Орта мектепті тәмамдаған соң, Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевиі» газетінің редакциясына орналасып, әдеби қызметкер болып жүргенмін. «Ара-Шмель» деген журналдың шығатынын сонда ғана біліп, көріп, кәдімгідей кезекке жазылып оқи бастадым. Небір өткір, ащы фельетондар жарияланады екен, сайқымазақ суреттері қандай! Жас журналшылар, қолымыз босай қалғанда, журналдың материалдарын оқып, суреттеріне мез болып жүрдік. Бірде біздің облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшыларын «сойып салған» фельетон шықты. Редакцияның хат бөлімінің меңгерушісі Хадас Наханов ағай:

– Әнеүгүні тілшісі келіп қайтып еді, тегін келмеген екен! – деді.

– Біздің тісіміз батпай қойған, есіңде ме? – деді оған мәдениет бөліміміздің меңгерушісі Асхат Темірбаев ағай.

– Анау бәсекең тұрғанда облздрав суға салсаң – батпас, отқа салсаң – жанбас. Енді «Ара-Шмельге» не істер екен, көрейік, – деп күлді Хадас ағай.

Журналдың келесі бір санында біздің облыстық партия комитетінің бірінші секретары Алексей Иванович Неклюдовтың анау фельетонға жауабы жарияланды. Сынға ұшыраған кадрларын қаһарлана қорғап, журнал тілшісін үстірт жазған деп қатты кінәлапты. «Журналдың саяси ұстанымын білу үшін бір пұт тұз жеуіміз керек шығар» – деп кекетіпті. Орыста бір пұт тұз туралы мәтел бар ғой, соған сайдырған кекесін. «Біз «тон пішуге» кірістік. «Неклюдов журналдың Бас редакторы Жүсіп Алтайбаевты құртады, себебі ол партияның Орталық комитетіндегі дос-жолдастарына арқа сүйейді, олар мұны қостайды, мынадай қаһарлы жауапты әдейі бастырған да – солар». Тұспалымыз осы. Партия бірегей әмірші болып тұрғанда, бұдан басқаға жорудың өзі қиын еді, өйткені газет жұмысы ыңғайында жоғары жақтағылардың тізе батыруын қайсыбіріміз көргенбіз де.

Енді журналдың жаңа санын асыға күттік. Нені болсын күткен деген қандай!.. Әр айдың соңғы күндерінде келетін журнал кешігіп, келесі айдың орта шенінде жетті. Таласа-тармаса ашып жіберсек, Неклюдовке арнаулы жауап бір бет боп тұр! Жүсекеңнің өзі жазыпты! Жолдастарымның бірі дауыстап оқып шықты. Әй, айызымыз қанды-ау! Жүсекең бірінші секретарымызды сілейтіпті. Кадрларыңның бейбастақ қылықтарын тексертіп шара қолданудың орнына, көзіңізді жұмып алып қорғапсыз дегендей істік сөзді қадап-қадап алыпты да, А. И. Неклюдов жолдасқа, «тұздың неше пұтын жеу керегін кім білсін» – деп батпан балғамен періп кеп қалыпты. «Әп, бәрекелді!» дестік.

Обком мен журнал тартысының ақыры денсаулық сақтау басқармасы басшыларының тақтан таюымен аяқталды.

Кейін Алматыда аға-інідей болып жүргенімізде бірде Жүсекеңе:

– Баяғыда жүрегіңіз шайлықпай-ақ шайқастыңыз-ау Неклюдовпен, қиын болған шығар, ә? – дедім.

– Әй, мынау біздің ЦК-да отыратындар қызық қой, әкесінің төрінде отырғандай қоқиланады. Неклюдовтың жауабын күштеп бергізгенмен қоймай, маған одан кешірім сұратқылары келді. Атасының басы! Тілшіміз тексеріп әкелген фактілерді алдарына жайып салып едім, сонсоң ғана ауыздарын жапты. Күш алған соң тоқтайын ба, бес саусақты тарбитып жіберіп, Неклюдовтың бетіне былш еткіздім! – деп күлді.

Ілгері озыңқырап айтар болсам: партияның Орталық комитетіндегілері Жүсекеңнен ол жолы ұпай артылта алмаған да, әдеттегілерінше қара мылтықтың қарауылына іліп, қақпанды қоса құрып қойған. Он жыл Бас редактор болған «басасау» оның сол он жылдағы «кінәларын» да қайтадан тергіштеп, ақырында, амал не, ұшқыр қаламы ұтымды да уытты қасиетінен жаңылмаған, әлі де сан жыл жаңыла қоймайтын Жүсекеңді – қазақ сатирасының қажымас, қайтпас сардарын зейнеткерлікке күштеп шығарып, бір «уһ» десті. Ұстазымыздың жасы алпысқа толғанына бір апта ғана болған-ды.

Халқымызға қасқайып адал қызмет етудің үлгісі, ірі тұлға Жүсіп Алтайбаев басқарған журнал – қоғамымыздағы әділдік үшін күрестің бірден-бір туы еді, сол үшін оның үстінен жоғарыға жауған ашық-жабық албасты арыз-шағым атаулының неше есекке, неше қашырға жүк болғанын бір құдай білсін!

Өздері мен өздерінікін қорғаштаудан өзгеге өресі жетпейтін сірі сықпытты шенеуніктер Жүсекеңді зейнеткерлікке шыққанынан кейін де ұмыт қалдырмады. Оған бір дәлел: қазақ тарихында Ақжолтай атанып қалған әйгілі Ағыбай батыр Қоңырбайұлы хақында он жыл тарихи дерегін іздеп жазған хикаятының идеологиядағы саққұлақ-саңыраулардың үстелі суырмасында саржамбас етіліп, автор қайтыс болған соң тоғыз жылдан кейін ерең шыққаны.

Хикаятының қамымен қажып жүрген тұсында Жүсекеңнің бірде: – Е-е-е, Фаббас, «Ағыбай батыр болған емес!» – деп арызбен бомбалап жатқан өнеубір байғұстарға ренжуім бекер-ау деп ойлаймын кейде. Шөкәрімді, Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Мағжан Жұмабаевты және басқа ағаларымызды «алашордашыл жаулар!» – деп қаралап, әлі ақтатпай жүрген алаяқтар тобына зауал табылмайтын шығар! – дегені бар.

Жә, кешегі Карл Маркс емес, екінші ғасырдағы Рим драматургы Теренций айтқан «Өмір – күресті» көрген Жүсекеңнің ғұмыр жолының бастауына оралайын. Ол – 1911-жылы көне Қарағанды өңірінде, қазақ әдебиетіне, өнері мен ғылымына небір тарихи тұлғаларды берген қазақы Қарқаралы топырағында келді дүниеге. Жетім балақанның тағдыры тұйыққа тым ерте тірелер еді, егер ауылдың ардақты азаматы, ақылгөйі Мұхаммедия Ахметұлы қолына алып бақпаса. Кем-кетікке қамқоршы болған жомарт жанды Мұхаң, сірә, торсық шеке ұлдың қозған шоқтай қойкөзінен оның күні ертең Халықұлы боларын аңғарған шығар.

Айтпақшы, керіауыздардың жолын кесіп өте берген адал Мұхаммедияға да «халық жауы» деген қара таңба басылып кете барғанда, оның тәрбиесіндегі Жүсекең «халық жауының баласы» есебінде комсомолдан аластатылуға айналды, бірақ, әділдікке жаны пида батыл жігіт қамқоршысының да, өзінің де жазықсыз екенін дәлелдеп шыға алды. Мұхаммедия бала Жүсіпті тануда қателеспеген екен! Ол ақталып келіп, кейін де ауылдың қадірлі Диясы атанды.

Жүсекеңнің – Қарқаралының мектебін, одан соң педагогика техникумын, Мәскеудің Жоғары партия мектебін тәмамдаған, бейнеті мен зейнеті бірге өрілер журналшы жолын таңдаған, Алматыда: «Пионер» газетінің хатшысы, «Жетекші» журналының, «Лениншіл жас» газетінің, сондай-ақ, Семей мен Талдықорған облыстық газеттерінің Бас редакторы, Қазақ Телеграф агенттігінің директоры, Қазақ Радиотеледидар комитеті торағасының орынбасары, Қазақстан Журналшылар одағының хатшысы тәрізді жоғарғы қызметтерде іскерлік, ұйымдастырушылық, оралымдылық қасиетімен абыройға бөленгені баршаға мәлім. Өзі де, ол басшылық еткен ұжым да әрқашан халықтың көзі, құлағы, тілі, өкілі, жақтаушысы, жоқшысы болды. Жүсекеңнің ой таразысынаң, қаламынан өткен қай мақаланы, қай очеркті, қай әңгімені, қай фельетонды шолсаң да, бәрінен шындықтың қанық бояуын көресің, шындықтың өктем үнін естисің, шындықтың өткір жүзіне қарай алған батыллықтың үлгісін танисың. Республика баспаларынан шыққан: «Нақ, нақ», «Сыпырғыш», «Ұят-ай!», «Түлек», «Бұзаулы сиырға – арзан домбыра» атты жинақтары үйіңіздегі кітап сөрелеріңізден табылса, оларды тағы бір мәрте парақтап, Жүсекеңнің әр жанрдағы еңбектеріне зер салсаңыздар, бұл айтқан пікіріммен келісетіндеріңіз шәксіз.

Кезінде әдебиет сыншыларының, аудармашыларының әрқилы, кереғар топшылауларына нысана болған аудармалары: Н. Гогольдің «Диканька хуторы маңындағы кештер», И. Тургеневтің «Қарсаңда», М. Горькийдің «Фома Гордеев», Р. Джованьолидің «Спартак», Илья Ильф пен Евгений Петровтың «Алтын баспағы» мен «Он екі орындығы», В. Шукшиннің әңгімелер жинағы да – Жүсекең қолына тектен тек алған туындылар емес, жазушы-журналшымыз олардағы өмір суреттерінің

нақтылығына, шығарма шырайына шын қызыққан еді. «Әй, Шукшин келте айтса да, керемет айтады, ә?! Ой байлығы тіл байлығымен ғажап қабысып жатады», – деп танымпаздықпен сауал қойып, бірде көп шәкірттерінің бірі – менің де тамырымды тағы бір басып қойған-ды. Жүсекең танымал жүйрік тілді аудармашы да еді ғой!..

Әлбетте, Жүсекеңнің кім болғанын қаламдастары мен оқырмандары жақсы біледі, яғни шығармашылық еңбегін талдауға бой ұрмай, мына бір естелігіме кезек берейін:

1983-жыл Көкек айының соңғы күндері. «Алматы» мейманханасының бірінші қабатында Жүсекеңді жолықтырдым. Кеуде тонының түймелерін ағытып жіберіп, екпіндеп келеді.

– Ассалаумағалейкүм! – дедім, қол созымда тоса кідіріп. Қиыс өте бермек Жүсекең қалт тоқтап, маған жалт қарап:

– Ә, Ғаббас, сенбісің? Уағалейкүмәссалам! Мұнда неғып жүрсің? – деді.

– Мен де бір келіншекпен кездесуге келіп едім, – дедім, інілік еркелікпен әзілдесе беретін әдетімнен жаңылмай. Ол «хе-хе» – деп екі тынысты, тарғақ үнді күлкісін алға салып, содан кейін:

– «Таздан тарақ қалғалы қашан!», жәй, әншейін, свежий газет сатып алайын деп кіріп едім, – деді. Мен:

– Мәскеуден бастығым, үлкен Литфондының директоры келген, соны орналастырып жүрмін, – деп жөніме көштім.

– Ә, Рахымжанға келген екенсің ғой, жақсы болды... сенің кездескеніңді айтам, бері, былайырақ тұрайықшы, – деп қабырға іргесіне қарай бастады. Жұрттың жолынан аулағырақ тұрдық. – Үйіңе телефон шалайын деп ойлап жүр едім, пенсионер болсам да кейде уақыт таппай қалам ба, ұмытшақ бола бастадым ба, білмеймін, бір құнттамай жүр едім, жақсы кездестің, бір әңгіме бар, сен асығыс емессің бе? – деді Жүсекең, «асығыс болсаң да, аялдағың, дегендей кейіппен қарап, қоңыр құлақшынын бір қозғап.

– Жарты сағаттай уақытым бар, жете ме?

– Бес минут та жетеді, қалған жиырма бес минутыңның қызығын өзің көр, – деп жымиды да, әңгімесін бастап кетті. «Ағыбай батыр» деген кітап жазып, оны баспаға тапсырып, бірақ, «жыры «бітпей, біреу алай деп, біреу былай деп, «шақшадай басы шарадай» халде екенін бұрын бір ашынып айтқан еді, соның қиюын келтіруге көмегі тиер деген оймен Компартияның Орталық Комитетіне, идеология жөніндегі жаңа хатшы Кәкімжан Қазыбаевқа барыпты. Қазыбаев: «Көрелік, ақылдасалық» деуден аспапты. Содан бастаған Жүсекең: – Кәкімжан сақ жігіт қой, өзін Орталық Комитетке хатшы болғалы көрмеп едім, жаңа орнымен жақсылап құттықтадым, бірақ, жалбақтаған жоқпын, өзін білесің, құдай маған ондай «қасиет» бермеген, ал Кәкімжанға сен туралы айттым, сен онымен таныс па едің? – деп маған барлай көз тастады.

– Хатшы болғалы көрген жоқпын, баяғыда, «Жетісу» газетінде редактор-дың орынбасары болып жүргенінде бір әңгімелескеніміз бар.

– Құттықтап шыққайсың, әлі жассың.

– Басекендерге тұра жүгіретін «қасиет» менде де жоқ, – дедім, «әлі жассың» дегеніне орайластырып.

– Өзің білесің, «Ара-Шмельде» отырған анау қуды сонау Қызылордадан алып келіп едім, күшік кезінде, құйрығынан сүйреп. Сол енді... журналдың берекесін кетіре бастады, айналдырған он шақты адамды үшке бөліп, айтыстырып, тартыстырып,

пәле болды... – деді Жүсекең, кенет шаршай сөйлеп, теріс жәйтті айтқандағы дағдысынша тыжырынып.

– Е, Жүсеке, «кімнің ішіне кім кіріп шығыпты».

– Сөйтсе де... ол мал болмайды, журналды жұрдай қылды, соны айттым Кәкімжанға, – деп Жүсекең қиықша көзін маған қадай қарап: – Сені айттым, анау қуды басқа орынға ауыстырыңдар да, орнына Ғаббас Қабышевты апарыңдар дедім! – деді. Мен бетіме біреу су бүркіп қалғандай тіксініп:

– Ойбай-ау, Жүсеке-ау, оныңыз не?! Маған оның керегі не?! – дедім.

– Оным – сол. Журнал саған керек болмаса да, сен журналға керексің, қазақтың сатирасы үшін керексің. Сенен басқаның ыңғайы келмейді, бірі кәрі, бірі партияда жоқ, бірі ішеді, пәлелер! Жән сенікі. Барасың дейді екен, дейтін де шығар, онда сен бар, бас тартпа, ұқтың ба? – деді Жүсекең, баласына аманат тапсырып тұрған әкеше қатқыл сөйлеп.

Мен енді не дерімді білмей қалдым. Жүсекеңе іштей қатты ренжідім. «Адам деген, пенсияға шыққан соң, тыныш қана жүрмей ме екен? Сізден қызмет сұрадым ба?!» дей жаздадым. Жүсекең газет-журнал сатылатын жайма жаққа бұрылып қарап, құлақшынын тағы бір қозғап қойып, жөнеле берді де: – Сен Кәкімжанмен хабарлас, ол: «көрелік, хабарлассын» – деген, әлгі «вертушка» дегенің бар ғой, кешіктірмей хабарлас, ал сау бол! – деп кетті.

Арада біраз уақыт өткенде іңірде Жүсекең телефон соғып, менің Қазыбаевпен әлі хабарласпағанымға реніш білдірді. «Жоқ, бармаймын» десең, сені сүйреп апармайды ғой, хабарлас та кіріп шық. Кәкімжанның Аманкелді Қайырбаев деген көмекшісі бар, мен соның телефон нөмірін айтайың, жазып ал да, сөйлес, бар!» – деп салмақ салды.

...Жүсекеңді – әйгілі «Ара-Шмель» журналында Бас редактор болған Жүсіп Алтайбаевты Өскеменнен Алматыға көшіп келмей тұрғанымда-ақ сырттай білетінмін де, ерекше сыйлайтынмын. Оны жоғарыда айттым...

КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директорлығынан еріксіз жылжытылып, «Ара-Шмельдің» Бас редакторлығына амалсыз барғанымға екі апта толғанда кабинетке Жүсекең кіріп келіп:

– Міне, енді жүде дұрыс болды! Қызылорда жаққа бір туыстарымның шаруасымен барып, бөгеліп қалдым, әйтпесе сені сол күні-ақ құттықтамаймын ба?! – деп, құдды кешірім сұрағандай көзін тайдыра жымыңдап, кең құшағына алды.

– Ай, Жүсеке-ай, тыныш жүрмедіңіз, ә?! Осы пәлені бастаған сіз емей, кім? – дедім.

– Шынымды айтайың, «Кім лайық?» – деп сұраған Кәкімжанның өзі, ал мен – кандидатураны ұсынушы ғанамын. Оны қойшы, жалпы Кәкімжанның Орталық партия комитетіне апарылғаны өте дұрыс болды. Өзі идеологияның адамы ғой, жазушы, өте дұрыс болды! – деді Жүсекең, айызы қана сөйлеп. Мен: «Бір оқпен екі қоян атып алдым!» – деп тұрсың-ау, сен қу шал!» – деп іштей күлдім.

Журналда бес жыл істеген кезімде Жүсекеңмен ылғи пікірлесіп жүрдім. Партия ұйымымыздың, не әкімшілігіміздің жиналыстарында болсын, немесе жайшылықтағы шүйіркелесуде болсын Жүсекең әрқашан ағынан жарылатын, журналшының ажары – халыққа адалдық, қоғам мүддесіне жанашырлық, қай істе де әділдік, батылдық, табандылық дейтін. Өзі сондай болды да! Жүсекең шығарған журнал сандарын сараптап отырғанда, басылымның тек халыққа қызметші, қамқоршы болғанын айқын аңғарасың. Үлкен-кіші мақала-фельетонның бәрінен қарапайым еңбек адамының үні естіліп тұрады. Ұлы мәртебелі Еңбекқор не дейді, неменеге мұқтаж, нені талап етеді?



Оның ел игілігі үшін алаңсыз, қажырлы, қуатты еңбек етуіне қандай жағдай жасалуы керек? Қоғамның хал-ахуалы қалай, оның кәрі-жасының тірлігі, бейнесі қандай, өмірінің мәні мен сәні не?.. Адамның аман-есен жүруіне ауа қажет болса, Жүсекең, егер бейнелеп айтсам, қолындағы журналды сол ауаға айналдырған. Ірі-ұсақ сөзіне тек ақиқат арқау етілгенде ғана – басылымның бағы жанатынын, беделді болатынын үнемі ескеріп, ұстанып отырған. Жүсекең Бас редактор болған тұс – «Ара-Шмельдің» абыройы, беделі шырқау шыңына жеткен жылдар!

Қаламгер Жүсіп Алтайбаев – әрқашан тауып та өткір сөйлейтін, шыншыл да шымыр жазатын. Әжуа, мысқыл, кекесінің ауызшасы мен жазбашасы жарысты, жарасымды болатын. Ал байсалды прозаға қалам тартқанында – оқиғаның нанымдылығын қадағалайтын, көркем суреттеудің, оқырманды қызықтырудың жөні осы деп қызу, жылтырақ қитұрқыға қол ұрмайтын. Ауызша әңгімеде де әлдекімдерше әйтеуір айтқыш болудай жөнсіздікті, жеңілтекті қаламайтын, нақтылықты қадірлейтін аса әдепті адам еді.

Жүсекеңнің ауызша әзілдері бізді қызықтыратын. Бірде кабинетіме келіп, үш-төрт қызметкеріміз бар бәріміз оны-мұны әңгімелеп отырғанымызда, ұстазымыз әдетінше «хе-хе» – деп күліп қойып, былай деді:

– Бағана трамвайда келе жатқанымда менімен қатар отырған орыс әйелдің алдындағы қандан иті оқыс ұмсынып, қолымды жалап кеп алды. «Ей, мынау қайтеді?!» – деп итін мұрнына шертіп қалдым. «Ұрма! Иттің аты – ит!» – деп иесі ашуланып шыға келді. «Ит екенмін деп жалай бермек пе сонда?» – десем, анау қатын: «Есеңіз кетіп бара жатса, сіз де оны жалап алыңыз! – дегені бәтшәғардың», – деп жымыңдады. Біз ду күлдік.

– Айтпақшы, бізбен көрші бір әйелдің ұлы әскер қатарынан оралды. Кеше кешке, – деп Жүсекең тағы «хе-хелеп» алды: – Әйел жалғызбасты еді, баласы да жалғыз сол. Енді қуанып жатыр ғой, қуанышына құтты болсын айтып шығайық деп кемпірім екеуіміз бардық. Жігітпен әңгімелесіп отырған бір әредікте шешесі ұлына емірене қараған қалпы: «Қыстай не киіп жүрдің, құлыным?» – деді. «Шинель» – деді баласы. «Ал түнде ұйықтағанда не төсеніп, не жамылып жүрдің?» – деген шешесіне ұлы жымып: «Шинель» – деді. Сонда шешесі емірене түсіп: «Шиненіңнен де, өзіңнен де айналайын!» – деді. Біз тағы ду күлдік.

Жүсекең ауызша айта жүретін әзілдерін кейін жинақтарына сәл-пәл өзгертіп, әрине, дәмдеп енгізетін. Тыңдаушысына әсерін алдын ала байқап, оқушысына қалай ұсынуды жобалайтын әдеті болса керек.

Басыма екі жыл бойы үйірілген бұлт (Орталық Комитеттегі «көсемдер» мені журналдан кетіруге кіріскен) 1987-жылдың күзінде әбден қоюланған бір күні Жүсекеңнің үйіне телефон шалдым.

– Иә, батыр, хал-жағдайың қалай? – деді.

– Журналға «Сенен артық ешкімнің керегі жоқ!» – деп апарған Орталық комитетіңіз енді «Сенен ақымақ ешкім жоқ!» – деп жатыр. Екі-үш министрі сыналып, тоңқалаң асқанын білесіз...

– Білем ғой, білем. Күшті көкелерінің көлеңкесіне табынып жан сақтар жалбақайлардың талайын тырапай асырдың, соларының кеңірдегіне кездік тиген ешкіше бақырғандарына бәсекендер қашанғы шыдасын, тонның ішкі бауындай байланып, ымы-жымы бір болып кеткен пәлелер емес пе, бірін бірі қорғап, қоқиланады олар. Біздің қоғамның соры – сол. Биліктің тұтқасын ұстағандар қоғамның күйін ойламайтын болып барады, енді оны өзің де білесің. Бульдозердің астына түсіп қалма, байқа, ойлан, қабырғаңмен кеңес, – деді, налыс толы үнмен.

– Идеология жағындағы хатшысына барып шықтым.

– Әлгі «үш әріп» жақтан келген қуға ма? (республикалық КГБ бастығы тағынан биігірекке көтерілген З. Камалиденевті меңзегені).

– Иә, соған. Жазушылар одағынан еріксіз әкеткенсіңдер, енді Жазушылар одағына қайтадан апарыңдар, бұдан былай журналда жұмыс істеуім мүмкін емесін сездім дедім.

– Ол не деді?

– Ол: «Ештеңе етпейді, жұмыс істесеміз!» – деп ырсиып қалды.

– Адал іс жоқ жерде арам күлкі жүреді, – деді Жүсекең...

Журналшы, жазушы Жүсіп аға мынау фәниден сәбилік тазалығымен, азаматтық адалдық-әділдігімен өтті. Тік жаралған еңсесін тік ұстады.

2001-жыл.



### «ЖӨН... ЖӨН...»

1983-жылғы мамыр айының орта шені. Компартия Орталық Комитетінің үгіт және насихат бөлімі шақыртып, келесі күні, белгіленген сағатта Күләш Байсейітова көшесімен көтерілдім де, теңіз төсінде тұрған алып ақ кеме тәріздес алты қабат үйге бардым. Орталық Комитетке бірінші баруым. Үйдің іші де сыртына сай салтанатты екен: кілең мәрмәр, гранит, емең, никель бұйым-бөлшектер, аяқ астың былпылдаған қызылала түкті кілемше, тіпті, табанымның таңбасы түсіп, кірлетіп алар ма екенмін деп жасқанғандайсың. “Пропуск бюросының” рұхсат қағазында көрсетілген бөлмеге кіріп едім, бауырсақ мұрын орыс келіншек: «Бөлім меңгерушісінің орынбасары тосып отыр, кіріңіз», – деп оң қол жақтағы есікті нұсқады. Онда кіріп едім, ашытқысы келістіріліп пісірілген тоқаштай томпиған аппақ жігіт жылы шыраймен қарсы алды. Ақ шала бастаған қара бұйрасын шашты. Таныстық. Аты-жөні – Әбдеш Қалмырзаев екен. Әңгімелестік. “Ара”, “Шмель” журналдырының соңғы бірнеше сандарын үстелге жайып салып, о тұсы мен бұ тұсына қызыл қарындашпен қойылған белгілерін көрсете кейіп сөйледі. “Журналдың қазақшасы да, орысшасы да журнал болмай барады, қараңызшы, міне, жаңажылдық нөмірлерінің мұқабасындағы суретке қараңызшы, ұят емес пе? Бөлке нанның үстіне бөтелке арақ қойыпты, сонда жаңа жылды арақ ішумен қарсы алыңдар дегені ғой!” – деп ренжиді. “Мейманқостықты насихаттағаны шығар?” – деймін. “Насихаттарының түрін, тіпті, ұят!” – дейді орынбасар жолдас.

Әбдеш мені бөлім меңгерушісіне ертіп барып таныстырды да, өзі шығып кетті. Меңгеруші Георгий Михайлович Шестаков тез сөйлейтін кісі екен. Сатира журналының редакциясында береке қалмағаның, бар-жоғы он журналшы үш топқа бөлініп, бірі мен бірі жұлқысып, Орталық Комитетке арыз-шағым айдаумен жүргендерін, олар туралы “домалақ хат” та көбейіп жатқаның, соларды қараумен, реттейміз деумен өздерінің де жүйкесі жұқарғанын әзілдей отырып айтты. “Журналға барғаныңыз жөн, бірлесіп жұмыс істейміз” – деді. Оған «ойланайын» – деп кеттім.

“Ойланайынымның” түбі идеология жөніндегі хатшы Кәкімжан Қазыбаевқа терістеу көрінсе керек, бір күні оның қабылдау бөлмесінен бір-ақ шықтым. Орта бойлы, көзі бажырайған, өңі қожа нәсілдес қара қошқылдау жігіт – Жүсекеңнің Аманкелдісі маған қадала қарады. Жүзіне күлкі нышаны жоламағалы біраз жыл болған сияқты. Маған

құдды көңіл айтатын кісіше тұнжыраңқы келіп, оң қолын ұсынып: “Сіз кім боласыз? Документіңіз?” – деді құпия бірдеңе айтқандай күбірлеп. Мен СССР Жазушылар одағының мүшелік билетін алып ұстаттым. Жігіт билетімді ашып, оқып, сонсоң өзіме қайтарды да, үнсіз бұрылып, есіктің оң жақ қапталындағы жалпақ үстеліне барды, онда тұрған жазу мәшіңкесіне бір жапырақ қағазды қыстырып, бір-екі сөз жазып алып, сірә, менің аты-жөнім шығар, соны оң қолына шошайтып ұстаған күйі қызыл қоңыр емен есікке қарай бұрылды; қайраттылау қара шашын сол қолымен бірер сипап, пенжағының өңірін де бірер сипап, галстугын ырғап қойып, ішке еніп кетті. Оның сахнаға шығатын артисше сыланғаны маған қызық көрінді. “Артист” ізінше оралды да, маған ішке кіруге ишара жасап, өзі жалпақ үстеліне беттеді.

Нән-нән қос есік еменнен жасалмаған, қалың матадан тігілген төрізденіп, ешбір дыбыссыз ашылып жабылды. Соған іштей таңдана тұрып, бөлме төріне көз жібердім. Қозы өрісіндей дерлік тұстағы төргі қабырғада Лениннің үлкен портреті ілінген. Оның астыңғы жағындағы үстел басында Кәкімжан Қазыбаев отыр. “Келіңіз, төрлетіңіз!” – деді ол, қағазынан бас көтермеген қалпында. “Төбесімен көріп отырғаннан сау ма?” – деп іштей күлдім де, Кәкеңе қарай аяңдадым. Жете бере:

– Ассалаумағалейкүм! – дедім. Орнынан тұрып, маған қарсы қозғалған Кәкең:

– Ә, Ғаббас, сәлеметсің бе? Төрлет! – деп жымия қолын ұсынды. “Уағалейкүмәссаламды” айтпады, бірақ жымиды, “ұмытпаған екен” – деп ойлады. Ол менің ойымды оқып қойғандай:

– Ғаббас жолдас, сен оншама өзгермепсің, сол қалпың, мен ұмытқан жоқпын, – деп жылы сөйлеп, аман-есендігімді сұрады. Қиыстау тұрған үстелдің кеуде тұсындағы арғы шеттен екінші орындыққа отырды да маған қарсысынан орын нұсқады. Содан кейін тағы да жымиып:

– Бір қалада тұрсақ та, жүз көріспегенімізге үш-төрт жылдай болып қалды-ау, ә? – деді.

– Жазушылар съезінде жолыққанбыз, иә, төрт жыл болды. Жаңа орныңыз құтты болсын, мәртебіңіз өсе берсін! Әдейілеп келуге ыңғайсыздандым, уақытыңызды алмайын деп ойлады, – дедім.

– Е, қызмет – қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ, оны қайтесің. Міне, жарты жылдай болды ма, бір әңгіме жазуға уақыт таппадым, творчествома обал болды. Сендер рахаттасыңдар ғой, жылара бір кітап шығарасыңдар! – деді Кәкең, дауысынан шынында бір сызат сезіліп, сірә, жазушылығын билікке айырбастағанына өкініші бары рас болса керек. Бірақ мен сене қоймадым. Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы болғанына риза емес деу көкейге қонар ма?! Риза болмайтыны бар – неге келді? “Сүйреп апармайды” ғой?!.

– Кәке, біз жазғанымызды әрең шығарамыз, баспаға, анау баспасөз жөніндегі комитетке, одан сіздердің бөлімдеріңізге жалтақтап жүргеніміз. Ал сіздерге оп-оңай емес пе, жазсаңыздар болды – өзінен-өзі кітап болып шығып жатады, – дедім.

Кәкең орындықтың биік арқалығына шалқия сүйеніп, сиыр жалағандай жып-жылтыр боп жатқан тықыр қара шашын қос алақанымен сипағандай ишара жасап, жайдарылана ақырын ғана күлді де, қара торы дөңгелек жүзіне жарасымды қой көзімен барлай қарап:

– Ғаббас, сен де айтасың-ау! Бір әңгіме жазбағалы қашан! Жазбаған дүние қалай шықсын?! Уақытымның бәрі мына жұмыспен өтіп жатыр, тіпті сенбі, кейде жексенбі күндері де осында отырамын, командировка дегенің – өз алдына бір қиямет, – деді.

– Мүмкін, – дедім.

– “Мүмкін”... Жарайды, ал өзіңнің қызметің қалай? Сықақ әңгімелеріңді оқып жүремің, бірақ сен сирек жарияланасың, әлде сенде де уақыт жоқ па? – деді Кәкең.

– Творчество үйін салдырамыз деп әуреге түсіп, мен де уақытқа жарымайтын болдым, – дедім.

– Жарайды, – деп Кәкең салмақтана қалып тұзу отырды да маған салқындау қарап: – Сені “Ара-Шмель” журналына бас редактор етіп тағайындауды ұйғардық, ал сен бөлім меңгерушісіне анық жауабыңды бермепсің, оның қалай? – деді.

– Барғым келмесе, басқа не айтуым керек?

– Барамын, бармаймын деген болмайды, партияның сенімін ақтау деген болады.

– Кәке-ау, мені қинамаңызшы!

– Себеп?

– Творчество үйін табанымнан тозып жүріп салдырттым, бейнеттің көкесін көрдім, енді соның рахатын да көрейің, тым болмаса бір-екі жыл?!

– Оның рахаты ешқайда қашпайды, өздерің үшін салдыңдар, рахатын да өздерің көресіңдер, ол әңгімені қоялық осымен.

– Сонда...

– Журналдың халі қиын, оны оңдауымыз керек.

– Кәке-ау, сонда менен басқа барар кісі жоқ па?

– Сатиралық журналға сатирик қана басшы болуға тиіс, ол бір ізбен тарта беретін басқа газет-журналдардай емес.

– Сатирик те жетеді...

– Фаббас, кадр жоқ емес, бірақ біз саған тоқтадық, өйткені сұрыптағандарымыздың бірі партияға мүше емес, бірі орыс тіліне шорқақ, бірі ішіңкіреп жүреді... қысқасы – біз сені ұйғардық.

Жүсіп Алтайбаевтың анау жолы мейманханада кездескенімізде айтқан мағлұматын енді Кәкеңнің аузынан естідім.

– Кәке, сенім білдіргендеріңізге рахмет, алайда мен бара алмаймын, – дедім, “сүйреп апармайтындарын” есте ұстап.

– Неге бара алмайсың? – деді Кәкең, шұқшия қалып.

– Қып-қызыл отқа түсіп не сорым?

– Ештеңе етпейді.

– Жоқ, бармаймын!

– Фаббас, сен қызбаланба, – деді Кәкең, ақырын сөйлесе де ақырғанға татырлық зілмен.

– Енді...

– Тоқта, қызбаланба. Біз көкбазарда отырған жоқпыз, саудаласпайық. Қалтамызда партбилет барда біздің қайда, қашан барарымызды шешетің, иә, шешетін орын бар. Алдымыздағы аптаның сейсенбісінде бюро болады, сонда бас редакторлыққа бекітілесің, дұрысталып кел. Сау бол! – деп Кәкең қолын ұсына орнынан тұрды. Менің жаным шыр етті.

– Кәке!..

– Басқа айтарың болса, кейін әңгімелесеміз, ал бүгінгі сөз осымен бітті! – деп ол үстеліне қарай беттеді.

Менің амалым құрыды. “Партия айтты – бітті!” Белгілі жәйтті бекерге шығарғым келгені неткенім?!. Мен есікке қарай аяңдадым.

– Айтпақшы, Ғаббас, баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есінде ме? – деді Кәкең ту сыртымнан. Дауысы көңілді шықты. Мен естімеген кісіше кете бардым. “Көңілдене қалғанын!” – деп іштей қыжырттым; қолымнан келгені сол болды...

...Кәкеңнің “баяғыдағы саудаласқанымыз да жетер, есінде ме?” дегенінің әлде қызық, әлде шыжық сыры бар. Ол “сауда” бұл “саудадан” он тоғыз жыл бұрын болған. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып жүрген кезім. Көктемде кезекті сессияға келгенбіз. Бір күні старостамыз газеттің техникалық көркемделуінен лекция болатынын, сонсоң одан сынақ тапсыратынымызды ескертті. Лекция оқуға келген жігіт өзін: “Аты-жөнім – Кәкімжан Қазыбаев. Алматы облыстық “Жетісу” газетінің редакциясында редактордың орынбасарымын”, – деп таныстырды. Қоңыр үнмен ақырын сөйлейді екен. Сабырлы, салауатты. Лекциясын үш күн оқып, соңында сынақ алды. Бізбен қоштасып тұрып, маған иегін ұмсынта қарап:

- Сіз, Ғаббас жолдас, макеттің мастері екенсіз, қай газеттен келдіңіз? – деді.
- Шығыс Қазақстан облыстық “Коммунизм туы” газетінен, – дедім.
- Ә, Мұқан Әбуғалиевтың кадры екенсіз ғой?
- Иә, сол кісінің кадрымын.
- Қызметіңіз?
- Жауапты хатшымын.
- Мені тоса тұрсаңыз, әңгімелеселік, – деді.

Екеуіміздің әңгімеміз “Жетісу” газеті редакциясына, жауапты хатшының орынбасарлығына шақырылуыммен аяқталды.

– Әзірше, бірер ай орынбасар боласыз, содан кейін жауапты хатшылыққа тағайындаймыз, бізге бір тиянақты жауапты хатшы керек болып жүр, – деді Кәкең.

- Алматыда журналист көп емес пе? – дедім.
- Журналистің кез келгені жауапты хатшы бола ала ма? – деп қарсы сұрақ қойды.

Мен үндемедім. Көкейімнің сонау да сонау түкпірінде “Шіркін, Алматыда тұрсам ғой!” – деген бір арман бұғып жатушы еді, сол пақыр ұшып тұрып, қуаныш биін билей жөнелгендей күй кештім.

- Ертең редакцияға келіңіз, сағат 10 шамасында, жарай ма? – деді Кәкең.
- Жарайды, – дедім.

Ертеңінде “Жетісу”, қайдасың?» – деп тартып келе жатыр едім, Панфилов көшесінен Совет көшесіне бұрылар бұрышта Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденовке кез болдым. Көгенкөз таныстар шұрқыраса табыстық.

– Ғаба-Ғабеке, қойнына ұрын аттанған күйеудей қайда асығып барасың? – деді Шәмші мәз болып.

- Ойбай, бір қызық бар! – деп қайда, неге кетіп бара жатқанымды баяндап бердім.
- Дұрыс, дұрыс, Алматыға келгенің дұрыс. Астананың аты – астана. Оспанханға сарбаз боласың, кітаптарыңды шығарасың, – деп Шәмші шын қуана құптады.
- Дұрысы дұрыс қой, тек пәтер жағы қинап жүрмесе, – деп Жүмекен сабыр сақтай пікір қосты...

– Пәтер деген мәселеде біздің көмегімізге сенуіңізге болмайды, ол жағына ұяттымыз, қызметкерлеріміздің біразы пәтерсіз жүр, қалалық Совет бізге оң көзімен қарамайды, бір рет сынағанымыз бар еді, – дегенді “Жетісу” газетінің редакторы Әбдуәли Қарағұлов бірден айтты. Кәкең мені өз бөлмесінде көп кідіртпей, сол кісіге алып барып

таныстырған-ды. Әбекең байсалды адам екен, өзі тым ақырын сөйлейді. “Кілең ақырын сөйлейтіндер жиналғаннан сау ма?” – деп іштей күліп қойдым.

Редактордың кабинетіндегі “жылы шырайлы достық әңгімеміз” нақты келісімсіз тәмамдалды. Әбекең:

- Қызметіңізде перспектива бар, Кәкең айтқан болар, – деп тоқтады.
- Бізге сіздей кадр керек, келіңіз, өкінбейсіз, – деп Кәкең тұжырды.
- Ойланайың, үй-ішіммен ақылдасайың, хабарласамын, – деп мен кеттім.

Дәлізде Жүмекен тұр екен.

– Иә, қалай? – деді ол, көзі жылтырай жымыңдап.  
– “Қалайың” не? Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын? – дедім.  
– Біздің журнал да осы үйде, бірақ менің бөлмем оңаша емес, үш кісі отырамыз, жүр, далаға шығайық, саған бір қызық айтайың, – деді Жүмекен. Ол “Мәдениет және тұрмыс” журналында бөлім меңгерушісі. Екеуіміз сыртқа шықтық.

– Иә, не айтасың? – дедім.

– “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында бір орын бос көрінеді, сен мынаны қой да, соған бар! – деді Жүмекен.

– Мен келісіп қойдым ғой, – дедім, қалайша олай дегенімді өзім де аңғармай.

– Келісіп қойғаның қалай? “Үй-ішіммен ақылдаспай не дей аламын”? дегенің қайда?

– Келетін шығармын деп ойлады да.

– Тәйір-ай, “келісіп қойдым ғой” дегенің сол ма? – деп Жүмекен ақырын ғана күлді де: – Әдебиет газетіне барғаның дұрыс болады, онда да жауапты хатшының орынбасары керек екен, жаңа анықтап білдім, аптасына бір рет шығатын газет. Мәкет-сәкет дегенің – өзіңнің қолың, сызы-ы-ып отырасың. Әңгіменді жазуға да уақытың жетеді, – деді.

– Мені не қылады олар? Мен жазушы емеспін ғой?

– Барып көрсеңші, тоныңды шешіп алмас. Бар, редакторы Нығмет Ғабдуллин деген жазушы, жақсы адам, тура өзіне барып сөйлес, мен де сөйлесейін.

– Жүмекен, ей, сен қызық екенсің? – дедім шын таңдаып.

– Ғабекесі, ей, сен де қызық екенсің, жан тыныштығыңды білмейтін! – деп Жүмекен қарымта қайтарды. Үнінен реніш табы аңғарылды.

– Жарайды, барып көрейін, – дедім.

– Сөйт, молодец! – деп Жүмекен жайдарылана қалды...

(“Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясына қызметке қалай алынғаным осы жинақтағы «Жайдары жанда» айтылды.)

...Орталық Комитеттің бюросында “Ара-Шмель” журналының бас редакторлығына бекітілдім. Журналистік өмір жолым жөніндегі ресми ақпарды бюро мүшелеріне Кәкең оқып берді. Бюроны басқарып отырған Димекен, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев:

– Қабышев жолдасқа сұрақтарыңыз бар ма? – деп көпшілікке қарады. Сәл-пәл үнсіздіктен кейін әлдекімдер:

– Түсінікті ғой.

– Сұрақ жоқ, – десті.

– Онда бекітеміз бе? – деп Димекен қолын көтерді. Бюро мүшелері болар, он шақты адам қосыла қол көтерісті.

– Фаббас Қабышев жолдас, сіз республикалық “Ара-Шмель” сатира журналына бас редактор болып бекітілдіңіз, құттықтаймын! Журналдың абыройын көтеретін болаңыз! – деді Димекен.

– Сенім білдіргендеріңізге рахмет! – дедім.

– Сіз бара беріңіз, боссыз, – деді Кәкең.

...Кәкең біраз күннен кейін “вертушка” телефоны арқылы өзі хабарласып, құттықтап, журналдың беделін күшейту, тиражын көбейту қажеттілігіне қатысты пікірлерін білдірді.

Жаңа қызметке кіріскеніме екінші апта басталғанда болар, бір күні Жүсекең – Жүсіп Алтайбаев, келіп, құшақтап құттықтап:

– Өте дұрыс болды! – деді Жүсекең, айызы қана...

“Дұрыс болдының” ақыры қалай болғанын кім білсін, Кәкеңнің хатшылық ғұмыры ұзаққа созылмады. Жиыны үш жылға жетті ме, жетпеді ме, ол орыннан сырғытылып, “Қазақстан коммунисті” журналының бас редакторлығына тағайындалды.

– Кәке, егер мен бірдеңе білсем, творчествоңыз үшін осы орныңыздың өзі қолайлы болар, – дедім кабинетіне барып, сырттай құттықтау, іштей жұбату айта отырып.

Кәкең қалайда біртүрлі ашыла күлді.

Кәкеңнің Орталық Комитеттегі хатшылық қызметінде кінәрат болды дей алмаймын. Ол өткізген мәжілістерге үнемі қатысып жүргенде оның мәдениет, әдебиет, өнер мәселелерінің арғы-бергісін, мән-маңызын, күн тәртібіне қойылу ретін, шешімін табу дегендеріңізді қапысыз білетініне көзім жетті.

Кәкең әрқашан сабырлы, салмақты, татымды сөйлейтін. Басқалардың пікірін мұқият тыңдайтын. Қаншама қисынсыз, қиын сөз туындаса да, оның өктемденгенін, дауыс көтергенін көрген емеспін. Сол тұстағы газет-журнал редакторларының бәрі де Кәкеңнің алдында еркін отырып, ашылып сөйлеп, көңілденіп тарасатынбыз. Зейнеткер қарт журналистер: “Идеология жөніндегі хатшы дегенде марқұм Ілияс Омаровтан берідегі білімдары, орнықтысы – осы Кәкімжан”, – деп дән риза болып жүретін. Олар кейін де “Хатшы іздесең, енді Өзбекәлі Жәнібековтен артықты таба алмайсың!” – десті.

Әдебиет, өнер, ғылым саласында еңбек еткен зейнеткерлерде бір қызық та жақсы әдет бар. Олардың бірсыпырасы күн ашықта, жылыда опера және балет театрының оң қапталындағы Мұхаң (Мұхтар Әуезов) ескерткіші жанына жиналып отырып, әңгіме-дүкен құрады, өткен-кеткен оқиғаларды әңгімелейді, пікір алысады, естелік айтады, әзілдеседі. Орталық Комитеттің хатшыларына қатысты тұжырымдарды сол кісілерден естіген едім. Көп жыл хатшы болған Саттар Имашев туралы: “Е, ол қазақтың рухына қызмет етпей-ақ кетті емес пе?!” – десе, Нұрымбек Жәнділдинді: “Ол мынау Камелиденев екеуі тасыраңдаудан басқа не бітірді?!” – деседі.

Мен Имашевты да, Жәнділдинді де сырттай ғана білдім, ал Зақаш Камалиденов жалпыға мәлім. “Студенттердің басым көпшілігі – қазақтар!”, “Ауыл шаруашылығында награда алғандардың көбі – қазақтар!” – деп партияның бір құрылтайында беталды лаққан-ды. 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісінде, одан соң да оның қазақ жастарына, қазақ зиялыларына колбиншіл шоқпар болғанын ешкім ешқашан ақтай алмақ емес!

Имашевқа қатысты бір ғана деректі айта аламын. “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясында істеп жүргенімде Бас редакторымыз Нығмет Ғабдуллин бір күні бәрімізді жиып алды да, Орталық Комитеттің хатшысы Имашев жолдаспен сөйлескенін, одан газеттің көлемін ұлғайтуға, жалақыны, қаламықыны көбейтуге көмектесуін сұрағанын, хатшының уәде бергенін қуана хабарлап, жауапты секретарьға тиісті баспаханалық-қаржылық құжаттарды тез әзірлеуді тапсырды. Қажет құжаттар тез дайындалып, Д.А.Қонаев жолдастың атына хат жазылды (өріне, Жазушылар одағы атынан), Нығаң оның бәрін Имашевқа табыстап келді, бірақ, ешбір жақсылық

өзгеріс болған жоқ. Кейініректе Нығаң өтінішті, басқа құжаттарды жаңалап, Димаш Ахметұлына барып шыққан соң ғана мәселе тездетіліп, оң шешімін таба алған.

Ал редактор-әріптесім болған Кәкеңмен кейін де бір әзілдесе әңгімелесіп отырып:

– Кәке, шыныңызды айтыңызшы, анау үлкен үйден мына кіші үйге тез келуіңізге не себеп болды? – дедім. Ол жымыңдап қарады да:

– Оны қайтесің? – деді.

– Енді... біле салайын да!

Кәкең күлді. Сонсоң:

– Бәрін білмей-ақ қой, шет-жағасын айтайын. Бір жағымнан “Қазақтың тұңғыш профессионал режиссері – менмін!” – деп буырқанып, Жұмат Шаниннің аруағынан аттап кетіп жүрген анау ағаң шабуыл жасады. Ал жол – ақиқатында Жұматтікі. Қай салада болсын тұңғыштың аты – тұңғыш. Кейінгілері оны қастерлеуге тиіс. Мәселе дипломда емес. Сірә, бара-бара Абай мен Жамбылды да дипломы болмаған деп қомсынатын шығармыз. Екінші жағымнан шабуылдағандар да – нағыз профессионалдар, жоғарыға арыз жазуға әбден төселгендер. Олар – өзіміздің әйгілі топшыл қаламдастарымыз. Отыз шақтысы қол қойып, қатырып арыз жазыпты. Политбюроға, Мәскеуге. Мені саяси дайындығы кем, ортақол журналист, оның үстіне рушыл депті. Басқа жақтан шыққан редакторларды қуып, өзінің руластарын қоя бастады депті. Ақселеу Сейдімбеков екеуіңді мысал етіп көрсетіпті. Қызық, ә? Ақселеудің “Білім және еңбекке” баруы маған дейін шешілген, ал сені “Араға” апару сатиралық журналдың кешегі Ғабен, Жүсекең шығарған биіктен құлдырап кеткеніне жанымыз ауырған соң жасаған шарамыз еді, при чем тут рушылдық? Менің бойымнан рушылдық “тапқандары”... – деп Кәкең мырс-мырс етіп, басын шайқады.

– Ой, Кәке-ай, иттің басы неге ауыратынын білесіз ғой! – деп едім, үстелді екі қолымен тірей шалқайып күлді.

2001-жыл



## ҚАРУЫ – ҚАЛАМ, ТУЫ – АҚИҚАТ

Жер шарының барша құрылығында ізі қалған, көне Қазақ елі мен жері, халқы хақында перзенттік мақтанышпен, құштарлықпен сыр шерткен шарапатты сөзі қалған Әнуар Әлімжановтың бүгінгі біздің, ертеңгі толқын-толқын ұрпақтарымыздың алдындағы азаматтық аса бір айтулы әрекеті – жазушы-сыншы-ғалымсымақтардың жалақор, пәлекор тобынан екі жыл бойы «феодалшыл», «буржуазияшыл», «кертартпа» дегендей былапыт сөзді бейкіне көп естіген Ұстазы Мұхтар Омарханұлы Әуезовті әйгілі «үш әріптің» – КГБ-ның құрулы қақпанына түсіп қалудан сақтап, Мәскеудегі достарына жасырын аттандырып жіберген жанкештілігі! Соның өзі-ақ қазағының аузында аты ардақталып қалуға тиістігінің бір айғағы дер едім. Алайда, әуелі басқалардан, содан кейін айтпасына қоймай қолқалап, өзінен естіген сол оқиғаны қазір де әлдекімдердің жоққа шығарғысы бар. «Әлімжановтың өйте алуы мүмкін емес!» деседі. Солардың қайсыбіріне, мысалы, Мұхаңмен тонның ішкі бауындай болған жазушы-драматург Әлжекеңнің – Әлжаппар Әбішевтің «Шерлі шежіре» кітабынан:

«...Ол (Мұхтар Әуезов, – *Ғ. Қ.*) іштегі шерін осылай ақтарып болғаннан кейін барып аздап жадырап, дауысы да жайдары шықты:



– Мен үшін басын балтаның астына тосқан Әнуардың азаматтығына – өлсем топырағым разы!

– Ол не істеді?

– Егер ол қашып кетудің алуан түрлі айласын таппаса, мен қазір Мәскеудің мынандай төрінде емес, Алматыдағы түрмелердің біреуінің түбінде отыруым мүмкін еді, – деді де, сағатына қарады...» – дегенді оқып бергенімде кіржиіп, қырыстанып кете барғанын көрдім. Бірақ олардың кешіргісіз керенау қылықтарына таңдануға болмайтын да еді. Ұлтының ұлы ақыны хақында ұлағатты эпопея жазып, әлем әдебиетінде кездеспеген үрдісті бастаған академик жазушымыз, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Мұханды топтанып, бетпақтана құдалаған, Ғылым Академиямыздағы, сондай-ақ, Мемлекеттік университетіміздегі қызметтерінен шығарып тастаған сонау қазақемдердің мынау «ұрпақтарынан» ізгілік күту әбестік қой!

Мұхаң Академиядан мына құжат бойынша қуылды (көшірмесі):

*Постановление президиума АН Казахской ССР  
от 06. 04. 1953 г. по отчету о работе отделения  
общественных наук АН Каз. ССР за 1953 год.*

3. За бездеятельность, срыв работы по 1-тому «Истории казахской литературы» вывести из Бюро отделения общественных наук действительного члена АН Казахской ССР М. Ауэзов.

*Вице-Президент АН, действ. член АН Каз. ССР – М.И. Горяев.*

*Главный уч. секр. АН, д. ч. АН Каз. ССР – Д.В. Сокольский.*

*(Архив АН Каз. ССР, ф.2, оп.10, ед. хр. 53, л.23, 26,27).*

Ал университеттен қуылғаны Бейсебай аға Кенжебаевтың естелігінде қысқаша былай делінген:

«1953-жыл. Наурыз айы. Мұхаң екеуіміз ұлтшыл деп танылып, Қазақ мемлекеттік университетінен бір бұйрықпен жұмыстан шығарылдық. Бір-екі күннен кейін ол кісі Москваға жүріп кетті...» («Ақыл-ой ағамыз». «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «Жазушы» баспасы, 1997-жыл).

Мұндағы бір жаңсақтық – «Бір-екі күннен кейін ол кісі Москваға жүріп кетті». Егер Мұхаң наурызда Мәскеуде болса, мына төменде айтылатын конференцияға қатыспаған болар еді.

Мұханды қуғындаудың ең сорақысы да соңғысы сыйлық – республика Ғылым Академиясы мен Жазушылар одағының қазақ эпостары жайында бірлесіп өткізген конференциясы болды (1953-жылы, көкек айының 11-15-күндері). Конференцияны Академияның Президенті Дінмұхаммед Қонаев ашып, жазушы Мәлік Ғабдуллин, ғалым Мұсатай Ақынжанов баяндама жасады. Мұхаң бес күн бойы нысанаға алынып, оған «буржуазияшыл, феодалшыл, ұлтшыл» деген қара таңба басылды. Мәселен, М. Ғабдуллин былай деді (конференция жұмысы орыс тілінде жүргізілгендіктен, оның түйіндерін түпнұсқасынан келтіріп отырмын):

«Кто первым из казахских литературоведов выдумал и пропагандировал теорию о литературе «эпохи «Зар Заман», осужденную в 1947 году нашей общественностью? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов поднял на щит душителей народов Кенесары и Наурызбая, написав пьесу «Хан Кене» и другие произведения? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов выдумал и долгое время пропагандировал и превозносил теорию о «поэтической школе» Абая, осужденную нашей общественностью в 1951 году? Профессор Ауэзов.

Кто первым из казахских литературоведов исследовал и пропагандировал реакционные, антинародные поэмы и сказания об Едыге, Шоре и Кенесары, Коркуте и других, выдавая их за народные? Профессор Ауэзов.

О чем говорят эти факты? Они говорят о наличии у профессора Ауэзова системы буржуазно-националистических взглядов. Как говорится, факт – вещь упрямая. Его нельзя замаскировать никакими увертками и маневрами».

Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің бақылаудағы, аңдудағы Мұхтар Әуезовты тұтқындау туралы құпия шешім жасауы – осы конференциядан кейін. Ал шешім болғанын сонда (КГБ жүйесінде) қызмет істеуші Абдолла Қылышбаев (Әнуардың ағасы, бірақ нағашы атасы бауырына салып, сол кісінің атына жазылған) хабарлады да, Мұханның жағдайын бажайлап жүрген Әнуар тобы құтқару жоспарларын іске асыруға дереу кірісті. Оларда үш жоспар бар еді: біріншісі – Мұханды Тастақта әзірленген үйге жасыру; екіншісі – не Қырғызстандағы, не Өзбекстандағы достарына жеткізу; үшіншісі, Әнуардың ұсынысы – Мәскеудегі досы Александр Фадеевке аттандыру. «Қазіргі жағдайда Фадеевтен басқа ешкім қорғай алмайды!» – деді Әнуар. Ақырында соған пәтуаласты да, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қалибек Қуанышбаевтың атына авиабилет алып, Мәскеуге түнделетіп аттандырып жіберді. Қалекеннің депутаттық құжатын оның інісіндей болып кеткен Абдолла әкеліп берсе, билет алуға және ұшаққа отырғызып жіберуге Әнуар тобындағы бір орыс студенттің авиавокзалда қызмет істейтін апайы көмектескен.

(Мұханның Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің ұзын құрығына қалай ілінбей кеткені «Әлем таныған Әнуар», «Екі хикая» жинақтарымда тәптіштеп жазылғандықтан, мұнда қайталамадым.)

...Иә, Александр Фадеев қорғап қалған Мұхтар Әуезов елге 1954-жылдың жазында, республика басшылығы жаңарғаннан кейін, қайтып оралды.

Бірде Әнекеңе сол ерөн тәуекелді ерлігін Ұстазы кейін де қалай бағалағаны туралы пендешілік әуестікпен сауал бергенімде, қаламдас аға:

– Әкәу, сен қызық екенсің... Мұхаң, Мұхтар аға, ірі тұлға ғой, біздің кішкене қызметімізге мән беруге тиіс емес! – деді. «Әкәуі» сөзінің сырағысы еді.

– Әнеке, сіз де қызық екенсіз. Өзін әлде сұмдық бейнеттен, әлде сұм ажалдан арашалап алып қалған кісіге рахмет айтуы керек қой?! – деп беріспегенімде ол:

– Мұхаң – тағдыры еліміздің тағдырындай тым күрделі болған адам. Біз танып біле алмадық. «Мен Мұханның шәкірті болдым», «Мұхаң менің ұстазым болды» деген арыға бара алмай жүрміз. Бізге Абайды ұлықтаған Мұхандай болу жоқ десек те, «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз. Ондай болмақ қайда деп айтпа, ғылым сүйсеңіз» деген Абекеңнің тілін алып, Мұханның нақты образын жасауға талаптанып, хикая ма, роман ба, пьеса ма, дастан ба... жазуымыз керек. Бұл – біздің парызымыз. Қолымнан келсе, мен де жазып көрсем деймін. Өз өмірімнен... мыңдаған құрбы-замандасымның өмірінен бе... біз де тағдырдың талай тауқыметін тартып өстік қой... содан «Таным» – деп атап повесть жазуды бастадым. Мұхаң жайындағы романға дайындығым болар. Содан кейін тәуекел жасап көрмекпін... қайдан білейін... ал Мұхаң маған сырттай қамқоршы болып жүрген сияқты... – деп, менің сауалымды «орта жолда» қалдырды. Табиғи қарапайымдылығын тағы да танытты. Түсіндім де: «Адамзаттың Аристотельден кейінгі екінші ұстазы – Әбу Насыр әл-Фараби, жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлы өмірінен роман жазған қаламгер әуелде Ұстазы, кейін де қамқор ақылшысы болған Мұхаң туралы неге жаза алмасын?!» – деп тындым. Оған қоса өзіме өзім қойған: «Егер Мұханды басқа біреулер құтқарған күнде, олар Әнекеңе

ұқсап, дөнеңе тындырмаған кісіше тып-тыныш жүре алар ма еді, әлде «Мен құтқарған болатынмын! Мен! Мен!» деп кеудесін ұрғылап, жұртты мезі етер ме еді?» деген сұрағыма іштей жауабым: «Кім білсін...» болды.

...Кезінде Мұхтар Әуезов: «Егер 1-Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов – Азияға тұтас ашты!» деген екен. Шәкіртінің бүкіл Азия мен Африканы аралап, олардың азаттық үшін күрес жүргізген, жеңіске жеткен жауынгерлері сапындағы жас ақын-жазушылармен танысып, тіл табысып, достасып, ұлттық әдеби ұйымдарының құрылуына, қалыптасуына жәрдем жасағанын көрсе, өзінің арман-өсиетін орындай білген орнықты шәкіртінің ұйымдастыруымен, басшылығымен Азия және Африка жазушыларының 1973-жылғы қыркүйекте Алматыда өткен бесінші конференциясы ғасырларға созылған отаршылдықтан азат Африка әдебиетіндегі ең ірі тарихи оқиға болғанын, шәкіртінің Африканың оянуынан өз елінің кеңестік империяның шідерінен құтылғанына куә болғысы келгенін көрсе, онда Мұхаңның: «...Әнуар Әлімжанов – Азия мен Африкаға тұтас ашты!» дері сөзсіз еді-ау!

Бесінші конференцияның мән-маңызы баға жеткісіз дерлік болды. Біріншіден, Қазақстан жұртшылығы Азия мен Африка құрылықтарының капиталистік езгіден азат болғаннан кейінгі келбетін анық таныды, көркем әдебиетінің көзі булығып ашылған бұлақтай лықсып шығып, кең арналы өзенге айнала бастағанын көрді. Екіншіден, құшағын кең ашқан қос құрылық пен Қазақстанның қалам қайраткерлерін ашық қауыштырды, жолдастықтың, достықтың ортақ туын бірге көтергізді, шығармашылық қарым-қатнас орнатып, бір-біріне аудармашы тауып берді. Соның нәтижесінде біз араб әдебиетінің таңдаулы туындыларын өз тілімізде, ал олар қазақ әдебиетінің танымал шығармаларын өз тілдерінде оқуға даңғыл жол ашылды. Ол игі іске Әнуардың Азия мен Африка әдебиетінің: Юсеф эс-Сибай, Фаиз Ахмад Фаиз, Алекс Ла Гума, Муин Бсису, Махмуд Дервиш, Сембен Усман, Джеймс Нгуги және басқа да көрнекті қаламгерлерімен жеке достығы зор ықпал еткенін көріп-білдік. Алайда, екіншіше қарай, ол әдеби жарқын байланысымыздың шырайы соңғы жиырма жылда солғындап бітті. Тәуелсіздіктің біз үшін де тарихи қымбат құбылыс болғанына ешбір шүбәміз жоқ десек те, экономикалық қиыншылыққа тап болғанымыздың салдарынан, алыстағы Қара құрылықты былай қойғанда, кешегі одақтас республикалармен мәдени қарым-қатнасымыздың қаңқасы ғана қалды. Мерзімді өткізіліп тұратын әдебиет пен өнер онкүндітеріміз ұмытылды. Арғы-бергі замандағы ақын-жазушылардың мерейтойларында бас қоса мәре-сәре болатынымыз тиылды. «Заманды кім билемек...» – деді-ау Абай!..

Қаламдас достары: – Әлем картасынан Әнуар болған елді іздегеннен гөрі ол болмаған елді іздеу оңай, – деп әзілдегендеріндей, дүние жүзінің алпыс шақты елін аралаған Әнекең мақала, хикая, романдарын пойызда, ұшақта, кемеде, тіпті автокөлікте отырып та жаза берген тәрізді. Ол қалам тартып үлгірмеген тақырып, мән-мәнісін ашып бермеген мәселе жоқ дерсің. Үлкен-кіші қаламдастарының қалайда алдында жүріп, әлде өмірге құштарлығынан ба, әлде халық, қоғам алдындағы жауапкершілігін ерекше сергек, тез сезінуінен бе, әлде одақтық «Литературная газета», «Правда» газеттерінің Қазақстандағы, Орта Азиядағы меншікті тілшісі қызметін пайдалана білуі ме, әйтеуір, заманының небір аса қажет, күрделі жәйттерін о жақ пен бұ жақтағылардан бұрын және батыл жазды. 1950-60-жылдардағы мақала, очерк, репортаждарын шолсаң: мектеп бітіруші қазақ жастарын өке-шешесінше мал соңына салып қоюды көздеген сонау одақтық саяси астарлы «Кәмелеттік аттестатпен – мал фермаларына!» дегендей үндеу-ұрандарды құптамай, жеткіншектеріміздің өздері таңдаған жоғары оқу орындарына баруы, халық шаруашылығының барша саласында

еңбек етуі ертеңгі күннің талабы екенін алғаш айтқан – Әнекең! Мәскеудің жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттерінің Аймұқан Таужанов, Болатхан Тайжанов ұйымдастырған, Мұрат Әуезов атсалысқан «Жас тұлпар» бірлестігі Алматыдағы әсіресе аяқталушылардан қуғын көргенде ұлт мүддесін көздеген ойлы жастарды бірінші болып қорғаған – Әнекең! Ол – Абай жеріне баса көктеп орнатылған Семей полигонындағы атом бомбасы сынақтарының халыққа, ауаға, жерге, суға бүгінді қойып келешекте де өте зиянды боларын да ерте паш етіпті. Арал теңізінің халіне де қатты алаңдаған. Қазақтың ғылым-білімі, мәдениеті, экономикасы, ішкі-сыртқы саясаты, көне және жаңа тарихы, халқымыздың мінез-құлқы, әдет-ғұрпы, тұрмысы туралы терең толғана тамаша пікірлер түйген. Қорқыт, Мұхаммед әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Құрманғазы, Жамбыл, Махамбет, Шоқан, Мұстафа Шоқай, Ахмет, Жүсіп, Міржақып, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар сынды тұлғаларымыздың өмірлерінен тың да мол мағлұмат берген. Ілияс Есенберлиннің, Мұқағали Мақатаевтың... шығармашылық шеберліктерін әңгімелеген. Федор Достоевский, Михаил Шолохов, Мырза Тұрсынзаде, Садриддин Айни, Олесь Гончар, Шыңғыс Айтматовтың еңбектерін әдеби сын талабына сай талдап, жете бағалаған. Шет елдер әдебиеттерінің классиктері туралы мағлұматтары... бәр-бәрі – танымдық құны қымбат дүниелер. Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің бірнеше әңгімесін орыс тіліне аударғаны (ішінде Би-ағаңның «Шұғаның белгісі» хикаясы бар) – көбіміз білмеген жаңалық.

«Қазақ әдебиеті» газетіне: «Мұстафа Шоқай!.. Ол кім?» деген қосбеттік мақала шығарып (М. Шоқай саяси ақталмай тұрған кезде!), саясаткер, азамат Мүсекең жайында жан-жақты ашып айтып, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің алдына оны ақтау туралы батыл талап қойғаны – және бір ерлігі!..

Мұхтар Әуезовтың ыстық ықыласты алғысөзімен шыққан «Күнге бет алған керуен» бастаған хикаялары, «Ұстаздың оралуы», «Махамбеттің жібесі», «Отрардан жеткен сый», «Жаушы» романдары, публицистикалық мақалалары – өз алдына мол қазына. Оған небір шаршы топта қынынан суырылған қылышша жарқылдап сөйлеген салиқалы сөздерін қосыңыз. Бір өкініштісі – өзіміз де сан естіген сол сөздерінің бәрі дерлік жазбатаспаға түспей қала бергені.

Патриот. Отанының кіршіксіз сүю. Әнекеңнің бұл сезімі, мысалы, мен үшін сағынышқа айналды. Отанын Әнекеңше сүйе білетіндер, өкінішке қарай, соңғы кезде сиреп кетті. Ақ иық қыран болуы мүмкіндердің көбі аңға сәтсіз түсіп, топшысы қайырылып қалып, жасқаншақ, қорқақ болып, қолдан жем жеуге үйренген байғұс бүркітке ұқсайды. Ал Әнуарда – ел намысы, халық намысы сынға түскенде қанжоса жараланғанын елемей, шыбын жанын пида ете алар күш-құдірет бар еді-ау!.. Мұхаммед әл-Фарабидің тегі «өзбек» – деп тұжырым жасалуына бір ғана қайырым қалған сәтте ғұламаның қазақ-қыпшақ екенін көрнекті ғалым А. Ғафуровтың көмегіне сүйене дәлелдеп шығып, ұлы бабамыздың туғанына 1100 жыл толуын Алматыда әлемдік мерейтойға айналдырысқан – Әнуар!

1967-жылы болар, шет елдерге кезекті бір сапарында Қараши қаласына ат басын тіреген Әнуарді Пәкістанның көрнекті суретшісі Салых Айын Орталық банк ғимаратындағы Суреттер галереясына алып барыпты. Ішкі қабырғаға майлы бояумен салынған көне суреттер арасында қазақы реңді бір кісінің домбыра ұстап тұрған суретін көре қалған Әнекеңнің: «Бұл кім?» дегеніне Салых: «Бұл – Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фараби. Әбу Синадан бастап барлық ғұламаларымыздың екінші ұстазы. Біздің осында орналасқан кітапханамызда Аристотельдің, Эвклидтің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктері, өзінің көптеген жазбалары бар», – деп жауап қайырыпты. Әнуардың

сол сәтте қандай сезімге бөленгенін ойлап байқаңызшы!.. Ол сол суретті Айынға көшіртіп алып, елге оралысымен қылқалам шеберіміз Ыбыраев Бекке толықтыра айтып отырып салдырып, бабамыздың бүгінде бізге қымбат бейнесін алғаш жасатты!

Фарабитануды негіздеген қайраткер ғалымымыз – Ақжан Машани десек, Әнуарды Ақаңның оң қолы деуге болар. Ғұлама бабамыздың ғылыми мұрасын мұқият іздестіруші, зерттеуші Ақаңмен қанаттасып, әл-Фараби еңбектерінің насихатталуына көп күш жұмсады. «Ұстаздың оралуы» атты роман жазды. Шет елдер тіліне аударылған бұл тарихи еңбегі фарабитанудың әдебиеттегі шыңы десек, оған дайындық кезеңіндегі мына тұжырымы дәлел:

«Как о гениальном ученом древности говорит о нем в статьях и лекциях крупнейший литератор и историк Алжира Башир Хадж Али. Труды Мухаммеда аль-Фараби и книги о нем до сих пор остаются объектом пристального внимания ученых Каира и Стамбула, Дамаска и Багдада, Тегерана, Самарканда, Душанбе, Герата и Алматы. В библиотеках Лондона, Парижа и Берлина вот уже много веков хранят как бесценное сокровище его трактаты, переведенные на языки народов Европы...

Мухаммед аль-Фараби жыл, как утверждают выдающиеся советские востоковеды профессора И. С. Брагинский, В. М. Жирмунский, Н. И. Конрад и другие, в эпоху «восточного Ренессанса». И труды его сыграли исключительно благотворную роль не только для таких величайших ученых Древнего Востока, как Авиценна, Абдуллах аль-Багдади, Бируни, Омар Хайям, но и оказали огромное влияние на процесс развития европейского Возрождения, потому что его трудами пользовались Леонардо да Винчи и Коперник, Бекон и Лейбниц...

Все ученые Востока, начиная с Авиценны, называли его своим Учителем...

«Фараби был тогда – не только в своей зоне (*на Востоке*. – А. А.) – авторитетнейшим знатоком Аристотеля, он сделал то, что для средневекового настроения мышления было так близко и так нужно – соединил аристотелизм с неоплатонизмом», пишет академик Н. И. Конрад».

Бұл үзінді Әнекеңнің «Великий Мухаммед из Отрара» мақаласынан алынды. Романдары қазақшаланған жазушының хикаялары, көсемсөздік (публицистикалық) мақалалары, екіншіше қарай, түпнұсқасы – орыс тілінен қазақшаға аударылмай қалды. Оның мақалалары хақында мемлекетіміздің, қоғамымыздың көрнекті өкілі, мәдениетіміздің шынайы жанашыры болған Ілияс аға Омаровтың былай дегені бар:

«...Әр талантты өз мезгілінде тану қажет. Бұл – бәрінен бұрын сол талантқа үлкен жауапкершілік жүктеу деген сөз. Бұл оның өзі үшін ғана емес, ол еңбек етіп жүрген әдебиеттің жанрына да жүктелетін жұмыс. Әлімжановтың публицистикалық талантының күші неде? Біздің ойымызша, өз ісінің табиғатын жетік білумен бірге алып отырған объектісінің тарихын мұқият зерттейтінінде. Бүгінгісін танумен бірге оның келешегін, бағытын өмір құбылыстарының әр қырынан қатаң бақылау, қай нәрсеге ненің тән екенін ұғыну, ақырында өз ойын логикалық жағынан шыншыл да қарапайым, мұқият қорытуында. Оның шығармасын оқығанда ойлауға ешкімді зорламайды, бірақ әркім өзі еріксіз ойланады.

Егер осы айтылғандарға шын мәніндегі гуманистің парасатты ақылы мен ыстық сезімін қоссақ, Әнуар Әлімжановтың ешкімге ұқсамайтын қолтаңбасын тануға болады.

Журналшы-жазушының «Көгілдір таулар» атты кітабының құндылығы – оның көркем шығарма болуымен қатар, жалпы дүние тануға қосқан үлесінде. Кітаптың әр парағын ойша аудара бастасақ, одан экрандағы мен сахнадағы сияқты, неше түрлі жер сұлулығын, бүгінгі күн оқиғасын бірін-бірі толықтырып, үстеп жатқан неше түрлі

адамдармен бірге табиғат құбылысын, өлке жаңалығын айна қатесіз көз алдыңызға келтіресіз. Әрине, мұның бәрі – үлкен еңбекті, еңбек болғанда «бес терді» төгуді керек ететін еңбек...» («Азамат». 1966 ж.).

...Қазақстанның тыныс-тіршілігі жайында қайда, не жазылғанын үнемі қадағалап және ол жәйттердің оң-терісіне пікірін дереу білдіріп жүруге уақыт табу үшін кім болуың керек? Әлбетте, бүкіл болмысыңмен – Отансүйгіш болуың керек! Әнекеңнің жаратылысында бұл асыл сезімнің мол да ыстық болғанын мына бір мысалдар нақты дәлелдейді: «Югославтық журналшы-жазушы Мариана Седмак 1968-жылы біздің республиканы аралап қайтқан. Оның не жазарын назарымда ұстап жүрдім, – деді бірде Әнекең. – 1969-жылы Югославияның жастар газетінде ол мейманымыздың 7 очеркі шықты. Оқып байқасам: Қазақстан – мүлде мешеу ел; билік басындағылар жоғарғы оқу орындарына шала сауатты қазақ балаларын күштеп алдырады; кітап дүкендерінде орыс кітаптары жоқ, барының өзін қазақтар алмайды, олардың тіпті Достоевскийді оқымақ тұрғай естімегендерін кездестірдім», – депті. Өзге өрескелдіктері де көп. Қаным қайнап жүрген бір күндері Седмактың Мәскеуде екенін естіп, мейманханаға әдейі іздеп барып, жолықтырып: «Асымызды ішіп, дастарқанымызды тіліп кеткеніңіз қалай? Соншама өсек-өтірікті жазғаныңыз не?!» – десем, ол аңырып: «Мен ештеңені ойдан шығарған жоқпын. Сол сапарда мені алып жүрген коммунист журналшы Геннадий Толмачевтің айтып түсіндіруімен жаздым» – дейді. Толмачев «Комсомольская правданың» Қазақстандағы меншікті тілшісі еді. Алматыға оралған соң оны ұстап алып: «Әй, Гена, Мариана Седмакқа бізді өлердей жамандағаның не? Қазақтардан қиянат көрген күнің бар ма? Ұят қайда?!» – десем, ол жылмақай: «Білмеймін... мен оншама ештеңе айтқан жоқ едім...» – деп сайқалданды. «Өй, ұятсыз неме!» – дедім. Сол бетпақ енді «Простор» журналына ие болып отыр», – деп бас шайқады.

Мәскеуде шығатын «Молодая гвардия» журналында Н. Кузьмин дегеннің «Соғыстан соғысқа дейін. Түнгі әңгіме» жазбасы жарияланып, онда Сәбит Мұқанов пен Фабит Мүсіреповтен бастап бірнеше ақын-жазушымызға күйе жағылғанда, намысқа қамшы басып, оған баспасөз бетінде бірінші болып тойтарыс берген еді-ау Әнекең!

Мұрағатындағы мақалалар, жазба, аударма және хаттармен танысу барысында, мен өмірде өте қарапайым болған қаламдас ағаның адами қадір-қасиетін, қаламгерлік күш-қуатын тани түстім. Әсерімді қысқаша айтсам:

Біріншіден, Әнекеңнің халықаралық деңгейде танымал болғанын аса жылы лебізбен әңгімелеген хаттарға сүйіндім (рас, кереғарлықсыз өмір болған ба, өзімізден әлдекімдер Әнекеңе: «Сен ұлтшылсың! 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасы үшін басшыларды кінәләдің, жан керек болса, басқа жаққа кет!» – деп жауыға, қорқыта хат жіберіпті);

екіншіден, Қорқыт ата мен әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Құрманғазы, Махамбаев, Жамбыл, Шоқан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіп Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және бергі ақын-жазушы аға-інілері жөнінде орыс оқырмандарына кең таныстыра танымды мақалалар жазған;

үшіншіден, Әнекең 1989-жылғы шілдеде Семей қаласында өткізілген халықаралық конференцияда және 1990-жылы Ұлы Британияның Қауымдар палатасында әдетінше жалындап сөйлеп, Семей полигонын жабуды және дүние жүзінде атом-ядролық қару жасауды, сынауды тоқтатуды талап еткен;

төртіншіден, Сәкен Сейфуллиннің екі әңгімесін, бір хикаясын және Бейімбет Майлиннің «Шұғасынан» орыс тіліне үзінді аударған;

бесіншіден, Қазақстанына, қазағына күйе жаққандарға дереу қарсы тұрып, «Литературная газета» мен «Комсомольская правда» газеті бетінде жауап берген; алтыншыдан, қазақ әдебиетінің жас таланттарын, арқалы ақындарын КСРО-дағы және шет елдердегі қаламдастарына танытуға күш салған (мәселен, Мұқағали Мақатаевтың 55 өлеңі мен 3 дастанын орыс тіліне аудартып, өзі алғысөз жазып, «Зов души» – деп атап шығартқан);

жетіншіден, өзіміз атын атаудан жасқанып жүрген жылдары «зарзаман» жырауларының және беріректегі «ұлтшыл, кертартпа» ақындарымыздың біраз өлеңдерін орысшалатып (құрастыруды Мұхтар Мағауинге тапсырып), Ленинград баспасынан «Поэты Казахстана» деген атпен жинақ етіп шығарудың жолын тапқан; сегізіншіден, жаратылысындағы қарапайымдылығын сақтай біліпті. Алайда осы орайда менің түсінгім, құптағым келмеген бір жәйт ұшырасты. Англияның Кембридж Халықаралық өмірбаян орталығы «Әлемде қайда, кімдер бар» жылнамасына қажет сауалнаманы толтырып қайтаруын өтініп, айтулы тұлға Әнекеңе – Қазақстанның Комсомол және Мемлекеттік сыйлықтарының, халықаралық: Джавахарлар Неру, Агостыно Нето атындағы және «Лотос» журналы сыйлықтарының иегері Әнуар Әлімжановқа – хат-бланкілерін жіберген екен, ал олар толтырылмаған қалпында мұрағатындағы қағаздарының арасында жатыр. «Қайран Әнеке-ай, қарапайымдылықтың да жөні бар емес пе еді?! Халықаралық ол жылнамаға Сіздің енгеніңіз ең алдымен Қазақстаныңызға, қазақ халқыңызға қажет еді ғой?!» – деп еріксіз налыдым...

Әнекеңнің Совет Одағында, халықаралық деңгейде де зор беделді қазақ болғанын білеміз. Оның қаламгерлігіне, адамгершілігіне тәнті болған замандастары жазбаша шерткен сыр қанша ма?! Мысал келтірейін:

\*«Құрметті ӘНУАР! «Азия және Африка» журналында әл-Фараби туралы зерттеу еңбегіңіз жарияланыпты. Мақалаңызды ол журналға бергеніңізді маған айта салмағаныңыз-ай! Алайда, оқасы жоқ, бәріміз оқып, қуанып қалдық. Әл-Фарабидей Ұлы Ұстазымыздың болғаны бізге қаншалықты зор мәртебе десеңізші!.. «Ұстаздың оралуы» еңбегіңізді орысшасынан араб тіліне өзім аударамын. Ирактың өкімет басшылары да мағлұмат алып: «әл-Фарабидің Дамаскіде жерленгенін білдік, енді, қабірі табылған күнде, құлпытас орнатамыз!» – деп құлшынып отырғанын естідім. Бұл – Сіздің ғажап еңбегіңіздің жемісі!

Зухейри БАҒДАДИ.

**Дамаск. 23. 02. 1976 ж.».**

(Әнекең 1975-жылдың соңында Араб елдерін аралағанда сириялық жазушы Зухейри оған жолсерік болған екен.)

\*«ӘНУАР! Пәкстандық достарыңыз Сіздің шығармашылық әрбір табысыңызға әрқашан қуанып жүреді. Сіздің өнегеңіз бізге ерекше ғибратты, қымбат. Досым, бақытты болыңыз, тың табыстарға жете беріңіз! Төл әдебиетіңіз гүлдене түссін!

Фаиз Ахмад ФАИЗ.

**1976 жыл».**

(Әлемге әйгілі бұл қоғам қайраткері һәм қаламгер мен Әнуардың өзара сыйластығы ыстық та ұзақ болған).

\*«Құрметті Әнуар ӘЛІМЖАНОВ! Қазақ халқының әдебиеті, мәдениеті, тарихы хақындағы тамаша әңгімелеріңіздің бізге әсер еткені соншалық, естігендеріміз бір ғажайып суреттердей болып, әлі күнге көз алдымызда тұр. Студенттеріміз Сіздің,

білімдарлығыңызға қоса, қарапайымдылығыңызға қайран қалды, Сіз олардың жүрегін баурап алдыңыз!

Эдвард С. МЕЙНАРД,  
АҚШ университеттерінің Нью-Йорк бірлестігі  
Қара студенттер қауымының профессоры.

**29. 11. 1973 жыл».**

\* Кейін де, 1978 жылдың көкек айында, Нью-Йорктің Ғылым мен өнер мемлекеттік университетінің профессоры, Орта Азия халықтарының көркем әдебиетін зерттеуші ғалым Гарольд Р. БАТТЕРСБИ Әнекеңе хат жолдап, лекция оқуға шақырып, қазақ тілінде шыққан кітаптары мен мақалаларын, сондай-ақ Сәбит Мұқановтың «Ботагөз», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» кітаптарының қазақша нұсқасын ала келуді өтініпті. Америка Құрама Штаттарында бұрын да болып, көп аралаған Әнекең мына шақырудан соң да барып, Тахома, Сантафэ, Хамменд, Вашингтон, Нью-Йорк қалаларында болып, университеттерінде біржарым ай бойы лекция оқып қайтты.

\*Баршаға белгілі ғұлама Лев Николаевич ГУМИЛЕВ 1980-жылдың 24-тамызындағы хатын былай аяқтапты: «Әнуар! Шақырғаныңа рахмет! Бірақ, амал не, Алматыға әзірше бара алмайтыныма өкініп отырмын. Денсаулық болыңқырамай тұр... Ал «Көне Русь және Ұлы дала» (VII-XII ғасырлар) кітабымды жазып бітірдім. Сауыққан соң хабарласамын».

\*Римнен хат жолдаған (30.03.1983 ж.) жазушы Итало АBBЕЛИНО: «Әнуар! Бізде мейман болғаныңыз Сіз арқылы Қазақстанды, қазақ халқын тануымызға жол ашты. Алдағы уақытта да кездесіп тұралық! Бүкіл қазақ халқына сәлем айтыңыз!» – деп тебіреніпті.

\*1987-жылдың тамызында Ереваннан хат жазған А. ЗОРИЙ деген азамат Әнекеңмен және бір кездескеніне қуанышты екенің, кітаптарын қызыға оқып жүргенін айта келіп: «Сенің «Жер жәннәті – Жетісудың» көркін сақтау үшін Балхаш көлін сақтау керек дейміз, дегенің бізге ой салды. Жалпы өзен-көлдердің деңгейін сақтамайынша жер құнарын сақтай білу қиын деген ойың құнды. Біз осы бағытта ортақ жоспар жасап, оны БҰҰ мен ЮНЕСКО арқылы іске асыруға тиіспіз», – депті.

\*Орыстың атақты ақыны Анатолий СОФРОНОВ өзін туған күнімен құттықтағаны үшін Әнекеңе алғысын айта 1987-жылғы қаңтардың 19-ы күні жазған хатында былай депті: «Қымбаттым, Әнуар! Сіздің ыстық лебізді тілегіңізге қатты қуандым. Бізді жақындастырған, табыстырған ізгі ниеттер әрқашан жадымда болады... Сіз әлі жассыз, бар қызығыңыз алдыңызда. Ал мен – 76 жастамын... «есепке түзу» дегендей. Әйтседе, әліме қарай әлі де тырбана берермін... Нәтижесін көре жатармыз. Сау-сәлемет болғайсыз!».

\*КСРО-ның Малайзиядағы елшілігінен хат жіберген В. ПОСЕЦАЕВ (1988-жылғы 24-наурызда): «...Малайзиялықтар Сіздің сұхбаттарыңыз бен әңгімелеріңізді ауыздарынан тастамай жүр, Сізбен тағы бір жүздесуді тағатсыз күтуде!» – деп сәлем жолдапты.

\*1988-жылғы желтоқсанның 5-індегі хатында башқұрт ағайынымыз – Сайфи ҚҰДАШ ақсақал Әнуардың Уфадағы жүздесулерде қазақтың әдебиеті мен тарихы, Мағжан Жұмабаев жөніндегі әңгімелеріне, «Дружба народов» журналында шыққан мақаласына шексіз риза болғанын білдіріп, «Мағжанды Одақ оқырмандарына таныту арқылы оны ақтауға қадам жасадың», – деп алғыс айтыпты.

\*Түркияда тұратын қандасымыз – шет елдегі әйгілі «Азаттық» радиосы құрамында қазақ отауын тіккен жалынды қаламгер Хасан Оралтай совет өкіметінің тепкісінен шетке ерте кеткен, сүйегі сол шетте қалған қаһарман күрескер Мұстафа Шоқайды мұндағы қазағына алғаш танытқан еңбегі үшін Әнуарға мол алғыс жолдапты.



\*Үндістанның Джавахарлар Неру атындағы сыйлығын алған тұңғыш қазақ Әнуар бұл көне мәдениет еліне ерекше еңбек сіңірді. Ол қайраткерлігіне мысал көп. Соның бірі – «Иностранная литература» журналының Бас редакторы Михаил КУРГАНЦЕВТИҢ Азия-Африка әдебиетшілеріне қамқоршы Әнекеңе «Үнді поэзиясы», «Африка поэзиясы» антологияларын шығаруда баға жетпес көмек көрсеткені үшін шексіз ризашылық білдірген хаты.

\*Әнекең шет елдерге барғанында бір ғана қазақтың емес, Орта Азияның да елшісі, жаршысы болғаны анық. Ол қырынан да бір мысал деп түркмен ағамыз Берді КЕРБАБАЕВТЫҢ 1970-жылғы қазанның 14-інде жолдаған хатын алсақ, онда: «...Үндістанда болғаныңызда түркмен әдебиеті, Махтымкули туралы сүйінішті сөз айтқаныңызға рахмет!» делінген.

\*Ал орыс әдебиетінің классигі Леонид ЛЕОНОВ 1961-жылы жазған хаттарының бірінде (мамыр айында) Әнекеңнің орыс пен қазақ ақын-жазушыларының аға және жас буындарының өзара ынтымағын нығайтудағы еңбегін жоғары бағалапты.

...Әнуар қай елге қашан барса да, оның тарихымен, әдебиетімен, өнерімен, қаламгерлерімен танысуды және оларға Қазақстанның, қазағын танытуды мақсат еткенін білесіздер. Шет жұртқа сол тілдерге аударылған кітаптарымен ғана емес, осы бір дәнекерлік қызметімен де танылғаны анық. Иә, ат басын тіреген елде қазаққа қатысты бір игі істі көрсе, бір жылы лебіз естісе, соған балаша қуанып, оны бізге жеткізуге асығатын еді. Ұстазы Мұхтар Әуезов хақында жазған «Дана дарын» мақаласында мынадай жолдар бар: «...Мұхтар ағаның кітаптарын көптеген елде ұшырастырдым. Піл Сүйегі Жағалауындағы Абиджан қаласында, Жасыл Мүйіс аралдарында, Гвинеяның кітап дүкендерінде көрдім. Жолым түсіп Цейлонға бара қалғанымда, бейбітшіл атақты күрескер, Халықаралық Лениндік сыйлықтың лауреаты, будда монахы Удакендавала Сарананкара Тхеро өмір сүріп, қызмет істеген ғибадатханаға барып, қабірі басына гүл қойдым. Оның жай-жатағында болдым. Монах спартандық ғұмыр кешіпті. Темір кереует. Сабан төсек, орындық, шелек, ожау. Басқа ештеңе жоқ. Бар байлығы қат-қат кітаптар ғана екен. Будданың өмірі туралы, дін тарихы туралы кітаптар. Барлық сәреде киелі кітаптар тізіліп тұр. Бөлмеден шыға бере жоғарғы сәрелердің бірінен ағылшын баспасынан шыққан «Абай жолының» таныс мұқабасын көзім шалып қалды. Киелі діни дүниеліктер арасындағы жалғыз көркем әдебиет Абай жайлы екі томдық екен. Монахтардың басшысы маған Мұхтар ағаның кітабын алып көруіме рұқсат етті. Кітаптың кейбір беттерінен Удакендавала Сарананкара Тхерон қойған белгілерді көрдім. Екітомдықтың соңғы бетінде монахтың көне сингал тілінде жазған: «Бұл кітап өмірді кеңірек түсінуіме көмектесті», – деген пікірі бар екен.

...Тағдырдың құқайын көп көрген қазақтың кедей отбасында туып-өскен, Жетісудың Талдықорған өңіріндегі Қарлығаш ауылынан ұшып, арғы-бергі жұртқа қазақ атты көне халықтың барын, оның әдебиеті де, өнері де, ғылымы да көне, тарихы тұнған тағлым екенін перзенттік ұлы сезіммен жеткізіп айта білген, өкшесін басқан іні-қарындастарына сөзімен де, шығармаларымен де үлгі-өнеге болған Әнекеңнің мемлекет, қоғам қайраткері ретінде атқарған және бір тарихи ісі – 1991-жылғы желтоқсанның 26-сында КСРО-ның ыдырағаны жөніндегі қаулыға қол қойғаны. Сол жылдың күзінде КСРО халық депутаттарының бірінші құрылтайы шақырылды ғой. Сонда КСРО бойынша бүкілодақтық дәрежедегі 8 (!) комитет Әнуар Әлімжановты Жоғарғы Кеңес басшылығына ұсынды. Басқа бірде-бір депутатқа ондай сенім көрсетілген жоқ. Әнекең қазан айының 29-ндағы мәжілісте КСРО Жоғарғы Кеңесінің Республика Кеңесі төрағалығына бірауыздан сайланды. Шешуші дауысы бар 131 өкілдің 130-ы (!) жақтаған!

Азамат, Жазушы беделі сынға түскенде, Әнекеңнің мұншама абыройға бөленгені оның кім екенін айтып берді емес пе?! «Записки Президента» деген кітабында (1994 ж.) Борис Ельцин былай депті: «26 декабря 1991 года в здании Кремля, над которым уже не развевался флаг СССР, Верхняя палата союзного парламента приняла декларацию, в которой объявила о прекращении существования СССР. Председатель палаты А. Алимжанов сказал, что они выполняли «свой депутатский и гражданский долг».

Кейін де Әнуардың құрбы-құрдастары: «Кешегі «халық жауының» баласы, міне, КСРО-ны құлатып, әкесінің де, әкесімен тағдырлас болғандардың да кегін алды!» десіп әзілдеп жүрді. Мен де бір күні:

– Әнеке, шыныңызды айтыңызшы, қаулыны бекіткен сәтіңізде қолыңыз қалтырамады ма? Іштей бір өкінішіңіз болмады ма? – дедім. Ол сәл ойланып:

– Жоқ, өкінген жоқпын. Өзі де әрең тұр емес пе еді? Империя дегенің, оның түр-құрылымы қандай болса да, ұзақ билеп-төстей алмайды, империя – халықтың мүддесін ойламайтын жүйе. Қару күшіне сүйенген отаршыл империя, тіпті жексұрын. Совет өкіметі кешегі одақтас республикалардың жерін отарламаса да, халықтарының санасын отарлады, ал ол – сұмдықтың ең сұрқия түрі! – деді.

– Тәуелсіздікке қолымыз жетті-ау! – дедім.

– Жетуін жетті... Не жоғалтқанымызды білсек те, не тапқанымызды білмейміз. Алдымызда қиыншылық көп, қашан оңаларымызды құдай білсін. Кеңес өкіметі салған 74 қабатты үйді бұзуды іргетасынан емес, шатырынан бастайық дегенді айттым Горбачевке. Ол міз бақпады, сірә, қолынан билік кеткен соң есеңгіреп қалған болар. Енді бұл үйдің орнын үйіндісінен арылту қаншаға созылары белгісіз тауқымет қой, – деді Әнекең...

Қазақстаны тәуелсіздік алысымен, елінің демократиялы, құқықтық мемлекет болуын қуаттай шаршы топ алдында, радио-телеарналарда шешіле сөйлеп, баспасөзге публицистикалық мақалалар жазып шарқ ұрған Әнуар «Тағдырластар» деген атпен деректі очерк топтамасын жасауды жоспарлаған. «Кемеров облысының Сталино қаласындағы ФЗО-да оқып жүргенімде Стась деген ұл менімен өштесіп, екеуіміз төбелесе бердік, бірақ ақырында қалайда достасып кеттік. Ол тұлдыр жетім екен. Менімен бірге Талдықорғанға келіп, біздің үйде бір айдай тұрды. Содан кейін Семейден келген Лена деген қызбен танысып, түсінісіп, мен екеуін Семейге шығарып салдым. Бес-алты жыл хабарласып тұрдық та... тағдыр шіркін бір тылсым ғой... Очерктерімді сол Стась пен Ленадан бастасам деймін...» – деп еді. Ол мақсатын орындауға мұрсаты болмай жүрді.

1993-жылғы қыркүйек айының бас шенінде Әнекең маған: «Мына бір повесті жазып едім» – деп «Познаниесінің» («Танымының») қолжазбасын алып келді. Мен ол тұста Жазушылар одағы құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясы алқасының төрағасымын. Одақтың меншігі етіп «Шабыт» атты баспа ашамыз деп желпініп жүргенбіз. Алайда ол шаруамызға алғашқы бетте жетерлік бір миллион сомды тауып берген Одақ басшысы Қалдарбек Найманбаев ойда жоқта оны «қаламақыларының авансысы» – деп он төрт «классикке» бөліп беріп, тотиып қалдық. Алқаның өзіне тиесілі азын-аулақ қана ақшасы бар, сондықтан Әнекеңе қаламақы болмайтынын ашық айтып:

– Қанша тиражбен шығарып берейін? – дедім.

– Әкәу, оны өзің білші, маған тек шықса болды. «Жазушы» баспасында жата-жата сарғайып кетті, – деді.

Хикаясын үйге әкеліп оқып. Ертеңіне телефон шалып:

– Әнеке, Қарлығаш ауылының аққұба томпиынан қалай өсіп шыққаныңызды енді білдім, уай, дүние-ай! – дедім, тың туындысына шын қуанғанымды да, Әнекеңнің балалық өмірінің базары тым жұтаң болғанына өкінішімді де жасыра алмай.

– «Жазмыштан озмыш жоқ» дегенді айтқан қазекең шынында кемеңгер, – деп әдетінше жылдам сөйлеп кетті де, біраз уақыттан кейін Грекияға әрі соцпартиялардың жиналысына, әрі дем алуға баратының, келген соң өзі бас болған Социалистік партияның «Қазақ мемлекеті» және «Республика» газеттеріне қағаз іздеуге кірісетінін айтып, баспа мен баспасөз жағдайының күн сайын қиындап бара жатқанына қынжылды.

– Әнеке-ай, қиындықтың қайсыбірін айтамыз, бәрінен де бас аман болсыншы! – дедім.

– Бас аман болған соң ғой, басқаларын ойлап жүргеніміз. Ештеңе ойлап шаршамайтындарға кейде қызығамын, – деп күлді.

Сірә, Әнекеңді шаршатпаған мәселе болмаған шығар-ау!..

Ол очерктерін де, «Таным» хикаясын да аяқтап үлгірмей, арамыздан ертерек аттанып кете барды.

Грекияға барған сапарынан елге Стамбул арқылы (Түркия) ұшақпен қайтқан. Ауа райы бұзылып, Алматыға ұшуды аптадан артық күткен. Грекияда сырқаттанып, қиналып қалған екең, үйіне аса жайсызданып жетіп, ауруханаға түсті. Сонау бір жылы Мәскеуден Домодедово әуежайына «Волгамен» келе жатқандарында жүк автомашинасы қағып кетіп, жамбасы, төрт қабырғасы сынып, бір ажалдан қалған еді, соның зардабы жаңғыра қосылып, халі ауырлай берді. Көңілін аулай барып жүргенімде, бір жолы газеттерінің арасынан машинкамен жазылған хатты көзім шалып, рұхсатымен алып оқып: «Әнеке, мына хатты маған беріңізіші!» – дегенім. Әнекең маған байсалды қалпында бір минөт шамасы қарап жатты да: «Ал, ал», – деп басын сәл изеді.

Міне, сол хаттан үзінді:

«Қымбатты ӘНУАР!

Сенің өтелмей жүрген қандай қарызың барын анада ауызша айтқан едім, енді жұртшылықтың назарына салу үшін қағаз бетіне түсіруді жөн көрдім. Аржағын өзің сезіне бер.

“Мен үшін басын балтаның астына төсеген Әнуардың азаматтығына – өлсем топырағым риза”.

Бұл – Мұхтар ағамыздың мұнан 40 жыл бұрын “Мәскеу” қонақүйінде айтқан сөзі.

Бұл Мұхаңның 53-ші жылдың көктемінде Қазақстанның кең байтақ даласынан шыбындай жанына сая таба алмай Мәскеуге қашып барған кезі болатын. Ол кезде мен Мәскеудің іргесіндегі “Голицино” демалыс үйінде жұмыс істеп жатқан едім. Бір күні Қалжан Нұрмаханов телефон соғып, Мұхаңның Мәскеуге келген хабарын жеткізді. (Қалжан ол кезде СССР Жазушылар одағының қазақ әдебиеті жөніндегі кеңесшісі болатын). “Мұхаңның көңіл-күйі қандай, ел іші аман ба екен?” – деген сұрауыма ол ызғарлы жауап берді: “Іші аман болса, қазақ болмай кетпей ме? Мұхаңның өзі ештеңе ашып айтпайды. Алматылықтардың телефон сымымен жеткізген сыбысына қарағанда, ол кісі Алматыдан сырғып кетуге мәжбүр болған секілді”. Оның бұл сөзінің қандай әсер еткенін айтудың өзі ауыр.

Келесі күні ертелетіп “Мәскеу” қонақүйіне орналасқан Мұхаңа барсам, ол Жазушылар одағына баруға әзірленіп жатыр екен. Амандық-саулық сұрасқаннан кейін: “Сенің бәрін де біліп алуың керек” – деді де, отыра қалып, бірден ақтарыла жөнелді. Барлық үміті тау-тау болып төнген күдіктің астында қалған секілді: ызалы

даусынан шеккен жапаның, қақаған қапаның, тұншыққан қысаның оты ұшқындайды. Кезерген ернінде бұрын байқалмаған діріл бар. Бұрын естілмеген ащы сөздер, әсіресе қайсыбір әріптестеріне қатты түңілуден туған суық сөздер түйдек-түйдегімен төгілді. Ол іштегі шерін осылай ақтарып болғаннан кейін барып жадырап, дауысы да жайдары шықты:

– Мен үшін басын балтаның астына төсеген Әнуардың азаматтығына, өлсем топырағым риза!

– Ол сонша не істеді?

– Егер ол қашып кетудің алуан түрлі айласын таппаса, мен қазір Мәскеудің мынандай төрінде емес, Алматының түрмелерінің біреуінің түбінде отыруым мүмкін еді, – деді де, сағатына қарады: – Қазір сағат 12-де Фадеевтің кабинетінде менің оларға жазған хатым қаралады. Сенің олардың не дегенін білуің керек.

Соны айтты да, киіне бастады...

Мұхаңның айтысына қарағанда, саған сәрік бола білген ҚазГУ-дің төрт студенті мен самолетке билет ала білген бір еврей жігіт. Студенттердің қайсыбірі Мұхаңды жасыра тұру үшін Тастақ жақтан үй әзірлесе, енді біреулері оны Мәскеуге бұл жерден жөнелтудің сәті келмесе Фрунзе қаласына қарай ала қашатын машина әзірлеген. Бір өкініші – Мұхаң сол балалардың азаматтығына қанша сүйсінсе де, бір де бірінің атын білместен, білсе де білдірместен кетті. Егер де олардың аты осылай атаусыз қала берсе, оның обалы кімге? Саған, өйткені, ол жайды сенен басқа білетін жан жоқ. Мен осы айтылғандардың барлығын бір кезде Ләйлә марқұмға, да кейінірек Тұрсынға да айтып, “Әнуардың көмегімен сонау балалардың сол жас кездегі суреттерін жинап алып, қисандар музейдің бір бұрышынан, оны қимасаңдар, архивтің бір сандығынан орын беріңдер”, – деген едім, оларға сені қолға түсірудің өзі қиын болғандықтан, нәтиже шыққан жоқ. Басқаны ұмытсаң да, Мұхаңның: “өлсем топырағым риза” деген сөзін ешуақытта ұмытпа. Сонда өзіңнің азаматтығыңды да ұмытпайсың. Азаматтықты ұмытпасаң – парызыңды өтеудің жолы қиын емес.

Екінші бір тілегім: сол ызғарлы көктемнің (жаз болса да қыстай қысқан) дүрбелеңмен өткен күндері мен түндерін есіңе түсіріп, көз алдыға келтірші. Небір қызықты дүниелер үш жанрға бірдей өзінен өзі сұранып тұрған жоқ па? Ертеңгі Әнуарлардың мұнан қызықты дүниелер шығарары хақ. Сен оларға да борышты болып қалма. Ойлан!

**Әлжаппар ӘБИШЕВ.**

**24.08.93 ж.**

“Топырағым риза” деген сөзді Мұхаңның аузынан ең алғаш 47-жылы, Сәбит, Ғабит үшеуінің қырғи-қабақтығын талқыға салған партия жиналысында естіген едім, сонда ол жиналыстың ең соңынан түрегеліп: “Сәбиттің бастықтығына, менің шашымның ақтығына қарамастан барынша қатты, барынша әділ айттыңдар. Сол үшін, кейінгі буын, сендерге өлсем топырағым риза” дегенде: “Менің де айтарым сол, – деген еді Ғабит, сөйлей түрегеліп. – Оған қоса айтарым: құдайым біздердің осы иттігімізді сендерге бермесін!” – деді.

Сөзбе сөз келтіріп отырған осы сөздерге де зер салшы. Ол кезде бұл үшеуінің ешқайсы 50-ге келмеген жас, жас та болса аға еді. Сен 60-тан да асып кеттің. Осының бәріне ой жіберіп қарашы!

**Ә.Ә.».**

*(Ескерту: Әлжекеңнің хатында аталған: Ләйлә – Мұхаңның қызы, ал Тұрсын Жұртбаев – Мұхаң мұражайының директоры, – Ғ. Қ.).*

«Мұханды қалай құтқарғандарыңызды жазсаңызшы!» деген екі мәрте тілегіме Әнекең екі жолы да: «Әзірше уақыт болмай жүр. Зейнеткен шыққан соң қолым босар, сонда жазармын», – деп күле жауап берген еді...

...«Елім, Жерім, Халқым!» – деп өмір кешкен Әнеке-ай!

Күпір сөйлесем, құдай кешіргей... біз өзіңдей Нар Тұлғаға зәру болып жүрміз!

Біз сенің Семейдегі атом-ядролық полигонды жабуға көп еңбек сіңіргеніңді білмеппіз. Кейбіреулер: «Мен жаптым! Мен жапқыздым!» – деп дарылдап, кеудесін ұрғылап, көзін ақитып жүр, бірақ солардың ешқайсысы сенше халықаралық биік мінберге шыға алмады, полигон қазақтың жері мен халқын қандай қасіретке тап қылғанын сенше жанайқаймен айтып бере алмады. Мұрағатыңнан: «Полигон жабылуға тиіс!» (Семей қаласында болған халықаралық конференцияда 1989-жылғы 17-шілдеде сөйлеген сөзің) және «Атом күліне көміліп қалмайық!» (Англияның Қауымдар палатасында 1990-жылғы 13-қарашада сөйлеген сөзің) атты мақалаларыңды тауып алып, газет-журналдарға ұсындым. Ел-жұртың қуатты қаламгерлігіңе қаныға түссін дедім. Бұларды оқыған ойлы замандастарымыздың: «Апырым-ай, Әнекеңді жете білмеппіз ғой, аяулы арысымыз болған екен ғой?!» дегені сөзсіз.

...Әнекең бұдан 20 жыл бұрын – 1993-жылы қараша айының 9-шы күні бақиға аттанды.

Аяулы Ағамызды ақын інісі Иманасов Сәкен Құсайынұлының мына азалы жырымен шығарып салдық:

ҚАЙЫҒЫ ЖҮЙРІК КЕМЕДЕН,  
ЖАЗЫҒЫ БИІК ТӨБЕДЕН

Ағам бар еді, мір тілді,  
Жағам бар еді, – жыртылды.  
Қан жылап тұрған жүрекпен  
Жұбатам қалай жұртымды?!  
Жасырып жерге мәрт ұлды,  
Жұбатам қалай халқымды?!  
Телегей теңіз дариясы  
Толқып тұрып тартылды.  
Төре де болып төрге өтті,  
Турасын айтып, өр кетті.  
Барлайтын елдің ертеңің,  
Шарлап та келіп жер-көкті.  
Қайығы жүйрік кемеден,  
Жазығы биік төбеден.  
Алдына келген адамның  
Атасы басқа демеген.  
Беткейі шүйгін бел еді,  
Белден де биік беделі.  
Атқа да мінді, таққа да,  
«Астым ғой елден!» демеді.  
Алды – Ақ Ертіс, ен Еділ,  
(Асықтың екен неге бұл?  
Сендей-ақ болар дейтін ек,  
Халқының қамын жеген ұл!)

Амалың бар ма ажалға,  
Аңырап қалдық азаңда.  
Әнуар жүрген жол бірақ,  
Сия да қоймас мазарға!  
Қолында барда алтынның  
Бағалай қойсын нарқын кім!  
Қай елдің дәмін татсаң да,  
Қамын ойладың халқыңның.

Шарлайтын едің көп елді,  
Көлігің неге бөгелді?  
Қай жаққа кеттің, Ағажан,  
Көрсетпеймісің төбеңді?!  
Қырым, Қытай, Үрім бе...  
Жүрген де шығарсың бірінде.  
Сағындырып барып ортаңа,  
Оралармысың түбінде?!

Әнекеңдей Азаматың, Мемлекет, қоғам, қалам қайраткерін қай қазақ сағынбасын?!  
2013-жыл.



## «АЛТАЙДЫҢ ҚАРА АЮЫ»

«Украина» мейманханасының бесінші қабатындағы екі бөлмелі люкс-нөмірге орналасып, жол киімдерімізді ауыстырып, жуынып-шайынып алуға кіріскеніміз сол еді, екі бөлмеге ортақ дәліздегі сары тумбочкаға қойылған, аршыған жұмыртқадай аппақ сопақша телефон ішіне жел қарысқан балаша шырқырады. Қалааралық телефон ғана сөйтіп қағынушы еді, бұл, сірә, бұл бөлмеден кеше кетіп қалған кісіні бүгін іздеп жатқан шалғайдағы біреудің қоңырауы шығар-ау деп, тұтқасын көтердім. Арғы жақтағы біреу: «Вася! Вася!» – деп аптығып, тіпті тұтқадан тырбаңдап шыққалы жатқандай боп елестеді көзіме.

– Васяңыз кетіп қалғалы неше күн болғанын бір құдай білсін, – дедім мен.

– Вася ма?! Ол жаңа ғана келді дейді! Тез шақырыңыз! Маған Вася керек! – дейді анау. Ер адам ғой, өктем сөйледі.

– Васяңыз жоқ, кеше кетіп қалған сияқты, – дедім.

– Ол сонда! Қайсенов! Қасым Қайсенов!

– Қайсенов бар... – Тілімді тістей қойдым. Қаскеңнің партизандық бүркөншек аты «Вася» болғанын ұмытпайтын жерде ұмыта қалғаным ұят болды-ақ!

– Оны телефонға шақырыңыз!

– Қазір... ә, ол кісі, кешіріңіз, ол ванна бөлмесінде жуынып жатыр еді...

– Жуынбай-ақ қойсын! Ол бәрібір ағармайды! «Жуынбай-ақ қойсын» – деп айтты деңіз! Біз қазір келеміз! – Тұтқаның «бип-бип» дегені «кетті, кетті» секілденіп естілді маған. Киевтің телефондары ерекше шырылдайды екен, бипылдауы да біртүрлі.

Қаскең жуынып шықты. Қалың шашын түкті орамалмен орай сүрткілеп тұрып:

– Сәбеңше айтқанда, бала, дұрыс болды. Сәбит Мұқановтың не айтсаң да «дұрыс» – деп тұжырып қоятын әдеті бар еді. Біздің Днепрдің суы сенің Ертісіннің суынан осал емес, шырағым, – деп әзілдеді.

Мен оған бір кісінің телефон шалғанын мәлімдеп, сәлемін қаз-қалпында жеткіздім. Қаскең бөлменің шаңырағын шеңбірек атқызардай жойқын қарқылына басып алып:

– «Жуынбай-ақ қойсың, бәрібір ағармайды» – деді ме? Ә, ол Алеша болды. Сол, сол, Алеша! Ол ылғи сөйдейтін баяғыда. Ал біздің келгенімізді ол қайдан білді, кімнен естіді? – деді де, сүртіне жүріп көше жақ терезеге барып төменге, жолға қарағандай әрекет жасады. Терезені ашпастан арғы жағына, оның өзінде де бесінші қабаттан сонау жердегі кісіні қарап көрмек болғанына таңданып мен тұрмын. Зәулім бесінші қабаттан қарағаныңда (мейманхананың әкімшілігі, оны-мұны қызмет орындары орналасқан 1-қабатының өзі жайшылықтағы үйдің үш қабатына теңдес, яғни біз сегізінші қабаттың шамасындамыз) жерде кетіп бара жатқан пенделердің қайсысын танып қарық боларсың! – Сол иттің тыңшылары көп шығар әлі де, апырым-ай, өзінің білмейтіні де, естімейтіні де жоқ, – деді де, Алешасына байланысты партизандық бір жәйттер есіне түскендей жымыңдап жүріп киіне бастады.

Арада жиырма минуттай уақыт өткен кезде дабырлап сөйлеп, дуылдап күліп төрт кісі опыр-топыр кіріп келді де, өздеріне қарсы ұмтыла берген Васяларын бассалып құшақтап, бесеуі балаша аймаласып, сүйісіп, мәз боп күлісіп, әзіл де айтып үлгірді:

– Бір қабат терің түскенше жуынғаның неткенің?

– Ұрланып келгенді қашан қоясың?!

– А, Алтайдың қара аюы, қолға түстің бе?!.

Әлде заманда сағыныштары сабаларына түсіп, бесеуі де жаяу жарыстан жеткендей өңтігіп-алқынып тұрып, есен-саушылық сұрасты:

– Ася келді ме?

– Ұлдарыңды әкелдің бе?

– Әкең аман-есен бе?

– Мына жігіт кім болады? – деп біреуі маған бұрылып келіп қолын ұсынды. – Сәлеметсіз бе, бейтаныс жігіт. Біздің «концертіміз» сізге ұнады ма? – деді ол жылы жымыып. Басқаларымен де амандастым. Қаскең мені оларға таныстырды, бірақ оларды маған таныстырған жоқ, олардың да ешқайсысы мен пәленбаймын демеді. Е, партизандардың «тәртібі» солай шығар деп ойладым. Әйтсе де, келген төртеудің түр-түстерін шырамытқан жайым бар, себебі Қасекеңнің партизандық өмір кітаптарының қай-қайсысы да ондағы кейіпкерлердің фотосуреттерімен шықты ғой, Қасекеңнің кешегі қарулас дос-жолдастарымен сырттай таныспыз емес пе?! Алешасы – партизан жасағында хирург болған Алексей Васильевич Крячек. Кітаптағы бейнесінен көп өзгермеген. Ал мәз-мәйрам боп күле бергені болмаса, көп сөйлемеген қалқан құлақ жастауы – Василий Павлович Яковенко, барлаушы болған, кітаптағы суретінен аумайды.

– Әйда, кеттік, киініңдер, біздің үйге барамыз! Вася, кеттік! – деді Алексей Васильевич.

– Кеттігің не? Қазір үстел жасаймыз, сендерге қазақтың колбасасын ала келдім, «Жеңіс» деген коньяғымызды ішесіңдер, «Жеңіс» деген – «Победа» деген сөз! – деді Қаскең.

– Жо-жоқ, Вася, оларыңды қоя тұр, ертеңге қалдыр, бәріміз түгел жиналған соң болсын...

– Әй, ертең де...

– Вася, қымбаттым, осы сен қашанға дейін командир боласың! Біз де командир болып бір көрейікші, құдай ақына! – деді Алексей Васильевич. Бәрі дуылдасып күліп, «айда, кеттік!» десіп, бөлмеден ошарылып шыға берді. Қосақ арасында мен де кеттім, қалуыма рұқсат болмады.

Олар Алексей Васильевичтің жеке меншік «Волга» автомашинасымен келген екен, төртеудің орнына енді алтауымыз сығылысып мінгенде байғұсың мықшиып-ақ қалған шығар.

–Үйге жеткенше, әйтеуір, артқы екі доңғалағы бүктетіліп қалмаса екен! – деді иесі от алдыра беріп. Мотордан бұрын күлкі «от алды» тағы.

–Алеша, әлгі фрицтерден қашқандығыңдай аянба, бауырым, әйтпесе ГАИ-дағы құдаларың ұстап алар да, «Әй, бар-жоғы алтау-ақсыңдар ма?» – деп құдағиларыңа алып барар! – деді Яковенко. Қарқылдаған күлгіден машина қақырап кетердей болды.

Алексей Васильевичтің үйі.

Жеке меншік машина бәсекелі байлықтың басы болып бара жатқан бүгінгі берекелі шақта, машиналы үйде адамның жанынан басқаның бәрі бар деген ұғым қалыптасқан ғой. Кейбір ретте ол рас та шығар, бірақ Алексей Васильевичтің үш бөлмелі үйінің көркі мен сәні суреттер мен кітаптар екен! Көрмеге қойғандай жалтырап көзге ұрып тұрған қисапсыз ыдыс-аяқ та, әлем-жәлем кілем де жоқ. Қарапайым ғана тұрмыс.

– Кемпірім деревняға, балаларға барып келуге кеткен еді, немерелері жібермей жатқан сияқты, ах, күшіктер-ай! – деп үй иесі немерелерін көріп тұрған жанша жылы жымып қойды. – Коля, не ғып тұрсың, шақыр бәрін штабқа! – деді сонсоң жолдастарының біріне.

«Штабқа» жиналғандар ортаңғы кең бөлмеге лық тола жайғасты. Түйістіріп қойылған ұзын екі үстелде дәм мол.

– Бүгін горилка ғана ішеміз, ә? – деп қауға сақал қарт білектей мұртын бір сипап, ақ арақ бөтелкесіне қол созды. – Есінде ме, Вася, Оборово селосында Костя Спижевой, Гриша Алексеенко үшеуің горилкаға тойып алып... – қарт сөзін аяқтай алмады, ду күлген көпшілікке қосыла ол да ішек-сілесі қата күлді.

Менің есіме Қаскеннің «Жау тылында» кітабында әңгімеленетін «Қауіпті тапсырма» деген оқиға түсті.

– Шіркін, жастық шақ сондай тентектігімен де қымбат-ау, а?! Сол кездерде ажалмен қанша рет бетпе-бет келіп жүрсек те, қайсыбір сәтте ажал құрығырыңды алжыған кемпір ғұрлы елемеуші де едік, – деді қара бұйра шашты, шикіл сары өңді, толықша денелі әйел ойлана сөйлеп, алдындағы тәрелкенің жиегін сұқ саусағымен баяу сипай отырып. – Содан бері де талай уақыт өтті-кетті. Жыл көбейіп, біз азайып...

– Сарыуайым, сарыуайым, бізден аулақ жүргейсің сен! – Әйелдің оң жағында отырған қоңырқай өңді жігіт ағасы көршісінің сөзін әдейі бөліп, сөйлеп кетті. – Азаймау қолдан келмеген соң, азайып бара жатқанымызға өкінбеуге тырысайық, Катюша! Бір есептен, азайған сайын қадірің артатын да болады.

– Уа, данышпан-ай!

– Тым ерте қымбаттап қайтесің сен?!

– Коля-Миколаның қалжыңы мен шынын әлі де ажырата алмай жүр екенсіңдер ғой, – деп Қаскен жымыды.

– Есінде ме, Вася, көк орманда екеуміз фрицтердің қоршауында қалып, ол жексұрындар дәл екі жүз партизанды қоршағандай-ақ орманды өлермендене атқылады емес пе? – Үй иесі дөңгелек көзі күлімдей сөзге араласты. – Фрицтер біздің



екеу-ақ екенімізді шынында білмеді, көз байлана бастағанда орманға өңмеңдеуден тиылып, алыстан атқылап-атқылап қойып, тездетіп шегінуге кірісті, орманнан жарықта олжа таба алмағаннан кейін өздері бассауғалауды ойлады. Олар атқылауды тоқтата берсе болды, Вася бәлемдерді қазақша-украинша тұздықтап сыбап айқай салады да, гранатаны оңды-солды лақтырады. Фрицтер тағы оқ жаудырып шала бүлінеді, біз енді бар даусымызбен қарқылдап кеп күлеміз. Васяның күлкісін өздерің білесіңдер, Запорожьенің айғырынша арқырағанда орман іші жаңғырып кетеді де, кемінде елу-алпыс кісі күлгендей болады. Ақыры немістер біздің қай тұста, неше кісі екенімізді біле алмай, түнгі орманға кіруден және қорқып, не керек, ақымақ боп кетіп тынды, ал біз содан Панитов орманына өтіп, отрядқа барып қосылдық. Вася, сен сол сапарымызды неге жазбағансың, ешбір әңгімеңде жоқ қой?

– Қрычек екеуміз пәленбай фрицті алдап соғып, әрі пан комендантты тұмсығынан сүйкедік, отыз шақты полицайдан құтылып кеттік десем, оған кім сенеді? – деді Қаскең.

– Сенбегендер сенбей-ақ қойсың, шындықты бәрібір айту керек!

– Жоқ, достарым, мен өзіміз істедік екен деп өзгелер сенбейтін оқиғалардың ешқайсысын жазған жоқпын және жазбаймын да!

– Сол дұрыс! Мүйіз көзілдірікті, қоңқақ мұрын сида кісі Қаскеңе қарап бас изей сөйледі. Әу баста тартпақ болған, бірақ «шылым шегуге тиым салынсын!» – деп «қаулы қабылданған» соң тұтатпай, алдына тастаған сигаретін сұқ саусағымен әрірек жылжытып қойды. – Отряд боп басымыз құралғанша жалғыз жүріп те, екеу-үшеу жүріп те фрицтердің зәре-құтын алған талайың отырсыңдар осында. Жүз жасағыр жеке батырларым-ау, бәріңнің барлық еңбектеріңді жазып бітіру мүмкін бе? Вася дұрыс айтады, қаншама шындық болса да, пендешілік көңіл сене қоймайтын жәйттерді жаза беру қиын. Соғысты көрмегендер, партизан жорығынан хабарсыздар: «Е, мынау біраз өтірікті сықпыртыпты!» –деп күлер де.

– Ә, қойшы!

– Есіңде ме, Вася, жау тылына үшінші рет тасталғанымызда төртеуімізді жел төрт жаққа әкетіп, белгіленген жерде үшеуіміз жетінші күні әрең табыстық та, Гена хабарошарсыз кетті ғой... Сол жолдасымыздан күні бүгінге дейін ешқандай дерек жоқ, біз де іздестірдік, туыстары да жазбаған жер қалдырмады, не өлінің, не тірінің есебінде болмай шықты.

– Білем ғой, – деді Қаскең күрсініп. – Ол соғыста ұшты-күйді жоқ болғандар аз дейсің бе. Басып алған жерлерінде фашистер не істемеді. Атып-асқаны былай тұрсын, біздің адамдарды ондап, жүздеп мектепке, не шіркеуге қамап, бала-шаға деместен тірідей өртеп кеткендерін осы отырған өздеріміз талай көрдік қой?! Біз азат еткен селолар мен деревнялардың, хуторлардың кәрі-жасы фашистерден көрген қорлықтарын айтқанда, біз де қанжыламаушы ма едік?! Ал солай өртелгендердің кімдер екендерін анықтай алып па едік?..

Кешегі партизан жігіттер мен қыздар, бүгінгі ақ шашты ағалар мен апалар енді біразға дейін үнсіз отырысты. Көздерін төмен салып, көңілдері құлазып отыр. Ол анық. Қаншама серіктерінең, дос-жолдастарынаң, туған-туысқандарынаң, таныстарынаң айрылды бұлар? Ғасырымыздың тарихына қанды ізін тастаған гитлершіл малғұндар жасаған сойқандық, айуандық, жауыздық немең, қалай өлшенбек?!

– Есіңде ме, Вася... – Басына қызғылт капрон орамал тартқан арық әйел сынық үнмен сөз бастап, жаңағы орнай қалған ауыр тыныштықтың пердесін сәл ысырғандай болды...

Сол бір жорық жылдары мен жолдарындағы күйініш-сүйініш те, қауіп-қатер де, тәуекел де, өкініш те, шүкіршілік те – бәрі де Васяның есінде.

Жау тылына алғаш аттанарында генерал Строкачтың: «Партизан жолдастар, достар! Сендер жау тылына бара жатырсындар, сапарларың сәтті болсын, саптарың сиремесін! Жау қолына қапылыста түсіп қалған, алайда басқыншыларға өшпенділігін ортайтпаған адамдарымызға Партия мен Үкіметіміздің, Отанымыздың ыстық сәлемін жеткізіңдер! Фашистерге ту сыртынан соққы беріңдер! Біз жеңеміз!» – дегені әлі есінде.

Днепрдің жағасында жолығып: «Екі ұлым да Қызыл армияның қатарында. Келіндерім мен немерелерімді фрицтер атып тастады!» – деп сақалын жас жуған Микола атайдың төлтіректеген кейпі әлі көз алдында.

Он бір жастағы Мишасын фашистердің айуандықпен тілгілеп өлтіргенін айтып күңіренген Иван Гаманға жұбату айтып тұрып, өзінің де егіліп жылағаны есінде.

Қарулас достарының қаншасы Ұлы Жеңіс күнін, өздері жақындатқан Жеңіс мерекесін көре алмай қыршын кетті...

Бәрі де Васяның есінде.

Партизандардың қолына түсіп қалғанда тесік таба алмай жанталасқан полицайлар мен коменданттар да есінде! Туған елін, туған жерін, туған-туысқандарын сатып, фашистердің табанын жалап құл болған, ал партизандардың алдында: «атпаңдаршы, кешіріңдерші!» – деп зар илеп, жыланқұртша жер бауырлап жалынып-жалбарынған жексұрындар да есінде!

– Есінде ме, Вася...

Қанқұйлы басқыншы жауға қарсы күресте мақсат-мүддесі, парыз-міндеті бір болған Батыр достары Иван Кузьмич Примак, Емельян Демьянович Ломако, «А, казахский народ, как дела?» – деп қарсы алатын қаһарман Сидор Артемьевич Ковпак, әрқашан балаша арсалаңдап жүретін Аркашка Гаспарян – жүздеген, мыңдаған жорықтастары түп-түгел есінде.

...Партизан достардың құшағы таң қылаң бере ғана жазылды. Құмарлары қанғанша естелік әңгіме шертісіп, жорық жырлары мен Жеңіс әндерін шырқасты. Бірде көңілдері көл болып шалқыды, бірде кірпіктерінен ірі тамшылар үзіліп-үзіліп түсті... Адамға ғана тән алау сезімді күй кешісті.

Мейманханаға жақындай бергенімізде Алексей Васильевич машинасының екпінін сәл баяулатты да:

– Есінде ме, Вася, сендер Ходорово селосында орналасқан жау комендатурасын талқандап қайтқандарыңда сендермен бірге отрядқа келгендердің арасында жұдырықтай ғана бір шал болған еді ғой, кейін де оны «Алып атай» – деп әзілдеп атап жүрдік қой? – деді. – Байғұстың бала-шағасын фрицтер қырып тастаған екен. Соғыстан кейін бір жесір келіншекке үйленіп, Киевке көшіп келіпті. Сол «Алып атаймен» былтыр мына мейманханада ойда жоқта кездесіп қалғаным! Шұрқырасып табысып, біраз шүйіркелестік. Сөйтсек, оның кемпірі осы мейманханада қойма кілтшісі екен, төсек-орын, ыдыс-аяқ жағына иелік етеді. Ол сені сырттай, әрине, жақсы біледі, кітаптарыңдағы суреттеріңнен таниды. Сенің келіп түскеніңді бізге сол хабарлады емес пе?!

– Ай, Алеша, сен бейбіт уақытта да тыңшы-байланысшы ұстайды екенсің ғой! – деді Қаскең.

– Е, сенің қол астыңда болдық қой! – деді Алексей Васильевич.

Қарқылдаған күлкі Киевтің таңғы ауасын «тас-талқан» етті...

Бұл – 1977-жылдың күзінде, қыркүйек пен қазанның өліарасында болған еді. Қаскеңді оның кешегі қарулас досы, Кеңес Одағының Батыры атағын екі мәрте алған авиация генералы В.Лавриненков қонаққа шақырып, мен еріп барғанмын. Мақсатым – қаһарман ағаның партизандық өмірінен хикая (повесть) жазу болды. Бірақ, өкінішке қарай, ойым іске аспады. Оның себебі – өзім көріп-білмеген, басымнан кешпеген оқиғаны жазу менің қолым еместігіне көзім әбден жеткені. Оның алдында немере ағайым (ұлы атамыз бір) Кеңес Одағының Батыры Ізғұтты Айтықов жайында кітап жазуға құлшынып, оның әскери өміріне қатысты ақпардың бәрін жинап алсам да, өзімді қанша қинасам да, ештеңе шығара алмағанмын.

Қаскеңмен ұзақ жолға шыққаным бір бұл емес. Танып-білгеніме, міне, елу жыл десем, бұл мерзімде қуанышына ортақтасып, ренішісін де бөлісіп дегендей, әрқашан төңірегіндемін. Даңқты аға: «Әй, золотой!» – деп, немесе «Әй, дорогой!» – деп аңқылдап жүреді. Кесек тұлғасына кішік мінезі жарасады. Рас, кейде жоқтан өзгеге бұрқ-сарқ болып қалатыны да бар. Онысы да өзіне жарасатын тәрізді, меніңше. Батырдың ашуы да өзгеше болуға тиіс шығар деп ойлап отырамын ондайда. Бірақ ұсақ-түйекке емес, ашуланбауына болмайтын жәйтке ғана ренжімес пе деп те ойлаймын.

1975-жылдың наурыз айы ортасынан ауа бере, бір күні Қаскеңнің үйіне бардым. Жеңістің 30 жылдығына арнап ол кісі туралы «Қазақ әдебиетіне» мақала жазбақшы едім. Есен-саулық сұрап, енді шүйіркелесе бергенімізде телефоны шылдырлай жөнелді. Трубкасын көтерген Қаскең: – Алло!.. Да, да!.. Қасым Қайсенов слушает!... Здравия желаю, товарищ генерал-майор!.. Вас так же!.. С кем?.. Маршал Гречко? Андрей Антонович?.. Хорошо, хорошо!.. – деп, үні ашылып, бізге жағалай қарап қойды. Жүзінде толқу, қобалжу нышаны пайда бола қалған. – Да, я – Касым Кайсенов, товарищ Маршал Советского Союза!.. Здравствуйте, Андрей Антонович!.. Спасибо, спасибо!.. Я тоже поздравляю Вас наступающим Днем победы, желаю крепкого здоровья!.. Я?.. А операция «Белая Таня»?.. Пришлось... было... А что там особенного, товарищ Маршал?.. «Спасибо!.. Хорошо... обязательно, Андрей Антонович!.. До свидания!..

Қаскең трубканы орнына жайлап қойып, бізге қарап балаша күлімсіреді. Үй іші дуылдап кетті. Бәріміз де елең етісіп, демімізді ішімізден ала тыңдап қалғанбыз-ды. Енді:

- Маршал Гречко ма?
- Министрдің өзі ме?
- Ғажап болды ғой!
- Адресті, телефонды қайдан біледі?

– Шынында да керемет болды-ау! – десіп, қуана дабырластық. Қаскеңнің жұбайы – Асыл апамыздың да, Қаскеңнің әкесі – сексен бес жастағы Қайса ақсақалдың да көздеріне меруерт тамшы іркіле қалғанын байқадым (менің де көңілім көкке көтеріліп кетіп, сол кеште «Маршал Гречко телефон соқты» деген мақала жаздым).

«Белая Таня» операциясын жүзеге асырудағыдай тапқырлық, тәуекелі мол ерлік Қаскеңнің партизандық төрт жыл өмірінде көп болған. Оны жазушы Қасым Қайсеновтің қаламынан шыққан кітаптарды оқыған жұрт жақсы біледі. Ол ерліктер: жаңағы Маршал А.Гречконың «Карпаттан асу», жоғарыда айтылған генерал В.Лавриненковтың «Аспанға қайтып оралу», әскери тарихшы Г.Уткиннің «Шығыс жотасына шабуыл», басқа да мәскеулік, украиндық, ленинградтық қаламгерлердің, тарихшылардың еңбектерінде, қазақстандық Әзілхан Нұршайықов, Сағи Жиенбаев, Тұманбай Молдағалиев, Сабырхан Асанов, Михаил Чистяков, Әубәкір Нілібаев,

Тоқтарбек Қызықбаев және басқа көптеген ақын-жазушылардың хикаялары мен дастандарында, әңгімелерінде, өлеңдерінде суреттеледі.

Талай-талай сапарлас, дәмдес болған: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Хамит Ерғалиев, Әди Шәріпов және басқа аға-інілері Қаскеңді жоғары бағалағаны аян. Жұмағали Саин екеуінің достығы ерекше қымбат еді. Жұмекең екі-үш күн көрмесе: «Әй, партизан, мен сені сағынып қалдым ғой!» – деп құшақтап, бетінен сүйгенде Қаскең арқаланып, еркелеп қалатын еді. Кіршіксіз достық сезімдері Жұмекең көз жұмғанға дейін сақталды. Бірде Жұмекеңмен әңгімелесіп отырып: «Аға, сізге бір сұрағым бар еді, рұқсат па?» – деп едім, ол «айта бер» дегендей ишаратпен иегін ұмсынтты. «Қаскеңді Украинадан сіз алып келіңіз. Бұрын білмеген, көрмеген, адресі де белгісіз адамды қалай тауып алдыңыз? Ал сіз болмағанда Қаскеңнің сонда қалып қоюы мүмкін бе еді?» – дедім. Жұмекеңнің сүйкімді кішкене көздері күлімдеп, өзі миығынан жымыды да: «Украин партизандарының орталық штабына барып, партизан қазақ Қасым Қайсеновті іздеп келгенімді айтып едім, ондағылар: «Қайсенов пе?.. Біздің Вася ғой!» – деп дуылдасып, біреуі жүгіріп кетті де, ұзын қара жігітті ертіп келді. Партизан киімімен, қару-жарағын асынып келіп тұр! Таныстық, сөйлестік. «Документтеріңді жиып-теріп ал, елге қайтамыз. Мен де осында соғысқанмын, соның бір документтерін іздеп келіп едім, оны реттеп алдым, енді екеуміз бірсікүні қайтамыз» – десем, Қасымым сондағы бір бетон комбинатына ма, құрылыс комбинатына ма қызметке баруға жолдама алып, ертең кеткелі жүр екен. Партизан дегенің қызық болады. Әйтеуір, алып қайттым ғой», – деп ақырын ғана мырс-мырс күлді.

Қаскеңнің мінезінде аңғалдық та бар. Украин достары, сірә, «Вася, соғыс аяқталды, үйіңе қайтуға асықпа. Анау қирап, шашылып қалған комбинатты түзеу сенің ғана қолыңнан келеді, бар да басқар, қимылда!» деген болар да, Қаскең папахасын оқшырайтып, келісе кеткен болар. Шынында, Жұмекең жолықпағанда Украинада біраз жыл бөгеліп қалуы мүмкін бе еді, кім білсін...

«Ігіліктің ерте-кеші жоқ» дегендей, Жеңістің елу жылдығында «Қазақстанның Халық қаһарманы» деген атақ берілді Қаскеңе. Баршамызға ортақ сол қуаныштың кешінде Президент Н.Ә.Назарбаевқа алғысын айта отырып: «Атақ үшін, награда үшін соғыспап едік... жол Бауыржан мен Рақымжандікі еді...» – деп мұңайғанына куәмін. Шыны сол. Қорғаныс министрлігіміз жақында (1997-жылғы көкек айының басында) Қаскеңе «полковник» әскери атағын берді. Үйіне барып құттықтадық, денсаулығы мықты болуын, отбасы аман болуын тілестік. 1998-жылы, көкек айының 23-і күні Қаскеңнің жасы СЕКСЕНГЕ толады! Ол – Қазақстанның, Украинаның, баршамыздың мерейтойымыз!

\* \* \*

Халқы 2007-жылдың 3-қаңтарында 89 жастағы Қаскеңді жер бесігіне салуға әкетіп бара жатқан сағатта осы жәйттер жадымда түгел дерлік жаңғырды. Қазақстанның сан түкпіріне бірге барған кездерімізде қаламдас аға-іні жарасымдылығымыз шексіз болса да, шекісіп қалудан «құралақан» жүрмеген сәттеріміз де бар екен. Қаскеңнің мәйіті мәңгі-бақилық мекеніне тапсырылар минөтте іштей күбірлеп: «Аға! Сіз де пенде болдыңыз, біз де пендешілікпен өтерміз. Мына фәни дүниеде қалып бара жатқан қаламдас інілеріңізден қайсыбіріміз сізге артық-ауыс сөз айтып, көдір-бұдыр мінез көрсеткен болсақ, қайсыбірімізге Сіз де артық-ауыс сөз айтып, көдір-бұдыр мінез көрсеткен болсаңыз, соның бәрі де кешу-шешу болсын!» – дедім, шындыққа жүгініп.

Қасым ағаның қазасы – қазаққа ғана емес, украин халқына да, неміс фашистерінің концлагерінен Қаскең азат еткен (партизан жазушымыздың «Белая Таня» хикаясы естеріңізде шығар) мыңдаған чех, поляк және басқа ұлттардың ұрпақтарына да ауыр қаза. Олардың үкіметтері соғыстан кейінгі жылдары «Қазақстанның Батыр Партизанын» жауынгерлік ордендерімен марапаттаған болатын.

Даңқты партизан-жазушы Қаскең есен-сау болса, 2008-жылы 90 жасын тойлар еді...

Қаскең Бауыржан Момышұлын пір тұтатын. Қашан, қайда болсын жұртшылықпен жүздескен жиындарда партизандық жорықтарынан әңгіме шертіп отырып, сөз ретіне қарай: «Нағыз батыр деп Баукеңді айтыңдар!» – деп қоятын. Жазушылар одағында, немесе басқа жерде Баукеңді көре қалысымен: «Батыл шалға тезірек сәлем берейің, әйтпесе таяқ жеп қалам!» – деп аяғын жебей басатын. Ал Рақымжан Қошқарбаевты ерекше еркелететін. Рақаң ақжарқын жан еді ғой, Қаскеңнің іші-бауырына кіріп, анекдот араластыра әңгіме ағылтып, күлкіден езу жиғызбайтын. «Міне, көріп отырсың ғой, бұл Мырқымбайдың істейтіні осы, қайдағы-жайдағыға күлдіріп, әңкі-тәңкімді шығарады» – деп «шағынатын». Маңызды бір шаруа айта барып, соны айтуына Рақаң бой бермегенде жорта ашуланып: «Әй, Мырқымбай! Болды енді! Адамша сөйлесейік те!» – дейді. «Қойдым, аға-еке, қойдым!» – деп батыр інісі екі қолын бірдей көтере қояды.

Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов ағаларына сан рет атқосшы болған Қаскең оларға еркелене еркін сөйлеп, әзілдесетін де. Ғабең бастаған бір топ ақын-жазушы бір жылы жазда Өскеменге келіп, бір апта болды. Мен ол тұста Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінің редакциясында бөлім меңгерушісімін. Жұртшылықпен кездесу өткізуден қолдары босап, еркіндік алған күні түс ауа Ертіске шомылуға барды. Біз – еріп қызмет көрсетіп жүрген қолбаламыз. Басқалар шешініп тастап, өзенге күмп-күмп түсе кетіп, малтып жөнелді. Ғабең асығар емес. Қаскең ағасының баяу қимылына қызыққан кісіше сәл оқшау тұр. Ғабең соңғы киімін – шолақ дамбалын шешіп, қойтастың үстіндегі киімдеріне қосып, маң-маң баса суға беттеді. Сол кезде Қаскең:

– Ғабе! – деп қалды. Ғабең кідіріп, маңқия бұрылыққырап:

– И-и-ә-ә, не айтасың? – дегенде інісінің:

– Турсиіңізді көп шешпейді екенсіз ғой, көтеніңіз аппақ, – дегені ғой. Мен сасып қалдым. Атақты Ғабит Мүсіреповке олай деуді кім күткен! Қазір ренжіп, ұрсып тастар деп ойлады. Ал Ғабең мырс-мырс күлді де:

– Әй, шатпа-а-ақ... – деді.

Қаскеңнің суға түсіп малтығанын көрген емеспін. Жағадан ұзамай жуынып тұрғаны. Сол жолы да сөйтті. Өзі сәл ұзап, ақырын ғана малтып оралған Ғабең дауысын соза маңғазданып сөйлейтін әдетімен:

– Әй, партизан, сен Днепрден күндіз де, түнде де талай өттім, жаудың снаряды келіп тиіп, қайығымыз біт-шыт болып, талай жолдастарымнан айырылдым дейсің. Ал мен сенің суға жүзгеніңді көрген жоқпын. Сырда да, Есілде де болдық. Енді Ертісінде тұрғаның мынау, кір шая келген келіншекше, – деп еді, Қаскең:

– Ғабе, мен малти білмеймін, оллаһи! – деді.

– Қайықтан айырылғанда Днепрден қалай аман шықтың?

– Қашан болсын жолдастарыма сенемін де, өзенге киімшең күйімде, қару-жарағымды құшақтай қойып кеп кетемін, жолдастарым қолтығымнан демеп алып шығады.

– Шынында туа партизан екенсің, – деді Фабен, оған жылы жымия қарап.

...Бақилық Қасым аға хақында айтылар естелігімізде шек болмайтын шығар...  
2007 ж.



## ЖАЛАҢТӨС

Жасы жетпіс беске толған тойын жасап ортамызда отырар жылында, амал не, Алекеңнен – қазақы қаны ыстық, қазақы жаны таза, қазақы пейілі адал Алдан Айымбетұлынан айырылып қалдық. Өткеніне өкінсек, халқына сіңіріп үлгірген еңбегіне сүйінеміз. Елінің еңсесі биік болуы үшін, халқының мүддесі үстем болуы үшін күресер қазақ болса – Алекеңдей бола білсін дей аламын.

Аяулы Алекеңмен ең алғаш сырттай таныстым. «Казахская правда» атты газетінің екінші саны қолыма тиген күні телефон шалып:

– Алеке, қадірі де, қиындығы да ересен болар ғажап істі бастапсыз, құттықтаймын! – дедім.

– Бұл кім? – деді. Аты-жөнімді айттым.

– Ә, білем ғой, білемін, авторым болады деп сенемін! – деді.

– Газетіңіздің атын мықтап қойған екенсіз, бәрекелді! Тек әлгі саясатқа әсірежүйріктер жағы жүйкеңізді шанышқылап жүрмесе? – десем, Алекең лекіте күліп:

– Атын әдейі осылай қойдым, өйткені өзгелерден де, өзімізден де шығып жүрген, біразға дейін шығатын да антиказахтарды желкелеу керек! Өйтпей болмайды! Бізге тағдыр бұйыртқан тәуелсіздігімізді ең әуелі солардан қорғау керек! – деді шамырқана ширығып сөйлеп.

Одан кейін Жазушылар одағымыздың ғимаратында болған бір жиында жолықтық. Кеу-кеулегендердің арасында ұзағырақ сөйлесер, сырласар жағдайымыз болмады. Алекең:

– Сіз маған мақала әкеліп бермесеңіз де, тәуелсіз газеттердегі кейбір мақалаңызды орысшалап, бірін толық беріп, бірінен үзінді ұсынып жүрмін, көрдіңіз бе, қарсылығыңыз жоқ па? – деп жымиды.

– Алеке-ау, қарсылығым жоқ, қайта алғысым көп! Өзім орыс тілінде тігісін жатқызып жаза алмаған соң, алдыңызға бара алмай жүрмін ғой, – деп ақталып бақтым.

Иә, енді Алекеңнің аруағы алдында ақтала сөйлейтін боламыз. Себебі: Алекеңнің бір өзі он шақты қызметкері бар ұжымның жұмысын істеп, тақырыбынан бастап төрт беті түгел шындыққа толы газет шығарды, ал біз материалдық жәрдем бере алмадық, зейнеттегімізде өйтер мұрша болмады (ал ақшасын казиноға шашып жүрген бай қазақтардан қазаққа қайыр жоғы белгілі). Өз аяғымыздан мақала апарып беріп те риза ете алмадық. Ал ол, іші қыж-қыж қайнап, иісі қазаққа кеше де, бүгін де, ертең де қажет газетті жалғыз өзі шығарды. Бұл газет – бұйырған тәуелсіздігіміздің тірлігін бірінші күнінен бастап зерттейтін болашақ ғалым-саясатшыларға, ғалым-журналшыларға құнды қазына болары анық. Өйткені: тырнақты мен тістінікі, білегі күштінікі болып тұрған, білік майы күйген арбаша шикылы үдеп бара жатқан мынау заманның бүкіл сиқы басшылықтағылардың тым тәтті сөзінсіз, тым сұлу суретінсіз

шықпайтын газетсымақтардың беттерінен емес, ақиқаттың бір айнасы – «Казахская правданың» беттерінен табылатын болады. Әншейінде атағынан түйе де үркетін небір әйгілілердің сыналар кезең келгенде ауырдың астына қалай түсіп, жеңілдің үстіне қалай шығып кеткені, кімдердің: берекесіз биліктің табағындағы тарысын көкsep ұйықтап, соның пісуін күтіп оянатын рухани аштар болғаны, әу баста-ақ қазақ ұлтының қайта түлеуіне ашық қарсы шыққаны, орыс тіліне мемлекеттік тіл дәрежесін бергізу үшін жанталасып жүргені, қазағын «әлі қалыптаспаған халық, шекарасы болмаған, бүгін отырған жерінде мемлекеті болмаған» – деп анау алаөкпе солженицын-жириновскийлердің жыртысын жыртқаны Алекеңнің газетінен табылады.

Газеттің 2005-жылғы қыркүйектегі 17-санында «Олжаса Сулеменова как антиказаха я раскусил сразу, еще тогда» деген тақырыппен шыққан мақаласында Алекең мынаны ашып айтты:

«...Кабинет М. Шаханова, в то время народного депутата СССР. Собралась очень солидная публика: ученые, депутаты и просто авантюристы. Я, оказалось, занял место прямо напротив О. Сулейменова. За несколько дней до этого нам были розданы тезисы программы будущей партии (*олжастық «Қазақстанның Халық конгресі партиясын» айтады, – Ф. Қ.*). Мне достался национальный вопрос. Материал готовил очень серьезный, как мне казалось, не уступающий «Комманифесту» Марка и Энгельса.

Но когда дошел до тезиса «возрождение казахской нации», Сулейменов поднялся, немного полюбовался собою, затем директивным тоном потребовал убрать «возрождение казахской нации». Я впервые оказался в такой близости от «великого человека». Но преодолел робость и почти заорал на него: «Какого черта мы собираемся в партию? Я буду бороться против антиказахской партии!». Дело дошло до выяснения личности: а ты кто такой?!

К сожалению, казахи, их было большинство, не стали выступать против еще не свергнутого с пьедестала народного кумира. Я один тьякался, чуть ли кулаками кидаясь на предателя казахов. Я тогда вынес впечатление, что очень трудной будет национально-освободительная борьба казахских патриотов. Тому пример тот же Олжас Сулейменов опасный».

Қайран Алекең «Казахская правдасын» ашқанда алдымен сондай «ерекше» қазақтарды ойлантайын, оятайын деді-ау!

Алекеңнің халқына ештеңемен өлшеп болмас еңбек сіңірген нағыз ұлтшыл қайраткер, жалаңтөс журналшы болғаны жайында айтар арман сөзіміз әлі алда.

2006-жыл



## САТАЕВИЧ

Біздің алғаш танысуымыз қызық болып еді-ау, Абеке! 1971-жыл шығар, Әнуар Әлімжанов екеуіңе Алматының Гоголь көшесіндегі сирек кітаптар дүкенінде, «Букинисте», кездестім ғой.

– Фаббас, танысып қой: қазақтың тұңғыш архивариусы Амантай Сатаев осы кісі, – деп Әнекең жымып, екеуімізге кезек қарады емес пе. Апақ пішініне көзім тойған. Қол алыстық. Қолың қол-ақ екен!

– Жігітім, екі кило ет алу үшін дүкенде екі сағат сарылып кезекте тұрып жүрген мынау заманда сенің қолыңды алу қойдың санын құшақтата қойғандай екен! – дегенімде сен:

– Әй, айналдым! – деп қарқылдап кеп күлдің. Жарықшақ дауысың дүкенді кернеп кеткен.

«Айналдым» деген сөзді риза болған сәтінде айтатын едің. Отбасымыз болып ойнап-күліп араласқан отыз екі жылда сенің біреуге қышқыл сөз айтқаның, қыңыр мінез танытқаның есімде жоқ. Сабырлы, кішіпейіл, ақжарқын, ғибратты әңгімешіл, кешірімді, кеңпейілді едің. Білімдарлығың ғой. Біз де сені құрметтеп, «айналдымыңа» әрқайсысымыз өзімізше қарымта сөз тапқанбыз. Мен сені бірден «Сатаевич» дегенімде:

«Архив орбитасында анау Затаевичтей болсын дегенің ғой, ә?» – деп жайдары күлгенсің.

Сенің күлкің де, іс-қимылың да қалтқысыз, таза, тамаша еді! Қаламгерлік ізденісің, тың ой-тұжырымың қай-қайсысымызды да аса қызықтыратын. Адамзат тарихын, Қазақстанның, қазақтың көнеден бергі тыныс-тіршілігін мұрағат құжаттарымен дәлелдеп сөйлегеніңде біз сүйікті ұстазының дәрісін тыңдап отырған шәкіртше рахаттанатынбыз. Мен сенің жеке мұрағат жайындағы түпнұсқа, көшірме құжаттың молдығына да еріксіз таңданғанмын.

2000-жылы: «Жасым жетпіске толуына жаңа жеті кітабымды шығарамын!» – деп әзілдегенің әлі есімде. Бірақ, не шара, көбі қолжазба күйінде қала берді.

Аттила бабамыздың өмірін зерттеуің – әрі қажырлылықтың, әрі құштарлықтың шын үлгісі. Әлем тарихында Аттила туралы нендей жазба еңбек бар, соның бәрінің бір-бір данасы сенің қолыңа жеткенін білемін. «Біздің аю «кітаптің астында қалармыз» – деп қояды», – дейтін едің әзілдей күліп. Бәйбішең Гүлжанды «аюым» – деп отыратынсың. «Жаным, күнім» дейтіндердің көбі Гүлекең екеуіңдей тату-тәтті бола алмаған да шығар. Балаларыңды мәпелеп өсіріп, немерелеріңнің асты-үстіне түсіп, ер басыңмен ерекше, әйел-анаша елжіреуші едің.

Соңғы шүйіркелесуіміздің бірінде: – Мен сенің алдыңда кетемін десем, аюым: «Соңыңнан қуып барамын, жалғыз жатқызбаймын» – дейді. Мен: – О дүниеде де тыныштық бергің келмейді дедім, – деп әзілдеп едің. Нендей әңгімені болсын әзіл-қалжыңмен аяқтайтынсың. Ол мінезің өмірге құштарлықтың, тіршілігіңе шүкіршіліктің, айналаңдағы үлкен-кішіні алыс-жақын демей сыйлаудың өнегесі екен.

Ай, аяулы «Сатаевичім», бақыл бол! **ФАББАСЫҢ.**

25. 08. 2003 ж.

Ұзақ жылдарғы жолдас-сырласым, сегіз жыл іргелес көршім болған Амантай Рахымжанұлы Сатаевты жер бесігіне жатқызып келген күнгі түнде қойындәптеріме осыны жазыппын... Жасы жетпіске толуын тойлауымызға екі ай ғана қалып еді...

Қаламды серік еткен, қару еткен қырық жыл бойында небары төрт кітабы шығып еді, ал өзі бақиға аттанып кеткеннен бері де алты жинағы жарық көрді. Қазекемнің: «Орнында бар оңалар», – дегеніне көзім және бір жетіп, шын пейіліммен шүкіршілік етіп отырмын. Өйткені бұл «бар» мен «жоқтың» біразын көрдім. Әсіресе, КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесін басқарған он жылда. Көзі тірі жазушының шығармашылық жұмыспен алаңсыз айналысуына жағдай жасауға міндетті бөлімше дүниеден озғанның қабірі басына құлпытас орнату, өмірінің соңғы кезеңінде тұрған үйі қабырғасына ескерткіш тақта ілдіру, әдеби мұрасын тәптіштеу істерімен шұғылданатын. Бұл үш парыздың қалай өтелері қайтыс болған ақын-жазушының артында кімінің қалғанына байланысты. Әлбетте, бөлімше марқұмның отбасымен



келісе қимылдайды. Сондайда қазекемнің: «Біреудің жоғын біреу ән айтып жүріп іздейді» дегені рас екеніне еріксіз куә болғаным бар. Ал Амантайдың былтырғы жыл соңында қолыма тиген алтыншы кітабын («Бәрі де көңілімде, көз алдымда»). Естеліктер, жолжазбалар жинағы. «Қайнар» баспасы) шолып шығып, қуанышты көңілмен шүкіршілік еткенім – ақиқат. Себебі Амантайдың бәйбішесі Гүлжан, екі қанаты – Сәуле мен Жанар оның барша әдеби мұрасын бірі – газет-журнал беттерінен, мұрағатжайынан тауып, бірі – оның бәрін тәртіптеп, компьютер терімінен өткізуге кірісті. Гүлекең қолжазбаларды тақырыптарына қарай іріктеп топтап, баспалармен байланыс жасады. Бұл тұста өздеріне ұсынылған қолжазба жинақтың құндылығына көз жеткізген, кезінде Амантайдың кім екенін танып білген баспагер, рухани іні-қарындастарына («Елорда», «Қайнар», «Ел-Шежіре», «Сөздік-Словарь» баспалары) алдымен, әрине, бағдарламасына енгізіп, жол ашқан Мәдениет және ақпарат министрлігімізге мың да бір алғыс!

...Амантайдың үйіне келушілер көп болатын. Қазақстаннан тыс елдерден де келіп жататын. Оның бірден бір себебі: Амантайдың Мәскеудің тарихшы-архивариустар институтында оқығаны және үйде болғанынан сол Мәскеуде, Ленинградта, Ташкентте, Омбыда, қысқасы, – Қазақстанға, қазаққа қатысты дерек бар-ау деген мұрағатжайлардың бәрінде дерлік болып, кәсіптеп жолдастарын көбейткені. Ол әзілге сайдыра: «Қытайлардың ғана қорасына кіре алмай жүрмін, онда бізге керек мағлұмат аз емес!» – дейтін еді.

Амантайдың қолында небір көне кітаптар, немесе сондай кітаптардың, қолжазбалардың, фотосуреттердің көшірмелері көп болды. Шетелдік таныс-бейтаныс архивариустар тарту еткен кітаптар қаншама! Солардың бірін алып, әңгіме шерте жөнелгенде, оның танымпаздығына, білімдарлығына қызыға таңданатынымын. Кеше өзі шығарған, бүгінде өзінсіз шыққан жинақтарының қайсысын парақтасаң да, тарихымыз, ғылымымыз, әдебиетіміз бен өнеріміз жайындағы дерек менмұндалайды. Хандарымыз бен батырларымыздың, ақын-жырау, әнші-күйші, ғұлама ата-бабаларымыздың өмірдеректеріне қанығасың және ол деректердің көбі – тың, қайдан алынғаны көрсетілген нақты негізді болады. Олар – студент кезінен бергі уақытының үштен екісі жолсапарда өткен ізденімпаздың, білмекке құмар жанның ауыр да абыройлы еңбегінің нәтижесі.

Қазақтың тұңғыш архивариусының (латынша: мұрағатжайдың қызметкері, шырақшысы деген сөз) жинақтарындағы деректі әңгімелер: Оттылы (Аттила), Абылай хан, Едіге, Бөгенбай батыр, Шоқан, Махамбет, Абай, Сегізсері, Мұстафа Шоқай, Сүйінбай, Сәкең, Ілияс, Қажымұқан, Қаныш, Жүсіпбек, Мұхтар, Әлкей, Сәбит, Жұмат Шанин, Шәкен Айманов, Әнуар Әлімжанов сынды тарихи тұлғаларымыз хақында. «Алаштың асылдары» кітабы – тұтас бір әлем. Сондай-ақ: саяхатшы американдар мен поляктар, Арқа палуандары, француз жазушысы Ромен Роллан, орыс ақыны Сергей Есенин туралы мақалалары, «Құрманғазы» киносценаріі – сергек зерттеуші, батыл пайымдаушы екенін дәлелдей түседі. Ара-тұра жазған Күнделік беттерінде тұнып жатқан сыр өз алдына...

Әлі есімде, бір күні Амантай телефон шалып, күле сәлемдесіп: «Мағжан Жұмабаевтың самоиздат кітабын өзің бермесен де, кеше Әнекеңнен алдым» – деді (ол оқиға осындағы «Апайларым-ай!..» – деп аталған жазбамда баяндалды).

Туған елінің, туған халқының, тарихи тұлғаларымыздың өмір жолдары жайында дерек жинауға асыққан Амантай соларын кітап етіп шығаруға уақыт таппады. «Жаңа жинағыңды қашан сыйлайсың?» дегенімде: «Жазуға қажеттіні жинап алу керек, ал жазу, кітап – ету ешқайда қашпайды» дейтін. Қызы Сәуле жазғандай, көңіл көтере

қыдыруға әуестігі жоқ әкесі бәйбішесі Гүлжанға: «Мен кеткен соң ішің пыса қоймайды, өйткені менің архивіммен айналысасың» деген екен. «Амантайдың архивін ақтарған сайын ешқайда жарияланбаған қолжазбалары табылады, бәрін де оқып, тарих үшін, ертеңгі ұрпақ үшін пайдалы екеніне көз жеткізіп, қайтсем кітапқа айналдырып үлгірем деп жүрмін», – дейді Гүлекең.

Ал Амантайдың мұрағатжайында құнды қолжазбалар әлі де барын айтып пікірлескен сайын мақсаты игі, жігерлі бәйбішесіне:

– Гүлеке, құдай саған қуат берсін, балаларыңа ұзақ, бақытты ғұмыр берсін! Иншалла, Амантайдың аруағы сендерге риза! – деймін. Оқырман біздің де риза екенімізде шәк жоқ деп ойлаймын.

Абекеңнің Сәулесі мен Жанары әке жолын қуды. Архивариустер. Сәуле – тарих ғылымының кандидаты. Әкесінің орыс тілінде жазған әңгіме, хикаят, жолжазба, пьесаларын «В лебедей не стреляют» – деп шығарарда арнайы жолсапармен Мәскеуде, Петербургта болып, сонау жылдары әкесімен бірге оқыған, мұрағаттарда тарихи-әдеби зерттеу жұмыстарын бірге жүргізген адамдарды тауып кездесіп, сұхбат алып келді! Тартымды, тағлымды жолжазбасы жинаққа енгізілді. Тақырыбы – «Путешествие из Алматы в Петербург и Москву». Соны оқығанда қатты тебіреніп: «Орыс жігіті Радищевтің саяхаты екі қаламен шектеліп еді, біздің қызымыз одан асып түсті!» – дегенімде Сәуле: «Әке үмітін ақтауымыз керек қой?!» – деп жымыды. Бұл жолжазбасының қазақша нұсқасы – «Әкем нағыз қазақ еді» – Амантайдың «Алаштың асылдары» жинағына енгізілген. Сәуле бүгінде АҚШ-та іссапарда. Вашингтон университетіне мұрағат жұмыстары жөнінде тәжірибе алмасу мақсатымен барып, ғылыми еңбек етіп, дәріс те оқып жүр. Жанар – Мәдениет және бұқаралық ақпарат министрлігімізде мұрағат мәселесі бойынша Бас сарапшы.

Амантай – Ақмола облысының түлегі. Ерейментау ауданының Шәкей ауылында 1933-жылы дүниеге келген-ді.

2004-жыл



## ҒАЛЫМ ҚАЛАМҒЕР

Баяғы байланыс құралымыз – телефоным бебеулеп жөнелді. Егер жаңылыспасам, 1978-жылдың шілдесі болар. Сенбі еді. Таңертең. «Ішегі түйіліп қалмағай» – деп барып, тұтқасын алдым.

– Повестка қолыма тиді деп білде, тез келе қал, сені бір балуанмен таныстырамын, – деп күледі Амантай Сатаев. Есікпе-есік көршім. Елге танымал тарихшы-жазушы. Ондай «повестка» сәтінде бірімізді біріміз тостырмайтынбыз, дереу жетіп бардым. Ебіней Бөкетов екеуі маз-мәйрәм болып отыр. Сәлем бердім. Еңселі Ебекең мол денесін жеңіл көтере тұрып, қолын жымия ұсынып:

– Уағалейкүмәссәләм! – деді, маған анық барлай қарап. Сонсоң Амантайға мойнын бұрып: – Ғабекенді екі-үш ай бордақыласа, Оспанхан айтқандай, екеуіміздің пошымымыз бірдей болады екен, ә? – деп қуақыланды.

– Қай курортқа, неше айға барғысы келсе де, путевканың бәрі қолыңда, бірақ почему-то бармай жүр ғой, – деп күлді Амантай.

– «Өзге жұрттан сөзі ұзын» қазақтарымыздың безгегін ұстатпай-ақ қояйын деп бармай жүрмін. Осыдан төрт-бес жыл бұрын Балтық жағасындағы Дубулты

шығармашылық үйінде дем алып едім, кейбір әріптестерім: «путевканың жақсысын өзі алады» – деп, үстімнен Мәскеуге әлгі домалақ хаттарын әлі күнге дейін айдап жүр, – дедім. Ебіней қарқылдап күлді.

– Көне, отыра қалындар, біздің аю келгенше біраз жерге жетіп алайық, – деп жымыңдаған Амантай үстелін жайнатуға кіріскен әрекетін жалғастырды.

– Гүлекең қайда? – дедім. Амантай бәйбішесі Гүлжанды әзілмен қағытып: «біздің үйдегі аю» – деп отыратын-ды.

– Балаларға киім-кешек алуға базарға кеткен. Ғаббас, сен Ебекеңді білесің ғой, ө? – деді Амантай.

– Қазақта әрі ғалым, әрі жазушы, әрі әдебиетші-сыншы, әрі аудармашы Ебекең біреу-ақ, неге білмеймін? – дедім.

– Рас, рас! – деді Амантай, күректей-күректей екі алақанын дүрс-дүрс шапа-лақтап. Ебіней шынтағымнан демеңкіреп:

– Ғабеке, сізді 1972-жылдан білемін, мана Әбекем де сыртыңыздан толық таныстырды, жоғары шығыңыз! – деп үстелдің төргі орындығын қолымен мегзеді.

– Бұл үйде төрге шығуға құқым жоқ, Амантай ренжиді, – дедім. Амантай басын изеп күліп:

– Рас, рас. Құдай маған бастық атаулыны сыйлайтын өнер бермеген, почему-то, – деді. Мені «бастық атаулыға» қосуы – ол жылдары КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры болатынмын.

Үстел басына жайғасып, «іске кірісіп кеттік». Отағасы кәдесімен бірінші тосты иеленген Амантай:

– Ебекең жаңа айтты ғой, шынында сені сыртыңнан жақсылап таныстырып үлгірдім, мен білмейтінің болса, оны өзің қоса отырарсың, ал енді саған Ебекеңді сипаттап берейін, бұл балуан екеуіміз баяғыдан доспыз. Однако, товарищи, әуелі бірді алып жіберейік, таңдайымыз біраз жұмсарсын, – деді. Үшеуіміз күлісіп, рүмкелеріміздің «жүгін жеңілдеттік». Амантай досы жайында қысқа да нұсқа айтып шықты. Оған қалыңша қасын кере қарап отырған Ебіней енді маған бұрылып:

– Ғабеке, сіздің: «әлгі домалақ хаттарын әлі күнге дейін айдап жүр» дегеніңізге еріксіз күлген себебім: Абай ақсақалдың: «Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» дегені де әсте тегін түйін емес, мен сол домалақ хаттар мен үшкір хаттардың астында жүрмін, ақыры не боларын құдай біледі, – деп, енді сол әредікте қолына алған күміс шанышқыға қиықша көзін сығырайта қарап, ойланыңқырап қалды. Қаратаяқтардың арасында ол туралы қаулап тұрған өсек-аяңнан да, қазақ тілді, орыс тілді газеттерде жарияланып жатқан албаты сындардан да хабардар едім. Соның бәрінің «жаназасын шығарып» тастауды жөн көрдім де:

– Ебеке, сіздің ғылымдағы, әдебиеттегі еңбегіңізді көзі қарақты қазақ жатқа біледі дей аламын. Сізді кімдердің, не үшін нысанаға алғандарын да біледі. «Ғылым Академиямызға Президент болып кетпесін» деген сасық қауіпті біреулер бықсып айтып, басқалары лықсып қостап жүр. Жариялатып жатқан мақаласымақтарын оқып көрдім, бәрі де – шатпақ! Ит үру үшін, шошқа қорсылдау үшін жаратылған ғой, құрысын бәрі де! Амантай, кел, Ебекеңнің денсаулығы мықты болсын, қаңқу-шаншу деген пәлекеттерге бой бермей, ғылыми жетістігін молайтып, әңгіме-хикаяларын жазып, проза-поэзиядағы жаңа аудармаларын еселеп жасап, алдымызда емендей еңселі күйінде жасы тоқсан тоғызға жеткенше жүрсін деп бір алып қояйықшы! – деп рүмкөмді ұстай түрегелдім.

– Өй, айналдым, бәрекелді! – деп Амантай абың-күбің тұрды. Ебіней бұйрасы қалың қара шашын артқа қарай он саусағымен тарай ысырып-ысырып жіберді де, кең маңдайы жарқырай түрегеліп, маған құшағын ашып:

– Ай, інім, мың бір рахмет! Жүз жаса! – деді. Біз айлап кездесе алмай сағынысқан аға-ініше құшырлана құшақтастық.

– Міне, осылай болса керек еді, көне, алып жібердік! – деп ақкөңіл Амантай мәз болды. Рүмкелеріміз де сыңғырлай құптады. Сонсоң: – Ғаббас, сен жаңа Ебекеңе тоқсан тоғыз жас тіледің, ал арғы жағында қалған бір жасты қайтесің? – деп күлді. Мен Амантайды «Сатаевич» дейтінмін, сол әдетіммен:

– Түу, Сатаевич, сен де қызықсың осы. «Жүз» десең, ол арық, әлсіз кісі айтып қалған жетім сөздей жүдеу естіледі, өзің айтып көрші, ернің шүршиеді де тынады, ә? Ал «то-о-оқса-а-ан то-о-оғы-ы-ыз» деші, операдағы ариядай! – дедім.

Екі дос үйді бастарына көтере қарқылдап күлді...

Ебіней Арыстанұлын соңғы көргенім – сол жолы.

Ол аса дарынды ғалым еді. Менің топшылауым бойынша, жақсы аты жаһанға жайылған ғұлама Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ерекше талантты екі шәкірті болды: бірі – Ебіней Бөкетов десем, екіншісі – Шаһмардан Есенов. О, тағдыр-ай, екеуінің де өмір жолы әрі ерте, әрі қиын аяқталды. Екеуі де бетпақ биліктің құрбаны болды.

Ебіней 57 жасында көз жұмды. Қазақстанның ғылымына мол үлес қосқан ғалымның жүйкесін бишара бақталастар тоздырды. Қарағанды университетінің ректоры кезінде республика Ғылым Академиясының Президенттігіне кандидатурасы ұсынылғаны оған пәле болып жабысты. Бәсекелесі Асқар Қонаев еді. Оның ағасы Д. Қонаевтың көзіне түсу жарысын ашқандар інісін жағымпаздықпен шашбаулап, әйдә, Ебекеңе жабыла ор қазды. Университетті үсті-үстіне тексеру басталды. Кейбір газеттер Ебекеңді беталды сынаған мақаласымақты жаудырды. Бірақ, олардың өкініштеріне қарай, ешқайсысы «о, мінеки!» дейтіндей мін таба алмады. Сөйте тұра, күштінің бір жері диірмен тартады деген емес пе, жазықсыз Ебекең орнынан алынып, Қарағанды химия-металлургия институтына қатардағы қызметкер етіп жіберілді. Қазақстанның ғана ма, бүкіл КСРО химия өнеркәсібінің аса атақты маманы, анау Жезқазғанда, Теміртауда, Балхашта кен өндіру, өңдеу, байыту істеріне енгізген тиімді әдістері, жаңалықтары үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған академикті одан сорақы қорлау болмақ емес-ті.

Бүгінде марқұм Д. Қонаевқа шаң жуытпайтын өнер шығардық. Кемеңгер болды десіп, тіпті әулиеге айналдырып жүрміз. Дұрыс емес. Оның елге, халыққа сіңірген еңбегін айтумен бірге биліктегі кезінде біліп-білмей жасаған қателіктерін жасырмау керек. Жалпақ жұрт білгенді бүркемелеу мұсылманшылыққа жатпайды. Ол Ебіней Бөкетовтің үлкен ғалым, тұлға екенін біле тұра, оны тұқыртуға тиым салмады, ештеңе, білмгендей болып жүрді. Әйгілі академикті көпе-көрінеу қуғындауды ұйымдастыру үшін қандай дәйің болсын әуелі жоғарыға қарап, сол жақтың райын біліп алғаны сөзсіз, өйтпесе өзінің желкесі қиылады. Дәл қазір есімде жоқ, алайда Ебекеңді сынаған мақаласымақтың ба, фельетонсымақтың ба, әйтеуір, біреуінің авторы Д. Қонаевтың идеология жөніндегі көмекшісі В. Владимиров болды. Соның өзі-ақ құйынның қай жақтан соққанын көрсетіп берген.

...1977-жыл «Жазушы» баспамыздан Ебекеңнің «Шығармашылық қырлары» атты кітабі шықты. Ғылым Академиямыз, жалпы ғылымымыз хақындағы ол еңбекте Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың тарихи тұлға екені, академияны ұйымдастырушы

болғаны нақты дерек негізінде баяндалған-ды. Ал Д. Қонаев жайында ойдан шығарылып ештеңе айтылмады. Жанын жалдаған тапқышбектерге сол «қателік» жетіп жатты, мақаласымақтарында «жерден жеті қоян тапты». Келесі жылы баспаға Ебекеңнің «Досқа алты хат» деген кітабының қолжазбасы өткізіліп еді, анау «қателікті» ескергендер мен ескерткендер оның жолына тасбөгет қойды да, кітап он екі жылдан кейін, авторы бақиға кеткен соң ғана жарық көрді. Ол да кездейсоқтық па?..

...Біздің кездескеніміз – Ебекеңнің қысталаңда жүрген кезі еді. Мен шамамның келгенінше өзіл айтып, әңгімені әдебиет ауылынан шығармай отырдым. Ебінейдің өзі біраз шығармаларын қазақшалаған Маяковский, Есенин, Золя туралы оқыған естеліктерімді айттым. Амантай да, ондай әңгімені қыздырып жіберетін әдетімен Ебекеңді көңіл кірбіңінен айықтырудан аянбады. Ал Ебіней болса, ермінезділігін анық танытып, әңгімесін де, өзіл-қалжыңын да жарқылдап айтып, емін-еркін отырды. Ғабиден Мұстафин ағамыздың романдарынан мол-мол үзіндіні жатқа айтып: «Ғабаң ойға да, сөзге де бай ғой!» – деп сүйінді де.

(Қиыншылықтан қайысуды білмеген, әділетсіздікке жігер-күшін қарсы қоя білген Ебекең қуғынға ұшыраған жылдарында әдеби еңбегін еселеп, қаламын қылышқа айналдырды. Адами, Азаматтық өршілдік хәм ерлік дейтініміз сол болар!)

Біз ұзақ әңгімелесе алмадық, Өскеменнен аға-жеңгем, апа-жездем келіп қалған екен, Ебекеңнен рұхсат сұрап қоштасуға мәжбүр болдым. Әйтпесе, Ебінейдей Азаматпен бір мәрте жүздесу – ғажап ғанибет қой!..

2002 ж.

**Қ о с ы м ш а:** Әрбір жаңа жылдың қарсаңында архивімді ақтарып, артық-ауыс қағаздардан арылтатын дағдыммен былтырғы, 2004 жылғы желтоқсан айының соңында папкаларымды «ревизиялап» отырып, Ебінейдің екі хатын тағы оқыдым да, сонау 1972-жылға «бет алдым». «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында сын бөлімінің меңгерушісімін. Редактордың тапсыруымен зиялы қауымның ең көрнектілеріне хат жазып, газетіміз хақындағы, көркем әдебиетіміздің хал-ахуалы жайындағы ой-пікірлерін білуді жөн көргенбіз. Ебіней Бекетовтің әдебиетші-аудармашы еңбегімен әжептәуір таныс едім, соны сылтау етіп, Ебекеңе хат жаздым. Мамыр айында болар. Жауап алдым. Ебекең жауабын кешіктіргеніне кешірім өтініп, телефон да шалып, мақала жазып жіберетінін айтты.

Кейін де көбінесе телефонмен хабарласып жүрдік. Бірақ Ебекең Алматыға келген сайын қалайда тым асығыс болады да, дидарласа алмай қаламыз. «Ғабеке-ау, коммунизмді жалғыз өзім орнатсам деп жүрмін ғой, айып етпеңізші!» – деп кейде өзілдей күліп «құтылып» кете береді. Үйімде бір рет қана болды.

Бір күні Қарағандыдан телефон соғып: – «Қазақстан жазушылары» деген анықтама шығыпты деп естідім, оған мұндағы менің қолым жете қоймас, егер қиынсынбасаңыз, біреуін беріп жіберсеңіз қайтеді, менің де «мойнымда қыл арқан шірімес», – деп қалжыңдап күлді. Ол анықтаманы ертеңінде поштамен аттандырып жібердім. Қолына тиісімен алғыс хатын жолдаған.

Алғаш жүздесуіміз жайындағы мынау естелігіме аталған екі хатын қосқым келді.

### **Бірінші хаты:**

“Құрметті Ғабеке!

Сіздің хатыңызды алғалы недәуір уақыт болды, бірақ мына Қарағанды университеті ашылуына байланысты қат-қабат шаруа көбейіп, уақтылы жауап бере алмадым, кешірім сұраймын, тек ренжімеңізші!.. Сіздің талабыңыз маған ұнады, менің қарабасымды газет тарапынан сыйлаушылық деп есептеймін. Апталық әдебиет

газетіміз – халқымыздың ең сүйіп оқитын баспалық перзентінің бірі, сондықтан анда-санда пікір қосып тұру азаматтық борышымыз ғой. Әдебиеттің соңына түсіп оқып отыруға қол тимейтіндіктен, пікірім дилетанттық бола ма деген қорқынышпен үндемеушілігім бар, дегенмен, Сіздің өтінішіңізге орай, ойлануға тура келеді. Кезінде, ретті жерінде, Сізбен, басқа жолдастармен кездесерміз, ақылдасармыз.

Хатыңызға рахмет! Сыр-ағамызға, басқа ағайындарға сәлем!

Сіздерді қадірлеуші – Ебіней Бөкетов. 05. 09. 72.».

Үлкен ғалым адамның кішіпейілділігі анық байқалып тұрған жоқ па?! «Сыр-ағамызғасы» – газеттің Бас редакторы Сырбай Мәуленов.

**Екінші хаты:**

«Ардақты Ғабеке!

Мынау «жуан» кітапты жіберіп, әбден қуанттыңыз. Үлкен рахмет! Маған ілтифатыңыздың мол екенін бұрын да сезетін едім, жүрегімдегі сол жылылық беки түсті. Енді өз кітабыңызды күтемін.

Құрметпен, келінге және балаларға көп сәлем! Ағаңыз Ебіней.

Р. С. Сізге өтініш айтарлық уақыт та жақындап келе жатқан сияқты-ау! 21. 08. 82.».

Ебекең жас жағынан менен үлкен болғанымен, ешқашан «сен» – деп сөйлескен емес. Бірде: – Мені «сіз» дей бермеңізші! Ыңғайсыз екең, – деп өтінгенімде: «Қалыптасқан ауызға қылар қайраным болмай жүр», – деп, әрқашанғысынша әзіл жауап қайтарғаны бар. Ал «өтініш» дегені Жазушылар одағына мүшелік жәйті еді. Екінші кітабы шыққанда телефон арқылы құттықтап: «Одаққа мүшелікке өттіңіз, баяғыда Амантай айтқандай, курорттың бәрі қолымда, жазушылардың шығармашылық үйлеріне жолдама да қалтамда. Өзіміз де шығармашылық үй салып жатырмыз, бірінші жолдаманы Сізге беремін» – дегенмін. Ебекең рахаттанып күліп: «Ендеше, ол үйлеріңізге бірінші көрімдік – менен!» – деген.

Әлбетте, Ебекең жазушылар қатарына бірауыздан қабылданды.

2005-жыл



**Б. ГОРБАТОВ пен Р. КАРМЕН КУЭ**

1965-жыл, наурыз айының орта шені...

– Рахымжан Қошқарбаев!..

– Иә, әне, Рахымжан аға!..

– Жүріңдер, барайық!..

Біз төртеу едік. Жазушылар одағы ғимаратының Комсомол көшесі жағындағы бұрышында тұрғанбыз. Үш қабатты дәу үйге кіріп баруға бата алмай аялдағанбызды. Атақты жазушылар қызмет істейтін үй бізге ертегідегі хан сарайындай қасиетті көрінген. «Рейхстагқа ту тіккен батыр Рахымжан Қошқарбаевпен кездесу болады екенді» естіп жетсек те, еруге дәт жоқ. Сондай күйде тұрып, атақты Қошқарбаевтың өзін көре қалған сәтімізде бірімізден біріміз сүйінші сұрағандай ду етістік те, әлдебір күш тартып ала жөнелгендей-ақ, дереу ұмтылды.

– Сұлу кісі екен!

– Алдыңғы екеудің арғысы ғой!

– Иә, сол арғысы!

Газеттерде шыққан суреттерінен білеміз, бірден таныдық.

– Бергі жағындағы кім?

– Ол Қабдыкәрім Ыдырысов.

– Ақын Қабдыкәрім Ыдырысов!

Екеуінің соңында бес-алты кісі бар-ды. Ішке ене берген оларға ілесе жөнелдік. Қошқарбаев пен Ыдырысов екінші қабатқа көтеріліп кетті. Басқаларымызға әлдекім: «Залға барыңдар, залға! Кездесу сонда болады, сонда барыңдар!» – деп жөн сілтеді.

Кездесуден ғажап әсер алдым: Рахымжан аға туралы айтылған әңгімелер, «Батырға!» – деп оқылған өлеңдер қанымды қыздырып, жүрегімді тулатты. Орта бойлы ғана қазақ жігітінің Рейхстагқа бірінші жетіп, есігінің маңдайшасына қызыл жалау қадаған ерлігін басқа ешбіреу істей алмаған ғой!

Көмірдей қара шашы кесек бұйрасынданып, аялы өткір көзі от шашып, аппақ өңі нұрланып, еркін күле сөйлейтін Рахымжан аға кішіпейіл екен, соғыс, Рейхстагқа шабуыл жөнінде, өзінің ой-толғанысы, әрекет-қимылы жайында айтқанын тұжыра келе:

– Елден ерекше бірдеңе істедім дей алмаймын, Отан алдындағы, халық алдындағы, осы отырған үлкен-кіші, сіздердің алдарыңыздағы міндетімді атқардым, орындадым, – деп күлімдейді...

Жазушылармен кездесудің әсерінен бе, анық білмеймін, мен қалайда батылданып, залдан шыққан Рахандар екінші қабатқа көтеріле бергенде қуа жетіп барып:

– Аға, мен Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясынан едім, редакторымыз сізден интервью алып кел деп тапсырған еді, аға, интервью беруге қашан уақытыңыз болады? – дегенім ғой. Редакция қызметкері екенімді дәлелдейтін куәлігімді алып та үлгіргенмін.

– Өй, сен қызық жігіт екенсің ғой?! – деп қалып еді Ыдырысов. Біреулер күлді. Рахаң маған жалт қараған.

– Жексенбі күні сағат он екіде Главпочтаның алдында тосатын бол, келістік пе? – деген Рахаң күлімсіреп.

– Жарайды, аға, рахмет! – дегенмін, қуанып кетіп.

Жексенбіге дейін әлі екі күн бар-ды. Ол мерзімді толқумен өткіздім. Редакторымыздан ешқандай тапсырма болмаса да, интервью алуды оп-оңай ойлап таба салғаныма шын таңдандым, бірақ, қысылған жоқпын – атақты Рахымжан Қошқарбаев туралы жазып апарсам, редакторымыздың риза болары сөзсіз! Қазекемнің: «Қуанған да – бір, қорыққан да – бір» дегені рас шығар, әйтпесе, кенеттен батылданып жетіп баруым екіталай-ды. Толқуыма және бір себеп – Рахымжан ағаның тез келіскені және шынымды айтсам, кездесуге айтқан сағатында келе қоярына сеніңкіремегенім. Ашып ұсынған куәлігіме көз жүгіртпегені, көңілімді көншітпеген. Жағалап әңгімелескіштер көп, жалықтыратын шығар, кайсыбірінен құтылу үшін тез келіскен бола салады да!.. Жарайды, келеді дейін, сонда оған нендей сұрақ әзірлеуім керек?..

– Аға, Рейхстагқа беттегенде қандай ойда болдыңыз? – деп қалғаным. Ол маған күлімсіреп карап:

– Сен қандай ойда болар едің? – деді. Мен не дерімді білмедім. Ол аппақ кесек тісі ақсия қарқылдап күлді. Күлкісі ашық екен.

Екеуіміз Үкімет үйі мен Бас пошта аралығындағы шағын парктің орта шеніндегі ұзын орындықта отырғанбыз.

– Білмеймін, – деп шынымды айттым. Рахаң тағы күліп, иығымнан ұстап сәл ырғады да:

– Інішек, аты-жөнің кім? – деді.

– Фаббас Қабышев.

– Інішек, Фаббас, екеуіміз былайша келісейік: сен газеттерді оқып жүрсің ғой, менімен әңгіме жарияланып жатады, оларына рахмет. Мен басымнан кешкенді айтып жүрмін, ешқандай өтірікті қоспаймын, өйтсем – ұят болады. Не істеп, не қойғанымды саған қысқаша айтып берейін, басқаны әлгі газеттерден ал, содан соң өзің ойлан да жаз, тек дұрыс жаз, келістік пе?

– Әрине, аға, айтқаныңызды ғана жазатын боламын. Өз ойымнан ештеңе алып-қоса да алмаймын ғой, соғысты көрген жоқпын.

– Алматыға қандай шаруамен келіп едің?

– Кезекті сессияға келдім, КазГУ-де, журфакта сырттай оқимын.

– Жақсы. Енді көп созбайық, мұқият тындап ал, түсінбегеніңді ұялмай сұрай отыр. Келістік пе, інішек? – деп жымыды.

– Келістік, аға.

Ол «келістік пе?» – деп сұрақ қоюды ұнататын тәрізді, сірә, сөздің нақты, істің тұжырымды болуын қалайды да.

Рахаңның жарты сағаттай ғана мұрсаты бар екен, шамасы сол мөлшерде сұхбатымыз тәмамдалды.

– Сен Қасым Қайсенов деген партизан-жазушы ағанды білетін шығарсың? Шығыстың қай ауданынансың? – деді.

– Ұлан ауданынанмын. Қасым ағаны білемін.

– Жақын жерлес екенсіңдер ғой. Мен сол Қаскенді, Алтайда жатқан ағайындарды, газетті, оның өкілін сыйлаған соң келдім, айналайын. Кейін де кездесерміз, кең отырып әңгімелесерміз, бүгін ренжіме, келістік пе? – деп түрегеліп, қолын беріп, күлімдеп қоштасты. Жүрісі шапшаң да жарасымды екен.

Қаһарман ағаның жауынгерлік жылдарынан білгім келгенді білдім, лекция мен емтихан аралығында хал-қадари жазып та шықтым. Алматыдан Өскеменге қанат байлап алғандай асыға жетіп, редакторымыз Мұқан Әбуғалиевтің алдына ойында болмаған сұхбатты қойғанымда ол өзіне үкіметтен үлкен награда бұйырғандай-ақ қатты қуанып:

– Мұның керемет болды ғой!.. Жеңістің жиырма жылдығына арналған нөмірімізге бұдан артық қандай материал керек?! – деді.

...Рахаң: «кейін де кездесерміз, кең отырып әңгімелесерміз» дегенді көрегендікпен айтқан екен. Кейін мен Алматыға көшіп келдім. Жазушылар одағында Әдеби қордың директоры болып істеген сегіз жыл ішінде Рахаңмен сан рет жолықтым. Ол «Алматы» мейманханасында директор еді. Қалада мейманхананың аз кезі, оның үстіне барының өзінен орын алуың үшін не жоғарыдан көмек, не таныстық керек. Кеңсенің хатымен шоқтықтанып ресми барсаң да, мейманыңа орын бере қоймай қырыстанатындар бар. Сондайды бірер көрген соң бір күні Рахаңа жеттім. Бұрын баруға ыңғайсызданғанмын, баяғы сұхбатымды пұлдап жүргендей болармын деп ойлағанмын.

– Баяғыда, біздің Ақмолада, тойда бір кемпір: «Дегенге сен де маңқа, мен де маңқа» – деп, шалдармен айтыса жөнеледі екен, сол айтқандай, інішек, кәне: «Дегенге сен де директор, мен де директор, не бұйымтаймен келдің, тез айтып жібер, министрлігіміз сағынып қалған көрінеді, шақырып жатыр, міне, барғалы жиылып-теріліп отырмын», – деп аңқылдады. Шаруамды айта қойдым, басқа мейманханалар кейде меселімді қайтаратынын да қыстыра салдым. Рахаң орнынан күле тұрып:



– Інішек, жүр, сені бір сұлу келіншекпен таныстырайың, не тілесең де әрқашан әзір етіп отыратын болады», – деп жол бастай жөнелді. Бір бөлмеге ертіп апарып, балпып отырған етжеңді сары әйелге мені нұсқап: – Мына «аласа бойлы» бауырыңмен әңгімелес, ойбай, бұл да – директор, байқап сөйлес, – деп жарқылдап күліп кете барды.

Сол күннен бастап мейманхана «мәселесі» шешілгені ғой. Рахаңа телефон шалсам да, кабинетіне бара қалсам да, қуақы үнмен: «Е, немене, орыс достарың тағы келіп қалды ма?» – деген сұрағымен сәлемдеседі. «Орыс достарың» дейтіні бізге Мәскеудегі бас мекемеміз – КСРО Әдеби қорының қызметкерлері, олардың туыстары, дос-жарандары ай құрғатпай екеу-үшеуден келетін де, оларды қарсы алу, орналастыру – менің міндетім болатын.

Жаны жомарт жайсаң аға Рахаң жайында әңгіме айтудан мен де жалыға қоймаспын. Шаттанған, шалқи сөйлеген, ренжіген, жирене сөйлеген сәттерінің біразына куәмін. Қарулас болған дос-жолдастары немесе ауылдас құрбы-құрдастары, ағайындары немесе келіншектер туралы әдемі әңгімелері көп болатын. Анекдот деген пәленің де «жеті атасын» білетін еді.

Рахаң туралы жазылған ірілі-уақты туынды баршылық. Сан шумақ өлеңдер, көлемді очерктер, көркем хикаяттар бар. Журналшы-жазушы Кәкімжан Қазыбаев бірнеше очерк, «Кернеген кек» атты тартымды хикаят жазды. Кәкең бозбала кезінде Баукеңің – Бауыржан Момышұлының үйінде тұрып, баласындай болып кеткен. Сол үйде үйленген де. Баукең бір күні: «Қазақтың нағыз батыры, анау Рейхстагқа ту тіккен ағаң Рахымжан Қошқарбаев осы Алматыда. Сендер білмейсіңдер, жазбайсыңдар. Так нельзя, понятно?!» десе керек. Кәкең сол күннің ертеңінде Раханды іздеп тауып алыпты. Ал Рахаңның өзі жазған «Шабуыл» кітабы – оның жауынгерлік жолының шежіресі.

Орыс қаламгері, жауынгер журналшы Василий Субботин Рахаңның ерлігіне тәнті болып: «У стен Рейхстага», «Знамя победы», «День тысяча четыреста десятый» деген очерктерінде Рахаңның Рейхстагқа бірінші болып ту тіккенін тәптіштеп, зор құрметпен, ыстық ықыласпен жазған.

Батыр ағаның өзінен естігенім, жазбалардан оқығаным... 1945-жылғы көкек айының соңғы күні, – гитлерлік фашизмнің соңғы жанталасы. Кеңес әскері Берлинге енген. Алқымдап жеткен 150-дивизияның штабы фашистердің ордасы – Рейхстагтан қозы өрісіндей ғана жерде, Германия Сыртқы істер министрлігінің жұрт «Гиммлер үйі» – деп атаған ғимаратында. Бұл үйге бірінші болып басып кірген де – Рахымжан Қошқарбаевтың барлаушылар взводы. Енді Рейхстагты алудың қамы жасалып жатыр. Дүниежүзін билеуді көксеген басқыншылардың дертесі Мәскеу түбінде қайырылып, міне, 1941-жылғы маусымда айқұлақтанып шыққан апандарына қашып келіп тығылды. Қозы өрісіндей жер діни аңыздағы тозақтың көпіріндей. Екі жақтан айқаса жауған алуан оқ ортадағы үйлерді тас-талқан еткен: темір-бетон қабырғалары сүйекше шашылып жатыр. Қираған танк тұр. Су толы канал, дзот, ор... бәрі де – қылкөпір.

Рейхстагқа шабуыл жасаушы дивизия санына қарай 9 Қызыл Ту әзірленген. Ал 674-полкта арнаулы ту болмаған соң, өздері қолдан жасап алған.

Шабуылға белгі берілісімен полктың 1-батальоны құрамындағы взвод командирі, лейтенант Рахымжан Қошқарбаев бастаған топ: лейтенант С. Сорокин, ефрейтор Г. Булатов, қатардағы жауынгер В. Проворотов бірінші болып ұмтылды...

Тік жүру қайда, бас көтеру де қатерлі. Шашылған қабырғалардың бірінен соң бірін қалқа етіп, танкты паналап, ордан, каналдан өту керек. Терезелері үңірейген

Рейхстагтың о тұсы мен бұ тұсынан пулемет сақылдайды. Не онда, не мұнда жетпей алаңға түсіп жарылып жатқан снарядтар тіпті қауіпті. Рахымжандар жандәрмен сан түрлі айла жасап, ажалдың құрығына ілінбей, алға жылжи берді. Айтуға оңай жылжу жеті сағаттан асып, әйтеуір, ақырында Рейхстагқа жетті-ау! Рахымжан ұшып тұрып, қойнына тыққан туды суырып алып: «Гриша! Мә, ұста! Иығыма шық! Туды тік!» – деп бұйырды. Жеңістің Қызыл жалауы желбіреді!..

Төрт жыл тосқан сол тарихи сәтте дивизия командирі В. М. Шатилов майдан командашысы Г. К. Жуковқа телефон шалып, Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтың ерлігін мәлім еткенде: «Какие еще азияты?! Чтоб были русский и грузин!» – деген бұйрық алыпты. Ол сөзді сол дивизияның байланыс бөлімінің бастығы – Зекен Темірғалиев естіп тұрыпты (Профессор Тілеу Көлбаев, «Рахымжанды Ресей ресми мойындады». «Түркістан» газеті, 07. 05. 2007-жыл).

Өмір мен өлімнің ақырғы айқас минөтінде де пайда болған пендешілік-ай! Атақты Маршал әділдіктен аттап кетіпті. Оған «азият» емес, өзінің орысы керек болды. Санасының бір түкпірінде И. В. Сталиннің назарына тағы бір ілігіп қалудың артықтығы жоғын сездірген түйір жатыпты. Сол түйір Рахымжан Қошқарбаев тобына бірінші болып ту тіккенге берілмек «Совет Одағының Батыры» атағын бұйыртпады. Сол түйір Рахымжан Қошқарбаевтың Жеңістен кейінгі жолында көпке дейін көлденең жатқан түйетас болды. Жеңіс туын тіккені мереке қарсаңында ғана аздап айтылып, шақтап жазылып жүрді, ал жоғарғы жақтағыларымыз соған да құлақ түре бермеді.

Жеңген кеңес жақ емес, жеңілген неміс жақ сергектік көрсетіп, ГДР 1965-жылы Рахаңды Жеңіс тойына шақырды. Біздің ресми басшылық сонда ғана селт етіп іздеттірсе, Р. Қошқарбаев бір кішкене моншаның меңгеруші екен. Соны білген Бауыржан Момышұлының: «Батырыңды «моншаның бастығы» – деп апарсаң, қарық боларсың!» – деп қаһарланғанын естіген Алматы қаласы атқару комитетінің төрағасы Е. Дүйсенов ертеңінде Рахаңды қалалық коммуналдық шаруашылық басқармасы төрағасының орынбасарлығына тағайындапты. Ал «Алматы» мейманханасына директор болғаны кейін де.

Ақмола қаласына тақау Тайтөбе ауылында 1924-жылы дүниеге келген Рахымжанның балалық шағы да ауыр болыпты. Төрт жасында шешесінен жетім қалған. Әкесі «халық жауы» науқанының құрбаны болған.

Жетім балалар үйінде өскен, 7-сыныптан кейін Балқаш қаласындағы фабрика-зауыт училищесінде (ФЗО) оқыған, еңбек жолын бастай бере, 1942-жылы майданға аттанған Рахымжан Қошқарбаев – Қазақстанның, қазағының абыройын аспандатқан Азамат, Қаһарман – 1988-жылы фәниден бақиға аттанып кетті.

Өмірде не болмайды десеміз. Иә, бәрі де болады. «Алтынның қолда барда қадірі жоқ» та – рас.

Даңқы сан қиырға кеткен Бауыржан Момышұлы «Совет Одағының Батыры» атағына көзі тірісінде үш мәрте ұсынылса да, оның қақпайлағанға көнбесін сан көрген «құдайлар», әсіресе, маршал И. Конев аяғынан шалып, алдына ор қазып отырыпты. Баукеңе, Рахаңа көзі тіріде Батыр атағын алып беруге біздің «тәңірлер» де қалайда құлықсыз болған, «біз ұсынып едік, Мәскеу қолдамады» деген жұмбақ жауаптан танбаған, дәлелді, заңды үлесін табандап талап етпеген.

Жоғары атақтар Баукеңе де, Рахаңа да қайтыс болғаннан кейін бұйырды. Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Н. Назарбаевтың әрекеті нәтижесінде КСРО басшысы М. Горбачев 1990-жылы Баукеңе «Совет Одағының Батыры» атағын беруге ұйғарым жасады. Рахаңа «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы Президент Н. Назарбаевтың жарлығымен 1999-жылы берілді. Айта отырап бір «қызық» жәйт:

енші мен күйшіге, құрылысшы мен кеңшар басшысына... енші етілген Қаһарман атағымыздан Баукең шет қалдырылды. Екі Алтын жұлдызды ұшқыш ағамыз Талғат Бигелдінев те ескерілмеді. Қалайша, неге?!

Біздің қоғамды ем қонуы қиын дерт – немкеттілік жайлағалы жарты ғасырдан асты. Бұған айтылған мысалдарға қосымша бір ғана Рахымжан Қошқарбаевқа қатысты екі дәлел келтірейін. Орыстың майдангер жазушысы Борис Горбатов 1948-жылы «Литературная газетада» Ұлы Отан соғысы хақындағы бір мақаласында: «... Пора кончать сравнивать наших воинов с орлом и беркутом. Какой орел, какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах водрузил Знамя Победы над Рейхстагом, несмотря на сильный и ураганный огонь немцев!» – деп жазса, атақты кинооператор Роман Кармен 1949-жылы «Казахстанская правдадағы» естелік-жазбасында Раханды іздеп: «...Где сейчас? У меня сохранились кадры, отображающие доблестного воина в тот момент, когда он прикреплял Красный флаг на крыше Рейхстага!» – депті. Баукеңнен басқа ешбіреу елең ете қоймапты. Ал Р. Карменнің сол айтқан кадрлар бар кинотаспасы оның мұрағатжайынан ұрланып, ғайып болыпты.

Осы екі пікірдегі: «водрузил Знамя Победы над Рейхстагом» және «он прикреплял Красный флаг на крыше Рейхстага» деген сөйлемдер, мысалы, мені еріксіз ойландты. Айтылып жүрген: «на первый этаж» бен «над Рейхстагомның» немесе «на крыше рейхстаганың» арасында көп айырма бар емес пе? Әрине!.. Рахаңның өзі болса, сәл күлімсіреп отырып: «Гришаның қолы жеткен жерге орнаттық қой» дей салатын. Ресми билік бекітіп кеткен ресми мағлұматтың жаңғыртылмасына, жаңартылмасына, түзетілмесіне көзі жеткен ғой.

Сөз орайына қарай айта отыруым керек және бір «әттеген-ай!» бар. Ол – осы газеттің 2-санында жарияланған «Сталин саптан өткенде бәріміз егіліп жылап тұрдық» атты естеліктегі: «Сәуірдің 30-ы күні Рахымжан Қошқарбаев Рейхстагтың үшінші қабатына Ту тікті. Бірақ одан екі сағат бұрын Жеңіс туын алғашқы болып тіккен өзбек Юсупов деген жігіт болды» делінген жаңсақ пікір. Бұның шындыққа жанаспайтын себебі көп, үшеуін ғана келтірейін:

1. Тәуекелге бел буып, Рейхстагқа ту тігуге Рахымжан бастап кеткен жауынгерлердің қимылын бақылау пунктінде екі көзі төрт бола бақылап, күтіп отырған дивизия басшылары «Юсуповтың тіккенін» екі сағат бойы көрмегені қалай? Әлде Рахымжанның тігуін екі сағат әдейі тосып отырып па? Солай шығар десек, В. Шатиловтың рапортына Г. Жуковтың дереу ашуланып, «азияттардан» безініп, орыс пен грузинді іздеттіргені несі? Екі генералды байланыстырып отырған З. Темірғалиев басқа аты-жөнді әдейі естімеп пе?

2. Рейхстагқа туды кім, қашан, қалай тіккені туралы жазылған мақала, очерк, кітап көп. Р. Қошқарбаев пен Г. Булатовтың тарихи ерлігін растауға жетіп жатыр және олардың ешқайсысында «Юсупов» деген фамилия жоқ.

3. Білімдар жас тарихшы Болат Асанов Жеңіс туының тігілуін анықтау жолында қыруар еңбек етіп, ақырында шындыққа көз жеткізді, Рахымжан ағамыздың Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен қаһармандығын сол кездегі ресми құжаттар негізінде тәптіштеп дәлелдеді де, тұжырымын Ресей Қорғаныс министрлігінің Әскери тарих институтының сарапшыларына табыс етті. Институт толық келісіп, оның шешімін Ресей Федерациясының Президенті, Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы В. Путин бекітті.

...Немкеттілік сырқаты әдетте – тоңмойын билік күшті жерде асқынады. Рахаңның майдандас досы, Батыр Григорий Булатов та сондайлардан тауқымет тар-

тыпты. Ол өте қарапайым адам екен. Фашизмнің қара ордасына Жеңіс туын тіккендеріне мақтанбай, үндемей жүре беріпті. Свердловск облысына қарасты Слободск қаласының іргесіндегі «Киров» деген деревняда тұрған. Кейін Рахаңның аты шыға бастаған кезде ғана оның да тарихи ерлігі бірге айтылып, жерлестеріне мәлім болған. Бірақ жергілікті тоңмойын басшылық мән бермеген де, былайғы жұрт та сенбей, оны «Гриша-рейхстаг» – деп мазаққа айналдырған. Сан жылға созылған қаңқу-қорлық сөзден мезі болған соң, Рахаңның арашалағаны да қорған бола алмай, 48 жастағы Григорий қарулас досына мұңын шаға жазған хатын: «...Рахимжан! В этой жизни нет справедливости!» – деп түңіліп аяқтапты да, асылып өліпті...

х х х

Дүниежүзін жаулап алуды, басқа халықтарды «асыл нәсілді немістің» табанына салып құл-күң етуді көксеген гитлершіл фашистерге қарсы адамзаттық әділетті соғыстың тарихына аты мәңгіге жазылған, қазақтың маңдайына мақтаныш үшін біткен қайран Рахаңның арамыздан ертерек, 64 жасында, кеткені үлкен өкініш болса, Рахаңның Ақмоласында – бүгінгі Астанада әлі күнге дейін ескерткіші жоқтығы Қаһарман ағаның аруағын ардақтамай жүргенімізді айтса керек.

2005-жыл



## **ҚАРА ДАУЫЛДА ҚАЙЫСПАҒАН ЖАС ҚАЙЫҢ**

Өмірдің ой-қырында ерікті де, еріксіз де жүрген, қайран аға! Шілдені ыстық демеді, қаңтарды суық демеді. Дегізбеген соң, қайтеді... «Тағдыр етсе Алла, не көрмейді пәндә». Алланың ісі деп білді де, көнді. Абай атасы да көнді ғой. «Абайшылсың!» – деп айып тағылғанда: – Иә, мен абайшылмын! – деді аға. Саналы ғұмырын: ұлы ақынның бүкіл тыныс-тіршілігін, өмір кешкен ортасын, шығармашылық үлгі-өнегесін, жолын жалғар азамат, ақын шәкірт өсіріп тәрбиелеу мақсат-мүддесін зерттеуге арнаған соң, әлбетте, алған бетінен де, айтқан сөзінен де қайтқан жоқ. Кемеңгер ақынды күстәналау – күшейген керенау заманда жиырма бес жылға сотталғанда да табанын тайдырмады.

Ағаның көкбөрі жаратылысты екеніне сырттай қанық болсам да, өзін алғаш көргенде қалайда еріксіз ойланып қалдым. «Еменнің емені ғана қайысу бермес, қара дауылға талдырмаш қайыңның да қыңбайтыны болады екен-ау?!» – деп іштей таңдандым. Ағамыз – мен сырттай нобайлағандай Апақ бітісті емес, салыстыра айтқанда, бес саусақтың шынашағындай ғана шағын екен. «Менмұңдалап» екпінді сөйлемейді де. Кіммен болсын әңгімесі жарасым тапқанда, жұқалтаң аққұба жүзі арайлана жымиып, лекіте күліп те қойып отырады екен. Ойды ой қозғап дегендей, сөз жүйелеп өрістеп, қаншама тақырыпты шалсаң да, аға бәріне даяр. Әдебиет, өнер, тарих, жағрафия, тіл, дің, саясат, экономика, педагогика, философия... Көнеден бүгінге дейін айта алады, айтыса алады. Айтыс қызуы артқан сайын, ағаның сәл қиықша кішкене қоңыр көзі өткірленіп, дауысына шыңыл бітіп, сөзі шапшаңдайды. Бір қызығы: сондай жағдайда да лекіте күліп қоюдан жаңылмайды. Сірә, өзінің пікірі дұрыс екеніне білім-түйсік жарыстырушы әріптесінің біле тұра иланғысы, қол қойғысы келмей, жалған намыстың құлы болып отырғанына күлетін шығар. Білімділігінің,

кешірімділігінің, кеңдігінің нышаны-ау. Қаншама жыл аралас-құралас, сырлас болып жүргенімде қатты ашуланғанын көрген емеспін. Тегі ағаның адами жаратылысында ашу жоқ, кейіс қана бар шығар. Әлде қателесермін, қатты ашулануға мәжбүр болған сәттерін көрмеген соң, қайдан білесің. Ондай мәжбүрлікке тым жиі тап болған жанның бірі еді ғой. «Бай табының ақыны Абайдың жоқшысысың!» – деп басталған сумаң сөз, сұрқай қылық сары аурудай қинап созылып, ақыры әділетсіз соттаумен аяқталса, соның бәріне шыдас берген ағаның жүйкесінен дәнеңе қалмауы қисынды болатын еді. Құдайға шүкір, қанша майысқанмен сынбады, қанша шытынағанмен шашылып қалмады.

Әу дегенде-ақ бір байқағаным: аға өзі туралы айтуды қаламайды. Сірә, тым қарапайымдылығы...

Әлі есімде, бірде: – Аға, темір тордың тауқыметі сұмдық шығар? – деп қалғаным. Ол Мұхтар Әуезовтің сонау жылдары түрмеге түсу себебін айтып отырған-ды. Менің сұрағым өзіне қатысты болған жәйтті жағалауым екенін аңғара қойып: – Құрысын, қайтесің соны, мен өзі ұмытып та барамын, – деп күлді (ұмыту қайда?!). Мен ары қарай мазаламадым. Соным дұрыс болыпты. Кейін де бәрібір білдім. Міне, мынаны:

«...Мұхаң, Мұхтар Әуезов:

– Әй, Қайым, сендердің түрмедегі жағдайларың қалай болды? Қандай әдіс-тәсіл-дермен сұрап тергеді, қинамады ма? – деп абақты өмірінің шындығын білгісі келді. Қарсы сұрақ қойғым келді де, әуелі Мұхаңның өзінен сұрадым:

– Сіздің 1930 жылы Ташкентте ұсталғанда жағдайыңыз қалай болды? – дедім. Мұхаң бір күрсініп алды да, орындығына шалқая түсіп, басынан өткен оқиғаны ойланып алды да, баяу қоңыр даусымен:

– Онда біз, ұлтшылдар, бәріміз үлкен бір үйде жатамыз. Төсек-орнымыз таза, тамағымыз уақтылы беріліп тұрады. Бір-бірімізбен еркін әңгімелесіп, пікір алысып, кеңесіп отыратынбыз. Тергеуге алып барғанда аздаған қысымдар, қытымырлықтар болып тұратын. Кейін Алматының түрмесіне ауыстырғанда ол жағы жиіленіңкіреп кетті, – деп барып тоқтады.

Мен Мұхаңның көп білуге ұмтылған бала мінезді қылығына іштей күле отырып:

– Мұха, онда Сіздер жұмақта болыпсыздар ғой, ал біз нағыз тозақтың отында күйіп-жанған ақырзаман пенделеріне ұқсайды екенбіз. Жазығымыз жоқ болса да, күні-түні ұйықтатпай, аяғымыздан тік тұрғызып қойып тергеп, ол аз болғандай, ұрсып-жекіріп, сатып алған құлындай ақыра қорлағанын қайтесіз. Сонда айтары: «Мына қағазға қол қой!» – деп өздері жазып келген нұсқасын ұсынады. «Қол қойсаң болды, сенің бізге керегің аз, үйіңе кете бер. Бізге керегі – Мұхтар Әуезов. Сол туралы жазылған мына қағазға қол қой, қоймасаң, не боларыңды өзің білесің, – деп әкіреңдейді. Өтірік анықтамаға қол қоймауға бекіндім. Ол кезде жасым отыздан асқан, күш-қайратым бойымнан қайтпаған кезім. Алдағы күндерде не болар екен деп алаңдаулымын. Тергеушілер бір күні мені бір жеке бөлмеге қамап кетті. Ішінде еш нәрсе жоқ. Тек қана ортасында турник құрулы тұр. Бұл не, мені турник ойнасын деп қойған ба деп таңдандым. Байқасам, бір уақтарда бөлмем қатты жылынып, бірте-бірте ысып барады. Табаным күйіп барады. Саса бастадым. Не қыларымды білмей дағдарып тұрып, жан қысылған соң құрулы тұрған турникке асыла кеттім. Көп тұруға қолым шыдамай барады. Турниктен қолымды жіберейін десем, табаным ыстыққа тиіп күйетінін сезіп тұрмын. Жандалбасамен турникке асылып, қолым қарысып қалыпты. Оны мен есім ауғандықтан сезетін халім жоқ. Біз кезде өздері келіп мені босатып алыпты. Тағы да есім кірген соң «қол қойдың» астына алды. Көнбедім. Екі-үш күн өткен соң тағы да «қол қой» – деп қыстады. Қасарыстым. Көнбеген соң кешегі

бөлмеме апарып тағы да қамап қойды. Бірақ бөлмеде құрулы тұрған турник жоқ. Үй ысыса не лаж етем деп ойланып тұрғанда, бөлменің суй бастағанын сездім. Бөлме суығы үдеп барады. Тісім тісіме тимей қалтырап барамын. Өлместің қамын жасап, айнала зыр жүгірдім. Тоқтасам қатып қаламын, тек жүгіру ғана жанды сақтап қалмақ. Жүгіре-жүгіре талып түссем керек. Ес-түссіз жатқан мені тағы да өздері сүйреп алып шыққан. Шамасы сырттан бақылап тұрса керек. Әрең дегенде есімді жиып, басымды көтерсем, тағы да қағазды алдыма тоса қояды. Тістеніп тұрып қасарыстым. Тоңғаным өлі тарқамай дір-дір етіп азаптанып тұрмын. Абақтыдағы тұрағыма қарай кеттім.

Таңертең тағы да тергеу басталды. Тергеуші түлкі бұлаңға салды. Жылы сөйлеп өз басыңды, бала-шағаңды ойласаңшы деп қамқорси түсті. «Мына қағазға қол қой да, бізбен қоштасып, үйіңе кетсеңші», – деп қағазды нұсқады. Пікірімнен қайтпасымды білді де, белгі беретін түймесін басып қалып еді, еңгезердей екі жігіт жемтік іздеген төбеттердей дүрдие кіріп келді. Тергеуші мені алаңдату үшін сөйлей беріп еді, артымда тұрған екеуі қас-қағым сәтте резинка қапшықты басымнан аяғыма қарай кигізіп жіберді де, мені құлатып, қапшықтың аузын байлап тастап, ұра бастады. Бар болғаны басымды қорғалақтап, тұншығып бара жатырмын. Тұншығудан есім ауып қалыпты... Қаптың аузын ашып, мені шығарып тастағанын білмеймін. Есім кіріп, көзімді ашып, маңайыма қарасам: әлгі үшеуі маған албастыдай үңіле қарап күлісіп тұр. «Қасапшыға ет қайғы, қара ешкіге жан қайғы», – деген осы екен-ау деп жатырмын. Үшеуі мені тұрғызып алды да, баяғы әдеттеріне басып қағаз бен қаламды алдыма қойды. Мен түк көрмегендей тұра бердім. Үшеуі ақырып-бақырып, мені жұдырықтап, үйден қуып шықты... Міне, алдын ала ойластырылған небір азаптың тозағынан өтіп, жиырма бес жылға «халық жауы» деген статьямен сотталып, Қарлағқа жөнелтілдім емес пе, Мұха, – дедім» (*Мекемтас Мырзахметұлының жазбасы. Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш!» зерттеу еңбегінен*)...

Бір күні Министрлер Кеңесі әкімшілігінің құзырындағы аурухананың терапия бөлімшесіне барсам, Қайым аға дәлізде, жималы жіңішке темір төсекте жатыр. Оның ауруханаға алынғанын естімеген едім. Сәлем беріп, жағдайын сұрасам:

– Кабинетімнің есік-терезесін ашып қойып отырамын деп суық тигізіп алыппын, жатқаным бүгін үшінші күн, – дейді, әлдебір кінәсін мойындаған балаша жуаси жымып...

Бөлімше меңгерушісіне бардым. Ағаны дәлізге жатқызғандары әбестік болғанын, атақты әдебиетшіге, Мемлекеттік сыйлықтың иегеріне ілтипат жасалмағанына ренжідім. «Біз ондай үлкен кісі екенін білмедік, кешіріңіз, «зейнеткермін» – депті, палатада орын болмай қалған соң уақытша... бүгін бір орын босайды, міндетті түрде көшіреміз!» – деді меңгеруші қызарақтап. Ауруханада да лауазым-атақтың жүрдек екенін аға білмеді емес, бірақ қарапайымдылығы сол «бәйгеге» де қатыстырмады. «Мен – Мемлекеттік сыйлықтың лауреатымын!» – деп кеудесін шеңбірек аттырса, ең жайлы палатаға бірден жатады ғой!..

Тәуелсіздігі жарияланған республикамыздың рәміздерін жаңарту қолға алынған тұс. Аға телефон шалып:

– Гимннің өлеңін алып барамын, машинистқаң орнында ма? – деді.

Гимннің бұрынғы өлеңі де, әуені де бірнеше автордікі делінгенін білесіздер. Әуенінің бір ғана авторы Мұқан Төлебаев болса да, оған саяси мақсатпен өзге ұлттардан: еврей Е. Брусиловский, татар Л. Хамиди қосақталып (орыс пен ұйғыр табылмай қалса керек), «кеңестік бригадалық тәсілге» телінген-ді. Ағаға да сол тәсіл қолданылды, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев Гимн авторлары болып, ортақтасып шыға келді (әуендегідей басқа ұлт өкілдерін қосуға, интернационализм салтанатын көрсетуге «көсемдердің»

шамалары жетпеген ғой, қазақ тілінде өлең жазатын өзгелер жоқ болса, қайдан таба алсын?! Ал ешбір еңбек сіңірместен қосақтала салғандар айылдарын жимапты. Атақ шіркін магнит қой!). Аға қаншалықты қарапайым, бітімгершіл, кешірімді болса да, еңбегін еш кетіргісі келгендермен күрестен ешқашан тайсалған емес. Гимн өлеңі тек өзінікі екенін, жарияланған жабық бәйгеде жалғыз өзі жеңіп шыққанын, ал екі ағасы — Ғабит пен Әбділді болса, олар бәйгеден кейін қосақталып, соның өзінде үш шумақ бойында «ер қазақ» дегенді «біз қазақ» – деп, «тағдырлас» деген сөзді «ұрандас» – деп өзгерткеннен өзге ешқандай түзету жасай алмағандарын айтып шағымданып еді, әлгі интернационалдық жалған беделді жалау еткен «көсемдер» жеңістік бермеді, тіпті «аузыңды жап!» – деп әмір етті...

Тәуелсіздікке қолымыз жетісімен аға атқа қайта мініп, Жоғарғы сотқа арыз түсіріп, сонау еңбегінің ақталуын талап етті. Өлеңінің өзінде сақталып қалған түпнұсқасын апарып көрсетті. Сот оны да, мұрағатжайдағы басқа да құжаттарды мұқият зерттеп, ағаның талабы орынды екенін анықтап: «Қазақ КСР-ы мемлекеттік гимнінің авторы — бір ғана Ғабдолқайым Мұхаметханов» – деп шешім шығарды. Шындық жеңді. Аға жеңді. «Аға» – деп отырғаным осы кісі. Төлқұжатында — Ғабдолқайым. Ел-жұрты Қайым деп атап кеткен.

...Қакең өлеңін алып келді. Бұрынғысы. Тек әлгі «Ленин, Сталин, партия» делінгендерді заманға орайластыра өзгертіпті. Екеуіміз оқып, тағы бірер сөзін күшейте жаңарттық. Қысқасы: өлеңі бәйгеге ұсынылды, бірақ олжа бұйырмады, ақиқатында әлдекімдер бұйыртпады. Олай дейтін себебim: сарапшылар алқасына мен де мүше болған едім, екі кезеңде екшеліп алынған туындылар Қакеңнің өлеңі және бірер жас ақындардың жазғандары болып еді. Үшінші, шешуші кезең мәжілісі қашан, қайда өткізілгенін мен де, тағы бірнеше мүше білмей қалдық, қалайда шақырылмадық. Кешегі кеңестік «бригадалық тәсілдің» жаңаша қолданылғанын, Гимн өлеңіне үш жүздің үш ақыны және әлеуметтік теңдік үшін әйел ақын автор етілгенін газеттен оқып, еріксіз таңдандым. «Бұл қалай?!» дегеніме жауап болмады. Ал «Әйтiппiз де бүйтiппiз» – деп сан сабалаған дүбәрә өлең – ағаның: «Біз қазақ, ежелден еркіндік аңсаған» – деп басталған байырғы, рухы аса қуатты өлеңімен салыстыруға келмес, жасық нәрсе. Қакең бұл жолы сабыр сақтады, қатты ренжімеді: «Танымал ақын емес деген шығар», – деп күлді де қойды.

Семей қаласында тұратын Қакең Абайдың туғанына 150 жыл толар жылдың басында Алматыға шақырылды. Ұлттық Ғылым Академиямыз бен М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ұйтқы болған үкіметтік комиссияға мүше етіліп, ұлы ақынымыздың академиялық екі томын баспаға әзірлеуге көп үлес қосты, ақын шығармаларының текстологиясын жасады. Сол еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. Ол Қакеңнің Абай жайындағы ұзақ жылғы әдеби-ғылыми зерттеу жұмыстарын да ескере көрсетілген құрмет еді. Ағаның «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт томы — абайтануымыздағы аса елеулі, маңдайалды еңбек. Аға бірде мені «Самал» шағын ауданындағы жаңа пәтеріне шақырып алып, әдетімізше шүйіркелесіп біраз отырғаннан кейін – маған көк мұқабалы сол төрт кітабын қолтаңбасымен сыйлап, жымия сөйлеп:

– Абай атаңның мерейтойында менің өмірімде зор екі қуаныш және құйттай бір реніш болды, – деді.

– Қызық екең, – дедім.

– Екі қуанышымның біріншісі – Қалихан Ысқақов бастаған інілерімнің мына үш бөлмелі пәтерді сыйлағаны; екіншісі – үкіметтің Мемлекеттік сыйлық бергені, ал «құйттай реніш» – деп отырғаным — Академиядағы ағайындар маған Абекеңнің

өзіміз дайындап шығарған екі томын сыйлауды білмеді, «Қаке, еңбегіңіз сіңді ғой» демеді, соны түсіне алмадым...

– «Той-томалақ» емес пе, сәл-пәл кемшіні болмай қоя ма... әлі де уақыттары бар, әкелер, сыйлар, сыйламаса – маған айтыңыз, дүкеннен сатып ала саламыз, тәйір-ай, – деп әзілге сайдырдым. Аға таусыла ренжуді білмейтін:

– Солай ма? – деп күліп, басқа әңгімені бастап кетті.

Ағамыздың жасы сексенге толғанда Семей өңірі тік көтеріле тойлады. Бірнеше күнге созылған қошеметтің куәсі болдым. Облыс әкімі Ғалымжан Жақиянов театр залындағы бас жиында Қакеңді құттықтап, шетелдік «темір тұлпардың дізгіншылбырын» – кілтін берді. Жазушылар одағы атынан мен сөйледім.

Жиналыс барысында Қакең жанындағы маған бұрыла қызарақтап: «Мақтау тым артық болып кетті... мені осынша мадақтаудың керегі не... жиналысты тезірек аяқтасыншы, айтшы», – деп екі-үш мәрте күбірледі.

Бәрі де көз алдымда...

Абайдың әдеби мұрасын мейлінше кең, адал, әділ зерделеген, шәкәрімтанудың негізін қалаған, Мұхтар Әуезовтің дос інісі болған, еңбекқор, кішіпейіл, ақкөңіл ғұлама, қарымды қаламгер Қакең бүгінде, амал қанша, арамызда жоқ...

Аяулы аға хақында айтар інілік сағынышты сөзіміз басталды.

...Үйлеріміз жақын еді. «Ғаббас, сенбісің? Не ғып отырсың, қолың бос па?» – деп телефон шалатын. Мен күттірмей баратынмын. Өмір, әдебиет жайында еркін әңгімелесетінбіз. Қабаттап қойылған папкаларын иегімен нұсқап: «Жұмыс әлі көп, қайда-а-а!..» – деп жымиятын. Біздің үйде болғанында кітап сәреме қарағыштап: «Сен талғап жинайсың, бұл – жақсы ғадет. Мен де қалай болса солай, көбейтпеймін. Кітапханам Семейде ғой, сонда болсын ба, осында алдыртам ба, ойланып жүрмін», – деді. Енді бірде телефон шалғанында дауысы сырылдаңқырап шығып: «Ғаббас, келін екеуің кіріп-шығыңдаршы, келін менің жағдайымды көрсінші, емдеп жүрген дәрігерлердің жазып берген қағаздарын, дәрілерін бажайласыншы!» – деді. Жұбайым Зада Мүкәрәмқызы – терапевт, кардиолог, ультра дыбыспен емдеуші маман. Екеуіміз дереу бардық. «Асай-мүсейін» ала жүрген Зада ағаның өкпесін тыңдап, қан қысымын өлшеп, емдеуші дәрігерлердің қағаздарын оқып, дәрілердің берілгені дұрыс екенін айтты. Мен ағаға еркелеп әзілдей беретініме басып:

– «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық...», аға, арқаңызды жіпсітіп жататын келіншек тауып берсем қайтеді? – деп едім, аққұба реңін қызғылт бояу шала қалған Қакең күліп жіберіп:

– Қой, ондайды айтпа, тентек болма! – деп қолын сілтеді. Бәйбішесі – Фархинұр жеңгеміз қайтыс болғалы он жылдан асқан-ды...

Қайым ағаның «Тағдыр және Қарлағ» – деп аталған жаңа жинағының қолжазбасын қолыма алған сәтте қайран ағаның бүкіл өмірі көз алдымнан кинодағыша тізіліп өте бастағандай болып, «Адамға өмір бір-ақ рет беріледі...» деген өсиетті алғаш Қакең айтқандай күй кештім. Бір-ақ рет берілген сол өмірді күреспен өткізген қайсар тұлға, әдетінше ақырын күліп қойып, қоңыр үнімен сыр шертіп жөнелгендей. Иә... жаңа жинақ алуан-алуан сырға толы.

Өмірден өткен соң да бақыты ортаймайтын адам болады десем, бұл ойымды құдай күпірлікке жазбағай, – Қайым аға есіме түскен сайын іштей: «Қаке! Бақытыңыз аспаса, кеміген жоқ!» деймін. Барша бала-немерелері әдеби мұрасын жинақтап, көптомдығын шығаруға құлшына кірісіп жүрсе, ол бақыт емес пе?! Көптомдықтың бес кітабы жарық көрді. Балаларының тілегін Л.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің құзырындағы «Отрар» кітапханасының Ғылыми орталығы қабыл



алып, Алматыдағы «Алаш» баспасынан шығаруда. Қакеңнің аруағын ардақтаушы ол ұжымдарға, әлбетте, шексіз ризамыз!

Көптомдықтың жиыны неше кітап боларын білмеймін, себебі: «Бір сырлы, сегіз қырлы» болған Қакеңнің әдеби мұрасы ерекше бай. Ал «Тағдыр және Қарлаг» (саяси тұтқындардың Қарағанды жеріндегі лагері) – көптомдық есебінен тыс жинақ. Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы шығарды («Фридрих Еберт» қоры).

– Аға, әкеміз өзі де бірнеше жылын өткізген Қарлаг туралы жазбаларын жеке кітап етуді мақсат тұтып еді, сол жазғандарының басын біріктіріп, реттеп беруіңізді өтінемін! – деді Қайым ағаның қызы профессор Дина («Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығының Президенті»). Бірден келістім. Сан жыл аралас-құралас, сырлас болған Қакеңнің аруағына қызмет ету – қуанышты іс емес пе?!

Қолжазбасымен таныстым. Тағлымды еңбек!

– Қакеңнің бүкіл өмірі жайындағы мағлұматты берулерің дұрыс екен. Мұның алдындағы «Қайым турал сөз» естеліктер жинағына ілікпей қалған дүниелерді қоссаңдар, құндылығы арта түседі, – дедім.

– Бұл жинақты әкеміздің өмір серігі, қажымас көмекшісі болған, бізді, он баланы, мәпелеп өсірген аяулы Анамыз – Фархинур Ахметжанқызының аруағына бағыштағымыз келеді. Әкеміздің қаламынан шыққанды қазақтың кейінгі ұрпақтарына қажет деп түгел тығып сақтай алған сол адал жары еді, туғанына тоқсан жыл толатын еді, – деді Дина, толқи сөйлеп.

– Бәрежелді!

– Содан кейін... алғысөз жазып беруді Герольд Бельгерден өтінсек, ол кісі де әкемізді құрметтеген.

– Дұрыс!

«Тағдыр және Қарлаг» оқырмандарына осылайша жол тартқан-ды. Қазақ және орыс тілдерінде. Жеті бөлімді. Абайтанушы ірі ғалым, Абай шәкірттерінің атын атап, түсін түстеп танып зерттеуші, шәкәрімтанудың көшбасы, жазушы, ақын, аудармашы болған Қайым Мұхамедхановтың өмір өткелдері – ең әуелі өзінің жазбаларымен, одан кейін қайымтанушы деп атауға болар ізбасарларының әдеби-ғылыми естеліктерімен бағалы. «Ескі заманның ақыны» Абайдың ақындығын, айналасын зерттеуі игі іс делінудің орнына, басына қамшы болып тиіп, «халық жауы» ретінде Қарлагке айдалған Қакең айдаудан аман-есен оралған соң абайтануын жан-жақты дамыта жүргізді, партия мен үкіметке жазған хаттарында Абайды насихаттау, есте қалдыру хақындағы келелі мәселелерді нақты ұсыныспен тізіп айтты.

Шәкәрім Құдайбердіұлын ақтауды алғаш талап еткен де – Қакең (бұл бағыттағы күресі Астананың «Фолиант» баспасынан шыққан «Шәкәрім» кітабында егжей-тегжейлі әңгімеленді).

Бұдан 150 жыл бұрын мұсылманның отбасында өмірге келіп, имани таза ниетті мұсылмандық жолының 73-белесінде құдайсыздардың қолынан қаза тапқан Шәкәрім Құдайбердіұлының аруағын «халық жауы» деген қара дақтан сонау жылы әрең аршып алдық та, өлеңдері мен дастандарын, аудармалары мен мақалаларын тездетіп жинаққа айналдырып, шығара бастадық. Иә, сөйттік те, мысалы, 1988 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Шығармалары» арқылы марқұм ақынды... атеистке айналдырып кеп жібердік. Ол «ғажап жаңалықтың» ұйтқысы кім болғаны әлі күнге белгісіз, тек сондағы: «Редакция алқасы», «Құрастырушы», «Редактор»

делінген 13 ақын-жазушы-сыншының бәрі дерлік – белгілілер, танымалдар. Кімдер екенін енді бүгін тәптіштемей-ақ қоялық, себебі: олардың көпшілігі арамызда жоқ.

Марқұм ақынды атеистердің сапына қоса салудың қалай жүзеге асқанын зерттеп те шаршамадық. Ол «тәсіл» әлгі «екі жерде екі – төрт» дегендей оп-оңай болды, ақынның өлеңдерінен: «құдай», «алла», «тағдыр», «жазмыш», «дін», «мұсылман», «иман» деген сөздер егістік тақтасының арам шөбінше түп-түгел дерлік отап тасталды – бітті!.. Сол сорақылықты көрген күндері Қайым аға қандай күй кешті десеңші! Ол, аса сабырлы болса да, қиянаттан қысылған жанын қоярға жер таба алмады, қатты күйзелді. «Құдай-ау, Шәкәрімнің шығармаларында не ақылары бар, неге түзетті?!» – деп күйінді.

Қакең қалайша шырылдамасын, неге күйінбесін?! Ұлы Абайдың ең дарынды шәкірті – Шәкәрімнің өмірін, шығармашылығын, туындыларының түпнұсқасын білу, газет-журналдардағы жарияланымдарын қадағалап отыру тәрізді қасиетті парызды мойнына алған бірегей ғалым ғой?! Ақынның әдеби мұрасын сақтау мәселесінен бастап, «халық жауы» таңбасын алдырып тастау жолында ұзақ жыл талмай, қажымай қайратты қимыл жасаған бірден бір табанды жан ғой?!

Түрмедегі ақын ағасына қорықпай-үрікпей жалғыз өзі ашық барып, дәм апарып жүргенін Қакеңнің жап-жас жігіт шағындағы албырттығы шығар десек те, «халық жауының» тоқы тырс етпей жатқан жылдары бір сәт те іркілмей, Алматы мен Мәскеудегі компартиялық, шығармашылық ең жоғары басшылыққа хат соңынан хат жолдап, Шәкәрімді ақтауды талап етуден танбағанын нағыз ерлік деп бағалау жөн. Сол жігері қаламын тағы қайрап, ақын шығармаларын «түзеу-күзеуге» қарсы мақаланы да үсті-үстіне жазды. Айғағы айдай ол мақалаларының бірі «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989-жылғы наурыздың 17-сі күнгі санында «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын...» деген тақырыппен шықты. Қакең одан кейін де көп жазды, дөп жазды. Ақынның өлеңдеріндегі «түзетулерді» ғана емес, тіпті «түзетуге көнбеген» ондаған шумақтың алып тасталғанын, бір өлеңінің бірнешеге бөлшектеліп берілгенін, дастандарындағы тарихи кісі, жер аттарының бұрмалауға ұшырағанын «соқырға таяқ ұстатқандай» етіп атапатап берді. Бірақ...

Қандай болсын бір игілікті іс басталса, оның орнығып, нығайып, одан әрмен дамуын, яғни әбден баянды болуын көздейміз, ойымыз орындала түскен сайын шүкіршілік етеміз, мерейленеміз. Ал діттегенімізге кедергі кездесе қалса, «әттең-ай!» – деп бас шайқаймыз, сан соғамыз. Қолымыздан келсе, ол кедергіні шетке ысырып тастап, игіліктің жолын ілгерілетуге атсалысамыз, бірақ... қолдан келетінді елемей, ескермей кете беретініміз бар. Өйту: не маған, не саған, не оған, яғни жеке біреуімізге «әттең-ай!» болмауы мүмкін, алайда көпшілікке, қауымға үлкен өкініш артатыны анық. Бірде қолыма кештеу тиген («Ештен кеш жақсы»): «Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен» – деп аталған қалың кітапты – Шаһкәрім Құдайбердіұлы Шығармаларының бір томдығын («Аманат» журналының кітапханасы, Халықаралық Абай клубы, Президенті – жазушы Роллан Сөйсәнбаев. Жидебай, 2006 ж.) оқи бастасымен өкінішке тағы тап болдым.

Мені әуелде кітаптың полиграфиялық сапасының жоғары екендігі қуантқан. Тіпті Абайдың жинағы да бұрын бұлайша сұлу шығарылмаған-ды. Бірақ... сыртқы көркін қайтейін!.. Қакеңнің мақалаларынан кезінде көшірме алған едім, мына «жаңа» жинақ жолдарында сүріне берген соң соны алып, барлап байқасам: «Аманат» жоғарыда аталған кітапты, яғни «Жазушы» баспасы 1988-жылы шығарған жарымжан жинақты сол «түзелген-күзелген» қалпында көшіріп бере салыпты. Тіпті мысал келтіріп әуре

болудың керегі де жоқ. Сонда бұл не? Баспагерлер Қайымның ақын шығармаларының текстологиясы туралы он шақты мақаласының тым болмаса біреуін оқып көрмеген бе, әлде, оқыса да, жаныашымастықпен астарлас «даярға – маяр» әдеттері болып, содан аса алмаған ба? Шәкәрімнің ақталғаннан кейін шыққан бірінші жинағы көпшіліктің қолына тигелі 18 жыл өтпегендей, бұл мерзімде ақынның ауыр тағдырлы өмірі мен шығармашылығы, тіл қарымдылығы, т. б. туралы ешқандай зерттеу, жаңа ой-пікір айтылып көрмегендей, – мынау аталған «Жол табалық ақылменге» уақыт талабына сай жаңадан алғысөз жаздыру да ескерілмеген.

Роллан бұл жинақты «Қажыма, ойым, қажыма», «Өкінішті ғұмыр», «Үзілмеген үміт» – деп үштомдық етіп, 2008-жылы қайта шығарды. Сол баяғы қайталау. Ақын аруағын: қажыма, өкіне бер, үмітіңді үзбе, дегендей. Баспа иесіне намыс емес, табыс керек болған-ау.

Осындай оспадарлықты көргенде баспаның редакциялық кеңесінде (алқасында) аты-жөндері тұрған, атақтарынан ат тұрғай өгіз үркетін: Әбіш Кекілбаевқа, Мырзатай Жолдасбековке, Олжас Сүлейменовке... жаныңашиды екен. «Жазушының» 1988-жылғы Редакциялық алқасында да кілең ығай-сығай болса, «Аманат» журналындағы мыналардың оларды он орап алатыны анық. Бірақ Шәкәрім жинақтарының қалай шығарылғанын, Қ. Мұхамедхановтың дабылды мақалаларынан бейхабар, аты-жөндерінің редакциялық алқада жазулы тұрғанына мәз екен. Мен соларға, жұртшылыққа жете берсінші деген ниетпен «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», «Жас қазақ» газеттеріне әдейілеп мақалалар жазып, Шәкәрімнің шығармаларын 1988-жылғысынан көшіріп шығара беруге, солайша мал табуға қарсылық жасадым. Мақалаларымды: республика парламенті Мәжілісінің төрағасына, Мәдениет және бұқаралық ақпарат министріне, Жазушылар одағы басқармасының төрағасына, Семейдегі шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығының басшыларына ұсындым. Шіркін-ау, ең болмаса, зиялы дейтін қауымнан бір тірі жан селт етсейші!

Шәкәрім Құдайбердіұлының (тарихи тұлғаларымыздың бәрінің де!) туындылары қазіргі бізден гөрі ертеңгі ұрпағымызға өте-мөте керек. Ендеше оларды әсіресе ауттылар мен даярға маярлардың еншісіне беріп қоймай, мейлінше қатесіз, қапысыз шығаруымыз қажет. Түпнұсқа қолда бар, ол – Шәкәрім қажының көзі тірісінде 1912-жылы шыққан «Қазақ айнасы» кітабы.

«Ертеңгі ұрпағымызға» демекші, біраз мектептерде Шәкәрім өлеңдерін жатқа айтудан жарыс өткізілуде. Кейбір шәкірттер ақын атасының 70-100 өлеңіне жатқа біледі. Әрине, «атеистік» өлеңдерін. Демек, шәкірттеріне өлең жаттатып, жарысқа қатыстырып жүрген ұстаздар да қазақ газет-журналын оқымайтын, Шәкәрім өлеңдерінің бұрмалануы жайындағы сын мақалалардан хабарсыз болғаны ма?.. Солай болғаны ғой. Өте өкінішті!..

Қажу дегенді білмеген Қакең өмірде көрген құқайы, азап-ауыртпалығы жөнінде айтуға жоқ еді, ал тілегіміз бойынша тамтұмдап айтқанның өзінде елеусіз әңгімеге бұрып, жанында болғандардың «қызық» қылықтарын тіліне тиек етіп, күліп қойып отыратын.

Ал аудармашы Қайымның елеулі бір еңбегі – Н. М. Карамзиннің қарасөзбен жазған «Бедная Лиза» хикаясын «Сормаңдай Лиза» – деп өлең тілімен қазақшалағаны. «Мұныңыз ерекше екен!» дегенімде: «Несі ерекше? Мен Шәкәрімнің ізімен жүрдім ғой, қажы аға Пушкиннің «Дубровскийін» өлеңмен аударды емес пе?» – деп жымып, қарапайымдылығынан танбаған. «Беднаяны» «байғұс» дей салмай, «сормаңдай» –

деп әдемі қазақылағаныңыз ғажап!» дегенімде: «Шынында сормаңдай болыпты» дей салды.

Қакеңнің өзі хақында жазылған әдеби шығарманың елеулісі – әдебиетші-жазушы Алла Белякинаның «Человек-легенда» («Аңыз адам») хикаяты. Оны мен қазақшаладым. «Қайым Мұхамедханов. Хаттар сөйлейді» атты жинаққа енгізілді (*Алматы. 2016 ж.*).

...Адамның тағдырын арзан еткен сол бір сұрқай жылдардың жазбаша шежіресіне үлкен үлес болған «Тағдыр және Қарлаг» – бұл тақырыпты зерттеушілерге, өткенді білмекке құмар жасжеткіншектерімізге керек ғибратты еңбек. Бірақ кітаптың таралым саны тым аз, тіпті айту ыңғайсыз. Егер қалталы, намысты азаматтарымыз оның таралымын көбейту керектігін түсіне назар аударса, қол ұшын берсе, жұртшылықтың алғысына бөленер еді, аяулы Ағаның аруағы риза болар еді деп ойлаймын.

Ағаның еліндегі тамаша тойы өзінің үйінде жалғасқанда жаңада шыққан әңгімелер жинағымды сыйлады. Онда мынадай қолтаңбам болды:

“Сүйер ұлың болса, сен сүй...” демеді ме Ұлы Абай,

Сүйгенге де, сүйерге де сенің өлкең, халқың бай.

Ал ұлының бірегейі келсе бүгін с е к с е н г е,

Қайран қазақ қалай шыдар тебіренбей, шалқымай?!

С е к с е н – жасы: қайраттының, қажырлының, күштінің,

Қуаттының, шалдықпастың, іздемestің еш тыным.

Қайым Аға, құдай жар боп, қаламыңды нық ұста,

Ж ү з г е жеткің, сонда да өстіп құттықтасын көп інің!

2010-жыл.



### ӨЗ-АҒА

Ауыл қарттарын жағалағыш шәкірт кезімде (3-сыныпта шығармын) олардан естіген «қызық» сөздерімнің бірі – «Айдың да, жылдың да өліарсында қиыншылық, ауыртпалық болады». Өзіме түсініксіз ондай сөздер әрқашан әжемнің алдына барады. Сол жолы да:

– «Өліара деген» не, түсіндірші! – деп жүгіндім. Әжем:

– Ол – «екі айдың арасында, екі жылдың арасында» деген сөз, – деді.

– Онда «арасында» демей, неге «өліара» – дейді? «Өлі» дегені несі?

– Балапаным-ау, ол шалдар да сендей бала кездерінде естігендерін айтады ғой, өздері ойдан шығарды дейсің бе. «Өлара» ма, «өліара» ма, – білмеймін, Оны ертең сол шалдардың бірінен сұрашы, содан соң маған айтарсың. Жарай ма?

Апамның білмейтіні жоқ деп ойлайтын мен оған сонда сене қоймадым, ал шалдардан сұрауға дәтім жетпеді. Бірақ өмір жолымда сонау «өліара» тегін емесіне, өзімде, туыстарымда, дос-жолдастарымда сол аралықтарда ауыр жағдайлар болғанына көзім жетіп жүр. Мысалы, 2010-2011-жылдар алмасқан айларда біздің әдебиет ауылымыздан он шақты қаламгер бақиға аттанып кетті.

Өз-ағаны жер бесігіне жатқызып келіп, «Жұлдыз» дәмханасында отыр едік, жанымдағы Уахап Қыдырхановтың қалтателефоны сыңғырлады. Алып тыңдаған Уахап телефонын жасыра қойғысы келген кісіше қалтасына тез салып, өңі қуқылдана қалды. Секем алып:

– Не болды? – дедім, ақырын ғана. Ол маған абыржып қарап:

- Қаж-аға да көз жұмыпты, – деп нали күбірледі.
- Кім? Қажығұмар Шабданұлы ма?
- Иә...

«Қайран Қаж-аға!.. Туған жеріңізден топырақ бұйырмады-ау!.. «Еліме алдырыңдаршы! Жасым сексеннен асты, бір аяғым жерде, бір аяғым көрде. Сүйегім атамекенімде қалса екен!» – деп Қытайдағы Сіз неше мәрте тілек хат жазсаңыз да, Қазақстандағы біз Сізді сан мың болып қанша қостасақ та, амал не, кереңқұлақтар естімеді ғой, қайтейік!.. деп іштей үгіліп біраз отырдым да, Уахапқа еңкейіп:

– Қазір, микрофон босағанда, Әз-аға туралы сөйлеп, соңында Қаж-ағаның қазасын айтшы, бәрі естісің, – дедім.

– Жоқ, сөйлей алмаймын. Бір қазаны ауырлап отырған жұртқа екінші ауыр қазаны жүктеуге дәтім бармайды, – деді, дауысы құмығып.

Екі жылдың өліарасындағы және бір ауыр, өте ауыр қаза Қаж-ағаның да бақиға аттанғаны, сүйегі жат елде, жат жерде қала бергені болды.

...Әз-ағамен көзбе-көз де, телефонмен де әңгімелесе беретін күндерімнің бірінде:

– Қытайдағы Қажығұмар ақсақал.. – деп сөз сабақтаған едім.

– Қажығұмар саған ақсақал шығар, ал маған іні, менен үш жас кіші, – деп әзілдей лекіте күлген Әз-аға жат елде тұратын қаламдас інісінің өмірінен өзі білетін біраз мағлұматты айтып өтіп:

– Отыз бес жылын тастүрмеде, бес жылын үйқамақта өткізсе де, әсте жасымаған, қайта шамырқана қарсы тұрып, нешеме кітап жазған Қажығұмар нағыз қаһарман екен! – деп, сүйіне сөйлеген.

– Қаһармандығы даусыз, бірақ, амал не, туған еліне, ата-бабасының жеріне жете алмай, хаттан соң хат жазып жатыр, ал зарын түсінетін, тілегін құптайтын біз жоқпыз. Басшылар жағы ләм демейді, – дедім. Әз-ағаның ең жоғарғы басшылармен де қарым-қатнасы түзу екенін білетінімді аңғарттым.

– Ғаббас-жаң, не нәрсенің де бір себебі болады ғой, бәрін біле береміз бе, бір күні сәті түсер, кім біледі, – деді.

Иә, әр нәрсенің сәті бар. Әз-ағамен алғаш танысуым да сол сәттің орайластыруымен болған. Бір күні қызметтегі бөлмемнің есігі ақырын ғана ашылып, Әзілхан Нұршайықов кірді.

– Рұхсат па екен? – дейді жымыып. Бүкіл Қазақстанды шарлап, жастарды да, жасамыстарды да тамсанып жүрген «Махаббат, қызық мол жылдар» атты кітаптың авторымен бұрын жүзбе-жүз кездескен, сөйлескен емес едім, еріксіз абыржып, ұшып тұрып:

– Төрлетіңіз, төрлетіңіз! – дедім. Ол жымыған қалпы қолын ұсынып:

– Сәлеметсің бе, қалқам? Түр-әлпетің әкеңнің келбетінен айнамайды екен, ол кісінің өзін көрмесем де, портретін Асыл апайыңның альбомынан көрдім. Иә, қалайсың? Шаруаң шырайлы ма? – деді.

Екеуіміз он минут шамасы сөйлестік. Атамнан бастап, аға-апай, іні-қарындас, бала-шаға дегендей, баршамыздың аты-жөнімізді, жасымызды, қызметімізді сұрап біліп:

– Бәрекелді, Қабыш ақсақал тамыры тереңде, бұтағы көп бәйтеректей екен, бәрекелді! – деді. Өзі туралы қысқаша ғана айтты.

– Сізді сырттай бәріміз де жақсы білеміз, кітаптарыңызды құмарлана оқимыз, – дедім.

– Солай ма? Бәрекелді! Ендеше, Ғаббас-жаң, мен жаңадан бір кітап жазбақшымын, соған сендердің көмектерің керек, соны айта келіп отырған жайым бар.

– Айтыңыз, аға, айтыңыз!

– Кешегі Ұлы Отан соғысымыздың тарихында «Брест қорғаны» деген тарау болмақ, мен соны жазыссам деймін. Өзің де білетін әйгілі Брест қамалын фашистерден қорғауда қыршынынан қиылған жауынгерлердің қатарында біздің қазақтар да болған және аз емес, менің долбарымша бес жүздің о жақ, бұ жағы. Брестке барсам, солар туралы жазсам деймін. Соған онбес күнге командировка берсеңдер жөн болар еді.

– Берейік, аға, берейік. Өтініш жазыңыз, секретариатқа ұсынайың, ешкім қарсы болмас.

Жазушылар одағымыздың құзырындағы Әдеби қордың әжептәуір бастығы болып жүрген кезім. Әз-ағаның өтінішін Одақ басқармасының үшінші хатшысы, біздің қор алқасының төрағасы Қалаубек Тұрсынқұловқа алып барып:

– Қалеке, кеше Әзілхан ағамыз мына өтінішін қалдырып еді, тағы бір ғажап кітап жазғалы жүр екен, қолдайық, – дедім. Қалаубек өтінішті оқып шығып:

– Он бес күн аз болады-ау... қаржы жағың қалай, бес-он күн қосып берсек қайтеді? – деді.

– Андағы тақырыпты көздеген кісіден несін аяймыз, қаржы табылады! – дедім.

Сөйтіп, Әз-ағамен танысып, табысып кеттім. Әңгімеміз жарасып, аяқ-табағымыз араласты.

Жазушылар одағындағы жиын, ондағы-мұндағы той-томалақта бас қосуымыз өз алдына, көбінесе Алматының о тұс, бұ тұсындағы үлкенді-кішілі кітап дүкендерінде жиі кездесіп жүрдік. Бәйбішесі Халима апай екеуі қолтықтасып, егіз қозыға ұқсап келе жатқаны. Сондай кездесудің бірінде сөз арасына:

– Әз-аға, «Ақиқат пен аңызыңызды» іздеумен бәтіңкемнің ұлтаны үлдіреп қалды, – деп әзіл қыстырдым.

– Үйбу!.. Саған сыйламаған екенмін ғой?! Әй, Халима-ай! Сен, Фаббас-жан, енді іздеме ол кітапты, іздеме, өзім сыйлаймын, – деп бәйек болды.

– Ағаң шалдарға кітап сыйлауды ұмытпайды да, інілерін ұмытқанда оны менен көреді, – деп Халима апай іліп қалды. Әз-аға қолын сермей мәз болып күліп:

– Рас, рас. Расты мойындау керек. Ал кітапты, Фаббас-жан, сыйлаймын, – деді.

Сол кітабын мынадай қолтаңбамен сыйлады:

«Қымбатты Фаббас! Осы айдың басында өзіңмен кітап магазинінде кездескенде бұл кітапты сыйлаймын деп уәде еткен едім. Содан кейін өзіңді екі рет көрдім, екеуінде де кітапты ұмытып кеттім. Оған ғафу өтінемін! Бұл басылымда біраз қосымшалар бар. Алғашқы басылымға бірінші болып сен пікір айтып, жылы лебіз білдірдің. Соған ризашылығымның белгісі үшін сыйлаймын бұл дананы. Әз. Н. 26. 04. 1979 жыл. Алматы».

Жалпы Әз-аға сыйлаған кітабына қолтаңбаны қысқа жазбайтын. Өзіме сыйлағандарына қарай айтып отырмын. Әрбір қолтаңбасы бірер қайырым әңгімеге ұқсайды. Енді бір мысал келтірейін («Қаламгер және оның достары» кітабындағысы):

«Қымбатты Фаббас-Ғабеке! Өткен жолы өзің құрастырған, Әнуар Әлімжанов туралы естеліктер жинағыңа байғазы беріп жіберіп едім. Бірақ, менің қолыма «Әлем таныған Әнуармен» бірге «Екі хикаят» деген өз кітабың қоса келді. Оның байғазысын кейін берермін деп телефон арқылы өзіңе уәде еткенмін. Сол тамаша туындының байғазысы осы «Қаламгер...» болсын. Қабыл ал, бауырым. Зор құрметпен Әз. Нұршайықов. 20. 08. 2000 ж.».

Байғазы демекші, әу баста Әз-аға менің не нәрсені жақсы көріп жинап жүретінімді сұраған. Мен қаламның түр-түрін жинайтынымды айтқанмын. Содан былайда ресми мерекелердің, туған күнімнің алдында маған жап-жаңа қалам сыйлайтын болды.

Балаларының бірінен беріп жіберіп, телефонмен құттықтайды. Бірде: «Саған бұл жолы қайтер екен деп ескі қалам беріп жібердім. Ұнатпасаң, өзіме дереу қайтарарсың», – деп күлді. «Ескі» қаламы: «Ғабеке! Бұл өзім жазып жүрген қаламдарымның бірі еді. Сізге сыйладым. Әз. Н. 21. 04. 2001 ж.» деген тілхат ала келіпті. Маған бәрінен қымбат сол қаламы болды!

Әз-аға кішіпейіл, қарапайым еді. Өмір, әдебиет жайында әңгімелесуді ұнататын. Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов және Сәбеңнің бәйбішесі Мәриәм апай, Қаныш Сәтбаев, Мұқан Иманжанов, Мәриәм Хакімжанова, Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Хакім (Михаил) Есенәлиев, Әнуар Әлімжанов, Олжас Сүлейменов, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев туралы тұщына сөйлейтін. Баукең хақында айтқанда ерекше шабыттанып, «бұным кітапта жоқ» – деп алып, Батыр ағаның мінез-құлқындағы қызық жәйттерді айызы қана әңгімелейтін.

Республикамыздың қай тұсына барсам да, Сәбит Мұқанов ақсақалымыз есен-сау кезде жұрт алдымен Сәбеңді сұраушы еді. «Сәбеңнің денсаулығы қалай екен? Не жазып жүр? Біздің жаққа қашан келетінін білмейсің бе?» – деп, әсіресе қарттар жарыса сұрақ жаудыратын. Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов туралы сауал да аз болмайтын. Өздері естіген жәйттерді пысықтап та отыратын. Мені Алматыда тұрады, өзі жазушы болған соң жазушылардың не істеп, не қойып жүргенін түгел біледі деп ойлайды ғой.

Әз-ағаны білмейтін, «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз» кітаптарын оқымаған қазақ аз шығар. Атым жеткен жердің бәрінде 2-3 таныс-білісім бар әңгіме-дүкен құруға кіріскенімізде олар сөзді әдеттегі сұрақтарымен бастайды да, сәлден соң кітаптағы оқиғаларды, кейіпкерлерді айтып, құдды кітапты толықтырғылары келгендей, кейбір оқиғаны әсірелеп те жібереді, пәлен кейіпкер болып сөйлеп те кетеді. Әз-ағаның облыстарды аралап, қайсыбір кейіпкерлерінің прототиптерімен кездесіп жүретінін де біледі. «Прототип» дегенді «бүкбейне немесе бүкпебейне» – деп айтса болмай ма? деп сұрақ қойғандары да есімде. Сондай кездесулерден кейін: «Анау қанмайданнан аман-сау оралып, Халима апайдай ақылды жар сүйіп, бала-немерелерінің қызығын көріп, мұншама көп оқырманының құрметіне бөленіп жүрген Әз-аға қандай бақытты!» – деп қуанатынмын.

Халима апайымыздың жаратылысы жайсаң еді. Әйелдің әулиесі деуші едім. Әз-ағаның, өзінің де жүрегі сыр беріп, аурухананы жиі төңіректеп жүргенінің өзінде қабақ шытқанын көргем жоқ. Жылы жымиып, байыпты сөйлеп, сырқат деген пәлекетті өзі де ұмытып, көңіл сұрай барған бізге де ұмыттырып, Әз-ағаның, оның дос-жолдастарының бір қызық жәйттерін айтып отыратын. Ардақты апайымыздың көңілін көтеріп бағайын деп барған менің өзім көңілденіп қайтатынмын. Ғажап жаратылыс еді-ау!

Бірде қос аққудай екеуі ауруханаға бірге түсіпті. Іздеп барып, хал-ахуал сұрасып отырғанымыздың бір әредігінде Әз-аға маған жымыңдап қарап:

– Ғабеке, кітап дүкенін аралаудан жалықпайтын қыдырмашысың ғой, маған бір керемет кітап керек болып тұр, «Последняя любовь Нельсона» деген, соны тауып бересің-ау деймін, – деді. Сонда Халима апай:

– Әзеке, ол жағынан өзіңнен асқан қыдырмашыны көре алмай жүрмін ғой? – деп еді, ағамыз:

– Бәрежелді, сен ұпайыңды арттырдың! – деп қол соға күлді. Апай екеуіміз қосыла күлдік.

Тапсырған кітабын төрт күннен соң тауып, өзім әлдебір жаққа баруға асығыс болдым да, кенже ұлым Әзизден беріп жібердім. Екі күннен кейін күйеубаласы хат алып келді. Мына хат:

«Қымбатты Фаббас!

Жіберген кітабыңды («Последняя любовь Нельсона») ауруханада оқып бітірдім. Азаптанып іздеп, ақыры тауып бергеніңе рахмет!

Осы кітаптың бірінші бетіне жазған тілегіңді (ендігі жастарға арнап, махаббат жайында жаңа роман жазып беру туралы), амандық болса, орындауға тырысармын.

Бірақ одан бұрын «Боздақтар» деген (101-інші атқыштар бригадасы туралы) бір әскери роман бітіруім керек.

Зор құрметпен, ризалықпен, – ағаң Әз. Нұршайықов.

P. S. Кітапқа жазып берген бұл автографыңды да үйдегі қолтаңбалар картотекасына кіргізіп қойдық. Бұл маған жұрт сыйлаған алты жүзден аса автографтың қатарына қосылды (бұрын берген автографтарың тағы бар ғой!).

P. S. п. Зада келін мен Әзекең мырзаға сәлем айт! Әз. Н.

15. 03. 1994 жыл.

Республикалық кардиологиялық

Орталықтың ауруханасы,

2-кардиология (аритмия) бөлімі,

№17 палата.

Бүгінгі жастар туралы жаңа роман жазуын өтінген себебім іздеттірген кітабының атына орай болатын, «Последняя любовь» сондай бір ойға жетеледі ме екен деп жорамалдағанмын.

Хатында атаған «Әзекең мырза» – менің кенже ұлым. Жолымды қуып, менен асып, түріктің ұлы әзіл-сықақшысы Әзиз Несиндей болсын деген тілекпен «Әзиз» атағанмын. Бала перзентханадан үйге әкелінгенін ести сала Әз-аға мен Халима апай көрімдіктерін алып жеткені ғой! Нәрестенің атын ырымдап қойғанымды айтқанымда Әз-аға:

– Пәлі, ойың орындалсын, тілегің қабыл болсын. Ендеше, бұл мырзаны «қазақтың №1 Әзекесі» – деп жүрейік! – деді.

– Жо-жоқ, қазақтың №1 Әзекесі – Сізсіз! Бұл күшік аман-есен өсіп жетілсе, нөмірін өзі тауып алар, – дедім.

– Солай ма? Олай болса, айналайын Фабекке мен Зәке, бұл баламызды №2 Әзеке дейік те, кейін №1 Әзеке болуын тілейік! – деді Әз-аға. Сөйтіп, кенжеміздің өзімен сөйлескенде де, біз арқылы сәлем айтқанда да: «№2 Әзеке» – деп жүрді. Халима апай да солай атайтын болды.

Әз-аға аса ұқыпты еді. Қайда, қандай жағдайда болсын сөйлейтін сөзін мәшинкадан өткізіп алып жүретін. «Мұныңыз қызық екен?» дегеніме: «Кейін керек болады» – деп жымиятын.

Хат жазуға да ерінбейтін. Маған жолдаған бірнеше хаты қолымда...

Халима апай мен Әз-ағаның өзара ерекше жылы, ілтипатты қарым-қатнастарына қызығатынымын. Сол сезімнің әсері болар, екеуінің мерейтойы алдында «ақындығым қысып», арнау өлең жазып сыйладым.

**ТОЙЛАРЫҢЫЗ ТОЙҒА ҰЛАССЫН!**

Әулетімізге аяулы Әз-аға мен Халима апай! Егер мен ақын болсам, бүгінгі торқалы той иелері – Сіздерге арнап мынадай бірер шумақ өлең жазар едім:



Қатардағы көптің бірі, түзу тірлік пендемің,  
 Қанағатпен қабыл алған тәңірінің бергенін.  
 Қашан болсын қарт пен жасқа тілейтінім – тазалық,  
 Қарапайым адал еңбек етіп жүрсе кім де кім.  
 «Қарапайым». Осы бір сөз қасиетті маған да.  
 Қалайда мен осы сөзден бір тиянақ табам да.  
 Қарап жүрем жан-жағыма көзіменен жүректің,  
 Қатарынан озған, қалған алыс-жақын адамға...

Қай мезетте, қайда болсын көретінім қос бейне:  
 Қатар тұрған қос қайыңдай сыр ұғысып төскейде.  
 Қатар жүзген қос аққудай айдынында Ертістің.  
 Қатар ұшқан қос көгершін «күбірлесіп» кей-кейде.  
 Қатар жүрген қос құлындай, қос бота да тәрізді.  
 Қай жағыма көз салсам да, көргім келмес жалғызды.  
 Қуанамын: сол қос бейне – Хал-апай мен Әз-аға.  
 Құдай қосқан қос тағдырда тұтас жатыр жан ізгі.

Қиқуы жоқ, қаңқуы жоқ, жұлындырған жыны жоқ,  
 Қулық саумас, сұмдық саумас, аталмаққа «жақсы» боп.  
 Қасиеті: дос іздейді өзіне де, басқаға.  
 Қасиетсіз болған емес, екіараға жағып от.

Қос бейненің: Хал-апай мен Әз-ағаның осы бір,  
 Қазекемде көп кездеспес көркемдігін тұтып пір,  
 Қуанып шын, қалтарыссыз тілейтінім бұл сәтте:  
 Қос ғажайып! Енді отыз жыл ғажайып боп жүре тұр!  
 Іні-бауырларыңыз – **Фаббас Қабышұлы**.  
 «Жазшы!» деген – **Әзиз Фаббасұлы**.  
 Қол қойып бекіткен – **Зада Әзизшешесі**.

*1992-жылғы қарашаның 28-інші күні.*

Әз-аға да, басқалар да:

– О, бәрекелді!

– Фаббас, сен ақын екенсің ғой?!

– Аллитерция жасап, тармақтарын «қ» әрпілі сөздермен тізіпті!.. – десті...

Он шақты күн өте Әз-аға:

– Нөмірі екінші Эзекеңнің әкесі, сенің «Сағыныш сазы» кітабыңды оқып шықтым.

Мен білсем, бұл – қазақ прозасындағы тұңғыш реквием-жинақ! Титульный листтегі тақырыбының астына «Реквием» – деп қосымша тақырып қою керек еді, ескермегенсің ғой. Мен қатты толқыдым. Кейде көңілім босап кетіп, көзіме жас келді, мен өзі ол жағына босаңмын. «Қазақ әдебиеті» газетіне пікір-мақала жазуды жөн көрдім, – деді, бір кеште телефон шалып.

– Әз-аға, оны өзіңіз біліңіз, – дедім. Шынымды айтсам, «реквием» дегені не екенін білмедім және «Ол не сөз?» деуге ұялдым. Біраздан соң «Шет ел сөздері сөздігінен» іздесем, ол латын сөзі екен: 1/ заупокойное католическое богослужение; 2/ заупокойная месса; 3/ муз произведение траурного характера для хора с оркестром.

Сонда менің марқұм қаламдас аға-інілерім, құрдастарым туралы естеліктерімнің жинағы немене болды? Жоқтау ма?.. Жоқ! Ол – менің оларды сағынғанда қайта оқып жүруім үшін жазған естеліктерім. Сағыныш сазы, оған қосымша тақырып керек емес.

...2011-жылдың ақпаны туа Әз-аға телефон шалып:

– Фаббас-жан, сенің Өскеменіңе барып келдім, жігіттер сәлем айтты! – деді көңілдене сөйлеп.

– «Азиаданың» алауын алып кетті деп естігенмін, қалай болды, шаршап қалған жоқсыз ба?

– Жоқ, шаршаған жоқпын. Көпшіліктің құрметі кісіні тыңайтып жібереді ғой. Иә, «Азиаданың» алауын тік көтере топ бастап, бір жасап қайттым.

– Өзіңіз айтатындай, «Бәрекелді!», Әз-аға! Енді осы екпініңізбен тоқсанның төбесіне ту тігіңіз!

– Тігермін, қалқам, тігермін!..

...Тіге алмай кетті. Жазмыштан кім озған... 89 жас берген тағдыр кенет тарынып, 90-ның табалдырығынан аттауды қиады. Бір «жұмбақ» жәйтті еске алдым: Әз-ағадан екі апта бұрын атақты әнші апамыз Роза Тәжібайқызы Бағланова да, сонау жылы даңқты партизан-жазушымыз Қасым Қайсенов те 90-ның есігін қағып, бірақ ашып үлгірмей кетті...

Әз-ағада орындалмаған арман болды ма екен?..

Қаралы қауым алдында шәкірт шөбересі аяулы атасымен қоштаса сөз сөйледі. Таза да әдеби қазақ тілінде ересек қазақша жоқтады. Әлде Әз-ағаға өзінен қалар қалам осы шөбересіне бұйырарын біліп, бірақ оның тырнақалды туындысы газетке шыққанын көре алмай арманда кетті ме екен?..

Менің білетінім: Әз-ағаның әдеби мұрасын қастерлейтін қазақ көбеймесе, өсте азаймайды!

2013-жыл.



## **АҢҚЫЛДАП ЖҮРДІ**

– Айналайын жаухатшы інім, жүре ғой, екеуімізді тосып отыр, – деп Әбекең әдетінше күлімсірей сөйлеп келе қалды.

– Ассалаумағалейкүм! Е, кім тосып отыр, неге тосып отыр? – дедім, орнымнан тұрып, соған қолын алып.

– Сенің осы «ассалаумағалейкүмің» ұнайды маған, – деп жымия түсті де: – Жамбыл мектебіне барамыз, жүр, кеттік, – деді.

– Әбеке-ау, жұмыс уақыты ғой?!

– Орыстарың: «работа — не волк, в лес не убежит» – дейді ғой, бір сағат қана боламыз, газетің күйіп кетпейді, жүр, жүр! – деп енді салмақтана қарады.

Ерекше құрметтейтін ағаларымның бірі. Тілін алмауым інілікке қайшы, қайтем, шаруаны орынбасарыма тапсырдым да, Әбекеңе ілестім.

Сағат он алты. Әңгімелесіп келеміз. «Жаяу барайық» деген Әбекең. Екіара қашық емес, төрт-ақ көшені қиып өтеміз.

– Әбеке, мектепте не болушы еді?

– Айтпаймың, – деп күледі.

– Комбинат пәтеріңізді жөндеп бермек еді, кірісті ме?

– Тез қимылдайтындарды тапқан екенсің!

– Өзіміздің жігіттер мен келіншектерді жауып жіберейік деп едік, оған көнбедіңіз...

– Әбдікәрім Ахметов жолдастың мойнына мүлде мініп алғыларың келеді, ө? Сендер үшін айтысты ұйымдастырып, арса-арса болып жүргені аз еді!

– Арса-арса болсаңыз, ол айтыстан емес, ақын қыз-келіншектерге қырғидай тиіп жүргендігіңізден, – деп іліп қалдым. Әбекең сақылдап күліп жіберді:

– Әй, жаухатшы, мен қашан, қайда болсын тек сауапты ойлаймын ғой!

– Білем, Әбеке, білем.

Екеуіміздің жас арамызда «екі бесжылдық» жатса да, қалайда қалжыңдаса беретінбіз. Мектепке жеткенше де біраз әзілді саудаладық. Мектепте мұғалім апайым Гүлмай Ахметова қарсы алды. Әбекең екеуі фамилиялас еді.

– Гүлеке, міне, бауырыңды әдейі ертіп келдім, апайына қорған болсын дедім, мен өзіме өзім сенбейтін адаммын ғой, ол осалдығымды бұл бауырың біледі, әдейі еріп келді, – деді Әбекең, Гүлекеңнің қолын алып тұрып, қалжыңға қамшы басып.

– Иә, дұрыс, жақсы, – деп жымыған апай маған қарап: – Халың қалай, үй-ішің есен-сау ма? – деді.

– Сау-сәлеметпіз, апай. Әбекең «жүр-жүрдің» астына алып болмады, неге келетінімізді де айтпай қойды.

– Келгенің жөн болды, Әбекеңді мектеп пионерлерімен кездесуге шақырған едік, өзің қалаған бір адамыңды ала кел дегенбіз, жүріңдер, – деп Гүлекең жол бастады.

Мектеп пионерлерімен кездесуіміз есте ерекше қаларлықтай болды. Талапты балалар ән айтты, күй тартты, би биледі. Әбекеңнің өлеңдерінен екеу-үшеуін жатқа айтты. Гүлекең мектептің пионер ұйымы тарихын әңгімелейді. Бізді «Құрметті пионер» қатарына қабылдап, омырауымызға значек қадап, мойнымызға галстук байлады. Екеуіміз балалық шағымыздан естелік айтып бердік. Әбекең бірнеше өлеңін оқып, тебірене алғыс айтып тұрып:

– Ал, айналайындар, маған, мына жаухатшы ағаларың Ғаббасқа қандай тілектерің бар? Бұл ағаларыңның редакцияда жауапты хатшы болып істейтінін білесіңдер, сонсоң мен мұны «жаухатшы» – деп қалжыңдаймын, – деді жымыңдап.

– Әбеке, балалардың сіздерге бір тілегі бар, алдымызда Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміздің жиырма жылдығы тұр, сол мерекеде мектеп сахнасына осы жеткіншектер қояр шағын пьеса керек еді, соны ескерсеңіздер екен, – деді Гүлекең.

– Бәрекелді, құп болады! Ғаббастың «Ізғұтты Батыр» деген өлеңі бар. Совет Одағының Батыры, өздеріңнің жерлес ағаларың, Ұлан ауданында туып-өскен Ізғұтты Айтықов туралы. Ізғұттының ерлігін білесіңдер ме, балалар? – деген Әбекеңе пионерлер:

– Білеміз, білеміз!

– Балтық бойын жаудан азат еткен болатын! – десті.

– О, айналайындар, жүз жасаңдар! – деп Әбекең мейірленді.

...Редакцияға қайтып келе жатып:

– Әбеке, менің әлгі өлеңім газетте бұдан он жыл бұрын жарияланған, ал сіздің Өскеменге келгеніңізге үш-ақ жыл болды, оны қалай біліп жүрсіз? – дедім, еріксіз таңданып.

– Жаухатшым-ау, ақындар айтысын өткізуді қолға алысымен облыстық газеттеріңнің пәленбай жылғы тігінділерін ақтардым емес пе? Қай жылы, кім деген ақынның өлеңі жарияланды, қайсысы қандай ақын екен дегендей, разведка жасадым ғой.

– Соғыста разведчик болғаннан саусыз ба?

– Е, бауырым... – деп біраз үнсіз аяңдаған Әбекең ұшы бауырсаққа ұқсастау мұрынын оң қолының басбармағымен екі ырғап қойды да, қой көзі өткірлене түсіп, сәл жарықшақтау қоңыр дауыспен мына екі шумақты айтты:

Он жеті, он сегізде бозбалалық

Жүрмедік жорға мініп, қызға барып.

Жылан жыл — мың тоғыз жүз қырық бірдің,  
Ел шырқын сұрапылдап бұзғаны анық.  
Сонда біз қынай белге қайыс буып,  
Бес қару бойымызды майыстырып,  
Аттандық қасиетті қанды ұрысқа,  
«Катюша» оқпанынан жай ұшырып!..

Сөйттік, бауырым, сөйттік. Мен «Катюшаның» оқтаушысы болдым. Жарайды, жолдас жаухатшы, – деп кенет жадырай сөйледі, – сен жаңағы өлеңіңді ертең маған әкеліп беретін бол, мен оны екі-үш пионердің айтуына лайықтап сахнаға бейімдейін, жарай ма?

– Жарайды.

– Жақсы, ертеңнен қалдырма.

...Ақын аға айтты – мен орындадым. «Ізғұтты Батыр» пьесаға айналды. Жеңіс мерекесі қарсаңында газетке жариялауды ұйғардық. Редакторымыз Мұқан Әбуғалиев қуана келісті. «Мектеп сахнасына» деген айдармен шықты. Ертеңінде телефон шалған Әбекең:

– Әй, Фаббас, сен өзі... қызық екенсің ғой?! – деді, салқындау үнмен. Әншейінде атымды атамай, не «жаухатшы», не «бауырым» – деп еркелете сөйлейтін ағаның наразылығын аңғара қойдым да, әзілге қамшы басып:

– Әбеке, ағатай, өлең – менікі, пьеса – сіздікі, бір де біріміз, өзіңіз айтатындай, «армянский баланс», яғни екеуіміз де – автормыз, заңды бұзған жоқпың, ренжімеңіз, – дедім. Ағамыз:

– Түүһ, «армянский балансымның» өзіме пәле болғанын қарашы! – деп қарқылдап күлді.

Пьесаны газетке ұсынғанда Әбекең өзінің фамилиясын қоюға келіспеді. Мүлде қарсы болды. «Өлеңін өзгерткен жоқпың, шумақтарын бөліп, пионерлердің кезектесіп айтуына ыңғайлады, болғаны сол ғана, мен автор емеспін, «Қайраттың» қосалқы командасының мүшесіндей ғанамын!» – деп қалжыңға жеңдірген. Бірақ мен олай ойламадым да, өлең-пьесаны баспаханаға терімге жібергенде Әбекеңнің фамилиясын бірінші етіп жазып қойдым. Газеттен соны көрісімен телефон соққаны ғой.

Әбекең Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан және Семей облыстарындағы бөлімшесінің хатшысы болып, Өскеменде тұрған жылдарында біздің облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетімізге көп жәрдемдесті. Аудандардағы оқырмандарымыздан келіп жататын өлең-дастандарды оқып, сұрыптап беріп жүрді. Редакцияның әдебиет үйірмесіне қатысып, көркем әдебиет, поэзия хақында әңгімелейтін. Жазушылар одағы, өзімен таныс ақын-жазушылар жайында қызық жәйттерді айтатын.

Ақкөңіл жаратылысынан шығар, аралас-құралас болған төрт жыл бойында Әбекеңнен әлдекім туралы бір ауыз ғайбат сөз естіген емеспін. Мен бір жолы кейбір жазғыштардың пәлендер мен түглендердің «ішкіштігі», «шатақшылдығы» немесе «әйелқұмарлығы» жайында алақанына аспаннан алтын сақа түсе қалғандай-ақ айқұлақтана жазып, аттандап жүретінін айтқанымда Әбекең қолын сілтеп: «Әй, құрысын! Ондай бәтшәғарлардың өсек-аяндарына ешқашан сенбеңдер! Өсекті кім айтады? Ақымақтар айтады! Құрысын!» – деді.

Қалам ұстауға икемі бар жастарды тәрбиелеуден жалықпаған білімдар, кішіпейіл Әбекеңнің Шығысқа сіңірген айтулы және бір еңбегі бар. Ол – облыс ақындарының жыл сайынғы айтысын өткізуге мықтап көмектескені. Ақындардың шынайы ақылшы досы, қамқоршы сыншысы болды. Өлеңдерін тыңдасады, түзетіседі. Соның нәтижесінде

айтыс ақындарымыз тапқырлыққа баулынып, шыңдалып, республикалық айтыстарға да қатысып, жүлде алып жүрді.

Алматыда тұрған жылдарымызда Әбекең екеуіміздің аға-іні сипатты сыйластығымыз арта түсті. Сырласуымыз жалғасты. Менің жаңа әңгімем жарияланғанда, жаңа кітабым шыққанда телефон шалып:

– Товарищ жаухатшы, так держать! – деп марқайып құттықтайтын. Жүрегі ыстық, пейілі таза еді-ау!..

Сырқаттанып, шаршаңқырап жатқанында барып, көңілін аулай оны-мұны өзін жәйттер айтатынмын. Өздігінен жүруден қалған бір күні барғанымда бәсең үнмен есен-саушылық сұрады да, жүдеу жүзінде жұқалтаң жымыиыс пайда болып, маған:

– Бауырым, бас көтерелік, – деді. Өнебойым ыси қалды... Кеудесінен ақырын құшақтай көтеріп, көрпесін қымтадым. Демігіңкіреп, басын шайқап сәл үнсіз отырды да: – Сыртыңдағы шкафтың астыңғы сөресінде шыны құты тұр. Ішіндегісі... менің Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан екенімді білесің... Көктөбе ауылынан... сол жердің топырағы, әдейілеп алдырып қойдым, ертең қабіріме себесіңдер, – деп салқын жымыды, сонсоң: – Ай, Реке, бері келші! – деді. Мен құлағым шыңылдағандай біртүрлі күйге тап болдым.

Асүйде күйбеңмен жүрген жеңгеміз Роза күлімсірей жетіп: – О не, Әбеке? – деді.

– Анау кітаптың біреуін әперші.

Жеңгей лып етіп барып, әкеліп берді.

– Молодецсің, Реке, енді бара ғой, қайныңа шайыңды қамдай бер, – деп жеңгемізге жылы жымыды да, төсек жанындағы тумбочкада жатқан қаламын алды. Көгілдір мұқабалы шағын кітабын ашып алдына қойып, қолтаңба жазуға кірісті.

Қайран ағаны сағынған сәтте «Кеш жарық» атты сол соңғы жинағын қолыма аламын. «Қадірлі дос, бауыр, қаламдас – Фаббасқа. Көп жылдық сыйластығымыздың белгісі болсын деп... Құрметпен... 24.ҮІІ. 81. Алматы» деген лебізі бар. Өзім тіріде суымайтын ыстық лебіз.

2000-жыл



## «ӨЙ, ТАХАУИ!..»

Жазушылар одағы кеңсесінің сыртқы есігі алдында Талаптан екеуіміз тұрғанбыз (Талаптан Иманбаев, суретші. Өскеменнен келген еді). Киров көшесі жақтан үш жігіт дабырласа келіп, ішке ене берді. Біз сәл қиыстау едік және өзімізден егде үшеудің ешқайсысын танымайтын болғандықтан, сәлемдесуге ұмтылмадық. Ортадағысы – сұңғақ бойлы, шөкім қара мұртты, сарғыш-қоңыр макинтож киген де, қасындағы екеуі орта бойлы, қара костюмді, бірінің басында кәдімгі кепка, екіншісі шикалпақты. Олар кіріп кеткен соң Талаптан сыбырлай сөйлеп:

– Ортадағы жігіт – ақын Қуандық Шаңғытбаев, – деді.

– Сыбырлап айтпасаң естімейтін бе едім? – дедім. Талаптан әдетінше сақылдап күліп жіберді. Ол Алматыда суретшілер училищесінде оқыған. Ақын-жазушылардың біразын білетінін айтқан-ды...

Қуан ағаны алғаш көруім осылайша. “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясына жұмысқа орналасқаным екіінші ай еді. Содан кейінгі уақытта, әрине, таныс-біліс болып кеттік. Қоян-қолтық араласпасақ та, одаққа, редакцияға келіп-кетіп жүрген кездерінде сәлем беретін болдым. Ол әуелде: – Жақсы ма, айналайын? – деп

жымиятын-ды. Бертінде кейде: “Фаббасжан” дейтін, кейде: “Әй, сенбісің... Тахауи!” – дейтін. Неге “Тахауи” дейтінін Ізтай аға (Мәмбетов): «Тахауи Ахтанов екеуі құрдас, дос, сонсоң бәрімізге «Тахауи» дей беретін әзілді әдеті бар» дегеннен кейін түсіндім. Із-ағамен қызметтеспін.

1976-1983 жылдары Қуан ағамен көрші тұрдым. Дәм-тұзымыз араласты, әңгімеміз жарасты. Жамбыл көшесіндегі ақ үйді мекендеген отыздан астам ақын-жазушы бір отбасының адамдарындай болып едік, қуаныш-ренішіміз ортақ еді.

Жаратылысынан ақкөңіл Қуан аға, егер мен шын білген болсам, тірі жанға түйір жаманшылық жасаған пенде емес. Әрқашан ашық сөйлеп, жан-дүниесін жайып салып жүретін. Бойын таза ұстап, таза өмір кешті. Біреуге кейігенде онша зілденбей, екі қасының ортасындағы етсызығы сәл тереңдеп, екі көзі сәл өткірленіп: “Әй, мынау тура Тахауи екен ғой!” – деп оң қолының сұқсаусағын сәл кезейтін.

Өлеңдері “өзіне тартып туатын”. Шақтап, шырайын шұғылаландырып жазатын еді ғой. Бірде: “Қуан аға-ау, көбірек жазбайсыз ба? Біреуден сұрап алатындай аз-аздап, жүретініңіз қалай?” – дегенім бар. Кесектеу тісі ақсия жалт қарап: “Әй, Тахауи, өлеңді құдайдан сұрап алатынымды сен білмейді екенсің ғой?! Біл де қой, анау Хизметке айтып жүрме, ол аузы жеңіл Тахауи жұртқа жайып жібереді де, құдекеңнен ұят болады”, – деп жарқын күлді. Хизмет Абдуллин – ұйғырдың үлкен ақыны, мінезі ерекше салмақты, Қуан аға екеуі дос, әрі көрші тұрады.

Хизмет ака қайтыс болғанда Қуан аға қатты қамықты. Досы хақындағы сөзі қашан болсын көз жасын жетектеп жүретін болды.

Енді, міне, Қуан аға да – бақилық. 2001-жылғы ақпанның 19-ы. Жасы бір айдан соң 76-ға толатын еді...

Тамаша өлеңдерінің “Ар” атты алғашқы жинағы танымпаз ағасы Мұхаңның – Мұхтар Әуезовтің ыстық лебіз-тілегімен 1945-жылы шыққан екен!

Ақын, драматург, аудармашы. Адам. Азамат. Қуан аға. “Тахауи”!

Бір күні іңірде Қуан аға телефон шалып: «Әй, «Тахауи», біраз әңгімелесуге уақыт тап та, маған кел!» – деді әдетінше күле бұйрық беріп. Көрші тұратынбыз. Бардым. Сонда айтқан әңгімесі мынау:

– Бағана жазушы ініміздің бірі... («Түгленбай», – *Ф.Қ.*) келіп кетті. Оның Абай туралы кітабы Мемсыйлыққа ұсынылғанын, ал менің бұл жолы комиссия мүшесі болғанымды білесің. Ол өзінің «Ұлы Абайды жан-жақты зерттеумен он жыл бойы жазған көлемді, құнды еңбегін» жақтап дауыс беруімді өтіне төменшіктеп, бүлкілдеп сөйлегенде, Фаббас-жан, сол сыйлықты алмаса сорлап қалатындай болған сиқынан жиіркеніп: «Түсіндім, болды, бара ғой, кітабыңды оқың, көрейін, бара ғой», – деп әрең құтылдым. Содан он-онбес минуттан соң бөлмесінен шыққан жеңгеңнің кухняға кіріп шам жағып: «Қуан, мынау не? Кімдікі? Сен әкелдің бе?» – деп біртүрлі дауыстағанына таңдана барсам, жеңгең қоңыр клеенко сөмкеге үдірейе қарап тұр. «Бұл не? Менің де көріп тұрғаным осы» – деп, сөмкенің аузын ашып қалсам: дөңгеленген қазы, бір коньяк, бір шампан!.. Әлгі келіп шыққанның маған берген парасы екенін сезе қойдым. Жеңгеңе айттым. «Құрысын, құтыл мынадан!» – деп ол ыршып түсті. Мені де ашу буа қалған еді, астыңғы этаждағы інімізді дереу шақырып алып: «Мынау – елден келген сәлем-сауқаттан сарқыт» – деп құшақтатып жібердім.

– Түүһ, Қуан аға-ай, ол қазыны былқытып, коньякты ашып қойсаңыз ғой, екеуіміздің әңгімеміз жарасар-ақ еді! – деп әзілдедім.

– Әй, «Тахауи», ұмыт оны! – деп қолын сілтей күлді.

– Қап, бекер өйткенсіз, оған бәрібір дауыс бересіз ғой...

– Жоқ, бермеймін! Осы жолдан кейін комиссиядан да шығамын. Бағанағыдай кезбелер алмай қоймайды деп естіген едім, рас болар, кетсін ары!

Қуан аға аты-жөнін атаған, ал мен «Пәленбай» деген жазушы осыдан екі жыл бұрын өмірден озды, аты-жөнін айтпағаным – жамбасын қозғағым келмегені. Ол сол жолы Мемсыйлықты алды. Қуан аға комиссиядан безді...

Ақ пейіл ақын ағамыздың сырқаттанып жүргенін естіген күні көңілін аулап қайтуға бардым. Жексенбі еді. Есікті өзі ашты.

– Әй, Тахауи, хабарласып келмедің бе? Жеңгең үйде жоқта жеткенің! – деп жор-та ежірейіп, құшақтап, арқамнан ақырын ғана қақты. – Балалар үшін анау пәтерді екіге бөлдік емес пе, сен мұнда болмап едің ғой, қалай тауып келдің? – деді.

– Балалардан сұрап біліп алғанмың, өне-міне деп жүріп, бүгін ғана жолым түсті, ренжімегейсіз, – дедім.

– Таяқ ұстағаның не, сән бе, жан ба? – деп қабағын сәл шытты.

– Зейнетке шығып үйде жатқан соң, бірдеңемен шұғылдануым керек қой.

– Тапқанын! Жүр, кабинетіме барайық, – деп жымия жол бастады.

Жұмыс бөлмесіне кірсем – компьютер құрылуы тұр. Экранында – таратулы преферанс картасы!

– Қуан аға-ау, мынауыңыз қызық қой?! – дедім, еріксіз таңданып.

– Үйден шыға алмауға айналған соң, қағаздан шаршағанда осылай дем алатын өнерім бар, – деп әлсіздеу күлді. Көріспегенімізге төрт-бес ай болған еді, ақын ағаны сырқаттың жағалағаны рас екен, жүдеп қалыпты. – Ғаббас-жан, шама шіркінім шектеле бастады, көбінесе жатамын, жазу-оқу дегенің қиын тиеді, – деді. Деміккені аңғарылды. Көп бөгелмедім, оны-мұны сылтау айттым. Ағаны шаршатып алмауды ойладым.

– Тағы келемін, Қуан аға, келіп тұрамын, – дедім.

– Телефон шалып кел, босқа айтшыламай, – деп жымып, оң қолын кеудесіне баса сәл иіліп қоштасты.

Тұрлаусыз тіршілік тұсай бермей ме, Қуан ағаға қайырылып баруды өне-мінелетіп жүріп, кеш қалдым...

Өмірдің біз өкінеміз несіне,

Өтелді ғой бізден барша несие.

Адал еді, ақ еді деп еліне,

Алар, мүмкін, біреу ертең есіне.

Қуандық ШАҢҒЫТБАЕВ.

– Еліңіздің есінен ешқашан шықпайсыз, Қуан аға!..

2002-жыл.



## ТАХАҢ. ҒАФЕКЕҢ

1984-жылдың көктемі. Жазушылардың шығармашылық үйіндемін. Жасымның елуге толуына байғазы етіп “Жазушы” баспасы шығарып бермек жаңа әңгімелер жинағымның қолжазбасын қайта қарап, алып-қосып дегендей, соңғы сұрыптауымнан өткізіп беруге кіріскенмін. Қолжазба баспаның кестесінде тұр, тамыз айына дейін баспаханаға терімге жіберілуі қажет. Сол шаруам үшін шығармашылық үйінен оңаша бөлме алғанмын. Күндіз редакциядамын (“Ара-Шмельде” бас редактор кезім), кештен

келесі таңертеңге дейін мұндамын. Ықшам қолмәшіңкемді ала келгенмін, түннің бір-жеріне дейін соны тықылдатып отырғаным. Таныс, жолдас-жора қаламдастар кеште қыдырысқа немесе бильярд ойнауға шақырады, ал менде уақыт аз.

Дегенмен, бірде кешкісін, мойным босаңқыраған кезде, астыңғы қабатта жазушы ағамыз Тәкен Әлімқұлов екеуміз шахмат ойнап отыр едік, әдетінше ашық-жарқын сөйлей Тахауи Ахтанов ағамыз келе қалды: “Фаббас, сен кезекті маған бере тұр, Тәкеңде әнеугүні есем кетіп еді, бүгін әуселесін көріп алайын!” – деп әзілдеп, бізбен қолдасып сәлемдесті.

– Қыдырып келдің бе, әлде жатуға жеткенің бе? – деді Тәкең.

– Бір аптаға ғана келдім, бір срочный жұмыс боп, – деді Тахаң.

– Ә, онда әлі де талай есең кетеді, асықпа! – деп Тәкең күлді.

– Көрерміз, – деп Тахаң да күлді.

Тәкең екеуміздің ойымыз аяқталып қалған, жылжып орын босаттым да:

– Есе алатын адамға жол ашық, – деп Тахаңа қарадым. Тахаң болса “іх” – деп лекіте күліп алды да:

– Жаңа жылдың қарсаңында осында жатқанымда... – деп бастап, шахмат жайынан бір әңгімені қозғап кетті. Жазушылардың біреуін атап, онымен үш партия ғана ойнауға бәстескенін, тақыр-таза үш жеңілгеннің үш сигаретті қатар тістеп тартуға тиіс болғанын, тең ойын есепке алынбасын дескенін, сөйтіп, әуелгі екі партияды тең түскендерін күлімсірей отырып, баптап айтуға кіріскен кезде Тәкең әдетінше кеңсірігін “тазалай” екі рет “кіңһ” – деп қалып:

– Тоқта, айтпай қоя тұр, Сәуірбек келе жатыр, мұны білмейсің бе, естігенін өзіңкі етіп жаза қоятын пәле емес пе?! – деді. Сыртқы есікке көз тастап едім: Бақбергенов кіріп келеді екен, Тахаң шалқалап қатты күліп жіберді...

Сол күннің ертеңінде кешкі астан кейін сыртқа шығып тұрғанбыз. Үш-төрт жігітпіз. Ортамыздағы Тахаң: “Ана бір жылы Москвада...” – деп әңгіме бастаған. Жарықтық әңгімешіл еді ғой. Сәлден соң орта жас шамасындағы бір бейтаныс шоқша сақал кісі келіп:

– Жігіттер, орта толсын! – деді қолын ұсынып.

– Кемдігі өзіңізбен толсын! – деді Тахаң.

– Маған Әзілхан Нұршайықов керек еді, осында деген соң іздеп келдім, қайдан тапсам екен? – деді бейтаныс.

– Ә, ол кісі бүгін ғана, түстен кейін келген, бірақ кешкі шайға шыққан жоқ, қай бөлмеде екенін білмеймін, – деді жігіттердің бірі.

– Кім ол, Нұршайықов деген? – деп Тахаң кәдімгідей таңқалғаны! Мен не дерімді білмедім. Сірә, ол мінезді басқалар да күтпеген, түсінбеген болар, бәріміз де тым-тырыспыз, 15-20 секунд өткен шығар. Мен Тахаңның таңданысын түсінбей қалдым да, бейтанысқа:

– Жүріңіз, кіріңіз, тауып аламыз ғой, – деп ішке беттедім...

Бөлмеме кіріп, күндегіше жайғасқаныммен іске қолым жүрмеді. Ойым он сан. Тахаңның тосын қылығы ештеңеге қарағысыз күйге ұшыратты. Апырым-ау, онысы несі?.. Мен Әзілхан Нұршайықовтың да шығармаларын ұнатамын, құмартып оқимын. Оның өз тақырыбы, өзіндік әдіс-тақысты сөз қолданысы, ой өрнектеуі бар. Оны жоққа шығаруға болмайды. Қашанда кесек сөйлейтін атақты ағамыз Тахаңның әйгілі Эзекеңді «білмегені» қалай? Мінез көрсеткеннің де жөні, реті, орыны бар емес пе?

Тахаңның «мінез көрсетуі» дегеннен еске оралған бір жәйт мынау: 1981-жылдың күзінде-ау деймін, Жазушылар одағында поэзия хақында жиналыс өтті. Ақындардың біразы жерге түкірген, біразы көкке түкірген көріністер болды. Көкке түкіруді Әбділда Тәжібаев шығарды. Ол мінберде қызына сөйлеп тұрған. Не себептен екенін



аңғармадым, залдан әлдекім: “Оны Мағжан айтпап па еді?” – деп қалып еді, Тәжібаев: “Жоқ! Оны Мағжан айтқан жоқ! Оны мына мен айтып тұрмын!” – деп бастап, сөздің көрігін күрпілдетіп, шоғын шашыратып, дауысы қарлыққанша екілене сөйлеп: “Қазаққа бір жау болса, ол – Мағжан!” – деп таяғымен еденді тесіп жіберердей тебінтіп, сөзді тағы сабалап жөнелді. Алдыңғы қатарда отырған Тахауи Ахтанов дәл сол сәтте ұшып тұрып, шығар есікке беттеді. Бір шаруама баруым керек мен де түрегеліп, Тахаңа ілестім. Сыртқа шыққан соң:

– Таха, үйіңізге апарып салайың, көлігім бар, – дедім.

– Солай ма? Жарайды, – деді ол, көңілсіз кейіпте солғын сөйлеп. Көлігім он кісілік “РАФ” автомашинасы, соған бастап барып, есігін ашып кіргізгенімде Тахаң:

– Ғаббас, мынау машина емес, самолет болып жүрмесін? – деп әзілдей отырды, бұрын ондай мәшинеге мініп көрмегендей бе, ішін жағалай шолып.

– Мүмкін, ол жүргізушіге байланысты, – дедім мен де қалжыңға сүйеп. Тахаң күлді.

– Жаңағы жиналысымызды Абай көріп отырса не дер еді, қайтер еді? – дедім. Неге олай дегенімді әлі күнге өзім де білмеймін. Ол сұрақты Тахаңа қойдым ба, өзіме қойдым ба – оным да беймәлім. Сірә, ұйқы-тұйқы толқыған ой-сезімімнің ұшығы санамның бір тұсын “тесіп”, еркімнен тыс шықса керек.

– Абай мұндай мың құқайды көрді ғой, “бетін басып, қатты сасып, тұра қашуы” да мүмкін, болмаса – Әбділденің таяғын жұлып алып, әуелі соны, содан кейін біразымызды басқа бір-бір салуы да мүмкін. Абай... Жарықтық терең ғой, түпсіз ғой. Өз басым Абайды енді ғана түсіне бастадым, – деп Тахаң ойланып қалды. Абайды пір тұтатынын аңғарсам да, «енді ғана түсіне бастадымына» іштей илана қоймадым.

– Анау ақын ағамыздың Мағжанды мансұқтап жүргені нәліктен? – дедім, тағы тыныш отырмай. Ол сұрақты әдейі қойдым. Көкейімді кесіп, анық-танығына көзім жетпей жүрген жәйттің мәнісін шын білгім келген. Тахаң лекіте күлді де:

– Мағжан ақталса, біразының бұта-бұтаның түбіне тыққан сюжеттері мен идеялары ашылып, ақтарылып қалады, – деді.

Тахаңның үйіне жетіп қалған едік, машинаның есігін ашып, ілесе түстім.

– Үйге кір, жүр, – деді Тахаң.

– Рахмет, Таха, құрылысқа кетіп барамын, сау болыңыз! – дедім.

– Көп жаса, сау бол! – деп қолын ұсынды.

...Өлі Мағжанға кіжінген тірілердің терістіктерінен тіксінген Тахаңның Әзекенді алымсынбағаны мені бейжай қалдырмауға айналған. Ол хал ертеңінде-ақ көрініс берді. Кешкі сағат тоғызда мәшіңкемнен қолымды алып, қағаздарымды жиыстырдым да, дем алуға сыртқа шықтым. Тахауи Ахтанов пен Хайдолла Тілемісов қиыс өтіп барады екен, ілесе қосылдым. Хакең – “Қайнар” баспасының директоры. Ол да менше күндіз кеңсесінде, түнде осында. Тахаң екеуі жазушылардың Мәскеуде өткен соңғы құрылтайына қатысты әңгіме өрбітісіп жүр екен. Тахаң қалмақ ақыны Дәуіт Құғұлтинов туралы, сірә, онымен сол құрылтайда болған пікір алысулары жөнінде болар, күлдіргі жәйтті айтып болды да: “Бұл съезд, жаңа айттым ғой, маған қалайда ұнамады, сөз ұсақтап кетті ме, әйтеуір, айызымды қандырмады” – деді. Хакең: “Рас, меніңше, мәскеулік ағайындардың да арасында жік бар тәрізді. Бондаревтің сөзінің астары қалың жатыр, біраз қаламдастарын атамай-ақ қағытып өтті-ау, ә?” – деп еді, Тахаң: “Қалай дегенмен, сол Бондаревің осал емес, шығармалары психологиялық ширығысқа толы, тартып отырады, ойландырады” – деді. Сол сәтте Хайдолла: “Е, ұмытып барады екенмін, бір жолдаспен хабарласуым керек еді, мен кетейін, кешіріңіздер!” – деді де, жөніне кетті.

– Территорияны бір айналып шығайық та, біз де қайтайық, ә? – деді Тахаң, мені қолтығымнан алып. Жұмсақ үні, үлкен басымен мені қолтығымнан ұстағаны батылдық берді ме, әлде іштейгі шириғысым шегіне жетті ме, ол жағын аңғармадым, қалайда айтсам дегенімді бастап жібердім:

– Таха, егер рұқсат етсеңіз, сізге інілік бір базынам бар сияқты, соны тыңдаңыз, – дедім.

– Иә, – деді ол, “не айтпақ едің, нендей базына?” деген сауал сыңайды емес, “рұқсат” дегендей жылы райды аңғартты.

– Сіздің кеше Әзілхан Нұршайықовты «білмей қалғаныңыз» маған ұнамады. Көзі қарақты қазақ атаулы түгел білетін жақсы журналисті, жақсы жазушыны сіздің білмегеніңізге кешегі бейтаныс адам, әрине, иланған жоқ. Жарайды, оны қайтем, кімнің кімді тануы, танымауы өз еркінде, ал сіздің, Таха... Нұршайықовтың күні кеше жастарды да, жасамыстарды да тебіrentкен, құштарландырған “Махаббат, қызық мол жылдар” романындай, “Ақиқат пен аңыз” – деп аталып, иісі қазақты риза еткен роман-диалогындай шығарманы оның қатар-құрбыларының бәрі бере алды ма? Басқа қыруар дүниесін былай қойып, осы екі туындысын алсақ, қазақ әдебиетінің көнермес қорына мұншама үлес қосу – екінің бірінің қолынан келіп жүр ме? Ол ешқайсыңыздың тақырыбыңызды алып қойған жоқ. Ендеше, оны алымсынбау – үлкен ағаттық. Таха, халқымызда ғажап қарапайым айтылған, бірақ ғажап құдіретті мөнге ие мақал-мәтел көп қой, мысалы, «Өсер елдің баласы...» дей бергенімде Тахаң шынтақ тұсымды қысып-қысып қалып, қатты күліп жіберді де:

– Қайтайық, дем алайық. Айтпақшы, Фаббас, мына территория бұрын ой-шұңқырлы емес пе еді? – деді, бағанадан бері осы жер жайын әңгімелеп жүрген жанша жайбарақат сөйлеп. Тахаңның тақысын тани қойдым да, базынам былайда жауапсыз қалған тәрізденсе де, межесіне жеткеніне, нысанасына тигеніне шүбәланбадым, сұрағына жауап қайтардым:

– Иә, сондай болатын, сіздердің саяжайларыңыздан осылай қарай шығарып тасталған ба, әлде баяғыдан бар ма еді, мынау тұста, анау тұстарда үш түйетас жататын, мен оларды қозғатқан жоқ едім, территория табиғи қалпында ой-шұңқырлы боп жатсын дегенмін, бірақ, Жұбақан көруге құрылысқа бір келгенінде тракторшыға тіке өзі бұйрық беріп, үш тасты да сонау ірге жақтағы шұңқырға көмдіріп, территорияны егін егетіндей тегістеттіріп тастапты, – дедім.

– Жұбан да қызық, оның да кейбір мінезін түсінбей қаласың, – деді Тахаң. «Жұбанды айтам-ау, мен де қызықпын, менің де кейбір мінезім түсініксіз болады», – деп іштей мойындағандай. Жұбан – Жазушылар одағымыздың басшысы Молдағалиев.

Тахаңмен кейін де және бірер мәрте әңгіме-дүкен құрғаным бар. Оралхан Бөкеев, Қадыр Мырзалиев, Мұхтар Шаханов, Сағат Әшімбаев, Ұлықбек Есдәулетов шығармашылықтарына қатысты әдемі пікір айтты. Әсіресе Оралханға орала берді. Талантын тамаша танып, ағалық пәк ниетімен тәнті болғаны шығар...

...Әкініш шіркіннің кезек күтпей келетіні бар. Адамның жүйкесіне нәр беретін ахуал оп-оңай бола қоймайтыны, ал жүйкеңді жұқартатын жәйттің тосыннан, кенеттен оп-оңай бола салатыны нәліктен? Менің жүйкем құдды әділеттіліктің таразысында дұрыс мөлшерленбеген істің бәріне құлыпсыз есіктей ашық. Әсіресе жақын-жақыбайым, тіпті, жүзтаныстарымның бірі болсын қиыншылыққа, қайғыға тап болса, ол маған ауыр әсер етеді. Көлденең көз үшін дағдыланған жасандылығым емес, құдай балшығымды солай илеген жаратылысымнан шығар. Соны түсінгені ме, бірде ақын аға Әбірәш Жәмішев: “Фаббас мырза, сен қандайсың, бір кісі қайтыс болды деп естіген сайын көзің жасаурай қалады, мен байқап жүрем, өйте берсең жүрегіңе обал ғой?” –

деді. Мен: “Әбеке-ау, бір ғұмыр үзілді ғой!” – дедім. “Қолымыздан келсе, алып қалмас па едік, ондайда берік болғайсың!” – деді.

Жүйкеме солайша ауыр салмақ түскен күннің бірі – 1994-жылғы қыркүйектің 22-сі. Ол ахуал “Қазақ әдебиеті” газетінде (24. 09. 1994 ж.) қысқаша былай баяндалып еді (газеттің Бас редакторы Ахат Жақсыбаевқа: «Мына қоштасуымды газеттің ертеңгі нөміріне жібергейсің. Үкіметтің ресми азанамасы шыққанша бір апта өтеді ғой, халық хабарлана берсін» дегенімді Ахат құп көрді):

*“Ақырғы тілдесуіміз болды-ау!*

*Кеше ғана еді ғой?!*

*Қыркүйектің 20-сы. Сағат 12 шамасы. Телефоным шылдыр етті. Тұтқасын көтеріп тыңдадым.*

*– Ғаббас, сенбісің? – деді. Тахаңның тарғылдау дауысы.*

*– Таха, ассалаумағалейкүм!*

*– Мен ғой. Тахауи. Уағалейкүмассалам!*

*– Таха, танып отырмын, хал-ахуалыңыз қалай?*

*– Хал мәз емес. Ауруханадан телефон соғып отырмын.*

*– Естіген жоқ едік...*

*– Оқасы жоқ, айналайын, қысылма. Әбіштің көмегімен мынау “правительственный” дейтін люкс-палатада жатырмын, телефоны, анау-мынауы – бәрі бар.*

*– “Текущий ремонт” дейік, Таха, тезірек жазылып шығыңыз! – дедім.*

*– Жүрек бар болғыр әурелей беретін еді ғой, бұл жолы “жүрегіңіз дұрысталайыңқырады” дегенді айтады, тек мынау құрғыр аяқ ауырлап, тіпті болмай барады. “Жас алаш” газетінен бір ғажап емші жігіт туралы мақала оқып, редакциямен хабарласып едім, олар «ол жігітті осы бір-екі күнде алып барамыз десті. Кім білсін...*

*– Сәті болады, Таха, емі қонып, сауығып шығасыз!*

*– Айтқаның келсін, айналайын. Бірақ... қазір өлімнен қорықпайтын болдым, құдай жолына түскеннен бері өлімнен қорықпаймын.*

*– Таха, ол пәлені ауызға алмаңыз, қайтесіз оны қыжыңдатып? – дедім. Ағамыздың демі ауырлау екен, көңілін аулағым келді. Тахаң күлгендей болды да:*

*– Жасым жетпістен асты. Еңбегіме қарай сый-құрмет көрдім, ризамын, арманым жоқ. Елуге жетпей Оралхан да кетті ғой! – деді, бір күрсініп.*

*– Жазмыш қой, Таха!*

*– Ғаббас, мен шынымды айтып отырмын. Менде арман жоқ. Баламды шақыртып алып, әлгі... завещание дейді ғой, соны жазып қойып едім, соны балама бердім, завещаниемді.*

*– Таха-ау!..*

*– Кім біледі, өлі ертерек шығар, иә, бірақ ажал шіркін... Оралханды елуге де жеткізбей алды, мен жетпістен астым, арманым жоқ.*

*– Таха, ертең-ақ сексеніңізді де бірге тойлаймыз! – дедім.*

*– Ә, оны көрерміз. Ал, қалқам, Ғаббас, саған бір өтінішім бар.*

*– Тыңдап отырмын, Таха, айтыңыз, – дедім, қызмет етуге даярмынды аңғартуға асығып. Тахаңның сөзі ажалдың ауылынан қарасын үзсе екен, аға көңілі жеңіл-десе екен деп ойладым.*

*Жазушылар одағының шақыруымен АҚШ-тан екі жазушы, екі баспагер келгелі екі күн болған. Соны естіген Тахаң баспагерлермен кездескісі келетінін айтты. Мен олармен кешке сөйлесіп, ертең таңертең хабарласуға Тахаға уәде бердім. Уәдемді орындадым. Таңертең телефон шалып, хал-жағдайын сұрап:*

– Таха, американдар бізше пәлен жыл бұрын жоспарлау, шарт жасасу дегенді білмейді екен, дайын қолжазба керек екен оларға. Құдай қаласа, романыңызды ағылшын тіліне аудартып, сонсоң салып жіберерміз, маған әдрістерін қалдырады, – дедім.

– Солай ма? Рахмет, айналайын, рахмет, сау бол! – деді Тахаң жылы үнмен, ақырын ғана.

– Таха, аман болыңыз, аман болыңыз! – дедім, ардақты ағаға адал пейілімнен есендік тілеп.

Әйгілі майдангер жазушы, драматург Тахаңның, ақ көңіл, адал пейіл, аңғал Адам Тахаңның тарғылдау дауысын ақырғы рет естігенімді қайдан білейін?! “Айналайын” дейтін ағаларымның және біреуінен айырылдым-ау!.. Иманыңыз жолдас болсын, аяулы Таха!

*Інііз – Фаббас Қабышұлы”.*

Тахаң өкімет құзырындағы ауруханада жатқан-ды. “Ертең таңертең хабарласамын” – дегенімде үнінен селқостық нышаны аңғарыла сөйлеп: “Әдрісімді жазып ал: үшінші терапия, төртінші палата, телефон нөмірі 62-16-58” – деген. Ертеңінде суық хабарды естіген сәтте сол үні құлағымға келе қалып: үйреншікті ауруханадағы “әдрісінің” ақырғы боларын сезіп жатты-ау есіл азамат! – деп налыдым.

Газетке ұсынған мына жоқтау сөзім – азалы сезімімнің түйіні ғана. Түйін әрқашанғысынша қысқа. Ал біздің сұхбат ұзақтау болған. Мен оның ұзын-ырғасын “Ойпырым-ай!..” деген әңгімеде өзгешелеп, жеңілдетіп, көріпкел кемпірді сипаттауымда пайдаландым (“Жазушы” баспасынан 1997 жылы шыққан “Жетім жиналыс” жинағымда). Әлбетте, әңгімеде Тахаң – Дархан болды, өзім Барбол атандым. Орталық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, одан соң Сыртқы істер министрі, жоғары дәрежелі дипломат болған Михаил Иванович Есенәлиевті, өзім құрметпен аға тұтатын Мәкенді “құрылыстың бір құлағын ұстап отырған Михаил Ивановичке” (әңгімедегі Дахаңның айтқаны) айналдырдым. Енді ол әңгіме оқиғасын естелігімнің ақиқат тіліне көшіріп ұсынсам, шындық жәйттің шырайы кіре түсер деп білдім. Сонымен, “Таха, ертең-ақ сексенге келгеніңізді де бірге тойлаймыз, – дедімнен” кейінгі сөз жүйесі былайша болған-ды:

– Фаббас, айналайын, құдай жазса тойлармыз, жазбаса қайдан білейін, менің жағдайым қиын... кешеден бері екі аяқ жансыз қалды... ісік кеудеме де ілінді...

Мен шошып кеттім. Әкем марқұм да бұ дүниеден сондай халде көшкен. Тахаңа: “уайымдамаңыз, аға, ештеңе етпейді, қазір медицинамыз күшті ғой, ертең-ақ сауығып шығасыз, аға”, дегендей жұбатуларымды шұбырта жөнелдім, тағы не дегенім есімде жоқ, әйтеуір, Тахаңнан аямас жылы сөздерім тәмамдалған соң болар, енді өзімнің үндемей отырғанымды аңғардым. Сол әредікте Тахаң:

– Айналайын, інілік көңіліңнің таза, тілеуіңнің түзу екенін білуші едім, рахмет, көп жаса! – деді. Дауысынан шаршағаны, демігуінің үдеңкірегені байқалды. Екеуміз жарты минөт мөлшері үнсіз қалдық. Телефон тұтқасын құлағымға жапсыра түстім. Тахаңның тыныс алуы ауырлай бастады ма, қалай... Дауысы... шөмеле шөп сүйретілгендей сыр-сырр... сыр-сырр... Шынымен... – Фаббас, тыңдап отырсың ба? – деді Тахаң, екеумізге де ұнамсыз үнсіздіктің ауыр пердесін ысырып.

– Тыңдап отырмың, аға, тыңдап отырмын!

– Онда сөзімді бөлме, саған бір ғана өтінішім бар.

– Айтыңыз, аға, айтыңыз, – дедім, “сөзімді бөлмені” әдейі елемей, қызметіне өзирлігімді аңғартуға асығып, көңіліндегі уайым жүгі жеңілдесе екен деп те ойлап.

– Радиодан естідім. Америкадан баспагерлер келіпті, сен оларды Жамбылдың ауылына апарып келіпсің, солармен кездесем деймін.. Менің “Шырағың сөнбесін” романимды оқыған шығарсың, соны... ағылшын тіліне аудартам... егер кездестіру өзіңе қиын болса... заң-законның, құрып қалғыр, неше түрлі бұлталағы бар... онда Михаил Ивановичпен сөйлессең... Есенәлиевті білесің ғой? – деп кідірді Тахаң. Мен Мәкеңмен де, американдармен де сөйлесіп, ертең хабарласуға уәде бердім.

– Михаил Иванович адам ғой, азамат қой... Мен біраз жылымды әскерге... соғысқа бердім, біраз жылымды жеңісіміздің буына бердім... сонда да әжептәуір іс тындырғандаймың, әдебиетімізде үлесім, қолтаңбам болар... тек бір өкініш іште кетіп барады... Данышпан Абай айтты емес пе, “Пайда, мақтан бәрі – тұл. Доссыз ауыз тұщымас” – деп. Абайдай ақын қайда?! Мен – “ауыз тұщымағанның” бірімін. Дос таптым деп, жүріп... “сен – мықтысың, батырсың!” дегенге семіріппін, жоқ жерден “жау” тапқыштардың жалаңтөсі болыппың, қайтейін, тым кеш ұқтым... айтармың, естірсің, уһ!.. – Тахаң қатты демігіп бөгелді. Шаршап қалғаны анық.

– Таха, аға, дем алыңыз, мен ертең барамын. Мәкеңмен сөйлесемін, ақылдасамыз, сіз дем алыңыз, алаңдамаңыз, бәрі дұрысталады, өзіңізбен келісіп отырып реттейміз аударма жайың, сіз шаршамаңыз, жарай ма? – деп әдейі шұбалаңқы сөйледім. Тахаңды енді сөйлетпеді, дем алуын ойлады. Ойындағысын ақтарумен қалжырап-ақ қалғанына қабырғам қайысқан. Тахаң және бір рет “уһ!” – деп алды да:

– Жарайды, құдай қосса... аман бол, айналайын... – деді мүлде пәс үнмен.

– Аман болыңыз, аға, аман жүріңіз! – дедім. Кеудеме әлде жалын, әлде ызғар кеулей кіріп кеткендей бір қиналысқа тап болдым. Телефон тұтқасынан: “есінді жи, жи, жи!” деген әмір келіп тұрғандай екен, «пип-пип» – деп тықақтаған тұтқаны тастай салдым. Бетпақдалада бетпақ тағдырмен бетпе-бет жалғыз қалғандай күй кешіп отырдым. Тахаң... Алып денелі, алып жүректі адам шынымен.. Бұдан бес жыл бұрын жүрек шіркіні ауруханаға алғаш алып барып төсек тарттырған. “Қапияда қатты тиісті, бірақ инсульт-минсультке бой бермедім!” – деп қалжыңдаған еді қайсар аға... Соңғы жылдары аяғынан бейнет тартқан. Әуелі алшаң басуынан қалып, кібіртік аяңға түскен, содан кейін қолтаяққа сүйенген.

Осыдан жарты айдай бұрын, маусымның 28-і күні кеште жиырма шақтымыз Тахаңның тамаша жолдасы Зия Сәмеди ақсақалдың үйінде болғанбыз. Ұйғырдың атақты жазушысы сексен жасқа толғаның, қашанғы қарапайымдылығынан танбай, шағын ғана той етіп үйінде өткізген. Мен есігі алдына жете бергенімде көкшіл “Жигули” де келе қалып тоқтады да, артқы есігі ашылып, екі жігіт тез шығып, алдыңғы есікті ашып, бір кісіні қолдаса ақырын көтеріп алып, подъезге беттеді. Жүрегім шаншып кетті – көтеріп алғандары Тахаң екен!.. Мен ілесе жөнелдім, қажет бола қалса жәрдем бермекті ойладым. Екі жігіт – Зия ағайдың балалары екен, төртінші қабатқа демде алып шықты. Тегі балконынан қарап, көріп тұрған болар, үйдің есігін Зия-екең өзі ашып:

– Е, Таха, осылай да еркелейсің, ә? – деп әзілдей қарсы алды. Тахаң күлді. Дәліз-де басқа бір жігіт екеуміз Тахаңды қолтығынан сүйеп, төрдегі орындыққа апарып отырғыздық. Тахаң көзіне түскен қалың бұйрасын шашын қосқолдап артқа қайырып, өзімен еңкейе құшақтасып амандасқан Зия-екең:

– Екі аяқ екі жаққа тартып, маған бағынудан кетті емес пе?! – деді.

– Ой, тәйір-ай, сен, Таха, қызықсың, басына алмасқа басындырып қойып жүретін бала мінезің бар енді! – деп Зия аға қалжыңдағанда:

– Өйтпесе, Тахауи бола ма? – деп Қуан аға – ақын Қуандық Шаңғытбаев іліп түсті. Жұрт ду күлді. Қуан аға – Тахаңның досы, құрдасы. Бір қызығы – ол кісінің “Әй,

Тахауи” дейтін, бөрімізге мәлім сөз сыралғысы бар, реті келген жерде, онда Тахаң болсын-болмасын, құрбыларына да, інілеріне де қалжың айтарда: “Әй, Тахауи, сен өзі...” – деп бастайды, яғни сөзінің бісмілдесі – “Тахауи”.

Сол жолы Тахаңның: “Екі аяқ екі жаққа тартып, маған бағынудан кетті емес пе?!” деген қалжыңынан шарасыздықпен шыланған қалың қыжылдың қарасын байқаған едім. Шықшыттылау дөңгелек жүзді, бүркіт тұмсықты, балқанақтай Тахаңның бір кездегі қалың қара бұйрасын шашы да, бертінде қойған сақал-мұрты да аппақ болып, аққұба өңі көнелілеу тартып, тағдырынан енді татулық тілеген көнбіс пенде кейпін қабылдаған сыңайын аңғарғанмын. Содан кейінгі хал-ахуалы, міне...

Телефонмен дереу Мәкенді – Михаил Иванович Есенәлиевті тауып алып, Тахаңның романын аударту, Америка баспагерлерімен кездесу жөніндегі тілегін, ағаның денсаулық күйінен күдік алғанымды айттым. Әрқашан байыпты Мәкең сәл үнсіз отырды да, ақырын ғана күрсініп:

– Шал шаршап қалған екен-ау, а? Ертең, иә, барып шығалықшы! – деді.

Одан соң, кешкісін, мейманханадағы қонақтарымызға – Америка жазушылары мен баспагерлеріне барып, күндегіше әңгімелесе отырып, Тахаң туралы айттым. Ол кісінің майдангер жазушы, қазақ прозасы мен драматургиясындағы еңбектері кесек, аса елеулі екенін, атақтары мен сыйлықтарын атап, шығармаларының мән-мазмұндарын қысқаша баяндай әңгімеледім. Ағылшын тіліне аудартқысы келген «Шырағың сөнбесін» романының қазақша нұсқасын тарту еткеніме меймандар риза болысты. «Авторға сәлем айтыңыз. Романдарын шығарамыз!» десті. Олардың бізге келген мақсаттарының өзі әдеби байланыс орнату, аударма арқылы қарым-қатынас жасап тұру болатын...

Ертеңінде Тахаңнан көз жазып қалдық...

Тахаңмен 1994-жылдың наурыз меркесінде кездесіп, суретке түсірген едім. Қазақы шапаң, бөрік киіп келген. Қолында – сәнтаяқ. Қоңыр шынылы көзәйнек таққан. Сақал-шашы аппақ. Жалғыз жүр. Сәлем бердім де:

– Жазушылар одағымыздың киіз үйіне барып отырмаймыз ба, жүріңіз?! – дедім.

– Кіріп шықтым, кілең бала-шаға отыр. Бастықтар бастықтарды жағалап кеткен шығар, – деді. Содан соң әлдебір ұмытқан жәйті есіне түсе қалғандай елең етіп, киіз үй жаққа қарап: – Айтпақшы, жаңа Ғафу келген, көрдің бе?.. Мен саған бір нәрсе айтайын. Сен Алтайдың перзентісің ғой, ал Алтай туралы роман да, поэма да жазылды, арналған өлең дегенің өз алдына, бірақ солардың біразы Ғафудың бір шумағына астар да бола алмайды, ол қай шумағы екенін білесің бе? – деді.

– Таха-ау, Алтайда туып-өскенім рас болса, оны білмеуім қалай? Айт десеңіз, айтып та берейін. Ғафекеңнің ол өлеңінде әдемі шумақ аз емес, ал сіздің еске түсіріп тұрғаныңыз, құдай біледі, мына шумақ:

«Ардағым Алтай – даламның асқақ төрі екен,  
Таудың да тарлан таланттысы екен, сері екен.  
Тау емес мынау – кілең бір алтын баспалдақ,  
Алланың өзі аспаннан түсер жер екен!»

– Тура таптың. Жан бітіріп жіберген сұмдық сұлу сурет емес пе?! Шынында, өзіміз көрмесек, каким-то образом Алла тағала бір керемет келісті аппақ бейне боп, сонау көктен жайланып, алтын баспалдақтарды асықпай баса түсіп келе жатқандай елестейді маған. Ғафудың бесподобно төгіп-төгіп жіберетіні бар! – деп Тахаң шын сүйінді.

...Ғафекең ауызша да, жазбаша да төкпе ақын еді-ау! Сөз кестесі, өлең өрнегі көркем-ақ болатын. Аңқылдақ мінезді, үлкенге де, кішіге де қамқор, жанпоз адам-ды. Арамыздан ертерек әкетілген ол ағамыздың бір кесек мінезі есімнен кетпес. Соны баяндап берейін.

Мен Алматының түкпірлерін бір жылдай, Әди Шәріпов пен Нығмет Ғабдуллин ағаларымыздың арқасында үш бөлмелі пәтер алып алған соң арқа-басым кеңіп, басқалар үшін де пәтер мәселесін оңайсынып, бір күні Өскемендегі ақын ініміз Тоқтарбек Қызықбаевты астанаға шақырдым. “Көшіп кел. Әдеби орта жақсы екен. Кел, қорғанба. Қызмет табылады. Пәтер де бола жатар” – дедім. Облыстық “Коммунизм туы” газетінде редактордың орынбасары болып жүрген Тоқтарбек бірер күн ойланып, қабырғасымен кеңесіп дегендей, ақырында ұсынысымды ұнатты. Ондағы үш бөлмелі пәтерін Алматыдағы пәтердің екі бөлмесіне айырбастауға әзір екенін айтып, екі жақ хабарландыруды көп-көп жазып, іліп-іліп тастадық, бірақ астанадан олай қарай көшер пенде табылар емес. Енді не істеу керек? Облыстық газетте біраз жыл қызметтес болған, енді “Социалистік Қазақстан” газетінің редакциясында ауыл шаруашылығы бөлімін меңгеріп отырған сыралғы жолдасым Уаһап Қыдырхановқа телефон шалып: “Оу, соғым бөлімінің бастығы! Тоқтарбек інің көшіп келсем дейді, қызмет пен пәтер тауып берелік!” – деп едім. Уаһап: “Пәтерді білмеймін, ал қызмет табылады, бізден де болып қалуы мүмкін, егер бізден табылса, онда пәтер мәселесі де көп қинамас еді” – деп, Тоқтарбектің келуін қуана құптайтынын аңғартты. Сәтін салғанда, көп ұзамай, “СҚ” редакциясынан орын табыла қалды. “Уа, Тоқа бала, қызмет таптық, енді көшіп кел. Айырбасқа пәтер шықпаса, әуре боп қайтесің? Уаһаптағы орыннан құр қалуға болмайды, олар ары кетсе бір жылда пәтер де береді. ЦК-ның органы емес пе?!” – деп дабыл қағайын баяғы. Тоқтарбек көнді. Әуелі өзі келіп, біраздан соң келіншегі Роза мен үш баласын алдырып, біздің үш бөлмелі пәтерде тұрып жаттық (Тоқтарбектің әкесі – Әбдірахман Ұлы Отан соғысында шәһид болған. Шешесі қолында еді, ол кісіні Өскемендегі бауыры журналшы Қасымхан Малаевтың үйіне уақытша қалдыра тұрды). Біз жетеуіміз, олар бесеу. Алды бірінші кластағы, соңы балбақшадағы алты балақай бас қосқан үй көңілсіз болсын ба?! Рахат!..

Алайда Тоқтарбек пен Роза ыңғайсызданбас кезде ыңғайсызданып, екі айдан соң, 1975-жылдың қоңыр күзі туа бір жолдастарының дачасына көшті. Көңілдері көктем. Араласып-құраласып, бәріміз мәре-сәреміз. Коммунизмге қол іліктіргендейміз, аяқ басқандаймыз...

Бір күні маған, кеңсеге Тоқтарбек келді. Алақандай көзінде әлдеқандай беймазалықтың көлеңкесі бардай.

– Е, Тоқа бала, жайшылық па? – деймін.

– Ойбай, Ғаба, бір қызық болып жатыр!

– Иә?

– Редакторымыз жаңа пәтерге көшпекші, оның пәтері кімге қалары белгісіз, “мен алам!” деушілер аз емес.

– Сонда, қалай, “СҚ” – да пәтерсіз жүргендер көп болғаны ма?

– Жо-ға...

– Енді не?

– Сапекеңнің пәтері орталықта ғой, шеткеріде тұратындар жақындасақ дейді, сонсоң Сапекеңнің пәтері төрт бөлмелі, енді оған үш бөлмеліде тұрғандар кірсек дейді.

– Әлгі “кедей – байға, бай – құдайға жетсем” деген. Ал енді қайтуіміз керек? Сапекең не дейді, өзімен сөйлестің бе?

– Сөйлестім. Біледі. Ол кісі кәсіподақтың шешіміне беріп отыр, тура жүретін адам ғой, – дейді Тоқтарбек, редакторының тура жүретініне риза болғанмен, өзіне тіке көмектеспегеніне іштей қынжылысы үнінен сезіліп.

– Онда бүгін-ертең “бұрыстау” жүргізе тұратын біреуді табуымыз керек шығар?

Тоқтарбек желкесін қаси жымыды да:

– Сапекеңнің сыйлас дос-жолдастары көп көрінеді. Ғафаңмен – Ғафу Қайырбековпен бірге оқыған ба, сондай бір жақындастықтары бар деседі.

– Әй, онда әңгіме оңай. Мен Ғафекеңмен қазір сөйлесейін, аңқылдап түсіп кетсін.

– Ұят болып жүрмей ме?

– Пәтер үшін жанпида, бауырым, тоқтай қал! – дедім де, Жазушылар одағының поэзия секциясын басқаратын Ғафекеңе телефон соқтым. Орнында екен. Мән-жайды айтып едім:

– Сенде “вертушка” бар ма? – деді.

– Бар.

– Ендеше, мен қазір барамын, Сапардың “вертушкасының” нөмірін тауып қойғың, – деді. Айтқаныңдай, тез келе қалды. Тоқтарбекті көріп:

– Ей, бадырақ бауырым, амансың ба? – деп күлді.

– Ассалаумағалейкүм! – деді Тоқтарбек қызарақтап.

– Уағалейкүмәссалам! Сен қысылма, жолдас, Сапармен қазір сөйлесеміз, ол жақсы жігіт қой. Так, Ғаббас-жан, нөмірін таптың ба? – деді маған иек қағып. Мен орнымды ұсынып, Сапардың телефонын жазып бердім. Ғафекең: – Үлкен болсын, кіші болсын, бастықтың аты – бастық, міне, көрдің бе, креслосы қандай жайлы, “вертушкасы” қандай әдемі! – деп Тоқтарбекке көз қысып қойды да, Сапар Байжановпен жалғасты: – Ау, Сапар-жан, хал-ахуал жақсы ма, мал-жан аман ба, көңіл күйің көтеріңкі ме?.. А?.. Иә, мен ғой... Құдайға шүкір, лаулатып жүрген ғой... А?.. “Мәжіліс” дейсің бе? Онда тіпті жақсы, андағы жолдастарың да естісін, әсіресе, Балғабек естісін. Осы күнде біз де мәжілістен көз аша алмаймыз, сәл сабыр ет, мәжіліс үстінде де бір сөйлесіп көрейікші!.. А?.. Жақсы, рахмет! Мәселе дегеніміз, Сапар-жан, мынадай: алғалы жатқан жаңа пәтерің құтты болсын, басқасын новосельеңде айтармын, ал анау босатқан пәтеріңді даукестердің додасына салмай, қоластыңдағы Қызықбаев Тоқтарбек деген інімізге бергейсің. Тоқтарбек – талантты жас ақындарымыздың бірі, маңдайалдысы, ертең-ақ жарқырап шыға келгенде менен бұрын, бізден бұрын сен қуанатын боласың, сенің кадрың, сенің тәрбиендегі жас талап және өзің бас боп отырған қарашаңырақтың қамқорлығын еселеп ақтайтын сенімді жігіт. Өзіңнен босаған пәтерді, Сапар-жан, ақынға бермегенде кімге бересің? Тоқтарбектен артық ақынды іздеп қайтесің? Сөйткейсің, ақынды қуантқаның – екінші бір қасиетті шаңырағымыз Жазушылар одағын қуантқаның! Өзіңе зәуде бір игі тілек айтып отыр екенмін, әрине, ақ тілегіміз баяғыда-ақ табысқан жандармыз ғой, иә, енді бұл тілегім қабыл болар, солай ма? – деп бір-ақ кідірді. Сонсоң: – А?.. Әлбетте!.. Иә, иә... Сөз жоқ қой!.. Дұрыс! О, айналайың, көп жаса! Дәрежең өсе берсін! Творчествоң гүлдене берсін! Ал енді новосельеңе баруға баптана бастаймын!.. А?.. Бәсе!.. Ал аман бол! – деп трубканы қоя салды да, шілденің аптабында тұрғандай шекесі тершіген Тоқтарбекке қолын ұсынып: – Болды, бадырақ бауырым! Төрт бөлмені балаға да, өлең-жырға да толтыр! Әрбір тойыңда сенің төріңде мына Ғаббас-жан бар бәріміз шұрқырасып кездесіп жүрейік! – деді. “Рахмет, аға, рахмет! Айтқаныңыз болады, болады!” дей берген Тоқтарбектің қандай ғажап күйде болғанын өзі біледі, мен кабинетіме әрең сыйып тұрдым.



– Ғафеке, “ағасы бардың жағасы бар” деген осы екен ғой! Бала-шағаңыздың қызығын көріп, сау-сәлемет жүз жасаңыз! Лениндік сыйлықтың лауреаты болыңыз! – деп, кішілік әдептен аттап, қолын бассалып қыстым.

– Сен де айттың-ақ! Рахмет, рахмет! Ал сау болыңдар! – деп, біздің көз алдымызда өз беделінің биіктей түскеніне, тілегінің қабыл болғанына, өзіне сенген біздің үмітімізді ақтағанына шын масайрап бара жатты Ғафекең. Жаманшылығы жоқ, жақсылығы көп Аға еді-ау!..

2010-жыл



## БЕЙСЕКЕҢ

Есігіміздің қоңырауы есі шыға шар-шұр ете қалды. Үйді көшіріп әкелердей екпіндеп барады. Жылы төсегімнен жылжып түспесіме қоймады. Ұшып тұра жүгірердей шама менде жоқ. Көзім ілінгелі оншама көп болмаған. «Түн ортасында шақырған ол қай тауық?!» – деп әкем гүр етті. «Байқа, мас біреу болып жүрмесін», деп – шешем күңк етті. Екеуі де еріксіз оянып, елегізіп жатыр. «Бұлар қайтер екен?» дегендей бір сәт «ішін тарта» қалған қоңырау қайтадан қиқулады. Үстел шамымды жағып, аяғыма шәркейімді іліп алып «жолға шықтым». Есікке жетіп: «Бұл кім?!» – дедім, дауысымды қоңыраудан асырып. «Ғаббас, бұл мен ғой, жүр, редактор күтіп отыр», – дейді қоңыраушым. Редакцияның шофері Насыр. Сағат таңғы төрт! Түсіндім...

Баспахана ғимаратының корректорлар бөлмесіне кіріп барсам, үстел басында тонға оранған Бейсекең отыр, малақайын баса киіп. Редакторымыз Бейсенғали Тәйкіманов.

– Мынауың тағы не пәлең?! – деді, көзәйнегінің үстінен қарап. Алдында жатқан газетті маған қарай ысыра салды. Атақты шопанның (аты-жөні есімде қалмапты) кеуде суретінің астыңғы жағында «Шартараптан» тұр, шақырайып. Шетелдік хабарлар топтамамыздың шекесіне қойылатын тұрақты клишеміз (темірден жасалған айдар). О, сұм-ай!

– Мен басуға рұхсат деп қол қойғанда бұл жоқ болатын, – дедім.

– Енді қайдан пайда болды?!

– Цехтағы мастерлер шығар...

– «Шығар»! Бар, ендеше, достарыңа барып кел!

– Сіз қол қойған бет пе? Мен алып келейін, – деді, шетірек отырған курьер кемпір.

– Өзім барамын, – деп жөнеле бердім.

– Өзі барсың, – деді редактор, өкпелеген кісіше күңк етіп.

(1961-жыл. Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газеті редакциясында жауапты хатшының орынбасары едім. Жаңа жылға арнап шығарылатын газетке сол күні кезекші редактор болғанмын. Газеттің «сигнальный» – деп аталатын әуелгі екі данасын кезекші редактор мұқият тексеріп шығып, ешқандай қате болмаса, газет тиражын басатын ротация цехының шеберлеріне бояу сапасына, т. б. ұсақ-түйекке қатысты ескертуін айтып, «В печать» – деп қол қояды да, үйіне кете береді. Оның ескертулерін оңдаған соң, шеберлер газет санын екі дана етіп басып, редакторға жібереді. Редактор оқығысы келген материалды оқиды, немесе әрбір беттің техникалық түр-түсінің сапасын қарап, бәрі дұрыс болса «В свет» – деп қол қояды да, газет таралымы басылады. Сол күні көке мылжың Н. Хрущевтің бір мәжілісте сөйлеген сөзінің мазмұндамасы газеттің екі бетіне әрең сиып, жаңажылдық

санымызға қосымша (вкладыш) салып, түнгі сағат үште ғана «уһ» дегенбіз. «Уһтің» ақыры енді бақырысқа айналмақ.)

Цехқа барсам, кезекші екі шебер – Федя мен Рақым көкала түтіннің арасында карта соғып отыр.

– Мынау немене? Қайсыңның «өнерің»? – дедім, газетті алдарына тастай салып.

– Что, пожар? – деді Федя. Тілі күрмеліңкі.

– Да, пожар! Иди, потуши!

– Не боп қалыпты? – деді Рақым. Оның тілі де «түзу емес».

– Новый год же, – деп Федя түрегелді.

– Поздравляю! Пошли! Жүр! – дедім. Бет құймалары бар айналмалы станокқа бардық. Атақты шопанның суреті тұрған тұсқа үңілсем, «Шар-тараптан» жапсырылулы!

– Федя, это твой новогодний подарок читателям? – дедім. Ол клишені сыпырып алды:

– Вот бя... – «ашуының аяғын» жұтып қойды.

– Эй, Рақым! Редактор корректорлардың бөлмесінде тосып отыр, қол қоюына дереу алып кел! – деп шығып кеттім.

– Иә, не пәле екен? – деді Бейсекең мырс етіп.

– Клише деген пәле жапсырылып қалыпты.

– Шопанның шекесіне жапсырылмай... де Голльдің клишесінен гөрі ақылды екен, ә? – деп кеңк-кеңк күлді.

Бейсекеңнің «де Голльдің клишесі» дегені пәленің көкесі болған. Мынадан үш ай шамасы бұрын Франция Президентінің Совет Одағына келу құрметіне берілген өмірбаяны мен суреті газеттің бірінші бетіне жарияланғанда генералдың кеудесіне «Плакат-бет» деген клишеміз қиғаш жабысқан күйі шығып кетіп, он төрт мың оқырманның алдында масқара болғанбыз. Облыстық партия комитетіндегі у-шудың ақыры баспахана директорына қатаң сөгіс берумен, цехтың екі шеберін жұмыстан қуып тастаумен тынған. Ол екеуінің тілдері сол күні де «түзу» болмапты. Зейнет жасы жақындап қалған Бейсекеңе «байқамай қалғаны үшін» қатаң ескерту ғана жасалған.

– «Де Голльдің клишесін» ақымақ еткен өзіңіз ғой, – деп іліп қалдым. Бейсекең маған бағжия бір қарап, қарқылдап күліп жіберді.

Қай ұжымның да жұмысының берекелі, не берекесіз болуы бірінші басшысының «бас терісі» қалай екеніне қарай десем, тым қателесе қоймаспын. Мына Бейсекеңіміз бен бұрынғы Дейсекеңімізді «бас терісін» салыстыруым да осындай ой түйгізді. Бұрынғы Дейсекеңіміз (марқұмның аты-жөнін бедірейтпей-ақ қояйын) редакцияны 15 жыл басқарыпты. Сол мерзімде қол астындағы қызметкерлерінің есінде қаларлық жақсылық жасай алмапты. Өзінің айтқанына көнбегенді «бұ пәледе нем бар едіге» ұшыратқан. Сөзімен, ісімен ұнамай қалған екі кісіні (екеуі де – бөлім меңгерушісі) кекеп-шалып, «жерден алып, жерге салып» жүргеніне куәмін. «Жазықты» болып қалғандар журналшы білімі жоқ, редакцияда кадр жетіспеген соң облыстық партия комитетінің таңдауымен мұғалімдіктен алып келінгендер еді, ал енді жұмыстан шықса, «барар жер, басар тау» қайда, – сондықтан Дейсекеңнің тепкісіне шыдауға екеуі де мәжбүр.

Бейсекең редактор болып келгеніне бір апта өте бере ұжымды түгел жиып:

– Үлкен-кіші жолдастар, бұнымыз өзара ашық бейресми әңгіме болсын, тұрмыстарыңыз, жұмыстарыңыз жайында не айтқыларыңыз келсе, соны қорғанбай, бірақ тоқ етерін айтыңыздар. Мұқан, сен айтылғанның бәрін бірер сөйлем ғана етіп қағазға түсіріп отыр да, соңында маған бер, – деді. Мұқан редакцияның жауапты хатшысы еді. Ол Бейсекеңнің қосымша үстелі басына отырды да, қағаз-қаламын

сайлады. Әңгіме басталды. Сол сағатта естігендерім есіме түссе, бүгін де бетім дуылдап, құлағым шыңылдап кетеді. Ұжымдағы отыз шақты адамның қызметке келгенінің алдына жиырма жыл, соңына – мен сияқты жастарға бес жыл болған екен. Балалы-шағалы он екі адам үйсіз-күйсіз жүр! Балаларын бақшаға орналастырудан үміт үзгендер қаншама?! Ал облпартком, облатком, қалалық партком мен атком Дейсекеңнің өзінен бастап журналшы атаулыны атқосшыға айналдырып жіберген-ді. Мына аталған ұйымдардың кезкелгені бізді ойларына келген жаққа жұмсай береді. Лездеме (летучка) жүргізіп отырған редакторымыз Дейсекеңнің жоғарыдан телефон соғылған сәтте, бөлім меңгерушісі немесе нұсқаушы соқса да: «Хорошо, хорошо, сейчас, сейчас!» – деп тұра жөнелгенін талай көрдім.

Әрқайсысымыз хал-ахуалымызды қысқаша айтып бердік. Бейсекең ұмсына отырып мұқият тыңдады. Кейде көзәйнегін қозғап қояды, кейде басын ақырын шайқайды. Сақал-мұрты жоқ болса да, анда-санда сақалын сауғандай ишара жасайды. Сондай әдеті барын кейін білдік. Ешкімнің сөзін бөлген жоқ. Әңгіме аяқталған соң еңсесін тез көтеріп, көзәйнегін үстелге тастай салып, «Қазбек» папиросын тез тұтатты да, екі-үш рет қатты сорып-сорып, күлсалғышына тастай салды. Қараторы еңі қошқыл тартқан. Содан кейін бізге жағалата қарап алып:

– Орыстың «шарашкина контора» дейтіні бар, айналайындар-ау, сендер сондай бірдеңе болып кетіпсіңдер ғой?! Сырттарыңнан қарағанда, «сен тұр, мен атайын!» дейтін жігіттеріңдер, не қарап жүрдіңдер? Партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарың бар, сонда бірде-бірің бәсекеңдеріңнің бетіне тура қарай алмағандарың қалай? Ауылдың: «құдайдың көзі түзу болсын» дейтін қауқарсыз кемпір-шалдарынша мүлгіп, мылқиып отыра бергенсіңдер ме? Горкомға, обкомға барып, тым болмаса, пәтер сұрамағандарың ба? – деді, «сақалын сауып».

– Рая ғана барды, – деп қалды, Еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісі Хадас Наханов.

– Рая кім, қайсысың? – деді Бейсекең.

– Мұқанның келіншегі, машинистка, өне отыр. Обкомның бірінші секретары Пазиков жолдастың тура өзіне барған!

– Орталарыңда бір еркек бар екен ғой?! – деді Бейсекең, түсі сәл жылып, жымып. – Келін қалқам, не болғанын айтып берші! – деп Раяны көзімен іздеді. Рая аңқылдаған ашық, батыл мінезді еді, орнынан тұрды да:

– Ағай, қысқаша айтқанда, ол былай: Мұқан осы редакцияға завхоздың көмекшісі болып жұмысқа тұрды. Мен корректормын. Содан екеуіміз таныстық, тұрмыс құрдық. Кішкенебі болдық. Біреудің үйшігін жалдап тұрдық. Бар-жоғы он төрт квадратный метр. Кәсіподаққа, редакторға үй сұрап арыз бердік. Үндемейді. Горисполком, облисполком, обком – бәріне өтініш жаздым. Жауап жоқ. Үшінші баламыз туды. Бір күні, ноябрь айында балаларымды жетектеп, көтеріп алып, обкомға бардым. Шайқасып жүріп обкомның бірінші секретарының қабылдау бөлмесіне жеттім де, ондағы әйелдің бажылдағанына қарамай, біріншінің тура алдына жетіп бардым. Кім екенімді, қайдан келгенімді айттым да: «Біздің үйшігімізде қазір температура минус төрт, ал сіздің кабинетіңіз өте жылы екен, бізге қашан үй берілгенше балаларым осында болсын!» – деп қолымдағы ораулы баламды үстеліне қойып, бұрылып жүре бердім. Естері шыққан екі балам бақырып жылап, соңымнан жүгірді. Есігінен шыға бергенімде секретарьдің өзі қуып жетіп: «Постойте, куда вы, подождите!» – деп қолтығымнан ұстап тоқтатты. Қысқасы: қазіргі төрт бөлмелі квартирамызды сонда алғанбыз! – деп күлді.

– Бәрежелді, келін! Отыра ғой. Мұқанның орнына сенің жауапты хатшы болатын жөнің бар екен, – деп «сақалын сауа» рахаттана күлді. Біз де ду күлдік.

Сол әредікте Бейсекең төте телефонының тұтқасын көтеріп, табағын айналдыруға кірісті. Қайыра жауап келгенінше иегін бір сауып алып, тамағын кенеді. Арғы жақ үн қатты. Бейсекең сөйлеп кетті:

– Товарищ Неклюдов, здравствуйте! Вас беспокоит Тайкыманов, как ваше здоровье, настроение?.. Хорошо. У меня, товарищ Неклюдов, большая просьба к вам вот какого характера: работники горкома, обкома партии, облисполкома, именно завод-делами, их заместители, даже инструкторы, оказывается, превратили журналистов нашей редакции в мальчишки на побегушках, вызывают когда хотят, посылают куда хотят, понимаете. Это, по-моему, безобразие. А вот вчера товарищ Белявский через своего заместителя вызывает меня, потом сам звонит, и сердито говорит: «Товарищ Тайкыманов, почему не приходите, когда обком партии вызывает!». Товарищ Неклюдов, вы меня слушаете? Хорошо. Тогда я ему ответил так: «Товарищ Белявский, вы – не обком партии, а только заводделом обкома. Вы член бюро, я тоже член бюро, у нас равные права, нас утверждает и освобождает ЦК партии. Если есть важное дело, давайте поговорим и решим, зачем сразу вызывать, до свидания!» – сказал я ему. Товарищ Неклюдом, вы меня поняли?.. Хорошо, спасибо!.. А?.. Мы, журналисты, умеем уважать всех, кто нас уважает. А?.. Спасибо!.. Всего вам доброго! – деп сөзін бітірді де, бізге қарап: – Бұдан былай, жігіттер, ешқашан «атқа жеңіл телпекбай» болмайсыңдар, менсіз тырп етпейсіңдер, ұқтыңдар ма? – деді.

Біз жаңа басшымыздың батылдығына таңқалып, сүйініп тарадық. Обкомның бірінші секретарымен олайша сөйлесуге болады, сөйлесе алады деп кім ойлаған?! Неклюдов Алексей Ивановичтің бірінші секретарь болғанына он шақты жыл Жұрт оны байсалды, мәдениетті, іскер деп сипаттайтын. Бейсекеңнің сөзін бөлмей тыңдады.

Сол күннен бастап біз жоғарыдағы құдайсымақтардың құрығынан құтылдық. Ал арада жыл өтер-өтпесте бәріміз пәтерге жарыдық.

Бейсекеңнің енді бір ғажап ісі: жасы алпысқа толған күні (егер жаңылыспасам, 1965-жылдың жазы) таңертең бәрімізді жиып алып, хал-жағдайымызды сұрай әңгіме бастап, арқа-жарқа болып сөйлесіп, жұмыс барысында бастан өткен қызық жәйттерді еске ала әзілдесіп отырды да, «Қазбегінің» түтінін езуінен шығара бізге басын сәл қисайта қарап:

– Айналайындар, біз, бірде алай, бірде былай болса да, бес жылды бірге өткіздік. Мен бәріңе ризамын. Кеше обкомның бірінші секретарында болып, өтінішімді беріп, қызметтен босауға, пенсияға шығуыма рұхсат алдым, жастарға орын беру керек қой, – дегенінде біз:

– Бейсеке, ол қалай?!

– Аға!

– Бейсеке, пенсияңыз не?!

– Обкомға айтамыз, босаттырмаймыз!

– Ешқайда кетпеңіз! – деп жамырай сөйледік. Тосын жаңалыққа қарсы өре түрегелдік. Бейсекең жымия бас шайқады да:

– Дәп қазір кеткелі отырған жоқпын, бюроның шешімі шыққанша әлі осында боламын, жарайды, жақсы, барыңдар, жұмыс күтіп қалды, – деп үстелінің суырмасын ашып үңіліп, әлденені іздей бастады. Өзінің де көңілі босаңқырағанын сездім.

Екі аптадан кейін редакцияға обкомның екінші хатшысы келіп, ұжымға бюроның шешімін оқып беріп, обкомның атынан Бейсекеңе алғыс айтты. Жаңа редакторымыз

Мұқан Әбуғалиев болды. Оның ертеңінде Мұқан ұжымды жиып, бәріміздің атымыздан Бейсекеңе ыстық лебіз білдіріп:

– Бейсеке, орныңызға мені ұсынып, сенім көрсеткеніңізге рахмет! Сіз редакцияның да, әрқайсысымыздың да шаңырағымызды биіктеттіңіз, береке ұялаттыңыз, аман-есен жүріп, жүз жасаңыз! – деген сәтте, біздің ду қолшапалағымыз кабинетті керіп кете жаздаған шығар. Ортамызда отырған Бейсекең түрегеліп, басын изеп, оң қолын жүрек тұсына басты да, орнына отырды. Мұқан сөзін жалғап: – Бейсекең екеуіміз ақылдастық, менің орныма Ғаббас жауапты хатшы болады, обком келісті. Ал ендігі жаңалық: Бейсекең әзірше осында, өзімізде, Мәдениет және тұрмыс бөлімінің әдеби қызметкері болады! – дегенде шапалағымызды тағы аяған жоқпыз.

Әлбетте, Бейсекеңнің алпыс жылдығын атап өттік.

Төрт-бес айдан кейін Қарағанды қаласына көшкен Бейсекеңмен қимай қоштастық.  
2010-жыл



### **«САФАТ БІЛІП АЙТЫПТЫ»**

1985-жылдың көктемі ғой деймін, Компартия Орталық комитетінің бір жиналысына бардым. Теңіз төсіндегі кемедей ақ үйдің алдында Сағат Әшімбаев, Заманбек Нұрқаділов ұшырасты. Сағат еркелене сөйлердегі әдетінше жымия сәлем беріп:

– Ғаб-аға, мына жігітпен, ініңізбен танысып қойыңыз, Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы Заманбек Нұрқаділов, менің жолдасым, досым, сізді біледі, – деді.

– Мен де білем. Алматы облыстық партия комитетінің өнеркәсіп және құрылыс бөлімінде нұсқаушы болып жүргенінен бастап білемін, – деп жолдасына қолымды ұсындым. Ол да жымиып амандасты.

– Қайнаға, білетініңіз жақсы болды, ендеше көз қырыңызды салып... – деп Сағат сәнді күлкісін көлденеңдетті де: – бүгінде не көп, сөз көп қой, Зақаң туралы оны-мұны сөз алдыңызға, «Ара-Шмельге» бара қалса, ініңізді қорғай жүрерсіз, – деді (аталған журналда Бас редактор кезім-ді). Жолдасы Сағатқа: «Қойсаңшы!» деген назды кескінмен қарап тұр. «Е, жарайды!» дей салуыма болмайды ғой, соны ескеріп, Сағатқа:

– Біздің Өскеменнің орыстарында: «по заслугам» деген сөз бар, көре жатармыз, – дедім, жорта маңызданып. Сағат сылқ-сылқ күлді...

Сағат кешке үйге телефон шалып, бір жаңа кітап жайындағы пікірін айтып, маған сол кітапті сатып алуға кеңес берді.

– Әй, сыншы жолдас, бүйтіп құрдан-құр сөйлегенше сол кітапты алып келсең, шәй-пәй ішіп отырып насихаттасаң, қандай ғажап болар еді? – дегенімде Сағат:

– Дұрыс, дұрыс! – деп алып, рахаттана күлді.

Басқа да бір жәйттерді әңгімеледік. Сағат сөзін қалайда Нұрқаділовке тіреп:

– Ғаб-аға, көрерсіз, ол тегін жігіт емес, кесек турайтанның өзі болады! – деді.

Бүгін, наурыз айының он екісі күні, «Ассанди таймс» газетінен Заманбек Нұрқаділовтің саяси «бомбасы» туралы мақаланы, өзінің мәлімдемесінен үзіндіні оқығанда, Сағаттың сол сөзі ойыма орала қалды. «Кесек турайдының өзі болады!», – дегені. Шынында кесек турапты!

...Заманбекпен аралас-құралас бола бастағаннан тұйыған пікірім: қызмет кезінде мінезі күрттеу, сөзі тіктеу екен. Отбасында жайлы, силы. Өлең жазатының, поэ-

зия аудармасымен айналысатынын естідім, «жас әнші» болып сахнаға шыққанын көрдім. Ал саясат ауылында премьер-министр Сергей Терещенко деген «құдайға» құрық жұмсағанын, премьер-министрліктен босаған Әкежан Қажыгелдинге «арнау сөз» айтқанын естідім. Меніңше, алғашқысына тиіскені орынды да, соңғысын мұқатпақ болғаны орынсыз еді. Себебі: жұрт Терещенконың шіріп жатқан байлығы, оның қалай пайда болғаны жайында небір аңыздарды айтып жүрді. Қажыгелдин болса, үкімет басына келісімен биліктегі шенеуніктер өздерінің жылдық табысы туралы декларация жариялап тұруы қажеттігін айтты да, өзінен бастады. Премьер-министрлікке тағайындалғанына дейін халықаралық менеджер компанияда он алты жыл істеп, үш миллион доллар тапқанын, оны қайда, қалай жұмсап жүргенін «Караван» газетінің тілшісімен сұхбатында айтты: «Халықтың алдында адал болуымыз, табысымызды жасырмай көрсетіп отыруымыз керек» – деді. Оның оң бастамасын қолдағандар екеу ғана болды да (егер қателеспесем: облыс әкімі Фалымжан Жақиянов, министр Мұхтар Әлиев), сонымен доғарылды. Ол ол ма, осыдан үш жыл бұрын Президенттің ұсынысымен, парламенттің қолдауымен (біздің парламент қолдағыш-ақ қой) үкіметтің арнаулы комиссиясы құрылып, декларацияға қатысты құжаттар жойылды (жиналған, жариялабаған декларациялар болған-ау!). Яғни, биліктегілердің ұрлығы жасырылды.

Әкежан жасаған және бір игі қадамның құпталмағанын да айта отырайын. Ол премьер-министрлікке тағайындалғаннан мөлшері жарты жылдан соң республикамыздың Бас прокурорына ресми хат жолдап, тәуелсіздік бұйырғаннан бері де шет елдерден алынған несие қаржыны өз ішімізде қарызға кімдердің, қанша, неше пайызбен алғанын, кімдердің қайтарғанын, кімдердің қайтармай отырғанын, кімдердің сіңіріп кеткенін анықтауды, заң жолымен тиісті шара қолдануды өтінді. Хаты да, әлгі қыруар қаржының қашан, кімдерге берілгені туралы ресми мағлұматы да «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланды. Бірақ тікелей Президентке бағынатын Бас прокурор үкімет басшысының ұсынысын далада қалдырды. Президент Н. Назарбаев та қыңқ демеді. Сонау бір кезде Заманбектің соны көре тұра Әкежанның соңынан жұдырық түйгені маған да түсініксіз болып еді. Кейін де, биліктің бетпақтығына көзі әбден жеткенінде, 1993-жылы Жоғарғы Кеңесті таратуға Президенттің айтуымен алданып қатысқанын, Қажыгелдинге бекер кінә артқанын өкіне айтқан Заманбектің Азамат екеніне сүйіндім. Оның елден еріксіз кеткен, Лондонда тұратын Әкежанға арнайы барып, көшірім сұрап, түсінісіп, ол жолсапарының мәнін ашып жазғаны – жанының тазалығы еді.

Халықтың несібесіне ауыз салу, жеріне дейін баса-көктеп билеп алу, балашағасын, жақын-жақпайын жарылқау, оларды жоғары билікке, бизнеске беталды араластыру сияқты сорақылық көпшілікті ығыр қылып отыр. Заманбек оны да дөп басыпты. Мен 2001-жылы Президентке хат жазып, осы мәселелерді қозғағанмын. Қыздарыңыз бен күйеу балаларыңызды өзіңіз де көтермелей бермеңіз, төңірегіңіздегі жағымпаздарға да қолпаштатпаңыз. Балаларыңыз өз мамандықтары бойынша істесің, қабілетті болса – сонда танылсың, тіпті Нобель сыйлығын алсын, бірақ мемлекеттік, үкіметтік іске араласпасың, осыны әлі де ескеріңіз, дегенмін. Айналасындағылар хатымды не жеткізбеді, не, жетсе де, «Ақылшының табылғанын!» делінді де қалды. Айналасындағы шашбаушылдарды тыңдаудың кесірі аз болмай отырғанын Заманбек басқалардан гөрі жетік білетін шығар. Ал жалпы «Президенттің айналасы» дегенге назар аударсақ, оларды халық жинап берген жоқ, Президенттің өзі таңдап алды.

Соңғы жылдары Қазақстанның абыройын, қазақ халқының намысын шабақтап жатқан «Қазақгейт» процесі – біздегі биліктің халықтан бұрын өзін ойлағандығына, елдің байлығын талапайға салғандығына, сұғанақтардың солайша байып алғандығына

дәлел. Мұны дүниежүзі біліп отыр десем, артық айтқандық болмас (біздегі үкіметтік ақпараттар мен жағымпаздар ғана «білмейді»). Меніңше, Заманбек бұл масқарадан да мол хабардар, мына мәлімдемесінде «Балық басынан шіридіге» еріксіз жүгініпті де.

«Біз қайда кетіп барамыз?» Бұл сұрақты қойғанымызға да, естіп жүргенімізге де сан жыл болды. Жауап жоқ. Бола қоймайтын да шығар. Биліктің тәтті дәміне дәнігіп алғандар биліктің, Президенттің адвокатына айналды, қай жерде, қашан болсын биліктің, Президенттің оң ісін де оң деп, теріс ісін де оң деп сарнап кеп жүреді. Теріс іс атаулының бәрін оппозицияға теліп, оппозицияны да, ар-ұятын қадір тұта ақ сөйлейтін азаматтарды да құбыжық, ақымақ етіп көрсетуге жанталаса әлектенеді. «Тарысы піскеннің тауығы» болып күн көруге төселген жасамысы да, солардың ықпалындағы жасы да көзін тарс жұмып алып сарнағанда, олардың көрсоқырлықтарынан шошына жағанды ұстайсың. Халық: «Көз – көңілдің айнасы» деген ғой, сол «адвокаттардың» – Президент пен премьер-министрді қоршалаған кейбір министрлердің, депутаттардың, прокурорлардың, соттардың, көмекшілер мен кеңесшілердің көздеріне қараған сайын байғұстардың өзінің ойындағысын айта алмай, «сүтке тиген мысықша» мықшиып, қожайындарының шайнап бергенін малжандап жұтып, рухани мүсәпір болып тұрғанын көргенімде, кейде жаным ашиды.

Төңірегіндегілер ертеңлі-кеш: – Сіз жақсысыз!.. Сіз білгішсіз!.. Сіз қателеспейсіз!.. Сізден артық ешкім жоқ!.. – деп жалбақтап, табанын жалап жүрсе, әй, мастанып кетпейтін басшы мыңнан біреу ғана болар. Көсеу ғұрлы құны жоқ «көсемдердің» талайын көрдік қой.

Соңғы жылдары өмірімізді кереғарлық жайлап алды. Қаржы шөккен қалалардың ішінде бүгінгі европалық кейіптегі жалтыраған биік үй, сыртында сән-салтанатты коттедж көптеп салынып жатыр, бірақ әйгілі «жетім бұрышты» жағалаушы үйсіз-күйсіздердің саны да өсіп барады. Қалаларымыз казиноға, қазақ тілімен айтқанда еріккен қалталылардың жынойнағына айнала түссе, ауылдарымыз қылаяғы ауызсуға жарымауға айналды. Бір шәкірт (әрине, қалада) мектепке әкесінің қара терезелі «Мерседесімен» барып-қайтып, қалтателефонды ойыншық етіп жүрсе, мың шәкірт (әрине, ауылда) киім-кешекке зәруліктен үйінен аттап шыға алмай отыр. Кәметтік аттестаты да жоқ қайсыбіреулерге кейбір жоғары оқу орындарымыз «құрметті профессор», «құрметті академик» деген ат-атақ беретінді шығарды (оларға ондай атақты беруші ректорлардың бишаралығын айтсаңшы!), ал шын мәніндегі профессорлардың, академиктердің еңбектерін бағалау жоқ. Малымызды таппағандар бағып, отынымызды шаппағандар жағып және «мәзбіз».

Тәуелсіздігіміздің тойы басталғанда Президент: – Екінші Кувейтке айналамыз! – деп күпініп еді, солай «болды» – Қазақстанды екінші Кувейтке айналдыруға жететін қаржымыз Швейцарияның, т.б. шет елдердің банктеріне «жетіп», әне, «Қазахгейтке» айналды.

«Демократиясы нығая бастаған елміз! Бізде ой бостандығы да, сөз бостандығы да бар!» – деп желпінгенде демімізбен аспанды өртей жаздаймыз, бірақ демократия үшін күресуші оппозицияны сілкілеу, тәуелсіз журналшыларды тепкілеу өршіп барады. «Жұмысы жоқтық, тамаға тоқтық» желіктіргендер бас-басына партия құрып, «ала қойды бөле қырқып», халықты қалжырататын ермек тапты. Бәрінің ұраны – халықтың әл-ауқатын жақсарту. Оу, олай болса, мақсаты бір партияны инкубаторлаудың қажет не? Еліміздің, халқымыздың жағдайын жақсарту үшін бірі мен бірі жақ-жақ боп айтысуы, қырқысуы шарт па?

Бізде «Аграрлық партия» мен «Ауыл партиясы» бар. Латынның «аграриясы» жерді пайдаланушылардың мүддесін қорғау дегеннен шыққан. Ал мал өнімдерін беретін, астық беретін жер қайда? Қалада ма, ауылда ма? Әлбетте, ауылда. Ендеше ауылға бұлардай егіз партиялардың керегі не? Сірә, «Аграрлық партия» қайтсе де «партия» болып қалғысы келсе, атын «Қалалық-аграриялық партия» – деп өзгертіп, қала шетіндегі жерді пайдаланушыларға қызмет етсе жөн болар. «Ауыл» партиясының да ауылды жарылқар дәрмені жоқ.

Лауазымқұмарлық пен таққұмарлық халықтың мұң-мұқтажын қайда, қашан ойлатып еді, біздің партияшылдарымыз да: – Пәлен партияның Төрағасы! Түглен партияның Төрайымы! – деген атты арқалап өтуге бейіл-ау!

Елдегі осындай жағдайларды ашынып айтқандар мен жазғандар жазықты болып, ақиқатты жасырғандар жарылқана беретін «жаңа салттан» қашан құтыламыз?!. Күні кеше, мысалы, Б. Ельцин өзін ары да бері сынаған журналшылардың басынан құс ұшырмады. Қор болғаны кәні?.. Францияның Президенті болып тұрғанында генерал де Голль күнде таңертең ең алдымен газеттерді шолып шығады екен де, егер өзін сынаған мақала, әжуалаған карикатура болмаса: – Мені неге сынамаған? Кешегі істерімде шынымен қате болмағаны ма? – дейді екен. Ал бізде, Президентті айтпағанның өзінде, нөкер деңгейіндегі шенеуніктер ақпарат құралдарынан өз атына сын ести қалса, авторының қырсоңына түсіп, шамасы жетсе (көбінде жетіп те жүр, «ақысын берсе, боқысын шығаратын» адвокат пен сот нөпір емес пе?!), жоқ дәлелден «бар дәлел» жасап, соттатып-қаттатып масайрайды.

Ары оянбағандардан ақиқатты күту қиын. Ең сұмдығы – еліміздің, халқымыздың қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін әрекет-қарекет атаулыны көре білетін, айта білетін азаматтардың аздығы және сол аздың өзі биліктен қолдау таба алмай жүргені, ал ар-ұятын базарлағандардың көбейіп, жымысқы жолмен үсті-үстіне байып, халықтың несібесін қылғытып жүргені. Бұл шындықты еститін құлақ, көретін көз қайда?

3. Нұрқаділов те осы іспетті сан сұрақтың астында қалып, төзімі әбден таусылған соң белін буып шыққан-ау (бұдан 5-6 жыл бұрын өстіп шығуы керек еді, алайда «ештен – кеш жақсы»). Ол еңсесін көтерген күйінде тұра ала ма?.. Кезекті «спектакльдің» бас кейіпкері болып: «көзімді шел басыпты» – деп жүрмей ме?..

2004 ж.

\* \* \*

Сағаттың Заманбек хақында артық айтпағанына сан мәрте куә болдым. Алматы қаласын басқарған жылдары Заманбектің шарапаты тимеген кісі аз шығар. Мәселен, жұмысшы жастарға ерекше жақсылық жасағанын білемін. Ауылдан келіп, институтқа оқуға түсе алмай, зауыт-фабриктерге, құрылыс орындарына жұмысқа кірген қыз-жігіттерімізге жатақхана бұйыра бермейтін, бұйырған күнде ешқайда тіркеу-есепке алынбайтын. Егер оны-мұны себеппен жұмыстан шыға қалса, сол күні жатақханадағы бөлмесінен айырылатын. Заманбек сол “темір ережені” бұзып, жастардың бойдағы да, бала-шағалысы да өздерін жұмысқа қабылдаған кісіпорынның жатақханаларына міндетті түрде есепке алынатын, тіркелетін, соның негізінде одан ары да пәтер ала алатын етті. Сол қамқорлығының нәтижесінде – Алматы тұрғындарының есебінде қазақтың саны сол жылдары 23 пайыздан 40 пайызға жетті!

Еліміз тәуелсіздік алып, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесін көтеру хақында әңгіме қозғалып, арнайы қоғам құрылуы, оның қалай аталуы керек делінгенде Заманбектің: “Күбіжіктейтін не бар?! “Қазақ тілі” қоғамы деу керек қой! – дегені есімде.



Зиялы қауымға қол ұшын ұсынғаны – өз алдына мол әңгіме. Мысалы, аяулы сазгеріміз болған Әсет Бейсеуовке пәтер бергізді. Ал Әсет өмірден озғанда қатты қайғырып, қамыға өксігенін көрдім. Марқұмды жерлеу, одан кейін дәстүрлі науқандарын өткізу, үйінің қабырғасына ескерткіш тақта ілу, қабіріне құлпытас орнату істерінің бәрін қадағалап, қажетінше қаржылай көмек көрсетті. Сазгердің өндерін екі жинақ етіп бастырып шығартты да.

Заманбектің жұртқа жасаған жақсылығын тәптіштеп жазуды ертеңге қалдыра тұрып, саясаткерлік сипатына тоқталайын. Бүгінгі “демократияшыл” билік оппозиция өкілдерінің бас қосуына Алматының ортасынан орын “таба алмай қатты қиналып”, ақырында қаланың күнбатыс шетіндегі “Сарыарқа” кинотеатрының ауласын “тарту” етіп, қаланың әділетшіл жұртшылығы жазықсыздан жазықсыз сотталған Ғалымжан Жақияновты жақтаған бірінші жиынын сонда өткізгенде ол ініміз ерекше танылды. “Кесек турайтынның нағыз өзі” – Заманбектің шындық іздеп, әділеттілікті талап етіп, қатты буырқанып, ширғып жүрген күндері еді. “Хал-ахуалың қалай? Шықтың-ау, қатты шықтың!” – дедім. Ол: “Е, төзім таусылды ғой”, – деп миығынан күлді. “Төзімім” демеді, “төзім” – деді.

Жиында ол әдетінше еркін, анық, батыл сөйледі. Бұрынғысынан да қайраттанып, айбаттанып, ашылып, ашынып, ой-пікірін, талабын нық-нық айтты. Ғалымжанның саяси мәнмен сотталғанына, 7 жылға кесілердей кінәсі жоқ екеніне, демократиялы, құқықты болмақ елде ондай заңсыздыққа жол берілмеуі керектігіне тоқталды, «ал бізде болса, адам құқығын аяқасты ету әдетке айналды» – деп күйінді. «Менің үйімде болып, сұхбаттасып қайтқан күннің кешінде дарынды, батыл – журналшы Шәріпжанов Асхат Тоқтарханұлы қаза тапты. Полиция оны автомәшін қағып кеткенін айтады, ол – бекер сөз! Менімен сөйлескені үшін әдейі өлтірді оны!» – деді. «Ай, Заманбек-ай, сенің өрлігіңді сонау жылдарда өздерінің пайдасына жаратқандар бұл өрлігіңді кешіре қояр ма екен?» – деп ойладым...

«Сонау жылдары өздерінің пайдасына» деуім – Президенттің өзіне қарсы әділетті күш болған Жоғарғы Кеңесті қалайда таратудың айла-шарғысын жасап, ол лас іске Заманбекті де пайдаланғанын айтып отырғаным. Ол саяси төңкеріс туралы кейін де Заманбектің мақала жазып, биліктің қоясын ақтарғаны өздеріңізге аян да шығар.

Жұмыссыз қалдырған Заманбекпен кейін де жиі кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Бірде, 2005-жылғы мамыр айының бас шенінде болар, сағат 11 шамасында телефон шалып:

– Аға, жеңгеміздің дүкенге көзқарасы қандай? – деді, қуақылана сөйлеп. Әзілінің астарын аңғара қойдым да:

– Қолына қарға кәк еткен күні дүкеннен таяқтап қуып шығара алмайсың оны! – деп едім, қарқылдап күліп:

– Қарындасыңыз Мақпал да сондай, біздің ол кісімізді тіпті милициямен қайырып әкелу қиын, міне, Мерейіміз екеуіміз Мамуля-Жануляны күтіп, мультфильм көріп отырмыз, – деді. Құдай қосқан жары, ғажап әнші Мақпалын «Жануля» – деп атаушы еді.

Мамыр айының 25-і күні таңертең телефонымды шылдырлатып:

– Аға, бір кітабым шығып еді, соны қазір беріп жіберейін, өзім апарып берейін деп едім, грипп деген пәле ме, бырқылдап жатырмын, ренжімеңіз, – деді, дауысы шынында жарықшақтанып шығып.

Кітабы “Шығыс жыры. Орыс жыры. Шындық жыры” делінген көлемді жинақ екен. Ыстық ықыласты қолтаңбасымен сыйлапты:

*«Аса құрметті Фаббас аға!»*

*Байқамаппын салмағың,  
Өмір зілін, жалғаның.  
Тек махаббат –алғаным,  
Қылмыс деймін қалғаның.*

*Осы кітаптың бірінші оқырманы болсын деп шын жүректен ұсындым.*

*Ізгі ниетпен автор. (Қолын қойған, – Ф. Қ.)*

*25.05.05. Алматы қаласы.*

*Телефон: 60-77-77».*

Інілік ілтипатын ескеріп, кітабын тез оқып шығып, ризашылық ойымды қағазға түсірдім. Ол газетте жарияланды. Сол күні таңертең телефон соғып: “Аға, кітабымның бірінші оқырманы болсын деп алдымен ұсынып едім, міне, алдымен пікір білдірген де өзіңіз болдыңыз, рахмет, аға, шынайы таза көңілімнен көп-көп рахмет!” – деді. “Мен поэзия сыншысы емеспін ғой, оқырманың ретіндегі ойларымды айттым” – деп едім, ол: “Аға, құдай қаласа, екінші жинағымды да көп кешікпей, жаңа жыл кешінде апарып сыйлаймын, оған да ойыңызды айтуға дайындала бергейсіз!” – деп әдетінше ақжарқын күлді...

Сол күлкіні енді менің де ести алмай жүргенім өте өкінішті, не шара?!

...Заманбек батыр еді-ау! “Батыр – бір оқтық” деген рас екен.

Қисық жолмен қисық жүре беруге ар-ұяты төзбей, шыдамы тақа таусылып, “Елім!” деген ерлердің сапына қосылып, Тұлғаға тән кесек сөзін тура айтуға кіріскен еді. Берекесіз билікке қарсы Әділдіктің ақ туын көтерісіп, шындықтың шырайын кіргізісіп, көпшіліктің құрметіне тым-тым бөлене түсіп еді.

Біреулер: – Отбасының жағдайы қиын болыпты, Мақпал мазасыз екен, пәлен жыл бойы жүйкесін тоздырыпты, одан құтыла алмай жүріпті! – дейді. “Біреулер” емес-ау, «жақыны едім» – деп жантықтана қалғандардың қарабеттік қисындары!

Қанды оқиғадан соң бір апта өтер-өтпесте республиканың “сужаңа” Ішкі істер министрі Б. Мұхамеджанов мырза ресми түрде: «Нұрқаділов өзін өзі үш рет атып өлтірді», – деп мәлімдеме жасады. Есі кіресілі-шығасылы кісі де сенбес ғайбат сөз айтқанына беті бүлк етпеді. Онысы оқиғаның себеп-салдарын тексеру енді ғана басталғанда өздері іріктеген тексерушілеріне бағыт сілтегені деп білем. Мамандығы заңгер ол министрсымақ өздері Заманбектің аузын аңдып, әр қадамын бақылап, ақырында түбіне жеткендерін айта алмады. Ешқашан айта да алмас. Ол бұл дүиеден қорқақ қолбала күйінде күбіжіктеп, күмілжіп өтер.

Келесі бір «білгіштер»: – Оппозициямен тіл табыса алмаған соң қиялданып, өзіне өзі қол жұмсаған, – десті. Бұл да – өсек. Саяси күрес сахнасына бел буып шыққан Заманбек бірде алай, бірде былай байғұс болған жоқ. Ол – иілмейтін емен текті Ер еді. Әділдікті серік етті. Ешкімнен ешқашан ықпады. Халқының мүддесіне адал Азамат, қажырлы Қайраткер болды. Рас, оппозицияның бастары бірікпей жүрген серкелері оның ортақ іс мүддесін көздеп айтқан ұсыныс-тілектеріне кейде құлақ қоймады. Сондайда: «Кейде: «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қазақем-ай!» демеске болмайды екен», – деуші еді.

Заманбек өмірге аса құштар-ды. Өз өлеңдерінің, аудармаларының бірінші кітабын әзірлегендегісінше, екінші жинағына кіріскенде де хабарласып, пікірлесіп жүрді. Фирдаусидің ғазелдерінен таңдап алғандарын түпнұсқасынан қазақшалау ниеті барын айтып, әдеби еңбек хақында көп-көп ой бөліскен. Ол жалпы ақын-жазушылардың көбін жақсы білетін. Пушкин мен Лермонтовтың, Расул Ғамзатовтың, Тұманбай Молдағалиевтің кейбір өлеңдерін жатқа айтатын. Тұмашты: «Әдемі лирик, әдемі!» – дейтін.

Бірде «Жұма-Таймс» газетінің редакциясына бара қалдым. Газет шыққан күн еді. Журналшы іні-қарындастарымның қайсыбірі маған қарап жымыңдайды. Ермұрат (Бапи): «Аға, Заманбек ініңіздің аударма өлеңдерін оқи отырыңыз», – деп газет ұсынды. Төртінші беттің шығаберіс екі бағанасына орналасқан өлеңдердің бастапқысы М. Лермонтовтың әйгілі «Қанжары» екен, ал Заманбек ол аудармасын маған арнағанын жазыпты. Жұрттың жылы жымыңдау себебін өнді аңғардым да, өлеңді оқып шықтым. «Қанжардың» қаһары сақталыпты! Риза болып, Заманбекке сол жерде дереу телефон шалып, ілтипаты үшін рахмет айтып: «Сен мені әспеттегенді қой, ол саған да, маған да жараспайды, келістік пе?» – дедім. Ол: «Солай ма?.. Больше не буду!» – деп еркелене күлді.

Бірде өмір жайында әңгіме-сыр шертісіп отырдық. Балалық шағы, жігіттік жылдары, замандастары туралы бірде ойлана баяу сөйлейді, бірде қуақы үнмен әлдебір қызықты жәйттерді айтады да: «Сіздер де сөйттіңіздер ме?» – дейді маған, жымия көз қиығын тастап. «Класымыз әрқалай болса да, мектебіміз біреу ғой» – деймін. Басын шайқайды. Биік мәртебелі қызметкер, Жоғарғы Кеңес депутаты жылдарына шолу жасай келе: «Біздің қоғам көресіні биліктің екіжүзділігінен көрер!» – деді де, көзін жұмыңқырай шалқайып отырды. «Көзімді жұмсам да, көрем сені» деген өлең жолы бар ма еді, сол есіме түсіп, іштей: «Бұл билікке көзі бар, құлағы бар, тілі бар кісі керек болмай барады ғой» – дедім. Бір минөт шамасындай болған үнсіздікті Заманбектің: «Ғаб-аға!» – деген салқын үні бұзды. Еңсесін тіктеп, қарсы алдындағы балапан қайыңға көз жібере сөйлеп: – Ғаб-аға, мен бұл өмірімде ешкімге ешқашан имеген басымды әнеугүні Иманғали Тасмағамбетовке идім. Бір ұлым бар. Жұмысы берекесізденіп, мазамды алған соң, қайтейін, бел байлап, Иманғалиға бардым. Обалы не керек, жылы шыраймен қарсы алды. Оны-мұныны сөз еттік, пікір алыстық. Содан мен: «Ай, Имеке, ешкімге имеген басымды саған ие келдім. Қаланың әкімі деп емес, азамат деп келдім» – дегенімде, Иманғали ыңғайсызданып қалып: «Зәке, бұныңыз не? Қашан келсеңіз де, сізге есігім ашық. Айтар, тапсырар шаруаңызды еркін айтыңыз!» – деп кішіпейілділік танытты. Ұлдың жағдайын айттым. Ол шынында азаматтық жасады. Ұлды сол күні-ақ өз қоластына, бөлім бастығының орынбасары қызметіне алды. Риза болдым», – деді.

Бірде Заманбекке: «Нұрсұлтанды бетпе-бетке шақырдың ғой. Сонда ол келеді деп ойладың ба?» – дедім. Ол жымиды. «Ғаб-аға», – деді, – «бетпе-бетке» емес, «жекпе-жекке» шақырдым. Оның келе алмайтынын білдім, онда менімен сөз таластыра алар дәт жоқ, шындыққа беттемейді, қорқады, ал мен көпшілікке оның кім екенін көрсету үшін әдейі солай істедім». «Заманбек, егер сен оны Дантес етіп, Пушкинше атысқа шақырсаң, ол «жекпе-жек» болар еді, ал сен сөз сайысына шақырдың, оны «бетпе-бет» деген дұрыс» – дедім. Ол тағы жымия бас шайқап: «Жазушылармен сөз таластыру қиын... Сол жолы «Дантестің» ойлап тапқаны өзінің «дантестеріне» мені таспен басқа бір салып, жайратып тастаттыру еді, арамдықтары орындалмай қалды», – деп қарқылдап күлді.

Бірде: «Асхат Шәріпжанов менімен әңгімелескен күннің кешінде қазаға ұшырады... обал болды... жексұрындарды обалы жібермесін!» – деп назаланды.

Асхат – менің 1960-жылдан таныс қаламдасым, сырлас жолдасым, әзіл-сықаққа шебер жазушы, журналшы-фельетоншы, қазақ пен орыс тілдеріне бірдей жетік танымал аудармашы Тоқтархан Шәріпжановтың, иә, 1986-жылғы Желтоқсанның батыры, қыршын кеткен Қайрат Рысқұлбековтің қазасына қатты қайғырып, «Қош бол, таңдарым!» – деп атап өлең жазған суырыпсалма ақын Тоқтарханның ұлы. Ол орыстілді журналшы еді. Тәуелсіз газеттерде шығып жататын мақалаларына,

сұхбаттарына сүйінетінмін. Өткір де ұтымды жазатын. Ол жасы отызды еңсерсе де бойдақ жүрді. Кездесіп қалғанымызда сөзімді: «Әй, қасқабас мырза, қашан үйленесің? Пенсияға шыққан соң ба?» – деп әзілдеп аяқтайтынмын. Биязы Асхат басын изей ақырын ғана күліп: «Келесі жылы, аға, келесі жаңа жылда!» – дейтін. Бір күні іңірде Байтұрсынов көшесі мен Жамбыл көшесі қиылысында Асхат ұшырасып: «Ассалаумағалейкүм!» – деп құшақтай алды. «Уағалейкүмәссалам, мырза! Болашақ келінмен свиданиеге асығып бара жатқан сияқтысың, бөгемейің, бара ғой!» – деп жорта әзілдедім. Ол әдетінше ақырын ғана күліп: «Бір шұғыл жұмыс болып, офиске кетіп барамын. А келін скоро будет, аға, скоро!» – деді. Ертеңінде, түс әлетінде, журналшы қарындасым Күлән (Тоқтарханның соңғы жылдардағы жансерігі) телефон шалып: «Аға, Асхаттан айрылып қалдық қой!» – деп жылап жіберді. О, жалған!.. Дереву Асхаттың үйіне бардым. Анасы Флюра еңіреп жылап: «Жолдан дұрыс өтпеген, машина қағып кеткен» – дейді, өтірік! Машина қақса, құдай-ау, аяғын сындырмай ма? Қарағұсы ойылған, денесінің басқа жерінде бірде-бір сызат жоқ!» – деді. Батыл журналшыны аңдып жүрген жалдамалы жауыздардың қастық жасағанына шүбәланбадым. Асхаттың маған жолыққан кеште Заманбекпен сұхбатын әзірлеу үшін өзінің жұмыс орнына – «Навигатор» газетінің редакциясына асығып бара жатқанын қайдан білейін!.. Қазаның нанымды себебін Заманбектен естідім. Ақиқаттан қорқатын албастылар істемеген азғындық қалды ма?!

Сырлас інім Заманбек есіме түскен сайын мына бір хикая да ойыма оралады. Мен бірде екінші Алматы теміржол вокзалында бір қазақ келіншекпен оқыс таныстым. «Жетісу» пойызымен жол жүрмекке шыққанмын. Газет-журнал жаймасына барып, «1001 сұрақ» деген сканворд-газетті сатып ала беріп едім, сол жерде әлдебір журналды парақтай үңіліп тұрған келіншек маған қарап: «Ағай, сәлеметсіз бе? Екеуіміз сапарлас екенбіз» – деді. Әзілдеп тұр ма деуге... бейтаныс, ешқашан кездестірген емеспін. Таңданғанымды білдіргім келмей: «Өте жақсы болды» – дедім. Сыртқа бірге беттедік. Атжақты, аққұба өңді, көзі қысыңқылау, қыр мұрынды, бұйрасынды қара шашты, денесі нәзік. Жүзі ерекше жылы.

Пойызға отыру басталуына он минут уақыт қалған екен. Аты-жөнімізді білістік. «Сіз көптен сырлас аға досыңыздың қуанышына ортақтасуға шыққан екенсіз, сапарыңыз сәтті болады, бір апта аунап-қунасып, отбасыңызға аман-есен ораласыз» – деді ол, Раушан. «Аузыңызға – май!» – дедім. Сапарымның себебін, мерзімін дәл айтқанына іштей еріксіз таңдандым. Онымды сездірмеу оймен: «Сіздің вагоныңыздың нөмірі нешінші?» дей қойдым. «Сіздің вагоныңыз оныншы, менің пойызым басқа. Жолыңыз ашық болсын!» – деп қала берді.

Арада апта өтті. Үйге оралғанымның екінші күнінде кіші бесінде телефоным шылдырлады. «Аға, мен Раушанмын ғой» – дейді. Сөйлестік. Кездесетін болып келістік. Таңданысым күшейе түсті. «Бір көрген – біліс; екі көрген – таныс». «Раушан» атты дәмханаға шақырдым. «Қызық болды-ау!» – деп күлді. Шынында «қызық» болды. Оны-мұны әңгімемен шай-пайымыз аяқтала бере Раушан: «Аға, мені сізге жаратқан Иеміз жұмсады, сіз арқылы Заманбек Нұрқаділовпен жолғастырмақ. Мен Зәкеңді сырттай ғана білемін, ол кісімен сізше аралас-құралас емеспін. Сіз айтпайынша маған илікпейді екен. Бізді тезірек жолықтырғаныңыз, Зәкеңе қауіп бар, сақтануы керек, мен түсіндіріп айтамын, сақтанбай болмайды, сіз мені құптайтын болыңыз, айтыңыз, тіл алсын» – деді. Мен, таңданғанды қойып, шошына бастадым. Қысқасы: Раушанның телефон нөмірін жазып алып, көңілім өрепкіп қайттым. Заманбекпен хабарласып, маған тезірек келуін қаладым. Келді, оңаша сөйлестік. Раушанмен кездесуін өтіндім. Ол да қатты таңданды, бірақ келісті. Ертеңінде түс әлетінде телефон

шалып: «Ғаб-аға, мен бір шаруамен қала орталығына бармақшы едім, жолай сізге соқсам деймін», – деді Заманбек. Келді. Раушанмен кездескенін біресе күліп, біресе қызыныңқырап әңгімеледі. «Алматыдан ең азы екі айға кете тұрыңыз. Қазақстаннан тыс жерге, шет елдің біріне барыңыз. Өміріңізге қауіп төніп келеді, сақтаныңыз» – дей ме, білмеймін, түсініксіз бірдеңелерді айтады. «Маған сеніңіз, менің көріпкелдігім бар, сеніңіз» – дейді. Қызық екен. Қалай сенем? Үйімнен неге кетем?» – деп екі алақанын жая, бағжия қарады маған. «Кездес» дегенім үшін ренжулі сияқты. «Әй, Заманбек, ол тегін кісі емес, саған кеше айттым ғой, бір көрген менің қайда, неге кетіп бара жатқанымды, вагонымның нөміріне, үйге қашан қайтатыныма дейін біліп тұрды. Тілін алшы, Әкежанға барып келдің, сол жаққа барып, бірер ай бола тұршы!» – деп едім, Заманбек оң жақ иығын бір ырғап қойып, жымыиып: «Ғаб-аға, бейтаныс сұлумен жүздестіргеніңізге көп рахмет, бірақ оны қарындасыңызға айтпаймын, ал жалпы... білмеймін... қызық... ойланайын... сіз тек қыстамаңыз, жарай ма? Хабарласамын» – деп шықты. Үш күннен кейін жолықтық. «Үйде боламын, ешқайда барғым келмейді. Сақтанып жүремін, өзіңіз көрдіңіз ғой, қорғанысым мықты» – деді. Мен: «Өзің білмен» шектелдім. Басқа не дейін.

Раушанның сақтандыруы тегін емес екеніне екі айдан кейін көзім жетті... амал не?! (Көріпкелдік қасиеті бар Раушанның қайда екенінен бүгінде хабарсызбын. Бішкекке ме, Ташкентке ме, бір жаққа көшетінін айтқаны есімде).

Заманбектің қазасы – халқының жүрегіне жазылмасқа түскен жараның бірі. Мүлде жаза алмаса да, жеңілдетер емі қашан табылады? Қалай, қашан?.. Тезірек табылса екен!..

Ертеңгі ұрпақ еліміздің тарихын парақтап отырып: Әкежан Қажыгелдиннің жалған жаламен он жылға сотталып, өміріне қауіп төнгені үшін шет елге кете тұруға мәжбүр болғанын, демократия туын көтере күрес бастағандары үшін көпе-көрінеу өтірік айыппен Ғалымжан Жақияновтың 7 жылға, Мұхтар Әбіләзевтің 6 жылға сотталғандарын, оппозиция қайраткерлері Заманбек Нұрқаділовтің және Алтынбек Сәрсенбайұлының ешбір кінәсі жоқ екі серігімен бірге атып өлтірілгенін, сол сияқты басқа да сұмдық оқиғалардың болғанын оқып біліп, ол тұста ел Президенті кім екеніне үңілер: «Мас-қа-ра!..» дер.

2010-жыл.



## ЖОЛЫ «ӨРКЕННЕН БАСТАЛҒАН»

Арада 3 ай өтті. Самалы жоқ, ызғырығы бар, аптабы жоқ, аязы бар 3 ай. Күні қысқа, түні ұзақ, күлкісі аз, күрсінісі көп 3 ай. Күні тұтылып, айы қорғалаған 3 ай...

Заманбек Нұрқаділов өлімін естіген сәтте Алтынбек: «Ендігі кезек менікі» – депті. «Мен естідім» дегендердің айтуы. Мен естіген де, Алтынбектен сұраған да емеспін, сұраудың қажеті жоқ та еді. Кездескен уақыттардағы әңгімеміз әдебиеттен басталып, саясатпен аяқталатын. Көбінде он-онбес минөттен ұзақ сөйлесе алмайтынбыз, мен уақытқа «бай» болсам да, Алтынбек «кедей» еді. Армансыз дейтіндей әңгімелесуіміз бірде ғана екі сағатқа созылды. 2000-жылғы қаңтардың 5-і күні. Алтынбек одан бір тәулік бұрын Астанадан үйге телефон шалып, сәлемдесіп: «Ғаб-аға, ертең Алматыда боламын, дәл осы мезгілде, сағат он бірде, министрліктің сондағы қабылдау

кеңсесінде кездессек қайтеді?» – деген. «Іздеп баруға жолым ұзақ, қолым қысқа болып жүргенімде өзіңнің шақырғаның жақсы болды-ау!» – деп әзілдегенмін. Ол ақырын ғана күліп: «Келіңіз, күтем», – деген..

– Аталарымыздың: «Алыстан алты жасар бала келсе...» дегеніндей, – деп көне мәтелді де орталап айтып, өзім де кабинетінің ортасында кідіре қалған едім, әлдекімен телефон арқылы сөйлесуін: «Сен екі сағаттан соң хабарлас, жарай ма?» – деп үзе салып, орнынан күлімсірей тұрып, қарсы жүріп келіп сәлем берді. Мәре-сәре болыстық. Жайлана жайғастық. Ол қабылдау бөлмесіндегі келіншекке ішкі байланыс жүйесімен: – Мені іздегендерге «екі сағаттан кейін келеді» дерсің, – деп ескертті. Екі мәрте «екі сағат» дегеніне іштей еріксіз таңдандым. Телефон шалған ілтипатына рахмет айттым да:

– Әуелі «пара» беріп, жұмсартып алайын. Мынау Парижден сыбаға, – деп фотосуретті, одан соң: – ал бар-жоқ пікір-тілегім мынада, – деп хатымды ұсындым. Ол фототсуретке үңіле жылы жымып:

– Рахмет, Фаб-аға, рахмет! – деді де, көзәйнегін түзеп, екі парақ хатымды шолып шығып: – Жақсы, Фаб-аға, есімде болады, – деді.

Екеуіміздің сондағы әңгімеміздің ұзынырғасы былайша:

– Фаб-аға, хаттың заты қағаз ғой, ойыңыздағыны ақтарып айтыңызшы, – деді ол. Мен:

– «Әуелі мені айт» – деп жамырағалы тұрған ой көп, қайсысы аузыма бұрын түседі, соны алдыңа салайын, – дедім де, бастап кеттім:

бізге оппозиция, тәуелсіз ақпарат құралдары қажет, өкімет, үкімет, министр өзі олармен байыпты жұмыс істеуге тиіссіңдер, ал әзірше олай болмай тұр, тәуелсіз «Дат» пен «XXI век» тұсалды, ендігі кезекте «Солдат» па?

Әкежан Қажыгелдиннің қуғын көрердей кінәсі болса, онысын ашып, әділін айту керек. Ол өзінен бұрынғы Терещенко үкіметі халықтың қанша қаржысын талапайға қалай салғанын «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері арқылы ресми баяндады, республиканың Бас прокурорына сол қаржыны тез қайтару шараларын қолдану жөнінде өтініш білдірді, бірақ аяқсыз қалды ғой?

«Ордалы жылан» деген кітап оқыдым. Оның бас кейіпкерлері жаза шегу орнына жоғарылап, ал автор қуғынға ұшыратылды;

бізде сайлау атаулының заңды жолмен, әділеттілікпен өтетін кезі болар ма екен, болмас па екен?

Әдебиет пен өнер салаларындағы таңдаулы туындыларға сыйлық беруді ұйғаратын комиссия құрамын жаңартып отыру керек, оның мүшелері «өзі жақсы мен көзі жақсыны» қаламайтын, әрқашан тек адалдықты жақтайтын турабилер болсын;

Президент биылғы жылды «Мәдениетті қолдау жылы» – деп жариялады, Мәдениет министрлігіміз жоқ-ау демеді. Жалпы әр жылға «пәленнің жылы» – деп ат қою шықты, ол неткен жаңалық?

Дәстүрлі ақындар айтысымыз берекесізденіп кетті, елдің, халықтың жағдайын айту былай қалды, ақындар бірін-бірі беталды кекеп-шалудан аса алмайды, айтыс автокөлік үлестіретін шараға айналды;

«Қазақстанның Халық жазушысы», «Қазақстанның Халық қаһарманы» деген атақтар оңды-солды берілетін болды. «Халық жазушысы» деген атақ бұрыннан бар ғой, ал сонда менің түсінбейтінім: ондай атағы жоқтар халық үшін, халық туралы жазбайтындар болғаны ма? Бұл, меніңше, қайсыбір жігітке «еркек жігіт» – деп атақ бергендей бірдеңе емес пе? – Алтынбек ашыла күліп, басын изеді. – Ал атабамамыз басқыншы жаудан елің, жерін қорғап қан төккен батырларын «Қаһарман»

деген. Бүгінгі бізде ше? Бізде мылтық ұстап көрмегендерге «Халық қаһарманы» атағын беру басталды. «Социалистік Еңбек Ері» дегенді жаңаша не деу керек болғанда «Қазақстанның Еңбек Ері» деу жөн деп пікір білдіргенбіз, бірақ оның орнын «Қазақстанның Халық қаһарманы» басты. Осы ақылға қона ма?

Сен үкімет құрамындағы ең бір алымды министр ғана емес, Президентке сөзін өткізе алатын ең жақын адамысың, мұны 32 жасыңда министр етіп тағайындалғаныңа сайдыра айтып отырмын. «Күбірлегенді құдай естімей ме», бүгінде нендей мәселені болсын Президенттің бір өзі шешетін болды, ол дұрыс емес, – деп кідірдім.

Екі қолымен иегін тіреп, байыпты тыңдап отырған Алтынбек салқын кейіпте езу тартты да, қоңыр үнмен сөз өрбітті. Өзіне тым жас демей сенім артқан бірінші басшыға, тәуелсіз еліміздің алғашқы президентіне адал қызмет етуді парызы санады, оның ой-пікірлерін ауызша да, жазбаша да насихаттап, оған адал жәрдемдесуге шындап кірісті, қисынсыз сыннан қорғап бақты, еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға солайша үлес қосуым керек деп білді. Бірақ соңғы жылдары көңілі құлази бастады (алдын ала айтар болсам: Алтынбектің сол жолы шерткен сырлары 2006-жылдың басында жарияланған «Үштаған» немесе Қазақстанда әділ сайлау неге арман?» атты мақаласында көрініс берді). Құлазитын себебі: кадр мәселесі жұмбақталып кетті, кімді қайда тағайындауды Президент бір өзі шешеді, таңдағандарының қабілетін таразыламайды, рас, кейде құзырындағы бізбен, парламентпен ақылдасқан болады, бірақ бәрібір, өзінің айтқанын істейді. Сөйтіп жиып алған жағымпаздары оның қатесін көре тұра ләм демейді, қайта: «Дұрыс! Бәрекелді!» – деп бас шұлғиды. Ал мен өзі іш тартқан оны өзімсініп, оңашада қате әрекетін батырыңқырап айтқанымда ол: «Солай ма?.. Ойланайың, тағы ақылдасармыз» – деп күліп шығарып салады. Жасанды күлкісі бар. Жалпы жасандылыққа бейім екен. Сөзінің расы қайсысы, жалғаны қайсысы екенін білу қиын... Ауыл шаруашылығын реформалауды жүйелі түрде, асықпай жүргізу жайында сол сала министрлігінің жобасы болды. Тапсырма алған соң байыптап жасаған ғой, бірақ Президент қабылдамай тастады. Оның ақыры не болғанын көрдіңіздер. Өнеркәсіп те... бәрі де қиратылды, қаңырады. Сіз жаңа Мәдениет министрлігі туралы айттыңыз. Министрлікті сақтау керектігін дәлелдеп қаншама түсіндірдік, ал ол оның халыққа керектігін бізсіз де біле тұра қисық кетті. Әншейінде жымыңдап, жайдары жүрсе де, онысы да, әрине, көбінесе жасандылығы, кейде оңашада да, көптің алдында да бұлқан-талқан ашуланып, ешкіммен есептеспей, білгенін істейді. Онысы – қауіпті мінез. Үлкен де, кіші де басшы білімді, байсалды, тиянақты болмаса, ол – құзырындағылардың бейнеті, соры. Бәріміз де жұмырбасты пендеміз, бірақ солай деп солақайлана беруге болмайды ғой.

Алтынбек ел халық тағдырына қатысты басқа да жәйттерді қысқаша таратып айтып болып, маған тағы жымия қарап:

– Ғаб-аға, осыным орынды-ау деген ойларыңызды ашық та анық айтып, жазып жүрсіз, өз басым құптаймын, қолдаймын. Енді өз ортаңыздан қол ұстасып шығар пікірлес іздей жүрсеңіз, тапқаныңызды көбейте алсаңыз жарар еді. Әсіресе жас ақын-жазушылардың әділеттелікті іздеген, жақтаған, тіпті батыл талап еткен үні керек. Жастар оянбайыншы жағдай оңалмайды. Ішкі де, сыртқы да жағдайымыз мез емес. Жастардың оянуы қажет-ақ, – деді де, екі қолын үстелге салып, еңкейіңкіреп отырды. Екеуіміз де үнсіз қалдық. Мен Алтынбектің: «...қажет-ақ» дегенді баса айтқанын «Келешек – жастардікі!» деген белгілі қағиданы қайталағаны деп ұқтым. Басқаша пайымдауға себеп боларлық ештеңе айтпады. Кейін, біржарым жылдан кейін, түсіндім: Ғалымжан Жақиянов пен Мұхтар Әбіләзев бастаған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысының керегесін керу қолға алынған екен. Бертіндегі бір әңгімесінде

Ғалымжан атап айтқандай, Алтынбек сонда жас демократтар тобымен байланысты болып, пікір қосып жүріпті.

Үнсіздікті Алтынбек бұзды:

– Менің қолымнан келмейтін шаруа көбейіп барады. Түрі жаман.. «Көп түкірсе – көл» – деп, көпті қозғалтпай, оятпай болмайды. «Ояң, қазақ!» деген Міржақып ағамыздың дауысын жаңғыртсақ жарар еді. Зиялы қауым осыны ойласа, қолға алса... Оппозиция қажеттігін дұрыс айттыңыз. Оппозицияны сүйеп, сөзін сөйлейтін зиялылар қажет. Демократия керек. Демократия үшін күресетін зиялылар керек. Көпті оятатын үлкен күш – ең алдымен зиялылар, – деді.

– Бала-шағасынан бұрын бастықтарының тілеуін тілеп үйренген зиялы көп екенін өзің де білесің. Жұртты оятуға тиіс олардың өзін ояту Қожекеңше айды аспанға шығарудай оңай болмас.

Алтынбек салқындау жымыды. Тілегіне тура жауап бермегеніме іштей ренжігені ме? Солай долбарлап:

– Алайда сөзім өтеді-ау деген үлкен-кіші қаламдастарыммен әлі де сөйлесемін, салмақ саламын. Не шыққанын өзің көрерсің, – дедім.

Оппозиция, демократия, Жазушылар одағы, Журналшылар одағы, тәуелсіз баспасөз, т. б. жайында еркін пікірлестік. Әңгімеміз аяқталғандай болып, орнымыздан тұрғанымызда Алтынбек:

– Фаб-аға, есіңізге түсіріңізші, сіз «Өркен-Горизонт» газеттерінің бас редакторы Алтынбек Сәрсенбаев жолдасқа хат жаздыңыз ба? –деп әзіл тастай жымыңдады.

– Сен батыл редактор болдың. Мықты мақалаларыңа риза болып, өзімше алқап хат жазғаным есімде, – дедім.

– Бізге жастардың өмірі жөнінде үш тақырып ұсынып, соларды тез жазуымызды, пікір алысуды ұйымдастыруды сұрағансыз. Сіздің қаламыңыз қандай із тастайтынына мен де сол кезден бастап назар аударғанмын.

– Бірақ хабарласпай қойдың ғой?

Екеуіміз де күлдік. Тегі ой-пікіріміздің тоқыла тоғысқанына куә сезіміміздің бір желпінісі де..

Кабинетінен шыға бере қолсағатыма қарасам, біз екі сағат сөйлесіппіз. «Екі сағат»! Қызық, ө?..

Енді әлгі фотосурет жайын айта кетейін. 1995-жылдың жазында Парижде ЮНЕСКО-ның қуаттауымен Абайдың 150 жылдығы тойланды. Қазақстаннан үлкен делегация бардық. Тоғыз күн болдық. Көне де көркем Париждің екі кешін Баспасөз және мәдениет министріміз Алтынбек Сәрсенбаев екеуіміз біраз шүйіркелесумен өткіздік. Әңгімеміз негізінен әдебиет хақында болды. ЮНЕСКО-ның қызметі туралы да пікірлестік. Алтынбек әдебиетіміздің қай жанрындағы болсын шығармалардан мол хабардар екен. Біздің сатира саламыздан Асқар Тоқмағамбетов пен Оспанхан Әубәкіровке ықыласы ерекше.

Қаратаяқ бес-алтауымыз күнде бірер сағат қыдырыстап, Париждің тарихи ғимараттары жанында суретке түсеміз. Сондайда Алтынбек оншама құлшынбай, кешеуілдеп жүреді. Версальды аралағанымызда суретке түскіш біздерден тағы кейіндей бергеніне еріксіз күліп: – Бері келші, корольдердің мына гүлзарына тұра қалшы! – деп фотоаппаратыма «өзін жеке кіргізіп жібергенмін». «Әуелі «пара» беріп, жұмсартып алайын» – деп әзілдей ұсынғаным сол суреті еді.



x x x

Қайран Алтынбек! Алып тұлғалы, ақжарқын жүзді Азаматымыз-ай! «Балақтағы бит басқа шыққан» заманның қарасын ағартыспақ, қисығын түзетіспек, обырын тиыспақ, арсызын ұялтыспақ едің, қарапигылдылар қапыда мерт етті ғой! Қайғылы ел-жұртың: «Қанын жүктеген жауыздар табылсын, жазалансын!» – деп талап етсе де, қантіс шортандар аудан сырт қалдырылып, шабақтар ұсталды. Ар-намыстан мүлде мақұрым тергеушілер мен соттар екі көзі екі шекесіне шығып кеткен шапыраш балықшының шірік шәркейін киіп жүр. Төресі маңдайына шертіп қалып: – Әй, бұл – сенің маңдайың емес, табаның! – десе, маңдайын жерге дереу төсей қойып: – Иә, иә, дұрыс айтасыз! Бұл – менің табаным! – дейді бишара! Құлдық мінез-құлықтан құтыла алмау – өлшеусіз өкініш!

Алтынбектің қазасы иісі қазаққа ауыр болды. Жасы тоқсанға іліккен әкесі Сәрсенбай ақсақал, жасы сексенге іліккен шешесі Күлихан әжей боталарынан көз жазып, боздап қалды. Сүйікті жары Салтанат, ұлы Бекжан, қызы Шолпан қайғы арқалап шырқырады. Аға-інілері, апай-қарындастары, алыс-жақын ағайын-туыстары қамығып күйінді. Дос-жолдастары қан түкіріп кектенді. Қасірет салмағы жаншыған анасы Күлихан, апайы Бақытгүл көп ұзамай көз жұмды. Қайрат-жігері түгесіле шөке түскен қара нардай Сәрсекен – еліне адалдығымен, әділдігімен қадірлі болған қайраткер, фашистермен шайқаста қан кешкен жеңімпаз жауынгер Сәрсенбай атамыз аяулы ұлын жоқтап, қыстыға сөйлеп: «Алтынбегімді өлтірткен, өлтірген жауыздардың кім-кім екенін біліп, жазаға тартылғандарын көрсем, арманым болмас еді!» – деп қыстығып отырушы еді. Айтқанына жете алмай кетті. Алтынбектен 3 ай бұрын Нұрқаділов Заманбектің қанын ішкен қарақшыларды іздеу де болмаса, Алтынбекті ешбір кінәсі жоқ екі серігімен қоса өлтіргендердің қанды ізі республикалық Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің «Арлан» тобынан табылды, бірақ ... бетпақ билік ол ізді дереу өшіріп, қара қанжар да, қара қайрақ та тасада қалды.

Жұртшылық Алтынбектің де азасын үнсіз атқарды. Жерлеу болған күнгі ашынысты сөздер бірте-бірте салқындады...

Депутат ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің ұсынуымен орындарынан тұрып, Мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбайұлын бір минут үнсіз еске алған парламент депутаттарының нешеуінің қабырғасы шын қайысқанын құдай білсін. Сол мәжіліс әредігінде телеарна тілшілерінің бірі вице-премьер Қ. Мәсімовтен Алтынбек қазасы жөнінде пікір сұрағанда ол: – Все же Казахстан – самая безопасная страна! – деді. Телеэкраннан көрдім, қап-қалың беті бүлк етпеді. Сірә, оған Заманбектің, Алтынбек пен Бауыржанның және Василийдің қазасы ой саларлық оқиға болмады. Осындай ойсыздарға жылы ұя болған қайран, Қазақстан!

Министр А. Сәрсенбаевтан көп жақсылық көрген зиялы қауымнан: «Бұл неткен сұмдық?!» – деп жанайқайлап шыққандар тым аз болды. Әлі де сол қалып. Қазаға ұшыратылған Заманбек пен Алтынбектің өлімі жұртты оята алмады. Жұрт бір сәт көзін ашып, бірер айқай салды да, қайтадан қалғып кетті. Ал оппозициядағы ондаған партия, қозғалыс, бірлестік, тағы басқасының жетекшілері «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара» алмай, Алматының бір шетіндегі «Сарыарқа» кинотеатрының ауласында пәлен мәселеге, түглен мәселеге байланысты анда-санда бас қосқандарында қызына сөйлеп-сөйлеп тарқайды да, келесі мәселеге дейін тыншиды.

Халықтың әл-ахуалы, мәдени, ғылыми, саяси тірлігі ең алдымен зиялы қауымының әрекет-қарекетінен байқалуға, көрінуге тиіс. Бірде осы тұрғыда сөз қозғағанымызда Алтынбектің:

– Зиялылар ауылына көз жібергенімізде: «Аты бар, атағы бар, батыл сөйлейді», – деп жүрген ақынымыз Олжас Сүлейменов ел мүддесін, халықтың қамын ұмытып, биліктің жандайшабы болып жүрген соң, басқасын қайтесіз. Айтпақшы, Ғаб-аға, Олжас екеуіңіз Жазушылар одағында көп жыл қызметтес болдыңыздар ғой, оны сол кезде тани алдыңыз ба? – дегені бар. Мен ақынның билікке ешқашан қиғаш сөз айтпасын 1987-жылдың көктемінде көргенімді, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында әрқашанғысынша екпіндей сөз сөйлеп, Колбинге қарап: – Құрметті Геннадий Васильевич, Сіз – біздің бас идеалисімізсіз. Мен «идеалист» деген сөзді шынайы жақсы мағынасында айтып тұрмын... Сіз бізге идея бересіз, біз оны жүзеге асырамыз! – дегеніне куә екенімді, оның тіпті: «Желтоқсан оқиғасы күндері мен жастардың алдына шығып сөйлейін деп едім, жібермей қойды» дегенінің жалған екенін, оның сөз сөйлеуден бас тартқаны ақиқат екенін айттым да: – 1986-жылғы Желтоқсанда қазақ жастарының қаскөйі болған қандықол Колбинге көп алдында сөйтіп көлгірсіген Олжастан не қайыр? – дедім. Алтынбек басын бір изеп, сәл ойланып алып, былай деді:

– Сол Олжаспен соңғы кездесуімізді айтайын. Мен «айтса-сөз, ұрса – таяқ өтпеуге» айналған биліктен біржола безініп, оппозицияға келген жылы Ораз Жандосовтың туған күнін атап өтпек болдық та, оған Олжасты әдейі шақырдық. Бәріміз бұрын да аралас-құралас болған жігіттеріміз ғой. Ақын мен патшаның арасы жақындығын пайдаланып көрмек те болдық. Аға тұтып сыйлап, төрге отырғыздық. Сөзді парламент мәжілісінің болып өткен сайлауына иіп апарып, ол сайлаудың жұртқа зорлық пен қорлық болғанын айттық. Билік тарапынан жасалып жатқан басқа да жолсыздықты, кесір-қиянатты жайып салдық. Оның пікірін естігіміз келді. Бірақ одан аталы сөздің орнына жалпылама, жайдақ, арзан сөз естідік. Билікті қорғаштады. Сонда Болат Әбілов: – Олжеке, сіз он жыл бойы Еуропада тұрасыз, рахат өмір сүріп жүрсіз. Халқымыздың да сізше рахат өмір сүргісі келеді. Өзіне лайық тұрмысты керек етеді. Билік осыны ойлауы керек қой, сіз не дейсіз бұған? – деп төтеледі. Олжастың бізбен соқыртеке ойнағысы келгеніне шыдамады. Ақын ағамыз сонда да серпілмеді, үндемеді, сірә, ешқашан үндемейтін де шығар. Көп отырмады, кетіп қалды.

– Ол үндей алмайды. «Невада-Семей» акционерлік қоғамы атом полигонынан зардап шеккендерге көмек беруге елден он миллиард доллардан астам жинаған Олжастар содан семейліктерге соқыр тиын бұйыртпай, өзара бөліске салды. Ол туралы Қаржы министрлігінің бақылау-тексеру басқармасы 1993-жылы жасаған акті бар. Тәуелсіз Қазақстандағы алғашқы ұйымдасқан жемқорлықтың әшкереленуі! Бірақ ол акт жылы жауып тасталды, сірә, Олжастың мойнында дұзақ болып тұрған шығар, ал оны серпіп тастап: «...жаным – арымның садағасы!» дей алмайды ол! – дедім.

Алтынбек басын тағы бір изеп қойып: 2003-жылы қыста ғарышкер Тоқтар Әубәкіров екеуінің Алматы облысындағы Сөгеті кенті маңында бүркітпен аң аулағандарын, сол кентте тұратын бір бүркітші қарттың үйінде мейман болғандарын, қарттың Тоқтарға: «Сен де көкте самғаған қырансың ғой!» – деп мақтаныш сезіміне бөлене бүркіт сыйлағанын айтты. Алтынбек тұғырда бір бүркіттің мөлііп отырғанын байқапты. Сөйтсе, ол бүркіт бірде түлкіге сәтсіз түсіп, топшысы сынған екен, бірақ, кейін, жарақаты жазылса да, аңға беттемейтін, тіпті ұшудан қорқатын болыпты. «Байғұс-ай, кәдімгі үй құсына айналыпты. Мен бүркіт те киелі құс қой деп аяп, қанатынан сипап,

«мұң бар ма екен?» – деп оның көзіне үңілдім. Көзінде мұңның елесі де жоқ екен. Үйдегі үйрек пен тауық секілденіп, қолыңа дәмете қарайды. Сол бүркіттің міскін кейпі көз алдымнан кетер емес», – деді Алтынбек. Оның Олжасты меңзегенін түсіндім.

Ат пен атаққа, даңқ пен дақпыртқа бауыр басып, бәтуәсіз биліктің «тарысын» теріп жеуге дағдыланған «тауықтар» аз ба?! Қай қоғамның болсын қайызғағын көбейтетіндер – солар! Қайсыбірін айта бересің. Бірақ айту керек. Жазу да керек. Алтынбек пен Заманбек айтып-жазып үлгірмеген ақиқатты шама-шарқымызша жария ету – олармен ниеттес, қанаттас болған біздің парызымыз!

...Міне, 6 жылымыз Алтынбексіз өтті. Асыл Азаматымыздан ойда жоқта, қапияда айырылып қалғанымызға 6 жыл. Айырылмайтын едік, – айырды. Кім? Не? Бұл сұрақтардың жауабы бізге белгілі болғалы да, оны жалпақ жұртқа жария етуге міндетті Заңымыздың ауызы буылғанына да 6 жыл. Жаңа да ескі сұрақ: «Қандай күш, кім буды?». Мұның да жауабы жұмбақ емесі есіме түскен сайын Бабатайұлы Дулат жыраудың «Кеңесбайға» деген жырынан мына шумақтар да ойға оралады:

«...Тұқымың дегдар болғанмен,  
 Кеңесбай, азғын туғансың!  
 Тістеуік айғыр секілді  
 Үйіріңді сұйылтып,  
 Тай-құнанды құғансың!  
 Ел білерлік ісің жоқ,  
 Дегдар емес, будансың!  
 «Будан» дейтін себебім:  
 Айналаңды торисың.  
 Түзден тоят тілемей,  
 Өлексені қорисың.  
 Алдыңа келсе жүгініс, –  
 Терісті оң деп жорисың.  
 .....  
 Ыдысысың параның,  
 Қотара құйса толмайтын.  
 Ашылған әбден араның,  
 Түйені жұтсаң түгімен,  
 Биені жұтсаң бүгімен  
 Қақалмай-ақ толғайсың...».

Дулат бабамыздың бұл өткір толғауы, арада біржарым ғасыр өтсе де, әлі ескірмегеніне өкінім келеді-ақ, бірақ заманымыз өкіндірмей отыр. Абыз ақын Дулат марқұм бұл заманды да былайша айтып кетіпті:

«...Ер деп елді бұзғышты,  
 Сұқсыр деп сұмырай қызғышты,  
 Кезқұйрықты лашын деп,  
 Кенеусізді асыл деп,  
 Құладыңды сұңқар деп,  
 Жабыны шабан... тұлпар деп,  
 Құтқармайтын құмай деп  
 Төбетке қарғы таққандай...».

«Будан» мен заман Алтынбек Сәрсенбайұлын да «жұмбақ» қазаға ұшыратты...

2012-жыл.



## КӨКШЕНІҢ АБЫЗЫ

Кеше ғана арамызда болған, жасы үлкен-кішіге жантартқызған, риясыз ризашылық сәтінде көзінде күн шуағы ойнаған, орынды реніш сәтінде «қабағынан қар жауған, кірпігіне мұз қатқан» Баукеңнің – Момыш шалдың баласы, қазақтың мәңгі-бақи жасар Қаһарман перзенті Бауыржан ағаның көңілінде шат-шадыман күй тартылып отырған бір жолы:

– Аға, сіздің ондаған мақал-мәтеліңіз барын білемін, қайсыбірі кітаптарыңызда кездеседі. «Тексізден тезек артық, арсыздан айуан артық», «Жанын аямағанға жан – сауға» дегенсіз. «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» дегеніңізді сауатын ашқан балақайымызға дейін біледі, – дей бергенімде:

– Тоқтағың, – деді, таяғының ұшын қалт көтеріп. Диванда отырғанбыз. Таяғын тез көтерсе де, дауысы жұмсақ шықты. Бүркіт қабағы оқыс түйілмеді, қыран көзі оқыс жалт етпеді. Саусағына мүштік қыстырулы сол қолымен қайратты мұртын ақырын сипап, таяғын түсірді де:

– Мен ештеңені еріккеннен зорланып жазбаймын, бәрі де – бір оқиғаның, ситуацияның әсерінен туған түйін, понятно? Мақал-мәтелдердің жолы осы, «нечего чего-то выдумывать ради... чего? – деп маған жорта ажырайып қарады.

– Ради... атаққа, – дедім, «атақ» деген қазақ сөзін орыс тілі септеуіне әдейі теліп. Батыр аға балаша жарқын күлді...

Жазушы Естай Мырзахметұлына соны бір әңгіме ауанына қарай айтып едім, ол:

– Фаба-ау, қазақта «Батыр бала мінезді», «Батыр – аңғал» деген мәтел бар емес пе? Батырдың, нағыз, шын батырдың жаратылысы таза, адал болатыны жайында айтылған нақыл сөздер, сол рас, әбден рас. Баукеңді мен де қадірледім, құрмет тұттым, сырттай ғана білсем де. Ол ел аузындағы кісі емес пе, кейбіреулер өзі... жоқ ұпайды көксегендіктен, әлгі «қой, бұл шіркін ер қанден пілге де үрген демей ме?!» дегендей, Баукеңді сырттай болсын мұқату пиғылымен ол кісінің мінезін күстаналап, ей, қайдағы-жайдағыны айтып отырады, құдай-ау, солары несі? Неге керек ол?! Өздері адамгершілікке жарымай жүріп, өзінен жүз есе артық Баукеңе дөй даладан қыр көрсетеді, солары ұят емес пе?! – деген Ес-аға маған көзі өткірлене қарады. Мен әңгімемізге Баукеңді кірістіргеніме іштей өкініп, сөзімді басқа арнаға бұра қойдым:

– Ес-аға, бұдан тоғыз жыл бұрын, 1986-жылдың шілдесінде, Оқжетпестің түбінде тұрғанымызда бір жақсы пікір айтып едіңіз, есіңізде ме? – дедім.

Жаратылысында ақкөңіл жанның жаңа ғана қыстың алғашқы мұзындай шыңылтырлана қалған жұқалтаң жүзі жылып жүре берді:

– Ә, әлгі альбом туралыны айтасың ба? – деп күлімсіреді. – Сөзі дайың, мөлшері үшжарым баспа табақ. Суреттерін түсіру де аяқталып қалды, енді қолымызды қаржы шіркін ғана байлауы мүмкін, бірақ ол да реттелер, азаматтарымыз аман-есен болсыншы! – деді әрқашанғы адал тілеуқор ниетімен.

1996-жылдың көкек айы туған. Солтүстік облыстардың көктемі кешіккіш әдетінен жаңылмай керігіп жатқан кез. Ара-тұра тіпті, Ес-ағаның жазғанындай, «Ұйтқыған қар құйыны иесіне еркелеген күшіктей алды-артты орап, ойнақ салады» («Қара жолдың бойында» хикаясы). Қаламгер туған өңірінің қатал қысын суреттегенде де жұмсақ жаратылысынан жаңылмай, табиғаттың тауқыметін қиянатқа қимай, тыныс тарылтқан қар құйынын еркелеген күшікке теңегенін қараңызшы!

Ес-ағаның не жазып, не қойғаны, неден бастап, қалай тәмамдағаны, яғни хикаят-әңгімелері, романдары – Абылай мен Кенесары, Қанай би, Ақан сері мен Біржан сал, Балуан Шолақ пен Үкілі Ыбырай, басқа да ардақтарымыз бен арыстарымыз, Көкшенің көне тарихы, кешелі-бүгінгі мәдениеті, әдебиеті, өнері, ғылымы жайында жазған танымдық оңдаған мақалалары – білгір де байыпты әдебиетші-тарихшылардың зерлеуін тосып жатқан бір кең өлем.

Көкшетау облысының Шортанды ауданына қарасты «Жаңа жол» ауылында 1927-жылғы қаңтардың 15-інде дүниеге келген, орталау мектепті бітірісімен, колхоз, жұмысына араласқан. Әуелде трактор-егіс бригадасының есепшісі, трактор тіркеушісі, тракторшы, одан соң комбайншылар курсы бітіріп, комбайншы болып істеген. 1949-жылы орта мектепті бітіріп, сол кезде-ақ қаламға икемі бары байқалып, ҚазМУ-дің журналшылар факультетіне қабылданды. Университетте оқып жүргенде жазу қабілетімен танылған ол диплом алысымен «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеті редакциясына қызметке шақырылып, бөлім меңгерушісі болып, басылымның пәрмені, беделі артуына тартымды мақалалары мен көркем әңгімелері арқылы айтулы үлес қосты. Тың игеру басталысымен қайнаған еңбек ортасына сұранып, жастар газетінің Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарындағы меншікті тілшісі болып аттанды. Ес-ағаның Көкше өңірінің бірыңғай шежірешісі болуы сол жылы (1965) басталған. Бірақ, егер жаңылыспасам, төрт жылдан кейін айықпас бейнетке тап болды. Бірде, көктемгі егіс кезінде іссапарға шығып, аудандарды аралап жүріп, тракторшы шағын сағынды ма, кім білсін, трактор соқасына отырып, жер жыртысуға кіріскен. Бірнеше айналымнан кейін соқа жүзі кенет тасқа сақ етеді де, көміліп көрінбей жатқан нән тас тырп етпей, соқа аударылып кетіп, Ес-аға астында қалады. Кеудесінен қатты жарақаттанған жігіт дереу облыстық ауруханаға жеткізілген. Бірнеше қабырғасы күйреп, оң жақ өкпесі жыртылып кеткен екен. Шұғыл жасалған операция ойдағыдай болмай, жас журналшы-жазушының мекхнат жолы басталды. Айналасы төрт жылда хирург кездігі кеуде қуысына он екі мәрте із салып, еңсесін арнайы жасап берілген болат құрсаумен көтеріп жүруге мәжбүр болды. Амал не, мүгедектік шаужайына жармасты. Бірақ Ес-аға жасымады, өмірге, көркем әдебиетке құштарлығынан танбады, қолы қалам ұстауға иліккен сәттерде жазуын жалғастыра берді. Тағдырдың тауқыметіне ұшыраса да, тастүйін қайрат-жігері жасымаған шағын денелі Ес-аға маған әрқашан кесек бітісі болып көрінетін.

...Ес-ағаның жасы сексенге толған тойы әлі де көз алдымда. Бүкіл Көкше алақанына салып аялады.

Той өтіп, отбасында оңаша шүйіркелесіп отырған сәтімізде Ес-аға өмір, дос-жолдастары жайында әңгіме шертіп, досы – белгілі ақын, алматылық Әнуарбек Дүйсенбиев марқұмның ақ жарқын мінез-құлықтарын еске алып: «...Сөйткен Әнештің бақиға аттанғанына жиырма сегіз жыл болды... Зейнолла екеуі бір жылда кете барды... Қайран, достар!.. Зымырап өтіп жатқан уақыт!..» – деп ауыр күрсінді. Зейнолла – жігіт жасында сырқатқа шалдығып, өмірінің 14 жылын төсектен ұзай алмай өткізген досы, жазушы, қызылордалық Зейнолла Шүкіров.

...Ес-аға екеуіміз бір әке, бір шешеден өрбіген жандарша өкінішсіз араласып, отбастарымыздың да жарастығы сүйінтіп жүргелі қырық жыл болып еді. Ағемем мені «Үшаяқ жігіт» деуші еді. Жылда қайталанатын бір қымбат жәйітіміз болды: Ес-аға көктем туа маған телефон шалып, әңгімемізді: «Көкшеге жыл құсы келді, Алматыдағы әлгі үшаяқ жігіт қашан келер екен?» – деп әзілмен бастайтын. Ал қараша айы туа телефон шалғанында: «Біздің Көкшенің қазақтары қызық, Алматыдан әлгі үшаяқ жігіт келіп бата бермейінше соғымдарын соймайтын әдеттері бар», – дейтін. Мен дереу

аттанатынмын. Басқа кездерде де, оны-мұны себеппен, Көкшеге жыл сайын 3-4 рет баратынмын. Мәре-сәре болатынбыз.

...Әдебиетші, тарихшы, жазушы, аудармашы, Көкшенің абызы болған Ес-аға 80 жылдық тойынан үшжарым айдан соң о дүниеге бет түзеді. Бүкіл Көкше шығарып салды. Мен енді Ағаның аруағына қызмет етуімді бастап, әдеби мұрасын реттеп қоюды жөн көріп, Ес-ағаның жазу үстелің, креслосын бір апта бойы меншіктеп, әкесі: «Зиконтайым» – деп еміреніп отыратын сүйікті қызы – Зәмзәгүл екеуіміз Ес-аға папка-папка етіп мұқияттап жиып қойған қолжазбаларымен таныстық. Тіршіліктің тау-тау тауқыметін тартып, соңына түскен сырқатпен сан жыл арпалысып жүрсе де, қаламына тыным бермепті – сан тақырыпқа жазылған, ешқашан ескірмейтін мақалалары мол. Әңгімелері мен пьесалары өз алдына. Әсіресе Абылай ханның «Қайран елім», «Дүние қалды» атты екі күйін арқау ете жазған пьесасы, егер білікті драматург пен режиссер назар аударса, театр сахнасындағы бір құндылық болатыны анық.

«Медет», «Он бес жыл өткен соң» романдары жас жазушыны оқырман қауымға ерте де кең танытқан еңбектері еді. Кезінде әдеби сын жоғары бағалағаны есімде болса да, бұл туындыларына жер-жерден жүздеген алғыс-пікір хат алғанын енді білдім. Жүрегіңді елжірететін, көзіңе жас үйірілтетін де, еріксіз езу тарттыратын да хаттар.

2010-жыл



## КҮЛІП АЛЫП ЖАЗАТЫН

Біз жазушыларға арнап салынған қырық пәтерлі үйде 8 жыл көрші тұрдық. Жаңа қонысқа көшіп барған күннің ертеңінде есік алдында кездесе қалғанымызда ол жымыңдап тұрып:

– Мына үйдің дені сау екен. Осыған ұқсас үйде тұрдым ғой, бәтшағар қызық еді: бірінші пәтерінде жілік шақсаң, елуінші пәтеріне естілетін, – деді. Құйма қабырғалардан құрастырылатын, жұрт «хрущевтің лашығы» – деп атайтын үйлерді әжуалағаны.

– Ал мына үйің қалай? – дедім, қазақы «жілік шақсаң» қалжыңының жалғасын естігім келіп. Бүкіл бет-ауызы күліп тұрды да:

– Бір бөлмеңде бомба жарсаң, екінші бөлмеңе естіле қоймас, – деді. Кірпіштен салынған үйге кіргеніне риза болғаны.

Сол жайлы баспанада, оның о жақ, бұ жағындағы үйлерде тұратын қазекемдер Осекең туралы алуан-алуан әңгіме айтады. Мысалы:

Ол жақын мекемелердің бірінде қызмет істейтін Кеңес атты жігітпен аралас-құралас екен. Он шақты жас кіші Кеңес оны ағалап, сәлем беріп жүрген. Бір мереке алдында екеуі тағы кездесе қалады. Інісі еңбегіне қарай берілген орден-медальдарын тағып шығыпты. Өзіне ондайдың біреуі де бұйырмаған ағасы бұрынырақ «қамшылап»:

– О, Кеңке, ағеке, ассалаумағалейкүм! Сіз соғысқа қатысқан екенсіз ғой?! – депті...

Ертелі-кеш үй маңында қыдырыстап жүретін әдеті бар-ды. Кеңсе атаулыда тұрақтап жұмыс істемеген жаң, бар уақыты өзінікі. Сондай рахат сәттерінің бірінде жап-жас милиционер қазақ келіп амандасады да:

– Аға, сіз мына төрт қабатты үйде тұрасыз ғой, ә? – дейді.

– Бірінші подъезд, үшінші қабат, алтыншы пәтер!

Өзіне рапорт бергендей қаздия қалғанына, нық-нық сөйлегеніне іші жылып кеткен милиционер жымып:

– Аға, сізге бір сұрақ қойсам деп едім, – дейді.

– Бірінші сұрағыңды қойдың ғой, ендігісін санамай-ақ қоя бер.

– Алдыңғы жақтарыңыздағы анау жекеменшік үйге кеше түнде ұры түсіпті, байқап қалған көршілерінің айтуынша, ұры – қазақ әйел сияқты. Сіз осы маңда жиі жүресіз, сондай сезікті әйелді көрмедіңіз бе?

– Көрдім.

– Қашан?

– Алдыңғы күні де, кеше де, бүгін де.

– Түр-түсін айтып бере аласыз ба?

– Неге айтып бере алмаймын? Айтқанда мен айтайын оны. Орта бойлы, арық та емес, семіз де емес. Қараторы. Қасы-көзі де қап-қара. Аңқылдап сөйлейтін ашық мінезді әйел. Отыз тісінің он шақтысы – алтын мен күміс. Аты – Нұрсұлу.

– Фамилиясы кім? – дейді милиционер, қуанғанын жасыра алмай елп етіп.

– Айналайың, оны енді өзінен сұра.

– Қайда тұратынын... білмейсіз бе?

– Білем. Менің пәтерімде тұрады.

– Қалай?! Неге?!.

– Әй, шошқа, ол – менің әйелім! Менімен тұрмағанда кіммен тұруы керек? – деп ағекесі ақтарыла күледі. Не күлерің, не ыза боларын білмеген милиционер абдырап:

– Аға, сіз кімсіз, то-есть, аты-жөніңіз қалай? – дейді.

– Айналайын інім, менің атым – Оспанхан, жөнім – Әубәкіров.

– Ой, аға! Мен сізді сырттай жақсы білемін, күлдіретін әңгіме-өлеңдеріңізді ылғи оқып жүремін, «Сүзеген сөзіңізді» білемін! – деп сайрай жөнелген інісін Осекен иығынан құшақтап:

– Екеуіміз танысып болдық, енді үйге жүре ғой, – деп үйіне апарып, бір кітабын сыйлапты...

Радио тілшілерінің бірі сұхбаттасып отырып: «Аға, жер мен көктің арасы қанша?» деген «оқыс» әзіл сұрақ қойғанда: «Жер мен көктің арасы жер мен көктей!» – деп жауап қайырған Осекен жайында «жер мен көкті» аралап жүрген осындай әзіл-аңыз көп. Әзіл түбі – ақиқат десек, соның бәрінде де негіз, бастау көз бар.

Және бірі былайша: Осекеннің жасы елуге толғанда ел-жұрты (Алматы облысының Жамбыл ауданы) шақырып, бірнеше күн құрметтеп, сужаңа болмағанмен, жап-жақсы автокөлік мінгізіп қайтарыпты. Сонымен үйіне келіп түскенде көліктің құжаттарын ұсынған шофер жігітке Осекен:

– Тоқтай тұр, бала, – дейді де, мәшиненің алды-артына шығып қарап, көнігі шоферлерше дөңгелектерін бір-бір теуіп байқап, жымыңдап: – Итің мықты екен, ә? – деп шоферге қарап: – Бала, сенің осындай төртдөңгелегің бар ма? – дейді.

– Жоқ, – дейді анау.

– Мені пәленбай күн бағып-қағып, қалғып-шұлғып жүргендердің арасында сендей сілесі қата шаршаған күшік жоқ. Сені бүгін-ертең басқалар тұрғай үйіңдегі келін де танымай қалар. Сондықтан, әйдә, жүр! – деп шофер жігітті қолынан ұстап, дедектетіп апарып мәшінге отырғызып: – Айналайын інім, осы итті саған сыйладым, ырылда-тып-ырылдатып ызаландырып ал да, келіңге қарай қайқай! – дейді. Шофердің есі шығып, не дерін білмей:

– Аға, аға... – дей берсе керек.

– Мен мұны ырылдатып мініп жүре алмаймың, бұл енді сенікі, берген бастықтарға қазір телефонмен айтамың, бар, қайқай!

– Аға!..

– Әй, бала, сен шошқа болма, айтқанды ұқ, зымырат! – деп Осекең шоферді арқасынан қағып, мәшіннің есігін жауып: – Жөнел, кәне! Жарықта келінге жет! Ал тайып тұр! – дейді.

Сол хикаяты туралы сұрағанымда ол әдетінше мез бола қырылдақ күлкісіне басып:

– Сөйтпегенде қайт дейсің? Одан бұрын да әлгібір «Москвич» деген торпақты мінгенмін. Бір күні сол тұлпарыммен Ұзынағаштан шіреніп, екі көзім, әрине, аспанда, жүйткітіп келе жатсам, ілгерілеп бір самолет кетіп барады, осылай қарай. «Әй, шошқа сол, Алматыға менен бұрын жетпекшісің бе?!» – деп педальді последний миллиметріне дейі бастым ғой бағана! Сөйтіп, «Москвичімді» шыңғыртып шауып келе жатып, бір кезде бір жерге топ ете түстім. Есім сау. Ұшып тұрып қарасам: тәйір атқыр тұлпарым жол жиегіндегі сорайған бағанды бір шекесімен сүзіп кеп қалған да, құдауәндө, шалқасынан түсіп, келген жағына қарап жатыр. Мені әйтеуір бір жерінен қапшықша лақтырып тастай салған! Содан кейін: «Қой, бүйтіп баған санай берсем, Алматы электрсіз, телефонсыз қалып жүрер» – дедім де, төртдөңгелек пәледен құтылғанмың, – деді...

Бірде кешкісін үйіміздің қарсысындағы азық-түлік дүкенінде тоқайласып қалдық.

– Е, Осеке, не ғып жүрсің? – дедім.

– Мыналарға, – деп мені қолтықтап, шыны жаймалардың жанына алып барды да, жайрап жатқан балықтардың басы қырқылғандарын нұсқап:

– Мына байғұстардың атын білесің бе? – деді.

– Ставрида ғой.

– Мен осыған өлең шығардым.

– Не деп?

– Ассалаумағалейкүм, ставрида! Әлі өтпей жатырсың ба, мыстан рыба?! деп, – деді де, қырылдай күліп, қолын сермеп кете барды...

Осекең бір күні «Балалар бұйымы» дүкеніне барса, құрдастарының бірі велосипед көріп тұр екен.

– Е, дұрыс, тоғыз ай, тоғыз күншіліктен үш айда жетіп келген күшігің мұны үш айында-ақ мініп алар, – депті. Құрдасы қатты ашуланып, біразға дейін сөйлеспей жүріпті. Сөйтсе, ол құрдасының келіні тойдан кейін үш айдан соң босанып қалған екен...

Шығармалары көзі қарақты қазақты түгел құмартырып, ішек-сілесін қатыра күлдіретін Осекең марқұм жайында аңыз әңгіме айтып тауысқысыз. Бәрі де аса бір жылы лебізбен, жеңіл күлкімен көмкеріліп айтылады. Міне, жиырма жыл болды. Әлі де айтыла береді. Халқына ескірмес, тозбас жүздеген әңгіме-өлең сыйлаған классиктің өзіл-сықақ, әжуа-оспақ, мысқыл-мазақ дүниелерінің көбі халқының аузында. «Оспанхан» деген сөзді естігенде өлең етпейтін, езу тарта қалмайтын қазақ жоқ дей аламын. Оның: Көдіі мен Сөдіі, Айдаубайы мен Байлаубайы, Мимырты мен Қошқылы, Анауы мен Мынауы, Кәуікбайы мен Әусегі, Ойнакүлі мен Бөдені... – бәрі де Осекеңнен «бата алған» күйлерінде арғы жақ пен бергі жақта одыраңдап, тасыраңдап, жылмыңдап, қылмыңдап жортып жүр. Танимыз, күлеміз, есіркейміз, жиіркенеміз... Неге, не үшін? Оспанхан шетінен тізіп, мінездеме беріп кеткен. «Оспанхан» дегенді құлағымыз шалғанда-ақ олардың әрқайсысының сықпыт-сиқы көз алдымызға келе қалады. Тәптіштеп айтуды, дәлелдеп түсіндіруді қажет етпейді. «Лениншіл жас»



(бүгінде «Жас алаш») газетінде «Сүзеген сөз» әзіл-сықақ отауын тіккен, «Тамашаның» түтінін түзулеген, республикалық «Қуыршақ театрын» қаз тұрғызған, газет-журналдар мен теле-радионы тапқыр да көркем қазақы күлкіге, әні сәтті табылған әзіл өлеңге қарық қылған Оспанхан ғой Ол! Серб әдебиетінің классигі сықақшы Бранислав Нушичті, түріктің ғажап әзілқойы Әзиз Несинді қазақ оқырмандарына алғаш таныстырғаны және бар!

1978-жылы «Лениншіл жастың» редакциясы маған Оспанханмен сұхбат жасауды тапсырды. Жолықтық. Әңгіме соқтық.

– Әзіл-сықақ ауылына қалай келдің?– дедім.

– Әу баста, тілімнің бұрала беретініне қарамай, әртіст боламын деп консерваторияның қорасына кіріп кеп кеттім. «Актер» деген қабырға газеті бар екен, тыныш жүрмей, соған студент жолдастарыма арнап, оқытушыларға деп әзіл өлең жазуды бастадым. Оқығандар: «Әй, маладесс!» – деп қолпаштайтын болды да, мен олар күлген сайын еліріп жаза бердім, жаза бердім, сөйтіп, дөндеп алдым!

– Әңгіме-өлеңдерің кәдімгі газетке алғаш шыққанда қайтіп қуандың?

– Кәдімгі жылқыша жата қалып аунадым.

– Сатирада сиынатын тәңірің кім?

– Абайдың қара сөздері.

«Сиынарың кім?» – дегенге біз сыздаңқырап, бөлденіңкіреп, ойланғанға ұқсас кейіп көрсетіңкіреп, әлемдік әзіл-сықақтағы ұлыларды атап, бағамызды бүгінгі базар нарқынан да қымбаттатып жібереміз. Ал жаратылысынан қарапайым Оспанхан өйткен жоқ. Менің сәл таңданғанымды аңғара қойды да, Абекеңнің қара сөздерінен «уыс-уыс» үзінді айтты. Заман, қоғам, адам жайындағы ең толық суреттеме, мінездеме, сипаттаманың Қара сөздерде жатқаны аян. Оқы, ойлан, түсін. Кезектеп керегінді ал да, – қолыңнан келеді екен, – жаза бер. Оспанханға құдай оқи білетін, түсіне білетін, жаза білетін қасиет сыйлаған ғой. Күле білетіні өз алдына. Ол күле білетін. «Ақындардың әйелі неге арық болады?» әңгімесінің кейіпкері – бәйбішесі Нұрсұлу тізіп айтып жүрсе, біз де шет жағасын білетін едік: Осекең күлкілі жәйтті айтар алдында да, жазуға ыңғайланғанда да әуелі өзі қайта-қайта күліп, әбден рахаттанатын. Қай шығармасын оқи бастасаң-ақ қалың күлкінің ортасына еніп бара жатасың ғой. Оқырманының сол күйін автор өз басынан өткеретіні – сырт көзге бір ерекше қызық. Бірде: «Бізге де айтсаңшы, біз де күлейік те!» – деп қағытқанымда оның: – Енді қайтейің, шошқалар шошаңдап көз алдымда тұрып алады», – дегені бар. Ол інілерін қатты жақсы көре қалжыңдағанда «шошқалап» алатын. Соны ескеріп:

– Шошаңдаған шошқа кейіпкерлеріңді де жақсы көретіннен саумысың? – деп едім, ол күліп алып:

– Олар мені жақсы көретін сияқты, Нұрсұлуымша күндіз ойымнан, түнде түсімнен кетпейді, сонсоң мен де жақсы көруге міндетті шығармын деп ойлаймын, – дегені.

Әзіл – кейіпкеріңнің көңілін жыққың келмеген күлкің, ал сықақ – кейіпкеріңнің тұқымын құртқың келген күлкің. Оспанханда әзіл басым еді. Тумысында қулық-сұмдығы жоқ ашық-жарқын жан өмірдегі небір алаяқтыққа, аярлыққа аянышпен қарап: «Ей, байғұс, шынымен өстіп өтер ме екенсің?!..» – деп кеткен тәрізденеді...

Осекеңнің туған әкесі – Тұрсынәлі Ыстыбаев. «Қалқаман-Мамыр» хиссасындағы Қалқаманның ұрпағы екен. Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы «Қастек» колхозының бастығы кезінде, 1937-жылы «халық жауы» деген жаланың құрбаны болыпты. Үш жасында әкесіз жетім атанған Оспанханның келешегін ойлаған шешесі Әубәкір деген жігітке тұрмысқа шыққан. Әубәкір парасатты жан екен, балаға өгейлік жасамапты. Алақаны аялы Әукеңді Оспанхан туған әкесіндей сыйлап өсіпті. Мұны

бірде ақын ағамыз Әнуәрбек Дүйсенбиев үшеуіміз бас қосып отырғанымызда Осекеңнің өзі айтқаны есімде. Әнекең екеуі туыс екен.

Бұ дүниеге 1934-жылы, мамыр айының 4-і күні іңгәләп келген Осекең небары 52 жыл өмір сүрді. О, жалған! Сағыныш шіркін жүректі саздырып жүр...

Осекеңнің өзі жоқ болса да, ел-жұрты 60 жылдығын жақсылап тойлады. Ұстазымыз Темірбек Қожекеев бас болған сықақшылар қауымы түгел бардық. Ат жарысы, тай жарысы болды. Естелік кеші концертпен көмкерілді.

70 жылдығын бүкіл республика көлемінде өткізу жөн болады дестік. Жазушылар одағының басшыларына ой-пікірлерімді жазып білдірдім. Өзіміздің де іске кірісуіміз керек. Үкіметімізге, Бас министрдің мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасары Иманғали Тасмағамбетовке, Баспасөз министріміз Алтынбек Сәрсенбаевқа (бүгінде марқұм асыл азаматымыздың жаны жәннәттә болсын!) хат жазып, Осекеңнің мерейтойына оның шығармалар жиыны 8 том болады, соны шығаруға қол ұштарын беруді өтіндім. Жауап келді. Көрсеткен көлемімнің жартысын, яғни 4 томын дайындауды айтыпты, тойына арнап 2003-жылы шығарып беретіндерін мәлімдепті. Осекеңнің бәйбішесі Нұрсұлудан сүйінші сұрап, «қорамсаққа қол салдық». Нүрекең қуаныштан жасарып жүре берді. Осекеңнің есен-сау, бейқам кездерінде газет-журнал беттеріне шашылып, жиналмай қала берген, үй мұрағатында қолжазба күйінде жатып қалған әңгіме, өлең, пьесаларын компьютерден өткізіп, менің алдыма да үйіп тастады, көмекке құлшына ұмтылған Үмбекеңе де – Үмбетбай Уайдаұлына да құшақтатты. Газет-журнал, радиоға да тарата бастады. «Тоқсан қызға бағаланған Қамажайдан» артық болмаса кем емес Нұрсұлудың ынта-ықыласына, қажыр-қайратына тәнті болдық. Қазақтың Оспанханының аруағын ардақ тұтушы жары, ұл-қыз сүйген ана, немере-шөбере өсіріп отырған апа-әже, ыстық та сұлу сезім иесі Нұрсұлуда: – Құдай қуат беріп, жақсылыққа кенеліп, 100 жаса! – дестік.

Осекеңнің 70 жылдығы, жиырма төрт айды артта қалдырып барып, 2005-жылы өткізілді. Мұның алдында туған өңірі Жамбыл ауданында жақсылап тойланды – облыс, аудан басшыларына мың бір алғыс! Ол тойды атқаруға бес қаруын сайлап кіріскен, Оспанхан көкесі «таксидей көк көзім» – деп еркелеткен ең сүйкімді шәкірті, балапандай жұп-жұмсақ ініміз Көпен Әмір Бекке 999 алғыс!

Мерейтойына дүйім жұрт болып дүрлігіп, алты жыл бойы: – Оспанхан, Осекең! – деп атын аузымыздан тастамай жүргенімізге көнермес күлкісіне баға жетпес классик ұстазымыздың аруағы риза болар, бірақ біздің – көзі тірі шәкірттерінің көкейінде, жасырып қайтейік, қыжыл жоқ емес. Ол – 4 томын шығару жоспарланған жылы Иманғалидың да, Алтынбектің де басқа қызметке кете қалғандары, олардың орнына отырғандардың «ауыздарын қу шөппен сүртіп», бізге дәм-татымы жоқ сөзден табақ тартқандары. Көптомдық шығарудай игі істі бастаған «Қазығұрт» баспасы үкіметтің «тендер» – деп аталатын бетпағы жыл сайын қысып беретін мардымсыз қаржыға қарайлай-қарайлай, 4 томды жиыны сегіз жылда шығарды. Ей, берекесіз дүние-ай!..

Осекеңнің 80 жылдығы қалай өтер екен...

...Бүкіл бет-ауызы күліп келе жатқан Осекеңді көрген сайын ол маған жұмыр басты пенде емес, құдайдың өзі адам қалыбына құя салған тіп-тірі Әзіл-Сықақ сияқтанатын. Екеуіміз 1966-жылдың маусым айында таныстық. Кейін де жазушылардың Жамбыл көшесіндегі, Оспанхан айтатындай, Азаматтардың ақ үйінде сегіз жыл көрші болдық. Араластық, құраластық. Бірде үйінде жалғыз өзі қырылдай қарқылдап жүргенін де көргенім бар.

– Оу, Осеке, жол болсын! – дедім, өзілімді астарлап.

– Кел, жүр, бірге күлейік! – деді ол, дізгін бермей. Күлген бойы мені білегімнен ұстай алып, жазу үстеліне қарай «қайқайды».

– Мына пәлені оқышы! – дейді, үстелде жатқан парақтарды балуанға тән жуан саусағымен меңзеп. Өзі тағы күліп, шегініп кетті. «Үретін ит пен күлетін ит» – деп тақырып қойып жаза бастаған әңгімесі екен.

Оспанханның әзіл әңгіме-өлең жазуға кірісер алдында да, жазу барысында да суреттер оқиғасын оңаша күлкісіне «орап, әлдилеп» алатын әдеті барын сол жолы көрдім. «Өзің күлмегенге басқалар да күлмейді» – деді.

Ол шынында күлу үшін, күлдіру үшін туғандай еді. Замандастарының арасында, меніңше, ой-оқиға ойнату, сөз ойнатуда Осекеңе жете алған әзіл-сықақшы әлі жоқпыз.

Иә, Көшбасшымыздың өзін де, күлкісін де сағынып жүрміз. Иісі қазақтың көкірегі ояуы білетін, аруағын құрметтейтін Осекеңе Алматының басшыларынан бастап, үкіметке дейін 20 жыл жазып жүріп, «2-Шаңырақтан» көше атын әрең алдық. Республика қуыршақ театрының ұжымымен келісе отырып, театрға атын қоюды сұрағанымыздан дәнеңе шықпады. Қажет еткен құжаттарды пәленшекеңнің нұсқауымен түгленшекеңе, түгленшекеңнің нұсқауымен пәленшекеңе апарумен Нұрсұлу талай бәтіңкені тоздырып тынды. Сатира сардары 20 жыл тұрған үйге ескерткіш тақта орнатуды әлі күтудеміз. Айтылған мәселе атаулыны уақтылы шешуі парыз мекемелердің басшылары Осекең өзі барда сыйлаған күлкіден түйілген ішектерін күні бүгінге дейін жаза алмай қор болып жүр-ау деймін..

Менің жасым елуге толған күні Осекең: «Бұл – саған берген құрмет грамотам!» – деп мез болып тұрып ұсынған өлең-хаты мынау еді:

«Ой, сұмдық-ай, Ғаббас та  
Келеді екен Елуге,  
Болмайды сені телуге.  
«Келдім, – дейсің, – Елуге»,  
Бола ма соған сенуге?!  
Дегенменен, түбінде  
Жет, Жамбылдың жасына,  
Осы түссін басыңа!  
Ал енді сол жүзге дейін  
Басыңды бір де қасыма!»

Қасымау қайда, Осеке! Бүгінгі тоңмойындардан сенің аруағыңды әспеттеуді сұраумен қаси-қаси басым таз болуға айналды!

2013-жыл.



## ШӨКЕҢ

Аты-жөні аталған сәтте арғы жағы өзінен-өзі түсінікті болып жүре беретін, ол кім, не істеп еді (егер марқұм болса), не істеп жүр (егер тірі болса) – бет-бейнесі, жүріс-тұрысы, сөзі, күлкісі көз алдыңа келе қалатын адамдар бар. Смаханұлы Шона – солардың бірегейі. «Шона Смаханұлы» деген екі сөзді естіген көзі қарақты, есті қазақтың екі езуі екі шықшытына қарай сырғи жөнелгенін көретінбіз, әлі де көріп жүрміз. Рас, соңғы жылдары сирек. Себебі: «өзі жоқтың – көзі жоқ» та, өзі бардың көзіне қоса

сөзі бар, не қиялап, не төтелеп жүріп кететін жолы бар, кітабын шығарар жаққа қарай жетектейтін ағасы, итермелейтін інісі бар. Әдебиетіміздің бүгінгі жоқшылары да: «Бұл қалай? Кітап дүкендерінің сөрелерінде Шона Смаханұлының кітаптары неге жоқ? Біраз баспаның дізгін-шылбырын ұстап отырғандар Шөкеңнің әзіл-сықақ әңгімелерін, фельетондарың, мысал-мысқылдарың, шымшыма-шаншымаларың оқып, мез бола күліп өскендер емес пе? Солар өздерін көбірек ойлай бермей, Шона Смаханұлының шығармаларың неге түгендемейді?» демейді. Ал әдебиетіміздің жанрлары жайында мақала жазғыштар мен баяндама жасағыштар сатира ауылымызға жете бере қалт тоқтап, мойнын олай – бұлай созып қарап, айналма жолды көріп, жылыстап кете барады. Олардың айтқан-жазғандарынан «сатира» деген сөзді ести де, көре де алмайтын болдық, бізде сонау классик Бейімбет Майлиннен бүгінгі жас әзіл-сықақшы Үміт Зұлқарқызына дейін жалғасып жатқан сындарлы көш жоқ сияқты.

Жә, «сөзге сөз келгеннен соң айта салдым», әйтпесе «көрмес, түйені де көрместер» біздің қай теңіміз деп, Шөкең хақындағы әңгімеме оралайын.

Дене бітімі тігінен тұрғызып қойған шымкірпіштей шағын болса да, мығым еді-ау біздің Шөкең! Ұзын кірпікті қой көзі күлімдеп, күміс тістері айдың сынықтарындай жылтырап, әлдебір әзілін алға сала сәлемдесетін. Ренішті минөт-сағаттары аз болатын, қаншама кездесуімізде Шөкеңнің қоңырқай мен ақсары араласқандай ерекше шырайлы өңінің қуқылданғанын бір көргенім – 1985-жылдың ақпаны-ау деймін, түс әлетінде кабинетімнің есігі тық-тық етіліп ашылып, домалана кіріп келген Шөкең:

– Мырза, хал жаман! – деді де, қына тонының түймелерін ағытып, қолындағы бөркін диванға тастай беріп, өзі де отыра кетті. Орнымнан аңтарыла тұрдым да, жанына барып отырып, қолын алып:

– Ассалаумағалейкүм, батыр, не хал? Аспан аласара бастады ма? – дедім. Екеуіміз құрдас болмасақ та, қалайда қалжыңдаса беретінбіз. Қазақ мектебін көбейту жорығының сардары Шөкеңді мен «батыр» дейтінмін де, ол мені, неге екенін білмеймін және сұрамаппын да, «мырза» дейтін. Құдды бар-ау, бізге тәуелсіздік бұйырған соң «жолдас» деген жылы сөзбен қоштасып, «мырза» деген салқын сөзді малданатынымызды сезген дерсің!

– «Үш әріп» тағы шақырып жатыр, пәле болды! Мен өзім үшін жанталасып жүрген жоқпын ғой, соны ұқтыра алар емеспін! – деді, салқын жымыып. Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетін қазекемдер «үш әріп» – деп атады ғой, ал орыстар оны – КГБ-ны – «комитет глубокого бурения» – деп әжуәлайтын. Әрине, сырттай.

– Бұған дейін түк істемегенде, батыреке, енді не істер дейсің, «Жазушы Шона Смаханұлын шақырып алдық, қателігін түсіндірдік, ұқты» – деп күпіну үшін шақырады ғой. Оларға да: «солай етіндер!» деген бұйрық бар шығар, апшымағын! – дедім, иығынан құшақтап.

– Әй, өздері қызық, біз Алматыда қазақ мектебі жоқтың қасы екенін дәлелдеп, жаңадан ашу керек деп жүгіріп жүрміз. Мәселе Қонаев жолдасқа о бастан мәлім. Мен ең әуелі Димекеннің қабылдауына сұранып, алдына бардым. Қазақ мектебінің, қазақ тілінің қиын жағдайда екенін тәуекелмен ашық айттым. Ол кісі екі-үш минөттей ойланып отырды да, содан кейін маған жылы қарап: «Алдыма келген аға-інілерің өзіне ғана керекті айтушы еді, сен халықтың сөзін айта келдің. Ризамын. Менің де күткенім осындай бір қимыл еді. Дұрыс!», – деп қолымды қысты. Жаңа мектептің бірнешеуі ашылды, әлі де ашылады. Ал мына «үш әріптегілер» болса, «сізде ұлтшылдық бірдеңе бар» – деп мылжыңдайды, бүгін де соны айтатын шығар, сағат төртке шақыртыпты, атаңа нәлеттер!

– «Сізде бірдеңе бар» – дейді, бірақ, не барын білмейді, ә? – деп едім, Шөкең маған жалт қарады да:

– Шықты, мырза, шықты! «Сізде бірдеңе бар дейді, бірақ, не барын білмейді, ә?».  
Сен соңғы «ә» дегенінді сұрағыңмен қоса алып қал да, басқасын маған сат! – деп кенет күліп жіберіп, тіземді нұқып-нұқып қалды.

– Әрине, сатамын, тегін дүние жоқ, батыреке! – дедім.

– Бағанды айт, керегіңді ата! – деді.

– Айтсам... атасам... Аманкүл атты қарындас-жеңгеммен қашан, қайда, қайтіп, қалай табыстың, соны айтшы! – деп шұқшия қалдым.

– Әй, мырза!.. – деп Шөкең екі алақанын шарт еткізіп, диванға жантая кетті...

Ақың жазушы, аудармашы, әзіл-сықақтың хас шебері болған, бұдан 66 жыл бұрын Жөкеңнің, жүз жасаған Жамбыл атамыздың өшпес атындағы облыстың Ойық ауылында дүниеге келген Шона Смаханұлы қазақы бесікте тербеліп, анасының әлдиін тыңдап ширады. Уызбен бірге ана тілінің шырынын да татты. Сол табиғи ұлы құбылысты ана тілі туралы өлеңінде сүйіне есіне алып:

Анамның тілі – айбыным менің!

Анамның тілі – Ай, Күнім менің!

– деп жазғаны және туған халқының тілін ту ете білгенінің арқасында:

Сүйемін байтақ елімді туған,

Сүйемін мәңгі өмірді-думан!

– деп сыр шерткені бар. Алайда, мектеп есігін ашқанын:

Барғанымда алдыңа,

Қызыл арай гүл алып,

Жақын тарттың жаныңа,

«Шәкіртім» – деп қуанып.

Сипадың да басымнан,

«Әліппені» ұсындың.

Бақытымның мен содан

Басталғанын түсіндім,

– деп жырлаған Шөкең ол жылдары өзінің де, елінің де бақытты өмірі үшін:

Сенде ғана жаралдым,

Таң нұрындай Отаным!

Сенен ғана нәр алдым,

Көз нұрындай Отаным!

– дегенінде сұрапыл соғысқа қатысып қан кешерін, сан қауіп-қатерден қаймықпай өтіп, еліне жеңіспен оралар майдангер боларын, әлбетте, болжаған жоқ. Халқымыздың Баукеңі – Бауыржан Момышұлы: «Найзадан қол босаса, қалам алдым...» – десе, Шөкең қаншама жыл бойы қаламын найза етіп, Ана тілі үшін, қарадомалақ бала-інілерінің білімі үшін түлкі заманды қыран болып шалды, саяси дүңгене заманға қарсы шықты, Алматыда қазақ балабақшаларын, қазақ мектептерін ашу күресін бастады.

Қазақ мектептерін көбейту, мән-мәртебесін көтеру үшін күрес – 1960-жылдары бір бұрқ еткені есімде. «Аралас класс» ашу деген науқан бастала қалды. Биіктен түскен бұйрық қой. Сыныптас қазақ пен орыс шәкірттерді бірге отырғызып оқыту керек, ол – заман талабы делінді. «Қазақстан – халықтар достығының лабораториясы» – деп лепіре бастағанбыз. Әлдебір зымияндар соны көзір етіп, халықтар достығын мейлінше нығайту үшін «аралас кластар» ашуға алқын-жұлқын кірісіп кетті. Егер жаңылмасам, Білім министріміздің орынбасары Щербатов деген жол бастап, тіпті

бар-ау, Қазақстанда «аралас кластардың» болуы – өмірдің, халықтың талабы деп докторлық диссертация қорғады. Сәбит Мұқанов бастаған он шақты ақын-жазушымыз қатысып, ашық, батыл, дәлелді қарсы сөйлесе де, жоғарыда қонжиып отырғандарды төменге түсіре алмады. Диссертацияны бағаларда дауыс беруге құқылы ғалым – шындығында ғалымсымақ – қазақтардың екіжақтылары Щербаковты жақтап шыға берді. Соны естіген Шөкеңнің: «Бұл – сұмдық қой! Анау ғалым қазақтарға не болған, неткен сатқындық!» – деп ширыққан тұрпаты көз алдымда.

Жылдар жылжып өтіп жатты. «Аралас кластар» өріс ала алмаса да, оның есесіне қазақ мектептері «ірілендіру, ұлғайту» деген желеумен азайтылып, жабыла бастады. Мысалы, Алматыда бар-жоғы төрт-бес мектебімізден №12 орта мектеп қана қалды. Майдангер, мұғалім, белгілі журналшы, жазушы Шона Смаханұлының «Қазақ мектебін көбейту керек!» – деп жанпидалап атқа қонғаны – сол кез. Ол күресті қалай бастады, қайтіп жүргізді, журналшы, жазушы інілерінен кімдер батыл қостап шықты, республика, қала, аудан билігіндегі, мектептердегі жалтақой, жағымпаз қазақтар олардың аяқтарынан қалай шалды – бәрі де айтылды, жазылды, немесе әлі де айтылып, жазылып жатыр. Мен Шөкеңнің қалтқысыз тілеулесі, жақтаушысы болып жүрсем де, тікелей көмекшісі болмаған соң, ол бастаған күресті, біріншіден, «мен білем!» – деп төтелеп сайрауды жөн көрмедім. Екіншіден, Шөкеңмен қол ұстасқан намысты, қайратты қаламдас інілері сол бір қиын да қымбат күндері жайында естелік жазар. Олардың көкейден шығар ойларына, ауыздан шығар сөздеріне алдын ала ортақтасуға құқым жоқ екенін білдім. Және бір білгенім – ресми мағлұмат: сол қасиетті күрестің нәтижесінде Алматыда 24 мектеп ашылды, – дейді. Сол үшін Шөкеңнің аруағына тағзым етіп жүремін!

Менің негізгі білетінім: қазақ әдебиетінде Бауыржан Момышұлынша, Балғабек Қыдырбекұлынша әкесінің ұлы екенін айғақтаудан жасқанбаған Шона Смаханұлының болғандығы. Ол 1986-жылы желтоқсанда Алматыда болған сұрапыл оқиғада көтерілісші жастарымыздың арасына барып, қолдаған пікірін айтып жүріпті. Сол күндерді есіне алғанда: – Мырза, сен мені «батыр» дейсің, нағыз батыр біздің қаракөз қыздар екен! Алаңға барған қыздарымыз жігіттерімізбен иық тіресе қатар тұрумен бірге анау айтаққа ерген сойқандардың сойылынан жігіттерді қорғап бақты. Әне, «батыр!» – деп сол қыздарымызды айт! – деп тебірене сөйлейтін.

Смаханұлы шығармашылық жолын балаларға арнап әзіл өлең-жыр, мысал тақпақ жазудан бастады. «Шимайбек пен Шыңқетпе», «Қу түлкінің сыбағасы», «Айға ұшамын» жинақтарында топтастарылған. Лирикалық өлеңдері: «Ақ тілек – арман», «Аңсап келген аққулар», «Қос жанарым», «Жүрсең егер шалғайда», «Гүл туралы баллада» және басқалары – бір төбе.

Ол лирикалық өлең де жазды. Сазгерлер бірнеше өлеңіне әсем әуен шығарды.

Жалпы оқырман қауым Шөкеңді «Сатираның сардары!» – дейді. Асқар Тоқмағамбетов, Сәйділ Төлешев, Жүсіп Алтайбаев, Садықбек Адамбеков, Балғабек Қыдырбекұлы, Оспанжан Әубәкіров, Оспанәлі Иманәлиев сынды қаламдастарымен бірге атайды. Оның шығармаларының сүйектілері: «Тотияйын», «Жүз шымшыма, қырық қышыма», «Сандықтан шыққан сайтан», «Жасырайын несіне», «Өткірдің жүзі», «Кездік» – деп аталған жинақтарында. Ал танымал фельетоншы Шөкең өзіміздің сумақайларға ғана саусақ безеп қоймай, мұхиттың арғы-бергі жағындағы алақұйын агрессорлар әулетіне қамшы үйірді. Оның уытты памфлеттерін – халықаралық тақырыпқа жазылған фельетондарын – Америка Құрама Штаттарының билігіндегі қызылкөздерге қарай зымыратқан «Ақ үйдегі қара пәле» атты сықағы бастап кетті.

Әлбетте, сатирик Шөкең әуелі айналасын жіті шолып, көрген-білгенін көңіліне түйіп:

Екі жақсы бас қосса, жайраңдасар.  
Екі тентек бас қосса, сойқан жасар.  
Бас қосса: әзіл-күлкі, сын мен сықақ,  
Қасыңнан сасқалақтап сайтан қашар,

– деп барлау жасап алды да, қылышын қайрап, найзасын ұштап, семсерін де сайлап, буырқанып-бусанып:

Тілімді түйреуіштей сүйір етіп,  
Қойды мені сықаққа үйір етіп.  
Жақсыға өзім деген залалым жоқ,  
Кетемін жамандарды қиып өтіп!

– деп кірісіп кеп кетті. Сын-сықақты, фельетонды жиілетті. Сөйтіп, көзінің шоғынан танылған Шона қыран сатиралық «Ара-Шмель» журналының редакциясына қызметке шақырылып, айы оңынан туды дейсің! Әсіресе фельетондары гүрзі болып, қоғамды кері тартқан жемқор жеке қу мен сұмға да, талапайшыл топқа да сазайын тарттырды. Әрине, жеңісі оңай болмады. Шөкең қаламын түйрегендер: «Өзіме де осы керек еді» – деп ес жиып, тымпиып отырып қалған жоқ. «Ақпын! Тазамын! Жаланың құрбаны болдым!» – деп жоғарыға арба-арба арыз жөнелтті, бірақ нақты дерекпен дедектеткен фельетоншыдан есе қайтара алмай, тентіреп кетіп жатты. Ол заманда фельетоншының қаламы аты шулы «Калашников автоматындай» болды. Даулы сынның да, жазған автордың да салмағын: фельетон кейіпкері есепте тұратын жергілікті не комсомол, не кәсіподақ, не партия ұйымдары таразылайтын. Жазықты құлар: «Мен – жазықсызбын!» – деп аттандаса, ол бетсіздердің коммунист емесінің байбайы: «Халықтық бақылау комитетінде», коммунистің ойбайы «Партиялық бақылау комитетінде», «Партиялық комиссияда» қаралатын. Ал бүгін – фельетон да, фельетоншы асқар-садықбек-шоналар да жоқ. Себебі: бізде көне Грекиядағыдай құдай-әкім көбейді. Комсомол, кәсіподақ, партия ұйымдары, халықтық, партиялық бақылау комитеттері, комиссиялар – солар. Қарақшыны періштеге, ал періштені қарақшыға айналдыра салулары оп-оңай. Жалаң өмір зор болып, әділеттілік қор болып тұр. Мұндайды фельетоншы Шона Смаханұлының көрмегеніне шүкіршілік!

Әзіл-сықақшы Шона Смаханұлының көргені: елдің білім жүйесіндегі сонау жүйесіздікпен қатар бөксесі креслосымен кіріккен бюрократ-тоңмойын; көзі жұмулы кеудемсоқ; жартыбас жалақор; ана тілін алымсынбайтын албасты; жапашеккеннің жанайқайын естігісі келмейтін керен; домалақ арыз жазбаған күні шалаұйқы болып шошынып шығатын жалақор-пәлекор; аузы мен алақаны, қалталары қатар ашылатын парақор; жұтқыншағы жыл – он екі ай жыбырлап тұратын жемқор; бастығына майлы шелпек болуға жанталасатын бейбақ; қоластындағыларға сойыл-шоқпар болуды көксейтін бетпақ шенеунік; Алланы ұмытқан алаяқ бастық... – өй, құрып қана кеткірлердің түр-түрі мұншама көп болар ма?! Шөкеңнің өз заманында соларды сықақ тілімен іреп-сойып тастап жүргеніндегі шымшымаларын түгендемей-ақ, «мәселеннің» екеуін ғана көлденеңдетейін:

*Біріншісі:*

«Мен! Мен! Мен!» – деп төсін ұрады...  
Төсі сынған соң несін ұрады?

*Екіншісі:*

Сақталмаса: дәстүр-салты,  
Өз өнері, ұлттық даңқы, –

Айтуға да ұят-ты.  
Ондай республика  
Заготконтор сияқты.

«Заготконтор» дегеннің не екенін бүгінгі жастар білмейді, айта тұрайын: ол – біздің кезімізде ауыл-селоны аралап тері-терсек, жүн-жұрқа жинағандардың мекемесі. Иә, қазіргі жеткіншектер оны көрмеген болса да, Шөкеңнің меңзегенін тұспалдай алатын шығар деп ойлаймын.

Бүгінде бақилық қайран Шөкеңнің сонау әзіл-сықақтарынан бүгінгі тірлігіміздің осындай сиықтары көзәйнексіз-ақ көрінеді. Шөкең:

Бала тілін білмегеннің,  
Бір «ноқаты» жетпейді.  
Ана тілін білмегеннің,  
Мың «ноқаты» жетпейді,

– деген болса, кәне, дау айтып байқа.

Парақтауға қуатың  
Жетер ме екен демейді.  
Томнан соң том туатын  
«Классиктер» көбейді,

– деп өзінің әдебиет ауылына да бас шайқаған Шөкең:

Әкесінің жазғанын аудармадан оқиды,

– деп әкесінің баласын да, баласының әкесін де шымшып-шымшып қалған еді.

Шөкеңнің күлкі толы кітаптарының қайсысын болсын оқи бастасаң: қоқырайған, адырайған, жылмаңдаған, жыртақтаған, бүгілген, бүгежектеген, еңкеңдеген, тоңқаңдаған кейіпкерлері айналаңа жинала бастаған сияқтанады. Ол – Шона Смаханұлының шығармалары өмірдің айнасы екендігі.

Шөкең әсем әзілді кітаптарымен шәкірттердің қадірлісі болса, зілді сықақ шығармаларымен ересектердің естілерін сүйіндірді, ессіздерін күйіндірді. Айтпақшы, батыр аға Шөкеңнің өзінің де бір күйінгені әлі есімде. Оны айтудан бұрын мынаны баяндайын. Шөкең бір күні бөлмеме кіре бере:

– Әй, мырза, жалғыз отыр екенсің, есігіңді енді ешкім қақпай тұрғанда айтып алайын, – деді.

– Ассалаумағалейкүм, батыр! Төрлеткін, – деп қарсы алып, диванға жайғастырып:

– О не? Коммунизм орнап қалып па? – дедім.

– Жә, мырза, сен ғой Наймансың, бірақ бір өнерлі ініңе қамқорлық жасамай жүрсің! – деді.

– Е, кімге?

– Осында Айдарбек Ғазизов деген ғажап карикатурашы-суретші жігіт бар, «Халық кеңесі» газетінің редакциясында. Өскеменнен келген. Карикатураның королі, әне, – сол болады! Соның суреттерін кітап етіп шығару керек, талантты тану керек. Сен соны қолға ал! – деді.

– Ә, оның сайқымазақ суреттерін газеттерден көріп жүрмін, бірақ өзін көрген жоқпын.

– Айттым ғой, – деді, мойнын бұрып тастап, терезе жаққа қарап. Жібек орамал іспетті реніші.

– Батыреке, ұсынысың өте жақсы екен! Кітабын шығарайық, оның карикатураларына сен қатырып текст жаз, ал мен үйіп-төгіп алғысөз жазайын.

– Е, міне! Келістік! – деп маған жадырай жалт қарап, қолын ұсынды.



Айдарбектің карикатуралар жинағын «Өнер» баспасы шығаратын болды. Келіскеніміздей, Шөкең суреттеріне мәтін, ал мен кітапқа алғысөз жазып бердік. Сонымен сөйтіп дегендей, бір күні Шөкең тағы келе қалды. Өңі өзгешелеу. Күміс тістері көрінбейді. Сәлемімді жүре алып, үстеліме қиыс орындыққа сылқ етіп отыра кетіп:

– Құлық-сұмдығы капустадай қырық қабаттар бар, ә? – деді. Дауысы да өзгеше.

– Оу, батыр, ел аман ба? – дедім, әзілімді сайлай бастап.

– Айдарбек келді ме? Кітабының атын «Айтпаса да түсінікті» – деп қоятын болды. Жетпіс шақты карикатурасы енгізілмек, бірақ мен жазған елу текстің қырық сегізін алып тасталыпты, сонда... мені мазақ еткендері ме, ол қалай?! – деп маған шұқшия қарады.

– Батыреке-ау, олар менімен ақылдасқан жоқ қой? – деп еріксіз күлдім.

– Ақылдасуға тиіс!

– Менімен бе? – деп әзілімді сабақтай түстім.

– Айдарбекпең, менімен! Біз авторлармыз ғой?!

– Екеуің атын «Айтпаса да түсінікті» – деп қойған соң, түсінікті жәйтті ақылдасып азаптанбайық деген шығар?

Шөкең басын бір шайқап, қолсағатына үңілді де: – Уақыт боп қалыпты, мектепке баруым керек, жарайды, мырза, сау бол! – деп қолын ұсына тез тұрды да, есікке беттеді.

– Батыреке, «ондай-ондай ханның қызында да болады, чепуха!» дей салғын, – дедім. Басқа не дейін.

Шөкең ертеңінде телефон шалып:

– Мырза, кешегі «чепуханың» жалғасы болады. Өлгі қырық сегіз текстімді даулап баспаға бармаймың, оларды топтап, «Айдарбек Ғазизовтың карикатуралар жинағынан алынып қалған текстерім» – деп атап, келесі жинағыма енгіземін, – деп қарқылдап күлді. Ай, ақкөңіл Шөкем-ай!..

Жиырма жыл бойы әңгімеміз, әзіліміз жарасқан сырлас Шөкең, өзі айтқандай, жылдың төрт мезгілінде де көңілді жүруге тырысатын. Және бір жәйт есімде. Жұмыс аяқталар мезетте кіріп келген Шөкең қолын соза жетіп:

– Әй, мырза, Абай мен Байкөкшеше өлең туғызайық, келісесің бе? – деді.

– Келісем, батыр, келісем, бастағын!

– «Жазушы» баспасынан келе жатырмын, бір қолжазбам бар еді, соны өнеу редактор жігіттер алай деп, былай деп, базарлап әуре. Одақтың хатшыларына барып едім, олар: «Баспа бізге бағынышты емес қой» – деді. Соларға арнап: «Орта жүздің одағы, Кіші жүздің баспасы» – дедім, қалай? Кәне, осыны жалғашы! – деп күлді. Мен сәл ойланып алып:

– Осы екеуі болмаса, өзімізде басқасы! – дедім. Шөкең бір сәт селт етті де, қолтығына қыса келген қара былғары папкасын диванға тастай бере қарқылдап күліп:

– Шықты! Шықты! – деп мені иыққа бір түйіп, диванға жантая кетті. Оқыс жауабымның астарын аңғара қойды. Ол тұста Жазушылар одағының басшысы ортажүздік Әнуар Әлімжанов еді де, «Жазушы» баспасының директоры кішіжүздік Әбілмәжін Жұмабаев еді. Ал республиканың, Алматы облысының, Алматы қаласының бірінші басшылары Шөкеңнің руластары – ұлыжүздік жігіттер болатын.

Халқымен бірге жасай берер Шона Смаханұлы туралы сырдың шертілгенінен әлді де шертілері көп.

*2004-жыл*



## «АУЫЗБАСТЫРЫҚҚА» – ЕКІ КІТАП

Өмірде сүйінген сәттерім көп. Аз болса да күйінген сәттерім де жоқ емес. Сүйініш – жақсылық: жасыңа жас қосады. Күйініш – жаманшылық: қара шашыңа ақ қосады. Күйініш дегенде айтпағым: мен ешкіммен жағаласып, айтысып, соттасып-қаттасып көрмеген адаммын. Өйтпеген өз басым ешкімге себеп берген емеспін. Өзіме беталды соқтыққанға жауапты қолма-қол ұстатып, ақ-қараны суымай тұрып айырып жүрдім. Есіктің не ішінде, не сыртында қалып шарбаяқтасуды сұханым сүймейді. Бұл сөзім Балғабек Қыдырбекұлының бір қылығымен байланысты. Бір күні “Социалистік Қазақстан” газеті редакциясының әдебиет пен өнер бөліміндегі қызметкер жігіт телефон соғып: “Аға, кешіріңіз, мен бір жағдайға тап болдым, соны сізге айтуға тиіспін” – деп күмілжігені. Бейтаныстау жігіттің сөзіне іштей еріксіз таңдандым да, жағдайын жасқанбай айтуын өтіндім. Екі оттың ортасында қалған екен. Редактордың орынбасары Балғабек Қыдырбекұлынан менің әзіл-сықақ әңгімелерімді “аямай сынауға” тапсырма алыпты. Өзі әзіл-сықақтың ауылынан алыс ол жігіт не дерін білмеген де, не істерін және білмей басын қатырғалы үш күн болыпты. “Бөлім меңгерушімізге айтып едім, ол кісі: – Бастықтың тапсырмасын орындамай болмайды ғой, – деді, содан соң өзіңізбен хабарласпасқа лажым қалмады”, – дейді журналшы ініміз. “Жарайды, абыржымаңыз, Бөкең тапсырмасын қадағалар болса, “жаздыруға заказ бердім” деңіз, арғы жағын көрерсіз” – дедім. Бір емес, бірнеше бастығына бағынышты журналшы жігіт, әрине, “қызық” халде қалса керек. Ал мен редакцияға телефон шалып, Балғабекұлының орнында екенін білдім де, дереу бардым.

– Бөке, рұқсат па? Үп-үлкен кісінің мынадай кіп-кішкене бөлмеде отырғаны қалай? Ассалаумағалейкүм! – дедім кабинетіне кірген бетте. Ол:

– Сен сияқты келген жолдастар сиса болды емес пе, маған осы жетеді, кең кабинетке жұртты қойша иіріп алып, сағаттап мылжыңдап отыруды жек көремін, – деді. Орнынан көтеріліп, қолын ұсынды. – Келмеуші едің, Алтайдың желі ме, Алатаудың желі ме, қай жел айдап келді екен, отыр, – деді, дауысы шыңылтырлана түсіп. Бетіме қарамайды, алдындағы бір қағаздарды жиыстыра бастады. Нұсқаған орындығына отырдым да:

– Бөке, мені сіздің желіңіз үйіре тартып әкелді. Мені сынауға тапсырма берген екенсіз, соған керек фактілерді алып келдім, – дедім.

– Иә, тағы не айтасың? – деп енді шалқайып, маған тік қарады.

– Айтарымды айту үшін келген соң айтамын, әрине. “Жұлдыз” журналының соңғы санында шыққан мақаламда қазіргі сатира жөнінде пікір білдіріп, сіздің жаңа жинағыңызға тоқталдым, кейбір әңгімелеріңіздің ортақолдүние екенін, әсіресе, “Ұрының еншісі” әңгімеңіз юмор-сатираға жанаспайтын, жай ғана жолжазба тәрізді нәрсе екенін айттым. Сіз сол үшін менен есе қайтармақсыз-ау? Олай болса, әңгімелеріңізді қазір, осы жерде талдайық, әрқайсысымыз өз пікірімізді дәлелдейік, – дедім. Кідірдім. Ол да үнсіз. Мен оған қарап отырмын. Ол үстелінің қырын сұқсаусағымен ақырын тықылдатып, сол тұсқа қарап отыр. Сірә, жарты минөт шамасы уақыт өткен шығар. Кенет Бөкең жалт қарап, күліп жіберді де:

– Әй, Ғаббас, екі де нөл, сенің пайдаңа! – деп кеудесін ұмсынта қолын созды. Маған да ежелден белгілі жарқын күлкісі “ақтық шайқасқа” шамырқанып барған менің “тоңымды” жібітіп жіберді. Ондай “жеңісті” күтпедім ғой, не дерімді білмей қалдым.

–“Ұрының еншісі”, сен дұрыс айттың, ол юмор-сатираға қатыссыз дүние, шынында жолжазба. Ондағы оқиға менің өз басымнан өткен еді, біраз қолжазбамды пойызда ұрлатып алғанмын. Командировкаға шыққанда да жол бойы уақытымды бос өткізбес үшін әңгіме жазып отыратын әдетім бар, қысыр әңгімеге, карта ойнауға жоқпын. Ал қолжазбаларымды салып жүретін шағын ғана қолшабаданым бар, бірде соны ұрлатып алдым. Қысқасы: анау әңгімедегі оқиға жүз процент солай болды... Өзің білесің ғой, қай-қайсысымыздың болсын жинағымыздың қалыңдау шыққаны жақсы. Әлгі жаңа жинағыма көлем үшін кейбір жай әңгімелерімді де қоса салып едім, сонымды сен байқап қалыпсың, өмірімде әдейі жасаған бір қателігім еді, – деп Бәкең тағы ашыла күлді де: – қап, сенен свежий сын естімес үшін нендей айла тапсам екен? – деп маған қуақылана қарады. Мен де күліп:

–Ауызбастырық бермесеңіз болмайды, Бәке! – дедім. Ол жымыңдап, үстелінің астыңғы суырмаларын кезекпен ашып, бірінен шағын көлемді бірнеше кітапты алды да, соның екеуіне қолтаңба жазып:

–“Орамал тон болмайды” деген ғой, сен бұл жолы осыған разы бол, қалың жинақты шыққанында сыйлармын, мақұл ма? – деп орнынан тұрып, кітаптарын берді. Қолын қысып, рахметімді айттым.

Ініге “айттым-қайттымы” тез қайран Бәке-ай!..

1997-жыл.



## АДМИРАЛ ТАЙПАҚОВСКИЙ

Әрқашан «ақырын жүріп, анық басатын» Оспанәлімен әншейіндегі бас изезіп, қол берісіп өтіп кетуді қойып, бір апта сапарлас болғаным, жатырқаспай жақын танысқаным, қалжыңдасуды бастағаным – 1974-жылдың шілдесінде болды. Жазушылар одағының Көркем әдебиетті насихаттау бюросы екеуімізді Орал облысына аттандырған. Онда бізге қосылуға тиіс жергілікті ақын Жанғали Нәбиуллин сырқаттанып қалып, облыстың Тайпақ ауданын екеуіміз ғана араладық. Мен Жазушылар одағы атынан әдебиет жайында жалпы әңгіме айтып, сұрақтарға жауап қайтарамын, Осекең әзіл-сықақ өлеңдерін оқып, көпшіліктің айызын қандырады.

Алғашқы екі күнде дастарқан басына жайғаса бере Осекең оң жақ бүйірін сипалап отырып, отанасына: – Маған шайдың қызылын азырақ құйыңызшы, бауырым ауыратын еді, – деп жүрді (пойызда ондай «өнері» болмаған, онда қою шайды сұрасаң да бермейді ғой). Онысы маған жақсы әсер етпеді де, үшінші күні оңашада:

– Адмирал Тайпақовский, «бауырым ауыратын еді» – деп бүйіріңді сипалағаныңды қойшы, саған қарап отырып менің де бауырым ауыруға айналды, – деп әзілдедім. Ірі тістері ақсия жымиған Осекең бетіме барлай қараған кескінмен:

– Солай ма? – деді.

– Шынында солай.

– Ұқтым. Сен Тайпақта менің мына ақ қалпағыма қызығып, маған «адмирал Тайпақовский» – деп ат қойдың, ә?

– Таптың.

– Ендеше, мен сенің сырықтай бойыңа қызығып, саған «Генерал Тайпақовский» – деп ат қоямын, бұдан былай тек осылай атаймын, – деп жымыды. Алматыға оралған-

нан кейін екеуіміз қайда, қашан кездессек те бір-бірімізді сол «тарихи атпен» атасып жүрдік:

– Ассалаумағалейкүм, адмирал Тайпақовский! – деймін мен.

– Уағалейкүмассалам, генерал Тайпақовский! – дейді ол.

– Мыналарың қызық екен? – дегендерге Осекең сонау Орал сапарымыздан еш ерінбестен әңгіме шертетін.

Оспанәлі әзіл-сықақ өлең-әңгіме де, скетч те жазумен қатар тарихи тақырыпқа қорғанбай қалам жұмсап, оқырман қауымға екі роман да берген.

Әлгі Тайпақ сапарымыздағы бір кеште Оспанәлі «Шегіркенің өні» – деп аталатын әзіл өлеңін оқыды. «Түртіп алды», «Түртпеді» деген екі бөлімді ол өлеңі:

Балпық отыр, басы қатып.

Рас, ойнап жүрген жоқ асық атып.

Қауырт жұмыс бар,

Уақыт аз тыныстар.

Үрпитіп жақ жүнің,

Шұғыл шақырып активін:

– Қайта-қайта звонок,

Миымды қатырды күзден-ақ.

Ұтылсақ ұтылайық,

Спорт деген пәледен құтылайық,

Кімдер бар жүгіруден сарапқа салар?!

– Зәрубайдың бұты ұзың, жарап қалар!..

Балпық түртіп алды,

– деп басталып кеп кеткенде зал толы жұрт ду күліп, әлдекімдер:

– Аңдағы Балпық біздің директор сияқты екен!

– Бізде де спорттың жағдайы сіз айтып тұрғандай!

– Түрткіштер көп қой! – десіп, көп күлкісі ду қолшапалақтауға айналып кетті. Мін-бердегі Осекеңе қарасам, ақсары өңі қызғылттанып, жымиып тұр.

Сегізінше күні облыс орталығына оралып, облыстық партия комитетінің үгіт және насихат жөніндегі секретарына бардық. Сапарымыздың оң болғанын, еңбекшілердің құрмет-қошеметіне риза екенімізді айтып, есеп беріп шығуды жөн көргенбіз. Ауданға аттандырғанында орынан жеңіл тұрып, жарқын жүзбен шығарып салған секретарь жолдас (аты-жөні жадымда жоқ) бұл жолы тым салқын қабылдады, орнынан тұрмады, қолының ұшын ғана беріп, менің айтқандарымды селқос тыңдап, бір-екі мәрте «жақсы» – деді де, сол былшиған күйінде қала берді. Бір қызметкері бізді алып жүрген еді, секретарь оны «сен бөгел» – деп алып қалған. Дәлізге шыққан соң:

– Адмирал Тайпақовский, секретарь жолдас неге сызданып отыр? Орнынан тырп етпеді, түрегелсем орнымды алып қояр деп қорықты ма екен? – деп әзілдедім.

– Мұнда бір гәп бар, – деді Осекең, оң қолын көтере сұқсаусағын шошайтып.

Он минөт шамасы кідіріп, қызарып шыққан қызметкеріне (ол жігіттің де аты-жөнін ұмытып қалыппын):

– Бастықтарың бес пұт батпақ болып баттиып отыр ғой, аяғы сынғаннан сау ма екен? – дедім. Жолбасшы жігіт:

– Тіпті... Фабекке, айтуға ұят, кеше біреу бұ кісіге звондап: Алматыдан келген жазушылар Қабышев пен Иманәлиев ішкіш екен, мас болып жүрді, депті. Тіпті... масқара... кешіріңіздер... мен «ол – бекер сөз» – деп шындықты айттым, түсіндірдім, – деп бізге нали қарады.

– Шындықты айтқаның, түсіндіргенің дұрыс, тек анау сенді ме, түсінді ме? – дедім.

– Білмеймін, үндемей қалды...

– Әй, інішек, бізге пәленбай күн бірге жүрген сенің адалдығың керек, басқалардың, мейлі, генеральный секретарь болса да, енесін ұрайын! – деді Оспанәлі, кеңкілдеп күліп.

Етек-жеңі кең еді-ау Осекемнің!..

### ...ЖӘНЕ КҮШТІ КУӘЛІК

Телефоным шылдырлады. Оспанәлі Иманәлиевтің әйелі Раушан екен:

– Ғаббас, жағдай қиын болып тұр! – дейді, көңілі қатты өрепкүлі екені дауысынан бірден аңғарылып.

– Е, Рәке, о не? Адмирал Тайпақовский қалай? – дедім (сонау бір жылы Орал облысының Тайпақ ауданына іссапарға бірге барып қайтқаннан бері де сонда ақ киіз қалпақ сатып алып киген Осекеңді әзілдеп «Адмирал Тайпақовский» дейтінмін де, ол мені «Генерал Тайпақовский» дейтін. Оспанәлі тым аурушаң еді, тағы сырқаттанып қалды ма екен деп алаңдадым ғой).

– Адмиралың ауылда, аман-есен.

– Балалар сау-сәлемет пе?

– Бәрі сау-сәлемет.

– Онда неге қиналып тұрсың?

– Пәтерімізден қуып шыққалы жатыр, – дейді, дауысы бұзыла түсіп.

– Кім?

– Біздің пәтер темір жолдың үй басқармасына қарайды, солар қазір келмекші.

– Қазір мен де келем, саспа, Рәке, саспа. Жер қозғалса да сен қозғалмаушы едің ғой? – деп әзілдедім.

Автокөлікті шақыртып алып, Осекеңнің үйіне жеттім. 1-Алматы станцасының маңында еді. Раушан да, балалар да үрпиіскен. Жүктерін буып-түйіп қойыпты.

– Иә, не болып қалды? – дедім, еріксіз таңданып.

– Өзің білесің ғой, Осекең Жамбыл облысының Талас ауданындағы ағайындарымызда. Алматыға келсе-ақ қан қысымы күшейіп, басын көтере алмай жатып қалады...

– Оны білем, білем, сонда қалай, сол жаққа көшпексіңдер ме?

– Жо-ға. Біреулер: «Иманәлиевтер бұл пәтерде тұрмайды, пәтерді біреулерге жасырын жалға беріп, көп ақша алып жүр», – деп үй басқармасына арыз түсіріпті, содан кеше келіп тексеріп, бүгін келіп тексеріп, паспортымызды алып қойды. Қазір сағат он бірде келмекші, бізді шығарып тастамақшы, – деп Раушан кемсеңдеді. Қолсағатыма қарадым, онбірге бес минут қалыпты. Сол кезде мәшиненің гүжілі естілді. Терезеге қарадым. Пәтер бір қабат оңаша үй еді. Аулаға жүк мәшинесі кіріп тоқтады. Кабинасынан ырғалып түскен еңгезердей жуан қазақ: – Мәшінді дұрыстап қойыңдар, қазір жүк тиейсіңдер! – деп әлдекімге әмір етті де, құдды суретке түсетін кісіше былғары күрткесінің жағасын, өңірін түзетіп, қалай екенмін дегендей жан-жағына күдірейе қарап алып, мықтап бір жөткірініп қойып, теңселе басып үйге беттеді.

– Реке, сен саспа, үндеме, отыр, мен сөйлесіп көрермін, – дедім, түрегелген Раушанға. Жуан қазағым үйге кірді. Қарабұжыр, қоңды екен. Шірене тоқтады да, Раушанға сұстана иек қағып:

– Дайынсыңдар ма?! Қазір көшіреміз! – деді. Маған: «Сен кімсің? Жаңа ғана жоқ едің ғой?!» – дегендей астамшылдықпен ырсия қарады. Кердеңдеуі қитығыма қатты тиді. Әйтседе, ашуымды алға салмай:

– Ау, ағайын, әуелі сәлемдесейік, танысайық, төрлеткін, – дедім, жұмсақ сөйлеп.

– Уақытым жоқ! – деп тоңқ етті. Менің ашуым алға түсіп-ақ кетті:

– Бері кел! Мә, оқы! – дедім, қалтамнан қызмет куәлігімді алып ұсынып (1986 жыл «Ара-Шмель» журналында Бас редактор болатынмын). Дауысым өктем шықты білем, қарабұжырым маған енді бағжия қарай қалды.

– Менде де уақыт жоқ, кел бері! – деп әдейі қатулана сөйледім. Ол сәл еңкейе, сақтық ойлаған кейіппен келіп, қызылқоңыр былғары мұқабалы куәлігімді алып, сыртындағы “Қазақстан Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті” – деп қазақ, орыс тілдерінде алтындап жазылған сөздерді оқып, өңі қуқылдана бастап, ашып ішіне үңіліп, ондағыны оқуға сауаты жетпей қалғандай мүдіріп тұр.

– Аты-жөнімді жаттап ал, немесе, дәй бастық көрінесің, қойын дәптерің мен қаламсабың бар шығар, жазып ал. Сөйт те, табаныңды жалтырат, бұл үйдің маңына ендігері жолаушы болма, ал мына кісілердің паспорттарын он бес минөтте әкеліп бер, он бес минөтте, ұқтың ба?! Ұқпайтын болсаң, теміржол тұрғай тасжолға жолай алмайтын боласың! – дедім. Қарабұжырым, куәлігімді көзін жерден көтерместен қайырып берді де, мысық жүріспен жылжып жөнелді.

Арада он минөттей өткенде үкідей ұшып бір қыз келді. Паспорттарды беріп жіберген екен.

– Бізге қоқандап есімізді шығарған әлгі жуанның жынын қағып алдың-ау? – деді Раушан көңілдене жымыиып.

– Е, ол бәсекеңнің жынын қағып алған мен емес, мына куәлік! – дедім, ондай «мықтылардың» адамнан бұрын оның тағына қарайтынына тағы бір мәрте куә болып, еріксіз күлідім.

2002-жыл



## ҚҰРДАС ДОСТАР

Қап-қара шашы құлынжал болып тұратын Шәміл аға Мұхамеджановты Шәме дейтінмін. Неге екенін білмеймін, бұл биязы ақынды қашан болсын көрген сәтте ақын жездем Әнуарбек Дүйсенбиевтің бір сөзі есіме түсетін де, еріксіз езу тартатынмын. Сонымды аңғарып қалған ол бірде:

– Мені кейіпкер еткелі жүргеннен саумысың? – деді ойнақы үнмен.

– Түсінбей қалдым, – дедім жорта аңқаусып.

– Сәлеміңе жымыиысыңды тіркейтінді айтамын, – деді.

– Әнекеңнің бір сөзі есіме түсе береді.

– Е, ол хулиган не деді?

– Екеумізді таныстырғанда...

Шәмең басын шайқай күліп жіберді де:

– Е, оған дауа жоқ, – деді...

1966-жылғы мамыр айының бас шені еді. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына қызметке орналасқаным бір ай мөлшері болған. Жазушылар үйінің астыңғы қабатында Әнекең кездесіп, сөйлесіп тұрғанбыз. Қасымызға бозбала мүсінді, қоңырқай өңді жігіт келіп, Әнекеңе күлімсірей қол ұсынып:

– Қалайсың? “Балдырғанды” жұтындырып жүрсіңдер ме? – деді. Маған оның жүзі таныс еді, кеңсеге кіріп-шыққанда көріп жүретінмін.

– Е, жұтындырмай қоямыз ба?! – деді Әнекең (ол “Балдырған” журналының редакциясында бөлім меңгерушісі еді). Сонсоң, есіне әлде не оқыс түсе қалғандай, маған жалт қарап:

– Әй, қысқа бала, осында, «Жазушы» баспасында саған керек бір кісі бар, ұмытпай тұрғанда қазір ертіп апарып таныстырайың, ол – Мұхамеджанов Шәміл деген түйе балуан. Шынында сұмдық күшті! Жұдырығы бар ғой... жеті айлық баланың ба-сындай, ей! Мен оның жанында шынашықтай ғанамын, сенбесең... міне, сол түйе балуан! – деп жаңағы қоңырқай жігітті бауырына тартып қалып, құшақтап алды. Анау жігіт сылқ-сылқ күліп:

– Мен туған жылы бұл хулиган да туыпты, бірдеңеден құр қалатындай, – деді.

Екеуінің құрдас екенін сонда түсінгенмін.

Әнекең кіммен болсын әзілдесіп, қалжыңдасып отырып бір ұтымды сөз таба алмай қалғанында: – Әй, байқа, Шәмілге айтып, сабатым алармын! – деп күліп құтылатын еді.

Кейін Шәмеңмен Жамбыл көшесіндегі ақ үйде сегіз жыл көрші тұрдық. Мәриәм жеңгеміз Шәмеңмен мінездес екен: біртоға, байсалды, биязы, қанағатшыл. Ағайын-туғандарының, балаларының, жолдас-жораларының аман-есендігіне тілеулес болып жадырап жүргені. Олардың Дариға атты қыздары біздің Жанармен жасты еді, бірге оқыды. Дариға Мәскеуге оқуға кетіп, сонда тұрмыс құрды. Үйлену тойына Жанар барып, досын құттықтап қайтты. «Қалай екен? Жігіті дұрыс сияқты ма?» – дедім қызыма. «Жігіті ақылды көрінді. Дакөш бақытты болса екен!» – деді қызым тебіреніп. Жанардың да, басқамыздың да тілегіміз қабыл етілді дей аламын, Дариға тату-тәтті отбасымен Мәскеудің тұрғыны болды.

Ақын Шәмең «Жазушы» баспасының поэзия редакциясында істеді. Қолжазбаның қабылдануын, кітаптың шығуын «жуу» сияқты «шаруалар», басқа редакциядағыларша, онда да болып жататын. Соның «арқасында» Шәмең де кейде қызарабөртеп жүретін (КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесінің директоры кезімде үлкен қордың қаржысына кірпіштен салдырған төрт қабатты, қырық пәтерлі үйдің отыз төрт пәтерінде ақын-жазушылар тұрдық, бәріміз де думанды жақсы көретінбіз, кітабымыздың шыққаны, туған күн, ресми мерекелер кезінде «айтшылап» кететін едік. Әзіл-қалжыңы жарасқан, әй-шәй деспеген сол қаламдас қауымнан бүгінде, ай-хай дүние-ай, төрт шал ғана қалыппыз!).

Әсіресе: Шәмең, Оспанхан Әубәкіров, Бекен Әбдіразақов біздің үйге емін-еркін кіріп-шығып жүретін еді. Шәмең: – Біраздан бері кездеспедік, сәлем берсін деп келдім, – дейтін, көзі күліп. Оспанхан болса: – Осы үйдің барлық балқонын бір-бірімен шатысып жататын етіп салдырсаң ғой, даладан кіріп әуре болмайтын едік, – деп бүкіл бет-ауызы түгел күле жорта кейтін. Ал Бекен: – Әй, шал, бірдеңең бар ма? – деп төтелей тартатын.

Бірде, жексенбі күні, түс әлетінде аулада Шәмең мен Хизмет Абдуллинге жолығып, сәлем бердім. Мұрыны шуылдаңқырап сөйлейтін Хизмет ака қолымды ұстап тұрып:

– Осы біздің үйді «алкаштардың ақ үйі» – деп атайтындар табылыпты, солары не сөз, кәне, айтшы, – деді, бос қолымен көз әйнегін бір қозғап, сәл жымиып.

– Хиз-ака-ау, оның себебін анау жолы Оспанхан айтты емес пе?.. Ә, онда сіз болмаған екенсіз ғой? Осекең: «Мына сары үйдің сараңдары бізге ерулік беруден қашқақтап, «алкаштардың ақ үйі деп сандалып жүр» деген! Шәме, сіз барсыз ғой сонда, естідіңіз ғой? – деп Шәмеңе қарадым.

– Иә, иә, Оспанхан осы жерде Жайсаңбекті қатырған, «сары үйдің сараңдары-сыңдар!» – деп.

– Ә, онда боевая ничья болған екенбіз, дұрыс! Бұл сары үйде “қусаң да құмалақ түспейтін, түссе де шеге кірмейтін” қулар бар, – деді Хизмет, ортақ күлкі үйіріп («сары үй» біздің үймен іргелес. Жазушылар одағының басшысы кезінде Әди Шәріпов салдырған. Онда да ақын-жазушылар тұрады. Шәмең атаған Жайсаңбек – жазушы Жайсаңбек Молдағалиев).

– Тоқтаңдар, мен екеуіңе өте свежий өлеңімді оқып берейін, қайсысың «жуар» екенсіңдер, – деп күлімсіреген Шәмең пенжағының қойын қалтасынан қағаз алып, бүктеуін жазып, оқи жөнелді:

Жаңа үйге кіріп бүгінде  
Жазушы біткен мез-қарық.  
Күндіз бе, мейлі, түнде ме,  
Бөлмеміз түгел жап-жарық.  
Көшесі Жамбыл-Нұрпейіс  
Түйіскен жерде тұрамыз.  
Шабыты шалқар жыр-теңіз,  
Ақындар сұхбат құрамыз...

– Шәміл, енді сен тоқтай қал! Андағы өлеңің өте свежий де өте ұзақ сияқты, меніңше, мұны Қуандыққа «жуғызан» жөн болар, – деген Хизмет, іле маған қарап: – егер, Фаббас, сен қарсы болып жүрмесең? – деді (Қуандық – Хизмет аканың досы ақын Қуандық Шаңғытбаев). Шәмең қолын сермей сылқ-сылқ күлді. Хизметтің сөз астарын аңғардым да:

– Інісі тұрғанда ағасын мазалап қайтесіздер, өлең маған ұнайтын тәрізді, жүріңіздер, үйге кіріп түгел тыңдайық, – дедім.

– Фаббастың өзі ғана емес, келін де өлең тыңдағанды жақсы көреді, құдай біледі, – деп Хизмет тағы бір күлкі үйірді.

...Кейін Шәмең жұмыс бөлмеме жымыяп кіріп, қолындағы қоңыр мұқабалы шағын кітабын ұсынып:

– Мына жаңа жинағымда былтыр өзің «жуып» берген өлеңім бар, – деді. Ағалық ілтипатына риза болып, құтты болсын айттым.

...Жинағын «Дәуір дауысы» – деп атапты. Қолтаңбасы былайша:

Құдайы көрші Фабекен,  
Көңілің жұртқа ақ екен.  
Біз кедей боп қалғанда,  
Жәрдемің де бар екен.

*Алматы. 20 апрель, 1978 жыл*

Сәті түсіп «жуылған» өлеңі — «Ұшады күнде жыр құсы». Ол өлеңі:

Тояттап сезім нәрінен,  
Кеңиді ақын тынысы.  
Осылай, достар, әр үйден,  
Ұшады күнде жыр құсы,

– деп аяқталыпты.

Елімен бірге тыныстап, халқымен бірге марқайып, үлкен-кіші әріптестерімен қатар жыр нақыштаған Шәмең қағытпа әзілдің де шебері еді ғой. Төңірегіндегілерді сөзіне, жүріс-тұрысына орай «шымшып қалып», жымың-жымың етіп отыратын. Мәселен, Қадыр Мырзалиевтің бір өлеңіндегі:

«...Нағыз қазақ қазақ емес,  
Нағыз қазақ — домбыра»,

– дегеніне былай деген екен.



– «Нағыз қазақ қазақ емес,  
 Нағыз қазақ—домбыра»,  
 дедің-ау, бала, байқа!  
 Нағыз орыс орыс емес,  
 Нағыз орыс — балалайка!

Осы қағытпасының мәнісін сұрағанымда: – Сендер әлі баласыңдар ғой, кейде тым аспандап кетесіңдер, – деп езу тартқан. «Сендері» – өзінен 4-5 жас кіші біздерміз. Яғни, біздің не жазып, не тындырып жүргенімізді қадағалап, көкейіне қонбаған дүниемізді жұмсақ әзілмен айтатын болғаны. Оспанхан жайындағы пікірін сұрағанымда: – Ол өзіміздің Осекең ғой! Құдай оны қазаққа сыйлай салған ғой! – деп ерекше бір сүйінішті көңілмен жауап қайырғаны есімде. Бекенге: – Он екі айдың тоғыз айын жайлауда өткізіп жүрген жоқ па? – деп сипаттама берген. Бейқамдау, аз жазады дегені шығар. Жақын жүрген аға-іні қаламдастары туралы бірер сөзбен осылайша пікір түйіп отыратын. Айтпақшы, Бекенге бағасына жалғай: – Бекетай екеуіміз жайбарақаттар ауылынанбыз, «жерлеспіз», – деп күлген-ді. Өзіне көлденең сын көзбен қарайтыны. Ал құрдасы Әнуарбекті: – Ол ма, ол – қара дәу, қара дию! «Бәтіңкесінің түр-түсін аузына салып біледі» – деп, добалдай басымен балаларды ақымақ қылып жүр, – деп әзілдеген.

Тіршілікте тым қарапайым болып, поэзиядағы тиесілі еншісін елеп-ескермей, кеңседегі қызметін хал-қадары атқарып, отбасына, алыс-жақын ағайын-жегжатқа адал болып өткен Шәмеңнің мені тәнті еткен және бір қасиеті — балажандығы. Құдайға шүкір, алты-жеті ұл-қыз сүйді. Әке-шешенің кеңпейіл, ақ көңіл жаратылысынан болар, балалары теріс қылыққа ұрынған жоқ, ал кейбірі орынсыз қыңқылдаған, аздап болсын кейіткен кездерінде, көршілерден естуімше, Шәмең қабақ шытпайды екен, дауыс көтермейді екен, өңін сәл-пәл суытыңқырап: – И-и-и... сен бе, сен!.. – дей салатын көрінеді. Мәриям жеңгеміз де – аспаннан ай құлап келе жатыр десек де аптықпайтын аса сабырлы, жаға-жеңі кең кісі. Бүгінде құдай пейілдеріне қарай берген перзенттеріне әке орнына әке болып, Шәмеңнің шаңырағын биік қалпында ұстап отыр.

Екі дос — Шәмең де, Әнекең де қырық тоғыз мүшел жастарында көз жұмды. Олардан соң Әнекеңнің зайыбы Рәбиға да көп кешікпей дүниеден озды.

Рәбиға Зайсанда туып-өскен де, мені бауыр тұтатын. Сол қисынмен Әнекеңді «жезде» деген статьяға жатқызып, қалжыңдаса беретінмін. КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінде директор болып тұрғанымда ол мені «Бала бастық» – деп атады да, сонысынан танбады. «Әй, бала бастық, әйда, кеттік!» – деп жетіп келуін де қоймады. Оның қызғылт сары мәшінімен шапқылай беретінбіз.

2011-жыл



## АПАЙЛАРЫМ-АЙ!..

Мархабатты Мәриям апайдың «қалқам!» деген қымбат сөзің, мейірім лепті қоңыр үнін алғаш естігенім – 1966-жылдың күзінде. Өскеменнен көшіп келіп, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүргеніме жарты жылдай болған. Бір күні бөлмеме: «Ізтай, барсың ба?» – деп жұмсақ сөйлей Мәриям апай Хакімжанова келіп кірді. Газеттердегі, кітаптардағы суреттерінен сырттай танымын ғой, ұшып

тұрдым. Бірақ, ол кісінің: «Ә, сәлеметсің бе, қалқам?» дегеніне жауабым: «Жоғары шығыңыз, жоғары шығыңыз!» ғана болғаны әлі есімде. Апай жымып қарап алды да, жақын орындықтардың біріне жайғасып:

– Жазушылар одағының басшыларына бір шаруамен кіріп шығып едім, содан кейін, әйтеуір жолым түсті ғой, Ізтайға соға кетейін деп келіп едім, өзі көрінбейді... – деді.

– Із-аға жаңа ғана шыққан, іздеп келейің, – дедім, қайтадан отырған орнымнан тағы тұрып.

– Әуре болма, қалқам, алаңдама, жұмысыңды істей бер. Менің келіп шыққанымды айта салсаң болды. Біраз өлеңімді өзі сұратып алып еді, енді өзі хабарласар. Отыра бер, қалқам, – деп түрегеліп, маңқиып шығып кетті.

Із-аға – Ізтай Мәмбетов редакцияның жауапты хатшысы міндетін уақытша атқарып жүрген болатын (жауапты хатшы Ғаббас Жұмабаев ауырып қалған). Бір сағат шамасында келді.

– Мәриям апай кіріп шықты, сізді сұрады, – дедім. Із-аға:

– Үйбу! – деп, бір шөкім мұртын шұқылап-шұқылап қойып: – Өлеңдерін Нығаңа беріп едім, саған түспеді ме, келесі нөмірге салайықшы, апайдан ұят болды-ау! – деді.

Нығаң – Бас редакторымыз Нығмет Ғабдуллин. Қараған материалдарды алуға барып, Мәриям апайдың өлеңдерін сұрап едім ол:

– Бірінші беттің подвалына орналастырарсың, жақсы екен! – деп тапсырды.

Газеттің алдағы санында шығатын материалдарды баспаханаға жіберген күні Із-ағаға:

– Мәриям апаймен хабарласасыз ба, макет бекітілді ғой? – дедім.

– Хабарласпаймың, қорқамын! – деп Із-аға жорта күлді де: – Газетті ала барып ақталмасам, айтар дәлелім жоқ, өзім сұрап алып, өзім кешіктірдім, оны-мұнымен жүріп, кінәм таудай, – деді.

– Апай қатал адам ба?

– Қатал болғанда – айтпа! – деп Із-аға қабағын түйіп, шөкім мұртын «мөңкітіп-мөңкітіп» қойды.

– Жоқ, Із-аға, сенбеймін, апайдың жүзі ерекше жылы, тегі мінезі жәйлі, жайдары кісі шығар? – дедім.

– Әй, Ұзын Ғаббас-ай, сен де сене салғанды білмейді екенсің? – деп Із-аға мырсымыр күлді.

Мәриям апаймен Жазушылар одағындағы жиын-жиналыстарда ұшырасып, сәлемдесіп жүрдім. Әрқашан маңайында ақын қыз-келіншектер болады, бәрі де «апайлап» қошемет көрсетіп, емен-жарқын шүйіркелесіп, ду-ду күлісіп те тұрады. Апайды көзі шалып қалған ерлер де бұрылып барып, жасы «апай» – деп, жасамысы «Мәке» – деп амандасады. Мен ол көріністі қалайда бал арасының тірлігіне ұқсаттым: араның әрбір тобында аналық ара болады да, басқалар соған үйіріліп жүреді ғой.

Сонау бір жылдары тағдырдан албаты соққы көріп, әйелім Әсыйла қайтыс болып, тұрмыста жасыңқырап жүргенімде, бір күні іңірде телефоным тағы шылдырлады. Әдеттегі жолдас-жораларымның бірі болар десем, жоқ, Мәриям апай! «Ғаббас қалқам, өзіңсің бе? Мен Мәриям апаңмын ғой, кештетіп мазалап отырған...» – деп таныс қоңыр үнмен байыпты сәлемдесіп, балаларымның хал-ахуалын сұрап, басқа да жәйттерді әңгімелеп, аяғының аздап ауырыңқырап жүргенін айтып, содан соң: «Қалқам, ертең жексенбі ғой, түске таман біздің үйге кел, шәй-пәй ішейік, кел, балаларды калдырма, бәрің келіңдер, қалқам!» – деді. Мен не дерімді білмей, абыржып қалдым. Атақты ақын апамыздың, үлкен адамның мен мүлде күтпеген

ілтипаты кенет жүйкемді босатып, үнсіз тұрмын. Апай: «Сөйт, қалқам, ыңғайсызданба, атамыз қазақтың жолы, келіңдер, үйді білесің ғой, балаларды қалдырып кетпе, ал сау болыңдар!» – деді. Апайдың үйінде бұрын да болғанмын, газеттің шаруасымен, басқа да бұйымтаймен. Одан кейін де болып жүрдім. Бірақ өзі әдейілеп шақырған сол жолғы болуым маған айрықша қымбат...

Мәкеңнің өмірінде ең қайсар ер-азаматтың да қабырғасын қайыстырар, жігерін жасытар талай-талай ауыртпалық, қайғы-қасірет болғанын көзі тірі құралпастарының, аға-бауырларының, келін-сіңлілерінің, жерлестерінің әңгімелерінен естігенмін. Тағдыр шіркін кейде небір адал жайсаңдарды жазықсыздан-жазықсыз қырына алып, кедергі-тосқауылды көбейтіп, өткелектен өткізіп-ақ бағады емес пе. Күнәсі де жоқ, кінәсі де жоқ жанға жақсылықты, кеңшілікті пұлдап бітеді. Лайсандарға жасаған рахымшылығын пәктерге қимайды. Мәриям апайға да сығырая қарап, сойқанды көрсетті – сүйіп қосылған азаматын «халық жауы» – деп алып кетті, жас отаудың шаңырағын ортасына түсірді. Мәкеңде шыдамасқа шара қалмады. Парасатты жан кеудесіндегі қайғы өртін өшіру мүмкін болмаса да, оны басқаларға қайырымдылық, жақсылық жасауымен бәсеңдетуді, сондай әрекеттен жұбаныш табуды ойлаған. Өмір бойы солай еткен де. Мен Мәриям апайды тіпті сырттай ғайбаттаған пендені ұшыратқан емеспін. Үлкен-кішінің бәрі-ақ: «Мәриям!», «Мәке!», «Апай!» – деп құрақұша құрметтеп жүреді. Себебі: апайдан қолдау, сүйеу көрген, жылы лебіз естіген жан көп. Жақсылыққа – жақсылық дейді ғой, әйтпесе, Мәкеңде ешқандай биік мансап, күшті лауазым, билік болған жоқ. Жанының тазалығымен, көңілінің жомарттығымен, ашықтығымен, әділдігімен бағалы, беделді еді...

Балаларды апарып апайдың мазасын кетірмейін деп түйіп, жалғыз бардым. Оныма Мәкең біраз кейіді де, сәл үнсіздіктен кейін қоңыр үнімен: «Қалқам, атамыз қазақ: «Әкесіз жетім – бір жетім, ал шешесіз жетім — шын жетім» деген, өмір тәжірибесі айтқызған. Солайы – солай, бірақ, әкенің де, шешенің де орны әрқалай, кісісіне, ақыл-есіне байланысты. Әке, шеше атына шын лайықтылар әкесіз қалған, немесе шешесіз қалған баласының тағдырын өз тағдырынан бұрын ойлар... Е-е-е... бәрі де кісісіне қарай... Қой, қалқам, менің мұным не, жүр, келінім шәй жасағанға дейін менің жұмыс кабинетімді көр, бұл апаңның жиған-терген қазынасын байқа», – деп жымиды да, орнынан тұрып, мамырлай жол бастады. Әрине, ақын апайымыздың бар байлығы кітапханасы екенін білетінмін, көргенмін, оны апай есінен шығарған болар, өйткені, келіп-кетіп жүрген мен сияқты бауырлары аз емес қой.

Кабинетке жайғасқан соң Мәкең жайдарыланып, әдетінше, арғы-бергіден әңгіме бастады. Өзінің адам болуына, ақын болуына қамқорлық жасаған ағалары Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов туралы небір жылы лебізін ағылтты. «Сәбит ағай мен Мәриям жеңгей болмағанда...» – деп алады да, ол екеуінің парасаттарын мейірлене айтады. Алматыға келген алғашқы жылдары суық пәтерде тұрғанында Сәбеңнің бұталған отын, көресін де тасып тұрғанын, Мәриям жеңгесінің тамақ пісіріп әкеліп жүргенін, үйлеріне жиі шақырып та алатындарын күлкілі көрініс қоса айтып: «Шіркін, асыл адамдар ғой!» – деп нұрлана түседі. Аралас-құралас, сапарлас болған басқа ақын-жазушылар, әртістер, өнші-күйшілер жайында көңілдене естелік шертті.

Кезәйнекті келіншек ақырын кіріп, басын изеңкіреп: «Шәйға жүріңіздер» – деді. Шәй дастарқаны басына барғанымызда Мәкең ол келіншек екеумізді бір-бірімізге таныстырды. Ол келіні екен. Ғалым – ғылым кандидаты көрінеді.

Шәй кезінде де, үлкен ас мезетінде де мен Мәкеңе іштей қайран қалып отырдым. Бұ дүниеде ешкімнен қиянат көрмеген жанша, тағдыр налытпаған, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ адамша жадырап сөйлеп, ерекше бір ризашылық күйде болды. «Халық

жауының қатынысың!» деген қуғынға ұшырамағандай. Ағаларының шақыруымен келген Алматыда жылдап жұмыссыз жүрмегендей. Ең бергісі – «Мәншүк» дастанында ата-баба аруағын ардақ тұтқаны үшін анау әсіресаясатшылардан «ұлтшыл, ескішіл» – деп ауыр сөз естіп тауқымет тартпағандай. Осыдан бір жыл бұрын ғана өзінің өлең-дастандарының екітомдық Таңдамалысын баспа жоспарынан әлдебір керенау бастық сыздырып тастап, Жазушылар одағы басшыларына реніш айта бармағандай, онда да реніші жерде қалмағандай... Мен түсініп отырмын. Көңілі құлазып жүрген бауырыма бұл өмірдің, кешегі де бүгінгі адамдардың тек жақсылығын айтайың, бір серпіліп қайтсың, мүжіле бермесін, деген ақ жүрек адами ниетпен аңқылдағаны. Бүйте алу үшін де – парасат, алғыр ой, қайратты ыстық жүрек керек-ау!..

Қайсыбірін айтарсың!..

Апайдың үйінде, ай сайын деп жалған сөйлемейін, тоқсан әлетінде бір барып, көңіл-күйін, денсаулығын біліп, көп бөгелмей, мезі етпей қайтып жүрдім. «Фаббас, қалқам, отырсаңшы!» – деп абыр-сабыр болатын. «Кіріп шығамын деп телефон соға салмайсың ба, келін жұмыста еді, шәй қоятын едім...» – деп өкініш-реніш білдіретін.

«Қалқам, аяқты басудан қалдым...» – деп, төсегінде мұңайыңқырап отырғанында: «Ой, апай, текущий ремонт деген бола береді, ертең-ақ танцыға барамыз!» – деп әдейі бұра сөйлей әзілдегенімде, үнсіз сылқ-сылқ күлетіні көз алдымда... Ешбіреуді танымай, тілсіз қалғаны көз алдымда... Жанары сөніп, ауыр тыныстап жатқан ақырғы сағаты да көз алдымда...

Періштедей пәк жаратылысты, мейірім-шуақты өзін де, «Қалқам!» дейтін жылы да қымбат үнін де сағынатын болдым...

Жаныңыз жәннәтта болсын, Апатай!.. 1995 жылғы ақпанның 14-і.

х х х

1977-жыл. Қаңтар айының бас шені. Жұмыс бөлмеме (Қазақ әдеби қорының директоры кезім) бір келіншек қолтығынан демеген бәйбіше келді. Реңді кісі. Жоғары шығарып, диванға жайғастырдым. Жөн сұрастық. Мағжан аға Жұмабаевтың жұбайы Зылиха апай екен. Маған шаршаңқы кейіппен қарап:

– Мені «халық жауының қатыны» – деп бұл литфондыға жолатпай қойған, жолаттырмай қойған, Мағжан ағаңның әлгібір «достары», – деп мырс етті де: – Қалқам, Мағжанды білесің бе? – деді.

– Білем, апай, білмегенде ше?! Менде бес-алты өлеңінің, «Батыр Баян» дастанының көшірмелері бар, – дедім. «Қыз-келіншек кезіңізде тым сұлу болғанға ұқсайсыз, Мағаң «Бәрінен де сен сұлуды» сізге арнаған-ау!» – деп ойлап та үлгірдім.

– Мұраттың айтуымен келдім, сені маған сырттай таныстырған – сол Мұрат інің. Мұхтар Әуезовтің баласы. Ал енді сөзді көбейтпейін, уақытыңды алмайың, бұйымтайымды айтайың, – деді де, өз өмірін қысқа ғана әңгімеледі. Жасы сексенге іліккен. Зейнетақысы мардымсыз, пәтерақыдан онша артылмайтын көрінеді.

– Апай, қағаз деген пәлесіз ештеңе реттелмейді ғой, өтініш жаза қойыңыз, – деп бір парақ қағаз бен қалам ұсындым. Апай:

– Ә, оны алдын ала жазып қойғанбыз, мына қарындасыңда, – деді де, келіншекке иек қақты.

Қордың «Қайтыс болған жазушылардың отбасы мүшелеріне жәрдем» дейтін бабы бар еді, соның негізінде ақшалай көмек көрсеттім. Апай риза болды. Содан кейін де жыл сайын кейде бір мәрте, кейде екі мәрте жәрдемдесіп жүрдім. Бір күні үйіне қонаққа шақырды. Бара алмадым, бір шаруа бөгет болып қалды. Ертеңінде бір

бөтелке шампан, бір қорап торт алып барып, көшірім өтіндім. Тимирязев көшесінде, сонау жылдары Министрлер Кеңесіміздің Төрағасы Жұмабек Тәшенев бергізген біржарым бөлмелі (полупорка) пәтерде тұрады екен.

– Дом творчества деді ме, бір үлкен үй салдырып жүр деп естідім, соның жұмысынан қолың тимей қалған шығар, түсінем, ренжіген жоқпын. Олжас пен Мұрат келді, сен келе алғаныңда тіпті жақсы болатын еді, – деді балаша қалбалақтап.

...Зылиха апаймен шүйіркелесіп жүрген күндердің бірінде ол кісіге:

– Апай, Мағаңның қолыңызда бар шығармаларының бәрін маған беріңіз, неше дана кажет десеңіз, сонша етіп мәшіңкелетейің, кітап етіп түптетейін.

– Қалқам, Мағжан әлі ақталған жоқ қой?! Саған да... – деп мүдірген, сескеніңкіреген апайды:

– Апай, мен саспай, сіз саспаңыз, – деп әзілдеп: – Түптетіп, әзірлеп қояйың, айымыз оңынан туатын күн болар, сонда баспаға тапсыра қоюға дайын тұрсың, жарай ма? – дедім.

Талай тауқымет тартқан, сан алдау-арбау көрген жанның өзіме сенер-сенбесін болжай алмасам да, марқұм ақын ағамыздың әдеби мұрасын қалайда барынша жинақтау, ұқыптап сақтау керектігін ойлағанмын. Апай пәтерінің аула жақтағы терезесіне мойнын бұрып, сыртқа көз тастап, бірер минөттей үнсіз отырды да, ойымды оқып болғандай-ақ:

– Ғаббас қалқам, саған сенемін, – деді. Дауысы дірілдеп шықты. Жүрегім жұлқып қалғандай бір күй кешіп, өнебойым ыси қалды. Сол әредікте маған жайлап бұрылып қараған апайдың көзінен жас төгіліп кетті...

Мағаңның өлең-дастандары, әдеби аудармалары жарияланған газет-журналдарды іздеп табу, көшірме жасатып алу, әрине, апайға қиын болған. Ақыпұлын төлеу былай тұрыпты, кедергі-кесір жетерлік кездерде ашық іздеудің өзі қандай тәуекелді қажет етті десек ше?! Күйеуіне жағылған күйені кетіру үшін жан тыныштығын ұмытқан, алғаш тұтқындалғанында ізденіп Мәскеуге, Максим Горькийге дейін барған, Мағаңның ол жолы ақталуына бірден-бір себепші бола білген, ал ері екінші рет тұтқындалғанда соңынан Сібірге барғаннан өзге шарасы қалмаған Зыхаң, кім не десе де, бүгінгі бізге де, келер ұрпаққа да қажет қыруар іс тындырды. Қолынан келгенінше қорғанбай қимылдап, Сібір сапарына жұмсаудан қалған: сырға, жүзік, сақина, алқа атаулысын сатып, газет-журнал редакцияларынан Мағжан ағаның әдеби мұрасын жинап, сақтап бақты. Апай қайтыс болғаннан кейінгі екі-үш жыл көлемінде кейбіреулер ол кісі туралы «айтқанының бәрі – өтірік» – деп ғайбат сөз айтып та, жазып та жүрді, ал Зыхаңа қолбала болып кеткен дерлік жанашыр туысы журналшы Сүнят Бәкенов Мағаңның да, Зылиха апайдың да өмірін жақсы біледі екен (Алматыда тұрады, зейнеткер), ғайбат сөздердің орынсыз, ұят екенін айтты. Мен оған сендім, себебі: Сүкең – Жазушылар одағымызда көп жыл қызмет істеді, не теріс сөзі, не теріс іс-әрекеті болмаған сыйлы адам. Иә, кім не десе де, мейлі, ал, меніңше, Мағаңның шығармаларын жинап, сақтап, қызғышша қорып, бізге жеткізгені үшін-ақ Зулейха апайдың аруағын құрметтеуге тиіспіз.

– Мен таба алмаған өлеңдері, басқа да дүниелер әлі де бары сөзсіз. Мені «халық жауының қатыны» – деп архивтерге маңайлатпайтын, газет-журнал редакциядағылармен тіл табысу да оңай бола бермеді. Кеңшілік болар күн туса, Мағжанды іздеушілер шығар, аз болмас та, қалғанын солар тауып алар... – деп ойлана сөйлеп сәл кідіргені, одан соң таңданысты үнмен: – 1923-жылы Тәшкенде араб әрпімен шыққан өлеңдер жинағын Ғабит Мүсірепов ағаларың алып еді, біржарым жыл болды,

неге екенін білмеймін, неше рет телефон соқсам да, қайтарып берер емес, – деп, маған сұраулы кескінмен қарағаны әлі көз алдымда.

– Фабеңмен сөйлесермін, берер, – дегенмін. Иә, Фабеңе телефон шалып, ниетімді айттым.

– Солай ма-а? – деді соза сөйлейтін дағдысымен.

– Кітап керек болып тұр, бүгін бе, ертең бе, тезірек беріп жіберіңізші! – дедім.

Біраз үнсіздіктен кейін:

– Жарайды, – деді.

Кітаптағыларын, газет қиындысындағыларын, мәшіңкемең, қолмен көшірілгендерін жинақтап, реттеп, апаймен келісім бойынша төрт дана етіп мәшіңкелеттім. Екі томға бөліп түптеттім. Біріншісіне – «Батыр Баян», «Қорқыт» дастандары мен 221 өлеңін, екіншісіне – Максим Горькийдің Ана туралы әңгімелерінің, Мамин-Сибиряктан, т.б. аударғандарын, мақалаларын топтадым. Ол жұмысқа төлер ақы өзіме ауырлау болған соң, сыралғы ініміз Мұрат Әуезовпен ақылдасып едім, ол сөзге келместен көмектесті. Әдеби қор мүшелеріне Жарғымыз бойынша жылда, не жылара ақшалай көмек беретін ретіміз бар-ды. Мұратқа «Шығармашылық жұмыс кезіндегі материалдық жәрдем» деген бап негізінде өтініш жаздырып, «130 сом берілсін» – деп қол қойып, бухгалтериядан алдырып, баспалармен байланыс жөніндегі қызметкеріміз Тойболдыға Мұраттың көзінше тапсырдым. Бір «қызық» жәйт: кейін де, 2014-жылы болар, Мұраттың бір сұхбатынан: «Олжас бар бәріміз Мағжанның шығармаларын жинап құрастыруға ақша жинап бердік» – деп менің аты-жөнімді атапты. «Жасырын кітаптың» жасалатынынан Олжас мүлде хабарсыз болды. Неліктен екенін өзі білер: Мұрат інім Олжасты орынды сыннан қорғаштап, мадақтап жүреді, оны «поэт от бога» – деп те шашбаулап, сынағандарды маймылға теңегені бар. Мең, әрине, Мұраттың «ақша жинап бердік» деген жалған сөзіне жауап қайтардым...

Фотосуреттерді қарап отырғанымызда он бес шақты адам топ болып түскен біріне көз тоқтатып:

– Апай, мына фотода кімдер бар, қай жылғы? – дегенмін.

– Бұл, егер ұмытпасам, Мағжан бірінші тұтқыннан босағаннан кейін Мәскеуде болғанымызда сондағы жолдастарымен, таныстарымен түскені ғой деймін... Мәскеуде достары, жолдастары болды. Александр Блокпен, тағы басқа ақындармен араласқан. Блокпен бірге театрға екі-үш рет барғанбыз.

– Мына фотода Блок жоқ сияқты, ал Мағаң қайсысы? – дедім. Блоктың фотола-рын сан көргендіктен оның мұнда жоқтығына шүбәленбадым, ал бейнесі көзімізден ерте таса болған Мағаңды тани алмадым.

– Блокпен де фотоға түскеніміз есімде, бірақ, ол фотоны алған-алмағанымды білмеймін, «байтал түтіл бас қайғы» болғанда неміздің, қайда қалғанын білер ес болды ма бізде?! Иә, андағыда Блок жоқ, ал Мағжан бар... – деп апай аса ажарлы жігіт бейнесін сұқсаусағымен нұсқаңқырады да, сонсоң басындағы сары шағи орамалының бір ұшымен әуелі Мағаңның бейнесін, одан кейін басқаларын ақырын ғана сипай сүртіп, бір күрсініп қойды...

– Апай, бұл фотоны да алайың, үлкейттірейін, – дедім.

– Ала ғой, – деді.

Мағаңның фотобейнесін қолжазба-кітап көлеміне сай 17x22 см. еттіріп төрт дана жасаттым да, бірінші томдарының беташарына желімдедім. Газет-журналдарда Мағаңның шаршаңқыраған кейіптегі фотосы шығып жүрген. Бұйрасындау шашы маңдайын жабыңқыраған, өзі бұйығыңқыраған күйдегісі. Ал мына фотосында Мағаң – жігіттің сұлтаны! Бір көргенде-ақ талай көзді суырып ала жаздаған шығар дерлік сұлу

бейне! Оның бір данасын 2002-жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына алып барып, жауапты хатшы Еркін Жаппасовқа тапсырдым. «Мағжан ағамыз ғажап көркем болған екен ғой!» – деп таңқалды. Ол суретті басқа да газет-журналға тараттым.

...Жасырын жасалған (самоиздат) сегіз кітапты Зылиха апайға алып бардым.

– Апай, міне, дайын болды! – дедім, қуанышымды жасырмай.

– Рахмет, қалқам!.. Рахмет!.. Көп... жүз жаса! – деп қалбалақтаған апай көз жасына ие бола алмай, кітаптарды кезек-кезек сипалай берді...

Кітаптың біреуін апайдың өзінде қалдырып, өзгесін: Мемлекеттік архивке, орталық кітапханаға, Әнуар Әлімжановқа бермек болғанбыз. Соны ескеріп:

– Мен үшеуін апарып тапсырайын, сіз әуре болмаңыз, жарай ма? – деп едім, апай басын шайқап, білезікті оң қолын сілтеп:

– Қалқам, мен басқаша ойлап отырмын. Архивке, кітапханаға тапсырмайық, оларды Әбділда Тәжібаев алып, құртып жібереді, ол Мағжанға тірісінде жау болып еді, өлісінде де әлі жау... Жоқ, кітапты оның қолына түсірмейік! Біреуін Әнуар Әлімжановқа бер, біреуін өзің ал, біреуін... Олжас Сүлейменовке бер, – деді, әншейіндегі қоңыр үні шыңылдаңқырап шығып.

Тілегін орындадым. Томдардың алғы бетін өзгерткен жоқпын, онда «архивке тапсырылды» – деп қазақ, орыс тілдерінде қысқаша сілтеме-түсінік жазғанмын-ды.

Әнуар өзіне тапсырылғанды: «Сен архивші-тарихшысың ғой, менен гөрі сенде болғаны дұрыс шығар», – деп жазушы Амантай Сатаевқа сыйлапты. Жақсы жолдасым, сырласым Амантайдың маған ойында жоқ олжаға кенелгенін айтып, «ұпай теңестіргені» бар. Ал екітомдықтың басқа данасын бір күні Жазушылар одағы кеңсесінің подвалынан тауып алдым. Сол жылы, кеңсе күрделі жөндеуден өткізілгенде, кабинеттердегі кітаптар подвалға түсірілген екен. Әлдебір мерейтой алдында бір кітаптар керек болды да, ақын жолдасым Сабырхан Асанов екеуіміз подвалдың кілтін алып түскенбіз. Кітаптар ортаға үйіліп тасталған екен. Сабырхан аңырып тұрып қалып: «Астапыралла! Мынау сұмдық қой!» – деді. Шынында солай болғанмен, не істерсің, керегімізді іздеуге кірістік. Бір тұстан өзіме таныс қос қоңыр томды көріп қалдым да, дереу ұмтылып барып алдым. «О не? Не кітап?» – деді Сабырхан. Мен көрсеттім, айттым. (Жазушылар одағындағы төртінші хатшылық қызметінен Кинематография комитетінің төрағалығына ауысып кеткен Олжастың кабинетінде қалған кітаптармен бірге шығарып тасталғанын түсіндім). Сабырхан: «Маған берші!» – деді, құмарта қалып. Көңілін жықпадым, бердім.

Маған толық ақталды. Қуанышымызда шек болған жоқ. Баспадан алғашқы жинағы шықты. Бір күні апайға барып, құттықтап:

– Апай, көңіліңіздегі пәлен батпан зілден құтылдыңыз ғой, сүйінішіңіз ұзағынан болсын! – дедім. Апай құшақтап, бетімнен сүйді де:

– Отыршы, саған бір нәрсе айтайын. Мағжанның ақталғаны, кітабы шыққаны – халқына қуаныш, маған кеш болса да, аздап болса да бақыт. Біраз жасарып та қалдым, – деп жымыды. – Бірақ... – Апай қабақ шытты. Дөңгелек көзі кіреукеленді. – Орыстар: «сыйла есть, ума не надо» – дейді ғой, солай болды. Анау ЦК-дағылар күш көрсетуден әлі де танар емес, кітаптың алғысөзін әлгі Әбділда Тәжібаевқа жаздырды, менің қарсылығыма қарамады, ұятсыздар!..

– Апай, оған қамықпаңыз, Тәжібаев та, ЦК-дағылар да жұмырбасты пенделер емес пе, – деп жұбатқан болдым. Ал апайдың наразылығы орынды еді.

– «Жұмырбасты» дейсің, шақшабастыларда да аздаған ақыл болуы керек қой?! Өмір бойы Мағжанды жамандап келген Әбділда Тәжібаев аяқастынан мағжаншыл бола қалыпты! Одан басқа жаза алатындар жоқ болғаны ма? Тым болмаса мына

тірі отырған менің қарсылығыма құлақ қойса еді? «Е, ол кемпірдің бары не, жоғы не» дегендері ме?! Орталық комитеттенмін деп бір жігіт келді, сиқы қиқоңызға ұқсайды. «Сіз келіспесеңіз де, алғысөзді Әбділда Тәжібаевқа жаздырамыз!» – деп күш нығызданып, көрсетіп кетті. Сөйлесейін, хал-жағдайын білейін, пікірін естиін деп келмепті, өңкііп кіріп, өңкііп шықты. Мырзатай Жолдасбеков деді ме... аты-жөні... Мен ғұмырымды Мағжанды жоқтаумен өткіздім, соңынан тентіреп Сібірде жүрдім, айырылып аңырап қалғаннан кейін оның жазғандарын жинауға кірістім, редакциялардан, КазГУ-дің архивінен іздеп, көрінгенге жалынып, жаутаңкөз болып, аш-жалаңаш жүріп жинадым, – дегенінде апайдың көзінен жас домалап-домалап кетті. Мен жұбатып бақтым. – ЦҚ-сы бар, баспасы бар бәріңде... жап-жас жігіттер... жүректері қандай қатты... аппақ басыммен жалынсам да, ешбірі жібімеді... бәрі күшті екен баяғыдай... Ғаббас қалқам, анау-мынау бос сөзді айтып, сені шаршатып жібердім бе, кешір!

– Шаршатқан жоқсыз, апай, олай деменіз, ал бізге керегі – сіздің енді қажымауыңыз, қайраттана түсуіңіз. Мағаңның ұлы тойы басталып кетті, топ ортамызда өзіңіз болып, талай салтанатты көресіз, яғни өткеннің керегі жоқтарын есіңізге ала бермеңіз, күшіңізді сақтаңыз, апай!

– Қалқам, Мағжанның қуғын көретіндей, «халық жауы» – деп құртып жіберетіндей жазығы болған жоқ. Ленинді, революцияны ұнатпай бір-екі елең жазған, айыбы сол шығар. Онысын да анау баққүндестері өршіте айтып, асқындырып жіберді... Жарықтық білімді адам еді және айтқанынан қайтпайтын, ешкімнен именбейтін еді. Бірінші рет қамалып, шығып келген соң осы Алматыда оған жұмыс бермей қойды, гезит-журналға жолатпай қойды. Бірде түн ортасында өңі қап-қара болып келді, миына қан құйылып кететін шығар деп қорықтым, құдай сақтады, әйтеуір. «Анау төрешіктер мені жындандыратын шығар. «Сталин жолдастан, партиядан, халықтан кешірім сұрап хат жаз!» – деп қинап бітірді. Мен шаршадым, қажыдым. «Неңдей айып тақсаңдар да, не деп жазсаңдар да мейілдерің, әкеліңдер, бәріне қол қойып беремін дедім де, қол қойып беріп құтылдым, жинала бер, ертең елге кетемін, бұларға қарамды көрсетпеймін, енді өлігімді ғана көрер!» – деді... Сөйтіп, Қызылжарға кеттік. Бірақ онда да тыныштық болмады, қызметке алмады. Амал не, ақырында зоотехник болды, бір жамиғатының жәрдемімен. Қарап отырып өле ме енді... Бір айдан кейін ол жұмыстан да босатты, Алматыда қалған «достары» айқай салыпты: «халық жауына қамқорлық жасаушылар табылды!» – деп... Көп сөйлеп кеттім-ау, қояйын осымен. Қайсыбірін айтарсың... – Апай орамалының ұшымен кезін тағы сұртті. Содан кейін: «Жазушы» – деп аталатын баспадан бір жігіт келіп, менен өзің жасап қойған екі томды сұрады, естіген ғой. «Мағжан ағаның ақталғанына бәріміз қуанып, кітабын тез шығармақпыз» – деді. Мен екі томды ұсынып отырып: «Бұларды Ғаббас Қабышев дайындаған, бірінші томының алғашқы бетінде жазулы, соны атап жазыңдар» – деп едім, шіркіндер жазбапты», – деді, ренжүлі үнмен.

– Апай, оны еске алмай-ақ қойыңыз, маған Мағаңның жинағы шыққаны ғана керек еді ғой, – дедім.

...Кейін де қайсыбір газеттерде шаң беріп қалып жүрген «Мағжан Жұмабаевтың хаты» Мағаңның «қол қойып беріп құтылдым» хаты болды.

Қолдарына түссе, адам тұрғай, құдайды ұрып өлтіруге дайын қарапигылдыларға қор болдың-ау, қайран Маға!..

Жасы 93-ке толарында Зылиха апай: «Мағжанның сүйегі қайда қалғанын кім білсін, туған жердің топырағы ең болмаса маған бұйырсын» – деп, 1985-жылы жазда Қызылжарға қоныс аударды. 1989-жылы 97 жасында бақиға аттанды.



2008-жыл

*Қосымша:* Қазекем алыпқашты сөзге бай ғой. Сол «байлығымен» барды жоқ етіп, жоқты бар ете береді. Оған Шығыс Қазақстан облыстық «Дидар» газетінің биылғы маусым айының 18-і күнгі санында жарияланған «Абдолла Әбдірахманов: «Суреттегі адамның өңі Мағжанға ұқсайды» деген шағын мақаланы оқып, суретке көз салғанда тағы да куә болдым. Әңгіме марқұм ақынымыз Мағжан Жұмабаев хақында екен. Газетке дереу мақала жазып жібердім. Жарияланды. Қысқаша мазмұны былайша:

Мағаң жайындағы бос сөзді тізер болсам, мысалы: Абдолла ақсақал Магадан түрмесінде бірге отырыпты; Бауыржан Момышұлы Красноярск қаласында жүздесіпті; жерлесі Хамза Абдуллин «1956 жылы Новая Земля деген жерде айдауда қайтыс болғанын» біліпті... Солардан алдымен Бауыржан Момышұлының «кездескеніне» тоқталсам, мен Баукеңмен үш мәрте әңгімелескенімде – сонау аштық, «халық жауы» науқаны, соңғы соғыс, әдебиет және заман туралы пікірлерін барлағанымда көп жәйтті дағдысынша қадап-қадап айтты. «Қазақ тілінің ертеңі мені қатты алаңдатады» – деп бір түйсе, «Сәкен Сейфуллин қуатты, сымбатты ақын болды» – деп екі түйсе, «Ілияс Жансүгіровтің «Дала», «Құлагер» дастандары ғажап! Дұрыс па?!» – деді, маған жорта ежірейіңкіреп. Басқа ақын-жазушыларға қатысты ештеңе демеді. Баукең егер Мағжан Жұмабаевты тауқыметті күндерінде бір рет қана көрсе де, күйіне айтары сөзсіз еді. Ешбір жазбасында «кезекескені» туралы бір ауыз сөз және жоқ. Ал «Бауыржан Момышұлы Мағжан Жұмабаевты көріпті, сөйлесіпті, «кешікпей алып қайтамын» – депті» сияқты бөстекі сөз бертінде, соңғы он шақты жылда пайда болды. Баукеңнің аруағын саудалаған ол «білгіштердің» кім екені беймәлім. Өкінішке қарай, біраз жұрт соларға қалайда сенді... «Халық жауы. Атылсын!» деген үкімге іліккендерден «Пәленбаевтың тірі қалғанын» қайсысымыз естідік? Магадан тозағындағы Мағжанды босатып алып қайтарлық құдірет Баукеңде болып па екен?

Бүгінде 96 жастағы Абдолла Әбдірахманов түрмеде Мағаңмен 1948-жылдан 1951-жылға дейін бірге болғанын, жаза мерзімі 1948 жылы бітетін ақын лагерьдегі екі содырдың кеселінен тағы сотталғанын, онымен бірнеше рет сөйлескенін, мәйітін көзімен ұзата іштей қоштасқанын айтыпты, ал аманат еткен өлең блокнотын ұрлатып алғанына, «Жас алаш» газетінің қолқалауымен Магаданға барғандарында Мағаңның қабірін таба алмағанына әліге дейін өкінеді екен. Қолдан салынған суретті көргенінде: «Ұқсайды» – депті.

Осындай «ғажайып оқиғаларды» естігенімде, оқығанымда соларды таратушыларға, оларға сенушілерге қайран қаламын. Шіркін-ау, сәл-пәл ойлану керек қой! Мысалы, Абдолла ақсақал: «...солай да солай болды» дегенде жанында тұрып: «Иә, Абекең дұрыс айтады, мен куәмін» деген кім болды? Немесе қандайда бір деректің шындығы, жалғандығы құр сөзбен де беки бере ме, оны дәлелдейтін құжат қажет емес пе? «Мағжанның суретін» салған кісі оны Мағаңның жүзіне қашан, қай жерде қарап отырып салған? Әлде әбден таныс болғандықтан сырттай салып па? Дерек көзі қайда? Ал бұл суретті Мағаңның өңі тұрғай сырт пішінін де көрмеген Абдолла ақсақал қалайша құптады?

Бұл сұрақтарға жауап қысқа да нұсқа. Алаштың арыстары туралы деректі фильм жасаумен көптен бері шұғылданып, бірнеше фильмі ақиқаттығымен көпшілікті риза етіп жүрген белгілі кинорежиссер Еркін Рақышев мырза өзіміздің, Ресейдің мұрағаттарында, оның ішінде Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеттері құзырындағы мұрағаттарда болып, аяулы арыстарымыздың қайсысы қашан, қайда сотталғаны, атылғаны жайындағы құжаттардан рұқсат етілгеніне қарай көшірме алған. Ол ізденістері жайында республикалық бұқаралық ақпараттарда мақалалары, сұхбаттар

жарияланды. Көшірме алған құжаттардың бірі – Алматыда атылғандар тізімі. Онда: «Мағжан Жұмабаев. Расстрелян 19 марта 1938 г.» – деп тұр. Демек, Мағжанның Магаданда, Красноярскіде, Новая Земля, т.б. жерлерде «айдауда болғаны, түрмеде отырғаны» – кәдімгі алыпқашты сөз, «Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевты көрдім, сөйлестім» деу – арзан атақты малданушылық! 1938-жылы атылған адамды он жылдан кейін, 1948-жылы, тірі күйінде көре алатындай ол қай сиқыр, кімнің сиқыры?

Газеттегі «Мағжанның суреті» Мағаңның ақталғаннан беріде газет-журналдарда, кітаптарында шыққан суреттерінің бірде-бірін маңайламайды. Ойжотамен салынған.

Иә, «сиқыршылар» Сәкен Сейфуллиннің аруағын да мазалады. «Мен Сәкенді Магаданда көрдім, сөйлестім», «Мен Сәкенді Сібірге пойызбен әкетіп бара жатқанында вагонда көріп, тілдесіп үлгірдім», дегендей жалған сөз ауызша да, жазбаша да желпіндірілді. Сөйтіп, ол ағамыздың да сүйегін іздегіштер табылды. Баяғы – өзінің атын шығару, аз да болса атақ-даңқтан үлес алып қалу. Ал Е. Рақышев көшірмесін алған тізімде: «Сәкен Сейфуллин. Расстрелян 25 февраля 1938 г.» делінген.

Сонымен, үлкен-кіші ағайындар, Мағжан ағамыздың аруағын да, Сәкен ағамыздың аруағын да мазалауды тоқтатуымыз керек.

2015 ж.

х х х

Көзі ерекше жасты жан – София апай еді. Жазушы ағамыз Хамза Есенжановтың зайыбы. Хакеңнің қабірі басына құлыптас орнатуды қолына алғаннан бастап, қашан аяқтап шыққанға дейін өзі де тыныштық көрмеді, маған да тыным бермеді.

Кеңсеміздің «Москвич» автокөлігі бар-ды. Соған София апайды отырғызып алып, Тәшкент көшесіндегі тұрмыстық комбинатқа бардық. Құлыптасқа тас таңдадық. «Жақсысын алайық!» – дейді София апай, кемсеңдеп. Ақшылсары гранит ұнады. Оны ертеңінде бас мүсіншіміз Хакімжан Наурызбаевтың шеберхана ауласына апарып түсірттірдім. Ол аулада неше рет болғаным есімде жоқ. Хамза ағаның кеуде мүсінін балшықтан жасаған Хакімжан өз ісіне айтылған ескертпе-сынды үнсіз тыңдап, түзету жасап жүргені. София апай мін таба береді. Маған телефон шалып: «Ғаббас, мүсінді барып көрейікші, пәленшекең бірге барса жарар еді» – деп, бірде Әбу Сәрсенбаев ақсақалды, бірде Хамит Ерғалиев, Сағынғали Сейітов, Әбдіжәміл Нүрпейісов, Зейнолла Қабдолов сынды ағаларды атайды. Мен хабарласып, кейде біреуін, кейде екеуін дегендей, жинап жеткіземін. Ол кісілер мүсіннің азын-аулақ түзер, жетілдірер тұстарын мегзеп, пікір қосады. Ал София апай: «Мына бір жері ұқсамай тұрған сияқты» – дейді де, көз жасын сығып жібереді. Ағалар сыйлайды, сыпайылықтан сырт мінез көрсетпейді. Хакімжан болса – мүлде көнбіс. Тек оңашада маған: «Апай қиын екен» – деп күбірлейді де қояды.

Мүсінді балшықтан тасқа көшірер кезек келгенде жеткіздірген жаңағы тасымыз өңделе бастасымен тұйыққа тірелдік: тастан ішкі жарықшақ шықты! София апай жылап қоя берді, Комбинатқа Хакімжан үшеуіміз дереу жетіп, екінші тасты таңдадық. Өңдеу өніп жүріп кеткен бір күні ол тас тағы мысымызды құртты: бастың шеке тұсынан алақандай боп қара дақ-қабат шықты! Амалың бар ма?! София апай тағы егіліп, қабырғамыз қайысты. Хакімжан: «Мен мұндай...» – деп күбірлей бас шайқайды. Комбинатқа тағы барып, тасты тағы айырбастадық. Сұрша гранит. Тасты қашайтын шебер, палуан бітісті Доқтырбай (егер жаңылыспасам, аты осылай) жұмысқа тағы кірісті. Ол да – мінезі салмақты жігіт, көп сөзі жоқ, сол үшінші рет те ғана: «Жолы ауыр екен» – деп күңк етті. Хакімжанның да, оның да күңкілі маған түсінікті. Өмірде тірлік жолы қиын болған адамдар аз ба? Хамза аға да «халық жауының» қара

шекпенін еріксіз киіп, жалынды шағының қаншасын жапа шегумен өткізбеді?! Сібірге – итжеккенге айдалған аяулы ағаларымыздың соңынан ұмтылып: «Не көрсем де, сенімен бірге көремін!» – деп еңіреген, лагерь маңындағы қыстақтарда тауқыметті күн кешкен аяулы апайларымыздың бірі – София жеңгеміз. Халін бәріміз түсінеміз. Жалғыз ұлы – Әлиханы Мәскеуде оқуда. Сусамыр сырқаты бір жағынан шаршатып жүрген апай: «Көзім тіріде құлыптасты орнатып үлгірсем!» – дейді.

Үшінші тастың да міні бар боп шықты!.. Иектің сол жағынан қошқыл дақ көрінді. София апай тағы жас төкті: «Бұ не болды, құдай-ау?!» – дейді. Басқа тас табуды өтінеді. Хакімжан: «Апай, дақсыз тас жоқ, басқа памятниктерді барып көріңізші, әйтеуір бір тұсында осындай дақ бар», – деп қиылады. Біз растап қостаймыз. Ілгеріде аталған ағаларды тағы жинадық. Бәрінен хабардар олар да «жоққа жүйрік жетпейдінін» айтады. Әбу ақсақал: – София, айналайын, ештеңе етпейді, бет жағы таза ғой. Мүсіні Хамзаның өзінен айнымай шығып келеді екен, мына кішкене даққа бола ренжімейік! –деп ағалық тоқтам жасады. София апай ақырында келісімін берді...

Бұл өмірде бір күліп, бір жылап жүріп өткен Апайларым-ай!..

х х х

Әдеби қорда директор кезім ғой, қайтыс болған қаламгерлердің үйі сыртына ескерткіш тақта, қабіріне құлыптас орнату істеріне араласып, шапқылай беретінмін. Қазір ойласам, қалайша өйте бергенімді әлі де түсіне алмаймын. Тиісті орындарға қатынас қағаздарды жазып, ақшаларын беріп, шенеуніктігімді сақтап отыра берсем керек еді, өйтпеппін, көмектесуге жүгіріп кете беріппін. Бірақ өкінбеймін.

2008-жыл



## ЖАЙДАРЫ ЖАН ЕДІ

Жазушылар одағының ғимаратын алғаш көрген кезде: «ауылымыздағы қариялар және әжем айтқан ертегілердегі хан сарайлары осындай болған шығар» – деп ойлап, жарты көше мөлшері жетпей кідіріп, сыртқы сымбатын көзіммен де, көңіліммен де тамашалап, еріксіз таңданып, біраз қарап тұрып қалғаным әлі есімде. 1963-жылдың көкек айы. С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналшылар факультетінің екінші курсына сырттай оқитынмын да, жылдық емтиханды тапсыруға (сессияға) келгенмін. «Газеттің техникалық көркемдігі» деген пәннен үш күн дәріс беріп, төртінші күні емтихан алған Кәкімжан Қазыбаев деген қараторы, орта бойлы жігіт – Алматы облыстық «Жетісу» газеті редакторының орынбасары – маған қойкөзі күлімдей қарап: «Фаббас жолдас, егер анда-мында асығыс шаруаңыз болмаса, мені сыртта тоса тұрсаңыз қайтеді?» – деді. Құп көрдім. Қояр бағасын қойды, енді не «құпиясы» барын кім білсін. Маған да дәрісінен тыс ештеңе деп көрмеген адамның ұсынысына таңырқадым да қызықтым.

Сыртқа шығып, курстастарыма ілеспей, жалғыз қалдым. Көп тостырған жоқ. Ақырын аяңдап, жымыып келді. Біздің Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакторы Мұқан Әбуғалиевті жақсы білетінін айтудан бастап, өздерінің газеті жайында біраз әңгіме шертіп, сонсоң маған «құда түсті». «Жетісуға»

жауапты хатшының орынбасары болуға қалай қарайтынымды білгісі келіпті. Мен қазір де жауапты хатшының өзі екенімді, мұндағы орынбасарлықтан не ұтатынымды білмеймін деген сыңайда күле жауап бердім. Кәкеңнің көзірі дайын екен: мұнда астана бар, әдеби орта бар, бірер айдан кейін жауапты хатшының орыны да босайды дегенді айтты. Берілген тапсырма бойынша газет макетін өте жақсы жасағанымға қызыққанын да жасырмады. Көзірінің деп басқаны «мұнда әдеби орта бар» – деп қалғаны болды. Алматыға, әдеби ортаға аңсарым ауып-ауып қоятын, бірақ астанада ешкімге керек емесімді біліп, «желігімнің» желкенін желге кермей жүретінмін. Бір-екі фельетоным, бір сықақ әңгімем «Ара» журналына шыққан. Мұндағы мықтыларға оным да таң емес қой. Ендеше...

Сонымен, үкіметаралық тілмен айтқанда, әңгімеміз өзара түсінісушілік жағдайда жылы шырайлы өтіп, мен ертеңінде таңертең Кәкеңнің кабинетінде болмаққа уәде бердім. Ол кабинетінде көп кідіртпеді, жетектегенге бергісіз әдемі әрекетпен редакторына алып барды...

*(Одан арғы әңгімеміз осы жинақтағы «Солай ма?.. Жән... жөнде» баяндалды.)*

...Хан сарайындай көрінген ғимаратқа қызметтес інім, курстас жолдасым Тоқтарбек Қызықбаев екеуіміз былтыр үш-төрт мәрте бас сұққан едік. Үш қабатының коридорларын аралап көргеннен өзге дәнеңе бітірмегенбіз. Кілең ақын-жазушылар қызмет істейтін ғажап мекеменің бөлмелеріне іс-міс жоқ кіріп бару – мәдениетсіздік болады, ал біз – Кенді Алтай деген атағы зор Шығыс Қазақстанның облыстық газеті редакциясының біріміз – жауапты хатшысы (жауапсыз емес, жауапты!), біріміз – білдей бөлім меңгерушісіміз, демек, мәдениеттіміз!

Енді мен, міне, республикадағы жалғыз әдеби апталықтың басшысына бармақшымын. Редакцияның үшінші қабатта екенін білемін. Алайда, қызық болғанда, «Мен – пәленмін!» – деп ойласам да, жүрегім тулап, құлағым шулап, мәрмәр сатымен әрең көтеріліп келемін. Қабылдай ма, жоқ па? Қабылдаса, не деуім керек? Шынында жақсы адам ба, әлде...

Ұзын сирағымды қысқа қадамға көндіріп, өзіме өзім «сабырлы бол» – деп ақыл айтып келемін. Ерекше еңселі, іші-сырты аппақ, менің ойымша мешіттей қасиетті ғимаратқа кірудің өзі бір ғанибет болса, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында болу, Бас редакторының, жазушының алдына бару – мендей облыс баласына тым қиын тиер-ау!..

Сыртына «Бас редактордың қабылдау бөлмесі» деген төрт сөзді шағын тақтайша ілінген жарма есіктің жартысын ақырын ашып: «Кіруге бола ма?» – дедім. Үстінде жазу мәшіңкесі, телефон тұрған үстел басында отырған әйел жарықшақтау дауыспен: «Болады, кіріңіз!» – деді. Сәлемдестім. Бетінде аздап қорасандағы бар қошқыл өңді кексе екен. Біреу-міреу қуып шығардай асыға сөйлеп: «Нығмет ағайда бір жұмысым бар еді, қабылдар ма екен, ол кісі бар ма?» – деп едім, апекем жымыды да: «Кәзир айтып киләм» – деп оң жақтағы жарма есікке беттей бере аты-жөнімді, қайдан келгенімді шұқшиып тұрып сұрады. Айттым. Ол кіріп кетті. Мен тыныш қалмай, «татарка екен ғой» – деп долбарлап үлгірдім. Апекем тез шығып, маған қарамастан үстеліне беттеп: «Бара бергилә» – деді. «Қайта бер, қабылдамайды», – дегені сияқтанды. Бірақ жарма есіктің жартысын ашық қалдырғаны сонда баруды меңзегені деп біліп, іштей «я бісімілдә!» – деп алып, бірдеңеден құр қалғысы келмеген кісіше тез кіріп бардым.

– Сәлеметсіз бе, рұхсат па екен?

– Рұхсат, келіңіз! – Қарсы қабырға іргесіндегі үстел басынан түрегелген сұңғақ бойлы, ұйысыңқы шашты жігіт басын бір изеп, үстелінің бергі жағына жанай қойылған

орындықты нұсқады. Соған тақағанымда қолын жымия ұсынды: – Атыңыз Ғаббас екен, бізде Жұмабаев Ғаббас деген ақын бар. Отырыңыз, бұйымтайыңызды айтыңыз.

Өзі жазушы болса, өзі дәу редактор болса, сірә, сөйлесуге асықпай біраз нығызданып отыратын шығар деп ойлай жақындағанмын. Енді тіпті кабинетін шолуға мұрсат бермей, шаруамды жедел сұрағаны менен тезірек құтылғысы келгені болмағай. Бос орынға осындағылар да таласып жүрген шығар, облыстың журналшысына жол қайда?! Ә, мейілі, жол болса – болар, болмаса- қояр, бұйымтайымды дереу баян еттім. Көзірім – кеше Кәкімжан Қазыбаев айтқан «әдеби орта бар». Бас редактор жолдас арқалы орындығына сәл шалқайыңқырап, басын оң жаңына сәл қисайтыңқырап отырған-ды. Түйме көзі менің сөзімді тыңдаған кісінің емес, басқа бірдеңені ойлап отырған кісінің көзіндей бейтарап. Бауырсақ мұрнының орта тұсында тыртыққа ұқсастау белгі бар. Айтарымды ақтарып болғанымда: «Түсінікті» – деп алды да, отбасымда кімдердің барын, не істейтіндерін, пәтер жағдайымды, айлық табысымның мөлшерін, т. б. сұрап білді. Содан соң:

– Араққа қалайсыз? – деп жымия етті.

– Той-томалақта ауыз тигенім болмаса, онша емеспін.

– Шыныңыз ба? – деп жымия түсті.

– Бар-жоқ шынымды айттым, сенсеңіз де, сенбесеңіз де еркіңіз.

– Айлық табысыңыз біздегіден екі есеге жуық көп екен, бірақ мұнда, жаза білгенге, қаламақы табар жер көп, – деп әрі сескендіріп, әрі жұбатып қойды.

– Бұйырғаны болар.

– Түсінікті. Сіздерде Райымханов Қайырғазы деген журналист жігіт бар.

– Ол кісі Марқакөл ауданында мектеп директоры.

– Газеттеріңізге жазып тұратын шығар? Біз курстас болғанбыз, «Лениншіл жас» газетінің редакциясында қызметтес те болдық.

– Ештеңе жазған жоқ. Мектеп шаруасынан қолы тимейтін сияқты.

– Біледі екенсіз ғой?

– Білем, – дедім. «Туған жездем» – деп айтып қоя жаздап, әйтеуір, тілімді тістеп үлгірдім. Көңіл шіркін көк дөненнің адымын ашырмайды емес пе, егер бұл кісі мені жұмысқа ала қалса, Қайрекеңмен бір жолыққанында: «сенің балдызың болған соң алдым» десе, жездекем: «менің беделіммен орналасқан болатынсың» – деп бәлденетінді шығармай ма?! Намыс жарықтықтың болғаны қандай жақсы еді!

– Ғаббас жолдас, түсінікті. «Қызметке алындым» дей беріңіз! – деп тез түрегеліп, қолын ұсынды. – Қай күннен бастап кірісе аласыз?

Тегі сасқалақтап қалсам керек, оның ұсынған қолын отырған қалпымда алыппын. Аңғара қойып, дереу ұшып тұрып:

– Барысымен өтініш беріп босаймын да келем! – дедім. Аңсары ауған ойыншығын алған балаша көңілденіп кеттім білем, Нығаң басын қисайта, түйме көзі жылтырай шалқайыңқырап күлді де:

– Жақсы. Қай күні келесіз – жұмысқа алуға сол күні бұйрық жазылады. Сау болыңыз, хабарласыңыз, – деді.

Кейін, «тонның ішкі бауындай» болып жүргенімізде, бірде Нығаң: «Мен де қумын. Сені жұмысқа аларда Шәрбан Қабышеваның бауыры екеніңді Қайырғазы жайында сұрақ беріп біліп алдым. Журфакта үшеуіміз бір топта оқыдық, екеуін қызылтануау болып жүріп үйлөндіргенмін» – деп жайдарылана күлді.

...Апта өтті. «Коммунизм туынан» әрең босап, «Қазақ әдебиетіне» келіп жеттім. Редакцияның жауапты хатшысы ақын, аудармашы Ғаббас Жұмабаевтың қарамағына алындым. «Ұзын Ғаббас», «қысқа Ғаббас» атанып, тізе қостық...

Нығанның жаратылысы жайсаң екен: пейілі – кең дала, мінезі – көктем-жаз. Орынды ақыл-кеңеске жомарт, ашу-айқайға сараң. «Суықшайшылдарға» кешірімді. Бәрімізді жұмсақ сөзімен-ақ қайырып ұстайды: газет материалдан әсте тарықпайды, уақтылы шығады, оқырманына ұнайды. Анау партиялық газеттер «Ұйымдастыра білген – ұтады» дейтін тақырыпты жақсы көретін, сол сияқты, Ныған газет шаруасын ұйымдастыруға шебер. Авторлардың көбі – көрнекті ақын-жазушылар, сыншылар. Ұжымда атақты қаламгерлермен кездесіп, жаңа шығармалары хақында пікір алысатын дәстүр бар екен. Мысалы, Ғабит Мүсірепов «Қыранның әңгімесі» – деп аталған тың дүниесін әкеліп оқып, ізбасарларының пікіріне құлақ аса біраз қырнап, газетке беріп кеткені есімде.

«Нысанасын таба, адал пейілмен, көркем тілмен жазылған тегеуірінді, әділ сын – газеттің жаны» – дейді Ныған. Бізге авторлардан соны талап етуді міндеттейді де, бізден өзі соны талап етеді. Бізге ізденімпаз, батыл болуды, әдебиет абыройын кімнің болсын ат-атағынан жоғары ұстай білуді үйретті. Орынды сынға орынсыз наразы болғанды мүлде қолдамайды. Редакцияның қызметкерлерін, әсіресе «оққа кеудесін тосқан» сыншыларды үнемі қорғап отырады. Дау туғызуы мүмкін мақалаларды өзі мұқият оқып, артық-ауысын реттеп: «Саспаңдар. Стекең айтқандай, «Наше дело правое, мы победим!» – деп ақырын ғана күледі. Қарқылдап қатты күлмейтін.

Сынға қарсы шабуыл қашанда қатты болады. Нығанның кабинеті кейде бұрқсарқ қайнаған тайқазанға айналып кетеді дерсің, есігінде тыным жоқ: шабуылшылар топ-топ болып келеді, гүр-гүр, күж-күж сөйлейді, топ-топ болып шығады, тағы келеді, тағы гүр-гүр, күж-күж... Жазушылар одағының басшылары мен Нығанның кабинетінің арасына төте жол салынғандай. Ол жолмен ары-бері тынымсыз жүретін «жолаушы» – Ныған. Кейде мақала авторы да ілеседі. «Не деп жатыр?» дейміз әредігінде. Көңіліміз күптілеу. Күштілер бір жерімен диірмен тартады ғой, Ныған сол «диірменге» ойда жоқта «бидай» болып кетпесе екен деп тілейміз. Ныған: «Әйтсе, кө-ям!» – деп қолын сілтей жымыяды. «Әйтсе, көям» – сөзінің салты. «Аққа құдай жақ» қой, шабуылдар шаңы көп, мәні жоқ бірдеңе болып тынады.

Редакцияның қалауымен Ғабдол Сыланов ағамыз әдеби тіл туралы мақала жазғанда да Ныған екі оттың ортасына түсіп шықты. Тілге ұста Ғабдекеңнің бүгінде тілшілер көш соңында тезек теріп жүр деген сыңайда сын айтқаны үшін. Қазақтың тілін тілшілер жасамағанын, тілшілерді қазақ тілі жасағанын мойындағысы жоқ «тілші мамандар» Ғабдекеңді және оны қолдап отырған газет басшысын партияның Орталық комитетіне дедектетіп алып барып, бәлемдерді сорлатпақ болды, бірақ «армандарына» жете алмады.

Ныған кейде баламінезденіп кетеді. Қайсыбіріміз жұмысымыздағы кейбір ағаттықты әжептәуір әңгіме етуге кіріскенде ол – жолдас Бас редактор оны тіпті елемей қоя салады. Бірде газеттің басмақаласы «қызық» қатемен шықты: «Карл Маркс пен Фридрих Энгельстің еңбектері» дегендегі «ң» әрпі «н» болып, «б» әрпі түсіп қалыпты. Лездемеде («летучка» дейтінде) отырғанбыз. Шолу жасаған қызметкеріміз (Қажықұмар Қуандықов) оны кәдуілгідей сескене хабарлады. Бәріміз де алдымыздағы газеттің сол жолына үңіліп, содан соң бәріміз де Бас редакторға бағжия қарадық. Әлдекім: – Мынау қиын екен, біреулер «саяси қате» – деп пәле қылып жүрмесе... – деп күңк етті. Ныған: – «Әйтсе, көям», басмақаланы кім оқиды дейсің? – деп күлді. Біз де ду күлдік... Айтқандай, басмақаланы ешкім оқымаса керек, «б» әрпін іздеген саққұлақ та, салпаңқұлақ та болмады.

«Чиновник қой!». Ныған кейбір сәтте осылай дейтін де, салқын кейіпте мырс ететін. Жақтырмағандағысы...

Ахмет Байтұрсынов бастаған арыстарымызды ақтау хақында өңгіме көтеріліп жатқан кез. Бізде Мағжан Жұмабаевқа арналған бет дайындалды. Бірақ жарық көрмей қала берді. Оның нақты себебін Нығаз «Қазақ әдебиеті» газетінің 2003-жылғы желтоқсанның 19-ы күнгі санында «Литературная газетаның» теріс пікірлерін құп алмайтынымызды ашық білдірдік» деген тақырыппен шыққан мақаласында былайша айтыпты: «...Мағжан Жұмабаев туралы Әнуар Әлімжанов мақала жазып, ақынның өлеңдерінен «Қазақ әдбиетіне» арнайы бет әзірледік те, ол материалды жариялау үшін идеология бөлімінен рұхсат сұрадық. Олар қарсылық қана білдіріп қойған жоқ, жариялауға тиым салды». Садықбек Адамбеков ағамыз айтатындай, «мәс-с-еле қайда?!» Содан бір ай шамасы бұрын біздің бір «оқымыстының» мәскеулік әріптесімен бірлесіп жазған, Мағжан Жұмабаевты ақтауға бөгет пиғылдағы мақалалары «Литературная газетада» жарияланып, біздің ақын-жазушылардың оған қарсы пікірлері «Қазақ әдебиетінде» шыққан. Қиянатқа қашанда қарсы ұшатын Әнуар Мағжан Жұмабаев шығармашылығы жөнінде мақала жазып, Нығаз газеттің бір бетін тұтас арнауды ұсыныпты. Бірақ, амал не, нұрлы ой ноқайлыққа тап болды. «Жариялауға тиым салған» баяғы ЦК-дағы «чиновник» екен.

Ол жылдары Әнуар – «Правда» газетінің Қазақстандағы тілшісі. Оның алдында үш жыл «Литгазетаның» Орта Азия мен Қазақстандағы тілшісі болған. Кейін, 1987-жылы болар, бір әңгімелесіп отырғанымызда Әнекеңнен «Литгазета» редакциясының жұмысы жайын сұрағаным бар. Әнуар ежелгі әдетімен иығын қуяң еткізді де: – Бізде бірінші басшының аты – бірінші басшы емес пе, сондай бір қисық тәртіп орнағалы қашан! «Литгазетаның» бағыты да Бас редакторына байланысты бола қалады. Былтырғы желтоқсан оқиғасы туралы жазып жіберген мақалама мен айтпаған теріс сөйлемдерді қосып, пікірімді бұрмалапты. Оқи сала ашуланып телефон соқтым. «Алматы қаласындағы бұзықтық туралы материалдардың бәрі ЦК КПСС-тың тиісті бөлімі қарап, редакциялайды, бізге не қыл дейсің?» – дейді ұятсыздар. Содан бері олармен сөйлескенді қойдым, – деді. Нығаз Әнуарды оң бағалайтын. «Әлімжанов Әнуардай жан-жақты мол білімді, танымпаз, жаңалыққа құмар, алымды, қарымды журналист-жазушы көп болса ғой!» дегені бар.

Жазушы Нығаз қаламын қалжырата бермейтін, санды сападан садаға ететін байыпты жазушылығы өз алдына, журналшы Нығаз газет мүддесі үшін шапшаң қимылдайтын, әдебиет жанрларының тыныс-тірлігіне орай тақырыпты таңдай білетін де, редакция қызметкерлерінің соларды тез игеруін, ол үшін авторлармен тіл табыса білуін талап ететінін де қадағалайтын. Біздің оралымды, ізденімпаз, тақырыптапқыш, батыл болуымызды қалайтын. Қалап қана қоймай, жоғарыда баян еткенімдей, суық тілді сұқ көздерден, қиянатқа бейім қыңырлардан, сынды көрсе жынын көргендей жұлқынатын «қырыпсалғыштардан» қорғайтын. Ал біздің мақалаларымызды күнбе-күн тез оқитын да, толықырамай тұрған тұсы болса: «Осының, меніңше... мына бір жері жұқалау сияқты», – деп пікірін қысқа да нұсқа етіп айтатын. Тез оқитынын білетінім: бір жыл шамасы секретариатта істедім. Қызметімнің ресми аты – «Жүріп-тұратын тілші», бірақ жауапты хатшының орынбасары міндетін атқарамын. Газеттің келесі санына баратын материал атаулыны уақтылы түгендеп, макет жасаймын. Нығаз мақаланы өзі алады да, өлеңдерді «Ғабекең оқысын», «Із-ағаң оқысын» – дейді. Ғаббас Жұмабаевтан кейін жауапты хатшы Із-ағаң, Ізтай Мәмбетов, болған. Екеуі де – ақын.

Кезекті демалысына шығарда, не ұзақ іс-сапарға барарда, не ауруханаға жатуына тура келгенде Нығаз Бас редактордың міндетін уақытша атқаруды әдебиет бөліміміздің меңгерушісі Сәкен Жүнісовке жүктейтін, себебі оның бөлімі – редакцияның маңдайалды бөлімі және Сәкен – сол кездің өзінде танымал жазушы. Ал Сәкеннің мінезі қызық еді: сол күндері жұмыс ретіне орай басқа мекеме басшыларымен сөйлескенде: «Сіз «Қазақ әдебиеті» деген газетті оқитын шығарсыз, мен сол газеттің Бас редакторы Сәкен Жүнісовпін» – дейді, не газет атынан ресми хат жазғанда «Бас редактор Сәкен Жүнісов» – деп қол қояды. Әдеби газет-журналдарда қалыптасқан бір дәстүр – Бас редактордың аты-жөні, ол басқа қызметке ауысып кетіп қалғанда болмаса, соңғы беттегі орнында қозғаусыз тұратыны, оның міндетін уақытша атқарушының аты-жөні ешқашан жазылмайтыны. Сәкенге бір күні: «Мұның не? «Уақытша» дегенді айтқың келмеген күнде тым болмаса «міндетін атқарушы» десеңші! Кімнің Бас редактор екені газетте бадырайып жазулы тұр ғой?» – десем, ол қысық көзі жұмыла қы-қы-қылап күліп: «Соны кім байқайды дейсің?!» – дейді. Нығазның «басмақаланы кім оқиды дейсіңіндей». Басқа жерлердегі әңгімелерде «Қазақ әдебиеті» ауызға алынғанда Сәкен отырса – бітті, ол: «Мен сонда Бас редактор болып тұрғанда», – деп іліп алып кетеді. Бірде Жазушылар одағы ғимаратының мәжіліс залындағы бір жиында Нығаз екеуіміз орта тұста қатар отырдық. Нығазның Бас редакторлықтан өзі өтініп босап, Абай атындағы пединститутқа ауысып, кафедра меңгерушісі болғанына екінші жылды. Мінберге Сәкен шыққан. Аңқылдақ мінезіне сай екпіндеп сөйлеп тұрып: «Мен «Қазақ әдебиеті» газетінде Бас редактор болып істегенде» – деп Алатаудан асып-ақ кетті. Нығаз маған бұрылыңқырап: «Қасқан сілтеді, дауа жоқ, ә?» – деп күбірлеп, сылқ-сылқ күлді. «Осылай сөйлеу осы Сәкенге қалайда жарасатын сияқты», – деп мен де еріксіз күлдім. «Иә, бұған бәрі жарасады», – деді Нығаз ризашылық жылы үнмен.

Өз басым Нығазның тіпті қатты ашуланған сәтінің өзінде ренжіткен кісіге суық үнмен сөйлегенін көрген жоқпын. Бұрқ-сарқ еткенге өзіне қатысы жоқты айтып тұрған кісіге қарағандай бей-жай түрмен қарап отыратын да, оның «оғы таусылғанын» көрген соң: «Болдыңыз ба? Енді мен айтайын», – деп, құдды бір пайдалы кеңес беретіндей, жауабын байыппен бастайтын.

Жігіт болып туған қыздай қайран Нығаз!

2007-жыл



## СЫРЛАС БОЛДЫҚ

xxx

*«Бүгін түнде сенің хатыңды тағы оқып шықтым. Себебі: осы хатың маған ерекше жылы ұшырады. Сенің әрі батыл, әрі биязы мінезіңді айнадағыдай анық көрсетті... Еліңе барып, тек өз ауылыңнан, өз ауданыңнан қайтқаныңды мен бір газеттен оқыдым. Бұл өнді сенің момындығың емес, өзін өзі әрі таза, әрі төкаппар ұстап жүретін сыпайы жігіттіктің белгісі. Әрине, сенің алпыс жасқа келгенің – үлкен өмір белесің, сол белеске сені қолтығыңнан демеп шығаратын жерлестеріңнің аздығы көңіліме көлеңке түсірді... Осыдан, мына қағынған заманды қара ешкінің терісімен қағатын күн туса, сенің мерекелі күндерің алда ғой!...» («Құпиялы хаттар» кітабы. «Фаббасқа төртінші хаттан».*



«Әлі есімде, әлі есімде сол бір кез...» дегендей, әзіл-сықақ хақында әңгіме басталған сәтте бүкіл бітімі көз алдыма келе қалатын қаламдас ағаларымның ірі – Сәкең, марқұм Садықбек Адамбеков. Оң жағына жатыңқыраған селдірлеу сарғыш шашының о тұсы мен бұ тұсы едірейіңкіреп, маңдайының үш-төрт сызық әжімі үшбұрыштылау сұйық қасының үстіне жымиып жатып алған сияқтанып, шын бар-ау, ерекше жарасымды, сүйкімді көрінетін. Ол көрініске етегі сәл қусырыңқы қыр мұрынын, көбінесе күлімдеп тұратын қиық қоңыр көзің, күлкінің күршегі ілініп қалғандай аз-маз түсіңкі сол жақ езуің, жұқалтаң болғанымен құдіретті боксшының жуан жұдырығына да селт етпестей мығым иегін қосыңызшы!..

Екеуіміз алғаш кездескенде ол ықшам басын сол жағына қисайта еңкейіңкіреп, аяғын әдейі аздап сүйрете басқандай болып, әлденеге асығып келе жатқан, шағын денелі жігіт ағасы еді. Алматыға көшіп келіп, біраздан бергі таныстарым композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақан Жұмекен Нәжімеденовтің ақылымен, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Нығмет аға Ғабдуллиннің қалауымен әдеби апталық редакциясының онда-мұнда жүріп тұратын тілшісі қызметіне кіріскен кезім-ді. Ойда жоқта Жазушылар одағы ғимаратының алдында жолғасқан Сәкеңді газет-журналдардағы әзіл-сықақ әңгімелері мен фельетондары, суреттері арқылы танытынымды малданып, алдына еркін барып:

– Ассалаумағалейкүм! – дедім. Ол қалт тұра қалып, жымия қарап:

– Уағалейкүм! Танымадым, қай жігітсің? – деді. Аты-жөнімді, мән-жайымды айттым. 1966-жылдың көкек айы болатын.

– Өскеменің ақ қар, көк мұз болып жатқан шығар, анау бір жылы дәл осы уақта барып, мұз көшесінде мұрттай ұшып, жамбасымды жарып ала жаздағанмын, – деп жымыңдай түсті.

– Е, иә, жылы жақтан келгендерді сөйтіп сынаитыны бар. Сізді «достарыңыз» да ұмыта қойған жоқ: «Жамбастап жүретін сол сары қуенді келе ме!» десіп, «сыбағаңызды» сақтап жүрген көрінеді, – дегенімде Сәкең шалқия мәз болып күлді де, мені қолтығымнан ұстай алып:

– Жүр, кабинеттеріңе барайық, ол «достарымның» қызығы көп, саған айтып берейін. Сен жаухатшы Ғаббас Жұмабаев екеуің бір кабинеттесіндер ме? – деді. «Жаухатшысы» – «жауапты хатшы» дегені. Ақын Ғаббас Жұмабаев сол қызметте болатын, ал мен әрі тілші, әрі оның орынбасарымын.

(«Сізді «достарыңыз» да ұмыта қойған жоқ» дегенім: содан бес ай шамасы бұрын ол біздің облыста болып, екі-үш ауданды аралап, бір ауданның совет атқару комитеті басшыларын, бақса бір ауданның кеңшар директорын фельетон етіп жазып, жау тигендей шулатып, ақырында төрт «мықтыны» мықшитып тынған).

Сөйтіп, Сәкең екеуіміз көптен кездеспеген байырғы жолдастарша солай жараса шүйіркелесіп кеттік. Ол менен он үш жас үлкен болса да, «жақсыда жаттық жоғыммен» баурап, құдды құрдастарша қалжыңдаса беретін болдық. Бірте-бірте сырласып та кеттік. Ақ көңіл, ашық мінезді жан еді. «Тарының түйіріндей қиянатқа гүрзі ала ұмтылатын ауруым бар, соным жүйкемді жеп тауысар!» – деп қоятын кейде. Әлдебір әділетсіздікке куә болған күндерінде. Сондай халінен бір мысал:

«Партияның солдатты» болған соң партияның ырқына көнбеске шарам қалмай, «Ара-Шмель» журналының Бас редакторлығына барғанымда бір жыл толған тұс еді. 1984-жылдың көктемі. Таңертең кабинетіме Сәкең кіріп келіп, ұшып тұрған маған абың-күбің жетіп, берген сәлеміме:

– Мынау сволочь екен ғой, ә?! Неткен мисыз сволочь, ей?! – деп күйіне сөйлей «жауап» қайтарып, қолын ұсынды.

– Сәке-ау, не болып қалды? Жайшылық па, әйтеуір, аманшылық па? – дедім, шын таңданып.

– Өй, аманбыз ғой, тіріміз ғой, бірақ кәдімгі сволочь екен анау, ә? Естігенде шалқамнан түсе жаздадым! – дейді.

Сәкеңді шалқасынан түсіре жаздаған жәйт былайша. Бір күні редакциямыздың әрі «жаухатшысы», әрі бастауыш партия ұйымымыздың хатшысы М. деген жігіт (бүгінде арамызда жоқ, жаны жәннәттә болсын!) талдырмаш денелі сары келіншекті ертіп келіп, «Біздің Фрунзе аудандық партия комитетінің бақылау жағындағы қызметкері» – деп таныстырды (аты Күлән екен). «Ұжымдағы коммунистердің партиялық жарна төлеуін тексере келіпті». «Жақсы, міне, хатшы жолдас жаныңызда, кірісіңіз» – дедім келіншекке. Ертеңінде екеуі қайтадан келді. Тексеру қорытындысы қолдарында. «Аға, сонша дерліктей ағаттық жоқ екен, сіз былтыр шыққан кітабыңыздың қаламақысынан жарнаны 26 сом кем төлепсіз, басқа бірер коммунист 3-4 сомды кем төлепті. Ондай қателік кездесе береді, кемін төлей салсаңыздар болды, көп сөз етуге тұрмайды. Бірақ мына хатшы ағайдың талап етуімен акт жасадым, жаңа айтқан сомалар көрсетілді. Алайда... меніңше... кем жарнаны бүгін-ертең төлей салыңыздар, мен мына актінің екі данасын да осында қалдырып кетейін, комитеттегілерге «ешқандай нарушение жоқ» дей саламын», – деді тексеруші. Хатшы: «Е, неге? Бұл – документ», – деп міңгірледі. Ашық сөзден міңгір жаман, сондықтан екеуіне: «Өздерің біліңдер, мен кіріспеймін, сендердің қалағандарың болсын», – деп қайтардым. Сәлден соң тексеруші қайтадан келіп: «Актынің түкке керекі жоғын хатшыңыз түсінді, менімен келісті, актіні жыртып тастадық. Аға, менің келуіме хатшыңыз себеп болды, біздің басшыларға телефон соғыпты. Қызық кісі екен... Сізге соны айта кетуге кіріп едім, сау болыңыз!» – деп қоштасты. Одан біраздан соң хатшы келіп: «Әлгі... актіні... былайша алғанда... келісіп, жыртып тастадық» – деп тағы міңгірлеп кетті. Ал мұқият құрап желімделген сол акті келесі аптада, аудандық партия комитетінен бір-ақ шықсын! Мен комитеттің бюросына шақырылдым. Бірақ жау жоқта соғыс болушы ма еді, аупарткомның бірінші хатшысы (оның аты-жөні есімде жоқ, әйтеуір, былшиған қап-қара жігіт еді): «Өкінішке қарай, біз сізге шара қолдана алмаймыз, өйткені ЦҚ-ның номенклатурасындағы коммунистсіз» – деп сызданып қала берді. Оны желіктірген салпы қарын хатшыма да, шара қолдана алмай босқа тыраштанған былши қараға да жаным ашып, ішімнен: «Ей, байғұстар-ай!» – дедім. Аупарткомның бөліміне барып, менің 26 сомды «кем төлегенімді» тексерттірдім. Бөлім өз есебіндегі коммунист журналшылар мен жазушылардың тізімін жыл басында баспаларға түсіріп, олардың әр айдағы қаламақы мөлшерін анықтап, жарнаның дұрыс төленуін қадағалайды екен. «Жазушы» баспасынан келген мағлұматта менің қаламақым алғанымнан әлдеқайда көп болып тұр. Еріксіз таңдандым да, бөлім меңгерушісінің рұхсатымен сол жерде баспа бухгалтеріне телефон шалып, мән-жайды анықтауын өтіндім. «Қазір» – деді де, бір минут шамасында: «Ағай, кешіріңіз, қателесіп кетіппіз. Әлжаппар Әбішев ағай екеуіңіздің қаламақыларыңызды ауыстырып жазып қойыппыз» – деді. «Оқасы жоқ, енді біздің аупарткомға мағлұматты жаңалап жібере салғайсыңдар» – дедім де, бөлім меңгерушісіне: «Баспадан түзету келеді, біріншілеріңізге көрсетіңіз, ашуы тарқасын», – деп кеттім.

Бүрөге шақырылғанымды естіген Сәкең хатшымызға жұдырығын түйіп жеткен ғой.

– Ол сұмдықты ауылға аттанғалы тұрғанымда естідім, әйтпесе сол сағатта келетін едім бұл сволочка! Бұл ит-күшік менің жақыным өзі, ал істеп жүргені анау! Саған келместен бұрын жаңа оған барып, бас терісін аузына қаптап кеттім ақымақтың!– дейді күйіне түсіп. Оның ашуын жуып-шайғым келіп:

– Сәке-ау, сіздің тыңшыларыңыз мұнда да жеткілікті екен ғой, біздің құпиямызды Сізге жеткізіп, сүйінші сұрап жүрген қай қу, кәне, айтыңызшы, жұмыстан дереу шығарып жіберейін ол бәлемді! – деп әзілдедім. Ол маған күле қарап:

– Рас, тыңшым көп, – деп жайланып отырды да: – сен оны жұмыстан шығарып жібермес үшін атын айтпаймың, менің анау сволочь туысымның – сенің сволочь хатшының бір актіні мықшыңдап желімдеп отырғанын сол агентім көріпті, сендердің бюрода болғандарыңды да сол айтты. Ал не болды, бюро не деді? – деп шұқшия қалды. Мен еріксіз күлдім:

– Не деуші еді? Туысыңыздың арқасында аупарткомның бірінші хатшысын көрдім, қара балшықтай біреу екен, бірдеңесін пышақтап қала берді.

Сәкең алақанын шарт еткізіп, біразға дейін сық-сық күліп алды да:

– Бүгін жұмыс аяғында келем, анау сволочь үшеуіміз ресторанға барып шәй-пәй ішейік, оған сенен кешірім сұратамын, көрерсің. Өйтпей болмайды бұған, тіпті күйіп кеттім! – деді.

Тілінің уытына Мұхтар Әуезов тәнті болған атақты әзіл-сықақшы, фельетоншы Садықбек ағамыздың қиянат атаулыға жаны қас адам екеніне көзім сонда тағы бір жетті...

xxx

«Атылған қыз туралы аңыз» романын маған да қолтаңбамен сыйлағаны кешегідей есімде. «Әзіл-сықаққа әдебиетіміздің бір саласы-ау деп назар аударылмайтын бұл пәле «тәртіптен» қашан құтылар екенбіз? Жазушылар одағының үлкен-кіші төрелері, айтпақшы, Әнуар Әлімжановтан басқасы, сатираны оқыған емес. Әдебиеттің сыншысы болып жүрген мықтылар да мақалаларындағы құлаш-құлаш тізімдеріне сатириктерді кіргізбейді», – дегені бар. Шынында әзіл-сықақшылар бірімізді біріміз іздемесек, не жазып, қалай жазып жүргеніміз жөнінде өзара пікірлесіп, парықтағанымызды ортаға салмасақ, бізді санат тұрғай санға қосатын сыншы көрінбейді. Мемлекеттік университеттегі оқытушы Темірбек Қожакеев қана жалғыз жоқшымыз болып келеді. Осылай ой түйдім де, Сәкеңнің романына пікір жаздым. Сатиралық романның дүниеге келгенін қуана құптауым басым болса да, автордың күлкі үйіретін кейбір сөзтіркестері қайталанып қалатынын, әр жылдары шыққан туындыларға қиюласуы мүмкін сөзтіркестің бір ғана романда кездесе бергені жараспай тұрғанын айттым. Мақалам «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Ертеңінде Сәкең қызық ойынға кешігіп жеткен балаша арсалаңдап кіріп келіп, мені бассалып құшақтап:

– Әй, айналып кетейін-ай! Жаман ағаңның төбесін көкке жарты елі ғана жеткізбедің-ау! Оқыдым, рахмет, көкем! Бірақ есіңде болсын, сен төрт ескерту жасаған екенсің, мен оның екеуін ғана қабылдаймын, ұқтың ба, түсіндің бе? – деп жымыңдады.

– Екеуін алсаңыз, Сәке, екеуі қалды, ондай тепе-теңді бухгалтерлер «армянский баланс» – дейді.

– Солай ма? Ал оны қазақшаға аударғанда қалай делінеді?

– Қазақшасы ма... «Қой да аман, қасқыр да тоқ» шығар?

Сәкең сық-сық күлкісіне басып алып:

– Ғаббас-жаң, жалпы бар ғой, «армянский баланстан» «қазақский баланс» артық па деймін. Көерсің, менің бұл романыма қазақтың «балансшылары» жуық маңда очко бермейді. Жүр, кофе ішейік, жүр! – деді. Ғимараттың бірінші қабатындағы асханаға екеу болып барып, Сырбай Мәуленов бастаған алтау-жетеу болып шықтық. «Әй, айналайын інішектерім, менің бұл романымды мына Сырбай мен анау Тахауи, Жұбан ағаларың келесі романым шыққанша жуғызады, жумасам бар ғой, онда сабайды, көерсіңдер!» – деп бізді ду күлдірді.

Қайран құрдастық, достық! Сәкең мен құрдас-достарының арасында «Тотының тоғыз тарауына» бергісіз хикаяның көп болғаны қаламдастар қауымына жақсы мәлім. «Отыз тістен шыққан сөз – отыз ру елге тарайды», Алматыдан шалғай қалаларда, ауылдарда болып жүргенімде әңгімеміз әдебиетке ойысса-ақ жұртшылық: «Садықбек Адамбековпен таныссың ба? Аты аңызға айналған ол фельетоншымыздың өмірі небір қызық оқиғаға толы дегенді естиміз, соның қайсысы рас, қайсысы құрдастарының ойдан шығарғаны?» – деп білмекке құмарлық танытады. Мен, әрине, Сәкеңмен таныс-біліс екенімді іштей мақтан тұта отырып, естігендерімді тұздықтап айтып беруден әсте жалықпаймын. Тыңдаушылар бір жасап қалады. «Уай, Сәкең-ай!» – деп желпініседі.

Қазағымда Садықбектей алтын айдарлы сықақшы болса, мен оның іні-құрдасы, іні-сырласы болсам, неге мақтан тұтпайын?! Ол жайында тараған бірдемдік әдемі әңгімені неге хикаяға айналдырып айтпайын?!

xxx

«...Біз, екеуіміз, қандай сырлас едік! Адам үшін де, заман үшін де қанша ауыр күрсініп сөйлеспедік?! Соның бәрі күндердің күнінде көрген түстей болды. Жабық есіктің ішінде маған жабылған қара шапан көңілде қара дақ қалдырды. «Япыр-ай, мына сұмдықты кім ойлап тапты? Ғаббас қалай білмеді?» – деген күдік менің ашық көңіліме қара бұлт болып орала берді...

...Өмірде көрген жалғыз бақытым – ауылда той дүрілдеп жатқанда бір топ адамның ішінде: – Бұл тойға Қалдарбек емес, Ғаббас келуі керек еді, бұл жігіт сараңдық істеді, – деп қасымдағы Тұтқабайға қарадым. Ол жымысқы күлкімен бір мырс етті...».

Бұл – Сәкеңнің маған 1995-жылғы маусымның 24-і күні Оңтүстіктің Арыс қаласынан жолдаған хатының алғашқы сөйлемдері. Соңғы сөйлемдері былай: «...Әдебиет әлеміне от ұстап келіп едім, отқа оранып өлетініме кәміл сенетін шығарсың. Менің айтар өкпе-назым жоқ. Құдайдың салғанын көріп жатырмын. Арыс азаматтарының арқасында жоқшылық көріп, жалғыздық көріп жатқаным жоқ. Бірақ мына «шылбыр сүйреткен» пасық ауру арыма да, намысыма да тиіп, көз алдым күңгірт тарта береді...». От ұстап жүрген Сәкең Арысқа сол барғанынан Алматыға қайта орала алмады.

Алматыда қанша емделсе де, зәр жолдарының зақымы жазылмай, ағзасы әлсірей берген, «шылбыр сүйретпеске» шарасы қалмаған. Сол халіне налып жүрген күндерінің бірінде: «Жас шағым, жақсы шағым өткен бұл Алматының атына қызықпасам, затына қызығар мен енді жоқпын. Есім барда елімді табайын, ауылымды жағалайын...» – деген-ді. Көңілін жұбату үшін әрқашанғымша еркелей қалжыңдап: «Сәке, жақсы адамға жаман ауру үйір болады, бірақ дәнеңе істей алмай, ақырында жыланның қабығынша өзінен-өзі сыпырылып қалады. Осыны ұмытпаңыз. Содан кейін ұмытпас тағы бір нәрсе: мен барғанда Арыстағы әлгі штатыңыздан тыс айдай ару жеңгелерімнің бәрін маған көрсетіп, көрімдік алыңыз!» – дедім. Ол ғадетінше көзін сығырайта сық-сық күліп: «Аруды ауруға айырбастағанына үш жыл болған

Садықбектен енді ондай ерлік күтпе... өй!.. сырымды айтам деп шынымды айтып қойдым, қап!» – деді. Екеуіміз жарыса күлдік.

Ақ көңіл ағаның халі қиындай берерін дәрігерден білгенмін. Мүмкін болғанынша жәрдемдесуіміз керек деп, Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы пәрменін пайдалана әрекет жасап, Әдеби қордан ақшалай көмек, сондай-ақ, Арыс қаласына екі аптаға одақтан командировка бергіздім. Республика Президенті тағайындаған стипендияны алып жүрген қырық шақты жазушының тізіміне енгіздірдім. Құзырлы кісілерге хат жазып, телефон шалып дегендей. Президент стипендиясы, ұмытпасам, тоқсанда бір беріледі, ал Арысқа бара ауруханаға жатуға мәжбүр болған Сәкеңе ем-дом үшін қаржы күнбе-күн дерлік керек. Президент әкімдігінің стипендияны қадағалайтын бөлімімен сөйлесіп, Сәкеңе берілер ақшаны одақтың бухгалтериясына аударып тұратын етіп, одақтың бас бухгалтеріне Сәкеңе тиесіліні өз атына поштамен ай сайын жіберіп отыруды тапсырдым. Ол тәртіп бұзылған жоқ. Алайда, кінәретті көңіл кінәмшіл ғой, Сәкең 1995-жылғы саршатамыздың 1-күні жазған хатын: «...Президент беретін «қайыр-садақаны... тез аудартып жібер», – деп аяқтапты. Күлдім де қойдым.

Иә, біз хат жазысып тұрдық. Екеуіміздің бұрынғы сырларымызды жалғастырған хаттар. Ал сырымыздың қыры көп болған. Жекебастық оны-мұны жәйттер, денсаулық, замаң, қоғам, әдебиет, өзімізбен жақын қарым-қатнасты үлкен-кіші қаламдастар туралы ой-пікір. Реніш те, қуаныш та бар. Сәкеңнің Алматыдан ауылға аттанбас бұрын өзі дайындап, баспаға өткізген екітомдығын шығару тым тәтті уәдемен басталып, түсініксіз шырғалаңға айналды. Соған қатты күйінген Сәкең өзін уәдемен байытып қала берген, «Алматыда алшаңдап жүрген» екі інісінің аттарын атап, ауыр-ауыр сөз айтыпты бір хатында. «Жаны кейіген тәңірін қарғайды».

«Саған бір ақтарайын сыр сандықты...» – деп тақырып қойып жазған келесі бір хатын (хаттарына кей-кейде тақырып қоятын, ал көбінесе Фаббасқа пәленінші хат, түгенінші хат дейтін):

«...Көңіл кірі айтса кетеді» деген осы. Бірінші хатта саған өкпемді айтып, жеңілдеп қалдым. Енді кәдімгі Бас редактор Фаббастың кабинетінде отырып сырласқандай сөйлесейін сенімен. Екеуіміз көріспегелі бұл дүниеге кім келіп, кім кетпеді. Сенде бәрі бар: талант та, бала-шаға да, еңселі дос-жаран да. Қусаң жетесің, қашсаң құтыласың. Ал мен:

Сен мендей бақытты болсаң, –  
Халыққа қатер боп төнер ең.  
Сен мендей бақытсыз болсаң, –  
Бір түнде асылып өлер ең,

– деп Тахауиға айтқанымдай, таланттың жалында, азаптың отында отырмын. Жалғыздық дегеннің не екенін ел енді менен сұрасын. Бір тумақ бар, бір өлмек жоқ, ал менің көріп жүрген азабым мен қорлығымды дұшпанымның дұшпанына бермесін...» – деп бастап, жасы жетпіске толғаны көңіліндегідей тойланбағанына орынды назаланыпты. Ондай күй кешуін түсіндім. Кешірімді жәйт. Жазушылар одағының бірінші басшысы Қалдарбек Найманбаев «әне-мінәмен» сырғақтата берді және оның үстіне Алматыда болғанынан Түркияда, Қытайда, Алманияда, т. б. елдерде жүргені көп. Сол әдеті созыла берген соң, Сәкеңді ұжым дастарқанына шақырып, баршамыз ақ тілегімізді білдіріп, иығына шапан жапқанмын. Өйтпесіме болмаған, жерлестерінің Сәкеңді мерейтойын өткізуге елге шақырған күн жақындап қалған. Одақтың думандатарына сөнген ағаның қабағы түнеріңкі тартты. Анау хатындағы: «Жабық есіктің ішінде маған жабылған қара шапан көңілде қара дақ қалдырды», – деуі сондықтан.

Елдегі тойының ойдағыдай өткізілмегені де жүйкесін жұқартқан екен. Ол туралы хатында: «Сыр сапары жайында елдің айтып жүрген ертегісі дұрыс емес» – деп, өзі еріксіз куә болған құйтырқыларды тәптіштеп жазыпты. Той алдында Сәкеңнің атын туған ауылы сыртындағы бір тоғайға қойған-ды, сол туралы айтқаны: «...Маған берілген тоғайдың да соры жетіп жатыр. «Тумағанның түбі шикі» деген осы. Ну орман болып кететін тоғай қазір жын ойнағы. Құдай бермеген соң, адамның бергені ешнәрсе болмайды екен...».

Сәкеңнің енді бір хаты мынадай жанайқайын ала келді: «Арыста менің атыма бір мектеп-интернат «Садықбек Адамбеков атындағы мектеп-интернат деп аталсын» деген екен. Осы интернаттың директоры: «Сәкеңнің ешқандай атағы жоқ, қалай осындай үлкен мектепті ол кісінің атына қоямыз?» – деп, кейде өшіріп, кейде қайта жазып, көзімше қорлық көрсетіп жүр».

Мәдениеттен, әдебиеттен әліпті таяқ дей алардай хабар-ошары жоқ шолақбелсенділерге қараған күн сол. Қазақстанға белгілі қарымды қаламгер Садықбек Адамбековті ауылы мен ауданының басшылары сыйлай білмей, осылайша шаршатқан. Сәкеңнің әрбір ренішінен кейін оларға не телефон соғып, не хат жазып хабарласқанымда бәрі-ақ: – Денсаулығы онша болмай жүрген соң Сәкең кейде асырыңқырап айтып жібереді, онысына ренжімейміз, ал жаңағы айтқан жағдайды сөзсіз қадағалаймыз, сөзсіз дұрыстаймыз, қапа болмаңыздар, – деген. Шарапатсыздар шығарып салар сөзге кеңде болған емес. Бұйрық берер дәтің жоқта сенбеске лажың қалмайды. Жоғарғыларына жолдаған сөзің де қиралаң жолмен аяңдап соларға барады да, сол жолмен қайырылып саған келеді. Құралақан емес, жып-жылы уәде болып жетеді. Тағы сенесің. Сәкеңді тағы жұбатасың. Қаңсыған тесік астаудай жүйенің сықпыты сөйтіп мысыңды құртады...

Шаршап-шалдыққан Сәкең келесі бір хатында ұзақ-ұзақ сыр шертіп алып: «... мен сорлы жеті жасымда өскен детдомға жетпіс төрт жасымда қайтып келген жоқпын ба?!» – деп өксіп тоқтаған еді. Әмір иелерінің емес, қатардағы қайырымды қарапайым інілерінің арқасында «Арыс» санаториінде бірнеше ай жатқан Сәкең ол ғимарат толық жөндеуге жабылған соң, сондағы Жетім балалар үйінің бір ықшамдау бөлмесіне орналастырылған екен. Өксіп айтқаны – сол халі. Ақша сіңбіріп жүрген жергілікті бизнесшілердің бір-екеуі Сәкеңе о баста пәтер сатып әпермек игі ниет білдірген еді, амал не, «құрғақ қасық ауыз жыртты».

Кеңіл күйі аласапыран болып жүрген Сәкеңе әдебиет ауылындағы ағаларының, дос-жолдастарының қатары сирей бастағаны да ауыр тиді. Хаты сөйлесін:

«...Жалғыз түп қана тал едің,  
Кеттің орман өсіріп,  
Сол орманға ел көшіріп.  
Мен үйімді жыға бастадым,  
Ошақтың отын өшіріп, –

деген жолдар Сырбай қазасында газетке басылған өлеңнен үзінді ғой. Жұбан дүние салғанда жүрегім қанша сыздаса да: «Жұбан болып тудың да, Махамбет болып өлдің сен», – деп өзіме тоқтау салып ем... Сырбай қазасы мені сансыратып кетті, қан жылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сездім. Мені бір үрей басты...» (09. 02. 1996).

Сәкең мен Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Жұбан Молдағалиев жалынды жігіт шақтарында табысқан, әзіл-қалжыңдары жарасқан достар еді. Араларынан қыл өтпеді. Сәкеңнің әсіресе Сыр-ағамен ағайынды жігіттердей, тіпті егіздердей ерекше жақын болғаны көпке аян. Мынау хатқа қайта үңілейікші: «...Сырбай қазасы мені

сансыратып кетті, қан жылатып кетті. Жалғыз қалғанымды сонда ғана сездім. Мені бір үрей басты...». Тахаң мен Жұбекеңнің көз жұмғаны да Сәкеңе тағдырдың қатты соққысы болғаны сөзсіз. Бұл құрдас достары хақында былай депті:

Олар – үшеу, мен – жалғыз:  
Сағынып та тонайды,  
Қағынып та тонайды,  
Жалынып та тонайды,  
Жабылып та тонайды,  
Екеуін ғана өзім жеп,  
Соларға бердім он айды.

Ылғи арыз арқалап келіп, арыз арқалап кетіп, сыртым жеңіл болса да, ішім ауыр мен жазған Алматыға шаршап оралғанымда солардың ортасына түсіп, төбем көкке жететін. Әсіресе, соңғы 10-15 жылда, күлкі азайып, қасірет молайған шақта олармен қосылғанда ауыртпалықты ұмытып кетуші едім...

Өзі «қасиетті төрт шал» – деп атаған Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтан, Ғабит Мүсірепов пен Ғабиден Мұстафиннен кейінгі тірегі де, сүйеніші де болған үш досының артында қалған соң өзін «жетім шал» атағаны да түсінікті. Соңғы хаттарының бірін: «...Саған сенім артып, көп сөз айттым, кешіресің, Ғаббас-жан! Жетім шалың – Садықбек», – деп аяқтағанын осы естелікті жаза отырып әредікте оқығанда да көзіме жас үйірілді.

Тірліктің қалтарысы көп. Соның әлеуәлімен жүргенімізде уақыттың шаңын қауып, алды-артымызды бағдарлай алмайтынымыз бар. Жылы сөз айтуымызды тілеген, қолтығынан демеуімізді күткен қадірменді үлкен-кішіні кейде көрмей қаламыз, кейде көре тұра елемей кете береміз. Сол қадірменді ағаларымыздың бірі Сәкең еді. «Сенімді, жақын інім» – деп білген біріміз мүмкіндігіміз бола тұра кітабын шығаруға көмектеспедік, біріміз ауылына барып жүріп бұрылып сәлем бермедік, біріміз іздеп бара алмадық... Қайсы бірін айтарсың. Өтті. Кетті. Өкініш болып қалды.

«Сатира – от ұстаған ұл сияқты, лирика – гүл ұстаған қыз сияқты» – деп қоятын Сәкеңнен айырылып, сағынып жүрмін. Шығармаларын оқып жадырайтын кеңлім хаттарын оқып жабырқайды. Осылайша екідай күй кешіп жүретінмін де, Сәкең туралы естелік жазуға дәтім бармайтын. 2008-жылғы көкек айының соңғы күнінде қаламдас інім Көпен Әмір Бек үйге келіп: – Ауылына сеніп, анаусы мен мынауына сеніп жүріп, Адамбеков Садықбек көкеміздің туғанына жетпіс бес жыл толуын былтыр атай алмадық, енді биыл өзіміз қол ұстаса қимылдап, қоңыр күзде атап өтсек деген ойым бар. Арнап бір кітап шығарсақ па деймін. Қандай үлес қосасыз? – дегенінде кеудемде құйын ойнап кетті. Ойға баттым. Сәкеңнің жүріс-тұрысы көз алдыма тағы келді, күлкісі мен реніш үні құлағымға тағы естілді. Хаттары бізмұндалады. Сол жолы батылдық жасадым: хаттарды Көпеннің алдына жайып салып, естелік жазып беруге уәде еттім...

Естелік жазылды... «Сәкеңмен бәріміз де сырлас едік» деген кітап та шықты...

Қазақтың сатира сардары Садықбек Адамбековтің көзі тірісінде 75 жасы, кейін 80 жасы да, 85 жасы да қалың оқырманының ойындағыдай, қалауындай атап өтілмеді. «Өзі жоқтың көзі жоқ» ескілер, ұмытылар емес. Ауылы, жұрты әдебиетімізге Сәкеңше еңбек сіңіріп үлгірмеген есен-сау ақын-жазушы жерлестерінің қайсыбірінің жасы 50-ге толғанынан бастап шақырып тойлап, ат мінгізіп, «темір тұлпар» да сыйлап мәресәре болысып жатады. Ал Сәкеңнің туғанына 90 жыл толуын атап өту жөнінде алдын ала әңгіме көтергенімізден дәнеңе шықпады. Аудан, облыс басшылары «қаржы жоқ» деген жаттанды жауаппен «жарылқап», әуелде 2012-жылдың қараша айына қаратқан

«Адамбеков күнін» 2013-жылдың көктеміне жылжытып жіберді. Ал сол «қаржы жоқ» кезде Сәекеңнің қаламдас болған екі-үш інісінің 60 жасы, 70 жасы думандатып тойланды.

Соңғы хаттарының бірінде Сәекең: «Құдайдан безгендер-ай, «Қазақ әдебиеті» газетінде сары езу ақын-прозаиктердің суреттері беріліп, «Бұл – Пәленшекең!» – деп масайрап жатады. Сатириктерді соларша құрметтеу қайда, олардың, еш болмаса, секция жиналыстарынан дұрыстап есеп те берілмейді. Өздері халықтың қазіргідей ауыр қиналысты хал-ахуалын жаза алмайды, ал сатириктердің жазғанынан қорқады. Е, Фаббас-жан, біздің тірімізге теріс қарайтындар өлгенімізді керек етер деймісің?!» – деп еді. Өкінішке қарай, қателеспеді.

Естелігімнің әліпбиінде келтірілген үзіндіде аталған «Құпия хаттар кітабын» Сәекең аяқтай алды ма, жоқ па, оны өзі айтып үлгірмеді. Меніңше, аяқтаса да, аяқтамаса да, қолжазбасы қалды, ал ол қайда, кімде? Оны кітапқа айналдырып, оқырмандарына ұсыну жөн болар еді. Қалай дегенмен, ол негізінен әдебиет, сатира туралы, қаламдас замандастары жайында жазылған гибратты еңбек.

2014-жыл



### **«СОЛАЙ ЕМЕС ПЕ?!»**

Тұғырға қондырулы ақ иық қыранның кей-кейде: – Томағамды алшы, қоя берші! – дегендей болып қатты қозғалақтап, бұлқынып-бұлқынып, шаңқ-шаңқ еткенін көргенім бар. Сәекеңді жолықтырған сайын сол бір көрініс көз алдыма келе қалады. Сері жаратылысты бұл жігіт, томағасыз еркін өссе де, тұйыққа тірелуден сақтанған кісіше, тұғырдағы қызу қанды қыранша кесек қимыл танытып, қапсағай денесінің бұлшық еттері түгел ойнап келе жатқандай болады. Өзі де екпінді, сөзі де екпінді. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында алғаш танысқанымызда:

– Иә, жігітім, мен Сәкен Жүнісов деген жазушымын, ал сен кімсің? Осында істейсің бе? Бойың біраз бар екен! – деп қолын ұсына, құдды жақын ұрысқа дағдыланған боксшыға ұқсап, ентелеп, бас-аяғымды қиықша көзімен түгендеп болып тоқтады. «Құлағының мүкісі бар ма, мұнша тақымдағаны несі?!» – деп іштей таңдана аты-жөнімді, мұнда келгеніме үшінші ай екенін айттым.

– Ізтай қайда? – деді, қатал тергеушіше түйіліп.

– Жаңа ғана шыққан.

– Нығмет те жоқ, бәрі жоқ. Кісі деген қызмет сағатында орнында болуы керек қой, солай емес пе?! – деп қолымды қоя беріп, дудыраған қалың қара бұйрасын шашын салалы саусақтарымен артқа тарай серпіп-серпіп жіберіп, лып етіп бұрылып, тұра ұмтылғанға бергісіз қимылмен шығып кетті. Оның келіс-кетісін қызықтай іштей күліп қалдым. 1966-жылдың маусымы болатын. Ізтай Мәмбетов – редакцияның жауапты хатшысы, мен – көмекшісімін. Екеуіміз бір кабинетте отыратынбыз. Нығмет Фабдуллин – Бас редакторымыз.

Шамасы екі ай өте бере, Сәкен редакцияға қызметке келді. Әдебиет бөлімінің меңгерушісі. Сөзге де, іске де белсенді. Әзіл-қалжыңнан шашу шашып, аңқылдап жүргені. Арамыз бір-ақ жас екең, құрдастық қарым-қатнасымыз да орнап қалды.



Бір жылдан соң оның құзырына әдеби қызметкер болып бардым. Маған бір тізімді ұсынды да:

– Осыларға телефон соғып, жаңа әңгімесі болса бізге беруді ескерт. Жазушы деген жаңа шығармасын алдымен біздің газетке әкелуі керек, солай емес пе? – деді.

Қызмет орнында тесіліп отырмайды екен. Тез кіріп-шығып жүреді. Жұмыста көбінесе түстен кейін ғана болады. Бір күні:

– Басеке, екеуіміз танысқан сәт есінде ме? – дедім. Ол елең етті:

– Есімде.

– Из-ағаңды, Нығаңды кездестіре алмай: «Кісі деген қызмет сағатында орнында болуы керек қой, солай емес пе?!» – дегенің есінде ме?

Жаңа «есімде» дегенінде орындығын сықыр еткізіп шалқая қалған еді, енді үстеліне оқыс еңкейіп, екі қанатымен су бетін сабалаған қазша, екі алақанымен үстел үстін жиі-жиі қаққылап, ішек-сілесі қата күлді.

– Мұншама күлетіндей не айттым? – деймін, шын таңданып.

– Сен де қырық жылғыны ұмытпайды екенсің, – деп қолын сілтей салды.

Сәкеннің жазушылық салмағы редакцияда жұмыс істеп жүргендердің бәрінен басым екенінде дау жоқ-ты. Жаңа әңгімесін, немесе хикаятынан, пьесасынан, романынан үзінді алып келген жасамыс жазушылар да Сәкенмен сыйластық райда сөйлеседі. Ал Нығаң кезекті еңбек демалысына шыққан сайын орнына уақытша қалдырады. Сондайда Сәкен бірде Нығаңа:

– Сен келгенше мен коммунистерінді бұл жолы цирктің аттарынша ойнақтатып қоям! – деп қалжыңдады. Нығаң әдетінше басын сәл қисайта, түйме көзі күлімдей жылы жымыып:

– Байқа, біреуі желкеңнен тістеп алып лақтырып жібермесін! – деді.

– Оны көреміз ғой! – деп Сәкен жорта нығызданып күлді.

Сәкен бертінде, қызметті доғарып, бірыңғай шығармашылық шаруамен жүрген кездерінде, кейде әдеби апталығымыз жайында әңгіме бастала қалса: «Мен «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы болып тұрғанымда...», – деп естелік айтатын болды. Алдыңғы жылы ғой деймін, жазушы Ахат Жақсыбаев жолыға қалып, есен-саушылық сұрасқаннан кейін күле сөйлеп:

– Фабеке, «Қазақ әдебиетінің» кешегі санын көрдіңіз бе, Сәкен ағамыз «газеттің Бас редакторы болдым» – деп жазыпты. Нығаң жоқта уақытша болып жүрді ғой. Ол кезде коммунист емес кісіні Бас редактор еткен бе! – дейді.

– Онысына мән беріп қайтесің, Сәкенге солай айту да, жазу да жарасады, «солай емес пе?» – дедім. Ахат аңғарды, күлді.

Өткен шақта айтпасқа не шара... шынында ешқашан коммунист болуды керек етпеген, портфель-креслоны көксемеген Сәкенге көп нәрсе жарасатын. Екі қанатын қомдап ұшуға ыңғайланған бүркітше еңкейіңкіреп шапшаң жүріп келе жатқаны да, топ алдында шалқайыңқырап, ғажап ашық та сұлу дауыспен ән шырқап тұрғаны да, той-томалақта қыз-келіншектерді ұршықша үйіріп билегені де, домбыраны күңгірлете күй тартқаны да, кийінің ұшын тез-тез борлап алып, мәпелегендей бірер сипап қойып, бильярд шарына шұғыл шүйілгені де, тақтадағы дойбысының бәрін бірден жүретіндей-ақ екі қолын бірдей жұмсай жаздап отыратыны да, преферансшылармен кейде картасын ашпастан саудаласатыны да, не әдебиет, не тарих жөнінде пікір таластыра қалғанында қасында таластан тыс отырған саған жалт қарап: «Солай емес пе?!» – деп қыза түйілетіні де, көңілді кезінде көзі жұмыла «қы-қы-қылап» қайта-қайта күлетіні де, ашулы сәтінде аспанға шығып кетердей буырқанатыны да... бәрі де оған жарасатын еді ғой!

«Ашулы сәтінде» демекші, бірде драматург Әлжаппар Әбішевтің жаңа пьесасынан газетке үзінді беру жөнінде екеуіміз шарбаяқтасып қалдық. Бастығым ғой, Сәкен бұрқ-сарқ ашуланып, бастырмалата өктем сөйлеп, біраз жерге барды. Маған қарамайды. Алдында жатқан ақ парақты қарындашпен шимайлап отыр. Мен ләм демей, оның тоқтауын тосудымын. Ол сөзін сарқып, үстелінде жатқан қағаздарды тез-тез жиыстырып, суыrmасына сала бастады. «Айтқаным – айтқан!» – деп, шығып кетпек сыңайда. Сонысын сездім де:

– Әй, бәсеке, – дедім, ақырын ғана. Ол маған жалт қарады. – Жау тиген жылқыша неге дүркірейсің? – деп күлдім. Түйіліңкі қабағы қалт жазылып, өзінде бұрын болмаған жаңа ойыншықты көрген балаша жүзі жадырай қалып:

– Теңеуің қызық екен, – деп ал кеп күл..

Екеуіміз сырлас жолдас болып кеттік... Сүйген жарынан көз жазып қалғаннан кейінгі жылдарда көңілін аулай оны-мұны күлкілі жәйттерді айтып жүрдім де, соңғы төрт-бес жыл бойы:

– Саған не болды, ей? Шүңкілдесіп отыратын бір шүйкебас табылмай жүр ме? – деп қалжыңмен қажайтынды шығардым.

– Балаларыма қарайлап жүрмін, олар қашан жеке-жеке үй болғанша шыдауым керек, солай емес пе? Сен мені асықтарма, жалғызсырап жүрген, құдайға шүкір, сен емессің ғой, солай емес пе? – дейді.

Біз ақырғы рет биылғы көкек айының 17-сі күнгі кеште Ғабит Мүсірепов атындағы театрда, әдебиетіміздің ақсақалы болған ақын, жазушы, сықақшы Асқар Тоқмағамбетовтің 100 жылдық мерейтойында жүздестік. Қаламдастарының естелігін жалғауға сахнаға жайдарылана шығып, Асекеңмен бірге болған күндері туралы сыр ақтарып, оның бір памфлетін құшырлана жатқа айтып беріп:

– Құдай қаласа, осы жазда Қызылордаға барып, бір қойды арнап апарып сойып, Асқар ағамызға құран бағыштап қайтамын, – деді.

Жиыннан шыққан соң мен қажайтын әдетіме тағы басып:

– Шынымен бір кемпір таба алмай жүрсің бе? Әлде мен тауып берейін бе? – деп едім:

– Сенің резервіңде болса, давай, таңдай бер! – деп ашық-жарқын күлді де: – Жалғыздық шынында кісіні қажытады екен, балаларыммен ақылдасамын ғой деймін... Ертең не арғы күні Астанаға жүремін, бір шаруам болып тұр... Жалғыздық шаршатады, солай емес пе? – деді ойлана сөйлеп.

– Бурабайдағы үйің салынып бітсе, кіргіз бір қаламқасты, тойыңа барайық! – дедім, иығынан құшақтай ырғап.

– Үй бар ғой... черт знает, жас болса, міне, «сексен, қайдасың?!» – деп... – дей бергенінде көлденеңнен төрт-бес жігіт «Сәкен ағалап» келе қалып, сыр-сұхбатымыз үзілді.

– Сәкен сері, жарайды, хабарласармыз, сау бол! – дедім.

– Кеттің бе? Жарайды, сау бол! Бәйбішеңе сәлем айт! Құдай қаласа, бәрі де дұрыс болады, солай емес пе? Шаруамды реттеген соң хабарласамын, – деп жаңағы топтың ортасында қалды.

«Құдай қаласа».

Арада екі апта өткенде Астанадан суық хабар жетті. Қазақ халқы аяулы сері ұлынан айырылды. Қазақ әдебиеті шын мәнінде талантты қаламгерінен, көркем сөздің хас шеберінен көз жазып қала берді. Сәкен хақындағы ендігі сөзіміз – естелік.

1971-жыл Желтоқсан айының ортасы болар. «Қазақ әдебиетіндеміз». Жұмысқа түс ауа келген Сәкен ғадетінше екпіндей кіріп, маған ақ мұқабалы кітапты жайдары ұсына сөйлеп:

– Сыншы жолдас, міне, «Ақан сері» романымның бірінші кітабы, сынап байқа! –деп күлді. Қуана құттықтап, рахметімді айттым. «Сыншы жолдас» дегені – мен ол тұста Сын бөлімінің меңгерушісі едім.

Баршамызды қалам қарымымен тәтті етіп жүрген жолдасымның туындысын тәптіштеп оқып, біліп-түйгенімше пікір жаздым. «Лениншіл жас» газетінде «Ақан және заман» деген тақырыппен жарияланды. Сәкен балаша елпілдеп:

– Менің кітабым мықты еді, сенің пікірің де мықты екен, романның екінші кітабына да өзің жазатын бол, бастаған істі аяқтау керек, солай емес пе? – деп мәре-сәре болып, романының қалай аяқталарын аңқылдап айтып берді.

Мен оның кітаптарын баспадан шығысымен аламын. Өзі сыйлағанының өзімдегі артығын ауылдағы ағайындарыма беріп жіберемін, өйткені олар Сәкеннің туындыларына құмар, қолға түсіре алмайды. Қаламдасымның басқа шығармаларын оқып, қайталап шолып жүретінім өз алдына, «Ақан серісінің» екі кітабын үш қайтара оқыдым. Оқиға шиеленісімең, ой құнарымең, тіл көркемдігімен құмарттыра береді. Сәкеннің бақилыққа аттанып кеткенін естіген сәтте көңілім ойран болып, құлазып отырып, романының бірінші кітабындегі қолтаңбасына тағы үңілдім: «Ғаббас ініме! Қаламыңның жаңа ұштала бастаған кезіне куәгер едім, енді ұлы қаламға айналуына тілектеспін! 1971. Алматы. Декабрь. Автор» – деп әрқашанғысынша қолын латын әрпімен таңбалаған.

Қайран Сәкен! Кейде, қалжыңым батыңқырап кеткенде, маған жорта ежірейіп: «Есінде болсың, мен сенен он төрт ай бұрын туғанмың, саған ағамың, солай емес пе?!» – деуші еді. Мынау қолтаңбасындағы «інімі» – ақиқатындағы ағалық ақ сезімі. Сол сезімін мұншама тым ерте сағынатын боламын деп ойлаппын ба?!

1994-жылдың күзі. Жасы алпысқа толған Сәкен серіні балғын бала, жайсаң жігіт шағы өткен Көкшетауына, қалың оқырман қауымы тағатсыз тосқан тойына өзінің қалауымен алып бардым (Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы едім). Көкшенің үлкен-кішісі шексіз қошеметпен қарсы алды. Той шымылдығы Мәдениет сарайында ашылды. Облыс әкімі Қызыр Жұмабаев бастап, төрге беттеген сәтімізде Сәкен шынтағымнан қыса ұстай өзіне тартыңқырап, құлағыма сыбырлап: «Қызырдың маған Бурабайда үй салып беремін деген уәдесі бар, соны сөзіңнің бір бұрылысында іле кет, жарай ма?» – деді. Өйтпегенде ше?! Әкімнің тойбастар сөзінен кейін құттықтау кезегі маған берілді. «Сіздерге – жерлестеріне Сәкеннің кім екенін, не жазғанын баян етіп жарапазандауым жараспас» – деп әзілдеп алып, Жазушылар одағындағы, Алматыдағы қаламдастары ортасындағы жоғары абырой-беделі, жолдастық сыйластығымыз жөнінде қысқаша айттым да, Президент Нұрсұлтан Назарбаев мырзаның құттықтау хатын оқып шығып, оны Сәкенге табыс еттім. Залда ине шаншар жер қалдырмай жиналған жұрттың ду қолшапалақтауы аяқталған соң:

– Құрметті Қызыр мырза, Жазушылар одағы басқармасының, хатшылар қауымының сізге арнайы аманаты бар. Сәкенге Бурабайда үй салып беруге кірісіпсіздер, бәрежелді! Бұл – бізде бола бермейтін жақсылық. Одақтың басшылары: «Сәкеніміздің үйі тездетіп салып берілгөй! Біз болып, облыс басшылары болып, бәріміз алдағы Жаңа жылды сол үйде қарсы алайық!» – деп дұғай сәлем айтты, – дегенімде көпшілік: – Дұрыс! Дұрыс! – деп дуылдата қол соқты. Әкім орнынан көтеріліп, басын изеп: «Уәдеміз – уәде, орындалады!» – деп еді, тағы да ду қолшапалақталды

(өкінішке қарай, сол үй Сәкеннің 70 жылдығына да тарту етілмеді, «алтынның қолда барда қадірі жоқ» баяғы).

Жазушы өніп-өскен Қызылту ауданындағы той да айта қалсын болып өтті. Түннің бір мезетінде мейманханаға оралдық. Сәкенге арналған кең бөлмеде жазушы Рамазан Тоқтаров (мерейтой иесінің құрметті мейманы), жергілікті жас ақын Ерік Асқаров бар төртеуіміз думанды жалғадық.

– Сәкен, ей, үш күн бойы осынша ғажап құрмет көрген сенде арман жоқ, оллаһи, шыным – сенде арман жоқ! – деді Рамазан, қалтарыссыз көңілі қанаттана, риясыз достық сезімі сәулелене.

– Сәкен ағам қанша жатса, сонша той жасаймыз ғой! – деді шаттанған Ерік ініміз, домбырасының құлақ күйін келтіріп отырып.

Таң қылаң бере бөлмелерімізге тарастық. Бес-он минөт өткен шамада бөлмеме Сәкен кіріп келді де, күліп жіберіп:

– Бері қара, бір қызық болды. Осы жаңа ғана маған бір жігіт келіп сәлем берді, өзін еркін танымадым, ұят болды, «кімсің?» дей де алмадым, оным ыңғайсыз болды, солай емес пе? Өзі тым биязы екен: «Аға, кешіріңіз, тойыңызға тарту жасайын деп едім, көптің көзінше бата алмадым, тойыңыз құтты болсын, жүз жасаңыз!» – деп бір әдемі, кішкене қорапты ұсынды. Ашып қарасам – екі күміс жүзік! Біреуін, міне, саған алып келдім, оң қолыңды бері әкел! – дейді жымыңдап. Жүзіктің бетінде «Сәкен. 60» деген жазу бар екен.

– Жігіт қайда?

– Кетіп қалды, отырмады. Бірақ құрқол қайтармадым, бір коньяк пен бір қорап кәмпитті қоярда-қоймай қолтықтатып жібердім, бұл жерде басқа не сыйлай аламын, солай емес пе?..

О, жалған!.. Сол күндері төбеміз көкке жете қатар жүрген төртеуімізден мен ғана бармын... Жандарың жәннәттә болсын, қайран қимастарым!..

Қазақ прозасына көркем әңгіме, хикая, пьеса, романдарымен аса мол үлес қосқан тұлпар тұлға Сәкеннің өзіне жараспас тұнжыраңқы бір сәтін көргенім де есімде. Абылай хан туралы түсірілуге тиіс кинофильм үшін жаңа пьесаға бәйге жарияланып, Сәкеннің онда да ешкімге жол бермегенін білеміз. Бірақ фильм тағдыры бұрын қазақ халқы хақында қалам тартып көрмеген бөгде біреудің қолында кетті. Ол оқиғаға баспасөзім көптеген, меніңше, орынды сын айтты. Сәкен де араласқан.

– Кинофильм сенің пьесаң негізінде түсірілуге тиіс еді. Неге олай болмады? Көшпенді қазақтың көне тарихынан мақрұм екені сөзсіз Ибрагимов деген әзірбайжанның ба, тәжіктің бе қанжығасы майланды ғой?! Ол керегін Ілияс Есенберлиннің, Әнуар Әлімжановтың тарихи туындыларынан алып кете берді емес пе? Оның фильмі әлгі американдық боевиктерге ұқсас болып шығады, қара да тұр. Оның бүгін «Қазақфильмге» қап-қап доллар төгіп берері сөзсіз, бірақ ертең рухани не берер екен? «Бүгінгі ұрпағына шекарасы шытынамас ұлан-байтақ жер қалдырған кешегі жауынгер қазақтың күш-қуаты, тұрмысы, салт-дәстүрі, ән мен күйі, міне, осындай болған!» – деп мақтаныш тұтуға кәміл тати ала ма? – дедім Сәкенге, фильм түсіріле бастайды дегенді естіген тұста, Көкшетауда кездейсоқ жолығысқанымызда. Ол мен тастаған шоқты үрлеген жоқ. Селқос үнмен.

– Соны қойшы, сенің Өскеменіңнің орыстары айтатындай, «поезд ушел», солай емес пе? – деп зорлана жымиды да: – Мұнда қашан, не шаруамен келдің? Естайдың үйіндесің бе? Жүр, мені шығарып сал, – деді, сол селқос қалпында қолтығымнан алып...

Үлкенді-кішілі ондаған кітабы шығып, төл әдебиетіміздің қорына мол үлес қосқан, бірінен бірі тартымды көркем туындыларына көптеген сыйлық алған, әдеби аударманың да көсегесін көгерткен, алыс-жақын елдерден де еңбегіне сүйінген сан мың оқырман тапқан, талассыз тарихи тұлға бола тұра қарапайымдылығынан, кішіпейілділігінен танбай, ерекше көрікті ғұмырында көбінесе жарқырап, арагідік қана қабақ шытып жүрген Сәкенімізсіз қырық күн өтті-ау!..

Халқы барда аруағы ардақты, рухы тірі Сәкен серімен таныс-біліс, дос-жолдас болғанымызға шүкіршілік етелік.

**2006-жыл**



## АҚИЫҚ

*Ең бірінші Бақытым – Халқым менің,  
Созан берем ойымның алтын көнін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.*

*Ал екінші Бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей-кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.*

*Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, «Отан!» дер ем.  
...Оты сөнген жалғанда жан барсың ба,  
Ойланбай-ақ кел дағы, от ал менен.*

*Түтін түтет.*

*Өс, өрбі, көгере бер:*

*Немерелер көбейсін, шөберелер.*

*Жадыңда ұста:*

*Жақсылық күтпегейсің,*

*От емес, оқ сұрасаң егер менен!..*

*Мұқағали МАҚАТАЕВ.*

*(«Үш бақытым» өлеңінен)*

КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының Қазақ бөлімшесіне директорлыққа тағайындалған кезім. 1975-жылдың аяқ шені. Бір күні бөлмемнің есігі шалқасынан ашылып, алып денелі Мұқағали тісі ақсиып кіріп келді. Ұшып тұрып, сәлем беріп, қарсы қабырға іргесіндегі диванға жайғасуына ишара жасадым. Ол диванға емес, үстелімді жанай тұрған биік арқалықты орындыққа отырды. Үстінде – қоңырқай жылы күртешесі, басында – қауқиған сары малақайы. Өңі жүдеу. Әншейінде жымиысын жарасымды етіп тұратын бет шұңқыры суалыңқы жағына сіңіп кеткендей. Мен ірге жақтағы орындықтардың бірін алып, Мұқағалмен тізе түйістіре бере:

– Мұқа, хал-ахуалың қалай? – дедім.

Мұқаңмен таныстығымның бастауы 1970-жылда, мен «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрген тұста жатқан және қалайша екенін білмеймін, мен әу дескеннен-ақ «сен» – деп кеткенмін-ді.

– Диваныңа отырмағаныма сен ренжіме, қызталақтың жұмсағын да, қаттысын да көріп жүрмін ғой, ауруханадан кеше шықтым, жарайды, оны қойшы, саған келген себебім: сенің анау бұғалтырың бар ғой, сол менің «көкқағазымды» көрсе-ақ жаман шошиды, ей! Соған айтарынды айтшы! – деді ол. Бойынан әлдебір таныс дәрі иісін сезгенмін, бірақ мәнісін сұрағым келмеген.

– Шошығаны қалай? – дедім, ештеңе түсінбей.

– Өзінен сұра, – деп сәл жымыды да, малақайын алып диванға тастай салды. Қобыраған шашын қос қолдың саусағымен артқа қарай салалап-салалап тарады. Кең мандайы жарқырай ашылды.

– Қазір сұрайың, – деп орыныма бардым да, бухгалтерияға телефон шалып, бас бухгалтер Фарида Миникееваны шақырдым. Мұқаң:

– Қызық, – деді.

– Не «қызық»? Қай сұлу есіңе түсті? – дедім, әзілдесе беретін әдетіммен. Сол әредікте келіп кірген Факең не үшін шақырылғанын аңғарса керек, қолындағы «көкқағазды» – еңбекке жарамсыздық жөніндегі бюллетеньді маған ұсына жақындап, Мұқағалиға қарап: – Бұларыңа ақша төлеуге правомыз жоқ десем, мына тентек ұқпайды, – деді.

– «Правомыз жоғы» қалай? – дедім. «Көкқағаз» екеу екен.

– Литфондтың мүшелігінен шығарылған, өзіне айтқанмын.

– «Шығарылғаны» қалай?! – дедім, еріксіз танданып.

– Постановлениені алып келейін, көріңдер, – деп Факең бұрылып жөнеле берді.

– Айттым ғой, «қызық» – деп?! – деді Мұқаң, тиісті ақшасын санап алған кісіше жылы күліп.

– «Қызығың» бар болсын! – дедім. «Көкқағаздарына» қарасам: біреуі жақында ғана беріліпті, екіншісі төрт ай мөлшері бұрында жазылған.

Факең қайтадан келіп, бір парақты алдыма қойды. Бөлімшенің ресми бланкісінде «Постановление правления» – деп орыс тілінде сайрап тұрған қаулының тұжырымы: «Мұқағали Мақатаевтың СССР Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылғаны СССР Жазушылар одағы Әдеби қорының мүшелігінен де шығарылғаны болып табыладыны» айтып айқұлақтанған. Бөлімше директоры Әбдірашит Ахметов қол қойып, мөр басқан.

– Мынау қате. Анау жолғы кәсіподақ ұйымының қисынсыз у-шуы сияқты бір-деңені малданып жазғансыздар ғой?! – деп Факең орынсыз ренжігенімді аңғармай да қалдым. Факең:

– Фаббас, сен қызықсың ғой, мен правлениюге бағынатын бухгалтер ғана емеспін бе? – деп орынды кейіді.

– Иә, қызық! – дейді Мұқаң, жайбарақат сөйлеп. Оның сөзі қитығыма тиіп:

– Мына қаулыны Мәскеу бекітіп қойса, «қызық» сонда болады, «қызықтың» көкесін сонда көреміз! Мұқа, сен тырп етпей отыр, мен қазір келемін, – дедім де, Әнуар Әлімжановқа барып келетінімді айтып, есікке беттедім.

– Бірінші секретарьға барасың ба? Ол шешер ме екен? – деді Факең, маған ілесе шығып. Үндемедім.

Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов – Жазушылар одағының басшысы – бөлмесінде оңаша екен. Сәлемдестім де, мән-жайды айтып, әлгі қаулыны ұсындым:

– Мұқағалиды Одақ мүшелігінен шығарғандарыңыз рас па? Қашан болды? Секретариатта шешіліп пе еді? – деп сұрақты шұбырттым. Әнекеңнің қабағы түйіліп, көзі өткірлене қалды. Басын шайқап:

– Әкәу, (Әнекенің «әкәу» дейтін сөзсыралғысы бар-ды, – *Ғ.Қ.*), бір рет сыртынан ақылдасқанбыз оның мәселесін. Біріміз: «одақтан шығарайық!» – деп, біріміз: «мүшелігін бір жылға тоқтатып, шартты жаза қолданайық!» – деп талқылағанбыз. Мен ол екі ұсынысқа да келісім берген жоқпын, ұят болады ғой! Ол Мұқағали ғой, әкәу! Айтпақшы, кәсіподақ мүшелігінен шығып қалған Мұқағалидың мәселесін қарап, біздің жігіттер ұятқа қалыпты ғой, өздері осы қызық! – деп иығын кужың еткізеді.

– «Қызық» көбейді, ақыры қайырлы болсын, ал андағы қаулыны заңсыз деп Мәскеуге хат жіберемін де, о жақтың жауабын тоспай-ақ бюллетеньдерінің ақшасын төлеп беремін, – дедім. Әнекең қаулыны маған қайырып:

– Дұрыс, дұрыс! – деді. Мен үстелге қаулыны аударып төседім:

– Әнеке, осы айтқандарыңызды мынаның сыртына қазір жазып қоямын, – дедім.

– Сөйт, мен қол қойып берейін, – деді ол.

Бөлмеме оралсам – Мұқаң жоқ! Бухгалтерия бөлмесіне бас сұқсам, әлденені айтып, қыз-келіншектерді мез-мәйрәм етіп сонда отыр!

– Факе, «тентегіңіздің» мүшеліктен шығарылғаны бекер, мына қаулыларыңыз күшін жойды, енді бюллетеньдерінің ақшасын тез төлеп беріңіз! – дедім.

– Маған бәрібір, – деді Факең, «қаулыларыңыз» дегенімді тағы ұнатпай.

– Ал, Мұқа, ақшанды ертең аласың, сен енді ауырғанды қой, уәдеңді бер, әкел қолыңды! – деп әзілдедім. Ол қолымнан ұстап күлімдеп отырды да:

– Әй, Ғаббас, ауылда сенімен жасты інім бар, аты – Тоқтарбай, менен төрт жас кіші, екеуің түйдей құрдас екенсіңдер, екеуіңді әлі таныстырамын, – деп орнынан тұрып, иығымнан бір қақты да, маңқиып шығып кетті. Менің көз алдыма Мұқаңмен жасты ағам Қадестің (Өскеменде тұрады) қымбат келбеті келе қалды.

Ертеңінде түстен кейін бөлменің есігі тағы айқара ашылып, Мұқағали маң-маң басып кіріп келе жатты. Тусыртынан бәйбішесі – Лашын жеңгеміз көрінді. Сәлем бере көтерілдім. Мұқаң мені құшақтап:

– Бауырым, көп рахмет, рахмет! Жеңең ақшасын, әне, қалтасына сиғыза алмай тұр. Ай, бәйбіше! – деп жеңгемізге бар денесімен бұрыла қарады да: – Сен мына Ғаббастың үйіндегі келінге шуба әпер, ұқтың ба? Обязательно әпер, ақша жетеді қызталақ! – деді, көңілі таси аңқылдап сөйлеп. Жеңгеміз жымып басын изеді.

– Мұқа, сен енді ауруды ұмыт, келіңіңе кигізген шубаң сол болсын, ауырма, аман жүр! – дедім.

– Жарайды! – деп қарқылдап күліп, қолымды қысты.

Мұқағалимен Жазушылар одағында, көшеде талай рет кездесіп, әңгімелескенмін. Дұрыс сәтінде де, «бұрыс» сәтінде де. «Бұрыс» – деп отырғаным – қызу жүретін кездері. Онысын төңірегіндегілер түгел білетін едік қой. Ол көңілшек адам болатын. Кейде «әттең» болып қалатыны сол мінезінен еді. Әнуар Әлімжановтың Мұқағалиды да, Тоқашты да «бұрыс» сәттерінде келгендерінде де қалайда қалжың күлкімен қарсы алып, қияс қылықтарын кешіріп, алдап-сулап шығарып салып тұрғанын бірнеше рет көрдім. «Әкәу, жарайды дедім ғой, жарайды енді, ертең келші, бәрі болады, ертең кел!» – деп, шағын денесі селкілдей күліп, қарап тұратын. Меніңше, екеуінің талантын қатты сыйлайтын. Сыйламаса, адалдығына, ақжүректілігіне сенбесе, бірінші басшының аты – бірінші басшы, мысалы, екеуін Жазушылар одағының мүшелігінен шығаруға тырысқандарды жақтай салатын еді, әсте қарсы болмас еді, қорғамас еді.

Мұқағали Мақатаев та, Тоқаш Бердияров та Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылған емес, «Шығарды» – деп әлдекімдер алыпқашты сөз таратып жіберіпті. Ал екі ақынның Қазақстан жазушыларының сол жылдардағы құрылтайларының бәріне кәдімгі ресми делегат боп қатысқандары анық.

Осы тұста мына бір жәйтті де мәлім етейін. Жоғарыда Әнуардың «Біздің жігіттер қызық» дегені кәсіподақ жиналысы жайында. Бір күні одақтың кәсіподақ комитеті жалпы жиналысын шақырды. Қаралмақ мәселелердің бірі – Мұқағали Мақатаевтың тәртібі. Жиналысты Олжас Сүлейменов ашып, жүргізіп отырды. Негізгі мәселе бойынша баяндама жасалып, жарыссөз болып, одан соң күнтізбіндегі басқа мәселелерді қарауға кезек келді. Олжас әдетінше Мұқағалиға шүйіле орыс тілінде сөйлеп: «Мақатаевты кәсіподақтан, Жазушылар одағына мүшеліктен шығару керек!» – деп ұсыныс жасады. Мінберге шыққан бір-екі жолдасымыз қостады. Сол қылықтарына шыдай алмай мінберге ұмтылып: – Мұқағалидың анда-санда масаңдау жүретіні рас, бірақ, ешкімнің басын жарған жоқ, көзін шығарған жоқ, Сәкенің, Ілиясының, Бейімбетің, Мұхтарының, Сәбитің, басқа да үлкен-кіші тұлғаларынан айырылған қазақ әдебиетіне енді жетпей тұрғаны Мұқағалиды қуып тастау ма?! – деп, орынсыз ұсынысқа қарсылық жасадым. Мені қостап шыққандар болды. Ию-кию өршіді. О тұстан, бұ тұстан ала-құла сөзді айқай шықты. Сол кезде әлдекім:

– Мұқағали кәсіподақтың мүшелік жарнасын уақтылы төлеп жүр ме, соны айтсыншы өзі! – деді.

Мұқағали залдың орта шенінде отырған-ды. Жұрт: «Иә, иә, айтсын!» – десіп, Мұқағалиға жалт-жалт қарасты. Ол тісі ақсия күліп отыр. Қолын сілтейді. Және біреу: «Оның айтқысы келмесе, комитеттің жарна жинаушысы кім еді, сол айтсын!» – деп талап етті. Комитет төрағасының тұрмыс мәселелері жөніндегі орынбасары бухгалтер Фарид Миникеева еді, сол кісі орнынан тұрды да: «Мүшелік жарнасын үш жыл бойы төлемегендігі себепті Мақатаев жолдас мүшеліктен алдыңғы жылы шығарылған болатын», – деді. Қарқ-қарқ күлкі залды жарып жібере жаздады. Қызыл шеке бола бастаған көпшілік сол күлген бойы тарап кете барды. «Біздің жігіттердің қызығы» – сол!

Енді мына бір құжатқа үңілейік:

«Әнуар!

Айып етпе, сенің алдыңа барып барлық жағдайымды айтуға арланып отырғаным жоқ. Сен қабылдамайды, тыңдамайды деген де ойдан аулақпын. Сенің қазіргі жұмысың қауырт, оны да түсінем. Сондықтан менің Жаңа жылдан бергі жағдайымды өзің білесің бе, жоқ па деп хат жазуыма тура келді. Менің, семьямның қазіргі халі осыған мойын ұсындырды мені. Үйіңе барып жолығуды ұят көрдім. Тағы да өтінем, айыпқа бұйырма.

Өзіңе белгілі болар, биылғы жыл (1973) маған оншама қуаныш әкеле қойған жоқ әзірше. «Жұлдыздан» мені босатқан, ол кезде сен ОАР жаққа кеткен едің. Сенің келісімің болды ма, жоқ па, ол жағы маған әлі белгісіз. Өзім де кінәлімін, әрине, дегенмен де, дәл Жаңа жыл келгенде, балаларымның жеп отырған қорегінен ажырататындай ешкімге ешнәрсе істей қойған жоқ едім...

Жасыратыны жоқ, байқаймын, сен маған суық қарайсың. Сен мені, менің болмысымды танитын сияқты едің ғой. Түсінбеймін, қандай ғана өсекшінің тіліне ердің?! Арамдық, адамға деген жауыздықтан бойын аулағырақ ұстайтын бір адам мендей-ақ болар (осылай деуге ұялмаймын!). Егер мен тарапынан көбік езу біреулер саған бірдеңе деп жеткізсе, оның бәрі жалған екендігін түсінуіңді өтінем.



Ал әлгі дерт, ішімдік мәселесіне келетін болсақ, енді оның иісін сездіріп, ізін де білдірмеуге бел байлағам. Есінде болсын, бұл – менің азаматтық сөзім!

Адамның бәрін дос санап, көңілдерін жықпай, көлгірсіп келіппін. Байқасам, менде дос жоқ екен. Дұшпаным бар ма, жоқ па – білеймін. Мендегі бар айып – жеккөретін, құлқым сүймейтін адамға жеккөретінімді, құлқым сүймейтіндігін сол адамның алдында оп-оңай білдіріп алатындығым (ішсем де, ішпесем де).

Әнуар! Бүгіннің қызығынан, рахатынан, байшылық-баршылығынан қаншама безініп, болашақ үшін, қауым үшін, болашақтың әдебиеті үшін өмір сүрейін десем, менің қазіргі болмыс-тұрмысым соншама езіп, жаншып, жуасытып барады. Өзім жарық дүниеге әкелген балаларымнан артық бақыт жоқ маған. Соларды ойлаймын, қиындап кетті...

Өтініш: егер менен үмітіңді біржола үзбесең, мені өзіңнің қарауыңа жұмысқа ал. Ақындығы да, таланты да, атағы да құрысын, балаларымның жоқшылықта болуын көргім келмейді. Бәрі де ержетіп, естері кіріп қалыпты, ұялып жүрмін солардан... Өзің білесің, қырықтан аттанып барам ғой, енді қандай баланың қарауына барып әдеби қызметкер болмақпын. Не де болса, өз қарауыңа ал, батыр! Қиындап кетті. Сенен алғашқы да, ақырғы да өтінішім – осы. Қалғанын азаматтығыңнан, құрбылығыңнан күттім!

Сәлеммен, **Мұқағали.**

20. 03. 1973 ж.

*Паңфилов, 147, кв.95. Телеф. 27497».*

Бұл хаттан кейін екеуі жақсылап әңгімелескен болар. Көп кешікпей Мұқағали Мәскеуге, Әдебиет институтына оқуға жіберілген. Ол Әнуардың: мұндағы «достарынан» уақытша болса да қол үзсін, үлкен ортаны көрсін, оқысын, ойлансын деген қамқорлық ниеті ғой. Бірақ Мұқағали тиянақтап оқи алмады. Сол туралы Әнуарға институттан 1973-жылғы қарашада хат келіпті. Жолдаған кісі аты-жөнін анық жазбастан, иірлеп қол қоя салған. Ол біздің ақынды «Стихийная одаренность которого несомненна», – деп бағалай келіп, оқудан шығаруға мәжбүр болғандарын өкіне мәлімдепті. Ал Әнуар хат иесін әбден танитын болса керек, жауабын: «Уважаемый Александр Петрович!» – деп бастап, Мұқағалиды өзінің жоғары құрметтейтінін айтып (мұрағатжайдағы орысша нұсқасынан сол жерде қалайда қазақ тіліне аударып жазып алғанымды ұсындым): «...Мұқағали Мәскеуден қайтып келгенде мен шет елде едім, ол орнымда қалған хатшыға: – Жазушылар одағы алдында ұяттымын. Енді мұнда жүре алмаймын, ауылыма кетіп барамын, жаңа жыр жинағымды дайындап болған соң келемін, – деп кетіпті... Талантты ақынның Одаққа танылуы үшін кітабын Мәскеуде орыс тілінде шығарғымыз келеді, Сіз көмектессеңіз жарар еді», – деп жазыпты. Кейін де ақынымыздың Алматыда «Зов души» деген атпен шыққан (орысшалағандар – Ю.Александрова мен М. Курганцев) үш – дастаны мен 55 өлеңі өнгізілген жинағына алғысөзін Әнуар: «...творчество Мукагали Макатаева – яркая страница казахской поэзии шестидесятых-семидесятых годов нашего столетия», – деп бастап: «Порой он бывал грустен, порой беспокоен, задирист в споре. Но всегда оставался жизнелюбом и оптимистом... Добротой наполнены его строки, добротой и любовью к человеку», – деп тұжырыпты. Осындай адал пікірлі Әнуардың Мұқағалиға қашанда оң көзімен қарағанына бұл – жәнә бір дәлел. Әнуар болмаса, бұл жинақ шықпас та еді.

Қазақстан Жазушылар одағының мұрағатында басқарма хатшылары алқасының 1974-жылғы қаңтардың 24-і күні өткізген мәжілісінің №3 «а» қаулысы бар. Онда Мұқағали Мақатаевты КСРО Жазушылар одағы мүшелігінен шығаруға шешім қабылданғаны жазылған. Ол – жалған шешім. Себебі: біріншіден, сол мәжілісте

қаралған негізгі мәселе жайында баяндама жасаған Қалаубек Тұрсынқұловтан (Одақ басқармасының үшінші хатшысы) кейін сұрағанымда ол жолы Мұқағали туралы ешқандай сөз болмағанын айтты. Екіншіден, ҚЖО басқармасының бірінші хатшысы Ә. Әлімжанов Мәскеуде іссапарда жүрген, ал бірінші басшы жоқ кезде кімді болсын мүшеліктен шығару сияқты күрделі мәселе қаралмайтыны өзінен-өзі белгілі. Егер тіпті бір шұғыл себептермен қарау қажет болған күннің өзінде, мәжілісті бірінші басшының міндетін уақытша атқарушы екінші басшы – Ілияс Есенберлин өткізіп, шешімге сол қол қоюға міндетті еді. Олай болмаған. Сыртқы байланыс жөніндегі хатшы (төртінші) О. Сүлейменов қол қойыпты, Есенберлин отырғанда оның дәл сол жолы өйтпегені кұқы жоқ болатын. Үшіншіден, қаулының өзін «а», «ә», «б»... деп нөмірлеу ешқашан болған емес. Қосымша мәселе қаралған болса, онда сол қаулының баптарына қосымша ретінде: «а», «ә», «б»... деп тармақ енгізіледі. Яғни, мынау «№3 «а» қаулы» әлдекімге не Мұқағалиды мұқату үшін, не Әнуарді арандату үшін керек болған да, кейін, мәжілістен соң жазылған, демек, жалған құжат екені даусыз. Жалғандығына және бір дәлел – ол мәжілісте Мұқағалидың тәртібі қаралса, шешім қабылданбастан бұрын талқылау, пікірлесу болуы, шешімнің неше дауыспен мақұлданғаны айтылуы талап етіледі ғой, ал Жазушылар одағының мұрағатында ондай құжат (мәжіліс хаттамасы) жоқ, пәленбай мәжіліс өтті, түгленбай шешім қабылданды деген жарты парақ жазба ғана бар.

Қаншама жыл қызметтес, жолдас болып жүргенімде Әнекеңнің қоластындағы қызметкерлердің бірде-бірін, тіпті жұмыстан шығармақ тұрғай, ренжіткенін де көрген емеспін. Үлкен-кішімен әзілдесіп, қатар құрбысындай тең сөйлесетін, олардың ағаттықтарына кешірімді еді. «Жүйріктің түбін берік аладыны» бекер айтпаған ғой.

Мұқағалиды ақырғы көргенім 1976-жылдың бас шенінде. Бір жаққа бір шаруамен баруға бөлмемнен шыға бергенімде онымен бетпе-бет ұшырастым.

– О, Мұқа, ассалаумағалейкум! – дедім, сәл аңтарылып.

– Уағалейкумассалам! Кабинетіңе кірейік, сенде срочный шаруам бар, – деді. Аурухана иісі мүлде мұңки қалды.

– Сұлу медсестраларың дәріге шомылдырып жіберген бе, немене? – деп қалжыңдай кірдім бөлмеге. Оның алып денесі мүжіліп кеткенін аңғарып, іштей тіксіндім де.

– Аяушы ма еді қызталақтар, аямайды ғой, – деген Мұқаң кең пальтосының түймелерін ағытып жіберді де: – Міне! – деді. Пальтосының асты – аурухананың таныс киімі: түсі оңған бозғылт пижама, сарғыш көйлек.

– Ойбай-ау, Мұқа-ау, тоңып кеткен жоқсың ба?! Мынауың не, бұл қай жүрісің?!

– Бұл бәтшәғарда тоңатын ештеңе қалған жоқ, мынадан төмен қарай, – деп ол кіндік тұсына алақанын көлденең ұстады, – міне, мынадан төмен қарай укол салмақ тұрғай кездік сұғып алсаң да түк сезбейді қызталақ. Тихий часта тырағайлап қашып келдім, бауырым, ағаңа ақырғы рет бір көмек көрсет, мә, арызым, – деді де, бүктелген парақты ұстата салып, диванға барып жантайды.

– Қашып келсең – кел, тек «ақырғы» деген сөзіңді қайтып ал! – дедім.

– Айтылар сөздің айтылғаны жақсы. Бұл ағаң ... қап, андағыны өлеңмен жазбаған екенмін, ескерткіш болатын.

– Қайдағыны айтпа! – деп тағы ренжідім де, арызына көз тастадым. «Денсаулығымның нашарлап бара жатқанын ескеріп, материалдық көмек көрсетсеңіздер екен» – деген жалғыз сөйлем жазыпты. Қағазынан да дәрі иісі шығып тұрғаны есімде. Бухгалтериядан кассир қызды шақырып алдым да, арыздың етегіне «150 сом» – деп жазып, кассирге тез алып келуді сыбырлап қана тапсырдым, Мұқаңа бұрылсам, ол

терезеге бей-жай қарап, жантайып жатыр екен. Қыз шығып кеткен соң ақырын жеткірінді де:

– Өмір-ай, өмір деп жүрдік, бір жыладық, бір күлдік... Солай, бауырым, бұл жаман ағаң ауруханада ақырғы өлеңдерін жазып жатыр, құдекең енді бір ай мұрсат берсе, сонысына да шүкіршілік етермін, – деді. Жүрегім дір етті. Кеудеме бір суық құйын сүңги кіріп, қайта шығуға арпалысып, құдды беймәлім бір хайуанша құтырынып, ішкі сарайымды әлде тырналап, әлде тістелеп жұлқылағандай ауыр күй кеше бастадым. Мұқаңа қарауға да, бірдеңе деуге де дәтім қалмағандай. Қағаздарымды аударыстырып, аққұла жоқты іздеуге кірістім. Әншейінде безілдей беретін телефоным да тым-тырыс.

Есік ашылды. Фарида екен.

– Фуһ, дәрі сасып тұр ғой! – деп сөйлеп келіп, Мұқағалиға қарап:

– Ә, тентек, хал қалай? – деді жымыып. Мұқаң маңқия бұрылып, орнынан жайлап тұрып:

– Е, Факе, хал дейтін хал қалған жоқ, қоштасқалы келдім, – деді. Төбесіне жылжып кеткен сары малақайын милығына басыңқырап қойды.

– Әй, тентек, жаман сөз айтпа, не болды саған? Бұ күнде кім ауырмай жүр?! – деді Факең. Мен ол кісі алып келген 150 сомды және шығыс ордерін Мұқаңа ұсынып:

– Әзірше осыны ала тұр, әлгі максимальный мөлшер дегеніміз ғой, кейінірек тағы көрерміз, – дедім. Ол ақшаны қойын қалтасына «біссімідә» – деп салып, ордерге қолын қойды. Сөйтті де Факенді иығынан ақырын құшақтап, самайынан сүйді. Одан соң мені кең құлашын жая құшақтай бере бетіме қарап кідірді. Көзінің қиығы ұзарып, мұрнының дөңесі көтеріліп кеткен екен. Көзін көзіме қадап, мандайыма мандайын тіреп:

– Көп жаса! Қош бол! – деп қыстыға күбірледі де, баяу бұрылып, жылжып кете барды. Менің кеңсірігім удай ашыды...

1976-жылдың қарашасында Төле би (Комсомол) және Амангелді көшелерінің қиылысындағы ауруханаға түстім. Бір күні дәлізде Баян атты медбибі кездесіп, екеуіміз өткен-кеткен жәйіттерді еске ала біраз әңгімелестік. Баян «Лениншіл жас» газетін жылда жаздырып алатынын, газеттен ең әуелі өлең іздейтінін, ал өлең оқыған сайын Мұқағали ағасының бір қылығы есіне түсетінін айтты. Мұқаң ауруханада соңғы жолы жатқанында бір күні түскі астан кейін іздегендерінде табылмай, Баян қатты абыржыпты. Көп жүруіне, далаға шыға беруіне болмайтын ауыр сырқат адам тыным мезгілінде (тихий час) орынында жоқ. Баян не істерін білмейді, кезекші дәрігерге, бөлім меңгерушісіне айтуға батпайды. Мұқаңның кешкі асқа дейін, әйтеуір, аман-есен келуін тілеп, іштен тынады. Мұқаң кешкі асқа жарты сағат қалғанда келіпті. Газетке орап құшақтап алған нәрсесі бар. Қатты деміккен. Аяғын әрең басады. Баян тұра ұмтылып, қолтығынан демеп, палатасына апарады, төсегіне отырғызады: «Ағатай-ай, қайда жүрсіз?!» – деп шырылдайды. Ағатайы құшағын ашып, ораулы нәрсені оған ұсынып, деміге отырып емірене қарап: «Айналайын қарындасым... қызым... айналайын, андағы саған.. сендерге... осындағы қыздарға... апар, апар!» – депті. Баянның алар сыңайы жоғын көріп, қабағын түйіп: «Тіл ал!.. Мені ренжітпе!..» – депті қатқылдау үнмен.

– Ораулы нәрсесін ем-дом бөлмесіне алып барып қарасам – бір бөтелке шампан, бес құты иіссу, кемінде үш килограмм кілең қымбат конфеттер, екі тақта шоколад! – деді Баян, соның бәрін тағы көріп тұрған жанша таңдана сөйлеп. Мен ол жәйттің Мұқағалидың әлгі сонау «тихий часта тырағайлап қашып келдімі» күні болғанын іштей тұспалдап үлгірдім. Қайран, құдіретті Аға-ай! Өйтпесен, Мұқағали болармысың!

...Мен бұл естелікті жазғанда Мұқағалидай Алатау ақынмен жақсы қарым-қатынаста болып едім, оған қамқорлық жасап жүріп едім деп, «өзі жоқтың көзі жоқтығын» пайдалана оңай ұпай-бедел алуды, яғни бетіме жасанды шырай жинауды мақсат етпедім. Мұқаңмен оның «бұрыс» кезінде де, дұрыс кезінде түсінісіп жүрдік, ешқашан қажасып көрмедік. Мен оны ақ көңіл, адал пейіл азамат деп, шын мәніндегі құдіретті ақын деп жақсы көрдім. Ал оның талант иесі екенін түсінуге тиісті кейбіреулердің әлде пендешілікпен түсіне алмағандары, әлде бақал-бағамшылдықпен түсінгілері келмегені, әрине, өкінішті. Қолымызда бар сый-сияпат, атақ-дәреженің бәрін жиып-теріп берсек те, ол Мұқағалидың ақындық дарынын бағалауға татымас еді. Мұқаң оны білген болар, кемеңгер Абайдың: «Арсыз болмай – атақ жоқ, алдамшы болмай – бақ қайда?» деген тұжырымын көкейіне тұтқан болар...

Еңбегімен емес, емпендеуімен санатқа қосылып, өзіненілгерінің сыбағасын қақшып кететіндер қашан аз болып еді? Мұқаң ондайларды білді де, көрді де. Ондайлардан жиіркенді ол. Өзіндей табиғи талантқа, кесек тұлғаларға мінтаққыштардан, қарадай жауыққыштардан және ондайларды қолпаштайтын бітеукеуде билікшілдерден жиіркенді, – ешқайсысына бас имеді. Тік жүрді, тік сөйледі. Бұл пікірімді ақиық ақын ағаның:

«...Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,  
Сынауға тіптен құмар кім көрінген.  
Бірақ та,  
Білесің бе, ей, кім көрінген,  
Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!» – деуі қуаттайды!..

**Біреп қосымша.** Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние» романының бір тұсында: «...Ақын өлген күні жедел жиналыс ашылып, мүшелігін қалпына келтірді», – деп жазылған. Әңгіме Мұқағали жайында. Осы тұжырымды түзете түсінік берейін.

Мұқағалидың қайтыс болғанын ести сала Одаққа жеткен қаламдастарының жасы үлкені Әбділда Тәжібаев бірден: «Ол Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылып тасталған емес пе еді?! Хатшылар қайда?! Дереву секретариат өткізу керек те, Мұқағалидың мүшелігін қалпына келтіру керек!» – деді. «Олай болған жоқ, ол – бекер», – деп едім, Әбекең: «Сөзді қойыңдар! Ол солай болған, болған! Давай-те, секретариатты жинандар!» – деп ашуланды. Бірінші хатшының бөлмесі алдында ошарылған топ сол жерде бөлмеге кірді де, Әнуар жоқ еді, хатшылардың басқа қайсысы қатысқаны жадымда қалмапты, шұғыл мәжіліс 15-20 минөтте өткізіліп, Мұқағалидың «мүшелігі қалпына келтірілді». Қаза сәтінде жағдайды анықтап жатуға уақыт өткізбеуді жөн көргендіктен, кедергісіз жасалған ол «мәжілістің» шешімі қалтарыста қала берді. Себебі, мүшеліктен шығарылмаған адамның «мүшелігі қалпына келтірілгенді» кім көріпті?

Оркестр келтіру сөз болғанда Әбекең: Мұқағали особый ақын болды, ерекше ақын болды. Дарылдақ оркестрдің керегі жоқ. Мәдениет министрлігінің домбырашылар оркестрі бар, соны шақыру керек! – дегенді айтты. Жаңылмасам, екінші хатшы Шерхан Мұртаза болар, ол: Әбеке, министрлікпен сіз сөйлесіңіз, сіздің сөзіңіз өтеді ғой», – деді. Екінші қабатта, дәлізде тұрғанбыз.

Сонымен үш-төрт кісі екінші хатшының бөлмесіне бардық. «Базарбаевпен сөйлесіп көрейің, тәуекел. Ол екеуміз ит пен мысықтай едік, қосыңдаршы!» – деп Әбекең күлді. Төте телефонмен жалғадық. Әбекең сөзін күле сәлемдесумен бастап, әдетінше қызына жалғап, булығы аяқтады. Менің құлағымды шағып алған – сөзі министр Мүсілім Базарбаевқа: «Мұқағали Мақатаев кешегі Ілияс Жансүгіровтен артық болмаса, тіпті де кем ақын емес! Оған бермеген оркестріңді енді кімге бересің, сөйт,

бер оркестрінді!» – дегені болды. Мен іштей қатты тіксіндім. Ілекеңнің, Мұқағалидың кім екенін Базарбаев білмей ме екен?! Марқұм екі ақынды бұл жерде шендестірудің, Мұқағалидың қазасында Ілекеңді аласарта сөйлеудің қажеті қанша еді?! Ақсақал басымен аруақ салыстырғаны несі?! Сол сорақы көрініске еріксіз куә болған әріптес бір ақын ағамыз екеуіміз сыртқа шыққанымызда ол:

– Тірі Тәжібаев өлі Илиястан есесін өлі қайтара алмай жүр екен ғой, – деп назалы мырс етті де: – Ілекең кезінде бұның теріс қылықтарынан түңіліп, аса уытты сықақ өлең арнапты, оны білесің бе? – деді.

– Жоқ, білмеймін, – дедім.

– Мағжан Жұмабаев ағамыз да бұған сұмдық әжуә өлең шығарған, – дей бергенінде ақын-жазушыларымыздың бір тобы келе қалды да, сөзіміз үзілді...

Ал Мүсілім Базарбаев домбырашылар оркестрін берген жоқ. Сірә, Тәжібаевпен «достығы» тежеген шығар. О, жалған! .. О, пендешілік!..

2005-жылдың шілдесі. Түс ауа бере телефоным шылдырлай қалды. Тұтқасын көтеріп едім:

– Аға, мен ғой... сәлеметсіз бе? – дейді. Үні құмыға шықса да таныдым: жазушы қарындасымыз Шәрбану Бейсенова. Сәлемдесіп:

– Қалайсыңдар? Денсаушылық па? Бала-нөмерелер есен-сау ма? – дедім. Көңілі бұзулы екенін сездім.

– Аға, о дүниедегі Сағатты жамандап жатыр ғой, қайдасыңдар, аға? Құдайшылығын айтсаңыздаршы! – деді, дауысы дірілдеп.

– Жамандап?! Кім?! Не деп?!

– Қадыр Мырзалиев. «Сағат Әшімбаевтың бір сыны Мұқағали Мақатаевтың өлімін тездетті» – депті. «Иірім» деген кітабында. Ол кісіге не болған, аға? Сағаттан не жаманшылық көрді екен?..

– Айналайын Шәрбану, Қадыр солай деді екен деп мүжілме, «ерікті ауызға бөрікті бас сиған» заман ғой, қайтесің, Сағаттың аруағына тапсырып жүре бер, – деп жұбатып бақтым...

Құрдас қаламдасымның сондай «өнер» шығарғанынан хабардар едім, бірақ Сағат туралысын естімегенмін-ді. «Иірімін» оқымағанмын. Мұқағали өлімінің тездеуі жайындағы «жаңалығына» да еріксіз таңдандым. Мен білген Мұқаға ауызша да, жазбаша да анау-мынау сын сан «бұйырған». Ал, меніңше, ол Сағаттың сынынан кейін морт сынған жоқ. Мұқағалиды сындыра алатын сын жалпы болған да емес.

Әлі көз алдымда: Сағат екеуіміз менің қызмет бөлмеде әңгімелесіп отырған бір күні («Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында, сын бөлімінде қызмет істеп жүрген кезім) кенет есік кең ашылып, Мұқағали көрінді. Бізге қарап, шалқайып тұра қалды. Біз ұшып тұрыстық.

– О, Мұқа, төрлет, төрлет! – деп қошеметтей ұмтылдым. Ол алшаң аттап кірді де, мені мол құшағына алып:

– Амансың ба, бауырым? – деп бір қысты да, маған ілесе:

– Аға, ассалаумағалейкүм! – деп келіп, именіңкіреп тұрған Сағатқа жалт қарап:

– Мен сені вообще танымаймын! – деді. Дауысынан жорта қатқыл сөйлегенін аңғардым да:

– Ә, онда мен таныстырайың, жоғары шықшы! – деп қолтығынан алдым. Мұқаң маған да жорта ежірейіңкіреді де, төрледі. Сағат, әдетінше, ақырын ғана сылқ-сылқ күле ілескен.

– Еше, күледі... – деген Мұқағали терезеге қарап сәл тұрды да, оқыс бұрылып, Сағатқа жылы қарап: – Сен бір адастың, бірақ... мен сені білемін, мықтысың... қызта-

лақ... бірақ, мен сені бүгін «бауырым» демеймін, ал ертең «бауырым» деуім мүмкін. Есінде болсың, – деп Сағатқа қолын ұсынды: – Менде дұшпан жоқ, білесің бе? – деді.

– Білем, аға, білем! – деді Сағат Мұқаңның қолын қос қолдай алып, жымиып.

– Білсең, сен, бала, бара тұр, менің Фаббаста секретный шаруам бар, – деп тағы жорта ежірейіңкіреді. Сағат күле қоштасып, шығып кетті.

– Жаңағы баланың сынын оқыдың ба? – деп маған жымия қараған Мұқағали жауабымды күтпеді. – Ондайдың біразын көргенбіз, әлі де көрерміз, тәйір-ай. Бірақ... жаңағы бауырым мықты, көп біледі, мықты. Жалыны маңайын шарпып жүрмесе, жастығы қайсысы?! Өзін, бәрібір, іштей жақсы көремін, көп оқитын мықты! – деді, зілсіз күліп.

Оның «мықты» деген сөзді төрт мәрте айтқаны әдебиет сыншысы Сағат ініміздің мақалаларына шын сүйініп жүргені деп ұқтым. Көңілі таза адам ғана таза сөйлейді. Ақын Мұқағалидың да, Азамат Мұқағалидың да жаны таза еді-ау!..

х х х

Әнуардың хатындағы Александр Петровичтің әйгілі ақын, аудармашы Межиров екенін Өтеген Күмісбаевтың «Мәскеуге симаған Мұқағали» – деп жазған естелігінен білдім («Айқын» газеті, 14-тамыз, 2010-жыл). Өтеген ақынның Мәскеумен хош айтысқан өлеңінен мынау жолдарды келтіріпті:

...Үйреніп қалған ұямдай,  
Мәскеуді барам қия алмай.  
Миллиондардың ішінде,  
Бір басым менің сия алмай,  
Еңсемді бір сәт жия алмай.  
Не бетімді айттым, Алматым,  
Не деймін саған, ұялмай?!  
Таңғы шық.  
Аяз сорып тұр.  
Соғып тұр боран,  
Соғып тұр.  
Ақ құсым, мені аман-сау  
Алматыммен жолықтыр!

Мұқаңның Әнуармен жүздесе алмай, хатшысына: «Ауылыма кетіп барамын», – дегені осы көңіл күйінің жалғасы екен-ау!..

2010-жыл.



### «А ШТО...»

Жайдары жаздың кіші бесінінде Әсеттің үйіне телефон шалып:

– Оу, алакөз бауырым, саған құда түссем бе деген ойым бар, – дедім, есен-саушылық сұраспастан. Ол қырылдақ күлкісін қысқа қайырып:

– Ассалаумағалейкүм! А что, біз дайынбыз, келе қалыңыз! – деді.

– Бұл құдалықтың ерекшелігі: мен саған бармаймың, сен маған келесің. Өзің ғана. Иә, егер нотадан қолың босаңқырап отырсаң. Жеңгең ауылда жатыр, мен жалғызсырап та отырмын және сенімен ақылдасатын бір маңызды мәселе болып та тұр. Бәтің-кеңнің тұмсығын бері қарай тезірек бұрғын.

Ол қырылдақ күлкісін еркіне жіберіп алды да:

– Сары божбан да тосып отыр ма? – деді. «Сары божбаны» – ақын жолдасы Сабырхан Асанов.

– Оған бүгін повестка жіберген жоқпын.

Ол тағы күлді де:

– А что... жарты сағатта жетіп қалармың, – деді.

Айтты – бітті. Келді. Шәй-пәйімізді ішіп, оны-мұны әңгімелерімізді айтып, бір сағаттай уақыт өткен кезде:

– Сенімен ақылдаспақ маңызды мәселем... – деп тұрдым да, жазу үстелімде жатқан мына төмендегі парақты ұсындым. Әсет алып, қалың қасын бір «секіртіп», содан кейін мәз бола күлді де, тамағын қырнап қойып, қоңыр дауысына баса өндетті:

ЖІГІТТЕР-АУ, ҚЫЗДАР-АУ!

*Сазгер Әсет Бейсейітовтің «Армандастар» әніне қызығып,  
ақын Нұрсұлтан Әлімқұловтың сөзіне еліктеп жазған  
өзіл өлеңім*

Біз ауылдың әлем-жәлем жастары едік,  
Өмір жолын өршеленіп бастап едік,  
Мектепті де тез бітіріп тастап едік,  
Алматыға асығып...

Қ а й ы р м а с ы:

Лекцияға бір күн барар, бір күн бармас,  
Староста деген құдың тілін алмас,  
Театрға безер,  
Паркті де кезер,  
Студентің болып шықтық, уа, заман!

Дипломды алған, «жуған» дәурен болды,  
Қызметке құлшынысқан өурең болды.  
«Сүйдім!» деген, «Күйдім!» деген сәулең болды,  
Не болмады, уа, шіркін?!

Қ а й ы р м а с ы:

Жолдамамен ауылдарға тартып кеттік,  
Үйлендік те, ұйқылы-ояу тірлік өттік.  
Пәтерсіз де жүрдік,  
Бәтерсіз де жүрдік,  
Бойдақ кезді, боздап қойып, еске алып.

Сан кезеңнен сапалақтап өттік сөйтіп,  
Талай-талай мақсаттарға жеттік сөйтіп.  
Алматыны ұмытып та кеттік сөйтіп,  
Ұмытылмас не бар-ау?!

Қ а й ы р м а с ы:

Бала сүйдік, немере де жетектелді,  
Көйлек-шалбар айына бір үтіктелді.  
Шашты қырау шалды,

Зейнет тақап қалды,  
Но нешауа, әйда, кемпір, билейік!..

Әндетуін қыстығып әрең аяқтаған Әсет қарқылдап, ала көзінен жас аққанша рахаттана күлді.

– Ғаба-ау, қатып кетіпті ғой?! – деп те күледі, қайталап оқи бастайды да күледі.

– «Алай екен, былай екен» – деп бірдеңе айтпайсың ба? – деймін жорта наразы болып.

Ол қайырмалардың соңғысын тағы әндетіп шығып:

– Әсіресе, осы қатып кетіпті! – деп тағы күлді де: – А что... Ғаба, сен мұны «Тамашаға» апарып бер, керемет болады. Залда отыратындардың көбі – кеше «бәтерсіз де, пәтерсіз де» жүрген қулар, өй, бір мәз-мәйрәм болсын. Бірінен бірі естіп, шын айтам, керемет болады! – деді.

Әсетке «жарайды» – десем де, мұны «Тамашаға» апармадым, тіпті басқа ешкімге айтқан да жоқпын. Әсет кейініректе «а что...» – деп қойып, есіме екі мәрте салды да. «Өлеңімді өңдегім келіп, ойланып жүрмін» – деп, ақырында ұмыттырдым. Содан 2010-жылдың күзінде жұбайым Зада Мүкәрәмқызы: «Біз, бірге оқыған курстастар, кездесу өткізбекшіміз, институтты бітіргелі отыз жыл болыпты, әне-міне деп жүріп, бір рет те бас қоса алмаппыз» – дегенді айтты. «Сүрленіп жатқан» өлеңім есіме түсіп, алты дана көшірме жасап: «Сендерге сыйым осы болсын» – дедім. Зәкең оқып, риза болды. Курстастары да қосыла әндетіп, күлісіп, «бір жасап» қалыпты...

Шәмші Қалдаяқов, Сабырхан Асанов, Әсет төртеуіміз ажарымыз жарасқан жолдастар да болдық, әзілдеріміз астарлас сырластар да болдық. Үшеуі де адал еңбеккер жандар еді. Үлкен-кішіге құрмет, ілтипаты мол кішіпейіл еді. Кейін үшеуінен де айрылып қалып, сағынышты сарғая серік етіп жүрген күндерімде ойланып отырсам, біз ешқашан басқа сазгерлердің әндеріне, басқа ақындардың өлеңдеріне сырттай баға беріп көрмеппіз. Әйтеуір, «бірі атып, бірі қуып» дегендей, басымыздан кешкен-кешпеген жәйттерді күлкіге айналдырып айтып жүріппіз.

Төртеуіміздің бірде, не себеп болғаны есімде жоқ, атақ, марапат туралы әңгіме соға қалмасымыз бар ма?!

– Ай, данышпандар, қайсысыңа қандай атақ-награда қажет, көне, айта қойыңдар! – дедім.

– Ғаба-Ғабеке, бір тақыр кедей шал үйіне келе қалған өзіндей бір бейбаққа: «Саған тайлақ сойып берсем қайтеді?» деген екен, сен соған ұқсадың, – деп Шәмші әзілге шапшаң да жүйрік екендігіне бізді тағы бір тәнті етіп күлдірді де, сылқылын тежеп: – Сол пәлелердің маған көк тиынға керегі жоқ, дипломсыз да тірі жүрмін ғой? – деп және күлдірді.

– Бергенін алуға болады, а што, онда тұрған не бар, тек өзің сұрама, – деді Әсет, көзі алайып.

– Өзім қатарлыларға орден-медаль, сыйлық беріліп жатқанда «Не үшін берді екен?» – деп сол кезде еріксіз ойланатын иттігім бар, бірақ артынша ұмытып кетем, оллаһи, қызықпаймың, қызғанбаймың, – деді Сабырхан, басын шайқап.

– Ғаба-Ғабеке, сен ше, өзің ше? Осы отырғанымыздың арасында атқа да, атанға да мініп жүрген сенсің, иә, сен ше? – деп Шәмші мені тақымдай қалды.

– Мен де: «Шәке, жаңа өзің айтқандай, сол пәлелер үшін тумаған қазақпын. Шынында кәперіме кіріп шықпайды, мына сары божбан ғұрлы ойланбаймын да», – дедім. Шәмші қызыл-қоңыр тақиясын оң қолымен бірер қозғап қойып, жымың-жымың етіп, маған қуақылана қарады да:



– Менің мына кеудеме, – деп омырауын сипалады, – шірегенде бес-алты орден-медаль сияды, оның өзін де асты-үстілі етіп тақсаң, ал сен үшеуіңнің омырауларыңа сегіз литрлік шелекпен бір-бір шелек орден еркін сияр еді, амал не, кім беріп жатыр! – деді. Сол сәтте төртеуіміздің қарқылымыздан төңірек теңселіп кеткен шығар-ау!..

Ай, аруақтарыңнан айналарындарым-ай!..

Е, заман-ай, сол үш Азаматтың екеуінің – Әсет пен Сабырханның аруағынан аттап кеткен арсыздар болды-ау!..

Әсеттің атындағы көшені біреулердің иемденіп жатқаны туралы хабарды газетке жарияладық та, мен жоғарыға мына хатты жолдадым (ресми құжат болған соң, Әсет атына қатыстысын ғана алмай, тұтас ұсынуды жөн көрдім):

### **Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы И. ТАСМАҒАМБЕТОВ мырзаға**

«Әсет Бейсеуов атындағы көшені тартып алып...» деген суық сөз («Қазақ әдебиеті» газеті, 13-19 ақпан, 2004 ж.) көңіліме бұрын да дық сала бастаған жәйтті жазуыма себепші болды. Тәуелсіздік алғанымызды теріс түсініп, «не істесек те еркіміз!» – деп тасыраңдаған шенеуніктер «бас-басына би болған еңкей қиқым» топқа айналды және қынаша қаптап барады. Соның бір мысалы – мына аталған жарияланымдағы жәйт. Мұнда аты-жөндері аталған шенеуніктердей ұяттан атап кетіп, өтірікті серік етіп жүргендердің барлық облыстан табылары даусыз. Кейбір облыс, аудан әкімдері, қалтасы қалың «жаңа қазақтар» көшелерге тіпті көзі тірі әке-шешелерінің, қайын ата-енелерінің аттарын қойып, кеуде мүсінін орнату сияқты «тарихи ермек» те тауып алыпты. Көріп те, естіп те жүрміз. Бәріміздің де қимастарымыз бар, бірақ ата-атағы беріде – ауылдан, арыда – ауданнан аспаған оларды көзімізді жұмып алып әспеттеу – ұят болмай ма? Ерен еңбегі еліміздің, халқымыздың тарихына жазылған тұлғалардың (ғажап сазгеріміз болған Әсеттей!) аруағын Алматы облысы Жамбыл ауданының басшыларыңша қорлау көргенсіздік емес пе?!

Асқына бастаған бұл «ауруға» дереу дауа іздеу керек. Меніңше, әрбір облыста құрамында қара қылды қақ жаратын саясаткер, тарихшы, журналшы бар арнаулы комиссия құрылып, ол облыс шегіндегі көшелер мен ауыл-селоларға кімнің аты берілгенін, олардың тарих талабына сай келген-келмегенін әділ анықтауы, нәтижесін тиісті шешім жасайтын жоғарғы ұйымдарға жазбаша мәлімдеуі қажет. Бұған дейін орын алған заңсыздық жойылып, ауыл-селоның, ауданның, облыстың тарихтарына, демек, Қазақстанның тарихына алдағы уақытта ешқандай қиянат жасалмауы ойластырылған үкіметтік қаулы шығарылуы шарт.

«Ауыл-селоларға» – деп отырғаным: «Пәленбайдың ауылы», «Түленбайдың ауылы» дегендерге де күні кеше көдедей көп болған «совхоз директоры», «колхоз председателі», «сельсовет председателі» атаулылардың есімдері қойылғаны сөзсіз. Олар да – аудан, облыс деңгейіндегі бүгінгі бишікештердің әкелері немесе Эзоптың мысалында айтылғандай, «әлде жиені, әлде нағашысы».

Көшеге ат қоюдағы сорақылық Алматыда да «гүлдегелі» қашан? «Алматы көшелері» – деп аталған сый-сияпаттық әсем кітап шығарылғанын осы жақында ғана көрдім. Қ. Қаражанов, Б. Көмеков мырзалардай тарих ғылымы докторларының, профессорлардың бата беруімен шыққан бұл кітаптың «Оқырмандарға!» деген ескертпесінде: «Алматы қаласында 1500-дей көше бар. Оның 700-ден астамы белгілі кісілердің есімімен аталады. Көбімізге беймәлім сол аяулы жандардың қысқаша өмірбаяндары мен суреттері тұңғыш рет анықтамалық негізде кітап болып, қазақ,

орыс және ағылшын тілдерінде беріліп отыр», делінген. Яғни, кітаптың Алматыға келіп-кетіп жүретін алыс-жақын шетелдіктерге арналғаны, талайына тарту етілгені де сөзсіз.

Жә дейін де, осындағы «аяулы жандардың» кімдер екенін айтайын (бірен-саранын ғана; өйтпесем – кітаптың жартысынан астамын көшіріп шығуға тура келеді). Сонымен:

Азизбеков Мешади Азизбек-оғлы (1876-1918) – Әзірбайжандағы революциялық қозғалыстың қайраткері. Есерлер қолынан қаза тапқан бакулық 26 комиссардың бірі...

Андронников Владимир Николаевич (1885-1942) – мемлекет қайраткері. Вичуга қаласында туған. 1933 жылы КСРО Жоспарлау комитетінің төрағасы болған...

Борзов Александр Александрович (1874-1939) – орыстың географ-ғалымы. Воронеж облысында туған. Ресейдің еңбегі сіңген ғылым қайраткері...

Шереметьев Борис Петрович (1652-1719) – орыс дипломаты, әскери қайраткер. Мәскеуде туған. 1685-87 жылдары Австрия және Польшамен «мәңгілік достық» орнатуға белсене қатысқан...

Кілең осындайлар. Қазақстанда туып-өспеген, Қазақстанға ешқандай қатысы болмаған біреулер.

Ол ол ма, кітаптың 49-бетінде:

Ермак Тимофеевич (т. ж. белгісіз – 1585) – казак атаманы. 1582 жылы Сібірде түрік, ханты-манси халықтарын жаулап, Ресейге қаратқан, – делінген де, көбімізге сонау бір жылдардағы тарих оқулығынан таныс қоқырайған ұсқын – балтасы мен қанжары қазақтың қанына малынған қарақшы Ермактың суреті берілген. Па, шіркін! Қала басшыларының, мына кітапты шығарғандардың ата-анасындай бір аяулысы сол екен ғой?! Әйтеуір оған табынған соң, ол «жауыз Жармақтың» Павлодар (бұл да – аяулы атау бола береді-ау, ә?!) қаласынан аласталған тасмүсінін Алматыға алып келіп, алтынмен аптап, күміспен күптеп, аты жазулы көшеге зор салтанатпен орнатып, ас та төк той жасасақ қайтеді? «Алматының құрметті азаматы» атағын да неге бермеске оған?

Халқымыздың ардақтысы болған, мысалы: Дина Нүрпейісоваға, Жақан Сыздықовқа, Асқар Тоқмағамбетовке, Мариям Хакімжановаға, Мұқан Иманжановқа, Шона Смаханұлына, Төлеген Айбергеновке, Хизмет Абдуллинге, Павел Васильевке, Оспанхан Әубәкіровке... Алматыдан көше бұйырмайды да, қазақ атты халықтың барын білмеген қайдағы-жайдағы біреулерге немесе қазақты құртуды көздеген Ермактай сұмға ресми түрде құрмет көрсетіледі.

Рухани құлдық пен бишаралықтан қашан арылар екенбіз?!

**Фаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

*15. 02. 2004 ж. (15. 03. 2004 ж.)*

Иманғалидан ишарат болды. Әсеттің аты көшеге қайтарылды.

...Сабырдың бақиға аттанғанына жыл толуын ауданында өткіздік. Жоғарыдағы тиісті орындардың шешімі шығып, иісі қазаққа танымал ақынның аты өзі оқыған мектепке және ауылындағы бір көрнекті көшеге берілген еді, оған ризашылығымызды білдірдік. Арада екі-үш жыл өте бере ол жақтан да аруақтан аттағыштар табылды. Көшеден Сабырхан атын өшіріп, ауданның әлдебір әкім-қарасының әкесінің атын қойыпты. Дос болып өткен Әсет пен Сабырдың аруақтарына жасалған қиянаттың бірдей болғанын қарашы!

Аудан былықтырып отырған қылықты аудан басшыларына жазып опа таппасымды білдім де, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Болат Жылқышиев

мырзаға «Қазақ әдебиеті» газеті арқылы ашық хат жолдадым (26. 10. 2005 ж.). Жауап келмеді. «Тоңның жібуі» қиын болатынын біліп, сол обләкімге арасына екі айдан сала сол газет бетінде тағы екі хат жаздым. Жым-жырт. Ауыл жақта өзгеріс жоқ. Мені ғана емес, Қазақстан Жазушылар одағының, бүкіл халқымыздың әдеби газетін алымсынбаған «табанды» әкімнің керенау қылығын 2006-жылғы мамырдың 15-і күні Үкімет басшылығына газет арқылы мәлім еттім.

Сөйтіп, ақырында, облыстан: «орын алған қателіктің түзетілгені, ақын атының көшеге қайтарылғаны туралы және Шымкент қаласының өзінде де «Сабырхан Асанов» көшесі болатыны жайында» жауап келіп жетті. «Уһ!» дестік.

Ақ жарқын пейілді сырластарым болған аяулы Әсет пен Сабырдың да аруақтарына қызмет ете алғаныма шүкіршілік жасап жүрген жайым бар.

Әсеттің азаматтығын да, сазгерлік талантын да бағалай біліп, оның тіріде өзіне, өліде аруағына баршамыздан артық құрмет көрсеткен Адам – Заманбек Нұрқаділов! Ол Әсетке пәтер бергізді. Ал Әсет өмірден озғанда қатты қайғырып, қамыға өксігенін көрдім. Марқұмды жерлеу, одан кейін дәстүрлі науқандарын өткізу, үйінің сыртқы қабырғасына ескерткіш тақта ілу, қабіріне құлпытас орнату істерінің бәрін қадағалап, қажетінше қаржылай көмек көрсетті. Сазгердің әндерін екі том жинақ етіп бастырып шығартты да.

Қайран Әсет! Қайран Заманбек!

2010-жыл.



## ТЕМКЕҢ

Жаңа сабаққа он минөт кешігіп жеттік. Біз мінген троллейбусты орта жолда қырсық шалып, «арқасындағы ашасы» ток сымынан ажырап қалғаны ғой. Кеше курс жетекшіміздің: – Ертең сатира теориясы деп аталатын лекция басталады, оқытушы қатаң, кешіккенді ұнатпайды, – дегені есімізде. Есікті қақтым. Жанымдағы Тоқтарбек Қызықбаев: – Кіргізбей қойып жүрмесін? – деп күңк етті. Есікті ашып:

– Кіруге бола ма? – дедім. Үстел басында отырған ықшам денелі жігіт бізге бұрыла бере:

– Кіріп байқаңыз! – деді. Дауысы ойнақы, жігерлі екен. Басы доп-домалақ, көзі дөп-дөңгелек. Бізге өзі бұрын көрмеген әлденеге таңданғандай кейіппен қарады.

– Сәлеметсіз бе? – деп өтіп кетіп, партамызға барып отырдық.

– Сіздерге кім «отыр» – деді? – дейді оқытушы. Түрегеліп, шұқшия қарап қалған екен.

– Кіруге рұхсат сұрадық, сәлемдестік, әдейі кешіккен де жоқпыз, – дедім.

– Троллейбус сынып қалды, – деді Тоқтарбек.

– Троллейбустарыңда шаруам жоқ, рұхсатсыз неге отырғандарыңызды түсінбей тұрмын, – деді оқытушы. «Жасым жиырма жетідегі мені тәлкек еткісі келгені ме?!» – деп іштей оқыс ширыға қалдым да:

– Енді не қыл дейсіз? – дедім, түрегеліп.

– Шығыңыздар! Менің лекцияма қатысушы болмаңыздар! – деп тым қатты кетті.

Менің де шалқая салуым оп-оңай еді:

– Қатыспай-ақ қойдым! Теориясыз да жазып жүрмін! – дедім де, шыға жөнелдім.

Темкеңмен алғаш жүзбе-жүз танысуым солай болды. Журфактың сырттай оқыту бөлімінде екінші курста едім. Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясында жауапты хатшы кезім. «Сен қошқар болсаң, мен де – қошқармын!» – деп жүргендердің бірімін ғой. «Теориядан практика тумайды, практикадан теория туады!» деген қағидам да берік.

Сөйтіп, Өскеменге «хвостпен» қайттық. Мезгілінде тапсырмаған емтиханың, зачетың «хвост» делінеді екен. Деканаттағылар одан келесі жылы құтылуға міндетті екенімізді ескертіп жіберді.

Келесі жылы Алматыға тағы жеттік. Сырттай оқудың «сыры» оны басынан өткергендерге жақсы мәлім шығар. Ешқашан үйде дайындалып қарық болған емеспін. Менің де «сорыма қарай» дөп сол жылдары әлгі Никита Хрущев деген мылжың «көсем» болар ма?! Бір күні анау жерде, бір күні мынау жерде көпіріп кеп сөйлейді де, газетті уақытында шығара алмай, көзіміз қып-қызыл боп, үсті-басымыз мыж-мыж боп, баспаханада түнеп те жүреміз. Баспахана жұмысы – қылаяғы әріп теруге дейін – қолмен атқарылатын қиямет. Және балалы-шағалымыз. Содан кейін қайтейін, сабақ шіркінді университетке келе қузаймын. Ал Темкең маңайлатпады: – Маған емтихан тапсыру түсіңізге де кірмесін! – деді. Деканатқа барып: – Басқа оқытушыға тапсыруға жолдама беріңіздер, – деп едім, ондағылар: – Сатираның иесі – Қожакеев. Басқалар ала алмайды да, біз де рұхсат бере алмаймыз! – десті.

Арада үш жыл өтті. Темкеңнен бұйырған «хвост» та «орнында».

«Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына жұмысқа орналасып, Алматыға көшіп келгенмін. Секретариат қызметкерінен Сын бөлімінің меңгерушілігіне ауыстырылып та үлгіргенмін. Бір күні бөлmemіздің есігі тық-тық қағыла серпе ашылып:

– Рұхсат па? – деп саңқ еткен дауыс естілді. Жалт қарасам... бағжия қарап Темкең тұр. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» деген ғой, өзімнің сонау баяғыдағы «кіруге бола-ма?» дегенім есіме сарт ете қалды да, күліп жібере жаздадым. Орнымнан тұрып:

– Рұхсат, кіріңіз, төрлетіңіз, мынау бос орынға жайғасыңыз! – деп әдейі шұбырта сөйлеп, қарсы қабырға іргесіндегі орындықты мегзедім. Темкең оң қолын соза қасыма келіп:

– Сіз мұнда неғып отырсыз? – деді, таңданысын жасырмай.

– Осында қызметтемін.

– Қашаннан бері? – дейді, көзі дөңгелене түсіп.

– Үшінші жыл.

– Солай ма?! Құтты болсын!.. Неге айтпай жүрсіз?

– Сүйінші сұрайын ба? – дедім, еріксіз күліп жіберіп. Темкең де күліп, сол жақ қолтығындағы қампи қара папкасын үстелдің шетіне қойып, орындыққа жайғасты.

– Сіз... қызық екенсіз, «орталарыңызға келдім» деуіңіз керек қой? – деп жымыңдайды.

– Әлі де кеш емес деп ерулік берсеңіз, ал келдім, – дедім әзілдеп. Ол рахаттанып күліп:

– Ойланармыз, – деді де, папкасын алып ашып, бірер парақ шығарды. – Сатира жайында мақала әкеліп едім, оны кім қарайды?

– Мен қараймын.

– Солай ма?.. Қазір оқып бере аласыз ба?

– Келесі нөмірдің материалын дайындап отырмын, қазір оқи алмаймын, қалдырыңыз, ертеңдер оқырмын.

– Келістік, олай болса, – деп мақаласын маған ұсынды да: – Сау болыңыз! – деп есікке беттеді. Шыға бере бұрылып: – Айтпақшы, осы сізде «хвост» бар-ау деймін, содан құтылыңыз, мен сағат кешкі алты-жетіге дейін орнымдамын, – деді, жымыып.

Темкең ашық сөйлескенді жақсы көретін. Қай тақырыпқа, қашан болсын білген шындығыңды айтуыңды қалайтын. Пікір таласынан тайсақтамайтын. Сенің қателігіңді дәлелдемей тынбайтын. Көп оқитыны, көп білетіні анық аңғарылып тұратын. Өзінің ағат тұжырымын да ақырында мойындайтын. Бірде лекциясының бір мысалы ретінде менің «Әркімнің бір есебі бар» деген сықақ әңгімемді тіліне тиек етіп, маған ойымда болмаған кінә тақты. Мен Өскеменде өзімізбен көрші тұрған бір бай қазақтың қайтыс болғаны, артында қалған «Волга» мәшинесінің, басқа да дүние-мүлкінің жолдас-жораларын қызықтырғаны туралы айтқанмын. Әңгімем облыстық газетте жарияланған.

– Қабышев бұл әңгімесін белгілі сатирик Пәленбаевтың түглен фельетонына еліктеп жазған, оқығаны білініп тұр, – деп бір орыстың аты-жөнін, фельетонын атады (онысы қазір, әрине, есімде жоқ).

– Қателесіп тұрсыз, – дедім.

– Қателесіп тұрған жоқпын, екеуінің мазмұны бірдей, – деді, басын сәл қисайта, көзін өткірлей қарап.

– Мен сіздің орысыңыздың фельетонын оқымақ тұрғай, аты-жөнін естіген емеспін.

– Мүмкін емес, ұқсастық тым айқын, мен ертең оның кітабын ала келейін, оқып көрелік! – деді.

– Көрсек көрелік!

Курстастар да:

– Оқиғаның ұқсас болуы мүмкін ғой?!

– Өмір емес пе, өмірде не болмаушы еді?! – десіп қалды.

Ертеңінде әңгімем шыққан газет қиындысын ала бардым. Темкең кітапты ала келіпті. Мәскеулік сықақшының фельетондарының бәрінің соңында қай жылы, қай газет-журналда жарияланғаны көрсетілген екен, «мен еліктегеніне» қарап едік, ол менің әңгімемнен бір жыл кейін жазылған болып шықты.

– Сіздің орысыңыз маған еліктепті-ау, ә? – дедім, мерейім үстем болған соң шоқтықтана өзілдеп.

– Ол тәйір алғыр сөйтіпті-ау шынында! – деп Темкең басын шайқай күліп, кітапты жаба салды. Жаңсақ тұжырымын жуып-шайғаны.

Темкеңнен мыңдаған шәкірт дәріс тыңдады, тәрбие көрді. Көпшілігі оның білімдарлығына, турашылдығына, табандылығына тәнті болса, кей-кейде кездесетін тым бірбеткейлігінен жәбір шеккендер де болды. Темкең де жұмырбасты пенде еді, қайсыбір шәкіртінің сүтпен біткен қыңыр-қисық мінезін түзете алмай, орынсыз ерегеске барып, оған диплом қорғатқызбай қойған қаталдыққа ұрынғаны да бар. Сондай «жаза шеккен» екі жігітті көрдім, ара түстім де, бірақ Темкең жеңістік бермеді, ал ол екі жігіттің бірі жақсы ақын, екіншісі мықты прозашы болды (аты-жөндерін атамай-ақ қояйын).

Маған диплом тақырыбын берген де, жетекшім болған да – Темкең. Диплом жұмысымды жазу, пікірлесу күндерінде түсінсе шүйіркелесіп жүрсек те, соңғы сәтте екеуіміз тағы шекісіп қалдық. Жұмысымды тәмамдап, түптеуге берер алдында қайталап мұқият оқыдым да, өзіме қалайда басы артық қайталау сияқтанған тұстарын қысқартып тастадым. Өйткенімді жетекшіме айту шарт емес деп білдім. Сонымен, түптелген дипломым, мұқабаларын қоса есептегенде де, отыз бетке жетпей қалды. Темкеңе алып барып едім, қатты ашуланды.

– Тең жартысын қысқартып тастапсың ғой?.. Кім «қысқарт» – деді саған?!

– Боссөзділікке салыныппың, бірыңғай фактілерді тізбелеппің, сол жерлерін қысқарттым, енді дұрыс болды, – деп бұра тарттым.

– Мына сияқты тылтиған диплом болмайды, қайтадан қарап шық, бұрынғы, мен қараған, келіскен тұстарды қос. «Боссөзділік». Сонда, сеніңше, мен де боссөзділікке салынып, дипломыңның артық-кемін білмеген екенмін ғой?! – деген Темкеңнің дауысы суи бастады.

– Темке, андағыға енді ештеңе де алып-қоспаймың, не қылсаңыз да еркіңіз! – деп кабинетінен шығып кете бардым.

Диплом қорғау белгіленген күні елмен бірге барсам, Темкең басын шайқап:

– Бір қазақ айтқан екен: «Біз де әкемізді сабап едік, бірақ арбаға таңып қойып сабағанды көргенім осы», – деп. Әкесін арбаға алып соғып байлап тастап сабап жатқанды көріп тұрып айтса керек. Сол айтқандай...

– Темке, кешіріңіз, қазақ әке-шешесіне қол көтерген емес, ондайды естіген жоқпын. Қазақты кемсіту үшін басқа бір пәлелердің айтып жүргені ғой, өздерімен кетсін! – деп едім, ол:

– Солай ма? – деп күліп жіберді де: – Жарайды, дұрыс. Алайда сенің дипломыңдай дипломды ешкім көрмеген шығар. Ертең оппонентің не дер екен, көрейік, – деді.

Дипломымның еншісі «5» болды.

– Ғаббас, сен соискатель бол, «Сәкен Сейфуллин творчествосындағы сатира» деген тақырып бар, соны ал, өзім жетекшілік етемін, – деді Темкең, диплом алған кешімізде. Мен:

– Темке, тәңір тілеуіңізді берсін, мені енді қинамаңызшы, менен ғалым шықпайды, осы он алты жыл оқығаным жетеді маған, – деп бар-жоқ шынымды айттым. Қамқорлығын түсіне тұра бағаламадым, келіспедім. Ол басын бір шайқап:

– Сендей қыңырды көрген жоқпын, мейлің, – дей салды.

Біз үнемі кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Университетте. Жазушылар одағында, дос-жолдастардың үйінде.

Темкең сатирамыздың тарихы, қалыптасу, даму жылдары мен жолдары жайында қыруар еңбек жазды. Бірден-бір жоқшымыз, қолтығымыздан демеушіміз болды. Артық-кем айтысып қалған кездерімізде де қайырылмай кетпедік, соңынан түсінісіп жүрдік. Менің де шығармашылығымға ден қойып, пікір айтты да, жазды да. Жасым елуге толғанда «Егемен Қазақстан» газетіне «Бұл қай Ғаббас?» – деп өзіндік ерекше тәсілмен қызық мақала жазды. Ұстаз ағаның 70 жылдығында біз де аянып қалған жоқпыз, университеттегі тойын өткізістік, бір тобымыз Меркедегі мерекесінде де бірге болдық. Мәншікті «Волга» мәшініне аз мінген жоқпыз, «Е, менде көлік бар ғой, жүріңдер, ал кеттік!» – деп күлетін.

1986-жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін желіге жынданған «колбин-камалиденов блогы» жоғары оқу орындарымыздағы зиялыларымызға көп қиянат жасады ғой. Ешбір жазығы болмаса да, Темкең де қызметінен, партия қатарынан шығарылды.

1989-жылдың қаңтары болар, бір күні кеш бата бере үй телефоным шылдырлады. Темкең екен. «Ғаббас, сенімен кездесуім керек, уақытың қалай?» – дейді. «О, Темке, келіңіз, күтеміз!» – дедім. Темкең: «Мен жалғыз емеспін және үйде айтылмайтын әңгімемен барамыз, жарты сағаттан соң сыртқа шық» – деді. Ұстаздың үнінде шыңыл бар. «Не әңгіме екен?» – деп сәл таңдандым да, айтқан уақытында үйден шықтым. Темкеңнің жанында сыпайы өңді жігітағасы бар екен. Сәлемдестік. «Бұл ағаң –

профессор Сәкен Досымбеков, ал сені таныстырып қойдым, әңгімені бастайын» – деді Темкең. Пионерлер сарайының ауласына кіріп, шеткерірек ұзын орындыққа отырдық.

«Өзің де естіп-біліп жүрсің» – деп сөз бастаған ұстазым, қиянатқа ұшыраған өздерінің әділдік іздеу жолында сан қилы алдау-арбауға душар болып жүргендерін айтып берді де: «Біздің тиісті орындарға жазып, айтысып жүгеніміз өз алдына, енді осының бәрін баспасөз бетіне өзімізден басқа адам шығарса деп, саған келдік, қалай қарайсың?» – деді. «Темке-ау, мен дайынмын ғой, бірақ баса қояр газет табылмас», – дедім. «Сен жазып, апарып сөйлесіп көр, көнбесе қайтеміз, сабаймыз ба, өзіміз сабалып жүргенде», – деп ащы мырс етті. Қысқасы, Темкең «колбин-камалиденов, тағы басқалардың» қиқуымен өзіміздің университеттен және төрт институттан қуылған жиыны 14 ұстаз ғалымның аты-жөндерін айтты, мен қойын дәптеріме жазып алдым.

Ойсыздардың озбырлығына қарсы мақаламды ертеңінде «Социалистік Қазақстан» бастаған республикалық газеттерге ұсынып едім, редакторлардың ешқайсысы қабылдамады. Құдды бар-ау, ол мақаланы жарияласа, дереу жераударылатындай безектеді. Ұстазға телефон шалып: «Темке, әрекетім іске аспады, өзіңіздің шәкірттеріңіз болған редакторлардың бәрі ат-тондарын ала қашты, енді амалым жоқ, бір данасы өзіңізде болсын», – дедім де, мақаламды ертеңінде апарып бердім. Көзіне ой тұнған Темкең оны шолып отырып: «Бәріміздің де жоқшымыз болған екенсің, Фабеке, саған көп-көп рахмет!.. Өзің атаған анау редакторлар... қайтсін, жандары тәтті ғой, соларға ренжімей-ақ қояйық», – деп салқын жымыды.

Екі-үш күннен кейін телефон шалған Темкең: «Ғаббас, мақалаңды Сабыржан Шүкіров газетіне шығаратын болды, қорықпады, азамат екен!» – деді, қуанышын жасырмай. Мен Сабыржанды сырттай ғана білетінмін, ақиқатты арқау еткен батыл мақалаларын оқып жүргенмін.«Сұхбат» деген газет ашып, бас редактор болғанын естігенмін. «Сенім сөніп қалмай ма?» – деп аталған мақалам расында сол газетте 1989-жылдың ақпанында жарияланды.

Қатаң талапшыл, әділ, турашыл, қағытпа сөзге шебер, қатқылдау мінезді ұстазымыз Темкең бірсөзді шәкірттерін, олардың арасынан Үмбекеңді – Үмбетбай Уайдинді, ерекше жақсы көретін, азаматтық адалдығын, әділдігін, іскерлігін бағалайтын. Үмбекең екеуімізді жолықтарған сайын:

– Е, Штепсель мен Тарапунькаға ұқсап, екеуің қайда кетіп барасыңдар? – деп шын мейірлене күлетін.

...Өткен шақта сөйлеудің ауырын-ай!.

2004-жыл



## ҚЫЗДАЙ ЖІГІТ

Бізді Төлеген Тоқбергенов таныстырған еді. Егер қателеспесем: 1968-жылғы мамырдың орта шені. Жазушылар үйінің астыңғы қабатында, дәлізде екеуіне қарсы ұшырастым. Төлегенде жанындағы жолдасынан жарты адым шамасы озыңқырап келе жататын әдет бар-ды, сонысынан жаңылмапты. Тоқтадық, сәлемдестік.

– Фабеке, сен мені «қазақтың Белинскийі» дейсің, ал қазақтың Добролюбовы кім екенін білесің бе? – деді қырылдай сөйлеп, жымыңдап. Кеңірдегінің бірдеңесі келіспегендей дауысы қарлығыңқы шығатын еді ғой.

– Оны да Сағымбеков айтар, – дедім (Сағымбеков Рамазан атты досымыз екеуімізді бір-бірімізге таныстырғанда Төлегенді «Әдебиетіміздің бүгінгі ең мықты сыншысы, қазақтың Белинскийі» деген де, мен содан бастап оны солай атайтынмын).

– Сағымбеков емес, мен айтайын: қазақтың Добролюбовы, міне, мына кісі, танысып қой, – деді, жанындағы серігіне бұрыла жымыңдай түсіп. «Добролюбовы» – сидалау бойшаң жігіт. Атжақты, қараторы. Майда бұйра қара шашты, қас-кірпігі де қап-қара. Көзі кішірек, шүңіректеу. Мұрыны жұмырлау.

– Е, жақсы, – деп аты-жөнімді айта қолымды ұсындым.

– Зейнолла Серікқалиев, – деді ол, кешірім сұрауға тиіс жанша ыңғайсыздана жымып, еңсесін сәл еңкейтіңкірей қолымды алып. Биязы жаратылысты екені бірден аңғарылды...

Содан бері де отыз бес жыл өтіпті-ау. Жиі дегенде аптасына, сирек дегенде айына бір жүздесіп жүреміз. Жазушылар одағында өткізіліп тұратын әдеби түрлі шараларға қатыспай қалмаймыз. Кейде бірнешеуіміз болып, кейде екеуіміз ғана болып әңгіме шертеміз. Зейнолла – аса білімді сыншы. Қазақтың көне ауыз әдебиетінен бастап қозғағанда, бүгінгі жанр атаулыны жіліктегенде білмейтіні жоқ екен. Қазағының ғана ма, Орта Азия, Ресей, Еуропа, Латын Америкасы халықтарының арғы-бергі әдебиетінен мысалдап мағлұмат келтіргенде, аңқиған аузыңды жию қайда!.. Маған ол жағынан ұстазша дәріс оқиды. Әу дегеннен байқағаным: Зейнолла бір тақырыпты бастап, майда қоңыр дауыспен асықпай сөйлеуге кіріскенде, оны зейін қоя тыңдап, сөзін бөлмеуің керек. Ілтипатыңды сезе қояды да, төрт аяғы тең жорға тәрізденіп, бірқалыпты ырғақ-екпінінен айнымайды. Ал егер жөнсіз тағатсыздана бірекі рет сұрақ қойсаң, «жорғасынан» жаңылып: «ол енді кәдімгі...», «ол енді жаңағы...» деуді жиілетіп, жауапты шұбалаңқы қайтарып, әңгімесін созыңқырап жібереді. Ал өзі сенің сөзіңді тыңдағанда, аузыңды үнсіз бағып, анда-санда басын изеп қойып, құдды тәртіпті шәкіртше тынып отырады. Басқаның айтқанын байыптап тыңдай білу – мәдениеттілік екенін, сөзді себепсіз бөлу – оған кереғарлық екенін санасына сіңіріп ескені бірден байқалады.

Газет-журналдарда жарияланып тұратын сын мақалаларын оқығанда айызым қанады-ақ. Әдетте «газет тілі» делініп кеткен келте қайырымды, тым салқын, әсіреакылғей сын, әлбетте, тұзы жоқ астай болады ғой, ондайды алғашқы сөйлемдерінен аңғарасың да, арғы жағын авторына «тапсырып», жылы жаба саласың. «Білімдіден шыққан сөз» (Абай) басқа: Зейнолланың жазғаны – «құлақтан кіріп, бойды алардың» (Абай) өзі. Ой мәдениеті мен тіл мәдениеті, яғни ой көркі мен тіл көркемдігі тең болғанда сын мақала емес, тартымды әңгіме оқып отырғандай-ақ бір жылы сезімге бөленемін. Иә, Зейнолланың, содан кейін Төлеген Тоқбергеновтің, Сағат Әшімбаевтың әдеби сын мақалалары ерекше мән-мағыналы.

Басқаны сынауға құмар көп, өзі сыналғанда сабыр сақтай байыптаушы аз. Осының бір мысалын да Зейнолланың басынан байқадым. Ол «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясында әдебиет бөлімін меңгеріп жүргенінде, бірде Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романына көлемді сын жазды. Мақала сын емес, сойқан бомбадай болды. Тарихи тақырыпқа сусап қалған көпшілік Ілекенді жақтап ала жөнелді. Сондай ниеттегі бір жиналыс Жазушылар одағында өткізілгені күні кешегідей есімде. Әдебиетіміз бен тарихымыздың тарланбоздары бірінші басшының бөлмесінде тоқайласып, Зейнолланы көкпар етті. Көп қырғи аңдыған торғайдың халіндегі Зейноллаға қарап-қарап қойып отырмын. Азуын білегендерге аңырғандай бір кейіппен анда-санда көз тастайды да, сосын көзін төмен салып, ақырын жымияды. Тым ащы сын естіп отырған кісі сияқты емес. «Күпінің битінше жабылдыңдар ғой?!» –



деп күйіну жоқ. Қоңыр өңі сәл қошқылданып: – Айта түсіңдер, тыңдап отырмын, – дегендей ілтипат көрсеткенге саятын бір қызық кескін-мінез.

Қайнаған қазандай бұрқ-сарқ жиналыс жабылды. Тарай бастадық. Ақсақалдар жағы, меніңше, өздері де, өзгелер де айтқан сан-сапалақ сын пікірді оңашада «сорттап» алғылары келді-ау деймін, біразы екшеліп қала берді де, жастар жағы бөлмеден тез шықтық. Әуелде Одақтың мәжіліс залында болады делінген жиналысқа келгендердің төрттен біріндейі ғана сиған бөлме ысып та мазамызды кетірген. Дәлізге шыға бере Зейнолланы қолтығынан алып:

– «Қара қасқа атты Қамбарда нең бар еді, құлыным?» – дедім, әйгілі хиссадағы сол бір сөз қалайда есіме түсе қалып. Төлеген де жеткен екен, ол ести сала әдетінше «у-уа-а-аһ» – деп қырылдай күлді. Зейнолла сылқ-сылқ күліп алып маған қарайды да, тағы сылқ-сылқ күледі...

Мөлшері бір айдан кейін мен КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесіне директорлыққа тағайындалдым. Құттықтап келіп отырған Зейноллаға:

– Жазушылар одағына мүшелікке өткім келеді, рекомендация беруге құқың бар ма? – дедім.

– Бар, Ғабе. Стажым бес жылдан асыңқырады, устав бойынша жетіп жатыр, қазір-ақ жазып берейін, екі парақ қағаз тастаңызшы, – деп үстелдің бос жағына отыра кетті.

– Асықпасаң еді? – дедім.

– Ғабе, менде, почему-то, бір ұмытшақтық не бар...

– Жас жеткен соң менде де болатын шығар, – дедім сөзін бөліп. Зейнолла маған жалт қарады да, сылқ-сылқ күліп ала жөнелді. Көзінен жас аққанша күлді...

Бір күні бөлмеме Одақтың іс жүргізушісі Рауза Камалқызы келіп:

– Ғаббас, ертең вид приемная комиссияның заседаниесі, саған Есенберлин сәлем айтты: «Серікқалиевтің рекомендациясы жарамайды, басқа біреулерден алсын», – деді, – деп түр. Одан арғы «әңгіме» осындағы «Ілекеңде» айтылды, қайталамайын.

Таныс-біліс болған отыз алты жылдың сегіз жылында бір үйде, бір подъезде құдайы көрші тұрдық. Көңіліміз жарасып, дәм-тұзымыз араласты.

Зейнолла туралы өткен шақта бір сөз де айтқым келмейді.

Қайтейін!..

Ол мәдениетті жігіт еді. Қандай қиын, шым-шытырық жағдайға тап болғанның өзінде де күйгелектенгенін, өзін жәбірлегенге қайырыла қатты сөз айтқанын, одан есе қайтаруға әрекеттенгенін көрген емеспін. «Тәйір-ай, қайтем сонымен ұстасып, не қиратар дейсің?» – деп, құдды өзі кінәлі жанша, қызарақтап күлгеніне сан мәрте куә болдым. Құрсайрауықтардың қиянат-қателіктерін ұстамдылық, кешірімділік қасиетімен жеңетін. «Жүйріктің түбін алатын берік» еді. Мол білімділігі негіздеген мәдениеттілігі мені әрқашан қызықтыратын. «Қыздай жігіт» – дейді ғой халқымыз.

Ауруханаға жатарынан бір апта бұрын үйге телефон шалып сәлемдесіп, денсаулығы мәз болмай жүргенін айтты.

– Орыстарда «текущий ремонт» деген бар... – дей беріп едім, сылқ-сылқ күліп жіберіп:

– Иә, менде де сондай ғой, көп жатпаспың, сіз де үйде қарап жатпаңыз, қарап жатпайтыныңызды білсем де әдейі айтып отырмын, – деп ақырын күліп қойды да: – Ғабе, менің «Раритет» деген баспада жұмыс жасайтынымды білесіз ғой, сіздің сықақ әңгімелеріңіздің жинағын жоспарға енгізіп, мөлшері он баспатабақ, бұрынғы бір кітабыңыздың атымен «Мысықта сақал неге жоқ?» – деп қойдым, почему-то, сол ат маған ұнайды, қарсы емессіз бе? – деді.

– Жақсылыққа ренжісем, жаман шал болды дей бер.

– Қайдағы шалдық? – деп күлді. – Алдағы жылғы мерейтойыңызға тартуымыз болсын деп жоспарладым жаңағы жинағыңызды, соны өзірлеп қойыңыз, ауруханадан шығысымен барып аламын, келістік пе?

– Ал сен әбден сауығып шық, келістік пе?

– Келістік, Ғабе!

Екеуіміз қашанда келісім тауып жүретін едік...

Қайран інімнің талбесіктен шыққанына алпыс алты жыл еді...

2004-жыл.



## ОРАШ

Ата-бабамыздың көне де көркем мекені — Алтайдың аспанында туған сөнбес жұлдыздардың бірі Ораш інім – Оралхан Бөкейұлы, еді. Ол маған Алтай күнінің елшісі, Алтай таңының жаршысы тәрізденетін. Шын мәнінде солай да! Қазағының қуатты да құнарлы тілін ту етті, жазып оқырманын, сөйлеп тыңдарманын тамсантады. Оны иісі қазақ білді!

Ораш жөнінен айтары аз емес ағаларының бірімін, жадымда жатталып-қатталып жатқан ой-түйіндерімнің оннан бірі ғана ақ қағазға түскен шығар, қалғаны кезеңін, кезегін күтіп, менің басқа да күйбең-күйбең тірлігімнің күндерін санап жатыр.

Ораш – әдебиетіміздегі әйдік тұлға болуымен ғана емес, жанымыз жақын бауырым болғанымен де маған қымбат бір бөлек әлем еді.

Менің кітапханамда Ораштың жеті жинағы қатар тұр. Бәрінде де: «Ғаба!» – деп бастаған інілік жылы сөзі – қаламының ыстық ізі бар. Алтауын мұқият оқыдым, ал орысша «Человек-оленин» шолып қана қойдым. Аударма атаулының көбінесе солғын болатынын білуші едім, Ораштың ерекше оралымды, қарымды, қуатты көркем тілінің орысшадағы сүлдесіне куә болғым келмеді. Сол кітабын ұсынған өзінен аудармаға көңілі тұшынар-тұшынбасын сұрағанымда: – Шыға берсін де! – деп, әрқашанғы әдетінше, иегімен оң жақ иығын «нұсқап» күліп қойған...

Жеті жинағына күнде көз тастаймын. Жазу үстелімнің жанында, қолсозымда. Қараған сайын елес пен ой қабаттасып, қанаттасып кете барады. Ораштың, Өр Алтайдың көңілімде бір сәтке ғана тынған, тыншыған, тұнған кескін сурет көріністері ілкі қайта жанданып, әрленіп, нәрленіп, сағыныш сезімнің мазасын алады, тербейді, толқытады. Мен оған олай болғанына, әсте ренжімеймін, құдай куә, кейімеймін, керісінше: жанымды қалайда жылытатын, бір тәтті мұңға, бір сұлу елеске кенелтетін, жаңағы мазасыздықты маужырастыққа жалғастыратын сағынышым үзілмесе екен деп шын тілеймін.

Шығыс Қазақстанның «Коммунизм туы» – деп аталған (қазіргі «Дидар») облыстық газеті редакциясының Мәдениет және тұрмыс бөлімінде қызмет істеп жүрген кезімде Ораштың ауылдан анда-санда жолдап тұратын очеркін, әңгімесін, хабар-ошарларын оқып, ең әуелі тіл құнарына қызықтым. Өзім естімеген, оқымаған сөздерді ұшырастырып, шын таңдандым. Өзімнен әлдеқайда кіші баланың соның бәрін қайдан білетінін түсінбейтінмін, кейде тіпті сене алмайтынмын, бірақ сөнбесіме қоймады, қызықтыра, тарта түсті. Орыс арасында өскен мен сияқтыларға таза қазақ ауылындағы Орашша тілге жүйрік болу тым қиын екенін ақырында түйсіндім, оның

жазғандарына қалам тигізуден тартындым. Алайда, амал не, әңгімелері, очеркі де өзіне қайтарылатын болды, біз, жастар, жақтағанмен, редактор (қазірде о дүниедегі кісінің аты-жөнін атамай-ақ қояйын) мақұлдамайды, «Ащы ішекше шұбатылған бірдеңе екен, болмайды! Подвалдан асырмай жазсын!» – дейді. «Екі нөмірге бөліп берелік?!» десек, шарт-шұрт шамданып: «Ол, немене, обкомның, облискомның қызметкері ме еді?!» – деп ажырайды. Марқұмның өлшемі «подвал» (газет бетінің төменгі жартысы) болды да, облпартком мен облаткомның қызметкерлерінен басқаның жазғандарын ол жаққа есте жолатпайды..

Бірде мен редактордың ық жағынан жақындап: Қаламы ұшқыр жас екен, өзі де елгезек сияқты, деп бипаздап сөйлеп, Орашты «редакцияға жұмысқа шақырсақ» деген жолдастарымның ниетін білдірдім..

Ол тұста редакцияда журналистикадан хабары бар қызметкер жетіспейтін еді.

Қысқасы, Ораш жұмысқа келді, бірақ үш ай ғана тұрақтады. Редакцияның жеті бөлімі бар-ды, ал соның бесеуін жаттанды сөз-сөйлемге әбден бауыр басып алған «тәжірибелілер» басқаратын (кадр жетіспейтін кезде не жетіжылдық, не орта мектептен кейін мұғалім болған, басқа да қызмет істегендер, газетке оны-мұны жазып жүріп, ақырында журналшыға зәру редакцияға шақырылып келгендер), өне, солар Ораштың жазғандарына мұрын шүйіріп: – Мынау қазақша емес, иә, қазақ бұлай жазбайды! – десіп күлетінді шығарды, редактор оларды қостап кеңкілдейтін болды. Орашты жақтайтындар азбыз, бізді кекселер тыңдамайды. «Әй, шырағым, сен бізге ақыл айтатын жасқа әлі жеткен жоқсың!» – деп кергиді.

Бір күні Ораш: «Аға, мен ауылға қайтамын!» – деді. Мен не дейін?! «Кішкене шыдасаңшы... көрейік...» – дедім. Ораш иегін иығына бұрып тастап: «Құрысын!» – деді.

Ораштың «Лениншіл жас» арқылы үлкен әдебиетке тезірек келуіне қаламдас ағасы Шерхан Мұртаза жол ашты. Оны өзі де айтып: «Менің партиям – Шер-ағаң! «Партия қайда болса, жеңіс сонда!» Только алға! – деп жымыңдаушы еді...

Біз сегіз жыл бойы (1976–1984) құдайы көрші болдық. Жамбыл көшесіндегі 165-үйдің соңғы подъезінде: 36-пәтерде – біз, 39-пәтерде – Ораштар. Екі шаңырақтың сүйініші де, күйініші де ортақ болды. Сенбі, жексенбі күндері, жылы айларда, Ораш та, мен де таңертең біріне бірі қиғаш балкондарымызға шығып күншуақтаймыз, бас шұлғысып, қол көтерісіп сәлемдесеміз. Көрші жігіттердің қайсыбірі аулада, жанама шолақ көшеде керіліп-созылып, ары-бері жүгіріп жүреді. Ораш соларды иегімен мезгеп: «Ғаба, аналардың жүз жасағылары келіп жанталасып жүргендерін қараңызшы!» – деп күлетін. Ал салқын мезгілдерде телефон шалысып, бір-біріміздің уақытымызға «құда түсетін» едік. Жылыда ол «мәселе» балконда-ақ шешіледі, әрине. Мен «құдалықты»: «Ораш, шайқалып келді ғой!» – деп бастаймын. «Ғаба, тринькаға қалайсыз?» – деп ол бастайтын. Маған картада «тринька» деген ойын барын айтқан да, үйреткен де – Ораш. Менің «шайқалып келді ғойым» – шұбат. Қаскелең ауданындағы бір совхоздан аптасына 10-15 литр шұбат алдырып тұратын едім. Асқазаным ауыратын, ал шұбат соған шипа десті. Алғаш алдырған күні Ораш пен Айманды әдейілеп шақырып, бір рахат отырыс өткіздік. Ораш: «Ағатай-ау, мынауыңыз әлгі жүгеріші көсем айтқан коммунизмнің нышаны ғой?!» – деп мәз бола отырып, сүйсініп ішті. Бірақ, ол екі кеседен артыққа бармады. «Осыны дәру деседі, солайы солай да сияқты, бірақ еркін үйрене қоймаған асқазанымды үркітіп алам ба деп қорқамын!» – деді, жымың-жымың етіп. Ал бір күні: «Ау, Айкесі! Аға-жеңгемізге аспаннан ақша жаумайды, мына аппақ балды текке іше бермей, көне, төлеп іш!» – деді ойнақы дауыспен. «Әрине!» – деп Айман халатының қалтасына қол салды. «Аймаш, тентек болма!» – дедім, Ораштың

«айдап салу» әзіліне орай әдейі өктем үнмен. Айман екі алақанымен бетін басып күліп жіберді. «Мен өзі төп-тәуір провокатормың, ә, жеңгей?» – деп Ораш Әсыйлаға қарап, шалқалап кеп күлді. «Әй, жолдас «провокатор», сен де төптек болма!» – деп ініме жорта ажырайдым. Ол: «Ағатай-ау, біздікі жай қалжың ғой, әйтпесе, текке ішкенге не жетсін?!» – деді жорта бұртиып. Бәріміз мез-мәйрәм болдық. Ондай сәнді сәттер ұмытылар ма?! Қалай сағынбассың, ай-хай, жалған дүние-ай!..

Қарындасымдай болған Аймаш та ақкөңіл, адал жаратылыс еді-ау!.. Алла-тағала бір шикі өкпеге зар етіп, айналайын-ай, арманда іштей еңіреп кете барды...

Аймаш біздің балаларды үйде болса – үйде, далада болса – далада көтеріп алып, аймалап сүйіп, кәмпит беріп, айналып-үйірілетін, кіші қызымыз Жанарға қуыршақ әкеліп жүретін, кейде үйлеріне алып кететін, бірер рет көйлек кигізіп, бантик байлап алып келгені де бар. Ол қылығына: «Аймаш, төптек болма!» дей алмадық. Еріксіз жұбанышына жүрегіміз жаншылатын. Жұбайым Әсыйла да аңқылдаған көңілшек адам еді: «Аймаш Жәкөнді орайынан иіскеп-иіскеп жылап жібереді...» – деп өзі де егілетін. Мен көз жасы құрығырды жұтып отыратынмын. Ораштың да маған бірде бар мұңын шағып, Аймаш екеуінің айырылысуға келіскендерін, «менен ең соңғы белгі осы болсын!» – деп, әдейілеп алғашқы кітабына қоштасу сөзін жазып бергенін, бірақ айырылысуға өзінің дәті шыдамағанын айтқаны бар. Мен не дейін?! «Бастарың жас, түңілмеңдер...» – дедім.

Ораштың бала сүйіп, әке қуанышына бөленіп жүргенін де көрдім. Джинси деген жарғақтан пенжақ-шалбар киген екі, үш жастағы Айханын жетектеп жолыққан сайын: «Ғаба, жерден жаңа көтеріліп келе жатқан А. О. Бөкеев жолдастың сиқына қараңыз-шы!» – деп мез болатын еді...

Шығармашылық жолында ақ жаңбыры да, қара бұршағы да болған қаламгердің бірі – Ораш екенін мен де білемін. Ораш күйінген сәттерде менің бар айтарым: «Көреалмастың көзіне көк бөрі бол, бауырым!». Қасаң тәртіпті жүйеде әділдікке иек сүйеуден арғы игілікті күту қиямет екенін, заман сені өз еркіне иіп көндіретінін, пендешілік үмітпен сүйеген иегінді жұлқа жұлып алып итке тастай салмағанына шүкіршілік етпеске лажың болмайтынын мен журналистік жолымның ең бірінші қадамында-ақ басымнан кешіргенмін. Орашқа: Ерегес те жаза бер. Шығармаңның түпнұсқасы өзіңнен басқаның қаламы тимеген қалпында архивінде жатсын. Таңдамалыңды шығарар тосқауылсыз кезеңіңе жеткенде түзеу-күзеусіз шығартатын боласың», – дегенімде ол сыңар езуінен жымиятын... Қырқынан кейін үйіне әдейілеп барып, кейінгі келінге, оның «папасымын» деген бурыл бас ағайынға Ораштың әдеби мұрасына мұқият болсақ, жаңаларын шығаруды ойластырсақ, біздің Аударма алқасына мақалалар жинағын тапсырмақшы еді, соны қарасақ деген ойларымды білдірдім, – селқос тыңдап, үнсіз шығарып салды. Жерлес ағасы, танымал қаламгер Ысқақов Қалиханға айтып едім, ол: «Жаңа келінді бұрын білмеуші едім, олармен Дидахмет пе, бір жігіттер жақын жүретін, соларды жұмсармыз», – деді де, сонымен тындық.

Пенде ғой деп, немесе марқұм болып кетті ғой деп емес, қаламының қуатына тәнті болып қамқорлық жасау бізде тым сирек ұшырастын жәйт емес пе? Ораш сол шын қамқоршыға, әсіресе, қолжазбасын кітапқа айналдыру ойын іске асыру кездерінде, жарыған жоқ-ты. Сол күйге енді әдеби мұрасы душар болды ма...

Біз – бөгдетілділер мен бөгдөдінділер теуіп бітірген тақырда туғандар – не ій болып кеттік, не басасау болып шықтық. Ій болғанымыз – біреудің жетегіндеміз, өз төтемізден әрекетіміз жоқ. Ал басасауымыз – ешқашан ешкімге илікпейміз де жағаттамаймыз, жалынбаймыз, жағынбаймыз, сол турашылдығымыздың салдарынан өзімізге тиесілі сыбағадан, сый-сияпаттан құр қаламыз, сонда да жаратылысымыздан жаңылу, өзгеру

болмайды. Мысалға өзімді алсам: зейнетке шығарға дейін қызмет бабыма орай отыз кітабымды шығартып алар мүмкіндігім болса да, жеті кітабым ғана шықты. Рас, Әзиз Несиннің екі кітабын, Остап Вишняның бір кітабын, Аурелиу Бусуйоктың (молдаван сатиригі) бір кітабын аудардым. Әдеби сын мақала жазумен де айналыстым. Бірақ, шығармашылық еңбегім талданып, бағаланып көрген жоқ, егер мерейтой ыңғайындағы ығай-сығай мақала атаулыны есепке алмасам. Айтпақшы, 60 жылдығымда «Егемен Қазақстанда» Темірбек аға Қожекеевтің «Бұл қай Ғаббас?» деген бейжанр жазбасы жарияланды, онда не бір жинағымның, не бір аудармамның, тіпті бар-ау, әкемнің де аты атаусыз қалғаны ғой! Таңданып тындым. Яғни, қазақ әдебиетінің прозасында, сатирасында, очеркінде, публицистикасында, аудармасында қандай үлесім, нендей еңбегім бары жалпақ жұртқа жинап айтып берілмеді. Мерейтойшыл Жазушылар одағы: «Жасы алпысқа толды-ау, осы одақта тапжылмай отыз жыл тер төгіп, қаламгерлік жолын қатардағы қызметкерліктен бастап, басқармамыздың екінші хатшысы болып аяқтады-ау!» демеді де. Е, мейлі, деп ойлап қоям, атақ үшін, орден үшін туған жоқпын ғой! Жазғанымды, ғұмыр жеткенше жазарымды, ертеңгі ұрпақ кәдесіне жаратса, алдын ала шүкіршілік дейін, ал жаратпаса, қайтып келіп өкпе-наз айтар жайым болмас; ондайды – өзін-өзі насихаттау тәрізді саппастықты тәңір маған әу баста бермеген, сонысына ризамын!

...Айманды арулап аттандырған Ораш екі жылдан соң төсек жаң ғыртты. Алланың алды кең ғой, едел-жедел екі перзент берді: Айхан атты ұл, Айжан атты қыз сүйді. Біз де сүйіндік. Бірақ, ойда жоқта өкініш килікті. Үндістанға сапар шеккен ақын-жазушылар тобының жолбасшысы Ораштың Делиде ұйқысынан оянбай қалғанын мәлім еткен суық хабар келіп жетті. 49 жаста еді. Мүшел жас...

Айханы төрт жасында, Айжаны үш жасында мейірімді Әкеден айырылды... Біз Аяулы Азаматтан, Ұлы Қаламгерден айырылдық...

1993-жылдың мамыры көз жасын төгіп тұрды...

Елі, халқы Оралханын жоқтады...

Мен Орашымды жоқтадым...

Аңыраған аза сөзім тасқа былайша басылды:

### ***Ақығым-ау, не деймін?!***

Туған жердің топырағы жыл-он екі ай жып-жылы болып жатады. Маған солай. Алтайыма аязды қыста барғанымда да жердің сол жылуын сезінемін. Сезініс көңілімді желтоқсан-ақпанда да көктем етеді. Ал көктем – желпініс шақырады. Мен ол желпініс сәтінде, неге екенін білмеймін, Алтайдың табиғатынан нәр алып ержеткен, тек нәсіп-дәм тартуымен небір қиырға кетіп, сонда аман-есен түгін түтетіп, өрісін кеңейтіп, халқының кәдесіне жарап жүрген аға-іні, апай-қарындастарымның атынан қарт Алтайға сағынышты сәлем жеткіземін, қиыр-қиындағы ұл-қыздарының еңбегінен егжей-тегжейлі есеп беремін.

Жақын арада, тәңір жазса, туған жерге және бір мәрте жолым түспекші. Сонда қарт Алтай:

– Қаһарман перзентім Қасым Қайсаұлының жасы жетпіс беске толды ғой, хал-ахуалы қалай? – дер.

– Құдайға шүкір. Қаскең Жамбыл атасынша жүз жасайды деген үмітіміз бар, – дермін.

Қарт Алтай:

– Басқалары ше? Бас-басына сұратпай, жылдағыңша жалғап айта бер, – дер.

Мен жасына бағынып айта бастармын. Жетпістен алпысқа түсермін. Алпыстан елуге түсермін. Елуден қырыққа түсерде... қырық тоғызда... мүдірермін...

Қарт Алтай сонда:

– Иә, неге мүдірдің? – дер.

– Оралхан... – дермің, әу баста-ақ аласұрған азалы шыдамымның шегіне жетіп, дауысымның дірілін кеудеме қамап тұрып.

Алтайың сонда:

– Е, менің қамшыгер ұлым ба? Білек күші толыспаған, қаламы төселмеген жасында Алтайынан аттанып, Алатаудың бауырына барып ат тұмсығын тіреп еді, қанаты қатаймаған бала қыран кезінде Алтайынан самғай ұшып, Алатаудың қиясына барып ұя салып еді. «Жолың болсын, балам!» дегенмін. Жолы болды. «Арманыңа жет, балам!» дегенмін. Жетті. Қазақтың көркем ойың, көркем сөзін қапысыз түсініп игерген, тіл кенінің құнарлы қатпарындай хикая, романдарын айтпағанда, әрбір әңгімесінің өзі қымбат сөздің кестесіне айналған ол Ақиығым мен ризамын! Жылда келіп, аунап қунап кетеді. Биыл қашан келер екен? – дер. Ақиығым-ау, сонда мен не деймін?!

Алтайың:

– Жаңа роман жазып жүр еді, бітірді ме? – дер.

Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың:

– Биылғы қыркүйекте жасы елуге толады ғой, қалай тойлауды ойластырдыңдар ма? – дер.

Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың:

– Айналайымның денсаулығы онша емес еді, емделіп жүр ме? – дер.

Ақиығым-ау, не деймін?!

Алтайың сонда:

– Неге үндемейсің? Не болды?! – дер.

Ақиығым-ау, не деймін?!

Туған жердің жылы топырағына түсер бір іздің шынымен кемігені ме?.. Алтайың аңырайды ғой, Ақиығым?! Не деймін енді, не деймін?!.

Ағаң **Фаббас ҚАБЫШҰЛЫ.**

(«Қазақ әдебиеті» газеті. 21. 05. 1993.)

Жұмыр басты пенде не ойламайды, есіне не түспейді, көз алдына не елестемейді. Ораш аты аталған сайың, сөремдегі кітаптарын көрген сайын оның кабинетіме еркелене шайқала басып кіргенің, жымыңдап тұрып сөйлескенің, қиық көзі жұмыла күліп, қолымды қысып қоштасқаның, ақын Нұтфолла Шәкенов жазғандай, кеудемде суреті қалғанын сезінемін. 1993 жылғы мамырдың 3-і күні сағат 12 мөлшерінде:

– Можно? – деген ол, есікті айқара ашып. Әзілдескісі келгенде әуелі орыстың осы сөзін алдына сала сөйлейтіні бар еді.

– Всегда можно! – дегенмін, көңілінің желпінісін қоштап.

– Құдай қосса, ертең Делиде отыратын болдым, Фаба-аға!

– Түркияға қашаннан бері Дели арқылы ұшатын болыпты?

– Маршрутты өзгерттім. Үндістанға баратын болдым.

– Е, неге? Түркияға бармайсыңдар ма, ол кейінге қалдырылды ма?

– Олар ертең ұшады, ал мен бүгін кешке ұшамын.

– Мұның қалай?

– «Адам айдаса – бармаң, дәм айдаса – қалман» емес пе, Фаба-аға? Маған Үндістанға жол түсті.

– Ораш-ау, онда қазір күн күйіп тұр ғой, қырық градустан асқан ыстық дейді. Қан қысымың мазалап, «көк қағазбен» бір айдай жүріп, жұмысқа шыққаның кеше ғана, қалай болар екен?

– Ештеңе етпес, Үндістан көне мәдениет елі ғой, оны бір көру арманым еді, сәті түсті, барып келейін. Түркия мына тұрған жер, оған әлі талай барармыз, ол оңай. Осы жаңалығымды айтып шыққалы келдім, Фаба-аға. Сізге не сувенир, то есть, нендей байғазы әкелейін? – деді ол күлімдеп.

– Сауынға жарайтын бір піл ала келсең, сол жетер, – дедім.

– Самолетке сыйса – бітті! – деп күлді.

– Ендеше, жолың болсын, бауырым! Армансыз аралап, рахаттанып, аман-сау орал!

– Сау болыңыз, жеңгейге сәлем айтыңыз!

Орашты соңғы рет көруім сол болды емес пе?! Түркия сапарынан айнымаса... Үндістанға бармаса... Ей, пендешілік-ай, қай-қайдағы ой қамалағанда қайсысына бодан боларымды білмей мүлгіп қаламын...

Әкем Қабыш шынқұмар аңшы болған еді. Құсбегілік әңгіме етіле қалғанда: «Алтайдың ақиығы құзжартаста жанып, шыңда сөнеді», – деп отыратын. Бала кезім ғой, мен ол «жану» мен «сөнуді» түсінбейтінмін, кейін аңдадым. Оралхан ғұмыры сол бейнелі сөздің мәнін және бір растады-ау!.. Шыңғыстай мен Дели арасын жалғаған қысқа ғұмыр!..

Әдебиетіміздің классигі Оралханның бақиға бет түзегеніне 7 жыл толған күні – 2000-жылғы мамырдың 17-сінде кітап дүкенінен «Оралхан» атты жинақты көріп, сатып алдым да, кеште оқи бастап, таң қылаңдай тәмам еттім. Құйынсезімнің құзырында болдым... Жинақты құрастырған Райхан Мәженқызына, Орашты еске түсіргендердің баршасына алғысым шексіз!..

Жинақта Нұртөре Жүсіп ініміздің Оралханды еске ала мұңлы айтқан: «Аграда сәл аялдаған тұс болды. Мәшинеге отыра бергенде Орекең ойда жоқ әңгімені қозғады: – Мен туралы ертең естелік жазасыңдар ғой, қазір «Мен бар, Мұхаң бар» – деп жазып жатыр ғой... – деп аяғын әзілге бұрып жіберді. Сол сәтте мән бергенім жоқ бұл сөзге», – деген сөйлемі жүрегімді шымыр еткізді...

Ораштың иегін көтере, көзін жұма сылқ-сылқ күлген жайдары бейнесі санамның сахнасына шыға қалды. «Фаба-аға, кейіпкеріңіздің кім екенін айтып берейін бе, бәстесесіз бе?» – деп еркелене айтқан әзілін қайталап естігендей сағынышты күй кештім. «Бәс!» – дегенмін мен. «Үш жол тринька!» – деді ол. «Жарайды!» – дедім. «Өзіміздің көрші ағамыз Нүкең!» – деді ол. Мойындадым. Нүкеңі – ақын Нұтфолла Шәкенов ағамыз. Ол кісі кім жөнінде, мәселен: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов... туралы болсын әңгіме айтқанда, әуелі өзін мәтихтап: «Анау жылы мен бар, Мұхаң бар», «Бірде мен бар, Сәбең бар» – деп бастайтын. Сол әдетін арқау етіп сықақ әңгіме жазғанмын. «Қазақ әдебиетінде» шыққан. Әрине, онда кейіпкердің ныспысы басқа, ал тақырыбы – «Мен бар, Мұхаң бар...». Ораш Делиде соны аузына алыпты...

Адами тірліктің тіні – естелік. Санаң кіргеннен дәмің таусылғанға дейін миыңа сенің еркіңсіз-ақ сіңе береді де, сен жолай керек еткен сәтте матаның суыртпағынша шыға келеді. Ірісі мен ұсағы, ыстығы мен суығы, қымбаты мен арзаны... Құдай қалағанда, маған Ораш жайындағы естеліктерім тым қымбат. Қосымша айтар бір ерекшесі – Біржан сал мен Ақан серінің... Көкшесіндегі сәттеріміз.

Жылы үйден салқын далаға шықтық. Оншақты кісіміз. Ақшам әлпеті. Ұйқыға бағынар алдында біраз серуендеу керек қой.

Орман іші. 1991 жылдың қарашасы. Көкше өңірі. Сыншы, әдебиетші Есмағамбет Ысмайыловтың туғанына 80 жыл толуын тойлап жүрген күндеріміз. Алматыдан төрт-бес жазушы, сыншы бармыз.

Той сипаты тамаша. Есағаңның аруағын құрметтеуші жерлестерінің дайындығында, қызметінде, сөз-тілегінде қапы-жаңылыс жоқ. Жаңсақ жәйт мейман өзімізде болмаса... Далаға шығуымыздың қосымша себебі сондай бір жәйттен еді.

– Ораш, менімен бірге қар кешіп қайтуға қалайсың? – дедім Оралханға дастархан жиналып, ас қайырылған сәтте. Ол бетіме барлай қарады да, сәл жымылып:

– Пионер болғанымыз бекер ме, «Всегда готов!» – деді. Ал далаға шыққан соң мені қолтықтай бере: – Аға-еке, дауысыңызда... үніңізде ұсыныс-өтініштен гөрі ұрсыңқырағанға ұқсас бір кілтипан бар сияқты ғой? – деп еркелене сөйледі.

– Осы саған ренжіп көрмеген едім, бүгін орайы келіп қалды, – деп мен де өзілге сайдыра бастап: – Жаныңа ерген серігіңе жұрттың көзінше неге ауыр сөз айттың? «Мені масқаралады, тіл тигізді, барған соң өтініш берем де, жұмыстан шығам, редакциядан кетем, Оралхан шығарып тұрғанда ол газетке енді аттап аяқ баспаймын!» – деп күйіп-пісіп шағынды маған. Не болды сендерге? Газеттен келген екеуіңнің араларыңда бір пәле жүрсе, несіне бірге шықтыңдар? – дедім.

Орманның әлі із түспеген қалың ақ ұлпа қарын тізеден кеше оңашалана бергенбіз. Оқшау салынған үйдің айналасында, жүз қадамдай жерге дейін, қол созым биіктіктегі электр желісі бойында керекұлаш есеппен орналастырылған шамдар жарқырап тұрған-ды.

– Аға-еке, сіз маған бұрын да бір ренжігенсіз, оны неге ұмытасыз? – деді Ораш сол еркеленген қалпымен.

– Қашан? – деп қалдым мен, миымның «телеграфшылары» сол әредікте-ақ есімнің архивін астаң-кестең етіп үлгірсе де, ондай ештеңе таба алмай.

– Ол бұдан он бес жыл шамасы бұрын болған. Ақ үйге кіргенде. Бір кеште есік алдында үш-төрт жігіт тұрып, үйдің салыну сапасын сөз етістік те мен: «Мына үйді, осы қазір он жігіт жиылып, бірден қатты үрлеп кеп қалсақ, оллаһи, ортасынан қақ бөлініп, жиырма пәтері оң жаққа, жиырма пәтері сол жаққа шашылып қалады! – дедім. Жігіттер ду күлді. Ал сіз: «Әй, бауырым! Білетініңді біл, білмейтініңе басыңды ауыртпа!» – деп жекідіңіз де, кетіп қалдыңыз, – деді Ораш, басын шалқыта, мәз боп күліп.

Мен ол жәйтті есіме түсіре алмадым.

– Е, ол миым ашып жүрген кез ғой. «Менің Әдеби қордағы директорлығымды алып қойды», – деп (мен тартып алғандай-ақ) маған жауығып жүрген Ахметов Әбдірәшит (жарықтық): «Қабышев қырық пәтерді өзі біліп бөліп, өзіне жаққандарды кіргізіп қойды. Оның партиялылығын қарау керек!» – деп Совет аудандық және қалалық партия комитеттеріне телефон соғып, Жазушылар одағының партком мен кәсіподағы менің тәртібімді қарап, сөгіс берді емес пе? Сөйтіп жүргенде сен кекеп-мұқасаң, ондайда шыдау қиын шығар? – дедім мен, өткендегі қиянатты есіме алып, онша көңілдене қоймай.

– Мен үйді шынында нашар салынған болар деп ойладым. Сіз оны тез салдыруын тез-ақ салдырдыңыз, қырық пәтерлі үйіңіз айналасы жарты жылда дайын болды ғой. Бір күні жұмыстан түскі үзіліске келіп, үйдің сыртқы қабырғасын көзіммен сүзіп тұрсам, дәл ортасында тігінен тік саңылау көрінді, төңді бұған тәріздендіріп ораған жалпақ қаңылтырдың жиегінен. Е, мынаның жартысы қисайыңқырап кеткен екен де, сыммен тартып орап, ақ қаңылтырмен жауып қойған екен» – деп білгіштігім



ұстап, соны ретін тауып сізге айтпаймын ба?! – деп Оралхан тағы күлді де: – Сіздің сол ренішіңізден кейін, ертеңінде ғой деймін, әлгі прораб жігіттен – Қырғызәліден ақ қаңылтыр белбеудің не екенін сұрасам, ол: «Жердің сілкініске қарсы жасалған жік, ол үлкен үйлердің бәрінде болады» – деп, жақсылап түсіндіріп берді. Білмейтін нәрсеге, тіпті білудің қажеті жоқ нәрсеге шынында басты ауыртпаған дұрыс екен. Ал сізге шағынған Сайлау да кіріспеске кірісіп, әңгіменің ажарын бұзады, сөздің сәнін кетіреді. Былайда іскер, пысық, адал жігіт, тек артығырақ ішіп қойып, қыстырылып кеп отырады. Бағана, рас, оқыс тойтарып тастадым. Ол – өзімнің жанторсығым, таңертең жарасып кетеміз. – деп күлген Ораш қолын қолтығымнан алып, былғары пальтосын сықырлата сілкінгендей қимыл жасады.

– Үйге оралайық па, тоңып кетпейсің бе? – дедім, бұрыла тоқтап.

– Тоңа қоймаспын. Алтайдың ақ көрпесін оранып, аязын жұтып өстік қой. Көкше қысының шымшығаны қайтер дейсіз, қарын кеше түсейік, мамықтай болып моп-момақан жатыр екен..

– Тоңып қалмасаң болды, тоқтышақтың терісі емес үстіңдегің.

– Аға-еке, адалын айтыңызшы, менің редакторлыққа тағайындалуыма себепші болғаныңыз рас па?

– «Себепші болды» – деп кім айтты?

– Түйсігім айтты, – деген Оралханның даусында әлдебір ширығудың шыңылтыр табы бар сияқтанды.

– Бауырым, Ораш! Сен – иісі қазаққа сол түйсігіңмен танылған жазушысың. Құдай бергенін алмасың, тіл мен ой жарысында сенімен үзеңгі қағыстырар қалам иесі сирек. Мен осыған сүйінемін. Ал соңғы он шақты жыл бойы тікелей сенің күшіңмен шығып келе жатқан «Қазақ әдебиетіне» газетші-журналистік өресі сенен төмен жандардың бірінен соң бірі редактор болып жүргеніне күйінетінмін. Сол күйінішімді Одақтың жаңа басшысы Қалдарбек Найманбаевқа айтқаным рас: «Оралхан Бөкеев орынбасар болып отыра берсін деген қаулы бар ма еді, бұл неткен жөнсіздік? Цеқаңмен сөйлес, мына редактор жоғарылайды деседі, орнына Оралханды бекіттір!» – дедім. Қалдарбек «аға-екелеп» жүрген інілерімнің бірі ғой, қатты айттым. Ал соным бірден-бір себеп болды ма, жоқ па, – оны білмеймін, хатшы маған есеп бермейді ғой, – деп сөзімнің соңын әзілге сүйедім.

– Сіздің қаныңызда да жерлесшілдіктің түйіршігі бар болғаны ма? – деді Ораш ойнақы үнмен.

– Медицина тіліне ойыстың-ау? – дедім қарымта іздеп.

– Көп ауырған адам дәрігерге айналатын тәрізді, – деп сәл күрсінді.

– Солай ма?.. Ол да мүмкін..

«Еңбекшілер» ауданы шегіндегі қалың орман ішінде орналасқан демалыс үйінің ақ сәуле құйылған аппақ ауласын қиып кету оңай еместей. Тізені көме жатқан жұп-жұмсақ мамықтай қарды кешіп жүре бергің келеді. О тұс пен бұ тұста күреңденіп көрініп тұрған әлде орындықтың, әлде балалар әткеншегінің арқалығы, әйтеуір, сол күні аспаннан толассыз төгілген ақ ұлпаның астында қалған әлдебір ағаш нәрселер көрпесін мықтап қымтанып, ұзақ ұйқыға кеткендей. Бәсекелескендей жарыса биік өскен қарағайлардың бұтақтары да ақжалданып тұр. Оралханның шығармаларындағы Алтай қысының суреттерін еске түсіреді. Оралхан суретінің бояуы, әрине, бұдан көп қанық. Жыл мерзімдерінің қайсысын сипаттаса да, көзбен көргеніңнен әлдеқайда көркем болып шығады. Адамның жан-дүниесін бейнелеп беруі де ғажап! Оралханның ой-қаламына іліккен нәңдей тірлік, нәңдей құбылыс болсын – тылсымдығынан айырылып, құпиясын ашып, бірақ оқырманын тың ойға, тың толғанысқа тартып, жаңа

арнада мың бұралады, жүрегіңе құйылады да, әрқайсысы өзіне тән келбет-кейпін табады.

Мен осындай бір ойға беріліп, жанымдағы Оралхан інімнің жазушы-суреткерлік шеберлігіне іштей мақтанышпен марқайған едім. Көз қиығымды тастасам: Ораш екі қолын жанқалтасына салып, ақ киіз айыр қалпағының үшкіл алды ағындағы ақ қайықтың тұмсығынша көтеріліп, әлдебір алысқа басын сәл қисайта асқақ қарап келеді екен.

«Тәкәппарсың-ау, бауырым! Бірақ саған тәкәппарлық жарасады! Еңсеңді биік ұстағаның жарасады!» деген көптен бергі ойымды іштей және бір қайталадым. Өзі бір құлшыныспен, құмарлықпен бейнелеген, ауызша әңгімелерінде де қызына жиі айтатын Кербұғысындай керімсал тұлғалы қаламгер Оралхан Бөкейұлымен Алтай-Алатаудың, енді, міне, Көкшенің ауасын бөлісіп жүргеніме іштей тағы да тәубә еттім. Оның жаңағы «жерлесшілдіктің түйіршігі» туралы әзіл сұрағын жауапсыз қалдырғаным есіме түсті.

– Оралхан, жерлесшілдікті әркім әрқалай ұғады ғой, – дей бергенімде:

– Иә, айта беріңіз, – деді салмақты үнмен. Сауалына жауап күтіп келе жатқан болды ма? Менің жауап ұсынарымды тосқан ба?

– Айта берсем: көп сөздің қажеті жоқ, мен – жерлесшілдіктің сырқатына шалдықпаған адаммын, ал жерлестерімнің жақсы іс-әрекеттеріне жаңалықтарына, табыстарына ашық қуана аламын, атап айтамын да. Ал реті бар, жөні бар көмек күткендеріне қолұшымды қорғанбай беремін. Шығыс Қазақстанның, Алтайдың атына кір келтірмегендерге, «кір келтірмес-ау» – деп білгендеріме жәрдемімді аяған емеспін, әлі де аямаспын. Ал туған топырағының қадірін білмейтіндермен, төңірегін ластап жүретіндермен жерлес болған емеспін, бола да қоймаспын. Басқа облыстардың үлкен-кіші жазушыларымен қарым-қатынаста да әу бастан бағдарым осындай. Әдебиетімізді сыйлағанды, қаламгер атын сыйлағанды құрметтеймін, ал керісінше қылық көрсететіндерді суқаным сүймейді...

– Білем, аға-еке, білем! – деп Оралхан қайтадан ойнақы қалыпқа көше сөзімді бөлді де: – Литфондта директор болып тұрғаныңызда өзін «тірі классікпін» – деп санайтындардың екеу-үшеуінің дертесін қайырып беріпсіз? – деп күлді.

– Иығымен үркітіп-қорқытып алуға тырысқандар аз болған жоқ, өздерімен кетсін, еске алуға тұрмайды, – дедім. Оралхан ақ қалпағының «тұмсығын» тағы да көтеріп:

– Рас айтасыз. Бұл жалғанға келген соң аз жасаймыз ба, көп жасаймыз ба, көмусіз қалмайтын таза тірлік жасағанға не жетсін! – деп бастап, мен күтпеген шешіліспен сөйлеп кетті.

Қалайда бір қатқыл, тәкәппар үнмен күрделі, көркем түйіндерді тастап-тастап жіберді. Мен түсіне алмадым. Не айтқанын емес, неге ширыққанын, соншама ширығысына не себеп болғанын түсінбей қалдым. Ал не айтқаны жадымда. Ол қаламгердің Ар тазалығын айтты. Жадымда әлі күнге жаңғырығып тұрса да, оны Оралханның тілімен беруге құдіретім жетпейді. Өзімнің тіліммен мазмұндайын.

«Қаламгер қай халықтың қанынан жаралса – сол халықтың қанымен өмір сүруі керек. Халықтың қаны – таза қан. Қаламгер таза сөйлеуге, таза жазуға тиіс. Қаламгер қаншама ұлы, даңқты болса да, ол халқынан ұлы, халқынан даңқты емес. Аспан асып кетсең де – айтарға ғана; ертең халқыңның алдына қайтып келесің; көзіңді жұматын, дөненді жуатын, ахиретке таза арулап орайтын – халқың. Жарық дүниеге таза келдің – Жарық дүниеден таза өттің. Осыны ұмытатынымыз бар. Құдай берген қаламгерлік қабілетіміз бола тұра атаққа, лауазымға, тіпті таққа да таласамыз. Әдебиет мерейін мансаптың қанжығасына байлап береміз. Жарайды: таласайық, болайық. Бірақ, болып алған соң әдебиет мерейінен бұрын жеке басымыздың қам-қаре-

кетін күйттеп кететініміз қалай? Өзінен асып тұрған дарын, талант жоқтай бұ дүниенің кемесіне өзі ғана мініп, басқаны маңына жуытпайтындар бар. Көріп жүрміз: әдебиет ауылындағы сый-сияпатты өзінің ғана несібесі деп, артылып бара жатқаны болса, оны өзінің дос-жаранына, жерлесіне, шашбаулаушысына ғана тиесілі, деп білетіндер бар. Оларға дарын, талант керек емес, оларға – құлқын-қарын, ат-атақ керек. Басқаның алтын-күмісін «күл-күйе» – дейді, өзігің «боғын боталы түйе» – дейді. «Бәйгені қазақ әдебиетінің тұлпары алсын» демейді, «аталасымның, жерлесімнің тулағы алсын» – дейді.

Міне, ар-иманды қаламгердің жолын кесетін, жігерін құм қылатын, жүйкесін жұлмайтын, күнінен бұрын қартайтатын, керек десеңіз, мынау көз қимас ғажап сұлу табиғаттың ыстық құшағынан ертерек, тіпті ерте ажырататын имансыздық – осы! Бұдан арылмайынша, құтылмайынша, дәл мына біздің ортада дара дарын, тарлан талант дәл мезгілінде, дер уақытында, көзі тірісінде таныла қоюы – екіталай немесе тым сирек. Әу дегенде олардың қай жақтаң, кімнің баласы екенін өзгеден де, өзінен де сұраймыз, көңіліміздегі немесе қойын дәптеріміздегі «өзіміздің жігіттердің» тізімінен іздейміз, оның өзіне, кітабына жол ашу-ашпау сол тізімде бар-жоғына қарай; «өзгелердің» сілесін қатырамыз, сөйтіп оларды ары жүр мен бері жүрге саламыз, сәйгүлік пен сасықтұмсықты әдейі шатастырамыз. Сөйтеміз де, кезінде көзі тірісінде құдайы сыбағасын ала алмай кеткен Төлеген мен Мұқағалиды «Асылым еді, арысым еді, аяулым еді!» – деп жерді жұдырықтап жоқтай бастаймыз. Дәл осы аярлықтан арылмайынша, бүгінгі, ертеңгі Төлегендер мен Мұқағалилар да маңдайы жарқырап жүре алмас. Мұны айтып та, жазып та келеміз, бірақ айтушылар мен жазушылар аз да, естімейтін, оқымайтын қоқи құлақ пен ақи көз көп. Ренжисің, налысың, күйінесің. Арымыздың мынау бүгін жауған, әлі қылаусыз жатқан аппақ ұлпадай тап-таза болар кезін күтесің. Ол кез қашан болады? Мен оны немере-шөберем де көре алмай ма деп қауіптенемін...».

Біздің кешкі серуенімізді, ақтығында Оралханның ой серуенін: «Ау, жігіттер, қайдасыңдар, ұйықтамаймыз ба?» – деген дауыс кідіртті. Өзі барып ұйықтай бермеген қайсысың едің, ей?!.

2009-жыл



## ЖОЛДАС КОРОТКИЙ

Жүсіп ерекше кесек бітімді жігіт еді ғой. Бойының биіктігі I метр 90 сантиметр шамасы болар, әйтеуір, менен он сантиметрдей “жоғарырақ” болатын. Екеуімізді Ғаббас Жұмабаев таныстырған. “Қазақ әдебиетінің” редакциясында. Қос Ғаббас бір бөлмеде отыратынбыз. Бір күні есік тық-тық қағылып ашылды да, сырықтай боп ұп-ұзын жігіт кірді. Жұмабаев:

– Ә, кел, кел, төрлет! – деп құрақ ұша қарсы алып, әуелі өзімен қолдасқан әлгі жігітті маған қарай жетектей күліп: – Өзіңді осындағылардың бәрі “ұзын Ғаббас” дегенге сен “менен ұзын жоқ” – деп мастанғандай сорайып жүресің, сорайғанның көкесін көр, міне, бұл жігіт – Жүсіп Қыдыров деген күшті ақын, танысып байқа, – деп, одан әрмен күлді. Мен бейтаныстың бас-аяғын шолдым да:

– Өзімнен ұзынды көргенде жыным жақындаушы еді, я пірім, – дедім. Мұрыны қолағаштай жігіт:

– Солай ма? – деп ақырын ғана ыржиды...

Мақтаңдар мені жақсылап,

Мақтанды сүймес бар ма адам?

Мақтаумен келген бақ сымақ,

Жүректі майлап жалғаған... –

деп те ыржиып қана жүрген Жүсіп менің көз алдымда сонау 1967 жылы редакцияда танысқанымыздағы қалпында елестей береді. Біреулер айтады: туыс-таныс атаулың ба, басқа ма, бұ дүниеден озған кісі ең ақырғы рет көргеніндей кейпінде қалады есінде, – дейді. Білмеймін. Әркімге әрқалай да. Мен Жүсіпті соңғы рет ауруханада көрдім. Әуелі орталықтағы республикалық бір ауруханаға, одан халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі маңындағы басқа ауруханаға көшіріліп жатқызылған. Қала құзырындағы ол аурухана тар екен. Палаталарда алты-жетіден жатқан сырқаттар. Жүсіптің сіркесі су көтермейтін аса шаршаңқы күндері. Көңілін сұрай барғанмын. “Мені не мына ауруханадан құтқар, не мына палатадан құтқар!” – деді кейіп. Бас дәрігермен сөйлестім. Өзге жаққа ауыстыру мүмкін емес. Сырқаттың сұры солай. Оңаша жатар палата және жоқ. Аурухана топтап жатқыза беруге арналған. Ары-бері аралап көріп едім – көңілім жүдей түсті. “Балкондары қалай екен?” – деп оларды да байқадым. Аула жақтағы бір балкон ыңғайлы сияқтанды. Күн найза бойы көтеріле шуақтанады екен, бірақ, бас-аяғы ашық, жел өпектеніп тұратын көрінеді (сквозняк). Күнде емес, әрине, сол маңайға жел “аяғы” жеткенде. Егер бас-аяғын тұйықтап қойса, ұзын да кең балкон жайлы болатын түрі бар. Бас дәрігерге пікірімді айтып едім, ол ойланып отырды да: “Сөйтсек дұрыс болар, күн жылы, түнде де жылы, сөйтейік!” – деп келісті. Маусым айы болатын.

– Әй, короткий батыр, сені бір ғажап палатаға ауыстыратын болды, – дедім, Жүсіпке барып.

– Солай ма?

– Солай. Ертең келем, бастықтар іздеп, пәле болып жатқан шығар. Сен тыпырламай тыныш жат! – деп әзілдедім. Ол:

– Жарайды – деп жымиды.

(“Ара-Шмель” редакциясына Бас редакторлыққа ауыстырылғаным бір ай болған, тәртіп “сақтап” жүргенмін).

Ертеңінде барсам – короткий батырым әлгі балконда бір көнелеу дәптерді оқып жатыр.

– Е, Шәмшінің “қайығында” шалжиып жатырсың ғой? – дедім күліп.

– Жатқызған өзің емессің бе? Сыртыңнан алқап жатырмын, түнде тіпті рахат болды, – дейді, баяғысынша ыржиып. Екеуіміз әңгімемен әжептәуір уақытты өткіздік. Жүсіп ауырсына сөйлесе де, біраз сыр шертті.

– Қанша батыр болсаң да енді сөзді доғар, жолдас короткий, шаршап қаласың, ертең де әңгімелесеміз, – деймін.

– Сәл отыршы, – дейді де, сыбыр мен күбір шегінде тағы созады сөзін. Тазалап көшірілмеген өлеңдері, нотасы нақтыланбаған күйлері барын айтады. Ол саусағы су-сылдаған күйші-домбырашы еді-ау!..

– Уақыт шіркін жетсе жарар еді, – дейді. Тағдыры керігіп, жылды да, айды да емес, күнді санап беруге кіріскенін қайран жүрегі сезіп жатыр ғой. Бізге де мәлім. Қолымыздан келері – құр ғана жұбату сөз.

– Уақыт жетеді, батыр, жетеді, оны ойлай берме, әлі талай жылдың төбесін оямыз! – деймін, жорта көңілдене түсіп. Кеудеме біреу түтікпен салқын сыз лепті үрлеп-үрлеп кіргізіп отырғандай күй кеше бастадым. Сездірмеуге тырысамын. Сәл-пәл үнсіз отырдық. Жүсіп ауырсына жетелді де:

– Ғаббас, менің семья жаңартқаным сен қалай қарадың? – деп маған барлай көз тастады. Мен оқыс сұрағына не дерімді білмей қалдым да, қалжындап құтылатын тақысыма басып:

– Сен алғашқы қатыныңды аларда да менен жөн-жоба сұраған жоқ болатынсың, әлде ұмытып қалдың ба? – дедім. Ол ыржиып басын шайқап, ірге жағына қолын жүгіртті де, кітап алып шығып, созылаңдай көтеріліп отырды. Қаламын алып, кітапты ашып, әлденелерді жазды да, маған қиық көзінде мұң тұна қарап:

– Ғаббас, менің жаңағы сауалыма жауапты осы кітаптан табасың, тек түсінгің келген пейілмен оқы, жарай ма? – деп кітаптан бұрын қолын ұсынып, содан соң кітапты ұсынды...

Мәшинеге отырғаннан кейін кітапқа көз салдым. Омырау қалтаға сияр ықшам көлемді сұлу кітап. Аты – “Мың бір күн”. Ішін аштым. Алғашқы ақ бетінен: “Қайырлы дос, қадірлі жолдас, талантты қаламдас Ғабекен – Ғаббасқа ыстық ықлас, зор құрметпен ұсынамын. Творчестволық бақыт, ұзақ ғұмыр тілеймін! Автор. 27 июнь 1983 ж.” – деп жазылған қолтаңбаны оқыдым.

“...Мың бір күн” – бал махаббат хикаясы”, – депті Жүсіп...

Жүкеңнің жасы 45-ке толмақ еді...

1983-жыл



## ТАПАЙ

Фәниден ерте өтті деуге де, кеш өтті деуге де аузым бармайтын, алпыстың сызығынан асып жығылса да, артында қалған ізін ажыратып білу қайсысымызға болсын қиын тиіп жүрген Талаптан Иманбаевтың өмірі әрі жұмбақ, әрі жайдақ. Жайдағынан суыртпақтайын, жұмбағына бәрібір еріксіз соғамын.

Талаптан екеуіміз ауылдас болдық, бірақ балалық шағымыз арналас болған жоқ. Әкесі Қасым тым кедей, тым момың, тым жуас болыпты. Мен ол кісіні бертінде, зейнеткер жасында көрдім: ассалаумағалейкүміңе “уағалейк...” – деп күбірлей салатын да, ары қарай ауыз ашпайтын, үлкен адам болып әңгіме бастағаның, аты-жөнімізді сұрап білгенін көрген емеспін. Еш нәрседі, ешкімді шаруасы жоқ, отыра беретін. Сонау колхоздастыру жүрген кезде кеңес өкіметін сұханы сүймеген, бірақ көнбеске айласы болмаған, оның есесіне екі ортадан пайда күреуді көздеген қулар: Совет өкіметі – кедейлердің өкіметі, билікке кедейлер ие болуы керек, сөйтсек қана саясатымыз жүреді! – деп ұрандап, ең кедей Иманбаев Қасымды колхоз бастығы етіп сайлап, “қой аузынан шөп алмас” жігіттің бармағы мен мөрін емін-еркін пайдаланып, екі жылда колхоз малын құртып тыныпты. Ол сотталып кете жаздап, әйтеуір, аудан басшыларының бірі оның жаратылысын кеш те болса танып, аяушылық жасап, аман қалыпты. Одан соң “бастық жолдас” үй шаруасынан тысқары аттамапты, әйелінің өмірінде жүріпті, ал бәйбішесі пысық еді. Талаптан Өскеменге оралып, жұғымдылығының арқасында көп ұзатпай үш бөлмелі пәтерге ие болып, ауылдағы

әке-шешесін көшіріп алып, кілең құралпас жас отаулар ақар-шақар араласа бастағанымызда көрдім ол кісіні, қала тірлігіне тез көндігіп, пәтерді тап-тұйнақтай етіп ұстады, немерелерін мұнтаздай етіп бағып-қағып жүрді.

“Балалық шағымыз арналас болған жоқ” дегенім: тірі жетімдікті тым ерте көрген Талаптанды бір ағайыны Өскеменге апарып, мектеп-интернатқа тапсырған да, Талаптан сонда оқып, сонда есейіп, одан Алматыға, сурет училищесіне жіберілген. Мектепте суретшілік қабілетімен танылған шәкіртті қамқор мұғалімдердің бірі жіберткен көрінеді. Училищеде ол Хакімжан Наурызбаевтың құзырында болып, айы оңынан туған. Білімдар, талантты ұстаз оның талабын ұштап, ағасындай жанашырлық жасап, інісіндей, баласындай еркелете тәрбиелеп, өнер ұясынан шыңдап, маман етіп ұшырған. Алматыда қалдырғысы да келген, бірақ Талаптан қала алмаған, ауылдағы ата-анасына алаңдаған, өзінен басқа асырап-сақтарлары жоқ қарттарының қолдарын жылы суға малуды ойлап, Өскеменге қайтқан. Облыстық газетке суретші болып орналасқан. Біз сонда табыстық. Мінезі ашық-жарқын, аңқылдақ. Үлкенге де, кішіге де көмектескісі келіп, құрақұшып жүргені. Әзілге шорқақ, нені болсын тура қабылдап, тулай қалуы да, сабасына түсе қалуы да – тез. Жаратылысы жұмсақ. Балажан. Барған үйдің балақайларымен шүйіркелесе кетіп, қағазға сурет салып береді немесе пластилиннен неше түрлі мүсін-қуыршақ жасай қояды.

Талаптан көбінесе Алматы, ұстаздары, әсіресе Хакімжан Наурызбаев жайында небір қызықты әңгіме айтады. Рас, әңгімеге тым шорқақ, қарадүрсіндетіп жібереді, бізге сонысының өзі құнды. Алматыны көрмегендеріміз көп, армандап, құмартып тыңдаймыз. Сурет училищесінде оқу, мүсінші болып шығу ғажап қой! “Мен – біздің облыстағы тұңғыш мүсіншімін!” – дейді Тапай (біз Тапай деп атайтынбыз). Мүсінді пластилиннен жасаушы да, оны не гипске де, тасқа да көшіруші – өзі. Таңсық өнерін сан тамашаладық. Облыстың еңбектегі атақты адамдарының, тарихи тұлғаларының, Ұлы Отан соғысында Совет Одағының Батыры атағын алған жерлестеріміздің кеуде мүсіндерін жасап жүрді, ол үшін керігіп ақы да сұрамайтын, аз берсін, көп берсін, – есептесіп көрген жоқ. Кейін төлейміз деп алдап кеткендер де болды, олармен соттасқан емес. “Өй, өздері қызық екен, өтірікші екен! Ендігері ондайларға жоламаспын!” – деп қолын сілтей салады да, тағы алданып қалып жүргені.

Талаптанның Сәбит Мұқанов, тағы басқа жазушылардың үйлерінде, Хакімжанға көмекшілікпен ғалымдардың, артистердің, суретшілердің мүсіндерін жасауда “балшықшы” болғанын әңгімелегенде, мен шынайы қызығып:

– Тапай, ей, осы айқандарыңның бәрін жазсаңшы, газетке берейік, кейін де керек болар, – дедім бірде.

– Мұның дұрыс екен, ойланайыншы, байқайыншы, – деген Тапай бірнеше әңгіме-естелігін қағазға түсіріп, маған берді, мен мұқият оқып, қайсыбір тұстарын өзімше көркемдеп түзеттім. Бірақ, ол ешқайсысын қайыра әкелмеді, газетімізге ұсынбады.

– Тапай, әңгімелерің қайда? – дедім бір күні.

– Оларды кейін көрермін, қазір кроссворд (сөзжұмбақ) жасап жүрмін, Алматының бір баспасынан жинақ шығармақшы едім, қолжазбамды өзіме қайтарып, тағы бір қарап шығуымды, толықтыруымды сұрапты, соны тездетпесем болмайды, – деді.

– Ондай да өнерің бар ма еді?! Бәрекелді! Газетке де беріп тұрайық, оқырмандарымызға керек қой! – деп қуандым.

Талаптанның атына заты сай талапты болғаны – бір ғажап. Таудай талабымен игермеген өнері аз еді. Кейін де сөзжұбақтан үш жинағы шықты (ол – бұл өнердің Қазақстандағы тұңғыш иесі). Соның ізіне құлай түскені сондайлық, уақытының көбін

соған беріп, әңгімелерін қайта шолып ұсынуға мүрсат таппады. Келіншегі Зейнеш (“Зика” дейтінбіз): – Е, кроссворд – біздің жігіттің тоқалы ғой! – деп күліп жүрді,

Өскеменде суретшілердің бөлімшесі ашылып, бұрында бет-бетімен күнкөрген суретші, мүсінші атаулы сонда табысып, көрмелерін өткізіп, жетісіп қалды. Бірақ, содан бастап Тапайға тағы бір “өнер” дарыды – ол арақ деген пәлеге жуықтады. Тым аңқылдақ адам көңілшек келеді. “Енді қайтем, аналар ұйымдастырады, мен жырылып кете алмаймын”, – дейді Талаптан, ренжіген бізге бар шынын айтып. “Ендігәрі көп ішпеймін!” – деп уәдесін де береді. Амал не, сөзінде тұруы сирек. Мен жасымыздың қарайластығын пайдаланып, оңашалап алып, қатты-қатты сөйлейтінмін. Тапай мінін мойындап, қалбалақтап көшірім сұрап: “Қойдым, бітті, оллаһи! Айтқаным – айтқан, міне, қолым!” – деп жуаси күлетін. Десе де, көңілшектігінен, жігер күшінің пәстігінен кесірді көп көрді. Онысы үшін өзінен өзге кінәлі жоқ екенін түсініп те жүрді.

Ол – бес ұл, бір қыз сүйді. Тұңғышы Талапкерден немере көрді. Талапкері Мәскеуде жоғары білім алды, Ресейде біраз жыл қызмет істеп, сонсоң Алматыға келді, аз уақытта ауызға ілініп, әжептәуір порфельді шенеунік болды. Содан бір қор құрып, ресми жиналыстарда жиі қара көрсетіп, үкімет құзырында жүрді. Алайда, бұдан төрт жыл бұрын әлгі “қордың қаржысын қалтасына басып алып, шет елдің біріне қашып кетіпті” деген хабары дүңк етті. Содан бері “қашқын” есебінде. Өз басым оның сондай теріс қылық жасағанына сенбеймін, оның тегінде өйтетін алаяқтықы жоқ! Сірә, біреулердің арандатуына жем болып кеткен шығар. Талаптан, әйтеуір, ұлының ол жаманатын естімей өтті. (1993-жылы 59 жасында).

Талаптан адам ретінде арманына жеткен болар, ұрпағы өніп-өсіп жатыр. Ал мүсінші ретінде арманына жеткен жоқ, атақты жерлестерінің: бес-алты кеудемүсіннен өзге шын мәніндегі кесек туындысы қалмады. Кезінде қаламынан шыққан әңгімелері, естеліктері қайда екені беймәлім. Өмірінің жұмбағы – сол.

1997-жыл.



## «МЕДЕУ» – деп... ТАЯҚ ЖЕДІ

1972-жылдың желтоқсаны ма, әлде 1973-жылдың қаңтары ма, әйтеуір, қыс кезі еді. Газет шаруасымен іссапардан кеше оралып, ертеңгісін жұмыс орныма келгенім сол болатын – бөлмедегі екі қызметкерге ортақ ескілеу телефонымыз «әндете» қалды. «Бұ кім, ей, таң атпай?» – деп іштей таңдана тұтқасын көтердім.

– Өзіңбісің? – дейді. Таныс та бейтаныс дауыс.

– «Өзіңбісің» екеуміз, қайсысы керек? – дедім. Кім болса да, іс-міс жоқ сұрақ қойғанын ұнатыңқырамай қалғанмын.

– Нелеуі, биіктеуі, ұзындауы керек, – деп ақырын ғана күледі. Тани қойдым, Тельман екен!

– Ә, правдист Тельман Жанұзақов жолдас, привет!

– Правда продана, известий нет!

Екеуіміз де, пәлен уақыттан бері бірлесе қолға алған істерін жаңа ғана жақсылап аяқтап шыққан кісілер сияқтанып, рахаттана күлдік.

Тельманды правдист дегенім: ол бірнеше жыл бойы СОКП-ның ғана емес, бүкіл КСРО-ның №1 газеті – «Правданың» Қазақ КСР-ындағы меншікті тілшісі болған-ды. Ал оның жауабы сол тұста сыбыр-күбірмен тарай бастаған анекдот еді.

Үлкен газеттің талабына сай үлкен мәселелерді өзі де жазып, өзгенің жазуын да ұйымдастырып жүрген оның бірде «кішкене» мәселеде «тұтылып» қалғаны бар. Алматының атақты мұзайдынының «Медеу» атын орыстілділер «Медео» – деп жазудан тиылмай жүрген. Қазақтардың қарсылығын шыбын шаққан ғұрлы көрмейтін. Соған намысты Тельман «Правданың» беделін пайдалануды деп ойлап, қазақтың «медеу» сөзінің мағынасын түсіндіріп, «Медеу» деудің дұрыс боларын дәлелдеп жазған. Көрместі көре қоятың, естіместі ести қоятын қазақ емеспіз бе, ол түзету біреулерімізге тіпті «саяси қатеге жол беру» болыпты! Олар: – «Медеу» мұзайдынының ғана аты емесін, сол сайдың иесі болған Медеу деген байдың аты, ал ол бай күні кеше ақтарға көмектесіп, большевиктерге қарсы шыққан!» – деп Мәскеуге арбалап арыз жөнелткен ғой. Тельман өз дегенінен қайтпайды. «Медеу» – орысша «опора» деген сөз, мұзайдың конькишілерімізге шын мәнінде сүйеніш, тірек болып, рекордтар жасалып жатқан жоқ па?!» – дейді. Солай жаза береді. Бізден арыз да толастамайды. Редакция білімдар, қаламы жүйрік тілшісін қаншалықты сыйлағанмен, Алматыдан арыз жеткен сайын қабақ шытатын «ЦК» деген көкесінен қалайша жасқанбасың, Тельманға: «Енді қайтеміз?» – дейді ғой. Қаңқудан қажи бастаған Тельман: «Республика Ғылым Академиясының Тіл білімі институтынан түсініктеме алайық», – деп жол табады. Жөн-ақ! «Жат жарылқамайды, өз өлтірмейді!» Институтқа редакцияның ресми хат-сауалы кетеді де, ондағылардан «Контрреволюционер байдың атын әспеттеу керек емес, оны еске түсіре бермес үшін «Медео» – деп жазған дұрыс болады» – деген «ғажап ғылыми» түсініктеме келеді. Бірде соны еске алғанымызда Тельман:

– Академиям деп сенгенім бар болсын, керауыздарға керіп берді, – деп жымыиып еді. Мығым иегі қуаттана тістенген тәрізденіп қызық жымиятын.

Тағы бірде:

– Атыңды кім қойған? – дегенімде ол:

– Да здравствует пролетарская солидарность! – деп күлген. Асыға, жарыса шыққандай тістерін жасырғысы келгендей, жартылай ашып күлетін.

Шынымды айта отырайын: адал жаратылыстыға тән ақжарқын мінезді, ашық сөзді құрдасымның жымығанын да, күлгенін де жиі көрген емеспін.

Біз алғаш рет «Жазушы» баспасында таныстық. Бүгінде марқұм әйелім Әсилә сонда корректор еді, оны-мұны шаруамен барып жүргенімде бір күні дәлізде бұйра шаш, күлімкөз сары келіншек екеуі ұшырасты. Әсилә: «Бұл сұлудың аты –Фарида. Құрдасың. Орыс әдебиеті редакциясында редактор. Өзі көңілді келіншек, танысып қой», – деп әзілдеді. «Менің күйеуім де – журналшы-жазушы. Тельман Жанұзақов», – деді, тісі ақсия күле сөйлеген Фарида. Сол әредікте оның тусыртынан келе қалған көзәйнекті жігіт: «Іздеп тұрсаңдар, міне, келдім», – деп жылы жымыды. Қол алысып таныстық. Құрдасым екенін білген соң қорғанбай: «Сен де – келіншегің күні-түні қоритын қызғаншақ қу екенсің ғой?» – дедім. Ол басын изей, қолын сілтей шегіншектеп күлді. Басқамыз да мәз болдық.

...Правдист құрдасымның республикалық қазақ-орыс тілді «Ара-Шмель» сықақ журналына Бас редактор болғанына қуанып, барып құттықтап: «Сатираның егінін бітік өсіріп, төкпей-шашпай жинап жүр!» – дегенмін. Енді мына телефон соғысына орай:

– Иә, Бас редактор жолдас, сатираның егістігіне қар тоқтатуды қалай жүргізіп жатырсыңдар? – деп қағыттым.

– Оны ойдағыдай аяқтау үшін саған құда түскелі отырмын, – дейді.

– Есігім ашық, төрге шық!

– Серьезно сөйлесейікші, сен бізге қызметке кел.



– Уа деген!

– Фельетон бөліміне меңгеруші бол.

– Бәрежелді!

– Фаба, бұл – шын сөзім. Білдей бөлімнің жағдайы оңалмай тұр, сен қолға алсаң деймін. Екеу боп, үшеу боп дегендей жиналып, тізе қосып, дұрысталып кетер едік.

Қашанда білмекке құмармыз ғой, меңгерушісінің айлықақысы қанша екенін сұрадым. Мұндағы айлығымнан жиырма сом кем болып шықты. Штатта отырып айына неше сом қаламақы табуға болатынын сұрап едім, ол жағынан да ұтыс көрінбеді.

– Жолдас Тәке, құдалығыңда қисын-қию жоқ екен ғой?

– Сен бері қара. Құдалығымның жалғасы бар, қазіргі жауапты хатшыдан жуықта, ары кетсе бір айда, құтыламың, үлкен үймен келісілді, оған басқа жақтан қызмет берді. Яғни, сен содан кейін жауапты хатшы болып шыға келесің, дұрыс па?

– Сен де бері қара, жолдас. Сенен өзге біреу бұлай құдаласса, бетін ары қарата салар едім...

– Түсіндім.

– Түсінсең, құтыларыңнан құтыл, орынын тазалап қойып, мені содан кейін бір-ақ шақыр.

– Сонда келесің ғой?

– Тек сен үшін барамын, жаухатшылыққа қызығып бармаймын.

– Ендеше келістік! – деп көңілдене күлді.

Келіскенімізден ештеңе шықпады. Жауапты хатшысы «құрыққа сырық жалғап», жоғарыдан күш алып, Тельманға бой берген жоқ. Үлкен үй оған емес, Тельманға «басқа жақтан қызмет берді». «Сатирик емесі дәлелденген» құрдасым «Қазақфильм» киностудиясына жол тартты.

Содан кейін де біздің арамыз алшақтай берді. Қызмет, тұрмыс жағдайы дегендерің құрбылықтан ұпай арттырып кетеді екен. Кездесу, телефонмен хабарласу, әзіл айтысу дегендеріміз сиреді. Соңғы бір жолы: «От алып қопаға түскеннің өзі болды, тым қиын тиіп жүр», – деген шаршаңқы үні әлі күнге құлағымда тұрғандай.

Жаны жақсының өмір жолы бұралаңдау болатыны несі екен?

Көңілі көктем күйінен айнамайтын нәзік сезім иесі, үлкен-кішіге әділ, көпшілікке жұғымды, адал қарекетті Тельманның жүрегі сыр беруді жиілетіп жүрді де, ауыр операцияға да көндірді. Жазмыштың жарлығымен бала шағынан тіршіліктің теріскейінде көп жүрген, денсаулығы тез сөтінейтін сиса мата тәрізденіп сан қиналыс көрген көнбіс жігіттің өз ажарындай көркем өмірі, өкінішімізге қарай, аз болды, алайда, ол сол өмірінің өзін рухани мәнді өткізді. Өмірге құштарланып, жігерін қайрап, шыңдала білді.

Танымы кең, талғамы таза журналшы, жазушы, аудармашы құрдасым ең болмаса елу жасын көре алмады.

*2007-жыл*



## **АСЫҚПАЙ ЖҮРГЕН ЕМЕС**

Тым ерте, небары 44 жасында бақилыққа бет түзеп, арамыздан аттанып кете барған аяулы інім Сағат Әшімбаевтың туғанына 60 жыл толуына арнап бірер сөз

айту парызым деп қолыма қалам алған сәтімде, оның кезінде Абай хақында ерекше толғанғаны, тек өзіне тән танымпаздық қуатпен құнды пікір түйгені, ол пікірі өзіне дейінгі үлкен-кіші әдебиетші-сыншылардың ешқайсысының ойына ортақтаспаған тың тұжырым екендігі есіме түсті де, ойы сергек, қаламы жүрдек жас сыншының 1988 жылы жазған «Абай тағылымы – азаматтық тағылым» атты мақаласына тағы үңілдім:

«...Абай тағылымын тұту дегеніміз – Абай тағылымынан шындап үлгі-өнеге алу, тәлім-тәрбие көру. Абай айтқан: жаныңа жара салар жамандықтардан, яғни кеселді кесапат мінездерден бойыңды да, ойыңды да көш бойы аулақ ұстау – оларға жол бермеу, жол бергенге «сенікі жөн» дегенді айтпау деп білеміз... Абай тағылымынан үйрену деген сөз – өміріңе және өзгелерге де Абайдың көзімен әділ баға беруді үйрену, барыңды да, жоғыңды да Абай таразысына салып өлшеп көру. Абай көрсеткен кемшіліктерге кеңшілік бермеу дегенді баса айтқымыз келеді. Абайдың бізге беретіні сол, біздің одан тек батпандап ала білуіміз ғана. Абай – біздің еркімізден тыс құпиясы мол құбылыс... Абайсыз өмір сүру – рухани бейшаралық пен адамдық ақыл-ой мешеулігінен, сезім жұтандығынан, айналып келгенде, осыдан тұратын жазылмас жан жарасының қасіретінен арыла алмау деген сөз. Барлық гәп осында жатыр... Бір сөзбен айтқанда, Абай тағылымы – өте ауыр тағылым. Сондықтан да оны еріксіз мойындауға тура келеді, өйткені ол бәрібір мойындатпай қоймайды».

Бұдан артық не деуге болады? «Абай тағылымы – өте ауыр тағылым» дегені бұрын естімеген құлаққа тым тосын болса да, нақты жақсы мәндегі түсінігі емес пе? Меніңше, солай.

Сағат мәнсіз сөйлеген де, жазған да емес. Қай мақаласында болсын өмір мен әдебиеттің бірлігі мүддесін көздеуден туған шындық шырайлы ойы мәнмұндалайтын. Шығармадан авторының атақ-мансап көлеңкесін іздеп көрген жоқ, өмір келбеті мен қаламгер танымын іздеді. Оның осы бір таза ұстанымын алғаш анық аңғарғаным – әдебиет сыншыларының 1974 жылы Грузияның Тбилиси қаласында өткізілген бүкілодақтық кеңесі күндерінде болған. Аптаға созылмақ кеңестің екінші күнінде Сағат жары – жазушы Шәрбәнү Бейсенова менімен жерлес болған соң (Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданындағы «Қараөзек» ауылынан) көңілі көктем кезде еркелене сөйлейтін әдетінен айнымай, маған жантайыңқырап:

– Қайынаға, мыналардың кеше бес-алтауы сөйледі, бүгін, міне, екеуі сөйлеп та-стады, жаттанды сөзден жалығып барамын, не істеу керек? – деп ақырын ғана сылқ-сылқ күлді.

– Менің де құйрығымның мазасы кетті, қазір үзілістен кейін зытайық! – дедім. Екі иығы селкілдеп булығы күлді.

Екеуіміз кезекті үзілістен кейін шынында тайып тұрдық.

– Ай, күйеубала, сыншы сен керегіңді теріп алмасаң, сыншы емес қайнағаң еш-теңе қармап қарық болатын емес. Мәскеу мен Ленинградтан келген дәйлерің де ескі өсиеттерін боратып мәз. Біз былай істейік: таңертең келгенімізді көрсетіп тіркелейік те, бірінші үзілістен соң зытып кетіп, қаланың көрікті жерлерін аралайық, дұрыс па? – дедім.

– Бұдан артық ақылдың керегі жоқ! – деп мәз болды.

Біз қаланы армансыз араладық. «Көне Тбилиси», «Жаңа Тбилиси» – деп аталатын екі бөлігін де. Тарихи, әдеби орындарда, мұражайларда болдық. Қай-қайсысында да түсінік берушім – Сағат. Көне елдің тарихына жетік екен. «Бұл кінәз пәлен ғасырдың түглен жылдарында өмір сүрген, оның мынадай бір қызық істері болған» – дейді де, мұрағатжайдың құжаттарын оқи бастаған кісіше мағлұматты ағылтады.

– Мұны қайдан білесің? – деп бірде шын таңдандым.

– Қайнаға-ау, атақты саяхатшы-тарихшы пәленбайдың кітабын оқымап па едіңіз? –деп ол да таңданды.

– Қажет еместі іздеп, оқып әуре болмаймың, – дедім, өзімше маңызды хабарлама жасап. Сағат сылқ-сылқ күлді де:

– Тарихтың қажетсізі болмайды ғой? – деді.

– Болғанда қандай!

– Қойыңызшы! – деп күле түседі. Бала көңілді күлегеш еді ғой!

Тарихтың қажетсізі болмайтынына сол күндері көзім жетті. Сыншы-әдебиетшілер қауымы мәжілістен соң республиканың тұс-тұсына бөлініп баратын болды. «Жігіттер, мен біздің делегацияны Гориге, Боржомиге баратын етіп жоспарлаттым, зәуде жол түскенде жақсылып аралап қайтайық, ә?», – деді жолбасшымыз, Ғылым академиямыздың Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры, партизан-жазушы Шәріпов Әди ағамыз. Сол сапарда танысқан жерлеріміздің де тарихынан маған «дәріс оқушы» – Сағат болды. Бізбен бірге жүрген әдебиетші-сыншы грузин жігіт Асатианимен (есімі жадымда қалмапты) Грузияның тарихы, әдебиеті туралы пікір таластырып та қояды. Асатианиға көбінесе мойындатып тынады.

Боржомиге тақала бергенімізде ғой деймін, Асатиани іркес-тіркес тау сілеміндегі биік төбе басындағы тас қорғанды нұсқап, ол пәлен ғасырда өзара жауласқан екі кінәздіктің жеңілген кінәзі бекініс еткен қорған екенін, ол кінәздің онда үш ай қоршауда тұрып атысып, жауына ақыры берілмей құтылып кеткенін айтып:

– Ол – біздің бабамыз! – деп желпініп қойды. Бабасының аты-жөнін де айтқан, бірақ есімнен шығып кетіпті.

– Олар үш ай қоршауда тұрғанда аштықтың да азабын тартқан шығар? – деді Сағат.

– Жоқ, ашыққан жоқ!

– Қалайша?

– Таудың арғы етегінде үлкен, терең көл бар, олар төбені қазып, көлге дейін жерасты жол салып, көлден балық әкеліп тұрған, ақыры өздері де сол жол арқылы шығып кеткен!

– Бабаңның ол жолын барып көрдің бе?

– Жоқ.

– Көргендер бар ма?

– Білмеймін.

– Көрмегенді көргендей айта білу де – өнер! – деп Сағат құрдасын иығынан құшақтап, шашбаулап қойды. Ал оңашада маған:

– Қайнаға, Асатианидың анау жеңіліп, қашып, тығылып жүрген кінәз бабасының қолында, құдай біледі, көздік пен қылыш қана болды, ал сонымен тоннель жасаулары «ғажап» емес пе? – деп қулана күлгені ғой.

Айтпақшы, жиналыстан жылыстап кетуді бастаған күннің ертеңінде, түстен кейін, Тбилисидің батысындағы Мтацминда тауына шықтық. Оның қала жақ бетінде, орта тұсында, пантеон (зиялылар зираты) барын естігенбіз. Соған жеткенімізде Сағат:

– Грузиндердің классик ақыны Илья Чавчавадзениң күйеу баласы, орыстың атақты ақыны Александр Грибоедовтің қабірі осында, – деп бастап, тағы біраз тарихты айтып үлгірді. Қабірдің қасында тұрғанымызда: – Ғаб-аға, кешіріңіз, анау шәкірттерге барып келе қояйын, – деп бұрыла жөнелді. Ол бет алған жаққа қарасам: бізден отыз метр шамасында әлде мұғалім, әлде жетекші келіншекті ортаға алған бір топ бала, сірә, төртінші-бесінші сынып шәкірттері болар, мектеп үлгісінде киінген,

мойындарында – пионердің қызыл галстуктері, дауыстап әлдене деседі. Мен іргелес басқа бір қабірдің құлпытасын көріп тұрғанымда Сағат қайтып оралып: – Фаб-аға, анау балалар Тбилисидің төңірегіндегі бір деревнядан келген шәкірттер екен. Жалпы бұл грузиндерде осында жерленген ақын-жазушылардың туған, қайтыс болған күндерінде келіп, олардың шығармаларынан кезектесіп үзінді оқитын дәстүр бар көрінеді, қандай керемет, а?! Шіркін-ай, атақтыларымыздың аруақтарын бұлайша құрметтеу бізде де болса ғой! Осыны ойластырайықшы! –деп ерекше құштарланып сөйледі. Таудың Сололак жотасына орнатылған «Ана-Грузия» ескерткішіне барғанымызда да: – Шіркін-ай, Алатаудың биік жоталарының біріне біз де: «Алматыға хош келдің!» – деп тұрғандай осылайша ғаламат скульптура орнатсақ қой! – деп тебіренді.

Сағаттың жаны жақсылыққа ынтық еді. Ертеңінде қаланың көрнекті жерлеріндегі Шота Руставели, Александр Грибоедов және басқалардың ескерткіштерін тамашалағанда да өміршең өнер туындыларына шынайы сүйініп жүріп: – Біздің Хакімжан Наурызбаев та ғажап шебер ғой, Абай ескерткіші қандай құдыретті, а, Фаб-аға?! Хакең Абайдың ұлылығын қалай нақыштаған десеңізші! Ал біздің Абай шын мәніндегі ұлы ақын! Ол әлемдегі атақты ақындардың ешқайсысынан пәс емес, қайта солардың көбінен ойшылдығымен артық. Кіммен болсын бәс тіге аламын, біздің Абай ешкімнен кем емес! Мәңгі-бақи жасайтын тұлға! Өлеңдерін айтсаңызшы, қанша оқысаң да жалықпайсың, оқи бергің келеді және құдіретті емей немене, оқыған сайын жаңа ой туындайды! – деп қалың жұрттың алдында ұлы ақынымыз хақында қара сөзбен жыр өргендей ерекше қызына, шабыттана сөйлегені мені де қуаттандырып, мақтаныш сезіміне бөлеп еді. Сағаттың сол пікірін бертінде қаламгер ағамыз Тахауи Ақтановтың аузынан естідім. Абайдың ақындығы жайында қалайда бір әңгімелесе қалғанымызда Тахаңның: «Мен Абайды енді-енді түсініп жүрмін. Өлеңдерін оқыған сайын бір жаңалық ашқандай боламын» – дегені ғой!

Екеуіміз Тбилисидің «Сакартвело» деген байырғы да еңселі мейманханасының бір бөлмесінде жаттық. Сағат грузин әдебиетінің кесек туындыларының жазылу тарихың, авторларының өмірбаяндарын әңгімелеп, шамымыз түн ортасынан ауғанша сөнбейді. Алғашқыда:

– Мұның бәрін қайда жүріп оқып алдың? – дегенімде әдетінше сылқ-сылқ күліп:

– Қайнаға-ау, менің кітапханамды көрдіңіз ғой? Кісі, меніңше, кітапты сән үшін емес, оқу үшін жинауға тиіс, – деген. Иә, оның үй кітапханасы бай еді, сол жылы-ақ екі мың шамалы кітабы бар-ды және, қайсы кітабын алып көрсек де, «мені оқыды» дегендей болып, арасынан қағаз қиындысы қылтиып тұрғаны.

Келесі түндердің бірінде:

– Тбилисидің негізі қаланғанына неше ғасыр болғанын, қала атының қандай мағына беретінін білесіз бе? – деді қуақылана сөйлеп.

– Білмеймін, – деп шындықты мойындадым.

– «Тбили» – «жылы» деген сөз, ал қаланың іргетасы қаланғалы он алты ғасыр болды.

– Құр қол келмейін деп, оны да оқып алған екенсің ғой?

– Бағана сатып алған көк кітапша қайда?

– Сөмкеме салып қойдым.

– Түүһ, қайнаға-ай, оны, тым болмаса, шолып шықпадыңыз ба? Мен жаңағы фактілерді содан алдым.

– Үйге барған соң оқымаймын ба, несіне асығамын?

– Асығу керек. Николай Островский: «Өмір – адамға бір-ақ рет беріледі» демеді ме?

– Әй, ол да менің күйеу балам сияқты айтқыш болған екен-ау! – дегенімде Сағат сылқылдап ұзақ күлді.

Тбилиси сапарынан кейін де Сағаттың сын мақалаларын үнемі оқып жүретін болдым. Теледидар арқылы жүрізген «Парыз бен қарыз» әңгімесі қандай еді! Ойының шалқарлығы мен сергектігі, қай мәселені болсын пайымдау, тану, бағалау қабілеті мені де қызықтыратын. Бірде «Парыз бен қарызға» қатысуға шақырды. «Сенің жаныңда бойжеткеннің қасындағы шалдай қауқарсыз болып отырғым келмейді» – деп қалжындап құтылдым. Телеәңгімесіне пікірімді сұраған жолы: «Айналайын күйеу бала, алып-қосарым жоқ, тек «өзің көбірек сөйлейсің» – десем, бұртиып қаласың ба, қайдан білейін», – дегенімде ол сүйкімді күлкісіне басып: «Мұхтар Әуезов солай дегенде Әлкей Марғұлан: – Көп білген соң көп сөйлейміз де, – депті», – деген-ді.

Қоғамның, әдебиеттің мүддесін аса қадірлейтіндіктен, орнықты деп білген ойын ашық жазатын да, тік айтып та жіберетін Сағаттың турашыл мінезі кейбір ағайындарға жақпай қалатын. «Лениншіл жас» газетінің редакциясындағы (редактор Сейдахмет Бердіқұловтың тұсында) жұмысынан сондай себептен шығарылды. Жазушылар одағы басқармасының хатшылар алқасы мүшелігінен де (хатшы Олжас Сүлейменовтің «арқасында») солайша шеттетілді. Ол жәйттерді: «Сын түзелмей – мін түзелмейдіні» біле тұра шын сынға төзе алмайтын ағаларымыз да бар», – деп қынжылғаны әлі есімде.

Енді біреулер оның сын мақаларынан жоқ астарды іздеп әуреленді. Көзі тірісінде жолына көлденең тұруға тырысқандарды былай қойғанда, атағынан аттан бұрын түйе үркетін ақын ағаларының бірі Қадір осыдан төрт-бес жыл бұрын естелігінде: «Сағаттың солақай сыны Мұқағалидың (Мақатаевтың) өлімін тездетті», – деп те жазды. Ой мен сөз «бостандығы» саудаға айналған заман-ай!

Ақиқат сынды түсіну, таза қабылдау, одан сабақ алу – кімнің де болсын адамгершілігіне сын. Азамат Сағат қастерлеген қағиданың негізі осы болатын.

Өмірінің соңғы кезеңдерінде Сағаттың санасына салмақ көп түсті. Әсіресе 1986-жылдың желтоқсанындағы Жастар көтерілісінен бастап.

Бір күні іңірде кіріп келді. Қашанда телефонмен хабарласып келетін күйеу баламызды ол қылығын қуана құптай қарсы алдық. Бірақ әдетінше ашық-жарқын емес. Төрге оздырып, хал-ахуалын сұрадым.

– Ғаб-аға, жұмыстан жаңа шықтық, оңаша сөйлесуге келдім, подло, Ғаб-аға, подло! – дейді. Өңі – сұп-сұр, дауысы – дір-дір.

– Сабыр еткөйсің, күйінбегейсің. Халқымыздың жүйкесін шабақтайтын шаққа тап болдық қой, бұдан арыда не күй кешерімізді кім біледі, қылар қайран жоқ, аяғымызды аңдап басып, артын бағамыз да, – деп өзімше жұбата сөйледім.

– Анау үлкен цэканың қаулысы бар ғой, сондағы «казахский махровый национализм» деген формулировканың «махровый» деген сөзін мына біздің цэканың идеология бөлімінің меңгерушісі Альберт Устинов қосыпты!

– Қой?! Оны кім айтты?

– Менің цэкадағы жолдастарым айтты. Қаулының тексті осындағылар дайындаған екен, ал оның алғашқы нұсқасында болмаған «махровый» деген сөз Устинов қайтадан бастыруға апарғанда болыпты, қаламмен жазып қосқан. Машинистка: «Устиновтың жазуы» – депті, таниды ғой.

– Жазу сонікі болса болар, бірақ ол өз төтесінен жаза алмас. Меніңше, ол сөзді Мәскеуден келген «көсемдердің» бірі қосты немесе біздің жағымпаз «көсеулердің» бірі айта қойды. Устинов бишара писарь болып отырған да, «қос, жаз!» деген соң

машбюроға ала жөнелген шығар. Солай, күйеубала! – дедім, Сағаттың көңілін желпігім келіп.

– Логично, қайынаға, логично, бірақ күйеубалаңыз сол Устиновқа бәрібір сенбейді, – деді Сағат. Үні сәл-пәл жеңілдеген сияқтанды.

– Жеңгеңнің қышқылданған арпа көжесі бар, екеуіміз содан бір-бір шараны тастап алайық, содан кейін әңгімеміздің арғы жағы, Оспанхан ағаң айтқандай, «мидай жазық дала» болады, – дедім. Алайда бізді көңілдендіруге көженің күші жетпеді. Сағат сәлден соң қайтадан тұнжырыңқырап, қабағын түйіңкіреп, көзәйнегі сұқсаусағымен көтеріп қойып:

– Ғаб-аға, әңгімеменің секреті бар, соны айтуға келдім... бір сұмдықтың боларын ішім сезді де, он алтысы күнгі іңірде бір сенімді қызметкерімді оңашалап алып: «Ертеңдер алаңда не болса да видеокассетаға түгел түсіріп жазып ал. Тірі жан көрмейтін, білмейтін болсын, ыңғайлы жасырын жер тауып ал да, түсір де отыр» – дедім. Ол екі күн бойғы сұмдықты түп-түгел жазып алды. Кассетаны менің сейфіме салып тастадық та, бірде түн бойы оңашада көрдік... Сұмдық, Ғаб-аға, сұмдық!.. Шерудің қашан, қалай басталғаны, кімдердің жастарды қорқытып-үркітпек болып мінберге шығып, не деп көкігендері, милиция мен әскер офицерлерінің шовинистік былапыт боқтықпен барқырап бұйрық бергендері, жазықсыз жастардың қандай қорлық-зорлық көргендері дейсіз бе... бәрі-бәрі бар... Неткен сұмдық! Неткен жауыздық! – деген Сағат тұтығып, қалшылдай бастады. Тіксініп тыңдап отырған менің де бар қаным басыма тепкен. Әйтсе де, кіршіксіз жүрегінің бұрыннан ақауы бар ініме жаным қатты ашып, иығынан құшақтай алып:

– Айналайын Сағат-жан, сабыр сақташы, қайратты едің ғой, ашуыңды алға түсірмеуші едің ғой, қамықпашы, мүжілмеші, қайратты едің ғой! – дей бердім.

Екеуіміз біраз үнсіз отырдық. Сағаттың көңіл күйі сабасына түскендей болды. Құшағымды жазып, арқасынан ақырын ғана сипап:

– Ата-бабаларымыз: «Сабыр түбі – сары алтын» демеді ме. Ғажап нақыл ғой, ә?! Күйеубала, сендер мықтап бір ерлік жасаған екенсіңдер, шынында нағыз ерлік! Ал енді сол кассетадан бірнеше көшірме жасат та, біреуін маған бер. Жалғыз дана болса, ол, өзің білесің, «жаман айтпай жақсы жоқ», тіміскі сатқындардың біреуі сезіп қалса, құрып кетеді ғой, сондықтан көп кешіктірмей көбейтіндер. Ондай құнды дүние бағаланатын күн туар, сонда керек болады. Не өзің, не жаңағы сенімді дос-жолдастарыңның бірі кейін соның негізінде кітап жазарсыңдар, хабар жасарсыңдар. Мен де қарап жатпаспын. Қалай, күйеубала, қайынағаң дұрыс айтты ма? – дедім. Сағат жымия басын изеді де:

– Оны достарымның бірінің үйіне тығып қойдық, жоғалмайды. Сіз біздің радиодағы Рабат Жәнібековті білесіз бе? – деді.

– Ал сен Тоқтарбек Қызықбаевты білесің бе? – деп жорта қағыттым.

– Ақын Тоқаң ба? Неге білмеймін, ол кісі де қайынағам емес пе? – деп көңілдене түсті.

– Ендеше мен де Рабатты білемін, сенің ағаң, ал ол–сол қайынағаңның, менің інімнің туған құдасы!

– Түуһ, қайынаға, шидей тоқылған туыс болып шықтық қой! Шығыстан келіншек алғаным мұндай жақсы болар ма?! –деп Сағат сылқ-сылқ күлді де: – Ғаб-аға, Рахаң біздің жаңағы шаруамызды біледі, егер іздегеніңізде болмай қалсам, сол ағаммен хабарласарсыз, – деді.

...Бейнетаспадан көшірме жасалар деп өне-мінемен жүргенімде уақыт шіркін зымырап, бір күні Сағатымыздан кенет айырылып қалдық... «Егер іздегеніңізде болмай

қалсамды» аузына құдай салған екен.. Іздедім... Рабатқа телефон шалып, бейнетаспа жайын сұрап едім, ол оны білгенімен, сақтауға Сағаттың дәл кімге бергенін білмейтінін айтты.

Тарихи құнды ол бейнетаспа кейін де Желтоқсан көтерілісіне арналған деректі хабарларға пайдаланылған тәрізді. Толық қалпында ма, әлде жарым-жартылап па, ол жағы маған мәлім емес.

Асылынан айырылу – кімге болсын ауыр. Сағаттың қазасы, әрине, жары мен балаларына тым қиын тиді. Дос-жолдастары да: «Не болды?» күйге ұшырады. Сондай зіл-батпанмен арада бір жыл өткенде қоластымдағы қызметкерлер Талғат Айтпайұлы мен Тойболды Зейнәбін келіп:

– Аға, Сағат Әшімбаев туралы естелік кітап шығарсақ деген ойымыз бар, – деді Талғат.

– Сағаттың жолдастары сондай тілек білдіріп жүр, – деді Тойболды.

Ол жылдары Жазушылар одағы құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясының алқасындамыз (мен төрағамын). Ұсыныс оңды, бірақ кім шығарып бере қояды?.. Өзімізде қаржы тапшы. Алайда тәуекел етіп:

– Құрастырыңдар, шығарайық. Бірақ көлемі 3-4 баспатабақтан аспас, жыл аяғы, қаптың түбі көрініп қалды ғой, – дедім.

Тоғыз автордың естелігі тоқайластырылған, менің естелігімнің тақырыбын еншілеген «Күлкіңді жүрміз сағынып» солай шықты. 1993 - жылдың қыркүйек айында.

Талантты да парасатты әдебиетші-сыншы, танымал қоғам қайраткері болған Сағатын сағынған көпшілік одан кейін де екі мәрте естеліктер жинағын шығарды, олар: Сағаттың туғанына 50 жыл толуына арналған «Жалындап өтті жас ғұмыр» («Алатау-«Ана тілі» баспасы, Алматы, 1997-жыл) және қайтыс болғанының 10 жылдығына орайластырылған «Сағат» («Елорда» баспасы, Астана, 2002 жыл).

Тағдыры тарынбағанда ерен жарқын емпілдеп күліп арамызда асығыс жүретін еді. Жайдары жазға иек артқан көктемгі мамыр айының алғашқы күнінде жасының алпысқа толуын мұрыны тершіп отырып тойлайтын еді.

2007-жыл



## ФРАНЦУЗ

1993-жылдың ақпаны болар. Сағат 11 шамасы. Алматы Шет тілдер институты басшыларының бірі, сыйлас ініміз Әділ Ахметовті өз телефоны арқылы таба алмай, ректордың қабылдау бөлмесімен хабарласып едім, қыз ба, келіншек пе, әйтеуір, дауысы шыңылдап шыққан біреу: «Ол кісі жоқ, бір ай болмайды!» – деді де, телефонын жаба салды. Нендей шаруамен іздегенімді білгісі де келген жоқ. Бір жерге баруға асығып отырды ма, әлде мінезі солай ма, – кім білсін. «Енді қайсысымен хабарласуым керек?» – деп өзіме өзім сұрақ қойып, институттың басқа телефон нөмірлері есіме түсіре алмай далырып қалған едім, сол әредікте есік ақырын ғана тық-тық қағылып, ақырын ғана ашыла бере:

– Аға, кіруге бола ма? – деген қоңыр үн естілді.

– Болады, кіре ғой!

Кең маңдайлы қиықша көз жігіт кірді де, босағада бөгеліп қалды. Жымың-жымың етеді. Қалқиыңқыраған екі құлағы: – «Кіре ғой!» дегеніңіз рас па, қате естімедік пе?» деген сияқтанды маған. Сол қызық көрініске еріксіз күліп жіберіп:

– И-и-ә-ә, інім, солай тұруға келіп пе едің? Төрлетпейсің бе? – дедім. Қоңырқай өңді, жұмыр мұрынды, қалыңшалау ерінді жігіт жымыңдаған күйі шапшаң жақындап, оң қолындағы жұқалтаң сөмкесін сол қолына ауыстырып, яғни оң қолын амандасуға әзірлеп, маған тура қарап тоқтады. Орнымнан тұрып, қолымды ұсынып, аты-жөнімді айттым да:

– Айтарың аз болса, мынау орындыққа отыр да баста, ал егер әңгімең ұзақ болса, онда анау үстел басына барайық, – дедім. Ол қабағын керіңкірей күле сөйлеп:

– Аға, менің аты-жөнім – Ғалымжан Мұқанов, француз тілінің маманы едім, – деді.

– Ә, Ғалеке, екеуіміздің сөзіміз құда түскенге бергісіз болуы мүмкін, мына ресми орыннан аулағырақ отырайық, – деп бөлменің терезелер жақ іргесіндегі ұзынша үстелге қарай жылжыдым.

– Аға, менің атымды толық атаңызшы, «Ғалеке» дегеніңіз... – деп күле ілесті. Үстел басына қарама-қарсы жайғастық. Бірден «ағалап», іш-бауырыма кіріп бара жатқан ініме мен де өзімше құрмет көрсеткім келген еді, оныма бой бергісі жоқ бейтаныс жігітке:

– Онда сені қалай атайын? – дедім. Әрине, жылы сөйлеп.

– «Ғалымжан» деңіз, сол жетеді.

– Келістік. «Француз жігіт» дейін. Енді бұйымтайыңды айта отыр...

Жазушылар одағының құзырында Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясының алқасы ашылып, іске кіріскеніне төртінші жыл еді. Әуелгі Төрағамыз Мұрат Әуезов Жоғарғы Кеңеске депутаттыққа кеткен де, оның орында қалғаныма екінші жыл болатын. Сол тұста алдымызда тұрған ең үлкен шаруа – Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай ақын шығармаларын шет елдер тіліне аудару мәселесі. Болмақ той додасына қатысып, үкіметтен біраз қаржы алғанбыз. Енді аудармашылар табуымыз керек. Тәржімешілермен (жолма-жол аударушылармен) байланысымыз бар. Ал мен түп нұсқадан тікелей әдеби аударма жасатуды ұстандым. Шет тілдер институтымыз бар, онда тілге жетік ұстаздар, құдайға шүкір, аз емес. Солардың бірі, мысалы, әрі әдебиетші, әрі аудармашы ұстаз ініміз – Әділ Ахметов. Оның ағылшын тіліне, қазекем айтатындай, «жаясынан су төгілмес жорғадай» екенін жақсы білемін. Бірақ таба алмай отырмын ғой. «Бір ай болмайды» – деді, өне. Ғалымжанға: «Енді бұйымтайыңды айта отыр» – деуін десем де, өзім алдына түсіп алып, осы аядағы мақсаттарымды айтып болып:

– Сен «француз тілінің маманы едім» деген соң, әдейі бұрын сөйлеп кеттім, біздің жұмыстан саған толық мағлұматты сұратпай-ақ беруді жөн көрдім, бұныма ренжімегін. Ал маман болсаң, бірден айт: «тәржімешісің бе, аудармашысың ба?» – дедім. Ол маған бір, үстелге қойған сөмкесіне бір қарап, жымыып, содан кейін маған көзі қиықтана күле қарады:

– Аға, мен әдеби аудармашымын. Француз тілін орыс тілінен кем білмеймін.

– Ал сенің орыс тілін қандай білетініңді мен қайдан білемін?

Ғалымжан күліп жіберіп, пенжағының түймелерін, көйлегінің де алқым түймесін ағытып, «бір еркін отырайыншыны» аңғартты. Сол әдемі қылығын қалайда қатты ұната қалып:

– Шықбермес Шығайбайдың үйіне барып, «отырайын он ай» деген Алдар ақсақалша жайлана бастадың, менің Шықберер екенімді кімнен естіп келдің? – деп



едім, ол екі алақанын сарт еткізе біресе шалқалап, біресе еңкейе сылқылдап, көзінен жас аққанша күлді.

– Е, француз! Мұнда күлуге келгеннен саумысың?! – деп дауысымды жорта салқындата тосын сауал тастап едім, ол күлкісін дереу тиып, еңсесін тіктей дұрысталып отырды:

– Аға, кешіріңіз, сіз «Алдар ақсақалша» деген соң...

– Әзілді аңғара алмайтының бар, қалайша аудармашы болып жүрсің? – деп жылы қағытып едім, Ғалымжаным қайтадан жадырап, жымындап:

– Аға, сіздің әзіл-сықақшы екеніңізді баяғыдан білемін, бірақ жаңа шыңында аңғармай қалғаным, – деді.

Екеуіміз осылайша танысып алып, іске көштік. ҚазПИ-дің филология, Шет тілдер институтының француз тілі факультетін тәмамдап шыққан. Бір өзінде екі диплом бар. Тіл маманы болмағанда ше?!

– Ғалымжан, французша біраз сөйлеші, тыңдайын! – деп ол күтпеген сәтте қолқа салдым. Маған сәл таңдана қарап алды да, сөйлеп кетті. Алты-жеті сөйлем айтты-ау деймін.

– Ал, аға, қалай екен?

– Сенің үнің жұмсақ па, әлде француз тілі жұмсақ па?

– Француз тілі жұмсақ, қоңырлатып сөйлей бересің. Бұрын естіп пе едіңіз?

– Дауысын алғаш естіген французым – сенсің.

Ол күлді.

– Француз тілінде қазақтың «қ», «ө», «ң» әріптері бар ма, әлде сен...

– Аға, ол рас, француз тілінде біздің әріптердің бәрі дерлік бар, мысалы, олар бізше: «Ги де Моппасан» немесе «Шарль де Голль» демейді, «де» – дейді, яғни «Ги де Моппасан», немесе «Шарль де Голль» – дейді. Бізге орыс тілі арқылы қате жеткен.

...Ғалымжан француз жазушыларының бірнеше әңгімесін, бір-екі хикаясын қазақ тіліне аударыпты. Парижде Альберт және Мадлен Фишлер деген ерлі-зайыпты әдебиетші-аудармашылармен пәлен жылдан бері француз тілінде хат жазысып жүр екен. Сөмкесін ашып, бірнеше хатты және қазақ әңгімелері жөніндегі мақаласы жарияланған француз газетінің қиындысын көрсетті.

– Аға, Абайдың қарасөздерін және «Масфұт», «Ескендір» дастандарын аударып берейін, ұятқа қалмайсыз, маған сеніңіз! – деді нық сөйлеп. Әңгімеміз мәреге жеткенді.

Шарт жасасып, қол алыстық.

Ғалымжан Абай туындыларын түпнұсқасынан ағылшын және неміс тілдеріне аудара алатын мамандардың аты-жөндерін, телефон нөмірлерін айтып берді. Қытай, монғол, араб тілдеріне аударатындар табылған еді, өнді халықаралық негізгі тілдердің мына үшеуіне аударар болсақ, уа, пәлі, айымыз оңынан тумай ма?!

Қажет аудармашылар табылып, менің кабинетімде аптасына бір рет кешкісін бас қосып, пікір алысып тұратын болдық. Аудармашылар: «Бізге Абайдың ақындық, ойшылдық тіл құнарынан, шығармаларындағы бөгде сөздердің мән-мағынасынан түсінік беруші маман керек сияқты», – деген соң, әйгілі абайтанушы Мекемтас Мырзахметовпен сөйлесіп едім, ол қуана келісті.

Менде алқаның жеке баспасын ашсақ деген ой пайда болған. Атын «Шабыт» – деп қойып, неше қызметкер керек, жылымызға қанша қаржы қажет дегендей есеп-қисап жасатқанмын. Онымды Одақ басшылығына мәлімдеп, олар құптап, жаңа баспамызға алдағы екі ай шамасында 1 миллион сомды аударып бермек болды, ол қаржының түсетініне нық сендірді де. Соны арқаланып, «Шабыт» баспасы айғағымен, Алқаның

жолма-жол аудармаға деген ақшасымен үш-төрт кітап шығарып та жібердік. Аударма кітаптар. Ғалымжанның аудармасы да көкек айы туа дайын болды. Сол сәтте әдеби байланыс жөнімен Қытай Халық Республикасына үш апталық іссапарға аттануыма тура келді. Шет елге барып қайтқанымыз ортақ шаруаларымыз үшін оңды болса да, үйге келгенде ыңғайсыздыққа тап болдым. Ғалымжанның аудармасы өзімізден, «Шабьттан» емес, басқа баспадан шыққалы жатыр! Ұжымдағылардан оның қалай болғанын сұрасам, Одақ басшылығы бізге бермек болған қаржыны өздерінің бір керегіне жаратып жіберіпті де, кітап үшін баспаханаға төлер ақша болмай қалыпты. Аударманың дайын екенінен хабардар үкімет жақ қолжазбаны дереу басқа баспаға бергізіпті.

– Оу, бұл қалай? Алма ағашын біз өсіріп, алмасын өзгелер жейтін болды ғой?! – деп Одақ басшыларына барсам, олар: «Енді... солай болды...» – деп күмілжиді. «Кінәліміз» демейді.

– Аға, аударуды ұйымдастырған еңбек сіздікі екенін мен кітаптың алғысөзіне алғысымды айта жаздым, қолымнан келгені сол болды, – деп Ғалымжан ғана жұбату айтты.

Кітап басылып шыққан күні Ғалымжан қолтаңба жазған данасын алып келіп:

– Аға, анау жолы айтқаным, міне, сіздің аты-жөніңіз тұр, мінеки! – деп кітап бетін саусағымен түртіп, французша сөйлемді оқып берді.

– Ғалымжан, інім! Еңбек – сенікі! Абекеңнің аруағы риза болсын, құттықтаймын! – деп шын қуана түрегеліп, қолымды ұсынып едім, ол маған оқыс аңтарыла қарап:

– Аға, шын айтасыз ба? – деді.

– Айналайын-ау, егер сәнсең, бар-жоқ шыным осы!

Ғалымжан мені құшақтай алды.

– Әй, Фалеке, мұның не? Қой, батыр-еке! Қазір біреу-міреу кіріп келсе, мына екеуі ішіп алып: – «Ты меня уважаешь?» – деп тұр екен», – деп ойлап қалады ғой?!

Ғалымжан құшағын тез жазып, сылқылдап күле бастап:

– Аға, сіз... тууһ!.. – деп қолын бір сілтеп, отыра кетті.

...Үкімет ЮНЕСКО Парижде өткізбек Абай тойына баруға тиістілердің тізімін жасады. Ғалымжанды қостырдым. «Ол тойда бірінші болып құрмет көруі заңды кісі – Абайды француз тілінде сөйлетті!» – дедім.

30. V. 1995-жыл. Сағат 2 шамасы. Парижге аттанатындар Алматының өуежайында бас қостық. Ғалымжан көрінбейді. Үкімет тарапынан шығарып салуға келген қызметкерге:

– Ғалымжан Мұқанов кешігіп жатыр ғой, ескертіліп пе еді? – дедім.

– Ол бармайтын болған.

– «Бара алмаймын» – деді ме?

– Ол ішетін көрінеді, сондықтан тізімнен сызылып қалды.

– «Ішетін көрінеді»?!. Оны кім айтты?

– Басшылар.

– Соңғы үш айда жұмысты бірге істедік, бір бөлмеде отырдық. Ол, арақ тұрғай, сыра ішіп келген емес. Тізімнен сызып тастаған кім?

– Ағасы, мен ол жағын білмеймін, сізге естігенімді ғана айттым. Мен сіздерді шығарып салуға жіберілген кісімің, бөлімнің ғана қызметкерімің, басқа оны-мұныға араласым жоқ, ештеңені білмеймін..

«Ештеңені білмеймін».

1-маусым күні «Бассано» мейманханасына келіп, бізбен танысып, Ғалымжанның келген-келмегенін сұраған Альберт пен Мадлен Фишлерге: «Ештеңені білмеймін» дей алмадым. «Ішетін көрінеді» деген өсек сөзді де қайталай алмадым. Өмірдің өтірік

айтқызар кезі болады екен: «Ғалымжан Шет тілдер институтымызда оқытушы, жұмысы басынан асып, келе алмады», – деуге мәжбүр болдым (әрине, тілмеш арқылы сөйлестік). Абай кітабының жиырма данасын арқалап барып едім, Ғалымжанның достарына соның біреуін тарту етіп, көңілдерін аулаған болдым.

Көне Парижде 10 күн болдық. Альберт Фишлер кездесу болған жерлерде Абай кітабын қолына ала сөйлеп, Ғалымжанның аудармашылық шеберлігін мақтап жүрді. Қайтарымызда маған:

– Ғалымжанға сәлем айтыңыз. Аудармасы жақсы! Абайдың қара-сөздеріне, дастандарына пікір айтқан мақалаларымды газет-журналдарға өткіздім, шыққан соң Ғалымжанға беріп жіберемін. Абайларыңыз – ғажап терең ойлы философ болған, ғажап!.. Мына кітабындағы туындыларынан үзінді жариялаймыз, содан кейін аударма сапасы жайында кейінірек ғылыми мәжіліс өткізсек деймін, Ғалымжанға алдын ала хабарлаймыз, келетін болсын, келсін! – деді.

– Мені шақырмайсыз ба? – деп әзіл тастап едім, ол:

– Шақырамыз, келіңіз, тек мына кітаптан көбірек ала келсеңіз екен! – деп қарымта қайыра риясыз күлді.

Арамыздан тым ерте аттанып кете барған Ғалымжан есіме түскен сәтте ең алдымен «ағалаған» дауысы естілгендей болады. Сол 1993-жылдан бері нешеме рет жолықтық, нешеме рет телефонмен сөйлестік, ол соның бәрінде сәлемін де, сөзін де «аға» – деп бастаудан жаңылған емес. Жасы егдені сыйлар қазақы тектілігі, мәдениеттілігі деп білдім. Қуаныш өз алдына ғой, тіпті әлденеге, әлдекімге ренжігенінде де сыпайылықтың шегінен шығып кеткенін көрген жоқпын. Ол менің алдымда ғана емес, басқа үлкен-кішімен қарым-қатнасында да сол қалыбынан аумады деп ойлаймын. Өкінішке қарай, мен білген Ғалымжанның аумалы-төкпелі тірлікте реніші біраз болды. Аудармашы еңбегі бағаланбады. Арғы-бергі әдеби сыйлықтарға ұсынылған аудармалары еленбеді. Бәрін тізбелеп айтпағанның өзінде: Абай мен Махамбеттің туындыларын, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманын» француз тіліне аударғанына қай сыйлықты берсек те лайықты, жарасымды болатын еді, бірақ, «күбірлегенді құдай естімей ме», әдеби сыйлық атаулымыз көп ретте «өзі жақсы мен көзі жақсының», яғни жолтапқыштардың жемі болып жүр.

– Аға, мынау жатақхананың бастығына Алқа атынан хат жазып берсеңіз қайтеді, мен сонда тұрушы едім, кешеден бері «шық-шықтың» астына ала бастады, – деді Ғалымжан бірде. Жатақханада тұратын себебі: әйелімен ажырасыпты. Балалары бар екен. Ол халін тәптіштеп сұрамадым. Кімнің кіммен араздасқанында, ажырасқанында кімнің кінәлі екендігінің ақиқаты соларға ғана анық қой, ал көлденең жанашырға, тіпті достарына бәрібір беймәлім болып қала береді.

Ғалымжан қажет еткен хатты жазып бердім. Содан кейін қала әкімі Заманбек Нұрқаділовке хат жазып, танымал аудармашымызға тым болмаса 1 бөлмелі пәтер беруін өтіндім. 3-4 күннен кейін Заманбек хабарласып:

– Ғабеке, Ғалымжан Мұқанов туралы жазғаныңызбен таныстым, ол қазір қайда жұмыс істейді? – деді.

– Біздің Алқада редактор, – дедім, тағы бір өтірікті өткізіп жібермеске шарам болмай.

– Солай ма?

– Саған барсын ба, жіберейін бе?

– Сол жігітіңізге қатын тастаған сайын пәтер беруге міндеттіміз бе?! – деді Заманбек, кейде тым төтелеп кететін әдетімен.

– Ай, Заманбек, бұл дүниеде бар-жоғы белгісіз талайларың қатынды да, пәтерді де сан алып, жырғап жүрген жоқ па?! Қазағыңның әдебиетін басқа жұртқа танытушы белгілі азаматқа 1 бөлмені де қимай отырсың ба?! – дедім.

– Бізде 1 бөлмелі пәтер жоқ еді.

– Онда 2 бөлмеліңді бер. Ғалымжан енді қатын алмайды дейсің бе?

Заманбек қарқылдап күлді де:

– Реті келерде хабарласамын, ренжімеңіз, – деді.

Неңдей шаруаның да реті келмейін дегенде дауа болмайды ғой, пәтер берудің ретін келтірер деп жүргенімде, көп ұзамай, Заманбек басқа қызметке ауыстырылды. Орнына отырғандар, қаншама қажасам да, ойланбады, жақсылық жасамады. Сонымен уақыт зымырап өтіп жатты. Ғалымжан жатақханаларды жағалаумен шаршап-шалдығып жүрді. Жазушылар одағының бір басшысы болып тұрғанымда жәрдемім тимеген соң, зейнетке шығып, үйде жатқан мені кім тыңдар деген оймен тынып жүргенімде бір күні соңғы рет әрекет жасауға бекіндім. Бұрында бірер кездескен, сәлемі түзу Иманғали Тасмағамбетов республикамыздың Мемлекеттік хатшысы бола қалған. Вице-премьер кезінде «Ара» журналымызды қайтадан ашу керектігі жөніндегі хатыма оң қарап, тілегімді орындаған. Сол жігітке хат жазғым келді және өзіне ғана емес, «Алматы қаласының әкімі Виктор Храпуновты қанжығасына байлап жіберейін, қалай болар екен?!» – деп, екеуіне 2003-жылы, желтоқсанның 8-і күні мына хатты жолдадым.

**Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы**  
**И. ТАСМАҒАМБЕТОВ** мырзаға,  
**Алматы қаласының Әкімі**  
**В. ХРАПУНОВ** мырзаға

Қашаң, кімнің болсын ел алдындағы еңбегін әділ бағалауды бірден-бір парызы санайтын Басшысыздар, осы ретте Сіздерге мына тілегімді жеткізгім келді: біздің әдебиетімізді шет елдердің оқырмандарына насихаттауда өнегелі болып, Абайдың Таңдамалысын, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романын, Махамбеттің Таңдамалысын түпнұсқасынан француз тіліне аударып, ол елдің, мысалы, Альберт Фишлердей білімдар сыншысынаң, басқаларынан да жоғары баға алған ақын-аудармашы Ғалымжан Мұқановымыз, міне, 15 жыл бойы үйсіз-күйсіз жүр. ҚЖО Аударма алқасының төрағасы кезімде (1993 ж.) қала басшыларына хат та жазып, телефон да шалдым, жәрдем болмады.

15 жыл бойы жатақханаларды сағалап, қолайсыз тұрмысына қарамай, аудармашылық ғажап еңбек-ерлік жасап жүрген Ғалымжанға көмектесіңіздер, тым болмаса 2 бөлмелі пәтер беріңіздер, мұндай қамқорлық жасау – Алматының Әкіміне қолынан келмейтін өте қиын іс емес шығар, тек ықыласы болсын. Ғалымжан осыдан бір ай бұрын «обширный инфаркт» алып, ақылы ауруханада ұзақ жатып шықты. Шығармашылық-аудармашылық игі жоспары мол оған қаражат, жақсы ем, жүйке тыныштығы дәл қазір өте-мөте қажет.

«Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының қызметкері, жас ақын Маралтай Ыбыраевтың да Алматыда үйсіз-күйсіз жүргеніне 12 жыл болды, ол туралы да тиісті орындарға айтып, жазып өтінгенмін. Ақын-жазушыға көмек – әдебиетті сыйлау деп білетін жан сирек.

«Көрерміз» деген бір азбас-тозбас жауап бар, талайдың түбіне жетті ғой сол?!. Әлі де жете бермек пе?!.

Аталған талантты екі Азаматқа мойын бұрғайсыздар!

**Фаббас ҚАБЫШҰЛЫ**  
08. XII. 2003 ж.

– Аға! Аға! Мен пәтер алдым! Маған пәтер берді! – деп телефон шалды Ғалымжан бір күні.

– Пәтер берген азаматтарға мың бір алғыс! Жаңа пәтерің әрқашан жақсылыққа, сенің жаңа кітаптарыңа толы болсын! – дедім.

Ғалымжанның сондағы алып ұшқан көңіл дауысы әлі құлағымда...

– Аға, бір аяқты кестіріп тындым, – деді бір күні Ғалымжан.

– Атаң қазақ: «Бір басқа бір көз де жетеді» деген, кеткен аяғың – жаныңның садақасы, саған ондай ауыртпалық енді жоламасын! – деп жұбатқан болдым.

Не дегенмен, бізде қайырымды жандар әлдеқайда көп екені анық. Сондай ілтипатты, кішіпейіл, сөзі орнықты, қолы ашық жігіттердің бірі – Сәбілиянов Нұртай атты нұрлы жүзді ініміз бар. Бүгінде республикамыздың парламентінде депутат Нұртай елімізге, халқымызға жақсы мәлім десем, ол бұрын да, қарапайым ғана бизнесші кезінде-ақ жұртқа жанашырлық жасауымен ауызға ілініп жүрген-ді. Сол інімізбен жолыға қалған бір сәтті күні:

– Нұртай, бір асыл азаматымызға сенің ақшалай көмегің қажет болып тұр, – дедім де, Ғалымжанның хал-ахуалын қысқаша айтып бердім.

– Ол жігітті білем ғой, жағдайын өзі неге айтпады екен? – дейді, сәл-пәл таңданып.

– Құдай оған сұрамшақтық «талант» бермеген.

– Жарайды, аға, хабарлассын.

Екі сөйлемейтін жомарт Нұртай жақсылап жәрдемдесіпті. Ғалымжан аса риза болғанын айтты.

Өмір шіркін пендесін кейде күнгейіне, кейде теріскейіне шығарады ғой. Сонысымен де өмір. Айы мен Күні, азаны мен ақшамы бар. Бәрін де көреміз, бірде шаттанамыз, бірде жабырқаймыз. 2006-жылдың соңғы айы мен 2007-жылдың алғашқы айы маған да біраз салмақ салды. Сол жақ аяғым бір күн бағынса, екі күн бағынбайтын «еркелік» тапты. Ғалымжанның қатты сырқаттанып жатқанын естіген жоқпын, жер бесігіне аттандырысуға бара алмадым...

2006-жыл.



## «ТҮҮҮ!.. ҚАП!..»

Жасы алпысқа толғанын ертең Жазушылар одағы бастап, Ақтөбесі-Жарқамысы және қазақ топырағындағы поэзия достары қостап, той-тамаша төрінде, сүйген жары Уәзипәнің, сүйікті балаларының, достарының, ағайын-туыстарының құшағында боларын ойлап толқып, тебіреніп, мерейтойында қошеметтеуші жұртына әрлеп айтар алғысын жаңа жыр жолдарына құйып, шат-шадыман көңілмен тәтті ұйқыға бөленген Ақын Азамат Сағидың елі, халқы тағатсыз тосқан таңында оянбай қалғаны тағдырдың албаты тарынғаны болды. Тым болмаса бір күн мұрсат беріп: “Міне, мен алпыстың асқарына шықтым!” дегізбеді-ау!.. “Ақ” деген айшықты сөзге құмар жайсаң жанды, қарапайым, қанағатты, кішіпейіл ақын “Баба жолымен” топтамасында кейіпкеріне:

...Көңілім бұлттан ары асып,  
Ойлаған жоқ ем, батырым,  
Бесік пен көрдің арасы  
Есік пен төрдей жақынын... –

дегізіп еді, дүние жалған-ай, өзінің де тал бесігі мен жер бесігінің арасы шалғай болмады-ау! Тәңір артық-кемсіз 60 жыл ғана берді, құлпытасына: 15.05.1934 – 15.05.1994 деп жаздырды...

...Сағи бір күні, егер ұмытпасам, 1993-жылдың жазы шығар, маған келіп (Аударма алқасына):

– Фаба, армяннің мына әйгілі дастанын қазақшалап едім, міне, кітап боп қолыма тиді, “Давид Сасунский”, бір данасын өзіңе сыйлауға әкелдім, – деп жымия қолдасып сәлемдесіп, үстелдің шетіне отыра қалды да, қойын қалтасынан қаламын алды.

– Кітапты бере тұршы! – деп қол создым. Аңыра қарап, кітапты берді. Қатты мұқабалы, қағазы аппақ. Әдемі шығыпты. “Ованес Туманян. Давид Сасунский”.

– Ой, Сәке-ай, “Сасунскийің” не? Орыстар “ский” – деді екен деп, сен де “ский” дей салыпсың ғой? Армяндар “Сасунц” деген болар? – дедім.

– Түүһ, әттеген-ай! Түүһ! Ойыма келмегенін қарашы! – деп қаламын үстелге тастай салды. – Қап, қап!.. Әрине, армяндар “скийді” қоспайды! – дейді, өзіне-өзі қатты ренжіген өкінішті үнмен басын шайқап.

– Жарайды, өткенге өкінбе, бұл қатені түзетудің жолы бар! – дедім.

– Қайдағы жол?! Қап, қалай ғана байқамадым екен?! – дейді Сағи, өкініш шоғын үрлей түсіп.

– Жол болғанда қандай! – дедім де, ресми хат жазуға кірістім. Армян республикасының Жазушылар одағына хат жолдау, атақты дастандарын қазақшалаған еңбегі үшін қазақ ақыны Сағи Жиенбаевқа деп Мемлекеттік сыйлықтарын беруді сұрау ойыма келе қалған. Өзбектердің Әлішер Науаи туындыларын тәржімелеген бір орыс ақынға Мемлекеттік сыйлық бергені есімде.

Сағи еңсесін ұмсынып:

– Қайда, не жазып отырсың? – деді, сәл аңтарылып.

– Сағи Жиенбаевты жер-көкке сиғызбай мақтап-мақтап, армян ағайындардың буын-буынын босатамын, андағы аудармаңа Мемлекеттік сыйлықтарын бермей көрсін! – деп әзіл тастап едім, Сағи:

– Қой, ұят болады, қой, Фаба, жазба, сұрама! – деді, шындап шыр-пыр болып.

– Сәке, сен саспа. Бермесе, мен тонсыз қаламын, сен апшыма, – дедім.

– Түүһ! Сен қызық екенсің ғой! – деп орнынан тұрып кетті.

Хатты жазып, Алқаның да, Жазушылар одағының да бланкілеріне екеу етіп мәшіңкелетіп, бір-бір данасын және Сағи әкелген кітапты қосып, іс қағаздарымызды реттеуші қызды шақырып алдым да, поштаға апарып тапсыруға беріп жібердім.

– Ыңғайсыз болды ғой, а? Бекер әкелген екенмін! – дейді Сағи абыржығанын жасыра алмай.

– Маған басқа данасын сыйлауды ұмытпағайсың!

– Ә, әкеп беремін, әкелемін, сыйлаймын!

...Армян ағайындарға кейініректе екі мәрте хат жазып, тілегімізді тиянақтатуды қуадым, ал ол жақтан ешқандай жауап жеткен жоқ. КСРО ыдырап, одақтас болып келген республикалардың бәріне “аспаннан шұға жауып...” жаппай тәуелсізденіп жатқан тұс еді ғой, сірә, оларда да біздегіше күтпеген қуаныштың шегі болмай, бұрынғы берекеден ырым қалмай, өзара тақ бөліс, үстел бөліс, шөміш бөліс жүргізіліп, ырың-жырың етек алып, ішкі есеп бытысып, сыртқы жұрт бөтенге баланып жатқан соң қайтсін, “Қазақстан қай жақта? Қазақтар қайдан шықты? Давид Сасунцта не шаруалары бар?!” – деді ме екен?

Сағи болса, Армениядан не хабар дегендей сауалды көлденеңдеткен жоқ. Өзінің еңбегіне өліп-тіріліп баға іздеу, сыйлық сұрау, өзіне атақ тілеу сияқты иттірліктен ада

бейқам қалпын сақтап, өлең-жырын жазып, “қаламнан қол босағанда” преферансын ойнап, жүз грамын ішіп, жымыып жүре берді. Жасы да, ақындығы да өзімен шамаластардың кейбіреулері Қазақстанда берілуге тиіске қоса берілуі неғайбыл сый-сияпатты түгендеп түтігіп жүретін әдет тапса, Сағи оларға елікпеді, елендемеді, қызықпады. Пенде ғой, сырттай сыр бермегенімен бәрін де ойлап, іштей мүжілді ме, кім білсін. Қаншама араласып жүргенімізде, әйтеуір, атақ-шатақ жайында ауыз ашқанын көрген емен. Өзіне қажеттіні жоғарғы жақтағыларға айтқызғысы келсе, ол жақта: ағайыны да, туысы да, жерлесі де, руласы да жеткілікті еді, тек ондайға әуестігі болмағаның, ал басқаға қолынан келер жәрдемін жасауға дайын тұрғанын жақсы білемін. Мәселен, менің үлкен ұлым Елтай орта мектепті тәмамдар жылы: – Ұшқыш болғым келеді, Ригадағы әскери ұшқыштар училищесіне барсам қайтеді? – дегенде Сағи елп етіп: “Өй, Ғаба, Риганы қайтесіңдер?! Біздің Ақтөбеде сондай училище бар емес пе?! Мына ұлды екеуіміз сонда алып барамыз да түсіреміз, сол да сөз бе екен?!” – десін. Айтты – бітті, келістік. Бірақ, Елтай кәмелеттік аттестат алған соң айнып, бір жолдасымен бірге Халық шаруашылығы институтына ойысты. Соны естігенде Сағидың: “Түүһ, балалығын-ай! Ұшқыш болып шыққанда ғой, қандай ғажап, керемет болатын еді, ә?! Қап, Елтай-ай!” – деп қатты өкінген қымбат кескіні әлі де көз алдымда. Жаның жәннәтта болсын, Сәке!

...Жалаңаш қырдың шаңдағы бұрқап,  
 Үстінен ызың жел есіп,  
 Жас топырақпен жан-жағын қымтап,  
 Жатты бір қоңыр төбешік...

(Сағидың “Жапанда жалғыз ағаш...” жырынан).

1994-жыл



## ЖАНЫП ШЫҒЫП, ЖАНЫП ТҮСТІ

Айқұлақ партиямыздың құдайсыз құдалығынан кейін 1983-жылғы мамырдың 17-сі күні «Ара-Шмель» журналының дізгін-шылбырын қолға алдым. Не қазақ редакциясында, не орыс редакциясында танымал әзіл-сықақшылардан, фельетоншылардан ешкім жоқ екен. Бірер ай шамасында Қажытай Илиясов, Тоқтархан Шәріпжанов, Көпен Әмірбековтей азулыларды шақырып алдым. Орыс редакциясына Владислав Карака, Станислав Малоземов келді. Бірде шақыратын енді кімдер бар дескенімізде Көпен:

– Арқалықта Марат Нұрқалиев деген жігіт бар, сондағы театрда көркем өнерпаздар ансамблінің жетекшісі, “бір сырлы, сегіз қырлының” нақ өзі! – деп тамсана қалып, ол жігіттің қандай өнері барын тізіп жөнелді. Көпеннің айтуынша, Марат – әзіл-сықақты, өлең-әңгімені, мысалды қазақ тілінде де, орыс тілінде де қатырып жазады, домбырашы, гитарашы, әнші, темір ұстасы, ағаш ұстасы, суретші, айтыскер ақын да!

– Оу, бізге керегі сатирасы ғой, сол жағын дұрыстап айтшы! – деймін.

– Ойбай, Ғабеке, егер Марат келсе... ойба-а-ай, ол дегеніңіз – кесетіні де, тесетіні де бар бәкі сияқты әмбебап жігіт, сатирасын айтамын, Алдар көсе атасының да аузын аңқитып кетер еді! – деген Көпен өзі де тамсана түсіп, бізді де тамсандыра бастады.

Қолын ойнатып, басын шайқап, төндірді-ақ. – Фабеке, айырылып қалмаңыз! – деп те қойды.

– Ендеше, әйда, тарт! Шақыр! – дедім де, оны сол күннің ертеңінде-ақ командировкаға жөнелттім.

Апта өте Көпен мен Марат қол ұстасып жетті. Марат маған бірден ұнады, ықшам да сұлу сақал мұртты. Қарлығыңқы үнмен жарасымды күле сөйлейді. Қыр бояуымен әрленген аққұба өңі жылы леп таратып тұратындай. Газет-журналдарда жарияланған әңгіме-өлеңдерін ала келіпті, салған карикатуралары да бар. Оқыдым, көрдім. Бәрі де жақсы!

– Мұндағы бір қиындық пәтер жағы болар, Марат, дәл қашан пәтер алып берімізді айта алмаймың, Орталық комитет арқылы қимылдармыз, ал оған дейін қалай болар екен, – дедім.

– Аға, бәрі бірден бола қоймасын түсініп келдім ғой, пәтер жалдап, Қасым Аманжолов айтқандай: “Өлеңнің отын жағып жылытармың, өзімді, әйелімді, жас баламды,” – деп күлді. Арқалықта бір бөлмелі пәтері бар екен, шешесі, келіншегі, екі баласына – бесеуіне баспана сол болған, ал ол пәтер бір құпиялау кәсіпорынның меншігі екен де, оны басқа қаладағы пәтерге айырбастауға рұхсат жоқ екен. Амал не, Алматыдағы баспана әңгімесін жата-жастана қозғауға келісіп, Маратты қызметке алдым.

“Талант” деген сөз – көне гректердікі екен. Әу баста салмақ өлшемінде қолданылыпты, алтынның, күмістің, басқа да аса бағалы заттардың белгілі бір салмағын көрсетіпті. Көне Грекиямен қарым-қатынаста болған елдерге де тарап, әрқилы өлшемге телініпті. Ал гректердің өздерінде 26,2 килограмм күміс – 1 талант. Бүтін емес, бөлшекті цифрдың бұлайша өлшенуі маған беймәлім, тіпті, қажеттігі жоқ та. Мен бұл “талант” сөзін Маратқа пендешілікпен ойша өлшем етіп, ішімнен: “Айналайын Марат, тұрған бойың – тұтас алтын-ау!” – дедім. Қазақтың: “Талапты ерге – нұр жауар” деген нақылы Мараттай бірегей қазаққа арнап айтылған шығар деп ойладым.

Орта ғана бойына қазақтың ойы мен қырын, орман-тауы мен өзен-көлін көркейтуге артығымен жетер өнер сиған Маратпен небары екі жарым жыл шамасы қызметтес болғанымға әлі күнге дейін сенемін де, сенбеймін де. Шүкіршілік етемін де, өкінемін де. Қаламының жүйріктігі мен қарым-қайраты бәрімізді тәнті еткен Марат – ресми жиналысымыздың да, отбасы жиын-тойымыздың да сәні еді. Журналдың сол жылдардағы әрбір санында қолтаңбасы сайрап жатыр, шығарған қабырға газеттерімізде құдіретті бейнесі қағытпа өлең, қимылдап кетердей карикатура болып тұр.

Оспанхан Әубәкіровтің күлкі кернеген бет-ауызын әзіл-сурет етіп, інілік назбен:

Мәз болдық: әңгіме, әзіл, жырыңызға,

Езу тарттық, түсіндік “Ымыңызға.”

Дәметіп сатиралық бір романды,

Ығыр болдық, тиіп тұр “жынымызға”!

– деп қалжың жазғаны бар. “Ымыңызғасы” – Осекеннің “Ымды білесіз бе?” деген кітабын айтқаны. Оспанханға телефон соғып:

– Осеке, Марат ініңнің арнауын тыңда! – деп оқып бергенімде, Оспанхан рахаттана күліп.

– Құртты, ей, құртты анауың! Бірақ, есінде болсын, мен роман жазамын деп уәде бере алмаймың, Чехов та роман жаза алмай итәуре болған, білесің ғой, а? – деген-ді, құдды мен Чеховтың “итәуре” күйін көріп қасында болғандай. Сонысын өзіне қайыра айтқанда Осекен:



– Сен де құрттың! Ей, андағы жерге бөрің штаттарыңда жоқтарды құрту үшін жиналғансыңдар ғой! – деп бар пейілімен күлді-ау.

Мараттың Садықбек Адамбеков ағасына:

“Атылған қыз...” атылды.

(Ондайға қаламың батыл-ды).

Енді қашан оқимыз,

Сәке, тағы атыңды?!

– деп әзілдегені бар. Сәкеңнің “Атылған қыз туралы аңыз” романын орыс тіліне аударған Марат сықаққа шебер ағаның соңғы жылдары ештеңе жазбай жүргеніне солайша “өкпелеген” еді. Марат үлкен-кіші қаламдастарының жазғандарын жіті қадағалап, оқып, пікірін ашық білдіріп жүретін.

Марат журналдың қай қырынан болсын жақсы шығуына көп күш жұмсады.

Оқырмандардың хат-дабылдары ізімен жазған, командировкада болғандарында көріп-білгендерін тұжырған фельетондары оқиғасымен де, тіл отымен де аса тартымды болды, оған қоса – ешқашан қапы кеткен жоқ. “Марат атты дегенше, бәлемдер қатты дегейсің!” – деп қалжыңдайтын құрдастары. Журнал бетінде, басқа басылымдарда шыққан дүниелеріне сүйінгендегі лебіздері ғой.

1986-жылы “Жалын” баспасынан шыққан, “Темір телпек” – деп аталған, қалыңдығы дөкет пышақтың қырындай ғана жинағын маған сыйлап отырып, Марат:

– Аға, әзірше, міне, осындай ғана болды, қос бүктелген қолорамалдың қалыңдығындай, – деп әзілдеді. Көкейіндегі мол қуанышының ыстық лебін сезіндім. Тырнақалды жинағым шыққанда менің де көңілім көкке самғаған!

– Айналайын Марат-ау, ертеңгі қалың томдарың осыдан басталады емес пе? Бәрекемді, құтты қадамың апарар жолың ұзақ болсын! – деп шын қуандым. Анау-мынау әңгімемен біраз уақытты оңаша өткіздік. Кітабының шыққанына қуанғаныммен қатар, ішімде өкінішім де бар-ды. Пәтер мәселесін Орталық комитет арқылы қозғап, қала басшысына апарып тірегенімнен “жақында шешемізден” өзге ештеңе өнбей жүргені өзегімді өртеулі еді.

Мараттың сырқаттау екенін аңғарып, біздегі алғашқы еңбек демалысына сұранғанында: “Министрлер кеңесінің құзырындағы “Алатау” санаторийіне жолдама алып берейің, қаралып, емделіп, дем алып шықшы!” – деп тілек білдіргенім бар. Қолымнан әзірше келетіні сол еді. Марат оны-мұны бір тығыз жұмыстары барын айтып, ыңғай бермеген. Екінші жылы да кезекті демалысы жақын екенін есіме түсіріп, санаторийге баруын тағы тіледім. Ол рахмет айтып, бірақ тағы беттемеді, тірліктің нанымды бір себептерін сылтау етті. Содан орнынан тұра беріп: – Менің атам да, әкем де отыз үш жаста кете барыпты, – деп ақырын ғана күлді. Мен қатты тіксіне қалдым да, тек сыр бермес үшін:

– Ол кісілер сен сияқты “азуы алты қарыс” сатирик болған жоқ қой! Сен әзіл-сықақтың ақсақалы болып, әлі талай той тойлайсың! – дедім.

– Әумиің, айтқаныңыз келсін, аға! – деді Марат.

...Қайтейің, айтқаным келмеді. Сансыз өнерінің бір қыры сазгершілік болған, бес-алты өн шығарған Марат “Арман дәурен” – деп арада бір жыл өткізіп, 1987-жылы, отыз үш жасында жарық дүниемен қоштасты. О баста сырқат жүрегі 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасы күндерінде де, одан кейінгі айларда да жалын оранып, жанына жай таптырмай жүріп еді. Қылар қайранымыз жоқ, бір-бірімізді жұбатып, іштен тынатынбыз. Мараттың ішқұсасы ұзаққа шыдатпады, өртке ұласты... Не шара?!.

Мынау уақытша мекенімізден фәниге қаламдастарымның: өзімнен жасы үлкені көшсе – қалың ойға еріксіз шомамын, ол не тындырды, мен не тындырдым, оның

жасына дейін не тындырып үлгіруім керек деймін; өзіммен жасы шамаласы көшсе – Баукеңнің, Бауыржан аға Момышұлының, қарулас-қаламдасы Мәлік Ғабдуллин қазасында: “Да, начали бить по нашим квадратам!..” деген азалы-күрсінесті сөзі есіме түсіп, жан-жағыма қараймын, “снарядтің” қайда, қалай түсіп жатқанын бажайлағым келеді, менің де төбеме “топ еткенде” орнымда не қаларын ойлаймын, мен де пенде емеспін бе, орнымда белгім болуын қалаймын; өзімнен жасы кішісі көшсе – жандүниемді от-жалын шарпиды. “Жазмыш-ай, әлі жауқазын еді ғой, қатыгез болғаның қалай?!” – деп налимын. Інілерімнің еңсесін еркін ұстар-ұстамаста жығылғаны, гүлі ашылар-ашылмаста сабағы сынғаны, шоғы маздар-маздамаста сөнгені қамықтырады, жүрегіме жара салады, сол жараның бірі – Мараттың қазасы болды.

Өзі сезіп айтқандай-ақ, атасы, әкесінше 33 қыршын жасында көз жұмғаны обал, тым обал!..

Марат ақын Қадыр Мырзалиевке «Ақ Жайық» әнінің әуенімен «Балалар жырын» жазғанда былай деп еді:

Өмірде қызық жоқ деп балаға тең,  
 Жыр жазды біздерге арнап алабөтен.  
 Көп болды, аға жаққа алаңдаймыз,  
 Тағы да тақпақ жазып қала ма екен?  
 Жырларды жаңа  
 Күтеді бала.  
 Біз сізді сағындық қой,  
 Ақын аға!..

Жүз жасайтын жөні бар Марат Інім туралы естелік жаздым-ау!.. Халқының әдебиетіне, әзіл-сықағына, өнеріне қосар мол үлесі қазып алынбаған асыл кендей тұмшаланып қала берді... Жарқын жүзін, «ағалаған» қоңыр дауысын сағынып жүрмін...

1994-жыл.



## ӘКРИ

Аурухананың төсегінде дөңбекшіп жату қиын-ақ... Дос-жолдастардың онда «аунап-қунап» жатқанын естіп, көңілін сұрай барсаң: бірі кейіп, «білмеймін, бір пәле жабысты» – деп жабыға қарсы алады. Жұбатып бағасың, оны-мұны әзіл-анекдот айтып, «ертең-ақ сауығып шығасың, қара да тұр!» – дейсің; екіншісі күлімсіреп: «міне, аман-есен ауырып жатырмын» – деп калжындайды, ауруханада емес, демалыс үйінде жүргендей жайдары қалып танытады, өткен-кеткеннен бір қызық жәйттерді айтқыштап, сұрағыштап, «аурухана, сырқат» деген сөздерді өзіне жолатқысы келмейді, ондайда сен де оны шашбаулап, ығын сағалап, райын бағып, оны көңілдендіре түсіп, өзің де жеңіл қайтасың.

Менің құрдасым, сырласым Кеңесхан Зәкенов – осы соңғы топтағы қазақ еді. Біріміз ауруханаға түсе қалсақ, екіншіміз дереу жетіп, құдды далада жүргендей даурыға қалжындасатынбыз. Көлденең көз ағайындар ештеңені түсінбей, таңырқасып қалатын. Менің көңіл сұрауым: «Әй, додабас, өтірік ауырғанды қашан қоясыңнан» басталса, ол: «Әй, ұзын, жұмыстан қашып жатырсың, ә, әкри?» – дей келетін. Мен 1964-жылы Өскеменнің қалалық ауруханасында Құрманғалиұлы Фазыл деген «қасапшының»

пышағына ілініп, оң жақ өкпемді беріп құтылдым. Фазылдың хирург атын «өшіріп», «қасапшы» – деп отырғаныма оның да менімен түйдей құрдастығы «кінәлі». Ақжарқын Фазылмен бұрыннан біліс едім де, мединститутты бітіріп келісімен «қасапшы» атын сыйлағанмын. Ол қазірде Семей мединститутында профессор, ғылым докторы. Бәйбішесі Долоррес екеуі біраз немере сүйіп, ата-апа болып жүр. Тұңғыштарының дүниеге келуіне менің де «қатысым» бар: екеуі біздің үйде қонақ болып отырғанда Долоррес толғата қалып, мен «Жедел жәрдем» мәшінін шақырып бергенмін. Фазыл екеуіміз оның тұңғышың, әрине, сол сәтте-ақ сырттай «шомылдырғанбыз».

Фазыл екеуіміз бүгінде кездесе қалғанда мен: «Әй, қасапшы!» – деп қарсы алсам, ол: «Қартаймайсың, ә?» – деп күле бассалады.

Сол Фазылдың операциясынан кейінгі екінші күні палатама кулана жымыңдап жеткен Кеңесхан: «Әй, ұзын таныстықпен өтірік операция жасатып, әкри, өтірік инвалидтікпен ақша алмақсың, ә?» – дегенде, палаталас Рақыш деген жігіттің оқыс «айыптаудан» шошып, көзі алақандай болғаны бар. Ал Кеңесхан Алматы ауруханасында операция жасатқанында мен барып: «Әй, додабас, екі асқазаның бар еді, көтере алмауға айналған соң біреуін алдырып тындың ба?» – дегенімде көңілін сұрай барған бір жолдасының маған бажырайып қарап қалғаны ғой!.. Ол операция Кеңесханды сауықтыра алмады, жылға жетер шамада, жаңа дәрі алып барған менің көз алдымда, ауруханада тынысы тоқтады!..

Зәкенұлы Кеңесхан алғыр журналшы, байсалды жазушы еді. «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясында ширек ғасыр озық өнегелі қызметкер болды. Құрметтілігі қазасынан да көрінді: редакция жерлеуден жылын беруге дейінгі барлық науқанын ұйымшылдықпен өткерді, қырқына арнап газеттің қосымшасын шығарды, ал ондай ілтифат жасалған қазаны мен көрген емеспін, демек, Кеңесханның аяулы Азамат болғаны, ұжымының оны ардақтай білгені!

Үлкенге іні, кішіге аға боп қалбалақап жүретін Кеңесхан бала жаратылысты еді. Кімге болсын қолынан келер жақсылықты жасауға асығып жүретіндей көрінетін маған. Қулық сауғанды, арамдық аулағанды білмейтін. Ал біреудің, кім болса да, мейлі, адамгершілікке кереғар қылт еткен қылығын аңғарса, бала мінезі батыр мінезге айналып, сол жерде дүниенің астын үстіне шығарып, ақ-қараны айырып тынатын.

Танымды, талғамды, ғибратты қаламгердің табиғи жібек мінезі туындыларынан анық аңғарылады. Әсіресе «Жанартау», «Сезім сәулелері» жинақтарындағы әңгімелері адами нәзік, сұлу сезім суреттеріне толы.

Кеңкілдеп күліп жүретін Кеңесханның кейде оқыс қимыл жасайтыны қызық еді. Бірде Зайсан жаққа, ауылына барыпты. Құйтақандайларынан бірге өскен, орта мектепті бірге бітірген досының үйінде бірер күн қонақ болып, сонсоң аңға шықпақты жоспарласа керек. Досы шаруашылық басшыларының бірі екен, әуежайда қарсы алып, үйіне апарған. Әңгіме ағытып, шәй ішіп, екеуі есік алдына шыққан. Досы тұрып: «Кеңесхан! Кеңесхан!» – деп айғай салады. Ақ ит арсалаңдап жетіп келіпті. «Мұның да аты — Кеңесхан!» – дейді досы қарқылдап күліп. Кеңесхан: «Әкеңнің етін жегір сволочь екенсің!» – деп досына алара қарап, үйге кіріп кетеді. Аңшылықтарына әзірлеп қойған мылтықтың біреуін алып, патронды салып қайта шығып, байғұс итті атып тастайды. Досы екеуі ол үшін оншама бет жыртыспағанмен, аң аулаулары сонымен тәмамдалыпты. Ол оқиғаны естіген күні Кеңесханға телефон шалып:

– Әй, додабас, ат-көлігің аман келдің бе? Ит терісінен ішік киіпсің, қайырлы... – дей бергенімде ол:

– Әй, ұзын! Сен сияқты дорақтар ол жақта да көп, әкри! – деп қарқылдап күлді.

– Әй, обал қайда? – десем ол:

– Немене обал? Итіне қоса ол сволоштың өзін атып кетуім керек еді, әкри! – деп күлді.

Асыл жары Гауһардан, киіктің асығындай үш перзенті: Гүлжан, Жанар, Әлиядан ыстық құшағы ажырап, бізбен әдемі әзіл-қалжыңын ерте аяқтап, есіл Кеңкеміз 1993-жылдың шілдесінде, 58 жасында, бұ дүниеден көшті...

1995-жыл



## ЖАНЫ ЖАСТАЙ АУЫРДЫ

«Аға, Мәукенұлы Нұрлан ініңіз... дүниеден өтті!» – деді шылдырлаған телефон тұтқасын көтергенімде әлдекім. Жаны шырқыраған адамның дауысы. Шыңылдап па, дірілдеп пе естілді. «Аға» дегені – танитындығы, ал мен тани алмадым. «Қашан?! Не болды?!» – дедім. «Кімсің?» деу ойыма келмеді. «Түнде... жүрегі тоқтап қалды...» – деді де тынды. Қазаны естіртуден қиын не бар еді... халін түсіңдім. Ойпырым-ай, қалың ой үшін жаралғандай болып, көзінде әлде сыр тұнып, әлде мұң тұнып жүретін Нұрлан-ай, әлі жас едің ғой, ақтұма ақын інім-ау?!.. Нешеде едің?.. Жарық дүниенің қырық үшінші ғана жазына аяқ баспап па едің?..

«Құрметтейтін ағам Ғабәңе інілік ізетпен» – деп жазып сыйлаған «Бойтұмар» атты өлеңдер жинағын анда-санда алып, шырайлы шымыр өлеңдерін қайталап оқып жүретінмін. Оқыған сайын сүйінетінмін. Зайсан өңірінде өнген бір қоңырқай гүлдің ашыла, өңдене, нұрлана өсіп келе жатқанына қуанатынмын. Сабырлы мінез, сырбаз жыр иесі інімнің күні ертең елі құрметтер айтулы ақын болуын іштей тілейтінмін де, боларына сенетінмін... Оқыс хабар тілегімді, сенімімді, өзімді де қаңыратып кетті. Қимас інімнің қымбат өлең жолдары ойыма ілгерілі-кейінді орала берді:

Табаным жерге тиген күн –  
Тәй-тәй басуды үйрендім.  
Маңдайым тасқа тиген күн –  
Байқай басуды үйрендім...

Тағдырға не жаздым...  
Асық ойнап аздым...  
Ойнар кезде көппің,  
Ойлар кезде азбын...

Сонау бір жылы бөлмеме қызша қысыла кіріп, қоңыр көзі жәудіреп танысып еді. «Аға, мен «Жас қазақ» газетінің редакциясында істейтін Нұрлан деген ініңізбін» , – деп сәл жымыған. Түсі игі екен, түсінісе танысқанбыз. Содан кейін шүйіркелесіп жүрдік. Өз төтесінен жуи бермейді, кеңсеміз бір үйде болған соң кейде күнара, кейде аптаара кездесіп қалғанымызда, әлбетте, уақытым кеңіректе: – Жүр, «Жас қазақ», әңгімелесейік! – деймін. Жымыып ілеседі. Немесе: «Аға, ертең...» – деп те жымыяды. Бірде өзі келіп сәлем беріп: «Аға, қазіргі жастарымыздың мінез-қылығы жайында мақала жазып беріңіз, жоспарлап қойып едік», – деді. Сенімін серпіп тастамадым. Жаздым. Ол мақала газет оқырмандарының пікір алысуларына себепші болды. Нұрлан қуанып келіп, рахмет айтты. Газеттің міндет-маңызы туралы ой өрбіттік. Соңында: «Аға, Оралхан ініңіздің адами тұлғасы хақында жазып беріңізші, Орекеңді жақсы білесіз ғой!» – деп өтінді. Арамызда Оралхан Бөкеев бар бес-алтауымыздың

Көкшетаудан оралғанымызға екі-үш күн ғана болған. Себеб шіркін кейде кенеттен табыла қалады ғой, «Көкшедегі бір күн» деген жолжазбам солай туды.

Нұрланның мен білген жаратылысы іштей жайсаң болса да, сырттай тұйықтау еді. Хал-ахуалын өзім сұрамасам айтпайтын. «Баспанаң бар ма?» – дегенімде: «Әзірше шыдауға болады» – деген. Басқалардан сұрап білсем: Алматының ойы-қырын адалап, пәтер жалдаумен жүр екен. Қаланың кілтін, үкіметтің тұтқасын ұстап отырған ағайындарға хат жазып, жас ақынға қамқорлық жасауды сұрадым. Азбас-тозбас «көрелік» деген жаттанды жауап алдым. «Тездетсеңдер қайтеді?» дейтін пәрмен менде жоқ, «тездетпеді-ау?!» дейтін пысықайлық Нұрланда жоқ.

«Аға, үй салып алуға кірістім!» – деді бірде. Үнінде игі істі бастағанына қуаныш лебі бар екен. «Бәрекелді! Айналасы кең болса, тіпті жақсы!» – деп қуанышына қосылдым. Және бірде: «Аға, үйіме телефон орнатқызып алдым!» – деп көңілдене сүйінші сұрап, нөмірін айтты. Ал бір күні телефон шалып, шығармашылық, күнделікті қызмет жайын сұрап едім, ол әншейіндегі қоңыр үні құмығыңқырап шығып: «Аға, қызмет қалып, үйде жатқаным екі ай болды» – деді. «Ана тілі» газеті редакторының орынбасары еді. «Е, неге?» – десем: «Түсінісіп жүрген жігіттермен түсініспей қалған қызық болады екен», – дейді, «қызық» сөзіне мысқыл әуен бере мырс етіп. Оның несі қызық. Жазушылар одағының, бірер газеттің басшыларына телефон шалып, «Нұрланға назар аударуды өтіндім. Зейнеткердің тілегі — тілек емес, тістен шыққан сөз ғана болады екен...

«Аға, «Қазақ елі» газетінің редакциясына орналастым, байырғы авторы екенсіз, бірақ, соңғы жылдары ат ізін салмапсыз, келіңіз, ақылдасайық!» – деді бір күні. Журналшылық ісінде де тындырымды, тиянақты інімнің қызмет тапқанына қуанып қалдым. «Шалды онда шақырып қайтесің, үйге кел, оңаша отырып ақылдасқанға не жетсін!» – дедім. Ол ақырын күлді де: «Жарайды, аға, хабар өзімнен болсын» – деді. Соңғы сөйлескеніміз сол.

Қоғам қотыр. Сен де қотыр. Мен қотыр,  
Қотыр күйден айықпаспыз, көр де тұр...  
Алтын үйін салып алған өрде отыр,  
Қараша үйді қалқайтқандар жерде отыр...

Өлеңінің өңін ғана күйттеген парықсыз ақынсымақтың бірі емес, халқының жағдайына жаны ауырған парасатты Ақын еді.

Қоғамымның ащы болар толғағы,  
Біреу жаман, біреу жақсы қолдады.  
Көңіліме: «Қанағат қыл», — деп едім,  
Жыртығынан жел үілдеп болмады...

– дегені де есіме түсті. Жүрегін шарасыздықтың зіл салмағы жаншыған Азаматтың айтқаны!..

2005-жыл



## ҚАРА ТАСҚА ҚЫЗУ ҚҰЙДЫ

Мен білген Жүмекен жібек мінезді жігіт еді. Рас, айына бір, жылына бір дегендей, кейде тоңқ ете қалатыны да болатын. Күнде талай тоңқ ететініміз де бар емес пе,

жұмыр басты пендеміз. Ал Жүмекен бұл соңғы “сорттан” емес-ті. Өзі Ақын ол өзі домбырашы-күйші болса, тәңірі Адам, Азамат етіп жаратса, ақыл-парасаты мол Жүмекен қалай ғана жібек мінезді болмасын?! Сигаретінің түтінін сыздықтатып, қысық көзі нұр шашып, жымыңдап қойып, еріні бүлкілдеп, әсем әзілдеп отыратын. Қандай күлкілі анекдот естігенінде де қарқылдап күлгенін көрген жоқпын.

– Жүмекен, ей, айғырша арқырап күлмеген соң жігіттің айызы қанушы ма еді, осы сен қашан бір дұрыстап күлесің? – дедім бірде, Шәмшінің бір келіншек пен шал туралы әжуәсін тыңдаған сәтте. Шәмші өзі айтып, өзі селкілдей сықылықтап отырған, ал мен “құлап қалғанмын”. Жүмекен әдетінше “хы-хы-хы” – деп үш рет “ұшықтаудан” аспады. Менің сұрағыма бір “хы” – деп алып:

– Ауыз шіркінімді барынша ашып күлсем, шолақ тілімнің қабынатын әдеті бар, – деді.

– Айтасың-ақ!

– Фаба-Фабекке, мұның бір өлеңі бар, қалай еді, әлгі... “Америкада түс көрсең де төленетін ақы бар” ғой, ә? Жүмекенге жөндеп күлуі үшін ақы төлеу керек! – деді қуақы Шәмші...

«Кей күні – ішің, кей күні – ісің сатылар,

Америкада түс көрсең де – төленетін ақы бар», – деп басталатын өлеңі ғой? – дедім. Шәмші мез бола күлді. Жүмекен жымыды.

...Сырбай Мәуленовтің жасы алпысқа толып, театрда салтанатты жиналыс болды да, соңынан “Алматы” мейманханасының ресторанына бардық. Ағыл-тегіл ас пен сөздің бір үзілісінде Жүмекен маған:

– Бізге ас тисе де, сөз тиіп жатқан жоқ, ақырын ғана жылжып кетсек қайтеді? – деді.

– Ертеңді білмеймін, бүгін енді табылмайтын ақыл мұның! – дедім. Ол мырс етті де, жылыстай берді, мен соңынан жөнелдім. Есік алдына шықтық. Күн батып барады екен.

– Шынымды айтсам – шаршап кеттім, мұндай жерде ұзақ отыра алмаушы едім. Сыр-ағаң болған соң келдім, – деді Жүмекен шылым шегуге кірісіп.

– “Қоңыр салқынды төске алып” жаяу тартайық, жолдас, – дедім.

– Жолай біздің ауылда ат шалдырасың ба?

– Жоқ.

– Е, неге?

– Сенің қатекенді танымаймын, көктен түскендей топ еткенім жарамас.

– Солай ма?

Екеуіміз жолға шықтық. Менің көкейімде бір күдік жүрген. Жамбыл көшесіндегі қырық пәтерлі үйімізді бөліске салғанда Жүмекен құр қалған. Біріншіден, тұрған пәтері отбасының кісі санына шаққанда жетіп артылып жатқан кең екен, екіншіден, Жүмекеннің өтініші жаңа үй бөлісі айқындалып, кімнің қай пәтерге өнетіні белгілі болып, яғни жұрт құлағдар етілгенде ғана қара көрсетті. Арнаулы комиссия жұмысын тәмамдаған-ды. Комиссияның төрағасы Шерхан Мұртазаевқа Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбіш Кекілбаев кіріп шығып, Жүмекенге жаңа үйден төрт бөлмелі пәтер беруді қолқалапты. Шерхан шақырады деген соң барсам, Әбіш отыр екен. Ахат Жақсыбаев та келді. Шерхан – Одақ басқармасының екінші хатшысы да, Ахат – кәсіподақ ұйымының төрағасы. Әбіш ол кезде партияның Орталық комитетінде қызметте.

Шерхан Жүмекеннің өтінішімен сөз бастап:

– Әңгіме Жүмекен Нәжімеденовтің өтініші жайында. Қай күні Әбекең де келіп шыққан, міне, Әбіш келіп отыр, мәселені қалай шешуге болады? – деді.

– Шешейік, бірдеңе етіп, – деп Ахат жауап қатты.

– “Бірдеңе еткенде” қалайша? – дедім, Ахаттың лып ете қалғанын іштей ұнатпай.

– Мүмкін... Әнуарбек Дүйсенбиевтің орнына кіргізсек... – деді ол.

– Жүмекеннің семьясы үлкен бе, қалай? Қазіргі пәтері төрт бөлмелі және жаңа пәтердің төрт бөлмесінен әлдеқайда кең дейді ғой? – деп Әбішке қарадым.

– Жүмекеннің шешесі үлкен адам, оның үстіне сырқат, – деді Әбіш.

– Әнуарбектің де шешесі қолында, кәрі кемпір, одан соң Әнекеңнің бір қызы тұрмысқа шығып, үй ішіне үй тігіліп отыр, олардың жағдайы қиын, сондықтан Әнуарбекті қалдыруға болмайды. Жүмекенге пәтерді қайтсек те беру керек десендер, онда басқаларды екшеп көрейік, төрт-бес жазушыға үш бөлмеден үш бөлмеге көшуге рұқсат бердіңдер, “жаңа үйге кірдік” деуі үшін ғана, солардың есебінен шешейік онда? – дедім.

– Олар шетте тұратындар, орталыққа жақындағандары дұрыс қой, – деді Шерхан.

– Онда мен білмеймін, ал Дүйсенбиевті шет қалдыруға болмайды, – дедім. Жарты минөт шамасы жым-жырт отырдық. Содан кейін Шерхан орнынан тұрып:

– Жарайды, жақсы, тағы ақылдасып көерміз, – деді.

Ақырында Жүмекен де, Әнуарбек те жаңа пәтерсіз қалды. Аяқастынан Жақан Сыздықов ақсақалдың жолданған арызы сап етіп, “даулы” төрт бөлме Жақаңа бұйырды. Әнуарбектің қыз-күйеуіне шет жақта босаған ескі пәтерді беріп риза еттік.

Жолай Жүмекенге сол “хикаятты” әңгімелеп:

– Сен сол үшін маған өкпелеп жүрген жоқсың ба? – деп едім, ол маған жалт қарап:

– Құдай сақтасын! – деді, ақ сөйлегені үнінен айқын аңғарылып. – Иә, өтініш бергенмін. Балконы бар пәтер болса деп... Мен “сөзімді сөйле” – деп ешкімге жалынған жоқпын... Ғабекесі, мен жоқтан өзгеге есеп құратын жан емеспін, бүгін – бар, ертең – жоқ мына жарық дүниеде... – деді де, біраз үнсіздіктен кейін құдды алыстан жаяулап шаршап келіп тоқтаған кісіше ауыр күрсініп: – Менің бір баламның денсаулығы онша емес, мені қинап жүрген – соның жағдайы, – деп маған ақырын ғана қарап, қолтығымнан ұстай тоқтады.

– Ол баланы емдетуге болады ғой, құдайға шүкір, мүмкіндік бар, курорт-санаторий дегеннің қайсысына болсын путевка аламыз, заявка бер, үлкен литфонды арқылы көмектесемін, – дедім, Жүмекеннің жан қиналысын түсініп, тезірек қол ұшын беруді шын ойлап. Мен ол жылдары қазақ Әдеби қорының директоры едім.

– Интернациональная деген аты ұзын, заты қысқа көше мынау, бұрыласың ба? – деді.

– Тұманбайша кештетіп қыдырмаймын.

– Сен де Қадыр сияқты тәртіпті қасқа екенсің ғой? – деп жымия қолын ұсынды.

... Жыл өтті жылжып. Жарық дүние Жүмекенді де көзімізден жасырды, міз бақпады. Көрікті ойдың, көркем жырдың алыбы едің-ау, Жүмеке!..

Ей, кең өлкем!

Мен сені ертең кенелтем,

Ойды қойып, орман егем ертең мен,

Ағашы жоқ, қазығы бар кең өлкем!

– деп келген Жүмекен жасы елуге жетпей кете барса да, еліне жыр орманын егіп, кенелтіп кетті.

Шуақ күткен кезімде – шуылдаған көктемде,  
көлеңкесін түсірер жапырақтар көп менде.

Тек күз түсіп, суық жел ұрған кезде азынап,  
жел жағыма шығатын қара емендер азырақ,

– деп те өтті бұл өмірден Жүмекен. Тасқын жырдың қоймасы еді жүрегі.

Қиықша көзі кейде нұр шашып, кейде ойға тұнып отыратын. Кейде кітап сөрелеріне қарап отырып қалса, кейде домбыраға қол созатын. Домбырасының шанағынан жігіттің күлкісі де естілетін, қарттың күрсінісі де естілетін...

Тірлік еттім адал ойлап, ақ аттап:

иі қанған идеалды мадақтап,  
қайырымды кісілікті мадақтап,  
коммунистік түсінікті мадақтап  
келем, келем...

өлең деген санқилы:

кейбірінен құмның иісі аңқиды,  
кей сөзімнен мұңның иісі аңқиды,  
кей жолымнан шық иісі аңқиды,  
кей ойымнан жөргек иісі аңқиды –  
ақыл-жүрек-пиғылды,  
пәк сезімді өн жасадым, күй қылдым,  
қара тасқа қызу құйдым, тер төгіп,  
алақаным жүред содан өртеніп,

– деген жігіт Жүмекен қарттың қалпағын киіп, шапанын жамылып отырып былай депті:

...Берем десең, құдірет, жақсыларға сыйды егер:

ерліктерін – түзге бер,  
берекесін – үйге бер,  
жеңділерге – білек бер,  
жағалыға – түйме бер.

Жеңіс берме жаманға,  
жеңсе – жаман үйренер:

жаман үйренгені сол – жия алмай жүр хан есің,  
әділеттің жоқтығы күшейткен соң дәмесін!..

– деп “Жаңғырығымен” көпті толғаған, көпті болжаған Жүмекен:

... Атом – бомба жарылса,

о да, бәлкім,

инфаркты шығар-ау атомдардың?!

Қашан шаншып, білмейсің, тыз етерін,

ажалыңның жаз, әлде, күз жетерін

болжау қиын, –

бомбалар қоймасындай

көкірегімді күні-түн күзетемін!..

– деп алаң көңілмен жырлап та еді. 1983-жылғы қарашаның 22-сінде қолынан қаламы түсіп кетті...

Жүмекен өзі көріп-білген мәнді оқиға-құбылыстан құдды таразыға тартқандай нақты ой түйетін. Ол қазақ поэзиясы жайында жасалған баяндамалардағы «және басқалар» делінетін топта болған емес.

«Бұтақтарым – биікте,

Тамырларым – тереңде»,



– деуге құқы барын тырнақалды өлеңдерімен ескерте келген. Соны дәлелдеп, танылып, құрметтеліп жүрді. Құрмет, меніңше, оның ойлы, бейнелі-суретті өлең-жырына тәнті болушылық еді. Жүмекеннің «бұтағы» да, «тамыры» да кемел ақындығының шекаралары сияқтанады. Бірер мысал келтірейін:

«Шық көзімен қарасаң, дөп-дөңгелек төңірек.

танымым аз сондықтан,

таңдануым көбірек.

көрдің бе, әне, бұтаның қалқияды құлағы,

әлденеге шық көзі таң боп қарап тұр, әне!»

(«Менің топырағым».)

«Мен аңызды таңдайыма тамыздым,

Шындық іздеп шөліркеген шақтарда».

(«Қорқыт-баба».)

«Ел бола ма: жабырқатса жақсысың,

жебемесе жомартын?!»

(«Қызыр».)

«Адасады ақша бұлт,

ақ шың тауып қонбаса.

Бұлтта тұрған түк те жоқ,

адасқаны болмаса.

Терең дейміз қара су,

қара емес-ақ ол да аса.

Суда тұрған түк те жоқ,

тереңдігі болмаса».

(«Пародия».)

«Есіл сөздер ізсіз-тұссыз кетулі,

дауыл күнгі шыққан түтін сөкілді...».

(«Ақылдыға айтар сөз».)

«Енді ешқашан ақ бұлақ жүгірместей алқынып,

Көбіктің де көзіне қалған сын-ды шаң тұрып».

(«Күйшінің кейбір сәттері».)

«Қара ат міндім бір түні – меңсіз қара, қап-қара,

Қаралығы түннің де жұғардай еді мақтаға».

(«Өзің оқы!».)

«Домбыра, сен туралы

талай жаздым мен мына.

Күйді ұқпаған кісілер,

сөз ұға ма, өзің айтшы, домбыра!

(«Тағы да домбыра».)

Ақын Жүмекен – дүбіршіл сәйгүліктей елегізе қалатын домбырашы еді, Күннен қызу, Айдан ажар алғандай керімсал күйші еді. Өзінің күйін бе, басқаның күйін бе, әйтеуір, шертуге кірісіп кеткенінде, маған оның денесі іріленіп бара жатқандай көрінетін.

Әу баста 7-8 буынды, одан кейін көбінесе 12-16 буынды жыр төккен ақын, қара сөздің де өрім-өрнегін жарастыра: мақала, әңгіме, хикаят, роман жазған танымал прозашы, қос ішекті он екі пернемен табыстыра шанақтан сан алуан үн саулатқан домбырашы-күйші Жүмекеннің шығармашылық қыр-сырын әңгімелеуге менің дәтім бармайды, себебі: ол – талантын танып талдау жасаушысы әлі табылмаған алып ақын, ал мен – оның оқырманы ғанамың, поэзияның да емес, прозаның ауылынанмын.

...Тағдырдың тарынғаны-ай!.. Мүшел жасы – 49-да фәнидегі жолын тұйықтады... Жүмекеннің жазары көп еді-ау!.. Ұрпағына, бізге бақидағы жолы ұзақ болары ғана – жұбаныш.

*2010-жыл.*

Енді Жүмекеннің 1983-жылғы күзде ауруханада жатқандағы күнделік жазбаларының екеуін оқылық:

**«Тамыз, 11.**

Таңертең біреу Ақан серінің «Мақпалын» салды. Әй, ән-ақ қой, шіркін! Қанша ой, сезім, мұң, шындық жатыр! Әннің әр иіні бір-бір дүние, бір-бір материк секілді. Ақан сері – ән өнерінің Колумбы ғой!

Үйірі қысырақтың мақпал қара,

Шашыңды күндіз жу да, түнде тара.

Алыстан ат терлетіп келгенімде

Ей, Мақпал, қырындамай бермен қара.

Қалай, ә! Осындай құдіретті анау бір әнші сезіне ме? Ішіне қатсын! Ол әлгіндей әндерді ешкім түсінбейді, бағаламайды деп ойлайды. Әрине, орындай да алмас еді. Оған ән емес, қолшапалақ керек. Қолды көп шапалақтайтын, әрі арзан дуылдайтын қоғамның ең тәжірибесіз, біліксіз, талғамсыз тобы – жастар, олар да есейер-ау, бірақ өнер адамының өзінің есі кірмей-ақ барады...

Кеше кешке қарай Әбіш пен Клара кіріп шықты. Тахауи, Хамит, Естөре, Әбушаш, Қалтай... Бұлар да бір-бірден (ең азы) келіп кетісті. Жалпы, мен ауырсам ... ауырғандағы беделім – мынадай, өлсем, тіпті, мықты болам-ау деймін. Өттең, оны тек (өзімді, беделімді) өзім көре алмаймын ғой. Бұ да – бір өкінішті жай. Қай қазақ не біліп жүр.

Түнде телевизордан ядролы қарудың қауіптілігі туралы дискуссия болды. Сөйлеушілердің бәрі шешен екен. Өттең, іс жүзінде – тіл емес, қол шешен болса ғой – сол айтылғандар іске асып жатса... Пайдасыз жиналыстың көптігі содан. Сөйлеп кетсе – бәрі дұрыс айта алады, бірақ сөз жүзінде. Біздің Жазушылар одағының жиналыстары да сондай ғой: ақылды сөз көп, ақылды іс жоқ. Барлық қасірет – қоғамның көзіне түсу, көріну т.б. Абай айтады ғой: «...десің, десің деп жүріп, демесінді ұмытып кетеді».

«Ат-шапаннан кем көрмес

Біреу атын қойса қу», – дейді.

Мұны Абай айтады. Күні бүгін Абайдан актуальды ақынды көргем жоқ. Дәл түседі-ау, дәл түседі! Бір құрдасым (менің) терең, өте күрделі, ойшыл кісі боп көрінем деп отырып – ұйықтап қалды. Тентек, шадыр. Сотқар болып көріну – «Қаламгерге» кірген көп қаламгердің алдарына қоятын мақсаты сықылды. Шын ақылы бар адамдар анау-мынау ақынды ақымақ етеді. Ерсілеу, есерлеу бірдеңе істесе ештеңе етпейді, ақынның мінезі ғой деп, өп-өтірік кешіре салады. Какая глупость! Ақынның мінезі ең алдымен өлеңінде, сонсоң өмірінде (іс-әрекетінде) көрінер болар! Жүз грамм ішіп, біреуге жұдырық түю – ақындық емес, ақымақтық.

*Қыркүйек, 15*

Түнде «Гонцы спешат» деген фильм көрдік. Тарихи шындық. Авторлар да (сценарист, режиссер) соған, тарихи фактілерге сүйенген. Дәуір шындығын неғұрлым тереңірек, молырақ қамтуға, көп айтуға тырысқан екен. Негізгі екі тақырып, екі желі: а) үш жүздің қазағының басы бірікпейінше, қазақ, қанша қомпаңдағанмен, ел болмайсың; ә) Қазақ сықылды жері кең, өзі бай, саны аз (салыстырмалы ұғым) халық өзінің мықтылығына арқа сүйемесе – күн көру мүмкіндігі жоқ. Мұның бәрі дұрыс. Картинаны жалпы көруге, көрсетуге болады. Жаманқұлов Әбілхайыр ханға (мойны

сәл жіңішкелеу демесе) ұқсайды. Сөзі де тірі, қимылы да ширақ. Фильм лентасынан өте аз берілген орынның өзінен көрушілер әжептәуір әсер алып қалады.

Тақырып өте ірі. Оқиға, ұрыс-соғыс, талас бар – бәрі ұсақ секілді. Қылыш сілтестерінің өзі – балалардың ойнап соғысқан соғыстары сияқты. Батырлардың жекпе-жектері, қоян-қолтық келгенде жұмсайтын күш-қуаттары осындай (сондай) болса, Әнекең (Әнуар Шманов) екеуіміз де біраз жауды «қыруға» жарап қалар едік. Ең ірі кемшілік осы: кісіні (көрушіні) сендіре алмаушылық. Жұрттың бәрін (опять-таки) ақымақ санаушылық. Так долго рассчитывать на неосведомленность – глупость людей – мы не можем. Мұндай жауапкершілікте артистер алдымен: 1) атқа отыруды; 2) қару ұстауды; 3) оқ тигенде дұрыстап құлауды үйренулері керек. Шауып келе жатқан жауынгердің қазір (оқ тиіп) құлайтыны алдын ала белгілі болып отырады. Әрине, әрбір артист әрбір «өлген» сайын шынымен өле берсе – киноны көретін де (артистер де көрермендер арасынан шығады ғой), түсіретін де кісі қалмас еді. Мұны түсінеміз. Дегенмен... Асанәлі Әшімов – түгелімен нанымсыз, жасанды, қыз бен екеуінің арасындағы қарым-қатынас күп-күрең жалған. Сондықтан әлен-пәлен деудің өзі артық. Тағы бір артық кісі – орыс. Елшінің түрі. Әрі нақ осы фильм үшін бүтін жерге жамау жапсырғандай, керексіз. Саяси-әлеуметтік мәні бар нәрсеге бүйтіп «ойнап» қарауға болмайды. Хандардың «кабинетінде» – өзіміз күнде көріп жүрген кеңселердің ауыз-үйлерінде жататын дорожкалар. Әрине, бұдан пәлен ғасыр бұрынғы төсенішті таппадың демейміз ғой. Дегенмен... Деталь. Ұсақ. Бірақ онысыз, оған дұрыстап көңіл аудармасаңыз – құрығанда күлкі боласыз! Иә! «Біткен іске мінші көп». Біздің мақал-мәтелдеріміздің ішіндегі ең оңбағандарының бірі – осы: әлгі айтылған «көп міншінің» ішінде шын мінші-сыншының ақ жарылып айтқан сөздері құнсыз боп қалады. Өнерге – өтірік нәр боп жүріп жатқан бір тірлік.

«Шығып тұр ғой бүгінде,  
Қасым деген бір ақын.  
Осы болар түбінде,  
Енелеріңді ұратын».

Қасым аға өтірік айта алмаған ғой. Бір кезде осы жолдар маған мақтану сықылды көрінетін! Ақымақтық қой. «Байқал», «Ақын өлімі туралы аңыз» т.б. шығармаларды Қасымның замандастарынан ешкім жаза алған жоқ, біз де жаза алмадық. Бізден кейінгілер де жаза алмайды. Жо-оқ, жақсы дүниелер болған, бар, болады. Бірақ бәрі басқаша. Там вкус поэтов Того времени, и еще уникальность аманжоловского стиля – все это раскрывается, особенно, в названных произведениях. Он встал в этих произведениях во весь рост. Вот, почему я считаю его самым крупным поэтом послебаевского периода. И, к нашему сожалению, эта оценка по сей день остается справедливой, единственной.

Жеке адам (тұлға) – Алматинка өзенінің ортасында жатқан дөңбек тас секілді: есуас көк-сулар сол тасты домалатып әкетем деп әлек. Ал, ақылды ағыстар – айналып өтеді.

Әрине, бір кезде сол дөңбек тасты да ағыс, су екпіні әкелген. Бірақ ол үшін уақыттың талай тоғандары толып, мейманасынан асуы шарт».



## ӘНЕКЕҢНІҢ ЖӘМШИДІ

Жүмекен мен Шәмшінің мені «қамшылап», Алматыға келуімді тездеткені, Жүмекеннің «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына қызметке орналасуыма себепші болғаны бар. Айттым.

Терең ойлы текті жырды тегеуірінмен төгіп-төгіп жазатын құрдасым Жүмекен ақын жайында, дарындылығына тәнті халқы аялап алақанына салған адал жаң аңқау да ақжарқын, әзілқұмар, сөзтапқыш Шәмші сазгер туралы хикая жаза алар едім, бірақ аралас-құраластығы менен гөрі ұзағырақ болған достары, жолдас-жоралары, арнайы зерттеушілер жазар, яғни олардан артық айта алмаспын деп ойлап, қаламымды тежеп жүрмін..

Бүгінде марқұм Оразбек Бодықов (жазушы, драматург) аңқылдаған ашық та, кейде от тиген қаудай шатырлап жөнелетін шатақтау да мінезді адам еді. Ол мені «Қабыш» – деп кетті. Көрген жерде құшағын жайып: «Әй, бауырым, Қабыш, қалайсың?» – деп калбалақтайтын. Мен: «Ореке, әкем жарықтықтың құлағын шулата бересіз-ақ!» – десем: «Түһ, кешір, бауырым, үйренген ауыз болмайды екен, бар болғыр!» – дейтін де, айналып келіп тағы «Қабыш!» дей беретін. Бір күні екпіндей кіріп келді де:

– Қабыш, мен әдейі саған келдім, қалайсың? – деді сөмкесін үстеліме қоя салып, қолын ұсынып.

– Ассалаумағалейкүм! Дауыл шақырып келгеннен саусыз ба? – дедім.

Жас айырмашылығын елемей әзілдесе беретінмін.

– Дауылдың көкесін шақырғаным рас, отыршы, саған бір сұмдық айтайын, – деп отыра қалып, сөмкесінің «қарынын жарды». – Мен Шәмші туралы, Шәмші Қалдаяқовты білесің ғой, сол туралы кітап жаздым. Оның менен артық досы жоқ болатын, «досымын» – деп жүрген басқалардікі бос былшыл, к черту! Ал соны бар ғой, кітабымды, қолжазбамды деймін, апармаған баспам жоқ, бәрі атасының құнын сұрайды, ей, а?! Бар-жоғы бес-алты баспатабақ, соған біреуі бір миллион, екіншісі біржарым миллион сом сұрайды, понимаешь?! Сұмдық қой, а?!

– Оны маған несін айтасыз?

– Әй, Қабыш, сенің «Шабыт» баспаң кітап шығарып жатқан жоқ па, менің мына қолжазбамды ал да, Шәмші туралы ғой бұл ұқтың ба, тезірек шығарып бер. Айтпақшы, Қабыш, бұным – алғашқы вариантым, бұл шыққан соң кеңейтіп, қосымша оқиғасы көп әлі, үлкен кітап етіп шығарам, дұрыс қой, а?

– Ореке, бізде заңды баспа әзірше жоқ, ертең болар-болмасы және беймәлім. Жарайды, Шәмшіні ауызға алып келген екенсіз, тәуекел дейік, тек демеушісіз сөз...

– Әй, Қабыш, бұған жетер-жетпес ақшам бар, бір демеушім берген, сен азырақ ал, жарай ма? – деді Орекең.

Сонымен, қысқасы, Орекеңнің «Шәмші Қалдаяқов: хикаяттар» кітабының жарық көруіне (1992-жылы) жәрдемші болған едім.

Ал менің айта отырмағым – Шәмшінің маған қымбат бірер қылығы.

Шәкеңе мені Сабырхан Асанов таныстырған болатын. 1963-жылдың жазында, Алматының Орталық мәдениет және демалыс паркінде қыдырып, «тобылғы түсті торы сыраны толқытып» ішіп жүргенімізде. Кейініректе Шәкең мені Жүмекенмен (Нәжімеденовпен) таныстырды. Жазушылар одағында болған бір әдеби жиын кезінде.

...Университетте сырттай оқушылар 1964-жылғы көкек айының орта шенінде Алматыға, сессияға тағы жиналғанбыз. Ол жылдары Алматы сол мезгілде жып-

жылы болып, жасыл желегін төгілдіріп жамылып тұратын. Университет ғимаратының көше жақ бетінде аласа-аласа қашалы көгалды ауласы бар еді (ол ғимарат кейін Театр өнері академиясына берілді). Екі-үш саптаяқтан сыра сіміріп алған бес-алты «студент» жігіт сонда көсіліп жатқанбыз. Лекцияның басталуына дейінгі бір сағаттай уақыт өзіміздікі. Бағана басындағы радиодан төгіліп тұрған қазақ ән-күйлерін тыңдап және рахаттанулымыз. Бір сәтте:

– Әй, жігіттер, орта толсың, ассалаумағалейкем! – деген таныс дауыс естілді.

– О, Шәке, ассалаумағалейкем! – деп қалды, біздің жігіттердің бірі. Басымды көтеріп қарасам: Шәмші мен Жүмекен! Ұшып-ұшып тұрысып, жамырай сәлемдесіп кеттік.

– Е, Шәке, жақсы келдің ғой, төрлет! – деп едім, Шәмші әдетінше емпілдеп қолын ұсынып, күле сөйлеп:

– Өзім де сендердің орталарыңда болайын, бұларға бір шал керек шығар, деп келдім, – дейді.

– Шәке, біз шалға зәру емеспіз, арамызда Өзбекстаннан келген заочник диірменшіміз бар, ол сенен мүшел жас үлкең, – дедім. Шәмші қырылдап күліп мез болды. Біздің сырттай оқитындар тобымызда шынында сондай егде курстасымыз бар-ды.

Шәмші пенжағын көгалға тастай беріп: «Ей, шіркін-ай!» – деп жата кетті. Жүмекен малдас құрып отырды. Басқамыз да жайғастық. Дәл сол әредікте радио Шәмшінің «Қайықта» әнін шалқыта жөнелсін. Жаңа да әсем әннің көрі-жас жүректі түгел баурап, балқытып-толқытып тұрған шағы. Ұйып тыңдап қалдық. Ән аяқталғанда:

– Ей, елім-ай, жұртым-ай! «Қайықтаның» қалықтағанын тыңдап сен мезсің, ал Шәмшің сыраға тойып алып, ол да мез, жатыр, міне, шала мас! – дегені ғой Шәмшінің, баяғы қушыкештігіне басып. Біз ду күлісіп, жатқандарымыз басымызды қалт көтеріп, Шәмшіге жалт-жалт қарадық. Екі құлағы қалқайып, екі езуі еркіне кетіп, ол да басын көтерді. Бәріміз тағы ду күлістік. Жүмекен орынан тұрып:

– Шәке, мен аяңдайың, уақыт болып қалды, – деп қолсағатына қарап алды да: – Ғабекесі, бір шалдарың екеу болды, – деді, көзі жылтырай, шашы дудырай жымыңдап.

– Е, Шәкең мұнда не істейді? Қазір сағат екіде біз лекцияға кіреміз, – деймін Шәмшіге қарап.

– Ғаба-Ғабеке, сен алар алақандай диплом маған да керек сияқты, журфакқа документімді өткіздім, енді сендермен бірге заочно оқимын, – дейді Шәкең.

– Шын ба?

– Шын айтады, шын! – дейді Жүмекен жымыңдап, Шәмші үшін жауап беріп.

Шәмші сол күнгі лекцияның жартысында бізбен бірге жүрді де... одан кейін де жолаған жоқ. Он шақты күн өткенде Жазушылар одағы ғимараты жанында кездесіп:

– Оу, Шәке, журфак қайда? – десем, ол менің қолымнан диплом алып тұрған-дай-ақ көңілденіп:

– Ғаба-Ғабеке, үндеме, мен бір қызық айтайын, сірә, бар ғой, менің мына кішкентай мандайыма үлкең оқу жазылмаған сияқты, сондықтан бәрін қойдым солардың, – дейді...

Шәкеңмен әзілдесе беретінмін. Әзіл болғанда жеңіл-желпісі. «Бас жаққа барыспайтынбыз». Шәкең жолы ерекше үлкең әйгілі адам, атақты композитор. Құрдасым да емес, жасы біраз «ілгерілеу». Сол екі «статья» бойынша құрметтеп, сыйлайтынмын.

Әзіл шіркінің – сезімнің бір өлшемі, көрінісі ғой. Кейде өзіңнен әжептәуір егдемен де ө дегеннен әзілдесіп кетесің де, кейде бір жылғы төл құрдасыңмен де сыпайы

сыйластық ауқымынан аттап шыға алмай жүресің. Ал Шәмшінің әзілге шебер ашық куақы қылығы ара-тұра мені де еріксіз қызықтыратын да, кейде «шекарадан шығып кетіп», оқыс бір сауалды қалқиған құлағына «құя салатын» едім. Бірде тағы сөйттім. Шәмші телефон шалған.

– Фаба-Фабеке, сенің литфондың жер шарының кез келген курортына путевка береді деген қауесет естідім, сол рас па? – деп әдеткісінше қырылдап күлді.

– Рас, Шәке, жүдә рас! – дедім.

– Онда маған біреуін сары майдай сақта.

– Сақтаудың екі шарты бар.

– Иә, иә, айта бер.

– Біріншісі: жалғыз жорта жөнелмейсің...

– Е?!

–Штаттан тыс сәулеңді арқалап аласың.

– Е?! Ары қарай?!

– Және ол сәулеңді маған көрсетесің, егер мен: «О-о-о! Какая красавица! Біздің Шәкең просто молодец!» – десем, онда мәселенің дұрыс шешілгені!

Шәмші сылқ-сылқ күлді де:

– Фаба-Фабеке, шарттарың тамаша! Ал біріншісіне айтарым: қайда, қашан баратынымды ертең осы уақытта естисің, ал екіншісі... «штаттан тыс сәулең» – дедің бе, «штаттан тыс», ә? – деп тағы күліп алып: – Түсіндім, түсіндім, бірақ... бірақ оны мен айтпаймын, божбанның сап-сары Сабырханы айтады, «Шәмші рұхсат берді» дейсің, арғысын ол қатырады! – деді куақылана...

Жұмбақтау ой сиқырлы емес пе, қызықпасаңа қоймайды ғой, мен де кенет елігіп, іле-шала Сабырханды іздедім. Үйінде екен. Шәмшімен шартымды жайып салдым. Сабырхан «ых-хы» деген бірдемді күлкісімен бастады да:

– Шәкең ондай рұхсатқа сараң еді, – деп қойып, Шәмшінің «штаттан тыс сәулесіне» – есімі де, өзі де ғажап сұлу перизатқа ғажап ғашықтық хикаятын дәмдеп айтып: – Оған арнап ән шығарды ғой, керемет ән! Өлеңін маған жаздырды. «Сағынышым менің» деген әні ғой, білесің ғой: «Сен жанымда жүрсең, сен жадырап күлсең» – деп басталатын әні ше? – деді...

«Сағынышым менің»!.. Қанатты ән!.. Шәмшінің әні!.. Сағыныш атты аруға арналған ән!..

...Бір күні Шәмші екеуіміз Жазушылар одағының үйіне кіре бергенімізде Сыр-аға – Сырбай Мәуленов, қарсы ұшырасты. Біз жарыса сәлем бердік. Сыр-аға:

– Штепсель мен Тарапункаша ұзынды-қысқалы боп екеуің қайда келесіңдер? – деп кеңкілдеп күлді.

– Сыра-аға, біз сияқты есті жігіттер мұнда талтүсте қыз-қырқын ауламайды ғой, одан гөрі маңызды бір шаруамен «Қазақ әдебиетіне» бара жатырмыз, – деді Шәмші ойнақы үнмен.

– Солай ма? Дұрыс! Айтпақшы, сен ішкенді қойғаннан кейін жақсы әнді сиреттің, шабыт шақыру үшін анда-санда қағып тастап жүрсеңші! – деді Сыр-аға, тағы кеңкілдеп күліп, қолын Шәмшінің иығына артып. Шәмші маған қарап:

– Фаба-Фабеке, өзім періштедей көретін Сыр-ағаның азғырғанына иліксем бе екен, илікпесем бе екен? – деп көзін қысып қалды.

– Құрысын! Илікпе! Көнбе! Қалжыңдағаным ғой! – деп Сыр-аға Шәмшіні құшақтай алды.

...Бірде Шәмшіге:

– Шәке, газет тілшілеріне ұқсап бір сұрайыншы, әдемі әндерді қалай шығарасың? Нендей құпияң бар? – дедім. Ол қырылдаңқырап сылқ-сылқ күлді де:

– Фаба-Фабекке, бұл.. композитор дегендерің, менің бірдеңе білуімше, білуімше емес-ау, басымнан өткеріп жүрмін емес пе, егер мені біреу сыртымнан бақылар болса: «әй, мына Шәмшінің есі дұрыс емес шығар, күбірлеп, ыңылдап жүре ме, әйтеуір, біртүрлі, қызық», – дер еді. Менің өзіме де қызық, бұл әуен іздеу дегенің, бақсының жынын шақырғанындай бірдеңе, ал арғы жағын өзің жобалай бер, – деді.

...Шәмшінің «Фаба-Фабекке» – деп қосарлап атайтыны, Жұмекеннің «Фабекесі» – деп басқаға меншіктетіп атайтыны есіме түскен сайын көңілім құлазиды.

\*\*\*

Шәмшінің әкесіне азан шақырылып қойылған ат – Әнәпия екен. Оң жақ балтырында үлкен қалы бар екен де, жеңгелері «қалды аяқ» – деп атап, содан Қалдаяқ болып кеткен. Ал Қалекең ұлына қазақы ырыммен тарихи Жәмшид патшаның атын қойған, бірақ жұрт тілге жеңіл Шәмші атандырып жіберген.

2009-жыл.



## РАМЗАЙ

Тағы бір суық хабар сумаң етті – Рамазан Тоқтаров бізге енді жоқ...

2000-жыл Желтоқсанның 12-сі. Бал арасындай еңбекқор, баладай аңқылдақ адал Рамзай еді. Біз, құрбы-құрдастары, оны Рамзай дейтінбіз. Егер жаңылыспасам, Ысқақ шалдың баласы Қалихан құрдасымыз оны әу баста фараон Рамзеске, әлде патша Рамзеске ұқсас деді ме-ау, ерте дүние тарихындағы ол гректі оның қашан көргенін кім білсін, әйтеуір, сондай бір теңеуден басталып, көп ұзамай «Рамзайға» айналдырып тынды.

Рахаң менен үш ай ғана үлкен болатын. 1966-жылдан таныс, аралас-құралас едік. Жамбыл көшесіндегі әйгілі ақ үйдің соңғы подъезінде сегіз жыл көрші тұрдық. Қабак шытысқан күніміз жоқ-ты. Рамазан күле сөйлеп, әзіл ағытып жүретін. Қатты қалжыңда да, қызу пікірталаста да тығырыққа тірелген емес. Тілге алымдылығымен, ойға шалымдылығымен, білімдарлығымен ұпай алып шыға беретін. Ол шындығында білімдар еді. Әлем әдебиетінің шоқтықты туындыларын, классик қаламгерлігінің өмір жолдарын жақсы білетін. Шет елдер тілі институтымыздың француз тілі факультетін тәмамдағандығынан да болар, әсіресе, француз әдебиетінің қыр-сырына жетік-ті.

– Рамзекке, француз тілінде ештеңе жазып көрмедің бе? – дедім бірде. Ол «Әуезовтің жарты басын» шайқап күлді де:

– Дюма-Золяларды түпнұсқасынан оқып көрсем де, солардың тілінде бірдеңе жазу тіпті ойыма келмепті. Жалпы француз тілі – жұмсақ тіл. Немістерше бақылдамайсың, ағылшындарша былдырламайсың, қазағымша қоңырлатып қана отырасың, – деді.

«Әуезовтің жарты басы» деу себебім, бесеу-алтауымыз дуылдасып отырған бір кеште алуан түрлі әңгімеміздің бір әредігінде:

– Драмтеатрды маңайлаған сайын Мұхаң ескерткішіне қараймын да, мен ол ағамызды көріп үлгірмедім ғой, бетәлпетін Қабдештің бетәлпетіне ұқсатамын, бірақ басының арғы жағы басқаша, – дей бергенімде Рамазан оң қолын көтере сілтей сөйлеп:

– Дұрыс байқапсың, дұрыс! Мүсінші Мұхаңның басбейнесін жасағанда Қабдеш екеуімізді әбден шаршатқан, рас қой, Қабдеш, а? Мұхаңның бет жақ жартысы Қабдештікі де, ми жақ жартысы менікі! – деп бәрімізді ду күлдірді. Рамзай қай жерде болсын көңілді отырғанды ұнататын.

Рамазан – оннан астам романның авторы. Ең соңғы еңбегі – бес кітаптан тұратын “Абайдың жұмбағы”. Абай – Мұхтар Әуезовтің Бас кейіпкері. Әлем әдебиетінде бір әдебиеттің классигі хақында эпопея жазылған емес. Ұлы Мұқаң жазды. Ғажап көркем туынды! Бұдан, әрине, ендігі жерде Абай туралы шығарма жазылмасын деген ой көлбеңдемек емес-ті. Орыс әдебиетінде А.С. Пушкин жайында сыр шертетін әдеби де, ғылыми да еңбек мол. Әр автор тек өзіндік жаңа, құнды толғаныс-тұжырым жасауға тырысқан. Жиылып келгенде соның бәрі – Пушкиннің ұлылығын таныта түсуге қызмет етеді. Рамазан да Абай өмірін неғұрлым аша түсуді межелеген. Мұхаңның эпопеясы заманның дізгін-шылбырын сығымдап ұстаған саяси цензура әмірі жағдайында дүниеге келді де, қақпайлауды аз көрген жоқ, бұл жәйтті Мұхаң өмірін, шығармашылығын бүгінде жаңадан зертеушілер ашып айта бастады. Рамазан қаламгер қиялымен зерттеуді бертінде бастаған еді. Қиял дегенім – жалаң мағына емес, Рамазанның Абай туралы іздене көп оқығаны, архивті сарыла ақтарғаны, Абай елінде сан болып, кәрі құлақ қарттармен әңгімелескені, пікірлескені қаламгердің көрікті ойымен өрнектелді дегенім. Бір қызығы – қайсыбір оқиғаларының Мұхаңның қиялынан басқаша болатыны. Мысалы, Абай мен Шоқан, Абайдың Тоқжанмен кездесуі. Соны айтып: “Рамзай, сенің Абайың Шоқанмен кездескен екен?” – дегенімде, ол жымың-жымың етіп: “Мұхаң қолданбаған тәсілді қолдандым”, – дегені мені біраз ойлантқан. Аймағы мен Заманы бір екеуінің кездесіп танысуы менің көңіліме иланымды.

Жазушының бұл жаңа еңбегі баспасөз бетінде жақсы әңгімеленді. Автордың жетістігі, қазақ әдебиетінің сүбелі дүниесі деген пікір басым болды. Оны керісінше бағалаушылар аз болса да табылды, ал солардың ұйтқысы “Қазақ әдебиеті” газетінің редакциясындағы журналшы, жазушы інілеріміз болғаны мені де таңдантты. Газеттің шығармаға қарсы бағдар ұстанғаны соншалық, мысалы, Әзілхан Нұршайықовтың оң пікірлі мақаласын жарияламай қойды. Романның Жазушылар одағында өткізілген талқылауын аса ұнатпаған сыңайда жарымжан есеп етіп берді. Талқылауда сөйлеген менің пікірлерім газетте үзік-жұлым болып шықты. Редакцияда күзеу басым екеніне көзім жеткен-ді...

Көпшіліктің дұрыс бағасы ақырында бұрыс болып кеткен жоқ – Қазақстанның әдебиетінің екшейтін комиссия әділ шешім жасап, Рамазанның роман-хамсасына 2000-жылғы Мемлекеттік сыйлықты берді. Ол жақсылықты Рамазан желтоқсанның II-і күні естіп үлгірді. Шүкіршілік дейік, ағайын!..

Рамазанның көз жұмғанын естіген іңірде жүгіріп жеттім. Бәйбішесі Гүлекеңе, балаларына көңіл айттым. Павлодарға хабар беріліпті, ол жақтағы ағайындар ертең келмек екен.

Кісі аяғы сирек. Естігендердің біразы келіп шыққан, ал өзгелері түнделетпей, таңертең келгенді жөн көрген болар.

Өткен-кеткенді, Рамазанның сырқаттанған кездегі мінез-құлқын әңгімелеп отырдық. Ол аса көңілді жүретін, әзілге құмар болғандықтан сырын білмейтіндерге жеңілтек көрінген болар, бірақ мәнді әңгімеде өте маңызды ой-пікір айтатын, салмақты



сөйлейтін. Сырқаты қанша қинаса да, шыдамды болыпты, Гүлекеңіне, балаларына, келіп-кетіп жүрген туыстарына сыр бермей, әдеттегі жарқын қалпын сақтапты. Менің: «Рамзай жолдас, тым борсиып кеткенің жараспаушы еді, біраз ысылып қалыпсың, артық жүктен арылыпсың» – деген әзіліме ақырын ғана күліп: «Рас, аяқ-қолым жеңілдеп, бабына келген атлеттей болып жүрмін» – деген-ді.

Екі сағат шамасы болып: «Жарайды, Гүлеке, үйге қарай аяңдайың, таңертең келеміз ғой», – деп орнымнан тұра бергенімде Зейнолла Қабдолов келе қалды. Қасында маған бейтаныс бір жігіт бар.

Зекең Гүлекеңді «Айналайын келін-жан!» – деп елжірей құшақтап, бетінен сүйіп, шын елжірей сөйлеп көңіл білдірді. Рамазанның жарасымды мінезі, шығармалары туралы жақсы пікірлерін біраз таратып айтып шығып: «Қадірлі ініме Мемлекеттік сыйлық берілгені жөн болатынын баса айтып, дауысымды бердім. Ол әрекетім дұрыс болған екен. Рамазанның өзі де кеше телефон шалып, рахметін айтты. Айналайынның дауысы әдеттегісінен ауырлау сияқтанып естіліп еді, сырқаты жанына батып жатқан екен ғой...» – деп үні құмыққан Зекең көзін төмен салып отырып қалды. Іні қазасы ағаға оңай тие ме?!.

– Зеке, босамаңыз. Жазмыш қой, – дедім. Зекең жүзін баяу көтере маған қарап:

– Ғаббас-жан, менің Рамазанды жақтауыма сенің хатың үлкен себепші болды. Мемлекеттік сыйлық өзі жақсы мен көзі жақсыға беріліп кеткен кездер болғаны рас, сен соны қатты да орынды айттың, рахмет, Ғаббас-жан! – деді. Мен ыңғайсызданып қалдым. Сол жерде ондай кішілік сөз айтқанына іштей таңдандым. Білімдарға кішілік, қарапайымдылық қашанда жарасады екен.

Бұл жолғы Мемлекеттік сыйлықтың алдыңғысында, екі жыл бұрын, әдеби құндылығы жоқ бір романсымаққа сыйлық берілген. Оны оқығандардар: «Өтірікке де сыйлық берілетін болды-ау!» – деп күлгендерін көргенмін. Содан соң оны оқып көрмек болып едім, бес-алты бетінен арыға зауқым соқпады. Не тілі, не оқиғасы тартпады. Соған шириқтым да, сөзімді түсінеді деп біліп, Зекеңе қатты ренішпен телефон соғып, онда айтқанымды хатқа түсіріп, жолдап жібергенмін. Зекең телефон шалып: «Ғаббас-жан, тауып айтыпсың. Ренжіген жоқпын. Мойындаймын. Оның авторы бір кездегі шәкіртім болған соң, қайтейін, дауысымды бердім, сыздадым», – деген. Ол хатымды Зекең мұрағатына қосып қойған шығар.

– Зеке, келгеніңіз жөн болды ғой, ал мен аяңдайың, – дедім.

– Ғаббас-жан, сәл шыдасаң, біз ала кетейік, машинамыз бар.

– Рахмет, үйім жақын, сау болыңыздар!..

...Рамзайдың атын өзі қойған Құдияр есімді немересі бар. Мектепте шәкірт. Құдияр атасының жолын қуатын сияқтанады маған. Солай болса екен!

2001-жыл.



## ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЗАҚ

– Сіп-сібежи бастық жолдас қабылдар ма екен? – деп жымия кіріп келе жатқан Жүмекеңді:

– Ассалаумағалейкүм! – деп орнымнан ұшып тұрып қарсы алдым. Құшақтасып амандасып, есен-саушылық сұрасып, диванға жайғастық. Ол мені жаңа қызметіммен

құттықтап (сатиралық «Ара-Шмель» журналына Бас редактор болғанмын), әдетінше бір анекдот айтып жіберді:

– Аймақ егесі бірде Қожанасыр әпендіге дөнен шығар есек сыйлап, оның кәрі есегін басқа біреуге беріпті де, арада біраз уақыт өткенде Қожекеңді жолда кездестіріп: «Ә, Қожеке, қалайсыз? Жаңа есегіңіз ескіңізден әлдеқайда мазалы, ә?!» – дейді. Сонда әпенді: «Өзі мазалы болса да, жүрісі мазасыз. Ескі есегім тұлпар еді!» – депті. Бұл – біздің қарақалпақтық вариант. Сол сияқты, сен Жазушылар одағымызды сағына бастаған жоқсың ба? – деді.

Жүмекең (жазушы, ақын, аудармашы, драматург, киносценарисші Жұмабай Тәшенев) әңгімесін анекдотпен тұздықтап, қиық көзі жұмыла, мұрнының етегі кеңікірей мырс-мырс күліп отыратын және анекдотты айтарда немесе айтқан соң: «Бұл – біздің қарақалпақтық вариант» деуді ұмытпайтын.

Тегі қазақ Жүмекең Қарақалпақстанда туып-өскен, сонда оқыған, газет-журнал редакцияларында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, Бас редактор болып, жиыны жиырма жылдай істеген. Ұлы Отан соғысына қатысты. Қазақстанына орда бұзар отыз жасында көшіп келді. «Жазушы» баспасында бөлім меңгерушісі, Жазушылар одағында әдеби кеңесші болды.

Қарапайым, кішіпейіл Жүмекең баладай аңғал, сенгіш еді. Ал журналшылық, әдебиетшілік білімі мол болатын. «Дүние жүзі әдебиетінің кітапханасы» топтамасымен екі жүз кітап шыға бастағанда, екеуіміз де оған жазыла алмай қалдық (бізше құр қалғандар аз емес-ті), сонда Жүмекең: «Құдай біледі бар ғой, жаздырып алғандардың көбі – көрсеқызарлар. Сәндеп жиып қойғаны болмаса, өмір бойы соның төрт-бес кітабын ғана оқиды, әлі көрерсің!» – деп күлді. Өзінің үй кітапханасы бай. Дүние жүзіне танымал классик атаулының орыс тіліне аударылған бірді-екілі жинақтарының бәрі дерлік бар. Көбін көне кітаптар дүкенінен алған. Айтпақшы, екеуіміздің танысуымыз Алматының Н. Гоголь көшесіндегі «Букинист» дүкенінде басталған. Тығыршықтай қараторы жігіт маған кезәйнегінің үстінен қарап:

– Сәлеметсіз бе? – деді.

– Сәлеметсіз, – дедім бейтанысқа. Ол жымыды. Одан арыда сөйлескен жоқпыз, кітап сөрелерін «ақтарып» жайымызға жүре бердік. Ол бір қалың кітап сатып алды. Мен ештеңе алмадым. Бірге келгендей-ақ, ол – алда, мен – соңда, сыртқа бірге шықтық. Ол маған қайрыла тоқтап:

– Інішек, сірә, екеуіміз осында жиі кездесетін болармыз, танысып қоялық, – деп қолын ұсынып, аты-жөнін айтты. Шынында содан кейін «Букинисте» айына бірер рет кездесіп жүрдік. Мен қызмет істейтін Жазушылар одағындағы жиындарда кездесеміз. Ақын-жазушылардың көбін білетін сияқты, аңқылдап амандасып, әзіл-қалжыңды ағыта сөйлеседі. Ал Жүмекең Одақ аппаратына қызметке келгеннен бастап ағалы-інілідей болып кеттік...

Екеуіміздің «Ара-Шмельдегі» әңгімемізді жалғастырайын. Жүмекеңнің сауалына:

– Жоқ, Жазушылар одағын әлі сағына қойған жоқпын. Орталық комитет тізесіне салып, омыртқамды опырардай күштеп жібергенде күйініп едім, бірақ бұл да – өзім жағалап жүрген сатираның үлкен ауылы, жұмысы қызықты болатын сияқты, – дедім.

– «Қызықты» дейсің бе... иә, өзің қалам тартып жүрген жанр. Айтыс-тартыс, атыс-шабыс аз болмас, тек қаламыңды тұзу ұстасаң, жетіп жатыр. «Партия қайда болса, жеңіс сонда!» ғой, – деп ол сәл жымыды да, қайтадан байсалданып: – Бұл ауыл маған ерекше «ерулік» берген, оны білесің бе? – деді. Үнінде қыжыл пайда болғандай.

– Оны қайдан білем, сіз мені ерулікке ертіп барған жоқсыз ғой? – деп әзілдің ұшығын әдейі шығардым. Көңілінде бір кірбең барын аңғардым. Кабинетке кіргенінде-ақ, бұрынғы жайдары қалпын сақтағанмен, өңінде өзгеріс барын байқағанмын: жүзі бозарыңқы тартып, жағы суалыңқырапты.

– Ғаббас, егер уақытың болса, еркіндеу әңгімелесейік, көріспегелі екі-үш ай өткен шығар, – деді.

– Жүмеке, қыңқ етпеңіз, шай ішуге де уақыт табамыз, қазір, – деп орнымнан тұрып, қабылдау бөлмеміздегі хатшы Айнашқа барып, шай әкелуді тапсырдым да, қайтып оралдым.

– Ғаббас, мен қазақ болсам да, көресімді өзімнің қазағымнан көріп жүрмін. Қарақалпақ ағайындар маңдайыма шертпеп еді, енді мұнда қазекем төбемді оя жаздады. «Қазақфильм» екі автор жазған сценариіміз бойынша «Ана туралы аңызды» шығара бастағаннан-ақ жоғарыға домалақ хат қарша жаусын. «Жұмабай Тәшенев деген алаяқ киностудиямыздың ақшасын жеп қояды!», «Қарақалпақстанды құртып келген жемқор Жұмабай Тәшенев «Қазақфильмнің» қаржысына ауыз салды!» – дегендей сұмдық сөз сапырылсын. Ақырында домалақ арызбен жауды жеңе алмасын білген бәтшәғарлардың жиырма шақтысы Мәскеуге коллективный шағым жөнелтсін. Тексерістен тексеріс. Сондай аласапыранда осы журналда мені шоқындырып жіберердей фельетон шықсын. Оның авторы – осында сенің алдыңда редактор болған, ол кезде жауапты хатшы жігіт. Өтірікті шындыққа бергісіз етіп жазыпты, аянбапты. Бірақ өтіріктің аты – өтірік емес пе, бәрі де босқа тырашанды, мені Қарақалпақстаныма қуып жібере алмады. Әйтседе, мені ауруханадан бір-ақ шығарды. Кардиологияда бір ай жаттым.

– Жүмеке, өтті – кетті дей салыңыз да, еске ала бермеңізші соны! «Қазақ десең, өзіңе тиеді» рас қой, ағайындарымыздың әсірепысықтығының шет жағасын Әдеби қорда жүргенде көріп едім, ол ол ма, «базар большой, кукуруза многоның» көкесі мұнда екен. Бірін бірі іреп-сойып жатқан қазекем. Домалақ хат, төртбұрышты хат дейсіз бе, күніне он шақтысы келеді. Так что, Жүмеке, бұл «қасиетіміз» туралы Қожанасыр ақсақал қарақалпақский вариантпен шынымен ештеңе демеп пе, соны айтыңызшы! – дедім, ауырлап бара жатқан әңгімені тезірек жеңілдетуді ойлап. Жүмекең маған жалт қарап, жадырай күліп жіберіп:

– Әпендіміз: «Әйтеуір уақытым бар ғой, о дүние жаққа барып келейін деп, есегімді көктем бойы жаратып, жаз туа жолға шықтым. Әуелі жұмақты көргім келді. Қақпаларының маңдайшасына қай халықтікі екені жазылыпты. Көзім шалып қалған арабтардың кеңсесіне барып, қазақтардың жұмағын сұрастырып едім: «Келген жолыңызбен ілгері жүре беріңіз. Алдымен еврейдің, одан кейін орыстың, одан арыда қазақтың жұмағы тұр» – деді. Еврей жұмағының қақпасы алдында бір сақшы тұр, келгендерге жымия бас изейді. Орыстардың жұмағын да жанай өттім. Екі сақшы қаздай тізілгендердің құжаттарын алып шолып, кезегімен енгізіп тұр. Қазақ жұмағына барсам, қақпасының алды опыр-топыр, үйме-жүйме. Қазекемдер бірін бірі жағадан алып, етек-балақтан тартып ырсырсыр, арсын-күрсін. Бірақ сөйлемейді. Қақпа шалқасынан ашық. Сақшы да жоқ, кіріп жатқан қазақ та жоқ», – деп келіпті Қожекең.

...Жүмекеңдердің «Ана туралы аңыз» фильмі Кеңес Одағы экранына шығып, бірнеше тілге аударылып, Лениндік сыйлыққа ұсынылғанда «Қазақ жұмағының» алдындағы аласапыранға ұшырап тынды.

Бір күні Жүмекең телефон шалып:

– Екеуіміз өзара сауда жасасақ қайтеді? – деп ақырын ғана күлді.

– Пожалыстаңыз, мен дайынмын, товарыңыздың аты-жөні қалай? – деп әзіл жауап жөнелттім. «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» ғой.

– Сенің товарыңның салмағы – бір кило, менің товарымның салмағы – бір кило. Екеуіміз де ұтылмаймыз. Әкел қолыңды! – деді.

– Тағы пожалстаңыз, екі қолым да бос.

– Сен ешбіреумен айтыспайсың, айтыссаң да, маған айтпайсың. Демек, «Айтыс» атты жинақтың саған керегі шамалы, оны маған сыйла, ал менің не сыйлайтынымды сен сұрама, бәрібір риза боласың.

– Алақандар шарт етті!

– Оны сенен бұрын естідім! – деді Жұмекең. Екеуіміз рахаттана күлдік.

– Мен түстен кейін, сағат примерно үштен аса Пушкин кітапханасында боламын, сонда кел, хорошо? – деді Жұмекең.

– Пожалыстаңыз!

Екеуіміз тағы күлісіп алдық. Жұмекең інісінің лып еткеніне риза болды білем. Ал мен қоңыр қазақ Жұмекеңді аға тұтып, еркелей әзілдесіп жүретініме жүздескен, сөйлескен сайын іштей қуанатынымын. Мінезі жайдары, жымыясы жұмсақ, күлкісі көркем. Білімдар. Әңгімешіл.

Қалаған кітабын – «Айтысты» алып бардым. Егер ұмытпасам, 1946-жылы шыққан кітап. Әуелгі аппақ мұқабасы қол табынан сарғыштана бастаған соң газетпен тыстап қойғанмын. Енді іші-сыртын үпілеп-сүпілеп, кейбір беттеріндегі қарындаш ізін мұқият өшірдім.

Жұмекең жанындағы бос орындықты иегімен нұсқап, «отырды» ишаралады. Содан кейін жымия сыбырлап сөйлеп: «Бір ағашта екі алма, мен де алмайын, сен де алма», сенің орап әкелгеніңді мен ашпайын, менің орап әкелгенімді сен ашпа, үйіңе барғанша. Мінеки, ал да тай. Менің уақытым тығыз, сау бол! – деп жымыяп, ораулысын да, қолын да ұсынды.

Құпиялаған жәйттің кісіні ерекше қызықтыратыны бар емес пе, ағаның: «үйіңе барғанша ашпасы» айтқан жерінде қалды да, сыртқа шыға, орауды ашып жіберсем... Бранислав Нушичтің төрттомдығы! Атын естіп, затын көре алмай жүрген Нушичіміз! Серб әдебиетінің классигі! Әйгілі әзіл-сықақшы! Әңгімелері басқа жиырма бірдеңе тілге аударылған. Пьесалары елінің театр сахнасынан түспейді екен. Әңгімелер жинағы Ресейде 1913-жылы шығыпты. Ресей жазушыларының біразы: «Біз Гогольдің шинелінен шықтық» десе, Нушичтің де Гогольді ұстаз тұтқанын естігенмін.

Оспанхан Әубәкіровка: «Қуанған кезінде қайтесің, не істейсің?» – дегенімде ол: «Жерге жата кетіп, атша аунаймын», – деп еді, мен қуанғанымнан, егер қанатым болса, төрт томды төбеме көтеріп, үйге қарай ұша жөнелетіндей ғажаптандым. Іштей: «Ай, Жұмеке! Ай, Жұмеке! Жүз жаса! Жүз жаса!» – дей бердім (жазмышқа не дерсің... оң тілекшісінің көп екені шүбәсіз жайдары аға ең болмаса 70 жасын тойлай алмады. Тағдыры тарынып, 69 жасында алып кете барды).

...Жұмекеңмен кездеспегелі бір ай шамасы болған. Араға апта сала үйіне екі мәрте телефон шалғанымда жауап естілмеді. «Сірә, қарақалпақ достары шақырып, Нүкіске тартып кеткен шығар» – деп ойладым. Ондай сапары сирек емес-ті.

«Жұмекең Жұмабай Тәшенев ағамыз ше, ауруханаға жатып шығыпты, денсаулығы онша болмай жүрген көрінеді», – деді бір күні ақын Сабырхан Асанов – «Букинист» дүкенін жиі «торитын» жолдастарымыздың бірі. Екеуіміз Жұмекеңнің үйіне кіріп-шығуға уағдаластық. Түрік Әзиз Несиннің «Футбол королі» романын қазақ тіліне аударған едім, сол кітапқа қолтаңба жазып алып, келісімді ертеңгі күні Сабырханның

үйіне телефон соқсам, зайыбы Шолпан: «Ғаба, ол үйде жоқ, бір шұғыл шаруа шығып, Шымкентке кетті» – дейді. «Ә, мақұл» – деп қойып, жалғыз жөнелдім.

Есікті Рая жеңгеміз ашты. Сәлемдестік. Дауысында сызат бар сияқты. Жүмекең жиулы төсекте киімшең жатыр екен. Әншейінде қимылы ширақ аға-екеміз басын баяу көтерді.

– Дем алып жатыр ма едіңіз? – дедім, мазалағаным а іштей өкініп тұрып.

– Кейде орындық пен диванға өкпелеп, төсекке осылай жантая кетемін, – деді ақырын сөйлеп, сәл жымыып. – Жақсы келдің, үстел басына бір-ақ барайық, жеңгеңнің шайы дайын шығар, – деп төсектен түсуге ыңғайланды. Көмектесе қолтығынан ұстадым. Несиннің кітабын үстелге қойып, мұқабасын сипап: – Әзекең мықты. Поздравляю! – деді, маған қолын ұсынып.

– Жеңгем екеуіңіз: «Қарақалпақстан, қайдасың?!» – деп тартып кеткен екен десем...

– Ойымыз болып еді, бірақ жол түспеді ғой, – деді Рекең.

– Одақта не жаңалық бар? – деді Жүмекең селқостау үнмен.

Шайдан соң диванға жайғасып, біраз әңгімелестік. Аңқылдақ ағаның өңінен, дауысынан шаршап-шалдығуы барын байқадым да, Жазушылар одағындағы, жалпы әдебиет ауылымыздағы оны-мұны жаңалық атаулыны қысқаша айтып, Жүмекеңді шаршатпас үшін жоқ сылтауды ойлап тауып, қайтуға ыңғайланып, аман-есендік тілеп, рұхсат сұрадым.

– Аударманды оқып, пікірімді өзіңе айтамын, – деді Жүмекең.

Ойдың бәрі орындала бере ме...

Жайсаң ағаның дәмі таусылуына он шақты күн қалған екен...

2002-жыл



## ДӘНЕКЕР

– Ғаба, сізге бір керемет қызық әңгіме айтайын деп едім, қазір барсам қайтеді?

– Кел, кел! Сені бір тер қысып та тұрған шығар, келе қал!

1985 жылдың 8-май күні кешінде Өмірбек екеуіміздің телефонмен тез сұхбатымыз осылай болды. Өмірбек Оралбекұлы – белгілі журналшы, спорт, оның ішінде шахмат хақында жазатын маман. Екеуіміз де Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданынанбыз. 1960 жылдан таныспыз. Облыстық “Коммунизм туы” газетінің редакциясына “бадырақкөз” болып жұмысқа орналасуына себепшілік жасағаным бар. “Бадырақкөз” – редакцияның күнде баспаханада газет шығару шаруасында жүретін, кезекші редакторлармен бірге газеттің барлық беттерін оқитын, әріп қатесі кетпеуіне тікелей жауап беретін қызметкеріне қойып алған атымыз. Журналшы болуға құмартқан, өлең, әңгіме, хабар, мақала жазып көзге түскен арнаулы дипломсыз жастар әуелі осы “Бадырақкөз мектебінен” өтетін, сонсоң әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі деңгейінде сатыларға аяқ басатын. Менің де журналшы жолым солай басталған.

Өмірбек ерекше елгезек еді. Редакцияның, баспаханың қандай жұмысынан болсын бас тартпайтын. Ара-арасында фотографтың да міндетін атқарып кете баратын. Жігіт болып ашуланып та, кикілжіңдесіп те көрген емес. Өзінен жасы үлкенмен сөзі жараспай қалса, иығын бір көтеріп, миығынан ақырын ғана күліп.

“Қызық екенсіз...” – деп бұрылып, жайына кететін. Өзінен жасы кішінің теріс қылығын көргенде, ауырлау сөзін естігенде: “Мұның қалай? Тоқта, тоқта, ашуланба, мәселе олай емес, ашуыңды бас, мәселе былай!” – деп сәл қатқыл сөйлейтін де, сонсоң жайдарылана күліп жіберіп, “қарсыласын қарусыздандыра” қоятын бір ғажап тақысы бар-ды.

Ол ҚазМУ-дің журфагын сырттай оқып тәмамдады. Жыл сайынғы бір айлық сессиясы кезінде, диплом жұмысы мезгілінде біздің үйде тұрды. Шахматқа өте әуес еді және жақсы ойнайтын. Кешкісін маған: “Ғаба, бір-екі партия тартып жіберейікші”, – дейтін. Мен: “Қой, сабағыңа кесір болады” – деймін. Бәрбір ойнаймыз. “Бір-екіміз” кейде алты-жетіге жетіп қалады да, шешемнен: “Болды ғой, қойсаңдаршы, ұйқыларың қанбайды ғой!” – деген “сегіс” естіп барып доғарамыз. Оның ойын “тәртібі” қызық еді: жүрісті қате жасап қалса, қозғалған фигурасын орнына қайтара салатын. “Әй, бауырым, рұхсат сұрау, кешірім сұрау қайда?” – деймін, жорта наразылық білдіріп. Ол күледі: «Апырым-ау, енді сіз де қайтып аларсыз», – дейді.

“Коммунизм туы” редакциясында жауапты хатшы болып жүргенінде, 1974 жылы шығар, оның әйелі Тоня кандидаттық диссертация қорғады. Алматыда. Өмірбектің сондағы адамгершілік асыл қасиетіне мен де, Өмірбекті білетін басқа үлкен-кіші де аса риза болдық. Мейманханадан бір айға екі бөлмелі люкс-номер алды да, диссертанттың қағазға, баспаханаға қатысты жұмыстарының баршасын Өмірбек сонда өзі атқарды. Екі жастағы ұлын көтеріп біздің үйге таңертең келеді де, менің машинкамды иемденіп, кешке дейін рефератты басып алып кетеді, ертеңінде тағы келіп, түзетулерді, қателерді енгізіп, қайтадан машинкалайды. Ұлын ұйықтатып, киімін ауыстырып дегендей істері және бар. Реферат әбден дайын болған соң, оны ерекше аппақ қағазға әрбір әріпті қадағалап дерлік қатесіз басып, түптетуге әкетті. Диссертация қорғалды. Қатыстық, тыңдадық, қуаныстық. Қонақасы берді. Өмірбек сонсоң ғана босап, біздің үйге жалғыз өзі ғана келіп: “Ұйқымды бір қандырайыншы!” – деп жатып, тырп етпестен он бір сағат ұйықтағаны есімде. Ол қатты жүдеді, әншейінде жұқа құлағы қалқайып, көзі аларып, жағына “пышақ жанығандай” болып қалды.

Шіркін, қазекемнен сөз қалған ба, “Сиыр сипағанды білмес, жаман сыйлағанды білмес” – деді-ау! Өмірбектен бір ауыз салқын сөз естімеген, тіршілік салмағын көрмеген, әсіресе, кандидаттық қорғауын ұйымдастыру, атқару кездерінде алақанына салған Өмірбекке Тоняның (қазақша аты қалай екенін сұраған емен) көрсеткен “жақсылығы” өзіндей ғылым кандидаты бір жігітпен кете барғаны болды. Балаларын да тастап кетті. Ондай сұмдықты “ғалым” әйелден кім күткен!..

Опасыз әйелдің соңына түспеген, ішкі алай-дүлей күйін сыртына шығармаған сыпайы мінезді Өмірбек үш баласын жетектеп Алматыға көшіп келді де, “Қайнар” баспасына қызметке орналасты. Бірер жылдан соң Хорлан атты салмақты, байыпты қызға үйленіп, одан Айбек, Айсұлу есімді екі перзент сүйді. Баяғымызша аға-іні болып араласып жүрдік. Аптасына кемінде бір рет кешкісін келе қалып, Задаға: “Жеңеше, көжеңіз ашыды ма?” – деп еркелене әзілдейді. Зада: “Өмеке, ағаң екеуің үшін ашытамын ғой!” – деп, арпа көжені көрлен кесемен әкеле қояды. “Ә, Ғаба, шахматыңызды тіге беріңіз, енді ұтылмаймын, жеңгемнің көжесі – мен үшін мықты заряд!” – деп жымыңдайды сонда Өмірбек. Ал кейде не үш, не бес литрлік бидонмен қымыз алып келіп: “Жеңеше, айырбастайық!” – деп қалжыңдап, ақырында қымызының жартысын қалдырып кетеді. “Көктебенің арғы бауырында таныс шалым бар, қысы-жазы бие байлайды. Қымызы бал татиды, ә?” – дейді.

Сөз басындағы сұхбаттан соң келгенінде де бал қымыздан үш литрді алып жетті. – Бұдан кеше Ғабең де татты, – дейді жымыңдап.

– Кім? – деймін, түсініңкіремей қалып.

– Ғабең, Ғабит Мүсірепов ағамыз!

– Е, ол кісімен қашаннан таныс едің?

– Кеше таныстым. Керемет қызық әңгіме дегенім сол ғой! – деп рахаттана күлді де, әңгімесін ағылтты.

Қазақта Аида Мүсілімовадан кейін атақты болған екінші шахматшы қыз – Гүлнәр Сахатова. Аида Қазақстанның он мәрте чемпионы десек, оның шәкірті Гүлнәр бес рет көшбасы болды. Ол жеңіс тұғырына алғаш көтерілгенде жас түлектерінің жақсы атағына қуана білетін Ғабит ағамыз Гүлнәрді үйіне шақырып, құрмет көрсетіпті. Шахматшылар өмірін зерттеп, жарыстарына қатысып, бұл көне өнердің Қазақстандағы өріс-өресі жайында жазып жүрген Өмірбек енді Гүлнәрді кейіпкері етуді ойға алған ғой. Ғабең шақыруын құрдасы Ғабаңның – Ғабиден аға Мұстафиннің – ұлы Қайрат арқылы жолдаған да, ол жолдасы Өмірбекке жеткізген. Сөйтіп, үшеуі 1985-жылы 8-май күні Ғабеңнің үйіне барған. Сол кездесулерінен ерекше әсер алған, еріксіз толқыған, кеудесіне симауға айналған қуанышын бөлісуге асығып жеткен Өмірбек інімнің ол кештегі көңіл күйін айтып беруім мүмкін емес. Қолымнан келетіні – Өмірбектің “Шахматшы Гүлнәр” атты кітабын оқып көріңіздер деу ғана. Мұқабасының бірінші бетіне Ғабең мен Гүлнәрдің фотосуретін орналастырған ол кітап – Өмірбек Оралбекұлының ақиқат ақпарлы алғашқы хикаяты. Ғажап тартымды!

Шахматшы туралы кітап жазуға Өмірбектің көп дайындық жасағанын жақсы білемін. Мақалаларын былай қойғанда, атақты шахматшылардың кітаптарын қазақ тілінде шығаруды ойлап, көп іздегені бар. Ол тұста дүкендерде бүгінгідей әлем-жәлем кітап нөпірі жоқ, тәуір кітапты таныстық жолымен ғана таба алатынбыз. Шахматшылар кітабы жоқтың қасы. Әйтсе де, Өмірбек Мәскеуден Анатолий Карповтың кітабын алдырып (“А завтра снова в бой”), “Жалын” баспасынан 1986-жылы қазақ тілінде шығартты. Бірде сол аударма еңбегін шаттана алып келіп, әлем чемпионы болған шахматшылар өмірінен небір тың әңгімелерді таратып айтып, өзінің тұңғыш кітабын көргендей масайрап, мені бетқараттырмастан үш дүркін ұтып: “Жеңеше, көжеңізден және бір кесе өкеліңіз!” – деп желпінді.

1993-жылы қазан айының 22-сінде кешкісін Өмірбек бізге келіп, жеңешесінің көжесіне қымызын айырбастай қалжыңдасып, менімен екі партия шахмат ойнады да:

– Жексенбіде келеміз, жеңеше, қымызға үлкенірек ыдыс әзірлеп қоярсыз, – деді.

Содан кейін үйіне телефон шалып: – Хорлан, мен қазір келемін, ағаның үйіндемің, – деп, маған қарап: – Ғаба, Айбекті шахмат ойнауға үйретейін деп жүрмін, қалай қарайсыз? – деді.

– Құйтақандай баланың миын ашытып қайтесің, біраз есейсін де, – дедім.

– Бір пәле шығаратындардың бәрі оны құйтақайында бастайды! – деп күліп кете барды.

Ертеңінде таңертең Хорлан келініміз телефон соғып:

– Аға, кеше сіздің үйден хабарласып, “қазір келем” деген Өмекең әлі жоқ, бүйтпеуші еді, енді қайтем? – дейді. Дауысында үрей бар. Мен іштей шошынсам да, Хорланды жұбатып бақтым.

– Күтейік, келіп қалар, жолдастарының бір шаруасымен дача-мачада бөгеліп жүрген шығар, – деймін. Өмірбектің жекеменшік “Тойотасы” бар еді де, жолдастарының жұмысымен қала сыртындағы ауылдарға шапқылап жөнеле беретін. Бірақ келіншегіне хабарламай кетпейтін.

Хорланды жұбатқаныммен, өз көңілім қалайда өрекіп, біраздан кейін милицияға мәлім еттім. Түнгі сағат екіде милиция хабарласып, түр-түсі мен суреттегендей бір

адамның өлігі Ұзынағаш жақтан табылғанын, денесі Қаскелең мүрдеханасында екенін, өздері түсіріп әкелген фотоларды келіп көруіме болатынын айтты. Милиционер қазақ жігіт екен, шошынсам да сабыр сақтап, әрі Өмірбек емес деп ойлап: “Айналайын інім, астарыңда көлік бар шығар, өздерің келіп қайтсаңдар қайтеді?” – дедім. Көргенді жігіт екен, сөзімді жерге тастамады, көп тостырмай келді. Екі түрлі фото... екеуінде де... Өмірбек!..

Бес айдан кейін қаза құпиясы ашылды. Қандықол жауыздар тұтылды.

– Сіздің ініңізді өлтіргендей почеркпен үшінші кісіні өлтіріп, соның машинасын саудалап жүрген жерлерінде ұсталды, екі жігіт, бір келіншек. Қылмыстарын мойындады, бәрін айтып берді. Ол сұмдардың айласы көп емес пе, ініңізді үйіне екі көше қалғанда тоқтатыпты. Талықсыған кісінің кейіпіне түскен әйелді жігіттердің біреуі жол жиегінде құшақтап көтеріп тұрыпты да, екіншісі машинаға қол көтеріпті. Ажалға дауа бар ма, ініңіз жолығыпты, тоқтапты. Содан тоқтатқан оңбаған: “Әйелімнің жүрек ауруы ұстап қалды, құдай үшін көмектесіңіз, ауруханаға апара көріңізші” – депті. Ініңіз елп етіп есігін ашып, отырғызып алыпты. “Аурухана қайда?” – дейді ол. “Қаскелеңге шыға берісте”, – дейді аналар. Ал шыға берісте артта отырған жауыз мойнынына тұзақ тастап кеп жіберген де, қатарындағы қарақшы жүрегіне пышақ ұрып, дереу рульге ие болған, сонсоң Ұзынағаш жаққа тартқан да, жолай тау бөктеріне бұрылып, бұта арасына тастап қашқан, – деді тергеуші жігіт, мені оқиғаның жайымен таныстырып...

Өмірбегіміз 56 жаста еді...

2001-жыл.



## ТЕҢ ҚҰРБЫДАЙ

1973-жылдың қоңыр күзі еді. Бөлмеме Зәки аға кіріп келді. Сәлем бере қарсы алып, төрге шығара орындық ұсындым.

– Ана-а-ау сәрсенбіде мақала әкеліп едім, енді кітап әкелдім, – деп қулана қарады.

– Аға-еке, «ана-а-ау» – деп алысты меңземесеңізші! Мақалаңыз қолыма тигелі бүгін он бірінші күн ғой, – дедім, жорта наразыланып.

– Мен есеп шығарып келсем, сен де есеп шығарып отыр екенсің, ә? – деді. Әзіліміз жарасым тауып, екеуіміз қосыла күлдік.

– Аптасына бір шығатын газетке де есеп-қисап керек қой, ал сіздің мақалаңыз ертеңгі нөмірге сызықтың астын тұтас алып кетіп барады.

– «Сызықтың асты» дейсің бе?

– Газет бетінің астыңғы жартысында жалпифан материалды «сызықтың астын алып жатыр» – дейді.

– Ондайды «подвал» – дейді емес пе? – деді Зәкең, сәл таңданып.

– «Коммунизм туында» Бейсенғали Тәйкіманов деген редакторымыз болды, сол кісі сіз айтқан «подвалды» «сызықтың асты» дейтін де, үлкен бастықтардың мақаласын міндетті түрде сонда орналастыратын.

– Бейсекеңді білем ғой, ол Шығыс Қазақстанның газетіне, сендердей жас журналшыларға жайлы болды, ә?



– Қашан да, қайда да орып сөйлейтін шешендігімен, әділдігімен, табандылығымен беделді болды. Редакцияның пәлен жыл үйсіз-күйсіз жүрген қызметкерлерінің бәріне бара қамқорлық жасап, 2-3 жылдың ішінде-ақ пәтер алып берді, айлықақымызды, қаламақыны көбейттірді.

– Сендерге барған соң бір ай шамасында маған телефон шалып: «Оу, Шығыстың жігіттері, өз газеттеріңмен байланыстарың онша емес екен, оларың не? Олай болма-сың, жазып тұрыңдар!» – дегені бар.

...Иә, Бейсекең өзінен бұрынғы редактордың Зекеңдей ағалардан келген материалға үрке қарап: «Алматылықтар көбейіп кетті деген сөзге қаламыз» – деп беталды қалыптастарған «тәртібін» бұзды, Алматыда, басқа қалалар мен облыстарда тұратын ақын-жазушы, ғалым, суретші жерлестерімізбен байланыс жасады. «Халыққа белгілі адамдардың мақала-шығармалары газеттің мәртебесін көтереді, тиражының көбеюіне көмегі болады», – дейтін. Шынында солай ғой. Шығыс Қазақстанның түлектері: Зәки Ахметов, Шериаздан Елеукенов, Қасым Қайсенов, Уаһап Қыдырханов, Оралхан Бөкеев, Кеңесхан Зәкенов және басқа жерлестеріміздің өздері туып-өскен өңір жайында жазғандары газет оқырмандарын тәтті ететін...

Зекеңнің алып келген кітабы «Өлең сөздің теориясы» екен. Ағалық ыстық ықыласымен жазылған тілек-қолтаңбасы бар. Әйгілі ғалым ағаның ілтпатына ерекше қуанып, марқайып қалдым.

– Зәке, бұл еңбегіңізге пікірді өзім жазамын! – дедім.

– Оны өзің біл, ол – сенің шаруаң, – деп Зекең және бір жымыды.

(Мен «Қазақ әдебиеті» газетінің әдеби сын бөлімінің меңгерушісі едім. Бөлімнің міндеті: әдебиет жанрлары бойынша талдау мақалалар, ой-толғаныстар жариялануын, бар-жоғымызды түгендеп отыру; жаңа шыққан кітаптарды сыншыларға беріп, пікір жаздыру, т. б.)

Біз Зекеңмен де тиянақты байланыста болдық.

Әдебиетші ғалым аға орыс тілінде жазуға жүйрік еді. Абай шығармашылығы; қазақтың өлең құрылымы; қазақ әдебиетінің даму жолдары мен дәстүрлері; «Абай жолы» эпопеясының поэтикасы жөніндегі зерттеу мақалаларының жинақтары орыс тілінде жарық көрді. Қазағының тілінде жазған еңбектері – өз алдына бір мол дүние.

Бертінде, 2000-жылы, бір бас қосу сәтімізде:

– Зәке, сәйгүлігіңіз басқаларға жол бермей жүрген жылдары зерттеу – сын мақалаларыңызды, мысалы, қазақ әдебиеті, оның поэзия жанры, Абай мен Мұхтар Әуезов туралы еңбектеріңізді әуелі орыс тілінде жазғаныңыздың сыры неде? – дедім. Зекең маған қасын кере қарап отырды да:

– Орыс тілінде ме... Қазақ сыншылары, әдебиетші-зерттеушілері ол тақырыптарға өзіндік пайым-тұжырымдарын жазып жүр, кітап етіп шығарып жүр. Жақсы. Бәрімізге керек. Әсіресе ертеңгі ұрпаққа танымдық мәні құнды еңбектер. Алайда... біздің Қазақстанда орыстілділердің, оның ішінде орыс зиялыларының саны әлі басым жатыр. Көркем әдебиетіміздің кешегісі мен бүгінгісін, мәселен, жаңа өзің тізген тақырыптарды игеру жетістіктерімізді соларға танытуымыз керек пе? Керек! Ана тілімізде жазғандарымызды оларға жеткізу үшін орыс тіліне аудару қажет, ал оны кім қалай, қашан аударып береді, аударма сәтті бола ма, болмай ма, сәтті болса – қай баспаның кезегіне тұрып, қашан шығара аласың? Мен әу баста осындай ойда болдым да, әдебиетімізді насихаттау мүддесімен орыс тілінде жазуға машықтандым, жинағымның анау аударма деген айналма жолға түспей, өзімше төте жолмен шыққаны, сөйтіп межесіне тезірек жеткені керек деп түйдім. Бүгін бажайлап отырсам, онша қателеспеппін, ол кітаптарыма Совет Одағының түкпір-түкпірлерінен хат-пікір көп келді, ойлантатын

оңды ұсыныстары да бар. Әсіресе Лермонтов творчествосына ден қойғаныма ризашылық білдіргендері. Демек, менің орыс тілінде жазғандарым әдебиетімізге пайдалы сияқты ма, қалай? – деп жымыңдады. Әдетінше шапшаң сөйлеп, ойындағысын бір-ақ ақтара салған-ды.

– Әрине, пайдалы. Өзімізді өзгеге танытудың қай тәсілі дұрыс болса, сол керек те ғой, – дедім. Түйме көзі күлімдеген Зәкең:

– Ғаббас, саған ескерте отырайын: мен сатиралық шығармаларды оқуды ғана жақсы көрумен шектелмеуді ұйғарып, сендердің Ілиясұлы Қажытай сарбаздарыңның жаңа жинағына алғысөз жаздым, жақында шығады, оқы да, маған пікіріңді айт, жарай ма? – деді.

– Жарайды. Әзіл-сықақшылардың жоқшысы жалғыз Темкең – Темірбек Қожекеев қана болып жүр, енді сіз қамқорлық жасар болсаңыз, біз тек қуана қол соғамыз! – дедім. Зәкең қарлығыңқы үнмен рахаттана күлді.

«Ұлық болсаң, кішік бол» деген ғой қазекем. Зәки аға есіме түскен сайын осы ұлағатты сөз де бірге оралады. Ширақ қимылды, ширақ сөзді Зәкеңмен ғылым кандидаты кезінде таныс-біліс болдым да, өмірінің соңғы күндеріне дейін көзбе-көз де, телефон арқылы да әңгімелесіп жүрдік. Қаншама жоғары атақ алып, ғалымдық шені өсіп, шекпені жаңарып, ғылым шыңдарына көтерілген сайын қарапайым, кішіпейіл қасиеті арта берді. Республика ғылымына еңбегі сіңген қайраткер; Ғылым академиямыздың Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының иегері; ғылым докторы, профессор, академик; Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты; Жоғарғы Кеңестің депутаты... бірге өскен, бірге жүрген қалтқысыз тең құрбындай емін-еркін сөйлеседі, пікірлеседі, әзілдеседі.

Сондай асыл ағадан айрылып қалғанымызға 5 жыл..

Туғанына алдымыздағы мамыр айында 80 жыл толады. Ел-жұрты нендей қам жасап жатыр екен? Бұл сауалды облыс басшыларына бұдан 4 жыл бұрын осы газет арқылы жолдап едім... «Зәкең – Ұлан ауданының, немесе Шығыс Қазақстанның ғана түлегі емес, иісі қазаққа, бүкіл Қазақстанға ортақ перзент. Облыста ғұлама Зәки Ахметов атында көше, мектеп бар ма?» – деген сол сұрағымды тағы қайталауды жөн көрдім.

*2008-жыл.*



## **ТІК ЖҮРДІ**

Маңдайына наурыздың елу сегізін ғана көру жазылған Төлеген Тоқбергеновтің әдеби сындағы бір тарланымыз болғаны – көзі тірісінде-ақ баршамыз мойындаған шындық. Төкең маған өр жаратылысымен қымбат еді. “Өр” мен “өркөкіректің” арасы тым алшақ: “өрлік” – ісі де, сөзі де ақ және сол ақ жаратылысын пендешілікке айырбастамайтын, адалдық пен әділдік тұғырынан таймайтын, биігінен төмендемейтін адамға тән, ал “өркөкіректік” – ісі де, сөзі де ағат болғанының өзінде “мен білем!” – деп өлермендене беретін, бір өзінің бас пайдасы үшін кейде ашық арандайтын, кейде жағымпаздықтың, яғни рухани құлдықтың батпағында малтығып қалатын бірде алай, бірде былай жұмырбастыларға тән. Төлеген тік тұрып, тік жүріп, өр қалпында өтті мына жалғаннан. Жолдастыққа, достыққа адал, берік еді. Көңілінің қалтарыссыз екені

күлкісінен-ақ көрінетін. “Өйт деген-ау!”, “Өй, пәлі деген!” дейтін де, үнемі қарлығыңқы үнімен «уа-а-аһ» – деп ашық күлетін.

Журналшы, жазушы, аудармашы, педагог жолдасым Сағымбеков Рамазанның отауы қай жақта, қашан болсын құдды бәріміздің штабымыз тәрізді еді. Біз онда жиі болатынбыз, себепті-себепсіз бас қосып, ойнап-күліп, дуылдасып ұзақ отыратынбыз. Мен кейін де өзіммен жақсы жолдас болып кеткен жігіттердің (Алматыда) көбімен сол үйде таныстым. Мәселен: “найза қасты” композитор Ілия Жақановпен, сері мінезді Өмірұзақ Айтбаевпен, ақын Сағи Жиенбаевпен... Төлегенмен де сонда алғаш дастарқандас болдым.

– Фаппас, мына иір мұрын жігітпен танысып қой. Біздің заманымыздың Белинский – Төлеген Тоқбергенов, – деп Рамазан әдетінше нығыздап сөйлей күлімсіреді де, мені ол бейтанысқа: – Бұл “қып-қысқа” жігіт – Алтайдың мықтысы, анау Асқар Тоқмағамбетов көкеміздің сарбазы, – деп таныстырып, иығыма түйіп қалды. Ол әрқашан “Фаппас” – деп атайтын да, жазатын да және түйіп қалып сөйлейтін қылжақ әдеті де бар-ды.

– “Белинский” жолдасты жігіт дейсің, шашының санына қарағанда, пенсияға баяғыда шыққан болар, – деп едім, қасқабас Төлеген: “Уа-а-аһ” – деп шалқалап күліп жіберді. Сол күннен бастап “ішек-қарынымыз араласып кетті”.

Мен Төлегеннің сыншылық қарым-қасиетін тізбелемеймін. Көзі қарақты қазаққа мәлім жәйтті қайталау артық. Оның маған ұнайтын қыры – үлкен-кішіге істің анығын тура, тік айтатыны, күлтелемейтіні, именшектемейтіні еді. Көзбе-көз сөйлескенінде де, телефонмен сөйлескенінде де, ол жақсы дағдысына сан рет куә болдым.

Бірде, “Жұлдыз” журналы редакциясында сын бөлімін басқарып тұрғанында, менен Зейнолла Қабдоловтың “Өмір ұшқыны” атты кітабына пікір жазып беруді қолқалады. Келісіп, жазып бердім. Жарияланды. Біраз күннен соң Жазушылар үйінің бірінші қабатында екеуіміз Зекеңе жолыға қалдық. Сәлемдестік. Төлеген екі алақанын жая шалқайыңқырап, маған көзін қысып қойып:

– Осы кейбір шалдар бар ғой, қызық, ей, жаңа кітабы шығады – “жумайды”, кітабына жақсы рецензия шығады – “жумайды”, – дегені. Зекең екеуімізге жалт-жұлт көзек қарап:

– А? Солай ма? Жүріңдер! Фаппас-жаң, саған рахмет! Кәне, жүріңдер! – деді. Мен ыңғайсызданып қалсам, Төлеген:

– Уа-а-аһ! – деп күліп: – Мен сөзімді қайтып алдым, жүр, Фабеке, кеттік! – дейді. Сөйтіп, үшеуіміз “Қаламгер” кафеміздің “Барына” кіріп, жүз грамнан коньяк іштік.

1971-жылы мәскеулік “Вопросы литературы” журналының 9-шы санында Алла Марченко дегеннің “Абай жолы” эпопеямызды құстаналаған мақаласы шықты. Ол Мұханның – Мұхтар Әуезовтің ұлы туындысын “шұбалаңқы, нанымсыз тұстары бар, біраз қысқартқаннан автор ұтылмас еді...” – дегендей пәтуәсіз пайымдаулар жасапты. Марченконың кім екені, Алматыға қашан, қайда келіп қайтқаны жұмбақ. “Оны Пәленшекке қарсы алып, шығарып салыпты” – делініп, бір үлкен жазушымыздың аты-жөні аталғаны ғана бар. Сол жайында әңгіме қозғап отырып, Төлегеннің пікірін сұрап едім, ол: “Фабеке-ау, “ит үретін, керуен көшетін” дей салайықшы, қайдағы бір қатын оттады екен деп шаршамайықшы, онсыз да нервотрепка жетіп жатқан жоқ па?” – деді. Кейін Мәскеуге, әдеби сыншылардың жиналысына барып келгенінде, қалайда бір көңілсіз сөйлеп отырып:

– Айтпақшы, Фабеке, мен әлгі Марченко дегенді көрдім, – деді де, кідірді.

– Иә, қалай екен? Сөйлестің бе?

– Байғұс... жүнін жұлған тауықтай... Мұхаңның көзкөргендері сыбағасын берсе керек. Сөзге еріп шатаسقанына өкінетін шығар. Ештеңе демедім, кейпіне жаным ашыды.

– “Ақымақ, атасының басын қойып, аруағымен ойнайды”.

– Тауып айттың!

– Мен айтқан жоқпын, бабаларымыз айтқан.

– Әй, пәлі деген! – деп Төлеген санын бір салып, қырылдап күлді.

Бір күні: Пәленбай жазушы бильярд залында Төлеген Тоқбергеновпен жанжалдасып қалып, бөтелкемен басын жарып тастапты! Шатақ болып жатыр! – деген “жаңалық” дүңк етті. Жүгіріп Төлегеннің үйіне бардым. Келіншегі Бәтима:

– Ойбай, Фаба, сұмдық болды! – деп абдырап қарсы алды.

– Төкең қайда, ауруханада ма?

– Үйде, төсегінде, бара бер!

Төлеген от жаққа қарап қырын жатыр екен. Жанына барып отырдым. Басы ақ дәкемен таңулы, дәрі иісі мүңкиді.

– Қалайсың? – дедім. Ол бетіме барлай қараған қалпы қолын жайлап ұсынып:

– Дәнеңе жоқ, – дей салды.

– Е, болмаса қойсын. Үйде жатқаныңның өзі – мен үшін жақсылық. Бастың жалтыры да дұрыс-ау, бөтелке қайбір мандып тиді дейсің, тайғанап кеткен шығар бәлем, – деп қалжыңдадым. Ол әзілді жақсы көретін, аянбай қажасатын. Көңілін аулау үшін әдейі айттым. Сан-сапалақ ойдан сәл серпілгені керек. Төлеген үнсіз күліп, көзін жұмып-ашты да:

– Сенің не ойлап отырғаныңды айтайын ба? – деді.

– Сәуегейлігің бар ма еді?

– Жоқ, айтпаймын. Сәуегейлігім жоқ емес, бар, бірақ, ойыңды мен айтпайын, өзің айтшы!

– Е, айтайын: тым құрыса сәл-пәл қорғанышы жоқ тап-тақыр бастың бөтелкемен, бала да емес, балуан ұрғанда несі қалды, Төкең сорлады-ау деп шошып келіп едім, құдайға шүкір, басың аман екен, шын қуанып отырмын!

– Шын ба?

– “Аямасқа бекіп ең” дегендей, маған да сенбеуге бекініп пе едің, сенімен тебелескен мен емес едім ғой? – деп тағы әдейі қағыттым. Ол астыңғы ернін тістеп, үнсіз күліп, көйлегінің алқым түймесін ағытып, басын жайлап көтерді де, төсегінің бас шеніндегі тайпақта жатқан бүктеулі парақты иегімен нұсқап:

– Балуаныңның хаты. Бағана достары келіп, “сотқа бере көрмеші” – деп жалынып кетті. Хатын оқышы, жылап отырып жазыпты, кешірім сұрапты, өлердей қорқып жүрсе керек. Ал сен не дейсің?

– Мен ештеңе демеймін. Өзің не десең – сол болу керек.

– Дұрыс. Оны... көзін жылтыратып отырғыза салу оп-оңай, бірақ... “Төлеген Тоқбергенов соттатып жіберіпті” – деген қаңқу сөзден жиіркенемін.

– Сағымбековке тартқансың.

Төлеген ерінін тағы тістеп, қолын соза тіземнен ақырын мыти үнсіз күлді. Дәстүрлі күлкісі «пұлданып» келмей тұр ғой. Сол әредікте Рамазан Сағымбеков келіп кірді. Қасында маған бейтаныс бір жігіт бар. Енген сәтте өңі құқылданып, абыржығаны анық аңғарылған Рамазан кенет ақсия күлімсіреп:

– Ей, мыналар мез-мәйрәм ғой?! – деді...

Әзіл-қалжыңдары жарасқан Төкең де, Рахаң да бақиға тым ерте аттанып кетті...  
*2009-жыл*



## «СҰЛУ»

Иә, мен оны «Сұлу» деуші едім. Өңі ақсары мен қараторының аралығы. Бетінде жұқалтым қорасандағы бар, сонысын қағыта қалжыңдауымнан «Сұлу» деген ат шыққан-ды. Оның құлағы үйреніп кеткен де, қарымталап: – Немене, қойғаның суып бара ма? – деп жорта ежірейіңкірейтін. Ол шындап ежірейе алмайтын, өйткісі келгенмен іле-шала күліп жіберетін. Күлкісі де қызық еді, әуелі ыржиыңқырап, иә, ол басқаларша ашылып-шашылмайтын, оң жақ езуін тартыңқырап, еппен ғана ыржиыңқырайтын, онысы әншейінде де жайдары жүзіне жарасатын. Қаламдас жолдас болған отыз екі жылда оның астаң-кестең ашуланғанын көрген емен. Небір қиын жағдаяттарға ұшырағанында да, әп деп алқына қалғанмен, кінәлі өзгені де, кінәлі өзін де сол ыржиыңқырап басталып, бір рет қана «ыххы» – деп қалатын жұмсақ, тіпті, үнсіз деуге болатын өзіндік ерекше күлкісімен құтқарып жіберетін.

«Сұлумен» 1962-жылы кездестім. КазГУ-дің журфағын тәмамдаған, Алматыда бірер жыл қызмет істеген шымыр денелі жігіт бізге, Өскеменге облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясына жауапты хатшылыққа жіберілген екен. «Түсі игіден түңілме» ғой, мен оны қалайда бірден жантартып, бірден «сен» – деп: – Орның құтты болсын! Жауапты хатшы болып келгенің дұрыс екен, бізде саған дейінгілердің бәрі жауапсыз хатшы еді! – дедім, әдейі өктемдеу сөйлеп, «ауыл итінің құйрығы жуан» емес пе. Ол ыржиыңқырап қарады да, қолын ұсынып: – Рамазан Сағымбеков, – деді. Мен тағы әзілдеп: – Бағана сені коллективке таныстырғанында редактор жолдас та «Рамазан Сағымбеков» – деп еді, қателеспеген екен, – дедім. Ол енді үнсіз күліп алды да: – Өзіңнің ныспың кім? – деді. Қолымыз әлі ажыраған жоқ-ты, бір саусағымен алақанымды қытықтады. Қолын тартыңқырап, алақанымды ашыңқырап қарасам – сұқсаусағының ұшы мұқыл екен. Жорта күлдім де: – Менің ныспым – Фаббас Қабышев. Мына саусағыңды қыз тістеген болса мүлде қыршып алар еді, сірә, кемпірдің аузына түскен-ау, ә? – дедім. Ол: – Кетші-і-й, Фаппас Қабышев жолдас! – деп қолын тартып алып, иығыма түйіп қалды. Бір көрген басқа біреу ондай оқыс өжеттік көрсетсе, әуселесін көріп алар едім, ал Рамазанды баяғыдан түйгіштесіп келе жатқан құрдасыма балағандай-ақ қалайда қатты күліп жіберіп: – Өй, Сұлуым-ай, жарайсың! – дедім.

Біз бірер аптада аралас-құралас болып кеттік. Мен «Сұлу» дегенімді жалғадым, ал ол ауызшада нығарлап «Фаппас» дейтін болды, жазғанда да екі «п»-ны тапжылтпады.

Менде қызметтес болып жүрген әйелзаттыны «келін» – деп сөйлейтін әдет бар-ды, кімнен, қашан «жұққанын» білмеймін. Өзімнен жасы үлкендер ерсі көріп: – «Келінің» не? – деп қалады, бірақ, мен айта берген соң, құлақтары үйреніп, бәрі де мені «қайнаға» – деп кетеді. Рамазанның биязы келіншегі Роза да әуелде қызарақтап: – Құрдас шығармыз?! – дегенмен, ол да тез илікті, содан бері «қайнаға» – дейді.

Рамазан мен Розаның жаратылыстарында ғажап ұқсастық бар екен. Ол – мейманқостық. Өскеменде, одан кейін Алматыда, Қарағандыда, Қарқаралыда тұрғандарында да сол қасиеттерімен құрметке бөлене берді. Екеуінің отауын біз, дос-жолдастары, «штаб» – деп атап кеттік. Бізді айына бір жинап мейман етпесе,

бар шаруалары бітпей қалатындай болатын. Мен Алматыдағы қаламдастарымның бірсыпырасымен осы отауда таныстым.

Сұлу «Ақжардан Москваға дейін» – деп бастап, бірнеше кітап жазды, орысшадан қазақшалаған роман-хикаяттар өз алдына. Бүгінгі әл-Фараби атындағы мемлекеттік университеттегі, Қазақ радиосындағы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газеті редакциясындағы ұстаздық, басшылық еңбегі – тағлымды тарих дей аламын.

Университеттегі ұстаздығы ұлағатты болды. Жас журналшылардың қаншасына аудиторияда дәріс оқыды, жайшылықта ағалық ақыл-кеңесін айтты. «Рамазан Сағымбеков» дегенді естіген сәтте бүгінде өздері де егде тартқан ақын-жазушылардың біразы: «Ә, Рахаң ба? Ол ағамыздың алды кең еді. Қатулана сөйлеген сияқтанатын, ал арғы жағы жайма-шуақ болып тұратынын сезіп отыратынбыз», – деп жылы лебізін қосады.

Факультет деканы Темкең, Темірбек Қожакеев, оны-мұны шаруа жайы Рамазанға қатысты бола қалғанда, дұрыстықта оған күлімдей қарап:

– Сағымбеков жолдастың принципі «нар жолында жүк қалдырмау» ғой! Рекең біле-е-еді! – дейтін де, әңгімеміз жарасатын. Ал сәл де болса бұрыстықта маған көзі дөңгелене, мұрыны қусырыла қарап:

– Бұ Сағымбеков бір қисаймасын, бір қисайды ма, жатып алады, тұрмайды, не қыласың? Екеуің де қисықсыңдар! – деп қолын сілтей салып, кете баратын. Рамазан: «Қабышев жолдас, мені қойшы, сен «қосақ арасында бос кете бересің», саған жаным ашиды. Темкең де қосақтаудан жалықпайды», – деп қалатын...

Рамазан денсаулығы нашарлап, зейнетке шыққан соң да дем алуды ойламады, «Қарқаралы» деп атап қоғамдық-саяси һәм әдеби журнал ашты. «Оны қайтетін едің? Өзіңнің жарық көрмей жатқан әңгімелеріңді, мақалаларыңды, аудармаларыңды жинақтасаңшы, кітап етіп шығаруың керек қой?!» – дегенімде, ол басын ақырын шайқап, тағы ыржиыңқырап: «Сағымбеков жолдас күте тұрсын. Қарағанды өңірінде дүниеге келген, жақсы атағы бүкіл қазаққа тараған ақын-жазушылар, өнерпаздар, ғалымдар қаншама?! Солардың мұраларын жинақтайтын, жарыққа шығаратын біреу болу керек емес пе? Керек! Мына журналды тек осы мақсатпен аштым. Денсаулығым шыдағанынша көремін, сен, Фаппас жолдас, абыржыма!» – деді. Е, шіркін денсаулық... 1996-жылғы мамырдың 21-і күні Сұлуымнан көз жаздым... Университетте бірге оқыған досы Уаһап Қыдырханов екеуіміз, суық хабарды естісімен аттанып, Қарқаралыға барып қайттық. Рамазанымыздың Розасын, екі қарлығашы – Гүлнәрі мен Жанарын, ағайындарын сөзбен жұбатқаннан басқа не келсін қолымыздан?!

Рахаңның қарағандылық шәкірттері, дос-жолдастары, ауыл азаматтары қолға алып, жұртшылық қостап, игі бір іс тындырды, ол – Рамазан туып-өскен Қайнарбұлақ ауылындағы орта мектепке атын қойып, мектептің бір бөлмесін мұражайға айналдырғандары! Уаһап екеуіміз жерлестерінің жұбанышына да ортақтасып, шүкіршілік еттік.

...Сұлуым сау-саламат жүрген болса, 80 жасының жайлауында тізе түйістіріп, әзіл-шыны аралас әңгімемен бірер таңды шалаұйқымен атырар едік, Розаның: – Түүһ, сағыныштарың ортаяр емес қой?! – деп лекіте күлгеніне: – Саспа, келің, саспа! – деп едім, Өскемендегі, Алматыдағы көп күндерімізді есіне түсіріп. Бірақ олай деуді тағдыр бізге көпсінді...

*1997-жыл.*



## ТАЛАЙҒА ШЫБЫН ІЗДЕТТІ

Бір таяқты тірек етіп, біріне бірі сүйенген бүкір үш қария іспеттес 1999-жыл өткен шаққа айналды да, үш шеңберін сүйреген қаз мойынды 2000-жыл келіп... құзғын мойынданып, Мараттың дәмін тауысты. Қабанбайдың Маратының!.. Ол Алтайдың ақиығы еді. Қанаты қатайғанын күтпестен Алатауды бетке ала самғап, талықпай жетіп, қаламгерлер қауымына қосылған-ды. Оқиғасымен, ойымен, тілімен тартымды әңгіме жазып жүрген жас талап хикаят, роман беріп, әдеби қазынамызды үстемелеуге еркін кіріскен. Балалар әдебиетінің ең шоқтықты туындысына берілер халықаралық сыйлықты иемденген. Сол кітабын маған жымия ұсынып: «Қадірлі Ғаб-аға! Кішкене дүниемді таудай көріп қабыл алыңыз» – деп еді.

Басқа жинақтары да кітапханамның сересінде. Сағыныш сазы жетектегенде барып алып, ыстық қолтаңбаларына көз жүгіртіп, беттерін аударыстырып, көңіліме ұялаған, қарындаш ұшы «тиген» сөйлемдерін, сөз тіркестерін қайталап оқимын.

Мараттың жазғандарын оқудан жалыққан емеспін. «Жұлдыз» журналының, «Ана тілі» газетінің редакцияларында қызмет істеген жылдары ерекше серпілісте болды. Әсіресе, «Солдат» газетін ашып, азаматтық ой-пікірін еркін ашып айтуда Әнуар Әлімжановтан кейінгі аралықта дізгін тартыңқырап қалған көсемсөзді қайтадан қуаттандырды. Әлі есімде, газетінің бірінші саны шыққанын айтып шақырған күні барып, құттықтап, редакция кітапханасына әңгімелер жинағымды сыйлап, біраз шүйіркелестік.

– Газетіңнің аты қызықтау екен. Ресми тіркеліп ашылуына жоғарғы жақ Қазақстанның әскери тірлігін жазып тұруды міндеттеумен рұхсат бергеннен сау ма? – дедім. Марат жымың-жымың етті де:

– Ғаб-аға, ол жақты адастырып жібердік. Олар кәдімгі «Солдат» деген сөз деп ұқты. Ал біз солар күштеп жауып тастаған «Датты» мұрагерсіз қалдырмауды ойладық. Мұның аты кейін, міне, былай жазылатын болады, – деп қағазға «СолДат» дегенді жазды: – «Бұл газетімізде – сол «Дат» дегенді меңзедік.

– Құлықтарың құтты болсын!

Күлкіміз қосарланды.

Әрқашанғысынша анық сөйлеп, мақсат-мүддесін жазулы хаттай жайып салды. Газеттің бірінші Бас редакторы парызын қалай орындағаны оқырманның көкейінде деп білем. «Алыс жол алғашқы қадамнан басталады» деген, «СолДаттың» шыншыл басылым болуы – Бірінші көшбасшысының оңды да орнықты, әділ де батыл бағыт-бағдарымен, қаламгерлік қатаң да адал талабымен, білімділігіне тәнті еткен биік талғамымен қалыптасты. Газет ұсақ-түйекті тергіштеген жоқ. Билік басындағыларды сынап беру керек деген арзан дақпыртқа бейім тұрмады. Экономикамызды, мәдениетімізді, ғылымымызды дамытуға, өнеркәсібімізді, ауыл шаруашылығымызды әлсіретпеге, мемлекеттік тілімізді құрметтей білуге, ішкі-сыртқы саясатымызды сындарлы етуге, заман кәдесіне, халық мүддесіне сай демократияны аяқтандыруға және дамытуға, т. б. келелі істерімізге кімдер, нелер бөгет болып келеді — соның бәрін анық, дөп жазуды ұстанды. Көкейінде осы жәйттер болған оқырман жұртшылықтың көпшіліктің сенімі ақталды, газет – ақиқаттың арашасына айналды.

Өмірде өкініш аз болған ба. Қолдарына биліктің тізгін-шылбыры, қамшы-бишігі тиген кейбір жоғары-төменді шенеуніктер демократия ұғымын өздерінше бағамдап,

оның алғы шартын – ой еркіндігі мен сөз бостандығын өздерінің оңды-солды әрекеттеріне нұқсан келтірер тосын күш деп топшылады. Тәуелсіз жас мемлекеттің демократия көгіне талпынып шыққан «Дат» пен «XXI век» газеттерін қуғындап, жауып тастағандары сондықтан. Кейін де сол күйге тап болып жүрген тәуелсіз баспасөздердің халі баршаға аян. Тәуелсіз газеттер қоғамымызда орын алып отырған: кереғарлық, парақорлық, жемқорлық, сыбайластық, тоғышарлық, көзбояушылық, беталды өктемшілдік, көпе-көрінеу заңсыздық атаулыны ақтарып ашып, аямай қазып жазады. Еліміздің, халқымыздың атына кір келтіретін сондай көргенсіздікті, көрсоқырлықты масқаралайды. Әлгі «әулие» шенеуніктер қарсы айтар уәж таба алмаған соң, «жала жапты» – деп заң жолымен ақтала алар дәлелдері жоқ болған соң, шоқпарларына жармасады. Тәуелсіздікті жоралғы еткен редакциялардың талқандалғаны, тоналғаны, өртелгені, журналшыларының сабалғаны, сотталғаны соның айғағы емей немене?! Қатесін мойындауды өзіне мін санайтын саяз түйсіктілер оның есесін қара күшпен қайтаруға жанталасатыны мәлім. Әділдікке бетпе-бет барса бишара болып қаларын біледі де, қарасойылдыларын, қаракездіктілерін жымысқылана жұмсайды. Қазір де «СолДаттың» мойнына алпыс миллион теңгедей «борыш» ілудің айла-шарғысын жасап жатқандары – қараңғы қорада сонау жылдары болған қара шыбынды іздеулері.

«Шыбын іздегіштер» күні кеше Еуропарламенттің мәжілісінде Қазақстандағы демократияның, тәуелсіз баспасөздің жағдайы туралы мәселе қаралып, біз үшін ыңғайсыз шешім қабылданғанда оны оппозициядан көріп, қаншама тұлан тұтты, сөйлей қалса, жаза қалса әлі де түтігіп әлек. Парламент те ол дұрыс шешімге қарсылық білдіре Еуропарламентке делегация жіберіп, әдептен аттап кетті. Меніңше, «шыбын іздегіштер» де, парламенттегі билік иелері де саяси сауатсыздыққа ұшырағандарын көрсетіп алды. Әсіресе «шыбын іздегіштер» Еуропарламентті істеуге жұмыс таба алмай отырған, бұрынырақ айтқанның сөзіне ере кететін әрі-сәрі ұйым деп долбарлайтын, бұл халықаралық беделді ұйым не мәселені болсын жоспарлы зерттеп, өзіндік әділ тұжырым жасайтынын білмейтін сияқты. Кім екені есімде қалмапты, жақында «Азаттық» радиосы арқылы сөйлеген біреуі «Еуропарламентте Қазақстан туралы мәселе қарау деген ой болмаған екен, біздің оппозиция, анау «СолДат» газетіндегілер тықпалаған көрінеді деп көсемсіді. О, бейбақ! Еуропарламенттің не екенінен хабар-ошарың болмаған соң аузыңды тым кере бермеген жөн ғой!.. Еуропарламент – Еуропа мемлекеттеріне, Еуропа халықтарына қатысты мәселенің бәрін зерттеуге, анықтауға, талқылауға, сол мемлекеттерге, сол халықтарға тиімді шешім қабылдауға құқылы. Мәселен, Еуропарламент осыдан бір ай шамасы бұрын бірнеше ғалым, ұйым көтерген мәселені талқылап, оны әлі де зерттеу керек деп ұйғарды. Ол мәселе — медицинада адамның жұлын клеткасын емге пайдалану. Ірі дәрігер ғалымдардың бір тобы оны пайдалану нәтижесінде қатерлі ісік, диабет, естен жаңылу, жүрек сырқаттарынан зардап шегушілерді емдеп, айықтырып жіберуге болатынын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Жақсы ма? Жақсы. Қажет пе? Қажет. Бірақ, мәселенің екінші қыры бар, ол – жұлын клеткасына жаппай «шабуыл» басталуы, ал өйтуге жол берілгенде «байтал түгіл бас қайғы» болуы әбден мүмкін екен. Еуропарламент әзірше Ұлы британияда ғана ресми рұхсатпен қолданылып жатқан ол емді құптау үшін медицина әдебін қатаң сақтайтын, жұлын клеткасын алаяқ пайдакүнемдердің саудасына салдырмайтын заң қабылдануы шарт деген тоқтам жасады.

...Батыл, арлы Азамат, қара қылды қақ жарған Қаламгер болған, шығармашылық өнері дәуірлей бастағанда жолы тұйықталған Марат тәуелсіз баспасөз атқаруға тиіс жұмыс қыруар дегенді жиі айтатын және ол жұмыстардың жүйесін, жолын, пәрменін



саралайтын. Өзі жазған мақалалар, өзгелер жазған мақалалар сол ыңғайда болатын. Марат ешкімнің құлы болған жоқ, ар-ұятын кресло мен портфельге сатқан жоқ. Заманындағы зияндыға қарсы күресіп өтті. Тәуелсіздікті жан-дүниесімен аялап, қаламымен қорғап бақты. Сол қасиетін көре алмаған, сондай деңгейге көтерілуге рухани қауқары жетпеген кейбір әсірепысық жазғыштар тірі Мараттың шаужайына жармасса, өлі Мараттың аруағымен жағаласып тыраштанды. Олай болуы да, тәуелсіз баспасөздің тұқыртылуы да мүмкін деген ой редактор Маратты маңайламаған шығар-ау!.. Өкінішке қарай, «СолДаты» қара мылтықтың қарауылына қайта-қайта ілініп жүр. Еліміздің заңын құрметтемейтін керіауыздар заң, құқық қорғау, сот орындарынан ғана емес, жалықпаған жалақор боладының, пәтуадан мақрұм пәлеқор боладының керімен депутаттардың да, журналшылардың да, жазушылардың да арасынан шығып жатыр. Олар «СолДатты» сатқын газет деп бажылдайтын ауруға шалдыққан. Халықтың несібесін – миллиондаған доллар қаржысын жымқырғандарды, мұнай мен газдан түскен пайданы халыққа түгел бермей, бірсыпырасын қалтасына басып кетіп жатқандарды, жекешелендірудің өңін айналдырғандарды, демократияны аяқтан шалып жүргендерді әшкерелеуші «СолДат» сатқын да, сол қиянатты жылы жауып қоюшыларға итаршы болып, «СолДатқа» ор қазып жүрген өздері сатқын емес, ә?! Ойпырым-ай, бетсіздікке дауа болмай тұр-ақ!

Қоғамның әрбір арлы мүшесі сол қоғаммен бірге күлуге, сол қоғаммен бірге жылауға тиіс; қоғамының күлкісі көп, көз жасы аз болуы үшін күресуге тиіс. Осы ретте «СолДаттың» былтыр жариялаған «Зиялылар қауымы үнсіз» атты мақаласы өте орынды. Үн қатқандардың пікірлерін жинақтап беруі де әбден жөн (Алматыдан жырақта жүріңкіреп қалғаным себепті ол әңгімеге қатыса алмағаным әлі де өкінулімін). Газет оқырманымен байланысын күшейте түсу үшін сол іспетті мақаланы жиірек жарияласа деймін. Тақырып жеткілікті. Мысалы: мектептің, жоғары оқу орындарының хал-ахуалы; анау ала дорбалы әйелдердің мұң-зары; 2010-жылы қазақстандықтардың санын 15 миллионға жеткізу жөніндегі «кезекті міндет» мәселесі; шенеуніктің ар-ожданы... дейміз бе, әйтеуір, толып жатыр. Халықтың санын көбейту үшін жұмыссыздықты жойып, халықтың денсаулығын жақсарту керек, Әйел-Ананың жан тыныштығын қамтамасыз ету керек, сатып жіберілген балабақшаларын қайта ашу керек. Осы жүзеге аса ма, жоқ па? Ауыл шаруашылығын үш жылда көтереміз деген игі мақсатқа қол жете ме? Міне, осы тақырыптарды ортақ әңгімеге айналдырып, ащы да ақиқат сөз қуатын толық пайдалану — газеттің жақындағы бір парызы дер едім. Қара басының, құлқынының ғана пайдасы үшін тіл мен жағын жалдайтын, халықтың пайдасы үшін келгенде «үндемеске серт берген» анау «зиялылардың» бұл әңгімелерге қатыспасы анық. Ал намысын жани білсең, жалаңтөстенетін ғалым мамандар табылуы да ықтимал.

Өмірден ерте озған Марат ініме істеген қызметім «Кеңсайдағы» қабірі басына: «Қара қылды қақ жарған қаламгер Марат Қабанбайұлы» деген жазуы бар құлпытас орнатқаным болғанына тәубә деп жүрмін. Жұмсалар қаржы шағын бизнесі бар дархан азамат Нұртай Сәбилияновтан болды.

*2003-жыл*



## **РАСУЛ ҒАМЗАТОВТЫҢ ІНІСІ**

Тағдырдың еркесі – Уақыт шіркін күллі адамзатты жетегіне еріксіз көндіріп келеді ғой. Оған қарсы тұрар, аялдата алар дәтіміз жоқ. Оны сағатпен, аймен, жылмен санауға ғана шамамыз жетеді. Атына заты сай, затына ақындығы сай аяулы жолдастарымның бірі болған Сабырханды еске алып, егер есен-сау болса, биыл 75 жасын тойлар еді деп ойланып отыр едім, көңілімнің көлеңкесінен және бір есеп көрінді: ол қайтып оралмас сапарға аттанып кеткелі 17 жыл болыпты!..

Балуан бітісті Сабырханымыз ешқашан ешқайда асықпайтын. Аяғын ауырлағандай маң-маң басып, мұрыны қоңқайып, күлімсіреп жүретін. Мен: “Әй, Расулдың інісі, тезірек жүрсейші!” – десем, ол: “Ғабе-ау, қайда асығамыз?” – дейтін. Сабыр шынында дағыстандық әйгілі ақын Расул Ғамзатовқа ұқсас-ты. Бейтаныс кісілер оларды қатар отырғандарында көрсе, ағалы-інілі екен деп қалар еді. Сабырдың үйінде “ағасы” екеуі бірге түскен фото-сурет бар. 1973 жылы Алматыда, Жазушылар одағы ғимаратында түскен. Ұқсастықтарын көре қойған фототілшілердің бірі қатар тұрғызып, “шырт” еткізіпті. Сол суретті алғаш көргенде мен:

– Қап, шіркін-ай деші! Фотограф бір үлкен, кешірілмес қателік жасапты-ау! – дедім. Аңқау Сабыр (мен оның “ханын” баяғыда “жер аударып” жіберіп, “Сабырын” ғана алып қалғанмын):

– Қандай қате? Мына фотода ма? – деді бала мінезденіп.

– Қате болғанда қандай! – деп қойдым.

– Шын ба, Ғабе? Қандай қате? – деді, маған аңыра қарап.

– Анау Көпен Әмірбековті қоса түсіргенде, өй, жүдә дұрыс болатын еді! – деп едім, Сабыр қарық болып күліп:

– Рас, рас, ол күшік те ұқсайды, шынында сөйткенде тіпті қатып кетеді екен! – деді.

Тағы да бірде Сабырға:

– Саған бір өтініш айтуым керек болып тұр, бірақ, сен оны қабыл аласың ба, ат-тоныңды ала қашып жүресің бе, білмеймін, – дедім. Шардара көлінде қайықта отырғанбыз.

– Қабыл аламын ғой, – деді, сәл ойлана жауап қайырып. Оның қолымнан келмейтін шаруа болып шықпаса игі дегендей сақтанған райын аңғардым да:

– Шардараның жартысын сұрай қоймаспын, дегенмен... әлде айтпай-ақ қойсам ба екен? – дедім.

– Өзің біл, бірақ... айтсаңшы, айтшы! – деді. Жүзінде тәуекел ізі бар.

– Айтсам... жоқ, кейін бір реті келер.

– Түүһ! Самолет сатып әпер демейтін шығарсың, айтсайшы! – деп балаша бұр-тиды.

– Айтсам: сен мені “Ғабе” демегін.

– Е, неге?!

– Мүсірепов Ғабит ағаны жұрттың бәрі “Ғабе” дейді ғой, ол кісімен шендескен сияқты болмайын.

Сабыр әдетінше қолын сермеп, шалқалай қарқылдап күлді. Ойында жоқты жорта қоюлатып өтінішке айналдырғаныма сеніп қалғанын жасыра алмай, қайта-қайта күліп отырып:

– Енді қалай атайын? – деді.

– Өзің тап.

– “Ғаба” десем – Ғабиден ағамен шендесесің.

– Әрине, ол да болмайды. Орысшаң қысқанда “старик” – деп, қазақшаң қысқанда “шал” – деп жүруші едің, “Ғабені” қайдан шығардың? – десем:

– Менен екі жас үлкендігің есіме түсіп, аға тұтып, “Ғабе” дегім келіп кетеді, – деп жымыңдады. Ұпай теңестірдім-ау дегені.

– Екі жас, егер ескі ақшамен есептесең...

Сабыр сөзімді аяқтатпай қарқылдап күліп:

– Кетші-і-й... – деп орынынан тұрып кетті.

1993-жылдың қарашасында рубльдің бес жүзі теңгенің біреуіне ғана татып қалған кезде Сабырдың маған: “Кассада сақтап жүрген ақшам бір “Жигулиге” жете жаздап еді, енді бір тауық алуға да жетпейтін боп шықты”, – деп күйінгені бар-ды, сірә “ескі ақшамен есептесең” дегенім қоңқиған мұрынына шертпек тигендей болды білем, қайықтың тұмсығына барып, көлге қарап отырды.

– Сабыр, ей, қайықтың тұмсығын суға малып тұншықтырасың ғой, бері кел, орныңа отыр, – деп әзілдедім. Ол мол денесін жайлап бұрып, көзіне түскен ұзын шашын оң қолымен серпіп, күлімдеп:

– Шал, ал мен саған өтініш емес, бір қызық айтайын ба? – деді.

– И-и-ә, ол нендей қызық?

– Мен Ғабеңмен де, Ғабаңмен де жақсы араластым. Ғабаңмен сапарлас болғаным бар, ол шал аса орнықты, әңгімешіл, қарапайым. Ашылып әңгімелеседі. Ал Ғабең аристократ, ақсүйек қой, өзің білесің, суыртпақтап сұрамасаң шешіле бермейді. Әнеу күні дачасын көрсеттім ғой, екеуміз дача көрші болдық, ол кісі кейін сатып жіберді. Сол дачасында, ол кісінің үйінде преференсті сан рет ойнағанбыз. Содан, бір күні маған бір “арам” ой келді, – деп Сабыр жымыды да, ары қарай “аттанды”: – Кейбір ақын-жазушы жігіттердің, өзіміз қатарлылардың шыққан кітаптарын көрсем, Ғабең алғысөз жазыпты. “Ей, мен неге жаздырып алмаймын?” – дедім де, баспаға тапсырғалы жүрген жаңа жинағымның қолжазбасын ұқыптап орап алдым да, Ғабеңнің үйіне телефон соқтым. Трубканы Ғазиза жеңгеміз алды. Жеңгеммен жақсылап сәлемдестім. “Ғабең үйде болса, бес минутке кіріп шықсам деп едім” – дедім. Ол кісі: “Не шаруаң бар еді?” – деді. Мен шынымды айттым: “Жаңа өлеңдер жинағым шықпақшы еді, Ғабең соның қолжазбасына көз жүгіртіп, бір ауыз лебіз жазып берсе деп едім” – дедім. Жеңгеміз: “Е, сол ма? Өзің жазып әкел де қол қойдырып ал, бәрі сөйтіп жүр ғой!” – деді. Мен не дерімді білмедім, біреу кеудеме түйіп жібергендей болдым, оллаһи, бетім дуылдап кетті. “Мақұл, мақұл, сау болыңыз!” – деп трубканы қоя салдым.

– Уәй деген, қызық болған екен! Қайттың, бардың ба?

– Құдай сақтасын! Кітабым шықпай қалса да, өйтетіндей не көрінді маған? Ұят емес пе?!

...Сабыр өлең-жырын жазғанды ғана біліп, “қысы-жазы жайлауда” жүретін. Денсаулығы босаң еді. Көктем келе, ағаш бүрлей бастасымен, қоңқиған мұрыны “тарылып”, дем алуы қиындап, Шымкентіне қарай қашатын. “Алматы маған жақпайтын бір пәле шықты” – дейтін. Ал суық тиіп дегендей басқаша сырқат жағалай қалғанда: “Шал! Мені дәрігерге тезірек жеткізші, тағы болмай қалдым!” – деп телефон шалатын. Әншейінде ұстамды, жайбарақат болғанымен, сырқаттанғанда мазасызданып кететін. Бәйбішесі Шолпан да сөйлесіп: “Ғаба, мына біздің шал тағы еркеледі ғой, не істейміз?” – дейді ондайда.

Сырқатты Сабыр кейде “сатып та алатын”. Денсаулықтың арқасында тайлақша тайраңдап жүрген кейбір жолдас-жоралары оны ортаға алады екен де, “сызуға” кірісіп кеп кетеді екен. “Сызудың” аты – преферанс деген бетсіз ойын, оны қызды-қыздымен тәулікті түгендеп ойнағыштар болады, ал Сабыр ондай “аламан бәйгеге” жарамайды, әйткенмен, намыскерлерлігі ұстап кетеді де.

– Шал, оу, старик! Мен ауырып қалдым! – деп телефонмен “сүйінші” сұрайтын.

– Е, не боп қалды? – деймін.

– Әй, кеше “сызамыз” – деп, таң атқанша отырып қалыппыз, сонсоң болмай қалдым, ыстығым көтеріліп тұрғаны.

– Ә, онда қайтадан барып, күн батқанша отырсаң, тыңайып кетесің!

– “Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек”, – дейді, өкпелеген үнмен.

– Әйтеуір, преферанс керек емес, – деймін, әдейі қитығына тиіп.

– Өзіме де обал жоқ, – деп телефонын жаба салады. Кешкісін хабарласамын, дауысы қарлығыңы шығып:

– Шолпан дәрі беріп, ыстық сорпа ішкізіп емдеді ғой, нешауамын, – деп ақырын күледі.

Баладай қамсыз, көңілшек, естігенін таза қабылдайтын Сабыр бірде маған жоламай, қарсы ұшырасып қаларда көлденең жаққа бұрылып кете бастады. Ол “өнерін” түсінгендеймін. Одақ құзырындағы Әдеби аударма алқасына (мен сонда төраға едім) қаржыға ие министрліктен штатты екі есе қысқарту туралы нұсқау келді де, амал не, шарасыз көндік. Шет тілдерге тәржімалау редакциясын ғана сақтап, қазақ, орыс әдебиеттері редакцияларын толық қысқарттық. Сабырды одан екі жыл бұрын қазақ әдебиеті редакциясына қызметке алғанмын. Штатты қысқартуға бұйрық берілген аптада ол Жамбыл облысында жолсапарда еді, оралған күні маған келіп:

– Штатты қысқарту болған ба? – деген.

– Амалымыз қалмады, екі редакциямен қоштастық. Төрағаның орынбасары да кете барды, қайтейік, – деп жөнімізді айтқанмын.

– Мақұл, – деген де шығып кеткен.

Орағытып жүрген “өнері” содан-ау деп, бір күні кеңсенің алдында қиыс кездесіп қалғанымызда білегінен ұстай алып:

– Әй, сары шал, сен неменеге қашқақтап, сырттап жүрсің, соныңды айтшы маған?! – дедім жорта зілденіп. Ол да түсін суытқан болып:

– Айтатын не бар? Алқада мен ғана артық болып, қысқартып тындың емес пе? – дегені. Мен еріксіз күліп жібердім. “Мен ғана қысқартылдым!” – деп тұрғанына қалай күлмессің? Қысқару, әрине, күлетін жәйт емес, ал басқаша ешбір жолымыз қалмаса, қайтпекпіз? Тарыла жеткен заманды кеңітер қауқарымыз бар ма?! Сабырдың бұр-тиған сиқына қараймын да күлемін.

– Неге күлесің? – дейді, қолын тартып алып.

– Енді жылайын ба?

– Жөніңді айтсаңшы!

– Жалғыз сен қысқарыпсың ба сонда?

– Мен ғана!

– Кім айтты?

– Естідім ғой!

– Естігенің аз болған, бухгалтерияға бар да, бас бухгалтер Ибада Қонақбаевадан бұйрықты алып оқы, содан соң сөйлесерміз, әй, сары шал!.. – деп жөніме кеттім.

Шамасы бір сағаттан кейін бөлмеме Сабыр ыржия кіріп келіп:

– Әй, бәріміз бір-ақ кеткен екенбіз ғой?! Онда арман жоқ! – деп мені құшақтай алып: – Шал, ей, старик, ей! Сені ренжітіп алдым ба, өкпелеп қалдың ба, кешір, маған дауа жоқ қой, кешір, мақұл ма? – дейді.

– Саған өкпелейтіндей мең, немене, келіншек пе едім? – деп едім, ол иірген асығы алшысынан түскендей көңілденді. Сол әлетте телефоным безілдей қалды да, сөзімді үзілді. Сабыр алдымдағы ақ парақтардың бірін алып, әлдене жаза бастады. Телефон шалған кісі Ақмоладағы қаламдастарымыздың бірі екен, онымен сұқпаттасуымыз созылыңқырап кеткені. Сабыр әлгі парақты жазуын жаба аударып алдыма қойды да, әдетінше “ғық” – деп ыржия күліп, бөлмеден шығып жүре берді. Телефон әңгімеміз тәмам болған соң парақты алып, жазуына үңілсем:

Серпінді сөзді жайдай иген болсам,  
бір тентек кеудемде бұл есіріп жүр.  
Көңіліңе байқаусызда тиген болсам –  
Байқамаған бол да, өзің кешіріп жүр!

– депті. Мен өз-өзімнен еріксіз күлдім. “Әй, сары шал, алпамсадай бітісіңе болайың, бала жаратылысты жансың-ау!” – дедім. Сабыр шынында аңқылдап жүретін де, кейде болмашы бірдеңеге өкпелей салатын.

Ол қымыз шығысымен Көкбазарды жағалайтын. “Шал, жүр, қымызға барайық. Кешегі кешегі ме, бүгін бір керемет қымыз келеді, әнеу әлгі ортаға таман тұратын ұзын бойлы келіншек ше, соның қымызы жақсы екен!” – деп “соңғы хабарын” көңілдене айтты бірде. Мен жұмыстан шыға алмаймын ғой, тастап кете беру қайда? Оны Сабыр біледі, бірақ, кейде “жүр-жүрдің” астына алатыны бар. Сол жолы да бара алмас болған соң:

– Саған қымызынан бұрын ол ұзын келіншектің өзі керемет боп көрініп тұрған шығар? – дедім, әдейі бұра сөйлеп.

– Кетші-і-і... – деп күлді де, – Барамыз ба? – деді.

– Баруға уақытым жоқ.

– Неге?

– “Негең” не? Жұмыста отырмын ғой?!

– Шын жүрмейсің бе?

– Шын.

Ол қоңқақ мұрынын көтере салқын қарады да, бұрылып кете барды. Өкпелегені.

– Шолпан, сары шал бағана маған өкпелеп кетіп еді, қайда, үйде ме? – деймін ондай “оқиға” болған күннің кешінде телефон шалғанымда тұтқасын көтерген бәйбішесіне.

– Е, ол өкпешіл ғой, жоққа өкпелей салады, білмеймін, әлі келген жоқ, әлгі карта достары ұстап қалған шығар, – дейді Шолпан. Ал Сабыр ертеңінде телефон шылдырлатып: “Шал, ей, мен саған өкпелеген жоқпын, мен өкпелеудің не екенін білмеймін де ғой!” – деп “ғық-ғықтап” күледі.

Бір күні жұмыс аяғына таман келді маған. Өңі жайшылықтағы қызғылт-сары әдемі бояуынан жүрдай .

– Әй, шал, не болды? Ауырып тұрсың ба?

– Иә, Шолпан миымды ашытты. Қызық, ей! Жұмысында бір қатын бар екен, сол қатын, атаңа нәлет, кеше: “Сабырхан пәленмен жүрген, түгленмен жүрген, мен бәрін білем”, – деп оттап, әлдебір әйелдердің аттарын айтыпты. Соған Шолпан..

– Әй, сен де қызықсың! Ол қатынның көңілін қалдырғансың ғой, “жүрейікші?!” дегенінде көнбей қойғансың ғой? – деп сөзін бөліп жіберіп едім, ол қолын бір сілтеп:

– Кетші-і-йй! – деп отыра кетті. Содан кейін: – Ей, мен ол қатынды танымаймын да! Өзі есектің миын жеген бір пәле ғой деймін! – деді ашуланыңқырап. “Есектің миын жегенді” жиі айтатын.

– Танымасаң... бар, таныс, көңілін көншіт, аузын жап! – дедім.

– “Мысыққа ойын керек, тышқанға өлім керек”, қылжықтамай Шолпанға телефон соқшы, – дейді, шынтуайттап.

– Қой ары!

– “Қой” емес, хабарласшы, жағдай қиын!

– Шын ба?

– Шын айтам!

Мен үйіне телефон соқтым – тұтқасын Шолпан алды. Есен-саушылық сұрасқан соң:

– Шолпан-ау, қайдағы бір өсекке сеніп, сары шалдың реңін бұзып жіберіпсің, оның не? Тілі аузына тоқтамай жүрген ол қандай қатын өзі? – десем, Шолпан ішек-сілесі қата күліп алып:

– Қайтер екен деп едім, шын көріп қалып па? – дейді.

– Анау қатындарыңның көкігені рас па еді?

– Ей, сондай біреу бар, “Сабырханды білеміз ғой” – деп кеше біраз көкігені рас.

– Сол итке сеніп қалғансың-ау, ә?

– Жо-ға, сенген жоқпың, жай, Сабырхан қайтер екен деп едім. Өзің білетін анау жолдастарының үйінде карта ойнап түннің бір жеріне дейін отыратынын қойғызсам деген ойыма сылтау табыла кеткен соң жасаған қулығым да баяғы!

– Бәсе! Қазір сары шалдан сүйінші сұраймың, сау бол!

– Ол не деді? – деп Сабыр елеңдей қалды. Мен Шолпанының қулығын өзімше “редакциялап” Сабырының құлағына жылылап жеткізіп едім:

– О, атаңа нәлет аппағым! Менде қызғанатындай не қалды дейсің? – деп, орнынан көңілдене көтеріліп:

– Шолпанның шәй-пәйін ішпейміз бе? – деді.

– Уақыт жоқ.

– Менен басқаның бәрінде уақыт жоқ, әйтеуір...

Сол күні іңірде телефон шалған Сабыр маған:

– Шал, тыңдашы! – деп бір шумақ өлең оқыды:

Келсін кезің ақылды да саналы,

Шүкір, шүкір – қызғанасың сен әлі!

Көкешім-ау, қорғаштайтын әркімнен

Қалған жоқ па сиқым менің шамалы?!

– Шолпанға оқып бердің бе?

– Е, шыбындай ғана жаным қасымда отыр ғой, міне, аққудай аппақ болып! – деп рахаттана күлді. Арғы жақтан Шолпанының сыңғырлаған күлкісі естілген.

Сабыр Шолпанды шын сүйген еді. Не қатты-қағыс сөзбен, не дойыр мінезбен ренжіткенін көрген емеспін. Нешеме жыл үй-ішіміз болып араласқанда отбастарымызда әзіл-күлкіден өзге жәйт бір сәт те кездескен жоқ.

Азамат Сабыр сондай-ды.

Ал ақын Сабыр ақын болып туған жан еді. Бір шумағы тұрсын, бір тармағының өзінде ой жататын. Қашан жазылған, қай өлеңін оқысам да, жұдырықтай жүрегінен, жібек жанынан мөлтілдеп шығып, мөлдіреп аққан жыр бұлағын көремін. Ол бұлақ

шөп-шаламды ілестірмей, лайланбай, тап-таза қалпында алқынбас өзенге айналып, сонау мұхитқа қарай ағып жатады.

Сүйірқия басында сүрінді бұлт,  
жатпаған соң үлгіріп сырын біліп.  
Қара теңіз қарайды қабақ шытып,  
көрмегендей жабырқап, бұрын күліп.  
Кімге болсын бүгін бет бақтырмайды,  
толқынына қанатын қақтырмайды.  
Күннің суып,  
келгенін күздің жақын,  
адам түгіл,  
теңіз де жақтырмайды.

Сабырдың өлеңдерінен кілең бір осындай жанды суреттерді көремін. Ол және:

Келді ғой көктем, әнше өрлеп,  
жоқ енді үйде отырмақ.  
Көгеріп шықса қанша көк,  
сонша бір ойлар топырлап.  
Үлгіріп жазып бағайың,  
жанарда жырлар жалындар.  
Абайлап оқы, ағайың,  
абайла – онда жаным бар!..

– демеді ме?! Сабырдың жырларын оқи білсең, қысқа өмірге мәңгі-бақи жасай-тындай құштарланасың, ынтығасың. Ал ақынның өзі болса:

Ей, өмір-ай,  
көкіректе көп арманды маздатып,  
Қоясың-ау қуаныштан құлата да жаздатып.  
Мың-мың жылдық дүниеге келтіресің несіне,  
бұл пендеңе сыйлаған соң аз уақыт – аз бақыт?!

– деп наз айтатын. Тағдыр оған да аз уақыт берді ғой. Жасы алпысқа жетпей айырылды.

Сабырдың сезімі шыңылтыр еді. Өмірден өзімен тұрғылас, дос-жолдас ақын, әсіресе жасы кішілер өткен күні оның жаны құдды шытынаған әйнектей күй кешіп, мол денесі сығылыққырап, шырайлы өңі қуқылданып кететін, қаршыға көзінен жас ыршитын. Мұқағали Мақатаевты, Жүмекен Нәжімеденовті жоқтап жыр жазып егілгені есімнен кетпес... Қаза сәтінде көзінен тамшы түспей, денесі де, дауысы да дірілдеп, барар жер таба алмағандай сасқалақтап қалғанын да көрдім. Менің әйелім Әсилә қайтыс болғанда әншейінде жайбасар Сабыр жүгіре басып жетіп: “Шал-ау! Шал-ау! Не болды? Айтсаңшы!” – деп менің қасыма келуден жасқанған жанша қол созымда екі алақанын жайып, абдырап тұрды да қойды. Мен барып құшақтап: “Сары шал, сен сабыр ет...” – деп оны жұбаттым. “Рас па, әлде жай сөз шығар?” – дейді, дірілдей түсіп...

*1996-жыл*



## АТЫН ТАУЫП ҚОЙЫПТЫ

Тұлабойды тітіреткен тағы бір хабар... Жарық дүние Жарасқанмен қоштасыпты... Апырым-ау, жасы елуге кеше ғана толып еді ғой?! Жазмыштың мұншама қадалғыш болатыны несі?! Өлең-жырын, әзіл-мысқылың, мақаласын жазғанды шүкіршілік деп місе тұтып, ешбіреуді күндемей, ештеңені қызғанбай, иығына түскен ұзын шашын артқа қайыра тастап, ақырын ғана жымыяп жүретін қайран інім!..

– Жарас, шашты мұншама ұзартудың не керегі бар? – дегенімде күрек тістері ашыла күлімсіреп:

– Оралхан ағамды жалғызсыратқым келмейді, – деген-ді. Оралхан екеуі бірін-бірі туысқан аға мен інідей сыйлайтын еді. Рас, әу баста – көктемнің тұңғыш жаңбырынан кейін лап еткен көктей қызынулы, қызулы шақтарында бір аяны тарсынып, сиыспай сіресіп, бірер жыл шөлкем-шалыс жүргендері бар. Жас сыншылардың бір жиынында аяспай ажырайысқан. Сол жиыннан кейін газетке есеп-мақала жазғанымда аты жөндерін атамай-ақ сездіріп, жас “перілерге” уәж айттым да, сақа сыншы Мұқаметжан Қаратаевқа: “Өзіңізден кейінгілерге көз аларта жүрмейсіз”, – деп кінә арттым. Мұқаң ертеңінде телефон соғып: “Ескертпеңді мойындасам ба екен, мойындамасам ба екен?” – деп екіұшты сауал берді. Мен жас сыншылардың жиыны көңіліме ала-құла ой салғаның, таланты таудай жастардың жеке-жеке, қызыл шеке болып кете баруына бейжай қарап отыруға болмасын, бәтуәні сіздер айтпағанда кім айтадыны көлденең-деттім. Мұқаң бір сәт үнсіз қалды да, мырс етіп:

– Қағыспаса мүйіз қатаймайды ғой, – деді.

– Қағыса берсе қағылып түседі де, – дедім.

– Біз одан асқанды көргенбіз... Жарайды, мен ойланайын, ескертпеңді қабыл алдым, – деді.

Мұқаңның әрекеті болды ма, әлде жас та хас таланттар бірін-бірі тани білді ме, әйтеуір, Оралхан мен Жарасқан, көп ұзамай, табысып, жарасып кетті. 1989-жылы шыққан “Әзілің жарасса...” атты эпиграммалар кітабында ақын інісінің прозашы ағасына:

«Бар еді бір құлының,  
бала кезден жаратқан.

Бар еді бір құлының,  
елді өзіне қаратқан.

Онда салдың –  
бәйге алды;  
мұнда салдың –  
бәйге алды...

Аясаңшы байғұсты,  
зорығуға айналды...» –

деп әдемі наз айтқаны – сұлу сыйластықтарына көп мысалдың бір нышаны...

Жарасқан жаңа кітабын алып келіп, қиықша көзі күлімдеп:

– Ғаб-аға, осы кітапты шығарғаным басыма бәле болмаса жарар еді, қайсыбір ағаларым ренжи бастады, – деді.

– Жақсы раймен насихаттағаныңды түсінбегендердің қыбын таба қайырылып, осып-осып әжуәлап жаз, сонда не дер екен! – дедім. Ол сылқ-сылқ күліп:



– Сізден сескенгенім бекер болған екен, үһ! – деп тұрып жүре берді. Әзілі жұмсақ та жұғымды еді.

Эпиграмаларын оқыдым. Бәрі де орынды, орайлы.

Жарасқанды жақын жүре білгенім – Жазушылар одағының Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясының алқасында қызметтес болғаным. Әдебиет мерейі үшін тиянақты жұмыс істеді, үнемі тың пікір білдіріп: “Фаб-аға, маған бір ой келе қалғаны, көзің айтатын ба, әлде...” – деп жымысып кіретін. “Келген ойды қайтарма, обал болады, айтып жібер!” – дейтінмін.

...“Тамашаның” бір ұйтқысы болған Жарасқанның бұл бағыттағы шығармашылық еңбегі және қыруар. Қайсібірін айтарсың!..

Біраз уақыт көрінбей кеткен Жарасқанның ауыр ауруға шалдыққанын естіп, іздеп үйіне бардым. Есікті егделеу бейтаныс әйел ашты. Жарасқан бөлмесінде диванда жатыр екен.

– Фаб-аға, ассалаумағалейкүм! – деп басын көтерді. Ауырсына көтергенін аңғарып, жүрегім жұлып қалып:

– Жата бер, абыржыма, жата бер! – дедім. Оны-мұны әңгімелерімізден кейінгі бір ередікте ол сырқатының сырын айтып:

– Фаб-аға, хал осылай, қиындау, іштен күніне пәлен литр сұйық алады, қисын-қиюы кетті-ау деймін, – деп қинала езу тартты. Бар қаным басыма шапшыды.

– Жарас, әй, бауырым, сен уайым сөз айтпа, абыржыма, ертең-ақ жазылып кетесің, дәл осындай бейнеттен менің інім жазылған, – деп әдейі шұбырта сөйледім. Оны көп сөйлетпеді, уайымына өріс бермеуді ойлап үлгіргенмін. Жарасқан маған сенімсіздеу қарағандай болды. Мен сөзімді жалғап жібердім: – Иә, дәл осы сенің сырқатыңдай сырқаттан айығып кетті. Сарыағаш ауданы бар ғой, Шымкент облысындағы, ол ауданның орталығы әлгі “Сарыағаш” санаторийінен он шақырымдай жерде, сонда Әбен деген емші тұрады, аты, иә, Әбен ғой деймін, ғажап емші, сен соған көрінші, ол шақырғанға келе береді, қарапайым, кішіпейіл, – деп бір аялдадым. Жарасқан ойла-ныңқырап:

– Естуім бар, бірақ атын ұмытыппын, өзі өлең жазады, – деді.

– Дұрыс, ақындығы бар, мен үйінде болғанмын, інімді көрсете барғанмын. Әдебиетті сүйеді екен, ақындарымыздың көбін біледі. Емшілігі енді ғажап! Сен, Жарас, соған қалайда көрін, құлантаза айықтырып жібереді! – деп пікірімді шегелей түстім.

– Фаб-аға, айтқаныңыз келсін! Екі апта болды, шетелдік бір күшті дәрі ішіп жүрмін, соның курсың бітірген соң ол емшіге не барып қайтармыз, не шақырармыз. Ауданның орталығында тұрады ғой?

– Иә, орталығында. Менде әдірісі бар еді, қазір барған соң іздеп тауып, телефонмен айтармын. Сен оған қалайда көрін, ол сені сауықтырып жібереді! – деп сенімін бағдарлап, бекітіп кеткім келді.

Жарасқан ініміз жаққа құлақ түре жүремін. Жолдастарынан, құрдастарынан сұрап қоямын, олар: “Шүкір, сауығып келеді, шауып жүр!” – деседі. Рас көрінеді: Жазушылар одағындағы бір жиында кездестік. Одан кейін де Баспалар үйінің алдында жолығып, жарты сағаттай әңгімелестік. Ширақ, көңілді. Сарыағаш ауылындағы емшіге көрінген-көрінбегенін сұрап едім: “Көрінген жоқпын. Шетелдік дәрі шипа болатын сияқты”, – деді...

Бөлмемнің есігі тық-тық қағылып ашылды да, тісі ақсия күлімсіреп Жарасқан кіріп келе жатты. Соңында дәу портретті құлашын кере ұстай көтерген ұл бала бар.

– Фаб-аға, сізге бір сый әкелдік, – дейді ақын ініміз, күлімсіреген қалпы, екі самайын жапқан ұзын шашын оң қолымен желке жағына «қуалап тастап».

– Төрлетіңдер. О не сый?

– Портрет қой.

– Кімдікі?

– Йассауи бабамыздың портреті, кітабындағы бейнесіне қарап отырып салды, – деген Жарасқан балаға бұрыла иек қағып: – Кәне, анау қабырғаға сүйеп қойшы, Фаб-ағаң көрсің, – деді. Сол сәтте бар болғыр телефоным бажылдай қалды. Қоңырау дабысына қарағанда, сіре, халықаралық бажыл, алмасқа болмайды.

– Мына тусыртымдағы қабырғаға іле беріңдер, сонсоң көрейік, – деп телефонға қол создым. Жазушы құрдасым Кеңесхан Зәкенов екен. Иссапарға барған Зайсанынан шалып тұр. Құрдастық өктемдігіне басып: «Әй, ұзын! Мен үйді ала алмай отырмын, әкри, телефон істемей қалды ма, сен Гауһарды тауып алып айтшы, мен ертең кешкі рейспен келем, ұқтың ба?» – дейді. «Әй, бадырақ, үйіңе адаспай келе алатын шығарсың, басымды ауыртпа. Қыдырмашының қатыны да – қыдырмашы. Оныңды іздер уақытым жоқ!» – деп қитығына тидім. Ол: «Әй, ұзын, әкри!» – деп телефонын жаба салды.

– Фаб-аға, мына жерден қараңызшы, – деді Жарасқан, бөлменің өзі тұрған орта шенін мегзеп. Төргі қабырғадағы үстел тұрған тұсында, менің тусыртымда, кезінде «көсемдердің» біреуінің портреті ілінген орын бос тұрған, жаңағы сурет сол орынға орайласа кетіпті (*Жазушылар одағы ғимаратының екінші қабатындағы №36 бөлме. Менің Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясы алқасының төрағасы кезім. 1992-жыл*).

Портреттің тігі бір метр, көлденеңі сексен сантиметр шамасы. Бозғылт кенеп матаға тушыпен салынған. Жарасымды, жап-жақсы.

– Иә, көзіміз үйренген кітабындағы бейнесінен айнымапты. Кім салды?

Жарасқан жанындағы баланы иегімен нұсқап:

– Фаб-аға, бұл менің Рүстем атты балам, суретші болу талабы бар, оқып жүр. Осы баламның салғаны ғой, – деп жымыды. Сыпайы үнінен әкеге тән әдемі сүйініш сезімін аңғардым. Әлден мынадай сурет салып жүрген Рүстемнің өнеріне іштей ерекше риза болдым.

– О, айналайын, өнерің өрісті, өзің ғұмырлы, бақытты бол! – дедім Рүстемге. Сол сәтте бір ой сап етіп: – Рүстем, сен Йассауи бабамыздың емес, әкеңнің суретін салыпсың, суретші қиялымен салыстырып қарашы, өне, Жарастың жетпіс жастағы бейнесі емес пе?! Жарас, сен жетпісіңді тойлағанда сахнаға осы портретті іліп қоятын бол! – дедім.

– Жарайды, Фаб-аға! – деді Жарасқан жымыңдап...

Е, дүние, дүние!.. “Айналдырған ауру алмай қоймайды” дегенді кім қадап айтты екен?!

“Мына біз Ақын деген ауылданбыз!  
Даладанбыз! Тәкаппар Тауыңнанбыз!  
Қуанғанда – Желдейін жеңілденбіз,  
Қайғырғанда – Жердейін ауырданбыз! –

деген өзі де тәкаппар ақын:

Сен мені ғасыр болып табармысың,  
Жоқ, әлде жасын болып соғармысың?  
Бұрқырап қалармысың бас жағымда,  
Шырқырап кірпігімді жабармысың?  
Жоқ, әлде жеткізгелі хабарды сұм,  
Халқыма қара киіп барармысың?! –

деп, қаңтардың 11-і күні “Ақырғы өлеңін” жазып, ертеңінде мәңгі мекеніне бет түзеп кете барды-ау!..

...О, Тәңір! Ажалдың адымын қысқартыңқырашы!

2002-жыл



## ТӨНДІРІП ЖАЗЫП, ТӨГІП АЙТТЫ

Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газетінің редакциясында қызмет істей бастағанымда (1956-жылы) орыс тіліндегі «Знамя коммунизма» газетінен «Тоқтархан Шарипжанов» – деп қол қойған сын мақала, фельетон, әзіл-сықақты ұшыратып жүрдім де, ол жарияланымдардың қазақшадан аударма емесін, қазақ автордың орыс тілінде жазатынын біліп, еріксіз таңдандым. Тілі ғажап жатық, сөйлем құрылымдары, сөзтіркестері, теңеулері тартымды. Әріптестерімнен Тоқтарханның кім екенін сұрағанымда, олар: – Өзіміздің Самар ауданынікі. Екі тілге де жетік, – десті. Көп ұзамай таныстық. Біздің редакцияға келді. Орта бойлы, қазанбастау, көкшілкөзді жігіт екен. Біздің жігіттер: – «Знамянды» жарылқай бермей, «Туға» да көңіл бөл, қатысып тұр, – дегенде ол жымыңдап: – Меншікті тілшілеріңізге сіздер де қытымыр шығарсыздар, менің иелерім де солай, басқа газетке жазуыма рұхсат бермейді, – деді. Ол кезде шынында сондай бейресми, түсініксіз шектеу бар болатын. Өз газетің тұрғанда басқа газетке жүгірме! – дейтін, әмірі күшті редакторларымыз. «Сен бүркеншік атпен жазып тұр, біз айтпаймыз», – деп ақыл бердік. Тоқтархан: – Ойланайын, көрейің, – деді.

Екеуіміз оңаша қалғанымызда: – Жігітім, сен татардан саумысың? – деп әзілдедім. Ол ақырын ғана күлді де: – Саумын, кәдімгі қазақпын, Кереймін. Көзімнің көкшіл болғанына қарамаңыз, арғы аталарымыз түрікке тартсам керек, – деп жымыды. Содан бастап шүйіркелесіп кеттік. Ол менен екі жас кіші екен. Екітілді жүйріктігіне қоса қазақтың көне тарихынан әңгіме қозғағанда су төгілмес жорға дерсің! Орта мектепті ғана бітірген көрінеді, бірақ, шежіре шерткенде редакциядағы шалдардың аузын аңқитып қояды. Кешегі өткен билермен, шешендермен бірге болғандай-ақ: – Пәленбай бидің бір жиында айтқаны бар... – деп бастап жөнелгенінде иірімге тастап жіберген қармағыңды балықтар таласа-тармаса қауып жатқандай рахаттанасың. Айтатынының бәрі — шындық және. Олай екеніне кейің, Алматыға көшіп келгенімде, мұнда шығып жатқан шежіре, шешендік сөздер кітаптарын оқығанымда көзім жетті.

Тоқтархан мемлекеттік университеттің журналшылар факультетінде сырттай оқыды да, жылына бір ай сессияға келгенде біздің үйде жатты (әкем оны «әңгімешіл ұлым» – деп жақсы көретін). Тоқтарханның әңгімешілдігіне менің де тәнті болатыным соншама, оны сауалмен жетелеп, сөйлетіп қойғым келе беретін, ал ол рәсуе сөзге әуес емес еді, қысқа да нұсқа айтып айызыңды қандырады. Әзіл-әжуа қосып, «бір май, бір қаракесек» етіп қалжыңдағанда да алдына жан салмайды.

Кейін де Тоқтархан Алматыға көшіп келді. Республикалық «Ара-Шмель» журналы редакциясында істеп жүрді. Жолығуымыз сиреді. Кезіге қалғанда: «Оу, Керей би, қайдасың, көрінбейсің ғой?» – деймін. Ол жымия сәлем беріп: «Ғаба-ау, бір күн үйдемін, он күн дүздемін, фельетон іздеген сандалыс қой. Қаламым батып

кететіндердің қайсысы, қай күні, қай жерде басымды кесіп аларын құдай білсін», – деп жымыңдайды.

1983-жылы «Ара-Шмельге» Бас редактор болып барысымен: «Тоқтархан қайда?» – десем, ондағылар: «Ол бұрынғы бастықпен онша болмай, кетіп қалған», – дейді. Дереве іздеттіріп тауып, қызметке шақырдым. Бетің бар, жүзің бар демейтін фельетоншы-сықақшы Тоқтархан қашанда өзінің ішкі есебін ғана ойлаған анау редактормен ұстаса беріпті.

Журнал оқырмандарының дабылымен облыстарға жиі шығып, оқиға-жәйттерді мұқият тексеріп, ұятты тілмен фельетон жазатын Тоқтарханды журналшылар қауымы қалай құрметтесе, қазақ тілінен орысшаға өлеңдерін, әңгімелерін аудартып алып жүретін ақын-жазушылар қауымы да қадірледі.

Бірде мынадай қызық болды: аралап әңгімелесіп жүретін әдетіммен «Фельетоншылар бөліміне» барсам, Тоқтархан жалғыз екен (өзіндей фельетоншы Владислав Маркович Карака екеуі бір бөлмеде отыратын) сәл тұқырып алып, әлдене жазып отыр. «Қатты кірісіпсің, ә?» – деп әзілдедім. Басын көтере күліп жіберіп: «Кеше нөмірге жоспарланған фельетоным ғой, қазір бітіремін де, қазақшаға аударар қоямын» – дейді (аса маңызды материалдарды «Ара» мен «Шмельге» бірдей жариялайтынбыз). «Оу, әуелі қазақша, Керейіңнің тілінде жазбаушы ма едің?!» – дедім, шын таңданып. «Мен орысша жазып үйреніп кеткенмін ғой, әсіресе фельетонды алдымен орысша жазамын да, сонсоң қазақшалаймын» – дейді. Ол «құпиясын» сонда бір-ақ білдім. Оның қаламынан шыққан фельетонға, әзіл-сықақ әңгімеге орыс әріптестері де сүйсініп жүрді.

Тағы бірде оның және бір «қызығын» көрдім. Тоқтарханды іздеп бөлмелеріне кірсем – Карака жалғыз.

– Маркович, Тоқаң қайда? – деймін.

– Бір жігіт іздеп келген, екеуі жаңа ғана шықты, жиырма минуттан кейін келем деген.

– Өзінде не жаңалық? – дедім де, Тоқтарханның орнына отырдым. Үстелінде үш-төрт парақ жатыр. Үңілдім. Өлең жазылған парақтар. Қандай қазақ өлеңге өлең етпесің, көз жүгірттім. Тақырыбы – «Лүпілде, менің жүрегім!»:

Балдай көрер қатқан құрт, қара суын,  
Қарапайым қазақтың баласымын.  
Жыртқан емес көңілімді жалғыз тікен,  
Жүрегімнің болса да жарасы мың.

– Габеке, знаете что, – деп Владислав бірдеңе айта бастаған еді, оған қолыммен ишара жасап:

– Маркович, сәл бөгеле тұр, Тоқтархан өлең жазады екен ғой?! – дедім. Таңданысымды жасырмадым және өлеңнен көз алмадым:

Аз болғанмен өмірде өндіргенім,  
Кімге болса ниетім мөлдір менің.  
Дүрсілдеген кеудемде қайран жүрек,  
Көндірмеске аз ба еді көндіргенің...

Басымды көтеріп, Каракаға қарадым. «Сұрағыма жауап бермейсің бе?» дегендей көріндім бе, Владислав жымыңдап:

– Тоқтархан – жап-жақсы ақын, шынымен білмейсіз бе? – деді.

– Білмеймін.

– Қызық екен, – деп алып, ол Тоқаңның біраз «құпиясын» айтып берді. Әншейінде әңгімешіл Тоқтархан кейде оқыс тұйықтала қалып, өлең жазуға кірісіп кетеді екен. Ал

кейде іздеп келген бір кісілермен көңілдене сөйлесіп, кенет қағаз-қаламын ала салып, өлең жазып, оны нақыштап оқып, бірер жерін түзетіп, әлгі кісілерге беріп жібереді екен.

Тоқтархан келіп кірді.

– Ә, Фаба, мен жаңа бір кісі келіп...

– Оу, Керей би, сен ақын екенсің ғой?! Ол қырыңды бізден неге бүгіп жүрсің? – дедім, сөзін аяқтатпай.

– Қайдағы ақын... жора-жолдастардың анау-мынау тойларына арнау, құттықтау жазып беретінім ғана бар баяғы, – дейді.

– Өзің жоқта мына бір өлеңінді оқыдым, ренжімегін, ашық қалдырып кетіпсің, көзім еріксіз түсті. Бірер шумағын ғана оқыдым, жап-жақсы өлең, меніңше.

– Ермек қой, – дейді, жымыңдай түсіп. Орнын босатып, тұрдым. Жүзі ерекше жылы, ылғи ашық-жарқын жүретін Тоқтарханның: «Жүрегімнің болса да жарасы мың» дегеніне іштей иланбап едім, сол күдігімнің сыртқа шыққысы келді ме, қалайда біртүрлі көңіл күй билеп:

– Қазір кейбір бозбала ақындар екі жастың біріне келер-келместе өмірден көп тауқымет тартқан қартша таусылып жыр жазады, соларға сенбеймін, жасанды мұң-на-ла неге керек? Ал сен жігіт ағасы жасындасың, біраз өткелектен өттің, саған сенемін, Тоқа. Айтпақшы, келін екеуің жараспай жүр деп естіп едім, қалайсыңдар? – дедім.

– Фаба-ай, қайтейін, одан қашып құтылғандаймын, бірақ екі-үш ай өткізіп іздеп келіп, жолымды кес-кестеп, миымды ашытып кетеді, – деп қолын бір сілтеді де, орнына отырып, парақтарын жинастыра бастады. Өңі қуқылдана қалған. Адами аяныш сезіміме «бөріктінің намысы бір» үстеме бола кетті де, иығына қолымды салып, бірер ырғап:

– Ай, Керей би, Керей би! Сен ешкімнен сөз сұрамас болсаң да, мен айтайын: сен елі таңдап-таңдап қыз алатын жігітсің, орынсыз босқа шаршама, кешіктірме, ең тақ анау көп қыздардың біріне, жаса тойыңды! – дедім, жорта әзіл араластыра ойымды ашып сөйлеп. Тоқтархан маған жалт қарап күліп жіберді де:

– Фаба, бұл ауызшаңызды жазбаша бұйрыққа айналдырыңызшы, тәуекелге бел байлайын! – деді әдемі әзілдеп.

– Бұйрық жазу бит сыққаннан қиын емес қой, қазір жазамын! – дедім. Ол да күлді, мен де күлдім. Карака аңыра қарай жымыып:

– О не, немене? – деді.

– Марковичке түсіндіріп берерсің, – деп есікке беттедім...

Тоқтархан поэзия көшіміздің жуан ортасындағы ақын болыпты, бірақ өлеңдерін қойын дәптерінен ұзатпапты. Оның, енді естіп-біліп жүргеніміздей, көңілі жақын адамдардың қуанышына да, қайғысына да шынайы ортақтасып, оларға туыстарының етінуімен солардың атынан өлең жазып беретін де бір жомарттығы болған екен. Ол өлеңдері біраз открыткалардың бетінде Тоқтарханнан қалған қымбат ескерткіш болып сақтаулы.

«Тоқтархан айтып еді» деген әзіл-сықақ шумақтарды да естіп жүрміз қазірде. Ал баршамыздың әзіл-сықақшы Шәріпжановпен қатар айтыс ақыны Шәріпжановты білгеніміз бар. Суырыпсалмалық өнер сайысына сан қатысып, сан жүлдені иеленді, соңғы жылдары айтыстың төрешілер алқасына мүше, төраға да болып жүрді.

Ақын Тоқтарханның сыр сақтау беріктігі мені қатты таңқалдырды. Екеуіміз қаншама уақыт ағайын адамдарша араласып жүрсек те, бес жыл қызметтес, кейін де сан сапарлас болсақ та, оның маған да тіс жармаған ғажап құпиясына ерінен қапияда айырылған зайыбы Күлән жылына дейін Тоқаңның кітабын шығаруға кірісіп, біраз

қолжазбаны ұсынып, алғысөз жазуымды қалағанда ғана қандым. Жинаққа Тоқаңның «Қош бол, таңдарым!» атты ұзақ өлеңі ұсынылып, ол туралы журналшы-аудармашы Гүлжаһан Боржұмбаеваның естелігінде былайша мәлімдепті:

«Қалың оқырман «Қайрат Рысқұлбековтің ақтық сөз-өлеңі Тоқаңның жинағында неғып жүр?» – деп таңырқауы әбден мүмкін. Аға таныс адамдарының тілегімен: туған күн, мүшелтой, мектептегі мерекелік думандар, алтын, күміс той деген сияқты той-тамашаларға талай жүрежарды жырын арнаған ақын. Құттықтағысы кеп тұрған адамның көңілін қимай, атынан жаза салатын. Ал мына ақтық сөзді де Тоқтархан Шәріпжанов қазақтың белгілі журналисі Марат Тоқашбаевтың және менің: «Елдің еңсесін жігерлі жырмен көтерейікші!» деген тілегімізбен жазып еді. Желтоқсан ызғары суылдап соғып тұрған. Бәрімізге де жан керек. «Тыңдалады-ау» деген құлақты қабырғалардан, ғимараттардан қашқақтап, оңаша бас қосып, тау жақта, біздің үйге келіп жиналды. Тоқаң өлеңді өзі жазбай, маған жаздырды: сақылдап айтып отырды, мен қағазға түсірдім. Машинаға басып, өзгертіңкіреп, газет-журналдарға таратып жібердік. Ол кезде (1987-жылы) Орталық комитеттің газет-журнал баспасының хабарландыру бөлімінде қызмет істейтінмін. «Ауалық пошта» деген бар болатын, сонымен өлеңді қазақ газеттеріне атып жібердім. Осылайша қайрат-жігерге толы жыр ел-елге тарады. Ақын ағаның көне жырлардан есетін екпінді игерген стилін танитын жұрт осы өлеңнің тұп-тура Тоқтархан Шәріпжановтың жүрегін жарып шыққандығына шүбәсіз сенеді. Осылайша шындықты айтып, асыл ағаның өз өлеңін өзіне қайтарайын дедім. «Қош бол, таңдарым!» – деп ат қоюымызға ағаның да мәңгілік сапарға ұзауы, арманда үзілген жүрегіннің көрмеген таңдарымен осы өлең арқылы қоштасуына ұқсап кетуі себеп болды» (Тоқтархан Шәріпжанов. «Қалдырдым мұра халқыма». Алматы. «Үш қиян» баспасы. 2003 ж.).

#### «ҚОШ БОЛ, ТАҢДАРЫМ!

Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек атқа семірген,  
Арғымақ мінген жаратып,  
Ақсауыт киген темірден,  
Алатаудай бабалар,  
Әруағыңмен жебей гөр!  
Қаймана қазақ қамы үшін  
Қарусыз шықтық алаңға.  
Алыстан әскер алдырып,  
Қырып салды табанда.  
Сөйлесем дауысым жетпейтін  
Кез болдық мынау заманға.  
Жалғанда мынау, жалғанда  
Жеткен жан бар ма арманға,  
Жаныңда жүрген жолдасың  
Басыңа пәле салғанда.  
Қыршынынан қиылып,  
Қатарым жусап қалғанда,  
Солармен бірге өлсемші-ай!  
Артымда қалған ата-анам  
Арулап қолдан көмсеші-ай!  
Күнөдан таза басым бар,

Жиырма бірде жасым бар,  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Алам десең, алыңдар!  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар,  
Атам десең, атыңдар!  
Сусылдап келіп шешінген,  
Еркелеп жатып көсілген  
Жар қызығын көре алмай,  
Аймалай алмай төсінен,  
Арманда кеткен мен – бейбақ,  
Қол бастаған Салауат  
Жиырма бір жасында.  
Қазанат мінген кежімдеп,  
Қалың әскер – қасында.  
Ол да кеткен дүниеден,  
Жасыма, бауырым, жасыма!  
Айтылған сөзім жетер деп,  
Алаңға лек боп жиылдық.  
Қырып салды әп-сәтте,  
Қыршынымыздан қиылдық.  
Тең құрбым жоқ қасымда,  
Пәлені басқа салған соң  
Кешегі өткен бабалар  
Әруағына сиындық.  
Қайғының бұлты торлады  
Ақ Жайық – Алтай арасын,  
Сел басқандай сөнделтіп  
Жұртымның көне даласын.  
Амалым жоқ, көтердім  
Басыма салған жаласын.  
Екі жүзің қырылып,  
Екі мыңың сотталып,  
Көк өрім өңшең көгенкөз,  
Жоқтаусыз кетіп барасың.  
Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін.  
Көрмеген, қош бол, таңдарым!  
Көре де алмай өтермін.  
Мойныма түскен салмақты  
Көтердім, жұртым, көтердім.  
Еркек тоқты – құрбандық,  
Бас-аяғы сол болсын  
Басыңа төнген қатердің.  
Жиырма бір жасында  
Кежімдеп мінген қазанат,  
Мерт болған-ды башқұртта

Асып бір туған Салауат.  
 Мен де кеттім дүниеден,  
 Кетіретін болған соң,  
 Жаланы жауып жазалап.  
 Қош, аман бол артымда,  
 Ағайын-туған, азамат!  
 Артымда қалған ата-анам,  
 Ел-жұртым, саған аманат!».

Міне, ерлік жырының сыры осы. Гүлжаһан Тоқтарханның аруағы алдында арылды, ақиқатты ел-жұрттан жасырып жүре беру күнә болады деп білді. Өлеңді Қайрат інісінің атынан Тоқтархан ағасы жазды, оны бірінші болып Қайраттың және бір ағасы Марат тыңдады, ел-жұртқа Гүлжаһан таратты. Халық Қайрат жазыпты деп қабырғасы қайыса, көзіне жас ала қабылдады. Өлең енді марқұм авторына қайтарылды. Бұған тарихта Қазақстанның Қаһарманы болып асқақ атала берер Қайраттың туған-туысқандары, дос-жолдастары ренжімегей. Аллаға қажеті – ақиқат. Гүлжаһан ақиқаттан аттап кетпеді, Алланың сүйген құлына, Мұхаммедтің үмбетіне тән іс етті. Бөрекепді!

*(Қосымша. Соңғы кезде «бұл жырды марқұм Қайрат Рысқұлбеков жазды» – деп «түзетушілер» шығып жүр (жазушы інілерім Сейсенбаев Роллан, Төбеев Қайыммұнар). Олар ойжүйеге (логикаға) ден қоймады. «Қош бол, таңдарымның!» дүниеге қалай келгенін, өнеки, Тоқтарханның аузынан жазып алған және «Ауа поштамен» қазақ газеттері редакцияларына аты-жөнсіз (сақтық үшін) таратып жіберген Гүлжаһан айтып берді; Тоқтарханның төгіп жырлағанын тыңдап отырған Марат – куә. Тоқтарханның жыры 75 тармақ (жол), ал «Қайрат нұсқасы» 90 тармақ. Тоқтархан: «ұлы Ленин бабамызды», «компартияны», «шовинизмді» аузына алмаған, яғни артық 15 тармақты кім қосты? Тақырыбын «Ақтық сөз» – деп кім өзгертті? «Ауа поштамен» келген жырды алған, оны түрмедегі Қайратқа жеткізген (солай болғаны сөзсіз) журналшы ма? Әлде Қайрат па? Қалай делінсе де, ойжүйе жырдың авторы Тоқтархан Шәріпжанов екенін қуаттайды. Жырдағы екпін, сөзсаптау, толғау үрдісі – мен жақсы білген Тоқтарханның айтыс ақынына тән ой-тіл мәнері. «Ақтық сөз» туралы әртүрлі сөз шыға бастаған 2009-жылда-ақ ол ағаттықты түзету ниетіммен «Ана тілі», «Айқын» газеттеріне мақала шығарғанмын, бірақ ол газеттерді оқымағандар, меніңше, естісе де, өзінің «ерекше білгіштігін» қымбаттатып өлек. 2016-жыл.)*

Аталған жинақта Тоқтарханның «бір сырлы, сегіз қырлы» болғанынан мағлұмат беретін дерек мол. Ол: алуан-алуан тақырыпқа жазылған тың мақалалары, қазақтың тарихы, тұрмыс-салт дәстүрлері, мақал-мәтелдері, шежіресі хақындағы пайымдаулары. «Қалдырдым мұра халқыма» – деп жеңіл айта салмапты. Жинақтың: «Қаламым қазақша толғайды» (қазақ тілінде), «Нәследие» (орыс тілінде) бөлімдеріне зер салған оқырман автордың аса білімдарлығына тәнті болары анық.

...Жазушылар одағының Аударма алқасында істегенімде бір күні Тоқтарханға телефон шалып: Халқымыздың ауыз әдебиетінен, классиктеріміздің туындыларынан әзіл-сықақ өлең-өңгімелерді орыс тіліне аударуға кірісе аласың ба? Уақытың дефицит емес пе? «Смех по-казахски» – деп орысша, «Қазақ күлкісі» – деп қазақша бес том шығару арманым бар, орыс тіліндегісіне сен ие болсаң жарар еді», – деп тілек білдіріп едім, ол тәттіні көрген балаша қуанып: Шіркін-ай, арманның Абылайын айттыңыз-ау! Мен неге аянайын?! Ертеңнен бастап кірісуге дайынмын! – деп құлшына қалды. Бірақ, бұл тірлікте қай арманың орындалып жатыр?! Ақша өзгерісі басталып, тоқыраудың



орнына бықырауға тап болдық, үкімет «қаржы жоқ» – деп ауыз салды да, Қаржы министрлігі арқылы Алқамызды жауып тынды (оның бір ғана себебі 1992-93-жылдары «Алматы. 1986. Желтоқсан» атты кітап топтамасын шығара бастағанымыз, биліктің оған теріс қарағаны екенін кейін білдім). Тоқтархан жасап үлгірген біржинақтық аударма қолжазбаны өзіне қайтарып беруге мәжбүр болдым...

Заманның бетін аңғарған Тоқтархан компьютерді қолға алып, тез меңгеріп кетті. «Ғаба, кенже сары ұлыңызға ертең керек болады, менің бір жолдасым компьютерін сатпақшы, соны алыңыз, бағасын реттеп берем» – деп, жолдасы екеуі компьютерді үйге алып та келді. Оны құрып, «кенже сары» Әзизге бір кеш бойы үйретіп қайтты. «Капиталистік техникамыздың» қыңыратқи қалғанын естісімен жүгіріп келіп, «сылап-сипап» беріп жүрді. Сөйтіп бір келгенінде:

– Ғаба, жасым алпысқа ілінгенде маған бір өнер дарыды. Баяғыда Қаздауысты Қазбек би... – деп есіне түскен бір қызық әңгіменің басын қайырып тастап, өзіне дарыған өнер ағылшын тілін үйреніп жүргені екенін айтып: – Осы заманғы жігіт болып шығатын түрім бар, біздің үйдегі келініңіз, жо-жоқ, қарындасыңыз Күлән құптап, ризашылығын берді, – деп жымыңдады. Айтты – орындады. Ағылшын тілінде ағылшындармен хат жазысты. «Қазтелекомның» мықты маманы болып шықты.

«Ғаба, компьютерді қазақша сайратуға сыбанып кірістім, тәйір-ай, асық ойнағаннан қиын емес сияқты», – деп күлді бір келгенінде.

Күлкісі таза еді. Көктем гүліндей ол күлкі 2002-жылғы қарашаның 21-і күні кенеттен үзілді. Әзіл-сықақ әңгіме, фельетон, мақалаларының екі жинағы жарық көрген асықпас-аптықпас Тоқтархан үшінші кітабының қолжазбасын тәмамдауға айналғанда бұрын анда-санда сыр беріп жүретін қайран жүрегі ары қарайғы жүкке шыдай алмаған ғой...

Журналшы, жазушы, фельетоншы-сықақшы, аудармашы, айтыс ақыны, шежіреші Тоқтархан қазақтың әдебиетіне, айтыс өнеріне, тарихына мол үлес қосты. Мен оның бәрін талдап айтуды мақсат етпедім, халқына мұра болып қалған туындыларын оқыған жан бағаны өзі бергені жөн ғой. Тоқтарханның қай тақырыптағы болсын үлкенкіші шығармаларының бәрінде – Адам, Азамат, Қаламгер Тоқтарханның жүрек лүпілі бар. Тек байыптап тыңдалық.

*2004-жыл*



## **ТАЙБУРЫЛЫ СҮРІНДІ**

Сонау бір жылдары Жазушылар одағы үйінің екінші қабатында, дәлізде Нүкеш екеуіміз сөйлесіп тұр едік, тусыртымыздан:

– Қарсы алдарыңнан қарамаған адам екеуіңнің қайсысың Ғаббас, қайсысың Нүкеш екендеріңді айыра алмайтын шығар, – деген жайдары дауысты естіп жалт қарасақ – Тахауи Ахтанов ағамыз екен, жарыса сәлем бердік. Тахаң сәлемімізді ала қолын ұсынып, лекіте күліп қойып: – Сырбай Мәуленов пен Федор Моргун бір размерлі дамбал киеді деседі, ал екеуіңнің костюмдерің бір размер-ау осы? – деді. Жарасымды астарлы әзіліне еріксіз күлдік. Әсіресе Нүкеш қайта-қайта күледі. Әзіл-қалжыңға айызы қанғанда әуелі қыстығыңқырап, сонсоң кеңінен жадырай күле беретін әдеті бар-ды. Жаратылысы ғой. Ал Тахаң “айыра алмай ма деймінді” ол жерде бекер айтпаған еді, себебі: сол күні Нүкеш екеуіміз түр-түсі бірдей пенжақ-шалбар киіп келіппіз. Оған қоса екеуіміздің бой-денеміз, шәшіміз да ұқсас қой. “Сен екеуіңді ағайынды десе,

дауласпай-ақ сенуге болады, бет жақтарыңды аздап қана штукатуркалайтын!” – деп Оспанхан Әубәкіровтің де әзілдегені бар бірде.

Нүкешпен танысқанымда көп болған. Мен Әдеби қордың директоры болып тағайындалған жылы ол “Жетісу” газеті редакциясынан Одаққа, Әдебиетті насихаттау бюросына қызметке келген. Менен екі жас кіші. Қалжың-қағытпаға кеңкілдеп күле салатын көңілді, ашық-жарқын жігіт екен. Қатты ренжігенінің өзі қызық: қабағын түйіңкіреп, ерінін шүршитіп қараған кейпінен “ашулансам ба екен, ашуланбасам ба екен?” – деп ойлаған кісінің кескінін көресің. Бірде сондай кезінде осы ойымды айтып қалып едім, ол “қойыңызшы!” – деп бұрқ етті де, бұрылып бара жатып: “Бірақ білуін білдіңіз, бетімнен оқып қойдыңыз”, – деді кеңкілдеп.

Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы кезімде Нүкеш қоластымда әдеби кеңесші болды. Әншейінде отбасымыз араласып, әңгімелесіп, сырласып жүргенімізбен, Нүкеш Бәдіғұловтың қызметкер ретіндегі бағасын оншама білмейтінмін, ал үлкен-кішімен қарым-қатынаста мәдениетті екенін анық аңғарғанмын-ды. Бір пұшпақты илескенде көргенім – Нүкеш кеңсе жұмысына нар екен. Қандай істі болсын ұқыптап, тиянақтап тындырады. Ертеңгі шаруасын бүгін реттеп жіберудің орайы келер болса, қапы қалмайды. Қай дәрежедегі ақын-жазушымен, басшы шенеунікпен болсын еркін, байсалды сөйлеседі. Орысшаға аздап шорқақтығы бары оған бөгет емес, “жетпей жатқан” бір сөзді баламалы екі-үш сөзбен жеткізіп, ойын бәрібір ұқтырады. “Бір құрылықты жаулап алған орыс тілінің шамасы саған жетпеді-ақ, ә?” – деп қалжыңдағанымда Нүкеш: “Орекеңдерің егер менше қытекеңдердің арасында өссе, әке-шешесінің атын да ұмытып қалар еді” – деген (“қытекеңі” – қытай).

Нүкеш алпыс жасқа толғанын тойлады (1997 жылы). Мен қатыса алмадым. Көкшетауда бір қиын шаруада жүрдім. Келген соң құттықтадым. “Тойды қайте қоямыз деп едім, келініңіз Роза да, балалар да көнбеді. Жарайды, жетпіске жетем бе, жоқ па, жасаңдар дедім”, – дейді. Мен: “Ай, апақ бауырым, мынадай кескінмен өкеуіміздің жетпіске жетпеуіміз ұят болатын шығар?!” – деп едім, “Бә-ә-се!” – деп шалқи күлді.

Жүрегінің сыр беріп қалатыны бар-ды, екі жыл бұрын ауруханада үш айдан астам жатып шыққан. Ондай хал ойлантпай қоя ма?!.. Маған сыйлаған жинақтарының бірінде (“Енші”) былай деген-ді:

Дүбірлеткен кеудемді дүр жүрегім,  
Тайбурылдай талмаған дүлдүл едің.  
Ойға қонбай, ақылға симай отыр –  
Орта жолда қайткенің бұл жүдеуің?!

(“Жүрекпен сырласу” өлеңі)

1999 жыл қарашасының 11-і күнгі кеште Жазушылар одағында қызмет істейтін қарындастарымның бірі Қайырниса телефон соғып: “Ағ-ға!.. Нүкеш аға... қайтыс болды!...” – деп егіле естіркенде беталдымды жалын шарпып өткендей болды...

2000-жыл.



### «БАҚИҒА БАРЫП БАПТАНБАСАМ...»

Бес жыл.. ақ алмастың және бірі шарт сынып, қыны бос қалғалы... Қазекем айтқан «От ауыз, орақ тілді» ержүрек шешендеріміздің бірегейі Жұматай арамыздан аттанып кете барғалы...

Жұматай Сабыржанұлы!..

«Тасжарған» газеті Жұмаштың «Өкпелесең, өзің біл» – деп аталған ғажап жинағынан «құйрық тістестіре» үзінді беріп, қыруар оқырманын өткір де ойлы күлкіге кенелтіп келеді. Осы ғанибет іске шынайы риза болып жүрген көктем көңілімнің бір көрінісі есебінде мына бір естелігімді ұсындым.

1994-жылдың қазан айы. Сәкен Сейфуллиннің туғанына 100 жыл толуын тойлау рәсімімен Ақмола облысына бардық. Орталықтағы сән-салтанаттың бір әредігінде дембелше бітімді жігіт жедел баса жымып келіп:

– Ғаб-аға, ассалаумәлейкүм! Тойымыз құтты болсын! Танысқалы келдім, Жұматаймын ғой, Сабыржанов, – деді.

– Білем, бауырым, білем. Сені танымағанда ше? – дедім.

– Бұрын кездескен жоқпыз ғой?

– «Ара-Шмельге» тілші болғандардың сенен басқасын жүзбе-жүз білем, сені ғана сырттай біліп, көре алмай арманда кеткенмін, – деп қалжыңдадым. («Ара-Шмель» сықақ журналына Бас редактор болысымен жер-жердегі жалаңтөстерді редакцияға қызметке шақырғанмын. Жұмаш: – Кейініректеу барармын, әзірше осындағы тілшіңіз бола тұрсам деймін, – деп, Торғай облысындағы оң көзіміз, оң құлағымыз болған-ды.)

– Ғаб-аға, менде сондай бір «өнер» бар, бастығымды көруге құлшына бермеймін, сіздің де алдыңызға бір бармадым-ау! – деп жымыңдап тұр.

Есен-саушылық сұрастық, хал-жағдай білістік. Жұматай бізге тілші кезіндегі бір «қызығын» – жазықсыз жәбір көрген азамат Орынбай Сейдағаламовты қорғап жазған, бүкіл Торғайды шулатқан «Тоғыз толғақ» фельетонын ауызға алып:

– Сонда, аға, егер сіз маған «жедел жәрдем» ретінде екі фельетоншы жіберіп, олар жазған фельетонды дереу жариялап қорғамағаныңызда мен шіркініңіз торғайша шырылдап, Торғайдың тоңқылдақтарына әрі тамақ, әрі сусын болып кететін едім, «мықтылар» үнемі «ашқұрсақ жүреді» емес пе? – деп ашық күлді.

– Иә, бауырым, қазір қайдасың? «Мықтыларың» «Датпен» бірге бел асырып жіберіп еді, тұрақ таба алдың ба? (Ол кейін тәуелсіз «Дат» газетінің тілшісі болған.)

– Осы облыс әкімінің орынбасары Светлана Жалмағамбетованы білетін шығарсыз, қазақылығы шамалы сол «сұлумен» шайқасып жүрміз, ол қазағының тілін де, мәдениетін де қажет ете қоймайтын «биінің» дәп өзі, ол тұрғанда, сірә, «егініміз пісе» қоймас. «Дат» – «Араша» қорғай алмады. Қазірде осындағы радиодамын әрі «Ана тілі» газетінің тілшісімін, сізбен сұхбаттасуды жоспарлап едік, қашан оңашалана аласыз?

– Әңгімелесейік, тек тыныштау орын тап. Той томалақ демей ме, «көсемдер» мен «шешендер» көңілдері көншігенше көсіліп болғанша қай заман!

Екеуіміз «Тың игерушілер сарайының» (бүгінде «Конгресс-холл» болып «шет ел асып кеткен» сарайдың) дабыр-дұбырсыз сыртына шығып, біраз әңгімелестік. Жұматай ініміздің сондағы нұрлы жүзі, жылы жымысы әлі көз алдымда, ширақ үні, қуатты күлкісі әлі құлақ құрышымда.

Екеуіміздің бірінші де ақырғы жолығуымыз сол болды...

2002-жылдың қарашасында: Нүри Мұфтах, Тоқтархан Шәріпханов сынды сырластарымның, желтоқсанында Жұматай інімінің бұ дүниеден едел-жедел аттанып кеткендері жаныма қатты батты. «Махамбет бабамша қапияда кететін шығармын», – деп өзілдейтін Нүри. Солай болды-ау... «Ендігі ырың-жырың саясаттан да, соғыстан да мұнай иісі шығатын болады, қараңыз да тұрыңыз!» дейтін Тоқтархан. Қателе-

спеді. «Бақиға барып баптанбасам, фәнидің бәтшәғарлары құйрығыма жер иіскетер емес», – деп жымыңдап еді Жұматай. Шындықты айтқан.

Бәтшәғарларға өзіндей бәтшәғарлар ғана керек. «Оңды» «сол» дейтін, «шындықты» «өтірік» дейтін сол бетсіздер Жұматайдың да жүйкесін тоздырды. Енді ойлап, есіме түсіріп отырмын... Жұматай өзі үшін емес, туған Халқы үшін өмір сүріпті. Нені ұнатса да, нені ұнатпаса да, нені қаласа да, нені қаламаса да, нені айтса да, нені жазса да – тек Халқы үшін! Халқының бүгіні мен ертеңі үшін! Адам болып туып, Адам болып өтті! Ақиқат үшін арпалыста тірі жаннан жасқанбады. Халқының мақсат-мүддесіне кереғар әрекеттің үлкен-кішісін «іреп-сойғанда» оған Президент Н. Назарбаев та, аудан әкімі де – бәрібір болды. Әділ пікіріне аудан, қала, облыс басшыларынан қолдау табудың орнына олардан шеттету, құдалау көрген соң Президентке жазбаша әлденеше шағынғанына бір жауап та болмай ашынған Азаматтың бірде Президентке: Егер сіздің атыңызға жазылған хатқа ешкім пысықрмайтын болса, ақ-қарасын шешпейтін болса, онда сізді несіне республика басшысы деп жүрміз? – дегенін, екіншіде: Осы хат та бұрынғыларымның аяғын құшатын болса, онда «Нұрсұлтан ағамызға наз» деген атпен өлеңдер циклін магнитофонға жазып, әндетіп айтып, бүкіл республикаға жаямын!» – дегенін естігенім бар. «Жаны кейіген тәңірін қарғайды» да.

Жұматай қазақтың тұрмыс-тіршілігін оңдау, тарихын, тілін құрметтеу, ұлт мерейін ұлағаттау, демократияны орнықтыру, сайлау атаулыны әділ өткізу (сенуге болмас жәйтке ол да сенді-ау!), өкімет пен үкімет қызметіне кадрларды адамгершілік қасиетіне, білімділігіне қарап таңдап алу, жемқорлыққа, ұрлық-қарлыққа шындап тиым салу, желбуаздықтың, өтірік-өсектің, жағымпаздықтың өрісін өртеу және басқа да өмірлік мәселелерді халықпен ақылдасып, халықтың көз алдында шешіп отыру қажеттігін алқалы топ алдында айтып та, жалтақтамас баспасөзге жазып та жүрді. Өзінің азаматтық жанайқайын түйсіксіздердің түсінбегеніне өкінбеді, түйсікті-ау деп білгендерінің түсінгілері келмегеніне күйзелді. Мысалы, Ақмола облысында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің қатты қағажу көріп келе жатқаны туралы «Ана» тілі газетінде шымыр мақаласы шыққанда оған жергілікті зиялылар арасынан: Алдан Смайылов, Нұрғожа Оразов, Талғатбек Жүсіпов, Владимир Гундарев, Геннадий Терез, Николай Сильченко, Ысмағұл Рахымбеков сынды жетеудің суырылып қарсы шығып, облыстағы биік-биік орындағыларға, «Ана тілі» газетінің редакциясына «оқ жаудырғандары» бар. Арашалар шенеунік атаулылардан қайыр болмай арпалысқан Жұматай ақырында сотқа жүгініп, жазғанының дұрыстығын дәлелдеп, өз сөзімен айтқанда, «жеті жемірді» кешірім сұрауға мәжбүр еткен. Онысы – екінші бірінің қолынан келер қайрат емес-ті.

Орыс тіліне мемлекеттік дәреже беруді көксегіштер де; негізсіз құдалауға тап болып, елден жыраққа кеткен Әкежан Қажыгелдинді сырттай қыжыртуға құмарлар да; қарманған талы бәрібір су түбіне кетіретін қолбала – премьер-министрлер де; «Отан» партиясына мүше алуды қой тоғытқанға айналдырып жүрген тізімшілдер де; билік басындағыларды көзін жұмып алып күндіз-түні мақтап отыратын есепшіл күнкөргіштер де; өміршісінің баяндамалары мен мақалаларын өліп-тіріліп қисындап беретін жалбақай жазғыштар да, солардай басқа пәтуасыздар да Жұматайдың қолынан «дәм татқан».

Ойы озық, тілі өткір журналшы, байқампаз, сезімтал, сөзтапқыш, күлкісі көркем әзіл-сықақшы Жұматайдан «енші алуға тиістілер» әлі көп еді... не шара?!

Қылыш-қаламды журналшы болған Жұматайдың өзіл-сықақтары да ерекше тартымды. Оның оқиғаны ойнату, көрікті тілмен әдіптеу тәсілінен ағасы, ұстазы болған Оспанхан Әубәкіровтің қолтаңбасын аңғарамын. «Кәрі сайтан», «Өкпелесең, өзің біл» жинақтарын оқып отырғанымда айызым әбден қанды. Газет-журналдарда шашыранды жарияланған әңгімелері кітапқа айналып, бір арнада тоғысқанда, бейнелеп айтқанда, қолыма граната орнына зом (бомба) алғандай болдым.

Кітап етуге әзірлеген, артында қалған зайыбы Әминәнің айтуынша, өзі «Мен таныған шындық» – деп атын қойып жинақтаған қолжазбаларын оқып, Жұматайдың ой өрістетуі, тіл ұстартуы үнемі ілгерілеуде болғанына көз жеткіздім (былтыр). Бір қағар өзілдері ме, көлемді әңгімелері ме, – бәрі де бірінен бірі көркемдене биіктей берген. Ол – тамаша таланттың ғана өресі жетер, қолынан келер шығармашылық табыс. Қолжазбаға алғысөз жаздым. Жұмаштың өзінсіз шығар ол жинағында да «көсемдер» мен «көсемшілдерге» қадалар шаншу бар еді, күзегіш редактордың қара қайшысына жем болып кетті ме, кім білсін...

2007-жыл



## **КӨРЕ АЛМАДЫ КӨП «ДОСЫ»**

1973-жылдан көз алдымда болған Асқардың жаратылысына әбден қанық едім. Ол Мемлекеттік университетіміздің журналшылар факультетін тәмамдар жылында «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында екі ай шамасы практикалық жұмыста, мен меңгеріп отырған сын бөлімінде болды. Жылы жүзді, елгезек, жампоз жігіт талапшыл ұжымға анық сөзімен де, атқарған ісімен де, сылқ-сылқ күлкісімен де ұнады. Қазан-ошақтың қасында жүрсе де ешқашан қаспақ дәмепеді, жас ақын болса да өз өлеңін тықпалап желпілдемеді. «Өлеңдеріңді ұсынбайсың ба?» – десем, ақырын ғана жымыяды да: «Сенімдеріңді ақтау үшін сын жазып біраз байқайын», – дейді. Ол жеке бөлімнің ғана емес, жалпы редакцияның сенімін ақтады. Дипломын қорғап шыққан соң, басқа облысқа берілген жолдамасын өзгерттіріп, штатқа қызметке алынуына себепші болуым да сондықтан. Басқа газеттерде – өлеңдері, өзімізде – әдеби сын мақалалары жарияланып жатты. Жауапты хатшымыз Әбірәш Жәмішев бауырсақ мұрынын алақанымен бірер үйкеп қойып: «Асқар талантты жігіт екен!» – деп сүйінеді. Бас редакторымыз Сырбай Мәуленов те дән риза: «Тәртіпті бала екен!» – дейді...

«Сыр-аға, анау пәтерді тәртіпті балаға берейікші!» – дедім бір күні. ҚКП Орталық Комитетінің Газет-журнал баспасы редакцияға үш бөлмелі пәтер бөлген. Сыр-аға да добал мұрынын доғал қолымен ырғап-ырғап алып: «Солай ма?.. Бізде, өзің білесің, пәтерсіз жүрген екі-ақ кісі ғой, екіншісі – машинистка қызымыз, бұл пәтерді екеуіне бөліп берейік, қыз бір бөлмесінде тұрсын, а что, күйеуге кеткенге дейін тұра берер», – деді. «Ой, Сыр-аға, олай жасамайық, қызды қоя тұрайық, оған бұйырғаны тағы бола жатар, ал Асқардың әке-шешесі, келіншегі, екі баласы бар, соның бәрін жетектеп, пәтер жалдап есі шығып жүр!» – дедім. Шындығында Асқардың отбасында неше кісі барын білмейтінмін. «Солай ма?» – деді Сыр-аға. «Біз де, алты адам, дәл сондай, үш бөлмесі де қуықтай-қуықтай пәтерде тұрмыз, қиын-ақ!» – дедім. «Сонда сенің пәтерің неше квадратный метр?» – «Отыз тоғыз ғана! Асқарға тіпті қиын болады, ол ақын ғой, ақынға жеке кабинет қажет қой?!» – «Солай ма?» – «Солай, Сыр-аға!». Редакцияға

бөлінген пәтердің көлемінен хабарым жоқ-ты. Оның орынын ақын ағамызға Асқардың ақындығын көлденең тартумен толтырудың ойыма сап ете қалғаны! «Дұрыс! Издательство көнсе, көнетін шығар, бұл пәтерді Асқарға берейік, дұрыс!» – деп Сыр-аға арыстанның жалынша дудырап бетіне түскен шашын сау қолымен артқа қайырып тастады.

Жақсы сөзді естіген Асқар зыр жүгіріп, қажетті құжаттарды Баспаға апарып тапсырса, ондағылар құптамапты. «Отбасында үш кісі ғана барға үш бөлмелі пәтер бере алмаймыз» – депті. «Енді не істеймін?» – дейді ақын ініміз, сынық үнмен. «Әке-шешең бар ма?» – деймін. «Бар, ауылда тұрады». Қап!.. Ары ойландық, бері ойландық. Әбірешқа бардым. Әбекең: «Рахметолламен сөйлесіп көрсең қайтеді, ол Баспаның директорымен жақсы таныс», – деп ақыл қосты. Рахметолла – белгілі ақын Рахметолла Нұрпейісов. Облыстық партия комитетінде үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары. Обкомға ауысар алдында бізде бөлім меңгерушісі болған, екеуіміз үш жыл бір бөлмеде отырғанбыз, сырлас жолдастармыз. Рахаң мені бірден қолдап, Баспаның басшыларымен сөйлесуге уәде берді. Сонымен, ақырында асығымыз алшы түсті!

1974-жылғы көкек айында Жазушылар одағы басқармасының хатшылары Әнуар Әлімжанов пен Ілияс Есенберлин мені кезекті еңбек демалысымда жүрген жерімнен шақыртып алып, екеуі тізеге салып отырып, Әдеби қорға директор болуға көндірді. Жаңалығымды редакторымыздың орынбасары Жәмішев Әбірашқа айтып едім, ол: «Білеміз, келіскенбіз» – деп жымыңдайды. «Онда тағы да келісейік, менің орныма Асқар қалсын» – «Оны Сыр-ағаңмен сөйлесейік» – «Жүріңіз, сөйлесіп шығайық». Редакторға бардық, айттық. Сыр-аға әдетінше мұрынын үйкелеп алып, біраз ойланып отырып: «Пәтер бердік, дұрыс. Енді... сенің орныңа қоюға асықпайық, бұрыннан істеп келе жатқан, бір саты болса да өсуге уақыты жеткен анау жігіттер ренжіп жүрер, Асқар әзірше әдеби қызметкер бола тұрсын, ол ренжімес, сен де ренжіме, жарай ма? Бүгін ренжіп қалып, ертең сен, жолдас директор, бізге Қырымға, Кавказға путевка бермей жүрме!» – деп қарқылдап күлді.

Мұны: «Мен Асқарға сөйткенмін!» деген қажетсіз ішкі есепті пендешілікпен еске алып отырған жоқпын. Қысқа да болса жарқын өмір сүре білген, халқының Азаматы, Ақыны дәрежесіне көтеріліп өткен аяулы інімізге сонау бір кезде жаға бола алдым-ау деген шүкіршілік сезімім айтқызды.

«Мөлдір тұма» жыр жинағынан бастап оннан астам кітаптың авторы болған, поэзиямызға да, әдеби сынымызға да, прозамызға да, әдеби аудармамызға да мол еңбек сіңірген, Махамбет, Жамбыл атындағы сыйлықтардың иегері болған, «Дәстүр, поэтика және аударма мәселелері» еңбегіне ғылым кандидаты, «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірдегі көркемдік жүйесі» еңбегіне ғылым докторы атағы берілген профессор ақын Асқар Құрмашұлы Егеубаевтың кім болғанын ертеңгі танымпаз да әділ әдебиетші, талғампаз оқырман ұрпақ айтар. Оны бүгінгі біз танымадық, танығымыз келмеді. Оның шығармаларын бүгінгі біз оқымадық, оқығымыз келмеді.

2002-жылдың республикалық Мемлекеттік сыйлығына Асқардың жаңа өлеңдер кітабы ұсынылды. Ол бір ғана жинақ емес еді, оның қапталында ұлы бабамыз Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны тұрған. 600 бет кітап! Көне түркі тілінен қазақша-лаған – Асқар. Сыйлық берілмеді (*Асқар кейін де осы тарихи дастанның құрылымы, мәні жайында «Кісілік кітабы» – деп алымы мақала, одан соң «Жүсіп Баласағұн» роман-эссесін жазды*).

2004-жылғы сыйлыққа Асқардың келесі жаңа жырлар жинағы ұсынылды. Ол да бір ғана кітап емес еді, оның қапталында ұлы бабамыз Махмұд Қашқаридың «Түрік

тілі сөздігі» тұрған. 3 том. 900 бет кітап! Көне түркі тілінен қазақшалаған – Асқар. Сыйлық берілмеді.

Әлемге аян бұл екі бабамыздың мұншама көлемді де аса құнды еңбектерін қазақ оқырмандарына жеткізу, жекелеген ақын-аудармашыны былай қойғанда, Ғылым академиямыздың Тіл институтының да, Әдебиет және өнер институтының да жоспарында жоқ екен, Асқар ұсынып, іске асырыпты.

Асқардың әрі ақындық, әрі аудармашылық, әрі азаматтық ғажап еңбегіне Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның бірде-бір мүшесі бірінші жолы да, екінші жолы да назар аудармады. «Күбірді құдай естімей ме?», сыйлық үшін жанпида деп алашапқын болған пысықайлар назар аударуға мұршаларын келтірмеді. Сөйтіп, «жоғары мәртебелі» мемлекеттік комиссияның «аса құрметті мүшелері» – классиктер мен академиктер – бірі, 2000-жылы маған Зейнолла Қабдолов ағамыз айтқандай, «қайтейін, шәкіртім болған соң сызбадым» – деп, бірі «алтын көрсе періште жолдан таядының» кебімен обалсындым» – деп, ол жолтапқыштарды теріс қарап отырып құптап, «алтын» қолын қойып береді, әдебиетті «әу!» деместен жалпақшешейлікке жем етеді. Көптен бері осылай. Бір жылы комиссияға мүше болған ақын Қуан аға – Қуандық Шаңғытбаев: – Әй, «Тахауи», сол комиссиясы бар болғырға мүше болғалы ұйқыдан қалдым, телефоным мен есігіме тыным жоқ! – деп ренжіп еді. Арды саудалау әдебиет ауылында да қызу жүріп жатқан заман!

2006-жылдың сыйлығына Асқар тың өлеңдер жинағын ұсынып еді. Ол да жалғыз кітап емес-ті, оның қапталында жауынгер жыршымыз Махамбет Өтемісұлы шығармаларының 4 томы тұр еді. Оны академиялық басылым талабына сай етіп, тұтас бір ғылыми-зерттеу орталығының міндетін бастан-аяқ жалғыз өзі атқарған – Асқар! Сірә, «арбаның алдыңғы дөңгелегі қайда жүрсе, соңғы дөңгелегі сонда жүреді», бұл жолы Жазушылар одағының поэзия секциясы анау комиссиядан кем түспеуге құмартса керек, оның кітабын өздерінен жоғарғы талқыға жібермеді де. Ондағы әлдекімнің «ішкі есебі» болған да шығар.

Соңғы үш кезеңде сыйлық алғандардың ешқайсысының ақындық деңгейі Асқардан асып жатқан жоқ! Мұны қай ақынның, қай сыншының алдында болсын екі жерде екінің төрт екеніндей дәлелдеп бере аламын!

Өкінішке қарай, бүгін бізде Азамат Қаламгер сирек, азаматсынған жазғыштар жеткілікті. Біз Азамат Қаламгерден бұрын соларды танимыз, соларды оқимыз, соларды марапаттаймыз, себебі олар өзін өзі насихаттап, өзгеге де насихаттатып, «танымасыңа», оқымасыңа қоймайды. «Ешкіні – апа, текені – жезде» деудің оқуын іштен оқып туған. Аузында сөзі, қолында билігі бардың, биліктің тізгін-шылбырын ұстап отырғандарға ат-атағын пұлдай білетіндердің алды-артын орап, өзіне керегін айтқызып, жасатып алады. Ұлы Абай: «Арсыз болмай – атақ жоқ, алдамшы болмай – бақ қайда?!» дегенді бекер айтпаған ғой!

Ал Асқар – ардан жаралған Азамат еді!.. Небары 56 жасында...

Біз оны, барында аялап алақанымызға салғандай-ақ, сылдыр-сұйық, жалтырауық жансыз сөзбен «көрнекті ақын еді... мықты аудармашы-ғалым еді...» – десіп жортақтап жоқтап, көзімізді сілекейімізбен шылап, сайқалдана аттандырып тындық.

Осы айдың 5-і күні Асқардың алпыс жылдығын атап өттік. Жазушылар одағымыздың, М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтымыздың басшылары бастап сөйлеп, тарихи тұлғаға айналған ақынымыздың әдеби-ғылыми еңбектерін атап-атап, өзін жоқтадық. Иесінсіз тойға кезінде Асқарға Мемлекеттік сыйлықты қимағандар да келіп, тіпті «жоқтасып» сөз сөйледі де. Солардың сиықтарына қарап отырғанымда есіме мына бір жәйт түсті. Партизан жазушы ағамыз

Қасым Қайсеновтің ауруханада жатқанын естіп, көңілін сұрап шығуға бардым. 2004-жылдың күзі еді. Біркісілік палата. Менің «ассалаумағалейкүміме» жауабы: «Сенің анау тәуелсіз газетсымақтарыңның бірі мені жамандаған мақала шығарыпты. «Мемлекеттік сыйлықтан құр қалған екі ақынға арашашы болып, Президент Назарбаевқа жеделхат жолдап, екеуіне сыйлықты бұйырты» – депті. Оны жазған идиотты мен бәрібір тапқызамын да, көресісін көрсетемін!» – деп, тағы біраз қатқыл сөздерін түйдектете айтып-айтып аялдады. Одан арыда екеуіміздің «сұхбатымыз» былайша болды:

– Аға, менің жекеменшік газетім жоқ және ол газеттерге әмірім жүретіндей бір-де-бірінің демеушісі де емеспін.

– Сен мақала жазып жүрсің!

– Ол – менің жеке шаруам.

– Ондағылар сенің тіліңді алады.

– Сонда мен жаздырыппын ба? Кім жазыпты? Қай газетте?

– Білмей отырғаның!

– Әлде мен жазған шығармын?

– Сен жаздың! Псевдонимыңды қоя салдың!

– Ай, аға-еке! Сіз жер-көкке сиғызбай мақтап кеп жүретін Президенттің қате ісін оның аты-жөнін атап мақала жазғанда қоймайтын бүркеншік атты сіз туралы жазғанда қойған екенмін ғой? Сізден өлердей қорыққан екенмін ғой?!

– Онда кім жазды?!

– «Тапқызып аламын» – деп отырсыз ғой, Астанаға айтып, тапқызып алыңыз, менен сұрамаңыз! Оған дейін айтыңызшы, Президентке жеделхат жібергеніңіз шын ба?

– Ал жібердім, маған не қыласың?!

– Сізге бірдеңе қылатын күшім жоқ, бірақ шыныңызды ақырына дейін айтыңызшы: жеделхатыңызда бұл жолғы сыйлықтан құр қалған үшеудің екеуін атап, үшіншісін – Асқар Егеубаевты атамапты деседі, оныңыз не?

– Нұрлан мен Марфуғаны атадым, Асқарыңды атамадым, ал не істейсің?!

– Ендеше, аға-еке, әйтеуір менен көріп жатыр екенсіз, мен мұны өз атымнан ашық жазамын, айтпады демеңіз!

– Мен енді түсіндім, ол мақаланы сол Асқарыңның не өзі жазды, не бір жолдасына жаздырды, мен оны анықтаймын!

– Асқар – періштедей таза жігіт, оны сыртынан ғайбаттамаңыз, күнә болады.

– «Күнә»?!. Ол анау «Азаттық радиосының» тілшісі екен, Қазақстанды жамандап мақала жазады екен, онда ол адам да, ақын да емес!

– Ол мақала жазған емес! Мәдениетіміздегі, әдебиетіміздегі жаңалық туралы хабар ғана жазып жүр, бұл – бір, екіншіден – оның ақындығына да, адамдығына да сіз баға бере алмайсыз!

– Көрерміз!

– Мейліңіз!..

Ары қарай қажасқым келмеді де, шығып кете бардым. Кешке Асқарға телефон шалып, ағекемізбен болған «сұхбатты» айтып бердім де: «Анау мақалаға қатысың жоқ екен, ендеше, ертең ауруханаға бар, сөйлес, беталды күнәға батпасын» – дедім. Асқар: «Ол кісінің ашу қатты, білем, маған бірдеңе деп тастап, қиын болып жүрмесе...» – деп сәл-пәл тартыншақтады да, келісті. Ертеңінде кешкісін телефон соғып: «Ғаб-аға!» – деп кеңкілдеп күліп алды да, ауруханаға барғанын, сөйлескенін, партизан ағасының райынан қайтқанын көңілдене айтты. Ағекеміз: «Ендеше... оны



Ұлықбек жаздырды, ол маған ренжіпті, үйіме Еркінді жіберіп айтқызған болатын, білдім» – деп, Асқарды әдетінше «дорогойлап», жібіп қалыпты.

Мен білгенде ешкімді ешқашан сыртынан сөз етіп көрмеген ақын інім өзіне сырттай тағылған орынсыз, күдікті кінәға душар болып кетпегеніне қуанған еді.

2010-жыл



## ЖАҚСЫЛЫҚТЫ АЙТҚАН ЖАҚСЫ

«Сайыңнан саяқ құрлы сая таппай...» деп аталған хикаяны жазып жүрген күндерімнің бірінде марқұм Қалжан Нұрмаханов жайында біраз мағлұмат қажет болды да, қарындасы Қазынамен, Қазыкеңнің ері Бекен Әбдіразақовпен әңгімелестім. Екеуі де – ақкөңіл, нәзік жанды адамдар. Көптен біліспіз. Сегіз жыл құдайы көрші болғанымыз және бар.

Ағасының келбет-тұрпатын, мінез-құлқын суреттеген Қазыкеңнің сөзі көкейінде тұнып жатқан сағыныш сезімін қозғап, көзінен мөлдір моншақ болып тамды. «Шіркін-ай, тым болмаса қырық жасқа жете алмай кетті ғой!» – деді, өзегін өшпес өкініш жалыны тағы бір шарпыған қарындасы.

Әншейінде ашық-жарқын ақын Бекен де біртүрлі тұйықталып, басын шайқап, ойланып қалды да, біраздан соң ғана сөз бастады. Қайынағасының небары отыз жеті жасында көз жұмғанын айтып: «Қазекем мүшел жасты қатерлі деп бекер айтпағанау, біраз ағайындар шынында мүшел жасында кете барды», – деді де, Қалекеңнің кітап оқуға, білмекке құмарлығын, батылдығын, табандылығын, ойға байлығын, тілге шешендігін асықпай әңгімеледі. Өзі де серпіліп, көңілдене түсті. Адамның жақсылығын айту да жақсы ғой. Жаныңды жадыратады. Бекен құдды Қалекеңнің мерейтойында сөз алғандай...

Мен қажет мағлұматқа қандым. Қалекең студент шағында-ақ әдебиетші болыпты. Әңгіме, сын жазумен шұғылданған. Университетті тәмамдарда Мұхтар Әуезовтің «Абай» романының мән-маңызы тақырыбына диплом жазып, ол еңбегі «өте жақсы» – деп бағаланған. Кейін, Мәскеу мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып жүргенінде, романның орысша нұсқасына алғаш рет орыс тілінде пікір білдіріп, ол мақаласы «Знамя» журналында жарияланыпты. Одан кейін, Мәскеудің мемлекеттік университетінің филфагын тәмамдап, Қазақстан Жазушылар одағының КСРО Жазушылар одағындағы өкілі болып тағайындалған. 1953 жылдың көктемінде Мәскеуде Мұхаңмен танысып, академик, Сталиндік сыйлықтың лауреаты ағасының қалауымен эпопеясының 3-4 томдарын орыс тіліне тәржімалауға (жолма-жол аударуға) қатысқан да, Мұхаң талабы күшті жасқа мейлінше риза болыпты. Шыңғыс Айтматовты Қалекеңе таныстырып, екеуінің достасуына дәнекерлік жасапты. «Егер есен-сау жүрсе бар ғой, сөз жоқ, әрі жазушы, әрі аудармашы Қалекең қазақ әдебиеті сыншыларының көш басы да болар еді!» – деді Бекен.

Бекенді де, Қазынанан да түсіндім. «Жастай орғаның неткенінді» ажал шіркін естіген бе?!

Айтулы ақын Бекенді небір шалқар қуаныш сәттерінде де, шыңылтыр реніш кездерінде де көріп жүрдім. Көңілі көк майсадай кездерінде өзі туып-өскен ауыл өмірінен, ондағы қадірлі көрі-жастардың тірлігінен небір қызық әңгіме шертетін. Ал

ақын аға-інілері, құрдастары хақында сөз бастаса, олардың өлеңдерінен бірер шумақ мысал келтіре сүйінішті сыр ақтаратын. Тәкен Әлімқұлов ағамыздың арқасында Мәскеуде атақты ақын Александр Трифонович Твардовскиймен қалай танысқанын айтқан сайын ішек-сілесі қата күлетін.

КСРО Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйі бар. Кеңес әдебиетінің небір қасқалары мен жайсаңдары сонда алғаш жүздескен шығар-ау! Оның асханасында талай әңгіме шертілген шығар-ау! Тәкең елден келген Бекенді Әдебиетшілер үйіне ертіп барған. Оны-мұны жұмыстары реттелген соң буфетіне кірген. Бұрында суретінен ғана білетін Твардовскийді тани қойған Бекен: «мені таныстырыңызшы!» – деп Тәкеңе інілік еркелікпен салмақ салады ғой. Тәкең құп көріп, Твардовскийге ертіп барып: «Саша, мына жігіт – біздің мықты ақынымыз Бекен Әбдіразақов!» – дейді. Твардовский: «Қазір байқап көрейін», дегенде Бекен абдырап қалады. «Кәнеки, өлеңдеріңді оқы», дей ме, Орысшаға аударылған өлеңім жоқ» – деп сасқан. Ал Твардовский буфетшіге ым қағады да, ол қырлы екі стақанды толтыра арақ құйып береді. Атақты ақын стақанның біреуін Бекенге ұстатып, екіншісін өзі алып: «Молодой человек, вы – наш гость. Ну, за знакомство!» – деп стақан түйістіреді де, арағын қағып салады. Намыс қамшылаған Бекен де тартып жібереді ғой. Сонда Твардовский Тәкенге жымия қарап: «Ничего не скажешь. Да, поэт!» – депті.

Шайлық-байлықта шаруасы шамалы жарқын жаратылысты Бекеннің қатты күйзелгеніне де куә болдым. Оспанхан Әубәкіров көз жұмғанда ерекше егілді. «Шал-ау, әй, шал! Енді қайтеміз?» – деп, көз жасын балаша төгіп-төгіп жіберген. Сонда маған бейтаныс бір міскін: «Екеуі бірге ішетін», – деп қалды. Танысым болса, теуіп тезегін шығаратын едім, амал не, өзімді еріксіз тежеп: «Екеуі жиылса да, үйінде бүркеніп алып ішетін сенен көп ішпеген шығар?!» – дедім. Ол, маған көзі жыртия бір қарап алып, табанын тайдырды. Тегі менің «сәуегейлігім» тар маңдайына тасша тисе керек.

Оспанханды Бекен «Оспаным» дейтін де, Бекеннен екі жас үлкендігі бола тұра Оспанхан оны «аға, ағеке» – деп қалжыңдап, жарасып жүретін. «Оспанханды іздеу» – деп жазған өлеңінде Бекен былай депті (қолжазбасының бір данасын маған беріп тұрып: «Кейін керек болар», – деп жымиған кескіні әлі көз алдымда):

Жамбасың жерге тигелі,  
Екі жыл бопты-ау, Оспаным!  
Күрсініс менде жиіледі,  
Көрінбей өзге достарым.  
Далаға шықсам, жалтақтап  
Қараймың, лаж не, үйіңе.  
Сенімен жүрген талтаңдап,  
Жылар ең бүгін күйіме.  
Шыға алмай қалдым сыртқа да,  
Шырылдап қалдым бөлмеде.  
Қарамай тура жұртқа да,  
Жер болам Беделді көргенде.  
Жалғыздық атты бәленің  
Салмағын енді сезіндім.  
Тарылып байтақ өлемім,  
Түндерде әрең көз ілдім.  
Сағындым нұрлы күлкіңді.  
«Аға» – деп ойнап кім айтар?!  
Қамалап ойлар мың түрлі,  
Күн өткен сайын мұңайтар.

Аруағың ылғи, пырағым,  
 Маңдайдан мені сипасын.  
 Мезгілсіз сөнген шырағым,  
 Жырдағы жалғыз ұйқасым!

Өзіміз жайлы өкпектей  
 Өкпеден өтер жүр сыбыс.  
 Жырымды еркін көктетпей,  
 Жиілеп кетті-ау күрсініс...

«Өкпеден өтер жүр сыбысы» – анау бір міскіндердің «ішетін» дейтін өсек-аяңын мегзеп, іштей жиіркеніп күлгені шығар. Әркімнің балшығы әрқалай ғой, Бекен-ау!

«Кейін керек болар» – деп неге айттың екен?..

Арамыздан аттанып кеткеніне жеті жыл болған аңқылдақ ақын Бекенді есіме алған сайын оның жымиып, сөзін: «Әй, шал!» – деп бастайтын бейкүнә бейнесі көз алдыма келе қалады...

Бекен бе, Оспанхан ба, Жүмекен бе, Сабырхан ба... күні кеше аралас-құралас болған үлкен-кіші қаламдастарымды ойша іздеп, сағынып жүремін. Тірліктің оны-мұны жәйттеріне орай есіме түскен сайын жарқын жүздеріне жарасымды жайсаң әрекеттері көз алдыма келеді, әзіл-қалжыңдарын естіп отырғандай боламын. Егде жастағы бір сүйенішің – естелік екен!

2009-жыл.



## БАЯУ ҚИМЫЛ, БАЯНДЫ ІС

Бүгінде Кеңес Одағының Батыры, немере ағайым Ізғұтты Айтықов атындағы «Тарғын» орта мектебін тәмамдап, Алматыға асығып жетіп, ҚазПИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне емтихан тапсырғанда мұрттай ұшып, сонсоң Өскеменге оралып, облыстық «Алтай большевигі» газетінің редакциясына бардым. Жауапты хатшысы делінген Мұқан Әбуғалиевтің бөлмесіне кіріп, жұмысқа орналасқым келетінін айттым. Ол бас редактордың орынбасары делінген Қапан Қамбаровқа жетектеп алып барып: – Уақытша болса да орын бар ғой, мына баланы алайық! – деді. Қапекең бас редактор делінген Бейсек Исабеков жолдасқа жетектеп алып барды. Үшеуінен де: – Сен Тарғын мектебінен өлең жолдап жүрген бала емессің бе? – дегенді естідім. Сөйтіп жұмысқа қабылдады. Корректор делінген келіншекке екі ай көмекші, содан біржарым ай корректор болдым. Одан кейін әдеби қызметкерлікке өсіріліп, Мұқан мені бір кең бөлмеге кіргізіп, айнала отырған он шақты жігіттің семізшелеу ақсарысына апарып: – Әй, Сәйделең, саған көмекші әкелдім, өздерің танысып алыңдар, – деп кетіп қалды. Сәйделені біреу қытықтағандай сылқ-сылқ күлді...

Редакцияның бес бөлімі жаңағы кең бөлмеге орналасқан екен. Ұзынды-қысқалы, арық-семіз, қара-сары дегендей жігіттер. Солардың арасынан бұйрасын шашты, дөңгелек жүзді, қиғаштау қасты, қой көзді, қырлау мұрынды ақ жігітке, басқалардан ерекше әдемі жігітке көзім бірден түсті. Үгіт-насихат бөлімінің әдеби қызметкері Ыбыраев Жүніс екен.

Редакцияда он жыл қызмет істедім. Жүніспен де он жыл тізе қосып жүрдік. Редакциядағы ең орнықты қызметкер. Сол жақ шеке шашын сол қолының

сұқсаусағымен ширатып, оң қолынан қаламы кетпей, алдындағы қағазға үңіліп кеп отырғаны. Қағазы, әлбетте, не өзінің мақаласы, не басқаның мақаласы. Журналшының шаруасы белгілі ғой, өзіміздің материалдарды жазамыз, өзгелердің жазғандарын өңдейміз. Газеттің қамы. Жүніс аса мұқиятты. Өзіне де, өзгеге де талапшыл. Өзінің жазғаны бірден қабылданып жатса, өзге кейбіреулерінің шикілеу жазбасын «пісіріп-түсіруден» ешбір жылықпайды да шаршамайды.

– Соншама әуре болатының не? Жарамайды екен, өздеріне қайтарып, қайтадан жаздырып алмайсың ба? – десем, жымыңдап, шашын ширата түсіп:

– Өйтуге болар еді, бірақ ыңғайсыз ғой, – дейді. Немесе:

– Заказбен жаздырдық. Керек мәселе. Амал жоқ, түзетіп отырмын, бүгін өткізуім керек, еше Шәкең оқиды, – дейді. Шәкеңі – бөлім меңгерушісі Шерияздан Елеукуенов. Өте білімдар адам. Қай тақырыпта әңгіме өрби қалса да, басқа меңгерушілерден шоқтығы әрқашан биік.

– Шәкеңнің мектебінен өте алсам, әй, өкінбеспін, – дейді Жүніс ұстазына ризашылығын білдіріп. Шынын айтқанын жұмсақ, ашық үнінен аңғарамын. Бірде мен де шынымды ақтарып:

– Менің бастығым қызық, – деп бастадым.

– Несі қызық? – деп Жүніс күледі.

– Менің жазғанымды да, басқалардың жазғанын да «алып соғып», бірін-ші сөйлемінен соңғы сөйлеміне дейін сызғылап, өзі қайтадан жазып шығады, сонсоң бәріміздің материалымыз бір қалыптан шыққан кірпіш сияқтанып, біріне бірі ұқсап қалады, – дедім.

– Е, Сәйделен сөйтеді, белгілі ғой, басқа бөлімге ауысып алсаңшы, – деп тағы күледі.

Иә, мен ақырында Сәкеңмен бірер «шайқасып» алып, Мәдениет және тұрмыс бөліміне «көшіп кеттім».

– Дұрыс болды, Асхат жайлы кісі, – деді Жүніс. Асхат Темірбаев – бөлім меңгерушім.

Бірде жас мамандар жайында очерк жазуға тапсырма алып, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының комсомол комитетіне барып, олар мақтаған бір аппаратшы қазақ қызбен жүздестім де, жұмыс орнында бірнеше рет болып, ісімен, жолдастарымен танысып, ақырында очеркті жаздым. Газетте жарияланды. Дәстүрлі лездемеде мақтау естідім. Түскі үзіліске шығып, дәмханаға бара жатқанымызда Жүніс мені қолтығымнан алып:

– Ғаббас, бағана летучкада үндемедім, енді айтайың, сен кейіпкеріңнің фамилиясын қате жазыпсың, ол Құрықбаева емес, Көрікбаева, – деді.

– «Қате» дегенің қалай? Сен ол қызды білесің бе? – дедім. «Түзетуіне», әрине, сенбедім. Ол күліп:

– Ол – менің жиен қарындасым, – деп, қыздың қайда туып-өскенін, өзіне жиендігі қалайша екенін тәптіштеп айтып берді де: – Жалпы, қайсысымыз жазсақ та, очеркті газетке шықпас бұрын бәріміз оқып шықсақ, сол дұрыс болар еді, жаңағыдай қатені қойшы, ол сирек кездесетін жәйт қой, одан бұрын очерк жанрының ерекшелігін түсініп, жете меңгеріп алуымызға жақсы болар еді, – деп пайдалы пікір айтты.

Жүністің қақ-соқта, пыш-пышта шаруасы болмайтын, қашанда ойын жайып салып, «мінеки!» дегендей қарап отыратын.

Бірде жігіттердің біреуі Жүністің редакцияға келгенге дейін КГБ-да істегенін айтты. Сенбедім. Ешқашан ешқайда асықпайтын, көрер көзге баяу қимылды кісі онда қызмет істей алмайтын сияқтанатын маған. Шындығын өзінен сұрап едім, қолын сілтей күліп:

– Жігіттер айта береді, сенбе оларға! – деді.

Облыстық газет редакциясында қызметтес болғандардың көбі кейін де Алматыға көшіп келіп, онда-мұнда орналастық. Шағын Өскеменде жиі бас қосып жүретін едік, далиған Алматыда, «айында, жылында бір» дегендей, сирек араластын болдық. Бірер жылдан соң Жазушылар одағына мүше болып барып «көзіміз ашылды». Жүздесуіміз жиіледі. Жүністің ұлы Алматы қаласы әкімінің орынбасары бола қалғанда Жүніске құтты болсын айтып:

– Енді қаланың төскейінен таңдап тұрып пәтер ал, қаншама орталық десең де, бірінші қабатта тұра берме! – деп өзімше ақыл айттым. Ол әдетінше лекіте күліп:

– Балаларымызды таза бол, тура жүр деп өсірген жоқпыз ба, менің ол ұлым да ешқайда бұрылмайды, пәтер мәселесі ойымда болса да, оған ештеңе айтқан емеспін, мазалап қайтемін? Балалар өсті, жетілді, өздерінің отбасы бар, соған бәйбішем Зияш екеуіміз шүкіршілік жасап отыра береміз, осы пәтер Зияш екеуімізге жетеді, – деді.

Менен гөрі жақын жүретін, жиі араласатын жолдастар Жүніс пен Зияшты сырттарынан «Қос аққудай жарасымды» десетін. Отбасының сұлулығына не жетсін!

Жүніс әдебиетке көркем очеркпен, көркем аудармамен келді. Әңгіме, хикая жазды. Даңқты Баукең ағамыз – Бауыржан Момышұлы – жайында хикая жазуға неге бел бұғаның, қалай танысып, қанша әңгімелескенін жыр қылып айтатын.

«Айтатын...».

2006-жыл.



## ТОҚА БАЛА

Асыр сап ойнап жүгірген жерім,  
Табаным тасқа тілінген жерім.  
Қым-қуыт жылдар зулаған сайын  
Қадірі ыстық білінген жерім...

Бұл – Тоқтарбек Әбдірахманұлы Қызықбайдың туып-өскен Зайсанына арнаған өлеңдерінің бір шумағы. Туған жер – қай-қайсысымыздың да тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмір бойы қастерлеп өтер аса қымбат тиянақ-мекеніміз. Тарихи өңірдің ақын перзенті “Зайсан” атты жыр жинағында осы бір ескі де жаңа тақырыпқа ден қойып, өзінің балалық пен жігіттік шағына куә тау мен орманды, өзен мен көлді, шалғын мен құмды ақшаңқан шабытпен аңқылдап жырлаған. Атажұрттағы ағайын-туған, дос-жолдас, құрбы-құрдастарының ел мүддесіне еңбек етіп, қыруар шаруа тындырып жүрген тірліктерің, адамгершілікпен нұрланған жарқын келбеттерің құрмет сезімі бояуымен айшықтаған. Тіпті:

Өрлікпен еркін тыныстайын десең,  
Кеудеңді шыңдай тік ұстайын десең,  
Қыран жандармен сырласайын десең...  
Өстіп те өстіп бір жасайын десең,  
Менің туған Зайсаныма бар!

– деп мақтанышпен марқая көсілуі де орынды. Осындайда біз, прозашылар, ақындарға қызығамыз-ау! Біз дәптердің кемінде жарты бетін толтыра айтып болар

сырды ақындар бір шумақпен-ақ құлағыңның құрышына құя салады! Мысалы, Тоқтарбектің:

Желкілдетіп жусаны мен ерменің,  
Аясына шақырады белдерің.  
Жамыратқан өлеңімнің төлдерін,  
Беу, қазақтың табиғаты сен бе едің?!

– дегеніндегі “жамыратқан өлеңімнің төлдерін” деуі – қазақ ауылының баршамыз көріп өскен көркем келбетің, жусан мен ерменді айтпаса да, көз алдымызға келтіре қояды емес пе? Бізге бүйтіп бір тармақпен жарқыратып ой өрнектеу қиын. Ақын ағайынның аты қашанда жүйрік қой! Мен Тоқтарбектің:

Табиғатпен мұңдасам,  
Табиғатпен сырласам,  
Табиғатты сүймес ем,  
Табиғаттан тумасам, – деген шынайы сырына да қызыққанмын.

Жаратылысынан қоңыр мінезді Тоқтарбектің ақындық үні де қоңыр десем, бұл ойымды әріптестері де, оқырмандары да құптайды деп білем. Оның жырларында жалтырауық сөз шоғыры жоқ. Міне, оқыңыз:

Өмір!  
Саған ғашық болмасам:  
Бас қамын ғана нықтайтындаймын,  
Басқаның халін ұқпайтындаймын,  
Ойдағы үміт қылдарын үзіп,  
Діттеген шыңға шықпайтындаймын.

Тоқтарбектің өмір жолына көз жіберіп те, ой жіберіп те көп-көп әңгіме айта аламын. Қарапайым ауыл. Қарапайым үй. Қарапайым ана мен бала. Шаңырақ иесі қанмайданға аттанып... қайтпай қалған. Жесір келіншектің ендігі өмірі – жалғызы. Колхоз даласындағы да, отбасындағы да шаруасын құйттай Тоқанын арқалап жүріп, жетектеп жүріп атқарды. Есейтті. Оқытты. Ержеткізді. Тоқтарбек ше?.. Ол шөмшек теруге жараған жасынан бастап анасының көмекшісі болды. Әрқашан анасының қас-қабағын бағып, ренжітіп алмауды ойлаған. Жаратылыс сыйлаған сезімталдығы шығар. Ана мен бала жолы Зайсаннан Өскеменге, Өскеменнен Алматыға бірге созылып, аяулы ана тоқсан жасқа жете көз жұмғанша айырылысқан жоқ. Ел-жұрты “Көзжақсым” – деп ат қойған аяулы анасын арулап аттандырған баласы:

Панам едің, құт едің,  
Тұмадай тұнған сарқылмай.  
Жолыңды тосып күтемін,  
Зайсаннан оралатындай!

– деп сағыныш жырымен көз жасын төгіп те жүрді. Жасы елуден асса да, жанында жары – Роза, перзенттері – Серік, Сәкен, Әлия, дос-жолдастары, сыйлас үлкен-кіші қаламдастары болса да жетімсіреді. Бірақ жасымады, еңсесін түсірмеді. Жадау көңіліне демеу болып, қолтығынан көтеріп әкеткен қамқор қауымға тәнті бола сыр шертті:

Абзал жандар!  
Мен сендерге ғашықпын.  
Жанарларың – жадыраған ашық күн.  
Ерте бастап естиярлық кезеңін,  
Ізгіліктің не екенін жас ұқтым.  
Тілектерің қолдап, демеп, құлатпай,

Талай қырдан, талай белден асыппын.  
 Жақсылықты сыйға тартқан – өздерің,  
 Жақсылықпен қайтаруға асықпын.  
 Абзал жандар!  
 Мен сендерге ғашықпын!

...Тоқтарбектің жырлары – өзіндей қарапайым. Қолынан шыққан оннан аса жинақтарын парақтап, ой көзіңмен оқып отырсаң, тіршілігіміздің қай қырынан үн қатса да, нендей тақырыпқа қалам тіресе де, сүйініш пен күйініш атаулыны санасында сабырлы салмақтап алып, орынды, нанымды етіп ұсынады. Иланасың, құптайсың, қуанасың. Сүйініш дегенде күні кеше еліміз тәуелсіздік алғанда қай ақын жырдан аянып қалды? Барлығы да сезім жарысына алақайлап шығып, дауысын ай мен күннен асырардай шат-шадыман күй кешті. Әлбетте, Тоқтарбек те қуаныш құшағына енді.

Түсінем бүгін, түсінем,  
 Тәубә еткен жанмын ішінен.  
 Ғасырлар бойы қолыма,  
 Қона алмай жүрген құсым ең...

Құлазып талай сырт қалған,  
 Сапарға ұзақ шықты АРМАН!  
 Жат көзден сақта, тәңірім,  
 Қызғана қарап сұқтанған!

– деп, қарапайым да ғажап жыр жазды. Тәуелсіздікті – “Қолына қона алмай жүрген құсын ұзақ сапарға шыққан «Арманға» теңеп, жолының оң болуына ақ пейілін айқара ашып тілек қосты.

...Мен Тоқтарбекті “Тоқа бала” – деп кеттім. 1964-жылы тоғысқан өмір жолымыздың ой-қырында қол ұстасып бірге жүрдік. Роза екеуі бізді – Үлкен үй деп атайтын, біз оларды – Отау үй дейтінбіз...

Өткен шақта сөйлей бастадым-ау...

Биылғы қараша айының 8-і күні Тоқтарбектен көз жазып қалдық, қайтейік!..

Тоқа бала ақ көңіл, адал тірлікті жан еді. Өзімен қызметтес, қаламдас, сапарлас болған үлкен-кішінің ешқайсысын ренжіткен жоқ шығар. Ренжітпеуі – жалбақтауы емес, ой-пікірін қашанда тура, әділ айтатын адами әдемі мінезі. Оның өлеңдерін оқығанда ақын ағаларының, мәселен, Ғафу Қайырбековтің: “Бәсе, менің бадырақ бауырым осылай сілтесе керек еді!” – дегені, Сағи Жиенбаев: “Тоқаң үндемей жүріп-ақ тындырады!” – дегені есімде, ал Тұманбай Молдағалиевтің: “Тоқтарбек, әй, сен молдессің!” – дегені бар.

Ғафаң мен Сағи фәниден аттанып кеткенде Тоқа бала қатты қайғырды. Ғафаң айтқан бадырақ көзінен жас тамшылары домалағанын көрдім...

Қарашаның 4-і күні маған телефон шалып, әлденеге кінәлі болып қалған кісіше күліңкіреп, құмығыңқырап сөйлеп:

– Ғаб-аға, мынау үйдің ауы мен бауы бітпей... үй салған деген қиын екен өзі... өзіңіз айтатындай, “нешауа”, енді бір аптадан кейін жаңа үйде жайланып отырып шай ішеміз, – деді. Содан кейін жаңа жыр жинағын әзірлеп болғанын айтып: – Осы уақытқа дейін бірде-бір кітабым ойымдағыдай әдеміленіп шықпапты. Басқалардың жинағындай сұлу шықса деймін де, Ғаб-аға, бірақ... бұл кітабымды көре алмай кетіп қалып жүрем бе...

– Тәйт! Қайдағы-жайдағыны айтпа! – деп қалдым. Ол күліп жіберіп:

– Жай, әншейін, қалжыңым ғой, – деді.

Қалжыңы емес, аузына құдай салған сөз екен...

2005-жыл.



## МАҚТАУ ТІЛЕГЕН СОҒ...

Біз дос болдық па, әлде жолдас болдық па?

Атың жүріп, асың пісіп тұрғанда көңілдерің жарасқанның бәрін дос санатына қосуға болмайды. Бұл – менің сөзім емес, қазекемнің сөзі. Тіршіліктің бір тығырығына тап болғаныңда ғана кімнің кім екенін білесің. Бұл да – менің сөзім емес, қазекемнің сөзі. Қазекемнің қанатты сөздерінде: «Шынайы достың ғана шығарда жаны басқа болады», «Адал дос жаныңды сақтайды, аяр дос малыңды сақтайды», «Дос – егіз, дұшпан – сегіз», «Дұшпан күлдіріп айтады, дос жылатып айтады»... деп ұзара беретін гауһар сөз тізбегі бар, соған көзіңмен емес, ойыңмен үңіле алсаң, қажетінді ұқтырып-ақ береді.

Өмір жолымыз әрқилы ғой: тегісі мен ойпаңы, ұзыны мен қысқасы, жеңілі мен ауыры дегендей. Соның бәрінде жалғыз болмаймыз, жанымызда серіктеріміз жүреді. Шын жолдас – жолда қалдырмайды. Жаман жолдас – жауға алдырады. Бұлар да – қазекемнің айтқандары.

Бүгінде кейбіреулер, әсіресе күні кеше кеңестік кезеңде «жолдас» деген сөзді коммунистердің қарым-қатнасына теліп, саяси бояу сіңіріп, тар мағынада түйсініп үйренгендер «жолдастан» тез жеріп, жаңа заман әкелген «мырза» сөзін сағына күткеніндей-ақ бассалды. «Жолдас» пен «мырзаның» арасында көзіміз алақтап, көңіліміз көбік атып жүргеніміз де жеткілікті. Жо-жоқ, ағайындар, «мырза» ешқайда кетпейді, ал «жолдастан» безбеңдер. Тоғыз ай тоғыз күннен кейін мына жарық дүниеге жолдасымызбен бірге келген бөбек болғанымыздай, бұл дүниеде жұмыр басты жолдастарымызбен біргеміз.

Осыны ойлай отырып айтарым:

Баймырзаұлы Жанайдар Мұса немересі екеуіміз мәртебелі мәніндегі достық сезімге бөленіп үлгірген жоқпыз. Ол қазақ даласының солтүстігінде – Көкшетауда, мен шығысында – Алтайда келдік өмірге. Шәкірттік шағымыз, студенттік жылдарымыз да, қызмет-тірлігіміз де тоқайласқан емес, жолдарымыз шалғай болды. Бізді 1972 жылы Қазақстан Жазушылар одағы атты қасиетті қарашаңырақ табыстырды. Отбасымыздың орайласқаны – 1985-жылда.

Демек, Жанайдар екеуіміздің арақатнасымыз ерте табысқан достықтан гөрі бертінде біліскен жарасымды жолдастық деуге лайық. Әлбетте, қашан болсын жолдастықтың ең бағалысы – сеніскен жолдастық. Біз сенісе білдік, сырласа білдік. Алматы мен Көкшетаудың арасын апта аралатып телефон сымымен бір жалғап, іздесіп, табысып, ұзақ шүйіркелесетінбіз. Денсаулық, бала-шаға, қызмет деп бастап, әдебиетіміздің арғы-бергі бұйымтайларымен аяқтайтынбыз. Жанайдар облыстық газеттің Бас редакторы болып жүрген сәтінде де, облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы болған кезінде де сөзін: – Алматыға көшкім келеді, – деп түйетін. Мен: – Алматыда баспана да, портфель де, тақ та табылар-ау, егер денсаулық табылса! – дейтінмін. Ол ойланыңқырап барып: – Иә-ә-ә... денсаулық дегенің маған бастық болуға айналды, – дейтін.



Етжеңді Жанайдар бір көргенге: біртоға, салмақты, ұстамды, сабырлы, сөзге сараң еді де, сырласу сәтінде құмықпай құлшына сөйлеп, қалтарыссыз қағылездік танытатын, адал ақылдасып, балаша ашық пікірлесуге асығатын. Маған солай-ды, біз солай болғанбыз-ды.

1986-жылдың шілдесінде «Шортанды» санаторийіне жолым түсті. Түсіргендер – хабарласа қалсақ-ақ: «Ойпырым-ау, қашан келесіңнің» астына алатын қаламдас ағамыз Естай Мырзахметұлы да, «Қай санаторийге барасың? Жолдама – қалтаңда!» дей беретін Жанайдар. Мен әдейі алдын ала хабар салмай барып түскенімде Жанайдар аудандарды аралауға шығып кеткен екен де, маған Ес-аға арқылы: «Барсын, жолдамасы сонда тосып жатыр, алсын да рахаттансын!» – деп сәлем айтыпты. Көптен таныс-біліс Ес-аға үлкен басын кіші етіп, мені Жанайдардың «Волгасымен» санаторийге жеткізіп салды. Әдетінше жол бойы Көкшенің көне тарихынан сыр шертті. Шын бар-ау, қай ағашының қалай өскеніне, қай тасының қалай жатқанына дейін біледі. Әнші, күйші, сері, балуан, ғалым... болған тарихи тұлғалары туралы «лекциясы» әсте бітпейтіндей.

Менің жекеменшік «прокурорым» – Зада Мүкәрәмқызы санаторийге бір апта бұрын барған-ды. Оны көкшетаулықтарымызға айтпағанбыз. Әурелегіміз келмеген. Ол қылығымызға Ес-аға мен бәйбішесі Гүлекең қабақ шытса, Жанайдар: «Онысы несі? Өзі қызық екен ғой?!» – депті де, бәйбішесі Райхан: «Келіншегін сенен қызғанған шығар?» – деп қағытыпты...

Бізді санаторийден алып қайтуға ертелетіп Ес-ағалар да, Жанайдар-Райхан да келді. Кішігірім той жасағандай біраз дырдулатып алдық та, екі автокөлікке тиеліп, жолға шықтық. «Үйге тура апармаймыз, сен екеуіңе Көкшенің барлық ғаламаттарын көрсетіп, көрімдік алып, сонсоң апарамыз!» – деп Жанайдар «сестенді». Көкшесін сан аралағанымды есепке алар емес, алғаш рет көрген Задаға қырланғаны.

Иә, бізді армансыз аралатты: Шортанкөл, Биші қайың, Кенесары үңгірі, Абылай асқан, Абылай алаңы, Тақ тас, Аю тас, Оқжетпес, Күміскөл...

Жанайдардың да «лекциясы» бірер күнге жүк екен. «Ес-аға баяғыда-ақ айтқан болатын» – демей тыңдай бердік. Жолдастың көңілі қымбат.

Көкше өңірінің қысқаша тарихын «аударып шығып», Зерендіге бет алдық. «Ай, жолдас! Зада екеуің менің туған ауылымды көрмей Көкшетауға кірмейсіңдер!» – деп Жанайдар өмір еткен. Ауылы – Зерендінің Қараөткелі. Әйгілі, атақты жер.

Орман ортасына жайып қойылған дастархан басында бірер сағат шамасы қауқылдасып, өзіл-қалжыңды ағытып, тарихты тағы тараулап, сонсоң көгалға көсіле жатып дем алдық.

– Ғабеке, осы маңда, сонау бір тұста кен іздегендер қазған шұңқырлар бар, – деді Жанайдар.

– Қай ғасырдан қалғанын кім білсін, әйтеуір, ертеректе қазылған, алтын іздегендер болар, бұл өңірде алтынның қоры мол дейді бүгінгі ғалымдар, – деді Ес-аға.

– «Зерендінің» мағынасы не? – дедім Жанайдарға.

– Мағынасы екі түрлі айтылады: бірі – аса қымбат металдың аты, ал екіншісі – бұл өңірде ертеде болған, бірақ бертінде сен сияқты еріккендер құртып жіберген аса бағалы аңның аты делінеді, – деді, маған жымия қарап.

– Хатшы жолдас, сен тоқ еткізіп айта алмадың. «Зер» – көне түрік тілінде «алтын» деген сөз, «зеренді» – «алтын жалатқан, алтынмен аптаған» деген сөз, ұғып алғайсың, – дедім.

– Ол енді белгілі ғой, «зер салу, зерделеу» – деп ертеде хандардың киімдерін алтын, күміс жіппен өрнектеп тігуді айтса, біз кешегі классиктерді «сөз зергері» – деп жүрген жоқпыз ба? – деп таза жеңіс бермей жымыңдайды.

– Әй, дегенмен қысылдың-ау, күмісті қыстыра қойдың ғой? – дегеніме:

– «Ара-Шмель» журналының Бас редакторымен сөз таластырып тұрған мына мен де – жүрек жұтқан жігіт екенмін, ә?! – деп Жанайдар өзі де рахаттана күліп, басқаларды да ду күлдірді...

Зерендіден Көкшетау қаласына аттануға автокөліктеріміз тұрған күре жолға шықтық. Жанайдар мені шынтағымнан ұстап тоқтатып:

– Ай, жолдас! Ішеріңді іштің, жеріңді жедің, тамашаларыңды тамашаладың, енді ақиқатыңды айтшы, біздің Көкше қандай екен? – деп, бетіне жарасымды шұңқыршағы тереңдеңкірей жымың-жымың етті. Ұқтым. Ұқтым да, Көкше жайында Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалауынан» бастап оқығаным, бүгінге дейін естігенім бар бәріні ойымда қорытып жіберіп, «Жер шоқтығы – Көкшетауды» мақтап-мақтап тұрдым да:

– Біздің Алтайда осы Көкшедей оншақты жер бар! – дедім. Бетіме айызы қана қарап тұрған Жанайдарым күліп жіберіп, қолын бір сілтеп:

– Саған сұрақ қойған мен – ақымақ! – деді. Қоршалай қалған жұрт мез-мәйрәм...

Ол жолғы сапарымыз біздің ұшарласып, ойнап-күліп қыдырған соңғы жолымыз екенін кім білген?! Еліне елеулі, халқына қалаулы болған, көне де жаңа Көкшесінің тарихын, тыныс-тіршілігін арқау етіп: «Ақ алаң», «Туған үйдің түтіні» романдарын, ондаған әңгіме, жүздеген очерк жазған қаламдас, сырлас жолдасымнан 1991 жылы көз жазып қалдым...

Құданың құдіреті, мен Жанайдарды ешқашан Жәке деп көрген емеспін, егер олай десем, өзімнен алыстатып алатындай болатынмын.

Көкшеге жылына екі-үш рет барып жүрмін. Ес-ағамен, басқа да көзтаныстармен әңгімелесемін. Ортақ болған жолымыз, амал не, мезгілсіз, тым ерте тұйықталған Жанайдардай жайсаң жолдасымның, Естайұлы Абайдай асыл інімнің құлпытастарын сипалап, дұға бағыштап, жүрегім сыздап қайтамын...

*2008-жыл*



## **ҚАРАПАЙЫМ ҚАҒАРМАН**

Әдебиет үйірмесі. Журналшы, жазушы болғандардың көбі-ақ алғашқы қадамын осылай аталатын бейресми де шағын ұжымнан бастаған шығар-ау! Менің де қаламгерлік бірінші үнім «Тарғын» орта мектебінің әдебиет үйірмесінде естілген. 7-класта оқып жүргенімде. Класс жетекшіміз әдебиетші Ақылбек аға Баймұханов үйірмені ұйымдастырып, көркем әдебиет жайында небір тартымды әңгімелер айтып, әдебиет әлемімен таныстырған. Кейін, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар») газеті редакциясына қызметке орналасқанымда сол әдеби үйірменің өзіме көп көмегі болғанын сезіндім. Өлең, әңгіме, мақала жазуға қорғанбай кірістім. Редакцияның әдебиет үйірмесіне мүше болдым. Үйірмеде басқа жақта қызмет, жұмыс істеп жүрген жастар да бар екен. Солардың бірі орта бойлы, атжақтылау қоңырқай өңді, ұзын кірпікті қара көз жігіт – Бозтаев Кешірімхан (біз «хан» шіркінін

тәркілеп, «Кешірім» – деп кеттік). Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында инженер-металлург екен. Жап-жас болса да мінезі тым салмақты. Қоңыр үнмен баяу сөйлейді. Айызымыз қана қатты күлетін сәттерімізде оның ақырын ғана жымып отырғаны. Фантастикалық оқиғаларды ойнатып әңгіме жазады. Үйірмеде әркім талқыға ұсынған өз шығармасын өзі дауыстап оқитын дәстүр бар, ондайда Кешірім қызарып, кібіртіктеп қалады. Қарапайымдылығы.

Ал қарапайым адамның «ақырын жүріп, анық басқанын» сол Кешірімнен көрдім. Ол қызметтің қым-қиғаш сатыларында бөгелген де, сүрінген де емес. Адал еңбегі ақ бағаланып, алғыр альпинисше жоғарылай берді. Айналасы жиырма жыл шамасында Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы дәрежесіне көтеріліп, одан соң, 1987-жылы, Семейге, облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына жіберілді. Кешірімнің Адам, Азамат бейнесі дәл осы соңғы орнында ерекше жарқын көрінді. *Ол 1989-жылғы ақпанның 20-сы күні Мәскеуге, СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы М. С. Горбачевқа хат жазып, Семей полигонындағы сынауды шектеп, полигонды басқа жаққа көшіруді талап етті!* Ол хабар дүңк еткенде пікір де бұрқ етті. Біреулер: «Өлетін бала молаға қарай жүгіреді деген»; «Сау басына сақина тілеген ғой!»; «Оны түлен түрткен шығар!» десе, оған көпшілік: «Е, анау «көсемдер» атом бомбасын, ядролық қаруларды үсті-үстіне сынатып, халықты сорлатып отырған жоқ па, қашанғы шыдау керек?!»; «Кешірім Бозтаев Батыр екен!»; «Өй, тусаң, ту!» – десті. Компартияның айбаты айды қорғалатып, күнді тұтылдырып тұрғанда оның саясатына қиғаш пікір айтушы былай тұрсын, ондай батыл пікірді қостаушының да ертеңгі күні не болары белгісіз еді.

Арада апта өте Мәскеуден үлкен комиссия жетті...

Кейінірек Кешіріммен Алматыда ұшырасып:

– Кремльді нысанаға алғаның мықтылық болды. Мамай батырдың ұрпағы екеніңді дәлелдедің! – дегенімде ол әдетінше сәл жымып:

– Атомның сұмдықтарына сырттай да шыдай алмай, не істесем екен деп жүруші едім, Семейге ауыстырғандары жақсы болды. Қызметтік құқымды пайдаландым да, сынау атаулының бәрінің құпиясын біліп алдым. Сен олардың әрбір жарылысты түсірген фильмдерін көрсең... мен ашудан жарылып кете жаздадым, тіпті жынданатын шығармын деп те ойладым. Үш түн бойы дені дұрыс адамша ұйықтай да алмадым...

– Горбачевты «ататыныңды» Гүлзияңа айттың ба?

– Әрине. Бәйбішемнен ештеңені жасырған емеспін. Ел мен жердің қасіретіне шыдап жүре алмайтынымды айттым. Ермінезді ғой, қолдады.

– Ал Алматыдағы «құдайларға» ше?

– Әуелі обкомның бюро мүшелерімен оңаша келістім. Өзім ғана қол қоятынымды, не болса да өзім көріп алатынымды ескерттім. Бәрі түсінді. Хатты құпиялап жіберетін болдық. Бірақ, партиялық жол бойынша, республика партия ұйымының бірінші басшысына мәлім етуім керек. Колбинге. Ал оның, құптау қайда, хатымды сыртқа шығартпай қоятыны сөзсіз. Содан кейін, тәуекел деп, Министрлер Кеңесіміздің төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевқа телефон соқтым. Хатты жеке өз атымнан жіберуге бел байлағанымды айттым. Ол біраз ойланды да: «Бастасаң баста... Біз қолдайтын боламыз!» – деді.

– Оу, Мәскеудің сені партиядан шығарып, қызметтен қуып тастауы оп-оңай еді ғой?! – десем, Кешірім тағы жымып:

– Екі тұмақ та, екі өлмек те жоқ қой?! Өскеменіме қайтып барып, комбинатқа қатардағы металлург болуыма тиым салмас деп ойладым, – дегені...

Семей полигонынан зардап шегіп жатқан жерді, елді көрген, сынаудың сұмдығы бұл өңірдегі халықтың бүгінгі ұрпағына қоса, алдағы неше буын ұрпағын сорлатарын, сана сүзгісінен өткізе алған Азамат қинала, қайғыра, қайраттана ашынған. Көрші облыста жүргенінде анық-қанығын біле алмаған сұмдықты – ядролық сынау зұлматын құпия құжаттарынан көрген соң оған қарсы тұруға тәуекел еткен.

Иә, ол Кремльдің қаһарын көрді және жасқанбай төтеп берді. Келген жұртшылықты «зерттеген», «жағдайдың Бозтаев жазғандай емесіне көз жеткізген» мәскеулік комиссиямен бірге өткізген қорытынды мәжілісте Кешірім тізгін-шылбырды бермеді! Өзіне тағылмақ айыптың бәрін дәлелмен қайтарып тастап: «Орталық Комитетке баяндағанымыз шындық болды ма? Болды! Ол – біздің жұртшылығымыздың талабы. Біз одан айнымаймыз!» – деді.

Комиссия нақты шешім жасай алмай қайтты. Келген бетінде: – Біз ядролық қару жасаушылардың есімдерін алтын әріппен жазуға тиіспіз, ал қаруды жойғысы келетіндердің аттарын қара әріппен жазу керек! – деп кесапаттана мәлімдеме жасағандар кетерде Кешірімнің бетіне тура қарай да алмады.

...Арнаулы комиссияның атау-ахиретсіз кетуіне негізгі себеп, кейін мәскеулік баспасөзде ашық жазылғандай, КСРО-да ядролық полигондарға жұмсалар қаржы сарқыла бастаған да, Кремльдегі «көсемдер» шындықты бүркемелейтін жалған ұранға жармасып, атом-ядролық полигондарды жабуға дүние жүзінде бірінші болып кірісетіндіктерін даурыға мәлімдеді. Ол «тарихи қадамына» жүзден астам обкомның біреуінің секретары көтерген дабыл себепші болғанын мойындау «ыңғайсыз» көрініп, алғаш қарсылық көрсеткен Алматымен пікірлесіп, полигонды жабу талабын қоғамдық ұйымдардың бірі жасағаны дұрыс болады және Жазушылар одағынан беделді қай ұйым керек делінсе керек, Мәскеуден комиссия келетін күні (не бір күн ерте, не бір күн кеш емес!) Одақ басшысы Олжас Сүлейменов телеарна арқылы сөйлеп, Одақта жиын өткізіп, «Невада-Семипалатинск» қозғалысы құрылатынын айтты.

Бұл жәйттің осылай екендігі Кешірім Бозтаевтың «29-ТАМЫЗ», кітабында баяндалған. «Менің жеделхатым қырық жыл бойы ядролық сынаулардың жемтігі болып жатқан Қазақстаннан Кремльге Семей полигонын жабуды талап етіп жеткен тұңғыш ресми құжат болды... Ол қалжыраған қаралы даланың қарғыс дауысы еді... Мен тәуекел еттім... Ертеңгі күнге сендім, құрбандықсыз болмас күресімнің мақсатын қадір тұттым...», – деп жазды Кешірім.

...Марқұм болған Кешірімнің ел, халық алдындағы сол тарихи ерлігін «Жас алаш», «Централ Азия Монитор» газеттерінде 2005-жылы жария етіп едім, оным ең алдымен Олжас Сүлейменовке жақпай қалды. Ол орыстілді газеттерде іле-шала жарияланған сұхбаттарында Кешірім туралы: **«Да, он был первым секретарем обкома, но не более того. И уж во всяком случае, среди первых борцов за закрытие полигона его не видели»** – дегені ғой! Астафыралла! Аруақтан аттап кету мұсылманға ғана емес, адам баласына жат қылық қой?! Горбачевке бірінші болып қарсылық жеделхат жіберген кісіні **«...среди первых борцов за закрытие полигона его не видели»** дегені («Казахстанская правда» газеті) – кәдімгі арсыздық! Семейде полигонды жабуды талап еткен жиынның фотосуреттерінде мінберде: К. Бозтаев, О. Сүлейменов, жазушылар М. Сәрсекеев, М. Мағауин, т.б. қатар тұр. Енді бірінде шеру жасаушылардың алдында бірге келе жатыр. «...его не видели» сол ма?

Енді мынаны оқыңыз (үзінді):

*«Семипалатинск, Областной Совет народных депутатов  
Уважаемый Кешрим Бозтаевич!*

*Мы знаем Вас как крупного общественного и государственного деятеля, очень много сделавшего для процветания народа Казахстана. Вся Ваша жизнь – это добрый и назидательный пример для молодого поколения.*

*...В те нелегкие годы борьбы за прекращения ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне Вы проявили стойкость бойца за интересы народа и мудрость истинного народного лидера.*

*...В день Вашего шестидесятилетия, дорогой Кешірім Бозтаевич, мы выражаем Вам свое глубокое почтение и говорим благодарное спасибо! Олжас Сулейменов. 1993 г.».*

Тірі Кешірімді қошеметтеген, елі Кешірімді күстәнәлаған Олжас кім енді? Ол ең болмаса өзінің досы Нұрекеңнің – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Кешірім жайында (1993 ж.):

*«...Принципиальность, требовательность к себе и другим, забота о людях, чуткость и внимание к ним снискали Вам заслуженный авторитет и уважение в республике. Неоценим Ваш вклад в решение проблем, связанных с закрытием Семипалатинского ядерного полигона, с созданием системы социальной защиты населения, пострадавшего от испытаний атомного оружия...»,* деген пікірін де ескермеді.

Жалпы бұл ақының Семейге ат ізін салуы қалай болды? Кешірімнің ақиқатшылдық қасиетін тани түсу үшін ол жәйтке тоқталмай болмайды.

Олжастың Семейге алғаш аяқ басуы, ол жақтан КСРО халық депутаты болып сайлануы былайша: ол Алматы қаласының Калинин ауданынан КСРО халық депутаттығына кандидат болды. Участокке Жазушылар одағынан «Простор» журналының бір қызметкері екеуіміз бақылаушылыққа жіберілдік. Дауыс беру, бюллетень санау таза атқарылды (қазіргі сайлаулардағыдай ухит-сухит жоқ кез). Ақын ұтылып қалды. Ертеңінде жұмысқа барсам, бірінші хатшының кабинеті алдында қызметкерлеріміздің төртеу-бесеуі тұр. «Олжастың кабинетінде концерт болып жатыр» – дейді. Кірсем, бір топ кісінің ортасында маған бейтаныс бір тапал әйел табанымен шоқ басып алғандай тыпырлап, қып-қызыл еріні сүйреңдеп, шаңқ-шаңқ етеді: «...Бақылаушыларың участоқта болған жоқ! Оларды жазалау керек!..» – дейді. Мен қатты ашуланып, парткомымыздың хатшысы А. Ашировка дереу мәлімдеме жазып, участоқта біздің болған-болмағанымызды тексеруді, көргенсіз өсекшінің жаласынан қорғауды талап еттім, бірақ одан арыда ешқандай сөз де, тексеру де болмады.

Сол күндері не болғанын Кешірім анық жазған: «Алматыда дауысқа түскен Олжас қиындыққа ұшырапты. Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Ә. Назарбаев маған телефон шалып, жағдайды айтып, Олжас Сүлейменовті Семей облысынан депутаттыққа өткізуімізді өтінді. «Сүлейменов сізге көмектеседі. Полигонға қарсы күресте жақсы жәрдемші болады», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Ертеңінде Г. В. Колбин телефон соғып, ол да сондай тілек айтты».

Ол тілектер, әрине, қабыл болған. Бұл дерек К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабында бар. Полигонның шежіресі болған бұл кітап қазақ және орыс тілдерінде – 1992-жылы шықты. Ондағы деректерге Кешірім қайтыс болған 1997-жылға дейін де, одан кейін де ешкім күмән келтірген жоқ еді, тек полигонды жабу күресін ресми бастаған адам Кешірім екенін жазғанымды көрісімен Олжас: «Мен! Біз!» – деп өре түрегелді. К. Бозтаев Кремль комиссиясы алдында: «Егер генерал Бредихин дабыл қақпаса, 12-ақпанда не пәле болғанын біз анық білмес те едік» – деп мәлімдесе, ақын

шіркін оны жоққа шығарып, «маған бір ұшқыш телефонмен хабарлады» – деп жалған сөйлеп, өзін қалайда алға шығаруға аласұрды.

Шындықтың өткір жүзіне әрқашан тура қараған Кешірім шежіре-кітабында: *“... Полигонды жаптыру күресімінің басталуынан аяқталуы әлдеқайда қиын болды... Өкпек желдің қай жақтан соққанын сездім. Ол ең алдымен қоғамдық қозғалыс жетекшілерінен басталды. Олардың кейбіреуі, тіпті Семейге ат ізін бірінші рет салса да, баяғы Юлий Цезарьша: – Бардым, көрдім, жеңдім! – деп шыға келді... «Бұл кімнің еңбегі?» деген сұрақ сәмпылдай бастады. Баспасөз бетін жауып кеткен жарияланымдарда еңбек «Невада-Семей» қозғалысынікі, тек қана соныкі делінді. Қозғалыстың әрбір әрекеті мейлінше кең насихатталды. Өздерін дәріптеу сияқты сыңаржақтық өршиді... Жиі-жиі жиын жасау, жалаң ұрандау әдетке айналдырылды...», – деп жазды..*

Сірә, Сүлейменовтерге осы шындық сөз ұнамай қалса керек. Кешірім тіріде амалсыз шыдаған олар кейін де марқұмның тарихи еңбегін мансұқтай бастады. Полигон туралы үлкенді-кішілі жиындарда, мақала-сұхбаттарда, радиохабарларда, телефильмдерде оның аты-жөні аталмайтын болды. Оның есесіне – «Олжас Сүлейменов!».

...Бірде Кешірімге:

– Сен фантаст жазушылығыңды тежеп, партияның солдатты болып кеттің. Семей облысын бес жыл басқардың, ал сонда не тындырғаныңды айтшы! – дегенімде, ол қабақ шыта сәл ойланды да:

– Рас, әдебиеттен алшақтадым. Қоғамдық шаруа қармады. Ал Семейде не тындырғанымды кейін басқалар айтар, мені саморекламаға итермелеме, – деп күле жауап қайтарды.

Кешірімнің қандай адам, қандай басшы болғаны жайында облыстық партия комитетінің сол тұстағы хатшылары, бөлім меңгерушілері (мысалы: А. Евдоков, В. Малинин, В. Пигаваев, А. Чернышов), облыстық атқару комитетінің төрағасы А. Еременко, басқа да салалардың басшылары айтқан жылы лебіз аз емес. Түйіні: «Семейліктерге Кешірім Бозтайұлынша еңбек сіңірген басшы болған емес. Ол жоспарланған үлкен-кіші шаралардың бәрін басталғанынан аяқталғанына дейін қадағалайтын... Кешірім Бозтайұлындай қайраткер қайда-а-а?! В.Малинин».

...1933-жылы маусым айында Аягөз ауданының Ақшатау ауылында ұжымшар (колхоз) ұстасы Бозтай мен қарапайым шаруа Балхияның отбасында туып-өскен, ауылда – бастауыш, аудан орталығында – жетіжылдық, Аягөз қаласында – орта мектепті, Алматыда – Тау-кен институтын тәмамдаған Кешірімнің өмірі – айтып та, жазып та тауысқысыз хикаят. Бүгінде бір облыс болып тұрған кешегі Шығыс Қазақстан, Семей облыстарының барша саласын дамытуға сіңірген еңбегі мол бұл Азамат – Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін зерттейтін академияның, Халықтық «Экология» академиясының (Мәскеу қаласы) академигі, Семей Медицина академиясының Құрметті профессоры «найзадан қол босаса қалам алып» (Бауыржан Момышұлы), ұрпағына ғылыми негізді бес кітап қалдырды. Олар: «Алғашқы оттан атомға дейін» (1956 ж.), «Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында шикізатты пайдаланудың тәжірибесі» (1972 ж.), «Семей полигоны» (1992 ж.), «Қайнар қасіреті» (1995 ж.), «29-тамыз» (1998 ж.). Соңғы үшеуі – Семей полигонының тарихы.

Кешірімді еске алған сайын өзегімді өрттей шалатын өкінішім – ол қатардағы металлурган облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасы болып, жиыны 31 жыл қызмет істеген Шығыс Қазақстанның орталығы Өскемен қаласында ең болмаса көшеге аты қойылған жоқ. Соны айта,

«Кешірімнің кінәсі не?» – деп, Президент Н.Назарбаевқа, одан соң облыс әкімі Б.Сапарбаевқа хат жаздым. Ләм-мим болмады. Әлде Кешірім Бозтаев аңыз-ертегінің кейіпкері ғана ма еді?!.

2013-жыл



## «ВЕЛИКИЙ ЛЕКТОР»

«Ауыл академигі». 7-класта оқып жүргенімізде Тоқанға осылай деп ат қойдық. Колхоз, совхоз, МТС (Машина-трактор станциясы) туралы айтқанда соның бәрін өзі ұйымдастарған кісідей-ақ әрбір жұмысын талдап, «неге десең» – деп қойып, басшыларының аты-жөндерін келтіре, қайсысының бұрын қайда, кім болып істегендерін тарата, қабілеті қандай екенін таразылай сөйлейтін (ара-арасында: «неге десең», «неге дейсің ғой?», «рас қой?» – деп отыратын әдеті бар-ды, ал онысына орай әдейі: «демедім», «демеймін», «бекер» дей қалағанымда: – Түүһ, Ғабке, сөзімің сыралғысы ғой?! – деп кейітін!). Облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар»), Ұлан аудандық «Социалистік майдан» газеттерінде ауыл шаруашылығы туралы шыққан мақалаларды атап-атап, қайсысының несі дұрыс, несі бұрыс екенін нықтап айтатын. Өзіміздің «Обухов» совхозының егіндік, шабындық, жайылым көлемі, бидай мен тары өнімі, ет пен сүт мөлшері қандай, нақты жағдай мен жоспар сәйкес пе, жоқ па... деп дәріс оқитын. Бізге. Сабақтардың арасындағы 5-10 минут үзілісте. Қыздар қоңырау соғыла мұғаліммен бірге шығып кетеді де, ұлдар Тоқанға: – Кәне, лекцияңды басташы! – деп ошарыла қаламыз. Бірімізге шынында қызық, сөзін бөлмейміз, ал бірімізге ілік-шаттыс керек, жорта оңды-солды сұрақ қойып, қалайда састырғымыз келеді. Тоқан айтарын айтып болғанша сұраққа бұрылмайды: – Кейін! – деп қолын сілтей салады. «Кейіні» келесі үзіліске, тіпті ертеңге қалып та қояды. Класта, күнде болмағанмен, күнара осылай. Бірде, үшінші сабақтан кейінге он минуттік үзілісте Тоқанның ол өнерін класс жетекшіміз Ақылбек Баймұқанов тамашалады. Тоқан орман шаруашылығы жайында сөз бастап кеткен-ді. Содан бір күн бұрын ғана, түске тамаң, айналамыздағы орманда өрт шығып, 7-10 кластардың ұлдары өрт сөндіруге апарылғанбыз. Совхоз орманшысының інісі Хамза бізбен бірге оқитын еді, үзіліске қоңырау соғылған кезде Тоқан. – Сенің ағаң кешегі өрттің шығу себебін анықтай алды ма? – деп бастаған. Ақаң кіріп келгенде Тоқан сөзін доғара қойып еді, жетекшіміз: – Берғалиев әңгімешіл деп естіп, уақыт тауып әдейі келдім. Тоқа, пікіріңді жалғай бергің, – деді де, оған жақын партаның біріне отырды. Шәкірті жымыып, әдетінше мұрнының ұшын сұқсаусағымен бірер үйкеп қойып, сөзін жалғады. Неліктен екенін білмеймін, әйтеуір, қыза сөйлеп жөнелгенінде, шығып сабақ айтқанда да Тоқанның бас жағы төмен қаратыла ұсталған сабақсыз сөбіз бітістілеу мұрнының ұшы терши қалатын.

– Тоқа, орман шаруашылығы техникумын бітіріп келгендер де сенен артық дө-неңе айта алмас. Ой-пікірлерің орынды. Оқи білу мен тоқи білудің пайдасы дегеніміз, міне, осы. Орман байлығымыздың қадірін білмей жүрміз ғой біз шіркін! Тоқа, мықты-сың! Академик аяғы салбырап аспаннан түспейді, осы өздеріңнен шығады, естеріңде болсын, – деп түрегелген Ақаң Тоқанға жылы қарап, басын бір изеді де, есікке бет-теді. Үзілістің біткенін айғақтай қоңырау сыңғырлаған-ды.

Біздің Тоқанды академик деуіміз содан басталған. Білмейтіні жоқ адамды академик деп атайды деген түсінігіміз бар-ды. Ал Тоқан білмейтін жәйт шынында жоқ сияқтанатын. Әдебиет, тарих, жағрафия, ән, сурет өнері дейсің бе... бәрінен оқу бағдарламамызға қосымша тәріздендіріп мол-мол мағлұмат бере алатын. Мектеп кітапханасында қазақ кітаптары өте аз, оның есесіне орысша көп еді, сірә, солардың барлығында Тоқанның қолының табы қалған шығар-ау!

Талап бар да тағдыр бар. Тоқан оқу соңына түсе алмады. Әкесі Хамза Берғалиевтің сүйегі 1941-1945-жылдардағы майдан даласында қалған. Ауру шешесі мен қарындасын асырап-сақтау өзіне жүктелген Тоқан балалық бал дәуреннен еріксіз безініп, ерте есейді. Қабырғасы қатпастан, бұғанасы бекіместен колхоз-совхоз шаруасына жегілген біздің буындағы мен білген құрбы-құрдастар арасында Тоқан қиыншылықты тым көп көрді. «Тарғын» орта мектебінің сегізінші класын бітіргеннен кейін Өскеменге, бухгалтер дайындайтын курсқа кетті. Күндіз оқып, кешкісін жұмыс істеп, ауру анасын емдетуге, қарындасын киіндіруге қаржы тауып жүрді. Ауылда туыстары бар, бірақ ол тұста ақыл-кеңестен басқа жәрдем жасай алар туыс некенсяяқ.

Бухгалтер Тоқан Өскемен қаласының тұрғынына айналып, Фабрик-заводтық оқу училищесіне бухгалтердің орынбасары болып орналасты. Мен облыстық газет редакциясында әдеби қызметкермін. Күнара кеште телефон арқылы әңгіме соғамыз. Оның аузынан: «Мынау дұрыс емес, бұл былай болуы керек!.. Пәленбай мынадай әділетсіздік жасады, оған тойтарыс берген де, беретін де ешкім жоқ, ол қалай?! Бізде былық-шылық көбейіп барады, соған қарсы күресу үшін партияға өтуге өтініш бердім...» деген ашынысты сөздер шығатын болды.

Бір күні редакцияға келіп, маған бүктеулі екі парақ ұсынды. «Бұл не?» – десем: «Оқып көрсеңші!» – дейді қыжылды үнмен. Оқып шықтым. Училище директоры мен бас бухгалтерінің ымдасып-жымдасып жасаған бір қылмысын жазыпты. «Газетке жарияландар!» – дейді, қиық көзі өткірленіп. «Фактілерің мықты ма?» – «Шегелеп тастағандай!» – «Бұны осындаймен шұғылданатын бөлімге беремін» – «Ондағыларың табанды ма?» – «Білмеймін» – «Білмесең... бері әкел, редакторларыңның тура өзіне апарып беріп, мән-жайды ауызша да айтып шығайын!».

Мақаласы жарияланды. Училищеде бес күн «қырғын» болып, Тоқан жеңіп шығыпты. Соны телефонмен бірде ызалана, бірде күле айтып берді де: «Ғаба, мені редакцияға жұмысқа алсыншы!» – деді. «Е, неге? Жеңіске жеттің емес пе?» – «Журналшы болғым келеді. Атаң етін жегір арамдарды аямай жазу керек!» – «Жауапты хатшымызға айтып көрейін» – «Сөйтші!».

Тоқан редакцияның Хабар бөліміне әдеби қызметкерлікке алынды. Редакторымыз Бейсенғали Тәйкіманов: «Қаншалықты пысық болғанмен, журналшы дипломы жоқ қой, әзірше хабар жазумен шұғылдансың, кейін көрерміз» – деді. Тоқан хабарларын фотосуретпен үстеп беретінді бастады. «Жаңалық хабар да, сыни хабар да суретпен берілсе әсерлі болады» – дейді. Құдды көнігі фотожурналшы дерсің!

Арада бес-алты ай өтті. Ол фототілші болып танылды да, ұжымның елгезек, белсенді, оралымды, тапқыр, батыл қызметкеріне айналды. Кешкісін редакцияның фотолабораториясынан шықпайды. «Кел, үйрең, атаң қазақ: «Өнерді үйрен де жирен» демеді ме, білгеннің артықтығы болмайды» – деп, ақырында мені фото ісіне әбден машықтандырды.

Газетке қажет емес фотосуреттерді көбейте бастады. «Бұларың не, кімдікі?» – десем: «Шешем мен қарындасым үшеуімізге бір баспана керек қой, бұл – соның қамы. Қала мекемелерін аралап, коллективтік фотоальбом жасап беруге, керек еткен қызметкерлеріне отбасылық альбом әзірлеуге заказ алып жүрмін. Қажет



фотоматериалдарды қаламақыма сатып аламын, ал ол бес-он есе болып қайтады. Бір жылда қаладан тым болмаса бір бөлмелі үй сатып алуға жетерлік ақша тапсам деймін», – деп ағынан жарылды. Ол айтқанын да орындады.

...Мен балалық жолдастығымыз жігіттік достыққа ұласқан Тоқанды «Великий лектор» дейтін болдым. Никита Хрущев КСРО-ның тізгін-шылбырын қолына алып, сөзден сел жасауға кіріскен. Әншейіндегі 4 бет газетіміз 6-8 бет болып шығатын «дәстүр» қалыптасты. «Көсем» күнара көсіліп-көсіліп сөйлейді, біз оларын баспаханада таңды таңға жалғастырып жүріп газетке шығарамыз. Дәрежем жауапты хатшылыққа көтерілген-ді. «Жауапсыз хатшы» болуға хақым жоқ. Баспаханада корректорларымыздың бөлмесі бар. Бір үстел, үш орындық қана сияды. Екі корректор, олардың екі көмекшісі, газеттің кезекті санын шығарар екі журналшы және «бастық» мен – жиыны жетеуіміз кештен бастап сол бөлмені мекендеп, біріміз отырсақ біріміз тұрып дегендей, көзіміз қызарып, қалғып-шұлғып жүргеніміз. Сондайда кейде Тоқан келе қалады да, бізді «тыңайту үшін» оны-мұны әңгіме айтуға кіріседі. Ал әңгімесі ылғи да: «Хрущевтің бұл айтып жүргенінің бәрі – шатпақ!» – деп «тұздықталады». Неге «шатпақ» дегенін дәлелдеп береді. Хрущевтің көбік сөзіне тұншыға жаздап жүрген біз айызым қана тыңдаймыз.

Оның «көсемге» баға беруі кеңсемізде де айтылатын болды. Қызынып кеткен Тоқаң кейде: «Хрущев оттай береді! Атамыз қазақ: «Елді не аз бүлдіреді, не таз бүлдіреді» демеді ме?! Бұл таз әлі қылмақшыны қылады, қашан айттың демендер!» – деп салады.

Бір күні, жексенбіде, түс әлетінде Тоқан телефон шалып: «Ғаба, бәйбішеңе ет астыра бер, мен көп кешікпей барамын, бір қызық айтамын!» – деді. Келді. Оны сенбіде, кешке тамаң, КГБ-ның қалалық басқармасына шақырыпты. «Бардым. Көзәйнекті қазақ жігіт отыр. Орнынан тұрып, сыпайы қарсы алды, – деп Тоқан «хикаясын» жымия айта бастады. – Жалпы... «Правда» газеті жазатындай, «кездесу жылы шырайлы достық жағдайда өтті». Менің Хрущев туралы айтып жүргендерім ол жаққа жетіп жатады екен. Біздің арамызда да «салпаңқұлақ» бар болғаны ғой, ә?! Жаңағы жігіт мен айтқан сөздерді тізіп берді де, бұдан былай Хрущев туралы ауыз ашпауымды талап етті. Мен шыдай алмадым да: «Сіз коммунист шығарсыз, мен де – коммунистпін. Ал коммунист қашан, қайда болсын шындықты айтуға тиіс. Партиямыздың уставында осылай жазылған. Оңаша отырмыз ғой, көні, өзіңіз айтыңызшы, Хрущевтің МТС-ты таратуы дұрыс па? Дұрыс емес! Бүкіл ауылшаруашылық техникасына баяғыдан баскөз болып келе жатқан МТС-ты тарату – ауыл шаруашылығымызға соққы! Өздеріне таратылып берілген тракторды, комбайынды, тағы басқасын қыста қоятын орын, жөндейтін шама бір де бір колхоз-совхозда жоқ. Яғни, колхоз-совхоз бүгін қолына тиген техниканы күтіп пайдалана алмай, ертең-ақ қор болады. Бұл соққы емес пе?!» – деп бастырмалатып едім, кігібішник жігіттің есі бар екен, орнынан ақырын тұрып, маған қолын ұсынып, ақырын сөйлеп: «Бұдан былай сақтанып жүруді ұмытпаңыз. Абайлап сөйлеңіз, босқа арандап қалмаңыз. Мұндағы ерекше белсенділердің біріне тап болсаңыз, өзіңіз де анау колхоз-совхоз сияқты қор болып кетуіңіз мүмкін», – деп жымиғаны. Сонсоң мені өздеріне қызметке шақырды. Сондай тапсырма алған ғой. «Жалақыңыз редакциядағыдан екі есе көп болады» – деді. Мен тезірек құтылу үшін: «Ойланайын, дүйсенбіде хабарласамын» – деп кеттім.

– Жалақыны айтқандарындай берсе, барсаңшы! – деп едім, Тоқан қолын сілтеп:

– Бармаймын! Олар қу ғой, менің аузымды буып қоймақшы! – деді.

Ол ескертуден соң айылын жиған Тоқан болсайшы! «Коммунист екенсің – шындықты айт!» – деп отырады. «Ұлы лектор» демей көр! Ұжымдағы үлкен-кіші түгел

мойындады. Өзі де әңгімеге құмар аңқылдақ ағамыз, Еңбекшілер хаты бөлімінің меңгерушісі Хадас Наханов сылқ-сылқ күліп алып: «Абайла, Тоқа, абайла!» – деп қояды.

Тоқан бірде баспаханаға тағы келіп, мені ымдап оңаша шығарып алып: «Саған бір қызық айтайын» – деді. «Тағы «үш әріп» пе?» – «Жоқ, бұл жолы облпартком!» – «Е, қайсысы? Не деді?» - «Лекторлар тобының жетекшісі Данилкин. Өздеріне штатный аға лектор болуға шақырды» – «И-и-ә-ә?» – «Айлығым мұндағыдан біржарым есе көп болады екен. Бір-екі жылда пәтер алуым да мүмкін көрінеді» – «Келістің бе?» – «Жо-ға. Кенен Әзірбаев атамыз айтқан: «Ары жүрші, көкшолақ! Бері жүрші, көкшолақ!» болып нем бар? Олар маған алшыып мініп алып, қақпайлап отырмақшы ғой! Басекеңмен біраз сөйлестім. Мао цзэдун мен Хрущевтің арақатысы туралы да пікір алыстық. Әй, сіресіп, қатып қалған өресіз бір пәле екен. Сыңарезуленді де отырды. Ертеңді ойлауы жоқ, бүгінмен жанын күйттеген баяғы» – «Сонымен?» – «Сөзінің сиқынан сезгенім, сірә, анау «үш әріп» Берғалиевты қоластыңа алып, аузын буып қой деп керемет кеңес берген сияқты. Мен фототілшілігімді лекторлыққа айырбастамаймын, кешірсіз, – деп кеттім» – «Дұрыс!».

Шешесі қайтыс болып, өзі де сырқаттанып, зейнетке ертерек шығуға мәжбүр болған Тоқан Ертістің сол жағасындағы жекеменшік үйлердің бірін сатып алып, бәйбішесі Балым, қызы Жанар үшеуі соған көшкен. Қаланың ортасындағы пәтерін үйленген ұлы Фаббасқа қалдырған. Ұлы туған күні телефон соғып: «Балам мендей қысқа болмай, сендей ұзын болсын деп атын әдейілеп Фаббас қойдым!» – деп мез бола сүйінші сұрағаны әлі есімде.

Апта сайын хабарласып тұру, жылда бір-екі рет не Алматыда, не Өскеменде жүздесіп жүру әдетімізге айналған-ды. Ол соңғы жылдары тым тынымсыз болды. Өкімет пен үкіметтің шала шараларын күйіне айтып отырғаны. «Шіркін-ау, анау шікірейген шенеуніктер, быттиған депутаттар бұл қателіктерді неге көрмейді, батырып-батырап неге айтпайды?! Қарнының тойғанына қашанға дейін мез болады?! Президент те қызық. Суретке түсер кісіше сыланып-таранып отырудан жалықпайтын, жұршылықтың арасында болуды, халықтың хал-ахуалын өз көзімен көруді ойламайтын анау бір министр келіншектерді көрмеге қойған нәрсеше орындарынан неге ғана тапжылтпайды? Басқа министрлерді де, құдды кадр жетіспейтіндей, бір креслодан екіншісіне жылжыта салатыны несі? Сот, прокуратура дегенді қой, ақиқаттың ауылынан алыс жүр олар. Заманбек Нұрқаділовтің қазасын «өзін өзі үш рет атыпты» – деп миғұлалық өсекпен бүркеп тастады. Алтынбек Сәрсенбайұлын өлтіруге Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің құзырындағылар қатысқаны неткен сұмдық?! Бізге не болған?! Қайда кетіп барамыз?!». Екеуіміз оңашаланғанда осылайша ширығатын.

Алматы мен Астанада ішіп-жегеніне мез «мықты» көп, Тоқандай турашыл, қаралыққа қаны қас Азамат – аз. Ауылдарда қолында күші болмаса да, арын ардақ тұта білетін тоқандар көп, Алматы мен Астанадағыдай тақ пен портфель құлдары жоқ. Тоқан мұны білетін... иә, білетін...

Пендешіліктен азат, денесі шағын болса да тұлғасы зор, ақ жүрек Азамат, елу сегіз жыл бойы ойымыз, дәм-тұзымыз жарасқан адал Досым еді... Жарықтығым-ай!..

*2007-жыл*



## AP-AFA

Менің атамның ағасы Айтық ақсақал (Кеңес Одағының Батыры Ізғұтты Айтықовтың атасы) Қожанасыр әпенді тақілеттес кісі екен. «Айтық айтыпты» – деп тараған сөз-әңгіме ауылымыздың үлкенінен кішісіне қалып, әлі күнге көнермей келеді. Фелсафалық салмақты ой арқалағаны да, жеңіл әзіл-мысқылды меншіктегені де бар. Олар алда теріле жатар, әзірше мына біріне ең тағайын: ауылымыздың Көктау жақ шетіндегі түйетасқа шығып, айналасына баяу қарап отыратын әдеті бар Айекеңе бір күні Байшы асуын бетке алып өте берген салт атты жігіт бұрылып келіп, сәлем беріп:

– Ата, сілеусін аулай шықтым, олжалы болар ма екенмін, батаңызды беріңізші! – депті. Айекең тусыртындағы Көктауға байыптана мойын бұрып, біраз қарап алыпты да, содан соң жігітке:

– Қыркүйекте аң атаулының жаңа жүні жетілетінін біледі екенсің. Жөн. Атың ұшқыр екен, бәлемдердің адымын аштырмас. Олжаң ойлағаныңдай болсын! – деп бетін сипапты. «Әумин!» – деп тізгінін қағып қалған жігітке:

– Шырағым, азанда төсегіңнен жеңіл тұрып, күні бойы ондағы-мұндағы шаруанды тиянақтап, ақшамда отбасыңа көңілді оралсаң, олжаның көкесі сол! – депті Айекең.

Сол сөзді бұрында әлдекім айтқан шығар, атам соны естіп, өзінше қайталаған шығар, әлде ой түйінін өз тілімен айтқан болар, кім біледі. Ал менің білетінім – Айекеңнің пікірімен сабақтас ойды Ар-Ағадан естігенім. Ол: «Мен үшін таңертең тірі ояну – бір олжа!» – деп еді... Және білетінім: бұны Ар-Аға жүру-тұруы мұң болып, тәуліктің жарық жартысын биік арқалықты орындықта отырумен өткізетін кезінде айтқаны (Ар-Ағаның төлқұжатындағы аты-жөні Арынрашид Сейітбатталұлы Уақов екен).

– Тағдырды тас бет дейміз, қатыгез дейміз. Ал сондай тағдырға сені тас бет, қатыгез, арсыз, жауыз адамсымақтар душар еткенде... оны да сол баяғы тағдырға, жазмышқа жабамыз ба? «Тағдыр», «жазмыш» деген ұғым суға салып созғылай беруге болар тері ме екен? – деді бірде маған.

Мен Әрекеңді ө дегеннен «Ар-Аға» атап кеттім.

Танысуымыз да ерекше болған.

Ар-Ағаны бұрын сырттай танып жүрдім. Менен төрт жас үлкендігі бар ағакем Қадес Мәскеудің Серго Орджоникидзе атындағы Геологиялық барлау институтында білім алған-ды. Сол жылдарын есіне түсіре әңгіме шерткенде ел астанасының жоғары оқу орындарындағы қазақ жастары ресми мерекелерде, өздерінің туған күндерінде, басқа да игі, немесе ауыртпалық себептер болғанда бас қосып жүретіндерін сағына айтатын. Бір институтта қатар оқыған Ар-Аға мен Қадес, өзара қимас дос болмаса да, өмірге көзқарастары, ой-пікірлері ортақ жақсы сыйластар болыпты. Қадестің: – «Арлы, намысты қазағың қайсысы? Ақиқат үшін туған Азаматың қайсысы?» – дегенге: «Ол – Әркен» десең, қателесе қоймайсың», – дегені есімде. Сол тұжырымы Әрекеңді «Ар-Аға» деуіме себепші болған... Қадес 2002-жылы қазан айының 30-ы күні көз жұмды...

Бір күні газеттен парламентіміздің депутаты Қаратай Тұрысовқа ұлының қаза табуымен байланысты көңіл айтуды оқыдым. Қадес студент Қарекеңмен де жолдас болғанын айтқан-ды. Қарекеңді іздеп бардым. Қайғылы екеу танысып, құшақтасып, көзімізге жас алып, бір-бірімізге көңіл айттық. «Қадес те бақилық болды-ау... Мәскеуде

бір тұста оқыған жиырма шақтыдан бес-алтау ғана қалдық... Әркен төсек тартып жатыр», – деп күрсінді.

Ертеңінде Әрекеңді іздеп таптым. Есікті ашқан дөңгелек көз келіншек жылы жымыып:

– Төрлетіңіз, ағаңыз анау бөлмеде, жүріңіз, – деп ақжарқын сөйлеп, сол қол жақтағы бөлмеге бастап барды. «Кімсіз? Кімге келдіңіз?» жоқ. Таза қазақы мінез-құлық.

– Ай, Тоқа, қай інім келіпті? – деген сауал естілді. Ширақ дауыс. «Төсек тартып жатыр» делінген кісінің үні емесін анық аңдап, қуанып қалдым. Арқалықты орындақта отыр екен. «СолДат» газетінде шыққан суреттерінен таныдым. Сәлем бердім. Сәлемімді алып, қолын ұсынып:

– Отырған орнымнан қозғалмағанымна ренжіме. Атаңа нәлеттер енді аяғымна жармасты, бірақ бой бере қоймаспын. Отырғын, – деп жымыды. Аққұба өңді, қаршыға көзді кісі екен. Кең маңдайы әжімсіз. Өмірінің ащысынан хабарым бар-ды. Итжеккенде, Магаданда, қатаң қыспақты түрмеде төрт жылға жуық отырып келіпті. Қаскөйлер жапқан жаланың құрбаны болыпты. Сонда да маңдайын әжім шалмаған. Рухы күшті адам-ау!

Мен кім екенімді айтып, жазушылық куәлігімді көрсеттім. Аты-жөнімді оқып, маған шұқшия қарап:

– Қадес Қабышевтың кімісің? – деді.

– Інісімін.

– Сені сыртыңнан білемін, жазғандарыңды оқып отырамын. Жеңгеңнің аты Тоқан, біраздан бері менің поштабайым. Ай, Тоқа, қайныңа шай қой! – деді, бәйбішесі жүрген жаққа қарай көңілдене дауыстап.

– Аға, сізге сәлем бере кіріп-шығуға ғана келіп едім...

– Қадестің інісі болсаң, менің де інімің, тырп етпей отыр, тіл ал, – деп қуақылана жымыды. – Қадес Өскеменде ғой?

Кеңсірігім аши қалды. Көңілімнің алабұртуы шегіне жеткен еді.

– Аға, жолдасыңызды жербесігіне тапсырғанымызға ертең бір ай...

– Апырым-ай!.. – Ол басын шайқап, көзін төмен түсірді. Тізесін орап қойған жүн шәліні сипалады. – Азамат-ай!.. Жербесігі жайлы болсын!.. Адал, әділ жігіт еді... Ақиқат дегенде алған бетінен қайтпайтын, иә, қайтқан емес еді, қайтпайтын! – деді, маған жұбатқан мейіріммен қарап...

...Өскеменге барып, Қадестің қырқын өткізісіп, Алматыға оралсам... Ар-аға да соңғы сапарына аттанып кетіпті...

Қайран Ағалар!..

Ақиқат дегенде алған бетінен қайтпаған Ағалар!

Қадес хал-қадари елеулі қызмет істеп жүріп, лауазымы жоғарылар кезде партия комитеті хатшысының бір әділетсіздігін көріп, қарсы айтысып, ақиқатқа қолы жетпеген соң: «Мұндай партияның қатарында болмаймын!» – деп, қолын бір-ақ сілтеп кете барған.

Ар-Аға ше?..

1986-жылғы Желтоқсан сұрапылында кімнің кім екеніне көзіміз жетті ғой. Д. Қонаевтан кейін өзімізде «Қазақстан партия ұйымын басқара алар кадр жоқ» болған соң (Қонаевтың Горбачевке айтқаны) шеттен Колбин деген біреу әкелініп, намысымыз таптала жаздады емес пе?! Жастарымыз көтерілді. «Таптатпаймыз!» – деді. Бірақ Мәскеудің дүлей күші ерік бермеді. Жастарымызды, оларға жетекші, таза тілегімен жәрдемші болғандарды «1937-1938-жылдарғы үлгімен» жайпау басталды. Қазақстан

геологиясының білімдар, көрнекті маманы, Алматы Сәулет-құрылыс институтының кафедра меңгерушісі Әркен Уақов қарамылтықтылардың қарауылына бірінші болып дерлік ілікті. Арлы Азаматтың басына жалған жала жаңбырша жауды: «Партия шешімін түсіне алмаған студенттерді партияға қарсы айдап салды!», «Совет өкіметінің сара саясатын аяқасты етпекші болды!», «Бұзақы студенттерді қолдады!», «Совет педагогына жат қылық көрсетті!», «Саяси сауатсыз жастарды қорғады!», «Ұлы орыс халқына тіл тигізді!» – дей ме-ау...

Негізгі айқайшы да, айтақшы да – Павел Атрушкевич. Ол желтоқсан аяқтала бере институт ректоры болып тағайындалған сәтінен бастап оқытушы, студент қазақтарға қасқырша шапты. Ар-Ағаның соңына өзі де итше иіскелеп түсіп, шовинистерді де шүйлеп түсіріп, ақырында қара пиғылдарын іске асырды. Ар-Аға тұтқындалды. Атрушкевич, батпаққа аунап рахаттанған шошқа сияқтанып, «қорсылдауын» үдетті. Жазықсыз Азаматтың соңына бүкіл ұжымды салуға аласұрды. Бірақ, ұжымның басым бөлігі көнбеді, ұр да жық ректор қаншама шабынса да, штаттағы ұстаздардың ешқайсысы «институт атынан қоғамдық айыптаушы» болуға келіспеді. Коммунист емес Ар-Ағаның ұжымға адал, әділ, іскер кадр ретіндегі абыройы барлық итаршылардың дертесін қайырды. Алақұйын Атрушкевич одан ары құтырынып, «Желтоқсан бүлігіне студенттері ең көп қатысқан институтта саяси-патриоттық тәрбие қанағаттанғысыз, Әркен Уақов сол жағдайды пайдаланды, жастарды алаңға бастап шықты, партия мен үкіметке қарсы айдап салды» – дегендей шірік сөздерді Г. Колбин жаққа көпіртіп жолдауды еселей түсті.

Институт ұжымы, керісінше, Әркен Уақовты қорғауға ұйымдасты. Ұжым да, Ар-Ағаның отбасы мен туған-туысқандары, дос-жолдастары да оның қайда, не халде екенінен екі айдан соң ғана хабар ала алған. Ол сонау 1937–1938-жылдары қазақ зиялыларына зындан болған КГБ түрмесінде екен. Қорғаушылар араша тілеп Колбинге барды. Ол оқытушы Нинель Фокинадан басқаны қабылдаған жоқ. Фокинамен жақсы, жылы сөйлесіп, көмектесер рай танытып, өзіне ұсынылған тілек-хатты күлімсіреп алып қалған. Екіжүздінің күлімсіреуі жезөкшенің жымиысындай емес пе, іле-шала Әрекең сегіз жылға сотталып, Сібірден, Магаданнан бір-ақ шықты.

– Оның қатаң қыспақты түрмесінде күніміз де түн болды. Біздің маңдайымызға: «Орыстарға қарсы шықты» деген таңба басылғандай болды емес пе, ондағы көрген қорлықтың қайсыбірін айтарсың! Аяғын әрең басатын мүгедек болып оралдым. Алайда тәуелсіздік алған республикамыздың Прокуратурасының сот шешіміне қарсылық білдіруі нәтижесінде үйге төрт жыл ерте келгенім де – олжа », – дегені бар Ар-Ағаның.

Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қыршын жастарымыздың қаншасы мүгедек болды, қаншасы өмірмен қоштасты, бұл әлі толық мағлұм емес. Сол тарихи оқиғада солақайлық жасағандар билікте отырғанда жалпы шындық ашылмас. «Мен жастарды бастап жүріп кеттім!» (Н. Назарбаев), «Мен жастарды қорғап сөйлейін деп едім, басшылар алаңға жолатпай қойды» (О. Сүлейменов) сияқты жалған мағлұмат ақиқатқа әзірше жол берер емес. Бұлай болары әу баста-ақ көрінген. Колбиннің қолтығына кіріп тұрып жастарды айыптай айғайлап сөйлеген басшылардың (партия, комсомол, кеңес, заң орындарындағы) біразы жоғарылап, шен-шекпен алып, немесе шет елдердегі елшіліктерімізге қызметке жіберілді. Атақты зиялыларымыздың қайсыбірі Горбачев-Колбиндерге жағына хат та жазып, жастарымыздың жан жарасын ұлғайта түсті. Оны айтамын-ау, Ар-Ағаның ешбір кінәсіз сотталуына, бірінші курс студенті Қайрат Рысқұлбековтің нахақтан өлім жазасына кесілуіне тікелей себепші болған, институттың

360 студентін оқудан, 70 оқытушысын қызметтен қуған қаражүрек Павел Атрушкевич биліктің құрметіне бөленіп, республика парламентінің әлде көсемі, әлде көлеңкесі – Қазақстан халықтары ассамблеясының төріне шығарылды. Қамқоршылары оның екі қолы иығына дейін қан екенін білетін жұртшылықтан именген, ұялған жоқ. Солардың біреуі иек қақса керек, «Юридическая газетаның» бас редакторы Ольга Бабий деген «Павел Атрушкевич» – деп кітап жазып, оны Қазақстан үшін туған қайраткер етіп мадақтады. Кімге жем, кімге мазақ болмаған, қайран қазақ!

Алайда ұрының бір жері қуыс қой, қазақтың «тамағын ішіп, табағын тепкен» Атрушкевич өзіне тықыр таяна бастағанда Белоруссияға қашып кетті.

Ельциндердің еріктерімен қолымыз жеткен тәуелсіздігіміздің алғы кезеңінің – анығында 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісіміздің тарихы осылайша ала-құла. Жауыздар бұғаулап апарған Сібірден мүгедек болып келсе де, Ар-Аға бүгінгі биліктен бұл тарихтың таза жазылуын талап етіп, әділеттілік жолындағы күресін жалғап, нендей болсын қыспаққа, қуғынға қайыспай, қайсарлығынан танбай өтті. Түзелер тарихқа қосылар ондаған мақаласы, «Қырып жою» («Геноцид») атты нақты ақпаратты екі том кітабы қалды. Жұбанышымыз – Тау тұлғаға айналған Ар-Ағаның қоғам қайраткері болғаны бар дауыспен айтылатын заман келер!

*2008-жыл*



## **МӘКЕҢ – ХАКЕҢ**

М. И. Есенәлиев туралы сөз бола қалғанда екінің бірі: – Детдомда өскен ғой. Сөйтіп аты-жөні орысша жазылып кеткендер аз ба, – дейді де, білетін «орысшаланған» кісілерін мысалға келтіреді.

«Михаил Иванович Исиналиев» деген соң, жете таныс еместер солай демегенде, не десін? Ал араласып-құраласып жүргендер оның Есенәлиев Хакім Тілегенұлы екенін біледі.

Әу баста оның өзі де, жолдастары да «Кәкім» – деп жүріпті. Жазушы Әзілхан Нұршайықов Павлодар облыстық газетінің редакторы болып тұрғанында Мұхтар Әуезовтің шығармашылық сапармен келгенін, үйінде мейман болғанын, Мұхаңа арналған қонақасыға облыс басшыларынан, ішінде облыстық комсомол комитетінің бірінше хатшысы Михаил Есенәлиев бар, үш жігітті шақырып алғанын тартымды әңгімелеген естелігінде («Жақсымен жанасу». 2001 жылы «Нұрлы әлем» баспасынан шыққан «Хакім. Михаил Иванович. Мәке» атты кітапта) Мұхаңның бір әредікте Есенәлиевке жымия қарап отырып: «Жә, сендер бұл азаматтың атын бірің «Михаил Иванович», бірің «Кәкім» – деп екі түрлі атап отырсыңдар. Сонда мен осы екі есімнің қайсысына жіп тағуым керек?» – дегенін, ал «мәселенің» мәнісіне көзі жеткен соң: «...қазақша атағыларың келсе, онда «Кәкім» емес, «Хакім» – деп айтқандарың жөн. Лұқпан хакімді білесіңдер. Аристотель, Платон, Сократ сияқты хакімдер бар. Абай өзінің жиырма жетінші сөзін сол Сократ хакімге арнаған... «Кәкім» десендер, онда ол «кәкір-шүкір» деген тәрізді жеңіл-желпі, салмақсыз, сөлсіз сөздердің біріне ұқсап кетеді. «Хакім» деген — қорғасындай салмақты сөз. Оған қоса ғалымдық, даналық қасиеті, мәлімдік, мәшһүрлік мәні және бар» – деп кеңес бергенін айтады. «Осыдан кейін біз... Әуезов ағамыз «Хакім» деген қазақша ат қойып кетті деп бүкіл Павлодар облысына жайдық», – дейді Әзекең.

Сол Хакімнің өмірін қысқаша шолып өтелік. Орал өңірінде дүниеге келген Тілеген жеті жасында жетім қалып, тағдыр қаңғалақтатқан соң не шара, Ресейдің Саратов облысындағы Питер деревнясынан бір-ақ шыққан. Сонда қолбала болып жүрген. Бозбала межесіне жеткенде колхоз бастығының атқосшысы болған. Қазақ емес пе, жылқы малын бағып-қағуға бейімділігі, ептілігі, құмарлығы байқалған ғой. Күндердің бір күнінде деревняға өзге жұрттан Тілегенше тиянақ іздеген бойжеткен келе қалыпты. Қазақ. «Тағдыр қосқан» деген сол ғой, екеуі танысып, ақырында, «екі жарты – бір бүтін» болыпты. Тілеген мен Үмітай.

Хакең бірде өмір жолын әңгімелеп отырып: «Құдай менің қаракөз болуымды қалаған ғой, әйтпесе сонау Питерде қужалғыз қазақ болып жүрген болашақ әкеме өзіндей тұлдыр жетім қазақ қызды – болашақ шешемді апарып бере ме?!» – деп әзілдеген-ді (Хакеңде «з» әрпін «с» етіп пе, әлде екеуін қосып «сз» етіп пе, әйтеуір, өзінше біртүрлі жұмсақ айтатын бір қызық мәнер бар еді).

Жас отау перзентті болған (1928-жылғы 15-қыркүйекте). Ұл бала. Әкесі «Хакім» – деп ат қойған. Той өткен соң Тілекең нәрестесіне туу туралы куәлік алуға барады. Ондағы таныс орыс келіншек: «Ваня ағай, бұл балаңның атын «Михаил» – деп қояйық. «Михаил Иванович» болсын. Михаил Иванович Калинин жолдасты білесіз ғой, оны бүкіл дүние жүзі біледі! Сіздің ұлыңыз да Кеңес Одағының сол басшысындай белгілі адам болсын!» – депті (орыстар қазақтың атын өздерінің ыңғайына қарай өзгертіп айта салуға шебер ғой, мысалы Балғабайды – Боря, Танабекті – Толя дей салады. Ал Тілегенді қалайша Ваня (Иван) дегендері қызық. Деревнядағылардың жасы үлкендері «Иван», құрдастары «Ваня» десе, жасы кішілері «Ваня ағай» – дейді екен). Көңіл қуанышы кемерінен асып жүрген Тілекең ұлының әйгілі Калинин жолдаспен аттас болғанын дұрыс көріп: «Ну, давай, пиши!» десе керек. Сөйтіп, Хакім «Михаил Иванович Исиналиев» болған (бірде Хакеңе: «Аты-жөніңізді қазақшалап алсаңызшы!» – дегенім бар. «Түзетер документ тым көп, кейін, пенсияға шыққанда көрермін, қазір уақыт жоқ» – деген).

Тілекең мен Үмекең Хакімнің қолында: Питерде, Павлодарда, Алматыда тұрып, бертінде қайтыс болды. Хакеңнің екі қарындасы — Галина мен Роза Алматыда. Ұлы – Тимур Ресейде дипломат еді, әкесінен бір жылдан соң сырқаттанып қайтыс болды.

Хакеңнің зайыбы Майя Ивановна – аласалау бойлы, дөңгелек жүзді, жылы шырайлы кісі. Хакең екеуі әйгілі тың игеру жылдары Павлодарда кездесіпті. Хакең облыс комсомолының басшысы, Мәкең (Майя Ивановнаны мен кейде «Мәке», кейде «жеңге» деймін) – Ленинградтан комсомолдық жолдамамен келген тың игеруші. Қазақша еркін сөйлей алмайды, ал айтқанды түсінеді. Нәсілі орыс болса да, жаны қазақ. Бір ғана қырын айтсам: Хакім аға бақилық болғаннан кейін де екі апта сайын жұма күні жеті шелпек пісіріп, байырғы дос-жолдастарын шақырып, құран өткертіп отырды. Қолын жайып, бетін сипаған сәтте көзінен жас ыршып кеткенін байқап жүрдім. Аяулы ерінің жылын берген соң, үш ай өткенде, телефон шалып: «Габеке, келин ал, уйге кел, сағат еки» – деді. Бардық. Етене жақын 4 отбасын шақырған екен. Менен өзгелері – комсомол шақтан бергі достары. Хакеңді еске алысып, өмірлеріндегі қызық-шыжық жәйттерді айтысты. Бір әредікте Майя Ивановна орнынан баяу тұрып, бәрімізге жағалата қарап, көзі жасаурап: «Дорогие друзья!» – деп, дауысы дірілдей сөз бастады. Өміріне ризашылығын, бір ғана өкініші – құдай қосқан Мишасынан айрылып қалғаны екенің, өзін жұбатып жүрген дос-жолдастарына алғысы шексіздігін айтып, соңында: «Біздің әулеттің атамекені – Ленинград, аға, апа-сіңлі туыстарымның бәрі сонда екенін білесіздер, солар мені «көшіп кел» – деп шақырып жатыр. Мен көп ойландым... тілдерін алуым жөн сияқты. Ендігі сөз сендерден болсын. Рұхсат етсеңдер – көшейін,

ал рұхсат етпесеңдер – осында тұра берейін» – деді. Бір минөттей болған үнсіздіктен кейін ішіміздегі жасы үлкеніміз, Хакеңнің сыралғы досы болған Сағындық Кенжебаев: «Майя, кухня жаққа барып келші», – деді ақырын ғана. Майя Ивановна шығып кеткен соң Сәкең баршамыздың пікірімізді сұрады. Ойларымыз ортаға салынды. Хакең мен Мәкеңнің жалғыз ұлдары – Тимур Мәскеуде дипломатия академиясын бітіріп келгенде мұнда қызметке алынбаған. Хакім ағаның: «Мұндағы бетпақ билік менде кеткен еселерін ұлымнан алу үшін оны Алматыға жолатпады. Неткен арсыздық?! Е, мейілдері. Тимур Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігіне орналасатын болды», – дегені бар-ды... Сонымен, Майя Ивановнаға рұхсат берген дұрыс деп шештік. Бір айдан кейін аттандырдық...

Қай-қайсысымыз да Мәкеңнің («Михаил Иванович» болған соң «Мәке» дей бердік қой) қашан, қайда, кім болып қызмет істегенін білеміз. Комсомолда, партияда, сыртқы саясат саламызда басшылық орындарда болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мәдениет бөлімінде он үш жылдай меңгеруші болып, республикамыздың рухани жетістіктеріне мол үлес қосты, оны жауы да жоққа шығара алмас. «Жау» демекші, бірде: – Жауыңыз бар ма, шыныңызды айтыңызшы? – деп әзілге сүйей сауал тастағанымда мырс етіп күліп: – Мұқағали айтқандай, «Дұшпаның бар ма дейсің, қайдан білем?»... Қазекем жүрген жерде неге болмасын, бар шығар, бірақ көзіме көрінгені жоқ, – деп сәл ойланды да: – Орталық комитетте жүргенде балға мен төстің арасында болдым. Қонаев пен Имашев өздері айтуға тиісті шешімді менің аузыммен айтқызатын. Құрып қалғыр әлгі «партийная этика» деген пәле болды емес пе, сол аузымды да, аяқ-қолымды да буып тастайтын... қиын еді ғой... Кадр мәселесінде бір-екі мәрте кінә арқаладым, артқалатқан соң. Бірақ, ол кадрға сол сағатта да, кейін де қолдан келгенінше көмектестім. Көмектескенде: «мен кінәсізбін, маған ренжи көрмеңіз, мені пәленбайлар мәжбүр етті!» демедім... кім білсін, ол оны сезді ме, түсінді ме, әлде: «Есенәлиев сөйтті, оңбаған!» деген сеніммен кетті ме... ал маған бәрібір қиын тиетін, іштен тынатынмын, – деді.

*(Қонаев Дінмұхаммед – Қазақстан КП Орталық комитетінің 1-хатшысы да, Имашев Саттар – Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы.)*

Партиялық жүйеде мен 28 жыл қызмет істедім, жаңағы «партийная этиканың» тысын да, астарын да көп көрдім, сол себепті Мәкеңді түсіндім. Мәдениет министрлігінің, Жазушылар одағының, әдеби баспалардың кейбір басшылар Мәкеңе сырттай наразы болып, оны-мұны қисық сөз айтып отырғанын көретінмін, бірақ, ол кезде Хакім ағамен сырластығым жоқ болса да, «ол өзі сөйтті дейсің бе, сірә, жоғарыдағылар сөйткізген шығар», дей салатынмын іштей.

Кейін де Хакеңмен табыстым. Бірде жолығып, бірде телефонмен шүйіркелесіп, сырлас аға-ініге айналдық...

1986-жылғы желтоқсанда М. Горбачевтің алаяқтығымен Алматыда болған қанды оқиғаның себеп-салдарын тексеруді алғаш талап еткен адам – Хакім Тілегенұлы.

1988-жылғы 4-маусымда Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы болды. Күнтәртібінде: СОКП Орталық Комитетінің Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы туралы шешімін талқылау. Әрине, алдын ала берілген бағыт бойынша, ол шешім бірауыздан мақұлдануы керек. Баяндамашы да, сөйлеушілер де қия баспады. Ол басшұлғушылыққа көнгісі келмеген Есенәлиев президиумға жазба жіберіп, сөз сұрады. Бермеді. Сәлден соң орнынан атып тұрып, баршаның көз алдында дауыстап сөз сұрады. Президиум иелері бұлталақтап, сөз бермеуге тырысты: «Жарыссөзді тоқтату туралы ұсыныс түсті» – десті. Сол әредікте Қызылорда облыстық партия Комитетінің 1-хатшысы, ОК мүшесі Еркін Әуелбеков түрегеліп: «Орталық комитеттің



мүшелігіне кандидат, Сыртқы істер министрі Есенәлиев жолдасқа сөз бермеу деген неткен жөнсіздік?! Бейбастақтық болмасын, Есенәлиев жолдасқа сөз берілсін!» – деп талап етті. Сөйтіп, Михаил Иванович мінберге көтерілді. Қысқасы, ол СОКП Орталық комитетінің шешімін «махровый казахский национализм» – деп бүкіл халыққа беталды кінә таққан күйінде қолдамайтынын айтты. «Мәскеудің өкілдері екі күн болды да кетті. Оқиғаның мән-жайын білмегендіктен үстірт қорытынды жасады. Ал сіздерге не болды? Тың игеру басталғаннан бергі 34 жыл ішінде қатардағы агроном мен инженерден Орталық комитеттің мүшесі дәрежесіне жетіп отырсыздар ғой? Мәселенің мән-жайын біліп, ақ сөйлеудің орнына, міне, біржарым жыл болды, ауыз ашпай жүрсіздер!» – деді.

Біздің партиялық қожайындарымыз жыланша жиырылды...

...Партия кеңселерінің тым-тырыс болуы төзімін тауысқан соң, Мәкең Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясында мынаны оқып берді:

*ДЕПУТАТСКИЙ ЗАПРОС ПРЕЗИДИУМУ  
ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР*

«Прошу на очередной сессии Верховного Совета доложить депутатам о физических и моральных последствиях по результатам «наведения общественного порядка» после известных декабрьских событий 1986 г. Прошло более двух лет, но не только общественность, даже члены ЦК Компартии Казахстана и депутаты Верховного Совета республики в неведении: сколько человек исключены и наказаны в партийном и комсомольском порядке, сколько отчислены из учебных заведений и освобождены от занимаемой должности, сколько осуждено, не говоря уже о точном количестве погибших. Выявляя «белые пятна» 30-х годов, не следует создавать новые в 80-х годах.

На сегодня же о последствиях декабрьских событий информированы только: Г.В.Колбин, В.М.Мирошник, Н.Г.Князев, В.И.Ефимов и, возможно, кто-то из бывших или настоящих членов Бюро ЦК Компартии республики. Поэтому вношу предложение создать авторитетную депутатскую комиссию, в составе которой будут представители общественности. Ей представить необходимые документы и объяснения товарищей, сопричастных к указанным событиям, затем об их заключении доложить сессии Верховного Совета республики и Пленум ЦК Компартии Казахстана. Для чего это нужно? Дело в том, что первые официальные сообщения воспринимаются с большим сомнением сейчас, по истечении времени. Среди интеллигенции и молодежи вузов нарастает волна недоверия к прежней информации. Это может привести к непредсказуемым последствиям. Полагаю, что лучше разобраться сначала самим, чем делать это под давлением общественного мнения. Тогда уже любые честные, справедливые заключения и выводы будут подвергаться еще большим сомнениям, т.е. надо принять меры и снять боль, не превращая ее в нарыв.

Прошу текст данного депутатского запроса срочно передать членам Президиума Верховного Совета республики, поставить в известность Государственно-правовой отдел ЦК КПСС.

С уважением депутат Верховного Совета Казахской ССР, кандидат в члены ЦК Компартии Казахстана, Министр иностранных дел республики –

**М. ИСИНАЛИЕВ.**

*25 апреля 1989 г.*

Желтоқсан жайындағы комиссия содан үш айдан кейін, шілденің 27-сі күні құрылды. Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында. Екі апта өте бере М. И. Есенәлиевке шүйлігу басталды. Шетелге барған ресми іссапардан оралған одан

зейнетке шығуына өтініш беруі талап етілді. «Турасын айтқан туғанына жақпайды» – деді ғой қазекем!

Комиссияның ол жолы құрылмауы да мүмкін еді, бірақ Хакім аға тыншымады. Сол сессиядан кейін де тағы былай деді (сөзінен бір үзінді): «...Скажу для сведения народных избранников, что депутатский запрос о физических и моральных последствиях в «наведении общественного порядка» после декабрьских событий 1986 года в Верховный Совет Казахской ССР сделан мною 25 апреля этого года, т. е. за один месяц до съезда народных депутатов СССР. В то время руководил республиканской партийной организацией Г. Колбин. Тогда он здесь работал и успешно занимался саморекламой. Жаль, что в течении трех месяцев реакции на этот запрос не было ответа... И поскольку события произошли, когда мы действовали, то должны дать ответ».

Иә, комиссия құрылды. Төрағалығына депутат ақын Қадыр Мырзалиев сайланды. Бір ғана мәжіліс өткізілді де, комиссия тарады (сіре, таратылған болар). Келесі төраға депутат ақын Мұхтар Шаханов болды. Көп жұмыс істелді, алайда, шындық керек, ол комиссия көмбеге жете алмады. Әлде жеткізбеді. Комиссияның құрамына Желтоқсан мәселесін тұңғыш көтерген М. И. Есенәлиев шақырылмады. Әлде шақыртпады. Себебі, меніңше, Хакеңнің ол ерлігі оның жолына қойылған тағы бір кедергі болды. Жоғарыда аталған кітапта академик ағамыз Салық Зимановтың «Он хотел сделать наш мир более человечным» атты естелігі бар (ол жинақ – «Есенәлиев кім еді?» деген сауалға толық жауап беретін кітап!). Онда былай делінген (үзінді):

«...Было сенсацией и настоящим подвигом его выступление на Пленуме ЦК Компартии Казахстана 4 июня 1988 года, на котором обсуждалось решение ЦК КПСС о декабрьских событиях в Казахстане 1986 года. На фоне «полного одобрения» Михаил Иванович произнес речь, явно не совпадающую с мнением монополично властвовавшей партии. Он, вопреки официальной версии, утверждал, что тысячи юношей и девушек «в морозный декабрь встали на защиту чести нации» и судьба многих из них исковеркана. Он бросил упрек членам Пленума ЦК КПК: «Вы... могли бы объективно прояснить картину, а ваши уста полтора года молчат». Если вспомните, что эту речь произнес не рядовой член ЦК, а Министр иностранных дел, можно себе представить какой груз ответственности взял на себя М. И. Есенәлиев. Общественность расценила это выступление как историческое...».

СОКП Орталық комитетінің саяси бюросы «қарапайым қазақы ұлтшылдық» («махровый казахский национализм») деп таққан зұлымдық айыпқа сол Пленумда Хакең бірден қарсы тұрып, қаймықпай сөйледі ғой. Билік онысын кешірмеді. Хакең министр қызметінен босатылды. Айтпақшы, СОКП Орталық комитетінің ол қаулысының мәтіні осында, ҚКП Орталық комитетінде әзірленіпті, сондағы «махровый» деген сөзді идеология бөлімің меңгерушісі Альберт Устинов қосыпты.

...Қызмет ыңғайымен ресми таныстар деңгейінде жүргенімізде бір күні Мәкең жайында ғажап жаңалық естідім. 1996-жылдың жазы еді. Өскемен қаласында іссапармен бір апта болып, Алматыға ұшып келе жатқанмын. Ойда жоқта Игорь «Левитанды» кездестіргенім! Ол да тани қойды. Екеуіміз 1978-жылы Ригада танысқанбыз. Дауысы әйгілі диктор Ю. Левитанның дауысына ұқсастау болған соң әзілдеп «Игорь Левитан» – деп жүріп едім, фамилиясын есіме түсіре алмай отырмын. Игорь СОКП Орталық комитетінде істейтінін айтқан. Шұрқырасып хал-ахуал біліскен соң: – Қызметің өскен шығар, қазір кім болдың? – десем, ол қолын сілтей күліп: – «Таңбалыбас Михаилдың» (*орыстарда: «Перед концом света появится Михаил меченый», – деген бе, әлде: «Придет Михаил меченый и будет конец света», –*

деген бе, өйтеуір, сондай бір сөзтіркесі бар, Игорьдің таңбалыбас Горбачевті меңзегенін аңғардым, – *Ф. Қ.*) «тазалауына» ұшырап, ол жақтан кеткенмін, бүгінде Ғылым Академиясындамын, – деді де: – Бүкілодақтық староста болған Калининмен аттас батыр Михаил Ивановичтерің сау-сәлемет пе? – деп маған ажарлана қарады. Мәкеңді айтып отыр ғой! Сыртқы істер министрлігімізде Төтенше һәм Өкілетті елші екенін айтып, «батыр» деуінің мәнісін сұрадым. Игорь құлшына әңгімелеп, сонын: – Горбачевтың ордасын бірінші рет сендердің обком хатшыларың Кешірім Бозтаев дүрліктіріп еді, екінші рет тағы да сендердің коммунистерің, министр Михаил Есенәлиев дүрліктірді, батырсыңдар! – деп тұжырғаны ғой!..

Арада бірер апта өткенде Хакім ағаны ауруханада ұшыраттым. Палатамыз қатар болып, екі аптадай жаттық. Игорьден естігенімді ақтарып, енді соны өзінен естігім келетінін айтсам, Хакең жымыңдап: «Өтті, кетті, қайтесің, қажеті не?» – дейді. Ақырында: «Кремльге жазылған хаттардың көшірмелерін жинайтын әдетім бар еді, сол хатыңыздың бір көшірмесін беріңізші! – деп қолқа салдым. Екі күннен соң үйінен алдыртып берді.

Ол хаты 1988-жылғы қарашаның 25-і күні жазылған екен. СОКП Орталық Комитетінің бас хатшысы, КСРО Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы М. С. Горбачевқа. Биліктің екі дізгін, бір шылбыры қолына тиген «таңбалыбас Михаил» бүкілодақтық партконференцияда: – Одақтас республикалардағы компартиялардың бірінші басшылары әрі республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болуға тиіс, – деген «жаңалығын» жария етеді. Онысы – республикаларды бұрынғыдан да сығымдап ұстаудың зымиян жобасы екенін түсіне қойған Хакең дереу қарсылық жасап, хат жазып жібереді (Одақта одан өзге ешкім тырп етпеген). Пікірінің тоқ етері: Кеңес өкіметі мен компартия билігін бір қолға беру – үлкен қателік! Қазақстан компартиясын орыс (*Колбин*, – *Ф. Қ.*) басқарып отырғаны аздай, енді жергілікті өкіметті соған берсек, ол республиканының құқына нұқсан келтіру емес пе? Бүкілодақтық, немесе шет елдерде халықаралық жиында Қазақстан өкіметі атынан орыстың сөйлеп тұрғаны дұрыс бола ма? Жалпы, одақтас республикалардың компартиясын да, өкіметін де, үкіметін де өзінің ұлттық кадрлары басқаруы керек!

Дәп сол кезде бұлайша хат жазу Кремльге бомба тастаумен бірдей емес пе еді?! Республиканың Сыртқы істер министрі коммунист Михаил Иванович Есенәлиевті «Батыр!» демей көр енді!

Мәскеуден дереу өкіл жеткен. Әдеттегіше жариясыз айтыс-тартыс, қорқыту-үркіту болған. Хакім аға қайыспаған! Горбачевшілдер аяқтарын тартып тынған! Горбачевке де жан керек екен, ол сонау партконференциядағы ойынан қайтты.

Батыр ағаның хаты негізінде мақала жазып, қазақшасын «Қазақ елі» газетінде, орысшасын «Новое поколение» газетінде жариялады. Әлбетте, Хакеңмен келісіп. Ал келісімін алуым қиын болды. Өзін өзі не насихаттап, не насихаттатып көрмеген адамға менің өтінішім өрескелдік сияқтанды. «Сен қызық екенсің?!» – деп ренжіді. Анау жолы «хат атаулыдан коллекция жасайтыныма» сеніп қалса керек. Әйтсе де, журналшы-жазушылық тілімді ары безеп, бері безеп дегендей, бой бермедім. Менің ойым: – Хакеңнің ерлігін елі білсін. Мұрағатжайда шөгіп қалмасын! – болды.

Мақаланы оқыған қаламдастарымның үлкен-кіші он шақтысы, басқа бес-алты кісі үйіме телефон шалып: «Есенәлиев жүрек жұтқан жан екен ғой?! Ғажап ерлік жасаған екен!» – десті. Соны Мәкеңе қуана айтқанымда: «При чем здесь я? Это – твоя заслуга!» – дегені ғой. Түүһ!..

Егер Мәкеңнің сол ерлігін атаққұмарлардың біреуі жасаса, Алматыны көшіріп жібере жаздап жүреп еді, ә?!

...Шағын ғана шымыр денелі, қараторы өңді, кішірек нұрлы қоңыр көзді, салмақты мінезді, салиқалы сөзді, дос-жолдастары ортасында аңқылдап, әдемі, жарасымды әзіл-қағытпаны төгіп-төгіп отыратын абзал Хакең еліміздің тәуелсіздікке аяқ басуына, демократиялық қоғамды нысана етуіне бүкіл білім-беделін, қажыр-қайратын жұмсады.

Көсемсөзші (публицист) М.Есенәлиевтің «Блок оппозиции против бесчестия и развала страны» атты мақаласы елдегі саяси ахуалды талдау ғана емес, өзінің қалған ғұмырының бағдарламасы іспеттес те еді (Хакең 1999 жылы тамыз айының 18-і күні кенеттен қайтыс болды).

Қайраткер өмірі қашанда қым-қуыт жәйттерге толы. Мәкең көзі тірісінде «Штрихи к портретам», «На грани... эпох», «Записки дипломата», «Ақиқатын айтқанда» – деп аталған кітаптарын шығарды да, өнегелі өмір белестерінен бізге біраз мағлұмат берді. Айта алмай, жаза алмай кеткен жәйттері қаншама екен?!

Ол аса білімдар еді. Үйіндегі кітапханасында әлемдік мәдениет пен өнердің, көркем әдебиет пен саясаттың, ғылым мен сәулеттің... небір құнды да сирек жинақ-еңбектері болатын. Ұзақ жылдардағы тым қарбалас күндерінде соның бәрін оқуға, әрқайсысынан қажетін алып жүруге уақытты қалай табатынына таңдана сұрақ қойғанымда қадірлі аға жылы жымыйып: «Бәйбішем мен бала-немерелерімнен кейінгі серіктерім, сырластарым – осы мүлкім», – дегені бар. Бірде маған телефонмен: «Ничто человеческое мне не чуждо» дегенді кім айтып еді?» – деді. Үнінен қуақылық нышаны сезілді. «Е, баяғыдан білеміз ғой, Карл Маркс айтқан!» – дедім. Ол балаша мәз бола күліп: «Оқу керек, жолдас, оқу керек. Оны көне Римнің драматургы Терренцидің бір кейіпкері айтыпты, онда Карлды қойып, Маркстың да бабасы тумаған!» – деді. Енді бірде әлдебір бұйымтайым болып хабарласқанымда: «Мен бір кітап оқып отырмын, осы әлгі «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі» – деп басталатын өсиетті кім айтып еді, есіңде ме?» – дегені. Тағы бір «қақпан құрғанын» сездім де, қалай құрсаң да тұтылмаспын деген сеніммен: «Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын» мен де жаттап өскенмін, Хаке!» – дедім. Ол тағы күліп жіберіп: «Островский оны орыстың мықты сыншысы Писаревтен алыпты, оқу керек қой, жолдас сатирик!» – деді. Осындай өнегелі әзілге де бай еді.

Аяулы Мәке-Хакеңнің сүйікті жары, сенімді серігі, парасатты, ардақты жеңгеміз Майя Ивановна естелік кітап шығаруды қолға алуыма өтініш білдірген соң марқұм ағамыздың қат-қабат қағаздарын ақтарып жүргенімде оқыған кітаптарынан көшіріп сақтап қойған бірер шумақ өлең, бірер сөйлем қарасөз үзінділерді көрдім. Мәселен:

*«Аз халықпыз, алайда намысты халықпыз. Бауыржан Момышұлы»* (айтпақшы, Баукең бұл інісін өте жақсы көрді, атын атамай, «Медвежонок» дейтін. Екі Наркескеннің табыса білгендері!).

*«Благо народа – вот высший закон. Цицерон».*

*«Истина – солнце разума. Вовенарт».*

*«Жить – это бороться; бороться – это жить. Бомарше»* («Жизнь – борьба» деген бе еді К. Маркс?).

*«Жүрегім менің қырық жамау*

*Қиянатшыл дүниеден.*

*Қайтіп аман қалсын сау,*

*Қайтқаннан соң өрнеден.»*

*Абай.*

Ұлы ақынымыздың осы бір жаралы жан сыры беріде қаншама Хакең-Мәкеңнің тағдырынан тіл қатпады?!

Енді Хакім ағамен екеуара болған әңгімелерді ұсынайын:

Қайсысымыз болсақ та, өзіміз жаңтартқан адам туралы ыстық лебіз білдіргіміз келгенде: «бірегей», «біртуар» деген теңеулерді таңдап алып, сөз несерін төгіп-ақ бағамыз, ал сол «бірегей» мен «біртуарлардың» кейбіреуі төңірегіндегі түрлі жағдайға қарай құбылып, бірде қымбат, бірде арзан болып, кеше олай, бүгін былай, ертең алай сөйлеп, жұртты көрінеу адастырады, яғни бір мәселені ойлауы, айтуы, істеуі бір-біріне мүлде ұқсамай, кәдімгі кесірткеше «құйрығымен күн көреді». Енді бірі, мәселен, өзінен жоғарыдағы кейбіреулерді сыртынан мысқылдап, кекеп-шалып жүреді де, онымен көпшілік алдында кездесе қалғанда оның шуашын шайына езіп ішуге дайын жалбақайға айналып, қызыл тілінің майы мен қанын қатар ағыза мадақтағанын естігеніңде жүрегің айнады.

Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетімізде сондай бір «спектакльді» көргенімнің ертеңінде Хакім ағамызға телефон шалып, мән-жайды баяндап беріп:

– Ол қалайша? Студент те, кандидат та, доктор да емес, академик ұстаз деген дардай атағы бар кісінің онысы несі? – дедім. Ол күлді де:

– Дәріс оқығанның бәрін «ұстаз» деме. Ұстаз – қай қырынан қарасаң да, аса білімді, ар-ұяты таза адам, ал сен айтып отырғандар – хамелеондар. Келісесің бе? – деді.

Мәкеңмен қашаң қайда, не, кім туралы болсын пікірлессең де, онымен келіспеуің мүмкін емес-ті.

\* \* \*

Хакім ағамен алғаш әңгімелескенім 1984-жылдың жазында (егер жаңылыспасам, шілде айының аяқ шені). Бұрын Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумдарында, ол өткізген о жиын мен бұ жиында, Жазушылар одағында кездесіп, ресми ғана сәлемдесіп жүргеніміз болмаса, оңаша сөйлесіп көрмегенбіз. Бір күні, сағат 11-де, қабылдау бөлмедегі хатшы келіншек кіріп:

– Ағай, телефон тұтқасын көтеріңізші, Есенәлиевпін дейді, – деді.

– Қабышев тыңдап отыр, – дедім, тұтқаны алып.

– Әскери шеніңіз қайсысы? – дейді қуақы қоңыр дауыс.

– Сіз кімсіз? – дедім, тосын сауалына еріксіз таңданып, хатшы келіншек айтқан ныспысына ой жүгіртіп те үлгірмей.

– Есенәлиевпін ғой, Михаил Иванович, Сыртқы істер министрлігінен.

– Ә, Мәке, ассалаумағалейкүм!

– Уағалейкүмәссалам! «Қабышев тыңдап отыр» дегеніңізге қарағанда, ең бері қойғанда не капитан, не майор шеніңіз бар әскери адам болған шығарсыз деп ойлап қалдым, қателескен жоқпын ба? – деді қуақы үнмен. «Оңбай қателестіңіз» дей жаздап қалып, тілімді тежеп үлгіріп:

– Әжептәуір қателестіңіз, Мәке. Мен әскердің маңына жоламаған жанмын, тым құрыса Гитлердей ефрейтор да болып көрмедім, – дедім. Ол күлді де:

– Республикалық «Ара-Шмель» журналының Бас редакторында тура телефон жоқ па еді, цеканың служебный справочнигінен таба алмадым, – деді.

– Бар ғой. Біреу-міреуге керек болған соң алып қалған да, – деп едім, ол тағы күлді де:

– Ендеше, Ғабеке, сол нөміріңізді алып, маған келіп шығыңыз, танысалық. Орныңыз, бойыңыз үлкен болғанмен жасыңыз кіші ғой, тіл аларсыз, ө? – деп әзіл тастады.

– Мәке-ау, орынды өлшеп қайтеміз, ал аға шақырғанда ініде табандар дөт бола ма, қай сағатта барайын?

– Түстен кейін қалаған уақытыңызда келе қалыңыз!..

Сағат 3-те (15-те) бардым. «Мир» көшесіндегі бір қабат ағаш үйдің кеңдеу бөлмесі. Министр емес, шірегенде министрліктің бөлім бастығы отырар жұпыны кабинет. Мәкең орнынан домалана тұрып, үстелінен қолын ұсына шығып қарсы алды. Сәлемдестік, хал-ахуал сұрастық. Сәл қиыстау тұрған дөңгелек үстелше басына жайғастық. Шай алдырды.

– Кабинеттің кескіні осы, Сіздерде мұндай жоқ шығар? – деп жымиды.

– Мәке, айырбастайықшы, бізде қыста салқын, ал жазда ыстық, түстен кейін күн шақырайғанда төбемнен табаныма дейін терлеп есім шығады, – дедім. Журнал редакциясы Алматының әйгілі көкбазары маңындағы шыны-бетон 12 қабат ғимараттың ең үстіндегісінде еді. Мәкең күліп:

– Айырбастайық, – деді де, орнынан тұрып барып, бір ғимараттың шағын макетін алып келіп: – Міне, бұл – болашақ кеңсеміздің макеті, өзім айтып отырып жасаттым, келесі жылы осында отыратын боламыз, – деп, оның неше бөлме екенін, ішкі-сыртқы бейнесі қандай болатынын, төңірегіне тағы бірер ғимарат салынатынын, қазіргі отырған үйлерінің сақталатынын, себебі оның тарихи құрылыс екенін құдды сәулетшіше ғажап ықыластана әңгімеледі.

Біз жақсылап таныстық. Министрлігінің бүгінгі мен ертеңі туралы ой толғады. Әдебиетке, өнерге, баспасөзге, біздің сатиралық журналға қатысты пікірлерін айтты. Әңгімеміздің аясы кең болды. Партияның Орталық комитетінде мәдениет бөлімін он үш жыл басқарған Мәкең жайында көбінесе мақтау сөз естігенмін. Керісінше айтатындар да кездеседі, бірақ, ондайлар аз-ды.

– Мәке, мына кедесуіміз мен үшін бір қымбат сәт болды, кілегей қатқан күрең шайыңыз қандай, шіркін! Көп-көп рахмет! Көп ұзамас келесі жолы әңгімелесерімізге шейін Сізге бүгінгі соңғы бір сұрағымды қояйын ба? – дедім. Ол кішкене көзі күлімдей қарап, басын изеді.

– Орталық комитеттегі жұмыстарыңызға ризасыз ба? Өкінішіңіз жоқ па? – дедім.

– Ризамында... өкінішім де жоқ емес... – Мәкең сәл жымиды да, байсалды қалпына көше баяу сөйледі: – Заңгердің дипломымен дипломат міндетін атқардым. Басқасын айтпағанда, Орталық комитеттің мәдениет бөлімін он үш жылдай басқарғаным – сонша жыл дипломат болғаным. Әдебиет, өнер адамдарын өзің білесің, ортасында жүрсің, олардың қай-қайсысымен болсын дипломат тілімен сөйлеспесең, ол сүрінгенің ғой. Бір-екі сүрінген соң жығыласың, жатасың. Мәселен, егер жазушыларды айтсам: пікір таласынан жалықпайтын Ілияс аға Есенберлинмен, әншейінде бала сияқтанып жүрсе де, ой қақтығысында қайраулы қанжар болып кететін Әнуар Әлімжановпен, күндей күркірей қалатын Жұбан аға Молдағалиевпен, өзін өзі биіктетіп сөйлеуге құмар Олжас Сүлейменовпен... қайсыбірін айтасың, кезкелгенімен даулы бір мәселені шешу дегенің – қып-қызыл от көшкендей қиындық. Тағы бір жазушымызға қалжыңдап айтқаным бар: сенімен түсінісуден гөрі мемлекетті басқарған оңай шығар деп. Шыны солай ғой, қалай, рас па?

– Білмеймін, мемлекет басқарып көрген жоқпын, – деп әзіл жауап қайтардым.

– Уәй, сатирик... Айтпақшы, осы сендермен, сатириктермен, істес болған емеспің, сендер, былайда шатақтау тәрізденгендеріңмен, дауласуға жоқсыңдар, а? – деді ол, қулана сөйлеп.

– Иә, біз дауға жоқпыз, жоғары-төменге арыз жазғанша әзіл-сықақ әңгіме-өлеңімізді жазып тыныш жүргенді ұнатамыз.

\* \* \*

Қазақстанның демократияға аяқ басуына аса мол еңбек сіңірген кісі Хакім аға деп білемін. «Азат» қозғалысын ұйымдастырған үшеудің бірі. Қол ұстасып шыққан екі жолдасы басқа қозғалысқа әлдебір есеппен «қоныс аударып» кеткенде қыңқ етпей, игі ісін жалғастыра берді. «Азат» партиясын құрысып, төрағалығына сайланды. Алайда екі-үш жылдан соң ол жақпен хоштасып, ешбір қозғалыс, партия атаулыға ресми мүше болмай, сырттай кеңесшілікті жөн көріп, жазба жұмысқа кірісті. Қазақстанның дербес, тәуелсіз ел болуы, демократиялық, құқықтық мемлекеттер санатына қосылуы керектігі хақында көркемсөздік жалынмен көп мақала жазып, ойды батыл, ашық айтудың үлгісін көрсетіп жүрді. Бірде, Сыртқы істер министрлігімізде Ерекше тапсырмалар жөніндегі елші кезінде, Айтеке би көшесіндегі жаңа кеңселерінің дәлізінде, шағын да жасылтым түсті диванда әңгімелесіп отырғанымызда (Мәкең кабинетінде емес, сол диванда отырып сөйлескенді қалайда ұнататын. Кейін екінші рет іздеп барғанымда да: – Тар кабинетті қайтеміз, кең диванымызға барайық, – деп әзілдегені әлі есімде) сөзіміз саясатқа сайды да (шындығында көбінесе саясат жайында әңгімелесетінбіз):

– Мәке, оппозициясыз ел толыққанды ел бола алмайды дейсіз, бізде оппозиция бар да сияқты, жоқ та сияқты, ол қалай? – дедім. Мәкең басын изеді де, сауалыма жауапты сырттан іздегісі келгендей-ақ бұрыла бірқырындап, терезеден далаға көз тастай ойлана сөйледі:

– Ол кең түсіндіруді талап етеді, бірақ, саған қысқаша айтып көрейін. Орыста бір мәтел бар, қазақшалағанда: «Шортан шабақтың бейқам жүрмеуі үшін жаратылған» делінетін шығар, оппозицияның ролі де – сол. Ол елдің, халықтың мүддесі үшін үкіметтің сыншысы, кеңесшісі болуға тиіс. Біздің өкіметті де, үкіметті де кешегі коммунистер – оппозицияның атын өшіріп жібергендердің шәкірттері басқарып отыр. Оппозицияны құра бастап едік, сырттан бақылап, іштен шалып, іріткі салды. Оның үстіне біздің зиялы дейтіндеріміздің көбі билікқұмар емес пе, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарудың» орнына, әрқайсысы бір-бір қозғалыс ашып, бір-бір партия құрып алуды көксеп, іріткі салушылардың жетегіне еріп кетті. Атамыз қазақ не деп еді, «қойшы көп болса, қой арам өледі» – деп пе еді, біздің жігіттер соның аяғын құшты, демократияны шындап керек етпеді, тақты, портфельді керек етті, көпірме құр сөзбен әуестенді, бірін бірі мүйізdedі. Әлі де солай! Осымен кетеді, қашан ес жиятындарын бір құдай білсін. Олардың осал жерін біліп алған билік астыртын іріткілігіне қоса ашық төкпештеуге кіріскен жоқ па? Өзің де көріп жүрсің: бірін алдап-сулап айнытып, бірін қорқытып-үркітіп, бірін сабап, бірін соттап, тоздырып жіберді ғой?! Соны көре тұра біздің «серкелер» ойланбайды, тізе қоспайды, Абай атамыз айтқан: «Бет-бетіне би болған өңкей қиқымның» кері баяғы. Алған бетінен қайта қоймас кім бар десек, меніңше, ол – Серікболсын Әбділдин. «Мықтылар» оның партиясын да жұлмалай бастады, арғы жағын көре жатармыз. Демократия қолжаулыққа айналған жерде, биліктің шенеуніктері қожаңдайды, зиялылары бейтарап болған елде қоғам рухани

дағдарысқа ұшырайды, авторитаризм күш алады, көсеулер «көсемге» айналады, халық қағаберісте қалады. Солай, жолдас Ғабеке...

\* \* \*

– Мәке, енді жайлауыңыз да өзіңіздікі, қыстауыңыз да өзіңіздікі болды, аузыңызды да, адымыңызды да аңдып отыратын албасты жүйеден құтылып, баршамен «тең құқықты» зейнеткерге айналдыңыз. Соның «құрметіне» сізге бір өтініш жасағым келеді, – дедім Хакім ағаға, Бөгенбай батыр көшесіндегі кітап дүкенінен шыққанымызда. Ол орайшап әзілімді іліп алып:

– Орыстар «на ногах правды нет» – дейді, жүріп келе жатып берген жауабыма сенсең, құлағым өзінде, – деді ойнақы үнмен.

– Сіздің Сыртқы істер министрлігіне жылжытылғаныңыздың, одан сатылап төмендетіліп, бәйбішеңіздің «штатына көшірілгеніңіздің» нақ себебін айтып бересіз бе? Елу процентке жуығын білемін, қалған елу проценттен астамын білмеймін, шіркін, жүз процент білгенге не жетсін! – дедім, әзілімді үзбей. Мәкең әзілді жақсы көретін еді ғой, жымыып тыңдап, жұмсақ күле сөйлеп үстей түсетін. Ол жолы да лекіте күліп:

– Ол тым ұзақ әңгіме, Гогольдің қара сөзбен жазған поэмасындай. Знаешь что, дәл қазір менің уақытым тығыз, – ол қолсағатына қарап алды, – тура қырық минуттан кейін Майя Ивановна екеуіміз бір жолдастың үйінде болуға тиіспіз. Екеуіміз былай етейік: ертең осы мезгілде Шоқан ескерткіші жанында кездесейік, мен саған бір кітап беремін, іздеген жүз процентті содан табасың, келістік пе? – деді.

– Кімнің кітабы?

– Өзімнің кітабым.

– Сыйлайсыз ба, сатасыз ба?

– Ну, сатирик! Саспа, бір тиының да шықпайды, сыйлаймын! – деп күлді.

– Мен де құрқол келмеспін.

– Ендеше, келістік!..

\* \* \*

Алматыда 1986-жылдың желтоқсанында болған оқиға тарихымызға бір тарау болып әлі жазылып жатыр. 1996-жылы онжылдығын атап өттік. Біреу риза, біреу наразы дегендей. Мәкең екеуіміз Шоқан Уәлиханов ескерткіші жанында ұшырастық. Мен сол маңдағы бір шеберханаға бара жатқанмын.

– Мәке, Кәрішал Асановты білесіз, ол екеуіміз құрдаспыз, сырласпыз, сол кеше Кремльдің съездер сарайы мінберінен сөйлеген Мұхтар Шаханов сөзінің тезисін жазып бергенін айтты, соның мән-жайын білесіз бе? – дедім.

– Знаешь что, Ғабеке, мұны кейін кеңірек әңгімелерміз, әзірше тоқ етерін айтайың, өйтпесем, қазір осында шалдарым келеді, қыдырыстауға, үлгірмейміз. Комиссия құруды бірінші болып талап еткенім рас, шыдап жүре беруге болмады. Бүгінде желтоқсанды жалау етуші «қаһармандар» ол кезде ұйқылы-ояу болатын. Комиссия менің депутаттық талабымнан кейін үш ай өткен соң ғана, әдейі көшіктіріліп құрылды, әуелгісіне Қадыр Мырзалиев төраға болды – ештеңе өнбеді, содан кейін Мұхтар Шаханов болды – шындық жарым-жартылай ғана айтылды. Мені шеттетіп тастаған болатын.

– Қызық екен! – деп қалдым, еріксіз елең етіп.

– Еркін Әуелбеков, «Алаш» партиясының бір лидері Рашид Нұтышев, тағы бір-екі жігіт Желтоқсан оқиғасын СССР Халық депутаттарының съезіне жеткізуді ойласты-



рады да, Еркін Рашидті белгілі диссидент Кәрішал Асановқа барып, ақылдасып келуге жұмсайды. Әділдік іздеп Қонаевпен шайқасқан, тізе бүкпеген Кәрішал нені, қалай жазуға еріксіз жаттықты, бізге де көмектесер дейді. Ал Кәрішал: Мен тезисін жазып берейін, арғысын өздерің білерсіңдер, тек оны Одаққа мәлім адамдарымыздың бірі оқитын болсын, сонда ғана әсерлі болады, деп кеңес беріпті. Солай істеліпті. Бірінші болып қол қойған Еркін Әуелбеков текст негізінде сөйлеуді Олжас Сүлейменовтен өтінген, ал Олжас ат-тонын ала қашқан. Еркін содан кейін Мұхтар Шахановпен сөйлескен екен, ол тәуекелге бел буыпты. Съезде сөйлеу үшін Горбачевтен рұхсат алу керек еді, советтік «демократия» солай болды ғой. Ол міндетті Еркін мойнына алыпты, Горбачев екеуі ертеден таныс болатын, Мәскеуде парткурста бірге оқыған. «Біздің депутатымыз ақын Мұхтар Шаханов Арал теңізі мәселесі туралы пікір айтады» – депті. Сөйтіп, Шаханов съезд трибунасына солайша шыққан ғой. Ә, әне, менің серіктерім келе жатыр, ал пока, сау бол! – деді Мәкең қолын ұсынып. Көшені өрлеп жақындай берген екі ақсақалға қарады. Мен шеберханаға беттедім...

\* \* \*

Хакеңнің айтыла бермеген бір еңбегі – «Азат» қозғалысың, «Азат» партиясын ұйымдастырысып жүрген жылдарында оның Семейдегі ядролық сынақ полигонына қарсы күресті бастаған Кешірім Бозтаевты батыл қолдағаны, «Азат» бағдарламасына полигонды жаптыру күресіне қатысу мәселесін енгізгені. Бұл туралы естісем де, өзінен қалайда сұраған емеспін. Көрнекті қоғам қайраткері, журналшы, саясаткер Батырхан Дәрімбет бірде «Азат» қозғалысы» – деп аталған кітабын сыйлаған, соны шолып отырғанымда мына жолдарды оқыдым: «...1991 жылдың жаз айларында біз Семей облысына бірнеше шеру ұйымдастырдық. Мен ол өлкеде екі рет болып қайттым. Шілде-тамыз айларында республиканың он облысынан жиналған «Азат» жасағы ядролық полигонды қоршауға алды. Бұл әрекетті М. Есенәлиев өзі басқарды...». Соңғы сөйлемнің салмағын аңғардыңыздар ма? «Бұл әрекетті М. Есенәлиев өзі басқарды». Тәжірибелі, адал журналшы «өзі» деген сөзді әдейі қолданып, полигонды қоршауды кімнің әрі ұйымдастырғанын, әрі басшылық еткенін анық көрсетіп берген!

\* \* \*

Республикамыздың Сыртқы істер министрі болып тұрғанында КСРО делегациясының құрамында Нью-Йоркке, Біріккен Ұлттар Ұйымының кезекті сессиясына барып, оның биік мінберінен сөйлеген екінші қазақ (алғаш сөйлеген – мемлекет, қоғам қайраткері, дипломат Төлеген Тәжібаев ағамыз), КСРО-ның жоғары дәрежелі дипломаты, Мемлекет және қоғам қайраткері Хакең кейін де, оппозицияда жүргенінде саяси, қоғамдық тақырыптарға ондаған мақала жазды, кітап та шығарды. Бір әңгіме сәтінде өзі кейіп айтқандай, билікке жалтақтағыш баспалар мен газет-журналдар жазғанын бөгеп, «түзеп-күзеп», қиянат жасай берген.

Біз – дос-жолдастары, інілері Хакеңнің туғанына 75 жыл толуына арнап таңдамалы еңбектерінің төрт томын шығаруды қолға алған болатынбыз, бірақ күтпеген кедергілерге кездесіп, мақсатымызға толық жете алмадық, «Естеліктер жинағын» («Тарихи тұлға. Хакім. Михаил Иванович. Мәке»). Алматы. «Нұрлы әлем» баспасы, 2001 ж.) және «Қазығұрт» баспасынан алғашқы екі томын ғана шығарумен тындық.. Алайда, күдер үзбей, демеуші, баспа іздей жүргенбіз. Біздің әрекетіміз Қазақстанның репрессияға ұшыраған зиялыларының мұрасын зерттеп, жинақтап

шығаратын «Арыс» қорының басшысы, білікті ғалым Ғарифолла Әнес мырзаның құлағына шалынған екен, ол: «Мәкең халқымыздың біртуар ұлы болды ғой?! Аяулы ағамыздың еңбектерін бағалай білмесек, кім болғанымыз? Мен шығарып беремін!» – деп сәлем айтып, бұрынғы шыққан екі томды 1-нші кітап, шықпай қалған екітомдық қолжазбаны 2-нші кітап етіп (әрқайсысы 500 бет шамасында), көлемді де көркем қостомдыққа айналдырып берді. Төбеміз көкке жетті!..

Елі, атамекен жері, халқы үшін өмір сүрген қайран Хакім аға!..

## ШЫНДЫҚТЫҢ БІР ШАМЫ СӨНДІ

Шырғалаңы да, шырмауығы да, шаң-тозаңы да жетіп артылып жатқан бүгінгі мынау шімірікпес, шындықты керек етпес замансымақта қасқалдақтың қанындай қат азаматтарымыздың қатары селдіреулі. Тіршілігімізді тұмылдырықтаған парықсыздыққа өзінің таза парасат-пайымын қобалжымай қарсы жұмсап жүректілер тым аз кезде Мәкеңнің қапияда көз жұмғаны өкінішті-ақ... қайтейк! Мәке, менің өкінумен, өксумен өзіңе арнап айтар ақырғы сөзім: Сырласым, сыйласым болған Асыл аға, «Жігіт жасында екен ғой!» – деп кеше мерейтойыңа – 70 жасыңа інілік пікір жазып, қалтқысыз қуанып едім, ұзақ ғұмыр тілер едім, дүние-ай... өзіңді үлгі тұтқан көптің бірі – менің де адами ақ ниетіме тасқұлақ тағдыр елең етпеді-ау!.. Жылым жағымпаздық, күйе өзек өзімшілдік, өңезі қалың озбырлық, жедігөй жемқорлық, пасық парақорлық тұманы арасынан сенің шындық шырағданың, елің мен халқыңды, жерің мен тарихыңды кіршіксіз сүйген жүрек жалауың көрінген сайын: «Бәрекелді, Мәке! деп шаттанушы едім. Сен де «қарыздар» болып қалмаушы едің. Жүзбе-жүз де, телефон арқылы да сөйлесіп, ой бөлісіп, мәре-сәре болушы едік. Мен сол мерекемнің орны толмайды-ау деп емес, қазақтың, Қазақстанның ар-намысын өзінің жеке құлқындарына жем етіп жүрген анау «демократ» шенеуніктердің қашан тежеу-тиым көрері беймәлім тепкісіндегі еркін баспасөз әрқашан ақ сөйлейтін қаһарлы Есенәлиевінен айырылып қалды деп қайғырып тырмын..

Мәкең егер ат-атаққа, сый-сияпатқа тілін жалдаса, ділін айырбастаса, жұдырықтай жүрегі жүрісінен мұнша ерте жаңылмас па еді?.. Жоқ, ол өйтпеді, себебі: ол Адам болды, Азамат болды!

(«XXI-век» газеті, 20. 08. 1999 ж.)



## ҚАУЕСЕТ ҚАШАНДА АЛДА

Бөлмеме «Бадырақ көзіміз» Өмірбек (Оралбеков) келіп кіріп, жаныма жымия жақындады да:

– Ғаба, сізді Болат ағай шақырады, «бес минутке кіріп шықсын» – деп отыр, – деді.

– Не боп қалыпты? – дедім, оншама құп көрмей.

– Білмеймін. Мен баспаханаға қарай аяңдайын, беріп жіберетіндеріңіз бар ма? – деді Өмірбек.

– Әзірше ештеңе жоқ, аяңдай бер.

Өмірбектің бізге, облыстық «Коммунизм туы» газетінің редакциясына жұмысқа алынғанына екі ай болған. Редакторымыз Мұқан Әбуғалиев бір күні:

– Фаббас, кейбір редакцияларда: қазағында «бадырақ көз» деген, орысында «свежий глаз» деген қызметкер бар. Ол, былайша айтқанда, «күнделікті корректор» болатын кісі. Бізде екі корректор әрқайсысы екі бетті оқиды ғой, ал «бадырақ көз» солар оқып, қатесін түзеткен төрт бетті де оқып шығатын болады, – дегенінде таңданғанымнан еріксіз күліп жіберіп:

– Күнде төрт бетті түгел оқитын болса, ол «бадырақ көздің» көзінен не қалады? – дедім. Мұқан әдетінше кеңкілдеп күліп алып:

– Ештеңе етпейді, бір мықты жігітті іздеп тап, – деді.

– «Мықты» дейсіз, балуан болсын ба? – деп әдейі бұра тарттым. Өзіне сөйтіп еркелене сөйлейтініме қанық Мұқан тағы күлді де:

– Әрі қазағының тіліне жетік, әрі қатені қырып тастайтын мықты керек, ізде. Тауып әкелген сағатында бұйрық беремін, айлығын ана корректорлар алып жүргеннен он-онбес сом артық жасармыз, – деді.

Өмірбекпен бұрыннан таныс едім. «Шахмат жолдаспыз». Орта мектепті бітіріп, Өскемен пединститутына барғалы жүрген. Екеуіміз тіл табыстық. Өзімнің Алматы пединститутына барып, тымырайған бір тапал оқытушының «арқасында» студент бола алмай қайтып келген «тәжірибем» барын пайдаланып, оны оқуды қоя тұруға көндірдім. «Төрт-бес жыл қызмет істеп, содан кейін сырттай оқырмыз» дестік. Өмірбек көзі қырағы, орнықты қызметкер болды.

Маған Өмірбекті жұмсаған Болат Әбілдинов ағай редакцияның партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі кезінде оны-мұны шаруасы болғанда бөлмеме өзі келіп жүретін. Редактор мен оның орынбасарынан кейінгі «үшінші құдай» – жауапты хатшымын ғой. Ал Бөкең әрі партхатшы – редакция партия ұйымының хатшылығына сайланған бергі төрт айда маған келгенді қойған. Не телефон шалып, не көзіне көрінген қыз-жігіттердің бірін жұмсап шақырады. Ол «өзгерісіне» әсте ренжімедім. Жасы үлкен ағамыз.

– Жоғары шық. Қауырт жұмысың жоқ болса, екеуіміз аздап әңгіме шертейік, – деді, сәл жымыып.

– Құлағым – сізде, Бөке.

– Ендеше жақынырақ отыр. Әңгіме серьезный, – деді, қиықша кішкене көздері мені шолып өткеннен кейін алдында жатқан қағаздарын «аралап кетіп».

– Бастаңыз, мен де серьезно тыңдайын.

– Бастасам, былай... Алматыға кеткен Қапан Қамбаровтың орнына Мұқанға орынбасарлыққа Алматыдан Жұмағали Исмағұлов деген біреу келетін болыпты. Алдағы екі-үш күнде келіп жететін сияқты. «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор екен, сонда бір шатаққа ұрынған көрінеді. Цэкадағы дос-жолдастары қорғаштап, қатты жазалаудың орнына қызметінен жай ғана босатып, осылай қарай жылжыта қойған ғой, алысырақ кете тұр деп. Өзі жазушы дей ме, академик дей ме, сондай біреу екен.

– Тегін кісі емес деңізші...

– Тегін болмаған соң ғой, ЦК-ның решениесімен келе жатқаны. Ал енді мен сонымен байланысты мынадай ойдамын: ол бұрын да Алматыда әжептәуір үлкен қызметтерде болыпты, яғни облыстағы бізге жоғарыдан, оншама менсінбей қарайтын болады, өйтетіні сөзсіз. Ондайда біз одан ықпауымыз керек. Мысалы, сенен сыр тартып, біздің жігіттердің қайсысы қандай дегендей сөз қозғай қалса, сенің: «Істесе келе өзіңіз біліп алатын боласыз, асықпаңыз» – деуің керек. Ол сөйте-сөйте ішімізге кіріп алады да, Алматысына қайтуға асықпай, бір күні Мұқанның орнына қонжиып отыра қалады. Сонысынан сақтана білуіміз керек, өйтуге жол бермеуіміз керек. Саған айтайын

дегенім осы еді. Ол коммунист шығар, ол жағына, как секретарь первичной парторганизации, өзім ие боламың, ал сен, как секретарь комсомольской организации, оның жүріс-тұрсынан дұрыс еместі байқаған сәтте менімен ақылдасып жүр, жарай ма? – деді Бөкең, жіңішке мұрнының үшкір ұшын сұқсаусағымен бір түртіп қойып, тағы сәл жымып.

– Жарайды, – деп орнымнан тұрдым.

Партхатшының «лекциясынан» ішіме ептеп қонғаны «Мұқанның орнына қонжиып отыра қалады» дегені болды. Мұқан – осындағы ұстазым. Мен корректордың көмекшісі болып жұмысқа алынғанда ол жауапты хатшы еді. Содан бері, міне, алты жыл өтті, қоластындамын. Ол – редактор, ал мен – «жаухатшы». Мұқан газет жұмысы үшін туғандай білгір, іскер, ақкөңіл жігіт. Кім болса да, егер оның орнына көз тіксе, мұндағы бәріміз «қанмайданға» шығармыз!

Ертеңінде маған Еңбекшілер хаттары бөлімінің меңгерушісі Хадас Наханов ағай келіп, анау-мынау деп отырып:

– Бізге Қамбаровтың орнына Алматыдан «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болған Исмағұлов келетін болыпты ғой. Өзі жазушы, оқымысты көрінеді. Естідің бе? – деді.

– Кім айтты?

– Болат айтып отыр.

– Партхатшы айтса, рас болғаны.

Келесі күні Өнеркәсіп және транспорт бөліміміздің меңгерушісі Биғали Мылтықбаев басмақаласын алып келіп:

– Мінеки, дайын болды. Мұқан оқыды. Сен естідің бе, Мұқанға орынбасар болып Алматыдан бір мықты келетін болыпты, рас па? – деді.

– Оны кім айтты?

– Бөкең айтты.

– Ендеше, рас болғаны.

Партхатшы бәрімізге жеке-жеке нұсқау бере бастаған екен. Онысы несі?..

Білмесек те, білгіш көбейдік:

– «КПСС Орталық комитеті пленумының қорытындылары» дегенді газетінде «қырытындылары» – деп жіберіп, содан кейін орнынан алыныпты!..

– Кандидаттық па, докторлық па, әйтеуір, диссертация қорғаймын деп, бір үлкен мәселені теріс түсіндіріп, сонсоң Ғылым Академиясындағылар соңына түсіп, сөйтіп босап қалыпты!..

– «Әйелімен айырылысыпты» – дейді ғой?!

– Фамилиясын «Исмағұлов» – деп жазады, дұрысы не «Ысмағұлов», не «Сымағұлов» емес пе?!..

Бізге келетін Исмағұлов-Ысмағұлов-Сымағұловтың өзінен бұрын ол туралы осындай қауесет бұрын жетіп жатқанына үш күн болғанда өзі де келді-ау! Мұқан түске таяу бәрімізді бөлмесіне жинап алып: «Қазір облыстық партия комитетінің үгіт және насихат жөніндегі хатшысы Николай Степанович Филиппенко бізге жаңа орынбасарды әкеліп таныстырады» – деді. «Ол кім?», «Өзімізде орынбасарлыққа лайық кісі болмағаны ма?», «Өй, қызықсындар, жоғарғы жақ кімді қайда жіберуді өзі шешпей ме?!»... – деп дуылымыз қыза бастағанда сорайып Филиппенко кіріп келді. Жанында орташа бойлы, қоңдылау денелі, қараторы өңді, домалақ бас, қойкөз, бауырсақ мұрын жігіт бар.

Таныстық. Облхатшы тіл табыса жұмыс істей алатынымызға сенімі молын айтты да, жөніне кетті. Мұқан жұртты таратып, мені бөгеді. Үшеуіміз қалдық. Редактор

газеттің тарихы, атқарылып жатқан істер, жоба-жоспарлар, аудандық тілшілер құрамы және басқа мәселелер жайында қысқаша мәлімдеді де:

– Жұмеке, қайталап айтайын, хош келдіңіз! Сіздей тәжірибелі журналшының келгеніне мен шын қуанып отырмын. Жазушылығыңыздан да көп пайда көреміз деп ойлаймын, өйткені бізде жас таланттар бар, әдебиет үйірмеміз жұмыс істеуде. Ал енді жүріңіз, сізді кабинетіңізге апарып, құтты орныңызға жайғастырайық, – деп Мұқан жаңа орынбасарына жымия қарап түрегелді.

Жұмекең: Мәдениет және тұрмыс, Үгіт және насихат, Еңбекшілер хаттары, Хабар бөлімдерінің материалдарын оқитын болды. Мұқан жұмыста барда. Жоқта, әрине, басқа бөлімдердің де материалдарын оқиды.

Орынбасарды орнында қалдырып шыққан соң дәлізде Мұқан маған:

– Тың күш қой, ертең кезекші редактор болсын, жұмыс аяғында ескерт. Баспаханаға өзің ертіп бар, таныстыр. Бүгін сейсенбі ме... сенбі күнгі нөмірдің басмақаласын жаздырайық, осы айдағы қалған басмақалалардың тақырыптар тізімінің бір данасын апарып бер, бұл жолы таңдағанына жазсын, дұрыс па? – деді.

Баспаханаға баруға шықтық. Тамыз айы. Күн жаймашуақ.

– Қанша жер? – деді. Қоңыр үнмен ақырын сөйлейтінін көріп үлгіргенмін.

– Жақын, үш-ақ көше.

– Жақсы екен. Ұзын бойлы жігіттердің жанында жүргенде қолтығынан ұстайтын әдетім бар еді, сіз қарсы болмайсыз ба? – деді, қуақы раймен.

– «Ауру қалса да, әдет қалмайды» ғой, – дедім, қарымта қайыра. Ол ақырын ғана «хы-хы» – деп күлді де:

– Бір де нөл, сіздің пайдаңызға, – деп қолтығымнан ұстады.

Бейсенбіде, сағат он екіде, дәстүрлі лездеміз (летучка) басталды.

– Жұмеке, бізде әуелі жігіттер пікірлерін білдіреді де, соңынан кезекші редактор ойын айтады, – деді Мұқан.

– Жақсы, – деді Жұмекең, басын сәл изеп. Жаңа қызметкер сияқты емес, ұжымның байырға мүшесінше жұртқа жайбарақат қарап отыр.

Пікір айту басталды. Әркім әр материалды өзімізше бағалап, біраз өрістеп қайттық. Кезек Жұмекеңе келді. Ол газетті алып, бірінші бетіне көз тастады. Жігіттерді шола қарасам, жаңа орынбасарға бірі шұқшия, бірі қабақ керек, бірі бей-жай қарап отыр. Партхатшымыздың көзі қиыс терезе жақта. Селқостығын байқатқаны.

Қоңыр үнді Жұмекең сөзін баяу бастады:

– Баспаханаларыңыз қуатты екен. Газетті басып шығаруға жиырма бір сағат он бес минутте қол қойылды. Жалпы... нөмірдің тақырып аясы кең, алты аудан қамтылыпты. Материалдар салмақты, сапалы. Жаңа келген кісінің бұдан басқа айта қояры болмайды-ау. Иә, әзірше байқағаным... тіл мәселесі бар. Сөз қолданыста, сөйлем құрылыстарында, мәнінше, қалай десем болады... саралау, серпінділік жетіспейді, таптаурындылық байқалады. Әсіресе, өнеркәсіп тақырыбындағы материалдар қазақы емес, орыс тілінен олақтау аударма екені көрініп тұр...

– Бізде қазақ автор жоқ, өнеркәсіптегі мамандардың бәрі орыстар, соларға заказ береміз де, амал жоқ, өзіміз аударып отырамыз, – деп Биғали ағай бұрқ ете қалды. Өзін қорғағаны.

– ...аудармаға мән беріп, жатық жасауға әбден болады. Рас, аптасына бес рет шығатын газет жаңбырды жұта беретін құм сияқты ғой, асығыстық та бар, дегенмен қай бөлімнің болсын материалдарының сапалы, тартымды болғаны керек, бірізділік, бірсарындылық газетке жараспайды. Мысалы, мына сөйлемдер тым шұбалаңқы, екіұшты, – деген Жұмекең газет беттерінің кейбір тұстарында қара қарындашпен

қоршай оқшаулап қойылған сөйлемдерді оқи бастады. Екеуіміз редактордың қосымша үстелі қапталдарында қарама-қарсы отырғанбыз, оқшаулағандары менмұңдалап көрініп тұр.

Ешкім бұрқ еткен де, қыңқ еткен де жоқ. Редактор:

– Жігіттер, мен Исмағұлов жолдастың ескертпелері орынды болды деп ойлаймын. Материалдардың сапасына жете көңіл бөлуіміз керек. Асығыстық болмай тұрмайды, бірақ жіті қимылдау керек. Летучкамыз өз дәрежесінде өтті. Рахмет. Боссыңдар. Фаббас, сен келесі нөмірдің материалдарын қадағала, түгенде, кешікпесін, – деп орнынан тұрды.

Түскі үзіліске шықтық. Бөлмесіне Жүмекеңмен бірге барып:

– Сізге уақытша ерулік бергім келіп тұр, баспахананың асханасына баралық, тамағы ерекше дәмді, – дедім. Ол маған сәл аңтарыла қарап:

– Солай ма? – деді.

– Әлбетте.

– «Уақытша ерулік» – дедіңіз бе, сонда ол...

– Ол – үйге шақырудың алдындағы барлау.

– Ендеше, бұл жолы да қолтыңыздан ұстай жүруге рұхсат етесіз, – деп жымыды.

Жүмекеңнің жүрісі – мен бұрын көрмеген ерекше қызық жүріс. Еңсесін тік, басын шалқақ ұстайды. Паң-кербезге ұқсайды, бірақ сонысына қарай теңселе жүрмейді. Екі иығы кезекпен ілгері озып-қайтып, озып-қайтып, бүкіл денесі жұмсақ ырғалып, бір сәтте бұрала бастайтындай көрінеді. Және, қырық бес жыл шамасы аралас-құралас болғанымызда, Жүмекеңнің әлдеқайда, әлденеге асыға аяқты жебей басқанын көрген емеспін.

Асханада әңгімені Жүмекең бастады:

– Редакцияда жоғары білімді журналист аз ғой деймін?

– Қазіргі штатта екеу-ақ. Алты бөлімде дипломды журналист меңгеруші біреу ғана, басқалары – мұғалімдер, олардың үшеуі – педучилищені бітірер-бітірместе соғысқа кетіп, әйтеуір, аман-есен келгендер. Бізде кадр жетіспейді. Бір қыз, үш жігіт журфакта сырттан оқимыз. Мең, мысалы, биыл түстім.

– Түсінікті. Материалдардың дені практиктердің қолынан шыққаны бірден байқалды. Практик, егер творчестволық өсуді ойламаса, өзін өзі қамшыламаса, көзқарасы тарылып, түйсігі тоза береді. Сөз саптауы бірсарындылыққа ұшырап, тілі қасаңданып, әскери бұйрықтағыша: «на месте шагом марш!» болады.

– «Кадры решают все».

– Ол – өте дұрыс айтылған сөз. Өздеріңіздің жағдайларыңыз бірден-бір дәлел ғой.

Дипломды журналист жеткілікті болғанда газетті құлпыртып шығару оңай. Өзіңіз жақсы білесіз, Шығыс Қазақстан, қай жағынан алып қарасаңыз да, республикадағы аса көрнекті облыс қой. Мұның түсті металлургиясы, электр қуаты, ағаш байлығы бүкіл одаққа мәлім. Тіпті балы мен пантысы шет елдерге де жетіп жатыр. Соның бәрін мейлінше кең насихаттап, еңбеккерлердің қажыр-қайратты іс-қимылдарын анық та қанық айтып, кемшілік-ақау атаулыны уақтылы, өткір де әділ сынап берген мақала құнды болмақ. Жалпылап, «пәлен пленумның шешімдеріне сай» деген сияқты сырғытпалап, цитатаны жалау етіп жаза беру оңай, ондай «дежурный» мақалалар опа бермейді. Мен көз салмаппын, газеттің тиражы қанша?

– Он бір мың дана, – деп мағлұмат бердім.

– Екі жүз мыңдай халқы бар облысқа, ә? Бері қойғанда, жиырма мың дана болса, ал жиырма бес мың десек, онда өз табысы өзіне қаптал жетіп жатар еді. Сіз, жолдас жаухатшы, қай ауданнансыз? – деп жымың етті.

– Жұмеке, біріншіден, «жаухатшы» дегеніңіз жаңалық емес. Екіншіден, мен Ұлан ауданынанмын. Үшіншіден, менімен бұдан былай «сіз» деп сөйлеспеуіңізді өтінемін! – дедім, әдейі ойнақылап сөйлеп. Ол ашыла күлді.

...«Білімдінің болашағы жақын». Жұмекең алғашқы басмақаласын осылай атапты. Оқыдым. Айызым қанды. Облыстың білім жүйесінен бірер дерек келтіре дәмдеп жазыпты. Тілі нәрлі екен. Саяси бояулы басмақала емес, шағын да көркем толғау іспетті. Басқалардың басмақаласын терімге жіберерде оқу міндетім болмаса да, кейде шолып шығатынмын. Олардың көбі ресми жазба-үндеу сияқтанатын, тартпайтын.

– Қалай екен? – деді Мұқан, жаңа орынбасарының басмақаласын апарып ұсынғанымда.

– Жаңа леп келді! – дедім.

– Тақырыбы... «жақын» емес, «жарқын» шығар?

– Осылай дұрыс тәрізді, оқып көресіз ғой.

Кезекші редактор болған Хадас ағай:

– Басмақаланың авторы Исмағұлов жолдас екен, басмақала, мысалы, маған ұнады, еркін, жақсы жазылыпты. Тілі жатық, жеңіл оқылады, жақсы, – деді.

– Тақырыбындағы үшінші сөз «жарқын» болуы керек, «жақын» – деп қате кеткен сияқты, – деп қалды Болат ағай.

– Сенің өзіңнен қате кетіп отыр, – деді редактор. Біз ду күлдік.

Лездемеден кейін маған келген журналшы-фототілшіміз Тоқан Берғалиев көңілдене сөйлеп:

– Жаңа бәсекеміз мықты екен, басмақаласын мен де оқыдым, риза болдым, шынында жақсы жазылған, сөйлемдері сіресіп тұрған жоқ, – деді.

Біз, жастар, Жұмекеңнің басмақаласын да, очеркін де, жолжазбасын да түсікі үзілістің алды-артында менің бөлмемде оқып, пікір алысып жүретін болдық.

Жұмекеңді ерулікке үйге шақырып, шахмат, дойбы ойнаймыз. Алматыдағы атақты ақын-жазушылар туралы білгіміз келіп, сұрақ жаудырамыз. Қоңыр үнді Жұмекең, жымындап қойып, жауапты қысқа қайырады. Солайша бас қосуымыздың бірінде: «Ай, жігіттер, шахмат пен дойбыдан ішкі жарыс ұйымдастырсаңдаршы!» – деп ой салды. Ол ұсынысын көп ұзатпай орындадық. Сегізіміз қатысқан жарыста Өмірбек бірінші, Жұмекең екінші, Мүсілім Құмарбеков үшінші орынға шықты. Жұмекеңнің сонда: «Ең азартный, яғни ең қызуқанды шахматшыларың жолдас Мүсілім екен. Кейде жұмыс уақытында бөлмесінде Праксин екеуі шайқасып отырады», – деп әзілдей қағытып өткені бар.

Жұмекеңнен бұрын келген қауесеттің бәрі ғайып болды. Партхатшы Бөкеңнің: «Мұқанның орнына қонжиып отыра қалады» деген сәуегейлігі жайына қалды. Ұжымның құрметіне бөленген Жұмекеңді, екі жылдан аса бере, Алматыға аттандырып, қимай қоштастық.

Іле-шала мен де Алматыны қоныс еттім. Аға-інілік байланысымыз бәсеңдеген жоқ. Жұмекеңнің аты желіп жүрген кездерінде де, Колбин деген дүлей атын сүріндіріп жіберген сәттерде де жанында болдым. Келімсек «көсем» жасаған қиястыққа ренішімді айтқанымда Жұмекең: «Доңыз мойнының жуандығымен доңыз ғой!» – деп жеңіл күле салған.

Кейінірек, Жұмекең М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында қызмет істеп жүргенінде, бір шүйіркелесу сәтімізде: «Үлкен-кіші бастықтықтың пайдасы болатыны заңдылық қой, алайда, меніңше, пешенесіне қалам ұстау жазылғандарға оның зияны көбірек. Лаж болса, қаламыңды суытпағанға не жетсін! Қайсыбір тақырып ойымда ғана жүріп, қайсыбір тақырыпты бастап қана қойып, ресми тірліктің

жетегінде еріксіз кете беруші едім, енді үстеліме біржолата оралдым. Жұмыс көп, жолдас Фабеке, надо торопиться!» – дегені әлі есімде. Көңілі қылаусыз ағаның: «Надо торопиться» дегенінің мәнін өзім зейнетке шыққан соң жете ұқтым. Бір ақынның: «Өмір өтіп барады, оқыра тиген өгіздей» – деп әзілдегенінде де жан бар екен.

Қаһарман Баукеңнің, Бауыржан Момышұлы ағамыздың: «Найзадан қол босаса, қалам алдым» дегеніндей, биік кресло мен жуан портфельден құтылған Жүмекең қаламын жұмысқа қатты жекті. Құнарлы тілмен жазылған әдеби-ғылыми құнды мақалалары жиіледі, өмірді өрнектеген ауқымды әңгіме-естеліктері шығып жатты. Шет елдер классиктерінің нешеме хикая, романдарын қазақ оқырмандарына жеткізді.

Біз кітап силасатынбыз. «Абай: ақындық тағылымы» кітабын: «Аяулы Фаббас ініме, – зор құрметпен» – деп ұсынып: «Бұл – көңілімді көншіткен еңбегім» – дегені ғибратты лебіз еді. Дана Абай хақында қалам тербей алғаны адами шүкіршілігі мол мәртебе, сыни шығармашылығындағы сүйініш болғаны.

Жүмекеңнің әдебиетші-аудармашы қырына да қызыққандар, үлгі алғандар аз болмады дей аламын. Бальзактың ба, Стендальдің бе... романын орыс тілінең, немесе Бондаревтің... туындысын түпнұсқасынан аударғанын оқығаныңда, қазақ тіліне аударылған кітапты емес, қазақ жазушысының төл шығармасын оқып отырғандай әсерленесің. Мәселен, маған Стендальдің «Қызыл мен қара» роман аудармасын сыйлағанында: «Стендаль қазақ тілін тәп-тәуір білген» – деп әзілдегені шындық болып шықты.

Қазақ тілінің уызына қанған ағаның аудармашылық өнеріне тәнті бола жүріп, бірде: «Жүмеке, Шоқан Уәлихановтың 5 томын орысшасынан қазақшалап беріңізші!» – деп «құда түстім». Қазақстан Жазушылар одағының құзырындағы Әдеби аударма алқасында төраға едім. Ғұлама Әлкей аға Марғұланның арқасында жинақталып жарық көрген 5 томды қазақ оқырмандарына жеткізуге ынталы болып жүргенмін. Жүмекеңнен артық аудармашы таба алмаймын деп түйгенмін. «Қаламақыға жарытамыз деуге дәтім бармай тұр, дегенмен, бұйырғаны болады» – деп әзілдедім. Сонда Жүмекеңнің көзі өткірленіп: «Бұл өзімнің де ойымда болып, былтырлар бір-екі баспадағы ағайындарға айтып едім, құшақтарын ашпады. Қолыңды әкел! Тәуекел! Қаламақы керек деп емес, Шоқанның, Әлекеңнің аруағына құрмет деп аударайын!» – деді.

Қуанышқа кенелткен сол күннің ертеңінде ҚЖО басқармасының әкімшілік-шаруашылық мәселелер жөніндегі хатшысы Тұрсынқұлов Қалаубекті шақыра Алқа кеңесін өткізіп, ойдағы істің орайын келтіріп, «Әдебиетші, сыншы, аудармашы Жұмағали Исмағұловқа Шоқан Уәлихановтың 5 томдығын қазақ тіліне аудару жайында ұсыныс жасап және өзі аударуға ниет білдіргені үшін 1000 сом сыйлық берілсін» деген шешім жасадық. Басқарманың хатшылар алқасы (1-хатшы Олжас Сүлейменов) келесі мәжілісінде біздің шешімімізді қуаттап, қаулы қабылдады. Алқа мүшесі, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы Оралхан Бөкеевке: «Ореке, мына жақсы ұйғарымды газеттің бірінші бетіне ірірек әріппен тергізіп орналастырғайсың!» – деп өтініш жасадым да, сол күні – сәрсенбінің сәтінде кешкісін іссапармен Көкшетауға аттанып кеттім.

Сенбі күні таңертең Көкшенің абызы, жазушы ағамыз Естай Мырзахметовке сәлем бере бардым. Әңгіме үстінде жазу үстелінде жатқан «Қазақ әдебиеті» газетін алып, бірінші бетіне көз жүгіртсем, – басқарма хатшыларының қаулысы бар, бірақ Жұмағали Исмағұлов жоқ. «Ес аға, кешіріңіз, мына бір жерді оқи қояйын» – деп, үңілсем, мен ешқашан естімеген бір орыс әйелдің аты-жөнінен кейін: «Аударма саласындағы еңбегі үшін 1000 сом сыйлық берілсін» – деп тұр...



Мейманханаға оралған соң Алматыға «аттандадым»: Оралханды тауып алып: «Бұл қалай?» – десем, ол: «Алдыңғының орнына ертеңінде андағыны әкеліп берді. Анығын Тұрсынқұлов білетін шығар» – деді. Қалаубекпен хабарласып едім, ол:

– Сенен кейін, ертеңінде, Олжас қаулыны қайта қарап, Жұмағалидың орнына анау әйелдің аты-жөнін жазып берді, – дейді.

– Оу, хатшылар мәжілісінің қаулысын бұзуға оның қанша правосы бар?

– Олжасты білесің ғой, қисайған жағынан қайтпайтын өгіз мінезді емес пе?

– Ал мынау қатыны кім?

– Білмеймін. «Қазақфильмде» ме, әйтеуір, кино жақта бірдеңе істейтін көрінеді.

– Олжас өзі ауылда ма?

– Жоқ, Мәскеуде. Мөлшері бір аптадан кейін келетін шығар.

Оншақты күн өте келген Олжасқа сұрақ-хатымды ала барып:

– Ортақ қаулыны оңаша бұзғаның қалай? Мына әйелің кім? – деп едім, ол қызарақтап күліп:

– Ол киностудияда істейді, тоже переводит, оған срочно көмек керек болды, понимаешь. А для Исмагулова... Фаббас, сен ренжіме, скоро что-нибудь придумаем, хорошо? – деді.

«Хорошоның» ақыры плохо болды. Жыл аяқталуға жақындаған. Одақтың бухгалтериясы аузын қу шөппен сүртті. Алқа әу бастан кедей. Аты «Әдеби алқа» болса да, жолма-жол аудармамен ғана шұғылдануға құқылы және қаламақысы баспалардағыдан бес-алты есе аз. Оның үстіне Қаржы министрлігі, «қаржы жетіспейділеп», 1991-жылдың ортасында бізді штаттың жартысын қысқартып тастады.

Сол күндердің бірінде Жұмекең жолықты:

– Иске кірісейік пе? – дейді, бетіме барлай қарап, жымыып.

– Жұмеке, ағасы, меңде қазір сізге қарайтын бет жоқ. Штатымыздың жартысы қырқылды. Қазанымыздың түбінде қаспақ қана қалды.

– Фаббас, менің ана жолы айтқаным – айтқан, тегін аударып беруге бармын, тіпті солай деп шарт жасасайық!

– Жұмеке-ау, бізде сол 5 томның баспаханалық шығынын көтерер қауқар қалмады ғой!

– Солай ма... Ал сыйлық берген әнеубір орыс әйелдерің кім?

– Білмеймін. Одақтың тауып жүргені. Менің қатысым жоқ.

– Иә, командировкада екенсің. Жә, сен қысылма. Оның кім екенін Қалаубек айтты, – деп Жұмекең кірбең-қалтқысыз күлді. Ағаның ақ көңілі менің кінәмді жуып-шайып кетті.

Баршамызға аты да, ісі де жақсы мәлім Әнуар Әлімжановтың туғанына 80 жыл толуына арнап естеліктер жинағын шығармағымды естіген Жұмекең: «Әнуардың 70 жылдығына арнағаныңа қатыса алмап едім, осы жолы бір ауыз лебізімді қосайын» – дегені. Қуана құп алдым. «Біздің Әнуар. Наш Ануар» – деп аталған жинаққа енгізілген естелігін («Ынтымақтасып жүрдік») Жұмекең: «Әрдайым жымыған жұмсақ күлкісінен ізгі жүрегі көрінетін тарихи тұлға бейнесі әлі көз алдымда» – деп түйген еді. Тектіңі текті ғана тани алады екен!

2011-жыл



## САҒЫНБАСҚА НЕ ШАРА...

Жаратқан Иенің біздің қанымызға сіңірген жақсы қасиет-сиының бірі – сағыныш сезіміміз. Бұл сезім бұйырмаса, меніңше, біздің адамдық құнымыз толық болмас еді. Сағыныш... сағыну... – ғажап сезім! Ғажап! Өміріңнің өткен кезең-белестерінде қалып қойған жақсы-жарасымды іс-әрекеттеріңді ме, адами адал қарым-қатнаста болған үлкенді-кішілі марқұм кісілерді ме... кейде сирек, кейде жиі, әйтеуір, сәтіне қарай бәрібір сағына еске аласың. Сондай сезімді әлсін-әлсін қайталаттыратын қымбаттарымның бірі – өзіл-сықақшы інім, марқұм Таңдай Кенеев. Мен оны мәдени-әдеби жиын-тойларда қатар-құрбыларының арасынан қалайда іздей қаламын да, көзіме елден ерек шалынатын еңселі тұлғасы көрінбеген секундта: «Маған не болды? Есімнен жаңылайын дедім бе?!» – деп, өзімді өзім іштей жазғыра налимын. Халқының қолында кітаптары, отбасында сүйген жары, сүйікті бала-немерелері барын жұбаныш ете тынамын.

Халқының қолындағы кітаптары Таңдайдың қалам ұстағанынан бастап әдебиетімізді ардақ тұтқанын, жазушылық әдебін сақтағанын анық айтып береді. Ал әдеби ортамызда, әдебиетшілер қауымымызда анау-мынау ала-құлалық, ойпаң-тойпаң олқылық заман ыңғайына қарай әрқашан болған және бола береді де. Ол құбылыстарды бір қалыптан шығатын кірпішке айналдыру керек те, мүмкін де емес. Тірліктің сипат-талабы солай. Алайда, әсіресе соңғы жылдары, әдебиетіміз жайындағы әңгіме-пікір тым әрқилы болып кетті. Мысалы: “Қазір бізде сатира жоқ!.. Сатириктер ықта қалып қойды!” – деп тасқа шеге қаққыштар пайда болып жүр. Олар кімдер десең: өзіл-сықақтың ауылы қай тұста екенінен хабары жоқ «білгіштер», кітап оқымақ тұрғай, газет-журналдардың күлкі бұрыштарына көз жүгіртпегендер. Солардың үшеуіне: сатирик Таңдай Кенеевтің «БОМЖ» атты жинағын оқыдың ба? – деп едім, екеуі: «БОМЖ» деген немене? – деп өзімді «ұялтқан» соң: – Ол «без определенного места жительства» дегеннің бас әріптерінен құралған қысқарған сөз ғой, – демеске шарам қалмады. Таңдайдың бас кейіпкері Бориді аздырып-тоздырғандар мыналар сияқты қарашоқпарлылар ғой» – деп ойладым да.

“БОМЖ” – автор артқан тым ауыр жүкті жол-жөнекей аударып алмай, қажет қамбасына апарып түсірген туынды. Оқырман қауымға бұрын екі-үш беттік қана өзіл-сықақ әңгімелері енген төрт-бес жинағымен жақсы таныс Таңдай мына көлемді хикаятында бір тосын оқиғаны салмақты сықақ тілімен ширата, ширықтыра жазған. Ол оқиға – Халық пен Үкіметтің кездесулері:

– Кешіріңіз. Түріңіз таныс. Бір жерден көрген сияқтымын.

– Мүмкін. Көрген кезде жазық бар ма?!

– Кім боласыз?

– Халықпын ғой.

– Кім?

– Халықпын. Естуіңіз бар шығар.

– Ә, енді есіме түсті. Күнделікті күйбеңмен жүріп, бүгін көргенді ертең ұмытып ұят болатын болды. Кешіріңіз!

– Өзіңіз кім боласыз?

– Үкімет. Үкіметпін.

– Үкімет?!

– Иә, өздеріңіздің үкіметіңізбін.

– Ә, ие, ие. Үкімет. Өзіңізді де кездестіретін күн болады екен ғой? О, құдайым-ай! Танымадым... Баяғыда талшыбықтай талдырмаш едің. Не көз, не мойын жоқ, қарын кеткен қампиып, ұртың кеткен томпиып, түрің не болып кеткен?”

Оқиға бар. Көзіңе елестеп, көңіліңді елендетеді.

Жинақтағы кейіпкерлердің жүріс-тұрыстары, сөзі мен іс-әрекеттері иланымды, күлкілі. Қай «геройын» болсын көп күттірмей тани қоясың, себебі күнделікті көріп жүргендерің. Рас, көру бар да тану бар. Өзгелер көптің бірі дей салатындарды Таңдай: «Жоқ, бұл мынадай!» – деп атап, дәлелдеп береді.

...Телефоным «іңгәләй» қалады. Тұтқасын құлағыма тақай бергенімде:

– Ассалаумағалейкүм! Ағатай, менмін ғой, Таңдай ініңіз! – дейді. Ұйықтап жатып естісем де, анық тани алар дауыс.

– Уағалейкүмсәләм! Сезіп отырмын.

– Ағатай, қатырыпсыз! – дейді.

– Нені, кімді?

Екеуімізде әңгімені осылайша сұхбаттасып бастайтын өзара бір дәстүр бар-ды. Кейде бірер сөзді не өзгертіп, не алып-қосқанымыз болмаса, негізін қайталаудан ол да жалықпайды, мен де жалықпаймын.

– Газеттен жаңа ғана оқыдым, ағатай, жақсы екен!

Ол газеттерде шығып жататын мақалаларымды құр жібермей оқып, әр жолы телефон шалып, пікірін айтады.

– Соған уақытыңды қор қылып қайтесің? Ол уақытыңды әңгіме жазуға жұмса-саңшы! – деймін, шынға көшіп.

– Ағатай, оқу керекті оқу керек қой? – дейді, әдейі қызық жауап бергеніне ақырын күліп қойып...

Таңдайдың газеттердегі әңгімелерін оқи қалсам, мен де хабарласып: «Әңгімеңдегі «мықтыларды» жыға танымын», – деймін. Бірде «Түркістан» газетінде «Сыбайластық – сыйластық» әңгімесі шықты. Таңдайға тән астарлы күлкісі мол аса мәнді дүние екен. Телефон соғып:

– Бәкеңе еріп, бункерге бір барып шықсам-ау! – дедім. Ол:

– Ағатай! Ассалаумағалейкүм! – деді де, жарықшақ үні ашыла күлді.

...Таңдай былтыр қарашаның 20-сы күні таңертең телефон шалып, сәлемінен жаңылмай:

– Ағатай! Кеше архивімді ақтарып отырсам, әдебиеттегі алғашқы сыйлықты «Ара-Шмель» журналының бас редакторы сіздің қолыңыздан алыппын. Журналдың «Жатып атар» бөйгесін «Нашар» деген әңгімеме беріпсіздер. Енді, міне, ағатай, Жазушылар одағымыздың сатира кеңесі ұйғарып, мына жаман ініңізге Халықаралық «Алаш» сыйлығын бұйыртқалы отырсыздар, рахмет, ағатай, көп рахмет! – деді, қол алысып тұрғанындағыша аңқылдай сөйлеп. Көңілі көктем болса да, дауысы бұрынғысынан ауырлап, қырылы күшейіп қалыпты. Одан ары шаршамасыншы деген оймен:

– Таңдай, мен бір шаруамен үйден шыққалы киініп тұр едім, соңыра өзім хабарласайың, ренжіме, жарай ма? – дедім.

– Жарайды, ағатай, жарайды, жолыңыздан бөгемейін. Ренжімеймін, ренжігеннен құдай сақтасың, ағатай, аман болыңыз! – деді.

Біраздан соң телефоным тағы «іңгәләді».

– Аға, мен Гүлбаршынмын ғой, ініңіз: «Әдебиетіміздің «Алаш» деген силығын алатын болдым! «Алаш» деген аты қандай! Фаббас ағатайымның арқасы!» – деп

балаша қуанып, үйге симай жүр. Көңілін көтергендеріңізге рахмет, аға!.. Жағдайын білесіз ғой, қиындап барады... Бөлмесінде дем алып жатыр...

Гүлбаршын – Таңдайдың жанжары.

– Келің, қабағыңа кірбің жуытпа, айналайын. Таңдайға сездірме, оның көзінше ақ-жарқын қалпыңды сақтап жүр, – дедім, Таңдайдың дертке душар болғанын білгеннен беріде анда-санда айтып жүрген тілегімді қайталап.

Көңілім астан-кестең бұрқасындап кетті.

Ертеңінде, түн ортасынан ауа бере, Таңдай көз жұмыпты...

Аяулы Інімнің нұрлы күлкі үйіріліп тұратын келбеті көз алдымнан, «ағатайлаған» дауысы құлағымнан кетпес! Маған айтқан соңғы сөздері: «Ағатай, аман болыңыз!». Өзінің аман-есен жүре тұруы керек еді-ау!..

Таңдайдың әдеби мұрасы, әлбетте, халқының әдебиетімен бірге жасайды. Оған ешқандай күмәніміз жоқ! Мұрасының соңғы жинағын өзі тәптіштеп әзірлеп, «Сіз туралы, біз туралы» – деп ат қойыпты.

Бұрынғы туындыларының таңдамалылары, өмірінің соңғы жылдарында жазған жаңа хикая-әңгімелері енгізілген бұл жинағын оқырмандары оның жайдары жүзін енді көре алмайтындарына өкіне оқып жүр...

...Біз уақыт шіркіннің ұрлана өтетін әдетіне еріксіз көнген күйімізде, міне, ара-да 1100 күнді Таңдайсыз өткіздік. Ұлының табиғатты бусандырған көктемнің таңғы арайында жарық дүниеге келгеніне қуаныш-шүкіршілігі шексіз әкесі Қанапия: «Осы аппақ таңдай азамат болса екен!» – деп атын «Таңдай» қойған ініміз бұл 2013-жылда, егер тағдыр тарынбағанда, 65 жасқа шығып, ортамызда жарқылдап отыратын еді...

Әлемге аян болған ғұлама қазақ Қаныш Сәтбаеватындағы Ұлттық политехникалық университеттің ұжымы өзінің аясында адал еңбек еткен жазушы инженері Таңдайдың мерейтойларын қалай өткізгені есімізде. Таңдаймен аға-іні, құрдас, дос-жолдас әзіл-сықақшылар түгел қатысып, ғажап қызық та қымбат һәм қайталанбас сәттердің куәсі болғанбыз. Кәусәр қалжың-күлкіден аузымыз босамай, бірер жас «шегініп», жасарып қалатынбыз. Ал ертеңінде Таңдай телефон шалып:

– Ағатай, қалайсыз? Кеше жиналыс созылыққырап кетті, шаршап қалған жоқсыз ба? – дейтін.

– Университетіңде кеше, біріншіден, жиналыс болған жоқ, сайран-сауықты той-думан болды. Екіншіден, қазекем айтқандай, «қарға аунаған түлкідей» құлпырып қайттым! – деп жорта қатқыл ескерту жасайтынмын. Ол өзінің қызығына жиналған жұрттың қабағын кірбең шалмай тарағанын көргенше, не естігенше елегізіп, тыным таппайтын. Көріп, не естіп, көңілі көншігенде қуанышын да жасырмайтын. Біз білген, біз тынысымыз тоқтағанша ұмытпайтын ақжарқын Таңдай сондай-ды!

2010-жыл



## ТАЛАБЫ ТАСҚА ҰРЫЛДЫ

2007-жылдың бас шенінде, тәуелсіз «Қазақстан» газетінің тілшісімен жасаған сұхбатымда әңгімеміздің әуеніне қарай: «Айтып-айтпай не керек, сыртқы саясатымыз да сұйылып барады... Біздің Сыртқы істер министріміз Болатхан Тайжан болса ғой,

шіркін!» – дегенім бар. Содан екі күннен кейін бір жиында жүздесіп қалғанымызда, Болатхан сәлем берді де:

– Ғаб-аға, сұхбатыңызды оқыдым, – деп басын шайқай жымыды.

– Оқығаның жөн-ау, бірақ басыңды шайқағаның... – дедім, ойымды әдейі аяқтамай.

– Кейін айтамын, – деді.

Ұзатпай айтуына уақыт табыла бермеді. Оппозиция сипатындағы мәжіліс атаулыда кездескенімізде аман-есендік сұрасумен шектеліп жүрдік. Оған «кінәлі» Болатхан: ақпарат құралдарының тілшілері оны қаумалап, асай-мүсейлерін аузына тақап, сұхбат жасауға келісімін сұрап әлектенеді. Бөкең көзәйнегін түзегіштеп, қой көзі кейде күлімдеп, кейде аларыңқырап: «Не болды? Асықпасаңыздаршы!» – деп тұрады. Әрқашан байсалды. Жиын-жиналыстарда сөйлегенде де, небір қисынсыз, жүйесіз жәйттерге ренішін, қарсылығын білдіруге мәжбүр болғанда да артық-ауыс қызынуға, дауыс көтеруге жоқ. Білімдарлығы ғой. Шынайы білімді адам – шынайы мәдениетті де. Көбіміздің орнықты, сыпайы сөйлеудің орнына кей-кейде жеңілденіп, қызынып сөйлеп кететініміз – білім-мәдениетіміздің кемшіндігі. Өз басында осындай міні бардың бірі екенімді Болатханмен әңгімелескенде сезінетінмін, оның сыпайылығына еріксіз қызығатынмын. Сол күйімнің әмірі ме екен, егер ұмытып қалмасам, оны көзінше «Болатхан» – деп атаған емеспін, «Бөке» – деп жүрдім.

Өкінішке қарай, екеуіміздің бас қосуымыз, түсінісе шүйіркелесіп әңгімелесуіміз тым аз болды. Алайда, сол аздың өзі кейбір «қайраткерлермен» көп сөйлескеннен артық. Мен үшін. Қарапайым ініміздің адамгершілігіне қаныға алдым. Шағын денелі жігітағасының шалқар ойлы, шымыр сөзді Азамат екенін тани алдым. Қанығуымды, тануымды бірер сәткі әңгімеміз, газет-журнал беттеріндегі мақалалары мен сұхбаттары үстеп бекітіп жүрді.

– Ғаб-аға, уақыттың уысынан босар, кеткен есемізді ала әңгіме соғар сәт келеді, алдымыз енді-енді кеңі бастады ғой, – деп еді Болатхан.

Тағдыр басқаша айтты. Бөкең жасы алпыс алтыға қарағанда, өткен күзде қайта оралмас сапарға аттанып кетті. Ой өзеніміз орталап қалғандай болғаны ма, оның кейде жайбарақат, кейде әлде неге алаң пішінді қоңырқай жүзі көз алдыма жиі келіп, құнарлы сөздері көкейіме жиі оралады. Ал өзі біздің мынау бейберекет фәниден бақиға кетпеген, әлде Арабстанның бір елінде, әлде Лондонда, әлде Бейжинде, Вашингтонда... жолсапарда жүрген тәрізденеді. Ертеңдер келіп, ондағы көрген-білгендерін мұндағы бізге әңгімелеп беретін сияқтанады.

Әне, Мәскеуде өзі ұйымдастырысқан, бір басшысы болған «Жас тұлпардағы», «Қазақ жастарының бүкілодақтық кеңесіндегі» белсенді, талантты дос-жолдастарымен әңгімелесіп отыр.

– Ол ұйымдарды құрған негізгі себебіміз – Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастарына сүйеніш болу, қамқорлық жасау, дарындыларына жол ашу», – дегені бар. Қай жылда болсын Мәскеуге оқу іздеп, ақын тілімен айтқанда, арман қуып баратын қазақ жастарының жартысынан көбі бірер айдан соң ауылдарына қайтады екен. Біріне тіл қиын, бірінде қаржы тапшы, біріне жатақхана бұйырмайды дегендей. Ол жәйт – ең алдымен рухани ауыртпалық. Жастарды ондай халге ұшыратпау керек. Болатхан Тайжан, Аймұқан Таужанов және басқалар бар, бір топ, өздері де студент бола жүре, оқуға қабылданғандарды алғашқы апталарда-ақ жиып алып, кім қайда түсті, материалдық жағдайы қандай, нәндөй өнері, қай шаруаға қабілеті барын анықтап, «Бірі – бәрі үшін, бәрі – бірі үшін!» тірлік етуге кіріскен. «Әу баста «Жас тұлпарды» ұйымдастыруды бастап, оны шын мәніндегі қоғамдық-азаматтық ұйым еткен адам –

Аймұқан Таужанов. Онсыз «Жас тұлпар» концертті бағдарламасы басым өнер ұйымы болар еді, – деп еді Болатхан.

...Әне, көне Мысырдың көшесінде кетіп барады. Ықшам да шымыр бітімді Болатхан. Қаланың тарихи ғимараттарын аралап жүр. Барғанына бір ай тола да қоймаған, білмекке құмар кезі. Шілденің аптабы шекесін шіп-шіп терлетерін білсе де жеңіл-желпі киінбеген: ақшыл-сұр пенжақ-шалбарлы, ақ көйлегінің жағасын қара галстук қусырған. Аяғында – мөлдір қара дерлік бәтіңке. Мұрты тебіндей бастаған балажігіт емес, тірлігі қалыптасқан кәдімгі егде, байсалды қызметкер дерсің! Жо-жоқ, аяқ басысы едеге тән салмақты болса да, ол – әлі студент. 22 жаста ғана. Мәскеудің Мемлекеттік халықаралық қарым-қатнас институтында, үшінші курста.

– Кеңестік кезеңде дипломатиямыздың ішкі-сыртқы тәртібі қатаң болды ғой. Әсіресе шет елдерге шыққанда суретке түсетіндей сұлу киініп жүруіміз қадағаланды. Ол дұрыс та еді. Совет адамы жүріс-тұрысымен де, киім киісімен де елінің ауқатты, мәдениетті екенін аңғартуға тиіс болды, – деп еді Болатхан.

КСРО Сыртқы істер министрлігінің институтта дәріс оқитын қызметкерлері Болатханның араб тілінде еркін сөйлейтініне тәнті болып, министрлікке мәлім еткен де, ол министрліктің штатына алынып, Мысырға КСРО-ның кіші дипломаты қызметіне жіберілген. Қолы сәл-пәл босай қалғанда, тарихы аңызға толы көне қаланы тамашалайды. Тұрғындармен әңгімелесіп, көкейінде көптен жатқан сауалдарына қарымды жауап тапқан сайын көңілі көктем болады. Екі елдің басшылары, жоғары дәрежелі өзге қызметкерлері кездескенде тілмәш міндетін атқаруы: білім, мәдениет, саясат, экономика, тарих және басқа да сан саланың шалқарына шығуына, ой өрісінің кеңеюіне, таным-түсінігінің зерделенуіне мол әсер етті.

– Араб әлемі біз үшін шешуі жоқ жұмбақ болмады ма? Араб графикасы қазақ өмірінің бір арнасы болса да, қажылық жолдан табан аудармадық, екінші Шоқан Шыңғысұлының болмағаны өкінішті, – деп еді Болатхан.

Оның Мысырдан басталып, Алжир мен Мароккоға, Иордания мен Ливияға, Малайзия мен Сирияға, Туниске жалғасып, жиыны 14 елге қазақ дипломатиясының жолын салғаны, яғни ХХ-ғасырдағы Арабстанға көк байрақты тәуелсіз Қазақстанды, ал Қазақстанына араб дүниесін танытуы – өзі іздеген екінші Шоқан болғаны емес пе? Әрине. Бірақ Шоқан мен Болатхан сапарларының сыр-сипаттары бір-бірінен өзгеше.

Төтенше және өкілетті Елшіміздің міндеттерін абыройлы атқарған Болатханның Араб елдері Президенттерімен, корольдерімен, министрлерінің көбімен қарым-қатнасы ресми-саяси аяда ғана қалған жоқ, отбасылық, жеке достық деңгейінде жарасымдылық тапты. Оны тартымды жолжазбаларынан, танымдық сипаты мол мақалаларынан оқып, қысқа да қызықты әңгімелерінен тыңдап білдім, сүйіндім, қызықтым және қазағымның ұл болып туған қыздай инабатты қарадомалақ перзентінің Арабстанда өздерінің азаматтарындай қадірленгенін аңдап, мақтаныш еттім. Дипломаттық жұмысының жемісін теріп айтпай-ақ, Каирде Бейбарыс сұлтан мешітінің бастапқы қалпына келтірілуіне, көрнекті көшелерінің біріне Абай атының берілуіне жетісуі – сол қадір-қасиетінің арқасы.

– Арабтар қазақ жұртының тарихынан хабарсыз дерлік екен. Зиялылар қауымының ағылшын тілін білетіндері Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» арқылы ғана хабардар. Ал зиялылар арасындағы әдебиетшілерінің жөні бөлек, олардың ақын-жазушыларының баршасы Әнуар Әлімжановтің өзін де, шығармаларын да біледі. Азия-Африка елдері жазушыларының 1973-жылы Алматыда өткізілген бесінші конференциясына қатысқандар бар: «Мұхаммед әл-Фарабидің тегі қазақ екенін сонда білдік» – деседі. Қысқасы: Біз – мұсылман рухты қазақ деген халықпыз деп, ресми

де бейресми әңгіме-жиындарда Абай өлеңдерінен әлім жеткенінше арабшалап үзінді келтіріп, әйтеуір, беттерін бері қаратып жүрдім, – деп еді Болатхан.

Өзі Елші болған араб елдерінің әрқайсысы мен Қазақстанның өзара саяси, тарихи, мәдени, ғылыми байланыс мәселелерін білгірлікпен шешісуі – Болатханның жалпы қазақ тарихнамасына енген, ешқашан өшпес еңбегі десек, Арабстанның экономикасына ден қойып, талдап, тәуелсіз даму жолына қадам басқан Қазақ Республикасына қалайша пайдалы, тиімді боларын дәлелдеп жазуы – Әлемдік экономика мен саясат институтының аспирантурасы берген мол білімді тынымсыз ізденіспен керегінше жарата алғандық. Бір ғана мысал келтірейін. Бүгінде мықтап дамыған елдердің бірі – Малайзия 1997-жылдың маусымында экономикалық дағдарысқа оқыстан тап болды. Малай ақшасы құнсызданып, базар нарқы шапшып, ұлттық қаржы қоры берекесіздікке ұшырады. Әлбетте, ол пәлекеттің себебін әркім әрнеге жорып, өкімет пен үкіметке мін тағылып, дау-дамай өршіді. Сол әредікте елдің премьер-министрі, экономика ғылымының докторы Махатхир Мохамад жіті қимылдап, «Малайзияның ақша дағдарысы және оның қалай тап болғаны» – деп зерттеу еңбек жазып, жұртқа қиыншылықтың себеп-салдарын нақтылап түсіндіріп берді. Дағдарыс тез тежелді, жойылды. Соны көрген басқа біраз елдердің басшылары Махатхир Мохамадтың кітабын өз тілдеріне аудартып алғанды жөн көрді. Соның ішінде Ресейдің тапсыруымен, он шақты ғалым қатысқан жеке-жеке аудармалардан ол бәйгеге өз еркімен қатысқан Болатханның орысша нұсқасы ең сәттісі деп бағаланды!

– Мәскеуден келген орыс экономистерінен, арасында араб тілін білетіндері бар, дәл сол аудармада асып түсу тіпті ойымда да болған жоқ, – деп еді Болатхан.

Тіл білу – жол білу ғана емес, жөн де білу. Қай саладағы аударманың ауызшасында да, жазбашасында да түпнұсқаның тамыры бүлкілдеп тұрмаса, ол кекештенгенмен, тұтыққанмен бірдей екенін Болатхан дәлелдеп берді.

– Тәуелсіз Қазақстанның Араб елдеріндегі Елшісі қызметіндегі алғашқы әрекетің не болды? – дедім бірде Болатханға.

– Жалпы қашан, қайсы Елшілікте болсын оның іс қағаздары өзінің мемлекеттік тілінде жүргізілуге тиіс. Ол – еліңнің елдігін өзгелерге таныта білудің бас шарты, – деген Болатқан жымың етті де: – «Алғашқы әрекетің» десеңіз, ол Мысырда еліміздің аты ағылшын тілінің қалыбына салынғанын көріп, ол елдің басшысымен бірінші әңгімемді араб тілінде «қ» әрпі бар болғандықтан біздің елді кәдімгі араб мәнерінде «Қазақстан» – деп айту-жазу жөн боларынан бастадым, – деді.

Болатхан қай мемлекетте Елші болса да, ресми жоғары деңгейде нендей мәселені талқыласа да, еліміздің бүгінгі жолы сонау көне тарихымыздан басталғанын айтып, тәуелсіз Қазақстанның сол жолды жалғап, күні ертең қуатты мемлекет боларын нық мәлімдеген. Ислам елдерінің басшылары оның араб тіліне жетіктігін (Болатхан араб, ағылшын тілдерін өз төтесінен меңгерген еді), мұсылман қағидаларына адалдығын, дипломаттық қарымды қабілет-іскерлігін бағалап, ықыластана әңгімелеседі екен.

– 1995-жылдың соңында Гвинеяда ислам елдерінің ауқымды мәжілісі өткізілетін болды. «Ислам мәжілісі ұйымы» деген қауым бар екен де, соған мүше елдердің Сыртқы істер министрлері араб дүниесіне қатысты маңызды мәселелерді шешу үшін уақ-уақ бас қосып тұрады екен. Сол жолғы мәжіліс «Бейбітшілік, ынтымақтастық және сабырлылық» деген тақырыпта пікір алмасуға, АҚШ-тың Ливияға қысымы, Кипр төңірегіндегі шиеленіс мәселелерін талқылауға арналатын болды. Ұйым басшылары маған: – «Қазақстан – мұсылман мемлекеті» дейсіз, ендеше біздің ұйымға мүше болсын», – дегенді айтты. Өзім де сондай ой білдірмек едім, дұрыс болды, – деп Болатхан сәл мүдірді. Неге аялдағанын аңғардым. Ол ойын мәлімдегенінде

республикамыздың Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев тағы да қарсы болып, Болатханның Президент Назарбаевқа тікелей телефон шалып, мән-жайды түсіндіріп, келісімін алғанын естігенмін. «Тоқаев тағы да қарсы болып» деу себебім мынада: Болатхан оған Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінде іс қағаздары мемлекеттік тіл – қазақ тілінде жүргізілуі керектігін және оларда халықаралық тілдерді меңгерген қазақтар қызмет істеуі қажеттігін айтқанда, орыстілді шенеунік Тоқаев: «Басымды ауыртпа!» – деп дүңк етіпті.

Сөзін жалғаған Болатхан:

– Жиын тарқар күні сөз сөйлеуге тілек білдіріп, биік мінберден: «Қазақстан «Ислам мәжілісі ұйымына» мүше болуды ұйғарды» – дегенімде, залдағылар ду қолшапалақтады. Ислам әлемі өкілдердің он шақтысы бірінен кейін бірі шығып сөйлеп, қызу құттықтады. Гвинеяның Президенті мәжілісті қорытқандағы сөзінде: «Бұл мәжілісіміздің негізі жетістігі – біздің ұйымға Қазақстанның мүше болғаны!» – деді.

Міне, дипломат Болатхан Тайжанұлының азаматтық табандылығының бір нышаны!

КСРО Сыртқы істер министрлігінің құзырында басталған, жиыны отыз жылға созылған дипломаттық қызметінде дүние жүзінің 174 елінде болғанын әңгімелеген Болатханға:

– Алмағайып асулары көп кеңестік сыртқы саясаттың кезеңдерінде ауырмаған басың тәуелсіз Қазақстанның алғашқы белесінде даң болды-ау, ә?

Ұлттық сезім атқа мінбеген елде экономика жаяу жүреді десем, қателесіп кетпеймін бе?» – деп әзілдеп едім, ол маған бажырая бір қарап алып, басын шайқап:

– Қателеспейсіз, – деді де, сәл ойланып отырып: – Негізгі шаруам дипломатия болған соң, бөгде елде, жат жерде ұлттық сезімімізді ұлықтауды күнделікті қызметім арқылы іске асыруды көздедім ғой. Бірақ бізде керісінше бола берді, біздің елшіліктерде қазақ көбейген сайын орыс тілі баяғысынша үстем бола түсті. Оның мүлдем ұят екенін министрлер Қасымжомарт Тоқаевқа да, Ерлан Ыдырысовқа да, Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа да айтудай-ақ айтып жүрдім де... 2001-жылы жұмыссыз қалдым, – деп, ашық назалана күлді. Анау жолы басын шайқай жымыяп: «Кейін айтамын», – дегені осы болды-ау!..

Қисық жолда түзу жүргендігінен билікке жақпай, керек болмай қалған Болатхан «битке өкпелеп тонын отқа тастаған» жоқ. Ойланып-толғанып, қоғамдық істерге бел буа араласты.

Тәуелсіздік бұйырған еліне ауадай қажет демократияның алғашқы қарлығашы – «Қазақстанның демократиялық таңдауы» – деп аталған қоғамдық қозғалыстың батыраш-бекежандардан қиянат-қорлық көргені Болатханның жанына қатты батты. Ол: «Ғалымжан Жақиянов – жарқын тұлға, ғажап мол парасат иесі. Ерекше білімдар. Біздің қоғам ондай тұлғаға зәру. Ол ешбір қисынсыз, анығын айтқанда, – саяси көзқарасы үшін түрмеге қамалды... билік Ғалымжаннан қорықты. Қарсы күштен қорқатын болса, ол қандай билік?! Бұл қорқыныштары қанша уақытқа созылатынын болжап айту мүмкін емес... олар өз қателерін мойындап биліктен кетпейінше, Ғалымжанды қамауда ұстай береді. Бір кілтпан тауып, мерзімін ұзартуды көздеулері де мүмкін. Тіпті, заңда көрсетілген үш жыл алты ай емес, жеті жыл бойы қамап отырма деп қауіптенемін», – дегені сол кезеңде («Апта» газеті). «Классик» ақын Олжас Сүлейменовтің: «Көпшіліктің Ғалымжан Жақияновты түрмеден босату жөніндегі талабын қолдайсыз ба?» – деген журналшы сауалына: «Е, немене, оппозицияны күшейту үшін бе?!» – деп керіккенінен шошындым» дегені де сол тұста.



Болатхан жөргегінде тұншықтырылған демократияның еңсесін көтеру күресін жалғастырғандарға қосылды. Ескікөз жолдастарының шақыруымен «Отан» партиясына барды, бірақ билікке шұлғыған оның шылауында жүргісі келмеді. Одан кейін «Ұлт тағдыры» қозғалысын құрып байқады, «Әділетті Қазақстан үшін», «Халық дабылы» қозғалыстарын барлады...

– Ғаб-аға, менің түсіне алмаған нәрсем – оппозиция жетекшілерінің бірауызды бола алмай-ақ жүргендері. Әрқайсысы – өзінше білгір, көсем. Ал партия мен қозғалыстарының бағдарламаларын оқысаң, біріне бірі ұқсас, үйреншікті үндеу сияқты, – деді. «Нағыз Ақ жол» партиясының бір жиынынан шыққанымызда. Екеуіміз автобус аялдамасына бірге беттегенбіз. Екеуіміздің ұзағырақ сөйлескеніміз де сол жолы еді.

– Е, Бөке, бауырым! Оппозиция бағытындағылардың бірігуіне жайбарақат қарап отыратын билік қайда бар? – дедім.

– Иә, біздің билікте қазақты сиырдың бүйрегіне айналдыруды ашық та, астыртын да көздеуші алаяқтық топ бары сөзсіз.

– «Топ» дейсің... ондайдың барына көзіміз жетті ғой, тек оның аттан қашан түсерің, мысалы, мен білмеймін.

– Ерте ме, кеш пе, – түседі!

– Болар оңды істің ертерек болғанына не жетсін?! Өтірік мақтанмен, өзіміздің де, өзгенің де көзін бояумен күн кешіп жүргенімізге он алты жыл. Бұл аз уақыт емес қой?!

– Әрине, аз уақыт емес, бірақ...

Дырылдап автобус келіп тоқтады.

– Ғаб-аға, мынаған мінбейміз бе?

– Жоқ, бұл біздің жаққа бармайды.

– Онда, егер ренжімесейсің, мен осымен аяңдай берсем, ә?

– Сөйте ғой, жолың болсын!

– Әлі кездесеміз, сау болыңыз! – деп жымия басын иіңкіреді де, шегіне бұрылып, автобусқа беттеді.

Мен соңынан қарап қала бердім...

*2008-жыл*

Қ о с ы м ш а: философ, дипломат, тарихшы, журналшы, тілжанашыры Болатхан хақында естелік айтылғалы бесінші жыл. Есен-сау болса, жасы 70-ке осы айдың – наурыздың сегізінші күні ғана толған болар еді...

Болатхан маңдайымызға симай кетті. Сидырмаған – ішіне қисапсыз өтірік пен қисынсыз мақтанның желі қарысқан билік!..

*2011-жыл*



## ШТАБ БАСТЫҒЫ

Біз көп жыл қызметтес болдық, әңгімелесіп, сырласып, әзілдесіп қатар жүрдік. Мінездестер бір-біріне жуық болады деуші еді, дәл ол жағынан екеуіміз «егіз» емеспіз: Қалекеннің терісі кең, «әліптің артын баға біледі». «Баға білуі» бағынғыштығы, жағынғыштығы, әсіресалығы деуден аулақпын. Жасыратын не бар, жазушылар қауымы – ерекше бір қызық жұрт, «менен мықты кімің бар?!» – деп отсыз пісіп, сусыз

бөртіп жүретін үлкен-кіші жеткіліктіміз, ал сондай жұрт шоғырланған Жазушылар одағында қызмет істеу, әлбетте, басшыларына қиын-ақ (біздің тұсымызда солай-ды), анау-мынау шаруасымен алдына келіп-кетіп жүретін «бүгінгі классиктер мен ертеңгі классиктер» өтініш айтуға жоқ, өктем талап қоюға бар, одақтың мұршасы қандай екенін білуді ойламайды, өзіне қажеттің болуын ғана көксейді. Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың ішкі-сыртқысын түгел ұйымдастырып отыруға міндетті Қалекен қызмет бабында солармен күнбе-күн бетпе-бет кездесіп отырды. Асаулана келіп артық сөйлейтіндермен шарбаяқтаспайтын, асып төгіліп жататын көбік сөзді байыппен тыңдап, жүйелі жауап қайыратын, түсінігін тыңдағысы келмегенге қарсы ұшпайтын, «ертең хабарласайық», – деп сабыр сақтайтын. Бүгінгі ашудың ертең сақталуы сирек қой, әлгі «асаулардың» көбі-ақ ертеңінде не келіп, не телефон шалып, жасы үлкені «Қалаубек» – деп, жасы кішісі «Қалекен» – деп жаймашуақ сөз бастап, кешегі бұйымтайының реті қалай боларын барлайды. Қалаубек-Қалекен қалыбынан шықпайды. Ештеңені асқындырмайды, ушықтырмайды. Кеудемсоқтардың дертесін қолма-қол қайырып беруге құмар маған Қалекеннің ұстамдылығы бірте-бірте ұнады. Әсіресе мен КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесінде директор (1974-1983-жылдар), ал Қалаубек біздің басқармамыздың төрағасы кезімізде ынтымақты болдық.

Бірде үлкен жазушыларымыздың бірі (қазір де есен-сау, қарт кісі; аты-жөнін ашпай-ақ қояйын) өзі туып-өскен облысына барып қайтуға бір айға шығармашылық сапар (творческая командировка) сұрады. Басқарманың мәжілісінде ақылдасып, нақты деректі кесек шығарма жазу ниетін құптап, тілегін қабыл алдық. Сол жазушы келесі жылы тағы өтініш жазып келді: «Ауыл өмірінен роман жазуды бастадым, Әдеби қордың көмегін ақтайтын ойдамын, енді бір рет көмектессеңдер жөн болар еді, қосымша деректер керек болып тұр» – депті. Тағы да ақылдастық, романын бастаған екен, аяқтауына және бір рет жәрдем жасайық» – деп шештік. Сол жазушы келесі жылы өтінішін ұсынып тағы да келді. Мен бірден қарсы болып: – Аға-еке, биыл көмектесе алмаймыз, қатарынан екі жылда алпыс күнге бардыңыз, сол уақытта алып болмаған фактіңізді енді ала алмайсыз. Шығармашылық сапарға пәлен жыл бойы шыға алмай жүрген ақын-жазушылар бар, соларға көмектесуіміз керек», – деп едім, ол бұлқан-талқан ашуланып: – Мендей көрнекті жазушыға бермеген командировканы кімге бересіңдер?! – деп қаһарын төгіп, шыға жөнелді. Арада он минеттей өткенде телефоным шылдырлады. Қалаубек екен: – Ғаббас, уақытың болса, келіп шықшы, – дейді. Барсам – «көрнекті жазушы» отыр екен, ол маған тиісе сөйлей жөнелді. Қалаубек екеуіміз оның сөзін бөлмей шыдап отырдық. Қаншалықты «көрнекті» болса да, ақырында сөзі таусылды. Әйтседе, «маған командировка беруге міндеттісіңдер!» – деп зілдене аяқтады.

– Ғаббас, сен не дейсің? – деді Қалаубек, әдетінше ақырын сөйлеп.

– Мен не дейтінімді жаңа бұ кісіге айтқанмын, биыл көмектесе алмаймыз, – дедім.

– Көмектескің келмеген соң «көмектесе алмайсың!» – деп аға-екеміз кекесінмен шақ-шақ етті. Оған мойын бұрмадым, Қалаубекке қарап:

– Қалекен, командировканың ақшасы бітті, басқа айтарым жоқ. Мен бара берейін, анда кісілер тосып отыр, – деп түрегелдім.

– Иә, бара бер, – деді Қалекен.

Жарты сағаттай өткенде Қалекен кабинетіме жымия кіріп келді де:

– Жаңағы аға-екеміз бірінші хатшыға арызданып баруы мүмкін, сөзіңнен қайтпа, сен шыққан соң ол тағы біраз шақылдады, бірақ мен сенің сөзіңді қуаттадым, – деді.

Біз әрқашан осылайша бірауызды болдық. Болғанда Әдеби қордың мүддесін қорғадық, ал ол мүдде бізден жазушылардың алдында әрқашан әділ болуды, оларға қамқорлық жасарда таразының басын тең ұстауды талап ететін.

...Ең алғаш, сіре, 1967-жыл шығар, танысқанымызда-ақ Қалаубектің әдептілігін аңғарғанмын. Жас жазушылардың республикалық кеңесіне әрі жас талап, әрі «Қазақ әдебиеті» газетінің өкілі ретінде қатысып, оны өткізуді басқарысып жүрген Қалекеңнен (Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің хатшысы) сұхбат алуды ойладым. Мәжілістің бірінші үзілісі кезінде барып танысып, мақсатымды айтып едім, ол сәл жымиды да: «Мәжіліске біздің бірінші хатшымыз қатысуда, сіз сол кісімен сұхбаттасыңыз, ал егер ол кісі «уақытым жоқ» десе, екеуіміз сонсоң сөйлесейік, мақұл ма?» – деді.

Қалаубек қызметін жымиыспен ғана атқармайтын. Егер қызметтің біреуі, мейлі: Жазушылар одағының бірінші басшысы ма, қарт қаламгер ме, тағы басқасы ма, «бүйректен сирақ шығаруға» әрекеттенсе, ондайда Қалаубек жалаңтөстене қалатын да, асу бермес ақ дәлелін алға тарта сөйлеп, оның адымын аштырмайтын. Ол қыры, әрине, «бүйрек-сирақшылдарға» ұнамайтын. Мәселен, Одаққа бірінші хатшы бола қалған Олжас Сүлейменов бір ай толар-толмаста Қалекеңді басқа жаққа ауыстыртып жіберді. Партиялық билікте сүйенетін «күшті» еді. Олжасқа: – Сен қателестің, Қалаубектей хатшыны енді таба алмайсың, өкінесің, – дедім. Ол мырс етті де қойды. «Таба алмайсың» дегенім: жазушылар қауымының тыныс-тірлігін Қалаубектей білетін адам жоқ екеніне қызметтес болған тоғыз жылда көзім жеткен. Республика Баспасөз комитеті төрағасының орынбасары Қалекеңді Олжас бір жылдан кейін Одаққа шақыруға мәжбүр болды. «Сүлейменов үшін емес, Одақ үшін келдім» – деді Қалекең (екеуіміз одан кейін алты жыл тізе түйістіріп жүрдік).

Әлбетте, ең алдымен Азамат Қалаубек – танымал Қаламгер болды.. Бірақ, мен оның шығармаларын атап-атап талдауға, әдебиетімізге қандай үлес қосқанына ден қоймадым. Шығармаларын оқырман оқып жүр, бағасын беріп жүр. Пікірлері орныққан.

...«Қазығұрт: аңыз бен ақиқат» атты кітабын сыйлағанда Қалекеңнің:

– Кеңес дәуірінде «социальный заказ» дегенмен кітап жазғандар болды ғой, ал мен мынаны ауыл ақсақалдарының заказымен шығардым, – деп әзілдегені бар. Шынында солай екен. Бірде Оңтүстіктегі Қазығұрт ауылында оқырмандармен кездесуі болыпты да, сонда әдебиетші ақсақал Нәби Сәдібеков қаламгер інісіне:

– Қазығұртты хат танығалы бері жазып келе жатқан – өзіңсің. Әңгіме, хикаят, пьеса да жаздың. Енді Қазығұрттың тарихы туралы бір көлемді еңбек жазсайшы! – депті.

Қазығұрт – көне аңыз аймағы. Ондағы Қазығұрт тауы хақында арыдағы дастанда (Қалаубектің айтуынша, бір емес, екі дастан бар екен, авторлары беймәлім):

Қазығұрттың басында кеме қалған,  
Болмаса ол әулие, неге қалған...

– деп толқын-толқын жыр төгілсе, бертінде Мағжан Жұмабаев:

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,  
Жоталы жер кіндігі — Памир, Алтай.  
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,

Топанда Нұх кемесі тоқтар қалай?! – деп жазған екен.

Қалекең көне аңыз бен жаңа пайымдауларды жарасымды өре отырып, Қазығұрттың тарихын тартымды етіп суреттепті. Ал суреткерлік Қалекеңнің қай туындысынан болсын ажарланып танылып тұрады.

Бұл естелігім әуелде мақала еді. Сол шыққан күні (2004-жылы ақпанда, «Қазақ әдебиеті» газетінде) Қалаубекке телефон шалып: «Жетпістің желкесіне мінгенің құтты болсын! Сексенге екі-ақ секіріс қалды, бекем бол!» – дегенімде ол: «Оқыдым, рахмет, бірақ мені тым көтеріп жіберіпсің», – деді. «Қалеке, өмірде тым болмаса бір рет көтеріліп қояйықшы!» – дедім. Ол: «Солай ма?» – деп күлді.

«Сексенге екі-ақ секіріс қалдымымның» біріншісі 75 жас еді... соған жете алмады... екі ай ғана қалған-ды.

2009-жыл



## ЕҢБЕКТОРЫ

Нұрахмет еңбек етуден жалықпайтын жан еді. Жазушылар одағының құзырында көп жыл бірге болық. Ол Әдеби қордың директоры кезінде өте бір тынымсыз уақытын өткізді, қордың жұмысын жақсартамын, табыс келтірер істің қисынын қайтсем табамын деп жүгіріп жүретін. Шығармашылық үйдің жағдайы заман ағымына қарай ауырлап, тиын-тебен жетпей, тақ-тұқ күнкөріске тап болды да, біраздан соң халі мүлде мүшкілденді. Нұрахметтің қатты қиналған кезі – сол тұс еді. Жүгіріп маған келеді: – Ғабе, Талғардың төменгі жағынан бір гектардай жер алсақ деймін, жазушыларға бөліп берсек, картоп салса да қайда жатыр, ә? – дейді. Құптаймын. Ол жерді сондағы кеңшардың директорымен таныстығын пайдаланып алатын көрінеді, Одақтан ресми өтініш хат алып барып келісіпті. “Өзің участок аласың ба, қанша керек?” – деген. Мен оны күтіп-баптап ұстауға денсаулығым жарамайды, балаларда барып тұрар уақыт жоқ, деп рахмет айтқанда: Қазақпысың деген осы, жерге жоламайды ғой, жоламайды! – деп қыжырта күліп кете барған.

Одан кейін де бір күні тағы келіп: – Ғабе, бір қызық бар. Қаскелеңнің іргесінен он гектар жер кестіріп алсақ деймін, алма бағының ортасынан. Ауданның әкімімен келістім, шарт жасасуымыз керек, соған барып келейікші! – деді. Мен қуанып кеттім. Он гектар алма бағы болса, Әдеби қордың айы оңынан тумай ма?! Әрине!

Ауданға жетіп бардық, әкімшілігі қошеметтеп қарсы алды. Мен әдейілеп алып барған екі кітабымды әкімге сыйладым. Арқа-жарқа болысып, ақырында он бес гектар болсын дестік. Әкім шарт құжаттарын жасайтын адамдарына дереу нұсқау берді. Алма бағына аттандық. Қаскелеңнен екі шақырым ғана екен. Бақ әлі жас, алма ағаштары алдағы жылдан бастап қана түсім бермек. Дәл іргесінде бұлақ ағып жатыр. Наурыз айының орта шені еді, алма ағаштары аппақ боп гүлдеп қалған. Жер жасыл құрақ төсенген. Нұрахметтің өңі нұрланып кеткен. Күзетші болатын жігіт алма өсірудің шебері екен, екеуі участокті қалай пайдаланатындарын, күзетшінің үйін қай тұсқа салатындарын айтысып масайрап жүр. “Участокті тікенек сыммен қоршаймыз, өйтпесек ауылдың малы берекесін кетіреді, жайылымға шығатын жолдары өне жатыр,” – дейді Нұрахмет.

Алма бағының жалпы көлемі қырық гектардай көрінеді. Алматы жақ шетінде қызыл кірпіштен салынған еңселі де үлкен үй тұр, қора-қопсысы бар. Күзетші жігіт оның Алматылық бір комбинаттың демалыс үйі болғанын, былтырдан бері жабық екенін айтты. Мен Нұрахметке: «Оу, директор мырза, мұның иесін тауып алып сөйлесші, мүмкін олар сатар, қымбатқа түспес, бәрібір қалған болса. Одақ бар, өздерің бар,

Мәскеудегі үлкен әдеби қор бар дегендей, ақша табарсыңдар!» – дедім. “Уа, шіркін! Шынында сатып алсақ қой!” – деді ол, құшырланып. Алғы жоспарларына жаңадан және бір жоспар қосылып, көңіліндегі ай-хой арманы шарықтай түскенін аңғардым.

Арманның бәрі орындала берген бе!.. Нұрахметтің ұсыныстары Одақ басшылығынан тек сөз жүзінде ғана қолдау тауып, іске келгенде керісінше болды да жатты. Әлгі бақ күзетшісіне (күзетші ғана ма еді?! ) жалақы төлеу күрмеуі қиын мәселеге айналып кетті. Менің қолымнан келгені – күзетшінің бір айғы еңбекақысын Аударма алқасы есебінен төлеп бергенім (Аударма алқасының төрағасы кезім-ді). Одан басқаға дәтіміз жетпеді.

Айтып-айтпай не керек, келесі жылы ойда жоқта Шығармашылық үйінің шырғалаңы басталды да, Нұрахметтің ой-жоспарлары астаң-кестең болды, “Пәлен жердегі огородты, түглен жердегі бақты өзі пайдаланып жүріпті” – деген пасықтық сөз ұйтқып-ұйтқып, Нұрахметке жала болып жабысты. Әйтсе де, ақ пейілді қара пиғыл дендей алған жоқ.

Нұрахметтің жаратылысында біреуге қиястық жасау жоқ-ты. Өзінің көңілін қалдырған ойсыздарға да өкпелей алмайтын. Одаққа қызметке келгенге дейін “Жазушы” баспасында жиырма жыл шамасы істеген еді, сонда танысқан, табысқан 1968-жылдан білетінмін. Мінез-құлқын түсінуіме 1993-жылдың көктемінде Қытайға барған сапарымыз да себеп болды. Одақ басқармасының хатшысы Бейбіт Қойшыбаев үшеуіміз Үрімші мен Бейжің (Пекин) арасында үш апта іскерлік жол жүріп, қытайлық мәдени-әдеби қоғаммен алыс-беріс келісім-шарт жасастық. Сонда Нұрахметтің бар әңгімесі өзіміздің Одаққа, Әдеби қорға, Шығармашылық үйге пайда келтіруді көздеу болды. Әрбір бұйымның бағасын біліп, оның қаншасын Алматыға қалай жеткізсе арзанырақ түсер еді деп есептеп жүргені. Бейжіңнің бір дүкенін аралап жүргенімізде жазу машинкасының шетелдік сан түрін көріп тұрып: – Ғабе, осының біреуі қолыма түспей-ақ қойды, қор қылып, атаң етін жегір, – деп ақырын ғана күлді. Өкінішінің күлкісі еді. Сол сәті көкейіме түйіліп қалды да, Алматыға оралған күннің ертеңінде түскі шәй ішуге шақырған сылтаумен үйге алып келіп, кеңсеге қайта шыққанымызда: – Нұрахмет “гамбей,” Қытайдан әкелген мына бір нәрсем бар еді, осы саған байғазым болсын, – деп қымтаулы қорапты ұсындым. Нұрахмет әуелі мез-мейрам күлді. Күлетін себебі: Қытайда жүргенімізде қонақасыларда қытай әріптестеріміз қошеметтеп сөз сөйлеп, рүмкелерін көтеріп, бізге: “гамбей!” – дейтін. Оның не сөз екенін тілмәш қытай: “Бір тамшысын да қалдырмай ішіп қойыңыздар” – дегені деп түсіндірген.

– Бұл немене? – деп таңырқады, күлкісін тиған соң.

– Үйіңе апарып ашқан соң көресің, байқа, тұра қашып жүрмесің, есігіңді мықтап жауып аларсың, – дедім. Нұрахмет таңдана түсіп.

– Алмауға болмайтын нәрсе ме? Жансыз бірдеңе ғой, тұра қашпағы қалай? – деді.

– Апара көресің ғой, әйда, кеттік, жұмыс тосып қалар! – дедім, шынымды айтпай...

– Әу, Ғабе, сен қызық екенсің ғой?!.. – дейді ол, кеште телефон шалып.

“Гамбей” – деп сыйлағаным немістің “Торпедо” маркалы жазу машинкасы еді.

...Мұртын сипай сыпайы сөйлейтін, сәл еңкейе күлетін жарқын жүзді Нұрахмет Төлеуповтің де орны ойсырлаулы. 1999-жылдың жазында 62 жасында ауыр науқастан демі үзілді.

– “Төлеупов” деген де фамилия болады екен! – деп әзілдегенімде:

– “Төлеуов” қой! О баста әлгі загс шатыстырыпты, ауылды жерді білесің. Соны дұрыстатып алуға уақытым болмай жүр емес пе? – деген еді.

*2000-жыл*



## «КЕБІС» КЕРЕК БОЛҒАН

Тіліндегі ойлы сөзі қолындағы оңды іске айналатын жігіттерді көріп-білгенімде «кесек турайды» деген сөз есіме түседі. Бұл сөзді Алматы қалалық кеңес атқару комитетінің жаңа төрағасы Заманбек Нұрқаділовті маған таныстырған сәтінде Сағат Әшімбаев айтып еді. Е, жалған-ай, ол екі Азамат та бүгін арамызда жоқ, Михаил Иванович (Хакім Тілегенұлы) Есенәлиев, Әркен Уақ, Сәбетқазы Ақатай, Батырхан Дәрімбет, Марат Қабанбай, Нұри Мұфтақ, Дінәш Нұрмұхамедов, Алтынбек Сәрсенбайұлы, Асхад Шәріпжанов... бәрінің де бейнесі көз алдымда, бәрімен де әңгімем жадымда.

«Адамгершілігі аздар алға түсті-ау!» – деп өкініп еді Мәкең.

«Геноцид... нағыз геноцид жасады!» – деп кіжініп еді Әрекең.

«Атағынан ат үркетін ағамыздың арсыздығына еріксіз таңдандым», – деп еді Батырхан. Парламент депутаттығына елі жағынан кандидат болып, алыс-жақын ауылдарды аралап, сайлау алдындағы соңғы аптада облыс орталығына оралғанында алдынан: «Батырхан Дәрімбетовте қайраткерлік қасиет жоқ, оған дауыс бермеңдер!» – деген жеделхат шығыпты. Сайлаушыларға ашықтан ашық жіберілген жеделхат екен. «Биліктің мені бәрібір өткіздірмейтінін сезгенмін, сондықтан ол арсыздыққа жауап бермедім, пәленбай ырылдады екен деп қайтем соны!»», – деп жымиған еді.

Маған Батырханның жымиысы ұнайтын. Батыр тұлғалы, батыл өңді, орақ тілді, кесек қимылды адамның күлкісі де, жымиысы да жарасымды болады ғой. Өңі жылмиып, сөзі майда-шүйделеніп жүретіндерге кереғар. Батырхан сондай жылмақайлардан бойын аулақ салған сайын, ол құрыпкеткірлер оған жақындай түсетін, сірә, абыройкүндес біреулер итермелейтін болса керек.

Батырханның кітаптары менде де бар. «Ғаба-аға!» – деп жылы да жарқын қолтаңба жазып берген. Кітаптарының тұсаукесеріне қатысып, озық ойлы, қажырлы, табанды Азамат туралы пікірлерімді айтып жүрдім. Саясат майданындағы бүкіл күресіне қанықпын. Қазақтың қайсар Ұлы еді.

Иісі қазаққа мәшһүр болған, тарихи тұлғаға айналған саясаткер, қаламгер Батырхан туралы сөз мол айтылып жүр, айтыла береді де.

2004-жылдың көкек айы. Бір күні телефоным шылдырлады. Батырхан екен. «Ғаба-аға, сізге құда түсуді ұйғардым», – деп ақжарқын күлді. «Есінде болар, қыздарымның басы бос емес, ал кенже ұлым – студент, бойдақ», – деп мен де көңілдене сөйледім. Оны-мұны әңгімеден кейін Батырхан: «Сонау бір жылы Бас прокуратураға Мұстафа Шоқай хақында жазған хатыңыз бар еді ғой, соның көшірмесін маған беріңізші, қолымдағы «Жас Түркістан» журналына жариялауым керек болып тұр» – деді. Неге керегін сұрап сөз көбейтпедім. Келістім де, ертеңінде апарып бердім. Батырхан әдетінше жымиып: «Өзіңізге әкелдіргеніміз ыңғайсыз болды-ау, жігіттерім командировкада еді», – дейді. «Зейнеттегі шалға пошташы болу ауыртпалық емес» – деген жауабыма айызы қана күлді.

Арада бір апта өткенде Батырхан тағы телефон шалып, хат-жауапты тездету үшін құзырындағы «Азат» газетіне шығарғанын, газеттен екі дана беріп жібергенін айтты.

Батырханнан оны пәлен жылдан соң тағы жариялауына не себеп болғанын бертінде сұрағанымда ол: «Ғаба-аға, «қазақтың ең тыныш отырғаны бір кебісті бір кебіске сұға отырады» – деген бар емес пе, сондайлардың бір-екеуін сіздің сол «кебісіңізбен» қақ бастарына бір-бір салу қажет болды», – деді.

...Сендей Азамат аз. Батырхан інім еске түскен сайын осы бір өкінішті сөз ойыма орала береді. Ал оның еске түсуі жиі, себебі бүгінде саясаткермін деп жүрген ағайындардың көпшілігі саяси саудагерлікке төселіп алды.

Елдің еркіндігі үшін тастүйін болып, табанды күрес жүргізген «Азат» қозғалысының шежіресін жазған Батырхан биліктің ығын сағалай «өзгеріп сала бергендер», сондай-ақ, «Азатқа» қарсы майдан ашқандар туралы ашық та батыл сөйлеп жүрді және дәлелді жазды да.

Тәуелсіздік, демократия күрескерлері сапында табан аудармай жүрген санаулы қайраткерлердің бірегейі, басшы да болған Батырханның саясаткер журналшылық мұрасына назар аударғанда оның әрбір мақаласынан ел, халық мүддесін қастерлегені анық аңғарылады. «Азат» қозғалысының, «Азат» партиясының Қазақстанның тәуелсіздік игілігіне сіңірген еңбегін баяндауы құнды. Оның: «Сайқымазақ сайлау және қазақтың «балқаймақтары», «50 мақала», басқа кітаптары да шындықпен көмкерілген.

Қапияда көз жұмған қайран Батырхан! Әңгімелескен, пікірлескен сәттеріміз санамда жаңғырғанда, қолтаңбамен сыйлаған кітаптарыңды парақтап отырғанымда бүгінде сендей Азаматтың аз екеніне еріксіз қынжыламын.

2010-жыл



## ҚАЛАМҰШЫ ҰЗАРЫП КЕТЕТІН

Қазекемнен сөз қалған ба... Мақал-мәтелдерін айтып отырмын. Сан ғасырғы тірліктерінің тұнбасы ғой, дік еткізіп шаншыған найзадай нық. Бір жәйтті барлап, шамалап, шолы бастаған ойыңды дереу жинап, уысыңа салып бере қояды да, түсінік-тұжырымға кенелтеді. Мысалы, «тура сөйлеген туысына жақпайды» дегені әншейін айта салған сияқтанса да, өмір-тіршіліктің қаншама шындығын арқалап тұр?! Ғұмырыңдағы ең қымбаттың бірі туысың болса, оған жақпай қалу қандай қиын!.. Мінезіндегі мінің, әрекетіндегі ағаттығын тура айтсаң, ол да сені ұнатпайды екен. Мен де сан ұшыратқан ақиқат. Қаламы төселгеннен тек тура сөйлеуді серік еткен журналшы, менің де жолдасым, барша сауатты-түйсікті қазаққа, тіпті орыстілді оқырманға жақсы таныс та қадірлі Нүри Мұфтах әрбір мақаласын, әрбір фельетонын шығарған сайын онымен бетпе-бет кездесіп жүрді. Ол ғашықтардың кездесуі емес, ақ пен қараның, оң мен терістің, шындық пен өтіріктің, арлы мен арсыздың айқайлы айтысы, тәжіке-тартысы болды. Ақиқат майданына өз мүддесі үшін емес, халқының мүддесі үшін шығатын Нүри ақ болды, оң болды, шындық болды, арлы болды. Аянбай алысты, арпалысты. Көбінесе жеңді. Ал жеңілген сәтінде жасымады, жауаңдамады. Қайралды да, ұшталып, өткірленіп, қуаттанып, жаңа шайқасқа құлшына түсті.

– Әй, қысқа жігіт, сенен фельетоншы шықпайды, сен көңілшектеуің, әзіл-сықағыңды дөңгелете бер, фельетонды мен-ақ малданайың, – деді маған әу баста.

– Әй, шал, сенің кітаптарыңды менен бұрын кемпірім оқиды, әне, маған ұстатпастан тағы әкетті. Екеуіңнің университетте бірге оқығандарың маған ұнамайтын болып жүр, – деп әзілдейтін еді бертінде.

«Еді...». Өткен шақ... 2002-жылғы қарашаның 19-ы күні Нүриден айрылып қалдық. Қаламгерлік кәсібімен үнемі жол үстінде болатын Нүри сол жол үстінде апатқа ұшырады. Тараз қаласынан аутобуспен қайтып келе жатқанында.

Қалам ұстаушы көп, Қаламгер аз кезде, жалбақай көп, Жалаңтөс аз тірлікте, Нүридден-ай, халқыңа аса қажет едің! Қайырымсыз қалталылардан қағажу көрген, әділетсіз күштілерден қорлық-зорлық көрген жандардың зар-мұңын ең алдымен Сен естуші едің, көз жасын ең алдымен Сен көруші едің, естігенің мен көргеніңді батыл да қанық жазушы едің! Ақиқатты алымсынбайтын, шындықтың шырайын кетіретін арсыз шенеуніктермен ең әуелі Сен алысушы едің! Қазақтың журналшы-фельетоншыларының бүгінгі Қолбасшысы Сен едің! Соңғы жылдардағы тәуелсіз баспасөзіміздің басшы-қосшысы да, тілектестері де, тілшілері де «Нүри Мұфтах» – деп қол қойылған мақаланы алдымен оқитың, қуанатың, сүйінетін. Күйінетіндер де жеткілікті еді десем, олар енді төбелеріне төніп тұратын қылыштан құтылып, естері шыға есуастанып күліп жүрген шығар...

Ақкөз автомәшиннің отыз шақты жаяудың арасынан сені ғана қағып кеткеніне сенгім келмейді...

Екеуіміз 2-Алматы теміржол вокзалында кездестік. Мен Көкшетауға жүрмекші едім. Ол: «Таразға бір сұмдық фактінің ізімен кетіп барамын» – деді. Одан оралған соң Ақтөбеге аттанатының, жұртқа есе бермей, жұтқыншағын ойнақтатып жүрген атақты бір жемқордың ізіне түсетінін айтты. «Оның аты-жөні әзірше «АП» бола тұрады, қоясын әбден ақтарғанымда ғана кім екенін білесің, пока сұрама» – деп күлді. АП Ақтөбеде өндірістік-техникалық училищені бітіріп, заводқа жұмысқа орналасқан. Жатақхана жоқ болған соң, цехтас жолдасының үйінде тұрған. Бір жылдан соң жолдасы қалайда опат болады да, оның қырқы өтісімен, АП оның сәбилі әйелін алып, Жамбыл қаласына тайып тұрады. Екеуі «Біз студент кезімізде қосылғанбыз» – деп суайттанып жүреді. Жеті кластық қана білімі бар әйел «студенттік тойларын» жыр қылып айтқанда, беті бүлк етпейді екен. Екі «керімге» әйелдің бұрынғы қайнысы ыза болып, бірде іздеп барады да, бұрынғы жеңгесінің бетіне түкіріп, төрт жастағы қарындасын алып кетпек болады ғой. Бірақ жуанжұдырық АП оны сабап, үйден қуып тастайды. Сол жігіт Нүридті іздеп Алматыға келген де, аға-жеңгесі, АП жайында білетінін жайып салып: «Бізге, Ақтөбеге келіңіз. Аға-жеңгемнің некелескендегі, тойларындағы, сәбилі болғандағы, тағы басқа суреттері көп, көріңіз. Талайды зарилетіп жүрген анау алаяқ АП-ны әшкерелеп жазыңыз!» – деп өтініпті. Қыңыр-қисық жәйтке қаламұшы ұзарып кететін Нүри баруға уәде берген. Алайда...

Нүри екеуіміздің ақырғы жүздесуіміз вокзалда боларын кім білген!

Қайран Нүри Тараздан шыға «СолДат» газетінің редакторы Ермұрат Бапиға телефон шалып: «Бомба әкеле жатырмын!» – деп құшырлана күліпті. Сол «бомба» өзіне тажал болды-ау!..

2003-жыл.



## САН ҚЫРЛЫ

Бастықтарға басқару аппараты, басқаларға байланыс құралы болған телефоным кіші бесінде әнге басты. Тұтқасын құлағыма жапсыра бере естілген дауыс:

Адам сауда, мал сауда,  
Қамың сауда, қан сауда,  
Беремісің жансауға?!



Таразы дүние, тар мекен,  
 Кеңір күнің бар ма екен  
 Араның мен арының?!  
 Нан сұрасам, «жоқ!» дейсің,  
 Дәм сұрасам, «жоқ!» дейсің,  
 «Жоғыңа» сенің оқ тисін!  
 Аузыңды сүртіп қу шөппең,  
 Кигізер болсаң су шекпең,  
 Кімге керек нарығың?!  
 Ал не дейсіз, ағасы,  
 Қалай өзі бұл өлең?

– деп тына қалды. Таныдым, – Сейіт!

Кенжеахаңның баласы,  
 Дауа жоқ бұл нарыққа.  
 Біз қаламыз жолда,  
 Ол кетеді алысқа,

– дедім. Ол сылқ-сылқ күлді де:

– Ассаламағалейкүм, ағасы! Дауа жоқ десеңіз де, оған ұзақ мысқыл арнап отырмын, әзірше үзіндісін тыңдадыңыз, – деді. Есен-саушылық сұрастық.

– Ғабеке, Алматыға осы жаңа ғана келіп түстім, – деді ол

– Көріп отырмын.

Тағы да сылқ-сылқ күлді.

– Ғабеке, сізбен қазір Үмбетбай құрдасыңыз сөйлеседі.

– Ол тусыртыңда тығылып тұр ма?

Тағы да күлді.

– Ол үйінде. Мен телефонымды жабамын, ол ашады, ал, ағасы, тыңдаңыз.

Үш-төрт минөттен кейін байланыс құралым тағы әндетті. «Екі метр» Үмбекең болды. Сейіт екеуі не ойластырды екен?

– Ау, ұзын жігіт, тыңдап тұрмын.

– Тыңдап тұрсаң, қысқа жігіт, мәселе былай: келіншегіңді қолтығыңа қысып алып, біздің үйге жет. Қазір Сейіт келеді, біраз отырайық.

Сол күнгі кешті Үмбекеңнің, сатира сардары Үмбетбай Уәйдаұлының, үйінде өткіздік. Оспанхан мен Шонаны, Оспанәліні еске алысып, әзіл-қалжың әңгімені өрістеттік.

Сейіт Қостанайынан Алматыға бір аптаға «көшіп» келген сайын, ол қаншама асығыс жүрсе де, кешкісін үш үйде бас қосысып, бір жасап қалатынбыз. Үшінші үй – Сейіттің мейманханадағы бөлмесі. Ал оның асығыс жүретіні орынды. Әу баста өзі төрағалық еткен Торғай облыстық «Қазақ тілі» қоғамының, одан кейін де Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогика институтының (онда кафедра меңгерушісі болды) шаруасымен келетін. Содан соң «Алматыкітап» серіктестігіне жиі келіп жүрді.

2005-жылдың мамырында «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» – деп аталған көлемді де көркем безендірілген кітабын әкеліп сыйлады. Көріп, құттықтап тұрып:

– Салмағы үш кило кітап шығарған тұңғыш қазақ сен шығарсың, айтақалсын екен! – дегенімде:

– Ағасы, ендігі жолы бес кило тартатынын әкелемін, – деді.

Шынында, 2007-жылғы көкек айында әкеліп сыйлаған «Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті» кітабының салмағы төрт килоның төңірегі.

– Бәрежелді! Үшінші кітабың бұдан да салмақты болсын!

– Үшіншісі болады, тек оның салмағы әзірше белгісіз.

Аталған кітаптары қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шыққан екен. Аттары айтып тұрғандай, мәдени, ғылыми құндылығы аса жоғары жинақтар. Сейіттің танымпаздығына, талғампаздығына сай мейлінше әсем безендірілген. «Алматыкітап» басшылары Сейіттің бұрын да шыққан «Жеті қазына» топтама кітаптарымен жете таныс болса керек, қазақ халқының мәдениетін шет елдерге танытуға ерекше пайдалы еңбекті бағалай біліпті, аянып қалмапты. Көріп көзім қуанды, оқып көңілім көншіді!

Сейіт Кенжеахметұлының қай кітабы болсын дүкен сөресінде екі-үш күн ғана жатады.

Оның жарық көрген әзіл-сықақ өлең-әңгіме жинақтары оннан астам болса, ғылыми-танымдық еңбектері он кітап шамасы. Әдеби аудармалары да баршылық.

2007-жылдың күзінде біздің үйде өткізілген «мәжілісімізде» өзіміз ауылынан баяғыда аттанып кеткен жігіттік жайындағы «бір сырлы, сегіз қырлыны» жаңғырту керек деген сыңайда пікір айттым. «Тыңдаушыларым» онымның бекершілік болатынын ескертісті.

– Кәне, Сейіт, мен сенің қырларыңды айтайын, сен саусақтарыңды бүгіп сана, – дедім.

– Уа деген!

– Қызық болды!

– Мен дайынмын, бастаңыз, – деді Сейіт қуақы түрмен.

– Әзілші, сықақшы...

– Ағатай, тоқтай қалыңыз, «әзіл-сықақшы» – деп қосып айтыңыз, – деді танымал әзіл-сықақшы ініміз Таңдай Кенеев, қырылдаққырай сөйлеп.

– Жоқ, қоса алмаймын. Біріншіден, әзіл мен сықақ екеуінің орны екі бөлек. Әзіл – кейіпкерін сылап-сипай сынайтын күлкі, ал сықақ – сойып салатын күлкі. Өздерің білесіңдер. Екіншіден, олар – қазақ пен қарақалпақ сияқты туысқандар, бірақ қазақ – қазақ та, қарақалпақ – қарақалпақ. Солай ғой?

– Солайы солай делік, Фабекке, ары қарай аяңдаңыз. – деді Сейіт күліп.

– Ақын, прозашы, этнограф, аудармашы, очерк пен мақаланың майын ішкен журналшы, «Тамаша» театрының сақа сценаристісі, «Ана тілінің саңлағы» атағы бар тіл маманы, тарихшы, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Халық ағарту ісінің үздігі» атақтарына ие педагог...

– Ағасы, Фабекке, стоп, стоп! – Сейіт жұмулы екі жұдырығын көтерді. – Міне, осымен тура бітті, ары қарай саусағым да жоқ.

– Запаста он башайың бар емес пе?

Таңдай күліп қарық.

– Лев Гумилев атындағы Еуразия университетінің құзырындағы «Отрар» кітапханасында аға ғылыми қызметкерсің, демек, кітапхана ісінің де білгірісің...

– Жоқ, ағасы, башайымның берекесін кетірмейік, осымен шымылдықты түсірейік! – деді Сейіт, күліп, жұдырықтарын жанқалталарына сүңгітіп.

Таңдай мүлдем мәз.

...Менде Сейіттің бірнеше хаты сақтаулы. «Телефонмен сөйлескенде бірді айтып бірге кетіп қалатыным бар, одан хатым тыныш» – деген.

Бір күні... Сейіт қызмет істеп жүрген институттағы жиенім арқылы «барлау жасасам», кафедра штатындағы үлкен-кіші, ер-әйел баршасы дерлік ғылыми атаққа ие. Кандидат, доктор дегендей. Сейіт қана «жалаңаш». Соның өзінде түрткі көріп жүр екен. «Ғалымдар» иісі қазаққа белгілі қаламгерімізді «бізбен бірдей еңбекақы

алуға құқы жоқ» – дейді баяғы. Содан ары-бері ойланып, «бөріктің намысы бір», Білім және ғылым министріміз Шәмша Көпбайқызы Беркімбаеваға хат жазайын. 2002-жылғы қыркүйек айында.

Шәкеңмен жүздескен, ең болмаса телефонмен әу дескен емеспін. Алайда ермінезді екеніне көзім жеткен. 1976-жылы, маусым айында-ау деймін, Жазушылар одағы басқармасының бір дөкейлері мені жоқтан өзгеге жазықты етпек болып, «ісімді» Алматы қалалық партия комитетіне жеткізіп, ол Совет аудандық партия комитетінің қарауына жібергенде аупарткомның бірінші хатшысы Шәкең: «Мен жазушының ісін қарамаймын!», – деп кесіп айтыпты. Дөкейлер ісімді аудандық атқару комитетінің комиссиясына тапсыртты. Қазекем: «Аққа құдай жақ» деген ғой, қаралауға жанталасқандар жарбиып-жарбиып далада қалды. Ал егер сол кезде Шәкеңнің орнында ойы таяз бір төре отырсыншы, мені, жыға алмаса да, біраз жерге сүйрейтін еді.

Сейіт жайындағы хатымды оның еңбектерін теріп шұбалтпадым, айтарымды: «Сейіт Кенжеахметовтің шығармашылығымен таныс екеніңізге шүбәм жоқ» – деп тұжырдым. Көп кешікпей, қараша айының 11-і күні Арқалықтағы Сейіттен хат келді. «Осыдан 2 күн бұрын ҚР Білім және ғылым министрлігінің «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағы белгісін омырауыма тақтым, онымен қоймай, Министрліктің Құрмет грамотасын алдым. Естідім, білдім, сізге екі мың да бір рахмет, жан Аға!.. Сол күні 5-6 көреалмастың әкелері «өліп», денесіз «жерленді» ғой» – депті. Дереву телефон шалып құттықтап: «Рахметті министр Шәмша Көпбайқызына айтқын. Егер Шәкең хатымды архивтеріне айдап жіберсе, шауып алатын ба едім?» – десем, інім жадырай күліп: «Ағасы, дегенмен, қашқақтамаңыз, менен бөрібір алыстау жоқ сізге! Ал Шәкеңді сырттай білемін, мықты министр, әділ, адал адам деседі білетіндер», – деді.

Қаламдас інім келесі бір хатында: «...біздің Үмбетбай дәу қалай? Әлі сол асықпайтын қалпы ма? Бұрыш қосса, жылдамдық қоспас па екен, сұрасаңыз еді. Біздің түк жоқ Арқалықта бұрыштың түр-түрі көп» – депті. Мұндағы екі мәрте «бұрыштың» бір сыры бар.

Мен төртінші класта оқитын жылы Панфилов атындағы колхоздың орталығы Дүбір ауылынан төрт шақырым жердегі Қара ауылына көштік. Әкемнің жұмыс жағдайына байланысты болды-ау деймін. Қыркүйектен қараша айына дейін біз – бастауыш мектептің бес шәкірті – мектепке жаяу барып-келіп жүрдік. Қыс келіп, қар қалың жауып, аяз басталды. Ауылда қой фермасы бар болатын, әкем соның басшыларымен сөйлесіп, бізге түйе жөккен шана беруді ұйғарысыпты. Ферманың негізгі жұмыс көлігі төрт түйе екен, жазда екі бота қосылып, алтау болған. Сонымен, мектепке барып-келуге көлік бар, бірақ оған ие болатын басы артық кісі жоқ, – бәрі шаруада. Ферма бастығы Бижамал апай: «Ғаббас-жан, сен ересексің ғой, мына көлікке сен ие бол. Мектепке барған соң түйені қашасының бір қазығына байлап, алдына шөп салып қой, жарай ма?» – деп, Қамбар ағай шанаға шөп салып, бесеуімізді отырғызып, делбе мен бишікті маған ұстатып, шығарып салды.

Арбиған зор пішінді қара түйе шабан да қырсық екен. Маң-маң аяңынан жаңылмайды. Делбені қаққылаймын, – пық демейді. Түрегеліп, бишікпен салып қалсам, – бақырады да, бізге ұзын мойынын бұра қарап, жынын шашады. Әдейі ерегесетін сияқты. Бір апта сөйтіп «итшіледік». Бишікпен кезек-кезек шықпыртамыз. Өйтсек, қара түйе барқырап, түкірініп тұрып алатынды шығарды. Сабаққа кешігіп те қалатын болдық. Ауыстырып берсе деп қыңқылдап едік, басқа бос түйе болмады.

Содан бір күні маған бір қулық ой келді. Біздің үйде қара бұрыш бар болатын. Соның бір уысын қағазға орап қалтама салдым да, қыр асқаннан кейін қағазды жазып,

бұрышқа өзім де түкіріп, басқаларды да түкірттім. «Мұны не қыласың?» – дейді Өкеш. Басқа жолдастарым да аң-таң. «Қазір көреміз» – дедім де, түйенің тұштыған құйрығын көтеріп, бұрышты көтеніне нығарлап жапсырдым ғой. Құйрығы қашқан кесірткеше тұштаңдап, өзі бақырып, қара түйеміз бәйгеге қосылғандай емпілдеп желіп жөнелді. Біз ә дегенде не болғанын ұқпай қалдық та, «мәселенің шешілгеніне» көзіміз жеткен соң, шанадан мықтап ұстап, ал кеп күл. Қара түйе боздап, біз еліре күліп, мектепке күндегіден әлдеқайда тез жеткеніміз.

Балалық шақтарымыз жайында сағынышты әңгіме шертіп отырған бір жолы соны айтқанымда Сейіт ішін баса бүктетіле қайта-қайта күліп:

– Фабеке-ау, байғұс қара түйенің көтені күйіп, ойылып құрыған жоқ па? – деген.

– Ештеңе еткен жоқ сияқты. Әйтеуір, мектепке тақала бергенімізде бір уыс шөппен ысқылап, тазартып жүрдім, – дегеніме Сейіт тағы қатты күлген.

...Қадірлі Сейіттің жасы елуге толғанда алматылықтардың атынан құттықтап келуге Арқалыққа Қажытай Ілиясұлын аттандыруға келістік.

– Кәрия, бұл жұрт елуді тойлағанды доғарған ба, не болған?! Алматының асты-үстің ақтарсам да, 50 деген цифры бар папка таба алмадым, – деп келді ол.

– Әй, жасия, онда 60 цифры жапсырылған папканы алып кел, – деп қайта жұмсадым. Сезе қойып, қутыңдап жөнелді. Алып келді.

– Енді сен бұған жазар сөзді дайында. «Елудегі Сейітті алпысымен құттықтаймыз! Алпысында осылайша жетпісімен құттықтайтын боламыз, сөйтіп жүзден асыруға қаулы алдық» деген мағынада өлеңіңмен өрнек салғың, – дедім.

– Ә, ол жағын қатырамыз! – деді, көңілі көктем Қажытай...

Қазекемде: «Ауылың жіберсе, барарсың» деген бір қызық сөз бар ғой, сол расталды. Сан қырлы Інімнің мерейтойына бара алмадым, аурухана жібермеді...

Жаратылысы жайсаң жанның жымиысы жылы болады ғой. Басқаны білмеймін, өзімді Сейіттің жымиысы алғаш жүздескенде-ақ баурап алған-ды. Шағын мыс қоңыраудың үніндей қоңыр дауысы да құлаққа жағымды екен. Әу дескеннен әңгімеміз жарасты. Тіл-көмейімен ғана емес, көкірек тінімен де сөйлейтін сияқтанды. Алыс-жақынды жатсынбайтын ақжарқын мінез иесі деп білдім. Бұл танымыма екеуіміз аралас-құралас болған қырық екі жылда ешқандай дақ түскен жоқ.

Биылғы наурыздың 31-күні ымыртта телефоным шылдырлады. Сымның арғы ұшынан:

– Ағасы, ассалаумағалейке-е-ем! – деген сәлем жетті.

– Арқалығың Алматыдан жылыдай-ақ, пенжақшаң жүргенің қалай? – дедім. Ол күліп:

– Қайдан білдіңіз? – деді.

– Көріп отырмын ғой!

Өзімен сәлемдескенімде осылай бұра сөйлейтініме үйренген інім тағы күлді. Көңілі ерекше көтеріңкі екен. Хал-ахуал сұрастық. Әдетінше «ағасы» – деп алып, ел-жұрттың жағдайы, өзі оқытушы болып жүрген университеттің тірлігі туралы айтып өтіп:

– Көкек айының 1-күнін басқалармен өншілесе «Күлкі күні» – деп жүрміз ғой, Алматыдағы ағайындарды өзіңізден бастап құттықтағым келді. Жаратқан бас аман-дығын беріп, көңілді сәтіңіз көп бола берсін!

– Эумин!

– Ағасы, соңғы кезде «бізде юмор жоқ, сатира жоқ» дегіштер табыла бастады, бүгін солардың бір-екеуін құттықтау ойым бар, не дейсіз? – деді ойнақы үнмен.

– Сейіт-ау! Ең болмаса газет-журналдардағы әзіл-сықақты оқымайтын, оқығанмен түсіне бермейтін сырттай жобалағыштарға уақытың мен сөзіңді шығындамай-ақ қойғын. Олар ертең: «Сейіт Кенжеахметұлы сынымды мойындап, мені құттықтады!» – деп аспанды айғыздауға тыраштанар, – дедім. Ол тағы да сылқ-сылқ күлді.

– Құрметті Сейіт мырза, шығармақ үшінші сұлу кітабың қайда? Ол биыл шықса, келесі жылғы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынайық. Ондай бағалы еңбек сирек! Ағылшын тіліндегісі әлі талай елге тарайды, қазақты таныта түседі. Үшінші томың қолыңа тиісімен кел, Жазушылар одағына барып, сыйлыққа ұсынудың шарттарымен танысайық! – дегенімде ол ақырын ғана күліп:

– Ағасы, ондайға зауқым жоқ қой, қыстамаңызшы! – деді. Іштейгі қарсылығының өзін жұмсақ күлкімен аңғартты. Қарапайымдылығы.

Иә... қарапайымдылық, кішіпейілділік, қанағатшылдық... Сейіт інімізге тән еді...

О, жалған дүние!.. Сейітіміз... бүгін... көз жұмыпты...

100 жасайтын жөні бар Азаматымыз еді...

Тағдыры неге тарынды екен?..

Алды жарық болсын!

2011 ж.



## ҚАДЫРИЯ

Алматының күншығысы...

«1-Кеңсай»...

«2-Кеңсай»...

«Кеңсай» ықпыл-жықпыл сай-саланы, қыр-жотаны біртіндеп иеленіп, кеңіп барады... Қаламен іргелес ауыл сияқты. «Итсіз ауыл». Қазекемнің зиратты осылай дейтіні бар. Жым-жырт жатады ғой.

«1-Кеңсайда» бос жер жоқ. Жабылғалы он шақты жыл.

«2-Кеңсайдың» қала жақ жотасында тұрмыз. 2011-жыл. Қаңтардың 24-күні. Қалаға көз тастадым. Бұрында бұл жерден аламыштанып көрінетін Алматы бүгін сәске түске жетпей-ақ бурыл-қошқыл бұлтты бүркеніп алып, бұғып жатып қалғандай. Арасында саңлау жоқ қою... бұлт емес, қала тірлігін мүлде тұмшалаған құрымкиіздей түтін. Қолқамызды қаптырып, өкпеізді ыстатып, қалайша төзіп жүрміз?..

Қадырдың төзімі таусылған екен. Міне, жербесігіне жатқалы келді. Жүздеген қаламдасы жылаулар халде алып келдік. Балалары, туысқандары, облыс әкімі Бақтықожа Ізмұхамбетов бастап келген батысқазақстандық жиырма шақты жерлесі... бәріміздің жүзіміз сынық. Шынайы қимасымыз Қадыр Мырза Әлиді фәниден бақиға аттандырғалы тұрмыз. Алматының ысына емес, «бас-басына би...» көбейгең, адамнан автөмәшін қымбат болған берекесіз, жылусыз жалтырақ өмірдің рухани тауқыметі төзімін тауысқан Ақын, Азамат Қадырдың жаназасына жиналдық...

«Өлім де – сын» – депті қазекем. Бағана М. Әуезов атындағы драма театрының табалдырығын аттай бере есіме осы сөз түсті де, Қазақстанның, Қазақтың Қадырын соңғы сапарына шығарып салуға кімдер келетінін ойлап, ығы-жығы көпті көзсүзгімен өткізе бастадым. Берісі Алматының әкімі Ахметжан Есімов, арысы республиканың бас министрі Кәрім Мәсімов келеді деп ойлады. Жоқ, олар көрінбеді. Мәдениет

министріміз Мұхтар Құл-Мұхаммед елдің алдымен жетуге тиіс еді, ол да жоқ! Иісі қазақ төбесіне көтерген, алақанына салған Қадырдың – Қазақстан Комсомолы және Мемлекеттік сыйлықтарының, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының, «Парасат» орденінің иегері, Мемлекет және қоғам қайраткері, республика Ел әні (гимні) авторларының бірі, Қазақстанның Халық жазушысы Қадыр Мырза Әлидің – адамгершілік, қаламгерлік қасиетін Алматы мен Астанаға симай шіреніп жүрген шенеунік атаулы тани алмаған екен ғой?! Ай, рухани сорлылық-ай!

Иә, рухани сорлылық!

Өткен жылдың аяқ шенінде Алматыда В. Ни деген кәріс қайтыс болыпты да, «Егемен Қазақстан» бастаған газеттерден оқып, радиодан естіп, телеарналардан көргенімдей, оны жерлеуге Астанадан парламент сенатының төрағасы Қ. Тоқаев бастаған делегация ұшып келіпті. Марқұмның аруағы кешірсін, мемлекеттік-үкіметтік деңгейде соншалық құрмет көрсететіндей, В. Ни кім болып еді? Кеңес өкіметінің соңғы жылдарында, одан кейін де республика Министрлер Кеңесі құзырында Шаруашылық басқармасына еге болған. Жоғарғы басшылықтағы шенеуніктердің қарын қамын, яғни ішіп-жемін ойластырумен шұғылданды, үй-жайын жыл сайын жасартты, жиһазын жаңартты, тойын түгендеп, меймандарының көңілін көншітті. Ол, В. Ни, бертінде Президенттің кадр-қаржы жөніндегі бейресми кеңесшісі болған деседі. «Қалауын тауып қарды жандырған» ғой. Қадырды Тау десем, нилер оның етегінде шашылып жатқан тастар еді, бірақ олар ымдас-жымдастары үшін асыл тастар екен ғой!..

Қазекем: «Құрдастың құдайы бір» деген екен, сол бір құдайға бүгін нали сөйлемеске шарам қалмады. Құрдасым Қадырдан көз жаздырды, міне. Кездесе қалғанда, телефонмен хабарласқанда: «Қадырия, хал жақсы, иә?» дегенімде ол: «Шүкір, Ғаббасия!» – деп алып, қашанда дайын қалжыңымен әрлеп, қысқа да нұсқа бір әңгіме айтып тастаушы еді. Бірде:

Желпінемін жолықсам жырласпенен,  
Жырластарды ең жақын сырлас көрем.  
Азаматтың бақыты – достар десем,  
Ал қызығы– кәдімгі құрдас дер ем,

– деп жаңа өлеңінің бір шумағын оқып та жібергені бар.

Жамбыл көшесіндегі ақ үй мен сары үйде сегіз жыл іргелес болдық. Балаларымыз ержетті, немере сүйдік. Екеуіміздің: «Хал жақсы, иә?» мен «Шүкіріміз!» бұрынғыдан да көңілді, әлдеқайда көтеріңкі айтылатын болды.

Шіркін қарттар шабытты,  
Шұбыртады-ау батасың,  
Немерелер бақытты,  
Түшкірткенге атасын.

Қуат алып, күшейіп,  
Мәз болады шал қанша!  
Немересі есейіп,  
«Насыбайсыз» қалғанша!

– дегені арғы-бергі шалдардың мерейін мейірленіп айтқаны емес пе?!.

Тірліктің талабына қарай бұрынғы бір пәтерімізді екіге, үшке бөліп, балаларымыздың отауларын тіктік. Іргеміз алыстады. Қалам құшақтаған күйбеңмен жүріп, кездесуіміз сиреңкіреді. Той-томалақта, анау-мынау жиындарда ғана жүздесетін болдық. Қадыр жылдың біраз уақытын өзі туып-өскен Орал өңірінде өткізіп жүрді. Мен болсам, «Шығысым, қайдасың?!» – деп тартып тұрамын.

...Ауруханаға түсіпті дегенді естісімен іздеп бардым. «Қадырия, мұнда да жазып жатырсың, иә?» – дегім келді. Оның оқыс әзіл айта жауап беретінін білемін. Әзіліне қарымта қайыра алмаған сәттерім көп еді, бұл жолы ол не дер екен, мен не десем екен деп іштей дайындалған болып бардым. Бірақ кезекші дәрігер келіншек мені есік көзінен қайтарды.

– Бұл реанимация бөлімшесі. Кіруге болмайды, ол кісінің халі ауыр. Инфаркт, обширный. Салтанат апай біледі. Кейін хабарласарсыз, – деді. Илікпеді.

– Палатасында, жанында кім бар?

– Ешкімге онда отыруға рұхсат жоқ.

Қадыр ерекше құрметтеген Оспанхан Әубәкіровтің өзім құрастырған «Анау мен мынау» атты әзіл-сықақ өлеңдер жинағын: «Қадырия, саған дәл бүгін күлкіден артық дәрі аз, иә?» деген қалжың қолтаңбаммен ала барып едім, соны дәрігерге ұсынып:

– Мына кітапты тумбочкасына қойыңызшы, оған керек кітап, басын көтерген соң оқиды, – дедім.

Дәрігер маған сөз ұқпаған баласына қараған шешенің кейпімен қарап сәл-пәл тұрды да, кітапты селқос алып, бұрылып кете барды. Көңілім құйындап, кеңсірігім ашып, көзіммен ұзатып тұра бердім. Ол ұзын дәліздің арғы шеті жақтағы бір палатаға кіріп шықты. Маған қараған сияқтанды. «Неге кетпей тұрсың?» дегені де...

Қадырия...

«Мотордың мәні болыңқырамай жүр» – дейтін..

«Бар болғыр жүрек жұлқынуды үйреніп алды» дейтін..

«Кәрі жолдас жүрегіммен тіл табыса алмай жатырмын» – деді бірде, ауруханада...

... «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына қызметке орналасқаным жарты жылдай болған. 1966-жылдың күзі. Бір күні, сағат 11 шамасында, бөлмеге аласалау бойлы, өзінен мұрны үлкен қараторы жігіт кіріп келіп, табалдырықтан бері бір аттап, тымпиып, жымыып тұра қалды да:

– Әй, ұзын Ғаббас, қысқа Ғаббасың қайда? – деді, төр жақтағы бос тұрған үстелді – жауапты хатшымыз Ғаббас Жұмабаевтың үстелін иегімен нұсқап. Бейтаныстың басакектегені қитығыма тие қалып:

– Тауып ал да, өзінен сұра, – дедім, оқып отырған материалыма қайта үңіліп.

Бейтанысым әскери кісіше аяғын тақ-тұқ басып қарсы алдыма келіп тұрды да:

– Жолдас құрдас, таныс болайық, менің аты-жөнім Қадыр Мырзалиев. Хал-ахуалың қалай? – деп қолын ұсынды. Өзін алғаш көргенім болмаса, мақтау лебізбен аталып жатқан «Ой орманы», «Дала дидары» кітаптарынан біраз хабардар едім, тұрып қолын алдым. Бітімі шағын болса да, қол қысысы шатақ екен, әлде, «жолдас құрдасына» қыр көрсеткені ме?

– Атымды біліп тұрғаның жетер, арғысын қайтесің, – дедім.

– Сен бұ дүниеге қай айда келгенсің? – деді, жымия түсіп.

– Көкек айының басында.

– Ал мен қаңтар айының басында келіппін. Демек, жолдас Қабышев, сенен бақандай үш ай үлкен ағаңмын! – деді, жорта ежірейіңкірей қарап.

– Үш жаялықты бұрын тоздырғаныңды пұлдап тұрсың ба? – дедім.

– Міне, отыз бесінші жылы туғандар осылай болса керек-ті! – деп шапалақ ұра күлді.

Кейін де сол танысу тәсілімізді еске алғанда Қадыр: «Шыныңды айтшы, сонда сен қатты шошыдың, ә? Түрің сұмдық бұзылып кетті», – деді. «Айтпа, әлі оңала алмай жүрмін» – дедім.

Қадыр мен Оспанханның жаратылыстарында өзара ұқсастық бар еді. Оспанжан күлкілі еңгіме, не өлең жазар алдында рахаттанып күліп алатын.

Қашанда қапысыз, ұтқыр әзіл-қалжыңдарын айтқан сәтінде Қадырдың да бүкіл бет-ауызы күлетін.

– Өзің айтып, елдің алдына түсіп өзіңнің күлетінің қызық, – дедім бірде. Ол әдетінше оң қолының сұқсаусағын секите қарап:

– Сен сияқты ауыр артиллерияның атылуын тосып отырар уақытым жоқ болған соң сендер үшін күлмегенде қайтем? – деді.

Ол уақытқа ұқыпты болды, уақытты бағалай білді. Жеңіл-желпі жиынға жолаған емес. Мәртебелі жиындарға да құлшынбайтын. Өзінің жазғандары, басқа тілдерден аударғаны бар жиыны қырық шақты томын әзірлеп, баспаға тапсыра бастағаны сол өнегелі әдетінің айшығы-ау!

Халықтың қалауымен республиканың Жоғарғы кеңесіне депутат болғаны, 1986-жылғы Желтоқсан оқиғасының себептерін зерттеу жөнінде Жоғарғы Кеңес құрған комиссияның төрағалығына сайланғаны оған көрсетілген зор құрмет, мол сенім болса да, Қадырдың асығы алшысынан түскен жоқ. Сол жәйттерді екеуара еңгімеге арқау еткенімізде, ол әдеттегі шапшаңжауапшылдығын тежеп, қабағын сәл шыта ойлана сөйлеп:

– Депутат болу, әлгі комиссияны басқару екінің біріне бұйыра бермейтін «батпан құйрық» қой, ал мен сонда кеткен уақытымның ең кемі жартысын рәсуа деп есептеймін. Бір «қызығы», Фаббасия, бері қара, өзімді депутаттыққа сайлаған жұрттың мүддесі деп бір мәселені кең қамти қазбалап айтып, мен өзі нені айтсам да қазбалап, түк қалдырмай айтамын ғой, дәлелдеп беремін, онымды біраз депутат бірінен соң бірі қостап, қуаттап сөйлейді. «Әп, бәрекелді! Ондыққа тигіздім!» – деп депутат Қадыр Мырзалиев жолдас өзіне өзі өте риза болады. Ал ол мәселенің шешімі дауысқа салынған кейін Қадекеңнің оғы, «ондық» қайда, тіпті нысананы маңайламаған болып шығады. Ол қалай? – деді, «оғын» орта жолда мен ұстап қалғандай-ақ, маған шұқшия қарап.

– Құрметті Қадырия, оны мен қайдан білем? Сенімен бірге депутат болған жоқпын ғой? – дедім, қорғанысқа көше қойып.

– Болмай-ақ қой, қызығатындай дәнеңе жоқ. Мен бір сөйледім, екі сөйледім, үшінші жолы өлеңімді жазуға кірістім, кейіпкерлерім сол залдан табылып жатты, – деп ол мол мұрынын сұқсаусағымен бірер сүйкеп, күліп алды да, қайтадан салмақтанып: – Комиссия десең... ол оқиғаның алды-артында, о жақ, бұ жағында болғандардан менің түсінік алғанымнан гөрі жоғары-төмендегі «жойқындарға» менің түсінік беруім көбейетінге ұқсады, ондайда өлең жазу қайда, Салтанатпен дұрыстап сөйлесуден қалдым. Әй, Фаббасия, қояйықшы, сұрықсыздықты еске алуды суханым сүймейді, – деп қолын сілтей салды...

Әдеби газетіміздің редакциясында тосыннан, қызық табыстық дедім ғой. Құрдасымның сондағы айтуынан ба, немесе өзінен-өзі қалыптасты ма, әйтеуір, редакцияда содан былай: «ұзын Фаббас», «қысқа Фаббас» – деп атау шықты. Атас бастығым, жатаған Жұмабаев мені тек «ұзын Фаббас» дейтін болды.

Сол тосын да жарасты сәттен бері де 44 жыл өтіпті...

Өмір дейміз. Заман дейміз. Қоғам дейміз. Қадырдың шығармашылық ізінен көз жазбағандар оның осы үшеуіндегі өзгеріс, жаңалық атаулының бәрін дерлік ой сүзгісінен өткізіп, өлеңімен төрелік айтып отырғанын көрді деп білем. Көне тарих пен жаңа тарих арасы, ауыл мен қала өмірі, орман мен дала дидары, бала мен қарт тірлігі, әдебиет пен ана тіл қадірі, жас ақын-жазушылардың жағдайы... Ол бірде сүйініп, бірде күйініп жазбаған тақырып жоқ-ақ, жоқ!



Аталған газет редакциясында қызмет істеп жүргенімізде кейде бір салмақты сыни мақалаға, немесе бір мәселені қамтыр топтама, бет берерде соған ортақ тақырып таба алмай қиналғанымызда Бас редакторымыз Сыр-аға – Сырбай Мәуленов – мұқыл басбармағымен добалдай мұрынын бірер сүйкеп алып: «Абекеңнен алмайсындар ма? Абекеңнің әрбір тармағы рубрика, шапка ғой!» дейтін. – Абекеңі – Абай бабамыз. Шынында Абайдың сөздерінен, өлең жолдарынан талай тақырып, сан алуан айдар (рубрика) жасадық. Сол Сыр-ағаша айтуыма болса, Қадырдың өлең тармақтарынан қандай мән-мақсатты мақалаға болсын, өлең-дастанға, хикая-романға болсын... тақырып табуға болады! Оның үлкен-кіші туындыларының бәрінде көлеміне орай ой тұнып тұр. Қадыр – философ ақын! Ой өрнегі көнермес классик ақын!

Өкінішті,  
Көп нәрсені кеш білген.  
Оқымысты!  
Көмек күтпе еш тілден.  
Тарих қымбат, қандай болса сол күйде,  
Тәуір тарих сұрамаймыз ешкімнен!..

(«Іргетас»).

...Біз сенеміз,  
Сен де бізге сенгейсің.  
Дерті барды шипагердей емдейсің.  
О, Наурызым!  
Біздің Қазақстанға  
Біздің тілде таза сөйлеп келгейсің!..

(«Наурызға наз»).

Сең, Аязби, – жемісі даналықтың,  
Ойлап тапқан өзіңді Дала мықты.  
Кемеңгерлік бейнесін қайдан алмақ,  
Өзі сондай болмаса со халықтың?!

(«Аязби»).

Байтақ дала – өрісім,  
Барып тұрам сиретпей.  
...Малсыз жайлау –  
Мен үшін  
Идеясыз суреттей.

(«Төрт түлік»).

Тегі таза аймақта  
Түгі кетпес сау ұлдың.  
Тыныштықтан кей уақта,  
Өзі жақсы дауылдың!

(«Дауыл»).

Әділетке тас аттық,  
Тілсіз қалды мың мықты.  
Өтірікті босаттық,  
Қамап қойып шындықты.  
(«Қолдан жасаған құдай»).

Қару аз ба?!

Бірақ та

Қылышқа тең жоқ дер ем.

Бұғып жатқан қынапта,  
Қанжарды мен жек көрем!  
(«Қылыш пен қанжар»).

Күлкі буса,  
Отырма сен қысылып,  
Ұшыр оны көңіліңнің құсы ғып.  
Өзгелерді әжуә ету – пенделік.  
Өзіңе өзің күле білу – кісілік!  
(«Күлкі»).

Ой дариясы. Ой мұхиты. Жүзе біл. Жүзе бер.

...Аспан үнемі бұлтсыз болмайды. Әзіл-қалжыңы жарасқан құрбы-құрдастар ғана емес, ес білгеннен бірге өсіп, төс түйістірген достар да қабақ шытыспай жүрмейді. Қымбат құрдасым Қадырия екеуімізде сондай сәт бір рет байқалды. 2005-жылдың жазында «Жас алаш» газетінің редакциясында жас журналшылармен кездесуде болдық. Үкімет газеттері жазатындай, кездесу жылы шырайлы, достық әңгімелесу жағдайында өтті. Тарасып, далаға шыққан кезімізде Қадыр:

– Фаббасия, менің «Иірім» деген жаңа жинағымды оқыдың ба? – деді.

– Сен маған тарту етіп пе едің?

– Жоқ, етем ғой.

– Бәрібір оқымаймын!

– Е, неге? – деп, білегімнен ұстай тоқтатып, әдетінше жорта ежірейе қарады.

– Себебі сен ол кітабыңда, – деп бастап, әжептәуір реніш айттым. Соның алдындағы аптада кезінде менімен көп жыл аралас-құралас, бірақ арамыздан ертерек кеткен екі ақын, бір жазушының әйелдері үйге телефон шалып, «Иірімде» марқұм жұбайлары жайында орынсыз сөз барын айтып мұңайған. Екеуі қыстығып жылап та алған. «Орынсыз сөз» дегендері шынында қағазға түсірудің керегі жоқ жәйттер екен. Әрқайсысының әдебиеттегі емес, жеке тұрмысындағы анау-мынаулар: араққа үйірлік, жігітшілік... дегендей. Мен естігенімді қысқаша қайталап айттым да:

– Қадырия, дәл осыныңды құптамаймын, бекер жазғансың, – дедім. Ол қолымды қоя берді де, қырын қарап тұрып:

– Менің өз пікірім – өзімдікі. Жасымыз жетпістен асқанда бірімізге біріміз енді жүрер жолымызды сызып береміз бе? – деді, салқын үнмен.

– Менде ондай ой жоқ, құдай сақтасын, бірақ марқұмдарды кейіпкер етпестен бұрын, өзіңнің: «Ақын болып бірдеңе жазарымда халық болып алдымен ойлап алам» – дегенің бар ғой, соны ұмытпасаң деймін, Қадырия! – деп әзілге сайдыра сөйлеп, қолтығынан ұстай беріп едім, ол тез бұрылып, ғимаратқа қайтадан кіріп кетті. Мен трамвай аялдмасын қарай аяңдадым.

Әрине, Қадыриямның ол қылығына қайран қалдым.

Ақырында екеуіміздің ол «кездесуіміз» «Айқын» газетінің бетінде баяндалды.

Арада айға жуық уақыт өте бере Қадырия телефон шалып:

– Фаббасия, «хал жақсы, иә?» – деп әдетте өзіне айтатын сөзімді өзіме қайталап, біреу қытықтап тұрғандай ішек-сілесі қата күлгені. Мен еріксіз қосыла күлдім. Сөйтіп, екеуіміз «Қадырия – Фаббасия» қалыбымызды қайтадан таптық!..

Ғинаятұлының өлеңдерінен тағы да бірнеше үзінді келтіргім келіп кетті-ау!.. Ренжімегейсіздер. Жақсы сөз жалықтырмайды ғой.

Туған елге алпыста да баламын.  
Далам жайлы айтылады әлі әнім.  
Бола алмасам маңдайалды,

Бірінші...  
Ең ақырғы қазақ болып қаламын!..

(«Халық»).

Маған сыйлаған «Қылыш пен қанжар» жыр жинағының «ерекше беташарындағы» өлеңінің бұл шумағына орайластыра бір параққа:

Бірінші болу міндет емес,  
Ең ақырғы болма тек.  
Халық болып ойлай білсең,  
Ақын болу оңай тимек»,

– деп өзіл жазып, алты бүктеп алып, үш күннен соң Жазушылар одағында кездесе қалғанымызда: «Қадырия, бұл менің бәйбішемнен сәлем хат, «шәйін ішіп отырып оқысын» – деді», – деп, пенжағының төсқалтасына сүңгітіп жібердім. Қадырия: «Сенің бәйбішең жазғанды әуелі менің бәйбішем оқиды ендеше! Айта бар», – деп әдеттегісінше оң қолының сұқсаусағын безей қуақылана күлді. Ертеңінде телефон шалып: «Фаббасия, бәйбішеңді менің бірайлық курсыма берсең, тәп-тәуір ақын болып шығар еді, шошыма, шошыма, ақысыз оқытамын, ақысыз!» – деді. Екеуіміз күлкінің «тай бәйгесін» жасадық.

Біледі жердің парқын кім,  
Білмегендіктен тозды адам.  
Ақымақтығынан әркімнің,  
Аздың-ау біраз, Боз Далам!  
(«Күні кеше»).

Ана тілің, біліп қой, –  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің, біліп қой, –  
Мақтанышың, елдігің.  
Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тіліңді құрметте!

xxx

Ақын көзі жұмылмас,  
Жырдың көзі жұмылмай  
Елдің туы жығылмас,  
Тілдің туы жығылмай.

(«Ана тілі»).

...Алпыс жылдықтарымыздың алдында Тұмаш та, Қадырия да «Қазақ әдебиеті» газетінде шығарған жыр топтамаларына маған арнаған өзіл өлеңдерін қосыпты. Оқыған жолдас-жораларымыз телефон соғып: «Ай, құрдастар-ай, бәрежелді! 100 жасаңдар!» – деп риза болысты. Екеуінің де өзіл нысанасы менің жазмыштың бұйрығымен екінші рет үйленгендігім болды. Қадырия: Фаббас жасарды, енді бізге жолай қоймас деп сыпайылдаса, Тұмаш: «Жас қатын алып, өрге озды», – деп төтелепті.

Сол күндері ақын құрдастар бір-біріне де өзіл өлең жазды, бірақ газетке ұсынбады. Қадырия маған көшірмесін берді, ал Тұмаш әне-мінелеп, өзі де ұмытты, маған да ұмыттырды. Қадырияның шығармасы былайша:

### ПОРТРЕТ

**немесе Тұманбай Молдағалиев басынан бақайына дейін**

Мен айтсам,  
Сен айтсаң да, дұрыс бүгін.

Қарымта қайыруға тиістімін.  
 Ұқсайсың сыртыңнан да,  
 Қырыңнан да –  
 Бар ма еді Винни-пухпен туыстығың?!  
 Су кешіп қара күзде толарсақтан  
 Өстік біз,  
 Жан емеспіз өнер сатқан.  
 Ақынсың,  
 Ақынсың ғой,  
 Дегенменең,  
 Ұқсайсың байып алған коммерсантқа!

Жыр бақтың,  
 Өнер бақтың,  
 Басқа бақпай.  
 Келесің тура тартып,  
 Босқа лақпай.  
 Құдайым аямаған сенен түк те:  
 Басың да бас емес-ау, –  
 Асқабақтай.

Қасқырдың тойып алған арланындай,  
 Күржік дос,  
 Басқаларда бар ма мұндай?!  
 Көлбемей,  
 Әжімің де тіп-тік түскен,  
 Дурдомның темір шыбық шарбағындай.

Тұрады нәсер жырың кілең құйып,  
 Жасайсың дөңгелентіп өлеңді иіп.  
 Қалқиған анау екі құлақпенен  
 Қалайша болмай қалдың Тілендиев?!  
 Оқуға қай уақытта Ел ерінді?!  
 Сыйлайды халық әсте өнеріңді.  
 Құдайым ерінді де берген саған,  
 Қамтитын бір сүйгенде он ерінді!

Жолықсаң айдай сұлу бір аруға,  
 Дайынсың көзіңді ұзақ суаруға.  
 Тақтайдай кластағы жауырының,  
 Болады бормен есеп шығаруға.  
 Жазбайсың сен өлеңді ерігіп құр,  
 Ерігіп.  
 Әйтпесе не зерігіп бір...  
 Айтпақшы, айналайын қарыныңнан,  
 Туғаның доңыз жылы көрініп тұр!

Толықтау болмысыңнан бәйтерегім,  
 Сен жайлы ұзақ әзіл айтар едім...  
 Әйтеуір екі аяғың түзу біткен,  
 Бергенде Бектің бұтын, қайтер едің?  
 Шүкір де!  
 Гүлдей бергің, солмағайсың.

Алпыста қызға күлкі болмағайсың.  
 Қоңыздай «Москвич» ең күні кеше,  
 Қазірде «ГАЗ-31» – «Волгадайсың»!  
 Болмайды сұлу елдің шалы мұндай,  
 Сыптай ең ол кез, жаздың сағымындай.  
 Барасың күннен күнге жұмырланып,  
 Бүгінгі Сорбұлақтың балығындай.  
 О, ТҰМАШ! Ерекше бір таңдай қағып,  
 Өлеңнің ең сұлуын таңдайды уақыт.  
 Бұралған тал-шыбықтай жырларыңның  
 Өзіңе тартпағаны қандай бақыт?!

**Қадыр МЫРЗАЛИЕВ.**

1995, ақпан.

«Қарымта қайыруға тиістімін» дегені – Тұманбайдың әзіл өлеңіне жауап бергені. Тұманбай әзілінің түпнұсқасы қолыма тимеді, не Тұмаштан, не Қадыриядан көшірмесін алу ойыма келмепті. Екеуінің мұрағаттарында жатқан шығар.

Қадыр атаған Бек – жазушы құрдасымыз Бек Тоғысбаев. Марқұм ортадан пәстеу бойы бар, семізше, қомытаяқтау еді. Аюдың баласына ұқсатып, оны «Қонжықеке» – деп қағытып жүретінмін. Жақсы әнші, ақкөңіл азамат еді. Әуелде аты Совхозбек болатын. Кейін «совхозын» алып тастап, «Бек» болып шықты. Алпыс жылдығын ауылында, Бақанаста, тойлап отырғанымызда, аянбай мақтаған құттықтау сөзімді: «Бұл өмірде неше түрлі қызық-шыжық болып жатыр ғой, қайсыбірін айтарсың. Совхоздың бір тышқақ лағын ұрлаған кісі сотталады да, совхоздың өзін тұтастай қылғып қойғандар дәріптеледі» – деп аяқтағанымда Мәдениет үйінің залы толы жұрт ду күлді. Бек: «Әй, қысқа жігіт, саған дауа жоқ» – деп қосыла күлді. Ол мені «Қысқа жігіт» дейтін еді...

Тұмаш пен Қадырдың маған арнаған әзіл өлеңдеріне, «ескі жынды шақырып» дегендей, өлеңмен қайтарған қарымтам мынау:

Мың тоғыз жүз отыз бес – керемет жыл,  
 Керемет жыл басында Қадекең тұр.  
 «Доңызымыз» Тұмашты сылап-сипап,  
 Шыр бітірмей Қадырға қыдиып жүр.  
 Ақша күреп Қадекең, ақыл бермек,  
 Өсиетті ағылтып тәтті, кермек.  
 Қызыл тілін – біз етіп сыпылдатып,  
 Салтанатпен жарысып тоқып өрнек.

«Балаусаның», шіркін-ай, үптері аз,  
 Жыл сайынғы бір жинақ етер ме мез?!  
 Стипендия, бар болғыр, ол да біреу,  
 Бывший нардеп мәзірі – өкпе мен наз.

xxx

Бас – домалақ, бет – анау, көзі – сығыр,  
 Қарны ерек Тұманбай – ол да бір дүр.  
 «Жетім болып келіп ем дүниеге,  
 Өтем бе, – деп, «жетім боп?!» опынып жүр.  
 Шаш ағарды, сұйылды... қайтсін шіркін.  
 Ақша толып «көрген жоқ» қалта бір күн.  
 Төрт-ақ мәшін – астында ауысқаны,  
 Үш-ақ пәтер – алғаны дүркін-дүркін.

Ал жылына шығарып екі-ақ кітап,  
«Қорлығына» заманның жүр ғой шыдап.  
«Кәрі қатын» қасында тәулік бойы...  
Қайсы бірін айтсын-ай тілін сылап!

xxx

Қос лауреат, қос Халжаз – «монғол», «ноғай»,  
Екеуіңе еліктеп сыздым нобай.  
«Бергеніне құдайдың шүкір!» – десіп,  
Бай пейілмен жүріңдер бұдан былай!

Мұндағы: «доңызымыз» – туған жылымыздың атауы; Салтанат – Қадырияның бәйбішесі; «Балауса» – Қадырия директоры болған баспа; лауреат – екеуінің «Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері» және Халжаз – «Халық жазушысы» атақтары. Ал үшеуіміз оңаша кездесе қалғанымызда Қадыр Тұманбайды «монғол, монголоид» – деп, Тұмаш Қадырды «ноғай, ей!» – деп әжуалай әзілдесетін. Екеуі бірін бірі кіршіксіз сыйлап, қалтқысыз құрметтейтін.

...Қадыр дүниеге 1935-жылы келгендердің Көшбасшысы еді. Біз жасы 76-дан жиырма күн асқан сол Көшбасшымыздан көз жазып, көшіміз тығырыққа тап болып, жүгіміз ауып тұрып қалдық... «Қымбат құрдасым Қадыр! Қайран Қадырия! Ойың озық, өрең биік еді. Өнегелі өлеңдеріңді, тапқыр сөздеріңді, әзілмен өрілетін өткір қалжыңыңды сағынатын болдым. Екеуара болған сол қалжыңдардың, анау-мынау әңгімелердің әлдебір айналым-бұрылысында көңіліңе дақ түсіріп алған кезім болса, кешіре гөр! Жаның жәннәта болсын! Фаббасияң» – деп қала бердім.

Аяулы ақынымыздың ақырғы бір өлеңі «Жоқ, өлмеймін!» былайша:

Көк дауылмен жағаласып кемеміз,  
Көк мұхитта қақпақыл боп келеміз.  
Өстіп жүріп бір күні  
Өлеміз-ау,  
Өлеміз-ау,  
Өлеміз!  
Кейбіреулер соны неге ұқпайды? –  
Қадалады жүрегіме мық-қайғы.  
Мен де өлемін,  
Менің, бірақ, есімім  
Жазушылар тізімінен шықпайды!  
Пендемін ғой,  
Тау болсам да шөгер ем.  
Гүлдей солам,  
Бірақ, қайта көгерем:  
Тіріліердің көзіне оттай басылар  
Талай-талай немерем мен шөберем.  
Өліп-өшкен ғашық жігіт  
Күніне  
Мендік көзбен қарар сүйген гүліне.  
Мен болмаспың,  
Бірақ, сөзім оралар  
Сайрап тұрған шешендердің тілінде.  
Жүрек неге,  
Өкпе неге алқынды?

Қимайды ма өте шыққан бал күнді?  
 Әдемі әзіл бір кездерде мен айтқан,  
 Әлі талай ду күлдірер Халқымды.  
 Амал қанша?!  
 Татар дәмім таусылды,  
 Қабірстан құшағымен қаусырды...  
 Жоқ!  
 Өлмеймін!  
 Елім талай естиді,  
 Лентаға жазып алған даусымды!  
 Кейбір жырым дән ұшырып қырманда,  
 Кейбір жырым бақташы боп жүр маңда.  
 Жоқ!  
 Өлмеймін!  
 Правом жоқ өлуге,  
 Сөз сыйлайтын Халқым аман тұрғанда!  
 Әрине. Халқы аманда Қадыр тірі!

Халқы, Ел-жұрты Ақынының аруағын әспеттеп, ол туып-өскен өңірдің кіндік қаласы – Оралда «Қадыр Мырза Әлі атындағы Мәдениет және шығармашылық орталығын» салуды қолға алыпты. Аяулы Ақынның өнегелі өмірін баяндайтын әдеби-ғылыми шежіре сонда болмақ. Қадырдың отбасы: бәйбішесі – Салтанат пен балалары – Қуаныш, Қазыбек, Ғазиз ол 57 жыл тұрған Алматыдағы ғажап бай кітапханасын сол Орталыққа тарту етті.

Бұл шапағатты, шарапатты шаралар көргеннің ғана емес, естігеннің де шүкіршілік сүйінішін еселеген игілікті іс болады!

*2015-жыл, қаңтар айы.*

### ҚУАН, ҚАЗАҚ!

Егер менде ақындық дарынның тарыдай бір түйірі болса (ақындық дарымаған соң, міне, оның немен өлшенетінін де білмей отырмын), онда:

«Қуан, Қазақ, Ақ Жайықтай көсіле,

Көңіліңде Қадыр жыры есіле!

Ақ Ертіске қуанышың құйылсын,

Қадыр Нұры – баршамызға несібе!

– деп бір шалқыр едім. Алайда бүгін бәрібір шат-шадыман күйдемін. Қадыр Мырза Әли елінің Әкім Нұрлан Ноғаев бас болған азаматтары қазақтың мәңгі-бақи жасар перзенті Қадыр есімі берілген Мәдениет және өнер орталығын ашып, ортасына ақынның асқақ ескерткішін орнатыпты! Уа, бәрекелді!.. Елі мен Ерінің егіздей болғаны қандай, шіркін!

Ау, ҚАДЫРИЯ! Осындай елі бар сен қандай бақытты едің! «Ғаббасияң сенің қоладан құйылған мүсіндеріңді телезекраннан, газет беттерінен көріп, Алтайының шыңына шыққандай, Орал өңіріне көз жібергендей, сені іздеп, тауып алғандай, қымбат құрдастық әдемі әзіліңді тыңдағандай болып, Көктем-қуаныш пен Күз-сағыныштың құшағында отыр. Кәне, басташы: «Ғаббасия!» – деп, мен қостайын: «Қадырия, хал жақсы, иә?» – деп. Дауысыңды естімегеніме, дидарыңды көрмегеніме төрт жыл болды ғой! Сағындым ғой!..

**Ғаббасияң.**

*12. 06. 2015 ж. «Қазақ әдебиеті».*



## **МЕНИҢ ДЕ ТҰМАШЫМ!**

\*\*\*

ТҰМАШ-АУ! Құдайы бір Құрдасым-ау!.. Туған жерін қимай, өскен жеріне симай кетіп бара жататын қайтқан құстарыңның биылғы тобына ілесіп кеткенің бе шынымен?!.

Мәлдір махаббат жырларыңды жаныңда отырып тыңдап, әзіл-қалжыңымыз жарасып, сырласып жүргенімізге 45 жыл болып еді.

Алыс-жақын сапарларға бірге шыққан кездеріміз біріне бірі ұқсамаған қымбат сәттер еді.

Мен үшін де аса ауыр болған мынау күннен аптажарым бұрын: «Сөйле, Бас лирик!» – деп қалжыңның тиегін ағытуға кіріскенімде: «Тек, Абекеңнің аруағын ренжітіп аламыз!» – деп едің. Абайдың: «Ғашықтық тілі – тілсіз тіл» дегенін есіңе алып: «Ғажап, ә?!. Өзіне еліктеп айтсам: – Абекеңнің теңеулеріне тең келер теңеу жоқ-ау! – деп бас изей жымыдың.

Қадыр екеуің қыранның қос қанатындай едіңдер... Көңіл күйлерің көздеріңнен танылатын...

Жаңа жинағы шыққан сайын шәкіртше шаттнатын Тұмаш: «Құрдас жігіт, көрімдігіңді ала кел!» – деп хабарласатын. Мен бөгелмейтінмін. Кездесетінбіз. Көрмегелі көп болғандай шүйіркелесетінбіз. Ол жымыңдап отырып қолтаңба жазатын. Жеке шыққан соңғы жинағын ұсынған сәтте ғана байсалды болды: «Фаббас! Жер бетінде жүре берейікші. Қалғанын көре жатармыз. Тұмаш» – депті.

Менің ТҰМАШЫМ! Жылы жүзің көз алдымда, жұмсақ үнің құлағымда, жауһар жырларың жүрегімде болады. Хош, Қазақтың ТҰМАШЫ!..

**Құрдасың Фаббас.**

*10. 10. 2011 ж. («Қазақ әдебиеті» газеті).*

\*\*\*

Қапалы көңілдің бұл азасөзі айтылғалы, міне, бүгін бір жыл өтті. Мен үшін азынаған жыл болды. Құрдастарымның қатарындағы ерекше жақын Қадыр Мырза Әли мен Тұманбай Молдағалиев бақиға аттанып, жүрегім мен өкпе-бауырым кішірейіп, кеудемнің жартысы қаңырап қалғандай күй кешіп жүрмін. Алматының көшелерінде кісі де азайғандай. Жазушылар одағы ғимаратының бөлмелері тарылғандай. Жан-жағыма қараймын, алаңдаймын, елеңдеймін... Екеуі де жоқ...

«Фаббасия», «Қадырия» десіп жүретін Қадырдан айрылған күні тағдырмен іштей тәжікелесуімде қаламымды дереу қару етіп, айтарымды қағазға тез түсірдім. Әлде нені, қалайда ұмытып қалардай асықтым. Жоқ, олай емес, қимасым Қадырияммен соңғы рет, сырттай да болса, сырласуға асықтым. Ол қашанда, қайда болсын асығып жүретін еді, сол ғадеті мені де ілестірсе керек. Ол әзіл-қалжыңға да шапшаң еді, сол қыры да мені соңғы рет сынаса керек. Қалайда естелігімді тез жаздым.

Тұмаш ешқашаң, ешқайда асықпайтын. Өлең-жырға қаламы шапшаң болса да, тірлік-тұрмыста қимылы баяу еді. Әзіл-қалжыңды дәу домалақ басын ақырын не бір изеп, не бір шайқап, үнсіз жымыып отырып тыңдайтын да, сонсоң бірер мырс етіп, қарымтаны асықпай қайтаратын, немесе «Сен де айтқышсың-ақ!» – деп күліп құтылатын. Жауапқа шапшаң емес-ті.



Екеуіміздің қарым-қатнасымыз қызық еді. Көбінесе кеңседе, қызмет бөлмемізде айына бір-екі рет кездесетінбіз. Түскі үзіліс әлетінде. Тұмаш: «Әй, жігіт, жыр тыңдауға қалайсың?» – деп телефон шалады. Ал мен: «Тұмаш, ей! Солай отыра бересің бе?» – деп қоңыраулатамын. Күлісіп, келісіп, бас қосамыз. Әзілмен басталатын әңгімеміз сырласумен аяқталатын. Балалық шақ, өмір, тірлік, әдебиет, қаламдастарымыз, алғы ой-жоспар... дегендей. Тақырыбымыздың ыңғайына қарай бірде көңілділік, бірде көңілсіздік үстемдеу болады. Бәрібір, ой-пікіріміз өрісінен адасқан емес, не туралы болсын таяздықтан тартынып, астамшылдықтан сақтанып бақтық. Рас, қыз-келіншектер хикаятын да ұмытпайтынбыз, сондай «шабытты жырдың» бірінде Тұмаш: «Күлтайдың көзінше тым тентек қалжыңдамасаңшы, ол кейде шын көріп қалады, әнегүні Әдекеңнің үйінде айтқаның... сен ондайынды қой, бәтіреке», – деп күлді. Әдекеңі – Шәріпов Әди ағамыз. Сол үйде үстел басында қарама-қарсы отырыса қалғанымызда Күлтайына қарап қойып, Тұмашқа: «Қараторыңмен келіпсің ғой, анау жолғы аққұбаң қайда?» – дегенмін. Сірә, үйге барған соң бәйбішесі менің сұрағымды қайталаса керек.

Ақын Тұмаш сыршыл еді. Лирик дейміз ғой. Өзі сыр шертуді ұнатқандай, менің де сыр шерткенімді қалап, мол ілтипатпен тыңдайтын. Кейде қойын қалтасынан бүктеулі парақ алып: «Түнде жазып едім, тыңда, қалай екен» – деп, бірқалыпты қоңыр даусымен он шақты шумақ өлең оқитын. «Мықтысың!» – деймін. «Бір ауыз болса да, пікіріңді айтпайсың ба?» – дейді. «Тұмаш, ей, «мықтысың!» дегеннен артық не керек? Сатириктің лирика туралы сұңқылдағанын естіген күнің бар ма?» деймін.

Газет-журнал беттерінен өлең ұшыратқан сайын Тұмаштың сол бір жайсаң бейнесі көз алдыма келе қалады, қоңыр дауысы естілгендей болады, нәзік жырларының тармақ-шумақтары жадымда жаңғырады. «Тұмаш жоқ» дегенді ой-санам қабылдамайды... Бір жыл бойы осындай ойсыраулы күйде болдым. Естелік жазу қайда, ауызша айтуға да дәтім бармай жүрдім... Енді, ақырында, міне, қолыма қалам алдым. Жазайын. Жазуым керек. Сүйікті Ақынын іздеуші Халқының естелігіне шамама қарай үнімді қосайын.

Бірде Тұмаш телефон шалып: «Сенің Өскеменіңде бір апта болып келдім, сонда мен Қаскеңді есіме жиі алып, сағынып жүрдім. Өскеменге арнаған өлеңімде мынадай бір шумақ бар, тыңда» – деп оқып берді:

«...Күмбезін көңілімнің гүл мекендеп,  
Тұмекеңе айтпады ешкім «бұл бөтен» – деп.  
Келдім мен Ер Қасекем туған жерге,  
Ағамыз мені күтіп жүр ме екен деп».

Қаскесі – марқұм Қасым Қайсенов. Ол Тұмашты ерекше жақсы көретін, «золотойым» дейтін. «Тұмашша елжірететін ақын жоқ» – деп те қоятын. Тұманбай екеуімізді алғаш таныстырған да – Қасым ағамыз. Ол кісі «Жазушы» баспасының шаруашылық жұмыстар жөніндегі орынбасары. Тұманбай сол баспаның поэзия бөлімінде редактор екен. Мен шәкірт кезімде аздап өлең жаздым, облыстық газетте жарияланғаны бар он шақты өлеңімді Алматыға ала келіп (Мемлекеттік университеттің журналшылар факультетінде сырттай оқитынмын, кезекті сессияға келгенмін), Қаскеңе барып, өлеңдерімді ақындардың біріне оқытып беруді өтіндім. «Тұмаштан мықты ақын жоқ, жүр, таныстырайын», – деп мені ертіп барып таныстырды да: «Тұмаш, мына құрдасыңның қарқынын байқа» – деді де, шығып кетті. Бөлмеде екі-үш жігіт отыр екен. «Өлеңдерімді бұлардың көзінше қалай оқимын?» – деп ойлап үлгіріп, қатты ыңғайсыздандым. Құлағы қалққан домалақ бас Тұманбай бір орындықты алып келіп, мені қасына жайғастырды да: «Өлеңдерің қайда?» – деді, маған көзәйнегінің

үстінен қарап. Қойын қалтамдағы дәптерімді алып ұсындым. Ол өлеңдерімді үнсіз оқып болды да, орнынан тұрып: «Жүр, бауырым», – деп сыртқа беттеді. Дәлізге шықтық. Биік терезенің алдына тоқтадық. Тұманбай маған жымып қарады да:

– Құрдас, мен «Ара» журналынаң, тағы бір газеттен сенің сықақ әңгімелеріңді оқыдым, маған ұнады, ал мына өлеңдерің, шынымды айтайың, онша ұнамады. Сенің қолың өлең емес, сатира сияқты. Арғы жағын өзің ойлап байқа, маған ренжіме, жарай ма? – деді де, дәптерімді қайтарып беріп, бөлмесіне кетті. Өлеңдерімнің ең болмаса біреуін талдамастан шолақ пікір айта салғанына іштей наразы болдым. Бірақ тілін алдым. Өзгелерден жақсы жаза алмағаным шын екеніне көзім жетті де, өлеңнің мазасын кетіргенді қойдым...

Құдай берген талантының, өзі еселей білген талабының арқасында Тұмаш өлеңді көп жазды. Қасиетті де киелі нәзік сезімнің – махаббатың жыршысы атанды. Көңіліңді көктем етіп, сана-сезіміңді әлдилеген өлеңдері иісі қазақтың кәрі-жасына жақсы мәлім, оған дәлел келтіру керек емес: жинағын аш та оқи бер. Маған әсіресе ұнайтындары – жасы алпыстан асқаннан кейін де қағаз бетіне түсірген ой өрнектері. «Құдайы бір құрдастың» сезім салмағы да бір болмағынан ба әлде?

Жасының алпысқа толуын тойлап отырған Тұмашқа: «Қазақта жетім өскен жалғыз өзің бола бермей, «жетіммін» – деп жылағанды бұдан былай қой, немереңе күлкі боласың!» – деп қалжыңдадым. Келесі аптада Жазушылар одағы ғимаратында кездесе қалғанымызда құшағын аша амандасып: «Құрдас, ей! Баяғыда сен менің тілімді алып, өлеңді қойып едің, енді сенің тіліңді мен алып, «жетіммін» дегенді қоятын болдым» – деді. Арқа-жарқа болыстық.

Мұның алдындағы «Қадыриядан» үзінді: «Алпыс жылдықтарымыздың алдында Тұмаш та, Қадырия да «Қазақ әдебиеті» газетінде шығарған жыр топтамаларына маған арнаған әзіл өлеңдерін қосыпты. Оқыған жолдас-жораларымыз телефон соғып: «Ай, құрдастар-ай, бәрекелді! 100 жасандар!» – деп риза болысты. Екеуінің де әзіл нысанасы менің жазмыштың бұйрығымен екінші рет үйленгендігім болды. Қадырия: «Фаббас жасарды, енді бізге жолай қоймас», – деп сыпайыласа, Тұмаш: «Жас қатын алып, өрге озды», – деп төтелепті.

Сол күндері ақын құрдастар бір-біріне де әзіл өлең жазды, бірақ газетке ұсынбады. Қадырия маған көшірмесін берді, ал Тұмаш әне-мінелеп, өзі де ұмытты, маған да ұмыттырды».

*(Ескерту: Қадырдың шығармасы және менің Тұмаш екеуіне жазғаным мұның алдындағы «Қадырияда» айтылған соң, мына «Менің де Тұмашымда» қайталамадым.)*

...Тұмаш қуанғанды жақсы көруші еді. Иә, жақсы көретін. Бәріміз де жақсы көреміз ғой, бірақ Тұмаш балаша ашық, ұзақ қуана білетін. Мысалы, өлеңдерінің жаңа жинағын бір күннен, бір аптадан, бір айдан кейін сыйлай ма, қашан болсын жаңа ғана алғандай жайраңдап, жазған қолтаңбасын оқып жіберіп: «Құрдас, ей, қалай? Дұрыс па?» – дейтін. Мен отбасын екінші рет құрған 1987-жылы шыққан «Тынық мұхит дәптері» жинағын: «Жас арманмен ойна, күл, жүзге дейін өмір сүр!» деген қолтаңбамен беріп тұрып: «Бұдан былай ойын-тойда сенің жас қатыныңмен – Задаңмен ғана билеймін. Әнеүгүні көрдің ғой, қандай жарасып биледік,ә?!» – деп қулана күлгені әлі көз алдымда. Кең маңдайы күмбездің беталдына ұқсап, қиықша көзі жылылық тарата күліп жүруге жаратылған жан еді. Әсіресе талапты жас ақындардың газет-журналдағы өлеңдерін оқығанда: «Тұтастай алғанда орташалау, бірақ мына жолдарын қарашы, сөз қолданысы, ой өрнегі – өзіңікі!» – деп мақтайтын. «Жақсы!» – деп бағалағанын оқығанда оны өзі жазғандай жайраңдап, масаттанып,

кейбір тармақтарын, шумақтарын да қайталап оқып, «жағасы жайлауына кетіп» отыратын. Сондай сәулелі сәттерінің бірінде:

– Тұмаш, ей! Сен бар ғой, жас ақын шәкірттеріңнің арасында жүргенде балапандарын шұбыртқан мекиенге ұқсап кетесің, ә?! – деп «шымшып қалғанымда», ол басын шайқай мырс-мырс етті де:

– Однако өтешіміз сен емессің, сені бұл жақтан баяғыда-ақ қуып тастадым ғой! – деді.

– Оның рас. Осы өмірінде бір білгендік жасағаның сол болды! – дедім. Күлкіміз тағы табысты, тағы жарасты.

«Таңның айтқан жырына қабақ шытпаң,  
Ләззет алып тұрады жаным шықтан.  
Бұтақтарды сәндеген жас жапырақ  
Менің кеше кеудемді жарып шыққан».

Аға ақындары Тұманбайдың осы бір шумағынан іні ақындарының «бұтақтарды сәндеген жас жапырақтар» екенін аңғарамын!..

Тұмаштың қатты күңіренген екі сәтін көрдім.

Өскеменде едім. Марқұм болған апайымның жылын өткізуге ауылға барғанмын. Жиналған ағайындар, таныстар тарқап, оңашаланған әредікте сондағы журналшы досым Тоқан Берғалиев жаныма келіп, әншейіндегі аңқылдап қатты сөйлейтін әдетінен тыс пәс үнмен: «Ғабке, Тұманбай құрдасың, Тұмаштың қиын жағдайға душар болыпты. Құралай атты қызы қайтыс болыпты, газеттерде көңіл айту жүр» – деді. Өнебойым ысып кетті...

Екі күннен соң Алматыға оралып, Тұмаштың үйіне бардым. Диванда бүріскендей болып отырған қайран құрдасым көзінен жасы тамшылай тұра беріп: «Сен қайда жүрсің?!» – деді. Құшақтастық. Жас төктік. Қолорамалмен бетін басып, иығы дір-дір еткен Күлтайды да жұбатып бақтым...

Құралайының іңгәләп келгенін, бесікке бөленгенін, отау шыққанын, нәрестелі болғанын әкелік шексіз қуанышпен шаттана сан жыр жазған Тұмаш... жо-жоқ, жоқ... Тұмаштың құлыншағынан айрылған қайғылы халін кейін кімге болсын айта алған емеспін, енді жаза да алмаймын...

Екінші сәті. Қадыр көз жұмған күні есігі алдында ұшыраса қалғанымызда: «Ғаббас! Құрдас! Енді қайттік?! Не болдық?!» – деп құшақтай алды. Құшағымыз да, көз жасымыз да қосылды. «Тұмаш, жазмыш қой! Тағдыр ғой, Тұмаш!» – дедім. Басқа не айтқандай едік?!.

«Шынымен Қадыр келмей ме елге қайтадан?..  
Көңілім менің көңілсіз бүгін айтады ән.  
Бермей ме маған: тапқандарынан сұратпай,  
Білгендерінен, көргендерінен байқаған..

.....  
Қадырым менің, қадірлі асыл құрдасым,  
Кеттің-ау ерте, дүниеге симай бір басың...».

Бұл – егіздей екі дос ақындардың бірі бақиға аттанғанда фәниде қалған екіншісінің жоқтау жыры.

«Доссыз ауыз тұщымас...». Тұмаш Қадырды жоқтап жүрді. «Ойға да, тілге де бай еді-ау!.. Әзіл-қалжыңға кезек тигенде қай-қайсысымызды да қырқа шалып тастаушы еді, ә?!» – деп, Қадырияның өлеңдерін келтіре, әзілдерін қайталай естелік айтатын. Бірақ Алматыда құрдастық жарасыммен, ақындық өнер жарысымен бірге өткізген жарты ғасырдағы қызықтарын Тұмаш жазып үлгірмеді, арада екі ай өте бере өзі де бақиға бет түзеді...

– Құрдас, ей, соңғы кезде қалайда шаршап жүрмін, төсекке жантая бергім келеді, – деген еді бірде Тұмаш.

– Жәкеңнің жүзіне болмаса да, тоқсанға жетуге қамдан, жантая бермей! – деп едім мен, Жамбыл атамызды еске алып.

– Жәкеңнің сүйегі асыл болған ғой, – деді ол.

– Сен аққұбаларың азайып... – дей бергенімде ол қолын сілтеп:

– Қойшы, ей! – деп, кеудесін аралап әрең шығатындай қырылдақ үнмен қарқылдап күлді.

Тұмашымның күлкісін естімегеніме, міне, бір жыл..

«...Қайдан келдім, қайда барам,

Қайда барам мен осы?

Көрінгендей кейде маған,

Дүниенің төбесі.

Мәңгі тірі жүрермін бе,

Айтып өмір бір өнін.

Ұрпақтардың жүрегінде,

Болар соңғы тұрағым...», – деп еді...

*2012-жыл*

...Тұмаштың 80 жылдығы туған жері – Еңбекші қазақ ауданы орталығында (Алматы облысы) сәуір айында аталып өтті. Осы естелігімді Тұмаштың бес фотосын қоса қолкітапша етіп, той сахнасында «келіншегі» Күлпәшқа күміс білезікпен бірге сыйладым.

*2015-жыл. Сәуір айы.*



## **ЖАҢАЛЫҚ!**

Тілдесуді керек етпейтін тоңмойын тағдыр мені философия ғылымының докторы, профессор Жұмагелді Нәжімеденев інімнен айырды...

Жұмагелді жағымды қоңыр дауысын анда-санда жұмсақ күлкісімен көмкеріп қойып, қазақтың қоңыр үнді домбырасы жайында әңгіме шертетін. Бас қосқанымызда да, телефон арқылы да. «Аға, жалықтырып жіберген жоқпын ба?» дуді және ұмытпайтын. Кейде тіпті: «Ағатайымның құрдасы, жолдасы болғаныңыз маған қымбат қой, сізбен кездескім, сөйлескім келіп тұрады» – деп ақталғандай да болатын. «Сен бір сәт те қысылма, мен кейде сенімен емес, Жүмекенмен әңгімелесіп отырғандай боламын», – дейтінмін мен. Шыным солай-ды: інісі Жұмагелдінің сөзі оның ағасы – қазақтың толқынды да тегеуірінді ойға бай тың серпінді ақыны болған Жүмекеннің:

«Сапар ұзақ деп еді,

тез оралдым, тағы да

тез оралам, себебі:

домбырамды сағынам...

...Талай әсем қыздардың

дарымады «қарғысы»:

қызға қарап қайтеді,

домбырасы бар кісі!..» –

деген жыр шумақтарын жадыма жаңғырта оралтатын.

Жұмагелді бала шағынан домбыраны қызықтап өскен тәрізденетін маған. Оның менен (тіпті көбімізден!) артықшылығы – қазақ домбырасының қасиетін, оның қоңыр үнінің құпиясын қапысыз білгендігі еді. Мен оның мектеп шәкірттері алдында оқыған “Қоңыр үн” атты дәрісін алғаш тыңдағанда-ақ қазақтың «қоңыр» деген ғажап сөзіне тәнті болсам, “Қоңыр және домбыра” – деп аталған кітабын оқыған соң автордың сезім сергектігіне, ой қуатына, түйсінудің зеректігіне және таңдап алған ғылымын игеру табандылығына бас ийдім.

Қазақ домбырасының қасиетін компьютермен зерттеу сияқты тың әрекетті Жұмагелді тұңғыш бастап, ерекше жаңалық ашты! Оның дәрісін тыңдау қаншалықты ғанибет болса, домбыраның ішегі шығаратын үнді компьютер көрсетіп берген тербеліс суретімен қоса түйсіндіруі – соншалықты ләззәтті.

Аталған кітабына көне мәдениетіміздің тарихына аса жетік маман Жағда Бабалықұлы (Жәкең де – бүгінде марқұм; топырағы торқа болсын!) алғысөз жазып, қазақ домбырасының акустикалық ерекшеліктері жөнінде кандидаттық диссертация қорғаған Жұмагелдінің бірегей ғалымдық еңбегі биік деңгейде мақұлдандуы тиістігін талдап дәлелдеп берген еді. Ал Жұмагелді кітабына ағасының “Қоңыр түс” өлеңіндегі:

Қоңырайып жатыр алда жол әлі,  
 Кеудем кейде қоңыр күйге толады.  
 Қоңыр әнмен қазақ бесік тербетіп,  
 Өргізіпті қоңыр-қоңыр баланы! –

деген шумақты үкі етіп таққан болатын.

«Біз біраздан бері қазақтың қоңыр үнінен айырылып қалдық. Қазірде қазақы домбыра жоқтың қасы, оның түбіне жасанды ішек – леска деген пәле жетті. Көне дәстүрімізді жаңғырту, яғни домбыраға қойдың ішегінен жасалған ішек тағу ұмытылды. Сонау жылдары, мысалы, Семей ет комбинатында ішек жасайтын цех болған екен, кейін жабылып қалыпты. Осыдан жеті жыл бұрын ондай цех Украинада бар дегенді естіп, іздеп барып, шынында бар екен, жасау тәсілдерін жазып алып, он пар ішек ала да келіп, тиісті орындарға апарып көрсеттім, – «көрелік» – деп қалысты. Атақты домбырашы ағаларыма беріп, цех ашу туралы ұсынысымды қолдауларын өтіндім, – «мынауың жақсы болды, иә, қойдың ішегіне не жетсің, иә, айтамыз!» – деумен шектелді. Леска пәле болды деп жүргенімізде электрмен тартылатын сым ішекті домбыра шығару насихаттала бастады. Шет елге беталды еліктеуден туған бұл қателіктерді түзетпейінше, халқымыздың қоңыр үні қалыбына келмейді, – деп налыды бірде Жұмагелді.

...Жұмагелдінің құнды және бір кітабы – “Домбыраны тез үйрену тәсілі”. Бұл — музыка әлемін зерттеуші әрі күйші-дирижер Жұмагелдінің қазағының “қоңыр-қоңыр балаларын” ата-бабамыздан мирас ұлттық көне аспабымызбен таныстыру, оны тартуды үйрету, мектептерімізде ашыла бастаған домбыра үйірмесінің жетекшілеріне жәрдем жасау мақсатымен жазып шығарған алғашқы кітабы. Ол жұртшылыққа тез тарап, жақсы бағаланған. Автор сол игі ісін жалғастырып, “Домбыра үйренгің келе ме?” деген жаңа кітабын ұсынды. Кітап қазақ, орыс, араб, ағылшын тілінде шығарылған (Алматы, “Аманат-ТТ” баспасы). Оның ерекшелігі — домбыра тартуды үйреншікті нотамен емес, сандық жүйе тәсілімен үйрету жаңалығы.

**САНДЫҚ ЖҮЙЕ** туралы. Бұл – домбыра тарта білуді оңайылату мақсатымен Жұмагелді Нәжімеденов ойлап тапқан жаңалық. Мен оны тарихи жаңалық дей аламын! Өйткені ұлттық әуен аспабында ойнауды әлемге тараған нотадан тыс тәсілмен үйрету, үйрену ешбір халықта әзірше жоқ, қазақта ғана бар! Ойға өте қонымды, тиімді тәсіл! Жұмагелді барша бауыр басқан нотадан жеңіл жолды ұсынған

екен, одан неге үркуіміз керек? Нотаға неге тырп етпей байланып қалуымыз керек? Сандық жүйе жеке домбыраның да, домбыра оркестрінің де мерейін үстем етеді.

Жұмагелді іссапармен жер-жерде болғанында мектептерге барып, бұл қазақы жаңалығын көрсетіп, ынталы балаларды бірнеше сағатта-ақ домбыра тартуға үйретіп, арнаулы үйірме ашылуына себепші болды. Ондай үйірмелер Алматының да бірнеше мектебінде бар. Мәселен, М. Базарбаев атындағы №138 өнер гимназиясында Жұмагелді жасақтаған домбыра оркестрі өнер көрсетуде.

Тіпті қазақ тілінен хабарсыз шетелдіктердің кейбіреуі Алматыға келгенінде сандық жүйе бойынша домбыра үйренуді бірер сағатта-ақ меңгеріп, қазақтың ән-күйлерін тарта алғанын көрдім. Жұмагелдінің сандық жүйе жайындағы кітабы қазақ, орыс және ағылшын тілінде шыққан еді, сол кітап қолына тиген шетелдік музыканттар Алматыға жолы түскенде авторды іздеді. Ол ол ма, Жұмагелді ағылшын тіліндегі кітабы жеткен Венгрияның Корсак қаласына арнайы шақырумен барып, бір апта ғана уақытта балаларды сандық жүйемен домбыра тартуға дағдыландырып, үйірме ашып беріп келген! “Олай болуы мүмкін емес!” – деп шүбә келтіретер кісі Жұмагелдінің «Домбыра үйренгің келе ме?» кітабына үңілсе, ықыластана ден қойса, күмәні тез сейіледі дей аламын. Кітапта: “Сандық жүйе” дегеніміз не? Онымен домбыра тартуды қалайша бірнеше сағатта үйренуге болады?» сияқты сұрақтарға жауап өзiр.

Ал Жұмагелдінің бұл жаңалығынан ұлттық өнер ордаларымыз хабардар ма? Хабардар болса, құп алды ма, әлде жаңалыққа жатырқай қарау әдетіміз әлі басым ба? Өкінішке қарай, ол жаңалық жайында бірнеше мақала, Мәдениет министрлігіне хат жазылса да: «Қызық екен», «Қолдауға болады» – деген күбірден басқа ештеңе ести алмадық. Жұмагелдінің дәрістері Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториямыздың немесе Өнер институтымыздың аудиторияларында оқылмады, өйткені өнеріміздің құлағын ұстап жүрген қазекемдер қажет етпеді. Егер дәл сол жаңалық шет елдердің бірінде пайда болса, оны біздің шетелшілдер бассалып насихаттай жөнелер еді...

Жұмагелді домбыраны жетілдіру, сандық жүйені қалыптастыру, орнықтыру арманына жете алмай кетті. Жоғарыдағы құзырлы орындарға жолдаған жасбаша ұсыныстары еленбей қала берді. Ондағылардың қайсыбірі сандық жүйені «нотаны жоюды кездегендік» – деді. Ол сорақылыққа Жұмагелді: «Менің ойымда жоқты қайдан, қалай тапты екен?» – деп қынжыла езу тартқан. Ойсыздық, намыссыздық, жақсылық-жаңалыққа құлықсыздық белең алған жерде ұлт мүддесі ұмытыла береді.

Менің бір шүкіршілігім: Жұмагелдінің ұлы Таңат – әке жолын қуған талапты, жігерлі, білімді жігіт. «Орнында бар оңалар». Алайда Таңатқа қамқорлық қажет. Қазақтың домбырасын, күй өнерін қалтқысыз қадірлеуші, сандық жүйеге ден қоюшы ағайындар мұны ескереді, деп ойлаймын.

...Бірде Жұмагелді: «Алыпқашты атақты көксемей, қоңыр тірлік кешкен ағатайым Жүмекеннің мәңгі жасар ақын болғанын ғана емес, дәулескер күйші болғанын да мақтаныш етемін. Жеңгем Нәсіп бар, іні-қарындастырым бар бәріміздің өзiрше орындалмай тұрған мақсатымыз — ақын да күйші Жүмекеннің бүкіл шығармасын халқына көптомдық етіп ұсыну, бірақ... оған біздің шамамыз... – деп, ішкі қиналысын жасырғысы келмеген кейіппен салқын жымиған-ды. Қоңырқай өңді ініміз де қоңыр мінезді еді. Қызына қабақ шытудың орнына қабағын сәл шыта жымиып тынатын.

*2011-жыл*

\*\*\*

Жұмагелдінің домбыраны сандық тәсілмен үйрену туралы төрт тілде шыққан, маған сыйлаған кітабын 2014-жылы қыркүйек айында Президент оркестрінің басшысы сазгер Секен Тұрысбековке табыс етіп: «Бауырым, бұның авторы ғажап жаңалық ашып, амал не, өзі игі нәтижесін көре алмай, бақиға аттанып кетті. Оның арманын іске асыру менің қолымнан келмейді, – екі газетке мақала жазғаным ешкім елең етпеді. Енді сен кіріскейсің, құдайға шүкір, қолыңнан келеді. Қазақ домбырасының қазақы қоңыр үнінен айрылып қалмауын да қадағаларсың!» – дедім...

2015-жыл. Маусым айы.



## ЫҚТАСЫН ІЗДЕГЕН ЖОҚ

2012-жылғы желтоқсанның 12-нші күні.

Қырық жыл қатар жүрген қаламдас қайран інім Сәкен Иманасұлын қайырылып келмес сапарына қабырғамыз сөгіле аттандырып салдық. Талдықорған өңірінің Талапкер ауылындағы қарапайым отбасының тал бесігінде тербелген сәби Сәкеннен қазағының қадірлісіне айналған ақын Сәкен Алматының «Кеңсайын» жер бесігі етті. Екінші – бақилық жолы басталды. Бұл – аяулы ақынды артында қалған буын-буын оқырман қауым ауық-ауық іздеп, өзіндей ашық, қымбат өлеңдерін оқып жүретін, қазағы барда шектелмейтін ұзақ жол.

Мұхтар Әуезов атындағы драма театрымыздың ғимаратында ізетті ініммен қоштасып тұрғанымда оның «Қайығы жүйрік кемеден, жазығы биік төбеден» деген өлеңі ойыма тағы оралды. Бұдан он тоғыз жыл бұрын, ардақты ағамыз Әнуар Әлімжановтан айрылып қалған сәтімізде көзін жас бұлап отырып жазған аза жыры еді. Соны тағы бір оқиықшы:

### ҚАЙЫҒЫ ЖҮЙРІК КЕМЕДЕН, ЖАЗЫҒЫ БИІК ТӨБЕДЕН

Ағам бар еді мір тілді...  
 Жағам бар еді, – жыртылды.  
 Қан жылап тұрған жүрекпен,  
 Жұбатам қалай жұртымды?!  
     Жасырып жерге мәрт ұлды,  
     Жұбатам қалай халқымды?!  
     Телегей теңіз дариясы,  
     Толқып тұрып тартылды.  
 Төре де болып төрге өтті,  
 Турасын айтып, ер кетті.  
 Барлайтын елдің ертеңін,  
 Шарлап та келіп жер-көкті.  
     Қайығы жүйрік кемеден,  
     Жазығы биік төбеден.  
     Алдына келген адамның,  
     Атасы басқа демеген.  
 Беткейі шүйгін бел еді,  
 Белден де биік беделі.

Атқа да мінді, таққа да,  
«Астым ғой елден!» демеді.  
Алды – Ақ Ертіс, ен Еділ,  
(Асықтың екен неге бұл?!.  
Сендей-ақ болар дейтін ек,  
Халқының қамын жеген ұл!).

Амалың бар ма ажалға,  
Аңырап қалдық азаңда.  
Әнекең жүрген жол бірақ,  
Сия да қоймас мазарға!  
Қолында барда алтынның,  
Бағалай қойсын нарқын кім?!  
Қай елдің дәмін татсаң да,  
Қамын ойладың халқыңның.

Шарлайтын едің көп елді,  
Көлігің неге бөгелді?..  
Қай жаққа кеттің, Ағажан,  
Көрсетпеймісің төбеңді?!  
Қырым, Қытай, Үрім бе...  
Жүрген де шығарсың бірінде.  
Сағындырып... ортаңа,  
Оралармысың түбінде?!

Ғажап жыр! Көздің жасымен, жүректің қанымен жазылған! Асыл Ағадан айрылған  
Иңкәр Інінің жаншырылы!

Сәкеннің өзін де інілері осылай жоқтап жүрген болар...

Сырбаз да сырлы, өткір де ойлы Сәкеннің бұл өлеңін «Әлем таныған Әнуар» (2000 ж.) және «Біздің Әнуар» (2010 ж.) атты жинақтарға енгізіп едім. Енгізбеске болмайтын, ескірмейтін жоқтау. Соңғы жинақты алысымен телефон шалған Сәкен: «Ғабеке-ау, менің өлеңім біртүрлі болып кетіпті ғой?!» – деді, наразы көңіл дауысы жарықшақтана шығып. Сөредегі кітапты алып, өлеңіне үңілсем, тақырыбының «жазығы биік төбеден» деген жартысы жоқ, өлеңінің екі тармағы ауысып, бір тармағы түсіп те қалыпты, ол аздай-ақ, мазмұндағы бет саны мүлде басқа болып кетіпті. «Баспадағылар «ай қарап отырған» екен, олармен сөйлесемін! Ал өлеңіңді Әнуар жайында жазылар мақалаларыма енгізерде дұрыстап жіберемін», – деп ақталдым. «Солай ма? Жарайды ендеше», – деді де, басқа бір әңгімеге ойысты... Енді, міне, өзін жоқтауға енгізіп отырмын...

Сөз ыңғайына қарай айта отырайын: кейбір қаламдастарым, ішінде Герольд Бельгер де бар, «Әлем таныған Әнуар» дегенімді астамшылдық – десті. Ол – Әнуардың кім болғанын анық білмегендік, әділ анықтаманы оған қимағандық еді. Әнуар – әлемнің алпыс шақты елінде болды. Әрқашан Қазақстанның, қазағын насихаттап жүрді, ал өзімізге қатысты жақсы лебіз, әдеби, тарихи дерексөз болса, жолжазбаларында, арнаулы мақалаларында айтып берді. Ғұлама бабамыз әл-Фарабидің шығармаларын туған халқының қолына тигізуге атсалысты, оның бетбейнесін (портретін) Қарашидегі (Пәкстан) көне ғимарат қабырғасындағы түрлі майлыбояу суреттер топтамасынан көңіліне көшіріп алып, Алматыға келген соң, суретші Бек Ыбыраевқа айтып отырып қағаз бетіне түсіртті.

Сондай-ақ, Азия және Африка жазушыларының V-конференциясын Алматыда өткізу Әнуардың ұйымдастыруымен болды. Сол ұлы жиын жұмысын қорытындылаған



кітапты парақтасаң, оған Азия мен Африкадан ғана емес, барша құрлық елдерінен әдебиетшілер келгенің, көбінің зор ризашылықпен сөйлегенін көресің.

Ал Әнуардың әдеби мұрасындағы хаттар – оны әлем танығанын паш етіп жатыр. Алайда, кімнің нені қалай танығаны, өзінің қалай танылары кейінгілердің насихаттай білулеріне байланысты. Шын мәнінде, тарихи тұлға, қаламгер Ә. Әлімжанов хақында жан-жақты ғылыми зерттеу еңбек жазылған жоқ. Кандидат атағын алу үшін диссертация қорғау болды, бірақ ол – бір ғана тақырып аясында (публицистика) қалған әңгіме. Әл-Фараби атындағы Мемлекеттік ұлттық университетте кешегі бірегей түлегі «Әнуар оқулары» болса екен, университеттің «Өнегелі өмір» топтамасымен кітап шығарылса екен деген тілегіміз ескерілмей келеді.

Мен, мысалы, Мұқағали Мақатаевты аса көрнекті ақындарымыздың бірі деп бағалаушылардың қатарындамын. Насихат дегеннен шығады, Мұқағалидың туғанына 80 жыл толуы бір жыл бұрын, 2009-жылы басталып (Алматы облысының сол тұстағы әкімі Серік Үмбетов мырза «Айқын» газетінде мақтана мәлімдегендей), үш жыл бойы тойланды. «Мұқағали – Абайдан кейінгі екінші ұлы ақын!», «Мұқағали – Абаймен деңгейлес ақын!» – деген лепірме тұжырымдар айтылды да, жазылды да. Ол – желкөбігі көп насихат. Ондайды Мұхтар Әуезов «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» атты мақаласында өзіншілдік, күншілдік туғызатын жарнама дегенді.

Мұқағалимен жерлес, құрдас Әнуар Әлімжановтың туғанына 80 жыл толуына біз алдын ала, 2008-жылы қозғау салып, ел Президентіне дейін хат жазсақ та, облыс мерзімінен екі жыл кейін өткізді. Меніңше, Мұқағалимен қабаттастырмайық деген «ішкі есеп» болған шығар. Бұрынғы басшыларда. Әділін айтайын: облыс әкімдігіне 2012-жылдың жазында тағайындалған Аңсар Мұсаханов мырза, Әнекеңнің аруағына адалдық танытып, тойын жұртшылық айтақалсындай жоғары дәрежеде өткізуді ұйымдастырды!

Сол той әредігінің бірінде, өзара пікірлесіп тұрған біздің топқа бір ақсақал келіп сәлемдесіп, Сәкенге қарап:

– Сәкенжан, сен былтыр біздегі бір жиынға қатысып, жұрт алдына шығып сөйлеп: «Мұқағали ағам – тамаша ақын. Тойын дүрілдетіп өткізіп жатқандарың қандай жақсы! Ал Әнуар ағам – дүние жүзінің елу-алпыс еліне қазағының жаршысы болып ту ұстап барған ерекше танымал жазушы. Соны білмейсіңдер ме, әлде басқа ойларың бар ма, кім білсін, Әнекеңнің тойын өткізер ойларың жоқ! «Ала қойды бөле қырыққанды» қашан қоясыңдар?!» – деп ренжіп едің, ол ашуың өнді тарқады ма? – деп жымыды.

– Тарқамағанда не істеймін, «ештен кеш жақсы» деймін. Облыстың жаңа әкімі Аңсар інімізге, ауданның жаңа әкімі Әлібек інімізге рахмет, аянбапты, – деді.

Және бір әредікте:

– Жолдас Сәкен мырза, бағанағы шалыңның сөзіне қарағанда, сен қатты кеткен екенсің? – дегенімде Сәкен қарқылдап күліп:

– Өздері бүгежектеп айта алмағанды мен айтқанға разы болып жүрген түрі ғой! – деді...

Кімнің қайда болсын бүгежектеп сөйлегенің, бүктетіле бүлкетіп жүріп аяғыңнан шалуды көздейтінін Сәкен өсте ұнатпайтын, тіпті кейде оның бетіне айтып тастайтын.

Бүрісе қалып, бұралқы ит көрген кептердей,

Тіл қатқан емес, кеміте күліп, көктенбей.

Инеліктей боп ілмиіп, ішін бермейтін

Атасының көрін Иманас қазып кеткендей,

– дегені сондайларға «сыйлаған сыбағасының» бір бөлігі еді. Он шақты шумақ кекесін өлеңінің бір ауызы екен. Оны маған Қайсенов Қасым айтып беріп:

– Анау Сәкен Иманасов деген золотой қызық екен. Жоғарғы Кеңеске өзі туып-өскен Алакөл ауданынан депутаттыққа ұсынылып, мықты өлеңдері үшін жақсы көретін мен оның сенімді өкілі болып, екеуіміз ауылдарды аралап жүргенде, қай ауылда болсын сайлаушылармен кездескенімізде, мен оны ақын ретінде, азамат ретінде көптен білемін деп мақтаймын ғой. Сайлаңдар, сенімдеріңді ақтайды – деймін. Ал ол болса, өзіне сөз берілгенде: «Сайлай қалсаңыздар, шамам келгенше айтқандарыңызды орындаймын, шамам келмейтінді, өздеріңіз көрерсіздер, «орындай алмаймын» – деп ашығын айтатын боламын – дейді. Вот, Мырқымбай, ә?! Оңашада: «Ай, золотой! Сен «орындай алмаймын деп ашығын айтатын боламын» дегеніңді қой. Керек дауыс алу үшін жұмсақтау сөйле» – десем, ол: «Жоқ, Қаске, мен жұртты өйтіп алдай алмаймын. Ертең аманаттарының біреуін бе, екеуін бе, орындай алмасам, ұят болады. Шынымды айтамын, сайламаса қойсын» – дейді. Қызық жігіт. Бірақ сайланды, елі құрметтейді екен. Айтпақшы, сол күндері жергілікті жолдастырының біреуі ол туралы есек-аяқ таратып, аяғынан шалып жүріпті, соны сезген Сәкен оған бес-алты ауыз өлең шығарыпты, оны сонда, соңғы күні, оқып та берді. Күркіретіп оқыды, молодец! Менің мына айтқаным соның бір шумағы, басқасы ойымда қалмапты, – деді.

Ермінез Сәкен еркін жүріп-тұрды, ашылып, тура сөйледі. Пендешілік күбір-сыбырды білмеді. Халқына шырайлы да шыншыл, көркем де кең ойлы, ауқымды, батыл да бағамды өлең-дастандарымен, тартымды әңгіме-хикаяттарымен, тиянақты да таза қызметімен танылып жүрді. Көптің бірі болғысы жоғын «Бүгінгілер атынан» деген өлеңінде:

Қатар тұрып мезгілдің мінбесінде,  
Қайсың барсың, замандас, тілдесуге?  
Бұл ғасырдан біздерге тиген үлес –  
Ел қатарлы әйтеуір күн кешу ме?!

– деп айтып та берген.

...Әлі есімде, халқының ұлы болған марқұм Әнуардың туғанына 70 жыл толуына арнап естеліктер жинағын шығару ойыма келген күні Сәкенге телефон шалып:

– Жолдас Сәкен мырза, бүгін түсіңе Әнуар кірген жоқ па? – дедім. Ол тосын сұраққа танданды білем, сәл аңтарылып, содан соң күліп жіберді де:

– Ассалаумағалейкүм! Сұрағыңызға сұрақпен жауап беруге бола ма? – деді.

– Уағалейкүмассалам! Әйтуге де құқың бар.

– Ендеше, ағасы, «жолдас» пен «мырзаны» қосарлағаныңыз қалай?

– «Жолдас» – біздің замандағы дәнекер сөз, ал бала-немерелеріміздің заманындағы дәнекер сөз – «мырза» болып тұр ғой. Екі заманды, әлгі ажырасқан әйел мен күйеудей өтіп, мүлде бөліп тастауға мен көнбеймін! – дедім, жорта қатқылданып. Сәкен ашыла күліп:

– «Көнбейіміңіз» жақсы екен, қолдаймын, қостаймын. Ал Әнуар... Әнекең... келесі жылы жасы жетпіске толғанын тойлайтын едік-ау...

– Жолдас Сәкен мырза, тоқ етері: мен Әнекең жайында естеліктер кітабын құрастыруға кірістім, сен соған үлес қос.

– Бәрекелді! «Үлес» дейсіз бе? Жобаңызды айтыңызшы!

– Мен Әнекеңнің ауыл жағын, ағайын-туыстарын білмеймін ғой, ал олардан естелік болу керек, сен соны ойластыр. Өзіңнен баста да, тездет.

– Құп болады!..

Сәкен сөзге сараң, іске жомарт екенін көрсетті. Арада ай өте бере өзінің де, Әнуардың бес туысының да естеліктерін әкеліп берді.

– Осы оралымдылығың үшін сені бұдан былай да «жолдас Сәкен мырза» – деп жүремің, – дегенімде:

– «Өйтуге де құқыңыз бар», – деп жымыды. Сонау жолы өзіне айтқан әзілімді қайтарып бергені еді.

«Әлем таныған Әнуар. Признанный миром Ануар» делініп, қазақ және орыс тілдерінде шыққан кітапты көрген Сәкеннің көзі жасаурап:

– Ғабеке, рахмет, рахмет! Әнекеңнің аруағы риза болсын! – деп тебіреніп: – Мұны енді Әнекеңнің еліне жеткізу керек шығар? – деді.

– Әнекеңнің 70 жылдығын мемлекеттік дәрежеде тойлау қажеттігін айта үкіметке де, Жазушылар одағына да хат жаздым. Кітап Нұрлан Балғынбаев ініміздің демеушілігімен шықты, міне, алғыс айттым. Ал кітаптың таралымы – бар-жоғы бір мың дана ғана, соның бес жүзін облысқа сыйлай аламын, тойға шақырылған меймандардың қоржындарына салып жіберсін.

– Ойыңыз өте дұрыс! Дүние жүзінің талай еліне мәшһүр Әнекеңнің тойын мемлекеттік деңгейде өткізбегенде ше?! Өткізетін шығар. Ал кітапты облыс пен аудан басшыларына айтайын, олардың бәрін білем ғой, алады, бірақ оларға екі жүз данасы жетеді, өздеріне де, қонақтарына да. Әуелі ауданмен тура ертең хабарласамын, – деді Сәкен, қызына сөйлеп.

Әңгімешіл інім екеуіміздің жолыққандағымыз өз алдына, аптасына бір рет телефон арқылы шешіле шүйіркелеспесек, бөтен болып кететін сияқтанатынбыз. Шүйіркелесуіміз Әнекеңе қатысты жиілеген. Сол облыста туып-өскен, журналшы, партия-кеңес қызметкері жолын бастаған, көп іс тындырған танымал Сәкенге салмақ салдым да. Ол ауырсынбады. Кіммен сөйлескенің, не дескенің маған мәлімдеп, кеңесіп жүрді. Бірақ өзінің Мәдениет және бұқаралық ақпарат министріне хат жазғаның, ал Талдықорғанда болғаныңда жергілікті басшылармен сөйлескенің, Әнуар мен Мұқағалиды аузына ала ширығып сөйлегенің айтқан емес. «Мен сөйттім!» деуден аулақтығы ғой!

Амал не, Әнекеңнің 70 жылдығы жетім қыздың тойындай болып, аудан көлемінде өтті. Ағыл-тегіл арзан сөз бен ас та төк тамақ. Дәстүрлі мүшәйра, балуандар күресі дегендей, ешбір шара жасалмады. Сәкеннің ықпалымен ауданнан келген өкілге: «Әлем таныған Әнуарға» өзімнің «Екі хикаят» кітабымды қоса жиыны төрт жүз кітапты екі апта бұрын беріп жіберген едім, олар мектепте ашылған кітап көрмесінде болмай шықты.

– Мына көрмені ұйымдастырған қайсысың? – деді Сәкен, көрме жайында түсінік бере бастаған келіншекке.

– Аға, мен ұйымдастырдым, шәкірттердің көмегімен, – деді екінші бір келіншек.

– Әнекеңнің кітаптары түгел қойылмапты ғой? – деді Сәкен зілденіңкіреп.

– Таба алғанымызша...

– Ал мына Ғаббас ағаларыңның Әнуар туралы хикаяты бар жинағың, «Әлем таныған Әнуар» деген естеліктер кітабын алдырып едіңдер ғой, олар қайда? Мұнда жоқ қой?

– Кілтші ауырып қалып, қоймадан ала алмай...

– Қоймаларыңмен қоса құрыңдар! Неткен сорлы едіңдер?! – деп Сәкен оны көз оғымен ата зірк етті де, сырт бұрылып кете барды.

Қатты айтты. Бірақ өйтпесіне болмады. Мектептің мұғалімдері ме, әлде аудан әкімшілігінің қызметкерлері ме еді, ол жағын білмедім, әйтеуір, қарындастарының ойсыздығы, немкеттілігі намысына қатты тисе керек.

Әнекеңнің тойына облыс әкімі Заманбек Нұрқаділов те, оның мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасары Жібек Әмірханова да қатыспады. Басқа бір орынбасар Тоқтархан Қожағапанов барды. Тойдың тізгінін емес, шылбырын сол тұста обләкім аппараты бастығының орынбасары Сәкен ұстаған. Өзінің де көңілі толмағанын алматылықтарға сездірмеуге тырысқан ол бізді – он шақты үлкен-кіші ақын-жазушыны Алакөл жағасындағы саяжайға апарып дем алдыруға жол ашыпты. Саяжайда екі күн мәре-сәре болыстық. Алайда менің көңілім құлази берді. Сәкен соны аңғарса керек, барған күнгі бесінде көл жағасында жалғыз тұрған маған келіп:

– Иә, Ғабеке, шаршадыңыз ба? – деді.

– Жолдас Сәкен мырза, неге «Алакөл» – деп аталғанын ойлап қарап тұрсам, «арыстанның жалындай бұйра толқын» емес, шағын-шағын құлынжал ақ-көк толқыны көптіктен ап-ала болып жатқан соң Алакөл атаған-ау, – дедім.

– Қазекем ат қоюға шебер ғой. Ғабеке, думандатып жатқандарға барайық, жүріңіз!

– Аудан орталығынан гөрі мұндағы думан күштірек болар, сірә.

Сәкен әдеттегісінен біртүрлілеу күлді де, пенжағын шешіп алып, желең жамылды. Содан кейін қабағы түйіліңкіреп, көзі өткірленіп, мұрнының етегі қусырылып, сәл-пәл үнсіз тұрды да, бетін көлге бұрып:

– Ғабеке, бүгін сізге айтағанда кімге айтайын, ішіме симай жүр еді, тыңдаңыз, бірақ сіздің де ішіңізде қалсын, – деді де, мынадай сыр ақтарды: – Әнекеңнің 70 жылдығы обләкім Заманбек Нұрқаділовтің алдында әңгіме болды. Заманбек: «Әнуар – мемлекеттік, қоғамдық үлкен тұлға. Тойын Алматыда, Талдықорғанда, туған жері – Алакөл өңірінде дұрыстап өткізуіміз керек. Одан кейін Мұқағалидың 70 жылдығы бар. Екі той ел күткен деңгейден кем түссе, біріне жеткені екіншісіне жетпей жатса, ұят болады, өсек-аяңға, дауға қаламыз», – дегенді айтты. Біз сол ыңғайға қарай жоспар жасап бердік. Ол жоспар, Жібекті білесіз ғой, орынбасары, сол Жібек Әмірхановаға тапсырылды. Неге екенін біле алмадым, ол «құлағын кесіп құнттытып, мұрнын кесіп шұнттытып» дегендей, Әнекең туған ауылда, Қарлығашта, әдеби-теориялық конференция ғана өтетін етіп шығарды. Конференцияға кімдерді қатыстыруды да сүзгісінен қайта-қайта өткізіп, жүйкеме тиіп бітті. Өзара келіскен шығар, деп ойлап, Заманбекке қайыра бармадым. Ол да қайыра пысықтаған жоқ. Осылай болды, Ғабеке, осылай болды. Ол ортада мен енді көп тұрақтай алмаспын. Жібек, Фатима, Роза, Мұрат, Долженков дей ме, әйтеуір, «іштерінде ине айналмайтын» кеңсешіл біреулер оң ісімді теріске шығара береді. Күйкі қимыл, пыш-пыш сөз. Тікелей бастығым әлгі Мұрат дегенге, ол менен мүшел жас кіші, соған:

Атымды айтып жүреді халқым әр күн,

Бірі едім, он кісілік нарқы бардың.

Амал не, Зәкең берген ескі арбаны,

Қосылып Долженковқа, тартып алдың,

– деп әзіл хат жазып, қолына ұстаттым, мысалы, ал ол соның да байыбына бармады, түсінбеді, қызармады. «Зәкең» дегенім Заманбек қой. Ол мені қызметке алысымен «Волгаға» мінгізген еді, жыбырлақтар маған оны көпсініп, ақырында бірнешеуімізге ортақ машинаға айналдырып тынды. Е, мейілдерің, дей салдым, Заманбекке шағымданбадым. Заманбек өзіне қызметке шақырғанда мен ақылдасқан ауылдас бір ағаларым: «Әй, ол жақты қайте қоясың, Заманбектің де, сенің де сырың белгілі, шартпа-шұрт болып тынасыңдар ғой», – деп еді. Солай болатын да шығар...

Ақын ініміздің:

Айтар едім, құдай-ау, айтар едім, – тыңдар кім?

Ортасында отырып құлақкесті құлдардың,

өткізе алмай өзімді, жеткізе алмай сөзімді,  
терек болып теңселіп, ырғай болып ырғалдым,

– дегені сол кездегі көңіл аласапыраны-ау!..

Ардақты асылзада ағалар-ай,  
сендерді жүрміз бе әлі бағаламай...

Өнеге емес пе еді өмірлерің,  
Көңілі көлден ұшқан шағаладай,

– дегені мерейтой жолғы сапарымызда, Алакөлдің толқынына қарап тұрып, Өнекөңді іздеген сағыныш сезімінің нышаны-ау!..

Сәкен «отызында орда бұзар» кезінде партия-совет қызметкері болды дедім. Иә, болды. Одан бұрын комсомолдың мектебін тәмамдап, қайнау-пісуді көрген. Бірақ, биліктің тұрақты тізімінде қалмады. «Жазушы» баспасында, Жазушылар одағының аппаратында қызмет істеді. Екеуіміздің танысқан, біліскен, табысқан ұямыз – Одақ болды. Әдебиетке, оның поэзия саласына қатысты жиын-жиналыстарда пікірін ашық айтып, ортақ игілік мүддесімен небір ұтымды ұсыныс жасаған-ды. Ал пікірін ауырлағандар болғанда: – «Өкпелесең, көшке берген тайынды ал», қызық екенсің ғой? – дей салатын. Бертінде:

Тірлікте күлмес үшін күндестерім,  
Ешкімнің артына мен мінгеспедім.  
Ұтсам да, ұтылсам да, – өз арыма,  
бағынып, баяғыдан күн кешкенмін,

– дегені өзіне өзі өлеңімен есеп бергені ме, қалай?..

Тағы бір күні телефон шалған Сәкен:

– Ғабеке, Алакөлге нендей сәлем айтасыз? Мен дем алуға сонда кетіп барамын, сол жаққа қоныс аударармын, мыналардан безіндім, – деп күлді.

– Безінгеніңе көңілдісің ғой? «Бірер рет тебісіп қалдым» деген Заманбегің кетіп, жаңа бастығың келгені кеше дегендей, оның қалай?

– Кім не десе де, рас, бір-екі рет тебісіп қалсақ та, Заманбек – нағыз азамат! Мен оның іскерлігіне, кісілігіне тәнтімін. Ал мына жаңа бастығымыз өлсе де ондай бола алмайды.

– Аты-жөні қалай еді, Құлмахан...

– Шалбай Құлмаханов. Оның менімен алғаш танысқаны қызық болды. Шақыртқан соң барсам, кабинетінде Жібек, Долженков және екеу-үшеу бар екен. Мен құйрық басар-баспаста свежий әкіміміз маған шаншыла қарап: «Имандосов, сіздің орысшаңыз қалай еді?» – деді. Онысы қытығыма тиіп, мен: «Алдыңыздағы тізімге қарап алыңыз, менің фамилиям Иманасов» – дедім. Ол әлдебір қағазға үңіліп: «И-манасов» – деп ежіктеп шығып, содан соң: «Мен сізді танымаймын ғой?» – деді, танымағанына мен жазықты кісідей таңданып. «Танисыз, 1993-жылы таратылып жіберер парламентте қатар отырғанбыз» – дедім. Ол сыздаңқырап отырып-отырып: «Маған сіздің жұмысыңыз ұнамайды», – деді. Жаңа басшыға ескі басшының кадрлары ұнай бермейтіні белгілі ғой, сондай болсасы екенін түсіндім де: «Екі-үш күнде кімді, қалай біле қоярсыз, осындағы біреулердің айтқанына еріп отырған шығарсыз?» – дедім. Ол ашуға булығып, шүңірек көзі жыпылықтап: «Бара беріңіз, кейін сөйлесеміз!» – деп тыжырынды.

– Басшының орнына отыру оңай, басшы бола білу қиын ғой.

– «Үйлену оңай, үй болу қиын» дегендей дейсіз ғой? Ертеңінде әлгі Жібек дегеніңіз маған басқа жақтан бір орындарды ұсынды. Керек етпедім. Құдай мені ондай-

лардың «қамқорлығынан» сақтасын. Сонымен, кезекті демалысыма шықтым, бұларға қайта келмейтінімді айттым. Алакөлде боламын. Арғы жағын көреміз ғой.

– Дұрыс, жолдас Сәкен мырза! Оспанханша айтқанда, «ши жүгіртілген жүйкеңді» қалпына келтіре жақсылап дем ал, Алакөлдің толқындарымен жарыстыра дептер-дептер жыр жазып әкел! – дедім.

– Құп болады! – деді жадырай күліп.

Көңілді сәтінде көркем күлетін жолдас Сәкен мырзамен соңғы рет сөйлескенім кеудеме күдік байлаған. Көкшетаудағы қадірлі қарындасым – Зәмзәгүл Естайқызы телефон шалып: «Аға, Зада тәтеммен, жақсы дос-жолдастарыңыздың бірекеуімен келіп, дем алыңыздар. Көл жағасындағы үйді босатып, дайындап қоямыз, келіңіздер!» – деген соң, бұрын да екі мәрте шақырған еді, енді бұл дана бермейін деп ойлап, Сәкенге «құда түстім». Ол ауруханаға жатып шыққан, хал-ахуалын сұрап, оны мұныны әңгімелеп, ұсынысымды айтып едім:

– Бұл ұсынысыңыз да жақсы екен, бірақ, ағасы, бұл жолы бара алмаспын, кейінірек көрерміз, – деді.

– Денсаулығың ба, әлде бір шұғыл шаруа болып тұр ма?

– Жүрек шіркін жасқандыра бастады.

– Қой, қайдағы-жайдағыны айтпай, нашар қазақ болма! – дедім. Ол ақырын күліп:

– Жарайды, – деді...

Екі күннен кейін...

...Сыйлаған жинақтарын аударыстырып, қолтаңбаларын оқып отырмын, міне. «Жүрек» деген өлеңіне үңіліп кідірдім:

Жүрегім, сенен шошынамын-ау,  
еліре бердің, екпіндеп,  
дүбірге түгел қосыла мынау,  
күмбірлетіп те кеткің кеп...

...Жұтам деп тірлік мұңын қалдырмай,  
қаншама қатты қақпадың.

Асау жылдарға сырыңды алдырмай,  
алқынып келе жатқаның...

...Беймәлім әлі, осы қалпыңда  
қай жерге барып тоқтарың...

Тағдырдан: «Тоқта!» деген бұйрық келгенде тоқтамаған Жүрек болған ба?!

2013-жыл



## **БІР ҒҰМЫРДАН БІРЕР СЫР**

Сумақай суық хабар Қажытайдың да қайтпас сапарға аттанып кеткенін айтып, жан-дүниемді астаң-кестең етті...

«Бір сырлы, сегіз қырлының» өзі еді...

Қазақы таза тірлік кешті. Қазағының дәстүрлі атбегілік, құсбегілік кәсібін сән-салтанатын келістіре жасауға жағдайы болмаса да, бұларды өнер тұтып насихаттауда қапы қалған емес. Тағдыры «арғы бет» – Қытай өңірінде дүниеге келтіріп, бозбала

шағын сонда өткіздіріп, жігіт кезінде атамекеніне оралтқан аумалы-төкпелі өмір кезеңдерінде ол бала болып асық ойнап, сақа сайлап, бәйге атына мініп, жігіт болып домбыра баптап, күй тартып, көкпарға қатысып, балуандармен белдесіп үлгіріп те жүрді.

Қажытайдың ақындық жолы да ерте басталып, сұлу сырлы өлең мен уытты әзіл-сықақты жарыстыра айтып, жазып, қаламының қуатын да танытты. Қазақы әңгімені бипаздап айтуға да, ой-қиялын жеткізе жазуға да шебер-ді. Әзіл-сықақты, фельетонды өлеңмен де, қарасөзбен де, өзінше айтқанда, «тура қатыратын». Бұл қырына, әсіресе, «Ара-Шмель» журналының редакциясында қызметтес болған жылдарымызда бек сүйіндім. Жер-жерден келіп жататын арыз-шағым хаттарды екшеу сәттерімізде: «Кәрия, андағы біреудің ізіне мен түсейінші!» – деп, ең қиын, күрделі оқиғаға құмарта қалушы еді. Солайша қалап алуымен шалғай облыстарға барған сапарларының бір-екеуінде Қажытай шағым хатта аталған қылмыстыларды отқа қақтағандай еткен соң, олар «жазғыш пысықты» аман-сау қайтармаудың қара жоспарын жасаған екен, алайда жергілікті журналшылар Қажытайдың із жасырып, қашып құтылуына көмектесіпті. Сондайда ол: «Кәрия, әлде мүгедектіктен, әлде ажалдан аман қалдым», – деп күлетін.

«Кәрия» – Қажытайдың қалтқысыз қалжың әңгімесінің беташар сөзі еді. Ал мен оны – «Жасия» – деп атайтынмын. Әзіліміз жарасқан сырластар болдық.

Мен білген Қажытай – өмірге құштар, өзінің де, маңайындағы дос-жолдастарының да бағасын білген, ашылып ақ сөйлеген адам болды. Еңсесін тік ұстап, тура жүрді. Қызмет, атақ, сый үшін «қарағайға талды жалғаудан» аулақ Азамат болды.

«Жасиям» қолына домбыра, гитара алғанда Әбіхан Қасеновтің «Қоңыр» атты күйін, поляк Огинскийдің «Полонезін» құлшыныс-тебіреніспен тартатын. «Осы екі күйдің өзегінде менің де өмірім жатқандай!» дейтін. Ол өмірдің күнгейін де, теріскейін де көрді. Соңғы жылдары денсаулығы күрт нашарласа да, қажымады. 74 жыл ғұмырының соңғы минеттерінде де қаламы мен домбырасын қолынан түсірмеді...

Қазекемде: «Адам айдаса, – бармаң; дәм айдаса, – қалман» деген майлы мәтел бар ғой, ал менің онымен ағайындас: «Адам айдаса, – бармаң; партия айдаса, – қалман» дейтін шайлы мәтелім бар. Үкіметтің кеңсесіне кіріп-шығып қызмет еткен қырық жылда бес мекемеде «мейман» болсам, соның төртеуіне компартияның «арқасында» барыппын. Соның бірі – сатиралық «Ара-Шмель» журналына жөнелтілгенім. Ол журналдың бұрынғы Бас редакторларының бірі, зейнеткер Жүсіпбек аға Алтайбаев «Ағыбай батыр» романын шығаруға көмектесуді өтіне партиямыздың Орталық комитетіне, сужаңа хатшы Қазыбаев Кәкімжанға барып отырып, журнал басшылығына мені жіберуге кеңес беріпті. Сонымен, не керек, Көкеңмен тәжікөмнің ақырында: «Көкбазарда отырған жоқпыз, саудаласпайық, дұрыс па?» – деген «сөз естіп», Алматының әйгілі Көкбазарының іргесіндегі 9 қабатты ғимараттың 7-қабатында орналасқан «ара-шмельшілердің» ортасына топ еттім.

«Үсті-басымды сілкіп», төңіректі бірер күн барлап байқасам: редакцияның не қазақ жағында («Арада»), не орыс жағында («Шмельде») «дені дұрыс» әзіл-сықақшы жоқ. «Е-е-е...» – деп, Владимир Ильичше «Не істеу керек?» – деп отырғанымда, үшінші күні, Кәкімжан ағамыз телефон соғып:

– Иә, Ғаббас жолдас, хал-ахуал қалай? Орның құтты болсын! Журналды жарқыратып, сатира сарбаздарын жеңіске бастай бер! – деді. Көңілді екен.

– Кәке, рахмет! «Көкбазарда отырған жоқпыз, саудаласпайық» – дедіңіз де, Көкбазардан бір-ақ шығардыңыз, – деп едім, Көкең күліп жіберді. Көңіл күйі жақсы екен.

Соны пайдаланып: – Кәке, журнал үшін жанпида дермін, бірақ елі көшкен жұртқа келіппін, мұнда сатира сарбазынан біреу де жоқ, – дедім.

– Солай шығар... Енді, Ғаббас, ерік өзіңде, дәл қазір қолыңды қағар ешкім жоқ, қатал кіріс, қажет кадрды жинап ал, қара көбейтіп отырғандардан тезірек құтыл, реті келгеніне орын тауып беруді ойла, біз де көмектесерміз, мұнда жігіттерге айтармын, ал өздері жұмыс тауып ала алатындары болса – құба-құп, бүгіннен бастап бәріне ойынды ашық айт, ескерт, созба! – деп Кәкең қамқорлық кеңес берді. Менің күткенім де сол болатын.

– Рахмет, Кәке, түсінікті. Сіздерге барып шықсам, ақылдассам деп ойлап едім, жақсы болды. Өзім білетін сатириктерді, фельетонистерді шақырамын, коллективті толық жаңартамын, өйтпеске шарам жоқ, – дедім.

– Сөйт, қорғанба, тек объективный бол! Қадамың сәтті болсын! Бөлімдегі жігіттермен хабарласып тұр, керек бола қалғанымда маған тура кел не телефон соқ. Ал сау бол! – деді Кәкең.

Үш-төрт айдың шенінде ұжымды, анығында – қалам ұстайтындарды толық дерлік жаңарттым. “Араға” танымал сықақшы Ілиясов Қажытайды, фельетонды қазақ тілінде де, орыс тілінде де қапысыз жазатын Шәріпжанов Тоқтарханды, кейініректе әйгілі Әмірбеков Көпенді, оның ұсынуымен Марат Нұрқалиевті шақырып алдым. Суретшіміз өнері көпке белгілі Нұрмұхамедов Нағым болды. “Шмельге” орынбасарлыққа Станислав Малоземовты, бөлім меңгерушілігіне Владислав Караканы алдым. Екеуі де – орыс оқырмандарға жақсы мәлім сықақшы-фельетоншылар. «Ескілердің» ешқайсысын ренжітпедік, бәріне қызмет тауып берілді. Ал бұлардың ішінде «баспабас айырбаспен келген» Қажытай ғана болды.

«Затында тазалық жоқ пысықтармен,

Үйлесе алмай келеді көзқарасым», –

дегеніндей, сұханы сүйе алмаған ұжымға қолын бір-ақ сілтеп: «Е, жарайды!» – деп кете беретін «қызық» қылығы бар Қажытайға бір іңірде телефон шалып:

– Әй, Жасия, бүгінде сен қай жақта қопарып жұмыс істеп жүрсің? – дедім (оның «Кәрия» дегеніне қарай мен оған «Жасия» дейтінмін).

– Ә, Кәрия, ассалаумағалейкүм! Мен тағы бір көп-көрім таққа мініп, «Жазушы» баспасын жарылқап отырмын, – деп жайдары күлді.

– Мұндағы тақтың қасында ондағы тақ – шоқпардың жанындағы қолтоқпақ, сөзді қой да, бері кел, зыт! – дедім.

– Ғабит ағамыздың «зытып келемінін» еске салдыңыз, бірақ, Кәрия, мен өйте алмаймын, мұндағы бастығым – бір ғажап жайсаң жан, қиып кете алар ма екенмін?

– Әй, Жасия, сөзді көбейтпейік, Әбекеңе «құда түсу», сені жасаулап алып кету менің міндетім болады.

– Солай ма?

– Солай. Фельетонның тізгін-шылбырын ұстайсың да: «Мырқымбай, қайдасың, әйда кеттік!» – дейсің.

– Кәрия, мұныңыз... апырай-ай, ә?... не дейін енді?

– Пионер болып көрмегенсің, әйтпесе: «Әрқашан дайынмын!» – дер едің.

Ол рахаттана күліп:

– Журналдың шаруасы, иә, ол – менің қолым ғой, Кәрия. Өзіңізді құттықтай барғанымда алдыңызда әлдекімдер болып, көп кідіруге уақытым болмай, ойымды оңаша айта алмай қайтып едім, енді, Кәрия, сәл күте тұрыңызшы, мен насыбай атып алып, сәл ойланайың, – деді.



– «Сәл-пәлiндi» қой, қазiр Әбекеңе «құда түсем», привет! – деп телефон тұтқасын қойдым да, iле қайта көтерiп, Әбекеңмен – «Жазушы» баспасының директоры Әбiлмәжiн Жұмабаевпен хабарластым. Хал-ахуал сұрасқан соң:

– Әбеке, сiзде – қылыш, менде – қын. Сiз маған сатирик Қажытай Илиясовты берiңiз, мен сiзге бiлдей редактор бола алатын бiр жазушы жiгiттi берейiн. Басына – бас. Кәнеки, қол алысайық! – дедiм. Әбекең әдетiнше жұмсақ күлдi. Ресми газет тiлiмен айтқанда, «Келiссөз жылы шырайлы жағдайда өтiп, келiсiмге қол қойылды».

Әлi есiмде, 1968-жылы «Ара» журналының 9-санында Қажытайдың «Нәйм-нәйм бауырсақ» деген фельетоны жарқ ете қалды. Бiрiмiзден бiрiмiз алып қашып оқыдық. Усойқы тiлi ойнап, оқиғасы оқыралап тұрған дүние екен. Содан бастап Қажытайды үнемі бақылап, не жазса да құр жiбермей оқып жүрдiм. Мейлi қай жанрда жазса да, қай тақырыпты көтерсе де, тiгiсiн жатқызып жiбередi, айызың қанып оқисың! Сондықтан қолыма билiк тиген кезде ең алғашқы жұмысқа шақырған адамым – осы Қажекең болды.

Бiз белiмiздi буып, бiлегiмiздi сыбанып, жұдырықтай жұмылып, тастай тәуекелмен iске кiрiстiк. Журналдың мiндетi – тiрлiгiмiздегi терiс-бұрысты ашып, батыл жазу, жазықсыз жазаланғандарға арашасы болу. Зымияндардың залалымен комсомолдан, партиядан шығарылып тасталғандарға, түрмеге тығып жiберiлгендерге қол ұшымызды берiп, ақиқаттың ақ мылтық сарбазы екенiмiздi дәлелдей бастадық. Арыз-шағымын басқа газет-журналға қабылдата алмаған кiсiлер бiзге келетiн болды. Алыс түкпiрлерден арыз ағылды, ал олардағы дабылдың iзiмен бару, бiлгiрлiкпен зерттеу жүргiзу, шындықты аршып келу арнаулы тiлшiлерiмiзге, әрине, оңай тимедi.

Тым күрделi, шытырман шаруаларға қай сатириктiң барғысы келетiнiн өздерiне ұйғартатын әдет ұстандым. Хатпен таныстырып, ерiктерiмен баруларын қалаймын. Рас, кейде бұйрықпен мiндеттеп жiберуге де мәжбүр болып жүрдiм.

Бiрде Қызылорда жақтан топтанып алып қылмыс жасағандар жайында, оларды жергiлiктi әмiршiлдер қорғаштайтыны туралы, сондықтан сотқарлардың еркiнсiп кеткенi баяндалған хат жеттi. Жiгiттердi онымен таныстырып:

– Ал, қырандар, қайсысың қомданып ұшасыңдар? – демеймiн бе. Ондайда, яғни шаңы айшылық жерден көрiнер дода бар дегенде Қажытайдың бүйiрi елден бұрын қызып шыға келетiн, ол жолы да:

– Мен барайыншы, басым сонда қалса да! – деп ұшып тұрды. Жiгiттер ду күлiп:

– Иә, Қажекең барсын!

– Уа, ақсарбас!

– “Хабарсыз кетсең бұл жолы, мен шығамын соңыңнан!” – дестi.

Бiз қандай жағдайда да қалжыңдасып, iлiп-шалып дуылдасып, көңiлдi жүруге дағдыланғанбыз. Дәрежелерiмiз ресми ыңғайда әрқалай болса да, күнделiктi iс үстiнде бәрiмiз “өзiлiң жарасса, атаңмен ойна” тең дәрежеде болатынбыз. Атып-қуып дегендей, бiраз қажасып алдық та, Қажытайға оң сапар тiледiк. Жiгiттердiң бiрi: “Қажеке, насыбайыңыз таусылып қалмасын!” – деп тағы ду күлдiрдi. Қажытай ернiне насыбай салатын. Күмiспен күптеген мүйiз шақшасын қолында ойнатып жүргенi.

Қысқасы: Қажытай доданың көкесiн көрiп, текетiресте жеңiп шыққан, дабылдағы дерек атаулыны әбден анықтаған, қажет құжатты жасап, тиiстiлердiң қолдарын қойдырып, мөрлерiн бастырып бекiткен. Ол жеңiлiс тапқандарға ұнар ма! Бiр дойыр: “Сен, әй, тiлшi, бұл жақтан тiрi кетпейсiң!” – деп күжiрөйiптi. Ондайдың талайын кездестiрген сарбазымыз саспаған: “Ей, ер болсаң, жекпе-жекке шық!” – дептi. Шаншыла қалған Қажытайдың сесiнен шошыған «бiр жерi қуыстар» тайқып кеткен. Бiрақ астыртын арам әрекеттi бастаған. Қылмыскерлердiң ор қазуға кiрiскенiн сезген

жергілікті бір тілеулесіміз жолдастарымен кеңесіп, Қажытайды түнделетіп басқа жолмен көрші облысқа жеткізіп, ұшаққа аман-есен отырғызып жіберіпті. Сол сапарын жыр еткен Қажытай:

– Сөйтіп, Кәрия, армансыз шайқаса алмай қайттым, шіркін! – деп кіжінсін. Оның: «Өзіңе не керек?!» әжеттігі, шаппа-шүп балуандығы, шартпа-шұрт қамшыгерлігі ересен. Айғайда айқұлақтанып кететін өрмінез.

– Жасия, ашық айқастан тайқып, андуға кеткен қаскөй кімнің қапысын таппайды, байқап жүр, пәлекеттің беті – әрмен! – дедім.

– Кәрия, саспаңыз, не болса да көріп аламын ғой. Менің шешем де қалжаны текке жемеген шығар, – деп күлді.

Енді бір мысал Жезқазған облысының Жаңаарқасындағы «Сәкен Сейфуллин» совхозының бас бухгалтері Бәкен Башыровтан шағым-арыз түсті. Оның хатын Қажытай кей сөздерінің астын сыза оқыған екен: «Кәрия, мынау жігіттің халі ауыр екен, тәуекел, бұған да мен барайыншы!» – деп құлшынды. Шағым хат негізінде «Әй-ей болады» деген фельетон шыққаннан кейін кінәлілер сазайын тартып, ҚКП Орталық Комитетінің парткомиссиясында Б.Башыров ақталып, партбилетін қайтарып алды. Ал хатты тексеру күндерінде Қажытай өзіне жасалған кедергі мен қаскөйліктің ешқайсысына шалдырмай, аман-есен қашқан ғой. Жемқор «мықтылардан»: «Ілиясовты тірі жібермеу керек!» – деген бұйрық алған жалдамалылар оны кейін, тергеу үстінде, айтып беруге мәжбүр болды.

Ержүрек, тәуекешіл Қажытай басынан кешкен ондай «хикаяларды» айтарда да, әзіл-сықақты ағытарда да жымыңдап, жоқ сақал-мұртын оң алақанымен сипап-сауып алатын. Күлкіге кенде емес, ал әңгімеге жомарт еді. Әсіресе, ауыз әдебиетіміз бен көне тарихымыздан сөз басталғанда көкпарға қатысардай елеңдеп, қызынып кететін. Өйтетін жөні бар: көп біледі, көркемдеп айта алады. Ал әзіл-сықақта қара сөзбен де, елеңмен де дес бермейтін. Фельетон жазғанда да сондай-ды. Оның сол жылдары журналда жарияланған фельетондарының өзі бір жинақ шығар. Әрбір дерлік фельетонына оқырмандардан ризашылық хат келіп жататын. Бірі әділ арашашы болғаны үшін алқаса, бірі тілінің уытына қызыға хабарласатын. Жұрт: «Қажытайдың тілінің усойқысы бар» – десіп жүргенде, «Усойқы» атты жинағы шығып, мәре-сәре болғанбыз.

Жаратылысы елгезек Қажытай нені жазса да іркіле қоймайтын.

Бірде Ташкентте тұратын, университет кафедрасын меңгеретін, филология ғылымдарының докторы Айдаров Тұрап атты азамат келіп, жақында жасының 50-ге толарын айтты. Машинадан өткен бір шоқ сықақ өлеңін алдыма қойды. Оның бұл жанрда көптен бері жазатынын сырттай білетінмін. Ұзақтау болса да, үш өлеңін алып қалдым да, Қажытайды шақырдым. Жайраңдаған күйі алақанын сарт еткізіп, қарсы алдыма отыра қалды. Әлгі өлеңдерді ұсынып: «Мыналардың басын біріктіретін дәнекер керек, шағын алғысөз жазасың ба?» – деп едім, өлеңдерді шолып жіберіп, бетіме жымың етіп бір қарады да, алдымдағы қағаздың бір парағын алып, қаламын сүйектете жөнелді. Тіпті жаттап алғандай кідірмейді.

Сатирамен сақал-мұрты майланып,

50 жасқа келді Тұрап Айдаров.

«Әнің үшін» қанатына «Араның»

Үш өлеңін орамал ғып байладық, – деп алдыма тастай салғаны. «Өй, ішінді ұрайын» – деппін ғой, ризалығымды жасыра алмай, өріксіз күліп жіберіп.

Ол жалпы әзіл-сықақшыларға, әсіресе жас қаламдастарына аса ілтипатты болды. Күлкі арқалаған өлең-әңгімесі, фельетоны алғаш «Арада» шыққан іні-

қарындастарымыздың дені – оның шәкірттері. Оларды баулуға арнаулы бәйге жариялауды ұйғарғанымызда «Жатыпатар» деген айдарды (рубриканы) Қажытай ұсынды. Бәйгеміздің бірінші жеңімпазы Таңдай Кенеев болып еді...

Қажытайдың кітап болған әзіл-сықақтарынан гөрі, әлі қолжазба күйінде жатқаны көп сияқтанады. «Бір сырлы, сегіз қырлы» болған ақын-серінің лирикалық өлеңдері, дастандары, ән-күйлері де қаншама екенін артында қала берген әдеби мұрасына бас-көз болған қамқоршысы білер. Негізгі қамқоршы, әлбетте, Жазушылар одағымыздың Сатира кеңесі болуға тиіс. Кеңес Қажытайдың жары, әдебиетші-ғалым Рудамен ақыл қоса жұмыс істеп, қаламдасымыздың баспа бетін көрмеген шығармаларың, дос-жолдас болған замандастарының ол туралы естеліктерін жұртшылыққа кешіктірмей ұсынатын болар деп ойлаймын. Қазақ әдебиеті мен өнерінің әрі зерделі өкілі, әрі тынымсыз жақсы насихатшысы болған Қажытайдың аруағына қызмет ету – қай-қайсымыздың да – парызымыз!

Ол сыйлаған кітаптардағы қолтаңба да ерекше. Мысалы, «Тасжарған» жинағының алғы бетіне былай деп жазыпты: «Аяулы Ғаббас Кәрия! Көптің бірімін бе, жоқтың бірімін бе?.. Бұл кітаптағы түйіндерді бұрынғы, соңғы ең мықты ақындармен салыстырсаңыз, оған жауап табылар... Соның күнес-күнгеіін бала-шағаңызға тілеймін!».

...Жазған соң жазбайсың ба жан бітіріп,  
Самалдай сарай ашқан таңғы тұнық.  
Мүлгітіп мұсылманды мұнарада  
Қалатын Ай сияқты мәңгі тұрып?!.

Мұны салыстырғысы келгендер салыстыра берер, ал мен қолтаңба иесінің тілін алмадым: «Бұл – Ілиясұлы Қажытай атты Ақынның құнарлы да шырайлы өлең-жырларындағы бір шумақ!» – деп тоқтадым.

Менің өлең оқуды қалайда жақсы көретінімді білетін де, кейде қайсыбір бұрын-соңғы, үлкен-кіші ақындарымыздың жырларын жатқа айтып, тіл өрнегіне, ой толқына тәнтілігін ашып айтып отыратын.

– Кәрия, Жұматай Жақыпбаевты білесіз ғой. Әй, керемет! Ақын болғанда, мықты ақын. Тыңдаңызшы:

– Болды, жетті, жүрем енді, –  
деп, – таудағы есті ортаға.  
Жаңа туған бір өлеңді,  
сала салғам төс қалтама.

Қалай, ә? Ғажап емес пе?! «Жаңа туған бір өлеңді сала салғам төс қалтама!»! Сурет қой, жанды сурет! Жұматайды оқыңыз, серпінді, сері ақын! – деп сүйінгені есімде.

Усойқы тілді Қажытайдың нәзік, әсем сезімді өлеңдері оның лирик екенін дәлелдеуді керек етпейді.

Екеуіміздің арамыздағы қарым-қатнастың бір қызық қыры бар еді. Ол менімен әрқашан «сіз» – деп сөйлесетін де, әлдебір әңгімеде таласымыз «тау асып кетуге» айналғанда «сенге» көшетін. Алайда артық сөз айтқан емес, алдымды кесе өткен емес. Сыртымнан «қысқа жігіт» – деп әзілдейді екен.

Оның домбырашы, күйші екенін білгенім – 1970-жылы. Жұмыс аяғында келіп:

– Кәрия, өзіңіз көріп жүрген музыкалық аспаптардан қолайыңызға жағатыны қайсысы, соны айтыңызшы! – деді бірде. Жымың-жымың етеді. Тағы бір тақырыпты игелі тұрғанын аңдадым да:

– Мен үшін домбырадан кейінгі әулие – гитара! – деп шынымды айттым. Ол екі алақанын сарт еткізіп:

– Міне, Кәрия, молодессіз! Кеттік біздің үйге! Мен сізге гитараның қуатын көрсетейін, кеттік!

Бас тартпадым. Бардық.

– Келіншек әлі жұмыста, шайды ол келген соң ішерміз, оған дейін, көне, Кәрия, мына орындыққа құйрық басыңыз, – деп бір орындықты маған ұсынып, өзі, қабырғада ілулі тұрған қызыл-қоңыр гитарасын ала, екінші орындықты маған қарсы қойып отырды да, гитарасын бабына келтіре бастады. Үкілеген аспабының алты ішегі сыңғырласып-күмбірлесіп «тіл табысқаннан» кейін Қажытай мойнын бұрып тастап шертіп жөнелді. Орысша әуен емес, қазақы әуен! Ән емес, күй! Орыс ортасында, Шығыста, өскен басым, гитараның испан аспабы екенін білсем де, орыстың, қазақтың әндерін нақышына келтіре ойнағанды көрсем де, күй тартуға болады деп ойлаппын ба?!

– Иә, Кәрия, қалай екен? – деді Қажытай, менен құдды сынақ алып отырған мұғалімше байсалдана қарап.

– Әй, Жасия! Мынауың ғажап қой! Егер ауылда отырсақ, мен сыртқа жүгіріп шығып, дала кезіп кеткендей едім! Жүз жаса! – дедім, шапалақ ұрып.

– Бұл ойнағаным – «Ұлы көш» деген күй. Өзім шығарған күй. Әзірше нобайы ғана. Әлі жетілдіремін, Кәрия.

– Күй шығаратын өнерің де бар, ә, Жасия?! Сал-сері екенсің ғой?!

– Күй шығаруым – әзірше еліктеушілігім ғана. Қазір, Кәрия, сізге күйдің көкесін тартып берейін, – деп орнынан лып көтеріліп, гитарасын іліп, шағын қоңырқай домбырасын алды. Мен гитара үніне әлі де елітіп отырмын.

Домбыра сөйлеп кетті... Шағын бөлме қоңыр үнге тола бастағандай. Бір сәт мұңлы, баяу, бір сәт ширығысты, бұлқынысты таныс әуен. Әбікен Қасеновтің «Қоңыр» атты күйі. Автордың өзі шерткенін көріп-тыңдағанмын.

– Кәрия, мұны біліп отырсыз, ал енді мынаған не дер екенсіз, – деп домбырасының құлақ күйін басқашалай бастаған Қажытайға:

– Жасия, домбыраң шағындау екен, шанағы тарлау, – дедім.

– Дұрыс байқадыңыз, Кәрия. Амандық болса, әлі талай домбыра мен гитараның Құлагері мен Тайбурылын көрсетемін, – деп жымиды да, мойнын тағы бұрып тастап, қос ішекке қол тигізді. Уәйдә-ә-ә!.. Поляк Огинскийдің «Полонезі»!.. Салтанатты би делінеді. Әй, маған әсері басқаша. Кең залда шырқ үйірілуден гөрі керімсал далаға ұмтылтатын бір сиқырды сағыныш сазы сияқты...

– Ал, көне, айтыңызшы, бұған не дейсіз? – деді Қажытай, желпініңкіреп тоқтап.

– Домбырашы шеберлігіңе де дау жоқ екен! Мықтысың, Жасия! Ал сенің мына концерттіңнен кейін бөлмеде отыра беру қиын болар, мен шығайын, – деп орнымнан көтерілдім.

– Кәрия, қазір... «қуыс үйден құр шықпа» деген, – деп, жазу үстелінің суырмасынан алып, үш кәмпит ұсынды. – Келген кісіге неше күй тыңдаса, сонша кәмпит беретін әдетім бар, – деп күлді.

– Онда келесі жолы суырмаңды қоса алып кетемін!

– Келістік!

...Қажытайдың «Қоңыр» мен «Полонезді» анық ықыластана, құлшына орындайтынын байқап жүрдім. Ал екеуіне жыр арнағанын кейін білдім. Әбікен ақсақалға:

Қағасың күңіретіп майда ғана,  
Кім білген қадіріңді, қайран аға!

Естісем осы күйді, егілем де,  
Қаңғып кеткім келеді айдалаға, – депті.

Ал Огинскийге айтқаны:

Үніңді ұқтым, үніңнен мұңыңды ұқтым.  
Полякша білмесем де, тіліңді ұқтым.  
Мен үшін сенің сөзің қазақша ғой,  
Айтылған аржағынан шымылдықтың.

Бауырым, қаламдасым, сырласым, Жасиям болған Қажытайға мен оның өз елеңімен былай дейін:

Танитындар табылса өлең өңін,  
Жанымның көрсетейін көбелегін.  
Көкейімде сурет көп... мені іздесең,  
Бәйгені тосатұғын төбедемін!..

Солай. Сенің бейнең енді Бәйгетөбеде!

2013-жыл



## ЕКІ СӘТ

### БИ-АҒАНЫҢ ТОҚТАРЫ

Қашанда ненің болсын басталуына әйтеуір бір себеп болады ғой. Мысалы, әрі арқалы ақынымыз, әрі қазақы қарасөзіміздің хас шебері Ғафу Қайырбековтің мақалаларының бірінен (1992-жылғы): «Тоқтар Бейімбеттің не жанашыр туысы, не көзкерген замандасы, қызметтесі, не ғылыми атағы бар адам емес, тек жаратылысында ғалымға тән зертшілдік, ізденгіштік бар кісі екен. Өзінің зертшілдік, жинаушылық қабілетін, әрекетін біржола Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығына бағыттаған адам... Тоқтардың айрықша еңбегі – Бейімбет Майлиннің қазақ баспасөзін Кеңестің алғашқы дәуіріндегі он бес жыл (1922-1937) үздіксіз дамытуға сіңірген еңбегін саралап, жіліктеп, санап, қалдырмай зерттеуі», деген толғанысты оқып, еріксіз елең еттім. Әзіл-сықақ ауылында тер төгіп жүргендігімнен болар, күлкі көшіміздің сонау басындағы Би-ағаның – Бейімбет Майлиннің – шығармашылығы мені де қызықтыратын. Ол туралы жазылған деректі дүниелерді оқуға құмартатынымын, бірақ оқта-текте, оның өзінде де 70 жасын атаудан бергі мерейтойлық мақалалардан өзге іргелі еңбек тым аз еді. Оның бір себебі «халық жауы» Би-ағаның өмірде кім болғанын айтуға жиырма жыл шамасы ресми тиым салынғаны деп білем. Енді Ғафекеңнің мынау сүйінішті мағлұматынан кейін Тоқтар Бейісқұловпен танысып, жазушының әңгіме-хикаяларын оқып, Би-аға хақындағы зерттеу еңбектеріне ерекше ден қойдым.

«Б. Майлин – публицист», «Қанатты қаламгер», «Дарын даралығы», «Бейімбетті атқан кім?», «Қилы заман азабы», «Бейімбет Майлин және ұлттық өнер»... Міне, Би-ағаның өмірі мен шығармашылығына арналған осы кітаптарды оқып шыққан соң әдебиет ауылымызда Тоқаңның инемен құдық қазғанына, күрекпен тау қопарғанына әрі қызықтым, әрі тәнті болдым. «Бейімбеттің не жанашыр туысы... емес». Рас екен. Тоқтар Бейісқұлов Талдықорған өңірінің топырағында, әлемге Әнуар Әлімжановты

берген Қарлығаш ауылында туып-өсіпті. «Қазақ поэзиясының Құлагері» (Сырбай Мәуленовтің сөзі) Ілияс Жансүгіровпен де жерлестігін ескеріп, бірде Тоқаңа:

– Іргеңізде Ілияс аға тұрғанда сонау Қостанайдағы Би-ағаға көз тіккеніңіз қалай? – деп өзіл ұсындым. Ол қиықша көзін қысыңқырай жымиды да:

– Құдай маған ақындық қасиеттен аздап үлес бергенде лирик Ілекеңді де жағалауым мүмкін еді, – деді.

(Оқырман достар, Тоқаң естіп қоймас үшін сіздерге сыбырлап айта отырайын: Тоқаң Ілияс аға Жансүгіров жайында ғылыми кітап жазып, баспаға тапсыруға дайындап қойды.)

– Солай деңіз?.. Ендеше, өзіл-сықақшы болмасаңыз да, Би-ағаны жағалап кеткеніңіз неліктен? Біздің күлкі көсеміміз хақында қаншама мақала жаздыңыз, «Бейімбет Майлин – сыншыл публицист» деген тақырыпта диссертация қорғап, филология ғылымының кандидаты дәрежесін алдыңыз. Сонда, әп дегенде, Би-ағаға қызыққаныңыз қалай?

Тоқаң маған жымия түсіп қарап алды да:

– Оқыған соң түк қалдырмай оқиын деп, өзіміздің университеттің журфагын бітіргеннен кейін 5-6 жылдан соң Мәскеу барып, Жоғары партия мектебінің журналшылар факультетіне түстім. Дұрыс істеппін. Сабақтардың бағдарламалары бай. Дәріс оқытындар – небір атақты журналшы-ғалымдар... Уақыт зымырап, оқу тәмамдалар тұс та жетіп қалды. Курс жұмысына кірісу керек. Қаламы жер мен көктің арасын көктеп тастаған журналшылардың өмірі мен шығармашылығынан жазуымыз керек. Берілген тізімге қарасам: кілең орыс журналшыларының аты-жөні, одақтас республикалардан ырымға біреу жоқ. Қатты таңқалдым: – Бұл қалай? Одақтас он төрт республикада Совет өкіметі орнағаннан бергі елу жылда журнал, журналшылар болмаған ба? – деймін. Таңданысымды бірге оқыған басқа ұлт өкілдеріне айтып едім, олар: «Ой, ондай әңгімені қайтеміз, берген тақырыптарына жазып, тезірек бітіріп кетейікші!» – дейді. Уәйдә!.. Факультет деканына барып жолығып: «Қазақстаннан келген соң курс жұмысымды қазақ журналшыларының шығармашылығы туралы жазуым керек!» – дедім. Ол ары тартты, мен бері тарттым.

– Жаяу көкпар жасаған екенсіздер ғой?

– Иә, сөйттік. Ақырында декан: «Кәне, айтшы, кімің бар? Қандай атақты журналшыларың бар?» – деп қадала кетті. Кемсіту сыңайдағы ондай сұрақ боларын ішім сезген де, жауабымды дайындап барғанмын: «Қазақта белгілі журналшылар жеткілікті. Мысалы, Бейімбет Майлин деген журналшы болды. Республикамыздың бүкіл өмірін қамтып, сан алуан тақырыпта жазған публицистикалық мақалалары, очерктері, повестері, фельетондары шықпаған газет-журнал жоқ бізде. Ол кісі, егер 1938-жылы «халық жауы» деген жалған айыппен атып тасталмаса, бүгінде бүкіл Одаққа мәлім журналшы болар еді. Небары 44 жасында қазаға ұшырады!» – дедім. Декан біраз ойланып отырды да: «Келістік. Жаз. Көрейік» – деді. Сөйтіп, «Бейімбет Майлин – журналшы-публицист» деген тақырыпта жаздым. Бала кезімде ауылдағы үлкен кісілердің кейбіреуінің: «Бейімбеттің әңгімесі», «Бейімбеттің өлеңі» – деп айтқандарын естігенмін. Жиын-тойда емес, екеу-үшеуі бас қоса қалған оңашада айтатын. Сақтанады екен ғой.

– Курс жұмысыңызды қазақ тілінде жаздыңыз...

– Жо-ға! Орысша жазуға тура келді. Онда орыс тілінен басқа тіл жоқ қой?!

– Би-ағаның шығармаларынан мысал келтірмеске болмаған шығар, оны қайт-тіңіз, өзіңіз аудардыңыз ба?

– Иә, өзім аудардым. Би-ағаның кейбір сықақ өлеңдері, әңгімелері есімде бар-ды. Әрине, ол мүлде жеткіліксіз, содан соң ізденіп Алматыға келдім, архивтерді ақтардым.

Курстық жұмысы жақсы бағаланып, оқуын тиянақтап келісімен Бейімбет Майлин әлеміне, Фафу аға айтқандай, біржола бет түзеді. Ізденіс жемісі мол да нәрлі. Әзірше шығарған 18 кітабының алтауы (жоғарыда атадым) – Би-аға хақында! Іңгәләп келген жарық дүниеде 44 жыл болып, елін, халқын сүйе қалам тербеп, ақырында зұлым топтың торына тап болып, адами, азаматтық адалдығын дәлелдеуге мұршасы келмей қаза тапқап қайран Би-аға туралы қара сөзбен жазылған дастанның алты тарауы дерсің! Тебіреніп оқыдым. Би-ағаның өзіл-сықақшы, романшы, драматург екенін білуші едім, енді оның қазақ көркем киносының, қазақ театрының шаңырағын көтергендеріміздің қатарында тұрғанына, қысқасы, халқымыздың барша өнерінің нағыз жанашыры, қамқоршысы болғанына қанықтым.

Б. Майлин шығармаларының жаңа 10 томы қолымызда. «Жаңа» – деп отырғаным: құрастырушы Тоқтар Бейісқұлов классик қаламгеріміздің бұрында жарық көрген туындыларын мұрағатжайдан барынша табылған түпнұсқаларымен, ал түпнұсқасы жоқтарын Би-ағаның көзі тірісінде алпыс шақты бүркеншік атпен жариялаған газет-журналдардағысымен тәптіштеп салыстырып, кеткен қателерін байыптап түзетіп шыққан және оқырман қауымға кезінде ұсынып үлгірілмеген ондаған өлең, әңгіме, хикая, мақала, фельетонын тауып қосқан. «Би-ағаның әдеби мұрасы мол, реті келіп шығара алсақ 14-15 том болуы мүмкін», – дейді Тоқаң.

Қазақ әдебиеті мен әдеби зерттеу ғылымында – абайтану, шәкәрімтану, жамбылтану, мұхартану бар. Бұл салада жолында жүк қалдырмаған нарымыз – Қайым Мұхамедханов. Сәкентану мен сәбиттану бар. Бұл саладағы екпінді еңбеккер – Тұрсынбек Кәкішев. Бейімбеттану тану бар. Бұл саладағы сарбаз да, сардар да бір өзі – Тоқтар БЕЙІСҚҰЛОВ!

Би-ағаның Тоқтары – өзі де сан қырлы қаламгер. Қазақы қарасөздің зергері Мұхтар Әуезовтен бастап, талғам-талабы таудай әдеби сыншы Сағат Әшімбаевпен аяқтап (әзірше), бірнеше қаламгеріміздің шығармаларын, қоғам қайраткерлеріміздің қызметтерін зерттеу еңбектеріне арқау еткен. Очерк, көркемсөз, әңгіме, хикая жинақтарының да авторы. Ал «Желтоқсан ызғары» зерттеу-толғауы – өз алдына бір төбе.

Қоғам қайраткері Тоқтар Бейісқұловтың, оны қостаушы, пікірлес, тілектес біздің де биік-биік орындағылармен ұпай теңестіре алмай жүрген бір әттеңіміз бар. Ол – Қостанай қаласында Бейімбет Майлиннің мұражайы болуы қажет деуші жұртшылықтың орынды талабын үкімет, облыс, қала басшыларына ауызша да, баспасөз арқылы да нәшеме дүркін жеткізілсе де, олардың ешқайсысының селт етпей отырғаны. Би-ағаның жанқиясқан достары Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің Астана мен Талдықорған қалаларында әдеби мұражайлары ашылғалы, бейнебір әдеби орталық мектеп іспеттеніп, көпшіліктің, әсіресе жастарымыздың рухани нәрлі ордасына айналғалы – 15 жыл Қостанай облысы мен Қостанай қаласының әкімдері, зиялы қауымы бұдан мүлде хабарсыз тәрізді...

Тоқаңның бәріміз күтіп жүрген мерейтойы алдында телефон шалып:

– Тоқа! Бүгінде 70 – жігіт жасы, демек, 80 – жігіт ағасы жасыңызбен елден бұрын құттықтап, тұп-тура 99 жасаңыз десем ше? – дедім. Ол:

– Қарсы болмайың, жүзге біреуі жетпей тұрса да, – деді, әдетінше ақырын күліп.

– Біреудің арысы не, берісі не? «Жүз» дегенде ерніміз шүрішіп, үніміз үздігіп қалады, ал «то-о-оқса-а-ан то-о-оғы-ы-ыз» – деп «әндеткенде» айызымыз қанады-ақ, шіркін-ай! – дедім.

– Шынында, – деп Тоқаң күлді.

2011-жыл

## ЖОЛЫНДА ЖҮК ҚАЛДЫРМАҒАН НАР

Тоқаң қалам тартпаған тақырып жоқ шығар. Жазғандарын қадағалап оқып жүргендіктен, осылайша байлам жасап отырмын. Ал сергек журналшы болып бастаған шығармашылық жолы танымал ғалым жазушылығымен аяқталды. Бәрі де бағалы басқа еңбектерін айтпағанда, Би-ағаның, – Бейімбет Майлиннің, – өмірі мен қаламгерлік таланты, қасіретпен тұйықталған тағдыры хақында жазған кітаптары, тынымсыз ізденіс-зерттеумен Би-ағаның онтомдық Таңдамалысын жүйелеп құрастырып шығарғаны – тұтас бір институттың қызметін тиянақты атқарып, қазекемнің «нар жолында жүк қалмасына» көзімізді жеткізгені. Сол азаматтығына тәнті бола жазған шағын мақаламды («Би-ағаның аруағын қашан ардақтаймыз?», «Қазақ әдебиеті», 07. 06. 2013 ж.) оқығанын телефон арқылы айтып: «Е, Ғаба, бәрі де жақсы ғой, бірақ Қостанайында Би-ағаның мұражайы ашылғанын көре алмай кететін шығармын» – деп өңтіге сөйлеп, ауыр күрсініп еді. Төсек тартып жатып қалғанына екі күн болған. Мен: «Тоқа-ай, сізге «шаршамаңыз, нашар қазақ болмаңыз!» дегенді неше рет айту керек? Тіл алмайсыз, ә?» – деп әзілдеп, сөздің бетін өзге жаққа бұрып жіберіп едім...

Айтулы ақын інісі Сәкен Иманасұлының туғанын 75 жыл толуын атап өтуге Талдықорғанға Тоқаң бара алмаған. Сәуір айында. «Денсаулығыма сене алмай жүрмін» – деген. Ал ол сапардан келісімен: «Тоқа, сізге доложить етейін» – деп әзілдеп бастап: «Ел-жұрты Сәкенін сағынған екен, тойы жақсы өткізілді, облыстың, ауданның басшылары ынта-ықылас білдіре ұйымдастырыпты. Жиналған жұрт риза болды. Біз де алғысымызды айттық», – дегенімде Тоқаң сәл үнсіз қалып, содан кейін: «Ертең мені де сөйтіп еске алар ма екен?» – деп, әдетінше ақырын ғана күлді. «Тоқа, тентек болмаңыз, мұндай ойды енді он-онбес жылдан кейін айтарсыз» – дедім. «Солай ма, жарайды», – деп тағы ақырын күлген... Сол әдемі күлкісін енді ести алмайтыным өте өкінішті!..

2013-жыл



## ҚАРА ШАЛ

«...Қоңыр күз еді. Ақ жауын себелеп тұр. Жол лайсаң. Алтай өңірінің ең бір жүдең шағы, көңілсіз шағы. Соқыр тұман оның биік сілемдерін жым-жылас қып жұтып қойыпты. Енді бөктерлеп келіп қанат жайып, күргейлеп алған. Тау да бірте-бірте аласарып, адырлы жота-қыратқа айналып, шөгіп бара жатқандай. Әржерде селдіреген ойдым-ойдым шоқ ағаштар болмаса, етекте бұрынғыдай ну орман да жоқ, үркіп барып, сонау жоғарыдағы алқым-алқымдарға тығылып қалыпты...».

«...Бейуақ. Қарағайлы шатқал арасындағы ауыл үстіне бұлт үйіріліп, ығы-жығы үйлері алакеуімденіп қана көрінеді. Аула тандырларынан от ұшқыны жылтылдайды. Анда-санда иттердің мыңқ-мыңқ үргені, әлдеқайда аухаулап сиыр іздеген жалғыз-жарым дауыс болмаса, ауыл жым-жырт...».

...кешкі тымық ауаны жара шыққан ән мені елітіп әкетті. Қоңыржай, баяу үн... Самарқау самал еседі. Желектің тарқатылған ұшындай жаңа түлеген селеу басы әлсіз лепке изең-изең етіп бас шұлғиды да, қалтырап барып тына қалады...».



Сұлу-сылдыр сөзге емес, жанды суретке толы бұл үзінділер – біздің буынға «Қоңыр күз еді» хикаятымен жол бастап келген Қалиханның қарға аунаған сайын құлпыратын алтайы қызыл түлкі сынды көркем теңеулерінің бірер мысқалы.

«Қоңыр күз еді». «Қоңыр күз» қазақтың көне сөзі болса да, бұл хикаяты Ысқақұлы Қалиханның қазақ әдебиетіндегі төлқұжатына айналып, мысалы, маған Қалихан мен Қоңыр күз егіз тәрізденгелі қашан!.. Бірін естігенде екіншісі есіме еріксіз түсетін... Қайран құрдасым Қалихан мен уәй шіркін Қоңыр күзді қантамырым лүпілінен жаңылғанша бір-бірінен ажыратпаспын!

Құрдастар фәниге бір жылда келсе де, бақиға бірі ерте, бірі кеш кететіні – өкінуге болса да, жазғыруға болмайтын жазмыш. Айрылудың ауыр салмағын мұнда қалғаны көтереді. Тақырып тере әңгімелесуіміз де, шымшып-шаншып әзілдесуіміз де жарасқан құрдастарым: Жүнісов Сәкен серідең, Мырза Әли Қадырдан, Молдағалиев Тұманбайдан, қыранқабак ақын інім Иманасов Сәкеннен, «кәриялап» қалжың ағытып жүретін Ілиясов Қажытайдан... көз жазғаннан кейін кеудемді кеулеген кезекті суық құйын Қалиханның тынысы тоқтағанын естіген сәтте болды. Екеуіміздің ақырғы жүздесуіміз – шілде айының алғашқы аптасына белгіленген екен ғой...

Әдеміше ақсақал кейпінде күрек тісі ақсып ортамызда жүруі сирей бастағанында, жаз шыға «Нива» аутокөлігіне бұт артып, Топқайыңна тартып кететінін білдім. Әлбетте, жаз шыға. Онда інілері тұрғызып берген самалалы сәнді үйі тұр. Кейде бәйбішесі Дәмеші екеуі, кейде бала-немерелерімен барып, жайлауға бергісіз жасыл әлем төрінде аунап-қунап, бетінде түйіршік май қалқыған сары да дәрі қымызға бөгеді екен. Алматыға келген соң хабарласып: – Қара шалды жоғалтып алдың ба? – деп күлетін. «Ондағы ескікөздеріңнің бірімен ымдасып қалып, кемпірің дертеңді қайырған жоқ па?» – дедім бірде. Ол қырылдап күліп алып: «Құдекең маған ондай «талант» бермеген, так что кемпешкем әрқашан алаңсыз», – деді.

Келесі жолы ауыл сапарын әңгімелеп отырып: «Бұл – бір қызық дүние. Мен маусым туа барып, Катын қарағайдың қарын қайтып келместей етіп қуып тастаймын, бірақ ол бәтшағар да беріспейді, қазан туа мені Алматыға қайтарып жібереді», – деп қырылдап күлді.

Екеуіміздің анда-санда пікір таластыратынымыз бар-ды. Сол жолғы себеп ресми «Катон (катун) қарағайды» оның «Қатын қарағай» дей бергені болды. «Неге олай дейсің?» – десем, ол: «Қарағайы қатындай сымбатты болған соң, біздің қазақ «әйел» демей, «қатын» деген ғой, содан «Қатын қарағай» – деп атаған» – дейді. Мен: «Басқа жақтағылардан қатты болған соң «Қатты қарағай» деген, немесе үйірлеп өскендіктен қотанға ұқсатып, «Қотан қарағай» деген шығар?» – деп едім, ол: «Сен алтайлық болсаң да, қатынқарағайлық емессің, менімен саудаласпа! Жарайды, ерінбей жөнін айтайын: көне скиф-сақтардың «катуны» – қазақтың «қатыны». Білгің келсе, тағы айтайын: бүгінгі «Лена» – оларша «Ана», ал «Обь» – «Апа», «Енисей» – «Анасай» болған», – деді. Қазақтың тарихы, жер-су аттары «мәжілісіміздің күн тәртібіне» қойылғанда, Қалиханмен «саудаласып» үстем болу қиын еді, ол, сірә, бұл жағынан да ешкімге есесін жібермеген шығар.

Денсаулығы иықтап, әсіресе бар болғыр аяғы бәлденіп, ырқына көнбей, үйден шығуды қойғанын естіп, иә, шілденің бас шенінде үйіне барып, Дәмеші үшеуіміз бір сағат шамасы анау да мынау жеңіл-желпі жәйттерді әңгімеледік. Сонау бір жылдары Дәмешінің: «Жігітімді: «Үйден шықпа, романыңды жазып бітір!» – деп қалдырып, есікті сыртынан бекітіп, өзім круизге кетіп барамын», – деп қалжыңдағаны бар еді, сол жігітінің енді үйден өздігінен шыға алмай отырған күйі жүйкемізді шабақтады.

Екі күннен кейін Қалихан телефонымды қоңыраулатып: «Ай, аласа жігіт, саған бір поручение бар», – дей бергенінде: «Қара шал, тоқтай қал. Алдыңды орай айтайын,

саған қой сойып апарып тастауға тіпті уақытым жоқ» – дедім. Ол ғадетінше қырылдап күлді де: «Осы қалам ұстағандардың қатарында біз, отыз бесінші жылғылар, жиыны нешеу екенбіз, соны анықтап, маған ертең доложить қылшы» – деді. «Ертеңі бітпейтінді тапқан екенсің, екі минөтте есебін беремін, кідіре тұр» – дедім. Ол тағы да күлді. Жазушылар анықтамалығын дереу сүзіп шығып, деректі қағазға түсіріп алып: «Ау, кетік жігіт, осмелюсь доложить, біз жиыны жиырма жеті екенбіз, бүгінде жетеуіміз бармыз», – дедім, көңілімнің құлази қалғанын аңғартпауға тырысып. «Солай ма... е, әзірше осы да жетеді ғой, сау бол!» – деп телефонын жапты...

Қоңырқай өңін соңғы рет көріп, қоңыр дауысын соңғы рет естіппін-ау!..

Мен оны әншейінде: «Қалихан» – деп атап, қалжыңға кезек тигенде: «Қара шал», «Қара жігіт», металмен қаптаған маңдай тісін «малсынбай» «Кетік жігіт» – дейтінмін. Ол «аласа жігіт» – дейтін.

Қалихан Мемлекеттік сыйлық алғанда құттықтап үйіне барып, жаңа кітабымды мына бір «жырымды» тіркей сыйлаған едім:

**«КЕТИК» ЖІГІТКЕ**  
**Қалихан ЫСҚАҚҰЛЫ Мемлекеттік сыйлық алғанда**  
**Әзіл**

Әлі есінде: әзілдесіп «ДОС...» жүрді,  
Ал «АҒАЛАП...» ақыл айтты иықтап.  
Сыр ұқтырды «БҰҚТЫРМАНЫҢ САРЫНЫ»,  
Басқа тұрғай, тауқыметті «ТҰЙЫҚҚА».  
«ҚАРА ОРМАН» қалың ойдан серпілді.  
«ҚОҢЫР КҮЗІ» қиқулатты аққуды.  
«ҚАРАШ-ҚАРАШ»... кино көші жөңкілді,  
Бетке алып «ЖЕР ЖАНАТЫ – АҚСУДЫ».  
Бәйбішекең, тауып табар баласын,  
«Крузи!» – деп шарлап кетті жер-көкті,  
Өзі болса, оңашада қалған соң,  
Терең толғап қара сөзбен жыр төкті.  
Үкімет пен Жазушылар одағы  
Оянды да (оятқан соң!) басқан қалың ұйқыдан,  
Он жыл бұрын алатұғын сыйлығын  
Он жыл кейін алды бүгін ҚАЛИХАН!  
ЫСЕКЕҢНІҢ ырысты ұлы,  
сөз расы:  
көксемеді, тілемеді, сұрамады «құдайлардан» сый-құрмет!  
О, бауырым! Әрқашанда аман болсын отбасың!  
ТАЛАНТЫҢ бар!  
ТАЛАНТЫҢДЫ ТАНЫҒАН:  
АЛТАЙЫҢ бар, ХАЛҚЫҢ бар,  
АЗАМАТҚА ОДАН АРТЫҚ НЕ КЕРЕК?!.

1993 жыл, қаңтардың 24-і.

(Алғашқы екі шумақта бас өріппен жазылған сөздер – Қалихан кітаптарының, әңгімелерінің аттары.)

Қалиханның қара сөзбен жыр төккені оқырман қауымға аян. Ол – құдай берген түймедей талантының, өзі таңдаған таудай талабының арқасында ана тілінің уызына жарып, қыр-сырына қанып, «қазаққа қара сөзде дес бермеген» Қаламгер болды. Үлкен-кіші шығармаларының қайсысына үңілсең де, тіпті орыс, шет елдер классиктерінен жасаған аудармаларын оқысаң да, көнермес көркем тіл құнарына тәнті боласың. Мысалы, «Ақсу – жер жаннаты» романы – қара сөзбен жазылған дастан. Оны әлхиссасынан-ақ аңғарасың. Оқып көрелік:

«Наурыз туысымен белгі беретін Алтай жылымығы томар қалпағын қисайтып, қысқы жолдың күнқағар езуін науалап тастағанымен, қар әлі семіздің сүбесіндей: жел қаққан жазықтың кірі, қысы-жазы қылау жатпайтын Үшқоңырдың найзасы болмаса, Ұлытаудың теріс қапталы шаңқайып-ақ тұр.

Мұз астында тып-тыныш қыстап шыққан Күлмес өзені әржерінен үзік-үзік тесіле бастаған екен, жар жағасындағы жалғыз көшенің біркелкі ағаш үйлері бір түннің ішінде шатырлары мыжырайып, ескіріп қалыпты. Қыштан соққан екі қабат қос орда қоймен бірге жайылған бозқасқа есектей одырайып көрінген, олардың – ауданның ақсүйек мекемелері екенін Бекет «штукатурлы» кәрі келіншектей сәнқой сырт пошымынан-ақ танып отыр. Ел-жұрттан екі-үш шақырым қашып шығып, ұлтрақтай жазықтың дін ортасына жалпая кеп қонған аэропорттың қортық тамы да жым-жырт жусап тұр. Енді қайтып ешкімді шығарып салмайтындай, енді қайтып ешкімді қарсы алмайтындай екі арадағы суыртпақ жол уәһем дүниеден күдерін үзіп бара жатыр. Өзек талдырып, өмір өксіткен уәйімшіл бір тыныштық, бар қуатыңды құмарлығымен қоса қақтай сауып тауысқан нәумез шақ. Жұрт саған, сен жұртқа жексұрын көрінетін сияқтысың».

Сөз кестесі дейсің бе, ой ажары дейсің бе, нені іздесең – бәрі бар!

Суреткер Қалиханнан айрылып қалған кейбір дос-жолдасы оны: «Қазақ әдебиетінің қара нары», – десіп жоқтады. Олай емес, Қалихан – тұтас қазақ мәдениетінің қара нары болды. Әңгіме, романымен ғана танылған жоқ, пьеса, киносценарий көгіндегі жұлдызды еңбегі де – мол дүние. Ол сөз бен ойға талғампаздығын, танымпаздығын, тіл жүйріктігін аудармада да көрсетті. Өзі пір тұтқан Л.Толстой мен И.Тургеневтің, А.Чехов пен И. Буниннің, А. Куприннің толағай туындыларын мал табудың тәсілі етпеді, әлемге әйгілі бұл классиктердің шығарма шырайларын қазақ оқырмандарға, әсіресе жас таланттарымызға шұрайлы, дәмді қалпында жеткізіп беруді көздеді және сол мақсатына жетті де!

Қалиханның жазушылық қасиет-құдіреті қазағының бесігі болған Алтайындай асқаралы. Ол – Классик!

Дос-жолдас, аралас-құралас болғандар Қалиханның әділетсіздікке төзбеген азаматтығын, шамырқанғанда көкейіндегісін кімге, қашан болсын қаймықпастан шапшаң, тура айтатынын атап, еске алысып жүр. Өзіне жарасатын ондай мінезі маған да жақсы мәлім. Батылдығының еселеніп, кейде алдында тау тұрса да теуіп-таптап өтердей өжеттігін де көргенім бар. Бір ғана мысал:

Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы Әнуар Әлімжановтың басшылықтағы әуелгі төрт жылы өтіп, енді Одақ жарғысына орай екінші төрт жыл мерзімгесайлануы шешілмек құрылтайшылып, онда Әнуардың есеп беру баяндамасы тыңдалды. Дәстүрлі жарыссөз басталысымен, уәйда, оңды-солды сынауға төселген «классиктер тобы» шабуылға шықты: «Әлімжанов төрт жылда одақты омақастырды, әдебиетті тұралатты! Бізге мұндай орыс тілді басшының қажеті – бес тиын! Қайтадан сайламауымыз керек!» – деп бірі бастап, бірі қостап қиқулады. Шабуылшы топтың «комиссары» делінетін денелі, «көзі тірі классик» ағамыз (бүгінде арамызда жоқ, аты-жөнін атамайын) буырқанып сөйлеп-сөйлеп, қалың шашы дудырап мінберден түсе

бергенде, Қалихан жүгіре басып мінберге жетті де: «Мен сөз сұраған жоқпын, бірақ айтпасқа болмайтын сөз сүйреп шығарды. Мен әдебиет туралы да дөнеңе демеймін, Әлімжанов жолдас барымыз бен жоғымызды, керегіміз бен жарағымызды жүйелеп, саралап, тәптіштеп түгел айтып берді. Ал менің айтарым: – осы бізде өздерінен өзгенің еңбегін көздеріне ілмейтін, жоғарыға ұйымдаса арыз жазғанда алдарына жан салмайтын, сыңаржақ сынның иін қандыратын бір топ бар. Мына мінберден жаңа ғана, менің алдымда түскен ағамыз сол солақай топтың сөзсымағын боратты. Егер, жолдастар, осы ағамызды бүгін Одақтың бірінші хатшылығына сайласақ, ертең өзінің үстінен өзі арыз жазбаса, мен мұрнымды кесіп берейін!» – деді де, мінберден түсіп кетті. Залдағы көпшілік: «Дұрыс айтты!», «Бәрекелді!», – десе дуылдатып қол соқты.

Шабуыл сонда да тоқтамады, ашықтан жасырынға көшті. Әлімжановты іске алғысыз еткен, «Талейран», «Пиночет», «Тақ құмар» деген сияқты сасық теңеулер бар өлең таратылды.

Үзіліс кезінде құрылтай делегаттар әдеттегіше далаға шыққан. Шағын-шағын топ болып, баяндама, Қалихан Ысқақовтың қылығы, айтыссөз туралы өзара пікір алыса бастағандары сөзсіз. Біз – бес-алты жас жазушы – Қалиханды ортаға алып: «Уай, жарадың!» – деп қауқылдаса бастағанымызда, жанымызға жатаған бойлы аудармашы бір ағамыз екпіндеп жетіп келіп (ол да марқұм болды), Қалиханға бір көзін аса, бір көзін баса қарап, сұқ саусағын безеп: «Сен дұрыс жасамадың! Оның көргенсіздік болды!» – деді. Менің де кейде кезексіз суырыла қалатыным болушы еді: «Көркем әдебиетті насихаттау бюросын бос сөздің құм құдығына айналдырғаныңыз үшін орныңыздан алып тастаған Әнуарды атарға оғыңыз болмай жүр-ау!» – дедім. Жолдастарымыздың бір-екеуі мырс-мырс күлді. Қалихан оң қолының сұқсаусағын ағамызға туралап тұр, ал ағамыз маған төменнен зілдене ырсыып қарап: «Тауып айттым демексің ғой?!» – деген сәтте Қалихан: «Әй, шал!» – деп зірк етті, шалы селк етіп, жалт қарады. Қалихан: «Сен маған біздің ауылдағы кержақ шалдарша қыдыып ақыл айтып құр шаршама, әгерәкі қазақтың шалы болғың келсе, сандалмай қартаюыңды ойла! Болды! Әнеу-әнеу қоқыс кәрзеңкелерінде жатқан «поэмаларыңды» теріп ала кет, бар!» – деді, нығыздап қатқыл сөйлеп. Ағеміміз төменшіктеп, бірдеңе деп міңгірлей бұрылып, бүкендеп кете барды. Тобымыз өсе қалған екен, – бәріміз қарқылдап күліп жібердік. Әнуар Әлімжановты жамандап әлек болған байғұс «ақынның» кім екенін де білдік...

Алдыңғы (2012) жылы-ау деймін, Әдебиетшілер үйіміздегі бір жиында жасы тоқсанға ер-тоқым салған Әсіпов Сапабек ағамыз, сексеннің сауырын сипалаған Қалихан екеуіміз бар, төртеу-бесеуіміз залдың бірінші қатардағы орындығына жайғастық. Сонда «Қара шал» мені шынтағымен түртіп қалып, сыбырлай сөйлеп: «Қысқа жігіт, бір кезде бұл қатар Сәбең, Ғабең, Ғабаң, Баукең, Әбекеңдердің мәншігі еді ғой, енді, міне, оларға ұқсай алмай, қойқиып-шойқиып біз отырмыз... «Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер...» – деді. Ал жиын тарқап, Жазушылар одағы ғимаратынан шыға бергенімізде білегімді қыса ұстап: «Қысқа жігіт-ей, елге кетейікші... ауылға барып тұрайықшы... мен осы... шыным... айдалада жүргендеймін» – деді. «Сен шынында шал бола бастаған екенсің» – деп күлдім.

Ол талбесігін тербеген Топқайыңын сағынып, аңсап жүріпті-ау!..

Ата-бабасының, әке-шешесінің дауысы, иісі тұнып қалған, өзінің ізі өшпес өрнек болып жатқан ауылына жетпіс тоғыз жасында біржола барып, жербесігіне бөленді...

*2014-жыл. Қыркүйек айы.*

**Қосымша:** Сонау бір жылы қолыма «Клептократия» деген кітап тиіп, атын түсінбей аңырып, «Словарь иностранных слов» деген нән қоңыр кітапты серемнен алып, таңсық болған сөзді іздедім ғой. Жоқ. «Клептомания» деген ғана тұр. Қызық. Шет елдің сөзі екені даусыз, ал арнаулы сөздікте жоқ. «Кітаптың ішінде автор түсінігі бар шығар, аптықпайын» – деп іштей қаулы қабылдаған сәтімде телефоным шылдырлай қалды. Қалихан екен. Ысқақтың қаламгер ұлы.

– Аласа жігіт, қалайсың? – деді, әдеттегісінше «ыххықы» – деп күліп. Менімен құрдастық қалжыңы қысарда сәлемдесуін «аласа жігітпен» бастайтын.

– Кетік жігіт, ей, қай сәтте шылдырлатуды білесің, жүз жаса! – дедім. Менің өзiлiм «кетік жігітпен» басталатын.

– Иә, «құланның қасуына мылтықтың басуы» болды ма? – деп күле түсті.

– Болғанда қандай, «клептократия» деген сөзді таба алмай, міне, шетелдік сөздердің сөздігін жырта жаздап отырмын.

– Шынында жоқ па?

– Жасырып отыр дейсің бе?

– Қызық екен. Тіпті ұқсас та сөз жоқ па?

– Бар. «Клептомания» деген.

– Әй, аласа жігіт, андағы сөздің соңғы жартысы маған керек еді, толық оқып жіберші. Саған керекті содан кейін тауып алармыз.

– Кержақтардың көсемі білмейтін сөз бар екен-ау, ә? – деп қағыттым. Екеуіміз де іздегеніміз табыла қалғандай-ақ мез болдық.

– Менің сөздігімді көршілес жазушылардың бірі алып еді, кім екенін есіме түсіре алмай қойдым, бірақ әкеліп беретін шығар, сен жаңағы сөзді оқышы!

Оқыдым.

– «Клептомания (гр. слово) – болезненное непреодолимое стремление к воровству, развивается на почве некоторых психических заболеваний.

– Мәс-с-саған! Мен «мания» дегенді «мақтаншақ, бөспе» деген жеңіл сөз шығар деп отырсам, ұрлықпен араласқан ауыр пәле болғаны ма? Аласа жігіт, әйтеуір сөздікпен алысып отыр екенсің, «мания» деген сөздің жеке өзін қарап жіберші!

– Мейлің. Көңілің қалмаған бала едің.

«Кетігім» қарқылдап күлді. «Маниясын» таптым, оқыдым.

– «Мания (гр.) – состояние болезненно-повышенного возбуждения при маниакально-депрессивном психозе...

– Демек, «мания величия» дегеніміз – өзін басқалардан әлдеқайда ақылдымын деп білу болды ғой, ә? Қазақ тілінде тоқ етері қалай болғаны сонда? Ол ма, ол... өзін зор санау, өзін зор тұту, өзін зор деу, ә? Меніңше, «өзін зор тұту» – деп алу керек. Привет, аласа жігіт, тағы хабарласамын ғой, – деп телефонын бұқтыра салды. «Клептомания» жайына қалды. Қара шал, сірә, «манияны» мипалаулап мақала жазып отыр да, ойын суытып алмауды ойлады...



## «ҮСТІМДЕ СҰР ШИНЕЛІМ...<sup>1</sup>»

Қаламдас ағаларымның арасынан майдангерлерді – кешегі Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күнінен ақырғы сағатына дейін қатысып, отбасына, ортамызға

Жеңіспен оралған жауынгер-қаламгерлерді көрген сайын есіме өзі де от кешкен жалынды ақын Қасым Аманжоловтың:

«Үстімде сұр шинелім,

Ақсаңдай басып келемін...», – деп басталатын өлеңі оралады да, ол ағалардың ескери шені старшина ма, полковник пе, – бәрі де төрт жылғы сұрапыл соғыстың нышаны болған солдаттық сұр шинелді киіп келе жатқан сияқтанады. Өкінішке қарай, саны жыл санап сиреп, көзі тірілеріне «қарға адым жер мұң болып» қалды. Жазушылар одағында өткізіліп жататын жиын-жиналыстарға барған сайын мәжіліс залының табалдырығынан аттап кіре кідіріп, алдыңғы орындықтарға көз жіберіп, «үстімде сұр шинелімділерді» іздеймін. Қатар түзеп, иық түйістіре жарасып отыратын сол ағалардың бүгінде бос тұрған орындары көңілімді қаңыратады, – өз еркіммен барып отырудан тартына беремін, құқым жоқ сияқтанады. Осы пікірімді бірде қарт жазушы Қалмұқан аға Исабаевқа телефон арқылы айттым. Қалекең үйінен шығуы тиылғалы бір жыл болған майдангер екі-үш ағамыздың бірі еді. Жазушылар одағындағы бір мерейтой туралы мағлұмат бергім келген.

– Ай, Фаббас, қайталап қаттырақ айтшы! Менің аяғым мен құлағым ымыраласып алып, екеуі де кері кете бастады, қызық, ей! – деді, әдетінше сөзін күле аяқтап. Ескертуін екі етпей орындадым.

– Ә, түсіндім, түсіндім. Мәселе құқта емес, сенің шал болғың келмейді, шалдардың орнына отырғың келмейді, мәселе сонда! – деп балаша мәз бола күлді. Қалекең қалжыңқұмар жан еді ғой. Күлкілі жәйтті тыңдағанды жақсы көргеніндей, өзі де қисынын келістіріп айтатын. Әншейінде байсалды қоңыр үнді кісі болса да, күлген сәтінде дауысы жіңішкеріп: «Е, иә, иә, қызық, ей, е, иә...» – дейтін. Өмірінің соңғы үш айында жарасымды күлкісін ести алмадым: «аяғымен ымыраласқан құлағы» аяғынан «озып кетіп», естуді қойған.

2015-жылдың тамыз айында 90 жасын тойлап, төрт айдан соң бақиға аттанып кете барған Қалекеңнің бізге, ертеңгі ұрпақтарға қандай кітаптар қалдырғанын көзі қарақты қазақ біледі. Төрт жылғы жорық жолында, Германияның Ильменауында комендант болғанында, әйгілі Ертіс-Қарағанды каналының құрылысшылары қауымында үлкен істің басынан аяғына дейін жүргенінде көріп-білгендері туралы тартымды, деректі хикаяттар, романдар жазды.

Қалекеңнің кейін Ильменаудағы Гете мұражайына арнап Гете-Лермонтов-Абай үшеуіне ортақ «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңнің қазақшасын ойдырып жазған ескерткіш тақта апарып, Абайдың өзі аударған сол өлеңге шығарған әнінің магнитофон таспасына түсірілгенін нотасымен қоса сыйлағаны азаматқа жарасқан ерекше жаңалық болды. Қала тұрғындары, келіп-кетіп жататын меймандар мұражайда болып, Абай әнін ұйып тыңдайтын көрінеді.

Іскер, ілтипатты, қарымды Қалекеңнің Берлин көшелерінің біріне Абай атын, ал Семейдің бір көшесіне Гете атын қойдырған еңбегі ой көзі ояу қазақты да, немісті де тәнті еткен танымды оқиға болғаны баршаға аян.

Қаламгер Қалекең сонау тың және тыңайған жер игеру кезінде шовинистердің қара қанжарлы атаман Ермакқа Павлодарда орнатқан дәу ескерткішін құлатуға бастамашы, қадағалаушы болғаны мәлім. Ол жолғы күресі туралы өзі де, жергілікті журналшы-жазушылар да деректі мақала жазған. Жақында бір газеттен (қайсысы екені есімде қалмапты) біреудің (өкінішке қарай, кім екеніне мән бермеппін) сол қарақшының ескерткішін өзі құлаттырғаны жайында шоқтықтана жазғанын оқып, Семей атом полигонына қарсы күрес туын жанпидалықпен көтерген Кешірім Бозтаевтың аруағынан аттап кеткен атаққұмар ақкөздер тобы есіме түсіп, «ерікті

ауызға бөрікті бас» қана емес, есек арба сиып кете беретін заманда еріксіз таңданбас ешбір ерсілік қалмауға айналғанына іштей тағы бір тіксіндім.

Баукеңнің – Бауыржан Момышұлының – «Найзадан қол босаса, қалам алдым» дегеніндей, Қалекеннің коменданттығы, басқа да әскери қызметі 1954-жылдың күзіне дейін қолына қалам алдырмады. Әйткенмен әдебиетке, шығармашылыққа құмарлық-құштарлығы көкейінде көктеп жүрсе керек, елге оралысымен «Баян» атты әңгіме болып гүл жарды. «Жұлдыз» журналында жарияланған ол туындысын оқырман қауым, әдеби сын жылы қабылдап, бұлақтың көзі ашылды да, очерк пен әңгіме, күнделік пен естелік, хикаят пен роман көші түзілді. «Қолымды мезгілінен кеш сермедімді» ескерген, сезінген Қалекен өндіре жазып, өмір-тірлік өрісін өкінбестей танып-түйсініп, тіпті қазу-салу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқан «Ертіс-Қарағанды» каналы құрылысшыларымен 500 шақырымды бірге жүріп, «жаяу жазушы» атанды да. «Бір күні кешкісін сол жолдың бір бөлігінде басқалардан оза оңаша кетіп, қасқырларға жем бола жаздапты» дегенді де естідік. Соның анық-қанығын өзінен сұрағанымда, Қалекен қолын сілтей күліп: «И-и-и шікі-і-ін, бұ қазақ енді қасқырға жала жабатын болды-ау!» – деді.

Талабы сан тармақты Қалекен мұрағаттан да мұрат тауып, арыда атақты Шоң би, Айқыз өмірлерінен роман жазса, беріде ғұлама Қаныш Сәтбаев хақындағы көлемді зерттеу еңбегі де жоғары бағаланды.

Халық Батыры Баукеңнің: «Соғыс туралы шындықты... тіпті мына біздер, соғысқа қатысушылар да, оны түбегейлі, ұңғыл-шұңғылына дейін біле бермейміз. Соғыс хақындағы шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту одан да күрделі. Соғыс туралы ақиқатқа жету – өте үлкен мәселе», – деген сөзі бар екен. 1944-жыл қаңтарда майданнан Алматыға келіп қайтқан жолы болашақ Ғылым Академиямызда болған кездесуде айтыпты. Ол кездесуге Қаныш ағамыз бастаған ғалымдар, Мұхтар ағамыз бас болған жазушылар қатысыпты. Қалекен бірде сол тарихи оқиға туралы әңгімеледі де:

– Саған бір өтінішім болғалы тұр, орындайсың ба, тек тура айт! – деді, әзіл-шынын айырғысыз дауыспен. Мен еркелене қалжыңдаса беретін әдетіммен:

– Ильменауда қалған жеңгелеріміздің біріне қазы-қарта апарып келу керек болса да, орындаймын! – дедім.

– Әй, сен бар ғой, – деп күліп алды да, жазбақ кітабына қажет екі жәйтті атап: – Ресей мұрағатынан әлгі сұмырай Мирзоянның Сталинге, Саяси бюроға жазған хаттарының көшірмелерін алғаныңды өнеукүні айттың ғой, сол жолыңмен тағы бір рет жүріп өтерсің, – деді.

Иә, «сол жолыммен» жүріп өтіп, Қалекен мына екі жауапты табыс еттім (қысқа нұсқасы):

\*СОКП Орталық комитетінің 1-хатшысы Н.С.Хрущевтың тапсыруы бойынша 1955-жылы жүргізілген ресми тексеру нәтижесінде мыналар анықталған: **1921–1954 жылдар аралығында саяси айыппен жиыны 3.777.380 адам тұтқындалып, одан 642.980 адам атылған.** Лагерьлерде 2.369.220 адам қалған, 765. 180 адам жер аударылған. **«Халық жауы» ретінде тұтқындалғандар саны – 1.344.923 адам, одан атылғаны – 681.692 адам.**

Бұл ақпаратты: КСРО Бас прокуроры Руденко, Ішкі істер министрі Круглов, Заң министрі Горшенин растаған.

\*1941-1945 жылдардағы соғыс жайын жан-жақты зерттеп, нақты деректерді жинаған Ресей Қорғаныс министрлігінің компьютерлік банк орталығы мынадай мағлұмат берді:

КСРО Армиясы мен флотының майдандағы шығыны – 6,1 млн. адам;  
фашистердің тұтқынында қаза болғандары – 2,5 млн.;  
фашистер басып алған жерлерде өлтірілгендер – 17, 6 млн.

**Яғни, КСРО шығыны – 26, 2 млн.**

Германияның жалпы шығыны – 7, 2 млн.

АҚШ, Англия, Франция, Жапония және басқалардың жалпы шығыны – 1 млн. адам шамасы.

**Демек, 1941-1945 жылдардағы соғыс құрбанының жалпы саны – 34,4 миллион адам.**

Осы мағлұматтарды алған күннің ертеңінде Қалекең телефон соғып:

– Фаббас-жан, ей, әлгі сұмырай Солженицынның «Совет Одағының билік жүйесі, Сталин 110 миллион адамды қырды» дегенін оқығанда «есектің миын жеген жәді-гәй!» – деп күле салып едім, одан кейін алаяқ Хрущев ХХ-съезде: «Сталин 10 миллион адамды «халық жауы» – деп жазықсыз құрбан қылды!» – деді, құдай-ау, бәрі өтірік екен ғой?! – деп таңданды.

– Қалеке, көп кешікпей Сталин мен Гитлердің орындарын алмастырған оттауизм басталады, тоса тұрайық, – деп едім, Қалекең:

– Қой, құрысын! Ондайды айта, құрысын! – деді, дауысы бұзылып...

Арының ғана сөзін айтатын тарихшылардың (ресейлік) зерттеу еңбектеріндегі деректер былай деген: руденколардың цифрлары алдына барғанда Хрущев жоқ шашын жұла жаздап, ақырып-бақырып, лақтырып тастап, «құпия баяндамасына» аузына келген 10 миллионды жаза салыпты. Одан бұрын да өздерінше есептеп, 5 миллион деген Волкогонов, Медведев сияқты «қасқалар» жолда қалып, Хрущевтан кейін: Антонов-Овсеенко, Феофанов сияқты «басқалар» 16-20 миллионға жеткізіпті. Ал Кириллов деген бір «тарихшы ғалым»: «Гитлер 20 миллион адамды құртса, Сталин 40 миллион адамды құртты» – деп лағыпты. Алайда, ол пәлеқорлардың өкінішіне қарай, ешқайсысы еврей-выкрест Исаакийдің (басқа дінге кіріп Исай болғанның) баласы А. Солженицынның «рекордын» жаңарта алмаған...

xxx

...Әдеби қазынамызға қыруар үлес қосып жүрген Қалекеңнің «мен сөйттімділегенін» көрген де, естіген де емеспін. Себебі, ол қарапайым болды. Ал қарапайымдылық пен кішіпейілділік «ағайынды» ғой, Қалекеңнің табиғи ол қырларына жазушылар мен журналшыларымыз қанық дей аламын. Әрқашан көңілді жүретін ағамен Жазушылар одағы құзырында он шақты жыл қызметтес болғанымда, оның әзіл-қалжыңға ерекше құмар жан екенін де көрдім. Бірер мысал келтірейін.

– Анау Қалмұқан да бір Мырқымбай екен, – деді бірде партизан жазушы Қасым Қайсенов. «Мырқымбай» оның Би-ағанның – Бейімбет Майлиннің, әңгімесінен «жекешелендіріп алған» сөз сыралғысы еді.

– Иә, қалайша? – дедім.

Ол былайша екен. Қаскең бірде Жазушылар одағына барып, оны-мұны шаруасын реттеп, үйіне қайтуға шықса, есік алдында бірнеше ақын-жазушы тұр екен. Араларындағы Қалекең: «Қаске, мені ала кетсеңіз қайтеді?» – дейді. «Мәшініме сисаң, жүр», – дейді Қаскең, шағын денелі інісін қағытып. Екеуі аутомәшінге отырып жылжып кетеді. Ауладан көшеге шығатын тұсқа жете бере Қалекең: «Тоқтаңызшы, тоқтаңызшы!» – дейді де, тоқтаған мәшіннен абың-күбің түсіп, кейін жүгіре жөнеледі. Аңырған Қаскең соңынан қарап қала береді. Қалекең есік алдында тұрған жаңағы



жігіттерге барып, бөрімен қол алысып, қайтып келеді. «О не, не болды?» – дейді ағасы, салқын сөйлеп. «Үйбай-ау, Қаске-ау, сіздің мәшініңізге отырдым ғой, анау жолдастарымды енді аман-есен көре алам ба, жоқ па, қоштасып келдім» – депті. Екеуі ішек-сілелері қата күліпті.

Қалжыңбас Қалекеңнің олайша «мырқымбайланғанына» себеп бар-ды. Содан екі ай шамасы бұрын Қаскең үлкен ұлы екеуі «ГАЗ-69» аутомәшінімен Талғар тауын жолсыз тұспен қиялап келе жатады да, он шақты метр биікте мәшіні аударылып кетіп, бірнеше аунап, етекке бір-ақ түседі. Әйтеуір, екеуі де мертлікпен аман болып, Талғардың ауруханасында бір апта емделіп шыққан. Қалекең соны меңзеген ғой.

«Ертіс-Қарағанды» каналы туралы «Арман арнасымен» – деп жазған күнделік-кітабының қолжазбасын баспаға алып барған Қалекеңе әзілі жарасып жүрген інілерінің бірі, бөлім редакторы: «Ағасы-ау, қолжазбаңыз тым қалың екен, су көп-ау, ә?» – дегенде Қалекең: «Сен қызықсың, ей! Канал туралы кітапта судан басқа не болуы мүмкін?» – депті.

1990-жылы, мамыр айының 19-20-күндерінің бірінде болар, Қалекеңнің үйіндегі жеңгеміз Зәпекең телефон шалып: «Ғабеке, бағана мына ағаң бар ғой, айырылысып кетуге болатын қылық жасады», – деді. Түсінбедім. «Қылығы» не? «Айырылысып кетуге болатыны» не?..

Зәкең жауабымды күтпеді, сөзін жалғады: «Бағана, түскі шайдан кейін, ағаң: – Зәке, берірек отыршы, саған балалар жоқ оңашада айтар бір сөзім бар еді, – деді, күмілжіп сөйлеп. Қарасам, өңі де біртүрлі, өзгеріп кеткен. Маған тура қарамайды, үстелді шұқылап отыр. Не дерімді білмедім. Жақындап отырдым. Ағаң басын бір сипап алып, тұқырған күйінде: – Айтайын деп ойланғалы көп болды... батылым жетпей жүрді... енді айтпауға мұршам жоқ, тек сен, Зәке, сабыр сақтап тыңда, жарай ма?» – деді де, адамның өмірі, тағдыры, өзінің соғыста ажалдан аман қалғаны, отбасымыз жайында біраз айтып, ауыр күрсініп қойып, махаббат туралы айта бастады, екеуіміздің қалай қосылғанымызды есіне алды, махаббаттың да тағдырға байланысты екенінен мысал келтіріп, өзінің ойда жоқта, бұдан төрт жыл бұрын бір әйелмен қатнас жасап қалғанын, өнеуекүні онымен осында, орталық алаңда оқыс кездескенін, үш жаста ұл баласы барын айтып: «Зәке, кешір, кешіре гөр, мынау сол ұлым екеуіміздің сонда түскен суретіміз еді», – деп, бір суретті алдыма қойып, тұрып кетті. Есім шығып, үндей алмай отыр едім, фотоға еріксіз қарасам, – Әзиз! «Құдай-ау, мынау өзіміздің Әзиз ғой? Ғаббас пен Заданың Әзизи ғой?!» – деп ағаңа жалт қарасам, диванның алдында қыстығып күліп тұр екен, қарқылдап күліп, диванға құлай кетіп: «Қап! Сені алдап, бір қатырайын деп едім, болмай қалғанын қарашы!» – деді.

Ол суреттің мынадай тарихы бар: Жеңістің 35 жылдығы қарсаңында отставкадағы майдангер Қалекеңнің әскери шені өсіріліп, майор болған. Сол 1980-жылы 9-мамырда үш жастағы Әзизімді әскери шеруді көрсетуге ертіп барғанмын. Шеруден кейін, алаңды аралап жүріп, майор Қалекеңе кездестік. Әзиз атасына сәлем берді. Мен мерекемен жаңа шенімен құттықтап: «Генерал болуыңызды күтеміз!» – дедім. Қалекең: «Маған осы да жетеді, ал мен мына жігітіміздің бейбіт өмір генералы болуын тілеймін!» – деп, Әзизді көтеріп алып, бетінен сүйді. Жарты сағат мөлшері бірге қыдырыстадық. Қолымда фотоаппаратым бар еді, Қалекең мен Әзизді екі-үш жерде суретке бірге түсірдім. Сондағы суреттердің ең тәуір шыққанын Жазушылар одағында бір аптадан кейін болған бір жиында Қалекеңе сыйлағанмын. Аралас-құралас болып жүрген жеңгеміз Әзизді танып қойып, Қалекеңнің «0:1 есебімен жеңіліп қалғаны» ғой.

«Қалмұқан былай деген екен», «Қалекеннің бір қалжыңы былай еді» – деп, ақ көңіл ағаекеміздің көзі тірісінде-ақ айтылған әзіл, мысқыл аз емес. Өзі айтқанды өзгеден естігенінде тақыр басын бір сипап қойып, қойкөзі күлімдеп, жылы жымыып отыратын. Кейде ернін жорта қомпайтып: «Жо-жо-о-оқ, олай емес, былай болатын» – деп, қалжыңының «түпнұсқасын» қайталайтын. Сол сәті де сағыныштың сағымына айнала бастады-ау!..

«Үстімде сұр шинелім,  
Ақсаңдай басып келемін..  
Ұмытса да достарым,  
Ұмытар ма, мені елім?!..».

Ұмытылмасқа жаралғандар ешқашан ұмытылмайды! Сол санаттағы Қалекеннің де екінші өмір жолы ешқашан тұйықталмайды!

*2015 жыл, желтоқсан.*



## **ҚАЗАҚТЫҢ БЕКЗАТ ПЕРЗЕНТІ**

Өзаға... Өзбекәлі ЖӘНІБЕКОВ...

Алматының Көкбазарына кірген сайын біздің «Қымызханамыз» көз алдыма келіп, көңіл шіркінім алабұрта қалады. Жарыстыра қойылған ұзын екі үстелдің сол жақтағысында көкөнестің түр-түрін сатып тұрған орыс, корей әйел әулеті де, оң жақтағысында қазақ қыз-келіншектер: сүт, қаймақ, май, айран, сүзбе, құрт, ірімшік, жент сатып тұрады. «Келіңіздер, алыңыздар, қымбат емес» – деп жымысады олар. Біз бас изей ілтипат білдіреміз, бірақ бұрылмаймыз. Бағытымыз – үстелдің орта тұсындағы қымыз, қымыран сатушыларда. Олар – қатар орналасқан үш әйел. Иә, кешегі келіншектер. «Қымызханамыз» – сол үшеуі. Бізді: «Е, бауырларымыз келділеп» қарсы алады. Бауырлары – ақын Сабырхан Асанов екеуіміз. Кейде Смаханұлы Шона ағамызбен үшеу болып барамыз. Шөкен: «Айналайын құрдас қыздар, ұйқыларың қанып ояныңдар ма, әлде әлгі..?» – деп күле амандасады. Қалжыңдары ағытылады...

Бірде, 1981-жылы, әлде 82-жылы ма, әйтеуір, жаз айының бір сенбісі күні, Сабырхан: «Қымызханамызға Халық музыка аспаптарының музейі арқылы барайықшы. Өзағаңда, Өзбекәлі Жәнібековті білесің ғой, Мәдениет министрінің орынбасары, бүгін сонда екен, сол кісінде бір бұйымтайым бар еді» – деді. Бардық. Мен: «Көп бөгелмегін, қымыз суып қалады» – деп әзілдеп, ішке кірмедім. Мұражай үйі – тарихи көне ескерткіштер есебіндегі ғимарат екенінен, сәулетші А. Зенковтың жобасымен салынғанынан, кезінде Түркістан генерал-губернаторының салтанат отауы болғанынан хабардармын. Қазақ ұлт аспаптарының мұражайы болып 1981-жылы көктемде ресми ашылған. Ғимаратты таңдап алған, мұражайдың шаңырағы көтерілуін, көне аспаптарды жинастыруды ұйымдастырған Өзбекәлі екенін де естігенмін.

Әсем ғимарат жөндеуден өткізіліп жатқанын аңғардым. Есігі алдында әк, бояу бөшкелер тұр, ерекше біркелкі тақтайлар, мәрмәр плиткалар жатыр.

Сабырхан бес минөт шамасында шықты.

– Өй, тұншыға жаздадым, қымызға тезірек жетейік, кеттік! – деді.

– Е, не болды сонша?

– Бояудың иісі шыдатпады. Бір жерде дырылдатып кесіп, бір тұста тырсылдатып шегелеп, бір жерін әктеп, бояп дейсің бе, алас-күлес жұмыс. Өзағаң балақ-жеңін түріп алған, жөндеушілердің ортасында. Мәдениет министрінің орынбасары дейтін емес, құрылысшы-жұмысшы сияқты...

Жаратылысы қарапайым адам қашан, қайда, қандай жағдайда болсын қарапайым қалпын сақтайды. Халқының игілігіне жұмсаған білімін, жігер-күшін пұлдамайды, «Мен! Мен» деген сырқатқа шалдықпайды. «Құрылысшы-жұмысшы сияқты» Өзбекәлі Жәнібеков сондай-ды! Ал бас терісі келіспегендердің қарекеті керісінше болатыны белгілі. Ондайлардың бірі... аты-жөні есімде қалмапты, әйтеуір, облыс деңгейіндегі партиялық қызмет атаулыны түгендеп, зейнетке шығыпты да, бұл мұражайдың жас директорын шеттеттіріп, жылы орынға жымия жылжып жетіп, жайлауға шыққандай жайлана жайғасыпты. Ол кезде басқа салада жүрген Өзекең оны бөгей алмай, іштей тыныпты. «Партдиректор» болса, кейін де, қалтасы томпақтың айы оңынан туып, өзінің өздерінен өзге тірі жанға қажеті жоқ өмірбаянын «хикая», «роман» етіп кітап шығара бастаған тұста, ол да, қатарынан қалмай, кітап жазыпты. Қазақстанға сіңірген елеулі еңбектерінің бірі Қазақтың халық музыка аспаптары мұражайын ұйымдастарғаны екенін өркештене айтыпты. Онысын Өзекеңнің «Тағдыр тағлымы» жинағынан оқып, жағамды ұстадым. «...Өкініштісі – біз сияқты қызметбастылардың (функционерлердің) тікелей араласқан, тіпті өзі ұқсатқан шаруасында қолтаңбасын қалдыра бермейтінін пайдаланып, біткен істің нәтижесін әлдекімдердің өзіне теліп алатыны. Мәселен, Қазақстанның халық әуез аспаптары музейін ұйымдастыруға, оның оңайға түсе қоймаған экспозициясын құрастыруға менің бақандай екі жыл уақытым кетті. Енді келіп, музейдің есігін ашпаған біреудің: «оны обкомда істеп жүріп өзім ұйымдастырдым» – деп көсігеніне қайран қалдым. Тегі одан өткен озбырлық бола қоймас», – депті автор.

...Егер жаңылыспасам, Қазақстан Комсомолы ұйымының 1-хатшысы Өзбекәліні 1967-жылы Алматы қалалық комсомол комитетінің бір мәжілісінде алғаш көрдім. Балалар мен жасөспірімдер тәрбиесі жайында пікір өрбіте сөйледі. Сұңғақтау бойлы, талдырмаш бітімді, қоңырқай өңді жігіт екен. Жинақы қара шашты, кең маңдайлы, қойкөзді. Бет пішімі дөңгелек жүзді де, сопақ та емес; мұрыны қырлыға да, майлыға да «қосылмайды»; қоңыр үнді; байыпты сөйлейді, маған қалайда ерекше келбетті жігіт болып көрінді.

Одан кейінгі жылдары кездесіп, әңгімелесіп жүрдік. Көбінесе ежелгі досы Хакім Тілегенұлы (Михаил Иванович) Есенәлиевтің үйінде. Екеуі қоғами көп мәселені тарата айтып, ой-тұжырымдарын ортаға салды. Бірін бірі тосып сөйледі. Хакім аға аракідік шапшаң сөйлей бастаса, Өзағаң: «Көкіш, қайда асығасың, сатирик інімізді жалғыз қалдырып кетпейік», – деп жымияды. Хакең күліп жіберіп, маған қарап, көзін қысып қалып: «Әдетте сатириктер аз сөйлеп, көп тыңдайды» – дейді. Мен, шынында, қыстырылып сөйлеген жоқпын. Мемлекет, қоғам қайраткерлері екі ағаның кең өрісті әңгімелерін ғибраты мол дәріске балап, сүйіне тыңдаймын. Ара-арасында сұрағымды сыналап, білгім келген жәйттен хабардар боламын. Екі аға да ештеңені ірікпей, қысқа да нұсқа жауап қайырады. Өзекең хақындағы айтарым дені – сол тәсіліммен білгендерім.

Хакеңмен он шақты жыл сырлас болдым: мәдениетті, білімді, кішіпейіл, қарапайым, іскер тұлға еді. Хакеңді жақсы көрген ағасы Баукең – Бауыржан Момышұлы – әзілмен «медвежонок» – деп атап жүрсе, үш жас кіші пікірлесі Әнуар Әлімжанов «шағын денелінің шымыры» десе, досы Өзағаң: «...Осы бір мейлінше

таза, өзгенің «қайғысына» ортақтаса қалуға, қолынан келгенінше басқаға жәрдем беруге даяр тұратын азамат», – деп бағалаған.

...Өзағаң екеуіміздің соңғы әңгімелесуіміз 1988-жылы. Ол ҚКП Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшылығына тағайындалған, ал менің «Ара-Шмель» журналының Бас редакторы қызметімнен босап, үйде жұмыссыз отырғаныма 1 жыл болған. Әу баста, 1983-жылы мамыр айында, Қонаев Димекеңнің аузымен: «Сатиралық журнал әлсіреді, күшейтіңіз!» – деп күштеп жіберген Орталық комитет бетпақ Г. Колбиннің ыңғайымен: «Сіз Орталық комитетпен ақылдаспайсыз, номенклатурамыздағы кадрларды сынайсыз, оныңызды қойыңыз!» – деп қырсоңыма түскен соң, «пәледен машайық қашқан» ғой, алысып астарына түсіп қалмай тұрғанымда кетейін деп, 1987-жылдың қазан айында «өз өтінішіммен» босағанмын. Сол хал-ахуалымды Орталық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Өзекеңе тәптіштеп айтып: «Коммунисім далада қалды-ау!» деген партия жоқ, ол қалай?» – дедім. Сөзімді бөлмей тыңдады. Өңі күреңіткенін аңғардым. Орнынан тұрып, қолын ұсынып: «Ғабеке, мұнда біз ақылдасайық, хабарласармыз, сау болыңыз!» – деп сәл-пәл жымыды. Содан бір апта өткен шамада Опера және балет театрымыздың алдында ұшырастық. Өзекең ықыластана қолдасып тұрып: «Ғабеке, өне-мінемен хабарласа алмадым, ренжімегейсіз. Жәрдем жасармын деп ойлап едім, реті келмеді. «Ара-Шмеліңіз» аямай шаққандардың бір-екеуінің мықтылары бой бермеді» – деді. «Өзаға, ұқтым. Сізге бір түйір де ренішім жоқ» – дедім.

...Журналшы-жазушы жолымен республикамыздың түкпір-түкпірінде болып жүргенімде Өзекең хақында кілең жақсы сөз естідім. Қызметтес тұрғыластары ма, олардың ізбасарлары ма – бәрінің дерлік айтатыны: «Қазақтың мәдениетіне, өнеріне Илияс Омаровтан кейінгі нағыз жанашыр адам – Өзбекәлі Жәнібеков!». Иә, ол ұйымдастарған, атын да қойған: «Шертер», «Адырна», «Алтынай» және басқа ансамбльдердің ізімен жер-жерде өнер ордалары шаңырақ көтерген. Ықылас атындағы Қазақ музыка аспаптары мұражайының үлгісімен этнографиялық мұражайлар ашылған. Қожа Ахмет Йассауи кесенесі күрделі жөндеуден өткізілген. Тындырған басқа да шаруалары қыруар.

Өзағаңмен көп уақыт қызметтес болғандар оның игі іске құштарлығын, ізденімпаздығын, танымпаздығын, тапқырлығын, ойына алған ізгі мақсатты орындаудағы білгір ұйымдастырушылық қасиетін, ешкімнен жасқанбайтын батылдығын ыстық ықыласпен паш етеді. Жастар мен студенттердің Мәскеуде өткен дүниежүзілік фестиваліне қатысқаны, шет елдерде болғаны, Совет Одағының бірнеше басшысымен кездескені, әйгілі өнер қайраткерлерімен әңгіме шерткені – қазақтың мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін насихаттау ниетінен туындаған тарау-тарау жыр, деседі замандастары. Бірге өскен дос-жолдастарының, қызметтес болғандардың ерекше құрметпен сүйіне айтатындары – «Ленинградтағы Эрмитажда тұрған тарихи Тайқазанымыздың елге қайтарылып, Қожа Ахмет Йассауи кешенесіне қойылғаны – Өзбекәлі Жәнібековтің тікелей араласуымен іске асқандығы». Өзағаң ол мәселені республика Комсомолының басшысы уақытында қолға алып, Орталық партия комитетінің хатшысы кезінде іске асыра алды. Ол атқарған аса маңызды шаралардың бірі – тарихи Наурыз мерекемізді жаңғыртқаны еді. Алматыда шығып тұрған «Біздің Отан» атты халықаралық газет (қазіргі «Шалқар») 1987-жылы қазақтың көне салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы жайында жиі жаза бастады. Бас редакторы Уаһап Қыдырхановтың Наурыздың қазақ елінде қашаннан бастап тойланғаны туралы тарихи зерттеу мақаласы жарияланды. Өзекең сол материалдармен мұқия танысты да, Алматы қаласы совет атқару комитетінің төрағасы Заманбек Нұрқаділовпен

ақылдасты, ал Заманбек өзінің мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасары Жібек Әмірхановаға тапсырма берді. 1988-жыл туа Жібек Уаһапты, мәдениет пен баспасөздің басқа да бегілі бірнеше өкілін шақырып алып, Наурыздың тойланатынын қуана мәлімдеп, оны қалай өткізу дұрыс боларын кеңесті. Сөйтіп, сол жылы Наурыз қаланың М.Горький атындағы мәдениет және демалыс саябағында үлкен мереке болып өткізілді. Уаһап жаңартып, кеңейтіп жазған сценарий той жобасының бір бөлігі болды. 1989-жылдан бастап Наурыз қазақ даласын қайтадан аралап кетті.

Кейбір ағайындар: «Наурызды тойлауға тиым салған» – деп жүр. Қай жылғы, нөмірі нешінші қаулысымен? Бекер! Біз, бір ауылсовет құзырындағы үш ауылдың шәкірт балалары, жылда өткізіліп тұрған Наурыз тойында көжеге тойып, ән-күй тыңдап, мәре-сәре болып өстік. Тиым салғандар болса, олар шаш орнына бас алған жергілікті шолақ белсенділер шығар.

Партиялық биліктің бір биігіне көтерілген Өзбекәлі Жәнібеков халықтың көне мәдениеті негізінде заманға сай күрделі жұмыс жүргізуге кірісті. Өнер саласында бұрын қолы жеткен табыстарын молайтуды көздеп, қарт әнші-күйшілерге қамқорлық жасау, оларды насихаттау, халықтың ән-күйлерін, көне әуен аспаптарын жинастыру, тарихын үстеп зерттеу бағдарламасы жасалуына мұрындық болды. Жастар арасындағы Шәмші Қалдаяқовтың ерекше дарынды екенін байқап, оны әрқашан қолдап отырды.

Досы Хакімді: «қолынан келгенінше басқаға жәрдем беруге даяр тұратын азамат», – дегеніндей, Өзағаңның өзі де сондай тұлға болды.

Алайда Өзағаңның өмірі самал лепті болған жоқ. Оған мына «хикаяты» куә:

– Мәкеңнің, Есенәлиевтің 1997-жылы «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Ұлылық пен әлсіздік» деген мақаласында, Сейдахмет Құттықадамның сол жылы «Аргументы и факты» апталығында жарияланған «Қонаевтың жұмбақтары» деген сұхбатында менің 1970-жылы комсомолдағы басшы қызметтен кетуімнің себебі – Димаш Ахметұлы тағайындағысы келген азаматты БЛКЖО Орталық комитеті арқылы өз орныма «өткізе алмағаным», содан біресе Торғайға, біресе Мәдениет министрлігіне, Алматы облаткомына қуыла бергенім. Осы бір шетін мәселеге қосарым – өзімнің ешқашанда Қонаевтың «есемінде» болмағаным. Басшы кадрларды таңдап алуда ол кісінің өз талаптары бар-тың, ал мен онысына үйлесе қоймадым. Димекеңнің «штатный» екі кеңесшісі болды, біреуі – бюро мүшесі, сол аяғымнан шала берді.

– Ол «бюро мүшесі» кім еді? – дедім, шынында аты-жөнін білгім келіп. Өзағаң айтты, бірақ:

– Соны ешқашан атамай-ақ қойшы, – деді.

Иә, сол «бір бюро мүшесі тартқан табақтың» бірі мынау:

– Бір күні Орталық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Саттар Имашев мені шақырып алып, «маңызды әңгіме бар» – деп, екеуіміз Қонаевқа бардық. Қонаев мені Норвегияға төтенше және өкілетті елші етіп жібергісі келгенін айтып: «Осында бір бюро мүшесі сенің әйелің ауру деген соң, ойымнан бастартуға тура келді» – деді де: – бізде, Орталық комитетте, Сыртқы байланыстар бөлімі құрылады, соған меңгеруші боласың – деді. Имашевқа көз тастасам, ол тұқырып тұр... Сап-сау әйелімді «ауру» деген өтірікке Қонаевтың сене салғанына қайран қалдым, – деді Өзбекәлі.

Өзағаң өзін «күштінің қақпақылдай» бергеніне әрбір жолы іштей ренжіп жүрсе де, ешқашан қапаланбады, жасымады. Еңсесін тік ұстап, қызметін қылаусыз атқара білді. Оған көпшіліктің құрметінен артық сый-сияпат, ат-атақ керек болған жоқ.

Досының қызметі «жаңартылған» сайын Хакім аға: «Құттықтаймын және «қайғыңа» ортақпын!» – деп қағытатын. Өзекеңнің Хакенді: «...өзгенің «қайғысына» ортақтаса қалатын» – деп сипаттауы дос өзілін қымбат тұтатыны болар.

Бірде партияның Орталық комитетінде Мәдениет бөлімін 13 жыл басқарған Кәкіші туралы Өзағаң: «Екі оттың ортасында әлі жанбай тұр» – дегенде Хакен: «Рас айтасың. Төс пен балғаның ортасында «жіпсіп-балқып» жатырмын, – рахат!», – деп, екі достың құшақтаса күлгенін көргенім бар.

Д. Қонаевтың орнын Г. Колбин басты. Кейбір әсіребілгіш басшыларда жаңа қызмет орнына барысымен «бұрынғыға жақпағанды» жантарта қоятын тәсіл болады ғой, Колбинде де сондай «қыр» бар ма еді, әлде: «Сіз туралы жақсы пікір көп» – деп шынын айтты ма, Өзбекәліні 1987-жылдың қыркүйек айында Мәдениет министрі етіп, 1988-жылы ақпанда Орталық комитеттің идеология жөніндегі хатшысы етіп тағайындады. Өзекең ол екі қызметінде де халқы алдындағы парызын адал атқарып, өткендегі «әттеңдерді» мүмкін болғанынша «бәрекелдіге» айналдырып бақты. Ол, әлбетте, күпілдек Колбиннің жаршысы болған жоқ. Дұрыс пікірін құптады, бұрысына қарсы тұрды. Ақырында аралары ашылды.

...Қазақстан тәуелсіздік алып, жаңа заманы басталды. Билік жүйесі мүлде өзгерді. Өзағаң зейнетке шықты. Өткен өмір кезеңдерін шолып, кейінгі толқын – жас ұрпақтарға өзінің елу жылғы тірлік ақиқаты жүктелген «Тағдыр тағылымы» жинағының екі кітабын ұсынды. Оқырман қауым Өзағаңның бұрынғы: «Қазақтың қол өнері», «Жаңғырық», «Уақыт керуені», «Жолайрықта», «Қазақ киімі», «Ежелгі Отрар» кітаптарын құмарта оқып, ризашылық пікірлерін анық құрметпен айтқан болатын. Қостомдық жинағы да құнды еңбек деп бағаланды.

Жазмыш дейміз. Оның шешімі шұғыл. Ол Оңтүстік Қазақстанның Отрар ауданындағы Сарықамыс ауылында 1931-жылы тамыз айының 28-і күні фәниге келген Бекзат Өзекеңді 1998-жылы ақпан айының 22-сі күні, 67 жасында, бақиға бағыттады...

Қазақы рухтың сардары болған Өзекең хақындағы бұл естелік-толғанысымды оған арналған мына бір жылы лебіздермен тұжырсам, жарасымды болар:

*Өзбекәлі Жәнібековтің халқына сіңірген ерекше еңбегін тізбелеп шығу үшін гана үлкен кітап жазу керек, ол – киелі адам!*

*Шерхан МҰРТАЗА, жазушы.*

xxx

*...Қазақта Жәнібеков – біреу ғана,  
Аталған өз елінің Өз-ағасы!..*

*Әселхан ҚАЛЫБЕКОВА, айтыскер ақын.*

xxx

*Илияс Омаров Мәдениет министрлігін басқарған тұста сол салада көптеген игі істер атқарылды. «Гүлдер», «Досмұқасан», басқа да ансамбльдер құрылды. Ілекеңнен кейін біраз жыл Мәдениет министрінің орынбасары болған Өзбекәлі Жәнібеков өнер әлеміне қазақы реңк беруді жалғастырып, елімізде әуендік-аспаптық ансамбль құруды қолға алды. Сонау Торғай өңірінде қазақ театрын ашты. Одан беріде: «Сазгән», Адырна» ансамбльдерінің құрылуына, «Отрар сазы» оркестрінің негізі қалануына себепші, қамқоршы болды.*

*Болат АТАБАЕВ, театр режиссері.*

xxx

*Біз – ана тіліміздің, халықтық мәдениетіміздің уызына қанған адамдармыз... Салт-дәстүр, ырым-тиымның барлығын көріп өстік... Менің этнографиялық*

еңбек жазуыма кезінде Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз – қазақтың ірі тұлғасы, үлкен қайраткері тікелей ықпал етті.

Сейіт КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ,  
жазушы, ақын, этнограф.

xxx

Өзбекәлі аға Қазақстан мұражайлары жүйесінің негізін қалады. Жас таланттарға қамқоршы, ұстаз болды. Еңбегінің бірегейі – Ықылас атындағы халық әуені аспаптарының мұражайын ұйымдастырғаны. Қандай болуы қажеттігін түгелдей жазып, түсіндіріп берді. Экспонат қорын жасауды қолына алды, өз үйінде сақтаулы көне төрт домбыраны әкеліп тапсырды. Елден мұқият іздеттіріп: Әбікен Хасенов, Жамбыл, Кенен, Манарбек, Нартай, Шашубай, Мұрын жырау, Қызыл жырау, Дина, Жарас би және басқа тұлғаларымыздың домбыралары мен сырнайларын аймақтық, облыстық мұражайлардан, жеке кісілерден алдырып, қысқа мерзімде бес жүзден аса аспап жиналды.

Тілеукең ЖАУБАСОВА,  
тіл маманы, өнер зерттеуші.

xxx

Өзбекәлі Жәнібековтің ең мықты қасиеті – ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоятындығы еді. Ол Торғайда қызмет істегенде (обкомның идеологиялық хатшысы) бірде-бір ұран басқа тілде жазылған жоқ. Кеңес Одағының дәуірлеп тұрған кезі болса да. Және қазақ театрын ашты. Ол концерттің бәріне баратын болған соң, өзге басшылар да тайлы-таяғы қалмай баратын болды... Істеген ісі тиянақты, сөзге сараң, ұлтжанды Азамат еді...

Нұхы ҚАРТБАЙҰЛЫ,  
журналшы.

xxx

Өзбекәлі Жәнібеков Арқалық қаласының екі көше қиылысында тұрған Кейкі батыр ескерткішін кең жерге, Торғай өлкетану мұражайының алаңына көшіртті. Ескерткіш қалаға көрік беріп тұр.

Мақсұтбек СҮЛЕЙМЕН,  
журналшы.

xxx

Қазақта «қоссаз» деген музыкалық аспап бұрыннан болған. Негізі ол туралы қазақ аңыздарында бар, мән ойлап тапқан жоқпын. Қазақтың көрнекті қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков 80-жылдары осы аспаптың шығуына тікелей себепкер болды. Сол кісінің айтуымен 1985-жылы Алтынбек Құмаров қоссазды жасап шығарды.

Мархабат МЫҚТЫБЕКОВ,  
домбырашы, әнші.

xxx

1995-жылы Жазушылар одағында болған бір мерейтой сахнасына жеті жігіт қамшы ойната жүгіріп шығып, құлшына билей жөнелгенде партияның Орталық комитетінен келіп қатысып отырған жазушы Камал Смайылов: «Қап! Өз-ағаңның жогын-ай!» – деп қалды. «Е, қайтетін еді?» – дедім. «Өз-ағаңның «Буын биі» дәйтін биі бар, важап!» – деді. Кейін бір кездескенімізде Өз-ағаңа соны айтып едім, ол жымиды да: «Қазақта «Қара жорға» деген би болған, сол есіне түскен вой» – дей салды.

Сәкен ИМАНАСОВ,  
ақын.

xxx

...Наурыз тойы ешкімге есеп беру үшін жасалмауға тиіс. Ең бастысы – дұрыс тойлануы шарт. 2010-жылы Астанада «Хан шатыры» алдындағы алаңға тігілген киіз үйлердің безендірілуін бағаладық. Сандықтарын сатылап, қақ төрге жинап қойғанды көрдік. Қазақ дәстүрінде төрде қонақ отырмай ма?! Шәкірттер жасаған кәкір-шікір қолөнер бұйымдарын үй ортасындағы үстелге қаз-қатар тізіп қойып: «Наурыз тойына әкелгеніміз осы!» дегенді де көрдік. Ол не? Көрме ме? Ішіне сабан тығып қатырып қойған қасқыр, түлкі тұлыптарын төрге тұрғызып қойған киіз үйді де көрдік. Ол не? Аңдардың мұражайы ма? Киіз үй ішін безендірудегі ғасырлар бойы қалыптасқан талғам қайда?.. Айта берсең, кемшілік көп. Тіпті текеметке салатын қошқар мүйіз оюды алабажақ «дежурный» шапанымыздың жағасына жапсырып алып, мез болып жүре береміз. Осындайда ғасырлар бойы өзбектің өзбек екендігін өлемге әйгілеген ала тақиясына бас игім келеді. Ал біздің той-томақта сыйлыққа беруге ғана жарайтын шошайған, мыржиган қылызала, көкала тақияларымызды көзіңізге елестетіңізші!.. Өзбекәлі Жәнібеков марқұм тіріліп келсе: «Мыналар менің жазған еңбектерімді оқымаған екен ғой?!» – деп өкпелер ме еді, кім білсін...

Мұхаммедия АХМЕТ-ТӨРЕ,

дәрігер, Астана медицина университетінің профессоры.

«ХАЛҚЫМ!» – деп тірлік еткен Бекзат перзентін Қазағы ешқашан ұмытпайды!  
Бұл – көптің сөзі!  
2016 ж.



## ЕСАҚА

– Әй, жолдас, сен өзі қызық екенсің ғой?! – деп дауысы өзгере сөйлей кірген Есенжол үстелімді жанай тұрған орындыққа жайланып отырды да, қарсысындағы терезеге қарады. Басын шайқады. Әншейінде де әжептәуір мұрнының көлемі ұлғайып кеткен сияқты. Аздап ашуланып келгенін дауысынан ғана емес, кескінінен де аңғарып:

– Тереземен сөйлесуге келдің бе? – дедім, «ауа райын» жұмсарту ниетіммен. Ол маған қабақ шыта қарап, оң қолын үстелге «тастай салып»:

– Жоқ, сен шынында қызық екенсің?! – деді.

– Ай, Есақа, «қызық, қызық» дей бергенше, шыжығын айтпайсың ба?

– Шыжығы сол, мен сенің кешегі газеттегі сыныңды қабылдамаймын. Әр юмористің өзінің стилі бар, менің стилім, мысалы, Садықбектің, Оспанханның, Оспанәлінің стилінен бөлек, ұқсамайды, ұқсамауы керек, әйтпесе, бәрі бірдей болса, сонда не болады?

– Онда лекция болады, – дедім. Кескіні келісіңкіремей, еңкейіңкіреп шұқшия қарап отырған Есенжол кеудесін қалт көтере, көзін жұма қолын сілтей күліп жіберді де, жайдарылана сөйлеп:

– Сен шынында қызық екенсің, – деді.

– Сәуле сені осы үш-төрт сөзді айт та қайт, деп жіберді ме?

– Қойшы, ей... – деп күлкісі түзелген Есақаға мен де қосылып, екеуіміз аядай бөлмені біраз «тербеттік».

– Қалайсың? Не жаңалық? – деді.



– Осындаймын. Жаңалық жоқ.

– Менде біркісілік қырсықтық бар еді, сенде де жеткілікті екен, – деп көңілдене түскен Есенжол орнынан тұрып: – Қой, сенің де, өзімнің де жұмыс уақытымызға обал жасамай аяндайын. Менің не айтқалы келгенімді сен аңғардың, сенің не деп жауап қайтарарыңды мен сездім. Жақсы. Сәбеңше айтқанда, дұрыс. Сен, Фабеке, менің меншікті сыншым болуға қалайсың? – деді, жымыңдап. Мен де түрегелгенмін.

– Қазекем айтқандай, «ақысын берсең...»

Есенжол тағы да кеңк-кеңк күліп, жаныма келіп:

– Мен «Жаман Жәутік» – деп атап сатиралық роман жазып бітірдім, екі том болды. Біріншісін баспаға ұсындым, екіншісін қайта бір қарап, қырнауым керек сияқты. Сыныңның ақысына сол романымды сыйлаймын, – деді.

– Бәрекелді, Есақа, бұл – бәріміз үшін ғажап жаңалық, жақсылық қой, құтты болсын, романың көбейе берсін!

Екеуіміз бөлмені басымызға көшіре мәз болып, қол қысыстық. Есікке бірге беттей бере:

– Ай, Есақа, егер мен ол романыңды сынасам, онда не сыйлайсың? – дедім.

– Онда, амал қанша, тағы да роман жазамын!

Екеуіміздің көңілді күлкіміз жалғаса түсті. Дәлізге шықтық.

– Жолдас романист, оның атын «Жәутік» – деп қана, не басқаша қойсаң қайтеді? Жәутігіңнің «жаман» екенін алдын ала өзің айтып қойғаның саған жараспайды-ау? – дедім. Есенжол жымия бас шайқап:

– Жарасады, оқисың ғой, ал аман болайық! – деді.

Екеуіміздің танысып, жиын-жиналыстарда шүйіркелесіп жүргенімізге он шақты жыл болған. Өзіл-сықақ әңгімелері оқиға салмағымен де, тіл құнарымен де тартымды. Әдебиет хақында, оның сатира саласында не бар, не жоқ жайында да ауызша-жазбаша пікірлері танымды.

Оқырман қауымға танымал қадірлі қаламдасымның сатиралық роман жазғанына шын қуандым. Сатирик ағамыз Садықбек Адамбековтің «Атылған қыз туралы аңыз» романына құлшына бірінші болып пікір жазған едім, енді Есенжолдың «Жаман Жәутігімен» кездесемін.

«Жол-жөнекей шекісуімізден» бірер жыл бұрын екеуіміз құдайы көрші болғанбыз. КСРО Жазушылар одағының Әдеби қоры қаржысына мен салдырған (Қазақ әдеби қорының директоры кезімде) қырық пәтерлі үйде. Сол жолы Есенжолмен шын шекісіп қала жаздағанмын. Онда да кеңсеге келіп:

– Өй, сен, Қабышев жолдас, маған пәтерді бірінші қабаттан берген екенсің... – деп қыстығыңқырай сөз бастады, бірақ мен ашуының алдын алып:

– Қасым Қайсенов ағаңша айтқанда, «дорогой, золотой» Есенжол, сәл сабыр еткін. Үйді салдырсам да, оны бөлу жөніндегі комиссияға мүше болған жоқпын. Менің бар-жоқ қатысым: Өтебай ағамызға, Оспанханға, үйді салған прораб Қырғызәліге және салдырудың азабын тартқан өзіме, яғни төртеуімізге қай-қай пәтер берілуі керекті белгілеп жазғаным. Арғы бөлісті екінші секретарымыз Шерхан Мұртазаев басқарған комиссия жасады, ренішіңді соларға айтқайсың, – дедім. Ол маған салқын қарап тұрған күйі:

– Солай ма? – деп бей-жай қарады да, әдетінше асықпай аяңдап шығып кетті.

Мен білген Есенжолдың сөзі де, жүріс-тұрысы да байсалды болды. Өзінен жасы үлкенге әлдеқалай ренжи қалса, айтарын салмақ сақтай: «Ағатай, сіз қызық екенсіз...», – деп бастап, жымия сөйлейтін, ал құрдасына, інілеріне сөзін: «Өй, сен өзі қызық екенсің ғой?» – деп ернін шүріштіре салқындау бастайтын. Екеуіміздің

жас айырмамыз, бірде Есенжол айтқандай, «мардымсыз, үш адым жер» еді де, құрдастарша тәп-тәуір қалжыңдасып жүрдік. «Үш адым» дегені үш жыл еді, соны айтқанында мен: «Ай, Есақа, оныңды егер ескі ақшамен есептесек, сен, інішек деуіме де жарамай, балақай болып қаласың ғой?» – дегенімде басын шайқап, қолын сілтеп біраз күлді.

Есенжолдың әзіл-сықақ әңгімелері газет-журналдарда шығып жатты. «Қазақ әдебиеті» газетіміздің сатиралық «Бүйенбай пұшпағы» бұрышында жарияланған күні оның телефонына тыным бермейтінбіз. Біріміз: «алай екен, былай екен» – дегендей пікір алмасумен аялдасақ, біріміз: «Жұмайсың ба?!» – деп желпінетінбіз.

Айтқан «Жаман Жәутік» романы басылып шықты, бірақ мен арнап пікір жазуға қалайда уақыт таппай, жалпы әзіл-сықақ жайындағы шолу мақаламда оқып үлгірген бірінші бөліміне ғана біреу ой айттым. Сонда Есенжолдың:

– Ғабеке, атүсті оқыған екенсің ғой? – дегені.

– Ау, толық оқып үлгірмегенімді шолуымда ескерттім емес пе? Қайта оралып, оңдырмай сынамаймын ғой! – дедім. Екеуіміздің «ағайындас» күлкіміз бізді ол жолы да арқа-жарқа етті.

Есақаңда басқаларымызда көп кездесе бермейтін бір әдет-әдеп болды. Үлкен-кіші, ақын-жазушы сықақшылардың жаңа жеке шығармасын, кітабын оқығанда бірінің тақырып тауып игергіштігіне, екіншісінің күлкі күшіне пікірін не Жазушылар одағында кездесе қалғанында, не телефонмен айтатын. Оспанхан Әубәкіровтің «Өзіміз білеміз» атты жаңа жинағын оқысымен Осекеңнің үйіне телефон шалып: «Әзіл-сықақшылардың аламан бәйгесі болса, ағаке, сен бас жүлдені үйіңде отырып-ақ аласың ғой!» – депті. Інісінің сол ашық, адал қылығына қызығатын Оспанханның: «Мен не жазсам да, нөмір бірінші оқырманым – осы Есенжолым», – деп көңілдене иығынан құшақтай мез болғаны әлі көз алдымда.

Есенжолдың маған ерекше ұнаған қыры – өзінің әділ сөйлеуден жаңылмайтыны, өзгенің әділдіктен аттап кетуін кешірмейтіні. Ол қасиетіне әдебиет жайындағы жиын-жиналыстарда сан мәрте куә болдым. Жазушылар одағының кезекті басшысы бола қалған Олжас Сүлейменов жиналыстарда кейде ақыл айтуға кірісіп, әлдебір мәселені бұрыс айта бастағанда Есенжол орнынан ұшып тұрып: «Олжеке! Сен дұрыс айтпадың, оның дұрысы былай!» – деп бөгейтін. Немесе сөз кезегін алып, мінберге шығатын да: «Олжас, сен сөзге шешенсің, бірақ жаңа жаңсақ сөйледің» – деп, ойын ашық айтып салатын. Ондайда дауысы қатқылданып кететін. Сондай сәттердің бірінде залдан біреу:

– Әй, Есенжол, Олжасты неге сынап бересің? – деп қалғанда Есенжолдың:

– Іхті, сынауға болмайтын бұл кім сонша? Құдай ма? Пайғамбар ма? – деп, жұрты ду күлдіргені бар.

Кейде оңқай, кейде солақай әрекетке тола әрқилы өріс таба бастаған өмір ойымызды онға бөліп, көңілімізді өрекіткен кездерде Есенжол кешкісін телефон шалып, есен-саушылық сұрасқан соң:

– Ғабеке, мен мына бір мәселені түсіне алмадым, соны айтайың, сен түсіндірші! – дейтін. Мен еріксіз күліп жіберіп:

– Білсем түсіндірем бе, білмесем түсіндірем бе? – деймін.

– Сен бәрімен араласып жүрсің ғой, әлгі оппозициямен де, биліктің шенеуніктерімен де, анау-мынаудың қитұрқыларын білесің.

– Олардың ешқайсының партиясына, қозғалысына мүше емеспін, ішіме симағанды айтып, жазып жүрмін, өзің білесің, – деп, бір жолы «білесіңінің» біреуін өзіне «қайтарып бердім». Ол күлді де:

– Дегенмен, Фабеке, әңгіме былай, тыңда, – деп, «түсінбегенін» айтуды бастады. Екеуімізде мұндай «сұрақ-жауап кеші» соңғы жылдары жиі болып тұрды.

Жиыны қырық жылдан астам уақыт қаламдас жолдас болып, оның сегіз жылында аралас-құралас көрші тұрып, небір оңай-қиын жәйттерді ортаға сала пікірлесіп, көңіліміз көншіп те, анда-санда келісім таба алмай керілдесіп қалып та жүргенімізде Есенжол маған жылы қарап та, салқын қарап та: «Ғаббас!» деген емес. «Ғабекеден» жаңылмады. Жан-жүрегі таза, жайсаң жаратылысты Есақам еді-ау!..

2016 ж.



## ТҰРСЕКЕҢ

– Жолдас Қабышев! – деген дауыстан селт етіп, жалт қарасам, Тұрсекең екен. Қалыңдау қасты қабағын түйіңкіреп, оң жағымда тұр. Ұшып тұрып, сәлем бердім. Қолын жымия созып: – Кабинетіңе кіргендерді байқамайтын бюрократтығың бар-ау деймің, – деді, әзіл үнмен.

– Үстелім өзгерген сайын өзім де өзгеремін, қош келдіңіз, жайғасыңыз, – дедім. Тұрсекең лекіте күлді де:

– Үстеліңнің өзгергенін жаңа Әнуар айтты, кіріп, біраз әңгімелесіп шығып едім. «Ғаббасты сын бөліміне ауыстырдым, ақыл-кеңестеріңді айта жүріңдер. «Бұрын сын жазған емеспін, мандыта алмасам, өзіңіз кінәлі боласыз» – деп ескерту жасады» – деп күлді. Дұрыс болған екен. Сын жазбасаң да, шығып жатқан мақалаларды оқып жүрсің ғой, иіріп алып кетесің, тек қорықпа, – деді. Мен күлдім.

– Неге күлесің? – деді жорта ежірейіңкіреп.

– Ешкім төбелесе қоймас.

– Іһі, төбелеске бергісіз жәйіт болатынын көрген шығарсың. Осы «Қазақ әдебиетінде» Мұхтар Мағауин анау жылдары Хамза Есенжановтың «Ақ Жайық» романына аздап сын айтып, айғай-шуы көп болды емес пе?! Ғабдол Сыланов ағамыз әдеби тіл туралы мақаласында «бүгінде тіл мамандары әдебиет көшіне ілесе алмай, тезек теріп қалды» – деп, пәлеге ұшырады ғой?! Біздің қулар сол екі жолы да цэкаға шағым жазып, әйтеуір, цэкадағылар айқайға аттан қоспай, екі жақты бітістіріп тынған. Так что, жолдас Қабышев, сен сыншылармен бірге бол, қызылкөздерден қорықпа! – деді Тұрсекең, тағы да «іһі» – деп қойып. Сол әредікте Сабырхан Асанов пен Шәмші Қалдаяқов келіп, аға сыншы екеуіміздің «сұхбатымыз» үзілді.

Тұрсекеңмен байланысым жарасып, әдеби сын жайында пікірлесіп жүрдік. Редакцияда, жиын-жиналыстарымызда шүйіркелесміз. Тұрсекеңнің мені баураған қасиеті – қашаң, қайда, кім, не туралы болсын, әлбетте, әдебиет мәселесі, жеке бір ақынның, жазушының шығармашылығы хақында, ашық та анық, батыл сөйлейтіні. Қитұрқыланып сөйлейтіндерге: «Оның несін білмей тұрсың, орай шаппай, турасын айтпайсың ба?» – дейді. Немесе, жасқаншақ інілеріне кейігенде: «Сен өзі қызық екенсің ғой?» – дейді.

Сыншы ағамен көбірек әңгімелескен ортамыз Сәбеңнің, «кәдімгі Сәбит Мұқановтың» мұражайымыз болды. Тұрсекең онда жас ақан-жазушыларға, әдебиетшілерге дәріс оқып жүрді. Тақырыбы әралуан. Жазушылар одағымыз құрылған кезеңнен бастап, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов,

Сәбит Мұқанов және басқа көрнекті қаламгерлеріміздің өмір жолы, шығармалары жөнінде кейде жадырай, кейде қызына сөйлейді. Мұражайға Сәбеңнің бәйбішесі Мәриям апамыз келгенде бәріміз құрақұшамыз. Түрсекең әдемі әзілін алға тарта Мәкеңе сұрақ қояды, әңгіме айтқызады.

Сондай кештердің бірінде Түрсекең екеуіміз мұражайдан бірге шығып, жаяулап келе жатқанымызда:

– Түрсеке, соңғы кезде әркім-әркімнің Сәбең туралы қисықтау сөйлейтіндерін естіп жүрмің, – дей бергенімде ол:

– Әй, қой! Оның бәрі – шатқан дүние! Қисық сөйлемесек, қазақ боламыз ба?! – деп наразы үнмен күлді.

– «Сәбит Мұқанов «халық жауы» болып кетуден қулығы, жағымпаздығы арқасында аман қалған» деген қаңқу сөзді естідім, ол қалай? – дедім, халық құрметтеген Сәбеңнің ақтығына көз жеткізе түскім келген ниетпен. Түрсекең тоқтай қалып, маған тік қарап:

– Айттым ғой саған, «шатқан» – деп. Мен Сәбеңнің арғы-бергісін түгел зерттеп жүрмің, кітап жазбақ ойым бар. Архив дейсің бе, әйтеуір, кірер есік-тесік қалдырған жоқпын. Солардың ешқайсысында «Сәбит Мұқанов пәленбайдың үстінен арыз жазды» деген бірде-бір дерек көрмедім. Ию-қию кезде тергеу-сергеуге де шақырылғаны туралы дерек жоқ. Ол нәліктен? Ол – Сәбеңнің тазалығы. Кім не десе, о десің, шата берсің, сенбе оларға, ұқтың ба? – деді.

– Ұқтым, түсіндім, ал кітабыңызды қашан оқимыз?

– Сәкен Сейфуллин туралым шығады, дайын. Содан кейін Сәбеңе кезек тиеді, – деді, көңілдене сөйлеп.

Ғұмырнамалық «Сәкен Сейфуллин» хикаясы 1976-жылы «Жалын» баспасының «Өнегелі өмір» топтамасымен шықты. Құттықтадым. Түрсекең күле сөйлеп: «Осы біз қызық халықпыз ғой, жаяу соғысып жүріп өрең шығардым. Өзіңе сыйлаған кезде айтармын», – деді.

Рас, біз «қызықпыз». Ондайлығымызға мемлекет және қоғам қайраткері Шәріпов Әди ағамыздың да көзі жеткен. Мұхтар Әуезов 1928-жылы шыққан, бірақ әсіресе аутты қазақемдер: «Совет өкіметіне қарсы жазылған кітап!» – деп жаптырып тастаған «Қилы заман» романын қайтадан шығаруды 1961-жылдың бас шөнінде Әди інісіне аманат еткен екен. Әдекең – ол тұста Министрлер Кеңесімізде төрағаның мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасары. Сондай лауазымы бола тұра кітапты Алматыда қайтадан бастыра алмады, – Мұханды 1952-1953-жылдары «феодалшыл, кертартпа жазушы» – деп қуғындап, «халық жауы» ете жаздаған «достары» енді оның романын қарауылға алды. Ақырында Әдекең ол тарихи шежірені орыс тіліне аудартып, Мұханның шәкірті Шыңғыс Айтматовқа алғысез жаздырып, Мәскеудің «Советский писатель» баспасынан «Лихая година» – деп жарыққа шығарды. Сөйтіп, «шегінер жері қалмаған» Әдекең қазақтың «Қилы заманын» қазағына Мәскеу арқылы оралта алған.

Иә, Түрсекең кітабын сыйлады. «Жаяу соғысын» сипаттады. Кітабындағы қолтаңба сөзі – ақкөңіл ағаның мен үшін аса жылы мына лебізі: «Қадірлі Ғаббас! Көп оқып, көп жазатын жігіттердің бірісің. Өзің, ұрпағың Сәкендей болуларыңа тілектеспін! Тұрсынбек. 17. 7. 76».

Менің шығармашылығымды қадағалап жүретін ағаларым: Әди Шәріпов, Хакім (Михаил) Есенәлиев, Хамит Ерғалиев, Әзілхан Нұршайықов, Әнуар Әлімжанов, Өзбекәлі Жәнібеков және Түрсекең еді. Газет-журналдарда шыққан әңгімемді, мақаламды көздері шалысымен телефон соғып: «Оқыдым, бәрекелді!» – деп

пікірлерін айтатын. Әсіресе, Тұрсекең: «Ғаббас, сен бар ғой, егер менің тілімді алар болсаң, өзіл-сықағыңды екінші орынға қоя тұр, ол уақытқа тәуелді емес, өзің білесің, сюжет жетіп келгенде жаза қоясың, ал бірінші орынға мынау табандап тұрып алған «өтпелі кезең» дейтіннің сыр-қырын айғайлап айтатын сын мақалаңды шығар, қалай, тіл аласың ба?» – деп қалжыңымен қағытатын. Өзі бертіндегі бір сөзінде: «Қазір зиялы қауым арасында «Елім, жұртым!» – деп ұрандаушылар саны басым. Олар бір қарағанда, қазаққа шын жанашыр тәрізді көрінеді. Алайда айналып келгенде, қазақ зиялыларында турашылдық жоқ. Ақиқатында, ұлттың мақсат-мүддесін көздейтін, ұлт үшін шыбын жаны шырқырайтын адам саусақпен санарлық. Осыны біліп отырған халық «біздің зиялыларымыз тым жалтақ» демегенде не дейді?» – деді. Қоғамымыздың тірлігіндегі терісқақпайлықтарды әрқашан тура айтып та, жазып та жүрді. Маған сыйлаған «Сайыс» жинағын (2001 ж.): «Қадірлі Ғаббас! Өз ой-өрісімізбен күн көріп, ел мақсатынан таймайық!» – деген қолтаңбасы – сол ұстанымының бір айғағы.

Әдеби сынның бәйтерегі болған Тұрсекеңнің сын-зерттеу еңбектері ерекше мол екенін оқырмандарымызға аңғарта алдым-ау деймін. Тұрсекең сол игілікті ұзақ жолында «Сандалтқан «Садақ». Ғылыми-деректі шытырман хикая» атты жинағын жазуда, сатирик Оспанхан Әубәкіров айтқандай, «көз майын көжеқатық етіп» көп бейнеттеніпті. 1915-жылы Уфадағы (Башқұртстан) «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттер тобы Бейімбет Майлин мен Жиенғали Тілепбергенұлының бастамасымен қолжазба болып шығарылған сатиралық «Садақ» журналының ізіне түсіп, нешеме мұрағатты ақтарғаны, қаншама адамдармен сұхбаттасқаны, қандайлық құжаттар тапқаны – әй, меніңше, тегеуірінді, табанды зерттеуші ғалым, танымпаз әдебиетші-тарихшы Тұрсынбек Кәкішұлының ғана қолынан келген шаруа. Мен бұл ересен күрделі еңбегін бағалап баяндай алмаймын, оны оқуға кеңес берумен шектеле тұрамын. Ал Тұрсекеңнің ол кітабындағы қолтаңбасын да оқырмандарыма мақтанышпен ұсынғым келді. Мінеки:

«Ардақты Ғаббас! Қазақ сатирасын өркендетіп жүргеніңді, «Араны» қайтадан шағатын деңгейге жеткізгеніңді, жауынгер Азаматтығың ажарлы екенін өзің сезбесең де, ағаларың көріп, қуанып жүреді. Осылай тарта беруіңе, бала-шағаңның қуаныш-шаттығына бөлене түсуіңе тілектес Тұрсынбек. 6.01. 2005».

Аппақ көңілінің бір тұғырына қондырып, тынысыңды бағып жүретін Асыл Ағалары көп інілер бақытты ғой!..

Шуақты күндердің бірінде отағасы Тұрсекеңнің басына тағдырдың қара бұлты төніп, құдай қосқан отанасынан айрылып қалды. Дос-жолдастарынша, біз де – інілері асыл ағамызды жасытып алмау пейілімізбен жиі хабарласып, аралас-құралас болып жүрдік. Тумысынан қайратты Тұрсекең ауыр салмаққа еңсесін бастырмады. Екі-үш айдан кейін қаламын қайтадан ұстады.

Уақыт жылжып өте берді. Ай соңынан ай, жыл соңынан жыл жетіп дегендей. Бір күні Тұрсекеңнің үйіне телефон шалдым.

– Сәлеметсіз бе? Тыңдап тұрмын, – деді тұтқаны көтерген кісі. Әйелдің майда қоңыр үні. Еріксіз селт еттім. Тұрсекеңнің үйленгенін естігенім, бірақ құтты болсын айтып үлгірген жоқ едім де, өнді бүгін барып қайтуды ойлағанмын.

– Ә, есен-саусыз ба? – деп аты-жөнімді айтып: – Тұрсекеңде бір шаруам бар еді, үйде ме екен? – дедім.

– Ол кісі университетте еді.

– Қай мөлшерде хабарласам екен?

– Ғаба, екі сағаттан кейін хабарлассаңыз болар.

Әрі үні жылы, әрі «Фаба» деген соң сәл еркінсіп:

– Сіз кім боласыз? – дедім.

– Күләш Ахметова.

Тағы да еріксіз селт еттім. «Күләш Ахметова!» Апырым-ау, ақын Күләш Ахметова ма?!. Ол ақын ініміз Асанов Қайырбектің келіншегі емес пе еді?!. Не дерімді білмей қалдым да:

– Жақсы, сау болыңыз! – деп телефонымды жаптым.

Ертеңінде Түрсекеңді Жазушылар одағында жолықтырып:

– Түрсеке, жеңгеміз құтты болсын! Кеше сөйлестім де. «Күләш Ахметова» – деді, сонда ол..

Түрсекең күліп жіберіп:

– Иә, е, иә, Қайырбектің келіншегін тартып алдым, қорқайын ба?! – деді.

– Қойыңызшы...

Түрсекең жымыңдап:

– Жай айтам, саспа. Ақын қарындасымыз екеуінің аты-жөндері, иә, бірдей, бірақ біздің үйдегі Күләш ақын емес, – деді.

...Ақыл-кеңесіне тәнті болып, «Әзілің жарарсса, атаңмен ойна» ретімен еркелей қалжың айтқан сәттерімде көңілдене құптап, жалғастырып та жүретін ақжарқын ағадан көз жазып қалғаныма бір жыл..

2016 ж.



## **АҚАҢНЫҢ ІЗБАСАРЫ**

– Кешікпей жүрмесек, қазақ болғанымыз неткеніміз, – деп Сәкең мырс етті. Сап-сары Садықбек Адамбеков ағамыз.

– Шынында, өткен аптада, сенбі күні ауылдан немерелес аға-жеңгеміз келіп, осындағы үш туысымызды шайға шақырдық, әңгімелесіп отырсын деп. Құдай-ау, солардың ең тез келгені отыз бес минөт, ал қалғандары бір сағат шамасы тостырып келді, – деді үлкен Осекең, қашанғысынша баяу сөйлеп. Күміс тісі езуінен «сығалап тұратын» Оспанәлі Иманәлиев.

– «Шай ішуге келіңдер» – деп шақырдың ба? – деп кіші Осекең тақымдай қалды. Көмекейі бір ашылып, бір жабылып тұратындай қырылдаңқырап сөйлейтін Оспанхан Әубәкіров.

– Енді не деп шақыруым керек еді? – деп Оспанәлі оған көзінің астымен қарады.

– «Ет жеуге келіңдер» десең, жалаңаяқ жарысып жетер еді, – деп Оспанхан бізден бұрын өзі күлді. Сәкең екеуіміз қосыла күлдік. Оспанәлі «өлшеп» күлетін әдетімен екі рет кең-кең етті.

1975-жылдың соңы болар, Жазушылар одағында сатира кеңесіміздің кезекті мәжілісі болмақ еді де, менің кабинетімде басқосуға келіскенбіз. Кеңесіміздің төрағасы Темірбек Қожакеевтің және басқаларымыздың жиналуын күтіп отырғанбыз. Есік тық-тық қағылып ашылды да, орта бойлы, иман жүзді жігіт кірді. «Кім болсаң да, кел, төрлет!» – дедім. Ол жымия бас иіңкіреп:

– Сәлеметсіздер ме? Кешіріңіздер, Мөкеңді іздеп келіп едім, – деді. Оспанхан гүрілдей сөйлеп:

– Бұл жігіт – бізде фантастиканың шляпісін шырайналдырып жүрген Шәмшиден Әбдіраманов. Ініміз, – деді.

– Білеміз ғой, жоғары шық, – деді Сәкең. Фантас жігіт тағы да жымыып:

– Мәкең керек еді, кешіріңіздер, – деп ақырын бұрылып, шығып кетті.

– Іздеп келген Мәкеңінің түр-түсін айтпастан кете барды ғой, – деді Оспанәлі, таңданыңқырап.

– Қыздай сыпайы жігіт, – деді Сәкең, риза пейілмен..

Шәмшиденмен кейін, Жазушылар одағында болып жататын әдеби үлкен-кіші жиындарда, кездесіп, сәлемдесіп жүрдім. Садықбек ағамыздың мінездемесі мінсіз екен. Фантастикалық әңгіме, хикаят, киносценарий мені қалайда қызықтырмайтын және ондайды жазатындар асып-тасып жүретін ерекше адамдар шығар деп ойлайтынмын, ал Шәмшиден байсалды, сыпайы екен. Асықпай сөйлейді, қоңыр үнді.

Газеттердің бірінде, «Лениншіл жаста» ғой деймін, Шәмшиденнің «Көрінбес қорған» деген әңгімесі шыққанын көргенмін, бірақ оқыған жоқ едім. Үлкен-кіші қаламдастарымыздың қайсыбірінде жолыға қалғанда, не телефон шалып: «Пәлен газетте менің түглен әңгімем шықты, оқыдың ба?» – дейтін әдет бар. Шәмшиден жақтан сондай сұрақ жылт етпес пе екен деп ойлап қойып жүрдім. Ол күдігім күдік күйінде қалды. Таныстығымыз тамыр жайып, әңгімеміз әрленіп жүрген сәттерде, бір қызығы, оның жанрында менің «шатағым» болмады да, ол менің сатирама «соқтықпады». Қалай басталатынын байқаған емеспін, Шәмшиден не Әлкей Марғұлан, не Ақжан Машани туралы айтып, мен білгенімше қостаймын. Әрине, археолог Әлекең, геолог Ақаң жайында менің білетінім ол ғұлама ағаларымыз туралы жазылған газет мақалалары көлемінде ғана, ал Шәмшиденнің әсіресе Ақаң жайындағы бір әңгімесі – бір кітапқа жүк дерлік. Оның фантастикаға қадам басуына сол ұстазының «Жер астына саяхат» атты романы себепші болған екен.

2013-жылдың шілдесінде біз – Шәмшиден мен бәйбішесі, менің бәйбішем бар төртеуіміз – «Алматы» шипажайында дем алдық. Шәмшиденді сол жолы әбден білдім.

Бір кеште, ем-домнан бос әредікте, Шәмшиден күлімсірей қарап:

– Фаба, палатадан безіп, дала кезіп келсек қайтеді? – деді.

– Дұрыс ұсыныс қашаң, қайда болсын дереу қабылдануы керек, – дедім. Бәріміз күлісіп, екеуіміз далаға шықтық.

Шәмшиденнің маған «сіз» – деп сызылып сөйлегені әу баста-ақ ұнай қоймаған, ресми құжат сөзі тәрізденген. Сол райынан енді қазір, оңашада, қайтарғым келді де:

– Жолдас Шәмшиден мырза, ақын ағамыз Мұзафар Әлімбаевтың: – «Сіз» деген салқын сөзден қорқамын ғой, «Сен» десек, көңіл қайта шалқыр еді», – дегенін білесің, сенің де «сізді» қойып, «сенге» көшкенің заңға томпақ болмас еді, – дедім.

– Жо-жоқ, Фаба, жоқ, болмайды! – деді, басын екі-үш шайқап.

– Е, неге? Әлде екіжарым жас кішілігінді ескі ақшамен есептеп жүрсің бе? – деп әзілдеп едім, ол сылқылдап күле тоқтап қалып, сонсоң, әлі де күле «қуып жетіп», екі қолын бірдей ұсынып:

– Сіз «Шәмшиден» – деп, мен «Фаба» – деп, ағалы-інілі қалпымызды сақтайық, онымыз да «заңға томпақ болмас», – деді, қуақыланып.

Сөйтіп, ұсынысым өтпей қалып, қолын алып, еріксіз келісіп тындым. Одан кейін, қайтейін, шипажайдың саялы жаяужолымен қыдырысымыз басталысымен:

– Жә, Шәмшиден інім, сенің кен инженерінен, Сталин айтқандай, жан инженеріне айналғаныңды, ғылыми-фантастикалық романның және бірнеше жинақтың авторы екеніңді, басқа да қырларыңды Жазушылар одағының анықтама кітабы айтып берген.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы Ұлттық-техникалық университетіміздің профессорысың, педагогика ғылымының докторы, техника ғылымының кандидатысың, «Ақжан Машани» халықаралық қоғамдық қорының керегесін керіп, уығын шаншып, шаңырағын көтеріпсің және қордың Президенті екенсің, қалай, мағлұмат толық па? – дедім. Ол биязы күле сөйлеп:

– Бәрін тізіп жаза беріпті, қажеті болмаса да, – деді.

– Қажеті неге болмасың жә, ол өз алдына. Енді сенің қазіргі әңгімең академик Ақжан аға Машани хақында болсын. Академик Әлкей аға Марғұланның археологиялық еңбектерінің біразымен таныспын. Әлекеңнің тарихи-ғылыми, әдеби зерттеуінің шыңы Шоқан Уәлихановтың өмірін, ғалым-саяхатшылық жолын зерттеп, мұрағаттардан, сол тұстағы Ресей және Еуропа елдері газет-журналдарынан шығармалары мен жолжазбаларын, ғылыми-тарихи мәнді сызбалары мен суреттерін іздеп, жинастырып, құрастырып, Шоқан жайындағы арғы-бергі лебіз-пікірлерді топтап, ғибраты аса мол мақала жазып, жиыны бес том етіп шығарғаны болды. Фажап! Ұлы еңбек! Ал Ақжан аға туралы білуім керекті сенен естігім келеді, – дедім. Шәмшиден «шашасына шаң ілестірмей» жөнөп берді. Бісімлдесін Есенберлин Ілиястың «Қаһар» романындағы бір кейіпкер Масанбидің шындығында Машан би, ол – Ақжанның атасы екенінен бастады. Ақаңның тегін таратып айтып, болашақ даңқты ғалымның қайда оқығанын, кімдермен аралас-құралас болғанын, геологиялық нендей еңбектері барын, әдеби-ғылыми ізденісінің шоқтығы «Әл-Фараби» романы екенін әңгімеледі.

– Фаба, Міржақып Дулатовтың «Шағым» – деп атаған өлеңінде:

Мен – біткен ойпаң жерге аласа ағаш,

Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.

Қалғанша жарты жаңқам мен – сенікі,

Пайдалан шаруаңа жараса, Алаш!

– деген ерекше сөзі бар. Ұйқасы жеңіл болса да, ойын айтсаңызшы, қандай, ә?! Ақжан аға заман, қоғам, адам туралы әңгімелерінде осы шумақты айтатын. Міржақыптың біраз өлеңдерін жатқа білетін, – деді.

– Қазағын оята алмай кеткен ол ағамыздың өкінішті небір өткір ой түйіндері бар... өлеңдері... мына шумағындағы «Қалғанша жарты жаңқам...» дегені жай ғана айта салған сөзі емес, азаматтық сезімінің бір толқын-суреті тәрізді.

– Ақаң әл-Фарабидің аты-жөнін, Отрар деген жерде туып-өскенін, білім жолына түсіп, Араб елдеріне кетіп, сол жақта қайтыс болғанын Чехия Ғылым академиясының Президенті, соғыс жылдары Алматыға ығысып келген Э.Кольманнан 1943-жылы алғаш естіпті. «Отрар – қазақтың жері, ендеше, ол ғалым – қазақ!» – дейді Ақаңның ойы. Геологиялық жұмыстарын іркіп, фарабитануды бастайды. Орта Азия және Араб елдерінің кітапханаларына хат жолдап, әл-Фараби жөнінде мағлұмат баржоғын сұрастырады. Қызмет бабымен шет елдерге жолсапарға аттанып бара жатқан аға-інілерінен, жолдастарынан ғұлама бабамыз туралы естіп-білгендерін мұқияттай жүруді, кітаптарын көрсе, қалайда, ең болмаса, көшірмесін алып келуді өтінеді. Өзі белгілі «Ғалия» медресесінің кітапханасынан үш кітабын табады. Сонымен, дәрігер академик Сайын Балмұханов Ыстамбұл кітапханасынан әл-Фараби еңбектерінің тізімін алып келсе, академик Шаһмардан Есенов Канададан араб тіліндегі кітабын әкеліп сыйлайды. «Ақаң ол кітапты алып, сипалап, көзінде жас іркіліп, Шаһмарданға алғыс жаудырғаны есімде. Ақаң ол кітапты портфелінен тастамай, ғалымдарға, шәкірттеріне көрсетіп, кей беттерін оқып беріп: «Бабамыздың шығармаларын мүмкін болғанынша тауып, жинап, қазақ тіліне аударып шығаруымыз қажет», – деп жүрді және айтқанын іске асыруға кірісті. Әлем ғалымдары Аристотельден кейінгі екінші



ұзтаз тұтқан Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың атын, ғылыми мұрасын атамекеніне, қазағына оралтқан Ақжан Жақсыбекұлы Машани болды. Яғни, Ақаң фарабитануды негіздеді. Ақаңның ықпалымен, басшылығымен Ғылым Академиямыздың «Ғылым» баспасынан 1991-1997-жылдары бабамыздың трактаттары орыс тілінде шығарылып, қазақ тіліне аудару да қолға алынды.

– Фарабитануға жазушы Әнуар Әлімжанов та үлес қосты ғой. Пәкстанның Ка-рашиіндегі сурет галереясынан бетәлпеті суретін алып келген. «Азия мен Африка», «Лотос» журналдарына танымдық бірнеше мақала жазыпты. «Ұстаздың оралуы» ро-маны араб тіліне да аударылды.

– Иә, Әнекеңнің ол романы – әдеби-тарихи құнды еңбек.

– Бабамыздың туғанына мың бір жүз толғаны Алматыда өткізілуіне Әнуар бел шеше кіріскен.

– Иә, әл-Фарабиді өзбек ағайындар «өзбек!» – деп дәлелдеуге кіріскенде, 1971-жылы Мәскеуде тарихшы ғалымдардың үлкен жиыны болып, сонда Ақаң әл-Фара-бидің қазақ екенін дәлелдеп сөйледі, әлемге мәшһүр ғұламаның туғанына 1100 жыл толуын атап өту қажеттігін айтты. Ал Әнуар Ақанды жақтап, егер жаңылмасам, 1972-жылы, тәжіктің ғой деймін, шығыстанушы атақты ғалымы, академик... аты-жөні... Фафуров болар... сол ғалым екеуі «Литературная газетаға» өзекеңдердің бетін қайтара мақала жазыпты, сөйтіп, бабамыздың мүшел тойы 1973-жылы қыркүйекте өзімізде, Африка мен Азия жазушыларының бесінші конференциясы аяқталған күні, Алматыда өткізілді.

– Ол жәйтті жақсы білемін. Айтпақшы, кен инженері Шәмшиден ӘБДІРАМАН, сен бір жылдары Алжирде жұмыс істепсің, сол сапарың туралы әңгіме шертші! – дедім, қызығушылығымды паш етіп. Шәмшиден тағы да биязы күле сөйлеп:

– Фаба, оны бұл жолы айтпайын, құдай қаласа, қайта қарап толықтырған жолжаз-бам кітабымда шығады, содан оқыңыз, әйтпесе қызығы болмай қалады, – деді.

– Ақжан ағаның фантастикаға қол ұруына Ферсман, Обручев деген академик-тердің ықпалы болғанын өзінің бір әңгімесінен естіген едім, ол туралы аздап болса да айтсаң деймін.

– Фаба, ол да тұтас бір хикаят, ренжімесеңіз, оны да кейінге қалдырсақ қайтеді?

– Солай ма? Ал өзің машанитанудың іргетасын қаладың, сол тұрғыда не атқар-дың?

– Ақаңның ғылыми және әдеби еңбектерін жинап, іріктеп, көптомдық жасадым ғой. 16 кітап болып шықты. Көзіңіз шалмаған екен, – деді, қоңыр үнінен таңданысы мен екінші анық аңғарылып. Мен ыңғайсызданып қалып:

– Менің бір ағаттығым, иә, ағаттығым шығар, кітап дүкендеріне барғанда көркем әдебиет, содан кейін саяси тарих бөлімдерінен басқаларға бұрылмай шығамын, ал Ақаңның «Әл-Фараби» романын оқыдым, үй кітапханамда бар. Өзің ше... өзіңнің ғылыми, әдеби еңбектерің бірнеше том болып қаларлық екен, соларды шығаруың ше? – деп өзімше ақталдым.

– Ол жағы да ескерулі, «процесс пошел», бес том болады.

– Бәрекелді!..

Сол әредікте алдымыздан үш жігіт ұшырасып, «ассалаумағалейкүм» десіп, сызыла сәлем берді. Басында электр шамы бар бағана түбіне тақаған едік. Шәмшиден «шәкірттерім» – деп оларды атап-атап маған, мені «ағам» – деп оларға таныстырды. Жігіттердің бірі:

– Сейілдеріңізге бөгет болдық, ғафу етіңіздер. Шәке, сізге келіп едік, асығыстау бір шаруамыз болып тұрғаны, – деді, именіңкірей сөйлеп.

– Шәмшиден, мен дем алуға барайын. Жігіттер, есен-сау болыңдар, – деп саяжай жаққа бұрылдым.

Сол кеште үзілген әңгімеміз қалайда жалғасады. Шәмшидендер саяжайға бізден бұрынырақ барған екен, екі күннен кейін үйлеріне қайтты. Кейін де хабарласып тұрдық. Қадірлі інім сырқатқа шалдығып, аурухананы жағалауға, ота жасатуға мәжбүр болды. Бір күні Жазушылар одағында жолықтық, – жүдеп қалған екен.

– Біздің Әскеменнің орыстары: «Нешауа десең, жеңіл болады» – дейді, орекеңдер, білмесе айтпайды ғой, сен де «нешауа» – деп, ауруды еркелетпей, жақсылап емделіп, әбден сауық, әңгіменің ескісін жалғап, жаңасын үкілеп, әй, бір ағылтармыз-ау! – дедім, әзілге сайдыра әдейі көңілдене сөйлеп.

– Әрине, Ғаб-аға, әрине! – деді Шәмшиден інім, қоңыр көзі күлімдей езу тартып.

Амал не, тағдыр «әринесін» құптамады, 2016-жылдың жазында бақиға алып кетті...

2017-жыл.



## ҚАЙРАН КЕҢЕС!

О, жалған!.. «Ағасы! Ассалаумағалейкүм!» – деп еркелене сәлем беріп, еркін әңгімелесетін сырбаз інім Кеңес көз жұмыпты... Соңғы рет, екі апта бұрын-ау деймін, үйіне телефон шалғанымда шаршаңқы үнмен: «Ағасы, соңғы кезде денсаулық шіркінім біртүрлі болып барады, ауруханаға жетелей береді, ертең тағы да барамын» – деп еді. Сәл тіксінсем де, сыр бермей, көңілін аулай әзілдеп: – Әскен ағаң ауру жағалай қалғанда: «Чепуха!» – деп қолын сілтей салушы еді, ал сен өйтпей-ақ қой, жақсылап емделіп, сауығып шық, нашар қазақ болма!» – дедім.

Әскен Нұралин екеуіміз Шығыс Қазақстан облыстық «Алтай большевигі» газетінің (кейін де «Коммунизм туы», «Дидар») редакциясында қызметтес болдық. Кеңеспен алғаш рет сол жолдасымның үйінде таныстым. Орта бойлы, аққұба өңді, шымыр денелі бозбала екен. Әскен: «Бұл інім тегін қазақ емес, теңіз флоты училищесінде оқып, оны бітірген соң екі жыл моряк болды. Білімді. Орысшаға судай. Жазатыны бар, мықты журналист болады!» – деді, мақтаныш сезімін білдіре, әдетінше аңқылдап сөйлеп.

Кеңес Әскеннің де, қаламдас болған басқаларымыздың да сенімімізді ақтап, білімді, байыпты, алғыр журналист, ой қуаты мен сөз қуаты табысқан жазушы болып шықты.

Кеңестің қадамын, қаламын қадағалап жүретін оқырмдарының оның: «Ақиқат сапар», «Қарашадағы көктем» және басқа әңгіме-хикаяларына тәнті болып: «Аз жазса да, көпке бергісіз жазады» – дескеніне куәмін. Құрдас жолдасым, әзіл-сықақтың танымал шебері, башқұрт Қазбек Исмағилев бірде:

– Сенің прозаик жерлесің Кеңес Юсуповтың «Охапка полевых цветов» деген хикаясын оқыдым, күшті, құттықтаймын! – дегені ғой.

– Кімді құттықтап отырсың? – дедім, әдейі аңқаусып.

– Сені! Ондай інілерің барына қуанбаушы ма едің? – деп жорта ежірейді.

– Қуанғанда қандай! Оны жап-жас журналист кезінен білемін, облгазет редакциясында қызметтес болғанбыз. Қазірде Астанада, «Әлем әдебиеті» журналының бас редакторы!

– Әй, Фаббас, ендеше сен менің әңгімелерімді қазақ тіліне аудар, сол журналға берейік!

– «Жаман қыздың қаймақшылын!» – дедім. Қазбек еркін түсіне алмады. Сонсоң орысшаға аударып айттым. Ол мәз бола күлді...

Кеңестің редакцияға жұмысқа алынып, қаламгерлік жолын Хабар бөлімінің әдеби қызметкері болып бастағаннан бергі өмірінің елу жылында аға-інідей аралас-құралас болдық. Алматыда сан қызмет атқарып, Астанада республика Президентінің Баспасөз сарашысы болып жүргеннің өзінде кішіпейіл қалпынан айнымағаны, адами адалдығы, әділдігі, тауып та тура сөйлейтін дағдысы, білімпаздығы мені де сүйінтетін. Жайшылық әңгіме сәттерінде қушыкештеніп сөйлер алдында ақырын ғана «иә» – деп, өлшеп алғандай-ақ, екі рет мырс ететін. Өзіл-қалжыңға епті еді. Күлгенінде өңі ерекше қызылшырайланып, ажарлана түсетін. Ал қысылтаяң сәтте... иә, ондай бір сәті әлі көз алдымда, ондайда өңі қалайда тез күреңіте қалатын.

Редакцияның бес бөлмелі ескі ағаш үйі «Киров көшесінің» Ертіске жағасына тірелген тұсында еді. Редактор Бейсек Исабеков, оның орынбасары Қапан Қамбаров, жауапты хатшы Мұқан Әбуғалиев пен оның орынбасары Әскен Нұралин, еңбекшілер хаттарының бөлімі (меңгерушісі Хадас Наханов хат тіркеуші көмекшісімен) жеке бөлмелерде де, бес бөлмнің он қызметкері кеңдеу бір бөлмеде отыратынбыз. Бір күні таңертең Кеңес кіріп, бәрімізге басын сәл ие сәлемдесті де, орнына отырдан бұрын бастығына – Хабар бөлімінің меңгерушісі Болат Әбелдиневке, сірә, машинкадан өткізіп әкелген материалын – бірер бет қағазды ұсынды. Мен Кеңестің сыпайылығына қызыға қарап, іштей: «Жігіт болып туған қыздай деген-ау!» – деп отырдым. Кеңет Әбелдинев: «Түкке жарамайды, қайтадан жаз!» – деп шаңқ етіп, әлгі қағаздарын Кеңеске қарай лақтыра салды. Кеңес бастығын көзімен бір атып, қағаздарын ақырын теріп алып, жайлап шығып кетті. Қаным қайнап кетіп, Әбелдиневке әдейі түйіле қарап едім, ол сүйір иегін көтере, қысық көзі сығырайып, жіңішке мұрыны үшкірленіп, терезе жаққа қарап тымырая қалыпты. Бөлмеде Өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Биғали Мылтықбаев, Ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Сәйделен Ғабдуллин, Үгіт-насихат бөлімінің әдеби қызметкері Жүніс Ыбыраев бесеуіміз ғана бар едік. Ашуымды тежеп, басқаларға қарадым, – бірі әлденені жазып, бірі әлденені оқып дегендей, жымжырт. Арамыздағы жасы үлкендер Әбелдинев пен Мылтықбаев. Екеуі де – соғысқа қатысқан мұғалімдер. Әбелдинев – редакция партия ұйымының хатшысы. Тілімді еріксіз тістеп, іштей: «Партия ұйымының жиналысы болсын!» – деп тындым.

Екі күннен кейін, жұмыс аяғында, партия ұйымымыздың кезекті жиналысы болды. Комсомол ұйымының хатшысы ретінде әрқашан қатысуға міндеттімін. Бастығы мен Кеңестің арасы суыған, шүйіркелесу жоқ. Ал менің «тісім қайраулы». Әбелдинев жиналысты ашып, кіріспе сөзін айтып, «Еңбекшілер хаттарымен жұмыс жайында» Нахановқа баяндама жасауға сөз берді. Тыңдадық. Пікір-ұсыныс айту аяқталуға айналғанда, орнымнан тұрып: «Менде айтар бір сөз бар» – дедім. Редактор жымия қарап: «Ә, комсомол әрқашан белсенді болуға тиіс, сөйле» – деді. Әбелдиневтің Кеңес Юсуповке жасаған қиянатын айтып өтіп: партия ұйымы хатшысының бізге, жастарға, жақсы тәрбие берудің орнына, дәрекілік көрсеткенін мен түсіне алмадым. Хатшы жолдас «комсомол – партияның көмекшісі» деген қағиданы ұмытқан, егер ұмытпаса, комсомол ұйымымыздың мүшесі Юсуповқа біздің көз алдымызда кесірлік жасамас еді. Мен Болат Әбелдинев жолдастың бізден, ең алдымен Кеңес Юсуповтан кешірім сұрауын талап етемін!» – дедім. Сол-ақ екен, редактор ұшып тұрып, Әбелдиневке шүйліге қатты-қатты сөз айтып: «Қызметке алғанымызға үш ай ғана болған талапты жас журналисті кемсітуге кім саған право берді?! Мен Ғаббасты қолдаймын. Ертең осы жерде, мына жолдастардың алдында Кеңестен кешірім сұрайтын бол!» – деді.

Мен сөйлеп тұрып Әскенге көз тастағанмын. Жайшылықтағы қоңыр өңі қарақошқылданып, үлкен көзі өткірленіп, Болатқа қыстыға қарап отырған, бірақ ештеңе демеді. Ойындағысын редакторымыз айтқаннан кейін әдептен озбағаны.

Жиналыс тарқай бере Әскен маған «бізге кіріп шықшы» дегендей ым жасады. Қағаздарымды жиыстырып, үстелімді кілттеп, жолай бөлмелеріне соқтым. Әскен қызбаланып: «Өй, Әбелдинев дегенің адам емес екен ғой?! Кеңес маған айтқан жоқ, айтса, сол күні мен оған кімді басынғанын көрсетер едім!» – деді. Мұқан: «Жә, Әске, жә, дүркіреме, Бейсекең сыбағасын берді ғой?» – деп күлді.

Иә, ертеңінде таңертең Болат өзінен бұрынырақ келіп, үстелінде әлдене жазып отырған Кеңестің жанына барып, басыңқы үнмен: «Кеңес, кеше мен онша дұрыс жасамадым, үйден бір нәрсеге ренжіп келіп... сені ренжітім алдым, сен маған ренжіме, жарай ма?» – деді. «Реніш» сөзін үш рет айтқанына іштей күлдім. Кеңес орнынан тұрып: «Оқасы жоқ, ағай, мен көңіліме алған жоқпың, ыңғайсызданбаңыз» – деді.

...Астаналық болған Кеңес 2007-жылдың көктемінде телефон шалып, сәлем беріп, есен-саушылық сұрасқаннан соң:

– Ағасы, Әзиз Несиннен жаңа аудармаларыңыз болса, бізге жолдаңыз, кітап етіп шығарайық, – деді. «Аударма» – деп атап баспа ашқандарын айтты.

– Бәрекелді! Әдебиетіміздің бір отауы тіккендерің жөн болды, істерің іргелі болсын! Ал енді Әзиз Несин десек, ол қазақтармен көуласқалы қашан, оны кідірте тұрайық та, Несинге ұстаз болған Бранислав Нушичті сөйлетейік, Брекеңнің де, оны алғаш қазақшалаған өзіміздің Осекеңнің – Оспанхан ағаң Әубәкіровтің де аруағы риза болсын, – дегенімде, Кеңес:

– Сөйтсек, сөйттейік. Серб жазушысы ғой, білем, білем. Осекең оның «Өмірбаным» деген хикаясын аударған. Сонда ол шынында Әзиз Несинге өнеге болған ба? – деді.

– Жауабым – аудармамның алғысөзінде, екі-үш күнде жолдайын. Сенің хабарластыңныңды сезгендей-ақ, дайындап қойғанмын Аты – «Министрдің торайы, – дедім. Кеңес әдетінше екі рет мырс етіп:

– Біздің министрлер таласып оқитын жинақ десеңізші! – деді.

– Министрі бар, басқасы бар – біздің қасқалардың ешқайсысы әзіл-сықақ оқымайтын шығар. Қашан, қайда көрсем де, әсіресалмақты сияқтанып жүреді, сірә, жүгеріші Хрущев көкелері орната алмай қор болған коммунизмді осылар орнататын болар, – деп едім, Кеңес кеңкілдеп күлді де:

– Ол да мүмкін, мүмкін. Сонда, ағасы, аудармаңыздың көлемі қанша, неше баспатабақ? – деді.

– Жиырманың о жақ, бұ жағы.

Кеңес мырс-мырс етіп:

– Ағасы, «ояқ-бұяқты» қайтесіз, белді буып алып, отыз баспатабақ етіп жолдаңыз! – деді.

– Ойланайын. Ал ілтипатыңа атан түйе әрең көтерердей алғыс!

– Ағасы, сөйтіңіз, отызға толтырғайсыз!..

– Көрейін.

Қазекемнің азбас-тозбас «көрейінін» көлденеңдетіп, қолымда барын баспаның электронды поштасына салып жібердім.

Кеңестің көркем аударма шаруасын қолға алғанына қуандым. Өзі шет тілдерден аударған әңгімелердің басын құрап, «Гүлжазира» деген жинақ шығарып, атақты Г.Маркестің «Жүзжылдық жалғыздық» романын шебер қазақшалап, әдеби ортаға ол қырымен де танылған.

Он шақты күн өткен шамада Кеңес телефон шалып, аудармамды шолып шыққанын, баспа алқасы құптап, баспаханаға тапсырылғанын көңілдене айтып:

– Баспаның шаңырақ иесі Назырбаев Қайырды ініңіз қолға алған ісін шыркөбелек айналдыратын мықты, тездетер, – деді.

Келесі жылдың көктемі туа Кеңес телефонымды қоңыраулатып:

– Ағасы, сүйінші! «Министрдің торайы», арықтау болса да, шықты, міне, қолымда! – деп мерейлене сөйледі.

– Сүйіншіңе бергенім андағы жинақ болсын, бізде неше министр бар, сонша кітапты қаламақымның есебінен ал да, бәріне менің атымнан тіпті екі-екіден сыйла! – деп едім, Кеңесім кеңкілдеп бір күлді-ау...

Оу, тағдыр! Кеңестің күлкисін көпсінгенің неткенің?!

2017 ж.



## **ӘДЕБИЕТІМІЗГЕ ЕНГЕН ЖАҢА ЖАНР**

Жан қартаймағанымен, тәң, шіркін, тоза бастады: көздің көруі, құлақтың естуі азайды. Аяқ алысқа апара алмайтын болды. Өйткені сексеннің етегіне іліндік қой.

Сонда да сығалап отырып, тағы бір тамаша кітапты тауысқанымға қуандым. Ол кітаптың аты «Сағыныш сазы». «Нұрлы әлем» баспасынан биыл шыққан. Кітаптың авторы белгілі жазушы Ғаббас Қабышұлы. «Белгілі» – деп ескі әдетіммен айтып жатырмын. Әйтпесе, жазушының бәрі белгілі ғой. Ал Ғабекең (Ғаббас Қабышұлы) қай қырынан белгілі? Ол осы күнге дейін жиырмаға жуық кітап шығарды. Олардың он төрті өз туындылары, төртеуі әдеби аударма. Бұл – өз алдына бекем бір белгі.

Ғабекеңнің оған қосарлық екінші «белгісі» және бар. Ол белгі – өлген замандастарын «өлтірмеуге» тырысуы. Бұл не деген сөз? Тірі күнде көп адамдар өзара қарым-қатынаста боламыз: дос, жолдас, сырлас, сыйлас өмір сүреміз. Бірақ, өлгеннен кейін оларды ұмытып кетеміз. Есімізге алмаймыз, естелік жазбаймыз.

Ғабекең Қазақстан Жазушылар одағы деп аталатын қасиетті қарашаңырақ астында отыз жыл қызмет етті. Көп жазушыларды көрді. Көбімен сыйлас, сырлас болды. Әсіресе, ұзақ жылдар бойы КСРО әдеби қоры қазақ бөлімшесінің директоры болып тұрған кезінде көптеген қаламгерлерге көмек көрсетті. Солардың мінез-құлықтарын терең түсініп, жақсы қылықтарын жадында сақтап қалды. Өлген қаламгер замандастарын «өлтірмеудің» қамын ойлады. Сондықтан да ол жоғарыда жиырма шақты өз кітаптарынан тысқары белгілі жазушы, қоғам қайраткерлері туралы естеліктер жинақтарын құрастырып, жеке-жеке кітап етіп шығарды. Атап айтқанда Әнуар Әлімжанов, Сағат Әшімбаев, Әди Шәріпов және М.И.Есенәлиев туралы төрт кітапты халықтың қолына ұстатты. «Ұлағатты ұлдарың еді, ұмытпаңдар!» деген ишарамен ұсынды.

Бұлай ету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Келмеуінің әртүрлі себептері бар. Соның бірі – қаламақы. Бұрын белгілі бір жинаққа естелігі кірген жазушыға қомақты қаламақы төленетін. Қазір ол үрдіс жойылды. Қаламақы болмаған соң тектен-текке ешкімнің естелік жазғысы келмейді. Жазбайды да. Естелік құрастырушының әркімге жалынып-жалпаюына тура келеді. Иmandылық білдіріп, уәде еткендерге: «Біттің бе?», «Болдың ба?» – деп ерінбей-жалықпай үнемі телефон соғып отыру және қажет.

Сөйтіп, өлдім-талдым дегенде әркімнен естеліктер жинап алғаннан кейін, оларды өңдеп-жөндеп, компьютерге көшіресің. Содан кейін ол естеліктерді кітап етіп шығару үшін демеуші іздейсің. Ал демеуші табу қасқалдақтың қанындай қымбат. Әркімге барып: «Әке! Көке!» дейсің. «Бұл кісі қазақтың біртуар ұлдарының бірі еді. Осы кісіні

ел есінде қалдыру үшін естеліктер жинағын құрастырып едім. Жарыққа шығуына көмектес» – деп жалынасың.

Бұрын жинақ құрастырушыларға арнайы қаламақы төленетін еді. Қазір ол да жоқ. Мұндай жағдайда өзінің жақыны, не туысы емес, өлген біреулер үшін кім соншама бейнеттенеді? Өзіне бір тиын пайда түспейтін іске кім аяқ басады? Ондайлар қазір жоқтың қасы дерлік...

Осындай жағдайда Ғаббас Қабышұлының бұл жанкештілігін рухани ерлік, ұлтжандылық, адамды құрметтеп, азаматты ардақтай білудің кісілік үлгісі деп ұғыну абзал. Кейбіреулер Ғабекеннің бұл елеусіз ерлігін өзінің бас пайдасын білмейтін рухани Дон Кихоттық деп білуі мүмкін. Десе дей берсін. Қаламан өзге қаржысы жоқ жалаңтөс жазушыдан басқа қазіргі қалталы кәсіпкерлер арасынан осындай «Дон Кихоттар» көбірек шықса, мәдениетіміздің өркендеуіне қосылған елеулі үлес болар еді. Әрине, ондай азаматтар бірен-саран бар да. Сол «бардың» бірі осы кітапты өз ақшасына зор ықыласпен шығарып берген жазушы-баспагер – Жарылқасын Дәулет ініміз.

Мінеки, сол жанкешті автор көңіл аударарлық және бір кітап шығарды. Көңіл аударарлық дейтінім, бұл оның өзімен қатар өсіп, қатар қалам сілтеген, сыйлас-сырлас болған, әзіл-қалжыңдары үйлесіп, әдеби жандары жарасқан, заман мұңын бірге мұңдасқан 30 жазушы жайындағы естеліктер жинағы.

Ғабекеннің өзі қандай ұстамды, тиянақты, тұрақты болса, шығармалары да сондай өнегелі. Оның бар шығармасы – адамгершіліктің, азаматтықтың, адалдықтың, жұрт көзіне іліне бермейтін тұрмыстағы қарапайым ерліктердің әнін шырқайды.

Сондай «әнші» кітаптарының бірі осы «Сағыныш сазы». Мұнда автор өмірден өткен отыз жазушының адами, азаматтық, ақындық келбеттерін көз алдыға әкеледі. Олардың әрқайсысы қасында тұрғандай әсер етеді. Олардың өз үндерін естіп, тұр-тұрпатын көріп тұрғандай боласың. Олардың күлген күлкісі құлағыңа келіп, солармен қоса күлгендей әсерде қаласың. Жылы жымыған Сағи (Жиенбаев), екі көзі күлімсіреген Жұмекен (Нәжімеденов), қабағы қатулы Мұқағали (Мақатаев) қасында тұрғандай көрінеді. Басқа жазушылардың бәрі де өздеріне тән даралықтарымен танылады. Автордың естелік кітабына жеке-жеке тарау боп кірген Балғабек Қыдырбекұлы, Шона Смаханұлы, Оспанәлі Иманәлиев, Оспанхан Әубәкіров, Сабырхан Асанов, Жүсіп Қыдыров, Төлеген Тоқбергенов, Рамазан Сағымбеков, Оралхан Бөкеев, Нүкеш Бәдіғұлов, Марат Қабанбай, Рамазан Тоқтаров, Қуандық Шаңғытбаев, Жарасқан Әбдірашев және басқалар өз бастарынан өткен алуан түрлі тағдырларымен танылады. Кітап осы жазушылардың бастарынан өткен жұрт біле бермейтін қиындықтар жөнінен сыр шертеді. Сыр шерткенде олардың өмірін тегіс тізбектеп жатпайды. Автор әр жазушының өнегелі өмірінен қысқа-қысқа детальдар ғана береді. Сол шағын детальдардың өзі жан тебіренетеді. Бұл кітапты оқып отырып кейде күлесің, кейде кіжінесің, кейде көзіңе жас келеді. Өкінесің. Өкінетінің: солардың бәрі кеше ғана қасымызда жүрген замандас інілер еді. Бойларындағы асыл таланттарының жемісін халықтың алақанына толық салып бере алмай, отыз бен қырықтың, қырық пен елудің арасында өмірден өтіпті. Автор қай жазушының қай жаста қайтыс болғанын көрсете келіп, «Шіркін, пәлен ағам-ау, түген інім-ай» – деп жиі күрсініп отырады. Бұл миниатюралық естеліктер бірінен бірі асады. Мынау артық, мынау кем дей алмайсың.

Мен автор пәленше туралы былай жазыпты, түгенше туралы былай депті деп тізбелеп жатпаймын. Оқырман оларды өз көзімен оқып, өз жанымен түсінуі керек. Айтарым: автордың өмірден ерте өткен замандас інілері туралы жүрегі елжіреп, жаны жылап отырып жазғаны! Айтарым: бұл кітаптың ішінде баяндалатын қаламгерлердің

бала-шаға, үрім-бұтағына ғана қымбат қазына емес, қазақ әдебиетін қастерлейтін әр отбасының төрінде тұруға лайық дүние екен!

Кітаптың ең соңында автордың өмірден өткен құрдасы, жазушы Кеңесханның әйелі Гауһарға жазған хаты бар. Бұл хат құрдастықтың ғажап үлгісіндей! Зиялы адамдар арасындағы қимас құрдастық, адал достық жыры. Олардың өзара әзілі қандай! Жан тебіренерлік. Мұндай адал достық, асыл әзіл, шексіз сыйластық қазақтан басқа кімде бар дейсің? Жоқ шығар. Бұл хат та адал достықты, тату құрбылықты, тамаша дәстүрді жоқтау. «Жоқтау» демекші:

Бұл кітаптың жанры жайында да бір ауыз сөз айта кеткен жөн сияқты. Латын тілінде реквием деген сөз бар. Қазақша мағынасы жоқтау. Адамзат басынан өткен ұлы заманды, ұлы адамды, ел үшін еңбек еткен ерен батырды жоқтау. Жоқтау бұрын музыка үнімен, поэма тілімен айтылып келді. Мәселен, Австрия композиторы В.Моцарттың «Ақыл патшалығы» аталған Ағарту заманын жоқтауға арналған «Реквием» атты атақты шығармасы дүниежүзілік классикалық музыка туындысының ең ұлы үлгісіне айналды. Сол сияқты И.Брамс та «Неміс реквиемін» шығарды. Бұл музыка саласындағы реквиемдер.

Ал қазақ поэзиясындағы реквиемнің үздік үлгісі атақты Мамай батыр өлгенде оны анасы Қаратілектің жоқтауы мен ежелгі «Елім-ай!» ән-өлеңі. Кейініректе де жоқтау шығарған ақындар болған. Қазір бұл жырмен М.Әлімбаев айналысып жүр. Бірақ, прозамен жазылған реквием жоқтаулар жоқ. Ал Ғ.Қабышұлының отыз жазушыны жоқтап жазған бұл кітабын прозалық реквием деп атауға әбден болатын сияқты. Бұл естеліктер кітабының тағы бір ерекшелігі – мұқабаның алдыңғы және артқы айдарына, кино лентасы тәрізделініп, естелік арналған 30 жазушының тегіс суреттері берілген.

Арнайы әдеби сыншы болмасаң да, арттағы інілердің кейбір еңбектері туралы пікір айтып қою да – ағалық парыз. Өз басым ешқандай пікір білдіре алмаған іні жазушылардың бірі – осы кітаптың авторы екен. Сәті түсіп, бұл еңбегіне аз да болса пікір білдіруді жөн көрдім. «Ештен кеш жақсы!» деген де сөз бар ғой. Аздап мақтап та отырған болармын.

Ал мақтау мен марапаттау – өнер адамының қос қанаты. Екеуі де өнерпазды алға ұмтылдырады, жаңа жеңістерге жетелейді. Көмбеге тақап қалған бәйге аттары «Қию!» деген көтерме дауысты естігенде, екпінін одан сайын үдетіп, алға ентелей ұмтылады. Сол «Қиюды» өнер адамдары өз замандастарынан ғана емес, өз шығармашылық ұйымынан да, өз мемлекетінен де естігілері келеді. Естулері керек. Ол – өнердің өрісін кеңейтеді. Ал «Сағыныш сазы» – мақтауға да, марапаттауға да тұратын еңбек екені рас.

Осы арада айта кететін бір сөз, жиырма шақты кітап жариялап, жазушылар жайында төрт-бес естелік жинақтарын құрастырған осы қаламгер туралы жұрт назарын аударарлық бірде-бір мақала жазылмапты, бірде-бір марапат көрсетілмепті. Әрине, ол жазушының өте кішіпейілдігінен: менің кітабымды мақта немесе маған сыйлық бер деп жалынып, ешкімнің алдына бармайтындығынан болар. Автор ешқашан өзін-өзі ұсынбайды. Ал, мен бұл кітаптың қандай да сыйлыққа лайық екенін көпшіліктің құлағына жеткізуді жөн көремін.

**Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ,**  
**Қазақстанның Халық жазушысы,**  
**Мемлекеттік сыйлықтың иегері.**

*«Қазақ әдебиеті» газеті, 19. 03. 2004 ж.*



## **ЖИНАҚТЫ ЖАБАРДАҒЫ СӨЗ**

Бұл кітабымда аталған адамдармен кездестірген, таныс-біліс, дос-жолдас, еткен тағдырыма ризамын. Отбасымнан тыс тірлігім осы үлкен-кіші қаламдастарыммен қызық та қымбат болды.

...«Армансыз адам жоқ» – депті қазекем. «Арман» – деп зорайтпаймын, алайда менде оның ұсақ бір бөлігі – өкініш бар. Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы «Тарғын» орта мектебінің шәкірті шағымыздан досым болған Тоқан Хамзаұлы Берғалиев 1958-жылы облыстық газет редакциясына қызметке келісімен мені фотоаппаратпен суретке түсіру, лабораторияда пленканы өңдеу, сурет шығару ісіне үйретті. Содан бері де фотоаппаратты жанымнан тастаған күнім аз. Сәбит ағадан, Сәбит Мұқановтан бастап, қаламдастарымның көбін өздеріне байқатпай, табиғи жайбарақат сәттерінде суретке түсіріп жүрдім. 1978-жылы Ригада ұлы сатирик-артист Аркадий Райкинмен 1 апта, әйгілі Әзиз Несинмен 1981-жылы Мәскеуде 5 күн, 1995-жылы Парижде Шыңғыс Айтматовпен 5 күн бірге жүрдім. Бірақ, әлі күнге түсінбейтінім: қолымда фотоаппаратым бола тұра, сол құрметті, даңқты адамдармен суретке түсіп алуды құнт етпеймін. Екінші жәйт: сол фотопленкаларымды 1996-жылы таңдап реттеп, екеуін (әрқайсысы 32 кадрдан) «Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының фотосуретшісі Сайлау Пернебаевқа (байырғы танысым еді, бүгінде марқұм) мынадай қызық шартпен бердім: «Мұндағы кадрлардан сапалы қағазға маған бір-бір сурет шығарып бер. Содан кейін, мен фотосуретші емеспін, бұл пленкалар – сенікі. Суреттерді газет-журналдарға өз атыңнан бере бер» – дедім. Келістік. Алайда ол: – Анда көштім, мында көштім, фотолабораториям әйтіп қалды, бүйтіп қалды, – деп үш жыл «ертеңмен» жүріп, ақырында: – Қайда қойғаным есімде жоқ, таба алмадым, – деп тынды. Қазекем: «Өз обалың – өзіңе» дегенді де айтқан ғой.



## Мазмұны

«Дұрыс!» .....	4
Шапағат пен шағым .....	8
«Жәкеңдей жан аз!» .....	13
Мығым мүсініне қызыға қарадым .....	19
Аға аманатын ақтаған іні .....	25
«Қырғи тілді» .....	32
Ілекең .....	39
«Тыныш жүрмейсіз бе?» .....	42
«Жөн... жөн...» .....	48
Қаруы – қалам, туы – ақиқат .....	54
«Алтайдың қара аюы» .....	69
Жалаңтөс .....	75
Сатаевич .....	77
Ғалым қаламгер .....	80
Б. Горбатов пен Р. Кармен куә .....	84
Қара дауылда қайыспаған жас қайың .....	89
Өз-аға .....	97
Аңқылдап жүрді .....	103
«Өй, Тахауи!» .....	106
Тахаң. Ғафөкең .....	108
Бейсекең .....	118
«Сағат біліп айтыпты» .....	122
Жолы «Өркеннен» басталған .....	130
Көкшенің абызы .....	136
Күліп алып жазатын .....	139
Шөкең .....	144
«Ауызбастырыққа» – екі кітап .....	150
Адмирал Тайпақовский .....	151
Құрдас достар .....	154
Апайларым-ай! .....	158
Жайдары жан еді .....	167
Сырлас болдық .....	172
«Солай емес пе?!» .....	180
Ақиық .....	185
«А што...» .....	194
Темкең .....	199
Қыздай жігіт .....	203
Ораш .....	205
Жолдас Короткий .....	215
Тапай .....	217
«Медеу» – деп... таяқ жеді .....	219
Асықпай жүрген емес .....	221
Француз .....	227
«Түүһ!.. Қап!..» .....	232
Жанып шығып, жанып түсті .....	234

Әкри .....	237
Жаны жастай ауырды .....	239
Қара тасқа қызу құйды .....	241
Әнекеңнің Жәмшіді .....	247
Рамзай .....	250
Қарақалпақ қазақ .....	253
Дәнекер .....	256
Тең құрбыдай .....	259
Тік жүрді .....	261
«Сұлу» .....	264
Талайға шыбын іздетті .....	266
Расул Ғамзатовтың інісі .....	268
Атын тауып қойыпты .....	274
Төндіріп жазып, төгіп айтты .....	277
Тайбурылы сүрінді .....	284
«Бақиға барып баптанбасам...» .....	285
Көре алмады көп «досы» .....	288
Жақсылықты айтқан жақсы .....	291
Баяу қимыл, баянды іс .....	294
Тоқа бала .....	296
Мақтау тілеген соң... ..	298
Қарапайым Қаһарман .....	301
«Великий лектор» .....	305
Ар-аға .....	309
Мәкең – Хакең .....	312
Қауесет қашанда алда .....	324
Сағынбасқа не шара .....	332
Талабы тасқа ұрылды .....	334
Штаб бастығы .....	339
Еңбекторы .....	342
«Кебіс» керек болған .....	344
Қаламұшы ұзарып кететін .....	345
Сан қырлы .....	346
Қадырия .....	351
Менің де Тұмашым! .....	362
Жаңалық! .....	366
Ықтасын іздеген жоқ .....	369
Бір ғұмырдан бірер сыр .....	377
Екі сәт .....	383
Қара шал .....	386
«Үстімде сұр шинелім...» .....	392
Қазақтың бекзат перзенті .....	396
Есақа .....	402
Тұрсекең .....	405
Ақаңның ізбасары .....	408
Қайран Кеңес! .....	412
Әдебиетімізге енген жаңа жанр .....	415
Жинақты жабардағы сөз .....	418

Басуға \_\_\_ тамыз 2017 қол қойылды., формат 61x43 1/16.  
Офсеттік басылыс. Таралымы 100 дана.

«Идан» баспаханасы.

Алматы қ., Уссурийская көшесі, 118, тел: 328-16-48

[www.idan.kz](http://www.idan.kz)